



150 Ахмет
Жыл БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ, ЗАМАНАУИ БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

25- қараша, 2022 ж.



МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

«ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА, ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

посвященная к 150-летию со дня рождения учителя нации

Ахмета Байтұрсынұлы

25- ноябрь, 2022 г.



Materials of the international scientific and practical conference

"PEDAGOGICAL HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNOV, PROBLEMS OF MODERN EDUCATION: PRESENT AND FUTURE",

dedicated to the 150th anniversary of the birth of the teacher
of the nation A. Baitursuly

25 november, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТ ҰСТАЗЫ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ
ТОЛУЫНА ОРАЙ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ,
ЗАМАНАУИ БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
25 қараша 2022 жыл

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ «ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНУЛЫ,
ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»,
ПОСВЯЩЕННАЯ 150-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ПЕДАГОГА НАЦИИ А.
БАЙТҰРСЫНУЛЫ
25 ноября 2022 г

MATERIALS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"PEDAGOGICAL HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNOV, PROBLEMS OF MODERN
EDUCATION: PRESENT AND FUTURE", DEDICATED TO THE 150TH ANNIVERSARY OF
THE BIRTH OF THE TEACHER OF THE NATION A. BAITURSYNOV
November 25, 2022

АЛМАТЫ/ALMATY

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00

Бас редактор / Главный редактор: PhD, Д.Н.Билялов

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:

М.Ә.Бектемісов – ф.м.ғ.д., профессор. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің оқу ісі жөніндегі проректор.

Е.Ә.Берібаев – з.ғ.д., профессор. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің ғылым ісі жөніндегі проректор.

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

Ғ.Ә.Абаева – п.ғ.к., доцент. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Педагогика және психология институтының директоры.

Ұ.Қ.Қыяқбаева – п.ғ.к., қауымд.профессор. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі.

Басылымға жауаптылар / Ответственные за выпуск:

А.Ж.Жақупова – PhD, аға оқытушы. Абай атындағы ҚазҰПУ.

Ж.Ж.Асанханова – п.ғ.м. Абай атындағы ҚазҰПУ.

А.Қ.Жұмабай - Абай атындағы ҚазҰПУ.

Ұ43

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «**Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы, заманауи білім мәселелері: бүгін мен болашағы**» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның қорытындысы бойынша материалдар жинағы. /25 қараша 2022ж/ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – Алматы: Абай ат.ҚазҰПУ, 2022. -750 бет.

Сборник материалов международной научно-практической конференции «**Педагогическое наследие Ахмета Байтурсынулы, проблемы современного образования: настоящее и будущее**», посвященная 150-летию со дня рождения педагога нации А. Байтурсынулы. /25 ноября 2022г/ Казахский национальный педагогический университет имени Абая – Алматы: КазНПУ им.Абая, 2022. – 750стр.

ISBN 978-601-353-147-2

«**Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы, заманауи білім мәселелері: бүгін мен болашағы**» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енгізілген.

В сборник вошли материалы международной научно-практической конференции на тему «**Педагогическое наследие Ахмета Байтурсынулы, проблемы современного образования: настоящее и будущее**».

ISBN 978-601-353-147-2

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.0

ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ҚОНАҚТАР!

Бүгін конференцияға қатысушы ғалымдарды, ғылыми ұйым қызметкерлерін, мектеп мұғалімдерін, сондай ақ, Өзбекстан, Түркия, Ресейден келген әріптестерімізді қарсы алуға қуаныштымыз.

Дәстүрлі түрде конференцияға жоғары қызығушылық келіп түскен өтінімдердің көптігі осы іс-шараның маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетеді. Биылғы жыл біздің еліміз үшін Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын атап өту халықаралық іс-шаралар циклін жалғастыруда.

Конференцияның Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өтуі маңызды оқиға болып есептелінеді, қазақтың ұлы ғалымы және ағартушысы – көрнекті қоғам және саяси қайраткер, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы біздің университет қабырғасында дәріс оқып, шәкірт тәрбиеледі.

Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеялары өміршеңдігімен ерекшеленді. 20-шы жылдары Қазақстандағы инновациялық педагогикалық идеялардың дамуы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Педагогикалық баспасөздің рөлі, бастауыш мектептің, орта білімнің, жоғары білім беру жүйесінің проблемалары, оқытудың мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіру, өскелең ұрпақты сауатты тәрбиелеу Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде кездесетін проблемалар тізбегі.

Ахмет Байтұрсынұлының барлық педагогикалық қызметі мектептегі оқу процесін жетілдіруге және жалпы білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыра алатын білікті мұғалімді даярлауға бағытталған. Ахмет Байтұрсынұлының пікірінше, мектеп жұмысының жетістігі мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты, сондықтан болашақ мұғалімнің жоғары оқу орындарындағы кәсіби дайындығы кезінде мұғалімнің педагогикалық техниканы игеруіне, білім алушылардың оқу процесін ғылыми негізде жүргізу қабілетіне ерекше назар аудару қажет. Осы тұста педагогикалық кадрларды даярлау ұстаханасына айналған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің рөлі ерекше. Біздің университеттің тәжірибесінде Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеялары кеңінен қолданыс тапқан. Конференция барысында Ұлт ұстазының педагогикалық мұрасы жан-жақты талданатын болады.

Бүгінгі конференция жастарға патриоттық тәрбие беруде, еліміздің әлеуметтік, мәдени және тәрбиелік әлеуетінің ықпалдасуына және тарихи тәжірибе мен өткен жетістіктерді ұқыпты пайдалануға, ғылыми зияткерлік әлеуетті дамыту үшін қажетті жаңа тәсілдер мен технологияларды әзірлеуге ықпал ететініне сенімдімін.

Конференция барысында Ахмет Байтұрсынұлы - ұлы тұлға және ұлт мұрасы, Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы: өткені мен бүгіні, заманауи білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары, ұлттық құндылықтар: оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелері талданып, ортақ ұсыныстар қабылданатын болады.

Конференция нәтижелері осы конференцияның барлық қатысушыларына пайдалы болатыны анық, ал ұсынылған ұсыныстар әрқайсымыздың әрі қарайғы практикалық қызметімізде өз қолданысын табады.

Конференцияның барлық қатысушыларына жемісті жұмыс, тың идеялар, шығармашылық жетістіктер, денсаулық пен амандық тілеймін!

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

БҮГІНГІ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Жұбай О.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор м.а., филология ғылымының докторы

Бүгінгі таңда когнитивтік бағыттағы зерттеулерде тілдегі білімнің көрінісін сипаттауға бағытталған ізденістер жанданып келеді. Жалпы тіл біліміндегі жаңа бағыттар ретінде сипатталғанмен, қазақ тіл білімінде бұл бағыттағы зерттеулер А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Тілді когнитивті тұрғыдан зерттеу адам санасын, ойы мен танымын көрсетеді. Когнитивтік лингвистика – тілді когнитивті механизм ретінде, ақпаратты, кодты өңдеп, жеткізетін таңбалар жүйесі ретінде сипаттайтын лингвистикалық бағыт. Когнитивтік бағыттағы зерттеулердің мақсаты – тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, білімнің қалай берілгенін, өзіндік ерекшелігін айқындау. Соның негізінде тілдегі категориялар мен олардың құрылымдары жаңаша сипатталады.

Ақиқат болмысты танып-түсіну нәтижесінде жинақталған ақпарат тілде көрініс табады. Ғаламды сөзбен көрсету (А.Байтұрсынұлы термині) субъективті сипатта, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Адамның болмысты тану, түсіну нәтижесінде жинақтаған білімі тілдік бірліктерде көрініс табады. Когнитивтік лингвистикада тілдің білімді жеткізудегі ішкі когнитивті құрылымы сипатталып, сөйлеуші мен тыңдаушы ақпаратты өңдейтін жүйе ретінде сипатталады. Себебі сөйлеуші өзі үшін сөйлемейді, тыңдаушыға ойын жеткізу үшін сөйлейді. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөйлеудің асыл мағанасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет», – дейді. Ғалым сөйлемді осы тұрғыдан сипаттайды: «Айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер-ғана сөйлем болады».

Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын қабылдау арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды. Адамның танымдық әрекеті – ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақталған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуіне бағытталады. Адам қашанда әлемді танып, өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл – сөйлерменнің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Тіл – адам санасының көрсеткіші. «Тіл – мәдениет – этнос» мәселесінде этномәдени сананың орны ерекше. Этномәдени сана – белгілі бір қоғам үшін әлеуметтік мәні ерекше болатын білімдер жиынтығы, ол тіл арқылы көрініс тауып, сақталып отырады. Себебі тіл, мәдениет, этнос өзара тығыз байланысты. Тіл – мәдениеттің құралы, құраушы бөліктерінің бірі болумен қатар белгілі бір тілдік ортада дамитын этникалық тұлғаның өзегін құрайды. Әрбір сөйлермен мәдениетті жеткізуші болып табылады, тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде де қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді.

Адамның болмысты түсінуі таным әрекетінің маңызды үдерістерінің бірі – концептілеумен тығыз байланысты. Ол адамның ақпаратты қабылдап, тәжірибесіндегі ең кіші бірліктерді айқындауына, заттар мен құбылыстарды концепт түрінде жіктеуіне байланысты болады. Бұл концептілердің негізгі бөлігі тілде сөз мағынасы арқылы бекійді, сол арқылы білім сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырады. А.Байтұрсынұлы көрнек

өнерінің бес түрін (сәулет өнері, сымбат өнері, сүгіреттеп көрсету өнері, әуез өнері, сөз өнері) көрсетіп: «Өнердің ең алды *сөз өнері* деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйтеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сым- батты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – дейді [1, 341-б.]. Осы бір шағын мәтінде ғалым концептуалды мазмұн мен тілдің өзара байланысын, концептуалды мазмұнды тілдің көмегінің сипаттау мүмкін еместігін, санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алатынын ескертеді.

А.Байтұрсынұлы сөз өнері ғылымын екіге бөледі: 1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы. *Тілінің ғылымы* дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ал *түрінің ғылымы* сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді. Ғалым сөз өнері адам санасының үш негізіне (1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге) тірелетінін айта келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді (Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түйю, талғау) де: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарар», – деп қорытады [1, 343-б.].

Сан ғасырлар бойы жинақталған білім қоры салт-дәстүр, дағды біліктер, ойлау ерекшеліктері, дүниетаным белгілі бір этникалық мәдени қауымдастыққа тән сипат алады. Тілдік таңба этнотілдік сананың көрсеткіші болып табылады. Тіл мәдениеттің дамуына ықпал етіп отырады. Белгілі бір этникалық және мәдени қауымдастықтың өкілі ретіндегі жеке адамның ойлауы тілге байланысты болады. Тіл – халықтың рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді. Сол себепті тіл, әр ұлттың мәдениеті ерекше болады. Оларды біріктіруге болмайды. Бүгінгі таңдағы шеттілдік атаулардың орнына А.Байтұрсынұлы түсінікті де ыңғайлы қазақы атауларды пайдаланған. Қазіргі кезде когнитивті бағыттағы зерттеулерде «языковая картина мира» «дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген аудармалар қолданылып жүр. Бұл орайда ғалым «ғаламды сөзбен көрсету» деген атауды ұсынады: «Ақын-жазушылар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты *ақындық* болады».

«Дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген баламалар – қазақ тілінің сөзжасам, сөзқолданыс табиғатына қайшы, калька жолымен жасалған. «Тілдік тұлға» атауына қатысты да соны айтуға болады. Ал А.Байтұрсынұлы ұсынған «ғаламды сөзбен көрсету» деген атау қазақы дүниетанымға тән, дәл атау екеніне талас жоқ. Сол себепті бұл атауды ғылыми айналымға енгізу қажет.

А.Байтұрсынұлы: «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деген еді [1, 369-б.]. Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрін бірдей қазақша дұрыс сөйлеп тұр деп қабылдай беруге болмайды. А.Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін:

- 1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
- 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін көрсеткен еді [1, 350-б.].

Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [1, 142-б.], – деп жазған еді. А.Байтұрсынұлы ұстанымдары терминжасамда негізгі бағдар болуға тиіс. Тіл тағдыры мен ұлттың тағдыры тығыз байланысты. А.Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – деуінің терең астары бар.

А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категориялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Тілдік семантика тілдік таңбаларда бейнелейтін, сөз таптары арқылы көрініс табады. Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер береді, яғни түрліше сипатталып, әртүрлі ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Сол арқылы таным иесі – субъектінің ментальді ерекшелігі айқындалады. Бұл ерекшеліктер тілде кеңістік, уақыт, сапа сияқты әмбебап сипатты негізгі концептілерде көрініс табады.

Ғалым еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым былай дейді: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды» [1, 160-б.]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерін шәкірт балаларға арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл – құралы» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика дыбыс жүйесі мен түрлері – морфология сөз жүйесімен түрлері – синтаксис сөйлем жүйесі мен түрлері деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл – жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруін ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Қ.Жұбанов, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгерұлы т.с.с.) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда меже етеді.

А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның «морфологиялық концепт» деген атауды қолданбаса да, оның табиғатын, өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз. Грамматика мен лексиканың өзара қатысын сипаттай келіп, ғалым тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетіп, олардың грамматикада көрініс тапқан ұғымдар (және концептілер) құралатынын түсінген.

Морфологиялық концепт – тілдің морфологиялық құрылымын айқындайтын ментальді сапаның бірлігі, сонымен қатар ол – морфологияны ғылым ретінде сипаттайтын ұғым. Яғни морфологиялық концептілер метатілдік морфологиялық концепт ретінде грамматикалық терминологияға енеді. А.Байтұрсынұлы сөз таптарына берген анықтамасында да когнитивті грамматиканың метатілін қалыптастырған: «Демеу дегеніміз –

екі сөздің арасын яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер немесе кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз» [2, 54-б.]. Яғни ғалым сөз таптарын логикалық тұрғыдан ғана сипаттамай, грамматикалық талдауларға иек артқанын көреміз.

Тарихи даму барысында танымның екі түрі – *сезімдік* және *логикалық* таным қалыптасқан. *Сезімдік таным* адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, *логикалық таным* ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған. Тіл адам дүниетанымын білдіреді. Ғалам бейнесі – адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, иіс, дәм, тері) қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Концептілер негізінен *бейвербалды түзілім* болып табылады. Оларға сенсорлық және моторлы репрезентациялар негіз болады. Сол себепті концептінің қалыптасуы үшін тілдің керегі бола қоймайды. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның сезім мүшелері түгел қамтылған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [1, 199-200-б.].

Қазақ тіл білімінде сезімдік таным мен логикалық таным Абай Құнанбайұлының еңбектерінде де нақты сипатталған. Ғұлама сезімдік танымды нақты саралап көрсетеді: «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты дүр» [3]. Ғұлама сезімдік танымды «жанның жибили қуаты»; логикалық танымды «жанның кәсиби қуаты» деп атайды. Жибили қуат (көзбенен көру, құлақпен есту, қолмен ұстау, тілмен тату, мұрынмен иіскеу) арқылы алынған тыстағы дүниенің хабары «ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырып көңілде суреттемек», – деп, жибили қуаттың кәсиби қуатқа айналатынын айту арқылы когнитивті лингвистикаға тереңдеп бойлағанын көреміз. Ғұламаның «көңілге түскен сурет» деп отырғаны – қазіргі тілмен айтқанда, ғалам көрінісі (ғалам бейнесі). Осылайша сипаттау Фараби еңбектерінде де кездеседі. Ғұлама: «Сезімдік күш [тепе-тең дәрежеде] әрі үстем [күш], әрі қоректендіргіш [күш] деп есептеледі. Соңғысы – жұрттың бәріне әбден мәлім бес сезім: көз, құлақ және басқа [мүшелер] арасында бөлінетін сезімдер. Осы бес сезімнің әрқайсысы өз түйсінгенін аңғарады. [Сезімдік] үстем күш дегеніміз – барлық бес сезімнің аңғаратынын бір жерге біріктіретін [күш], бұл сезімдер патшалықтың әрбір ауданындағы жаңалықтың белгілі бір түрі бойынша оның шолғыншылары мен хабаршылары ретінде әрекет етеді. Сөйтіп, үстем [күш], бейне бір патша сияқты, оның патшалығының барлық аудандарынан әлгі хабаршылар әкелген жаңалықтар соның төңірегіне жиналады... Біз қандай әрекет, қандай іс істесек те, «содан рақат табу, соның рақатын көру біздің мақсатымыз болып табылады» деп ұйғарамыз, сондықтан да біз өзіміздің барлық әрекетімізбен соған жетуге тырысамыз. Сезім арқылы, есту, көру арқылы, дәм сезімі немесе иіс сезімі арқылы келетін жан рақаттары бар. Ал тағы бірденені түсінудің арқасында алатын рақаттар бар, мысалы, бұған жататындар: үстемдік, билік ету, жеңу, білу және тағысын сондайлар», – дейді [4, 73-б.]. Яғни Фараби, Абай Құнанбайұлы, Ақымет Байтұрсынұлының адамның сезім мүшелерін жіктеуі (көру, есту, тері, иіс, дәм) өзара ұқсас. Алайда кеңес заманындағы идеологияға сәйкес сезімдік таным материалистік көзқарас тұрғысынан сипатталып, көзбен көріп, қолмен ұстау ғана негізге алынды. Мектеп грамматикаларында әлі де осы ұстаным басшылыққа алынууда. Ал когнитивті бағыттағы ғылыми еңбектерде ғалам суреті (бейнесі) бес сезім мүшесі арқылы қабылданатыны жан-жақты дәлелденген. Сол себепті А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі

адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулері ескеріліп, деректі және дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезім мүшелері түгел қамтылуы керек.

Тілдің сөздік құрамын зерттеу арқылы сөйлермендердің тілінде көрініс тапқан негізгі құндылықтарды айқындауға болады. Бұл орайда тілдің тұрпат межесімен қатар мазмұн межесін де ескеру қажет. Тілдік семантика белгілі бір тілдік ұжымға және жеке сөйлерменге тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды. Адам мен халықтың дүниетанымын бейнелейтін адамзат санасы мәдениеті мен тілі арқылы көрініс табады. Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Этномәдени ақпарат санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған әлем бейнесі көрінеді. Ғаламның тілдегі көрінісі осы тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы болып табылады. Әрбір жаңа ұрпақ (буын) ана тілін меңгерумен қатар ұлттық сипат, дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де қабылдайды. Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар сөйлерменін қалыптастырады, оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын, идеологиясын айқындайды. Әр халық мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вербалды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Жастардың үлкендердің сөзін түсіне алмауы немесе ақын-жазушылардың шығармаларын түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды.

Сонымен, грамматикалық категориялар мен көрсеткіштер түрінде көрініс тапқан морфология деңгейіндегі білімдерді айқындау арқылы морфологиялық категориялар мен тұлғалардың тілішілік ерекшеліктері айқындалып, морфологиялық бірліктердің концептілік мазмұнды репрезентациялаудағы орны көрсетіледі. Мұндай зерттеулер қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан сипаттауға жол ашады, морфологияның тіл жүйесіндегі орнын айқындап, сөйлеу-әрекетіндегі маңызын түсінуге, морфологиялық категориялардың тұрпат және мазмұн межесін тануға мүмкіндік береді. Морфологиялық категорияларды осылайша талдау тілді когнитивті бағытта зерттеуге арналған еңбектердің дамып, өркендеуіне жол ашады. Бұл орайда А.Байтұрсынұлы еңбектерінің берері мол.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана, 2017. - 740 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. - Семей, 1927. –27-32 б.
3. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең – сөздің патшасы. – Алматы, 2008. - 568 б.
4. Әбу Насыр әл-Фараби 7 томдық жинағы. Т.2: Философиялық трактаттар. Құраст.: Р. Сейсенбаев (жауапты ред.) және т.б. - Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2019. - 224 б.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ УПРАВЛЕНИЯ В СФЕРЕ РЕАЛИЗАЦИИ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Кокен А.К. к.ф.н, магистр

Министерство науки и высшего образования РК, город Астана

Кузнецова Е.К, к.э.н., доцент

Омская гуманитарная академия, г.Омск

Е-майл: ai.ka.2012@mail.ru

Актуальность темы «Совершенствование управления в сфере реализации языковой политики в Республике Казахстан» связана с тем, что в Республике Казахстан, равно как и во многих государствах, ранее входивших в состав СССР, сложилась ситуация, когда русский

язык в системе государственного управления, в сфере образования, науке, сфере культуры, в межличностном общении, пока что доминирует над государственным казахским языком. По данным социологического исследования, проведенного Комитетом языковой политики Министерства образования и науки РК свободно владеет казахским языком только 55,8% населения, русским – только 59,8%, английским – 7,9%. Хотя в целом знание казахского на 91%, русского на 90,2%, английского 28% [1]. То есть, проблема заключается в том, что значительная часть населения владеет государственным языком слабо (это актуально, в том числе, и для этнических казахов тоже), и в основном пользуется русским языком. В то время как в сёлах (аулах), в ряде небольших городов, а также переселенцы-кандасы (приезжающие из Узбекистана, Монголии, Китая по программе переселения) не владеют русским. Такая ситуация разъединяет общества. Требуется не просто сохранение и обеспечение устойчивых позиций государственного казахского языка, но и создание в целом позитивной атмосферы развития всех используемых в республике языков, включая русский (язык межнационального общения на постсоветском пространстве) и английский (язык международного общения). Требуется предотвратить разъединения общества и сформировать объединяющие его условия.

При этом, возможно, не все действия государства в сфере языковой политики являются целенаправленными и эффективными. Несмотря на финансирование государственных программ в этой сфере, ситуация со знанием государственного языка, а также с развитием «трёхязычия» развивается недостаточно быстро. Государственная языковая политика Республики Казахстан в этой сфере требует совершенствования.

С точки зрения теории языковая политика государства – это политика, которая основана на формировании государством идеологических принципов и практических мер, направленных на решение языковых проблем в обществе и государстве. Языковая политика государства включает элементы: идеологию, экологию и планирование (управление). Языковая политика государства является одним из ключевых направлений формирования единой нации или формирования многонационального государства, где не будет основы для межэтнических конфликтов.

Основные инструменты и методы реализации государственной языковой политики: различные статусы языков на территории государства (государственный язык и официальные статусы других языков: государственный язык субъекта федерации, региональный язык, язык межнационального общения), утвержденный алфавит и правила языка, государственные программы развития языков, правила использования языка в системе образования, ограничения на использование языков в других сферах общественной жизни.

Правовые основы государственной языковой политики в Казахстане установлены Конституцией РК, Законами РК, рядом подзаконных актов, утвержденных на уровне Президента РК, Правительства РК, министерств. При этом, Конституция РК установила статус государственного языка только для казахского языка. Остальные языки народов Казахстана не имеют статуса региональных. Русский язык в Казахстане не имеет статуса языка межнационального общения, как в некоторых других бывших советских республиках, но имеет особый статус: он может альтернативно, а в некоторых случаях и должен использоваться параллельно с казахским языком в документах, в коммуникациях, в том числе в государственных органах. Это установлено Конституцией [2], Законом «О языках в Республике Казахстан» [3]. Это связано с достаточно высокой долей русского населения и населения, говорящего на русском языке в Казахстане. С 2007 года в Казахстане приняты масштабные программы развития языков. В 2019 году принята действующая программа по языковой политике Казахстана. Данная программа предусматривает увеличение доли населения, владеющего казахским языком. Кроме того, она связана с переводом казахского языка на латинскую графику, реализация чего уже постепенно начата. Программа также предусматривает развитие изучения и овладения казахским языком, расширение использования казахского языка в работе государственных органов и в общественных коммуникациях. Программа предусматривает развитие двуязычия (русский и казахский) и

трехязычия (русский, казахский и английский). Но главное направление программы – развитие использования государственного языка.

Реализация государственной языковой политики производится, как правило, на основании программно-целевого или проектного управления, а также на основе законодательства. Законодательство – принятые законы, а также подзаконные акты, регулирующие статусы языков на территории государства. Программы и проекты формируются при участии институционального органа, ответственного за реализацию государственной языковой политики, утверждаются на более высоком уровне (правительство, как правило), и далее подлежат финансированию из бюджетов соответствующих уровней с реализацией тех мер, которые в них заложены, при участии того же органа, ответственного за реализацию государственной языковой политики [4, с.87-88].

При этом, государственные программы не идентичны государственным проектам. Государственные программы – стратегические документы, предполагающие постановку целей, этапов реализации, мероприятий, контрольных точек, ответственных лиц, а также финансирование из бюджета мероприятий. Государственные проекты – это «строго выстроенный план действий по решению конкретной сложной задачи, требующий взаимодействия только внутри» [5, с.110]. При этом, проект также имеет цели, сроки, ресурсы, ответственных. Проекты могут включаться в программы.

В Республике Казахстан установлены следующие определения, данные Постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 ноября 2017 года № 790 «Об утверждении Системы государственного планирования в Республике Казахстан» [6]:

– государственная программа – документ, определяющий «цели, задачи и подходы к реализации отдельных политик, в основном затрагивающих идеологические, нормативные и т.п. аспекты развития и не требующих выделения значительных финансовых ресурсов», утверждается Правительством РК;

– национальный проект – документ, обеспечивающий «всестороннее межведомственное взаимодействие и приоритетное бюджетное финансирование реализации комплекса мероприятий», он также утверждается на высшем уровне, но Президентом РК;

– также выделяются ведомственные проекты, которые не требуют утверждения на высшем уровне, утверждаются и реализуются в рамках конкретного учреждения (министерства, иного ведомства).

В рамках программ и проектов могут использоваться инструменты. Если речь о государственной языковой политике – то это инструменты государственной языковой политики.

Как отмечает Д. Джонсон [7], к инструментам государственной языковой политики можно отнести:

1) конституционное законодательство (конституция, конституционные законы), где определяется статус языка или даже нескольких языков;

2) законы государства, в которых также определяются статусы разных языков на территории государства, статус государственного языка, региональных языков, статус языка межнационального общения;

3) подзаконные акты, определяющие правила использования государственного языка и языков, имеющих в стране иной статус;

4) закрепленные государством лингвистические, грамматические и орфографические правила языка (государственного языка), которые разрабатываются и строятся на научной основе.

В федеральных государствах, где субъекты федерации могут использовать свои государственные языки (помимо государственного языка федерации), могут применяться и региональные законы, в которых устанавливается статус языков субъектов федерации. Такие нормы, например, действуют в Российской Федерации [8, с.130].

В правовых актах закреплены следующие основные аспекты использования языков в государстве, которые подробно описаны С. Беловым [8], Э. Ройлсом и Х. Льюисом [9]:

1) статус государственного языка – язык обязательного ведения делопроизводства в государственных органах, который используется в системе образования, в средствах массовой информации, имеющий преимущества перед всеми другими языками в стране (их может быть несколько);

2) статус государственных языков субъектов федерации, где язык приравнивается к федеральному государственному, но только на определенной территории (субъекте федерации);

3) статус региональных языков для отдельных территорий унитарного государства, населенных национальными меньшинствами;

4) статус языка межнационального общения или языка, который может использоваться наравне с государственным языком – обычно это закрепляется конституцией или законом, характерным для бывших колоний;

5) графика или алфавит – форма письма на стандартном наборе символов (может быть более одного);

6) языковые правила: правила правописания, правила речи, правила пунктуации и т. д. - это утвержденный государством свод правил, которые формируются на научной основе с учетом современного развития, языковых изменений, правила могут постепенно изменяться.

В дополнение к этим перечисленным инструментам действуют некоторые ограничения и правила, которые могут:

1) ограничить использование языка, не имеющего государственного статуса;

2) сделать обязательным использование в отдельных случаях государственного языка, в отдельных случаях – государственного языка субъекта федерации или регионального языка;

3) защищать права национальных меньшинств, не владеющих государственным языком, на использование языка межнационального общения или регионального языка в общении с государственными организациями, муниципалитетами или в других коммуникациях [10, 2012].

Однако, данные инструменты не могут включаться в государственные программы и проекты, поскольку они устанавливаются нормативными актами более высокого характера – законами.

В государственных программах и проектах обычно планируются мероприятия, направленные на:

1) методическое обеспечения изучения языков в стране;

2) развитие системы образования на государственном и ином языке (открытие и содержание учебных заведений);

3) развитие персонала в сфере образования, который участвует в преподавании государственного языка, иных языков (подготовка, переподготовка, повышение квалификации);

4) научные исследования в сфере языков и разработки;

5) популяризация государственного языка или иных языков в СМИ, в Интернет-контенте и т.п.;

6) международная деятельность, связанная с популяризацией государственного языка, его изучение за рубежом;

7) сотрудничество со СМИ, общественными организациями, некоммерческими организациями по популяризации языков (в т.ч. субсидирование проектов таких организаций);

8) контрольные мероприятия, которые направлены на контроль соблюдения установленных законодательством норм о языках [11, с.90].

То есть, данные мероприятия планируются, утверждаются, финансируются и в обязательном порядке их реализация должна влиять на определенные целевые показатели,

главным образом, связанные со знанием государственного языка или иных языков на определенных территориях, с прохождением специальных тестов на знание языков, с процентом документооборота на определенном (государственном, региональном) языке и так далее.

В результате, методы языковой политики государства могут быть представлены следующим образом (рис.1):




Рисунок 1 – Методы реализации государственной языковой политики
Источник: составлено автором на основе [12]

Таким образом, можно сказать, что реализация государственной политики производится через систему законодательства (конституционного законодательства, законов, подзаконных актов), устанавливающих статус языков, правила, права и обязанности, ограничения по их использованию, а также через разрабатываемые государственные программы и проекты, которые включают в себя мероприятия, направленные на развитие тех или иных языков, изменение языковой ситуации, предполагают бюджетного финансирование и контроль достижения поставленных целей.

Далее можно обратиться непосредственно к правовому регулированию государственной языковой политики в Казахстане.

Конституция Республики Казахстан (1995 г., с учетом поправок, принятых в 2022 году) [2] закрепляет за казахским языком статус государственного. В Конституции указано, что «в Республике Казахстан государственным является казахский язык» (ч. 1 ст. 7). Но в той же статье указано, что «в государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык» (ч. 2 ст. 7). Также имеется более подробное разъяснение в Постановлении Конституционного Совета Республики Казахстан от 8 мая 1997 года № 10/2: «Данная конституционная норма понимается однозначно, что в государственных организациях и органах местного самоуправления казахская и Русские языки используются одинаково, одинаково, вне зависимости от каких-либо обстоятельств» [13]. Часть 3 статьи 7 Конституции Республики Казахстан также гласит, что «государство заботится о создании условий для изучения и развития языков народа Казахстана». Последнее положение подразумевает, что государство разрабатывает языковую

политику, реализует ее. При этом государство гарантирует реализацию языковой политики не в ущерб всем гражданам страны.

Других более подробных положений о государственном языке в Конституции РК нет, также нет закрепленного статуса языка межнационального общения за русским, в отличие от ряда других стран Центральной Азии.

Именно поэтому на втором уровне государственного регулирования языковой политики Казахстана находится Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» [3], в котором рассматриваются вопросы:

- 1) государственный язык Казахстана;
- 2) использование русского языка в Казахстане;
- 3) забота государства о языках;
- 4) недопустимость затруднения функционирования языков;
- 5) использование языков на государственной службе;
- 6) использование языков в сфере образования, науки, культуры, в средствах массовой информации;
- 7) употребление языков в названиях населенных пунктов, в именах собственных;
- 8) графика государственного языка;
- 9) правовая охрана языков;
- 10) использование языков при общении с зарубежными странами и международными организациями.

Следует отметить нормы о знании государственного языка и использовании государственного языка в некоторых других законах Казахстана. Несмотря на то, что Закон РК «О государственной службе Республики Казахстан» [11] не устанавливает ограничений при поступлении на государственную службу и прохождении государственной службы в связи с незнанием государственного языка, но закон закрепляет возможность развития компетенций (необходимых знаний) для государственных служащих. Сейчас знание государственного языка, а затем и трехязычия (знание казахского, русского и английского языков) является одной из важных компетенций для поступления и прохождения государственной службы. Законом Республики Казахстан «О рекламе» [14] определена возможность трансляции рекламы на казахском и русском языках, при необходимости на другом языке. Но норма «На телерадиоканалах объем рекламы на казахском языке в промежутках времени каждые шесть часов, исчисляемый от нуля часов по местному времени, не должен быть меньше общего объема рекламы, распространяемой на других языках» (ст. 8). В печатных СМИ реклама должна распространяться на языке, закрепленном за газетой или журналом в свидетельстве о регистрации (статья 9). При размещении наружной рекламы также необходимо согласовать ее проект на двух языках (статья 10). То есть существенных ограничений здесь нет. Закон Республики Казахстан «Об образовании» [15] предполагает выбор языка обучения в соответствии с нормами Конституции и Закона о языках. Но все организации образования должны обеспечить знание государственного казахского, русского и одного из иностранных языков (в соответствии с государственным стандартом). В конце 2021 года были приняты изменения в ряд нормативных актов Законом Республики Казахстан от 29 декабря 2021 года № 94-VII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам визуальной информации и религиозной деятельности» [16], согласно которым необязательной стала информация на дорожных знаках, в рекламных объявлениях, вывесках, ценниках, меню в общепите, государственных бланках и другая визуальная информация должна обязательно быть на казахском, при необходимости – на русском и казахском, притом, использование русского или иных языков обязательным не является.

Надо отметить, что ст. 75 Кодекса РК об административных правонарушениях [17], предусматривает ответственность за нарушение законодательства РК языках (штраф 10 МРП, что на начало ноября 2022 года составляло 31800 тг.).

Также в Казахстане принимаются и государственные программы, связанные с государственной языковой политикой. Ответственным за реализацию этих программ является в настоящее время Комитет языковой политики Министерства науки высшего образования Республики Казахстан.

До 2011 года в Казахстане действовало принятое в 2007 году Постановление Правительства Республики Казахстан «О Концепции расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности на 2007-2010 годы» [18]. Его целью было расширение сферы использования государственного (казахского) языка в документообороте в государственных органах, в государственных органах и организациях Казахстана.

С 2011 по 2019 год в Казахстане действовала Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы [19]. Официально заявленной целью программы была «Гармоничная языковая политика, обеспечивающая полноценное функционирование государственного языка как важнейшего фактора укрепления казахстанской идентичности и единства при сохранении языков всех этносов, проживающих в Казахстане». В ее рамках разработана программа «КазТест» по проверке знаний казахского языка, созданы центры обучения и аккредитации казахского языка, разработаны курсы дистанционного обучения. Доля знающих и владеющих казахским языком планировалась на уровне 90% к 2020 году. Хотя в планы входило знание русского языка – 90% населения, английского – 25% населения, трех языков – 20% населения. По сути, программа была рассчитана на развитие государственного языка и трехязычия одновременно.

С 2020 года в Казахстане действует Постановление Правительства «Об утверждении Государственной программы реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020 – 2025 годы» [20], то есть, принята реализуемая с 2020 года новая государственная программа. Целью данной программы является «проведение гармоничной языковой политики, направленной на модернизацию казахского языка на основе латинского алфавита, дальнейшее повышение языковой культуры и развитие языкового капитала, обеспечение полноценной деятельности казахского языка как государственного». Здесь помимо знания казахского языка большинством населения страны планируется перевести казахский язык на латиницу (и соответственно изменить письменные нормы казахского языка), увеличить долю граждан, которые владеющих казахским языком, долю казахоязычного контента в СМИ, существенно повысить долю владеющих тремя языками к 2025 году (рис.2):




Рисунок 3 – Целевые индикаторы Государственной программы реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020 – 2025 годы

Общие затраты из государственного бюджета на реализацию Программы составляют 16 989,9 млн. тенге. Основные направления реализации государственной программы следующие:

Первое направление – «Модернизация казахского языка на основе латинографического алфавита», в его рамках:

– ортологическая кодификация казахского языка на основе латинографического алфавита;

– совершенствование, унификация и кодификация отраслевой терминосистемы казахского языка на основе латинографического алфавита;

– регулирование и стандартизация ономастического пространства на основе латинографического алфавита;

– реализация проекта «Национальный корпус казахского языка».

Второе направление – «Усиление роли государственного языка как языка межэтнического общения», в его рамках:

– расширение функций и повышение культуры использования казахского языка в области образования;

– повышение уровня владения казахским языком в организациях государственного и негосударственного сектора;

– совершенствование употребления казахского языка в области информатизации и коммуникации;

– регулирование функционирования государственного языка в области культуры, обслуживания населения, СМИ и бизнеса, повышение социального престижа;

– расширение применения казахского языка в международной коммуникации.

Третье направление – «Развитие языкового капитала граждан Казахстана», в его рамках:

– функционирование русского языка в коммуникативно-языковом пространстве (рост доли владеющих);

– развитие языков этнических групп (рост доли этнокультурных объединений, охваченных методической помощью, мероприятия по поддержке родных языков, разработка и издание учебной литературы и т.п.);

– приумножение лингвистического капитала казахстанцев (владение английским и т.п.)

В целом можно сказать то, что, хотя в действующей государственной программе реализации языковой политики и заложено знание как казахского, так и русского и английского языков, развитие трехязычия, но основным направлением является развитие государственного казахского языка и рост его использование в разных сферах жизни.

Таким образом, Конституция Республики Казахстан установила статус государственного языка только для казахского языка. Остальные языки народов Казахстана не имеют статуса региональных. Но русский язык имеет особый статус: он может альтернативно, а в некоторых случаях и должен использоваться параллельно с казахским языком в документах, в коммуникациях, в том числе в государственных органах. Это установлено конституцией, законом «О языках в Республике Казахстан», подтвержденным постановлением Конституционной комиссии 1997 г. И только в 2021 году были приняты нормы, которые установили приоритет казахского языка над русским в рекламе, визуальной информации и т.п. – сейчас обязательной стала информация только на казахском языке. В Казахстане в настоящее время реализуется Государственная программа реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020 – 2025 годы, за реализацию которой отвечает Комитет языковой политики Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Несмотря на поставленные цели развитие трехязычия (хорошего знания как казахского, так и русского и английского языков населения), основным направлением программы является развитие применения государственного казахского языка.

Литература

1. Социологические и аналитические исследования по вопросам языковой политики в Республике Казахстан [Текст] / Комитет языковой политики Министерства образования и науки Республики Казахстан, ТОО «ЦПУ «ЭКСИМОП». – Нур-Султан, 2021. – 114 с.
2. Конституция Республики Казахстан: принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года (с изм. на 19.09.2022 г.) [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029&mode=p&page=1
3. О языках в Республике Казахстан: закон Республики Казахстан от 11 июля 1997 года № 151-І (с изм. на 14.07.2022 г.) [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008034
4. Delarue, S. Eliminating social inequality by reinforcing standard language ideology? Language policy for Dutch in Flemish schools [Text] / S. Delarue, J. De Caluwe, // Current Issues in Language Planning. – 2015. – No 16(1-2). – pp. 8-25.
5. Гусейнова, А.В. Динамика языковой ситуации в Республике Хакасия: дисс. к.ф.н. [Текст] / А.В. Гусейнова. – Абакан: ХГУ им. Н.Ф. Катанова, 2014. – 176 с.
6. Об утверждении Государственной программы реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020 – 2025 годы: постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2019 года № 1045 (в редакции от 09.02.2021) [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36471977
7. Royles, E. Language policy in multi-level systems: a historical institutionalist analysis [Text] / E. Royles, H. Lewis, // The British Journal of Politics and International Relations. – 2019. – No 21. – pp.17-29.
8. Johnson, D. Language Policy [Text] / D. Johnson. – Washington State University. – 291 p.
9. Spolsky, B. Language policy [Text] / B. Spolsky, Th. Ricento (ed.). Cambridge, UK: Cambridge University Press, 2007. – 75 p.
10. Razumovskaya, V.A. Modern tendencies of language policy and language planning in Russia and China: comparative study [Text] / V.A. Razumovskaya, Y.V. Sokolovsky // SibFU magazine. Humanitarian sciences. – 2012. – No 7. – pp.927-935.
11. О государственной службе Республики Казахстан: Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V (с изм. на 11.09.2022 г.) [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36786682
12. Чурилова И.Н. История и содержание понятия «Языковая ситуация» / И.Н. Чурилова, М.А. Федорова // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2017. – №7-2 (73). – С.192-194.
13. Об утверждении положения Комитета языковой политики Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан: приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 13 сентября 2022 года № 2-к [Электронный ресурс] // Адилет. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G22HN000002>
14. О рекламе: закон Республики Казахстан от 19 декабря 2003 года № 508-ІІ «» (с изм. на 31.08.2022 г.) // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1045608
15. Об образовании: закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-ІІІ (с изм. от 01.09.2022 г.) [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747
16. О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам визуальной информации и религиозной деятельности: закон

Республики Казахстан от 29 декабря 2021 года № 94-VII [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37879827

17. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235-V (с изм. на 18.11.2022 г.) [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31577399

18. О Концепции расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности на 2007-2010 годы: постановление Правительства Республики Казахстан от 21 ноября 2007 года № 1122 (в редакции от 30 декабря 2009 года, утратило силу) [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30145048

19. О Государственной программе развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы: утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 29 июня 2011 года № 110 (с изменениями и дополнениями от 4 декабря 2011 г.). 2015 г., утратило силу) [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31024348

20. Об утверждении Государственной программы реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020 – 2025 годы: постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2019 года № 1045 (в редакции от 09.02.2021) [Электронный ресурс] // ИС Параграф. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36471977

I-СЕКЦИЯ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҰЛЫ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЛТ МҰРАСЫ

I-СЕКЦИЯ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ВЕЛИКАЯ ЛИЧНОСТЬ И НАСЛЕДИЕ НАЦИИ

УДК 821.512.122

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТАҒЫЛЫМЫ

Ы.Балхыбекова, Г.Шардарбекова

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, nesibelierzatovna@gmail.com
Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихи мемлекеттік архивінің басшысы,
Шымкент

АННОТАЦИЯ: Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының халқының азаматтығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттігі жолында жан аямаған күрескер ретінде ұлт тағдырына қатысты қызметі мен қоғамдық саяси көзқарасына шолу жасау мәселесі қарастырылған.

АННОТАЦИЯ: В статье рассматривается педагогическая деятельность Ахмета Байтұрсунова, приводятся основные методические положения его педагогики. Учитывая современный опыт в области образования, автор рассматривает предпосылки его развития в деятельности педагога начало 20 века.

ANNOTATION: The article examines the pedagogical activity of Akhmet Baitursunov, provides the main methodological provisions of his pedagogy. Taking into account the modern experience in the field of education, the author considers the prerequisites for its development in the activity of a teacher at the beginning of the 20th century.

Әлемдік озық мәдениетінің шоқ жұлдыздары: Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі өз алдына бір төбе. Осы ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірімен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Халел, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Міржақыптардың ұлттық дәстүрді өз туындыларының негізгі арқауы еткен педагогикалық психологиялық тұжырымдары қазіргі заман талабымен үндесетін өмір шендігімен жұртты қайран калдырады.

Біз тарихтан, ХХ-ғасырдың 1-жартысында көтерілген оқу-ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік мәндегі үлкен проблема болса, оны қолға алған тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсариннен кейінгі Ахмет Байтұрсынұлы екенін білеміз. Қоғамдық сананың серпілісі жаңаша ойлау мен заманауи көзқарастарын тудырған өткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарында ұлт мүддесі мен тағдырына қатыстыны түгел көтеріп, ғасыр жүгін арқалаған тұлғалардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлының орны ерекше екендігі баршамызға мәлім. Ол біздің өзге елдерден көш кейін қалған халқымызды оқу оқып, әлемтануға, білім мен ғылымның су мен ауадай қажеттігін қызыл сөзбен айтқан жалаң үгітші ғана емес, халық арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы қазақ жерінде мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, бала оқытып, ұстаздық жолында көп тәжірбие жинаған үлгілі жан, ұлы реформатор.

А.Байтұрсынұлының ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеткен істері тек оқу білімде шақырумен тынбайды. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайын, бала оқытудың жолдарын газет-журналдар беттерінде сөз етеді. Мәселен 1913 жылы «Қазақ» газетінде оның «Оқу жайы» атты мақаласы жарияланады. Онда: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады. Ал сол шикізаттан жасалған өнімді 2-3 есе қымбат түрде сатып алады»- деп ол осы мақаласында оқу-білімнің қажеттілігін халықтың экономикалық

тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Міне, осының бәрі надандықтан келген кемшілік екенін ашына айтады. Бұл жерде автор «Надандық» деп қазақ халқының білім ғылымынан - қалыс қалғанын және де оның талпынбайтын сондай марғау қалпын бетіне басады. Сонымен қатар, ол қалыс қалу себебінің салдарын тізіп көрсетеді. Басты себебінің бірі-қазақ жерінде мектептердің өте аз болуынан деп, оның үстіне сол аз мектептердің өзінде бала оқытатын мамандардың да өте тапшы екенін ашып айтады. Оның тапшы болу себебінің бірі- оқытушылар даярлайтын оқу орындарында, мысалы, Орынбордағы Учительская школаға қазына есебінен 7-8 орын ғана берілетіндігі, оқуға түскісі келген балалар өз қаражатымен оқуға тиіс болатындығын айтады. Қаражаты бар аумақты қазақтар баласын ақша жұмсап оқытуға ынталы еместігін кедейлердің шамасы келмейтіндігін тілге тиек етеді («Қазақ», 1913, №26, 15 тамыз).

Әйткенде, көрнекті ғалым-лингвист, әдебиет зерттеушісі, тюрколог, дарынды ақын-жазушы Ахмет Байтұрсынұлының ұлт мектебінің ісін алға апаруы мен теориялық негізін зерттеп, дәлелдеуге сіңірген қажырлы еңбегі ерекше еді. Өзі өмір сүрген ғасырдың жиырмамыншы жылдары басында А.Байтұрсынұлы ағартушылық және ғылыми жұмыстармен өзінің бар күш жігерін салып белсене айналысады. Ахмет Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп тұрған шақ болатын. Оқу-білімнен кенде қалған қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі ғана емес бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Оның бәрін біз Ахметтің өмірінің өсу жолындағы ұстамынан аңғарамыз. Ал ағартушылық жұмысы сол кезеңдегі қазақтың әлеуметтік тіршілігіндегі ен қажет, ен игілікті әрекет болатын.

А.Байтұрсынұлы халықта өнерлілер де таланттар да бар екенін місе тұтатынын, әйтсе де қараңғы дегенде, кінә қазақ халқында емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқ екендігін “алты миллион” қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөнбе?» екен деген әділ сауал қояды. Қазақ даласындағы қараңғылықты сейілту - халық көзін ашу. Ешқайсысын алаламай бай баласына да, жарлы баласына да білім беру қажеттігін айтады.

«Ақ жол», №538.

Дүйсенбі, 16 февраль, 1925 жыл.

Дала жастарының сауатсыздығы жойылсын дей келе осы жерлерде жастар ұйымына ұйысып, жаңа тұрмысқа бет бұра бастаған жастар көп. Аз дегенде ауыл-қыстақтарға комсомол жастар 50-60 дап табылады. Бірақ жастардың көбі сауатсыз болған соң ақ пен қараны айыра алмайды.

Жастар арасындағы әсіресе істің бірі тап сезімінің жоқтығы. Әзір көп жерде ауыл жастарына жөн сілтеп, басқарып жүрген бай жуан-жұдырықбалалары. Мұның себебі жоғарыда айтқандай дала жастарының надандығы болса, әсіресе үйездік, облыстық комитеттердің далаға шын ықыласымен қарамағандығынан. Бұл кемшіліктерді жоюға төте жол қарастырмағандықтан.

Қорытып айтқанда, газет бетінде жазылып, баяндамалар көрсетіліп келе жатқан дала жастарының жалпы кемшілігінің себебі олардың надандық сауатсыздығына келіп тіреледі.

Сондықтан бұлар сауатсыз, надан болып тұрғанда өз бетімен жастар жұртшылығын жасай алмайды. Жаңа тұрмысқа бет алып, коммунизм орнамайды.

Сондықтан ең алдымен дала жастарының жалпы сауатсыздығын жою керек екендігін басып айтады.

Ақын ерекше мән беріп, көтерген тәлімдік мәселенің бірі – жастардың ана тілді ардақтап, оны қадірі тұтып, сүйе білуге тәрбиелеу мәселесі. Әр халықтың ұлттық психологиясының негізгі мәселесінің бір жағы-сол халықтың ұлттық тілі. Ұлттық тіл сол халықтың нақты тарихы, оның өмірінің, сана-сезімінің ғасырлар бойы қалыптасқан әдет - ғұрпының, үміт- арманының шежіресі. Кімде болса өз халқының тарихын, оның тілін дұрыс білмейінше әрі жан тәнімен сүймейінше өз халқының адал перзенті, сүйікті ұлы бола алмайды. Өз ұлтын, ұлттық тілін жөнді қадірлемейтін адамнан шын мәніндегі патриот шығу

да қиын . Ана тілінің адам психологиясын қалыптастыруда алатын орнын жақсы көре білген, оны жастарды адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеудің басты құрадардың бірі деп дұрыс түсінген. Ақын ұғымында да ана тілі – туған халқының, өзінді ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген анаңның тілі. Сондықтан да осы тілді қадірлеп ,ерекше құрмет тұтқан абзал .

А.Байтұрсынұлы 1845-1909 жылдар арасында бала оқыта жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайлар жайын ойлап, зерттеулер жасап, қажетті мәселелерін анықтап, оны қолға ұстатып, көзге көрсеткендей етіп алғышарттарын дәлелдеп, өз еңбектерінде көрсеткеніне әрбір сауатты азамат оның еңбегімен танысуы арқылы көз жеткізе алады. Ол өз зерттеулерінде: ең алдымен, қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбалары бар-”әліпбиі”, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма, үшіншіден, ондай әліпбиі мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі <<Әліппесі>> мен ана тілі оқулықтары бар ма, баланы ана тілінде оқытудың тиімді әдістері қайсысы-міне, осыларға баса назар аударады А.Байтұрсынұлы 1910-жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтарда пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп оны қазақ тілі дыбыс жүйесіне икемдеп, қайта тузуді қолға алады.

Балаларға білім берудің бірінші мәселесі - ол бастауыш мектебінің мәселесін жолға қою болып табылады. Міне, сондықтан да А.Байтұрсынұлы оқу білімінің осы бірінші сатысына көңіл бөледі. 1914 жылы «Бастауыш мектеп -атты көлемді мақаласын жариялайды («Қазақ, 1914, №61, 9 мамыр). Бұл мақаласында, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жайдағы нашар екендігін, оларда оқу бағдарламасы, оқу құралдары жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін ашып айтады. Әсіресе, бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан бойын аулақ салуын ескере келіп, елдің сауатын ана тілде ашу керек деп отырып, бастауыш мектеп бес жыл болуын алғашқы үш жылда оқушылар ана тілінде, қалған келесі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Бастауыш мектеп көлемінде: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыстану пәндері жүретін болсын деп нақты шарт қояды.

«Ақжол», № 529.

Дүйсенбі, 25 январь, 1925 жыл.

Өз тілдерінде оқыту керек деген мақаласында А.Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы ,әсіресе мұғалімдер қауымы еш талассыз қабылдағанын көп мақалалардан кездестіреміз. Онда оның реформасы қазақ тілінің табиғатына сүйеніп ,ғылыми негізінде жасалғанын атап өтеп өтеді .Міне, жоғарыда келтірілген дәйектердің барлығы да Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту жайындағы ой-пікірдің , көзқарасы, тілек -талаптарының айқын дәлелдерінің бірі ғана .Ахмет Байтұрсынұлын тану ағартушылық жұмыстарында еткен еңбектерінде ,ақын-аудармашы ретінде де әдебиетті- зерттеу ,ғылыми – лингвистика саласында да әлі ашылмаған жаңа қырларын зерттеп ,негіздеуін келешектен көп талап етері сөзсіз. Қазақтардың ұшы -қиырсыз жалпақ далада үнемі көшіп -қонып , жерін қорғап жүріп , өздерінің салт-дәстүрлері мен тілін , мәжени асыл мұрасын мүлтіксіз сақтап қалуы – олардың патриоттығы мен жауынгерлігінің ерекшелік белгісі деп қарауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Байтұрсынов. Бес томдық шығармалары жинағы . - Алматы : 2002.
2. А.Байтұрсынов .Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер .Құрастырған Шәріпов Ә., Дәуітов С., - Алматы: Жазушы. 1989.
3. Ұ.Ә.Мұсабекова. «Алаштану» курсының ұлттық зиялылардың қалыптасуындағы атқаратын рөлі(Ақын ,жазушылардың ой-пікірлері мен еңбектері негізінде) . Білім ғылыми-педагогикалық журналы.№ 2, 2013.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Манкеш А. Е.

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, п.ғ.д.

Аманжолова Ә. Н.

Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс докторанты

Молдағожина Р.Қ.

Алматы қаласы, №92 бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі

Резюме: В данной статье рассматривается вопрос об эффективности применения произведений Ахмета Байтурсынулы в дошкольном образовании. Авторы считают, что на сегодняшний день не достаточно произведений доступных для понимания и восприятия детьми дошкольного возраста. Однако, как отмечают авторы, от умений и педагогического мастерства воспитателя, зависит легкость и доступность восприятия детьми дошкольного возраста художественных произведений писателей или поэтов.

Abstract: This article examines the question of the effectiveness of the use of the works of AkhmetBaitursunuly in preschool education. The authors believe that today there are not enough works available for understanding and perception by preschool children. However, as the authors note, the ease and accessibility of perception by preschool children of artistic works of writers or poets depends on the skills and pedagogical skills of the educator.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» (2022ж) баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуға басымдық берілгенін білеміз [1]. Қазіргі мектепке дейінгі сатыда жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып-тәрбиелеу үшін жоғары білімдік нәтижелерге қол жеткізетін оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін белсенді оқыту мен іс-әрекетке бейімдеуге мән беріліп отыр. Ал, оқудың педагогикалық тәжірибедегі заманауи стратегиялармен техникаларды пайдаланумен қатар баланы жас кезінен отбасындағы ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие бастауларымен қатар жүргізу міндеттеледі. Ендеше, қазіргі кезеңде балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыру қазіргі тәрбиеші-педагогтерге үлкен міндет, шығармашылық жетілу жүктеп отыр.

Бағдарламаның ең басты ерекшелігі бұрынғыдай партада отырып арнайы уақыт аралығында ұйымдастырылған оқу іс әрекеті арқылы әрекетке түсу емес, күні бойы кіріктірілген форматта белсенді оқу-іс әрекеттерімен айналысу болып табылады. Ал, бұл дегеніміз балаларды тек білім алуға ынталандырып қана қоймай, сонымен қатар жеке тұлға ретінде дамуына мақсат қоюға көмектеседі. Осы тұста мектепке дейінгі ұйымда білім беру жүйесінің бірінші сатысы ретінде балаларды мектепке даярлауда маңызды қызмет атқарады. Бағдарламада балалардың жасына лайықты көркем шығармаларды оқып беру, оқылған шығарма мазмұнын әңгімелетіп айтқызу, мақал - мәтел оқу, жұмбақ жасырып, жаңылтпаштарды қайталау жағдайлары қарастырылған. [2]

Тәрбиеші сөйлеуді дамыту, сөйлеуге үйрету, сауат ашу іс-әрекеттері кезінде шығармаларды балаларға оқып, әңгімелеп мазмұнын қайталату арқылы жекелеген сөздерді анық, түсінікті етіп айтуға, байланыстырып сөйлеуге, ойын еркін жеткізуге мән беруі тиіс. Жаттауға ұсынылған шығармаларды түсіндіріп, жаттау арқылы қабылдау, есте сақтау қабілетін дамытады. Көркем шығармалармен таныстыру арнайы сабақтармен қоса тіл дамытуға берілген білімдермен іске асырылады, ал, жұмбақ шешу мақал-мәтел, жаңылтпаш оқу жұмыстары әр сабақтың мазмұн, мақсатына қарай таңдап алынып сабақ жоспарларында

көрсетіледі. Түрлі заттармен іс-әрекетке байланысты тәрбиеші балаларға өздігінен жұмбақ құратып айтқызады. Әдеби шығармалармен таныстыра отырып, тәрбиеші балаларды шығарма жанрларын ажырата білуге үйретеді. Олардың тілін ширатып көркем сөз өнерін сүйе білуге баулып, адамгершілікке тәрбиелейді. Көркем шығармаларды оқу барысында балаларды ауызша сөйлеуге үйрету, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айтуға, тілдің фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктерін, үйренген сөздерін жекеше, көпше заттың атына байланысты септеп, жіктеп айтудың қарапайым тәсілдерін меңгеру, байқағыштық ойлау қабілеттері мен дүниетанымын дамыту, оларды ана тілін сүйуге, құрметтей білуге тәрбиелеуде тәрбиешілердің атқарар жауапкершілігі зор екені мәлім. Яғни, балалардың дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің орны ерекше. Тәрбиеші көркемсөз оқушы – ол тыңдаушысын толғандырып, балаларды өзімен бірге күлдіріп, қуанта білуі шарт.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігін ескеріп, ұғынуға жеңіл, оқиғаны әдемі баяндап берілген шығармалардың әлі жеткіліксіз екенін жасыра алмаймыз. Алайда әрбір жазушының немесе ақынның көркем шығармасын мектеп жасына дейінгі жастағы балаларға икемдеп оңайланып жеңіл түсіндіру тәрбиеші педагогтің шеберлігіне байланысты. Мәселен ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын қазіргі кезеңге баланысты балаларға таныстыру аса маңызды міндет болып табылады. Оқиғасы астарлап берілген А.Байтұрсынұлы туындылары баланың таным-түсінігін, адами болмысын ұлттық құндылықтарға негізделіп, салыстыру түрінде берілген көркем шығармалар болып табылады. Мәселен «Балықшы мен балық», «Арыстан, киік, һәм түлкі», «Аққу, шортан һәм шаян», «Оқуға шықыру» және тағы да басқа шығармаларын мектепалды даярлық топ балаларына оқып және ондағы ақынның айтпақ ойын балаларға жеңіл түрде әңгімелеп беруге басымдық берілуі тиіс. «Маса» жинағындағы «Оқуға шақыру» өлеңінің дидактикалық сипаттағы мазмұны:

«Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!

Жуынып, киіңдер шапшаңырақ.

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн жылтырап». (11-б.):

А.Байтұрсынұлының «Маса» (1911) - атты жинағы балаларға бұйрық рай түріндегі, сол кездің талап-тілегінен туындаған, баланы білімге, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа үндеген мағынасы терең, пайымдаулар деп білеміз. Оған енгізілген мысалдарда жас баланы ойландыруға, жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге баулитын насихаттық ұстанымы айқын. Ондай туындыларының атын атап, түсін түстесек, алдымен ауызға ілігетіні – «Ат», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Қаздар», «Есек пен үкі» және тағы басқа мысалдары.[3]

Байтұрсынұлының [«Маса»](#) кітабына енген өлеңдерінде ақын шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынайды. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарады. «Қазақ салты», «Қазақ, қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі мазмұны мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді. Ал, (1926ж) жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегінде көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиетінің яғни көркем әдебиеттің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашып қана қоймай адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлгенін байқауға болады.[3]

«Мен оқуға қалай бардым?» атты шағын әңгімесінің мазмұны балдырғанды оқуға ынталандыру екендігі айқын. «...Бір күні ойнайын деп бардым. Әбіш кітап оқып отыр екен. Тыңдасам, кітабында жұмбақ, мақал, өлең, басқа да жақсы сөздер көп екен. Оқу үйренсем,

мен де сондай оқыр едім деп, ойға қалдым. Үйге қайтып келдім. Оқуға барамын дедім. Әкем мен апам бұл ойымды ұнатты. Ертеңіне әкем мені оқуға апарып берді» деген баяндаулар кіші жастағы баланың ұғымына сай. Мұнымен танысқан жас өреннің де оқуға деген ынтасы оянатыны анық.

Халық педагогикасындағы балалардың бірден жадында қалатын қысқы-қысқа тақпақтар, оларды тақпақ айтуға ынталандырады, еңбекке, адамгершілікке, Отанын сүйуге, өнерге тәрбиелейді. Арнау-тілек өлеңдері, төрт түлік туралы жырлар, тақпақтарды, көбінесе, отбасында ата-аналар балаларына үйретіп, тәрбие ісіне ол жырларды пайдалана білуі керек.[4]

Мектепке дейінгі ұйымдардағы төрт түлікке арналған ертеңгіліктерде, құстар күніне байланысты, өнерпаздар жарысында балалар жырларын жан-жақты пайдалана білу тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігіне байланысты. Көркем әдебиет шығармалары балалар алдына адамға тән сезімдер дүниесін ашып, жеке адамға, кейіпкердің жан дүниесіне қызығушылық тудырады және сөздік қорын байытады. Көркем шығарма кейіпкерлері арқылы біреудің қуанышын бөлісіп, бала көңілмен өзінің төңірегіндегілердің, жақын адамдарының көңіл күйін байқай бастайды. Оларда адамгершілік сезім – қайырымдылық қасиет, әділетсіздікке қарсы тұру қабілеті ояна бастайды. Сол себепті, А.Байтұрсынұлының көркем шығармаларын мектепке дейінгі ұйымдарда пайдаланудың тиімділігі баланың бойында адалдық, ұлтын сүйген нағыз азаматтық қасиеттерді қалыптастыру негіз болады деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы
- 3.Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
- 4.Ш.Ахметов. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, «Мектеп», 1974.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МҰРАСЫ - ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

А.Е.Манкеш¹, А.А.Ауезова²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.д., профессор

Алматы қаласы, Қазақстан

a.mankesh@mail.ru 87757272711

²Абай атындағы ҚазҰПУ 8D01201-«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

мамандығының PhD докторанты

Алматы қаласы, Қазақстан

aizhan.uezova@mail.ru 87788758513

Резюме. В статье рассказывается о педагогических взглядах выдающегося поэта, ученого, переводчика, педагога, публициста, общественного деятеля Казахстана Ахмета Байтұрсынұлы, о том, что его произведения занимают особое место в казахской детской литературе.

Summary. The article tells about the pedagogical views of the outstanding poet, scientist, translator, teacher, publicist, public figure of Kazakhstan AkhmetaBaitursunuly, that his works occupy a special place in Kazakh children's literature.

Данышпан дара тұлғалар, керемет ойшылдар әрқашан тұңғыық терең, шексіз жұмбақ болатыны белгілі. Олардың ой-пікірлері мен атқарған істері тарихпен, заманмен астаса қабысып, тіпті бүгінгі күннің, болашақтың өзекті мәселесі болып қала бермек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Халықтың рухын оятып, санасына сілкініс алып келді. Жеріміздің тұтастығының сақталуына ықпал етті. Төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді. Өркениетті зиялылықтың негізін қалады», - деп атап көрсетуі жас ұрпақты тәрбиелеудің бірден бір құралы әдебиет саласы екендігінің және алаш қайраткерлерінің шығармаларының құндылығының дәлелі болып табылады [1]. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, кішкене кезінен өз жақындарын сыйлап, құрметтеуге дағдыланған өнегелі әрі тәрбиелі ортадан шыққан бала келешекте қоғамның да толыққанды әрі беделді мүшесі бола алады. Себебі қоғам өз мүшелерінен еңбекке, жұмысқа қабілеттілік және жауапкершілік сияқты кәсіби қасиеттермен қатар, адамгершілік, адалдық пен сыйластық сияқты адами қарым-қатынасты күтері анық. Ал бүлдіршіндерді осы игі қасиеттерге баулуда балалар әдебиетінің алар орны ерекше.

Балалар әдебиеті – жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды құралы. Кішкентай сәбиге адамгершілік тәрбие беру, ізгілік пен жақсы қасиеттерге баулу мен жат қылықтардан сақтандыруда балаларға арналған шығармалардың орны ерекше. Балалар әдебиеті баланың көңіл-күйін қуанышқа кеңелтіп, қиялын қанаттандырып, психикалық сезім әрекетіне айрықша әсер етеді. Сондай –ақ, көркем әдебиет балалардың дүниетанымын кеңейтіп, ой-өрісін дамытып, тіл байлығын жетілдіреді. Көркем әдебиет арқылы балалар кішіге қамқорлық, үлкенге жәрдем, еңбекті құрметтеу, достық пен адалдық, адамгершілік қасиеттермен танысады.

«Балалар әдебиеті – қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік ерекше сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нықтылығы мен образдың көрнектілігі, лириктік сезімталдық, тіл тазалығы мен тартымдылығы қажет», - деп академик С.Қирабаев балалар әдебиетінің өзіндік ерекшеліктеріне жіті мән беру қажеттігін атап өткен [2]. Шындығында да, балаларға арнап шығарма жазу – қаламгерден үлкен жауапкершілікті талап ететіні белгілі. Балалар қаламгерлері жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, оның дүниетанымын кеңейтетін шынайы әрі көркем шығармалар жазады. Сөз өнерінің ұрпақ тәрбиесіндегі құдыретті күшін терең сезіне бағалаған ұлы ақын-жазушылар А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және т.б.

Біз, Ахмет Байтұрсынұлын – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар дарынды ақын, ағартушы, ғалым, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері ретінде білеміз. Ол бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. “Әліпби”, “Тіл құралы”, “Әдебиет танытқыш” т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысып, қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитін жетілдіру, терминдер туралы ғылыми өресі биік еңбектер жазды. Қазақ даласында ғылым мен білімнің дамуына үлсе қосқан ағартушы-педагог қазақ балаларына арнап әңгімелер, оқулықтар, кітаптар жазып, оларды адамгершілікке, адалдыққа, сүйіспеншілікке, еңбекқорлыққа баулып, тәрбие жолын ұсынған. Адам баласы қоғамда өзінің адамгершілік қасиеттері мен қайырымдылығы, адалдығы мен әділеттілігі ардақталады. Сондықтан да ұлы педагог осы қасиеттерді өзінің әңгімелерінде бағалап, баланы жақсы мінез-құлыққа баулады.

Ғалымның педагогикалық көзқарастары мен әдістемелік мұрасын ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттеу жұмыстары А.Қыдыршаевтың «А.Байтұрсыновтың

әдістемелік мұралары» атты ғылыми зерттеу жұмысында қарастырылған. Мұнда қазақ тілінің әдістемесіне ғалымның қосқан үлесінің, тіл білімін дамытудағы орнының ерекше екендігі талданған. Бүгінгі таңда Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің әр салада зерттелуі жайы біршама жолға қойылған. Мәселен, тарих ғылымы бойынша М.Қойгелдиев, Ө.Айтбаев, Т.Омарбеков т.б., филология саласы бойынша Т.Кәкішев, Р.Сыздықова, К.Құсайынов және т.б. [3]. Ахмет Байтұрсынұлының психологиялық көзқарастары туралы Қ.Жарықбаев, Н.Іргебаева аз да болса құнды пікірлер білдірген. Мәселен, Қ.Жарықбаев А.Байтұрсынұлының психологиялық пікірлерін айқындайтын «Әліппе таңбалар жұмағы» еңбегі, ондағы түйіндер психологиядан оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру заңдылықтарына негізделгенін және ғалымның орыс психологы П.П.Блонский зерттеулерін басшылыққа алғанын айтады [4].

Ахмет Байтұрсынұлының әңгімелерімен танысқанда, ең бірінші орында тәрбие мәселесі тұрғанын ұғамыз. Бала тәрбиелеу өте күрделі, жауапты іс. А.Байтұрсынұлы әңгімелерінің педагогикалық мәні өте зор, әңгімелері балаларды бірлікке, бауырмалдыққа, еңбексүйгіштікке шақырады. Ұлы ғалымның әңгімелеріндегі адамгершіліктің асыл қасиеттері: ар-ұят, сыпайыгершілікті, әдептілікті, үлкенді сыйлау, достықты уағыздай отырып, осы тамаша қасиеттерге қарама-қарсы адамды аздыратын өтірік, өсек, еріншек, мақтаншақ сияқты жаман әдет, жат мінездерден сақтандырады.

А.Байтұрсынұлы - «Бала деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ... Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы», - деп жазды [5].

Көрегендігі мол, ғалым-педагог жас ұрпақты оқытып, оған саналы тәрбие беру ата-аналар мен аға ұрпақтың парызы екенін айта келе, келешек жас ұрпақтың бойына терең білім мен адамгершілік, отансүйгіштік, ұлтжандылық тәрбиені сіңірмейінше, олардан үміт күтіп сағымға сенгендік, бос әурешілік екенін ашып көрсетті. Яғни, оларға болашақта үміт арту үшін, халық болып өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен оларға берілетін білімді, бір негізде жұмыла кірісуге үндейді. Ол өзінің педагогикалық көзқарасында бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болып, ынтымақтастық принципін негіздеген. Ұстазы Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту мәселесіне байланысты идеяларын дамыта келіп халық ауыз әдебиетінен, кейде аударма еңбектерден бала ұғымына жеңіл тағлымдық, тәрбиелік, танымдық мәндері бар қысқа әңгімелер мен өлең – жырларды мол пайдаланды және өзі де жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының «Қартайған арыстан», «Алтын әтеш» әңгімелері арқылы балаларды жақсы мінез-қасиеттерге тәрбиелеу үшін сараңдық, қатыгездік, меншілдік сияқты қасиеттерден аулақ болуға шақырады. Ал «Түлкі мен қарашекпен», «Қасқыр мен қозы» және т.б. көптеген әңгімелерінде балаларды өтірік айтпауға, алдамауға үйретіп, оның түбі қорлыққа апаратынын түсінуге баулиды. Әрине, балалардың белгілі бір шығармадан нәтиже шығарып, түйін түйюі үшін оған үлкендердің көмегі қажет екендігі анық. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде педагогтер балаларға әңгімелерді оқып, көрнекі суреттер арқылы, театр түрлері арқылы балалардың жадында мәңгі сақталуына жағдай жасайды.

А.Байтұрсынұлының мектеп жасына дейінгі кезеңдегі еліктегіш жас шамаларын дұрыс анықтай келе, былай дейді: «Баланың еліктегіш табиғаты 3-тен 6-7 жасқа дейін күшті болады», -деп мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті – ойын екендігін айтқан. «Баланың ойыны қайсы, жұмысы қайсы, айыруға болмайды. Ойыны да ойын, жұмысы да ойын, бәрін де ойын үстінде, ойын үшін істейді. Жас балаларға жақсы іс, дұрыс білім үйрету дегенде мектеп балаларына сабақ үйрету, үлкендерге іс үйрету сияқты емес, баланы ойынға үйрету, қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айрмастай, сезбестей етіп үйрету деп білу керек», -деп өзінің құнды педагогикалық ойын қалдырған.

А.Байтұрсынұлының халқымыздың айтқан сөздерін бағалап, өзінің тәрбие туралы пікірлерінде ата-бабамыздың өсиет сөздерін ғылыми жағынан қарастырып көрсетеді. Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың жаны мен тәніне керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу – сол дұрыс тәрбие болады деп, баланың жас кезеңдеріне сай, даму үрдісіндегі ерекшеліктерді ескере отырып, тәрбиелеу мәселесін ғылыми тұрғыдан дұрыс тұжырымдайды. «...Әуелі балаға тәттің саулығы керек. Тәтті сау баланың жаны да сау болып, есі дұрыс, зейіні алғыр болып өспек. Зейіні алғыр болуы адам тіршілігіне керек өнер-білім алуы, ал адамның өнер-білім алуы табиғи жолмен болуы тиіс...», -деп, «тәтті саудың – жаны сау» деген халықтық қағиданың растығын дәлелдейді [6].

Ұлы ұстазымыздың тәрбие жөнінде жазған әңгімелері оқуға жеңіл, қызықты және тәрбиелік маңызы өте тиімді. Оның асыл шығармалары жас ұрпақты адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуде баға жетпес қазына болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қ.К.Тоқаев: «Алаш» сөзі-халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым (aikyn.kz)
2. Қирабаев С. Өнер өрісі. Мақалалар мен зерттеулер.-Алматы: Жазушы, 1971.-272 б.
3. А.Кыдыршаев. А.Байтұрсыновтың әдістемелік мұралары.
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. –Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009
5. Байтұрсынов А. Орысша оқушылар. //Қазақ. 1913. N26. 15 тамыз.
6. Ашекеева Қ.Н. Ахмет Байтұрсыновтың философиялық көзқарастары: Философия ғыл. д-дис.: 09.00.03 / Ашекеева Құралай Несіпбекқызы; Әл-Фараби атын. Қаз. ұлттық ун-ті. – Алматы, 2004. – 44 б.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ БАЛАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТİNДЕ

Манкеш Ақсауле Ерженбайқызы
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры.,п.ғ.д.

Махметова Балайна Теменқызы
Абай атындағы ҚазҰПУ доценті., п.ғ.к.

Әбілжанова Алма Серікқызы
Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс магистранты
Мекен жайы: Алматы қаласы, Төле би 31

Резюме: В данной статье рассматривается вопрос об эффективности применения произведений Ахмета Байтұрсынұлы в дошкольном образовании. Инновационные педагогические идеи А. Байтұрсынұлы актуальны для современного образования. Также в статье говорится о том, что качественное образование является основой индустриально - инновационного развития Казахстана.

Abstract: This article considered of the questions education and educating that were reflected in labourso f Ahmet Baitursunuly. Innovational pedagogical ideas of Ahmet Baitursunulyare actual for modern education. There talked about that the quality education is the basis o f industrially - innovative development o f Kazakhstan

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы мен Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында жастарды халық дәстүрлерін қастерлеуге, әдеп-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, меңгеру міндеттері жөнінде нақты айтылған. Адамның ойын жарыққа шығаратын – тіл. Ал, тіл адамдар түсінетін құрал болып қана табылмай, сонымен бірге атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер-білімін жеткізуші құрал.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» (2022ж) коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады-деп көрсетілген. Балалардың ауыз-екі сөйлеуін дамыту арқылы әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту мақсатына басымдық берілген. Яғни, бағдарламада сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту; баланың түсінетін және белсенді сөздік қорын қалыптастыру; ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту; балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету; үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру; 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйретуді міндеті қарастырылған. Бұл тұста балалардың белсенді сөйлеуін дамыту бойынша: дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бәә - бота, мәә - қозы, мөө - бұзау, мәә - лақ, мияу - мысық, аб-аб - ит), туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке), төрт түліктің (ат, тай, бота), жиі қолданылатын азық-түлікті (нан, шәй, май, сүт, көже) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу; сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу) етістіктермен, заттардың түсін, пішінін, білдіретін сын есімдермен толықтыру; ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, коштасу, рахмет айту); күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру; айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау дамытылады [1].

Қазіргі бағдарламаның түп негізі бұрынғы ағартушы-ойшыл, ғалымдарымыздың ұстанымдарына негізделіп жасалғанын мақтанышпен айта аламыз. Осы сәтте “Әліппенің” негізін салған Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінің қазақ қоғамына жаңаша оқыту жүйесін енгізен, ежелесіз төте жазу мен оқуды қалыптастырған ғұлама, қазақ әліппесінің авторы ретінде барша қауымға танымал екенін білеміз. Сондай-ақ, Автор "Ана тілі бойынша анықтамалық", "Қазақ тілі курсының конспектсі", "Грамматиканы оқыту жөніндегі Нұсқаулық", "Сөйлеуді дамыту" және т.б. түрлі оқулықтар жазды. Бұл әдістемелік жұмыстар әлі күнге дейін қазақ тіл білімі және қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғалымдар арасында үлкен беделге ие. Соған орай А.Байтұрсынұлы бір сөзінде «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолмен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын», - деген болатын. Мұсылманша, яғни ескі оқу жолы былай болғаны белгілі: «Әуелі әліпті тегіс жатқа оқытады және де оқытқанда әрбір харфтің өз үнімен оқытпай, әліпбиде қалай аталса, сол атымен әліп, би, ти, си, мим, ха, дал дегізіп оқытады. Соны оқып болған соң астын, үстін, үтірін оқытады. Мұны оқытқанда да харфтің өз дауысын оқытпай ... бисын ба, тисын та, сисын са дегізген соң харфтің анық дауысы қалай екенін білмей баланың басы қатады». Міне, осы себептен А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, ыңғайластыруды қолға алғаны белгілі және ғалым реформалаған әліпбидің 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгені белгілі. Сол әліпби негізінде тұңғыш «Әліппе» оқулығы жарыққа шықты. А.Байтұрсынұлының бұл «Әліппесі» сол кезеңдегі қазақ қоғамын сауаттандыру ісінде теңдессіз қызмет атқарған. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку,

1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады.

Ахмет Байтұрсынұлы өз баяндамасында жазудың маңызын айта келіп «...Әліп-би деген асылына адам ақылы жетпейтін нәрсе. Әліп-биде бірден мәдениет төрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет де, жасырын сыр да болмасқа тиіс» деп көрсетеді. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген-болатын. Қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз және т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Мәселен, мектепке дейінгі тілдік дағдыларды дамытудың негізгі мазмұны мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие бағдарламаларының "коммуникация" білім беру саласында айқындалады. "Коммуникация" білім беру саласының мақсаты басқа адамдармен ауызша және ауызша емес тіл құралдарымен қарым-қатынас жасай алатын көп тілді мектепке дейінгі баланы тәрбиелеу болып табылады. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Ал, дағдылар дегеніміз - баланың алған біліміне сүйене отырып, белгілі бір әрекеттерді орындау қабілеті. Демек, дағды - қайталау мен жаттығудың нәтижесінде пайда болатын автоматтандырылған іс-әрекет. Дағдылар іс-әрекетті бірнеше рет орындау нәтижесінде, оны дұрыс орындауға арналған жаттығулар нәтижесінде шоғырландырылады екен. [3].

Осы тұрғыдан алғанда, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласқандығы. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екені олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы белгілі.

Қазіргі таңда әліппені бастауыштан емес, мектепке дейінгі ұйымнан бастап үйрететіні анық. Бұл дегеніміз Ахмет Байтұрсынұлының балабақша дамуына тигізген үлесін көрсетеді.

Балаларымыздың әлдиден бастап ана тілінде “інгәләп” тілдерінің шығуы көп еңбектің нәтижесі екендігін көрсетіп тұр. Бұл дегеніміз кейінгі жылдары қазақ тілді балабақшалардың зор сұраныста екендігінің жауабы. Тәрбиешілер таза қазақ тілінде балаға тәрбие, білім береді, ал бүлдіршіндер ана тілінде тақпақ айтып, ертегі тыңдап, ән айтады. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынұлының “Алтын әтеш”, “Түлкі мен қарашекпен”, “Кісі мен аю”, “Маймыл мен көзілдірік”, және тағы басқа көптеген шығармаларын мысалға ала аламыз.

Ахмет Байтұрсынұлы «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы біліп, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек» деген сөздері тіпті қазіргі заман оқытушы мен оқушысына үлкен өсиет.

“Ел болам десең бесігіңді түзе” деген қағидаға сәйкес, ең әуелі адамның қалыптасуындағы, тілін құрметтеуінің негізін Ахмет Байтұрсынұлы салған болатын. Қазірде кезеңде бұл ұлттық балабақшалардан бастау алады. Осындай ұлы тұлғалардың бастап кеткен жолын жалғастырушы біздің жарқын болашағымыз-деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009
2. Әліппе айтысы. Құраст.: Мәжітаева Ш. Қарағанды, 1990. 91 б.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл
4. В.Қ.Күзембаева - Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001.- 267б суретті. -“Ұлы тұлғалар ” ғылыми-биографиялық серия.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Манкеш Аксауле Ерженбайқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры., п.ғ.д.

E-mail: a.mankesh@mail.ru

Рамазанқызы Лаура

Абай атындағы ҚазҰПУ 2 курс магистранты

E-mail: ramazankyzy.l@mail.ru

Молдагожина Райхан Қойшыновна

Алматы қаласы, №92 бөбекжай меңгерушісі.

Аннотация: Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімін, ойлау тәсілінің, мінез – құлқының белгілері бейнеледі. Тіл мәдениетін меңгеру – адамның сәби шағынан іске асатын, келе – келе

біртіндеп жетіліотыратын нәрсе. Олай болса, тілді ұстарту отбасында, қоғамдық мекемелерде, мектепке дейінгі мекемелерге жүйелі жүргізілетін тәрбие процесінде іске асады. Осы тұста, баяндамада А. Байтұрсынұлы еңбектерімен таныса отыра, балалардың тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру қарастырылады.

Тірек сөздер: Тіл, қазақ тілі, әліпби, отбасы, балабақша, А. Байтұрсынұлы.

Аннотация: Язык – одна из особенностей нации, одна из форм национальной культуры, в языке отражены черты национальных традиций, чувства сознания, образа мышления, поведения каждого народа. Овладение языковой культурой – это то, что реализуется человеком в младенчестве, постепенно совершенствуется. Так, бривта языка реализуется в воспитательном процессе, проводимом в семье, общественных учреждениях, дошкольных учреждениях. В докладе рассматривается формирование у детей навыков языкового общения, ознакомление с трудами А. Байтұрсынұлы.

Ключевые слова: Язык, казахский язык, алфавит, семья, детский сад, А. Байтұрсынұлы.

Annotation: Language is one of the features of the nation, one of the forms of culture of the nation, the language reflected the features of the national traditions, consciousness, way of thinking, behavior of each people. Mastering the culture of the language is something that is realized from the infancy of a person, gradually matures. Thus, language retention is carried out in the family, in public institutions, in the process of systematic education in preschool institutions. At the same time, the report discusses the formation of language communication skills in children, familiarizing with the works of A. Baitursunuly.

Key words: Language, Kazakh language, alphabet, family, kindergarten, A. Baitursunuly.

Тіл-адам өмірінде маңызды рөлді атқаратын қызмет түрі. Тіл ұғымы пайда болмай тұрып, адамдар бір-біріне дыбыстап және жазу арқылы өз ойларын жеткізе білген. Бертін келе, әр елдің өзіндік тілі пайда болып, адамдар еркін түрде бұл маңызды қатынас құралын пайдалана бастаған. «Тілі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады» - деп ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы пайымдағандай, тіл әр халықтың, мемлекеттің ең асыл қазынасы. Қазақ тілін ең бай тілдердің қатарына жатқыза аламыз. Ақын-жазушыларымыз жырлағандай, осындай бай тілімізді қастерлеу, қадірлеу әрбіріміздің негізгі міндетіміз. Тамырын терең жайған осы тілімізді мектеп жасына дейінгі балалардан бастап, олардың ана тілінде анық сөйлеп үйренуіне жағдай жасауымыз керек. Анасының бауырындағы әрбір сәбидің тілі өзінің ана тілінде шығатын болса, елімізде ұлтжанды баланың саны арта түсер еді. Сәбилік кезеңдегі балаларға берілетін ақыл-ой тәрбиесінің негізгісі-ойлауы мен тілін дамыту. Өзара тығыз байланысты психикалық бұл процестер бала айналадағы дүниені танып білуі дамыған жағдайда ғана дұрыс қалыптасады [1]. Яғни, баланың сәбилік кезеңінен басталатын маңыздысы оның тілінің және ойының дамуы. Әрине, бала сәбилік кезеңде бірден анық сөйлеп кете алмайды, бірақ ең алғашқы баланың үілдеуі және т.б балада даму процесінің жүріп жатқанының бір белгісі деп білеміз.

Баланың тілін дамыту үлкендердің сөзін түсінуге тәрбиелеу, сөйлеуге дайындау болып табылады. «Мамаң қайда? Сағат қайда тұр?»- деген сұрақтарға бала айлығында көзімен іздестіру арқылы жауап береді, 9-11 айда заттарды бұрынғы тұрған орнынан іздейді, «қош», «қолыңды бер», «отыр», «тұр» деген сөздерді түсінеді. Бала үлкендердің сөздеріне еліктеп, қайталау арқылы сөйлеуге үйрене бастайды [2]. Айналасындағы дауыстарға мән беріп, қатты дауыстарға өзіндік реакциясын білдіріп отырады. Бірақ, өкінішке орай ата-аналар көбінесе баланың физиологиялық саулығына ғана көңіл бөліп, басқа маңызды факторларды байқамайды. Қазіргі уақытта балалардың тілдерінің анық әрі таза шықпауы өте маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Баланың тілінің кешеуілдеп шығуын бірнеше сатыларға бөлуге болады:

- биологиялық фактор яғни, тұқымқуалаушылық.
- отбасындағы ата-ананың психологиялық жәй-күйі. Мысалы отбасыда ұрыс-керіс көп болса т.б

- анасының жүкті кезінде түрлі созылмалы немесе инфекциялық аурулармен ауыруы.
- артикуляциялық саулығы. Яғни, баланың ауыз қуыс бұлшық еттері, таңдайдың дұрыс орналаспауы т.б
- ата-анасының баламен қарым-қатынасқа түспеуі.
- балалардың агрессивті мультфильмдер қарауы. Ұялы телефондар т.б. енді бала тілінің кеш шығуының бала өміріне зиянына келсек:
- бала өз ойын анық түрде жеткізе алмайды.
- жасқаншақ, ұяң болады.
- Бала әріптерді дұрыс айта алмағасын, балабақшада немесе одан соң мектепке достарының келемеждеуіне тап болады.
- тұйық болып өседі.
- «Мені бәрібір түсінбейді» деген психосоматика бала өмірінің бүкіл кезеңдерінде кедергі болады.
- бала өскенде өзінің нақты қалауларынан шатасады. Яғни, өзіне нақты не керектігін білмейді.
- ата-анасына, өзіне деген сенімсіздік айналасына деген сенімсіздікке әкеледі.

«Бала шыр етіп жерге түскенде дыбыспен бірге туады» деп Ж.Аймауытұлы айтқандай, дыбыспен өмірге келген бала өмірінің барлық кезеңін әртүрлі дыбыстардың арасында өткізеді. Сол дыбыстар арқылы баланың ойы, тілі, өрісі, танымы дами бастайды. Ғалым А.В.Петровский бала өмірінің жеті кезеңін көрсеткен: 1) Туғаннан 1-2 айға дейін – жаңа туған бала; 2) 1-2 айдан 1 жасқа дейін – нәресте; 3) 1-ден 3-ке дейін – ерте сәбилік шақ; 4) 3-тен 7 жасқа дейін – мектепке дейінгі балалық шақ; 5) 7-ден 11-12 жасқа дейін – бастауыш мектеп шағы; 6) 12-ден 14-15 жас аралығы – жеткіншектік кезең; 7) 14,5-17 жас аралығы – балаң жасөспірімдік. Ғалым баланың 1-3 жас аралығын ерте сәбилік кезең деп атаса, Ж.Қоянбаев бұл кезеңді сәбилік шақ деген. М.Қ.Бапаева «Даму психологиясы» атты еңбегінде «балалық шақтың өзі төртке бөлінетіндігін айтқан: нәрестелік кезең (туғаннан 1 жасқа дейін), ерте балалық шақ кезеңі (1 жастан 3 жасқа дейін), мектепке дейінгі балалық шақ (3 жастан 6 жасқа дейін), бастауыш мектеп жасы (6 жастан 11-12 жасқа дейін)». Ғалымдар жіктелуіне сүйене отырып, осы ғылыми зерттеу жұмысында аталған кезеңдегі баланың сөйлеу тілінің дамуын, оның сөздік қорын, сөйлеу үдерісінде кездесетін қателіктер, дыбыстық ерекшеліктер жайында тұжырымдар мен тілдік деректер көрсетіледі. Бала 1-3 жас аралығында тілі шығып, тілдік қоры молайып, даму үстінде болады. Алғашқы кезде бала айналасындағы жақын адамдарына сұрақ қою арқылы өзіне ақпарат жинайды. Соның негізінде бала тілі дамып, сыртқа шыға бастайды [3]. Осы кезеңдерде балаға барынша қолдау көрсетілу керек. Себебі, бала 3 жас кезеңінде дағдарыстан өтіп бастайды. Кейде айтқан тілді алмай, неше-түрлі қыңыр мінездерін көрсетеді. Осы сәтте ата-ана және тәрбиеші баланы басып тастауға емес, балаға қолдау көрсете отырып, бойындағы жаңа қырларын ашуға ұмтылу керек.

Қазіргі кезеңде Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі оқулықтары мектептерде бірте-бірте негізгі пән ретінде қалыптаса бастады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтары жазылды. Ол осы оқулықтарды жазу барысында ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуден бастаған, содан кейін қазақ әліпбиімен емлесін ретке келтіріп, жеңілдету жолында еңбектенген, үшіншіден қазақтың жазба тілін өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттенген, төртіншіден қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналысқан. «Тіл - құрал» еңбегінің бүгінгі күндері де маңыздылығы зор. Өйткені, осы еңбекте пайда болған тіл білімінің жаңа терминдерінің маңыздылығы осы күндері де жоғалмаған. Қазіргі уақытта тіл білімі саласында еңбек етіп келе жатқан ғалымдарымыз, Ахмет Байтұрсынұлының қалаған лингвистикалық терминологиясын кеңінен қолданып келеді. Міне осындай Ахмет Байтұрсынұлының зор еңбектерінің

арқасында қазақ балаларының сауат ашуға, білім алуға мүмкіндіктері ұлғайды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін үйренудегі «Әліпби», «Тіл құралы», «Баяншы», «Әдебиет танытқыш», «Тіл жұмсарту» секілді бірнеше еңбектері уақыт өткен сайын бағасы артып келе жатырған құнды мұралар болып табылады. Халыққа білім беруден басқа Ахмет Байтұрсынұлы Міржақып Дулатұлымен бірігіп Орынборда «Қазақ» газетін шығарған. Қазақ газетінің негізгі тақырыбы қазақ зиялыларының саяси көзқарастарын білдіру. Газетке халықтың ой-санасын оятатын саяси көзқарасын қалыптастыратын мақалалар жиі жарық көрген. Газеттің басты мақсаттарының бірі қазақ халқының ұлттық болмысын, ерекшеліктерін сақтап қалу. Ахмет Байтұрсынұлының өзі айтқандай «Қазақ» газеті «... халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болған.

Қазақ балаларының ана тілінде білім алуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы А.Байтұрсынұлы айтқандай, «Қазақта балаларды оқытатын әзірге жосықтар (программа-лар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білім алатын оқытушылар даярлау керектігін жазса, енді бірде, «білімнің бас құралын – кітап» деп, «білім конкурсы» дегенді жариялау арқылы да оқу-ағарту ісін жандандыруға болатынын айтады. Ол мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын әліппені («Оқу құралын») жазғаннан кейін, көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. *«Біздің заманымыз – жазу заманы... Сөздік жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек болғандықтан, «қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерінде үйрету керек»* дегенді өзіне міндететіп алады, сол міндетті атқару үшін «Тіл-құрал» деген атпен үш бөлімнен (үшкітаптан) тұратын оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған I-бөлімі алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Одан әрі қарай жөнделіп, толықтырылып бірнеше рет басылды. 1927 жылғы Қызылордадағы басылымы 7-нші деп көрсетілген [4]. А.Байтұрсынұлы өз өмірінде тіл деген ұғымды өз еңбектерінде жеткілікті дәрежеде көрсете білді. Осы тұста, мектеп жасына дейінгі балалар ғана емес бастауыш сынып балаларының да дұрыс сөйлей білуі маңызды екенін айтып өткен жөн.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде баланың сөйлеу тілінде аса маңызды пайдасы бар адамгершілікті, адалдықты, еңбек сүйіспеншілікті тағы да сол сияқты игі қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдары болып келеді. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап, өзі жасаған мәтіндер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талап-талпынысын, т.б. танытатын шағын әңгімелер түрінде беріледі. Аталған түрлері баланың сөйлеу тіліне тікелей әсер етеді. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі айтылатын ойдың нақты дидактикалық жолдарын мектепке дейінгі ұйымдармен және мектеп қабырғасында мамандар өз деңгейінде пайдалана білсе, бала анық сөйлеп, өзінің ойын еркін жеткізіп, байланытырып сөйлеу дағдысы арта түсер еді. Әрбір баланың ана тілінің қажеттілігі мен көркемдігін түсіне білуі ол-өзінің ұлты үшін үлкен абырой. Байтұрсынов орыс поэзиясын қазақ тіліне аударып, ауыл мұғалімі боп істеген жылдарынан бастап шәкірттеріне И.А.Қрылов мысалдарын оқытқан. Орыс ақындары А.С.Пушкинді, М.Ю.Лермонтовты, С.М.Нодсонды оқып, кейбір шығармаларын аударған. Ақыннан қалған мұраның ішінде А.С.Пушкиннің «Ат» деген өлеңі, «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш» ертегілері бар. 1901 жылдан бастап Қрылов мысалдарын аударып, сол негізінде өзі де мысалдар жаза бастайды. Ахмет Байтұрсынұлының мысал жанрына ден қоюының үлкен мәні бар еді. Ондағы моральдің, адамгершілік, алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық, қулық пен зорлық сияқты келеңсіз мінездерді сынау, шенеуге келгенде, ақын мысал жанрын таңдады. Әр түрлі аңдардың бейнесін беріп, олардың арасындағы түрлі қарым-қатынас арқылы ғибратты тұжырымдар жасады. Қрылов мысалдарын аудару Ыбырай, Абай тәжірибесінен басталса, Ахмет өз кезіндегі зиялы ақын-жазушылар С. Көбеев, Б. Өтетілеуовтермен қатар жұмыс істеп, мысал, ертегілер аударып, ұлттық әдеби қазынаны байытты. Бір мысалдың өзі әр қайсысының аудармасына ілікті. Оны бір ақын өлеңмен аударса, енді бірі қарасөзбен аударды. Ұқсас өмір

шындығын қамтып, ойға ой қосып отыратын үлгілер ұлттық әдебиеттегі мысал жанрының дамуына жол ашты. Ахмет Байтұрсынұлы И.А.Крылов мысалдарының сюжетін сақтағанымен, қазақ тұрмысын танытатын жаңа ойлар қосыпбайытты. Мысалы, «Қасқыр мен тырна» түпнұсқада 19 жол болса, аудармада – 76 жол. «Өгіз бен бақа» түпнұсқада 17 жол болса, аудармада – 36 жол. Басқа мысалдар да осындай жолмен аударылған. Ұлттық сипат тек көлемінен ғана емес, кейіпкерлер атынан да аңғарылады. «Қасқыр мен мысық» мысалындағы Васька, Степан, Демьян, Трофили аттарын Ахмет Коянкөз, Құрамыс, Көпберген бай, Қисықбай деп өзгертіп алады.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Оның әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде Түркітанушылардың бүкілодақтық 1- құрылтайында араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Байтұрсынұлы халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. «А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының сауатын ашуда бұрынғы ескі сүрлеу, тар соқпақпен жүрудің ендігі жерде ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамына қол еместігін көреді. Қазақ баласы енді сауатын бөгде тілде емес, яғни, араб, татар, орыс тілдерінде емес, ана тілінде ашуы керек, білім-ғылыммен қазақ тілінде сусындауы тиіс деп табады. Қазақ мектептерінің болуы, бүкіл оқу-тәрбие жұмысы қазақ тіліне жүруі қажет екенін ашып айтып, күн тәртібіне қояды, өзі де қазақ мектептерінің болуы, ана тілінде оқытылуы үшін күреседі» [5].

Өкінішке орай, қазіргі уақытта бала түгілі, үлкендердің өзінде орыс тілінде сөйлейді. Қарапайым қолданып жүрген телефондық қосымшалардың өзі де орыс тілінде. Үлкен кітапханаларға барсаңыз кітап сөрелеріндегі кітаптардың да көпшілігі орыс тілінде. Әсіресе, біздің мектепке дейінгі оқыту тақырыбы бойынша қазақша кітаптарды табу да өте қиын. Бар кітаптар сатылымда емес. Баланың тілі кішкентайынан өз ана тілінде шықпаса болашақта оның жүрегінде де патриоттық сезімнің болуы екі талай. Ұлт ағартушысы А.Байтұрсынұлының да айтқысы келетіні осы, қазақ тілінің мәртебесін көтеру болды. Отбасында қазақша сөйлемей, қазақ тілінде мүлдем білмейтін балаларды қазақ балабақшаларына берудің мәнсіз екеніне ата-аналар көңіл бөле бермейді. Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алмасы анық. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» - деген нақыл сөздің отбасы тәрбиесінің маңызын айқындап тұрғаны баршаға мәлім. Қазақ тілі-ең бай тіл. Осындай бай тіліміздің бағасын білу, мақтан тұту, қадірлеу, қастерлеу сияқты адами парыз-міндеттер әрбір қазақ ұлты өкілінің басты міндеті болуы тиіс деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

2. Меңжанова Ә., Исмағұлова Г., Дайрабаев Е.. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы «Мектеп». – 1989. 138 бет.
3. <https://tilalemi.kz/article/291>
4. Байтұрсынұлы Ахмет Б 20Алтытомдықшығармаларжинағы. *Тіл-құрал(қазақтілімен оқу-ағартуға қатысты еңбектері)*. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: –384 б.
5. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының негізін қалаушы // Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет.
6. <https://kznews.kz/qazaqsha-referattar/ahmet-bajtursynov-tilshi/>

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ» – ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

Бегешова Улжан Нугмановна

магистр, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

E-mail: ulzhan.nugman2015@gmail.com

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазақ халқының айнасы болған ұлы қоғам қайраткері ақын, ұстаз, ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туған халқы үшін аянбай еткен еңбегін дәріптеу. Өз ұлттық ұстазымыз Ахмет Байтұрсынұлыны мақтап қана қоймай, оның қазақ әдебиетінің дамуындағы жасаған зор еңбектерін қайта жаңғырту біздің міндетіміз. «Тіл – біздің тұтастығымыз», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп те айтып жүрміз. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға және қазақ ұлттық кодымызды сақтау өзекті.

Түйін сөздер: ғылыми-танымдық, білім беру, реформатор, қазақ әліпбиі.

Аннотация

Прославить творчество Ахмета Байтұрсынұлы, крупного общественного деятеля, поэта, педагога, ученого-педагога, являвшегося зеркалом казахского народа, неустанно трудившегося для родного народа. Наш долг не только воздать должное нашему национальному учителю Ахмету Байтұрсынұву, но и возродить его великие труды в развитии казахской литературы. Еще мы говорим, что «Язык – наша целостность», «Судьба языка – судьба страны». Поэтому каждый должен защищать свой родной язык и сохранять наш казахский национальный код.

Ключевые слова: научно-образовательный, воспитательный, реформатор, казахский алфавит.

Abstract

To glorify the work of Akhmet Baitursynuly, a major public figure, poet, teacher, scientist-teacher, who was a mirror of the Kazakh people, who worked tirelessly for his native people. Our duty is not only to pay tribute to our national teacher Akhmet Baitursynov, but also to revive his great works in the development of Kazakh literature. We also say that “Language is our integrity”, “The fate of the language is the fate of the country”. Therefore, everyone must protect their native language and preserve our Kazakh national code.

Key words: scientific and educational, educational, reformer, kazakh alphabet.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен «Мәдени мұра» бағдарламасының басты міндеттері ретінде «...қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеу бүгінгі күннің негізгі мақсаттарының бірі болып келетінін» атап көрсетті. Елдегі жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек, яғни негізгі міндеттердің бірі болып елде әлемдік стандарт деңгейінде сапалы білім беру қойылған, өйткені әрбір мемлекеттің әл-ауқаты, оның болашақта әлемдегі дамуы мен мойындалуы халықтың білімділігіне, көбінесе, өсіп келе жатқан ұрпақтың білімділігіне негізделген [1, 26].

Ахмет Байтұрсынұлының:

Адамдық диканшысы қырға шықтым;

Көл жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым ектім,

Көңілін көгертуге құл халықтың,- деген өлең жолдары өзінің бүкіл өміріндегі еліне жасаған еңбегін баяндап тұрғандай көрінеді. Ахмет Байтұрсынұлы бабамның арманы –

«адамдық диханшысы» болып халқына қызмет етті. Ахмет Байтұрсынов бұл арманын орындады. Ол туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етті. Халқының, елінің қалаулы сәулелі жұлдызына айналды. Шын мәнінде «адамдық диханшысы» атанды. Ахметтің бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ұстаз, адамдық диханшысы.


Қазақ ғылыми тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің тек реформатор ретінде ғана емес, ұлттық ұраншысы ретінде қарастырамыз. Біздің құндылығымыз ұлттық тіл туралы жазу, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек.

Зерттеу әдістері

Ахмет Байтұрсынов (1873 - 1938) Ахмет Байтұрсынов - қоғам қайраткері, ақын әдебиет танушы, лингвист, аудармашы, публицист, ағартушы - ғалым, ұлт ұстазы. Ол 1873 жылы, қаңтар айында Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек деген жерде дүниеге келді. Торғай қаласындағы екі сыныптық мектепте, 1891 - 1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте оқыды. 1895 - 1909 жылдары ұстаздықпен айналысып, бала оқытады. Халықтың ой - санасын оятуға бар күшін қаламгерлік қуатын салып, 1909 жылы И. А. Крылов мысалдарын аударып, «Қырық мысал» жинағын шығарады. Біз оны «Әліппенің атасы» деп танимыз. Қазақ әліпбиін жазған [2, 66].

Қазақ халқының айнасы болған ұлы қоғам қайраткері ақын, ұстаз, ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туған халқы үшін аянбай еткен еңбегін дәріптеу, ұрпаққа үлгі ету.

Қазақ халқының айнасы болған ұлы қоғам қайраткері ақын, ұстаз, ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығымен сусындата отырып, оның туған халқы үшін аянбай еткенін насихаттау (1- сурет).



Сурет 1- Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы

Ахмет бабамыз мына бір өлеңінде:

«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын

Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін», –десе, келесі бір жүрек жарды жырында:

«Асықпаңдар! Артымызда қазы бар,

Тергеп талай, көрлеріміз қазылар....», – деп толғанған екен. Сондықтан, өз ұлттық ұстазымыз Ахмет Байтұрсыновты мақтап қана қоймай, оның қазақ әдебиетінің дамуындағы жасаған зор еңбектерін қайта жаңғырту.

Себебі қазір әлемде жойылып кетуі мүмкін тілдер қатары бар. Бұл тілдер қолданыстан қалып, сөйлеуі мен өмір сүруін тоқтатқандар. Оған басты себеп сол ұлттың не халықтың жойылып кетуі тікелей себеп болады. Одан қала берді отарға тап болған елдердің де тілдері сол держава тіліне бағынып, өз өмір сүру салтын жоғалтады.

«Тіл – біздің тұтастығымыз», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп те айтып жүрміз. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс.

Зерттеу әдістері

Ахмет Байтұрсынұлы секілді біртуар ел перзенттерінің еңбегінің еленіп, қазақ тілі мен әдебиетінің ілмегін іліп, ұлттық кодымызды сақтау керекпіз. Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуымыз керек. Себебі сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөл ойнауы мүмкін.

Қазіргі қоғамның алдындағы негізгі мақсат - бойында биік кәсіби шеберлігі жоғары адамгершілік қасиетпен ұштасып жататын шығармашыл тұлғаларға деген қажетін қанағаттандыру болып табылады:

- оқу-әдістемелік құралдарды сараптау;
- зертхана нәтежелерін қортындыдайтын материалдары;
- жазушы шығармаларына салыстырмалы зерттеулер;
- ғылыми-танымдық жұмыстары.

Нәтежелер

Ұлттың ғылым-білімге көзін ашқан данасы, рухани тұлға тұтып ұлықтар ұлт ұстазы – Ахметі бар қазақ жұрты қандай бақытты. Кеңес империясы дәуірінде Ахмет баба есімін атаудың өзі қылмыс саналса, еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзентімен қайта табысып, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі мен әдебиетінің дамуындағы жасаған зор еңбектері қайта жаңғыртылуы керек.

6B01406 – «Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік» БББ бойынша оқу практика жоспарының құрылымы бөлігінің бірі (2-сурет) Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми – танымдық жұмыстарын зерделеу.



Сурет 2 - 6B01406 – «Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік» БББ бойынша оқу практика жоспары

Талқылау

Ғасыр басында ұлт тағдыры мен елжандылық мақсаттың жалауын желбіретсе сахараға еркіндік пен бостандық рухын сепкен құбылысқа айналған Алаш қозғалысының белсенді көсемі, қазақ мерзімді баспасөзінің қарлығаштарының бірі «қазақ» газетін ашушы редакторы болған [3, 86]. Ахмет Байтұрсынұлы Алматы, Ташкенттегі жоғары оқу орындарының профессоры қызметтерін атқарып жүргенде де, сонау алыстағы Ұлы Жыланшық өзенінің бойындағы Сарытүбекті, ондағы кіндік кескен қараша үйін аңсаған шығар, кім білсін?

Елінің көсегесі көгеруін ойлағаны үшін тар жол, тайғақ кешулерді басынан өткізіп, Сарытүбектегі қоңыр үйін бір көруге зар болды ғой. Халық әні деп айтылып жүрген алтын қордың мұрасы (Ахметтің әндері) «Екі жирен», «Қарғаш», «Аққұм» әндері де туған жерді аңсаудан туған болар. Ақкөл мен Ахмет ауылдарының дәл орта тұсындағы Сарытүбектегі (екі ауылға да 6 шақырым қашықтықта) Ахметтің туған үйінің орнына 1993 жылы Ахметтің 120 жылдығы қарсаңында «Ахмет Байтұрсынұлының туған үйі» деп жазылған белгі қойылды. Бұл жер 50 –ші жылдарға дейін талай отбасыларға қастерлі қоныс, атажұрт, пана болып келген. Кейін иесіз қалған, үйлер әбден тозып, құлап, іргесіндегі кірпіштері ғана сақталған. Қазір екі ауылда тұрып жатқан Ахмет ұрпақтары бірлесіп бабамыздың шыр етіп дүниеге келіп, кіндік қаны тамған үйінің нақ орнына мұражай - үйін тұрғызып, ішін жабдықтап қалыпқа келтірді. Баба аруағы алдындағы бір парызды өтеп, игілікті шараны жүзеге асырды. Қазіргі уақытта Торғайға ат басын бұрған иісі қазақ баласы Сарытүбекке, Ахметтің туған үйіне соғып, тағзым жасап аттанады. Бұл келешек ұрпақ үшін асыл мұра, өшпес тарих болып сақталады [4, 16].

Қорытынды

Қорытындылай келе, Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармалары, саяси ағартушылық қызметі – жас ұрпақтар үшін қазыналы мол мұра деп сеніммен айта аламыз. Білім саласына қосқан үлесі әлі күнге дейін баға жетпес рухани байлық десек, білім саласына жазып қалдырған оқулықтары еліміздің алтын қорына енген теңдессіз басылымдар санатында. Ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының қалдырған туындылары әлі де жүздеген жылдарға мұра болып қалып, білім саласына өз үлесін қоса бермек. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының көсемі, ұлтымыздың ұлы ұстазы деп таныйық.

Мысалы; айта кететін болсақ, Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі өткен Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай жоғары оқу орындарының студенттері арасында «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» атты Республикалық конкурсқа қатысып жүлделі 3 орынды алдық.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы // Қазақстан Республикасының президенті мен Қазақстан Республикасы Үкім актілер жинағы. – Астана, 2004. –№ 2. – Б. 5-6
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
3. Бегешова Ұ.Н. Білім сапасын тәуелсіз бағалау жолдары:/ Халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция «Философия: ғылым және өмірлік миссия» Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2022ж
4. <https://qazaquni.kz/>
5. У.Н. Алашабаева., Д. Кенжебек Ұлттық кодымызды айқындайтын жастардың рөлі: «ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ел сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуындағы рөлі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференциясы., – Ақтөбе: Баишев университеті, 2020. 6-12 бет.
6. Бегешова Ұ.Н. Білім берудегі сын тұрғысынан ойлау стилі:/ Халықаралық ғылыми - тәжірибелік online конференция «Пандемия кезіндегі көркемдік білім беру: мәселелер және жаңа шешімдер»Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 24.12.2021ж 111-115 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Булшекбаева А.И.

Философия докторы (PhD), қауымдастырыған профессор м.а.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы
bulshekbaeva@mail.ru

Сураншиева М.К.

Философия докторы (PhD), аға оқытушы
Қазақ Спорт және Туризм Академиясы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
mira-8.3@mail.ru

Аннотация: Мақалада Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеяларының өміршеңдігі және қазіргі педагогикадағы қолданылуы сараланған. Авторлар Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріне талдай жасай отырып, өзіндік ой тұжырымдар келтірген.

Кілт сөздер: педагогикалық идея, педагогика, ұлт ұстазы.

Аннотация: В статье проанализирована жизнеспособность и применение педагогических идей учителя нации Ахмета Байтурсынулы в современной педагогике. Авторы, анализируя труды Ахмета Байтурсынулы, привели свои выводы.

Ключевые слова: педагогическая идея, педагогика, учитель нации.

Abstract: The article analyzes the viability and application of pedagogical ideas of the teacher of the nation Akhmet Baitursynuly in modern pedagogy. The authors, analyzing the works of Akhmet Baitursynuly, brought their conclusions.

Keywords: pedagogical idea, pedagogy, teacher of the nation.

Ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық идеялары өміршеңдігімен ерекшеленді. 20-шы жылдары Қазақстандағы инновациялық педагогикалық идеялардың дамуы А. Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Педагогикалық баспасөздің рөлі, бастауыш мектептің, жоғары білім беру жүйесінің проблемалары, оқытудың мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіру, өскелең ұрпақты рухани-эстетикалық тәрбиелеу А.Байтұрсынұлының еңбектерінде кездесетін проблемалар тізбегі.

Ахмет Байтұрсынұлы - Қазақстандағы педагогикалық ой өкілдерінің бірі. Ұлт ұстазының ғылыми мақалаларында белсенділік, ақыл, таным, қабілет, оқыту, тәрбиелеу, ағарту және басқа психологиялық-педагогикалық категориялар мәселелер қарастырылады. 1928 жылы еліміздің тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ашылуында қазақ халқының дарынды ұлының баяндамаларын оқи ұлы тұлғаның тағы бір қырын ашамыз. А.Байтұрсынұлының пікірінше, "Қазақ институтының ашылуы - халықтың жоғары мәдениетке жету қажеттілігін ынталандырудың көрсеткіші". Оның педагогикалық мамандықтың мәні мен ерекшелігіне терең енуін атап өткен жөн. Оның пікірінше, мектеп үшін ең маңыздысы - кәсіби педагогика, әдістемелік әдістер, балаларды оқыта алатын мұғалім.

Өз халқының нағыз ұлы бола отырып, Ахмет Байтұрсынұлы еуропа халықтарының мәдени құндылықтарымен танысуға, олардан үлгі алуға - білімге, ғылымға ақша салуға, кітап шығаруға шақырды. "Ғылым мен практикалық білімнің негізін сіңірген халық ақылды, бай және күшті болады" - ұлы ғалымның, ағартушының бұл сөздері қазіргі кезде ерекше өзектілікке ие.

А.Байтұрсынұлы "Қазақ" газетінің бірінші санында жарияланған бағдарламалық мақаласында былай деп жазды: "Өз тәуелсіздігімізді сақтау үшін бізге бар күш-жігерімізбен және жалпы мәдениетке ұмтылу қажет, ол үшін біз ана тіліндегі әдебиетті дамытумен айналысуымыз керек. Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар адамдар ғана тәуелсіз өмір сүруге құқылы екенін ешқашан ұмытпау керек". Бұл мәлімдемелер қазір де өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Ол ана тілін үйренудің лингвистикалық негізін қалаған, қазақ әдебиеттану бойынша алғашқы оқулықтың авторы болған, сонымен қатар ол қоғамдық жұмыстармен айналысқан. Республиканың академиялық орталығын басқарды, Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш мемлекеттік университеттің филология профессоры болды.

ҚазКСР-дағы халық ағарту ісінің бірінші комиссары (1920-1921) Ахмет Байтұрсынұлы "Мұғалім - мектептің жаны. Қандай мұғалім, мектеп, яғни, оқушылардың білім сапасы мұғалімнің өзі қаншалықты дайындалғанына және оның оқыту әдістерін қаншалықты меңгергеніне тікелей байланысты. Сондықтан, біріншіден, кез-келген мектепке мықты педагогикалық және әдістемелік дайындығы бар білікті мұғалімдер қажет. Екіншіден, оған барлық оқулықтар мен оқу құралдары қажет. Оқулықтар мен оқу құралдарынсыз оқыту туралы айту мүмкін емес; оқыту сапасы оқулықтардың сапасына байланысты. Оқу ісінде табысты жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін мұғалімдерде оқу құралдарының барлық кешені болуы керек. Үшіншіден, мектепке реттелген материалдар және жүйеленетін тиісті бағдарлама қажет".

Оның барлық педагогикалық қызметі мектептегі оқу процесін жетілдіруге және жалпы білім беру мекемесінде педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыра алатын білікті мұғалімді даярлауға бағытталған. А. Байтұрсынұлының пікірінше, мектеп жұмысының жетістігі мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты, сондықтан мұғалімнің оқу орындарында кәсіби дайындығы кезінде мұғалімнің педагогикалық техниканы игеруіне, оқушылардың оқу процесін ғылыми негізде жүргізу қабілетіне ерекше назар аудару қажет.

А. Байтұрсынұлының кәсіби даярлық мәселесі "Қазақша оқыту туралы" жұмысында тағы да көтеріледі. Ол мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды анықтаған, ең алдымен мұғалім жеке әдістемені жақсы білуі керек, балалардың психологиялық ерекшеліктерін, оқу процесінің теориялық негіздерін білуі керек. Оның идеясы мұғалімді даярлау кезінде психологиялық, педагогикалық және әдістемелік дайындыққа назар аудару керек деген ойға әкеледі. Мұның дәлелі оның сөздері: "...есіңізде болсын, кез-келген іс жақсы және тез жасалады, егер оны білімді адам жасаса. Бұл тек физикалық еңбекке ғана емес, ақыл-ойға да қатысты. Балаларды оқытумен айналысатын адамдар әдістеме мәселелерін жақсы білуі керек. Оқыту мәселелерін жақсы білгісі келетіндер алдымен балаларға үйрететін барлық нәрсені өздері үйренуі керек. Екіншіден, олар табиғатты жақсы біліп, баланың көңіл-күйін сезінуі керек. Ол үшін балалардың туылғаннан бастап Физикалық және психикалық дамуы туралы бәрін білу қажет. Баланың ішкі жағдайын оның әрекеттерімен ажырата білу керек. Білімді халықтар арасында балаларды оқытумен педагогика ғылымында арнайы оқытылған адамдар айналысады. Бұл дұрыс, өйткені егер судья өзінің судьялық істерінде, ал дәрігер - медицинада оқитын болса, онда мұғалім одан да көп педагогикаға үйретілуі керек...»

А. Байтұрсынұлы оқу процесінің табыстылығының екінші факторы оқулықтар мен оқу бағдарламаларының болуы екенін атап өтті. Қазан айынан кейінгі кезеңде ҚазКСР Халық комиссариаты бұл мәселені шешуге ерекше назар аударды. Осы мақсатта 1920 жылы Кирревкомның халыққа білім беру бөлімі жанындағы Ғылыми комиссия ұйымдастырылды, ол оқулықтар мен ғылыми еңбектерді құрастыру және басып шығару бойынша міндеттер шеңберін анықтады.

Қазақ тіл білімін дамытуда А. Байтұрсынұлының еңбегі зор. VIII ғасырдан бастап қазақ даласында исламның таралуына байланысты араб жазуы біртіндеп енгізілді. Қазақ жазуы араб алфавитінде қазақ тілінің барлық дыбыстарын дәл бейнелеу үшін қажетті көптеген әріптердің болмауына қарамастан, араб графикасы негізінде өмір сүрді. Қазақ тілінің табиғатын терең зерттей келе, А. Байтұрсынұлы араб тілін негізге ала отырып, жаңа қазақ әліпбиін жасады. Ол латын және одан да көп орыс алфавитінің енгізілуіне қарсы болды, ол кезде қазақ тілінің даму қажеттіліктеріне жауап бермеді, оның грамматикалық және фонетикалық құрылымын көрсетпеді. 1924 жылы ғалым тілге қатысты еңбегін жарыққа шығарды. Ол 1927 жылы өз сөзінде қазақ графикасының зигзагтары туралы айтты. Ол өз халқына әліпби құрастырды, қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, синтаксисінің негізін қалады, алғашқы оқулықтар жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиетінің тарихы мен әдебиет теориясы бойынша зерттеулерінде зор еңбегі бар. Мәселен, ол Абайтанудың негізін қалаушы болды, Абай Құнанбаев шығармашылығының рөлі мен маңызы туралы алғашқы мақалалар А.Байтұрсынұлына тиесілі. Ол Абайтанушы-әңгімешілер, ауызша халық шығармашылығының тасымалдаушылары туралы жазды. 1920 жылы Қазанда "Баяншы" кітабы жарық көрді. Қазақ әдебиеттануының қалыптасуында оның "Әдебиет теориясы" маңызды рөл атқарды. А.Байтұрсынұлы әдебиетте шындықты көру мен түсінудің ұлттық тәсілдерін көрсетудің қызу жақтаушысы болды.

Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл өмірі қазақтың өзін-өзі анықтауы, мәдениеттің дамуы, білім мен ғылымның дамуы, ғасырлар бойы ұлт рухының өзіндік халық шығармашылығының сақталуы туралы жалынды қамқорлыққа толы болды. 1923 жылы М.Әуезов А.Байтұрсынұлының қазақ халқы алдындағы баға жетпес еңбегін ескере отырып, оны "Қазақ зиялыларының көсемі" деп атағаны кездейсоқ емес.

Мұғалімнің жұмысымен және ғылыммен, белсенді қоғамдық қызметпен қатар А. Байтұрсынұлы көркем сөз саласында жемісті жұмыс істеді, 20 ғасыр жағдайында қазақ әдебиетінің реалистік, гуманистік, ағартушылық дәстүрлерін дамытуға қатысты. 19-20 ғасырлар тоғысында қазақ әдебиетінің басты мәселелерінің бірі ұлттық мәселе, қазақ қоғамының жай-күйі, оның даму жолдары болды.

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми-педагогикалық еңбектерінің нәтижесінде бізде қазақ әліпбиі, фонетика, қазақ тілінің синтаксисі мен этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы бар. Осындай қажырлы еңбекпен Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін, әдебиетін, білімін, жоғары деңгейге көтеріп, ұлттық мектеп пен оқытудың берік негізін қалады.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. -117 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 бет.
3. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», — 2013. Т. I: - 384 б.
4. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады / Құраст. В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001.- 316 бет, суретті.- «Ұлы тұлғалар» ғылыми биографиялық серия.
5. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: «Шапағат-Нұр» баспасы, 2013. – 368 бет. – («Ұлы Дала тұлғалары» сериясы).

ӘОЖ 37.06

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҰЛТТЫҚ МҰРАМЫЗДЫҢ АРҚАУЫ

Жакселикова Г.Ж.

Бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ-ның 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: Изтлеуова С.Ш.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы

kaz.comp@bk.ru

Аннотация

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық рухани мұралары, тарихтағы орны, ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері баяндалған. Ғалымның ұлттық

мұраларына зерттелу тұрғысынан баға беріліп, ұлттық құндылығын танытатын еңбектеріне талдау жасалған.

Тірек сөздер: Ұлттық мұра, ұлттық құндылық, ғалым.

Аннотация

В статье рассказывается о национальном духовном наследии Ахмета Байтурсынулы, его месте в истории, научной, поэтической, публицистической и художественной деятельности. Национальное наследие ученого оценено с точки зрения исследования, проанализированы его труды национального значения.

Ключевые слова: Национальное наследие, национальная ценность, ученый.

Annotation

The article describes AkhmetBaitursynuly's national spiritual heritage, place in history, scientific, poetic, journalistic, and artistic activities. The national heritage of the scientist was assessed from the point of view of research, and his works of national value were analyzed.

Key words: National heritage, national value, scientist

Ахмет Байтұрсынов ұлт қамын көксеген, қазақ халқы қиыншылыққа тап болып, құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен еді. Қараңғы қазақ халқының болашағына алаңдап, елі үшін, елінің ертеңі үшін жан аямай күресті. Ұлты үшін аянбай қызмет етіп қоймай, жастарды ұлттық дүниетаным негізінде оқыту, ана тілін дамыту, осы ретте қазақ даласында оқу орындарын ашу жолында үлкен еңбек сіңірді. Ол өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымының дамуына, мектеп ағартушылық ісіне арнаған десе болады. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың алғашқы әліпбиінің авторы, қазақ тілін реформалаудың арқасында, ана тіліміз оқушылар үшін түсінікті және қол жетімді болып, халықтың сауаттылығы артты.

Ахмет Байтұрсынұлы Алаш зиялыларының бірі, өз халқын шексіз сүйген патриот, қиын-қыстау кезеңде ұлтының қамын жеген айтулы азаматтардың бірі. Оның өзі айтқандай: «Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, Ел – бүгіншіл, Менікі – ертеңгі үшін», - деп ел болашағын әріден ойлап, ел алдындағы кеселді күні бұрын сезді. Қай кезде де қайыспай, басын қатерге тіге отырып, жан аямай күресті. Қазіргі таңда біз дәл сол алаштықтар аңсаған өркениетті мемлекетте өмір сүріп келеміз. Тарих пен әдебиет, мәдениет саласы бұл кісілердің ұрандарын, еңбектерін өскелең ұрпақ санасына сіңіріп келеді десек артық айтқандық емес. Сондықтан ұлт тәуелсіздігі күресінің рухани көсемі, Алаш қайраткері, қазақ тіл білімінің, әдістеме және әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасын жан-жақты дәріптеу – бүгінгі ұрпақ алдындағы парыз.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Өткен тарихтан шолып, бәріміз көз жүгіртсек, Ахмет Байтұрсынұлының өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Газет арқылы қазақ халқын өнерге, білімді игеруге үндеді, оянып ес жиюға шақырды. Ахмет Байтұрсынов тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Ол әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демократиялық құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеуметтік

жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Ахмет Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшан теңіз. «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру-жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады. Алаш Орда құрамын бекіткен екінші жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Ахмет Байтұрсыновты бекітті. Осындай халықтың қамын жеп, қоғамдық ірі саяси іске де басын тігіп, етене араласып жүрген Аханның тіршілік қым-қуыт тірлігінде көптеген әділетсіздік орын алған еді [1]. Бірақ, қайыспас ердің бойына біткен, қазақ халқына деген елжандылық қасиеті осы бір әділетсіз істердің біріне де беріспеді. Ахмет халықтың арын арлады, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті, ештеңеден тайсалмады. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл жан. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Ол өзінің өткір тілді өлеңдері, жыр-жинақтары арқылы халқының құлағына маса болып ызылдап, ұйықтап жатқан халықты оятуға талпынған, жанды жерінен шағып, болашаққа зер салуды насихаттайды. Бір сөзбен айтқанда, ұлтының болмысын терең таныған ғалым. Ахаң барша халқының мұң-қайғысының, арман-тілегінің, жарқын болашағының қайдан екенін терең зерделеген және оған жетудің жолдарын да жақсы білген. Ол өз заманында бір жағынан әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын кітап етіп шығарды. Ахмет Байтұрсыновтың бойындағы дарындылықтың, даралықтың жалыны сол кезде халқының жүрегіне от болып жағылып, елінің оқу-ағарту саласына білім дәнін сепкен еді. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Сол кезде тұтас буынның төл басы болған Ахмет Байтұрсыновтың алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Бұл еңбегінде ақын Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Ол мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтік сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері 1911 жылы «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді. «Масаның» негізгі идеясы – қалың жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу және халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Ахмет Байтұрсыновтың Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбегі. Ахмет Байтұрсынов әдебиет тарихына, теориясы

мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Халық тілінің бай қорынан мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап беріп, «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Ахмет Байтұрсынов әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық», - деп жазды. Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралы» – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. Ақын қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – бір жағынан қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Оның осы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. Белгілі жазушы Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынов туралы «Ақанның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді», - деп жазды. «Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ бағаға ие болды. Жалпы, әдебиет теориясын оқулық пәні ретінде жазып шығу үшін әлемнің философия, психология, әдебиет теориясы ғылымдарының тарихын терең білу қажеттігін кез келген адам пайымдайды. Ең кереметі, ХХ ғасырдың бірінші жартысында қазақтың көзі енді ашылып келе жатқан кезде жарық көрген Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышын» сол кезде «қазақ әдебиетінің қалыптасуының басында жүрміз» дейтін ақын-жазушыларды былай қойғанда, көрші Ресейдегі, Орта Азиядағы, түркі тілдес елдердегі әдебиет, филология мамандары да мойындады. Ал, кейін Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов ақын жайлы: «Бір басында сан салалы өнер тоғысқан, телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың «рухани көсемі» деп бағамды да байыпты бағасын берген болатын.

Бұдан басқа Ахмет атамның тарихтағы орнын, әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіндегі өз мақаласында былай деген: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып, тілмаш болып, арларын сатып, ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу хәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай». Ахмет атамның әдебиет майданында есімін асқақтатар болсақ, қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан аударма жасау дәстүріне мойын ұсынады. Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы-баршасы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етуге арналған. Ақын өзінің бар күш-жігерін халыққа қызмет ету арнасына бағыттады және бұл істе тәуекелшіл, белсенді, қазақ халқының тәуелсіздігі идеясына құштар болды. Осы үлкен мақсат үшін ол өзін құрбан етуге дайын болды және тарих көрсеткендей, құрбан болды. Ол өз нанымнан бас тартуға, басқа мақсаттағы адамдармен бірігуге, өмір сүру үшін басқа адамдардың құндылықтарын көтеруге көп мүмкіндігі болған шығар. Бірақ ол мұны істемеді. Өзінің бір сөзінде: «Мен өз жолымды өз еркіммен және біржолата таңдадым – мәңгі, ал қазір айналма жолдар жоқ – өлімнен ұят күшті!» деген еді [2].

Ал, қазір Ахмет Байтұрсынұлы бізге лайықты мұра қалдырды. Атап айтсақ, бұл біз үшін құнды болған және тәуелсіз мемлекеттің атрибуттары ретінде танылған: Қазақ тіл білімі мен әдіснамасының негіздері, Педагогика бойынша еңбектер, түрлі көркем жанрдағы өз туындылары, қазақ фольклорының жинақтары. Қоғамдық мұрасы Қазақстанның болашақ ғылым академиясының ұйымдық-құқықтық іргетасын құрайды. Саяси мұраға Қазақ автономиясын ресімдеу, танылған және келісілген мемлекеттік шекара жатады. Ахмет Байтұрсынұлының ел тағдыры үшін күресі, жанын пайда етуі біздің қазіргі мемлекетіміздің құндылықтары ретінде танылуы керек. Бұл – туған жер, ел, ана тілі, бостандық, бейбітшілік, әл-ауқат, достық, демократия, білім. Оның бұл аталған мұрасы өнерде, педагогика еңбектерінде, білім беру бағдарламаларында, ел мен халықты әлемдік аренада ілгерілетуде көрініс тауып келеді. Ұлт ойшылы мен ағартушының мұрасы негізінде жаңа мағыналар, жаңа әңгімелер мен жаңа құндылықтар құрылды. Оның мұрасы мен өсиеттерін ұрпаққа жеткізіп, насихаттап және жас ұрпақтың қалай игеретіні өзімізге байланысты. Сондықтан халқымыздың іргелі ел болып қалыптасуына және білімді де саналы ұрпақтың болашағын әріден ойлап, халықтың жолында өз басын қауіп-қатерге тіккен ақынның осынау еңбек жолын жас ұрпақтың санасына жеткізіп, одан әрі терең білуіне үлес қосайық!

Ахмет Байтұрсынұлы – өзінің саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған мемлекет және қоғам қайраткері. Төккен тері мен жазған еңбектерінің барлығынан өз халқының тағдырына жанашырлықтан туған жанкештіліктің, отаншылдықтың, биік парасат пен пайымның болмысы көрінеді. Ұлт ұстазы, қазақ халқының біртуар азаматы, яғни Ахмет Байтұрсынұлы табиғатынан аса дарынды адам болған. Оның ұлт ұстазына айналған, өмір бойы ұйқыдағы халқын «Маса» боп ызындап оятуды көздеген, «Қазаққа қазақты сүюді үйреткен», халқы үшін еткен қызметін сөзбен ғана айту әлі де жеткіліксіз еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары // Тілтаным №2, 2001., Б. 3-13.

2. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912.-40 б.; Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-448 б., Б. 160-166.
3. Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2010.-26 б.
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық — көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN: 978-601-01-0268-2
5. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9

ӘОЖ: 37.035.6:512.1

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАР

Дүйсенбаев А.Қ. п.ғ.к., доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

E-mail: adk7575@mail.ru

Аннотация. Аталған мақала мазмұнында Ахмет Байтұрсынұлы мұраларындағы ағартушылық идеяларына жан-жақты талдау жасалынады. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық көзқарастарын бүгінгі мектепті білім беру жүйесіне қажетті тұстары зерделенген.

Тірек сөздер: мәдениетті уағыздау, педагогикалық мұра, педагогикалық идея, ұлттық дүниетаным, ұлттық мектеп.

Аннотация. В содержании данной статьи проведен всесторонний анализ идей Просвещения в наследии Ахмета Байтурсынова. Также были изучены научно-педагогические подходы Ахмета Байтурсынова к современной системе школьного образования.

Ключевые слова: культурная проповедь, педагогическое наследие, педагогическая идея, национальное мировоззрение, национальная школа.

Annotation. The content of this article provides a comprehensive analysis of the ideas of Enlightenment in the legacy of Akhmet Baitursynov. The scientific and pedagogical approaches of Akhmet Baitursynov to the modern school education system were also studied.

Key words: cultural preaching, pedagogical heritage, pedagogical idea, national outlook, national school.

Қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, «Алаш Орда» өкіметінің мүшесі. Филология ғылымында «Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы» деген атпен әйгілі зерттеуші. Ол «Оқу ана тілінде жүргізілсін» деген талапты бастаушы болды.

1912 жылы тұңғыш рет «Әліппе» жазды, аталаған еңбек халықты сауаттандырудың басты құралы болды. Бұл оқу құралы сауат ашу, әрі ұлттық дүниетанымды тұлға бойында қалыптастыру мақсатын қойды. 1926 жылы «Әліппенің» жете өңделген жаңа түрі жарияланып, қазақ халқының сауат ашу мектебінің негізгі дидактикалық оқулығы ретінде қолданылды. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ

мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы авторларының бірі болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен «Дала ережесін» қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Ахмет Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Ахмет Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Ахмет Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Ол өмірінің Орынборда қоғамдық-саяси қызметінің жетістікке жеткен шағы болды. Осы қалада 1913-1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, салт-дәстүрін, мәдениеті мен білімді игеруге шақырды. Ахмет Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылы революциялық өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Ол Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған топтың құрамында болды. Алашорда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Ахмет Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде Қазақ автономиясының Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылғы «қазақша оқу жайынан» деген мақаласында: «бала оқытатын адам оған үйрететінін, оның көңіл сарайын және мұғалімдік ғылымды жақсы білу керек» – дейді [1]. Демек, ұстаз болу үшін баланы жақсы көру керек деген, бүгінгі күні айтылып жүрген гуманистік пікірді бір ғасыр бұрын қолданғанын білуге болады.

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябин облысына қосу туралы шешіміне қарсы Ахмет Байтұрсынұлының жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Ахмет Байтұрсынұлын түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. Ағартушы-ғалым оқушыларға ереже жаттатудың тиімсіз екенін дәлелдеп, түсіндіру, ой-қорыту, салыстыру әдістерін қолдануды ұсынды. Сол сияқты әдебиет сабағын оқытқанда әсерлендіру, талдау, бейнелеу, тұжырымдау тәсілдерін қолдану қажет екенін «Қай әдіс жақсы» (1928 ж.) деген мақаласында айқын баяндайды. Халыққа білім беру ісі үшін халықтың ана тіліндегі жазуы, оқу құралдары болуы керек. Міне, осындай өзекті мәселелерге ерекше мән беріп, ұлттық емлені, грамматиканы ғылыми негізде жаңадан құрып, оны жүзеге асыруға басшы болды.

1921-1925 жылы Орынбордағы, 1926-1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928

жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі «Бутырка» абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Ахмет Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1926 жылы Бакуде болып өткен «Бірінші Түркологиялық Құрылтайдың» төралқа мүшесі – Ахмет Байтұрсынұлы болды.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.Пешкованың көмегімен Ахмет Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. Ізіне түскен жендеттер 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды.

Тұтас буынның төл басы болған Ахмет Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ғалым-ағартушының еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Ахмет Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтік сананың оянуына ықпал етті.

Ұлт Ұстазының азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911 жылы). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, тәрбиеге, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болатын. Оның халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Қазақ ғұламаларының ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін ағартушылық-демократиялық дәрежеге көтерді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон шығармаларын аударды. Бұл аудармалардың тақырыптық, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары, тәрбиелік мәні зор туындылар болатын. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы қоғам қайраткері, ағартушы көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани ақылшысы болды. Оның «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада хакім Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Ахмет Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926 жылы) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Ахмет Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарманың психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас т.б. ұғымдарға анықтама берді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеді. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым.

Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923 жылы) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926 жылы) кітап етіп шығарды. Халықтың педагогикалық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды.

Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының – әлеуметтік мәселелерге, бала тәрбиесі мен ұлттық салт-дәстүрлердің сақталуына және қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған азамат болатын. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демократиялық құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеуметтік жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда еңбегі ұшан теңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа білім берудегі үлгі ұсынған реформатор.

Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ педагогтарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924 жылы), құрылтайында (Баку, 1926 жылы) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан балалардың өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды [2, 187-б.]. Міне сол кездің өзінде балалардың тілін шұбарлап сөйлеуін проблема ретінде көтерген, оның қауіпті екендігін айтқан болатын.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912 жылы) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқytудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Ол қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін көп еңбек етті. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929 жылы): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген болатын [3, 258-б.].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның «Тіл құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды.

«Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Аталған тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз т.б. жүздеген ұлттық терминдерге анықтама берді. Сондай-ақ, практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Ахмет Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Ахмет Байтұрсынұлы педагог, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды.

1923 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922 жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. Оған замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Белгілі ғалым Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсынұлына арнаған «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында: «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 жылы жарыққа шыққан «Әдебиет энциклопедиясы» (Мәскеу) Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасына: «Аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді.

1933 жылы шыққан профессор М.Баталов пен М.С.Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Ахмет Байтұрсынұлының есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың библиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974 жылы) Ахмет Байтұрсынұлының толық өмірбаянын беріп, әлеуметтік-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай мемлекеттік университеті Ахмет Байтұрсынұлының есімімен аталды.

Ойымызды жинақтай келе, Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған кемеңгер және ұлттың болашағын ойлаған ғұлама-ғалым деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР ҰҚК мұрағаты, 78754-іс, 6-т., 44-п.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу /Құрастырған Р.Нұрғалиев. – Алматы: «Жалын», 1991. – 464 б.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған /Құрастырушылар Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2009. – 456 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ СӨЗ ДҰРЫСТЫҒЫНА ҚОЙҒАН ТАЛАБЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ САУАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Тлегенова Ж.

Бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ-ның 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: Изтлеуова С.Ш.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы

tleganova.zharkynay03@inbox.ru

Аннотация

Мақалада тілші-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық мұрасына шолу жасалады. Ұстаздың қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі мен еңбектерінің құндылығы айтылады. «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі сөз дұрыстығына қойылған талаптар қазіргі тіл мәселесі тұрғысынан талданады. Практикадан мысалдар келтіріледі. Мақала оқушылар мен студенттерге, ұстаздар мен жас ғалымдарға арналған.

Тірек сөздер: *тіл білімі, әдебиеттану, сөз, сауаттылық, оқыту, қате*

Аннотация

В статье дается обзор педагогического наследия ученого-языковеда Ахмета Байтурсынова. Отмечается ценность труда и вклад учителя в казахское языкознание и литературоведение. Требования к правильности слов в труде «Әдебиет танытқыш» анализируются с точки зрения проблемы современного языка. Приводятся примеры из практики. Статья предназначена для школьников и студентов, учителей и молодых ученых.

Ключевые слова: *лингвистика, литературоведение, слово, грамотность, обучение, ошибка*

Annotation

The article provides an overview of the pedagogical heritage of the linguist Akhmet Baitursynov. The value of the teacher's work and his contribution to Kazakh linguistics and literary criticism are noted. The requirements for the correctness of words in the work "literary connoisseur" are analyzed from the point of view of the problem of Modern Language. Examples from practice are given. The article is intended for schoolchildren and students, teachers and young scientists.

Key words: *linguistics, literary studies, word, literacy, teaching, error*

Ахмет Байтұрсынов - ұлы педагог. Әлемдік педагогикада орны бар К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский, Ян Амос Коменский сындыұлы педагогтермен есімі қатар аталатын тұлғалардың бірегейі. Ахмет Байтұрсынұлы ұлты үшін өмір сүрді, қазақ халқы үшін қызмет етті.

Қазақ ұлтының сауатын ашуға зор үлес қосып, ағартушылық бағытта өлшеусіз үлес қосты. 1912 жылы А.Байтұрсынұлының «Әліппе» (Оқу құралы) басылып шыққанға дейін қазақ даласында ұлттық емлемен жарық көрген бірде-бір оқулық болмады. Ғалым қазақ даласына ұлттық тілмен, ұлттық емлемен, ұлттық оқу құралдары керектігін түсіне бастады. Ұлттық педагогика саласының алтын қорына баға жетпес төл туындыларын әкелді. Ол «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62-нөмірінде басылған «Мектеп керектері» мақаласында сол кездегі қазақ мектептеріне ең қажет үш нәрсені айтады: жақсы мұғалім, қазақ тілді оқу құралдары және оқу бағдарламасы. [1,76.]. Мектепке қажет осы үш басты нәрсені де ғалым қазақ даласына әкелді. Бүгінгі біздің зерттеуімізге арқау болып отырғаны

– оқу құралдары. Ғалым-ұстаздың «Оқу құралы» (1912), «Тіл- құралы» (1915), «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбектері мен «Қырық мысал», «Маса» жинақтары - қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізі.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиі мен тіл заңдылықтарының негізін қалыптастырды, алғашқы емле ережелерін жасап, әдеби-тілдік терминдерді енгізді. Қазіргі білім беру мен оқытуда тілші ғалымның еңбектері мен ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынып жүр. Ғалымның кейбір тұжырымдарының өзектілігі артуда. Зерттеу жұмысымызда бүгінгі оқытуда, соның ішінде тілді үйретуде өзекті болып отырған кейбір мәселелерге тоқталмақпыз.

Жанартылған білім беру бағдарламасына сай қазір тіл сабақтарында оқушылардың мынадай дағдыларын дамыту басшылыққа алынған: тыңдалым\айтылым, оқылым, жазылым және әдеби-тілдік нормаларды меңгеру мен қолдану. Бұл дағдыларды меңгерту арнайы оқыту мақсаттары негізінде жүзеге асырылады.

Тіл сабағының басты мақсаты – сауатты жазу мен сөйлеуді үйрету. Сауатты сөйлеу мен жазуға үйрету Ахмет Байтұрсынұлының да еңбектерінде көрініс тапқан. Осы зерттеу барысында ғалым-ұстаздың тіл үйретуге қоятын басты талаптарын талдай отырып, заманауи оқытудағы тіл мәселесіне тоқталмақпыз.

«Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегінде шығарма сөзі (шығарма сөзі – мәтін) өңді, ұнамды болу үшін сөз талғаудың жалпы шарттарын атап өтеді:

1. Сөз дұрыстығы
2. Тіл тазалығы
3. Тіл анықтығы
4. Тіл дәлдігі
5. Тіл көрнектілігі [2, 19 б.].

Қарапайым кез келген адамның тілі дұрыс, таза, анық, дәл, көрнекті болу керек деген тұжырым жасайды. Меніңше, бұл талап бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында мұғалімдер осы талапты басшылыққа алып, әр баланың сөзінің (тілінің) дұрыс, таза, анық, дәл, көрнекті болуын дамытып, қалыптастыруы керек. Қазіргі оқушылардың ауызша және жазбаша тілі бірыңғай сауатты деп айта алмаймыз. Орфоэпиялық нормаларды сақтамай сөйлейтін, орфографиялық және пунктуациялық емлелерді өрескел бұзатын ұрпақ көбеюде. Бұл - тілдің тағдырына үлкен қауіп. Ғалым Ахмет Байтұрсынұлы тіл сауаттылығына бас мән беруінің басты себебі – ана тілді сақтау, тілді шұбарламай, сауатты сөйлеу әрі жазуды қалыптастыру.

Ахмет Байтұрсынұлы сөз дұрыстығына қандай талаптар қойды? Ең әуелі, «Сөз дұрыстығы деген не?» сауалына жауап беріп көрейік. Ғалым өзі «сөз дұрыстығы – әр сөздің дұрыс айтылуы, әр сөйлемнің дұрыс күйде жұмсалуды» дейді. Қазір біздер, біздің оқушыларымыз әр сөзді дұрыс айтып, дұрыс жұмсап жүр ме? Дұрыс сөйлеу мен жазуда қандай өрескел қателер бар?

Ахмет Байтұрсынұлының сөз дұрыстығына қоятын алғашқы талабы – «сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну». Қазір оқушылар тілінде жиі кездесетін қателердің бірі - тәуелдік жалғауды орынды қолдану. «- Ы, -і» - дауыссыз дыбысқа аяқталатын сөздерге жалғанатын тәуелдік жалғаулар. Кейде осыны оқушылар ескермей, барлық сөзге бірдей тәуелдік жалғаудың «-сы, -сі» формасын жалғай береді. Мысалы, «көп» деген сөзге тәуелдік жалғау жалғанған кезде кейінді ықпалдың әсерінен «көбі» болып өзгеріске ұшырайды. Осы тәуелденіп тұрған сөзге тағы тәуелдік жалғау жалғап, «көбісі» деген үлкен қате жібереді. Осы тұста Ахмет ағамыздың «түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну» деген қағидасы ойға оралады.

Ғалымның сөз дұрыстығына қоятын келесі талабы – «сөйлем ішінде сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру». Сөзді көптеу, көптелмейтін зат есімдерді орынды қолдану, бір қарап тұрсақ, қарапайым нәрсе. Бірақ оқушылардың жазу және сөйлеу тіліндегі жиі ұшырасатын қателердің бірі деп есептеймін. Қазақ тілінде «-лар, -лер,

-дар, -дер, -тар, -тер» деген көптік жалғаулар және көптік мәнді білдіретін сөздер бар. Көптік мәнді білдіретін сөздерге сан есімдер, мөлшер үстеу, жалпылау есімдіктері және т.б. жатады. Егер сөйлем ішіндегі зат есім көптік мағынаны білдіретін сөздермен қатар келсе, зат есімді көптемейміз. Мысалы, «Бүгін сабақта барлық оқушылар түгел» деген сөйлемдегі көптік жалғау артық, себебі сөйлемде көптік мағынаны білдіретін «барлық» деген жалпылау есімдігі қолданылған. Дұрысында сөйлем «Бүгін сабақта барлық оқушы түгел» тұлғасында болу керек. Яғни «көп адамдар, барша халықтар, екі елдер» емес, «көп адам, барша халық, екі ел» ретінде қолданылса, Ахметше айтсақ, «сөйлем ішінде сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру» талабын толық орындаймыз.

Тілші-ұстаздың сөз дұрыстығына қоятын басты талаптарының бірі – «сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру». Тіл білімінде «калька» деген ұғым бар. Калька ([фр. calque](#) – көшірме) — өзге тілдегі сөз тіркесі мен жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық негізділігін ана тіліндегі төл тәсілдер арқылы дәлме-дәл көшіріп алу. Жалпы тілдегі калька ол тілдің өзінің нақышын бұзады, бедерін құртады. Тілдің өзіне ғана тән ерекше суреттерін, бояуларын көмескілендіріп жібереді. Калька қазақ тіліне айтарлықтай өз әсерін тигізді. Калькалау арқылы келген көптеген сөз қолданысқа еніп кетті. Мысалы, өз пікірін немесе көзқарасын білдірген кезде «мен ойлаймын» деген қыстырма сөзді жиі естіп жатамыз. Шындығында, бұл - осы калька жолмен енген қыстырма сөз. «Мен ойлаймын» дегеннің дұрыс әрі орынды мағынасы - «меніңше».

Тағы бір тілімізге етене еніп кеткен қателердің бірі – құттықтау сөздердің формасы. Қазақ тілінде құттықтаудың формасы грамматикалық жағынан алғанда, үшінші жақтың бұйрық рай формасымен келеді. Мысалы, «*болсын, орындалсын*» деген сияқты формамен аяқталады. Ал енді «*мерекенізбен, туған күніңізбен*» деген формалар қазір бізде жиі тарап бара жатыр. Әсіресе, жастардың тілінде. Туған күнің *құтты болсын*, жаңа жыл *құтты болсын*, мереке *құтты болсын* деген сөздер грамматикалық жағынан дұрыс әрі орынды болады [3]. Ахмет Байтұрсынұлының «сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» принципін сақтаудың бірден-бір тиімді жолы – калькадан арылу.

Әрине, тізе берсек, тіліміздегі қолданыста жүрген қателердің әлі талай мысалын келтіруге болады. Ана тілімізді бұзбай сақтаймыз десек, ұрпақтарымыздың сауатты сөйлеу мен жазу тілін қалыптастырамыз десек, оқытуда тілдік нормаларды, қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарын оқушыға меңгерте білуіміз керек.

Оқушылардың сауатты сөйлеу және жазу тіліне тікелей әсер етіп отырған – әлеуметтік желінің тілі. Мәтіндер мен блогерлердің сөйлеу тілі қатерге толып тұр. Бұл тұста әлеуметтік желіні қолданатын әр адам тілінің сауаттылығы үшін жауап беруі қажет. Себебі әлеуметтік желі қазір тәрбие құралына айналып отыр. Егер әркім өзінің әлеуметтік желідегі сөзі мен тілінің сауаттылығын қадағайлайтын болса, оқушы жастар да сауатты сөйлеу мен жазуға біртіндеп бейімделеді деп есептеймін.

Жас буынның сауаттылығын, яғни Ахмет Байтұрсынов талап еткен сөз дұрыстығын дамытатын да, қалыптастыратын да – мұғалімдер, соның ішінде тілші мұғалімдер. Әр сабақта орфографиялық, орфоэпиялық, грамматикалық нормаларды үйрете отырып, қазақ тілінің дамуына, жастардың жазу және сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына ықпал ете аламыз.

Ахмет Байтұрсынұлының қай еңбегін алып қарасақ та, тіл мен әдебиеттің нағыз жанашыры болғанын көре аламыз. Ата-баба аманат еткен асыл қазынамыз, тілімізді, таза күйінде сақтау, сөздің дұрыстығы- біздің міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Жұмабаев «Педагогика». Алматы: «Марфу Пресс» баспасы, 2022
2. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш». Алматы: «Атамұра» баспасы, 2003

3. <https://kitap.kz/music/9/73-grammatikalyq-qateler> (электронды ресурсы)

ӘОЖ: 82.091:37.013

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛЫ АҒАРТУШЫ АҚЫН-ҰСТАЗ, РЕФОРМАТОР

Жанарбекұлы А.

№89 мектеп-лицей КММ, Астана қ.

E-mail: abzal00321@gmail.com

Аннотация

Зерттеуде Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық жолының шығармашылығындағы бейнеленуі және қазақ жазуына қатысты реформаторлығы қарастырылған. Ғылыми-ұстаздық және шығармашылық жолын тұтастықта қарастыру қажет екендігі тұжырымдалған.

Тірек сөздер: жүйе, жазу жүйесі, сауаттану, төте жазу, реформаторлық, ұстаздық, надан, білім, ғылым, дамушылық.

Аннотация

В исследовании рассматривается отражение в творчестве Ахмета Байтұрсынұлы пути преподавания и реформаторство казахского письма. Сформулировано, что его научно-педагогический и творческий путь необходимо рассматривать в целом.

Ключевые слова: система, система письма, грамотность, сокращенное письмо, реформаторство, преподавание, невежество, образование, наука, развитие.

Annotation

The study examines the reflection of AkhmetBaitursynuly's teaching path in his work and his reformatory in relation to Kazakh writing. It is formulated that it is necessary to consider the scientific, teaching and creative path in integrity.

Keywords: system, writing system, literacy, abbreviated writing, reformation, teaching, ignorance, education, science, development.

Күллі ғұмырын халқының игілігіне арнаған Ахметтің қазаққа ғалым, саясаткер ретінде ғана емес, ағартушы, педагог ретінде де еңбек сіңіргені мәлім. Сары маса болып ызындап, халықты оятқан зиялымыз білімге жетелеп, алға басуына орасан зор үлесін қосты.

Ахмет Байтұрсынұлы ғылымды құрғақ зерттеушілік үшін зерттегендердің қатарынан болмады, жұртқа нақты пайдасы тисін деп ғұлама болды. Сол себептен де ең алдымен білім жүйесін реттеу керектігін ұқты. Ол үшін алдымен қазақ тілінің бір тәртіпке түспеген жазуын жүйелеп, сауат ашу мәселесін қолға алуға кірісті. «Қай әдіс жақсы?» мақаласында бір жұртқа сауаттауға оңтайлы болған әдіс екінші жұртқа қолайсыз болуы бек мүмкін екенін айта келіп, қытай, француз, орыс жұрттарының емлесін мысалға келтіреді. Қытай жазуының мүлдем ерекше екенін айта келе, ағылшын, америка, француз жазуы қазақ жазуына мүлдем жат, себебі ол тілдердің емлесі қытайдың таңба жүйесіне жақын деп тұжырымдайды. Яғни, әріп негізді жазу жүйелерінде сөздің айтылуы мен жазылуы арасында алшақтық ұлғайған сайын (мысалы, ағылшын тілі) сол жазу жүйесі таңбалық жазуға жақындай береді [1, 41-44 б.]. Осыны терең зерттеп, ұғынған Ахмет қазақ жазуын таза тиімді жолмен құрып, үйренуге оңай әрі жылдам етіп құрастырды, қазақ балаларын ана тілінде сауатты оқып, жазуға жетеледі.

Ахметтің реформалаған араб жазуы яки «төте жазуы» қазақ халқының мәдени өмірінде үлкен рөл атқарған, қара халықтың жаппай сауаттануына, жазба дүниелері мен баспа ісінің жанданып, дамуына қызмет етіп, төтенше прогрессивті құбылыс болды. Ғалымның бұл тәжірибесін сол кезде басқа да түркі жұрттары, мәселен татар мен өзбек халықтары үлгі тұтып, олар да өз жазу жүйесіне реформалар жасай бастады.

Ғалым ширек ғасырдай тер төгіп, күшін сарп етіп құрастырған бұл реформасын латын қарпі енгізілер кезде қызғыштай қорығаны бекер емес. Ең алдымен, латын әріптерін алу тіршілік мұқтаждығынан, зәруліктен шығып тұрған нәрсе емес екенін айтты [1, 49 б.]. Себебі қазақтың әлдеқашан өзінің өте ыңғайлы, үйреншікті, тарих бойы қолданып келген араб жазуына ұқсас төте жазуы бар екенін келтіреді. Сондай оңтайлы жазуы бар халықтың екінші бір жазуға ауысуына талай уақыт, қаражат пен күш ысырап болатынын турасынан айтқан ғалыммен келіспеу мүмкін емес. Ғалым осындай пікірі үшін қуғын-сүргін жылдары қаншама азап көргені де мәлім, әрі латын, одан соң кириллица жазуларының шын мәнінде не үшін енгізілгені де түсінікті болған-ды.

Ахметтің «төте жазуы» нағыз ұлы ұстаздық, реформаторлық құбылыс болды. Қазақ ұлтының танымына үйреншікті, оқып-үйренуіне жеңіл, қазақ тіліне шақ жазу бола алды. Ахмет те өзінің ағартушылық көркем сөзін осы жазуымен хатқа түсіріп отырды.

Ұстаздық, ағартушылық тек жазылған ғылыми еңбектерден, оқулықтардан, құрастырған әліпбиінен ғана емес, көркем шығармашылығынан да көрініс табады. Абай да өзінің теңдессіз шығармашылығымен дүйім қазақ халқының, Алаш зиялыларының ұстазы бола алды. Сол сықылды Ахметтің де қаламынан туған туындыларының сарыны ағартушылыққа, білімге бағытталды, себебі ол ағартушылық пен ұстаздықты өзінің парызы санады. Ұйқыда, қараңғылықта әлсіреп жатқан қазақ халқын сары масадай ызындап оятып, алға жетелеуді өз мақсаты деп білді. Әсіресе өлеңдерінде бұл мақсатын ашық білдірді:

«Баяғы қалпы,

Баяғы салты

Бұ неткен жұрт ұйқышыл?

Болсын кедей, болсын бай,

Жатыр бейқам жым-жырт жай» - [2, 18 б.]

деп күңірене надан, жалқау, ұйқышыл болып жатқан халқын суреттейді. Ахмет ұлты туралы уайымға салынғанда жоғарыда аталғандай Абайдың жолын қуып, «Сегіз аяқ» өлеңінің стилінде толғап жібереді:

«Қазағым, елім,

Қайқайып белің,

Сынуға тұр, таянып.

Талауда малың,

Қамауда жаның,

Аш көзіңді оянып,

Қанған жоқ па әлі ұйқың,

Ұйықтайтын бар не сиқың?»

Ал енді қазақ балаларының сауатын ашатын «Оқу құралы» атты оқулығын мына бір жігерлі сөздерімен бастайды:

«Балалар, бұ жол басы даналыққа,

Келіңдер, түсіп, байқап, қаралық та.

Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,

Соларды көре тұра қалалық па?!

Даналық — өшпес жарық, кетпес байлық,

Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!» [2, 19 б.]

Бұл жерде автор «даналық» деп сауаттылық, білім-ғылым игеруді, ал «бұ жол» деп оқуды айтып отыр.

Ахаң қазақ балаларын оқуға зор ұранмен үгіттеп, білімге шақырады. «Маса» жинағының «Оқуға шақыру» деген өлеңінде автор қазақ баласын қарап жатпай оқуға келсін деп, жалқау құлын Құдай сүймес деп ұрандатады:

«Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!

Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!»

және

«Аллалап ал кітапты қолдарыңа!

Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған.» [3, 11 б.]

Зиялылық, ұстаздық, ғұламалық жолында Ахаң өзін диқаншыға теңеді. Яғни, халықтың көзін ашып, жалқау болмауға, еңбектеніп, білім-ғылым зерттеуге үндейтін, жетелейтін, адамдық дәнін себетін диқанға теңеді.

«Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың.» [3, 33 б.]

Ахаң жалпы өлең бойы қор болып, бұғып жатқан халықты құл деп атап, малға, хайуанға теңейді. Таяққа еті үйренген көк есекке ұқсатады. Мұндай күйге түскен халықты ояту үшін Ахмет өзінің шығармашылығын барынша ағартушылық, халықты оятарлық, жігерлендіруші, дидактикалық, ұстаздық сарынында жазып, адамдықтың тұқымын шашып, егуге талпынады.

Жалпы Ахаң да, оның замандастары, жолдастары да өздерінің тар жол, тайғақ кешкен ауыр жолында қараңғы халқынан ешқашан үмітін үзген емес, қанша сынап, мінесе де, ренжісе де, түбегейлі қолын бір-ақ сілтеп, пессимизмге ұрынбаған. Керісінше, халқының өзге ұлттармен терезесі тең болып, өмір бәйгесінен орнын алып, ешкімге бодан болмай, құрбан болмай, өз елінде, өз заңымен, өз тілінде сөйлеп, өркениетте өмір сүріп, ғылым-білімде көш бастап, үлгі тұтарлық тіршілік ете алғанын қалады. Бұл нәрселер қазақтың қолынан келмейді деп санамаған да ешқашан. Халқын қанша сынап, мінегенімен, түрлі ушыққан, қордаланған мәселелерді шешуге де толыққанды атсалысты, біраз істердің басы-қасында болды, аянбай еңбек етті, яғни құр сөйлеуші адамдардың қатарынан болмады, сынап отырып, шешімін ұсынатын прагматик, позитивист адам болды. Бір жағынан дәл заманында халқына ауадай қажет болып тұрған жазу жүйесі мәселесін шешіп, ғылыммен халқына нақты пайдасы үшін айналысқан болса, бір жағынан ғибрат пен рухқа толы білімге, дамушылыққа шақыратын өлеңдері, мысалдарын жазып, ұлтының еңсесін көтеруге тырысты, осылай да ағартушылық қызмет қылуға ұмтылды. Ахаңның ағартушы, ұстаз, реформаторлығы ғылыми еңбек жолында да, көркем сөзбен кестеленген өлеңдерінде де айқын көрінетініне нешінші рет көзіміз жетіп отыр. Сол себепті, қорыта келгенде Ахметтің ғылыми-ұстаздық жолы мен шығармашылық жолын екі дара етіп қана қарастырмай, бір тұтастық ретінде де қарастыруды ұмытпаған жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ұлттың ұлы ұстазы (халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады) / - Алматы : [Б.о.ж.], 2001 . - 316 б. – (Ұлы тұлғалар. - - 9965-473-16-1
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов / Қазақ ССР "Білім" қоғамы - Алматы : [б. ж.], 1990 - 49, [2] б. - Шора Сарыбаев қоры
3. Байтұрсынұлы А. Маса: өлеңдер мен көсемсөздер / - Алматы: Раритет, 2005 . - 208 б.– Жыр жауһары. - 2000 дана

ӘОЖ 345.193

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ГРАММАТОЛОГ ҒАЛЫМ

Амиргалиева А.Б. магистрант

Сәрсен Амнажолов атынағы Шығыс Қазақстан университеті

E-mail:a.b.amirgalieva@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада қазақ жазу үлгісін қалыптастырған, араб таңбаларын төте жазуға

әкеліп, қазақ тіл ғылымында грамматикалық құрылымдардың жүйесін негіздеп, ғылыми ұғымдар мен термин сөздерді қалыптастырған, грамматика негізін қалап берген алаш ұлдарының бірі де бірегейі А.Байтұрсынұлының еңбегі туралы айтылады.

Сонымен қатар, грамматология терминін қалыптастырудағы рөлі мен маңызы, қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы мен дамуы, қарастырылады.

Тірек сөздер: қазақ тілі, грамматикалық құрылым, термин сөдер, грамматология

Аннотация

В этой статье рассказывается о труде одного из сыновей Алаша А. Байтурсынова, который сформировал казахскую письменность, привел арабские символы к написанию ярлыков, обосновал систему грамматических структур в науке казахского языка, сформировал научные понятия и терминологию, заложил основы грамматики.

Кроме того, рассматриваются роль и значение грамматологии в формировании терминов, становлении и развитии казахской письменности.

Ключевые слова: казахский язык, грамматическая структура, термины, грамматология

Annotation

This article tells about the work of one of the sons of Alash A. Baitursynov, who formed the Kazakh script, led Arabic characters to symbols, justified the system of grammatical structures in the science of the Kazakh language, formed scientific concepts and terminology, laid the foundations of grammar.

In addition, the role and significance of grammatology in the formation of terms, the formation and development of Kazakh writing are considered.

Key words: grammatical structure, terms, grammatology

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Ыбырай Алтынсариннен кейін ел ішінде ағартушы-педагогтық қызмет атқарған, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспа сөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлы еді [1,8].

А.Байтұрсынұлы–жанының түкпіріне ешкім бойлап бара алмаған, қанша қиындық пен азапқа толы жылдардың өткелінен өтсе де, халқына және ғылымға адал болған, қазақ тіл білімі мен грамматологиясының негізін қалаған, қазақ халқының ұлттық дүниетанымын негізге ала отырып, араб таңбалық жүйесіне негіздей отырып, қазақ жазуын ұлттық және әлемдік деңгейге көтерген, тек қана қазақ халқының мүддесін ойлаған, қазақ халқының сауатты болуы үшін ерен еңбектер жасаған және сол жолда аяусыз еңбектенген алаштың аяулы да біртуар азаматы.

Диссертациялық жұмысымызда қазақ жазу үлгісін қалыптастырған, араб таңбаларын төте жазуға әкеліп оңтайластырған, қазақ тіл ғылымында грамматикалық құрылымдардың жүйесін негіздеп, грамматикалық тұлғалармен категорияларды жүйелеп, зат есім, сын есім, сан есім, есім, етістік, үстеу, сияқты ғылыми ұғымдар мен термин сөздерді қалыптастырған, нақтылаған, функционалды грамматика мен коммуникативті-когнитивті құзыреттіліктің негізін қалап берген алаш ұлдарының бірі де бірегейі А.Байтұрсынұлының грамматологиялық ілімді қалыптастырудағы рөлімен маңызы, қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы мен дамуы, қазақ грамматологиясының даму жолдары қарастырылады.

Ең алдымен, диссертациялық зерттеуімізде Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы туралы шағын ақпарат беру қажет. Ғалымның туған жылы туралы екі түрлі пікір бар болды. Алдымен, кей ғалымдар (Алғаш Ахмет Байтұрсынұлы туралы ғылыми зерттеу жазған Р.Сыздық еңбегінде де) 1873жылы 28 (15) қаңтарда сол кездегі Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ші аулында, Сарытүбек деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин

ауданы, күні кешеге дейін «Южный» деп аталған, ал бұл күнде А.Байтұрсынов атындағы совхоз орналасқан жерде) дүниеге келген деп жазды [1,8]. Кейінгі ғылыми деректер бойынша 1872 жылдың 5 қыркүйегі екені архив материалдары негізінде нақтыланды. Бұл мағлұматтарды нақтылауда А.Байтұрсынұлы мұражайының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Райхан Сақыбекқызының қызметі мол екенін айту орынды болмақ.

А.Байтұрсынұлы Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін 1891 жылы бітіреді. Бітіргеннен кейін Орынборға барады. Онда баяғыда Ы.Алтынсарин салдырған мұғалімдер даярлайтын оқу орнына – «Учительская школаға» оқуға түседі. Төрт жыл оқып, 1895 жылы бітіреді де, ағартушылықіскекіреседі. 13-14 жыл бойы (1895-1909 жылдар арасында)

Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерін де ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен 5-6 жылдық екі кластық училищелерде мұғалім болып жұмыс істейді [2,9]. Бала оқыта жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайлар (нәрселер) жайын ойлайды: ең алдымен, қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбалары (графикасы, сол кездегі термин бойынша «әліпбиі») бар ма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма, үшіншіден, ондай әліпбиі мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі «Әліппесі» («Букварь» оқулығы) мен ана тілі оқулықтары («Грамматика» кітаптары) бар ма, баланы ана тілінде оқытудың тиімді әдістері қайсы–міне, осыларға назар аударады. Әрине, бұлардың бірде-біреуінің талапқа сәйкес емес екенін біледі және осыларды дүниеге келтірмейінше, жүзеге асырмайынша, қазақ даласындағы оқу-ағарту ісін дұрыс жүргізу мүмкін емес екендігін жақсы түсінеді. Енді, ол «барымен базар болып», күнделікті бала оқытумен қатар, жоғарыда айтылған жоқтарды түгендеуге кіреседі. Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы 1910-жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтарда пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, қайта түзеуді қолға алады. Ол үшін, алдымен, қазақ тілінің дыбыстық құрамын зерттеуге кіреседі.

1910 жылдың 9 наурызында Орынборға келіп, А. Байтұрсынұлы 1917 жылдың соңына дейін қызмет етеді. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының, Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «қазақтың ерте оянған тобының» инициативасымен, елден қаржы жиналып, 1913 жылы «Қазақ» атты газет шығару ұйғарылады. Газеттің редакторлығына А.Байтұрсынұлы ұсынылады. Ол 1913 жылдың басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін осы органның редакторы болып қыруар еңбек етеді [3,10].

1905 жылға дейін қазақтардың ана тіліндегі бірде-бір ұлттық газеті мен журналы, өзіне тиесілі типографиясы болғаны жоқ. Қазақ элитасының көшбасшысы Ә.Н.Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақбайұлы, Райымжан Мәрсекұлы, өзге де мұраттас серіктерімен бірге 1905 жылдан бастап 1906 жылдың бірінші жартысына дейінгі аралығында, яғни Мемлекеттік I Дума таратылғанға дейін жалпыхалықтық газет шығаруға күш салып бақты [5,57].

Ұзақ күттірген газет Семейде, Омбы немесе Қарқаралыда шыққаны жоқ. «Каримов, Хусаинова және К» серіктестігінің типографиясында басылған газеттің бірінші саны Орынборда 1913 жылдың 2 ақпанында жарық көрді. Газет бастапқыда апталық ретінде шыға бастады. 1915 жылдан бастап аптасына екі рет жарияланып тұрды [5,59].

Түркістан республикасы Орталық атқару комитетімен Түркістан Орталық партия комитетінің газеті «Ақжолдың» 1923 жылғы 14 ақпанында шыққан 270-санында: «Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе мен әріп, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақанеді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ақан еді», - деп жазылған [6,56].

Алаш қозғалысы дәуірі – ұлттық жазба әдебиетінің тарихындағы ерекше жылдар. Қазақтың жазба әдебиетінің өмірге келуінің бастапқы кезеңі Абай заманымен байланысты болғанымен, оның буыны бекіп, бұғанасы қатуы XX ғасырдың алғашқы он жылдықтарына

келеді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдебиетке Ыбырай Алтынсарин, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Нарманбет Орманбетұлы т.б. кейбір жекеленген әдебиет өкілдерінің шығармашылығымысал бола алса, келесі ғасырдың басында жазба әдебиет өкілдерінің саны еселеп артты. Жазба әдебиеттің жарық көретін қалыптары - баспасөз, кітап басу ісінің дамуы жазба әдебиетті өркендете түсті. Ендігі жерде әдебиет оқырманға арнала бастады. «Айқап» журналы, «Қазақ» т.б. газеттер көркем ойды мыңдаған оқырманға жеткізушіге айналды. Үшіншіден, көркем проза, драма, әдеби сын үлгілері туып қалыптасты. Әдеби сынның қалыптасуы, оның шығармаға, әдеби мұраға, әдеби процеске баға беруі - жазба әдебиеттің есейе бастағандығының айғағы болды.

Абай шығармаларының тұңғыш жинағының жарық көруі-жазба әдебиеттің қалыптасуына игі ықпал етсе, Міржақыптың «Оян, қазағы!», Ахаңның «Масасы» әдебиеттегі ұлтшылдық, елшілдік ұрандарды күшейтті. Сөйтіп бұл жаңашыл дәстүрді Жүсіпбек, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Мұхтар, Бейімбет секілді жас дарындар соны көркемдік сапада, тың қырынан жалғастырып әкетті. Соның нәтижесінде, Алаштың қалам қайраткерлері қазақтың тұңғыш романдары мен драмалық шығармаларын, алғашқы әдеби-сын мақалаларын дүниеге келтірді. Қазақтың сөз өнерін жанрлық жағынан, идеялық-көркемдік жағынан байытып, жазба әдебиетін қалыптастырды. Шамасы он-он бес жылдың ішінде Алаш қаламгерлерінің ерен қабілеті, ұлтына деген ерекше махаббаты, туған жұртының бүгінгісіне көңілі толмаған күдігі мен азат болашағына сенген үміті кейінгілерге үлгі боларлық әдеби туындыларды өмірге әкелді.

Алаш ұранды әдебиеттің беті мен екпіні, бағыты мен мазмұны Ахаңбастаған қазақ ақын-жазушыларының ұсталып кеткен кезеңіне дейін, яғни 1920 жылдардың соңына дейін жалғасты. Сол екпін, сол бет, сол бағыт қашанда ұлтына перзенттік сүйіспеншілігімен адалдығын сақтаған қаламгерлердің шығармашылығында баяу болса да қан тамырындай бүлк-бүлк соғып жатты. Алаштық саралы жолдан ауытқыған советтік әдебиет әсіре қызылдың тез оңатынын сезбестен, адамға емес, саясатқа қолбалалық, құлдық сапарын айғай-шумен, беттен алумен бастап, бір кісінің ғұмырындай ғана өмір кешті. Әуелден таза, әуелден көркем, әуелден адамға, ұлтқа деген жанашырлық пен ізгілікке, шуақ пен мейірімге толы «Алаш әдебиеті» аталатын алып бәйтерек қайта жаңғырып, ізгілік тұқымдарын шаша бастады. Ендігі жерде қазақ баласы жасағанынша жасайтын оның байтақ та баянды мәңгілік өнегелі сапары басталды [6,12].

Бес жылдай (1913-1918) уақыт өз қаражатымен, сол кезең үшін үлкен тиражбен (8000 дана) шығып тұрған «Қазақ» газеті ең алдымен қазақ халқының ұлттық азаттығы мен мәдени-әлеуметтік дамуы үшін күрескен және қазақ қоғамының мүдделерін көздейтін проблемалар көтеріп, оларға әлеуметтік үн бере білген орган болды. Газет әсіресе тіл мәселесін бірінші орынға қойды. Қазақ тілін сақтап, әрі қарай дамыту керектігін, ол үшін қазақ балалары сауатын ана тілінде ашып, ана тілінде оқу керектігін, ұлт мектептеріндегі оқу-тәрбие ісін дұрыс жолға қою қажеттігін жиі жазды [4,10].

«Қазақ» газетінің тұңғыш санында А.Байтұрсынұлы: «...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халіміз оңды емес. Осы күні орыс школымен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыздың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті»-деген екен.

А.Байтұрсынұлы 1917 жылдың соңында газеттен кетіп, осы кезден бастап 1919 жылдың наурызына дейін «Алаш» партиясының жұмысына араласады, «Алашорда» атты уақытша халық кеңесінің (үкіметінің) оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді.

А.Байтұрсынұлы 1920 жылдардың басынан бастап әр түрлі мемлекеттік басқару істеріне, қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, оқытушылық, ұстаздық қызметін тоқтатпаған. Ол 1921-1926 жылдары Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институты деп аталатын оқу орнында, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді, лекция оқиды. 1928 жылдың соңында, қыркүйек айында Алматыда Қазақ мемлекеттік университеті деп аталған жоғары оқу орны ашылады. Бұған сабақ беруге Москва, Ташкент сияқты орталықтардан мамандар шақырылады. Солардың бірі болып Ташкенттен А.Байтұрсынов келеді. 1928 жылғы қазан айының 15 жұлдызындағы № 14 бұйрығымен осы жылғы қазанның бірінен бастап А. Байтұрсынұлы қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып жұмысқа алынады. Бұл қазіргі Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті еді [1,12].

Жазықсыз жала жабылып, 1937 жылы 8 желтоқсанда атылған А.Байтұрсынұлын Қазақ ССР-інің 1988 жылы 4 қараша күні ешбір қылмысы жоқ деп тауып, толық ақтау жөнінде шешім қабылдады. Ал Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бюросы 1988 жылы желтоқсанның 28 күні А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметтері жөніндегі тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру қажет дегенді ұйғарды. Сол кезден бастап, А.Байтұрсынұлының еңбектерін жарыққа шығару, жариялау, еңбектерін төте жазудан кириллица әрпіне аударып, жазба тілде беру қарқын алды.

Қорыта келе, А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде қазақ грамматологиясының ғылым негізі қаланды, жүйеленді. Тұңғыш рет қазақ әліпбиі төте жазу үлгісінде жазылып, әр таңбаға қатысты ғылыми ой түйінделді. Осы әліпбиге қатысты емле жасалды. Алғаш рет қазақ грамматологиясының метатілі айқындалып, қазақтың төл сөздерінің негізінде термин сөздер жасалды. Мұның ғылыми-теориялық маңызы ерекше деп есептейміз. А.Байтұрсынұлының өзі «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық даражаға жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек», деп жақсы жазады [1,174]. Сөздің қисынын келтіріп жазу үшін, оны таңбалайтын әріптерді және оны қалай жазудың емлесін көрсеткен А.Байтұрсынұлының еңбегінің мәні өлшеусіз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 бет.
2. Ақымбек С. П.М. Мелиоранский және қазақ тілі фонетикасы: автореферат / Ақымбек Съезд Шардарбекұлы. - Алматы : [б. и.], 2003. - 30 с.
3. Иманқұлова С.М. XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс түркітанушыларының морфологиялық зерттеулерінің бағыттары. Кандидаттық диссертация- Алматы: 2009.-146 б.
4. Ахмет Байтұрсуновдың казакча алифбеси. Оқу құралы. - Оренбург, 1914
5. С.Аққұлы. Әлихан Бөкейхан. Аманат. II том.-Шымкент: «Азиат» баспасы. 2016.- 640 б.
6. «Алаш» қозғалысы. Құраст: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы: А 39 «Сардар» баспа үйі, 2008,- 324 бет + 16 жапсырма бет.

АХМЕТТІҢ АРМАН - ІЗДЕРІ

Саркытбай Ақнұр Болатханқызы

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі

«Би Боранбай атындағы орта мектебі» КММ

Абай облысы, Ақсуат ауданы, Қызыл кесік ауылы

Email: sarkytbai_a@mail.ru

Аннотация

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында Алаш арыстарын, олардың шығармаларын зерттеп зерделеу, солардан рухани нәр алып, оны жас ұрпаққа жеткізу басты бағыт бағдарымыз болу керек.

Бұл баяндамада қойылған басты мәселе А. Байтұрсынұлының қазақ тілі білімімен, Алаш қайраткері ретінде екі жақты бағытты қатар ала отырып, ұлт мұрасы мен еліне деген адалдығын дәлелдеу.

Ахмет шығармаларын, ол жайлы жазылған шығармаларды оқи отырып, ғұлама бабамыздың ғибратты жолдары, сол жолда көрген азабы көз алдыңнан кино лентасындай тізбектеліп өтіп жатқанын сезінеміз.

Бүгінгі А. Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде тойлануы үлкен нәтиже.

А. Байтұрсынұлы – Алаш арысы, ұлт ұстазы, тіл-әдебиет ғылымдарының негізін салушы Ұлы Даланың Ұлы тұлғасы ретінде тарихта мәңгі қалады.

Тірек сөздер

Алаш арыстар, қазақ- совет әдебиеті, қазақ әліпбиі, Ұлт ұстазы, «Бес арыс», «Әдебиет танытқыш»

Ғасырлар бойы сайын далада еркін көшіп жүрген көктемесі, жайлауы, күзегі мен қыстауының арасында ат үстінде өтіп, алып жердің иесі болған ата бабаларымыздың батырлығы мен байыптылығы, бір сөзге тоқтай білетін ұлы қасиеті ұлтты ұйыстырып тұрған болатын. Әдебиеті, тарихы мен мәдениеті ауыздан ауызға өтіп ұрпақтан ұрпаққа жетіп жатқан еді. Осылай еркін жүрген елге әлемдік өркениеттің дамуының басы саналатын ХХ ғасыр келді.

Бұдан ары бұрынғыдай өмір сүру өзектілігін жоғалтты. Алдыда Абай салған соқпақ бар еді. Бұл ұлтты білім-ғылымға бастайтын алғашқы баспалдақ қана болатын. Осы баспалдақтың келесі сатыларын Алаш арыстары мен Қазақ-Совет әдебиетінің тұлғалары саяси бағыттарының бөлектігіне қармастан жасай алды. Ұлт жоғын жоқтау тұрғысында С. Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин тағы басқа кеңес әдебиеті алыптары ешкімнен кем түспеді. Ол кісілерді де бүгінгі ұрпақ қастер тұтуы керек.

Алайда кезінде қудалау көріп репрессияға ұшыраған Алаш арыстарының арманы тым биікте болатын. Ұлт ұстазы атанған ұлы тұлға Ахмет Байтұрсынұлы. Ол Әлихан Бөкейханмен, Міржақып Дулатовпен қатар аталатын, әрі қатар жүген қайраткер тұлға.

Таяу күндерде қазақ тарихына тағы бір бейнеролик келді. Бұл Ресей архивінен қазақ ғалымдары тапқан 1926 жылдардағы оқу-ағарту мәселесі туралы жиын. Бір өкініштісі ол кездегі бейнероликтерде дауыс, яғни дыбыс жазу болмаған. Алайда, анық байқағанымыздай Ахмет Байтұрсынұлы осы президиумның төрінде бірінші адам болып отыр. Бұл сол кездегі Советтер одағы деген 15 республикадан тұратын алып елдегі Ұлт ұстазының абыройын көрсетсе керек.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тарихындағы тұңғыш ұлттық әліпбиді еңгізген адам. Әрі осы әліпбидің қазақ әліпбиі ретінде сақталып қалуын соңына дейін қолдаған тұлға. Аханның

төте жазуымен қарағанда қазақ ұлттық сауаттылары кириллица енгеннен кейін сауатсызға айланды.

«Қазақ әріпті таяқ деп білмейтін» деген ұлтқа жағылған күйе кеңес дәуірінде осы уақыттарда, яғни 1930 жылдар шамасында болды.

Қазақстанның шекара тұтастығы үшін де Ахмет Байтұрсынұлы аянып қалған жоқ. Большевиктерге қарсы шығып «Ашығын айтайық, егер қазақ өлкесі өзін-өзі басқара алмайды десендер, онда республика құрудың да түк қажеті жоқ. Ал егер қазақ Республикасын құрғыларыңыз келсе, онда қазақтың өзіне тиесілі жерін өзіне беріңдер», - деп үлкен жиында ашық айтқан. Бұл 1920 жылдың 10 тамызы еді. Арада біраз күн өткен соң, 1920 жылы 26 тамызда В. Ленинмен, Калинин қол қойған Қазақ автономиясын байырғы қазақ елі жерінде құру туралы дерек шығарылды. [3, 210б]

Ұлт ұстазы Ахмет атамыздың осындай ұлы қайраткерлігі елі үшін ештеңеден тайсалмағанын анық көрсеткендей. Алаш арманы сағымға айналып Кеңес өкіметі әбден орныққан тұста қазақ зиялылары енді екінші бағытқа бет бұруы бұл қазақ баласын білім ғылымға бастау. Осы бағытта әрбір зиялы азамат өз мойнына ауыр жүк арқалады. Мысалы Мағжан «Педагогика» еңбегін жазды дегендей. Ахмет Байтұрсынұлы осы тұста тіл ғылымын толық өз мойнына алды.

«Жазу сызу жоқ жұртта, көсем сөзді шығармалар болмайды. Себебі жазу сызу жоқ жұртта өнер ғылым болмайды. Ғылым дегеніміз дүниені, яғни табиғатты дұрыс тану. Ғылым жоқ болса дүниені дұрыс тану болмайды.» деп алдыға мақсат қойған. Ертегілермен ауыз әдебиетімен ғана келген халықты жаңа бір қырға бастаған осы жолда өзі айтқандай «Адамдық диханшысы болған түңілігін Батысқа түрген Алашорда елтаңбасындағы киіз үй бейнесі сынды. XX ғасыр басындағы қазақ қайраткер ұлдарының елінің ертеңіне деген алаңдаушылығы Отанға деген адалдығы орасан болатын». Сол асылдардың алдында Әлихан, Ахмет, Міржақып кейіннен күллі Түркі халқының басын қосуды армандап бөлінген Мұстафа Шоқай бастаған арыстар бар еді.

Алашорда арманындағы қазақ елі, мемлекеті ұғымы тек қазіргі қазақ даласымен шектелген жоқ. Мысалға Орынбор мен Омбыда білім алған азаматтар бұл екі қаланы қазақ жері деп санады. Сондай-ақ Тарбағатай Алтайдың арғы бетіндегі Ежелгі Шығыс Түркістанның жерін де шет қалтырып қойған жоқ. Оған дәлел Ахмет Байтұрсынов бастаған делегацияның 1918 жылдың сәуір айында Шәуешекке баруы. Ол жақтағы ел мен жердің Алаштан бөлініп қалмауын кеңесуі, сол уақытта егер Алаш арманы орындалған жағдайда Шығыс Түркістан бүгінгі Қазақстаннан бөлініп қалмас еді. Осындай үлкен мақсатты ойлаған арыстарды қалайша қайраткер демейсің.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары шығармаларын оқуға тыйым салған қайраткерлер ішінен «Қазақтың бес арысы» деп ерекше қастерлеп бес адамды жеке топтадық. Олар: Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов. 1992 жылы Дидахмет Ашімхановтың құрастыруымен осы тұлғалар жайлы сыр шерткен «Бес Арыс» кітабы шықты.

Темірбек Қожекеев осы кітапқа «Халқымен қайта қауышқан арыстар» деген мақаласын қосқан. Ол мақалада Өзбекстанға қарап кете жаздаған Түркістан аумағындағы екі губерния жайлы сөз болды. Осы өңірдің Қазақстанға қосылуына 1922 жылы Ташкентке барған сапарында қол жеткізген А. Байтұрсынов еңбегі ерекше бағаланады. Ташкент шаһарындағы қазақ өзбек ауылындағы абырой беделі айрықша суреттелген. Сол кездегі өңір басшыларының бірі Иемберген Табынбаевтың: «Сауаты, саңылауы жоқ қазақтың надан халқын қалың жау еңсесін басып, қара бұлт қаптап, түтіні түнеріп тұрғанда кездегінің бар күшін аямай, жанын құрбан қылып, жарыққа қарай сүйреген ұстазымыз, қажымайтын қаһарманымыз Ахмет ағай Байтұрсынов» - деген сөзін негізге алады. [2, 193б]

Бұл Ахаң берген өз заманының, замандасының бағасы. Ал кейінгі ұрпақ біз осы деңгейде бағалай алып жүрмізбе? Ахмет бір тізігінің ұстаған алаш арыстары бүгінгі Қазақстаннан тыс қалған барша қазақ жерін, ондағы елінің толық басты қосуды армандады. Өкініштісі сол біраз нәрсе сол арман бетінде қалды. Әуелі олар ұлт мұратына адал

болды. «Ең қасиетті нәрсе жұрт қамы, жұрт ісі» деп білектерін сыбана кірісті. Түрмеден, азаптан қорқытумен үркітуден тайсалмады. [1, 85б]

Жылаған жұртын жұбатсам деп жанын салды. «Ахмет Байтұрсынұлы- ұлт ұстазы» деген сөз бекер айтылмады. Қазақтың көсем сөзімен шешен сөзін өлеңімен өмір құрылысын толық зерттеп артына қайталанбас туынды «Әдебиет танытқышты» қалдырды. Марғау елін маса болып оятты. Ұлт болашағы үшін ұйқыға орын жоқ екенін ашық айтты. «Жақсының аты, ғалымның аты өлмейді» деген халық даналығы өзін өлтірген кеңес үкіметі атын өлтіре алмады. Биыл ЮНЕСКО көлемінде тойланып отырған 150 жылдық мерей той соның айғағы.

Қазақ ұлтының қасиетті ісін әлем мойындады. Ахмет Абайды қалай қастерлесе, Алаш баласы Ахметті дәл солай қастерлейді. Қазақ елі барда Ахаңдай алып тұлғаның аты өшпейтіні ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Әдебиет танытқыш» А. Байтұрсынов. Алматы «Атамұра» 2003 жыл
2. «Бес арыс» Д. Әшімханов. Алматы «Жалын» 1992 жыл
3. «Алаш автономиясының әскері» Б. Мүрсәлім. Алматы «Баспа-сөз» 2015 жыл

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ ШЕБЕР КӨРІНІСІ

Тотанов Н.К

Аға оқытушы

Академик Әбдімұса Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент, Қазақстан

Totanovnurlan@gmail.com

Аннотация

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығының басты міндеті - ұлттық сананы ояту болды. Оның ағарту, өнер – білімді ел азаттығы жолындағы күресте қару етіп пайдаланып, өз туындыларында еркіндік, азаттық, бостандық идеяларын көтергендегі қайраткерлік қуатын ашу басты міндетіміз

Тірек сөздер: Ұлт жанашыры, ұлт жандылық, ұлт көсемі, шыншылдық, көркем теңеу, әділетсіздік, соқыр саясат

Аннотация

Главной задачей творчества Ахмета Байтұрсынова было пробуждение национального самосознания. Нашей главной задачей является раскрытие его художественной силы, которая использует образование, искусство - знание как оружие в борьбе за свободу страны, и поднимает в своих произведениях идеи свободы, свободы, свободы.

Abstract

The main task of Akhmet Baitursynov's creativity was to awaken national consciousness. It is our main task to reveal his artistic power, which uses education, art - knowledge as a weapon in the struggle for the country's freedom, and raises the ideas of freedom, freedom, and liberty in his works.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы, атақты түркі танушы, әдебиеттанушы ғалым, аудармашы, педагог, ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының әрбір туындысындағы философиялық

ойлармен шынайы шындықтардың құндылығының бүгінгі күндегі орны ерекше. Қазіргі таңдағы жас ұрпақты ұлтжандылық сезімде тәрбиелеуде Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін айланып өтудің өзі үлкен қателік деуге болады. Себебі Ахметтің өлеңдеріндегі қолданылған теңеулермен көркем сөздердің шебер қолданылуымен әсерлілігі әрбір оқырманның жүрегін үлкен толғанысқа бөлейтіндігі даусыз. Ахмет Байтұрсынұлын өз дәуірінің аяусыз саясаты мен негізсіз жалаларының шырғауында көптеген қиыншылықтарды басынан өткізген нағыз ұлтжанды әлі батыр ғалым еуімізге болады. Себебі басына қауіп төніп тұрсада өзінің таңдаған жолынан кері қайтпай, ұлты үшін басын бәйгеге тігіп, нағыз отан сүйгіштік қасиетін өз ісімен дәлелдей білген ержүрек ғалым осы Ахмет Байтұрсынұлы екендігін түрлі тарихи деректердің өзі дәлел деп тұр.

Ендеше Ахаңның бірнеше өлеңдеріне ұлттық болмысымыз тұрғысынан талдау жасап көрелік. Ақын өлеңдеріндегі негізгі мәселе сол кездегі қазақ өміріндегі қиыншылықтар мен патшалық ресейдің соқыр саясатының құрсауында қалған қазақ ұлтының аянышты халін терең сипаттаған. Ақынның әрбір туындысы тек шыншылдық пен әділдіктің аясында терең толғаныс пен дүниеге келген құнды ой тұжырымдар негізінде жазылған.

Туысыма

Болармын нағып ырза туысыма?

Туыппын таршылықтың уысында.

Шамам жоқ жан-жағыма қолсозарлық,

Тар көрдің тығылғандай қуысына.

Айта алмай шын сөзінді, қорғалайсың,

Туғаның бүйтіп қор боп құрысында!

Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,

Мал ғұрлы мағына жоқ тұрысында.

Мысалы Ахаңның осы «Туысыма» атты өлеңін езер салып қарасаң шындықты айтудан қорыққан жандардың сол дәуірдегі ұстанымын «Мал ғұрлы мағына жоқ тұрысында» деп өте қатаң сынға алып, теңеудің де аянышты және әсерлі түрін қолдан абылған. Себебі мұндай ауыр теңеулерді қолданудың өзі Ахметтің өз ұлтының сол дәуірдегі тұрмыс тіршілігіне қатты жаны ашып ұлты үшін жан күйдіріп жүрген нағыз азмат екендігінің айғағы. Ахметтің әрбір өлеңінде терең толғаныстар бар екендігін жасыруға болмайды. Ондағы сөз болып отырған әрбір дүние сол кездегі қазақ даласындағы халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі шынайы көріністер. Мысалы «Қазақ қалпы» деген өлеңінде де сол кездегі пайдасы өз басынан артылмайтын құрғақ кеуде, бос сөз адамдарды қатаң сынға алған.

«Қазақ қалпы»

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,

Сахара көлге қонып салқындаған.

Бір өртке қаудан шыққан душар болып,

Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!

Алаштың адамының бәрі мәлім:

Кім қалды таразыға тартылмаған?

Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр,

Жақсылық өз басынан артылмаған.

Тақылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,

Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған. [1,219]

Ахаңның осы жоғарыдағы келтірілген «Қазаққалпы» атты өлеңіне назар аударар болсақ онда ақын Алаштың өткен күніне деген сағынышын және Ресей мемлекетінің билігінен кейінгі қазақтың жағдайына деген күйін ішін байқауға болады. Сондай-ақ «Досыма» хат өлеңінде де ақынның қиын-қыстау кезінде өмір сүріп жанының қатты қиналып жүргенін аңғауға болады.

«Досыма хат»

Қырағы, қия жазбас сұңқарым – ай!

Қажымас қашық жолға тұлпарым – ай!

Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына іңкәрің – ай!
Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,
Түнерген төбемізден бұлтарылмай.
Көкетті, көнтерілі, көніп қалған,
Сықсада шыдай беру, жұрт жарылмай.

Ахметтің осы “Достыма хат” деген өлеңінде қоғам әділетсіздігін суреттеп, ақшаға, абыройын арын сатқан адамдарды сынаған. “Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр” деген өлең жолдарынан ақынның азаттықтың таңы үшін қиын-қыстау кезеңді басынан өткеріп жүргені байқалады.

Қазақ халқы балаларын молдаларға беріп оқытқан. Қазақ елінің озат ұлдары тек молдадан білім алып қоймай, Ресей мемлекетіне барып жоғары оқу орындарында оқи бастады. Әрине, елде орысша білім алған азаматтар сынағандар болды. Бұл туралы ақынның “Ғылым” деген өлеңінде жазылған.

«Ғылымдар дүниелік сиқыр болмақ,
Оқыған ол ғылымды кәпір болмақ».
Зулатып шарифатты шарт жүгініп,
Молдекең отырғанда мойнын толғап.
Сондықтан заман жүйрік, біздер шабан,
Артында ілесе алмай жүрміз әман.
Күн сайын өзгеріліп, өнер артып,
Бәріде бара жатыр алға таман.
«Заманың түлкі болса, тазы боп шал» —
Деген сөз аятпенен бірдей маған.

Алақтап артымызға қарағыштап,
Жүргенде-ақ озып, ұзап кетті заман..... деген қатарлардан ақынның оянбай жүрген халықтың жай-күйін әсерлі бейнелегенін көруімізге болады.

Ал, Ахмет Байтұрсынұлының абақтыда отырып анасына жазған сезімге толы “Анама хат” атты өлеңі ақын туындыларының маржан депте айта аламыз.

Қарағым, дұғагөйім, қамқор анам!
Арнап хат жазайын деп, алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді Хақ тағалам!
Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет, өр зорлыққа не бар шараң!
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жәннатқа да тарам-тарам.
Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,
Біпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей, Ұялмай, не бетіммен көрге барам?! [1,219]

Ахаңның осы өлеңіндегі «Адамнан туып, адам ісін етпей, Ұялмай, не бетіммен көрге барам» деген тармақтардан ақынның Алла алдындағы ар-намысының пәктігі мен иманының мықтылығын байқауымызға болады.

Ал, «Ойлар» атты өлеңінде өзі қайтыс болса да, ерең еңбегінің өлмейтінін жазған айдан анық ашып айтқан.

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен?!
Өлген күні апарып тығары – гөр,

Мен жоқ болам көміліп тәнімменен.
Тән көмілер, көмілмес еткем ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса ұқпасын жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін.

Өлең үзіндісіндегі асты сызылған шұмаққа көңіл бөлетін болсақ Ахаңды терең ойшыл, нағыз философ ақын деуімізге болады. Ахаң жайлы пікір айтқан ғалымдар арасында Сәкен Сейфуллиннің пікірі өте ерекше мәнге ие. Мысалы Сәкен Сейфуллиннің төмендегі айтқан пікіріне құлақ түріп көрелік:

"...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті..." Осы сынды Ахмет Байтұрсынұлы туралы айтылған құнды пікірлерді көптеп мысалға келтіруімізге болады.

Қорыта айтқанда Ахмет Байтұрсынұлының туындылары бүгінгі құбылмалы заман жастарының тәрбиесіне қажетті ең құнды әдеби мұралардың бірі десек артық айтқан болмаймыз.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов, А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер.- Алматы: Жалын, 1991.-219 б.
2. Байтұрсынұлы, А. Бес томдық шығармалар жинағы.-А. :Алаш мұрасы. Т.3.-2005.-132б.
3. Байтұрсынұлы, А. Бес томдық шығармалар жинағы.-Алматы: Алаш.- (Алаш мұрасы).Т.4: Әліппелер мен мақалалар жинағы.-2006.-320 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Ү.Қ.Қыяқбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі,
п.ғ.к, профессор

Ж.Ж. Асанханова

Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға
оқытушысы, п.ғ.м

Андатпа. Бұл мақалада Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойында жас ұрпаққа ұлт ұстазын жан-жақты таныту. «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр салада: ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға екендігін ардақтау.

Тірек сөздер. Ұлт ұстазы, Алаш ардақтысы, Ұлт зиялысы.

Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, «қазағым» деп жүрегі соққан, халқын алға жетелеуге ұмтылған, оның зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан Алаш тобының рухани көсемі, тіл білімінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойында жас ұрпаққа ұлт ұстазын жан-жақты таныту әрбір педагогтың парызы.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзінің ұстазы Ахмет Байтұрсынұлын «Қазақ елінің рухани көсемі» деп дәріптеген. Ол көсемнің теңдессіз еңбектерін «Ахаң ашқан қазақ мектебі, «Ахаң түрлеген ана тілі», Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран» сынды қанатты тіркестерге сыйғыза отырып, оның жасаған еңбектерін «мәңгілік ескерткішке» балаған [1].

Өз кезеңінде «Қазақтың Ахаңы» деген мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Ол – ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

2000 жылы 15 қыркүйекте Қостанай қаласында ұлттық жазудың реформаторы А.Байтұрсынұлының ескерткішінің ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Ахмет Байтұрсынұлына лайықты құрмет «Ұлт ұстазы» атағын берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Халықтың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Жеріміздің тұтастығының сақталуына ықпал етті. Төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді. Өркениетті зиялылықтың негізін қалады», - деп атап көрсетеді [2].

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін жаңа заман тұрғысынан қайта зерттеп, жасампаз идеяларын болашақ ұрпақтың санасына сіңіру болашақ педагогтардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыруға негіз болмақ.

Тәуелсіз мемлекет құруды көздеген алаш зиялылары ұлттық бірегейлікті сақтап қалуды мақсат етті. Ұлт көсемдерінің мақсаттары мен бүгінгі таңдағы даму бағдарымыздағы сабақтастық, ұлттық салт-дәстүр, тіліміз бен музыкамыз, өнеріміз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі сақтауға шақырған елдің ертеңін терең зерделеген сарабал саясаты ұлт зиялысы А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын әлі де зерттеуді, пайымдауды қажет етіп отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Ол 1905 жылы педагогикалық училищені бітірген соң, еліміздің әртүрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, жатпай-тұрмай еңбек етіп, қайткенде қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды. Қазақ халқының алдыңғы елдердің қатарында болуы үшін ең алдымен оқу-ағарту ісін аяғына қою керек екендігін түсінген А. Байтұрсынұлының оқу-ағарту идеясы, оның қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі болып табылды. Бір сөзбен айтқанда, ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады.

XX ғасырдағы қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшыларының бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы – өмірі аңызға, шығармашылығы үлкен маңызға ие болған көрнекті тұлға. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Жастайынан тағдыр талқысын көріп өскен Ұлт ұстазын өсірген де, ғылым мен мәдениеттегі көсегесін көгерткен де халық үшін еткен еңбегі, елі үшін еңсере

жасаған қызметі. Ұлт маңдайына біткен тұлғаның туған тіліне деген құрметі жоғары болды. Оны бәрінен биік қойды.

Ұлт ұстазы шығармаларының негізі идеясы балаларды бүгінгі күнде құр сөз, «таусылмайтын» ақыл- кеңеспен тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың өнегесіне, ғибраттылыққа, қоғамда орын алып жатқан әр қилы құбылыстарға сын көзбен қарап, өзіндік баға бере білуге баулу.

А.Байтұрсынұлы «Бастауыш мектеп» атты мақаласында Ресей үкіметінің орыстандыру саясатының бет-пердесін ашады әрі: «Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы, ал әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуының сақталуы. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек., Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден хукімет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеу керек. Солай ойлағанда көңілге ұнамды мектептің түрі біздің ойымызша мынау»,– деп бастауыш мектептің 5 жылдық болуын, қазақ халқының көшпелі ерекшелігін ескеріп, мектептерді келіп оқитын және жатып оқитындай ғып құруды, қыр мектептері мен қала мектептері ерекшеліктерін ескере ұйымдастырылуын талап етеді. Жалпы 5 жылдық бастауыш сатының 3 жылы ауыл, екі жылы болыс мектебіне берілсін. Ауыл мектебі тек ана тілінде болсын. Онда оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы пәндері оқытылсын. Болыс мектебі орысша оқылатын соңғы екі жыл. Мұнда берілетін білім гимназияның төменгі сыныбына кірерлік пәндер болуы керек дейді [3]. Демек, бұл салыстырулардан ғалымдардың мақсат мүдделерінің үндестігін, әрі заманына қарай өзіндік ерекшеліктері болғанын ұлт ұстазының педагогикалық мұраларынан ешкімге ұқсамайтын дара тұлға екенін көреміз.

Ұлт ұстазының «Білім жарысы» атты мақаласында білімді жұрттарда осындай жарыс болады, қазақтың осыған ұқсас бәйге тігуінің пайдасы шамалы, далаға кеткен шығын дейді. Білім жарысы түрі жағынан осындай болғанымен мақсаты басқа әрі бұдан жұртқа келер пайда мол, шыққан шығын орны толады деп түсіндіреді. Еуропа жұрттындағы білім жарысы туралы түрлі мысалдар келтіріп, пайдасына халықтың көзін жеткізгісі келеді. Білім жарысын қазақ арасында өткізу қажеттілік, тығырыққа тіреліп тұрған оқу-ағарту ісін жандандырудың бірден-бір көмекші жолы екенін уағыздайды: «Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады [4].

Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі оқу үйрететін орындар сайлы болу керек екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы», – дейді [5]. Мұнда Ұлт ұстазының негізгі мақсаты дұрыс оқулық шығару, оқу-ағарту ісіне халықты қатыстыру, кәсіби шебер мамандарды даярлау.

«Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» атты мақаласында үкіметтің қазақ арасындағы оқу жұмыстарын ұйымдастыруы мардымсыз, себебі қаржыландыру жағы жеткіліксіз, оқу қазақтың өзі үшін керек. Сондықтан, ел болып жұмыла кірісу керек» – дейді. Ол үшін, әр отбасы жағдайына лайық салық салып, жиналған қаржыны мектеп ашу ісіне жұмсауға шақырады. Кедей балаларына бірнеше тегін орын бөлуді ұсынады. Ауылдардың сирек орналасуына қарай кейбір мектептер жанынан интернаттар ашу қажет дейді. Ел болашағы үшін керек жұмысқа жекелеген шығынды қиынсынбай, күресуге үндейді [6].

«Тәні саудың – жаны сау» атты мақаласында ол тән мен жанның мән- мағынасын, ара қатынасын түсіндіреді. Тән тозса, жанның да тозып, адам азғындап, хайуан қатарына жететінін дәлелдеуде, қазақ халқының тәнін де, жанын да тоз-тоз еткен ашаршылық көріністерінен мысал келтіруінің философиялық, психологиялық және тәрбиелік мәні зор.

Тән саулығының қажеттілігін, қымбаттығын айта келе, тәнді тоздырмай, оның саулығы үшін тәннің өзіне керекті нәрселерді (ауа, тамақ, сусын сияқты нәрселерді) мезгілімен тиісті күйінде, керек мөлшерімен алып тұруы;

- Ағзамыз әр түрлі қызметін мезгілімен дұрыс басқарып, дұрыс атқарып тұруы керек, мәселен, тамақтың қарында қайнап пісуі, бойға сіңуі, қан мезгілімен тарап тұруы сияқты қызметтер;

-Тәнге зиян келтіретін ауру құрты, у, суық сияқты нәрселерден тәнді қорғау.

Ахмет Байтұрсынұлының тән саулығына аса көңіл бөлуінің өзі бала тәрбиесіне басты назар аударып, төмендегі үш шартқа ерекше мән бергенін атап өтуімізге болады.

Бірінші, «әуелі демалатын ауа, жейтін тамақ, ішетін сусындардың жәй-мәнісін білу керек».

Екінші, тұратын үй, киетін киім, тұтынатын нәрсе, істейтін жұмыс, тән тәрбиесіне керек толып жатқан нәрселер бар – олардың жай-мәнісін білу керек.

Үшінші, тәнге зиян келтіретін нәрселердің тәнге кіретін жолдары бар, ауру құрттарының өсетін, көбейетін орындары бар – оларды білу керек», – дейді [7]. Демек, оның тән саулығының тамыры тазалықта, жан саулығының тамыры тән саулықта деген қағидаларының тәрбиелік мәні өте зор. Әсіресе, мұндай түсініктерді қазіргі таңда балаға отбасында, балабақшада қалыптастырудың маңызы орасан.

А.Байтұрсынұлы көтерген мұндай мәселелер қазіргі қоғамның рухани қажеттіліктерімен тікелей ұштасып жатыр. А.Байтұрсынұлы педагогика ғылымына өзінің қолтаңбасымен ерекшеленетін үлкен мұра қалдырды: мектеп, мұғалім, бағдарлама яғни оқу бағдарламасы. Оқыту жайында Ахмет Байтұрсынұлы: «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді. Оқу ісін түзетуге көп нәрсе керек. Жұрт жұмысы да, беті түзу болса, аз-аздап ілгері басқызып, оған қозғаушылар болса, көңілдегі жеріне жетеді. Сол жұрт ісінің бірі – оқу. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер ешнәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды. Оқудың тірегі – мұғалім. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оқыту жайын білетін мұғалімдерге тәртіпті құралдармен оқытқанда өзіне де, балаларға да оқу жұмысы оңай болады, екі жағы да қиналмайды» – деген [8]

Ахмет Байтұрсынұлының пікірі бойынша, мектепке керегі – білімді, әрі білген білімін басқаға үйрете алатын, баланы жақсы оқыта білетін мұғалім қажет. Қазақ баласына біріншіден, ана тілінде білім беру үшін – бағдарлама қажет.Екіншіден, білім беру бағдарламасын игеру үшін оқу құралы – кітап керек. Үшіншіден, оқу кітабын жетік игерту үшін яғни балаларды оқыту үшін ғылымды жан-жақты меңгерген – мұғалім қажет. Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған тұжырымдама қазіргі білім беру үдерісінің қайнар көзі болып табылады.Қазіргі таңда мектепке қажетті өзекті мәселелердің бірі жаңаша оқытудың әдістері мен тәсілдерін дамыту. Мұғалім бір жерде тұрмауы керек, ол шәкірттері үшін жетекші роль атқарады, үнемі өзін жетілдіріліп, шығармашылық тұрғыда кәсіби шеберлікпен, оқыту әдіс-тәсілдерін іздестірумен шұғылданады. Мұғалім баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін үнемі үзденіс үстінде болуы тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлының көтерген келелі мәселелердің бірі: мектепке керегі – бағдарлама деп білікті мұғалім мен қатар ана тілінде білім беру үшін оқыту бағдарламасын құрастырудың қажеттілігіне жан-жақты тоқталған. Оқыту бағдарламасы – әрбір жеке оқу пәні бойынша меңгеруге тиіс негізгі білім, дағды, әдіс-тәсілдер шеңберін сипаттайтын нормативтік құжат.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Оқу құралының ең ұлығы - бала оқытатұғын кітап» өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тілі.Ал, «білімнің бас құралы – кітап», - деп есептейді [7]. Шындығында, бүгінгі таңда баласынөз еркімен қуана кітап оқиды деп айтатын ата-аналар жоқтың қасы, өйткені балалардың кітапқа деген қызығушылығын жоғалтуы, кітапты қолдарына алып оқымаулары, күндікке компьютерлік ойындарға телміріп, есіл дерттері ұялы телефон оның ішіндегі мағынасыз, кері әсерлі бейнежазбалар немесе кітаптан да басқа ақпарат көздерінің көптігі.

Түптеп келгенде, халықтың біртұтас тағдыры үшін, ұлттың біртұтас арман-аңсары үшін дүйім дүниеге мәшһүр тұлғалы Ахмет Байтұрсынұлының ірілігін көреміз. Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету ұлт ұстазының негізгі ұстанымы болды. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған елжұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Еңбектерінің тамыры тереңге бойлаған аса терең мағыналы, даралық келбетін жақсы аңғартатын және ұлы ғалым – ұстаздың өзіндік қолтаңбасы айқын көрініс табады. Қараңғыда найзағай болып жарқ еткен Ахмет Байтұрсынұлының даналығы, нақыл сөздері мен өлеңдері, зерттеулеріндегі ұлт болмысы, тұрмыс тіршілігі, дүниетанымы, діні, ділі, тілі, рухы баса назар аудартады. Рухы биік алты алаштың барша түркі жұртының ардағының жазған еңбектерін оқығанда қазақтың бар байлығы тілінде тұрғандай көрінеді.

Қорыта келе, А.Байтұрсынұлының ерен еңбектері мен шығармаларының күллі адамзат үшін маңыздылығын, оның өнегелі ойлары ұлттық идеяның өзегіне, ұлттық болмыстың үлгісіне айналуы әрбір болашақ педагогтарға сындарлы ой тастайтынын және рухани тұрғыдан дамуымыз үшін қажет деп түйіндедік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалыбай Жарылқап. «Аңыз адам» журналы, 2011 жыл, желтоқсан №11.
2. Тоқаев: «Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым (aikyn.kz)
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: «Алаш», 2004.
4. Байтұрсынов А. Мектеп қажеттіліктері // Қазақстанның педагогикалық ой антологиясы / құраст. К.Б. Жарикбаев, С. К. Қалиев.-Алматы. Рауан, 1995. – Б. 18 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002.
6. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
7. Салқынбай А. Б. Ахмет Байтұрсынов тағлымы //Қазақ әдебиеті. № 5, 2. 11. 2006. – 8 б.
8. Иманбекова Б., Ахмет Байтұрсынов мысалдарының тәрбиелік мәні. /Ақиқат, 1999. №2., 83-86 бб.

ОӘЖ 811 512 122 366 58

AKHMET BAITURSYNOV IS A VETERAN OF ALASH, A TEACHER OF THE NATION

Дүйісова Алмагүл Қонысбайқызы

магистр, оқытушы

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент, Қазақстан

Duyusova.a@mail.ru

Аннотация:

Мақалада А.Байтұрсыновтың Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық жұмыспен айналысқаны, туған халқын оқуға, өнер-білімге шақырғаны баяндалады.

Тірек сөздер:

Ахмет Байтұрсынов, Қазақ, мектеп, білім, ұстаз, оқулық, оқу, өнер-білім, алфавит.

Аннотация:

В статье рассказывается о том, как А. Байтурсынов открыл школы из разных областей Казахстана, занялся преподавательской работой, призывал родной народ к чтению, искусству и знаниям.

Ключевые слова:

Ахмет Байтурсынов, Казах, школа, образование, учитель, учебник, чтение, искусство-образование, алфавит.

Abstract:

The article tells about how A. Baitursynov opened schools from different regions of Kazakhstan, engaged in teaching, encouraged his native people to read, art and knowledge.

Keywords:

AkhmetBaitursynov, Kazakh, school, education, teacher, textbook, reading, art-education, alphabet.

At the beginning of the twentieth century, the Kazakh people were in a special era. Only now the list of "enemies of the people" began for the Kazakh intelligentsia, whose political views were formed, who wanted to become a country and think about the future of the nation. "What?" Let alone say this one word, if you accidentally come to your senses, your body will tremble. What about when you don't? This terrible storm, which came to the Kazakh steppe every time, had a strong pace and a wide range. "I don't know," he said. The rich legacy of AkhmetBaitursynov, who was burned in the fire of slander, burned in kesapat soot, thrown to the bottom of the abyss for many years, suffocated by the sands of time, was revived with the power of reconstruction and passed on to today's generation.

The fate of AkhmetBaitursynov is a difficult, but interesting fate, his life is full of bitter dreams, but an example for a person. The great people's figure, educator, scientist, outstanding poet, ardent publicist, founder of Kazakh linguistics and literary science, ethnographer, Alashardakty, leader of the nation, our countryman has a life full of struggle, a rich heritage, and his powerful personality is growing. The Turgai River, which gave birth to Giants, is the root of the Turgai land. The Turgai River, which fed our life, originates from Ulytau, the navel of Saryarka. AkhmetBaitursynov, a prominent scientist and enlightened public figure, was the pride of the Kazakh and eastern Turkic-speaking peoples since the time of the Great Enlightenment of our nation YbyraiAltynsarın. A. Baitursynov did not spare all his life, all his work for the Kazakhs, to save the Kazakhs from darkness.

At the beginning of the twentieth century, the great son of our people, the great scientist AkhmetBaitursynov, came up with the idea of making the old Kazakh written language the property of the entire Kazakh people. That is, he made all his knowledge and efforts for mass literacy of the population. Mass literacy of the population, education the system of scientists, who deeply understood that if they did not take up the transfer as soon as possible, the Kazakh society would not be able to keep up with the Times, made a radical reform of the Kazakh written language. Using the Arabic alphabet, he created the Kazakh alphabet based on the sound system of the folk language, consisting of nine vowels and nineteen consonants. Until now, the alphabet created by Ahmet has not and will not destroy its value, but will continue to continue for generations.

AkhmetBaitursynov is a great reformist scientist. Not a bare agitator who called the people to study, explained the need for education, but a great scientist who made a lot of efforts to establish educational work, school affairs among the Kazakhs, created teaching. AkhmetBaitursynov, who developed the initiative of the great educator Altynsarın, raised him to a truly scientific level and brought him to the right place. He opened schools in different regions of Kazakhstan, was engaged in teaching, his ears did not touch the pillow, he hummed masasha, invited his native people to study, art - education, stayed after civilized countries, fell prey to the apparent lack of knowledge, art, if he studies, tries to join the ranks of advanced countries, the Kazakh people also do not let anyone, they say, they talk, they are proud. "I don't know," he said, "but I don't know." In the days of tsarist times, when other educated gentlemen were looking for ranks, endured humiliation, succumbed to slavery, tore up the honor of the nation and mourned the national honor of a sleepy thick Kazakh.

Some of the Kazakh students of that time made efforts to the courts of the county and province, became linguists, some of them were in search of Honor, Akhmet served the Kazakh nation without sparing his soul. In search of the honor of the people, he competed for what he thought. Another important area of life and activity of A. Baitursynov is his poetic and translation work. As a child, he grew up seeing, hearing, feeling and thinking that the artistic word is considered the highest in Kazakh. Entering a conscious life, he studies folk poetry, works of A. Kunanbayev, I. Altynsarin, Russian literature.

A. Baitursynov focuses on expressing the state of knowledge, knowledge, feeling of the surrounding world in the language of poetry and poetry. He intends to use the poem for his idea of enlightenment. Akhmet was the first person who wrote the Kazakh language and books, created the basis of the Kazakh language and laid the foundation of the Kazakh school. Akhmet Baitursynov, who was very sympathetic to the heritage of the people, said that "if the language is not taken as the basis for the language of literature, it will go astray." Akhmet Baitursynov is a major figure in the formation of Kazakh professional journalism.

He explained to the Kazakh people and the intelligentsia the social activities of the newspaper and showed that the press is very necessary for a civilized, independent country. The newspaper "Kazakh", organized by Akhmet Baitursynov, where he was the editor-in-chief, is one of the largest in public opinion movement, brought a shock to spiritual consciousness. The newspaper "Kazakh" became a major phenomenon that refreshed the spirit of the people.

The Kazakh school opened by Akhan, the native language transformed by Akhan, the embassies in Literature – "forty examples", "Masa", the work of the newspaper "Kazakh" to the bleeding Kazakh child, the tireless efforts in the field of art-education, politics, even if we forget, history will not forget. But the Bolsheviks, accustomed to suppressing what they said by force and force, denied this truth and tried to erase both his name and his work from history.

He was portrayed as an enemy to his native people, who devoted all their lives to honest service, covered the "enemy of the people" with a slanderous veil, shot and persecuted those who called his name. All the same, they did not achieve their goal. It was a cloud of slander, the truth was the Sun, The Times were reborn, and the rays of truth shed their light. "I don't know," he said. The work of the honored citizen, the political and spiritual leader of our people Akhmet Baitursynov for his country, political and social ideas and ideas are actually realized in sovereign Kazakhstan. Akhmet Baitursynov is a unique person who cannot be compared with anyone in our national history." Alash Aryans gave us the idea of raising the flag of the state.

The state of the Republic of Kazakhstan, created in 1991, is the embodiment of the cherished dream of the same Lions. Despite the fact that Akhmet Baitursynov was locked in prison and shot, the noble words and thoughts that he left behind will forever remain in the memory of the country and in the hearts of the people. The next generation continues his affairs, his cherished desires are realized. This is due to the fact that the Kazakh country is now one of the civilized countries and its culture is developing at a high level. Times have changed.

We became a sovereign country. We came to our senses and began to take stock of what we were doing. The people of Kazakhstan, who once fought for the freedom of our nation, were reunited with their people. Now the wish of the people is that the current generation, the next wave, will show the zulamatty experienced by our ancestors, grow freely as a patriotic citizen of independent Kazakhstan. Our country is calm, long live our people! Let's be as majestic as Akhmet Baitursynov, who became the honored Alash, the teacher of the nation!

Literatures:

1. "Kazakh literature. Encyclopedic reference book. - Almaty: "ArunaLtd."LLP, 2010.
2. Aibyn. Encyclopedia. / General Ed. B. O. Jacob. - Almaty: "Kazakh encyclopedia", 2011.
3. Historical figures. Cognitive-public publication. Designed for school-age students and the general public. Designer: Togysbayev B. Suzhikova A.-Almaty. "Almatykitap publishing house", 2009 I

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байдалиев Д.Д. - п.ғ.к., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: Baidaliev-d@mail.ru

Кабылбекова Л.Б. - тарих ғылымдарының магистрі

Алматы қаласы Білім басқармасының «№42 жалпы білім беретін мектебінің» тарих және география пәні мұғалімі, Алматы қ.

E-mail: ansardauletzhan@mail.ru

Аннотация. Қазіргі таңда педагогика және психология саласында қазақ тарихында есімдері ел есінде сақталып, алтын әріптермен жазылған біртуар қазақ зиялыларының еңбектерін паш етіп, олардың мұраларын оқу - ағарту жүйесінде қолдану аса өзекті мәселелердің қатарында болып отыр. Қазақ педагогикасы мен психология ғылымының басты құрамдас бөлігі саналатын алаш зиялыларының тәлім - тәрбиелік ой - пікірлері жас жеткіншектерді әсіресе қазақ жастарын патриоттық рухта тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Мақалада ХХ ғасырдағы алаш зиялыларының педагогикалық - психологиялық көзқарастары мен ондағы тәрбие мәселелері жан - жақты ғылыми негізде тұжырымдалған.

Тірек сөздер: *Алаш зиялылары, педагогика, психология, көзқарас, тәрбие, оқу-ағарту.*

Аннотация. В настоящее время в области педагогики и психологии среди наиболее актуальных вопросов остается использование в учебно - просветительской системе наследия выдающихся казахских интеллектуалов, чьи имена запомнились стране и написаны золотыми буквами. Воспитательное мышление алашской интеллигенции, являющейся главной составляющей казахской педагогики и психологической науки, играет важную роль в патриотическом воспитании молодых людей, особенно казахской молодежи. В статье сформулированы педагогико - психологические взгляды алашской интеллигенции ХХ века и проблемы воспитания в ней на всесторонней научной основе.

Ключевые слова: *Алашская интеллигенция, педагогика, психология, взгляд, воспитание, просвещение.*

Annotation. Currently, in the region of pedagogy and psychology, the most relevant issues are being used in the educational and educational system of the population of Kazakh intelligentsia, which has been covered by the country and is covered by Golden Books. The significant role of the Alash intelligentsia, the leading Kazakh pedagogical and psychological science, plays an important role in the patriotic education of young people, especially Kazakh youth. In the article, the pedagogical and psychological views of the Alash intelligentsia of the XX century and the problems of meeting on a global scientific basis were formed.

Key words: *Alash intelligentsia, pedagogy, psychology, view, education, enlightenment.*

Әлем елдері жаһандық бәсекелестік жағдайында дамудың жаңа механизмдерін жүзеге асыруды жүзеге асыру жағдайында еліміздің әлеуметтік - экономикалық салаларындағы тың реформалармен бірге білім беру жүйесінде де жастардың білімі мен тәрбиесіне заманауи міндеттерді жүктеп отыр.

XXI ғасырдағы білім беру жүйесінің басты мақсаты нарықтық экономика заңдылықтарына төтеп беретін, білімді, білікті, іскер әрі жаңашыл жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесі өзекті болып отырғанымен, қазақтың тарихында есімдері алтын әріптермен

жазылған ұлы тұлғалардың тәлім - тәрбиелік мұралары мен педагогикалық - психологиялық ұстанымдарын қазіргі оқу - ағарту саласында қолдану өзекті мәселелердің қатарында деп тұжырымдауымызға толықтай негіз бар.

2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласында қазіргі жаңа тұрпаттағы жаңғыру мәселесінің өзекті шарттарының бірегейі ұлттық кодымызды сақтай білу, өткен тарихи тәжірибелер мен халықтың салт - дәстүрлеріне, ұлт зиялыларының ұстанымдарына немқұрайлы қарамай, керісінше замандар ағысымен сұрыпталып, күні бүгінге жеткен мұраларын ұлықтау заман талабы екендігіне ерекше мән берілген болатын. Расымен де қазіргі мемлекетіміздегі жүзеге асырылып отырған соның ішіндегі оқу-ағарту саласындағы жаңғыртулар ұлттық төл туындылардан, рухани мұраларымыздан нәр алмаса, оның салдары ауыр болатынын тарлан тарихымыз дәлелдеп берген[1].

Қылышынан қан тамған кеңес заманында ұлтымыздың сан ғасырлық төлтума туындылары мен зиялылардың педагогикалық - психологиялық ұстанымдары, тамырын тереңнен алатын тәрбие жүйесі толықтай саясатқа айналдырылып, қазақ жеріндегі білім - ғылым саласы орыс ағартушы демократтарының басамасымен жүзеге асырылды - деген жаңсақ пікірлерді санамызға сіндіруге тырысты.

Қазақ топырағында бастауын антикалық дәуірден алатын әл-Фарабидің педагогикалық- психологиялық көзқарастары жалғасын тауып ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы ағартушы зиялылардың ой толғамдарынан көрініс тапты.

Ұлтымыздың жарық жұлдыздары саналған, өз заманының озық ойлы ағартушылары Шоқан, Ыбырай, Абай ауыз әдебиетінің тамырынан терең нәр алғаннан кейінділі мен діні, салт-дәстүрі біртұтас шығыс халықтарының көрнекті классиктері Науаи, Фердауси, Хафиз, Шамси, Омар Хаям т.б. ғұламалардың шығармаларын оқып үйреніп, олардың мұраларының тәрбиелік мәніне аса мән бергендігін ешкім жоққа шығара алмасы анық.

2021 жылы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев ұлтымыздың ұлы тұлғалары Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың еңселі ескерткішінің ашылу салтанатында: «Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Олар елінің азаттығы мен өркендеуі жолында қызмет етті. Халықтың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Жеріміздің тұтастығының сақталуына ықпал етті. Төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді. Өркениетті зиялылықтың негізін қалады. Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты» - деп әділ бағасын берген болатын [2].

Жасыратыны жоқ, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, өшкеніміз қайта жанып, барымызды түгендеп жатқан тұста, қазақ этнопедагогикасындағы ұлт зиялыларының шығармаларын, педагогикалық - психологиялық еңбектерін жарыққа шығару ісі жанданды. Дегенмен олардың бала тәрбиесі оның маңыздылығына қатысты тұжырымдары мен ой пайымдауларын бір жүйеге келтіріп, жас ұрпақты оқытуда пайдалану патриоттық рухта тәрбиелеудің қуатты құралы болатындығы шындық.

Қазіргі жалпы білім беретін орта мектепте жүзеге асырылатын тәрбие жұмыстары, қоғамдық даму заңдылықтарына сәйкес сан қырлы әрі әр түрлі мазмұнда болып келеді. Дегенмен тәрбиенің негізі пән сабақтарын оқыту барасында берілетіні аян. Білім алушыларды педагогикалық және психологиялық тұрғыдан танытатын, олардың эмоционалдық сезімдеріне әсер ететін тәрбиенің ерекше түрі - адамгершілік тәрбиесі саналады. Сондықтан да тұлға санасына сіңіп, рухани жан дүниесіне тазалық пен ізеттілікті дарытатын көркем шығармалардың тәрбиелік мәні зор. Осы орайда тәуелсіздік жағдайында туған халқымен қайта қауышқан Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын оқытып қана қоймай, терең сырлы кұпиясын ашып, оның адамдық, азаматтық құқық жайында жазған шығармаларын оқу - тәрбие үрдісінде қолдану мұғалімдерге зор міндеттерді жүктейді. Бүгінгі жаһандану үрдісі дәуірінде жас жеткіншектерді адамгершілік биік мұраттар мен адалдыққа, парасаттылық пен ізгілікке үндейтін Шәкәрімнің тәрбие туралы ой - толғамдары әлі де болса зерттеп-зерделеуді қажет етеді.

Қазақ этнопедагогикасының айрылмас бөлігіне айналған, жас ұрпақты халықтық игіліктеріне құрметпен қарау, еңбексүйгіштікке тәрбелеу секілді мәселелер Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектеріне де арқау болған. Күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған «Қазақ айнасы» шығармасында жастарды еңбекке баулу мәселесі терең талданған. Еңбек адамның ақыл-ойын дамытудың маңызды факторы саналатынын, әсіресе еңбек әрекеті балаға үлкен әсер ететінін және заттар мен материалдардың жаңа қасиеттерін біртіндеп аша отырып олардың нақтылы дүние туралы түсініктерін кеңейтетінін тұжырымдаудағы Шәкәрімнің көзқарасы қазіргі педагогикалық-психологиялық тәрбие жүйесінде ұстаным ретінде алса ұтымдылығы арта түсер еді.

Шәкәрім халықтың еңбек барысында әлеуметтік жағдайы, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бір-біріне мейірімділігі мен парасаттылығы, ұлттық ерекшеліктері, салт-дәстүрінің сол халықтың еңбексүйгіштігіне, еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін болжай білді. Еңбек тәрбиесі оқу мен білімнің негізі деп тұжырымдаған ғалым жас ұрпақтың барлық тәрбиесінің көзін еңбектен іздеді. Ол қоғамдық пайдалы еңбектің тұтастығын сонымен бірге тұлғаның парасаттылық, білімділік, мейірімділік сияқты ізгі сапаларының даму заңдылықтарына ерекше мән берді. Шәкәрім шығармаларының тағы бір ерекшелігі жас жеткіншектерге адалдық пен ғылымды тануды ұсынған. Мысалы, «Арман» атты өлеңінде тірі адам шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, алдына мақсат қойып соның жолында өмірі өтетінін тілге тиек еткен. Ал шынайы арманға білім мен ғылымның арқасында қол жеткізуге болатынын көрсетеді. Сонымен қатар ғалым «Анық пен Танық» еңбегінде жеке тұлғаға өзін қоршаған ортаның сырын терең таны, дүниенің тылсым құбылыстарын ұқ - дей келе, оларды тану үшін жаратқан адамға ми берді, білу, нану, ұғыну – ақыл ісі, ол мидан шығады - деген педагогикалық - психологиялық тұжырымын алға тартады[3, 51б.]. Ғалымның адамның әділетті, әділетсіз болуы, ізгілікті қууы немесе жауыздық жолға түсуі ақыл мен жүректің ісі, не нәрсені сарапқа салып, байыбына барып, терең ойлап, топшылап ақылмен іс қылу адамдақтың парызы деген пікірінің құндылығы жоғары.

Алаштың біртуар тұлғасы Ахмет Байтұрсынов саналы ғұмырында өз ұлты үшін әліпбиді өмірге әкелуі, тілдік ерекшеліктерді зерттеп оқулықтар жазуына да, тіпті қоғамдық-әкімшілік істеріне араласуына да алып келген - осы ағартушылық бағыты болған. Оның ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істері тек оқу-білімге шақырумен тынбайды. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайы, бала оқытудың жолдары туралы жиі мақалалар жазды.

Ахмет «Қазақ» газетінде 1914 жылдың өзінде-ақ «Мектепке керегі не» атты еңбегінде: «Ең бірінші мектепке керегі - білімді, педагогика мен методикадан хабары мол мұғалім. Екінші - оқыту ісіне керек құралдардық қолайлы һәм сайлы болуы. Үшінші - мектепке керегі белгіленген бағдарлама. Әр іс көңілдегідегі болып шығуы үшін оның үлгісі, я мезгілді өлшеуіші болуы керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс - ол я артық, я кем шықпақшы», - деп көрсеткен болатын [4, 48 б.]. Ғұлама еңбектеріндегі мақал- мәтелдердің, өлеңдердің, ертеңдердің, санамақтардың тәрбиелік мәні күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған.

Ахмет Байтұрсынов Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне жазған алғы сөзінде: «Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың жаны мен тәніне керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу – сол дұрыс тәрбие болады» деп көрсеткен. Ғалымның осы қанатты сөздері бүгінгі оқу - ағарту жүйесінің басты ұстанымдарына айналса, нәтижелі болар еді[5, 59б.].

Міржақып Дулатов алғашқылардың бірі болып жалпы білім беретін орта мектептегі оқу-тәрбие үрдісі, оқытудың түрлері мен әдіс - тәсілдері жөнінде тұшымды пікірлер айтқан ғұлама. Ғалым бастауыш сыныптардағы білім беру жүйесінің ерекшелігін ашып, отаршыл империяның шовинистік әрекеттерін терең сынайды. «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсері күшті, сіңімді болуы қай халықтың мектебінде болса да оқу кітапшасы ана тілінде өз

ұлтының тұрмысынан һәм табиғатынан жазылып, баяндалуы дұрыс» - деп, жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңгенде ғана, ана тілін ардақтайтынын жазады. Жалпы танымдық тұрғыдан алғанда Міржақып бала қай тілде білім алса, болашақта сол елге қызмет ететінін батыл айтқан [6, 63б.].

Ғалым бастауыш сыныпқа арнап жазған «Есеп құралы» атты еңбегінде қазақ балалары өмір сүріп жатқан ортаның талғамына сай, ұлтымыздың күнделікті тіршілігімен байланыстыра тұжырымдаған. Ондағы балаларға берілген тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сай әрі жеңіл, түсінікті тілмен жазылған болатын. Қоғамның болашағы да, тірегі де және әлсіз, қорғансыз буын да бала екенін сезінген Міржақып олардың дені сау, парасатты, білімді, адамгершілік қасиеттері жоғары деңгейде болуына аянбай күш салған[6, 72б.].

Қазақ психология ғылымының іргетасын қалаушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытов қазақ мектебі мен ондағы оқу-тәрбие үрдістері туралы арнайы еңбектер жазып, артына мол мұра қалдырған біртуар тұлғалардың шоғырында. Ғалым сол кездегі кешенді оқыту жағдайын терең талдап, құбылыстарды, нәрселерді, бір тақырыпты, бір пікірдің төңірегіне жинап, қосып түйіндеп, біріктіріп оқытудың мәніне сипаттама берген. Ол өз еңбегінде: «Оқыту баланың табиғатына, жеке дара ерекшелігіне орай жүргізілуі тиіс. Ол сонда ғана шәкірттің жай қуаттарының өсіп, жетіліп, қалыптасуына жағдай жасайды. Баланың табиғатын ескеріп оқыту дегеніміз – оның бұрынғы тәжірибесіне, азды-көпті біліміне сүйену деген сөз. Өйткені жаңа білім әр кез адамның бұрынғы білетіндеріне сүйенбейінше тиянақты болмайды», - деп көрсеткен болатын [7, 78б.].

1924 жылы жарыққа шыққан «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде Жүсіпбек жеке тұлғаның тәрбиесінде тілдің пайдасына аса мән берген. Оның пікірінше әр халықтың дүниені тануы ана тілін құрметтеуден басталатынын негізге ала отырып, өзге халықтардың тілін үйренумен бірге адам сол жұрттың жан дүниесімен таныс болады. Бөтен жұрттардың дүниеге көзқарасын, өзге сыр-сипаттарын білу ақылды байытады. Жат пікірді білу – жат сезім, жат наным дариясына жүзумен тең - деген тұшымды тұжырымдары қазіргі жаһандық бәсекелестік заңдылықтарымен үйлесімде. Жүсіпбек жоғарыда аталған еңбегінде әртүрлі пәндердің мазмұнына терең бойлай отырып, олардың бала тәрбиесіндегі рөліне терең талдаулар жасаған.

Ғалым қызықты мәліметтермен сабақты түрлендіріп, ынтасын салып, мейір қандырып оқыта білген мұғалім баланың ерікті ілтипатын күшейтуге жол ашатындығын айта келе, төмендегі мәселелерді негізге алуы қажеттілігін жазады:

- 1) Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мәліметтерімен ұштастырып көрсету.
- 2) Жаңа мәліметтерді таныстыру арқылы сабақтың мазмұнын терең ашып, балаларға ілтипат аудару.
- 3) Сабақты алдын - ала даярланған сұрақтар беру арқылы баланың ынтасын арттыру, құштарлығын шыңдау.
- 4) Қажетсіз мағлұматтардан сақтанып, баланың ілтипатын арттыратын қызықты нәрселерді ғана айтып, үйрету.
- 5) Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану; сабақ барысында салыстыру, теңестіру, ұқсастыру сияқты түрлі әдіс - тәсілдерді пайдалану, оқытуды жандандыруға тырысу.
- 6) Оқыту барасындағы берілетін деректердің, көрнекі һәм шынайы болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану.
- 7) Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де ынталануы, өзі де жақсы көруі қажет.

Терең ой жүйесі мұғалімді ойлау өнеріне үйретеді, шәкіртті ой дағдысына жаттықтырады. Педагогика, оның бер жағында дидактика ой жүйесінің негіздерімен жақсы таныс, оның ережелерін кемел, жетік білетін мұғалімдерге арналады. Мұғалім ойлау жүйесіне жетік болса ғана оқытуы дұрыс жүріп, шәкірттері білімді, ойшыл адам болып шығады деген пікірді айтады[8, 81б.].

Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық-психологиялық көзқарасы бойынша балалардың эстетикалық тәрбиесі ерекше рөл атқарады. Ол дұрыс тәрбие беретін мектептің бір үлгісі ретінде, қасында бау - бақшаның болуын айтады. «Бау - бақшаның әр жақты пайдасы көп: бақшаның көз тойдырып, көңілге рахат бергені өз алдына, балалардың саулығына пайдасы тағы бар, мінез-құлық, тәрбие жағына әсері тағы бар. Шәкірттердің, мұғалімнің кеңесіп, шүйіркелесіп, бірігіп еңбек ететін орны, көбінесе, бақша болу керек. Ондай шаруашылықтың шәкірттердің саулығына, тәрбиесіне, шаруаға үйренуіне тиетін пайдасымен бірге жалпы халықтың тұрмысына да зор пайдасы бар» - деген пікірде [8, 85б.].

Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Балаға ең алдымен отбасында ақыл тәрбиесі, құлық тәрбиесі және сұлулық тәрбиесі мен дене тәрбиесі берілуі қажет екендігін тұжырымдап берді. Олардың әр қайсысына терең талдаулар бере отырып, ақыл тәрбиесінің нәтижесінде баланың дұрыс ойлап, оңтайлы шешімдер шығаратынын көрсеткен. Сонымен бірге құлық тәрбиесінің ерекшелігіне баланың жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан сақтануына жол ашатынын атаған. Автор сұлулық тәрбиесін - мәдениетті сөйлеу, сиқырлы үн, сыртқы дүние құбылыстарынан ләззат алу сияқты қасиеттермен ұштастырған. Ал дене тәрбиесі - баланың ой - қиялымен бірге дене бітімінің дұрыс жетілуіне серпін беретінін атап көрсеткен. Мағжан шығармасында тәрбиенің бұл төрт саласынан басқа түрлері де көрсетілген. Дегенмен осы төрт тәрбиеге аса көңіл бөлуі сол заман талабынан туындаса керек. Ол жөнінде: «Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» – деп көрсетеді [8, 94б.].

Жалпы алаш зиялыларының педагогикалық-психологиялық тұжырымдары мен ой-толғамдары күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпай сабақтастық негізінде келер ұрпаққа жол тартатыны анық. Осы орайда қазіргі жоғары оқу орындарындағы педагогикалық - психологиялық мамандықтарда оқытылатын «Педагогика тарихы», «Этнопедагогика», «Этнопсихология», «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» курстарында алаш зиялыларының ұстанымдарын негізге алу, тәжірибеде қолдану нәтижеге қол жеткізуге негіз қалары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 2017, - 12 сәуір. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy.
2. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алаш қайраткерлеріне арналған ескерткіштің ашылуына қатысты. //Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 2021, - 4 шілде. <https://www.akorda.kz/kz/prezident-kasym-zhomart-tokaev-alash-kayratkerlerine-arnalghan-eskertkishtin-ashyluyna-katysty-463334>.
3. Құдайбердиев Ш. Үш анық. - Алматы:Ана тілі, 1996. - 218 б.
4. Байтұрсынұлы А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 250 б.
5. Қалиев С., Орынбаева Л. Нәзипа Құлжанова және Ахмет Байтұрсынов //Қазақстан мектебі. – 1997. -№7, -58-64 бб.
6. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2004, -381б.
7. Зейнуллина А. Жүсіпбек Аймауытұлы-ғалым, жазушы //Қазақстан мектебі. – 1997. - №4,-78-83 бб.
8. Жүсіпбек А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1994. – 196 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалар 3 – томдық. Т.1, – Алматы: Жазушы,1995. – 256 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Кинжекова Р.С. п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

E-mail: kinzhekova1958@mail.ru

Анатпа. Мақалада А. Байтұрсынұлының «Қазақ» қоғамдық-саяси газетінде жарияланған оқу-ағарту мәселелерін әр қырынан сөз қылған мақалалары талданған. Ағартушы «Қазақ» газетінде ұлттық мектептердің ашылуын, оның жұмысының жолға қойылуын табанды түрде жақтаушы, ұлттық тілді мектептерді негізгі білім көзіне айналдырушы болғанын танытады. Ғалымның мақалаларының ғылым-әдістемелік сипаты жан-жақты талданады.

Тірек сөздер. «Қазақ» газеті, ұлт мектебі, ана тілінде оқыту, халық ағарту, мектеп керектері, дыбыстық әдіс.

Аннотация. В статье проанализированы статьи А.Байтұрсынова, опубликованные в общественно-политической газете «Казакх» по различным аспектам образования. Автор показывает чтопросветитель был убежденным сторонником открытия национальных школ, организации ее работы, превращения национальных языковых школ в основной источник образования. Подробно анализируется научно-методологический характер статей ученого.

Ключевые слова. Газета «Казакх», школа нации, обучение на родном языке, народное образование, школьные принадлежности, звуковой метод.

Annotation. The article analyzes A. Baitursynov's articles published in the socio-political newspaper "Kazakh" on various aspects of education. The author shows that the educator was a staunch supporter of the opening of national schools, the organization of its work, the transformation of national language schools into the main source of education. The scientific and methodological nature of the scientist's articles is analyzed in detail.

Keywords. Newspaper "Kazakh", school of the nation, teaching in the native language, public education, school supplies, sound method.

Өткен ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлының ұлы мүдделерінің жаршысындай болып «Қазақ» газеті өмірге келді. Газет «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген ел берген атағына лайықты 1913-1918 жылдар аралығында бес жыл бойы халқына адал қызмет атқарды. Сол кезде енді таныла бастаған дарында жас М. Әуезов сол тұстағы империялық пиғылдарға қарамастан «Қазақ» газетінің қызметіне жоғары баға беріп, ағартушының бұл газетке бар махаббатын, күш-жігерін жұмсап, оның алдына қойған мақсат-мүддесі арман-тілегі, ел-жұртына арнау-айтары да газет беттерінен орны тапқанын атап өтеді. А.Байтұрсынұлы қазақ баспасөзінің қалыптасуына, оның ішінде «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы, әрі бас редакторы ретінде ұлт тарихында терең із қалдырды.

Ол атқарған іс-әрекеттерімен де, қалам белсенділігімен де, жалпы ұлттың сол тұстағы ең ауқымды, ең маңызды мәселелерін көтере білуімен де өз тұрғыластарының арасынан дара танылды. Білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді көзімен көріп, бұл саладағы қажеттіліктер туралы ой түйеді. Ахмет әсіресе, сол кезде туған тілінің жағдайын жақсы түсінді, оны ғылыми түрде жүйелеп, бір ізге салмайынша білім мен ғылым салаларының кенжелеп қала беретініне көзі жетті. Тез арада оқу құралдарын жазуды қолға алу керек екендігін ұқты.

«Қазақ» газетінің аса бір ыждағаттықпен жазып, көп көңіл аударған мәселесі - оқу-ағарту істері. «Қазақ» газеті жарыққа шыққан тұста Қазақстанда 157 орыс-қазақ школасы және ауыл мектептері бар болатын.

А. Байтұрсынұлының «Оқу жайы» атты мақаласында келтірген мына мәліметте «Торғай облысында 1912 жылы ғынуарға шейін 570 мың, 109 қазақ тұрған. Қазақ баласы оқитын 132 школ болған. Бұлай болғанда 3 мың 561 кісіге бір школдан ғана келеді екен.» (Қазақ 1913, №11) Мектептердің аздығы, олардың оқу сапасының төмендігі, оқулықтардың жоқтың қасы екендігі газет беттерінде көрініс тауып отырды.

Газет бетінде оның «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Орысша оқулар», «Оқыту жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. мақалалары жарияланды. Бұл мақалаларында қазақ мектептерінің жағдайын жақсарту және оған шәкірттерді көптеп тарту, сөйтіп, ұлттық тілді мектептерді негізгі білім көзіне айналдыру мен қазақ тілінің мүмкіндігінше кең қолданысқа түсуіне жағдай жасауды көздеді.

Оның «Қазақша оқыту жайынан» атты мақаласы қазақ мектептеріндегі оқытуды жетілдіру мәселелеріне арналды. Мақалада оқу жүйесінің әдістерін терең меңгере қоймаған мұғалімдер кемшілігіне тоқталады. «Бұлардың кемшілігі сол, бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады... қазақ мұғалімдері түгілі ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағынан шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей жақсылап оқытуға болмайды..... Көбі қазақ тіліндегі дыбысты харпіне қарап есептейді. Араб харпы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде бар болса жоққа санайды....» [1.152]

Екінші кемшілігі-қазақ мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ал дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екендігін я білмегендік, білсе де істеп көрмегендік.» («Қазақ», 1913, №14) Одан әрі оқытудың әдістерін жан-жақты талдап, сауат ашу әдістерінің ішінде тұңғыш **дыбысты әдісті** оқу процесіне енгізді. Дыбысты әдісті үйреткендегі істелетін істің негізі бес түрлі дейді:

1) Балалармен әңгімелесу; 2) Оқу үйретуге даярлайтын жұмыстар; 3) Сөзден дыбыстарды айырып шығару; 4) Әріптермен таныстыру; 5) Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу.

Әлемдік әдістемеді кең қолдау тапқан жалқылау, жалпылау әдістерінің мәнін мұғалімдер қауымына түсіндіріп, қолданудың жолдарын көрсетті. Бұл әдістің қолданылуын бірнеше түрге бөледі: 1) Кітапта сүгіреттер болмақ. 2) Сүгіреттегі нәрселердің атын көрсететін баспа да, жазба да сөздер болмақ. 3) Сол сөздерге ұқсас басқа да сөздер болмақ. 4) Үйретілген әріптерден жасалған сөздер, сөздерден жасалған сөйлемдер, сөйлемдерден жасалған қысқа-қысқа әңгімелер болмақ. Әріптерді үйретуді мына әдістер арқылы жүргізуді ұсынады: 1. Әліп-би кітабының бірінші бетінде сүгіретті оқытушы тақтаға салады да, сол нәрсе жайында әңгіме қозғайды. Балалар мен оқытушы әңгімелесе-әңгімелесе барып, сол нәрсе турасында жұмбақтар, өлеңдер айтқызады немесе өзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы – алынған нәрсені балаларға анық танытып білім береді, сөйлесуге тілін де, бойын да үйретеді. 2. Салынған сүгіретті балалар дәптерлеріне көшіреді. Бұл көшіру балаларды сүгірет салуға үйрету емес, салғандары ұқсасын, ұқсамасын әркім әлінше салса болғаны. Мұның пайдасы – сүгірет салуға балалар әуес болғандықтан, сүгірет салғандарына мәз болып өздері рақаттанады, қарындаш ұстауға қолдары үйренеді. 3. Сүгіреттегі нәрсенің атын көшіру. Оқытушы сөзді тұтас күйінде тақтаға жазады. Балалар дәптерлеріне көшіреді. [2]

Бұл әдістер - дыбыстың қолданылуын, сөзді сөйлеу тіліне енгізуде қазіргі кезге дейін қолданылып келе жатырған әдістер. Әсіресе, сурет салу арқылы заттың атын тану, жазылуын меңгеру талай ұрпақтың сауатын ашуда жақсы нәтижеге қол жеткізгені белгілі жайт.

Газетте оқу-ағартуға байланысты жарияланған көлемді мақалалары, ең алдымен, ғылыми-әдістемелік сипатымен қызықтырады. Ахметтің ғалымдық мүмкіндіктерін танытатын ғұмырын арнаған ағартушылық жолы үш тағанды бірліктен тұрады. Біріншісі-ұстаздық-педагогтық қызметі, екіншісі-ұлттық мектептің өркендеуін көздеуші көсемсөзші, үшіншісі-«мектеп керектері» -оқулықтар жазушы әдістемеші ғалым ретіндегі қызметі. Біз оны ұлттық мектептердің жолға қойылуын табанды түрде жақтаушы, қазақ балаларының ана тілінде білім алуына үндеуші әрі оқу-ағарту мәселелерін терең білетін ғұлама ретінде танимыз. [1.159]

Ахмет газет беттерінде ұлт мектебін құру, халыққа білім беру, қазақ балаларын ана тілінде оқыту жөнінде көптеген көкейтесті мақалаларын жариялады. 1913ж. бір мақаласында: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады. Сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік. Надандық – халықтың білім-ғылымнан қалыс қалғандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп-қазақ жерінде мектептер аз, мектептерде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ»-дейді. Ахметтің бір ғасыр бұрын айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатырған мәселелермен үндес келіп жатуы таңқаларлық. Оның надандық деп отырғаны – халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға себеп-қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын дайындайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?»-деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Халықты ағарту мектептен басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды талап етуі бүгінгі күні де ұстанатын басты принципміз болса болашақ ұрпақты тәрбиелеуде жақсы жетістіктерге қол жеткізеріміз сөзсіз еді. «Бастауыш мектептер оқуы бес жылдық боларға керек. әуелі үш жылда балалар кілең қазақша оқуы тиіс»-деген пікір айтқан. Бүгінгі күні үш тұғырлы тіл саясатын енгізіп, өз тілінде жазу-сызуды толық меңгермеген балаларымызға орыс, ағылшын тілдерін оқыту қаншалықты орынды болар екен? Ол сол кездегі қазақ –орыс мектептері жұмысына баға бере келе былай дейді:» Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек.»-деді. Қазақ тілін, қазақ әдебиетін оқыту-үйрету жолдарын көптеген кітабына арқау еткен Ақаң қазақша оқудың, ана тілімен ауызданудың пәрменді насихатшысы болды.[1.166]

Ағартушын мектеп ісінің өркендеуі үшін не қажет, бұл ретте қандай мәселелерге басымдық берілуі керек деген мәселе үнемі мазалайды. Бұл турасында «Мектеп керектері» деген мақаласында үш жайды атап өтеді:мұғалім, оқу құралдары,оқу бағдарламасы

А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62-санында «Мектеп керектері» деген мақаласында «Мектептің жаны -мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екіншісі –оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы, хәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді. Құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болады. Үшіншісі –мектепке керегі белгіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі, я мерзімді өлшеуі боларға керек.... Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін бастауыш мектепте үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады. » -деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш айқындап берді. Қазіргі жаңартылған білім беру жағдайындағы бастауыш мектептің жағдайы, балалардың жас ерекшелігін ескермей құрылған оқу құралдарындағы тапсырмалар, жеңілден-ауырға қарай принципінің сақталмауы ғасыр басындағы ғұламаның пікірлерін ескермегенлік деп есептейміз.

Оқыту үрдісін дұрыс жүргізуде әдістерді таңдай білудің мәнін тұңғыш бағамдап, бұл турасында: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдіс болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу. 1. «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйеніш қолғабас нәрсе есебінде қолдану керек.»2. «Әр әдіс өз орнында жақсы» 3. «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе Әдістің жақсы – жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен сауаттану әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттану ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да

сауаттану ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды»-деген пікірлер айтқан. Бүгінгідей әдістердің жаңа технологиялармен ұштастыру ісінде де ғалым-әдіскердің ойлары дәл қазіргі талапқа да сай келетіндей.

Ол туған халқының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмағанда бастауыш білім алуын аңсады. Мұғалімдерді педучилищелер ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келе, ондай оқу орындары қазақ даласында жоқ екенін ескеріп, орыс мектептерінен де қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медреседе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз, ал орыс мектептерінде оқығандардың мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді. 1912-1915 жылдар аралығында отыз шақты мақала жазған: «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Оқыту жайынан» т.б. [3]

Ағарту ісінің көшбасшысы А.Байтұрсынұлының «Қазақта» жарияланған «Оқу мерзімі», «Бастауыш мектеп» мақалалары да ұлттық таза қазақ мектебін қалыптастыру жолындағы айқын бағыттылығымен, ғылыми тұжырымдамалар түйіндеген біліктілігімен, көкейге қонымды ойлылығымен ерекшеленеді. Әсіресе, «Бастауыш мектеп» атты мақаласы қазақ балаларының ана тілінде білім алып, оның бар қасиетін бойына сіңіріп өсуі жайындағы өзіндік ұстанымдары әлі өзектілігін жойған жоқ.

Ахмет мақаланы «Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек?» деген өткір сұрақтан бастап, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы маз емес екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдарының жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін сынайды. Осылайша қазақ ұлттық мектебіне байланысты көптеген мәселелерді байланыстыра отырып, олардың шешілу жолдарын көрсетеді. Ол кезде қазақ балаларының білім аларлық екі түрлі бастауыш мектебі болған. Бірі- ауыл мектебі, екіншісі-орыс школасы. Ол ауыл мектебінің жайының төмендігіне қарамай қазаққа пайдалысы осы мектептер дейді. Бұл мектептердің халқына жақындығын, балалар білімді ана тілінде алу керектігін тілге тиек етеді. Ол бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді оқу, жазу, ұлт, дін, ұлт тарихы, есеп, қолөнер, жағрапия, жаратылыс оқытылу керек дейді. [4]

Мұнан әрі Ахмет ана тілінде алынған білімнің ел арасында өнер-білімді таратуда өнімді болып келетінін, сондықтан халықтың көзін ашуда ерекше қызмет атқаратынын түсіне білді. Ол- халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы мектеп ісін жолға қоюға күш салған, өмірін арнаған жан. [5]

Оқу - ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген – оның туған халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. Ол қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін амал-әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу екендігін жақсы түсінді. [6.93]

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдіманов Ө. Ахметтану /Оқу құралы.-Қазақ университеті, 2015-152,166 б
2. Кәрімұлы Х.Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеге қосқан үлесі. //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы - №6, 2004ж.
3. Қыдыршаев А. Аханның әдістемелік мұрасы. –Ақиқат. Ұлттық-қоғамдық саяси журнал.№3 2022-226.
4. «Қазақ» газеті-«Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. Алматы,1998 5-бет
5. Байтұрсынұлы А. «Тіл - құрал» Шығармалары Алматы, 1989 ж.
6. Қыдыршаев А. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу. (А. Байтұрсынұлының оқу-ағарту, әдістеме мәселелері хақындағы ойларынан) //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы - №10,11, 12-93.

150 YEARS SINCE THE BIRTH OF THE TEACHER OF THE NATION AKHMET BAITURSYNOV

Iskakova Zh.G.PhD of pedagogy and psychology

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty,

e-mail: zig019@mail.ru

Annotation

The article reveals the ideological values of the Alash intelligentsia, whose representative was A. Baitursynov. He was a real teacher of the nation, he sought to awaken the dormant Kazakh people, and the contribution of Akhmet Baitursynov for the Kazakh people is limitless. He is one of the leaders of the idea of Alash, which became the foundation of our independence.

Keywords: *national independence, teacher, heritage of the people.*

Аннотация

Мақалада А.Байтұрсынов өкілі болған Алаш зиялыларының идеологиялық құндылықтары ашылады. Ол ұлттың нағыз ұстазы болды, ол ұйықтап жатқан қазақ халқын оятуға ұмтылды, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ халқына қосқан үлесі шексіз. Ол Тәуелсіздігіміздің іргетасына айналған Алаш идеясының көшбасшыларының бірі.

Тірексөздер: *ұлттық тәуелсіздік, ұстаз, халық мұрасы.*

Аннотация

В статье раскрываются идеологические ценности алашской интеллигенции, представителем которой был А. Байтұрсынов. Он был настоящим учителем нации, он стремился пробудить дремлющий казахский народ, вклад Ахмета Байтұрсынова для казахского народа безграничен. Он — один из лидеров идеи Алаш, которые стали фундаментом нашей независимости.

Ключевые слова: *национальная независимость, учитель, наследие народа.*

This year marks the 150th anniversary of the father of linguistics, poet, literature researcher, turkologist, publicist, teacher, translator, public figure Akhmet Baitursynov. A true ascetic of the native language is Akhmet Baitursynov. He worked tirelessly so that the Kazakh language would not be in the shadow of our society. To this end, he wrote a number of works and research papers. He also proposed a version of the first Kazakh alphabet and provided the first textbooks to introduce it as a subject. Akhmet Baitursynov raised the issue of language, noting that Kazakhs who have received knowledge in Russian-Tatar schools do not have enough command of their native language.

One of the authors of the Karkaraly petition, written in 1905 at the Koyandy fair and collected 14,500 signatures, was Akhmet Baitursynov. This petition raised the issues of making changes to the affairs of local government, courts, public education in the interests of the Kazakh people, permission for freedom of conscience, freedom of religion, the release of newspapers without censorship and the opening of a printing house, about replacing the rule of the steppe with a law in accordance with the interests of the Kazakh people. There was also a demand to stop the resettlement of Russian peasants to the Kazakh land. However, these actions of the public activist were regarded as a way out against the authorities. From that moment on, the time of persecution, arrest and prisons began in his life. However, he will never give up his work for the benefit of the nation, which has become his life mission.

Akhmet Baitursynov spent his adult life continuously working as one of the leaders of the national independence movement of the early twentieth century, a political leader, the founder of the Department of Kazakh Language and Literary Studies, a reformer of national writing and an educator [1, 27 б.].

"Upon arrival in Orenburg, I first of all began to study the sound system and grammatical structure of the Kazakh language; then I worked on restoring order and facilitating the Kazakh alphabet and spelling. Thirdly, he tried to rid the written Kazakh language of unnecessary words that came from foreign languages and to clear the syntactic structure from the alien influence of other languages. Fourth, he engaged in getting rid of the Kazakh prose from the artificial book form and the formation of scientific terms for the convenience of folk colloquial speech," Akhmet Baitursynov himself wrote about his activities.

Akhmet Baitursynov, who showed great care for the national heritage, is a major diplomat who formed the Kazakh professional journalism. He explained to the Kazakh people and intelligentsia the public purpose of the newspaper and by his selfless action showed that the press is necessary for a civilized and independent country. Saying the words: "The newspaper is the eyes, ears and language of the population", he clearly and clearly displayed the importance of information dissemination. Being the editor-in-chief of the newspaper "Kazakh", he influenced the publication of the works of poets and writers. The newspaper explained the interests and goals of the Alash intelligentsia and worked in a political direction.

Akhmet is an ascetic and critic of Kazakh society. In his poem "Kazak kalpy", he lists the conservative qualities inherent in our society and suggests ways to get rid of them. Poems depicting his civic dreams and goals were published in 1911 in a separate book called "Masa". The main idea of "Masa" is the appeal of the population to study, work, art, and the promotion of culture. The poet called on the people to get rid of such shortcomings as ignorance, indifference and negligence to the profession. Baitursynov also translated into Kazakh the poems of A.S.Pushkin, M. Yu. Lermontov, F. Voltaire and S.Ya. Nadson. These translations are the works of Baitursynov, which have a high level of content and ideological artistry. With his multifaceted work and wise politics, the poet, concerned about the future fate of the country, became the spiritual leader of the youth.

In 1917, after the fall of tsarist power in Russia, many Kazakhs, including Baitursynov, breathed a sigh of relief, because the February Revolution gave hope for self-government and getting rid of oppression. Taking advantage of the moment, Akhmet and his associates created the Alash party, which became the head of the new AlashOrda autonomy.

This state existed until 1920, when it was forced to come under the control of the USSR. After that, AlashOrda was liquidated as a state entity. All the founders of the autonomy were amnestied, but by the end of the 1930s, few of them remained alive.

AkhmetBaitursynov was a member of the working group on the preparation of the program of the Alash party, and at the second All Kazakh Congress of the AlashOrda, on his initiative, an Education Committee was created, Baitursynov was unanimously elected to the post of chairperson of the AlashOrda [2, 192-195 6.].

In March 1919, Akhmet Baitursynov went to Moscow to negotiate with the Soviet government on behalf of the AlashOrda government; AkhmetBaitursynov was appointed deputy chairperson of the Council of People's Commissars and the Kazakh Military Revolutionary Committee.

Under the influence of Baitursynov, the Soviet government apologized to the leaders and members of the AlashOrda. In 1920, he sent a letter to Lenin's government sharply criticizing the first step in the governance of Kazakhstan. As a member of the Kazrevkom, Baitursynov actively participates in the process of determining the Kazakh-Russian border.

After Baitursynov's official protest against the decision to annex the Kostanay region to the Chelyabinsk region, the Soviet government decided to return the Kostanay region to the Kazakh ASSR. Akhmet Baitursynov was a member of the Government of the Kazakh ASSR, established in August 1920, and in 1920-1921 he held the position of Commissioner for National Education of the Kazakh ASSR.

In 1922 he worked at the Academic Center at the People's Commissariat of Education of the Kazakh ASSR, in the Scientific and Literary Commission at the People's Commissariat of Trade in 1922-1925 and chairman of the Research Society of the Kazakh ASSR.

Akhmet Baitursynov took an active part in the political struggle for freedom and equality of the Kazakh people under the leadership of Alikhan Bokeikhanov. He took a direct part in the creation of the national - patriotic political party "Alash". Alikhan Bokeikhanov was one of the leaders of the Kazakh people and the Alash party.

The alphabet of Akhmet Baitursynov, published in the printing houses of Ufa and Orenburg in 1911-1912, was reprinted 7 times and was widely used in the educational process in Kazakh schools in the 1920s – mid-1930s.

On June 2, 1929, Akhmet Baitursynov was arrested in Almaty along with 43 activists of the Alash movement and by the end of that year was sent to Butyrskaya prison in Moscow for investigation. The following year, he was sentenced to death by the decision of the OGPU under the Council of People's Commissars of the USSR.

However, this decision has changed many times. In January 1931, he was sentenced to ten years in camps, and in November 1932, he was sent into exile in Arkhangelsk. In 1934, with the help of Gorky's wife E. P. Peshkova, Baitursynov was released early and returned to Almaty with his family.

Unfortunately, Stalin's letter to the editorial office of the Ak Zhol magazine dated May 29, 1925 served as the basis for a new political persecution of Akhmet Baitursynov and his followers as "Kazakh nationalists". In December 1937, a new wave of Stalinist repressions hit Akhmet Baitursynov. He was kept in prison cells for about a year.

During one of the endless interrogations, Baitursynov answered the security officer's question about his commitment to power: "I strive to raise the culture and welfare of the Kazakhs, and since this business is in its infancy, I will bow to the authorities that will support my endeavors!"[3, 17-18 б.].

At the beginning of the winter of 1938, he was shot.

Baitursynov's voluminous article titled "The Great Kazakh Poet" is one of the first research works in the science of literary criticism. The article describes the features and importance of the poems of the great poet Abai, in the national art of speech, his historical mission and spiritual being.

The merit of Baitursynov, as a publicist and organizer of the press, in the formation of a seasoned in the political struggle and comprehensively knowledgeable stream of the Kazakh intelligentsia, is countless. In the history of Kazakh science, he is remembered as a reformer who created the national alphabet and offered a new example.

On the eve of the 150th anniversary of the mentor of the nation, the national TV channel "Kazakhstan" filmed a series called "Akhmet. The teacher of the nation." The domestic series of 6 episodes was presented to viewers and shown from blue screens on the eve of Independence Day. In addition, the Ministry of Culture and Sports has taken up the shooting of a full-length feature film "The Final Verdict".

"In order to preserve our independence, we need to strive with all our might and means for enlightenment and general culture, for this we must first engage in the development of literature in our native language. We should never forget that only those people who speak their own language and have their own literature have the right to claim independent life ..." A. Baitursynov article in the newspaper "Kazakh".

Throughout his life, A. Baitursynov has always been concerned about the independent existence of the Kazakh people, as one of the leaders of the Alash party said: "Our goal is to give the people the opportunity to decide their own fate. Only after achieving independence, the people will take their fate into their own hands ..." Time will pass, a new generation will come, but the heritage, experience and values of the Alash intelligentsia, A. Baitursynov will support the Kazakh people in the flow of history.

REFERENCES:

1. Akhmetova L.S. "Akhmet Baytrsynov – the main thing is gaining independence." Astana, 2008

2. Alash-Orda: Collection of documents by N. Martynenko. - Alma-Ata: Small Publishing House "Aikap", 1992. -192 s
3. Iliuf X-M "AkhmetBaitursynov: the great teacher of the nation". VestiSemey, 2011

ӘОЖ 37.013

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ

Абдрахманова Анар Мұхтарқызы

Қ.Дутбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі, Атырау қ.

E-mail: anar.muhtarovna@mail.ru

Аннотация. Баяндамада А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар», «Қай әдіс жақсы» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болатындығы туралы айтылады. Қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған қондырғы «Әдебиет танытқыш» еңбегіне де ғылыми зерттеулерді негізге алып талдап көрсетеді.

Тірек сөздер: қазақ әліпбиі, грамматика, терминдер, әдебиет атаулары

Аннотация. В докладе А.Байтұрсынұлы преподавание, преподавание и развитие казахского языка, «Средство обучения», «Язык как средство», «Проблемы методики», «Рассказчик», «Язык как средство», «Какой метод лучше» и т. говорится, что переполненное наследие может быть полностью использовано в обновленной модели в соответствии с сегодняшними требованиями. Инсталляция, заложившая первый фундамент науки казахского литературоведения, анализирует произведение «Литературовед» на основе научных исследований.

Ключевые слова: Казахский алфавит, грамматика, термины, литературные названия

Annotation. In the report of A. Baitursynuly teaching, teaching and development of the Kazakh language, "Means of teaching", "Language as a means", "Problems of methodology", "Storyteller", "Language as a means", "Which method is better", etc. it is said that overflowing heritage can be fully used in the updated model in accordance with today's requirements. The installation, which laid the first foundation of the science of Kazakh literary criticism, analyzes the work "Literary critic" on the basis of scientific research.

Key words: Kazakh alphabet, grammar, terms, literary names

Ахмет Байтұрсынұлы. Бұл есімді білмейтіндер жоқ болар. Өйткені, бұл кезде мемлекеттік мәртебеге ие болған Ұлт тілі туралы сөйлесек, Ахметтің ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасақ құқымыз жоқ. Себебі, қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде түрен салып, негізін қалаған, айдай әлемге танытқан да Ахмет! Жиырмасыншы ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары «қазақ халқының көсемі», «ұлтымыздың ар-ожданы» деп ұлықтап, есімін тура атамай, «қазақтың Ахаңы» деп дәріштеген. Ахаңның аяулы есімін жылдар бойы айтқызбай келген Кеңестік жүйенің коммунистік партиясы «бір уақыттары өзі даттаған ұлын, 1988-жылы қараша айының 4-і күні өзі ресми ақтады». Он бес республиканы ұршықша иірген Кеңес Одағы соңыра қоғаммен қош айтысуға мұршасы келмей, өзі келмеске кетті... «Дүние – кезек» деген осы болар, сірә!

XX-ғасыр басында ұлт жұмысын арымен атқарған Ахметтей данагөйден қалған мұра, артындағы қазақ деген ұрпағына мәңгі азық боларын кім білген?! Қазақ ұлтының ғана емес,

бүкіл түркі жұртының мақтанышына айналған Ахмет Байтұрсынұлының шығар-машылық мұрасына ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізу – ұлт тіліне мәртебе алған тарихи кезеңмен тұспа-тұс, бірге келді. Мүмкін, бұл кездейсоқтық та болар. Дегенмен, ғажап үндестік. Ұлтының жері мен елінің дербестігі, тілі мен тіні, діні мен ділі үшін «малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген толағай тұлға халқымен қайта қауышты! Елі-міздің тәуелсіздігімен бірге Ахметтің екінші, мәңгілік өмірі басталды. Ұлт ұстазының 50 жылдық мерейтойында замандас әрі рухани інісі Мұхтар Әуезов: «...қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Аханның қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш» деген екен. Заманымыздың заңғар жазушысын көреген, тіпті көріпкел ме дерсіз!

Ақиқатында, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы саласында ұлт тілін «пән» ретінде үкілеп, оны оқытуды ғылыми жүйеде қалыптастыруды негіздеуші – Ахмет Байтұрсынұлы. Жалпы, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Алаш зиялыларының: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қошке Кемеңгерұлы т.т. қазақ тілі мен әдебиетін дамытып, оқытып-үйретудегі көрсеткен негізгі ұстанымдары әлі күнге нақты қолға алынған жоқ. Тек, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануды оқыту, меңгерту тақырыбындағы бүгінгі тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдар мен әдіс-керлердің өзіндік ой-пікірлерін дамытудағы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда қисынды, әрі дұрыс. Дегенмен, мұны өмір тәжірибесінде де қолдана білсек, ол нәтижелі болар еді. Әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар», «Қай әдіс жақсы» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болады. Ағартушы-ғалым қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис салаларын бүтін бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын жасады. Әлбетте, бұл күні әбден қалыптасқан қазақ тіл білімінің ғылымы аз ғана уақытта қаланған жоқ. Ол талай жылғы, талай майталмандардың көз майы жегілген жұмыстардың нәтижелері арқылы жинақталды. Ғалымның өзі айтқандай, тілдің әуелі грамматикалық ілімін қалыптастырудан, сонан соң грамматикалық құрылымын зерттеп-зерделеуден басталған. Мұны замандастары «Ақаң түрлеген ана тілі», «Ақаң салған әдебиеттегі асыл сөз» деп әспеттесе, бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің ғалымдары қазақ тіл біліміндегі «Байтұрсынұлы бастаулары» деп жүр [1].

XX-ғасыр басында ғалым түрлеген әліпбидің ұлтты сауаттандырудағы рөлі қандай? Енді осы мәселе төңірегіндегі пайым-танымдарға үңілсек. Тура сол тұстағы қазақ оқымыстыларының алдына қойған ұлы міндеттердің бірі – ол бұдан әрі «Қазақ халқы рухани келбеті, өзіндік бағыт-бағдары бар ел бола ма, жоқ «баяғы жартас бір жартас» деп, бодан қалпында өзінің ұлттық сипатынан айырылып, болмысын жоғалта ма?» деген өзекті мәселе тұрған еді. Осы мақсатта қыруар іс атқарған реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының Қазақ әліпбиін түзіп-түрлеудегі жетістіктерін үзеңгілес замандасы, лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов жоғары бағалаған. Және ол кешегі Кеңес үкіметі кезіндегі «аласапыран» тұста да Қазақ әліпбиін (Байтұрсынұлы емлесін), төл тілін таптатпаған. Қ.Қуанұлы кеңес тұсында ЖОО-да оқыған дәрістерінде Байтұрсынұлы оқулықтарының 1-ші сыныптан жоғары дәрежелі мектептерге (ВУЗ-ға) дейін бәріне де «жарап» жүр. «Тіл – құралымен» оқытуға тыйым салынса да мұғалімдердің оның (А.Байтұрсынұлы) кітаптарын Құрандай қолтықтап, керегін Ахметтен іздейтінін жазды. Қазақ ұлттық ғылымының жетістіктерін Кеңестік идеология бірде ақтап, бірде даттап, сәуегейлік танытып, алаштықтардың артында қалған мұраларын талан-таражға салып үнсіз сіңіріп, талдап-тануда «ала-құлалық» көрсетіп жүргенде, сол жүйедегі жеке басқа табыну саясатынан тайсалмастан сөйлеген Қ.Жұбанов «қара тізімге» ілінген қазақ зиялыларының мұраларына араша түскеніне мұрағаттық деректер куә. Ал, Қазақ әліпбиінің жобасы талқыға түскен тұста Қ.Жұбанов қазақ әрпінің негізгі арқауын араб жазуы-мен байланыс-тыра отырып, қарастырады. Мәселен, «...с 1912 г., когда впервые была выработана эта система и произошла реформа

арабского алфавита, по 1930 г., когда арабский алфавит правительственным декретом был изъят, т.е., в течение 18 лет казахские слова писались по этой системе, причем никаких недостатков (...) Надо заметить, что отказ от этой системы принятием латинского алфавита произошел (...) по нажиму ученого совета вцкна, а не по инициативе Казахстана» деген сөзі қазақтың өз жерінде, өз Отанында отырып әліппе таңдауда еркі болмағанына ашынған ызасын көрсетсе керек [2]. Түркітанушы ғалым Қ.Жұбанов қазақ әліпбиінің қалыптасуын терендеп танытуда Ахмет Байтұрсынұлына дейін де түрлі әліпбидің қолданыста болғанын, Ыбы-рай Алтынсарин түзген әліпбидегі кейбір «кемшіліктерді» Ахметтің түзегенін, сөйтіп, ескі әліпбиді қазақы танымға бейімдей отырып, «қосар дыбыстарды жаңадан енгізді» деп, қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен даму сатысына сүзгі сараптаулар жасайды. Жаңа әліпбидегі сонылықты құптап, қабылдайды. Мәселен: «...возражение не выдерживают критики, потому что всякие культурное и иное достижение, оставленное нам (...) это наше законное наследие (...). Отказываться от подобного наследия так же глупо (...) мы не откажемся ни от чего, что составляет лучшее творениях предыдущей истории, если оно в наших руках может быть полезно для нас» деген айшығынан, әрбір еңбекті «заңды мұра» деп танығанын, ұрпақ тәрбиесіндегі қажетті құрал санағанын көреміз [3, 35-б.].

Енді, Ахмет Байтұрсынұлы жүйелеген қазақ тіліндегі атау-ұғымдардың дәлдігі мен даралығына үнілсек. Қазақ даласында мектептің негізін салушы Ы.Алтынсарин орыс тіліндегі «Имя существительное» дегенді «Нәрселердің атауы» десе [4, 227-б.], А.Байтұрсынұлы «Зат есім» деп атайды [5, 160-б.]. Ал, «Имя прилагательное», «Имя числительное» деген сөз таптарына Ыбырай «Зат-мақұлықтың қасиеттерінің аттары», «Есеп аттары» деп баламаласа [4, Б. 238, 243], Ахмет «Сын есім», «Сан есім» деген атау-ұғым берді [5, 162-б.]. «Местоимение» деген терминді алғашқы ағартушы «Ақыры өзгерілмейтін сөздер» деп аударса [4, 248-б.], кейінгі әдіскер «Үстеу», «Демеу» дейді [5, Б. 165-166]. Бүгінде бұлар қазақ тілінде қалыптасып кеткен атау-ұғымдарды білдіретін пәнсөздер. Осылайша, қисын-ережелер қалыптасып, алдыңғы буын өкілдері жіберген кемшіліктер кейінгі ұрпақтың түзеп-түрлеуі арқылы қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының заңдылықтары дамып жүйеленіп отырған.

Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліпбиін 1924, 1931 жылдары «Байтурсуновская графика», «Байтурсуновский алфавит» деп атап, түркі елдері арасындағы «ғылыми жүйеленген ірі жетістік» екенін мойындаған. Мәселен, 1931 жылы Мәскеудің «Литературная энциклопедия» жинағына ғалым реформалаған әліпби «Казахский (Байтурсуновский) алфавит» енгізілген [6, 23-б.]. Ал, біздің бүгінгі жетілген қазақ тіліндегі 40 (жуан, жіңішке белгіні есептеу шарт емес) әріптің түп негізі – Ахаң емлесі негізінде қайта жасалғанын ескере бермейміз...А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы. Қазақша алифба» оқулығы 1912 жылы Орынборда жарық көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибратын оқулықтың беташары ретінде ұсынады. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі: «Би-исми-иллахи-рахмани-раһим» шырағандай орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері рет-ретімен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына оқытушыға нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен бірге, соңына қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне ылайықталған қысқа мәтіндер. Туысқан-туған атаулары; Тұрмысқа қажетті киім, үй саймандары; Ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және астағамдары; Дене мүшелері т.б. қамтылады. Оқу құралының 2-ші кітабы жалғасты оқулық ретінде толықтырылып, 1913 жылы шықса, «Әліппе – астары» әліппеге жетекші құрал ретінде 1924 жылы жазылған. Оқулықтардың бала сауаттандырудағы қажеттілікті өтеудегі зор қызметіне, оның 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925 жылдары жиі басылым көруі айғақ. Ағартушының «Тіл – құрал» оқулығы негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Әдіскер ұстаз оқулықтың не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, 1-ші жылы оқытылатын бөлім тілдің негізі болғандықтан,

оқытушылар алғашқы жылы балаларға харіпті нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші оқулықта әріптер, буындар, әріп туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: Түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал, қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін өте жеңіл ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылды.

1995 жылы Абат Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты ғылыми зерттеу еңбегінде ағартушы әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық салыстырмалы талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік оқулықтарының бүгінгі қазақ тілін оқыту ісінің негізі әрі сабақтастығын, тарихи тұлға мұрасының өміршеңдігін жазды [8]. Әдіскер ұстаздың «Байаншы» әдістемелік құралы мектеп мұғалімдері үшін жазған нұсқаулығы. Кітап 1920 жылы жарық көрген. Ағартушы-ұстаз өзінің 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйеніп, сол тұстағы заман талабы жаңа оқу жолымен (усул сотие) қалай оқыту керектігіне: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазылу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» деген аңдатпалық мағлұмат береді. Мұнан басқа «Тіл – жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құрал жазған. 1-ші кітап 46 бет (1928), екіншісі 90 бет (1929). Нұсқаулықтың кіріспе орнына берілген «Дәйектемесінде» құралдың қажеттілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғанын айтады. Бұл кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға, жаңа емлені қиындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету. Оқулықтың 1-бөлімінде әріптер мен әріп таңбаларын түрлі орында жұмсалатын сөз бен сөйлем белгілерін жаза білуге үйрету болса, 2-бөлімінде осы өткендердің ауқымын кеңейте отырып, пысықтау мен бақылау жұмыстарын қатар атқару қарастырылған.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбек туралы әдебиеттанушы-ғалымдар: «XX-ғасырдың ба-сын-да әдебиеттану саласында нақты іс ат-қарған, өзгелерге үлгі көрсеткен А.Бай-тұрсынұлы болды» дейді. Бұл еңбектің ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулерге деңгейлес, әдеби ұғым-түсініктердің тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықталған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми зерттеу екенін айтады. Академик З.Қабдолов ғұламаның әдеби мұрасы хақында «Әдебиет танытқыш» – тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы кешегі кеңес кезінде бұрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасында ғылыми тұрғыдан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, бүгінгі таныммен талдап таратты [8, Б. 70-80; Б. 38-41]. Академик Р.Нұрғали «Күлтегін» баспасынан жарық көрген өзінің «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты зерттеуінде: «Әдебиет танытқыштың» қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Зейін салған кісі аңғарса керек, А.Байтұрсынов былай дейді: «Ұстасу шығармалар қайраткердің түріне қарай үшке бөлінеді: 1) әлектеніс; 2) азаптаныс; 3) әуреленіс. Осылардың біріншісі – әлектеніс пен үшіншісі әуреленіс талданады, ал, екіншісі – азаптаныс жоқ. Сондықтан, сақталған кітап бойынша болашақта «Әде-биет танытқыштың» толық тексті табу міндеті тұр. Тағы бір мәселе әр түрлі жанрлық формаларды талдап болғаннан кейін А. Байтұрсынов әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше нөмірлерінен қара деп ескертеді. Ендеше, «Әдебиет танытқыш» оқулық, оның хрестоматиясы – нұсқалығы да болған ғой. Қазіргі дерек бойынша ол жарияланбаған секілді. Әлде қолжазба күйінде архивтің бірінде жатыр ма? «Мәдениет тарихы» деген еңбек бітіргені белгілі – ол да жоқ. Қайда? Қысқасы, Ахмет Байтұрсыновтың ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеулер жүргізу керек» деген толғақты ойын әдебиеттанушы ғалымдарға арнайды [9,

35-б.]. Шындығында, қазақ әдебиеттану ғылымына негіз болған бұл зерттеу еңбек келешекте арнайы кешенді түрде зерт-тейтін өзекті тақырып. Еңбектегі әдеби терминдер бұл күні әбден халықаралық терминдерге бой алдырған әдебиеттану ғылымының сөздік қорын қазақыландыруға септігі тиер еді. Академик Р. Нұрғалиұлы: «Әдебиет танытқыш» әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А.Байтұрсынұлы жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» дейді [9, 36-б.].

Ахметтанушы А.Ісімақова «Әдебиет танытқыш» туралы былайша ой саралайды: «Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни, «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғанын» айтады. Демек, әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болғандығын айтады. Зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнері туралы: «...ауызша шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ, қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі» деген қисынын негізге алып, әдебиетті өз қағидалары бойынша түсіндіреді. Яғни, «пәнсөздер» басты міндет атқаруына баса салмақ салып, сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көпсөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады» деген қисыны бүгінгі тәуелсіз кезең әдебиетінің де ұстанатын қағидасы болуы шарт деген тұжырым түйеді [10].

Қазіргі филология танымы тұрғысынан қарағанда, «Әдебиет танытқышта» кездесетін кейбір олқылықтар мен қабыспаушылыққа қарамастан, жазылу ұстанымдары, пікір-тұжырымдары, материалдарды жіктеуі, терминдерді жүйелеуі көңіл аударуға тұратынын тілші, әдебиетші ғалымдар мойындайды. Жазылғанына 80 жылдай уақыт өтсе де, еңбектің дәл бүгінгі күн тұрғысынан алғанда да көкейкесті болып отырғандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Міне, осы кезеңдерде мерзімді басылымдарда жарияланған әдеби-ғылыми зерттеулердің кәсіби, теориялық талдауларының сапалы болуы «Әдебиет танытқыш» сынды теориялық еңбекпен ауыздануының оң нәтижесін танытса керек. Әдебиетші-ғалым Т.Кәкішұлы «Әр дарынның тарихта өз орны бар» атты мақаласындағы А.Байтұрсынұлының сол жылдары егемендікке ұмтылудың, азаттық алудың бірден-бір жолы оқу мен білім алып, ой-сананы дамытуда екендігін жете ұғынып, оны белгілі дәрежеде «ағымға айналдыруға мұрындық» болғандығына баса көңіл бөледі [11]. Қазақ елінің болашағы үшін қаламымен күрескен қайраткердің қоғамдық белсенді қызметі мен публицистикалық еңбектері, ғылыми зерттеулеріндегі пікірлері ғалымның осындай қорытындыға келуіне негіз болды. «Әдебиет танытқыш» туралы, ондағы атаулар мен терминдердің қазақ әдебиетінің барлық ұғым-түсінігіне сай келетінін айтып, зерттеуші: «...Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Ондағы анықтамалар мен терминдердің өзі күні бүгінге шейін біздің ғылыми арсеналымыздан орын алатын құнды қағидалар мен атаулар. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы-фундамент» деген қорытындыға келеді [11, Б. 102, 210-211]. Әдебиеттанушы Т.Кәкішұлы ғалымды қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған зерттеуші ретінде бағалайды. Ол қаламгер еңбектерінен нақты мысалдар келтіре отырып, тарихи деректер негізінде пайымдаулар жасайды. 2000-шы жылы қаламгердің бұрын-соңды ғылыми ортаға таныс емес «Қалам қайраткерлерінің жайынан»

деген мақаласын жариялады. Зерттеуші бұл мақаланы көпшілікке таныстырып отырғандағы мақсатын: «...мұндай мұраларды жариялау бізге керек... Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінгісіз ертеңнің кірпіші қаланбайды. Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз де, міне, осы» дейді. Әрі осы мақаланың астарынан бәле іздеген өз қандастарымыз, Ахметті партиядан шығарып тынғанынан мағлұмат береді. Десе де, бұл тарихи маңызы зор мақаланың «Аханның азаматтығын айқын танытқан, интернационалистерді үркітіп, айғай-шу шығарған, «ұлтшылдықтың манифесі» деген баға береді әдебиеттанушы ғалым Т.Кәкішұлы. Әдебиеттанушы Ж.Смағұлов «Әдебиет танытқыш» туралы: «...Ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді» деп жазады [12]. Және зерттеудің ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсететін ғылыми мәні соңғы уақытқа дейін дұрыс бағаланбаған. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқы ғылыми зерттеу екені енді ғана айтылып, нақты бағасы беріліп жатыр» деп талдауын әдебиетші-ғалым Р.Нұрғалиев, тілші Р. Сыздықованың ой-тұжырымдарымен таратады. Ж.Смағұловтың бұл пайымымен келісуге де келіспеуге де болады. Келісетініміз: ғалым есімі ақталғаннан бастап, отандық тілші-әдебиетші, көсемсөзші, тарихшы, философ, заңгер т.б. ғалымдардың барлығы дерлік Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы туралы жаңаша көзқарастарын бүгінгі ұлттық ғылымның танымы тұрғысынан жазды, жазып келеді, жаза да беретіні. Келіспейтініміз: 1919-жылы А.Самойловичтің ғылымтанудағы үрдісі – Ахметке берген қысқаша биографиялық ғылыми сипаттамасы тоқтап қалған жоқ. 1974-жылы орыс зерттеушісі, түрколог-ғалым А.Кононовтың биобиблиографиялық басылымға берген анықтамалығында: «...им же написаны на казахском языке учебники по фонетике, синтаксису и этимологии казахского языка, а также по теории словесности и истории культуры» деген мәліметі кеңес жүйесі кезеңіндегі «Ахметті халық жауы деп, аты аталмай тұрған тұста» айтылған тарихи баға екенін әсте ұмытуға болмайды. Орыс ғалымы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» жеке дара алып қарастырмаса да, анықтамалығында «әдебиет теориясын» жазғанын айтты. Жалпы, «көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген, әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың жан-қиярлық еңбегінің жемісі» деп тұжырым жасаған.

«Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған қондырғы болғандығы туралы ғылыми зерттеу еңбектер жазылды. Мәселен, 2007 жылы – Ұ.Еркінбаев «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану контексінде» [13], 2010 жылы – А.Ойсылбай «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері» кандидаттық диссертациялар қорғалып, нәтижесінде ғылыми негізде тұжырымдалған ой-танымдар, соны ұсыныстар әде-биеттануға жаңа арна болып қосылды [14].

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлы ұстанымдары – қазақ балаларының қазақ қамын ойлап, түсініп, танып, соған кірісулері үшін қазақша оқуы керек. Білім, кәсіпке сол арқылы жетеді. Олардың ұлт жұмысына араласқандары жұмыла кіріскендері жөн. Ұлт мүддесі – үлкен міндет. Өз билігінді, шаруанды өзқолыңа алу үшін ұлттық рух керек. А. Байтұрсынұлы әдеби шығармашылық және ұстаздық қоғамдық қызметін соған арнады. Осы мақсатын орындауда А.Байтұрсынұлына ұлы бағдарлама тәрізді Темірқазық болған ілім–абайтану еді.

«Абайтануды биік деңгейге көтеруде ХХ ғасырдың басындағы әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдері - Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Дулатұлы, Ж.Ақбайұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Қарашұлы, Х.Досмұхаметұлы, М.Тынышбайұлы т.б. үлкен еңбек сіңірді. Ұлттық рухтың Темірқазығына айналған тұлға – Абай екені олардың арнайы мақалаларынан да байқалады. Бұл–классикалық мұраны мойындап, оны түсінуге, әрі қарай дамытуға ұмтылыс еді.

А.Байтұрсынұлының Абай шығармаларымен танысуы 1903 жылдан басталады: «1903

жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азын түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да, түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық–Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес. Оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, – оқушыда. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды дасынайды».

«Қазақтың бас ақыны» (1913) атты мақалаға қойылған бұл атауды кезінде қазақ атаулының бәрімойындады, қолдады деп айтуға болмайтын шығар. Бірақ қаламгер осы мақаласында абайтануға баратын басты жолды дұрыс айқындап, сол жылдарда елге белгісіздеу жаңа ілімнің, бәлкім, көңіл аударуға қоймаған соқпақтарын ашып көрсетеді.

А.Байтұрсынұлының Әлихан Бөкейханұлының Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы жарық көрген шығармаларымен жақсы таныстығы байқалады. Мысалы, Ә.Бөкейханұлы еңбегінде аталатын Спенсер, Луис, Дрепердің есімдері аталады, әсер еткен орыс қаламгерлерінен Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писаревтер сөз болады. Сонымен қатар 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» атты шығармасымен, сондағы Кәкітай Ысқақұлының Абай Құнанбайұлының өмірімен жақсы таныстығы байқалады.

Қазақ тілі мен оның асыл сөзін, яғни сөз өнерін пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғибратын мансұқтап, жетілген тілге бөгде тілдің заңдылығын жөн-жосықсыз жапсырып, шалажансар тосын жаңалық ашуды доғаруға міндеттіміз. Қазіргі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы қолданылып жүрген оқулықтардың көпшілігі «іргетассыз үйлер» сықылды. Үйренуші былай тұрсын, үйре-тушінің өзі түсіндірме сөздіксіз түсінбейтін қондырғы мәтіндерден құралған. Хакім Абай айтқандай: «...Бас басына би болған өңшең қиқым» дегендейін, айналдырған 2-3 жылда оқытушы оқулық авторы болып шығуда. Шындығында, сапасы сын көтермейтін 90 оқулықтан гөрі, Білім министрлігінің арнайы тапсырысы бойынша қоғамда мойындалған тәжірибелі әдіскер-оқытушылар тарапынан жазылған 9 оқулық маңызды болмақ. Ал, министрлік нағыз қазақ тілі мен әдебиетінің нағыз әдіскер-оқытушы ғалымдарының артында қалған нағыз ұлттық мұраларды – жаңашыл оқыту жүйесіндегі заманауи технологияларда қайта жаңғыртуды қолға алып, тиімді қолдана білсе «сөз бұйдаға салынған қазақ тілін» бүгінгі орыстілді дәріс-хана тыңдармандарына ғана емес, барша қазақстандықтарға оқытып-үйретуде нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

Біз еліміз үшін, ұрпағымыз үшін аса жауапты кезеңді бастан өткеріп жатырмыз. Мұны бірімізбіліп, біріміз аңғармай жүрген жайымыз дабар.

Қазақтың дәстүрлі өмірінде елге, халыққа, салт-санаға, дінге, ділге жауапты тұлғалар, тіпті қоғамдық лауазым-қызметтер болатын. Елді ел еткен де – солартын. Өкінішке қарай, біз сол жүйеден көзжазып қалдық. Оның себебінде білеміз. Басында Ресей отаршылдық, кейінгі большевиктік-коммунистік мәңгүрттік алпауыт орыс жұртынан бастап, азаттығы үшін ғасырлар бойы арпалысқан және арпалысып жатқан ұлттар мен ұлыстарды тарихи жолынан адастырып жіберді. Біз бұл жерде «орыс жұрты», «ұлыс» дегенді орнымен қолданып отырмыз. Біріншісі түсінікті (солтүстіктің жергілікті тұрғыны «Біз кімбіз? Кім болдық?» деп, ХХІ ғасырда қаңырағандеревняларымен меңірегін алқаштарына қарап зарлайды), екіншісі – ешқашан да ұлыс «народность» болмайды (әдейі қате аударылған), ол – бір кездегі мемлекеттер, хандықтар немесе олардың жұрнағы. Ресейдің бір ғалымы жазып еді: «Уралаған сауатсыз большевиктер Орталық Азияны жаулап, бағындырып: «Бұларға мәдениет әкелеміз!» – деп өзеурегенде, осында мыңдаған жылдық мәдениеттің бары ойларына да кіріп шықпады...» – деп.

Жалпы ұлтқа қатысты дүниеде «ұсақ-түйек» деген болмайды. Соның бірі әрі бірегейі – ұлттық аты-жөн. Бұл – әрбір ұлтты тілімен, ділімен бөлек етіп жаратқандай, Алланың айрықша бір нығметі. Қасиетті «Құран-Кәрімде»: «Ей, адамдар, расында, біз сендерді бір еркек (Адам) және бір әйелден (Хауа) жараттық және де бір-бірлеріңмен танысуларың үшін сендерді халықтар мен ру-тайпалар етіпқойдық», – делінген («Хужрат» сүресі, 3-аят). Осы ең ұлық кітапта әр ұлт-милләттің өзіндік жолытуралы да хабар берілген: «Сендерден әрбір ұлт үшін (жеке) шариғат және жол жасап қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір үммет жасар еді» («Маида»сүресі, 18-аят).

Олай болса, Жаратқанның хақ жолын бұрмалаушылармен текетіресу – әділеттік, биік азаматтық екенін аңғарамыз. Алаш зиялылары – нағыз осы жолдағы қайраткерлер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Ахаңның әдеби қисындары // Көзқарас.–Алматы: Рауан,1996.
2. АхметовЗ. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген//Ұлттың ұлы ұстазы.–Алматы,2001.
3. Байтұрсынұлы А.Бес томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Алаш, 2003.– 384б.
4. Абайтану. Таңдамалы еңбектер.-1-том.-Алматы:Қазақ университеті, 2015.-136-137-б.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны// Қазақ,1913,№40,43
6. Бөкейхан Ә.Абай (Ибрагим) Құнанбаев (мұнақып-некролог) // Семипалатинский листок.-1905,25-27 қараша.
7. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі. Бастырған:Кәкітай Тұрағұл Құнанбайұғландары.-СПб., 1909.

II – СЕКЦИЯ
А. БАЙТҰРСЫНУЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

II – СЕКЦИЯ
ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ А. БАЙТҰРСЫНУЛЫ: ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ

ӘОЖ 541.124

СӨЙЛЕЙ БІЛУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ

Бакраденова А.Б. п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Таурбекова А.С. п.ғ.магистрі, аға оқытушы
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы
E-mail: altyn.bakradenova@mail.ru
taurbekova71@mail.ru

Аннотация. Мақалада авторлар мектепке дейінгі және бастауыш сынып балаларының ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қатысты мәселелерді қарастырады. Сөйлеудің қазіргі таңда маңызын арттыру мақсатында оқыту бағдарламаларына бастауыш мектеппен байланыста жаңаша курстар енгізіліп отырғанын сөз еткен.

Тірек сөздер: әдістемелік нұсқау, ауызша сөйлеу, жазбаша сөйлеу, вариативті бағдарлама ғалым-әдіскерлер, сөйлеу, оқылым, жазылым, айтылым

Аннотация. В статье авторы рассматривают вопросы, связанные с формированием культуры устной и письменной речи детей дошкольного и младшего школьного возраста. В целях повышения значимости речи в настоящее время в учебные программы внедряются новые курсы с новыми названиями в контакте с программой начальной школы.

Ключевые слова: методические указания, устная речь, письменная речь, вариативная программа, ученые-методисты, говорение, чтение, письмо, аудирование.

Annotation. In the article, the authors consider issues related to the formation of a culture of oral and written speech in children of preschool and primary school age. In order to increase the importance of speech, new courses with new names are currently being introduced into the curricula in contact with the primary school curriculum.

Keywords: guidelines, oral speech, written speech, variable program, methodologists, speaking, reading, writing, listening.

Ғылым жолы болжаған ізденіс нәтижелеріне жету, теориядан практикаға өту болғанда ғана мәртебелі, табысты болмақ. Бұл, әсіресе, бір мамандық төңірегінде жылдар бойы үздіксіз еңбек етуді қажет етеді. Өткен ғасырдың 70-90 жылдары республика бойынша қазақ тілінде мектепке дейінгі және бастауыш сынып педагог мамандарын даярлайтын екі-үш жоғары оқу орны осы үддеден шыға алды. Бұл ойыма дәлелдерім—өз оқу орындарында осы аталған мамандықтарға оқулықтар жазып, тынбай еңбек еткен С. Рахметова, Х. Қожахметова, А.К. Меңжанова, Қ. Аймағамбетоваларды ізденуші аспирант кезімде Алматыға барған сапарларымда жоғарғы оқу орындарында талай рет еңбек үстінде көргендігім. Олар дайындаған әдістемелік нұсқауларды, оқыту мен тәрбиені ұштастыра жүргізу мәселесін ұсынып, көркем-әдеби тілдің баланың танымын толықтыруда, ана тілінде таза сөйлеуге үйретуде, ұлттық санасын сомдауда тиімді әдістерін әлі де оқулықтардан кездестіреміз. Қырық жыл бойы «Әліппе» оқу құралын жазу ұжымын басқарып, өзі бас автор болып келген, мектеп қабырғасынан көркем жазуды меңгертетін, грамматикалық талдауды шемішкеше шағатын сауатты ұрпақ сомдауда ерекше еңбек еткен Әуелбаев Шәріп ағай

сексенге қараған шағында да ізденісте жүретін, ғылымда өз үлесін қалдырып кеткен ғалым еді. 90-жылдары қарттыққа бой алдырмай, І.Жансүгіроав атындағы Талдықорған педагогикалық институтында алғаш ашылған филология факультетінің қазақ топтарына доцент-профессор лауазымында қызмет етті. Фонетист ғалым Алматыдан арнайы шақыртылып, институт жатақханасынан берілген бір бөлмеде еліміз тәуелсіздік алған жылы әліппенің жаңа нұсқасын құрастырғаны көз алдымда. Кейінгі әліппеге қатысты тартыстардың басылуына А.Байтұрсыновша қоғам талабын орындаған, ұлы педагогтің ісін жалғаған осы кісілердің рухы деп білеміз.

«Қазақстанның ұлттық басымдығы: балалар және білім» тақырыбындағы биылғы тамыз конференциясында мектепке дейінгі білімнен бастап жоғары оқу орындарына дейін қызмет ететін педагогтерге ой салған ерекше баяндамалар тыңдалды. Негізгі мақсат – балабақша тәрбиешілері мен мектеп мұғалімдері жүргізетін оқу-тәрбие жұмыстарын сапалы ұйымдастыру, әр баланың табиғи дарындылық қасиеттерін айқындауға, педагогикалық үдерісте жеке-дара қабілеттерді дамытуға назар аудару. Ал бала болсын, үлкендер болсын, біздіңше, олардың сөйлеу қабілетінен бойына жиған білімі мен ана тілінің ережелеріне байланысты қалыптасқан құзыреттіліктері байқалмақ.

Жаңғыртылған бағдарламалар іске қосылып жатқан қазіргі заманда мектептердегі оқу-тәрбие мазмұны жаңаша толықтырылып, жергілікті оқу орындарының мамандыққа орай білім бағдарламаларын әр факультет өздері құрастыруға еркіндік берілген. Осыған дейін мектеп қана емес, балабақшадан тұлға даярлаймыз деп теорияда, практикада деп сан-саққа қараған жорамал әдістер ұсынылып келді. Ұлттық мүддені ұмытып, әлемдік жаңалықтарға құлақ асудамыз. Балаларымыз да, оқушыларымыз ана тілін қорсынып, еуропаланып бара жатқандығы тарихи шындық.

Осы мәселеге, сонымен қатар, оқыту, тәрбиелеу ісінде балабақша-мектеп-жоғарғы білім беру бағдарламаларында тығыз байланыс орнықтыруға назар аударуға қазір қажеттілік туындап тұр.

Өткен оқу жылында факультетімізде «Мектепке дейінгі мамандарды даярлау: Теориядан практикаға» атты республикалық онлайн семинар өткізілді. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және және өзін-өзі тану білім беру бағдарламаларының жетекшісі, профессор Қыяқбаева Улбосын Қозыбаевнаның «Заманауи педагог тәрбиешінің кәсіби дамуы: жаңа мүмкіндіктері мен бағыттары», Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жиенбаева Сайра Нағашыбаевнаның «Мектепке дейінгі ұйымдарға маман даярлаудың инновациялық бағыттары», «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы» РММ директоры Адамова Манара Елекеновнаның «Мектепке дейінгі білім беру: іс-тәжірибе және перспективалар», «Алматы облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№42 балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері Тұлымшақова Гульниса Досановнаның «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәжірибеге негізделген білім беру ресурстарын қолдану» және осы семинарды ұйымдастырып отырған педагогика және психология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ыбыраимжанов Қалибек Тұрдығазыұлының «Болашақ педагог - тәрбиеші мамандығына даярлау мәселесі» және психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор А.А. Капенова мен А.Б.Бакраденовнаның «Қазіргі мектеп жасына дейінгілердің ойлауы мен сөйлеу тілін байланыста дамытудың болашақ тұлға тәрбиелеудегі маңызы» тақырыптарына жасалған баяндамаларында теориялық тұшымды ойлар айтылды. Тәжірибелі тәрбиешілердің ойын сабақтары ұсынылып, баға берілді. Байқалған мәселе – тәрбиеленушілердің сөйлеуі мен тәрбиешілердің балалармен сөйлесулері жаттанды, алдын ала дайындалғандығы қылаң беруі. Дегенмен, бір кездесумен нақты мүддеміз, білімгерлерді бүгінгі күн талабына сәйкес біліммен қаруландыру және практикалық іс-дағдыларға баулу мәселелері республика көлемінде шешіле қоятынына көз жеткізе алмадық. Біздіңше, ұсынылып жатқан жаңаша

көзқарастар мен қазіргі қоғам жағдайы балаларды мектепке даярлау үдерісін де, білім беруді де, үлкендер мен балалардың өзара қатынасының формаларын да, балалардың күнделікті іс-әрекеттерін де әр облыста жергілікті ерекшеліктерді ескере отыра жаңғыртуды, ғылыми потенциалды жетілдіре түсуді талап ететінін байқатты. Факультет жанынан магистратура, докторантура ашылуы, ғалымдарымыздың (Ыбыраимжанов К.Т., Майлыбаева Г.С., Жолтаева Г.Н. т.б.) оқытуды жаңғыртуға бағытталған ғылыми жобаларының орындалып жатқандығы осының айғағы. Бұл еңбектер қарашаңырағымыздың мерейтоына арналған табыстар болмақ.

Десек тағы, қоғам дамуында мектепке дейінгі білім беруді, оның вариативтілігін (көпнұсқалылығын) анықтау жергілікті жердің теоретиктері мен практиктерінің қазіргі таңда бірлесе жүзеге асыратын мәселесі болып тұр.

Болашақ тұлға тәрбиелеу ісі білім тінін баптаудан, таза тілін қалыптап, дамытудан басталмаса, оқыту мен тәрбилеуде жоғарыда атап өткен ғалымдарымыздай, шынайы ізденетін, ғылымға үлес қосатын магистранттар мен докторанттар алға шықпаса, бұл ғылымнан, әдістемелік жаңғыртулардан не пайда? Ендеше, әр білім саласында ұлтымыздың болашағына елжанды, білімге, ғылымға өз қосары бар сауатты да талапты жастар келуіне оқу орындарындағы патриот педагогтер атсалысулары керек. Өйткені қазір халық плюрализмге ашық жол ашуда. Қайсыбір жобаның іске аспай қалуы, қайбір оқулықта қандай қателер бар екендігін кейде жөнімен, кейде жөнсіз жария етушілік белең алуда.

Бір ғана мысал: осы күндері желіні шулатып, ел арасына «Жазбаша сөйлеу деген не?» деген сұрақпен 2-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығын құрастырушыларға артық сөздер бағытталды, жаңалықты білмеушіліктен ащы да адуынды сын айтылды. Бұл хабарлама қоғамда әдіскер ғалымдар туралы жағымсыз пікір тудырды. Біз ғылымның АҚТ дамуына орай алға басып, оқу құралдарының мазмұны өзгере бастағанын көпшілікке жеткізуді міндет деп санаймыз.

Сөйлеудің ауызша түрі мектепке дейінгі кезеңде қалыптастырылады. Жеткізілетін ойдың түсінікті болуы үшін баса назар аударатын міндет – бала тілінің дыбыстық жағының жолға қойылуы. Мектепке кейбір балалар дыбыстарды анық айтпай келетіні өз алдына, қазіргі көптілділік жағдайында өзге тілде сөйлейтін балалар қазақ тіліне тән дыбыстарды мәтін оқу кезінде орфоэпиялық қырынан дұрыс дыбысталуын сақтамай жатады. Балабақшада арнайы ұйымдастырылып тұратын сөйлеуді дамыту оқу қызметінде әрдайым фонетикалық ойындар мен тілдік жаттығулар арқылы балалардың айтылуында қателер жіберілетін дыбыстар жаттықтырылып тұруы тиіс.

Ал бастауыш оқыту сатысында дыбыстардың айтылуымен қатар дұрыс жазылуына ерекше мән беріледі. Орфоэпия – айтылым жүйесі, орфография – бір тұтас жазу жүйесі. А. Байұрсынов кезінде «Сауаттау әдісі» деп атаған әдістемелік бастамасы ана тілінің рухани және әлеуметтік мәнін сақтап, жазудың сауатты болуы арқылы оқушылардың мәтінді жеңіл түсінуіне жол ашты [1]. Тілді коммуникативті қатысым тілі ретінде зерттеген ғалым Ф. Оразбаева : «Жазбаша сөйлеу «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді» деп анық жазды [2].

Сөйлеу – тілдік тұлғалардың (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген әрекет. Жазуды меңгеріп бастағаннан баспа түрінде оқушылар ұялы телефондары арқылы өзара хат жазыса бастайды, бірнеше тақырып аясында өз ойлары жазылған мәтіндермен алмасып жатады.

Заманның, қоғамдық қатынастардың өзгеруіне қарай туындап отырған екінші мәселе әріптік таңбалар арқылы балалардың дұрыс жаза білу ережелерін бейнежазбалармен алмасқанда ұстанбауы. Орфографиялық ережені меңгермей, жазуды да, тілді де сауатты меңгеру мүмкін емес. Қазіргі таңда орфографиялық норманы сақтау, қабылданған орфографиялық ереже бойынша жазуға машықтану – әр адамның міндеті. Ауызша сөйлеуде де, жазбаша сөйлеуде де тіл мәдениетін сақтау өркениетті қоғам көрінісі, оның халқының мәдени дамуының көрсеткіші.

Қазіргі оқулықтарда «сөйлеу» мен «сөйлесу» терминдерінің орынды қолданылмауынан ата-аналар мен мұғалімдердің ой-пікірлерінде жаңсақ түсініктер байқалуда.

Сөйлесу – жағдаятқа байланысты әрдайым болып тұратын, сөйлеушінің жағдаятқа қарай түрлі ым-ишарат, бет-әлпеттік толықтырулармен келетін тілдесімі. Ал тақырыптық әңгімелесу – сөйлесуге қарағанда, тақырыптан тарқатылатын толыққанды әңгімелесу. Ойды толық жеткізу үшін әңгімелесушілердің сөздік қоры бай, тілдік құралдары жеткілікті болуы тиіс.

Оқушыларға 2-4 сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» бағдарламасында «Тыңдалым және айтылым», «Оқылым», «Жазылым» делініп берілген сөйлеу әрекетінің түрлері прагмалингвистиканың «дискурс» (ауызша сөз), «мәтін» (жазбаша) терминдерінің аралас-құрмалас қолданылатынына шүбәсіз сендіреді. Өйткені жазылып алынған мәтін тезісі лектордың сөзіне көмекші ғана материал. Ал лектордың, баяндамашының вербальді (мәтінге сүйене), вербальді емес (ым-ишара, қимыл-бейне, ментальді таңба-белгілер) сөйлеуі оның біліміне, ой-санасына, жұрт алдында сөйлей білу тәжірибесіне, бай, әдеби тіліне байланысты. Оқушылар сөзіне жетекшілік жасай алуы үшін, тіл-әдебиетке деген оқушы қызығушылығын тудыра алуы үшін мұғалімнің өзі мәтінді тіл білімі мен әдебиеттану теориясына сүйене жеткізе алуы керек.

Оқушылар сөз өнеріне қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері негізінде төменгі оқыту сатысынан бастап үйретіледі. Бала жанын эстетикалық ләззатқа бөлейтін мәтіндерді ерекше дарынды, шығармашыл оқушыларға талдатуға болады. Ол үшін оқытушының өзі мәтін теориясын тереңірек білгені абзал. Біздің мамандықтарға берілетін білім бағдарламасына «Мектепке дейінгі және бастауыш сынып балаларының сөйлеу әрекеті» деген курс осыған байланысты енгізіліп отыр. «Мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлері» деген арнайы курсты әзірлеу, оны жүргізе алуға білімгерлерді үйрету – уақыт күттірмейтін келешек мәселесі. Өйткені бүгіндері оқылым көбейіп, жазылым әрекетінің азаюы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жоюда десек артық айтқандық емес.

Оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыра оқытуды зерттеген ғалым А. Жапбаров сауатты жазуда орфографияға қатысты кездесетін қиындықтарды былайша жіктейді:

1. Фонетикалық, морфологиялық тарихи ұстанымдардың өзгешеліктері мен ерекшеліктерін жан-жақты ескеру;
2. Екпін, интонацияға байланысты дұрыс жазылуды қадағалау;
3. Қазақ тілінде еріндік, езулік дауыстылардың жазылуына ерекше мән беру;
4. Жуан, жіңішке дыбыстардың фонемалық қасиетін еске сақтау;
5. Дауыссыз дыбыстардың айрықша белгілерін дұрыс меңгеру, т.б.[4]

Мектептер үшін білім беру стандартында «Қазақ тілі» пәнін оқытудың басты міндеттерінің бірі ретінде: «...қазақ тілінде сөйлеу және жазу икемі мен дағдыларын қалыптастыру»- деп көрсетілген. Оқушыларды сауатты жазбаша сөйлеуге дағдыландыру үшін жазбаша қатысымның ерекшеліктерін анықтап, ол бойынша оқушыда қалыптастырылатын икемділік пен дағдылар жүйесін белгілеп алу көзделген. Оқушының орфографиялық икемділігі мен дағдысын қалыптастырудың, сауаттылығын дамыта оқытудың А. Жапбаров үш жүйесін көрсетеді:

Біріншісі – Тіл дамыту жүйесі.

Екіншісі – Оқушылардың сөйлеу әрекетін белгілі қалыптастыру және жетілдіру.

Үшіншісі – Оқытуда қатысымдық әдістің мәні қажет [4,76.].

Ана тілін жетік меңгермеген тұлғалар сөздік қорын дамытуды, жиі қазақы тілдік ортада сөйлеу әрекетіне араласуы, яғни коммуникативтік тілдік қатынасқа жиі түсуді жадына ұстауы шарт.

Тіл дамыту жүйесін тіл дамыту міндеттері мен кезеңдеріне қарай сараптасақ, мектепке дейінгі кезеңде бала алдымен сөздерді қабылдай бастайды, 3 жаста сөз тіркестерімен, қарапайым сөйлемдермен тілдік қатынасқа түседі. 4-5 жаста морфологиялық,

синтаксистік тұлғалардың жеңіл түрлерін, тек 6 жасқа қарағанда өз ойын сөйлемдердің грамматикалық мағыналарын сақтап, өзара синтаксистік байланыста жеткізе алатын деңгейге көтеріледі. Еске ұстайтын жайт: мектепке дейінгілердің қарапайым ауызекі сөйлеу тілі дамытылады.

Ауызша сөйлеуді ауызекі сөйлеумен шатастырмау керек. Ауызекі сөйлеу әрбір адамның еркін сөйлеуі. Онда әдеби тіл нормасы шарт емес. Ал ауызша сөйлеуге вербальді (сөздік) және вербальді емес (ым, ишарат, үн, сөйлеу әуезі) құралдары тән. Оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыру ауызша сөйлеудің әдеби түрін сақтауды талап ететін күрделі үдеріс. Бастауыш оқытуда жазбаша сөйлеу туралы түсінік алғашқы сабақтарда берілсе, оған қатысты орфографиялық, грамматикалық ережелерді сақтап сөйлеуге оқушылар 4-сыныпта жаттыға бастайды. Ойды мазмұнды жеткізуге оқушылар бастапқыда ауызша дағдыланады, жазба мәтін түрі – ауызша мазмұндауға «Ана тілі» сабақтарында соңғы тоқсанда үйретіледі. Оқушы шағын әдеби мәтіндерді (шағын мазмұндама, шығарма) құрастыруға «Қазақ тілі» сабақтарында 5-ші сыныпқа өтер алдында машықтанады[3].

Баланың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамытудың түпкі мақсаты – байланыстырып сөйлеуді дамыту. Әдіскер ғалымдар осы межеге жеткізу үшін тіл дамыту жұмысын сөздіктен бастауды ұсынады. «Оқушы бала айналасындағылармен дұрыс тілдік қатысымға баруы үшін сөздерді дұрыс таңдап, орфоэпиялық және орфографиялық жақтан дұрыс айта алуы, жаза білуі керек. Сөздікті дамытуға қатысты алғашқы жұмыстарды ұйымдастыруда мектеп оқушысы сөздің мағынасын тек білуі мен түсінуі үшін ғана емес, оны тұлға ретінде оқып-қабылдауына да мұғалім қатты назар аударады. Мысалы, 2 сыныптың қазақ тілінде «Ы,і дыбыстарына аяқталған сөздерге у дыбыс қосылса, -ы, -і түсіп қалады» деген емле ережесін жатқа білген оқушы бұл тоқы-тоқу, оқы-оқу, тасы-тасу, торы-тору сөздерін дұрыс жазумен қатар, басқа етістік тұлғасына айналып кететінін аңғарады[5].

«У» дыбысының қай жағдайда дауысты, қай жағдайда дауыссыз болатыны, жай «и» мен қысқа «й» таңбаларының дауыссыз, дауысты делініп бөлінуі, «и» дыбысының алдында ы,і естілгенімен, жазылмайтын ерекшеліктері жазылу үлгілерімен және сөздікті дамыту тәсілдерімен беріледі. Нәтиже сабаққа дейін өтілетін «я», «ю» қосарлы дыбыстарының емлелері: қандай сөздерде (миуа, хайуанат) естілуі бойынша жазылатыны түсіндіріледі. Айтылуы, жазылуы әркелкі сөздерге (кітап, күрек, күздік) түсініктер беріліп отыруы, әр сабақ тақырыбына қарай берілген дауыссыз дыбыстардың орфографиясы (жазылу нормасы) оларға қатысты сөздерді мағыналық жақтан таныстырылып отыруы оқушылардың сөздік қорын дамытады», - деп көрсетілген «Бастауышта қазақ тілін оқыту әдістемесі» оқу құралында [6].

Қазіргі кезде техника тілінде орфографиялық ауытқуларға жол беріліп жатады. Бір-біріне хабарлама жазғанда оқушы балалар сөздердің жазылуына мән бермейді, қалай болса, солай жазады. Мысалы, бала біріккен сөздің емлесін игеру үшін күрделі сөздер туралы біліммен қоса, біріккен сөздің жазылу емлесін білуі керек. Сауаттылықтың негізі мектептен қалыптасатындықтан, әдіскер ғалымдар емлені оқытуға ертеден көңіл бөлген. Ахмет Байтұрсынов «Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне – бірі қиындасып жалғасуын, дағдысын білу керек. Әр халықтың дағдылы жолы, қисыны, дағдысы болады» деген. Бұл – емленің фонетикалық ұстанымы, яғни сөйлеуде дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, ықпалын тигізіп, ұласа айтылуы.

Қазақ тілінің қалпын сақтап, үндестік заңы бойынша дұрыс жазуды әдіскер ғалымдар Ә. Жүнісбеков, С. Мырзабековтер қоштап, бүгінгі таңда оқушыларға фонетикалық ұстанымның ескерілуі енгізілді. «Мұғалімдер күрделі сөздерді жазуда кеңестік заман ғылымында К.М. Мусаев жіктеп берген ұстанымдарды ескерулері керек» деп көрсеткен ғалымдар. Олар:

1. Фонетикалық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша күрделі сөздің бір компоненті фонетикалық өзгеріске түссе, онда сөз бірге жазылады. Мысалы, бұл күн – бүгін..., белдің бауы – белбау.

2. Мағыналық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша сөздер бірігіп жазылады: 1) бір компоненті дербес мағынасынан айрылған күрделі сөздер. Мысалы, ақсақал, итмұрын; 2) Антропонимдердің атаулары бірігіп жазылады. Аллаберген; 3) Аң, жәндік атаулары бірігіп жазылады. Мысалы, тасбақа; 4) Топонимдер бірігіп жазылады. Мысалы, Ақтөбе, Талдықорған; 6) Күрделі қысқарған сөздер біріктіріліп жазылады.

3. Ұғымдық мағыналық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер бірге жазылады. Мысалы, «баспасөз, шикізат» делінген. Біразға дейін осы ережелер ескерілмей келді. Мысалы, Талды-қорған, Қызыл ағаш т.б.

Бастауыш оқыту оқулықтарында қазақ тілінің ережелерін негіздеген А. Байтұрсыновтың, әдіскер ғалымдар Ш. Сарыбаевтың, Ж. Шакеновтың әдістемелік ұстанымдары анық байқалады. Бұрыннан-ақ морфологиялық ұстаным бойынша орфографияны меңгерту үшін алдымен мынадай топтастыру ұсынылған:

1. Түсіндіру емлесі. Мұғалім жазылу қиын сөздерді жазып көрсете отырып түсіндіреді.

2. Көздік емле. Мұғалім жазылуы қиын сөздеді күн ілгері жазып қояды.

3. Жат жазу. Орфографиялық жағынан талқыланған сөзді оқушылар өз беттерімен жазады.

4. Аралас жазу. Онда әрі емлелік, әрі шығармашылық қасиет бар. орфографияға қатысы бар мәтін жазылады.

5. Әдейі қате жазылған сөздерді мұғалім оқушының өзіне түзеттіреді.

6. Орфографиялық сөздікті пайдалану. Мұғалім мәтіндегі асты сызылған сөздердің дұрыс жазылуын сөздіктен сөздіктен іздеттіреді.

Қате жазуға жас кезінен дағдыланып кеткен оқушы кейін өскенде тіл мәдениетін сақтамауға жол береді. Сондықтан төменгі сыныптан емлеге үйрету жалпы мектеп көлеміндегі қазақ тілі туралы осындай әдістер арқылы берілетін білім мен дағдыны игеруге сүйене жүргізіледі.

Аталған тапсырмалардың біразы 2-4 сыныптарға «Қазақ тілінен» жасалған үлгілік оқу бағдарламасында «Тілдік нормалардың сақталуы» тақырыбымен ҚМЖ бөлігіне енгізілген.

Монографиялық еңбектің «Орфографияны игертуде мәтінді пайдаланудың әдіс-тәсілдері» деген бөлімінде автор мектеп оқушылары меңгеруге тиісті мәтіннің негізгі белгілерін мынадай кесте арқылы берген.

Бастауыш мектеп оқушылары меңгеруге тиіс болатын мәтінге тән негізгі белгілер

№	Ғылыми жағынан анықталған негізгі қасиеттер	Бастауыш сыныптар үшін берілетін негізгі белгілер
1	Тақырыптық-мазмұндық бірлігі мен тиянақтылығы	Мәтіндегі берілетін / ауызекі, жазбаша/ ой, пікір, мазмұн белгілі бір тақырыпқа негізделеді, яғни белгілі бір тақырыпта аяқталған ойды білдіреді. PS: «ауызекі»-еркін, тұрмыстық сөйлеу. Бұл мәтінде ұшырасып отырады. (А.Б.)
2	Коммуникативтік мақсаттылығы прагматикалық бағыттылығы	Мәтінде барлық уақытта негізгі ой болады. PS: Бастауыш оқытуда мәтіндегі негізгі ойды тапқызу тапсырмалары кездеседі.
3	Құрылымдық біртұтастығы	Мәтінді құрылымдық бөлімдерге бөлуге болады. PS: Кіріспе, негізгі бөлім, пайымдау, қорытынды
4	Құрылымдық-логикалық жүйелілігі	Мәтіннің құрылымдық-мазмұндық бөлімдері және ондағы сөйлемдер бір-бірімен жүйелі

Автордың осы кестені ғылыми негізде түсіндіре келіп: «Жалпы орта білім беретін мектепте қазақ тілі бағдарламасында мәтіннің осындай белгілерінің ендірілуі, қазақ тілі оқулықтарында қатысымдық-сөйлеу бағытылығының жүзеге асырылуы функционалды семантикалық тұрғыда нақты тілдік бірліктерді оқытуға алғышарт жасады. Онда «мәтінмен жұмыс, бір жағынан, оқушылардың сөйлеу дағдысы мен машығы қалыптастырудың негізі болса, екінші жағынан, тілдің лексикалық және грамматикалық жақтарының алуан түрлі қыр-сырларын жан-жақты талдап, жинақтай білуге, олардың өзара бірлікте болатынын байқауға мүмкіндік береді» деп берілген анықтаманы мәтін стилистикасын зерттеуші Н. Құрманова дұрыс берген. Мәтін туралы түсінік беруде мәтіннің дыбыстан, фонемадан, сөзден, лексемадан, морфемадан, сөйлемнен (жай сөйлем, құрмалас сөйлем), абзацтан дербес түрде келетін ерекшеліктері бар екендігі, сондықтан да мәтінді жеке тану керек екендігін нақты мысалдармен, талдаудың көптеген түрлерімен ұғындырылады. Мәтіннің өзіндік белгілерін жекелеген фактілер арқылы түсіндіріп, сол жеке белгілердің барлығы бірігіп келіп, біртұтас мағынаны «мәтін» табиғатын санасында орнықтыратындай күйде оқытылуы керек.» дей тұра зерттеде мұғалімдерге мәтін туралы түсінік қалыптастыру сабағының үлгілері келтірілген

«Мұғалімдердің мәтінге тән қасиеттер туралы мәліметі болу керек. Ол үшін мәтіннің тақырыптық-мазмұндық бірлігін мәселесіне тоқталып, бірнеше кезекте «тақырып» ұғымның мәнін ашып алған жөн.» деген автор пайымы болашақта кәсіби білігі бар маман болуы үшін ескеретін тұжырым [5].

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі» кафедрасының ұстаздар ұжымы мектепке дейінгі және бастауыш оқыту бойынша тәрбиешілер мен мұғалімдер дайындайды. Ендеше, баланы тал бесіктен тәрбиелеу, білуге құштарлығын арттыру мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бағдарламаларының болашақ мамандарымыздың нақты және қоғам талабын өтейтін шынайы білімін қамтамасыз ету абзал іс.

Алғашқы білім бастауы оңай қабылдатылмайды. Әсіресе, бұл ғылым баспалдағына келетін жандар (білімгер, магистрант, докторанттар) өздерінің табиғатына тән ата-аналық инстинктімен қатар, бастауыш мұғалімдердің дайындалуына баланың өзгелермен қарым-қатынасқа түсе алатын ауызша және жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыра алатын шынайы мамандар болып шығуға даярланулары керек. Төменгі сатыдан бастап әр баланың ұлттық болмысын сақтап, оның болашақта нағыз азамат етіп тәрбиелеу міндетін атқаратынымыз есте болса, ғалым ретінде әрбір жазатын ой-тұжырымдарымыз көпшілікке түсінікті, баланы сапалы біліммен қаруландырсын. Сонда ғана болашаққа жаңа біліммен, ана тілінде байланысты да таза сөйлей алатын ұрпақ көшін апара аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Байтұрсынов А . Тіл тағылымы. Алматы: Санат,1992—448 бет.
- 2.Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теория және әдістемесі. - Алматы: Білім, 2000—208.34
- 3.Рахметова С. Бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың ғылыми - әдістемелік негіздері (ауызша және жазбаша тіл дамыту) п.ғ.д. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация.36
- 4.Жапбаров А. Оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері - Шымкент. «ИП Валиев» баспасы, 2011. – 260 бет. 25-26
- 5.Әбдікәрімова Т.М.. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі - А., 2009.
- 6.Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптар үшін «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. (Оқыту қазақ тілінде) - Астана,2016.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан/Алматы

Күмісбекқызы Нұршапағат – 6В01701 қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бақбергенова Р.Қ.

Аңдатпа

Ғылыми мақалада, әдістеменің атасы, тұңғыш қазақ тіліндегі ғылыми еңбектің авторы болған, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқытудағы ұстанымдары жазылады. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіндіктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тілі» деген терминді де өзі ұсынғанын біз есте сақтауымыз керек. «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажет құндылықтарға айналғанына дәлел болады. Сондай-ақ таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жазуы, оны қалай оқытуды көрсете алуы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі. Қазіргі қоғамдағы тілдің салғырттығымен күресу мектептегі білімге міндеттелетіндігі көрсетіледі. Төл ғалымдарымыздың методикасын қолдану тілдің тазалығын сақтауға көмектесетін бірден-бір құрал екендігі дәлелденеді. Ахмет Байтұрсынұлының қарапайым әрі көркем жеткізген әдістемесі зерттеледі. Ұлт ұстазының қолданған әдістемесі мен қазіргі оқыту жүйесі салыстырылады. Қазақ тілін оқытудағы ұстанымдарының маңыздылығы жазылады.

Кілт сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, қазақ тілі, ұстанымдар, ғылыми зерттеулер, әдістеме, оқыту.

Аннотация

В научной статье излагаются принципы преподавания казахского языка Лидера нации Ахмета Байтурсынова, который является отцом методики, автором первого научного труда на казахском языке. Ахмет Байтурсынович-единственный ученый, который создал реальные возможности для обучения казахских детей грамоте на родном языке. Мы должны помнить, что термин «родной язык» также был придуман им самим. Если «азбука «и» учебное пособие» - это первый алфавит, то его неоднократное переиздание свидетельствует о том, что он стал для системы образования того времени такой же необходимой ценностью, как и воздух. Кроме того, написание учебников, которые компенсируют ежедневный спрос, не ограничиваясь чисто научными исследованиями, чтобы показать, как их преподавать, является примером блестящих умений в области образования. Показано, что борьба с небрежностью языка в современном обществе обязана школьному образованию. Доказывается, что использование методологии наших ученых-единственный инструмент, помогающий поддерживать чистоту языка. Будет изучена простая и художественная методика Ахмета Байтурсынова. Сравнивается методика, используемая учителем нации, и современная система обучения. Подчеркивается важность позиций в обучении казахскому языку.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынов, казахский язык, принципы, научные исследования, методология, обучение.

Annotation

The scientific article outlines the principles of teaching the Kazakh language to the Leader of the nation Akhmet Baitursynov, who is the father of the methodology, the author of the first scientific work in the Kazakh language. Akhmet Baitursynov is the only scientist who has created real opportunities for teaching Kazakh children to read and write in their native language. We must remember that the term "native language" was also coined by him. If the "ABC" and "textbook" are

the first alphabet, then its repeated reissue indicates that it became as necessary a value for the education system of that time as the air. In addition, writing textbooks that compensate for the daily demand, not limited to purely scientific research to show how to teach them, is an example of brilliant skills in the field of education. It is shown that the fight against language negligence in modern society is due to school education. It is proved that the use of the methodology of our scientists is the only tool that helps to maintain the purity of the language. The simple and artistic technique of Akhmet Baitursynov will be studied. The methodology used by the teacher of the nation and the modern teaching system are compared. The importance of positions in teaching the Kazakh language is emphasized.

Key words: Akhmet Baitursynov, Kazakh language, principles, scientific research, methodology, training.

Соңғы жылдары өзектілік көрсетіп жүрген тіл мәселесі сонау қазақ ғылымының алтын ғасырынан бастау алады. Тілімізге жасалған сол кездегі қастандықтарды тарихи қиындықтармен түсіндіреміз. Ал қазір тілдің шұбарлану мәселесіне келгенде қандай сылтау айтып ақталамыз? Сол замандағы ағартушыларымыз кеңестік билікпен күресіп жүріп, қазақ ғылымының өркендеуіне үлес қосты. Қазір біздің тілді менсінбей, екінші орынға ысырып қоюымыз ана тілімізге, ұлт көсемдеріне танытқан құрметсіздіктің белгісі болмайды ма? Қазақ тілді ортасы бар оқушыға сыныпта қазақ тілін үйрену оңай болады да, орыс тілді аулада ойнап жүрген баладан қазақ тілде еркін сөйлеуін талап ету қиынға соғады. Осындай мәселелер қазақ тілін оқытуды қиындатқандықтан оқытушылар әрдайым ізденісте болып, әдістемелік оқулықтарды көп қарастыруы керек.

Біз ғалымдарымыздың шығармашылық еңбек жолымен танысқанда, қаншама кітаптарының, зерттеу жұмыстарының бар екенін байқаймыз. Оны бірде қолдансақ, бірде қолдана бермейміз. Бізге өзіміздің төл ғалымдарымыздың еңбектерін ізденгеннен гөрі, шетелдік әдебиеттермен танысқан жеңіл. Себебі өзіміздің әдебиеттеріміз қолжетімсіз. Педагогика пәнін өткенде М.Жұмабаевтың «Педагогикасын», психология пәнін өткенде Ж. Аймауытовтың «Психологисын», әдістемелік пәндерді өткенде Б. Алтынсарин мен А. Байтұрсынұвтың толып жатқан оқулықтарын алдымызға ашып қойып оқуымызға болады ғой. Жоқ, арнайы зерттеулер жүргізгенде ғана, арнайылап тақырып бөлініп өткенде ғана сол шаң басқан ескі кітаптарды іздеп жүреміз.

Қазіргі таңда оқыту принциптері деп көрсетіп жүрген жүйемізді Ахмет Байтұрсынұлы өз кезеңінде тиісінше қолданған. Атын айтып, түсін түстеп көрсетпесе де қолданған әдістемесінің жолын біздің нақтылаған ұстанымдарымызға сай келеді. Яғни, әдіскердің қазақ тілін оқытуда мынадай педагогикалық-әдістемелік принциптері басшылыққа алғанын аңғарамыз:

1. **Түсінуге жеңіл, қолайлылық принципі.** Білім берудің (жаңа дыбыстарды үйретудің, жаңа сөз мағыналарын түсіндірудің, оқу мен жазу дағдыларын меңгертудің т.б) балалар зейінін шаршатпайтын, психикалық ойлау қабілетіне көп салмақ түсірмейтін, қабылдауға оңай әрі әсерлі формаларын пайдаланып, оны үнемі түрлендіріп отырған.
2. **Оқытудың жүйелілік принципі.** Оқулықта берілген тақырыптарды оқушылардың сөйлеу тілі, шығармашылық қабілеттерінің біртіндеп дамуына сай етіп құрастырған.
3. **Жеңілден ауырға қарай, оңайдан қиынға қарай оқыту принципі.** Оқыту барысында әрбір оқушының таным мүмкіндіктеріне, материалдарды игеру қабілеттеріне, ойлау қабілеттерінің даму деңгейіне назар аударған.
4. **Оқытудың ұлттық тәрбиемен байланыстыру принципі.** Оқушыны қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, жұмбақтарымен, мақал-мәтелдерімен, ақын-жазушылардың әңгімелерімен т.б сусындатып, оларды өмірмен байланыстырып отырған.

5. **Саналылық және белсенділік принципі.** Оқытылған кез келген жаңа мағлұматты саналы түрде меңгерту керектігін, тапсырмалар бір сарынды болмай, баланың ынтасын, қызығушылығын оятуды көздеген.
6. **Берілген білімді тәжірибемен байланыстыру принципі.** Игерілген білім, білік және дағдыларды тілдік қарым-қатынаста орынды пайдаланып, оқушылардың дұрыс сөйлеуін қалыптастыруды көздеген.
7. **Дамыта оқыту принципі.** Білім мазмұнын қамтитын түрлі танымдық сұрақтар мен тапсырмалардан тыс өз бетінше жұмыс жасауға дағдландыратын жаттығыларды да ұсынған[3.114б.]. Әдіскердің бұл ұстанымдарына сәйкес қазіргі білім бағдарламасын жасайтын болсақ, оқушылардың қызығушығын оятып, тілге деген көзқарастарын жақсы қырынан өзгертер едік. Әрине, бұл ұстанымдардың, әдістемелік жүйенің барлығын өзі ойынан шығармаған. Еуропа елдерінің тарихына бойлап, оқыту әдістемесімен танысқан. Олардың талып жатқан қосымшалары мен ережелерін оқуда, жазуда қиындық келтіретінін ескертеді. Соған орай өзінің жеңіл ережелері мен талдауларын енгізеді. Жазуды әріптердің суретін салу деп, оқуды әріптердің дыбыстарын айта тізу деп түсіндіреді. Мектеп оқулықтарында ғылыми түсінікте, ғалымдардың стилімен ережелерді түсіндіріп балалардың бастарын қатырып жатады. Олар ережелерді жаттап алғанымен, күнделікті қалай қолданатынын түсінбей жатады. Соның салдарынан грамматикалық талдау қала берсін, қарапайым өз беттерімен сөйлем құрастырарда сөйлем мүшелерінің орындарын алмастырып, мағыналары келіспейтін сөздерді сөйлемдеріне қосып жатады. Бұның барлығы тілдің шұбарлануына, ойдың жүйесіздігіне алып келеді.

1921 жылы Ташкенттен Ахмет Байтұрсыновтың "Оқу құралы" басылып шықты. Әрбір кітабын шығару кезінде оның мазмұнына, мәніне аса көңіл бөледі, оқулықты үйрену, оқу кезінде жеңілдік берер жағын іздестіреді. Осы еңбегінде ол өзінің ұстанған жолы, нені мақсат ететіні туралы "Сөз басында" баяндайды. Балалар ең басынан қиналмас үшін оқуға ықыласты болу керектігін, жігері құм болмай, шабыттана кірісуі керектігін еске салады. Оқытатын, үйрететін әліппенің жеңіл де жұмыр, сапалы, баланың ой-өрісіне, ұғымына дәл болу керек екенін түсіндіреді. "Оқу құралы" арқылы балаларды сауаттандырып алғаннан кейін, ол енді қазақ тілін пән ретінде оқытудың құралын ойластыра бастайды. Бірнеше бөлімнен тұратын бұл оқулықтың әр бөлігі жеке-жеке "Тіл құралы" деген атпен жариялана бастайды. 1914 жылы фонетикаға арналған I бөлімі, 1915 жылы морфологияға арналған II бөлімі, содан кейін синтаксиске байланысты III бөлімі жұртшылыққа ұсынылады. Мұның әрқайсысы кемінде 6-7 рет баспа жүзін көрген.

Ахмет Байтұрсынұлының әдіскерлік қырын таныта түсер тағы бір құнды еңбегі – «Ана тілінің әдісі» атты мақаласы. Бұл мақалада ұстаз-ғалым ана тілін үйрету әдісін әліби үйретуден бастағанды жөн көреді. Ағартушы «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса, өнерлерде болған сындар мұнда да болмақ», - дей келіп, тіл үйретуге мыналарды жатқызады: оқу үйрету, жазу үйрету, сөйлеу үйрету. Ал үйрету әдісінің өзін былайша бөледі:

1. Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау(синтез) немесе жиылыңқы әдіс деп аталады.
2. Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.
3. Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңғы деп аталады [3.111б.]. Үйрету әдістерін бұлай бөлуі әдіскердің баланы робот секілді миына бар ақпаратты салып қойып оқытуды көздемегін көрсетеді. Қазіргі таңда мұғалім тек бағыт бағдар беруші ал оқушы өзі талдап, өзі оқып алу керек деген түсінікпен жүрміз. Ал бұл жүйені Ахмет Байтұрсынұлы керсінше түсіндіреді. Жұмыстың екі басын мұғалім мен оқушы қатар ұстау керектігін айтады. Яғни мұғалім балаға білім беріп, ақпаратты түсіндірумен

қатар кері байланыс жасап отыру керектігін түсіндірген. Мәліметтермен таныса отырып, мағынасына анализ жасап, түсініп алу керек. Содан кейін өз пікірімен бөлісіп, талдауға көшіп отыру арқылы баланы жалықтырып алудан сақтаймыз. Оқи отырып, талдауға, өз ойында қорытынды жасауға, ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін ажырата білуге дағдыланады. Бұндай әдістемені жүйелі жүргізу үшін мектепке программа керектігін айтады. Керексіз нәрселерді үйретпес үшін, балардың күші жетпейтіндей алысқа сүйреп кетпес үшін программаның нақтылану маңды екендігін түсіндіреді.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде қолға алынып, зерттеліп келе жатқан жаңа бағыттардың бірі – функционалды грамматика мәселелері Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде де сөз болғанын байқаймыз. Құрылымдық грамматиканы қолдана алу үшін функционалды грамматиканы түсініп алуымыз керек. Себебі тілдің қолдану бағытын, мағынасын, қызметін түсінбей жатып, теорияға жүгіне берсек, сауатсыздыққа, екі жақтылыққа тап боламыз. Ғалым өз зерттеулерінде функционалды грамматиканы атап айтпаса да теорияны түсіндіргенде оның қызметі мен мағынасын ашып көрсетеді. Мысалы, қазіргі оқулықтарда сындыр, ағарт, жүргіз сияқты етістіктер тұлғасына, яғни –дыр, –ғыз, –т қосымшаларының жалғануына байланысты өзгелік етіс ретінде түсіндіреді. Алайда өзгелік етістің өзіндік мәніне байланысты, іс-әрекетті субъект өзі іске асырмай, басқа біреуге істетуі керек: біреуі – қимылдыорындатушы да, екіншісі – қимылды тікелей орындаушы болады. Алайда бұл етістіктерде іс-әрекетті басқа біреу емес, тікелей субъектінің өзі атқарып тұр[7.111бет]. Сол себепті бұндай етістіктер өзгелік етіс бола алмайды. Сабақ барысында тілдің дұрыс қолданылуын қарапайым жолдармен түсіндіре алсақ, «болашақта мен басқа мамандыққа түсемін, тілдің маған керегі жоқ» деп жүрген оқушылардың ойлары өзгерері анық.

«Туысқан-туған іліктес», «Киімдер», «Ойын-ойыншықтар», «Тамақтар-сусындар», «Дене мүшелері», «Жаңылтпаш», «Жұмбақ», «Мақалдар», «Мен қалай оқуға бардым», «Өтірік өлеңдер», «Шын өлеңдер» сияқты тақырып-тараушаларда балалардың өзін қоршаған дүниені танып-білуге, сөздік қорын дамытуға арналған ең қарапайым оқу материалдары қамтылған. Себебі, автор бұл еңбектерінде білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған [5.213б.]. Әдіскердің осылай әр салаға жекелей тоқталып, әрбір пәнге сәйкес оқулық жазуынан жүйелілікті байқай аламыз. Яғни өткізілген тақырыпқа сай әңгімелер, мысал өлеңдер, мақалдар, жаңылтпаштар беріп, төл тілімізді осындай қарапайым жолмен көрсете білген. Оның әңгімелері, мысал өлеңдері ұлттық құндылықтарды көрсетіп, адамгершілікке шақырады. Бала шығармаларды оқу арқылы қаншама төл сөздерімізді дұрыс пайдалануды, жүйелі сөйлеуді үйренеді. Жаңылтпаштары мен мақалдары дыбыстарды дұрыс қолдануды, орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды дұрыс қоя алуды үйретеді. Сабақ барысында күнделікті шағын шығармаларды талдап, жаттап отыру арқылы тілдерін сындырып жеңіл, еркін сөйлеуге, тіл тазалығын сақтай алуларына жағдай жасаған. Осындай жеңіл әрі көркем методиканы қолдану нағыз біздің болмысымызға сай келеді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында "Бала оқытуды жақсы білейін деген адам, әуелі балаға үйрететін нәрселерін өте жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек" - деп жазғаны - ұстаздарға айтылған ғибрат болмақ. Сәйкесінше үйрету өнері жолында жүрген тұлғалардың ерінбей еңбектенуіне нағыз «мативация» болары анық. Қаншама жыл еңбек сіңірген, теориясы мен методикасын қоса жазып, қазақ тіл білімінде алғаш ғылыми еңбектер жазған, ұстаздық жолында аянбай тер төккен ұлы тұлғамыздың өзі жас мұғалімдерге арнап жазған «Баяншы» әдістемелік оқулығында: «Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан 14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген іс көргенім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін. Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп-көп алғыс айтамын», - өзі қарапайымдылығы мен көмелдігін көрсету арқылы болашақта өзінен

де мықты ұстаздардың туатынына сенген. Осы сенімге жауапкершілік танытып, оқытудағы ұстанымдарын әрі қарай дамыту, жетілдіру біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақыш Н. Ұлы ғұламаның балалар әдебиетіне қосқан үлесі. Қазақ әдебиеті. - 2022. - № 15.
2. Аханбайқызы А. Ахметтанудағы ізденіс ілгерілей береді. Егемен Қазақстан. - 2022. - № 69 - 12 б.
3. Байтұрсынұлы Ахмет. – Алматы: «Шапағат-Нұр» баспасы, 2013. – 368 бет. – («Ұлы Дала тұлғалары» сериясы)
4. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал(қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. 384бет.
5. Құлабай Н. Ұлт ұстазының тілдік мұрасы. Егемен Қазақстан. 2022. – 10 бет. № 59.
6. Ұлағатты ұлт ұстазы. (Анықтамалық-көрсеткіш). Алматы, 2010 «Сардар» баспа үйі. 276бет
7. Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017, - 480 бет.

ӘОЖ 373

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Қойшыбаева Н.И., Жунисбекова Ж.А.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

E-mail: nazirakoishibaeva@yandex.ru

Аннотация

А. Байтұрсынұлының еңбектерінде тұлғаның рухани дамуына үлкен орын беріледі. Оның пікірінше, бұл жас ұрпаққа ең қажетті және маңызды аспектілер. Байтұрсынұлы Қазақстанның әл-ауқаты мен болашағының кепілі деп есептей отырып, мәдениеттің дамуының үлкен перспективаларын көрді.

Қазақ халқының білім беру мәселелерін қамтитын барлық еңбектерінде белгілі педагог және әділдік үшін күрескер халықты білімге ұмтылуға, өнер мен мәдениетті игеруге шақырады.

Тірек сөздер: әдебиет, тарих, өнер, сөз өнері, тіл, психикалық үрдістер.

Аннотация

Большое место в трудах А.Байтұрсынова отводится духовному развитию личности. По его мнению это и есть самые нужные и важные аспекты, необходимые для молодого поколения. Байтұрсынұлы видел большие перспективы развития культуры, считая её залогом благосостояния и будущности Казахстана.

Во всех своих трудах, освещающих вопросы образования казахского народа, известный педагог и борец за справедливость, призывает народ стремиться к знаниям, овладеть искусством и культурой.

Ключевые слова: литература, история, искусство, искусство слова, язык, психические процессы.

Annotation

A great place in the works of A.Baitursynov is given to the spiritual development of the individual. In his opinion, these are the most necessary and important aspects necessary for the

younger generation. Baitursynov saw great prospects for the development of culture, considering it the key to the well-being and future of Kazakhstan.

In all his works covering the issues of education of the Kazakh people, the famous teacher and fighter for justice calls on the people to strive for knowledge, to master art and culture.

Key words: *literature, history, art, the art of words, language, mental processes.*

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі - әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы мен бүгінгі әдебиеттану саласының басы. Мұнда әдебиет туындылары этнопсихологиялық және психологиялық жағынан қарастырған, осы ғылымға қатысты толып жатқан ой-пікірлер мен салиқалы түйіндер баршылық. Мұндағы «Көрнек өнері», «Сөз толғау», «Лұғат әуездігі», «Жан жақтау», «Жан қоштау», «Көріктеу», «Ес ұғымы», «Іс ұғымы», «Зейіндеме» атаулар мен ұғым түсініктерде, сондай-ақ оның жұмбақ, жаңылтпаш, айтыс, толғау, терме, тақпақ, жоқтау, жарапазан, бата, мақал т.б. фольклортану ғылымына қатысты пікірлерінде халықтың психологиясының теориялық қисындары үшін іздесе таптырмайтын әдістемелік қазық боларлықтай түйіндер мол. Оның еңбегінің ең алғашқы «Аңдату» бөлімінде жалпы әдебиетке шолуды көптеген психологиялық жағынан қарастырып, көрнек өнеріне жалпы сипаттама бере кетеді. Бұл орайда көркем сөздің тектері мен түрлері «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. Көрнек өнерінің тараулары сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері, саз өнері деп көрсете келе, сөз өнерін нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері деп түсіндіріп, қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, еуропаша литература деп көрсеткен [1, 7 б.]. Қазақ әдебиетін сөз өнері деп мәнін аша, оны ары қарай психологиялық мол түйіндермен дамыта түседі.

Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан.

Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Сөз өнері» бөлімінде психологиялық құбылыстар: ақылға, қиялға, көңілге ерекше мағына беріп кеткен:

Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі — аңдау, яғни нәрселердің жайып ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі — меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — түйю, талғау [2, 35-37 б.].

Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек.

Ғалым бұл еңбегінде «Сөз толғау» бөлімінде тіл адамның сөйлеу, қарым-қатынас жасау барысында тілдің ашық, таза, дәлдігін, дұрыстығын талдайды. Тілдің анықтығында фольклортанушы Ахмет: «Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз», - деп көрсетсе, ал тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келуі үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек деп түсіндірген. Тілдің көрнектілігін былай психологиялық жағынан түсіндірген:

Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затқа, бернесіз заттарды бернелі затқа сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды. Ақ көңіл, шолақ ақыл, арам ой деу, яки күн бүркіп тұр, найзағай ойнады, су қайтты деу, я болмаса, қазанның құлағы, ошақтың бұты, үйдің төбесі деу дерексіз

заттарды деректі затқа, жансыз заттарды жанды затқа, бернесіз заттарды бернелі затқа қалыптау, ғамалдау, бернелеуден шығып, әдетті сөзге айналып кеткен. Мұндай сөздер жалғыз әдетті түрінде емес, әдейі де айтылады. Мәселен, Мағжанның «Толқын» деген өлеңінде толқынның толқығанын бернелеп, түсінікті түрде көрсету үшін әдейі жанды нәрседей ғамалдаған.

Тіл тазалығында ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу деген мағына беріп түсіндіре кетеді. Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік).

Бұл психологиялық жағынан өте пәрменді тұжырым. Өйткені қазақтың қазіргі кездегі ұлттық тәрбиесін мықтап ақтап, тіпті батпаққа белшесінен батып жату себебінің бірі – осы халықтың, әсіресе тәлімгер қауымның (мұғалім, ата-ана, құрбы-құрдас т.б.) ана тілін жоғарыды Ахаң айтқандай түлетіп, оның тәрбиелік ықпалын өз дәрежесінде пайдалана алмай жүргендігінде. Расында да, егер тәлімгер атаулының сөзсаптауы шорқақ, ойға саяз, тыңдауға әсерсіз болса, шәкірт тәрбиесінде берекесіздік туады, сөздің тәрбиелік қадір-қасиеті, құны төмендейді. Олай болса, баланың сөз өнеріне жетілуінің, сөйлеу мәдениетінің арта түсуіне ерекше көңіл бөлу қажеттігі ылғи да естен шықпауы тиіс [3, 4 б.].

Ахмет Байтұрсынов «Тіл (лұғат) әуездігі» бөлімінде жалпы әуезділіктің мәнін түсіндіре, сөз дыбыстары құлаққа жағымды-жағымсыз естілуімен қатар, сөйлеудің ішіндегі сөздер құлаққа жағымды-жағымсыз әсер етуі туралы айтып өтеді:

Сөз дыбыстан құралған нәрсе болғандықтан, оның дыбыстары жағымды да, жағымсыз да болып құралуы мүмкін. Сөздің дыбыстары құлаққа жағымды-жағымсыз болып құралу сияқты, сөйлеудің ішіндегі сөздер де құлаққа жағымды-жағымсыз болып құралады. Әуезділік деп нені айтамыз? Әуезділік деп сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз; сөйлеу турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдерінің үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы — дыбыстарының тізілу түрінен; Сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы сөйлемдерінің тізілуі түрінен,- деп түсіндіре адамның сөйлеу барысында оның қалай сөзді қабылдауы, зейінін аударуы, миына тоқуы туралы өзіміз көзіміз жеткендей дәл айтып өткен.

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінің үлкен екінші бөлімін қазақ халқының мұра туындыларының бірі қара сөз бен дарынды сөзге арнаған. Мұнда қара сөз бен дарынды сөз төңірегінде ой қозғаған терең мәнді, салиқалы психологиялық пікірлері баршылық.

Екі түрлі лебіз бар: бірі жалаң, екіншісі көрнекі болады деп жоғарыда айтылған еді. Қайсысымен сөйлесек те сөйлеу болады. Бірақ сөйлеуді негіз түріне қарай айыру қажет болған орында жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау — толғау дейміз. Сөйлеуде, жырлауда, толғауда бұл күндегі әдебиет алқасына кіретін жалаң лебізді және көрнекі лебізді сөздердің таптарын анық ашуға жарамсыз болғандықтан, жалаң лебізді сөздерді қара сөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атау қолайлырақ. Әдетке қарамай, асылына қарағанда, «қара сөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қара сөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлеңдісі, өлеңсізі болады [1, 75 б.].

Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда иә нәрсеге тиісінше ойлайды, иә көңілінің түйісінше ойлайды. Нәрсе түрлі сипатты болады. Ол сипаттарының біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері, адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз.

Жалаң сөз нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шын әңгіме болады. Көркем сөз нәрсені түйіс жағынан алып қиял бойынша сөйлейтін, шын емес,

шығарғы әңгімеболады. Көркем сөз - көңіл тілі, жалаң сөз - зейін тілі. Жалаң сөз зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз қиял байлығы-на қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады. Көркем сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп мәністеп, ақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады, қатта қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қисынын келтіріп қиялдан туғызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді. Жалаң сөздің қара сөз делініп көркем сөздің дарынды сөз деп аталу мәнісі де осыдан.

Ахмет Байтұрсынов «Қара сөз» бөлімін бөлек түсіндіре, ондағы ес ұғымын, іс ұғымын, зейінін кеңінен талқылайды.

Қара сөзден адам тек ұғым алады дедік. Ұғымның өзі керекті орнына қарай екі түрлі болады:

1) Ес ұғымы, яғни еске керек ұғым. 2) Іс ұғымы, яғни іске керек ұғым. Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, заңын, сырын, си-патын, мүддесін, мұратын танимыз. Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз. Сондықтан қара сөзді әңгімелер екі жақты болып келеді. Бір жағы ес ұғымымен болады, екінші жағы іс ұғымымен болады.

Қара сөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді деп жоғарыда айтылған еді. Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда ойымыз, ұғым түрлеріне қарай, бірнеше тарапқа бөлінеді. 1) ғалам тарапына, 2) құдай тарапына, 3) ғылым тарапына, 4) әлеумет тарапына, 5) үгіт-тәрбие тарапына, 6) сын тарапына.

1. Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұлы ұғым жүйесі даналық деп аталады. Даналық мақсаты бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам аталған дүниенің жұмбағын (дүние мәселесін) шешпек. Даналықтың ес ұғымына тиісті жағы - сап даналық болады да, іс ұғымына тиісті жағы — салт даналығы болады. Сап даналық жолының өзі екі айырық болады: бірі ғаламның адам арқылы жетерлік те, бірі жетпестік те жағын зейінге салады. Алдыңғы табансыз даналық делініп, соңғысы табанды даналық делініп айтылады.

2. Адамның зейіні Құдайды тану жағына жұмсалып, Құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда, дін пайда болып, ұғым жүйесі жасалса, ол ғақаид деп аталады. Оның екі жағы болады: бірі діннің негізі турасындағы ес ұғым болады да, біреуі дінге керек іс ұғым болады.

3. Зейін табиғат құбылысын тану жағына жұмсалып, табиғаттың түрлі заңдарын тауып, қасиеттерінбіліп, әбден көз жеткенде пайда болатын ұғым жүйесі - ғылым деп аталады. Ғылымның түрі толып жатыр; оның бәрін мұнда баяндау сөз мәселесінің ісі емес.

4. Зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, көсемдік ұғым жүйесі пайда болады.

5. Зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолына жұмсалғанда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болады.

6. Зейін басқаның ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде, сын ұғымының жүйесі пайда болады [4, 24 б.].

Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін - мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау, қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуға.

Адам дүниедегі көрген, білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңлаулап қана қоймайды, ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген

нәрсенің иә істің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғаламмен сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жырттылып айрылғысыз болып бірігеді. Тысқарғы ғаламнан санаға түскен саңлау мен сана жанында тұрған көңілдің күйін бір-біріне қатыстырмай, бөлектеп қоюға мүмкін емес. Адамның санасы фотография (сурет машинасы) емес нәрсенің тұрпатын ғана түсіріп қоятын; нәрсенің саңылауы келіп адамның санасына түскенде, адамның ойын да, көңілін де бірдей оятады. Адамның көңілін оятпаған нәрсе тіпті сезілмей, дерексіз өтеді. Бірақ адамның ілтипаты тысқарғы ғаламға, бірде ішкергі ғаламға көбірек ауатын орындары болады. Кейде тысқарғы нәрсе өте қорқытса, яки өте қуантса, иә болмаса өте тамаша күйде болып тандандырса, адамның есін алып, ілтипатын өзіне аударып кетеді. Кейде қайта адам өз ойы, өз қиялы, өз көңілінің күйімен болып, айналасындағы болып жатқан уақиғаларды, істеліп жатқан істерді, тамашалы, тысқарғы ғаламды байқамай қалады. Бұл адамның ілтипатын тысқарғы ғаламнан ішкергі ғалам аударып алып кеткен уақытта болады. Ондай адамдардың көбі ілтипатын көбінесе ішкі ғалам жағына салатын адамдар болады. Кейде тысқарғы, ішкергі екі ғаламның да күші бірдей болып, ілтипатымызды бірдей түсіреді. Мәселен, бір нәрсе, яки іс қандай көркем, әдемі болса, сондай оған сүйінеміз. Қанша сүйкімсіз, жаман болса, сонша жек көреміз, - деп кеңінен айтқан [5, 112 б.].

Міне, ғұлама ғалымның телегей-теңіздей рухани мұрасына осы айтылғандардан басқа да психологиялық мәні терең ой-тұжырымдары көптеп кездеседі. Осыларды саралап зерттеп, халық игілігіне айналдыру қазақ психологтарының келешектегі міндеті болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 281 б.
3. Боранғалиев Т. Халықтың көзі, құлағы пәле тілі // Егемен Қазақстан. 4.02.1997 ж. – 4 б.
4. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов. – Алматы, 1990.
5. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. – Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. V: – 384 б.

ӘОЖ 373

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Жунисбекова Ж.А., Қойшыбаева Н.И.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

E-mail: zhakena@yandex.ru

Аннотация

Қазақстанның инновациялық педагогикалық идеяларын дамыту Ахмет Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Сондай-ақ өз еңбектеріңде ол қазақ жастарын оқыту мен тәрбиелеу проблемаларын, оқытудың мазмұнын, әдістері мен нысандарын жетілдіру, өскелең ұрпақты рухани-эстетикалық тәрбиелеу мәселелерін көтерген және қараған. Бұл проблемалар бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанның білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған. А.

Байтұрсынов өз Отанының нағыз азаматын тәрбиелеуге лайықты еркін мектеп, ана тілінде оқытатын мектеп құруға да шақырды.

Тірек сөздер: тәрбие, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие, қазақ тілі, мектеп.

Аннотация

Развитие инновационных педагогических идей Казахстана связано с именем Ахмета Байтурсынова, который поднимал и рассматривал проблемы обучения и воспитания казахской молодежи, вопросы совершенствования содержания, методов и форм обучения, а также духовно-эстетического воспитания подрастающего поколения. Эти проблемы являются актуальными и по сей день. В настоящее время система образования Казахстана ориентирована на мировое образовательное пространство. А.Байтұрсынов призывал к созданию свободной школы, школы обучения на родном языке, достойной воспитать настоящего гражданина своего отечества.

Ключевые слова: воспитание, традиции, национальное воспитание, казахский язык, школа.

Annotation

The development of innovative pedagogical ideas in Kazakhstan is associated with the name of Akhmet Baitursynov, who raised and considered the problems of education and upbringing of Kazakh youth, issues of improving the content, methods and forms of education, as well as spiritual and aesthetic education of the younger generation. These problems are still relevant to this day. Currently, the education system of Kazakhstan is focused on the world educational space. A. Baitursynov called for the creation of a free school, a school of instruction in the native language, worthy of educating a real citizen of his fatherland.

Key words: education, traditions, national education, kazakh language, school.

Қазір қоғам да, қоғамдық көзқарастар да күннен күнге өзгеру үстінде. Әрі бұқаралық ақпарат және қарым-қатынас құралдарының жұмысындағы барлық шектеулердің алынып, ақпарат тарату еркіндігіе кең жол ашылуы балалардың сана сезімі мен рухына кері әсер етуде. Қазақ бола тұра қазақ тілін ұмытып ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының ажырап қалған, шетелдік компьютерлік ойындар мен қатігездікке құрылған фильмдердің еркіне кеткен жастарымызды қайтсек дұрыс жолға саламыз? Бүгінгі таңда бұл сұрақ ұлтымыздың болашағын ойлайтын санасы сергек барша қауымды толғандыруда.

Жастарда ұлттық көзқарас қалыптастыру, рухани тәрбие беру және осы мақсатта ұлтымыздың ұлы ғұламаларының рухани мұраларын жаңғырту, ұстаздар қауымының алдында тұрған міндет ретінде басшылыққа алу.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып, үйреніп, өнеге тұтпай, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Себебі Л.Толстой айтқандай, өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу сокпақ іздеп адасумен пара-пар.

Ұлы бабамыз Әл-Фарабиден бастап өшпес мұра қалдырған ойшылдарымыз Қорқыт, Баласағұни, Қашқари, Иассауи, Хорезми, Дулати, Жалайри т.б. еңбектері – қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ қазыналар. Сондай-ақ Асан Қайғы, Ақтамберді, Майлықожа сияқты, т.б. ақын-жыраулардың толғаулары мен дана өсиеттерінің қазіргі жастардың тәрбиесі мен біліміне берер пайдасы, қосар үлесі қаншама! Ал Абай мұрасының оның, педагогикалық көзқарастарының алар орны тіпті ерекше. Жарық жұлдыздарымыз Шоқан, Ыбырайлармен қатар XX ғасыр басында тәлімдік ой-пікірлермен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптардың педагогикалық психологиялық тұжырымдары қазіргі заман талабымен үйлесіп жатыр. Халқымыздың осындай даналары мен кемеңгерлерінің еңбектері, ойлары, көзқарастары тәрбие жұмысында, әсіресе, ұлттық рухани тәрбие беруде ұстаздарға көмек болатын таптырмас дүниелер.

Сондықтан да мектептің, мұғалімнің, ата-ананың, жалпы қоғамның алдындағы борыш, осы ұлы ғұламаларымыздың дана өсиеттерін, еңбектерін пайдалана отырып, жастарда рухани, ұлттық көзқарас қалыптастыру. Ахмет Байтұрсыновтың

шығармаларындағы этнопсихологиялық ойлардың мәнін ашып көрсету негізінде оқу-тәрбие процесінде қолданудың тиімді шарттарын анықтау. Ахмет Байтұрсыновтың этнопсихологиялық ойларын мәнін ашып көрсету; Ахмет Байтұрсыновтың этнопсихологиялық ойларын оқу-тәрбие процесінде қолданудың тиімді шарттарын анықтау. Ахмет Байтұрсыновтың этнопсихологиялық ойларын анықтау барысында Ахаңның өмірі, реформаторлық қызметі, «Қазақ» мерзімді баспасөздің қазақ жастарында ұлттық көзқарас қалыптастыру туралы, «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі психологиялық құбылыстар сипатталды. Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» әдебиет жанрларын Ахаң саралап, түсіндіру барысында қолданған терминдерді психологиялық тұрғыдан түсіндіру мақсатында қолдану [1, 15-18 б.].

А. Байтұрсыновтың еңбек жолын ағартушылықтан бастауының үлкен мәні бар. Өткен ғасырдың соңы мен үстіміздегі ғасырдың бас кезінде қазақ интеллигенциясы қалыптаса бастағаны мәлім. Петербург, Омбы, Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк, т.б. қалаларда оқып, мұсылманша немесе орысша білім алған қазақ жастары шыға бастады. Олар дәулетті де шағын да, кедей де ортадан шыққандар болғанмен, едәуір білім алғандарын көбі әкімшілік – сот орындарында қызмет етіп, бас пайдасын, өз мүддесін көздейтін болды. А.Байтұрсыновтың өз тілімен айтқанда, «Байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп» тұрғанда, оқу – білімнен кенде қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі ғана емес бірегейі Ахмет Байтұрсынов еді. Ағартушылық ісі сол кезеңдегі қазақтың әлеуметтік тіршілігінде ең қажет, ең игілікті әрекет болатын.

Ахмет Байтұрсынов психология ғылымы саласынан да өзіндік пікірлерімен дараланады. Оның көптеген еңбектеріндегі «Оқу құралы», «Сауат ашқан», «Әдебиет танытқыш», тағы сол сияқты этнопсихологиялық ойлар басым. Ахмет Байтұрсыновтың психология ғылымының төңірегінде ой қозғаған терең мәнді, салықалы пікірлері қазақ тілінің негізін құраушы, яғни реформаторлық бағытта айтылған [2, 4 б].

Ахмет Байтұрсынов мұғалімдер даярлайтын оқу, орнын бітірісімен, 1895-інші жылдардан бастап бала оқытуға кіріседі. 13-14 жыл бойы (1895-1909 жылдар арасында) ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен 5-6 жылдық екі кластық училищелерде мұғалім болып істейді. Бала оқыта жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайлар (нәрселер) жайын ойлайды: ең алдымен, қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбалары (графикасы, сол кездегі термин бойынша «әліп-биі») бар ма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма, үшіншіден, ондай әліпбиі мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі «Әліппесі» («Букварь» оқулығы) мен ана тілі оқулықтары («Грамматика» кітаптары) бар ма, баланы ана тілінде оқытудың тиімді әдістері қайсы — міне, осыларға назар аударады. Әрине, бұлардың бірде-біреуінің жоқ екенін біледі және осыларды дүниеге келтірмейінше, жүзеге асырмайынша, қазақ даласындағы оқу-ағарту ісін дұрыс жүргізу мүмкін емес екендігін жақсы түсінеді. Енді, ол «барымен базар» болып, күнделікті бала оқытумен қатар жоғарыда айтылған жоқтарды түгендеуге кіріседі. Атап айтқанда, А.Байтұрсынов 1910-жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдей, қайта түзуді қолға алады. Ол үшін алдымен қазақ тілінің фонетикалық құрамын зерттеуге кіріседі. Әрі қарайғы ізденістерінде араб, графикасын қазақ жазуы үшін былайша лайықтап алуды ұсынады: 1) араб алфавитіндегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау, 2) қазақ тіліндегі *ы, е, и, о, ұ, у* дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу, 3) *к, г* дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін (яғни қазіргі *д, е, і, ү* дыбыстарымен айтылатындығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекші таңба қою. Бұлайша түзілген алфавиттің сауат ашудың дыбыс жүйелі әдісіне сай келетіндігі байқалады [3, 27-28 б.].

А. Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады, себебі Байтұрсыновтың реформасы

қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сонымен қатар оның 1912 жылдардан бастап ұсынған, осы алфавитті негізге алған жаңа жазуы (ол «Жаңа емле» деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. 1915 жылдың бір өзінде осы емлемен (жазумен) 15-тей қазақ кітабы басылып шығыпты және бұл жазуды («Жаңа емлені») 1912 жылдардан бастап мұсылман медреселері мен қазақ-орыс мектептері де қолдана бастапты.

«Жаңа емлені» А. Байтұрсынов әрі қарай да қырнай түседі, полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын салмақтайды. Сөйтіп, араб әріптері негізінде лайықтап жасалған қазақ графикасы 1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде басталған Қырғыз (қазақ) білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланады. Бұл съездің күн тәртібіне алты мәселе қойылады: Олар:

- 1) жазу ережелері (яғни орфография мәселелері);
- 2) әліпби (яғни алфавит) мәселесі;
- 3) қазақша пән сөздер, (яғни терминология);
- 4) ауыз әдебиетін жию шаралары;
- 5) оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары;
- 6) бастауыш мектептердің программасы.

Съездің маусым айының 15 жұлдызындағы мәжілісінде А. Байтұрсынов «Әліпби тақырыпты» деген атпен баяндама жасайды. Ол түркі халықтарының қолданып келе жатқан жазуы бар екендігін, оны тастап, басқа графикаға көшу оңай емес деген пікірін осы съезде дәлелдейді. Әліпби (графика) қандай қасиеттерге ие болу керек деп, қазақ халқы қолданып отырған, икемделіп, өңделген (реформаланған) араб алфавитінің оң сипаттарын (қасиеттерін) көрсетеді де, латынға көшкенде, латын алфавитін қолданушы Еуропа халықтары тіліне түркі жұрттарының қатысы жоқ дей келіп, «латын әліпбиін тұтынған [еуропалық] жұрттар орыстың орнында болып, аузына қарап... балаларымызға тілін үйретіп отырған жұрттар болса екен... Онда алуға мағына бар дер едік» деп ойын орнықтыра түседі. Бұл жерде, сірә, араб алфавитін тастау қайткенде де қажет болса, латынға емес, тілін қоса үйреніп жатқан, отандас, тағдырлас орыс халқы қолданып отырған жазу қолайлы емес пе деген ой ұшқыны жалт ететін тәрізді.

А. Байтұрсыновтың осы баяндамасын және латын таңбаларын алуды қостаған Нәзір Төрешұлының баяндамасын талқылап, екі алфавиттің оң-теріс жақтарын сарапқа салып қарағаннан кейін, съезд «Қазақ тұтынып отырған түрік (араб таңбалы) әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа ісіне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліпбиінің өзін түзету өзге әліпби алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек» деп А. Байтұрсынов реформалаған және баспа түрінің де вариантын ұсынған араб жазуы негізіндегі қазақ алфавитін қабылдау керек» деген қарар ұсынды (Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Орынбор. 1925).

А. Байтұрсынов реформалаған араб жазуы өз кезеңінде қазақ мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды. А. Байтұрсыновтың бұл тәжірибесін сол кезде өзге түркі халықтары, мысалы өзбектер мен татарлар үлгі етіп тұтып, олар да өз жазуларына реформалар жасай бастады [4, 5 б].

Ол сөзді оқығанда, не жазғанда кейін (дағдыланғаннан соң) кісі тұтасынан бейнелейді дейді. «Сауатты адам, — дейді автор, — жазғанда қол дағдысымен жазады. Жазып отырғанда әр әріпті ойлап барып жазбаймыз, қолымыз дағдыланған күйімен өзі кетеді. Неғұрлым сауаты көбірек ашылған адам болса, неғұрлым жазуды көп жазатын адам болса, оның көз бақылауынан гөрі қол дағдысы басым болмақ... Оқыған уақытта адамның көзіне күш түсіп, етіне күш туспейді. Жазған уақытта көзіне күш түспей, етіне күш түседі». А. Байтұрсыновтың осы түйіндері психологияда оқу, жазу дағдыларын қалыптастырудың заңдылықтарына негізделген. Мұны психологиядан аздап хабары бар адам, арнайы түсініктемесіз-ақ ұға алатыны хақ. Латынша жазуда қолға күш түсетіндігін А. Байтұрсынов орыс психологы П.П. Блонский зерттеулері арқылы түсіндіреді. Блонский жазғанда талу-талмауына ерекше көңіл

аударған. Жазу кезінде қолдың талмайтындығы саусақтағы ұсақ бұлшық еттерге байланысты деп түсіндіреді. Байтұрсынов орыс ғалымының ой пікірін былайша жалғастырады: «Менің оған қосатыным — қарды (қолды айтады) жаюдан жию жеңілдірек. Солдан оңға қарай жазғанда қол қардың жайылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын қиындайды... Араб әрпімен жазғанда стенограф жазуымен жазған сияқты қолдың шапшаң жазуға қолайлы... латын жазуымен салыстырғанда қол сермеуі барша нүктелерін қосып есептегенде, латындікінен 25-30% кем болып шығады».

Халқымыздың осынау бір туар — ғалымы араб графикасының оқу, жазуға латын-қарпінен гөрі әлдеқайда тиімділігін психологиялық тұрғыдан пайымдай келіп, өз ойын былайша тұжырымдайды: «араб әрпі латын әрпінен жазуға да, оқуға да оңай, сауат ашу үшін баспаханада әріп теруде де, ол латын таңбасынан әлдеқалай тиімді,— дей келіп, латыншаға көшу қажет деп жүргендерді «еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қиял»,— дейді. А.Байтұрсынов өмірінің соңғы сәтіне дейін, өзі түлеткен, өзі реформа жасап жетілдірген қазақтың жаңарған жазу үлгісін осылайша ғылыми негізде дәлелдеп, шырылдап қорғап өтті.

Міне қазақ мәдениетінің өркендеуі мен рухани байлығының ұрпағына жетуі үшін жан кештілікпен күресіп өткен ұлы ғалым Ахмет Байтұрсыновтың кешкен өмір өткелдері, тар жол тайғақ кешулерінің қысқаша сыры осындай.

Ахмет Байтұрсынов ең алдымен қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Яғни, қазақ тілін зертеуші, араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Мұнда Ахаңның психология ғылымының төңірегінде ой қозғаған терең мәнді пікірлері орын алған. Мұнда ол араб әрпінің латын таңбасынан әлде қайда ұғынуға, тез жазып, миға тоқылуы жеңіл екендігін типологиялық тұрғыдан дәлелдеп берді. Оның пікірінше, жазылғанды тану жеңіл, оңай оқылады, қолайлы, көркемдік, көзге жайлылығы жағынан графикалардың қайсысы артық екендігін Байтұрсынов араб әріптері бірі биік, бірі аласа, бірі ұзын, бірі қысқа келіп, екінші жағынан қосымша таңбалары (белгілері) себеп болып, сөз суретін көзге елеулі етіп, кісінің тез оқуына, әріп тануына қолайлы болады деген пікірлерімен дәлелдеп, психологиялық жайттарға тоқталады [5, 41 б].

Сонымен қатар адамда жазу дағдысының қалыптасу жолын да психологиялық тұрғыдан түсіндіреді, оқыған уақытта адамның көзіне күш түсіп, етіне күш түспейді. Жазған уақытта көзіне күш түспей, бетіне күш түседі деп түсіндіре Ахаңның осы түйіндері психологияда оқу, жазу дағдыларын қалыптастырудың заңдылықтарына негізделген.

Араб графигіне негізделген қазақ жазуы үстіміздегі ғасырдың 10 жылдардан бастап, жиырма жылдардың соңына дейін қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Ғалымның алфавиті күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тапсырмалар, публистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / құрастырған Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
4. Нұрғалиев Р. Ахмет Байтұрсынов /әдебиет пәні бойынша 10-11 сыныптарға арналған қосымша оқу құралы. - Алматы: Рауан, 1991. - 30 б.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / құрастырған. Шәріпов Ә, Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Алимбекова Анар Аймолдановна

Философия докторы (PhD) қауым. профессор

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Мектепке дейінгі білім және әлеуметтік педагогика кафедрасы

Иманбекова Жазира Ораловна

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

7M01201-«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»

1-курс магистранты

Аннотация: мақалада адамның толыққанды жетіліп, мемлекеттің іргетасы болып қалануына отбасынан бөлек қоғамдық тәртіп, тәрбие мен білім беруді меңгертетін ұйымдардың атқаратын рөлі, тамыры қалыптасқан, негізі қаланған ұлттық педагогиканың ізін қалыптастырушы ағартушы ғалымдарымыздың еңбектерінен ұзап кете алмайтынымыз жайлы жазылған. Сонымен қатар, сонау Абайдың ізін жалғастырушы тіл білімінің негізін қалаушы, халықтық педагогиканың көрнекті, ең алғашқы тіл білімі ғылымының түбегейлі негізін қалаушы, асқан дарын иесі, кемеңгер Ахмет Байтұрсынұлының өз заманында жасаған еңбектері, салған сара жолы қазіргі таңда өте құнды әрі өте бағалы екендігі ашып көрсетілген.

Оқытудың қазіргі жаңартылған білім мазмұны, ойынның бала өміріндегі маңызы жайлы ғалым тұшымды ойымен бөлісіп еңбек жазған. Ахмет Байтұрсынұлы мектепке даярлық тобында тұңғыш әліпбиіміз жинақталған «Әліпше» оқулығын қолданудың тиімділігі туралы айта келе, дыбыстарды жүйелі қолдану, сөздердегі бір әуендік, бір ырғақтық мәселелері, әріптердің сөз бойында бірыңғай не жуан не жіңішке айтылуын да шет қалдырмаған. Ортаңғы, ересек топ балаларын Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал», «Маса» жинақтарына кірген өлеңдерімен таныстырып, иллюстрация, сурет, көрнекі құралдар, рөлдік ойындар арқылы таным- түйсіктерін оятсақ, қабылдау деңгейлеріне қарай оқыта білсек, олардың бойында ұлттық тәрбие, рухани, адамгершілік қасиеттерін баули аламыз.

Әлемдік жаңару қарсаңында, нарықтық экономикаға еркін қадам басқан, бәсекеге қабілетті, ғылым мен технологияның даму заңдылықтарын толықтай игеріп отырған еліміз ғылым мен білім, халықты оқу-ағарту, ізгілендіру, рухани-адамгершілік қағидаларын дамыту, елжанды, патриот ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық мәдени мұраларды қайта жандандырып оқу-тәрбие үдерісіне кеңінен тарату жолында аса зор жауапкершілік танытып, алдына межелі мақсат қойып отыр. Осы үдеріске байланысты оқу-ағарту, білім мен ғылым, тәрбие беру салаларында түрлі реформалар қабылданып жұмыстар атқарылуда.

Тұлғаның жеке тұлға болып қалыптасып дамуында оның дүние есігін ашқан туған ортасы яғни отбасы және оның тәрбиеленіп, білім, білік дағдыларын меңгеру ортасы, қоршаған ортасы әсер ететіні сөзсіз. Осы орайда бала бойына тәрбие екі жақты әсер ететін процесс екенін атап айтуымыз керек. Біріншісі адамгершілік нормаларды меңгерту болса, екіншісі тәртіп пен мінез-құлықтың тәжірибесін жинақтау нәтижесі. Демек адамның толыққанды жетіліп, мемлекеттің іргетасы болып қалануына отбасынан бөлек қоғамдық тәртіп, тәрбие мен білім беруді меңгертетін ұйымдардың атқаратын рөлі орасан зор. Бұл үдерісті адам баласы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан бастайды.

Мектепке дейінгі педагогика, тәрбие деген кезде біз баланың туғанынан бастап мектеп жасына дейінгі кезеңдегі жас аралығын айтамыз. Тұлғаның бастапқы қалыптасу және оның қоғамдық мәдени, заманауи өмірге араласуын қарастыратын ғылым саласы. Осы салада

сапалы нәтиже мен жетістікке жету үшін біз қазіргі оқу, оқыту саласындағы түрлі реформаларды қабылдай отырып белсенді оқыту әрекеттерін жүргізіп отырамыз. Десек те тамыры қалыптасқан, негізі қаланған ұлттық педагогиканың ізін қалыптастырушы ағартушы ғалымдарымыздың еңбектерінен ұзап кете алмаймыз, керісінше сол сара жолмен жүреміз.

Осы тұста надандықтың бетін жойып, отаршылдық заманында оқыған білгендердің ізін қуып, халықты мәңгілік жасампаздыққа, білімқұмарлыққа, ізденімпаздыққа, еңбексүйгіштікке бастысы сауаттылыққа бастаған, сонау Абайдың ізін жалғастырушы тіл білімінің негізін қалаушы, халықтық педагогиканың көрнекті, ең алғашқы тіл білімі ғылымының түбегейлі негізін қалаушы, асқан дарын иесі, кемеңгер Ахмет Байтұрсынұлының өз заманында жасаған еңбектері, салған сара жолы қазіргі таңда өте құнды әрі өте бағалы.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 20-30 жылдары өмір сүріп ағартушылық қызмет атқарған түрлі ғылым салаларында қалам тартып, қара халықты сауаттылыққа шақырған, ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы ғалымның айтар ойы, берер тәлімі қазіргі оқыту үдерісімен тұспа тұс келеді [1;3-10].

Оқытудың бұрынғы дәстүрлі форматынан қазіргі жаңартылған білім мазмұнына ауысқан жүйесінде «білім алушылар алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы қолданылып жүр. Оқытудың бұл жүйесі Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» мақаласында баяндалады. «Өлі оқудан» гөрі, «төте оқу» беретін білім жандырақ. «Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті бала оқыту емес, тіршілік ісіне тігелей түсіру» дейді ғалым [2]. Демек балаға берілген білім тек қана теория алумен ғана емес, практикамен яғни күнделікті өмірде қолданумен ұштасуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту дегеніміз олардың бойында ұнамды әдет-дағдыларына баулу, білуге деген құштарлықтарын дамыту, ақыл-ой, ес қабілеттерін, зейін қою, қиялдау, ойлау сияқты дүниетанымдық қабілеттерін, жас ерекшеліктеріне қарай мақсат қоя білу дағдыларын, кездескен қиыншылықтарды жеңе білуге деген құштарықтарын ояту, бірігіп әрекет етуге тәрбиелеу. Осы орайда да ғалым тұшымды ойымен бөлісіп еңбек жазған. Балалардың жас ерекшеліктеріне, психологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне тоқтала отырып: «Ойын – оның шын тіршілігі... Төңіректегі нәрседен өзіне қызықтысы ғана көзіне түсіп, ықылас тартады....және бір мінезі сөйлеуге жалықпайды. Тынымсыз қимылының бәрі сөзімен жалғасып жүреді. Көрген нәрсесін айтқанда ұмытқан жерлерін ойдан толықтырады» деп баса назар аударған [2]. Демек жоғарыда аталған дағдыларды біз неғұрлым ойын тәсілдері арқылы дамытып, бала бойында жағымды эмоция қалыптастыра аламыз.

Бала өмірді бірте бірте тани бастаған кезде, ол бірінші жан-жағын қоршаған ортаны танудан бастайды. Солай-солай біртіндеп өмірден алған тәжірибесі көбейе береді. Білім беру ұйымына дейінгі жастағы балалар жан-жағын тануға өте құштар болғаннан кейін олардың алдында түрлі сұрақтар пайда болады, аздап біле бастағаннан кейін танымы кеңейіп одан ары білуге деген ықыласы арта береді. Мектепке дейінгі баланың зейіні тұрақсыз келгендіктен, бүлдіршіндерді біркелкі жасалатын жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан бұл жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ойын түрлерін қолдану – меңгерілетін білімнің, тәрбиенің берік болуына негіз болмақ. Ойын ойнау кезіндегі бала ойланады, эмоциялық сезімі ұшқындалады, белсенділігі артады, қиял, елестері дамиды, ойыннан алған психологиялық әсері арқылы шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады. Сондықтан да ойшылымыз мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ойын әдіс-тәсілдерін арнайы зерттеу нысанына алса керек.

Өзгерістерге сәйкес қазіргі оқыту жағдайында біз алдымызға: нені үйрету керек? қалай дамыту керек? неге оқыту керек? нені дамыту керек? кім үйретеді? қайда дамыту керек? қашан дамыту керек? деген сияқты әдістемелік сұрақтарды қоя отырып оқыту үдерісін ұйымдастыруымыз керек. Осы орайда тәрбиедегі ұлттық құндылық пен халықтық

педагогканы ұштастыра келе Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын оқытып, таныту арқылы үлкен жетістіктерге жетеміз деп есептеймін. Мектепке даярлық тобында тұңғыш әліпбиіміз жинақталған «Әліппе» оқулығын қолданған тиімді. Себебі орта мектептегі сауаттылық, таза жазу, есту, дағдылары осы мектепке дейінгі жаста қалыптаса бастайды. «Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ, бір белгіменен әлденеше түрлі дыбыстарды жазамыз... Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп жөнге салу керек. Сонан соң сол жөнменен құрал сайлау керек. Жазу тәртібі менің ойлауымша болса жарар еді» - дейді ғалым [3;530-541]. Дыбыстарды жүйелі қолдану, сөздердегі бір әуендік, бір ырғақтық мәселелері, әріптердің сөз бойында бірыңғай не жуан не жіңішке айтылуын да Ахмет Байтұрсынұлы шет қалдырмаған, бұл да осы жас кезінде ескеріліп үйретіліп кетсе сапалы нәтиже көретініміз сөзсіз.

Сонымен қатар ортаңғы, ересек топтарда балаларды, Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал», «Маса» жинақтарына кірген өлеңдерімен таныстырып, иллюстрация, сурет, көрнекі құралдар, рөлдік ойындар арқылы таным- түйсіктерін оятсақ, қабылдау деңгейлеріне қарай оқыта білсек, олардың бойында ұлттық тәрбие, рухани, адамгершілік қасиеттерін баули аламыз. Шағын ертегі жанрында, табиғат, жан-жануарлар, түрлі аңдардың кейпімен, қысқаша өлең жанрында берілген мысалдар балалардың қызығушылығын оятып, өмірде де қолдануына септігін тигізеді. Шеберлікпен жазған бұл шығармаларын ғалым ғибратты әңгімемен, нақыл сөзбен, ой саларлық тәлімімен тиянақтайды. Мысалы, «Егіннің бастары» мысалында: «Елде көп бұл бидайды адам, тәкаппар, оны халық, жаман», «қалпы емес тәкаппарлық данышпанның, тұтынба бұл мінезді, балам, [5] - дейді – ақыл ойы таяз, тәкаппарлық мінезі бар, сауатсыз надандардың болатынына реніш білдіріп, сондай адамдардан бойын аулақ ұстауға үйретеді.

«Аққу, шортан һәм шаян» мысалында:

...Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас. [5] – деп, қысқаша мысал арқылы бірліксіз тірлік болмайтынын балаларға түсінікті қылып, әсте шеберлікпен жеткізе білген.

Мектепке дейінгі тәрбие жайында: «Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың жанымен, тәнімен керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу – сол дұрыс тәрбие болады» деп айтқан екен [4]. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие беруде көбінше баланың психологиялық, физикалық, эмоционалдық жағдайын, жас ерекшелігін ескере отырып, ішкі жан дүниесіне бойлай тәрбиелеу, еңбексүйгіштікке, адамгершілік қағидаттарына, рухани, ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып баулу, тәрбиелеу, оқыту әлдеқайда ұтымды әрі оңтайлы болмақ. [3;1-5]

Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу жайлы» атты мақаласында қай халықтың болмасын алға басу себебі де, кейін қалу себебі де оқу мәселесімен байланысты екенін дәлелдейді. «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтың қолына көшпек... Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» - деген сөздерімен тәуелсіз ел болғандағы жасампаздыққа апарар даңғыл жол тек білім мен оқуда екенін атап өткен [2]. Дамыған, озған ел болу үшін алдымен білім керек екенін жанымен, тәнімен түсініп ұғандырып кеткендей.

XX ғасырдың 30-40 жылдары қазақ өркениетінің дамып, бой көтеріп, гүлденген шағы еді. Себебі бұл кезеңдерде ағартушы ғалымдар мен, ұлтының ұландары көптеп еңбектер жазып, халықты жаппай сауаттандыруға, білім алып көкірек көзін ашуға атсалысқан еді. Осы тұста ерен еңбек етіп, оқыту, оқу, тәрбиелеу үдерісіне реформа енгізіп сара жолға салып

кеткен ұлы ойшылымыз Ахмет Байтұрсынұлының қазақ қоғамына жасап кеткен тәлімді еңбектері қашанда өміршең болмақ.

Қорыта айтқанда, Қазақстан республикасының мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасында: «Ұлттық мәдени дәстүр жалғастығына, тарихи мұраларды жандандырып тәрбие құралына айналдыруға, халықтар мүддесі мен бірлігінің тоғысуына негізделуі керек.» [6] деп айтылғандай ойшыл, кемеңгеріміздің, ұлтымыздың ұланы болып кеткен, ұлттық тәуелсіздік, ұлттық армия, ұлттық өзін-өзі басқару, ұлттық білім туралы концепцияларын құрып, елі үшін аянбай тер төккен асыл тұлғамыздың шығармашылығы мен өнегеге толы өмірі әрқайсымызға өмірлік әдістеме болып, күнделікті қолданыста жүруі керек деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі және сілтемелер:

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.
2. Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп. Оқу жайлы.
3. Ә. Кекілбайұлы. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы.
4. [https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/38695/\[15.11.22\]](https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/38695/[15.11.22])
5. [https://adebiportal.kz/kz/multimedia/audio/axmet-baitursynuly-qyryq-mysal_365\[16.11.22\]](https://adebiportal.kz/kz/multimedia/audio/axmet-baitursynuly-qyryq-mysal_365[16.11.22])
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137\[18.11.22\]](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137[18.11.22])

ӘОЖ: 140.903

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚАТЫСТЫ ТҰЖЫРЫМДАР

Ортай Г.Қ. 7М01701, қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау мамандығының магистратура 1-курс студенті

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: ortayg@bk.ru

Аңдатпа: А. Байтұрсынұлының ғылыми -әдістемелік мұрасы қазақ тілін оқытуда өлшеусіз үлес қосты. Бұл мақалада А. Байтұрсынұлының еңбектерінен жазылым мәдениетіне қатысты құнды тұжырымдар талданып жазылады. Жазылым мәдениетіне байланысты түсінік беріледі. Ағартушы- ғалымның әдістемелік қырына шолу жасалынады.

Тірек сөздер: Оқу-ағарту, жазылым, жазу дағдысы, оқыту әдістері, тұжырымдар, сауаттылық, оқулық, оқу құралы, ағартушы-ғалым, әдіс.

Аннотация: Научно-методическое наследие А. Байтурсинова внесло значительный вклад в преподавании казахского языка. В этой статье анализируются и записываются ценные находки, связанные с подписной культурой из творчества А. Байтурсинова. Дается понимание культуры подписки. Делается обзор методологического аспекта деятельности просветителя-ученого.

Ключевые слова: Образование, письмо, навыки письма, методика обучения, выводы, грамотность, учебник, учебное пособие, просветитель-ученый, метод.

Annotation: The scientific and methodological heritage of A. Baitursynov made a significant contribution to the teaching of the Kazakh language. This article analyzes and records valuable finds related to the signature culture from the work of A. Baitursynuly. In this article given an

understanding of the subscription culture. As well in this article made a review of the methodological aspect of the activity of an educator-scientist.

Key words: Education, writing, writing skills, teaching methods, conclusions, literacy, textbook, study guide, educator-scientist, method.

Біреуге бір ғана саланы меңгеру үшін бір ғұмыр жетпейді, ал енді біреуге бірнеше салада еңбек етуге бір ғұмыр аздық етіп жатады. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында түрлі салада бел жазбай еңбек етіп, ұлт арбасын алға сүйреген көшбасшыларымыздың бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Оның тұла бойында ақындық та, ағартушылық та, ғалымдық, қайраткерлік, көшбасшылық қабілеттер біте қайнасып жатыр.

Ахмет – ұлт мәдениетінің хантәңірі. Қазақ тіл білімінің бастауында тұрған басты тұлға. Ол – қазақ халқының рухани көсемі. Ұлт мұрасын ұлықтаушы. Ахмет – ақын. Себебі, Ұлт көсемі шығармашылығының сүбелі салаларының бірі – поэзия. Ақынның азаматтық арман-мақсаты жырланған өлеңдері «Маса» деген атпен жарық көрген. Ақын поэзиясы арқылы «Маса» болып ызындап халықты оянуға шақырады. Халықтың көкірек көзін ашып, білімді болғанын қалады. «Маса» жинағының басы Қожа Насреддин ақылымен басталады: Бір күні Қожа Насреддин жиылған жұртқа үгіт айтуға мінбеге шығып: «Азаматтар, мен сөйлейін деп тұрғаным ненің жайы, білесіңдер ме?» депті. Жұрт: «Жоқ, білмейміз!» – депті. Қожа: «Білмесендер білмейтін нәрселерінді мен қалай сөйлеймін» деп мінбеден түсіпті. Жұрт қамтама қалып, білмейміз дегеніміз ағат болған екен, енді сұраса білмесек те білеміз деп айталық депті. Екінші рет Қожа мінбеге шығып тағы сұрапты: «Азаматтар! Мен не жайын сөйлемекпін, білесіңдер ме?» – деп. «Білеміз! Білеміз!» – деп жұрттың бәрі шулапты. «Өздерің біліп тұрсаңдар, мен несін айтайын» – деп Қожа мінбеден тағы түсіпті. Жиылған адамдар, айтады: «енді сұраса білетіндер де, білмейтіндер де бар» деп айтпақшы болып сөз айтысты. Үшінші рет Қожа мінбеге шығып бұрынғыдай тағы сұрағанда, жиылғандар «білетініміз де бар, білмейтініміз де бар», – депті. **«Олай болса, білетіндерің білмейтіндеріңді үйретсін, білмейтіндерің білетіндеріңнен үйренсін!»** – деп Қожа мінбеден түсіпті де жүріп кетіпті [1, 85-б.]. Осы бір тәмсілдің өзінен білімді бөлісу керек екенін, адам үйрену мен үйретудің арасындағы болмыс екенін түсінуге болады. Бұл туралы Телжан Шонанұлы: *«Ахаң Қожаның осы бір әпенділігін кітабына тегіннен-тегін келтірген жоқ. Шындығында да, Ахаң өзінің бүкіл саналы өмірін сарп еткен қазаққа өзі білген нәрсесін ұтымды жеткізуден жалықпады. Сол үшін жанын сала тер төкті. Сондықтан да болар, оның еңбегінің өнімді жағды ағарту алқабында. Осыған дейін ел ішінде оқу-ағарту ісіне дәл Ахмет Байтұрсынұлындай еңбек еткен ешкім жоқ»* [2, 306-б.]. Т. Шонанұлының осы бір пікірінен А. Байтұрсынұлының ағартушылық сипаты ашылып тұр. Бұл туралы А. Байтұрсынұлының өзі де *«Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі»* [3, 19-б.],- деу арқылы тек оқумен ғана халықтың алға басатындығын айтады. Ол қазақ халқының өзгелермен терезесі теңесіп, маңдайы жарқырауы үшін оқу-ағарту ісінен алда болу керек екендігін ұқты. Және осы жолда қыруар еңбек етті. Қазақ халқының рухани көшбасшысының ағартушылық идеясы – оның азаматтық болмысының айнасы, ұлт алдындағы адамдық борышының негізі болып саналады. Саналы ғұмырын ағартушылыққа арнауды маңызды көрген ғалымды «Ұлт ұстазы» деп бекер атамаған. Ұлт ұстазы қазақ балаларының ана тілінде білім алғанын қалап, әдістемелік оқу құралдарын, ағартушылық бағыттағы түрлі оқулықтарды жазып шықты. Олардың қатарында «Оқу құралы», «Тіл құралы», «Әліпби», «Жаңа «әліппе», «Баяншы» атты оқытуға арналған әдістемелік құралдар бар. «Оқу құралы» қазақ балаларының сауатын әуелгі кезекте ана тілінде ашуды мақсат етсе, тіліміздің грамматикалық жақтарын қазақ тілінде түсіндіру үшін «Тіл – құралды» жазып шығады. Келесі кезекте «Тіл жұмсарды» жазу арқылы тілді дұрыс жұмсай білу, қолдануды үйретуді қаласа, тілді оқыту әдістемін «Баяншы» атты еңбегінде жазады. Ұлт ұстазының балаларды оқыту мақсатында жүйелі еңбек етіп, мақсатты әрекет жасағанын байқаймыз. А. Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?» мақаласында білімнің негізі жазуда жатқандығын айтып,

«сауатты адам дегеніміз – дұрыс жаза білетін адам» деген тұжырымға келеді. Қазіргі таңда полиглот мамандар адамның тілді білу дағдысын сөйлеумен емес, сауатты жазуымен мақұлдайтынын ескеру керекпіз. Кез келген өзге тілді үйренуші адамда акцент болады, сөйлегенде оның аса бір маңызы жоқ, тек орфографиялық және грамматикалық қателіктерді жіберу – сол адамды тілді білу қабілетінен айырады. Бүгінгі заманғы осы бір стандартты жүйені А. Байтұрсынов өзінің «Қай әдіс жақсы?» мақаласында айтады: «Сауатты адам деп қандай адамды айтамыз? – Оқи да, жаза да білетін адамды айтамыз. Сауаттылық негізі оқу ма, жазу ма – мұны ашсақ, сауаттау әдісі қайсысынікі болатынын да ашамыз, үйткені – сауаттылықтың негізі не нәрсе болса, сауаттау әдісі де соныкі болу керек. Оқи біліп, жаза білмейтін адам бола ма? – болады. Ескіше үйренгеннің көбі-ақ оқи біліп, жаза білмейтін. Ондай адамдарды толық сауатты деуге бола ма? – Болмайды. Ондайлар шала сауатты адамдар. Жаза біліп, оқи білмейтін адам бола ма? – Жоқ. Жаза білетінде оқи да біледі. *Олай болса сауаттылықтың негізі оқу бола ма, жазу бола ма? – Әрине, жазу болады. Сауаттылықтың негізі жазу екендігін сауаттылықтың шыққан жолы да көрсетеді. Сауаттылықтың асылы оқу болмай, жазу болса, сауаттау әдісінің де асылы оқудікі болмай, жазудікі болу керек*» [3, 43 б.]- деген пікірі арқылы дұрыс жаза білмейтін адамға «шала сауатты» деп баға береді. «...Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. *Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман*» деген пікірінің өзінен жазудың маңызын ұғынуға болады. Ұлт ұстазының сол кезде жазу сауатына аса мән беруінің өзі – бүгінгінің заман талабының маңызын айқындайды. «Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі европалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі. Ахметтің жаңа оқулықтары жаңа әдістермен, қазақ өміріндегі жағдайға ғана орайластырып қойылмаған, сонымен бірге ең соңғы жаңа методика мен әдістері тұрғысынан жазылған» [2, 309 б.]- деген жоғары бағаның өзінде оқушыны оқытуды европалық, америкалық білім беру жүйесінен емес, болмысы ұлттық сипаттағы, танымы қазақи, қазақ баласының жан-дүниесін, нені қалайтынын түсінетін А. Байтұрсынұлынан алу керек деген ой жатыр.

Жазу дағдысын меңгеру әлемдік білім беру жүйесіне қол жеткізуден бөлек, халықаралық дәрежедегі жұмыс орындары және т.б көптеген есіктерге жол ашады. Академиялық дәрежедегі жазу машықтары кез келген бәсекеге қабілетті ХХІ ғасыр адамының бойынан табылуы тиіс. Еліміздегі оқыту бағдарламасы осы талапты ескере отырып, білім жүйесіне тілдік төрт дағдыны (оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым) енгізген болатын. Бұл туралы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша (5-11-сыныптарда) жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының ерекшелігі атты мақалада: «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сыни тұрғыдан ойлауға дағдыландыру. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытылу да өзгеше. *Бағдарлама оқушының білім, білік және төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған*» [4, 22 б.]- деп тілдік төрт дағдының маңызына тоқталып өтеді. Осы тұста жазылым дағдысына тоқталып өтетін болсақ, жазылым дағдысы дегеніміз жалпы дұрыс жазудан (әріпті, сөзді) бөлек, ойды дұрыс жеткізе алу қабілеті. Жазылым дағдысы - тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын білдіру деңгейіне бағытталады [5, 5 б.].

«Оқи білетін адам – шала сауатты, оның сауаты жаза білгенде ғана толығыады» деген ұстанымды ұстанатын ұлт ұстазының жазу мәдениетіне, жазу қабілеттеріне қатысты айтқан тұжырымдамалары мен көзқарастары жетерлік. Оның жазуға қатысты «*Жазу тәртібі*» // «Айқап» № 4, 1911 ж., «*Жазу мәселесі*» (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ» №35, 24 қазан 1913 ж., «*Жазу мәселесі*» // «Қазақ» №36, 31 қазан 1913 ж., «*Қазақша жазу туралы жаңа ережелер*» (Е.Омаровпен бірге) // «Еңбекші қазақ», 19 ақпан – 22 наурыз 1923 ж., «*Қазақша сөз жазушыларға*» // «Шора» №4, Б. 110-113, 1913 ж. атты жазған еңбектері бар. Бұның барлығы ағартушы-ғалымның «жазу мәдениетіне» бей-жай қарамағанының дәлелі.

А. Байтұрсынұлының тіл мен оның әдістемесіне қатысты оқулықтарын бағамдай келе, оқушылардың жазылым мәдениетін қалыптастыруға байланысты құнды көзқарастарының бар екендігін байқай аламыз. Осы тұста ұлт ұстазының «оқушылардың жазылым мәдениетін қалыптастыруға қатысты тұжырымдарын» кезең - кезеңімен бөліп қарастыруға болады.

Дұрыс жаза білу үшін үйрену керек алғашқы кезең – грамматикалық сауаттылықты игеру. Бірінші кезекте тілдің өзіне тән қалыптасқан заңдылықтарын толықтай меңгермейінше, сол тілде дұрыс әрі сауатты жаза алмаймыз. Бұл туралы ғалым Қ. Жұбанов: «Грамматика – грек халқының сөзі. *Мағынасы – жазу танытқыш деген.* Бұлай аталу себебі – ерте кезде грамматика тек жазылған сөзді оқып түсінуге ғана кілт болған. *Бүгінде грамматика жазылатын сөзді де, айтылатын сөзді де дұрыс құруға, дұрыс түсінуге үйрететін ғылым болып кетті*» [6, 31 б.] - деу арқылы «грамматика – кез келген тілді үйренудің кілті» екендігін меңзеп тұр. Тілдің ережелері мен заңдылықтарын үйрену алғашқы кезеңнің жұмысы екендігін ұлт ұстазы да растайды. Ол: *«Қандай болмасын тілде дұрыс оқып, жазу үшін алдымен осы тілдің ережелерін білу қажет, ал тілдің ережелері осы тілдің өзінен, оның қасиеттері мен заңдылықтарынан келіп шығады»* [7, 30 б.]. Жазылым мәдениетінің алғышарттарының бірі – грамматикалық сауаттылық болғандықтан, ғалым «Біздің заманымыз – жазу заманы... Сөздік жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек болғандықтан, **«қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек»** [8, 14 б.],- деп өзіне тілдік заңдылықтарды танытатын оқулықты жазуды міндет етіп алады. Жазу қағидалары туралы құнды пікірлер мен зерттеулер «Тіл – құрал» еңбегінде толықтай қамтылған. Сонымен қатар, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-інші кітап «Тіл – жұмсарда» жазу мен оқудың негізгі ережелерін оқушыға үйретуді мақсат етіп алады.

Жазылым мәдениетін, жазу дағдысын қалыптастырудың тағы бір сатысы – сөздік қормен жұмыс. Бұл ойды А. Байтұрсынұлының «Тіл – жұмсар» еңбегіндегі оқушыларға берілген жаттығу жұмыстары қуаттайды. Аталмыш еңбекте оқушыға грамматикалық негізі ақпарат берілгеннен кейін, жазбаша жұмыстар арқылы оны бекітіп отырады. Яғни, грамматикалық тақырып және өтіліп отырған мәтінді ескере жазу мәдениетіне байланысты «сөздерді жаттау, сөздерді жазу тіпті сөз тудыруға» байланысты оқушыларға ұсынған әліс - тәсілдері байқай аламыз. Атап айтсақ, *сөз тугызу, жасау жазу, айтқаннан жазу (жәт жазу)* сияқты А. Байтұрсынұлының ұсынған әдістері тікелей сөзбен жұмыс жасауға және жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Ұлт ұстазы жазу туралы пікірлерді айтып қана қоймай, «оқушыны жазуға үйретудің» әдіс-тәсілдерін жазған. «Жалқылаулы-жалпылау әдіс» мақаласында **«Шағын сөзді»** деген әдістің түрін ұсынады. Әдіс түрі сауатын енді ашып жатқан балаларға жазуды үйрету үшін қолданылады. Бұл әдіс әріпті тануға, сөздерді үйренуге және жазуға байланысты 7 тәсілге бөлінеді:

- 1) Тақтаға ілінген сурет бойынша әңгіме қозғау;
- 2) Тақтадағы суретте оқушыларға салдыру арқылы олардың қолдарын қарандашқа үйрету;
- 3) Суреттегі нәрсенің атын көшіру;
- 4) Сөздің дұрыстарын айыру;
- 5) Сөзді әріптен бұтарлау;
- 6) Әріперден сөз жасау;
- 7) Баспа тану [8, 338 б.].

«Жазу жоқ кезде оқу жоқ. Оқудан жазу дүниеге бұрын келген. Оқуды жазу тудырған дейді», - деген ойды айта отырып, А. Байтұрсынұлының мақаласында **«Жазу – оқу»** әдісін ұсынады [8, 340 б.]. Бұл әдіс бойынша оқушы бірінші жазып, содан соң жазғанын оқиды.

Қорыта келгенде, қазақ халқының жоғын жоқтап, жыртысын жыртыған дара тұлғаға «Ұлт ұстазы» деген ардақты есім тектен текке телінбеген. А. Байтұрсынұлы тек ғылыми еңбектер жазумен шектелмей, қазақ балаларының сауатын ашып, оқуға жетелейтін өміршең

оқулықтарды дүниеге алып келді. Жазу және жазылым мәдениетін қалыптастыру жайлы айтылған ой-пікірлер ұлт ұстазының теңіздей еңбегінің тамшыдай көрінісі ғана. Қазақтың сауаты ғана емес, сонымен қатар адамның сауаты – жазуда жатыр деп ұққан ағартушының халықты жаппай сауаттандыруға, ілім-ғылымды үйретуге қосқан үлесі өлшеусіз екендігі дүйім жұртшылыққа аян.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы Ахмет, Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: –384 б.
2. Үш томдық шығармалар жинағы. Шығаралары. Т. Шонанұлы туралы материалдар / Телжан Шонанұлы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. –384 б.
3. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады / Құраст. В. Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 бет, суретті. – «Ұлы тұлғалар» ғылыми-биографиялық серия.
4. «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» (5-11-сыныптарда), «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Геометрия», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерін (10-11-сыныптарда) оқытудың әдістемесі мен технологиялары бойынша әдістемелік ұсынымдар, – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 278 б.
5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық өлшеулер орталығы, Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы қалыптастырушы бағалау, VIII NIS Халықаралық Конференциясы, Шилибекова Айдана Сенбековна, Абсатова Мейрамгуль Бакираевна, Мустафина Алия Амантаевна. 27-28 қазан, 2016 жыл.
6. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.
7. Байтұрсынұлы Ахмет, Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. VI: –384 б.
8. Байтұрсынұлы Ахмет, Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: –384 б.

ӘОЖ 37.06

ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

Гиниятова Д.

Бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ-ның 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: Изтлеуова С.Ш.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы

dina12345000@gmail.com

Аннотация

Мақалада А.Байтұрсынұлының оқу-тәрбиелеу саласына, қазақ мәдениетіне, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымына қосқан үлестері туралы баяндалған.

Тірек сөздер: тұлға, тіл білімі, әдебиеттану, ғылым.

Аннотация

В статье рассматривается о вкладе А. Байтұрсынулы в образование, казахскую культуру, языкознание и литературоведение.

Ключевые слова: личность, языкознание, литературоведение, наука.

Annotation

The article describes A. Baitursynuly's contributions to education, Kazakh culture, linguistics and literary studies.

Key words: personality, linguistics, literary studies, science.

А.Байтұрсынұлы туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек», – деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал-күйі оның қабырғасына қатты батты. Бұл жөнінде: «Осы күнгі ауыл мектебінде оқуға керекті құрал жоқ. Оқыта білетін мұғалім аз. Сонда да хат білетін қазақтардың проценті мұжықтардан жоғары... Бұл мектептің халыққа жақындығы, балалардың білімді ана тілінен үйренетіндігі...» деп ауылдық қазақ мектептерінің жайын сөз ете келеді де «орыс мектептерінде тәртіп те бар, құрал да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікірі бүлдіріп отыр», – деп, қазақ даласында патшалық Ресейдің отарлау саясатының қалай іске асырылып жатқанын әшкерелейді. Ол патша әкімдерінің оқу-ағарту ісіндегі бұл саясатының түпкі мақсатын одан әрі айқындай түсіп, «Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы, әр халыққа керегі – өз дінін, тілін, жазуын сақтау. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек... Қазақты басқа дінге аударамын деу – құр әурешілік. Қазақты дінінен аударуға болмаса, жазуынан да аударуға болмайтын жұмыс» деп, өз пікірін батыл білдірген А.Байтұрсынұлы бірінші бала білім алу үшін өз таңбамыз, өз жүйеміз болу керектігін алға мақсат етіп сол жолды жүйелеп ұсынған болатын. Ал ол ұсынысты іске асыру да оңай болмады.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол – Құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғышынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызындаған үлкен ақын, талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар үлгі тұтқан түрколог, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп, тамаша туындылар берген. Өмірдегі басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахмет Байтұрсынұлы – небір тар жол, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға.

А.Байтұрсынұлының еңбек жолын қарап отырсаңыз, ылғи да жүйелі мақсат көздеп отырғанын байқайсыз. Басты да әуелгі мақсаты – қазақ баласының сауатын ашу болса, соны іске асыру үшін араб әріптеріне өзгеріс енгізіп ең алғаш рет қазақ әліпбиін құрастырды. Ол оқыту процесінде тиімді – тиімсіз жақтарын саралай отырып қазақ тілі дыбыстарына ғана тән 28 әріп, оның 24 таңбадан және дәйекшеден құралды. Сондықтан бұл жазу жүйесін А. Байтұрсынұлының ұлттық қазақ жазуы деп аталып кеткен. Осылайша 1912 жылы «Оқу құралы» деп аталатын тұңғыш кітабы жарыққа шықты. Бұл кітап қазақ халқы үшін рухани – мәдени өміріндегі үлкен жаңалық болып, қазақ балаларының өз ана тілінде оқып, жазып хат тануына себепкер болды. Тілді тереңірек түсіндіріп баяндау үшін «Тіл – құралын» түзеді. Ал «Тіл жұмсарын» алсаңыз, өзінің аты көрсетіп тұрғандай, ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс тұтыну жолдарын қарастырады. «Баяншыны» оқысаңыз, тіл үйренудің жүйелі әдістері баяндалады. Осындай мәселеге жүйелі келудің нәтижесінде сауат ашу процесі әлдеқайда

шапшаң, анағұрлым жедел жүргізілгені мәлім. Сонда өзінің алдында таза қазақ тілін оқытудың үлгі етерлік ешбір нұсқасы болмаған жағдайда тілді оқыту жайын осыншама терең біліктілікпен, барынша сауатты жүйелегеніне таңғалмауға болмайды. Басқа еңбектерін былай қоя тұрып, осынысының өзімен-ақ ол қазақ халқының мәдени тарихында өшпес із қалдырары даусыз еді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін салушы. Осыдан-ақ, оның халықтың бай ауыз әдебиетін, ертегі-аңыздарын, эпостық жырларын, шешендік сөздерін, мақал-мәтелдерін, нақылдарын да үнемі жинап-теріп, бастырып шығарғанын көреміз. Ол бұл жұмысты 1895 жылдан бастайды. Бұған «Тургайская газетінің» бетінде бастырған «Киргизская приметы и половицы» деген материал куә. 1923 жылы А.Байтұрсынұлы қазақтың айтулы эпостық жырының бірі – «Ер Сайынды» Мәскеуде бастырады. 1926 жылы А.Байтұрсынұлы қазақ халқының басында болған қайғылы оқиғаларды сипаттайтын өзгеше бір жыр өрнегі 23 жоқтаудың басын құрастырып, «Жоқтау» деген атпен жариялайды. Бұл – халқымыздың ауыз әдебиетінде жанрлық сипаты басқашалау туынды қатарына жатады. Мұны жинағанда ғалымның ең алдымен назар аударатыны – жоқтау жырының тіл шеберлігі мен көркем сөз қоры. Әдебиеттің осындай сан түрлі нұсқаларын жинап, зерттеп, бастыра келе А.Байтұрсынұлы енді оның тарихына үңіліп, теориясын түзуге кіріседі. 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш», міне, осындай жүйелі ізденістер мен барлаудың әрі жалғасы, әрі жиынтығы іспетті. Аталмыш еңбек Ахаңды нағыз теоретик ғалым ретінде танытты.

А.Байтұрсынұлының жыраулардың мұрасын жетік білген, сөз өнерінің көне дәуірдегі үлгілері, 15-17-ғасырлардағы жыраулар поэзиясының біразы ақын назарына іліккен. Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Құбыла ақын, Жарылғап ақын, Алтыбас, Ақмолда, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір ақын, Мұрат, Досжан, Орынбай, Шернияз т. б. ақын-жазушылар шығармаларынан үзінділер бар. Балалар осындай жырлармен сусындап өсіп, қазіргі балаларға ұқсап нақты да жан-жақты ұстаз алдында бағыт алып оқымаса да өз еркімен іздене оқығанын дәлелдеу арқылы бала бойына сіңірсек.

Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И.Хемницердің «Атпен есек», А.Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я.Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды. 1926-жылы Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодақтық 1-съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасады. Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы мақсатта «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектер ұсынды.

Ұстаз мұратын жан - жақты тану, зерттеу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Біз А.Байтұрсынұлы мұраларын қайыра талдай отырып, оның жалпыхалықтық танымдық, тағылымдық қырларын ашқанда ғана ұлттық ой-санамыздың өсіп-өркендеуін толық елестете аламыз. Өйткені А.Байтұрсынұлы ұлтына аманат етіп қалдырған ғылыми, шығармашылық әлемі – тұтас бір дәуірдің өзгеруін, түлеуін танытар сан қырлы, сан салалы, тұғыры биік, алып әлем. Атақты ойшылдың адамзат жаратылысындағы ерекше сыры мен жұмбағы мол құбылыс – тіл табиғатына, тілдің әлеуметтік сипаты мен қоғамдық қызметіне ден қойған зерттеулері рухани қорымыздың негізі болып табылады. А.Байтұрсынұлы өзі өмір сүрген орта мен қоғам талабын ескере отырып, тілтанудың ұлттық топырағымыздағы алғашқы ғылымдық жүйесін қалыптастырды. Ол айтылған ойдың сауатты, түсінікті жеткізілуіне айрықша мән бере келіп, басты мәселе сөйлеу мен сөйлем жүйесі екенін атап көрсетті.

Осы баяндаманы қорытындылай келе қазақ әдебиетінің тарихындағы Ұлы тұлға Абай десек, қазақ тіл білімі мен мәдениетін қалыптастырушы тұлға Ахмет дер едік. Оның өмірбаяны, бүкіл ой - арманы халқына қалтықсыз қызмет етіп, ел жүгін қайыспай көтерген нағыз халықтың перзенті дер едім. Ендігі кезекте сол А.Байтұрсынұлының негізгі мақсатын қазақ халқына ұғындыру жеңілдірек. Себебі қазіргі азаматтарымыз сауатты, барлығын түсініп егемендік алғаннан бергі жылдарда алға қарай дамып келеміз. Енді осы даму жолында Ахмет Байтұрсынұлындай бүкіл жастар саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштаса... Біздер оқушыларды білімге Ахмет Байтұрсынұлы секілді қоғам қайраткерлерінің еңбегін, бір ғана еңбегімен шектеп қоймай, әр сыныпқа жүйелі түрде бірнеше шығармаларын, жоғарылай келе мақалаларын жүйелеп беріп, негізгі мақсаттарын жүйелі түрде түсіндірсек, міне сонда ғана алға қарай қадам басып, балаларымыздың қоғамның дамуына деген ынтасын, білімдерін дамыта аламыз деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық. –Алматы, 2010
2. А. Байтұрсынұлы, «Тіл тағылымы» - Алматы, 1992

ӘОЖ 37.013.46

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Омарова Г.Ж. PhD, аға оқытушы

Абдықадыров А.О. п.ғ.м., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: gulnar-aidos@mail.ru

Андапта. Мақалада А.Байтұрсынұлының педагогикалық еңбектері талдана отырып, оның бастауыш мектепке қатысты идеяларының өміршеңдігі, бүгінгі бастауыш білім берудегі маңыздылығы сөз болады.

Тірек сөздер: А.Байтұрсынұлы, педагогикалық мұра, бастауыш мектеп, сауат ашу, оқыту, білім беру.

Аннотация. Анализируя педагогические труды А. Байтұрсынұлова, в статье рассматривается востребованность его идей, связанных с начальной школой, и их значение в современном начальном образовании.

Ключевые слова: А.Байтұрсынұлы, педагогическое наследие, начальная школа, обучение, образование, обучение грамоте.

Annotation. Analyzing the pedagogical works of A. Baitursynov, the article discusses the demand for his ideas related to primary school and their significance in modern primary education.

Key words: A. Baitursynov, pedagogical heritage, elementary school, teaching, education, literacy.

Мектеп табалдырығын аттаған жас ұрпақтың сауатын ашу қазақ халқының халықтық педагогикасындағы маңызды кезеңдердің бірі болған. Балаларға білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мектеп. Сондықтан А.Байтұрсынұлы осы білім көзінің алғашқы сатысына қатты назар аударды. «Қазақ» газетінің 1914 жылға 9 майдағы нөмірінде «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялайды. Бұл – білімнің іргетасы балаға осы

бастауыш сыныптарда қаланатыны, ендеше «бала оқыту ісін түзеуді» осы кезден бастап қолға алуды оның ұстаздық түйсігімен сезінуінен туындаған заңды әрекет еді.

Аталмыш мақалада А.Байтұрсынов Ресей империясының отарлау саясатын әшкерелейді. Патша жарлығымен шыққан, оқу министрі қол қойған ережеде (1913 жылғы, 14 маусымдағы жарлық) Ресейдегі бөтен текті жұрттардың бастауыш сыныптарда бастапқы екі жыл ана тілінде оқытылсын дей тұрып, сол министр бір жылдан соң чуваш балаларын бірден орыс тілімен, орыс әліппесімен оқытуға бағыт беріп отыруының себеп-салдарын ашып көрсетіп, Ахаң: «Хүкіметке жағымдысы – қол астындағы жұрттың жазу-сызу, тілі, діні бір болу», - деп қорытындылайды. Сөйте тұрып А.Байтұрсынов қазіргі кейбір әкімдеріміз сияқты саясаттың ығына жығылып, ырқына көніп кетпей, үстем әкімдердің бұратана халыққа қиянатына қолынан келгенінше қарсы тұра білді. Ол: «...бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек», - деп жазды. Осы мақалада ұлы ағартушы қазақ мектебі мен орыс мектебін салыстыра келіп соңғысының дұрыс жолға қойылғанын мойындайды. «Бірақ сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе – қазақты орысқа аударамыз деген пікір... - деп жазады әрі қарай, - Сол школалар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб хәрпін тастатып, орыс хәрпін алдырамыз» [1], - дейді.

Сондай-ақ Ахаң бастауыш мектептің танымдық роліне, тұлғаны қалыптастырудағы алатын орнына да көңіл бөлді. «Бастауыш мектептен оқығандар... ең әуелі қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек, екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек», - деп жазды бұл жөнінде А.Байтұрсынов [1, 56-б.].

Ағартушы-ғалымның өз кезінде айтылған ой-пікірлерінің өміршендігін бүгінгі ел президентінің ұсынысымен іске асырылып жатқан игі істерден байқауға болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының "Ана тілі" газетіне берген сұхбатында: "Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне басымдық берілгені дұрыс" деген ұсынысына сәйкес оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтың баланың жастайынан ана тілінде тәрбие алуына мүмкіндік беретін жобасы биыл мектеп бағдарламасына енгізілді. Яғни қазақ тілді мектептерде 1-сынып оқушысы тек қазақ тілінде оқып, «Орыс тілі» пәнін 2-сыныптан, «Ағылшын тілі» пәнін 3-сыныптан бастап оқитын болды.

Бастауыш мектепте сабақ беретін мұғалімдердің білімі мен іскерлік деңгейіне де А.Байтұрсынов баса көңіл бөлді. Ол маман даярлау мәселесін ең алғаш көтеріп, «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізетінін... Мұғалім нашар болса, сайлы мектепте отырып сабақ бере алмайтынын» айта келіп, қазақта «...оқыту ғылымын үйрететін даримұғаллимин (педучилище) жоқ», - деп дабыл қақты. Сондай-ақ мұғалім мамандығын меңгергісі келген адамның бойында болуға тиіс ең қажет екі қасиетті дәл көрсетті. «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, - деді ол бұл жөнінде, - екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек».

Демек мұғалімінен жан-жақты ғылыми білімділік пен педагогикалық шеберлікті А.Байтұрсынов сол кездің өзінде-ақ талап еткен. Бұндай талап тілектер бүгінгі бастауыш мектептерінің мұғалімдеріне де қойылуда.

А.Байтұрсынов қалдырған мұралар да әр тектес. Мысалы; «Маса», «Қырық мысал» деп аталатын өлең жинақтары, «Тіл құрал», «Әліпби», «Оқу құралы» деген қазақ тілін оқытып үйретуге арналған оқулықтары мен хрестоматиялары, оқыту әдісіне арналған әдістемелік құралдары, оқу ағарту мәселесіне арналған мақалалары, графика мен терминалогия мәселелерін әңгімелейтін мақалалары мен баяндамалары саяси әлеуметтік тақырыпты қамтитын публицистикалары. Ал оның педагогикалық идеялары «Қазақша оқыту туралы», «Мектептер қажет», «Бастауыш мектеп», «Баяншы», «Тіл жұмсар», «Қай әдіс жақсы» т.б еңбектерінде де айқындалған. 1912 жылы Орынборда шыққан «Оқу құралында» дыбыс пен әріпті оқыту дидактиканың «жеңілден ауырға» ұстанымы бойынша бірте-бірте күрделендіріледі. Онда тақырып бойынша бала өмірде күнделікті қолданатын, кездесетін

сөздермен таныстыру ұстанымы сақталған. Әрі қарай баланы қызықтандыратын жаңылтпаш, жұмбақтар және мақал-мәтелдер берілген. Одан кейін ғана қысқа мәтіндер мен өлең шумақтарын береді [2].

Байтұрсынов «Мектеп керектері» атты мақаласында, мектептің ең қажеттісі ретінде үш нәрсені алдымен айтады. Олар: мұғалім, оқу құралдары, оқу бағдарламалары.

Шын мәнісінде халықтың білім алуына, яғни, жастарға берілетін оқу-тәрбиенің ұйымдастырылатын орны мектеп. Мектептегі ұйымдастырылатын жұмыстың жүруі және оның оңды болуы мектеп жағдайының талапқа сай болуы, ал оның негізгі тірегі мемлекет тарапынан бөлінетін қаражат.

Ал, қазақ бастауыш мектебіне қажетті құрал-жабдықтар және оқулықтар мен бағдарламалар бұрын-соңды қазақ бастауыш мектептері үшін жасалып көрген емес. Оның табиғи дәлелдері мен сылтаулары да мол. Солардың ішінде ең бастысы - өмір талабы. Өйткені өмір үнемі өрлеу, даму үстінде болғандықтан, оның әр кезеңде, әр дәуірде мектепке қоятын талабы оқулыққа да қойылды. Бұл арада, бастауыш мектептегі оқытуды жақсарту талаптары – өмір талабы. Бастауыш мектепте жүйелі білім беру - балаларға, ғылымның бастама жүйелерін дұрыс игеруіне, осылардың негізінде қазақ халқының дүние танымын, санасын оятуға көмектесуі.

Ахмет Байтұрсынов «Оқыту жайынан» атты мақаласында: «Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы кітаптар жоқ»-деді. «Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе – оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер - пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын - қазақ мектептерінде қазақ тілінде оқуға керек кітаптар», - екенін «Мектеп керектері» атты мақаласында ерекше атап айтатынын көреміз [3, 439-б.].

Дегенмен қазақ бастауыш мектептері оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларынан басқа қазақ тіліндегі кітаптарға өте длігір болды. Сондықтан А. Байтұрсыновтың педагогикалық ой-пікірінде қазақ мектептері үшін оқулықтар мен оқу құралдарын жазу мәселесіне ерекше көңіл бөлді.

Қазақ халқының болашағы ғылымды меңгеріп, білім алуда деп түсінген А.Байтұрсынов, оқу-ағарту жұмысын іске асыруда алдында тұрған екі бірдей көлденең керітартпа жайттармен күресуге тура келді.

Оның бірі қазақ өлкесіндегі ислам дініне негізделген ескі оқу (кадыми) жүйесі болса, екінші отарлау саясатын ұстанған патша өкіметінің қазақ балаларын шоқындырудағы хрестиян дінінің заңдарын оқытуды көздеген миссионерлік бағыт ұстаған педагогикалық жүйе еді. Сондықтан да қазақ балалары үшін ана тілінде оқитын қазақ бастауыш мектебін ашуды өкімет орындары алдына талап-тілек ретінде жиі қойып, бастауыш мектептердің миссионерлік-педагогика бағыттан алшақ болуын ашып айтып, талап етті.

А.Байтұрсынов ХХ ғасырдың бас кезінен бастап қазақ балаларының білім алуы ана тілінде болуы керек деген ұстанымды басшылыққа ала отырып, қазақ тілі мәселесімен де ерекше айналысты.

ХХ ғасырдың басындағы А.Байтұрсынов көтерген қазақ даласындағы жәдиттік оқу жүйесінің кең белең алу себебі, ол ескі кадми оқудан гөрі қоғамдағы әлеуметтік сұраныс талаптарын қанағаттандырса, екіншіден, миссионерлік педагогика жүйесінен ерекшелігі әр ұлт өз ана тілінде білім алсын деген қағидасы және дуняуи білімдер беретін ғылыми жүйеде болғандықтан кеңінен қолданысқа ие болды.

Міне, біз осыдан А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларын зер салып зерттеу барысында оның бастауыш мектеп жайлы мәселелерді қарасырып, оларға ғылыми тұжырымдар жасап, оның түйінін шешуде зор еңбек еткенін аңғарамыз. А.Байтұрсынов өзі ұстанған жаңа оқу (жәдиттік) жүйесін басшылыққа ала отырып оқу-ағарту саласында мынандай мәселелерді жүзеге асыруға мүмкіндіктер жасады.

1) Ұлт мектептері саясаттан, яғни миссионерлік үгіт насихаттан алшақ, оларды мектептегі оқу-тәрбие жұмысына араластырмауды басшылыққа алды.

2) Қазақ балаларының ана тілінде оқитын бастауыш мектептердің негізін салды, оларды іс жүзінде жүзеге асырды.

3) Қазақ бастауыш мектептерінде жүргізілетін оқу-тәрбие барысын ұлттық сипатта болуын негізге алды.

4) Қазақ бастауыш мектептеріндегі ұйымдастырылып берілетін білім, оқу-тәрбие үдерісі сол кездегі үздік ғылыми педагогикалық жүйеде болуын қалады.

5) Қазақ балаларының бастауыштан алған білімін әрі қарай жалғастыратын орта мектептер болуын ескеру, оның қажеттігін айтты.

6) Бастауышта берілетін білім әр түрлі дүние тану ғылымдарының негіздерінен алынып, олардың баланың жас ерекшелігі мен олардың білімді игеру мүмкіндіктерінің шамасын ескерді.

7) Бастауышта берілетін білім мен тәрбие барысы мөлшерлі, жоспарлы, арнайы оқу бағдарламасына бағындырылған жүйеде болуын негізге алды.

8) Бастауышта ұйымдастырылатын оқу-тәрбие барысының жемісті болуы - мұғалімге байланысты. Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби деңгейі жоғары болуын талап етті. Осы негізде, мұғалімдер даярлауда арнайы жоғары оқу орындарында болуын талап етті.

9) Мектептегі мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетінің жемісті болуы, ол - мектеп қажеттеріне байланысты екенін атап айтып, ондағы ең бастысы - оқу кітаптары мен оқу құралдары және оқуға керек заттардың сайлы болуын басшылыққа алды. т.с.с.

Бұл жерде А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларындағы қазақ бастауыш мектебінің мұқтаждық еткен нәрселерін атап көрсеттік. Сол кездегі қазақ бастауыш мектептеріндегі мұқтаждық еткен мәселелерді ғалым-педагог өз тарапынан жан-жақты шеше білді.

А.Байтұрсынов оқыту үдерісін ұйымдастыру барысында балалардың білім дәрежесін ескеріп отыруды, оқылатын оқулықтарды қазақ бастауыш мектептері жағдайына лайықтап жасауды, мектептегі оқыту жұмысы сол заманның әлеуметтік-экономикалық жаңалығы дәрежесінде болуы керек, бұл өте маңызды жағдай деп атап көрсетті.

А.Байтұрсынов бастауыш мектеп тұжырымдамалары ой-пікірлерінде қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысын ұлттық негізде құра отырып, рухани жаңарту, жаңа биікке көтеру, жас ұрпақтың сана-сезімін ұлттық озық дәстүрде қалыптастыру мәселесін күн тәртібіне қойып отырды.

А.Байтұрсынов бастауышта берілетін білім мәселелерін әр тарапты зерттей келе, бастауыш білім арқылы баланың ақыл-ойы мен тәрбиесін дамытуды басшылыққа алып, бұл дамытушылықтың негізі нақтылы, ғылыми бағыттылығы табиғи және тарихи материалдарға, яғни, дүние тануға негізделуі қажет, берілген материалдар сол замандағы әр ғылымды зерттеп танудағы білімдердің жүйесінен ерекшеленіп, сұрыпталып алынуы тиіс және педагогика теориясы жағынан оқушыларға түсінікті, сонымен бірге тартымды болуын негіздейді. А.Байтұрсынов қазақ бастауыш мектептерінде оқытылатын пәндерді саралап, оқылатын пәндер қатарына: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа, кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс пәндері көрсетіліп, олардың барлығын ана тілінде жүргізу керектігін айтты [3, 438-б.].

Сонымен, қазақ даласындағы оқу-ағарту мәселелерін ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдап, халыққа білім берудің, оның ішінде сауат ашудың тұтас жүйесін қалыптастырған ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы. Оның араб әріптері негізінде ана тілінің табиғатына бейімдеген жаңа әліпбиі, қазақ тілінің ғылыми терминологиясының негізін қалаған оқулықтары мен әдістемелік еңбектері ұзақ жылдар бойы қазақ мектептеріндегі негізгі оқу құралдары ретінде қолданылып келгені белгілі, оның идеялары бүгінгі жаңа оқулықтарға негіз болып отыр. А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Тіл жұмсар» сынды әдістемелік еңбектері мен сауат ашу әдістерін талдауға арналған «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы-жалпылау әдіс» мақалаларындағы пікірлерінің өміршендігін көріп отырмыз.

Ендеше, бүгінгі қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінде А.Байтұрсыновтың әліппелері, "Тіл құралдары", "Баяншы", "Тіл жұмсар" секілді әдістемелік кітаптары өміршеңдігін, сабақтастығын, құндылығын жоймаған еңбектер. Ал оқыту ісінде әдіскер ғалым еңбектерін керекті тұсында жүйелі түрде орынды пайдалану - әр мұғалімнің ісі. Бұдан біз оқыту ісінде ұтпасақ, ұтылмасымыз сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Бастауыш мектеп. Жаңа Низам. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. -128 б.
2. Қыдыршаев А.А. А.Байтұрсыновтың әдістемелік мұралары. П.ғ.к.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. – Алматы, 1997. -25 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы («Мектеп керектері» мақаласы). – Алматы, «Ана тілі», 1992, -448 б.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Таубаева Галия Закарьяновна п.ғ.к., доцент
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Таубаев Максұт Закарьянович
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, №179 жалпы білім беретін мектеп
maksut.taubayev@mail.ru

Аннотация:Мақалада А. Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасының өткені мен бүгінгі жағдайы туралы баяндалады. Ұлт ұстазының еңбектері туралы жазылған Қазақстандық ғалымдардың ойлары мен пікірлері, ғылыми жұмыстарынан деректер ұсынылады.

Тірек сөздер: Мәтін, тіл, ғылым, сөйлеу, мәдениет, ұғым, педагогика, кеше, бүгін, оқу, білім, шеберлік, жазу, сызу, тәрбие, игеру, әдістеме, термин, ұлт мүддесі, бағдарлама, бастауыш мектеп, қалыптастыру, даму.

Аннотация: В статье рассматривается о прошлом и сегодняшнем состоянии педагогического наследия А. Байтұрсынова. Представлены идеи и мнения казахстанских ученых о трудах учителя нации, документальная информация о научных работах и аргументированная работа.

Ключевые слова: текст, язык, наука, речь, культура, понятие, педагогика, вчера, сегодня, чтение, образование, мастерство, письмо, черчение, воспитание, овладение, методика, термин, интересы нации, программа, начальная школа, формирование, развитие.

Abstract: The article discusses the past and present state of A. Baitursynov's pedagogical heritage. The ideas and opinions of Kazakhstani scientists about the works of the teacher of the nation, documentary information about scientific works and reasoned work are presented.

Key words: text, language, science, speech, culture, concept, pedagogy, yesterday, today, reading, education, mastery, writing, drawing, education, mastery, methodology, term, interests of the nation, program, primary school, formation, development.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы, ұлттық ғылымының арқауы. Неге? Басқа ұлттың ғалымдары (орыс ғалымдары): «Қалайша мектеп оқулықтарын ғылымның басы дейсіз?» – деп таңғалады. Әрине, бұрыннан оқу-жазуы бар, ғылымы бар, университеттері үш жүз, төрт жүз жыл бұрын ашылған халықтар үшін ғылымның негізін мектептен бастау оғаш көрінетін шығар. Шындығында, қазақтың нағыз ұлттық ғылымы – қазақ тілі туралы ғылым, қазақтың әдебиеті, қазақтың тарихы туралы

ғылым. А. Байтұрсынұлы қазақ балаларының сауатын ашуда бұрынғы ескі сүрлеу, тар соқпақпен жүрудің ендігі жерде ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамына қол еместігін көреді. Қазақ баласы енді сауатын 4 бөгде тілде емес, яғни, араб, татар, орыс тілдерінде емес, ана тілінде ашуы керек, білім-ғылыммен қазақ тілінде сусындауы тиіс деп табады. Қазақ мектептерінің болуы, бүкіл оқу-тәрбие жұмысы қазақ тіліне жүруі қажет екенін ашып айтып, күн тәртібіне қояды, өзі де қазақ мектептерінің болуы, ана тілінде оқытылуы үшін күреседі. А.Байтұрсынұлының бұл тұжырымдарын қазіргі кезде де жадымызда ұстауымыз керек. А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – дейді. Тіл – алты-жеті камалдың ішіндегі ең соңғы құлайтын камал. Тіл құласа, ол тіл қызмет еткен, сол тілмен бірге аталып келген халық та құриды. Адамдар болғанмен, олар қазақ болмайды. Сол халықтың аты жойылады. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» дегендей, қазақ халқының сақталуы тілінің сақталуына байланысты. Қазақ тілін сақталуы қазақ мектептерінің сақталуына байланысты. Мектеп табалдырығын аттаған баланың сөйлеген тілі – ана тілі болады. Баланың ең алғашқы көбірек сөйлейтіні, үй ішінде сөйлейтіні, ойлайтыны, түс көретіні бір тілде болуы керек, үш тілде емес. Сол – ана тілі болуы керек.

А.Байтұрсынұлының ұлт жанашыры ретінде атқарған қызметін бағалап жүрміз бе? Ол мұғалім бола жүріп қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға, әлеуметтік өмірге үңіліп, бостандық аңсаған, күреске үндеген өлеңдер жаза бастайды. Қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, оқуын жалғастыруға күш жұмсаған ағартушы. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Ахметтің әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» деп айтқаны мектептің адам өмірінде алатын зор міндеті барын, оны дұрыс қолға тапсыруды көрсеткені деп ойлаймын. Сондықтан да ұлт ұстазын ұлықтау – біздей тіл мамандарының басты міндеті.

Ахмет Байтұрсынұлының оның өмірі мен қызметі, рухани мұралары ұрпаққа баға жетпес үлгі. «Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» деген ұлт Ұстазы бүгінде бізді болашаққа шақырып тұр. Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл». Ол шын мәнінде Ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі, дәуірдің сөнбес жұлдызы бола білді. Қоғам қайраткерінің ойы, сөзі, ісі әрдайым бірлікте болған. Мен үшін сонысымен де ізгі педагог.

Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиіне ыңғайлай отырып, жаңаша қазақ жазуының әліппесін жасайды. 1912 жылы ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы 24 әріптен тұратын жаңа әліпбиді «қазақ жазуы» деп атады. Халық арасында «Байтұрсыновтың әліпбиі», «төте жазу» деген атпен танылды. Араб әріптеріне негізделіп жасалған және заман талабын ескере отырып жетілдірілген қазақ жазуы Қазақстан өміріндегі ірі мәдени құбылыс болды. «Әліппе деген асылына адам ақылы жетпейтін нәрсе емес. Әліппеде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс» [1, 325]. А. Байтұрсыновты ұлт тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы, негізін салушы. Ғалымның қазақ тілін оқыту, оның әдіс-тәсілдерін меңгеру, оқу жүйесінде әдістеменің алатын орны туралы жазған мақалалары, өз тәжірибесі арқылы нақты көрсеткен оқулықтары да мол. А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл құрал» еңбектері ұлт ұстазының оқытудың шебері екенін көрсетеді. «Қай әдіс жақсы», «Нұсқаушы», «Баяншы», «Әліппе астары» тәрізді еңбектер қалай оқыту қажеттігін, әдістемелері мен тәсілдерін баяндайды. Ғалым ұсынған әліпби мен оны үйрету әдіс-тәсілдері өз мәнін жоғалтқан жоқ. «Үйрену һәм үйрету басында қиын» деп бастаған ғалым оқытудағы баланы қызықтыру әдістерін де еске алады, оны баланың тауының шағылмауы, көңілінің мұқалмауы, берілетін материалдың қызықтылығы мен қажеттілігі ықыласын оятуын еске салады. «...Оқу басында қиын болса, балалар миға(ұйыққа) түскен мал сықылды, малтығып жылжи алмай қиналады, үйретуші сүйреп шығара алмай қиналады» дей келіп, оқушының ықыласының болмауы ұстаздың да қызметін ауырлата түсетінін талдайды [2, 325] деген

пікірлері бала ерекшеліктерін, тұтас педагогикалық қағидаларды қамтиды. «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап берумен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру», деген пікірлері бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының оқушы игеруі қажет дағдыларын еске түсіреді.[2,325].

М.Әуезов Ахмет Байтұрсынов туралы: «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы үкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге 13 дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды [2]. Оның қазақ ғылымында қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. Бізді қуантатын дүние Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы тағылымды ойлары ХХІ ғасырдың өзінде өзінің мәнін, мағынасын, мазмұнын, құндылығын жоймағаны... Ақаңның өз сөзімен айтқанда «ХХ ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті». Қазақ халқы үшін Ұлы ұстаздың сіңірген бірден бір ерен еңбегі қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі педогогикаға қосқан үлесі екенін көруімізге болады.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Оған қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. А.Байтұрсынұлы оқытудың білімділік-танымдық жағымен бірге тәлімгерлік қызметіне де баса көңіл бөлді. Әрбір оқыланып тақырыптардың білім бере отырып, тәрбие де беруін қарастыруды талап етті. Қорыта келгенде, А.Байтұрсынов қалыптастырған жаттығу үлгілері мен оқыту әдістері кейінгі оқулықтар мен әдістемелік еңбектерде одан әрі тереңдетіліп, күні бүгінге дейін қолданылуда. Ғалымның оқулықтарындағы оқушылардың сөздік қорын байытып, сөз мағыналарын дұрыс қолдануға баулу бағытындағы үлгілер кейін басқа оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жасау кезінде де маңызды рөл атқарды.

Ұлт ұстазы патша заманында-ақ қуғын-сүргін көріп, 1938 жылы жазықсыз атылғанға дейін «асыл адам айнымас» дегендей ұлт мүддесі үшін саяси, ағартушылық күрес жүргізді. Әр халықтың дербес білім жүйесі болу керек. Әлемдік тарихта дербес білім беру жүйесінен айырылу кейбір ұлттық мемлекеттердің жойылуына әкеп соғады. Оған тарих куә. Елдің болашағы, оның оқу жүйесіне тікелей байланысты. Сондықтан да Ақаң: «Әуелі, біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстықта, билікте, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі», – деген еді [1]. Кешегі өткен кеңестік білім жүйесі қазақ ұлтының кәсіби мамандарын даярлауда, ғылым-білімді игеруде сапалы қайнар көз болғанын жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен кемшін тұстары да жоқ емес еді. Ал «Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы білім беру саласындағы сансыз реформалар не берді?» деген күрделі сұраққа білім беру саласындағы атқамінгендер бір сәт ойланды ма екен? Жас ұрпақтың алдында бәріміз жауаптымыз. Педагогика ғылымдары академиясының президенті – Асқарбек Құсайыновтың пікірі ащы шындық: «Алдымен білім беру саласын дамытудың ғылыми жүйесін жасауымыз керек еді. Өкінішке орай, ондай жұмыстар дер кезінде атқарылмады.

...Өкінішке орай, одан кейінгі жылдарда жүргізілген барлық реформалар да ғылыми негізсіз жүргізілетін болды» [2]. А.Құсайынов әлемдік тәжірибелерді сараптай келе оқушылары үнемі жоғары нәтиже беретін Шанхай (Қытай), Сингапур, Гонконг (Қытай),

Финляндия, Оңтүстік Корея, Жапония, Тайвань, Канада және Жаңа Зеландия елдерінің ғылыми негізде дайындалған білім беру саясатына тоқталады. Олардың басты мақсаттары – ұлттық ерекшеліктер мен мәдениетті, ана тілін сақтап дамыту, рухани бай адам тәрбиелеуді іске асыру және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін көтеру. Бір сөзбен айтар болсақ, басты мақсат – адам тәрбиесі. Осы елдердің тәжірибесіне сүйеніп, мемлекет құраушы ұлттың санының өсуі экономикаға, ал сапасы білім беру жүйесіне тәуелді екенін есте ұстаған жөн. Ақаң айтқан бала оқыту ісін әлі түзете алмауымыз – елдігімізге сын. Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында адами капитал сапасын жақсартуға басымдық беріп отыр. «Ол үшін білім беру жүйесінің рөлін өзгертіп..., IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек» [3]. Ұлттың сапасын жаңғырту білім беруге тығыз байланысты екеніау бастан 99 білген А. Байтұрсынов бір ғасыр бұрын жан айқайын білдірді: «...Әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни, қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек... Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек [4]. Біз қанша тіл үйренсек те, ана тілді бірінші орынға қоюымыз керек. Елбасының соңғы жолдауындағы «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді» [3], – деген сөзі көңілімізге зор медеу. Ақаң тағы жүгінсек: «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы» [4]. Осы ұлағатты ойларды ескерместен, «жоғары сыныптарда жаратылыс пәндерін ағылшын тілінде оқытамыз», – деп жоспарлап отырмыз. Кейбір жоғары оқу орындарының ректорлары: «Үш тілде оқытуға дайынбыз!» – деп қол көтеріп отыр. Бұл да – науқаншылдық, жалған ақпарат беру. «Егер біз жаратылыстану ғылымдарын тек ағылшын тілінде өткіземіз», – десек, онда біз тілден айырылдык» деп есептеңіз» (А. Жұмәділдаев). Кешегі кеңестік заманда да қазақ мектебінде жаратылыстану ғылымдары қазақша оқытылып, ғылыми ақпарат қалыптасты, қаншама ғалымдар шықты. Өткеннің бәрін жоққа шығарып, қазақ тілін ғылым саласынан ығыстырсақ, Қ. Сәтпаев сияқты ғұламалар қайдан шығады? Ғылым өз тілінде болғанда ғана жұғымды, түсінікті болады. Қазақ тілінің ғылыми әлеуеті ұшан-теңіз. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» [5]

«Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін бірінші болып мен атаған едім», – дейтін адамдардың бірі – профессор Т. Қордабаев болатын. Сонда ол кісінің келтіретіні – өзінің 1987 жылы жарық көрген «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары» деген кітабы. Онда Ахаң аты аталмайды, бірақ оған қатысты-ау деп ойлауға келетін мынадай жолдар бар: «Ана тілінде баяндалған тіл білімі ХХ ғасырдың бас кезінде дүниеге келді. Фонетикаға, лексикология мен грамматикаға қатысты негізгі терминдер осы кезде пайда болды. Ол терминдердің басым көпшілігі орыс тіл біліміндегі атауларды калька түрінде аударып айту негізінде пайда болған» [6]

А. Байтұрсынұлының айтуында, өнердің ең алды «сөз өнері» саналады. Мұны ғалым қазақтың «Өнер алды – қызыл тіл» деген мәтелмен негіздейді. Бұл мәтелдің шығу себебін: «Қазақ сөз баққан, сөз күйтеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан», – деп негіздеп, қазақ халқының сөйлеу өнеріне аса мән берген, «тауып айтса, мереке қылып, таппай айтса, келеке қылған» мәдени танымымен байланыстырады. Сөз өнерінің адам санасының үш негізіне – ақыл, қиял, көңіл – тірелетінін көрсетіп, ғалым мәтін (шығарма сөз) тудырудың үш межесін анықтап берді. «Ақыл ісі – аңдау; қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу дегеніміз – суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау» [7, 141]. Осында «Мәтін лингвистикасында» анықталған мәтін тудыруға қатысатын төрт фактордың: ойдың иесі автор, қабылдаушы оқырман, бейнеленетін болмыс, талғап, таңдап қолданылатын тілдің арақатынасы, мұның бәрінің басын қосатын тіл екенін былайша тұжырымдайды: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарар» [7, 141].

Біз сөз етіп отырған мәтін – сөз өнерінің жемісі, сөйлеу әрекетінің туындысы. Мұнан сөйлеу мүшелері, сезім мүшелері, сөздегі ментальдық процестер көрінеді. «Сөйлеу психологиясы», «сөз», «мәдениет» ұғымдары бірлікте алынады. Сонымен, мәдениет экстрасоматикалық тұрғыда қарастырылатын адамның символдау қабілеттеріне тәуелді заттар мен құбылыстарды көрсетеді. Мысалы, жылқы – төрт түліктің бірі; ол – контексте айырбас құралы, ақша; ал басқа бір контексте – азық-түлік; үшінші бір контексте – көлік; төртіншісінде – табумен байланысты киелі жануар. Антропологтер адам мен мәдениеттің өзара қатынасы мәселесін оның орнынан, уақыт пен кеңістіктен іздейді. Олай болса, мәдениет экстрасоматикалық контексте қарастырылатын заттар мен құбылыстардан тұрады. Бұл А.Байтұрсынұлында «андау, меңзеу, көңілге түйю арқылы іске асырылады» деген ой айтылады.

А.Байтұрсынұлының «Әліппелер» деген еңбегінде келтірген мысалдары да адамның танымында символданған әрекеттер мен құбылыстарды бейнелейді. Мысалы: малта ащы, алтын салмақты, мамық жұмсақ, шай сұйық, киік орғиды, теке қарғиды, күйкентай ұшады, кесіртке жорғалайды. Осы мысалдарда суреттеліп отырған заттарға тән қасиеттер – адамның бала кезінен көз алдынан өтіп, санасында символданып қалған құбылыстар. Осылайша, зат пен оған тән символдық белгілерді байланыста қатар алып оқытқанда ғана сөз баланың жадында ұмытылмастай болып сақталатындығын көрсетеді.

«Тілді жұмсай білетін адамның табылуы қиын», – дегенде ғалым мәтін түзудің қиындығын айтады. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін тілмен айтып білдіру оңай емес екендігін, оған көп шеберлік керектігін, бұл асқан өнерпаздардың қолынан келетін іс екендігін баса айтады. Сөз шығаратындар көп, бірақ келістіріп айтатындар аз болатындығын «алуан алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» деген қазақ мәтелімен растайды. «Сөз шеберлері жасаған туындыны танытатын белгі – тіл, яғни, лұғат белгісі, – дей келіп, – ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі қажет», – дейді [7,142].

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
2. Құсайынов А. Білім саласындағы реформалардың ғылыми негізі //Abai.kz
3. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы. //Егемен Қазақстан. 2017 жыл, 31 қаңтар
4. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1987.
5. Ахмет Байтұрсынов Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
6. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
7. XX ғасыр мәдениетінің антропологиясы. – Алматы: Жазушы, 2005.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Даулетова Д.Д., Кампит А.Қ., филология институтының 4-курс студенттері

Ғылыми жетекші: Бақбергенова Р.Қ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: dauletovva_diana@mail.ru, kampit02@bk.ru

Аннотация: Мақалада ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін салып, қазақ балаларын оқытуда оқу құралдарының жетіспеушілігін ескере келе, өзіндік тәжірибесін қолдану арқылы әдістемелік оқулықтар жазғаны туралы қарастырылған.

Тірек сөздер: әдістеме, сауат ашу, әліпби, әдіс.

Аннотация: В статье рассматривается учитель нации А. Байтұрсынович построил основы казахского языкознания и, учитывая нехватку учебных пособий в обучении казахских детей, написал методические пособия с использованием собственного опыта.

Ключевые слова: методика, грамотность, алфавит, метод

Ахмет Байтұрсынұлы – Мұхтар Әуезов айтқандай, қазақ халқының «рухани көсемі». Ұлт ұстазының еңбектері сан саладан көрінеді. «Ана тілі» деген терминнің авторы А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған. Осы мақсатты орындау жолында ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап-танытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын ғылыми айналымға түсірген ғалым. Ахмет Байтұрсынұлы – тұңғыш рет мұғалімдерге әдістемелік нұсқау ұсынған бірегей ғалым. Ол – қазақ тілін өз алдына оқшауланып тұрған, бір халықтың игілігіне ғана қызмет ететін қазына ретінде ғана емес, тіл туралы ғылымның іргелі бір тармағы есебінде, жалпы адамзаттық құндылықтың жүйелі көрсеткіші сияқты зерттеу керектігін алғаш дәлелдеген ғалымдардың бірі. А.Байтұрсынұлының мынадай әдістемелік еңбектері бар: Тіл құралы. 1-бөлім. Фонетика; 2. Тіл құралы. 2-бөлім. Морфология; 3. Тіл құралы. 3-бөлім. Синтаксис; 4. Баяншы, методикалық жазбалар; 5. Тіл жұмсар. 1-бөлім. Практикалық грамматика; 6. Тіл жұмсар. 2-бөлім. Практикалық грамматика; 7. Оқу құралы (балалар әліппесі); 8. Әліппе; 9. Сауат ашқыш (ересектер әліппесі); 10. Әліппе-астар (Әліппеге методикалық нұсқау); 11. Оқу құралы (хрестоматия) (Т.Шонановпен бірге) [1, 122 б.]. Ғалым бұл әдістемелік еңбектерді жазудағы мақсатын: «Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс. Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік», - [2, 308 б.] деген пікірімен дәйектейді.

Ғалым бала оқыту ісінде тек оқыту құралының болуы жеткіліксіз екенін, оқытушының бар оқулықтың мазмұныны біліп, білім көздерімен жан-жақты қарулану қажеттігіне баса назар аударған: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенінше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек» [2, 308 б.].

Әдіскер ғалым әдістеме саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты әдістемелік еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі әдістемесіне арналған бірнеше мақала жариялайды. Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші А.Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғаны байқалады, яғни, ол әуелі қазақтың жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі "Байтұрсынов жазуы" дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «**Оқу құралы**» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «**Тіл-құралды**» жазған, төртінші – тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «**Тіл жұмсарды**» жазған, бесінші – сауат аштыру, қазақ тілін оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «**Баяншы**» мен «**Әліп-би астарын**» жазған. Міне, бұлар Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту саласындағы еңбектері.

«**Оқу құралы. Қазақша алифба**». Кітап ғалымның басқа еңбектері сияқты «Бисми-иллаһи-рахмани-рахим» деген Құран сөзімен ашылады. Оқушыға бәрін бірден үйіп төкпей,

алдымен, есту арқылы дағдыландырып, кейін жазу дағдысын қалыптастырып, одан кейін ғана оқытуға бет алдыру қажет.

«Оқу құралы» үш бөлімнен тұрады: I.Әдебиет, тұрмыс, еңбек. II. Ғылым III. Дүние

I-ші кітабы насихат өлеңмен басталады: Балалар, бұл жол басы даналыққа, Келіндер, түсіп, байқап қаралық та! Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп, Соларды көре тұра қалалық па? Даналық — өшпес жарық, кетпес байлық, Жүріндер, іздеп тауып алалық та!. Бірден үш қаріп топтастырыла беріліп, олардың дыбысталу ерекшеліктеріне қарай атау сөздер берілген. Тұрған сөз оннан солға «ар», «аз», «ара», «аза» болып оқылады. А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасын, дауысты, дауыссыз дыбыс таңбаларын анықтап, кестелеп келтірген. Кітапшаның соңында берілген көркем мәтіндердің танымдық мәні зор: туысқан-туған ілікдес, киімдер, ойын-ойыншықтар, тамақтар-сусындар, дене мүшелері, үй саймандары (киіз үй), ыдыс-аяқ, малдар аты, малдан басқа төрт аяқтылар, құстар, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жер түгінің аттары, жер жүзінің атаулары, сан, жаңылтпаш, жұмбақ пен мақалдар қысқа да нұсқа қамтылған. Соңында «Біздің үй», «Мен қалай оқуға бардым» атты әңгімелер мен «Өтірік өлеңдер», «Шын өлеңдер» топтастырылған. Мақалдар да бала қабылдауына сай теріліп алынған. Мысалы, «Оқу - білім азығы, білім - ырыс қазығы», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Білім жұғысады, ырыс ауысады», «Екпей егін шықпас, үйренбей білім жұқпас» деген қанатты тіркестер оқушының қабылдауына жеңіл әрі тәлімдік мәні зор. Өтірік өлең: «Беріпті бақа қызын көбелекке...»; шын өлең: «Балалық күй» деп үш-төрт шумақты, 11 буақты жеңіл өлең жолдары таңдалып берілген [1, 141 б.]. Мақал-мәтелмен қатар жұмбақ, қысқа әңгімелер де халықтың материалдық мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіне негізделіп, бала танымына жақын етіп алынған:

Айдалада ақ сандық, аузы, мұрны жоқ сандық. (Жұмыртқа)

Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай құнаннан» (Мақал).

Ғалым Р.Сыздықова бұл еңбекке «...қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс» [1, 20], - деп жоғары баға береді. Тек қазақ тіл біліміне ғана емес, «қазақ мәдениетіне» қосылған зор үлес тұрғысынан бағаланған бұл зерттеудің жалпы танымдық, тағылымдық, этнографиялық, ұлттық-мәдени өзгешелігі ерекше. Сол себепті «Кітап бетінің төменгі тұсындағы сілтемеде хат таныту жолы көрсетіліп, сабақ әдісі қоса беріледі. Барлық әріптерді өтіп болған соң, танымдық материалдар ұсынылады», - деп жалғастырады ойын Р.Сыздықова [1, 174]. Таным көзін құраған сөздердің «туысқан-туған іліктес» деген тақырыпта, киімдердің, ойындар мен ойыншықтардың атаулары түрінде топталып берілгенін де тілші асқан көрегендікпен ескертеді. Демек, тілдік материалдар сол кездің өзінде таза теориялық қағидаларға ғана емес, идеялық-рухани тәрбиегеде халықтық дүниетанымға да арқау болған. Ғалымның бұл әдістемелік еңбегін қарастыра келе мынадай ғылыми құндылығын айта аламыз:

1) *Ана тілінде сауат аштыру.*

2) *оқушылардың көркемдік талғамын, дүниетанымын қалыптастыру.*

3) *табиғат құбылысы мен адам тұрмысының әр қырын салыстыра отырып, жасөспірімге қажетті танымдық-тәжірибелік білім беру.*

4) *оқушыны оқыта отырып, тәрбиелеу, рухани тазалық пен жауапкершілікке баулу.*

Ғалымның келесі әдістемелік еңбегі – «**Әліп би. Жаңа құрал (Новый букварь)**». Оқулықтың «шығарушыдан» деп берілетін алғы сөзінде «1925 жылдың қазан айының 21-і күні» көрсетілген. 1928 жылы кітаптың үшінші рет басылым көргені айтылады. Қолда бар қос кітаптың да беташары А.Байтұрсынұлының балаларға парыз еткен «**Балаларға тарту**» өлеңімен ашылады. Шығарушы «*төте оқу*», яғни, дыбыс негізі, әдісі туралы ғылыми мағлұмат береді. Сонымен қатар сөзді «*тұтас оқу*» әдісі туралы да айтуды жөн санайды. Ғалым осы ретте ұстаздар алдына нақты сауал да қояды: «бұрынғы «Оқу құралы» мен бұл «Жаңа құрал» екеуінің қайсысы үйретуге жеңіл?» [1, 141 б.]. Оқулықтың көркем мәтіндері де қысқа, бірақ маңызды: «Атбақыл», «Балық аулау», «Базар», «Атта да ақыл бар», «Аш шал», «Тоғайға сайран», «Қармақ салу», «Қармақ салуға бардым», «Жұмаш», «Жарлы-жалаңаш тойы», «Ақша қар». «Теке мен серке», «Таңертең», «Тігін», «Біздікі», «Күзет», «Жүген

жұмысы», «Сонар», «Әліп бій», «Қат», «Мектепке түскен күні», «Біздің тәртіп». т.б. Әр мәтін соңында тапсырмалар беріледі де, «Сауалдар». «Жұмбақтар» және «Ойпаңдар! Ойпаңдар!» атты арнайы айдармен қысқа да нұсқа мәтіндер: «Көмектестік», «Жалпы жиылыс», «Газалық тәртібі», «Салақтықтың кесірі», «Дәрігер бізге не айтты?», «Сағат», «Мектептегі мереке». «Менің міндетім» тікелей балалардың этикалық тәрбиесіне байланысты топтастырылған. Бұл мәтіндердің тәрбиелік мәні ерекше [1, 142 б.]. Құлықта ойын арқылы жүргізілетін тапсырмаларда жаңылтпашты пайдалануда баланың жаңылтпаштарды қайталаған сайын дыбыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын біліп, есте сақтау қабілеттерін қалыптастырады деген мақсатты көздеген болуы керек [3].

«Әліп-би». «Әліп-би» деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы екенін айта келе, бұл оқулықтың ерекшелігін атап өтеді. Еңбекте "үйрету жағынан **"дыбыс әдісі"** мен **"тұтас оқу"** әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді".

1. **"Дыбыс әдісімен" "суреттерді сөйлету"** (дыбысты таныту, таңбалау)
2. **"Тұтас оқу" әдісі** (сөз құрау)
3. **«Сын атына зат аты»** (сөз тіркестерін құрау)
4. **"Қайсысын қайда қою" әдісі** (сөйлемді рет-ретімен қойып, құрау)
5. **Ойпаңдар! Ойпаңдар!** (мәтінмен жұмыс).

Менің ойымша жақсы әліпбидің қасиеттері мынадай болуға керек:

1. Жақсы әліпби тілге шақ болу керек.
2. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс.
3. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болу тиіс.
4. Жақсы әліпби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. [4, 79 б.].

Жақсы әліпбиге ылайық төрт сыпатқа келмейтін әліпбилердің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ.

Қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми кітаптың басы болған еңбегі – **«Тіл – құрал»**, өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де, сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да күні бүгінге дейін А.Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізі сақталып келеді. Ғалым қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Оның термин жасаудағы ұстаған негізгі принципі – ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану болды. Синтаксистің әр саласы туралы теориялық материалдардан кейін практикалық жұмыстарды, атап айтқанда, «өлеңмен жазылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру, «сөйлем ішіндегі мүшелерін айырту», «сөйлемнің қажет болған түрлерін білім алушылардың өзіне тапқызу» түрінде беріп, сөйлем мүшелерінің қай сөз табынан болатынын нақты мысалдар арқылы дәлелдейді» [3, 287 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын **«Тіл жұмсар»** деген еңбегі белгілі. Әдістемелік-нұсқау екі кітаптан тұрады. Алғашқысы 1928 жылы Қызылорда қаласында «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. 2-кітабы 1929 жылы тағы да Қызылорда қаласында басылды. Тыныстық, жапсарлық, қосарлық, тастарлық, дәлдеулік дәйектемелері бар. Еңбектің «Дәйектеме» деп аталған бөлігінде А. Байтұрсынұлы – жетекші құралдың ерекшелігіне жан-жақты сипаттама береді. «Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім – «Тіл – құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын-ұсағынша, ірісін-ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсарту арқылы барып үлкен құралды танытады», - деп бастайды.

А. Байтұрсынұлының **«Баяныш»** әдістемелік нұсқауы 1920 жылы Қазан қаласының алтыншы мемлекеттік баспаханасында жарыққа шықты. Көлемі 15 бет. Таралымы 8600 дана,

Кіндік қазақ өзгеріс комитетінің оқу бөлімі бастырған. Енбектің титул бетінде «Қазақ мұғалімдері үшін» деп көрсетілген. Әдіскер нұсқауға жазған сөз басында: «Жаңа оқу жолымен таныс емес оқытушылар төмендегі **«Қазақ дыбыстары һәм олардың жазылу белгілері»** деген һәм **«Дыбыспен жаттығу»** деген екі сөзді оқып, әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық. Бұл екі сөз оқушылар емес оқытушылар үшін жазылған», - деп те көрсетеді. Бұл еңбек ағартушының көп жыл бала оқыта жүріп жасаған әдістемелік тәжірибесінің түйіні, тұжырымы. Оған А.Байтұрсынұлының «Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан, он төрт жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген, іс көргендігім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін. Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе көп-көп алғыс айтамын», -деуі де дәлел. Онда қазақ тілінің үндестік заңына бағынатынын дәлелдейді. Яғни, дауысты дыбыстар сөздің жаны есебінде, дауыссыз дыбыстар һәм жарты дауысты дыбыстар тәні есебінде. Дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады.

Ғалым әдістің бірнеше түрін ұсынған. Соның бірі – **жалқылау (айырыңқы) әдісі**. Жалқылау әдіс - жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың әдісі ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы - іриден ұсақтату. [1, 364] Бұл әдісте бірізділік ұстанымды ұстанғанын анық байқауға болады. **Жалқылаулы-жалпылау әдіс**. Бір жерде жалпылау, бір жерде жалқылау болып жүрген әдіс ақырында екеуі жалқылаулы-жалпылау әдісі болып бірігеді. Бұл әдіс қолдану жүзіндегі сатыларына қарай бірнеше түрге бөлінеді: **«Шағын сөзді»** деген түрі. Мұның негізі балаларға шағындап алған әр сөздің оқуы мен жазуын білдіру. Бұл әдісте балаларға тақырып әңгімелесу арқылы меңгертіледі, сөйлеу мәдениеті кеңейтіледі. **«Жазу - оқу» деген түрі**. Бұл әдісті қолданушылар «оқу үйретуді оқудан бастаған дұрыс емес, жазудан бастаған дұрыс», -дейді. Себебі, «жазу жоқ жерде оқу жоқ. Оқудан жазу дүниеге бұрын келген. Оқуды жазу тудырған. Осы әдістен кейін оқу мен жазу екеуі қатар жүретін болды. Оқытушылар үйретуді оқудан бастаса әдістер оқытқанын жаздырып отыратын болды; жазудан бастаса жаздырғанын не жазғанын оқытып отыратын болды.

«Дыбысты әдіс». Дыбысты әдіспен үйретуді бес негізгі түрге бөлген:

- 1) **Балалармен әңгімелесу.**
- 2) **Оқу үйретуге де дайындайтын жұмыстар**
- 3) **Сөзбен дыбыстарды айырып шығару**
- 4) **Әріптермен таныстыру**

5) **Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу. Қазіргі кездегі әдістеме саласында осы аталған ұстанымдарының барлығы да қолданыстан шыққан жоқ.**

Әңгімелесу. Бұл балалардың бойын үйрету үшін жасалады. Әңгімелескеннен кейін балалар оқытушыға үйір болады, оқытушы балалардың жайларын біледі. Әңгіме арқылы балалар мектептегі заттардың аттарымен, жүру-тұру жөніндегі тәртіптермен танысып танымдары көп дәрежеге арта түседі.

Оқытудың ойын әдісі. Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар оқушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, шешен сөйлеу қабілетін үйренуге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге тиіс. Ойын тілдік жағдаяттарда оқушыға қарым-қатынас мәдениетіне төселдіреді. Төменде көрсетілген мысалдар арқылы А.Байтұрсынұлының ойын әдісін шебер қолдана білгенін көреміз. Ойын арқылы оқушыны ойға жетелеп, берілген тапсырманың жауабын іздетеді. Оқушыларға әр мысалдарға қатысты суреттер ұсынылып отырады, бұл арқылы оқушының әрі танымдық, әрі тағылымдық ерекшеліктері дамиды. Мысалы:

«Ойнаңдар! Ойлаңдар!»

Бір үйдің 4 аты бар еді.

Еркек жаны 2 әке, 2 ұлы еді.

Еркектері кісі басы бір аттан мінгенде,

бір ат артық болып шықты. Бұл қалай?» [1, 81].

«**Тоғыз зат – тоғыз ат**», «**Қайсысын қайда қою**» тапсырмаларында А.Байтұрсынұлы суреттердің аттарын дұрыс тауып орнына қойдыру ойыны арқылы оқушылардың танымын кеңейту мақсатын көздеген.

Алғанын жазу (ермек-еңбек)

Ар ара араз

Аз аза азар

Бұларды бөлек-бөлек сызық бойымен кесіп, екі бала немесе одақтасып екі жақ үш үштен үлесіп алады. Алғаннан кейін алған санының әріптерін санайды. Әріп көп шыққан жағы ұпай салады. Ұпай түскен жақ алған сөздерінің бәрін жазады. Әріп еш жағына артық шықпаса, әрқайсысы алған сөздерін жазады. Ұпай салған жақ о жолы бір сөз де жазбайды [1, 52]. Бұл жерде қазіргі кезде де өте жиі қолданылатын топтық, ұжымдық жұмыс түрін қолданғанын анық көре аламыз.

Қисындау (ермек-еңбек)

Ар ара араз

Аз аза азар

осы алты сөзді бөлек-бөлек кескеннен кейін екеу-екеуден қосып, қисынын келтіріп балалар сөйлем жасаулары керек. Жасаған сөйлемдерін жазып отырады. Екі-екіден алдын ала алмастырып қосып, осы сөздерден оннан асу сөйлеммен лепес жасауға болады [1, 52]. Осы сияқты мысалдармен қазіргі кездегі жаңа әдістердің біразын бұрын А.Байтұрсынұлының қолданғандығын дәлелдеуге болады.

«**Сауат ашқыш**» (1926 ж.). Бұл еңбекте де дыбыстарды әріппен таңбалап, біртіндеп қосып оқу «Әліппе» оқулығындағыдай үйретіледі. *Ерекшелігі* – сауаты жоқ үлкендерге арналғандықтан, әріптерді қосып, сөз құрап үйренгеннен кейін ересектердің жас балаға қарағанда меңгеру қабілетін ескере отырып, тақпақ, шешендік сөздер, әңгімелермен қатар сол кездегі қоғам өміріне, шаруашылыққа қатысты мәтіндер берілген. Демек, А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері қазақ әдістемесі ілімінің тарихындағы тұңғыш ғылыми туындылар екені сөзсіз. Автор қай әдістемелік еңбегінде болмасын «жеңілден – ауырға, оңайдан – қиынға, жайдан – күрделіге» деген принципті ұстаған. Ғалымның әдістемелік еңбектеріндегі пікірлер мен ойларды саралай келе, А.Байтұрсынұлының педагог мамандарға ұсынар мынадай әдістемелік қағидаларын жинақтасақ болады:

1) *Жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту керек;*

2) *материалдың түсінікті болуы;*

3) *көрнекілік, мәтіндер, материалдар қазақ баласының халықтық танымына жақын болуы;*

4) *тілді оқытуда тіл ұстарту, көркем сөзге ден қою;*

5) *тілді үйрету ана тілінің сөз, сөйлем жүйесін білгізумен қатар жүруі тиіс;*

6) *мұғалім әдістерді меңгерумен қатар табанда қажет әдісті тауып, пайдалана білуі тиіс;*

7) *мұғалім балаға тілді өз тәжірибесі арқылы жинақтауға жағдай жасап, бағыт-бағдар беріп отыруы тиіс.*

Қорытындылай келе, ұстаздың басты мақсаты – қазақ тілі сабағында тақырыптарды өту барысында оның тарихына да шолу жасап, оқушыларды танымдық, тағылымдық мәні бар құндылықтармен таныстырып отыру. Мұның бүгінгі және болашақ ұрпаққа берері мол. Оқушыға бәрін бірден үйіп төкпей, алдымен, есту арқылы дағдыландырып, кейін жазу дағдысын қалыптастырып, одан кейін ғана оқытуға бет алдыру қажет. Ғалым-тілшінің сапалы оқытудың кілті – іздену, тиімді әдістерді тауып, пайдалана білу деген ой-пікірі кез келген әдіскерге қажет. Сабақ барысында мұғалім түрліше әдістерге сүйеніп қана қоймай, оқытушы мен оқушы арасындағы тең дәрежедегі қарым-қатынасты іске асырушы ретінде де еңбеу етуі керек. Қазіргі педагогика саласындағы ең маңызды талаптардың бірі – осы. Жинақтай келе, А.Байтұрсынұлы ұлттық сипаттағы оқу-құралдарын жазу барысында мынадай әдістемелік нәтижелерге қол жеткізді:

- алғаш рет қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай келетін «дәйекші» белгіні қосып, оның жазылу, оқылу ережелерін ұсынады;

- теориялық білім алудың әдіс түрлеріне (әріп қосу әдісі, буын әдісі, дыбыс әдісі, тұтас сөз әдісі, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалқылаулы-жалпылау әдісі) алғаш рет анықтама беріп, оларды қолданудың жолдарыны ашып көрсетеді;

- бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын дидактикалық ойын түрлерін ұсынады;

- ойын арқылы оқытуға арналған жаттығулар жүйесін жасайды;

- балалардың игерген білімдерін жадыда берік сақтау қабілеттерін жетілдіруде көрнекіліктер арқылы оқытуды алғаш рет анықтама беріп, оларды қолданудың жолдарыны ашып көрсетеді;

- бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын дидактикалық ойын түрлерін ұсынады;

- ойын арқылы оқытуға арналған жаттығулар жүйесін жасайды;

- балалардың игерген білімдерін жадыда берік сақтау қабілеттерін жетілдіруде көрнекіліктер арқылы оқытудың алғашқы нұсқасын жасайды.

Ахмет Байтұрсынұлы – өз заманындағы аса маңызды да, өзекті бағыт – оқу-ағарту саласында құнарлы еңбек еткен ұлы педагог. Ол өмір бойы оқу-ағарту жүйесіне өзгерістер жасау жолында аянбай қызмет етіп, қазақ тілі оқыту әдістемесінің іргетасын қалады. Ағартушы қаламынан туған «Әліппелері», «Тіл – құралдары» және ғылыми-әдістемелік мақалалары бүгінгі оқыту ісімен сабақтасып жатыр. Ағартушы қалыптастырған жаттығу үлгілері мен оқыту әдістері кейінгі буын қазақ тілі оқулықтары мен әдістемелік еңбектерде одан әрі тереңдетіліп, күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Бұл ғалым еңбегінің құндылығын әрі өміршеңдігін білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ісімақова А. «Алаш әдебиеттануы». - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017 - 480 б.
2. Байтұрсынұлы Ахмет - Алты томдық шығармалар жинағы, IV том. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер). – Алматы: «Ел-Шежіре», – 2013.
- 3.«Тіл тағылымы». Алматы. «Ана тілі», 1992 ж.
4. «Алаштың тілдік мұрасы», Әлібби тақырыпты Ақметтің байандамасы. Терминологиялық хабаршы. №1 (47), 2014.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ ОҚУШЫЛАРҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ҰСТАЗ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Давлетбаева М. М.

№198 жалпыбілім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі, Алматы қаласы

Давлетбаева Б.Б.

Жамбыл облысы Шу ауданы Жаңажол ауылы Б.Момышұлы атындағы орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі

Аннотация

Бұл ғылыми мақалада А.Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беруде ұстаз шеберлігін арттырудың шарты ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: мұра, ұстаз, шеберлік, шарт, халық ағарту

Аннотация

В данной научной статье педагогическое наследие А. Байтурсынулы рассматривается как условие повышения квалификации педагога по духовно-нравственному воспитанию учащихся.

Ключевые слова: наследие, учитель, умение, условия, народное образование

Annotation

In this scientific article, the pedagogical heritage of A. Baitursynuly is considered as a condition for improving the qualifications of a teacher in the spiritual and moral education of students.

Key words: heritage, teacher, skill, conditions, public education

Қазақстан Республикасы білім берудің негізгі құндылықтарымен мақсаттары мектеп түлектерінің білім деңгейін арттыруға, жаңашылдық пен көшбасшылықты жүзеге асыруға қажетті дағдыларды дамытуға, мектептегі білім мазмұны арқылы ұлттық бірегейлікті дамытуға бағытталған. Ғалымдар мен педагогтардың – жаңашылдардың педагогикалық мұрасын есепке алу.

Өзін халықаралық деңгейде сенімдірек танытып келе жатқан дамушы мемлекетіміз білім беру жүйесіндегі әлемдік дамудың негізгі тенденцияларынан тыс қала алмайды. Қоғамымыздың өзекті мәселелерінің бірі – өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайда өмір сүруге ғана емес, сонымен бірге бар шындыққа белсенді түрде әсер етуге, оны жақсы жаққа өзгертуге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстандағы жаңашыл педагогикалық идеялардың дамуы бастауыш мектептің, педагогикалық баспасөздің, жоғары білім беру жүйесінің, тәрбиенің мазмұнын, әдістері мен формаларын жетілдіру, рухани-эстетикалық тәрбие мәселелерін көтеріп, қарастырған Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Бұл мәселелер өзекті, өйткені Қазақстанның білім беру жүйесі бүгінде әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған.

Қайраткер, гуманист туған жерінің нағыз азаматын тәрбиелеуге лайықты тегін мектеп, анна тілінде оқытатын мектеп құруға шақырды. Халқының білімді болуын армандаған А. Байтұрсынұлы «Қазақша оқу» мақаласында: «Білімге талпын баған халық қанша бай болсада, біраз уақыттан кейін байлығы өркениетті адамдардың қолына өтеді»

Сонымен бірге, уақыттың бір орнында тұрмайтынын, елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық өмірінің түрлі салаларында интеграциялық үдерістер жүріп жатқанын түсіне отырып, ол еуропалық халықтардың мәдени құндылықтарына қосылуға шақырды, солардан үлгі алып, білімге, ғылымға ақша салу, кітап шығару. «Ғылым мен практикалық білімнің іргетасын бойына сіңірген халық ақылды, бай, күшті болады» деп А. Байтұрсынов 20 ғасырдың басында жазған және қазіргі уақытта да өзектілігін жойған жоқ.

Бұл тұжырымның терең мағынасын түсіну бүкіл әлемдегі орта және жоғары білім беру жүйесін мынадай сұрақтарға жетелейді: ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені зерттеу керек? Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болу үшін білім мазмұны қандай болуы керек? Сонымен, алдыңғы сұрақтарға жауап беру үшін мұғалімде қандай кәсіби және рухани-адамгершілік қасиеттер болуы керек?

Еліміздің бүкіл білім беру жүйесінде орта білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарауды, сондай-ақ білім беруді бағалаудың принципті жаңа жүйесін енгізуді қамтитын білім беру мазмұнын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мектептегі білім беруді жаңарту процесі бастауыш сыныптарға арналған білім беру бағдарламаларынан басталады. Міне, ел болашағының іргетасы қаланады, оған мектеп мұғалімдері жауапты.

А. Байтұрсынов білікті ұстаздың рөліне орасан зор міндет жүктеп, мектептегі еңбектің табысты болуы мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты екенін, сондықтан білім беру ұйымдарында педагог кадрларды кәсіби даярлауда ерекше көңіл бөлу керектігін атап көрсетті. Мұғалімнің педагогикалық техниканы меңгеруіне, мектеп оқушыларын оқыту процесін ғылыми негізде жүргізе білуіне төленеді.

Ол «Қазақ тілінде оқыту туралы» атты еңбегінде, ең алдымен, жеке әдістемесі болуы, балалардың психологиялық ерекшеліктері мен оқу процесінің теориялық негіздерін білуі тиіс мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды айқындайды. Бұл идея мұғалімдердің әдістемелік және психологиялық-педагогикалық дайындығында жатыр, үшін «Балаларды оқыту мен айналысатын адамдар әдістеме мәселелерін жақсы білуі керек.

Екіншіден, табиғатты жақсытанып, баланың көңіл-күйін сезінуі керек. Ол үшін балалардың туғаннан бастап физикалық және психикалық дамуы туралы бәрін білу қажет.

Қазіргі таңда А.Байтұрсынұлының ұстаздық кәсіпке қойған жоғары талаптары әліде өзектілігін жойған жоқ. Бүгінгі таңда қазақтың ұлы Ұстазы армандаған интеллектуалдық деңгейі жоғары, жан-жақты, қазіргі заманның кез-келген сын-қатерлеріне дайын, бәсекеге қабілетті, оқыту мен тәрбиелеуде теориялық және практикалық білімі терең ұстаз дайындау мәселесінде өткір қойылуда.

А.Байтұрсынов қазақ мектептеріндегі мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, олардың біліктілігін арттыруға көп күш-жігерін, білімі мен күш-жігерін жұмсады. Ол мұғалімдердің мәдени өсуі, үйлесімді, жан-жақты дамыған тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің әдістемесін жетілдіру қажеттілігі туралы мәселелерді жиі көтерді [2] Ол халықты оқытуға арналған барлық жазбаларында халықты оқуға, білім мен өнерге ұмтылуға шақырады.

Оның шығармаларында жеке тұлғаның рухани дамуына, оның жас ұрпаққа қажеттілігі мен маңызына үлкен орын берілген, ұлт болашағы түсіндіріліп, адамгершілік, адалдық, тектілік сияқты қасиеттерді жоғары насихаттайды. Ол Қазақстанның әл-ауқатымен болашағының кепілі деп есептей отырып, мәдениетті дамытудың зор болашағын көрді. А.Байтұрсынов халқын құмарта сүйген және оның ерекше табиғиқа білеттеріне сенген, өз елін әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарынан көруді армандаған. Қазақ даласының Ұлы Ұстазының жоспарымен үміті Тәуелсіз Қазақстанда жүзеге асуда.

Халық ағарту, бостандық, мәдениет үшін күрескер А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оның шығармалары қалыптасқан қоғамдық-саяси жүйені сынауға, халықты сауатсыздықпен, надандықпен, енжарлықпен күресуге шақырып, қазақ әдебиетін сапалы жаңа деңгейге көтерді. Оның «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) сияқты шығармаларының адамгершілік-рухани құндылығы зор, оларда адам бойындағы жалқаулық, жалқаулық, надандық, босқаулық сияқты жаман қасиеттерді келемеждеп, еңбексүйгіштікке шақырады, білім нәрімен сусындатады, өнерді өркендетеді, халықтың мәдениетін көтеру.

А.Байтұрсынұлының сіңірген еңбегі – араб графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін енгізіп, қазақтың тұңғыш «Әліппесін» жазды. Оның әдістемесі елдегі сауатсыздықты жоюда үлкен рөл атқарды. Қазақ тіліндегі тұңғыш қазақ тіл білімі, қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы бірқатар еңбектердің авторы қазақ жазуын реформалаудың қағидаларын әзірлейді, қазақ грамматикасының категорияларын анықтауға арналған ғылыми терминология жасайды. Ұрпақтарына мол мұра қалдырған А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі саласындағы ғылыми-әдістемелік еңбектері, қазақ тілін оқыту әдістемесі бүгінде білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуда.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, аллегория, эпитет, тұлғалау, метафора, метонимия т.б жаңа ұғымдар, терминдер, категориялар тұжырымдалған. Әдеби мұраны, халық ауыз әдебиетін зерттеп, кітап шығарды, оған көркем шығарманың төл туындысы – «Ер Сайын» аңызы (1923), «23 жоқтау» (1926) жинағы енгізілді. Ол Абайдың тәлім-тәрбиелік, сыншылдық дәстүрін жалғастырушы және оның қазақтың ұлы ағартушысының көркемдік шеберлігі туралы ғылыми-зерттеу тұжырымдары қазақ әдебиеттануында көрініс тауып, дамып келеді.

Абайдың қоғамды демократиялық тұрғыда реттеу туралы ой-пікірлерін дамыта отырып, өзі тұңғыш редактор болған «Қазақ» газеті халықтың өзіндік санасын оятып, қоғамдық-саяси сипаттағы, халық ағарту-ағарту, тұрмыс-тіршілігі мәселелерін көтерді. Міне, А.Байтұрсынұлы газетте: «Тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін ағартушылыққа, ортақ мәдениетке бар күш-қуатымызбен, бар күш-қуатымызбен ұмтылуымыз керек, ол үшін

алдымен туған жеріміздегі әдебиеттің дамуымен айналысуымыз керек. Ғылымға, қазақ тілін, мәдениетін, білімін дамытуға қатысты көптеген мәселелер қазіргі кезеңде де маңызын жойған жоқ. Мәселен, Қазақстан Республикасының Президенті: «Жауапты тіл саясаты – қазақ ұлтын біріктіретін негізгі факторлардың бірі. Қазақ тілі – біздің рухани өзегіміз. Біздің міндет – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып, дамыту.

Біз ғашайдың мұрасы ретінде ұрпақтарымызға ата-бабаларымыздың ұрпақ тәжірибесіне ізіміз жарасымды қосылатын заманауи тілді қалдыруымыз керек. Бұл өзін-өзі құрметтейтін әрбір адам өз бетінше шешуі керек міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің тұғырын нығайту бағытында көптеген жұмыстар атқаруда» [4].

Ахмет Байтұрсынов білім мен ғылым саласында білім алып, еңбек етемін деген жандардың күш-қуаты мен мүмкіндігіне шын жүректен сенді. Сондықтан 1928 жылы Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орнының ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде ол университеттің өз атауы мен маңызын ақтап алуын тілеген еді. Ол «Университет – жоғары мәдениетті құру, ал жоғары мәдениет – адамзаттың ғылым мен техникаға қатысты барынша түсінуінің жиынтығы» деп есептеді.

Университеттің ашылуы, оның ойынша, біріншіден, қазақ жастарын оқып-үйренуге және олардың халқының жоғары мәдениетке қосылуына ықпал етеді; екіншіден, теңдік пен әділдікке қол жеткізу, мәдени жағдайын көтеру – кез келген ұлттың дамуының кепілі; үшіншіден, ол «Қазақстандағы жоғары білікті жұмысшылардың алғашқы ошағы» болады [5]. Болашақ мамандарды оқыту мен тәрбиелеуде университетке қандай орасан зор рөл жүктеп, оның басымдықтарын, функцияларын мен міндеттерін айқындап бергенін көреміз.

А.Байтұрсынов қазақ халқының болашағы, қазақ тілі мен ұлттық мәдениетінің болашағы жас ұрпақтың білім дәрежесіне, руханиятына, имандылығына байланысты деп түсінді. Олар бұқараға прогрессивті ғылыми идеяларды жеткізушілер болады. Атақты ұстаз, әділет жолындағы күрескер қазақ халқының тәлім-тәрбие мәселелерін қамтитын барлық шығармаларында халықты білімге ұмтылуға, өнер мен мәдениетті игеруге шақырады. Халықтың мәдени әл-ауқатының өсуінің, қазақ тілінің, оның әдебиетінің өркендеуі мен дамуының шарты ретінде тұлғаның рухани дамуының қажеттілігін түсіндіреді, адамгершілікке, адами құндылықтарды сақтауға шақырады. ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар. Ал оның үндеуінде халқына, оның болашағына деген зор сүйіспеншілік пен жанашырлық сезіледі.

Ол өз халқының болашағын бүгінгі тәуелсіз, өркендеген, өркениетті мемлекетке айналдыруын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы растады: «Жаңа саяси-экономикалық Бұл курс жастарға жақсы білім беруге бағытталған, бұл одан да лайықты болашақты білдіреді». Ол да Ахмет Байтұрсынов сияқты қазақстандықтардың жаңа ұрпағына сенеді, өйткені «ол әрқашан оқуға, өсуге барлық жағдайды жасауға тырысты. ... Мемлекет жастарға жаңа мүмкіндіктер ашу үшін қажеттінің бәрін жасауда»

А.Байтұрсынұлы идеяларының рухында тәрбиеленген жас ұрпақ оның қазақ тілі саласындағы әдістемесіне, іліміне сүйене отырып, рухани-адамгершілік, өзін-өзі құрметтеу және өзін-өзі таныту идеясына қанықты, әдебиет, психология және өнер қазіргі заманда еліміздің білім беру жүйесіндегі жаһандық өзгерістерді жүзеге асыруға тиіс озық ойлы жастардың ұрпағы болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Об обучении по-казахски // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдықшығармаларжинағы. 2 том. – Алматы: «Алаш», 2004.
3. Байтұрсынов А. Нужды школы // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – с.18

4. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан - 2050». Новый политический курс состоявшегося государства». 14 декабря 2012 года. Казахстанская правда. 15 декабря 2012 года.

5. Вестник КазНУим.Аль-Фараби. Серия «Информационная», № 3. 1988. с.18

6. <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12608/>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мамытова Н.А.

№149 мектеп, Алматы қаласы

Аннотация

Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынов пен бектерінде айқын көрініс тапқан тәрбие мен білім сұрақтары қарастырылды.

Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық идеялары заманауи білім беруде көкейкестілігі сөз болады.

Тірек сөздер: тәрбие, оқыту, ұлттық педагогика, оқу-ағарту ісі, классикалық, әдістемелер,

Аннотация

В данной статье рассмотрены вопросы воспитания и обучения, которые были отражены в трудах Ахмета Байтұрсынова. Педагогические идеи А. Байтұрсынова актуальны для современного образования.

Ключевые слова: воспитание, обучение, народная педагогика, просвещение, классический, методика

Annotation

This article considered of the questions education and educating that were reflected in labours of Ahmet Baitursynov. Pedagogical ideas of Ahmet Baitursynov are actual for modern education.

Keywords: upbringing, education, national pedagogics, enlightenment, classical, methods,

Қазақ халқының педагогикалық мәдениетінің даму тарихы ғасырларға созылады. Шығармашылық тәжірибені ұзақ тарих, дала кеңістігінің тұрғындары адамдардың мінез-құлқының ережелері, нормалары мен принциптері, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде бай тәжірибе жинақтайды.

Қазақстанда қазіргі ұрпақ қалыптастыруында педагогикалық ой-пікірлердің, әртүрлі этникалық құрамдастардың тәжірибесі мен дәстүрлерінің синтезі кең байтақ өлкенің халықтық педагогикасы. Қазақ ойшылдары жастарды адамгершілігі жоғары адам ретінде тұнық болуды жеке өнегесімен үйреткен. Бұл оларды оқытудың тиімділігін күшейтуде маңызды болып табылады [1, б.36].

Қазақстанның қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов түрколог, аудармашы, ұстаз, публицист, көрнекті ақын, 19 ғасырдың аяғында ғалымның педагогикалық көзқарастары қалыптаса бастады.

А.Байтұрсынов – қазақтан шыққан тұңғыш әліппенің авторы. 1924 ж ресми түрде қабылданып, жүзеге асырды. Сол кезде қазақ жазуының реформасын прогресшіл жақтауда зиялы қауым. Барлық түркі тілдес халықтарының құрметіне жаңа деп аталатын ғалым Байтұрсынұлының қазақ әліпбиі өз уақытында жақсы үлгі болды. Жазу реформасы кезінде шетелдік қандастарымыз әлі де Байтұрсынов графикасын пайдалануда [2, 27 б.].

Жалпы білім беру және ассимиляциялау арқылы адамзат өркениетінің жетістіктері мен мәдениеттің көтерілуін жүзеге асыруға болатынын Ахмет Байтұрсынұлы тереңнен түсінген. Бұл туралы ғылыми кітаптар мен оқулықтарда, өз мақалаларында және ойлары мен тұжырымдарында бере білген.

А.Байтұрсынов ағартушылық пен білім беруге арналған еңбектерінде: «Не керек?» деген сұраққа жауап бере отырып, қазақ тілінде оқытатын бастауыш мектеп бола ма?

Кез келген адамға тіл, құлақ және қол қаншалықты қажет болса, бастауыш білімде барлығына бірдей қажет. Мектепте оқушылар ана тілінде еркін оқуға және жазуға мүмкіндік беретін білімді меңгеруі керек.

Ахмет Байтұрсынов қазақтар балалардың бес жасқа дейін бастауыш білімді тұтастай алуы, одан әрі жалғастыру керек деп есептеді. Алғашқы үш жыл ішінде оқушылар тек ана тілінде оқуы керектігін айтады.

Бастауыш мектепте барлық білім алғысы келетін балалар шынайы қатысу мүмкіндігіне ие болуы қажет. Сондай-ақ, А.Байтұрсынов бастауыш мектептерді төмендегідей екі топқа, яғни келгендер үшін және мектеп ғимаратында тұрақты тұратындар үшін деп бөлуді ұсынды.

Ахмет Байтұрсынов өзінің әрбір шығармасында ұстаз рөліне тоқталады. Яғни, шебер ұстаздар балаларды тікелей оқытуда жақсы әдістемелерді ана тілі арқылы және мақсатқа жетуде тиімді оқу құралдарын пайдаланса, үш жылда жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады дейді.

А.Байтұрсынов туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек», – деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал-күйі оның қабырғасына қатты батты. Бұл жөнінде: «Осы күнгі ауыл мектебінде оқуға керекті құрал жоқ. Оқыта білетін мұғалім аз. Сонда да хат білетін қазақтардың проценті мұжықтардан жоғары... Бұл мектептің халыққа жақындығы, балалардың білімді ана тілінен үйренетіндігі... деп ауылдық қазақ мектептерінің жайын сөз ете келеді де, орыс школдарында тәртіп те бар, құрал да сай, мөлшер, жоспар – бәрі де бар. Сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікірі (орыстану саясатын айтып отыр. – С.Қ.) бүлдіріп отыр»– деп қазақ даласында патшалық Ресейдің отарлау саясатының қалай іске асырылып жатқанын әшкерелейді.

Ахмет Байтурсынов в своей программной статье, опубликованной в первом номере газеты «Казах» (1913) писал: «Для того, чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре, для этого мы обязаны первым долгом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу».

В этом отношении у нас дело обстоит далеко не благополучно. Современная казахская интеллигенция, получившая образование в русских школах и татарских медресе, уже начинает пренебрегать казахским языком, разговаривать и переписываться между собой на русском и татарском языках. Это уже плохой признак. Если это будет продолжаться и в дальнейшем, и если наши отцы и матери вопреки закону природы не проживут сотни, тысячи лет, то нам придется навсегда проститься с казахским языком, а вместе с тем и с казахским народом как с особой нацией. Если этого мы не хотим, то необходимо разрешить этот вопрос в корне и отныне приступить к усовершенствованию казахского языка и литературы...». Эти высказывания и ныне не утратили свою значимость. В этом отношении взгляды Ахмета Байтурсынова и Мухтара Ауэзова пересекаются.

«В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсынова мы имеем киргизскую (казахскую) азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию киргизского языка, теорию словесности и историю культуры», - писал М. Дулатов и продолжал: «Этим кропотливым трудом Ахмет Байтурсынов поднял киргизскую теорию словесности на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы» [7].

Ахмет Байтурсынов, как и многие другие алашординцы и просветители-интеллектуалы казахского народа, пал жертвой гигантского раскрученного маховика репрессивной машины сталинской эпохи. Он прожил 65 лет и мог бы прожить еще немало, и

мы уверены, что это время Ахмет Байтурсынов потратил бы с огромной пользой, но не для себя, а на благо своего народа, которого он, как и Абай, бесконечно любил и желал ему только наилучшей будущей жизни в процветающей стране.

Но судьба распорядилась иначе, тем не менее, он оставил после себя, как и Ибрай Алтынсарин, богатое духовное наследие для современников и будущих поколений. «Самое великое и симпатичное слово - история», - утверждал А. Байтурсынов в своей работе «Әдебиеттанытқыш». Он знал, что история движется по спирали и время от времени повторяет в той или иной степени прошлые события, преломлённые как лучи света сквозь призму калейдоскопа множества неизвестностей со знаком X, ожидающих своего часа на очередном вираже судьбы народа.

Как говорил Мухтар Ауэзов: «Ахмет Байтурсынов – идейный вождь казахов». Его идеи и есть квинтэссенция идеологии настоящего и грядущего, при помощи которой Казахстан должен занять свое достойное «место под солнцем».

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
2. <https://e-history.kz/ru/news/show/4272/>
3. <https://web.archive.org/web/20070220094444/http://karaganda.pmicro.kz/KRG/Culture/Baitursinov.stm>
4. Омаров И. Учёная деятельность А. Б. Байтурсынулы. Труды общества изучения Киргизского края. Вып. 3. — Оренбург, 1923.
5. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. Опорные конспекты-таблицы по культуре и истории Казахстана: Учебно-методическое пособие.—Алматы: Типография ГРДБ им. С. Бегалина, 2012.—122 с.
6. <https://adebiportal.kz/ru/authors/view/468>
7. <https://www.nur.kz/family/school/1677941-ahmet-bajtursynov-biografia-i-deatelnost-prosvetitel/>

ӘОЖ 811.512.122:821.512.122:37(574)

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ, ЗАМАНАУИ БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Төлеуғазыев Нұрдос Ақанұлы

«Информатика және робототехника» мамандығының 2 курс студенті

Тлеубаева Аксауле Болатовна

Кураторы, ғылыми жетекшісі

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Қазақстан, Абай облысы, Семей қаласы

Tleugazyev00@mail.ru, aksaule81@bk.ru

Аннотация: Ахмет Байтурсынулы, первый исследователь казахского языка на нашем родном языке, сумел задать себе системную программу: во-первых, он стремился создать графику казахской национальной письменности, для этого он создал «Байтурсыновскую письменность» на основе арабского алфавита, а во-вторых, он думал о развитии грамотности с помощью этого письма.

Ключевые слова:учитель, политическая деятельность, обладатель нескольких профессий, Кояндинская ярмарка, националист, реформатор, газета «Казак», великий человек, казахский алфавит, «Байтурсиновская письменность».

Annotation: Akhmet Baitursynuly, the first researcher of the Kazakh language in our native language, managed to set himself a systematic program: firstly, he sought to create a graphics of the Kazakh national script, for this he created the "Baitursynov script". based on the Arabic alphabet, and secondly, he thought about developing literacy through this script.

Key words:teacher, political activity, owner of several professions, Koyandinskaya fair, nationalist, reformer, Kazakh newspaper, great man, Kazakh alphabet, Baitursynov writing.

«Ұлт ұстазы- А.Байтұрсынов» туралы қаншалықты білімге иеміз, сонны анықтауға бел будым. Алынған сауалнаманы талдай отырып, білім алушыларға «Қазақ қоғамындағы» қазақ атауының бұрмаланып-киргиз аталуы немесе қазақ әлибиінің қоғамда өз орнын табуы қаншама қиын қыстау кезеңдерді басынан өткізіп, оңайлық пен келмегенін терең түсіндіру маңызды екенін ұқтым.

Содан, білім ордасында сыныптастарымды, достарымды тарта отырып, «А.Байтұрсыновтың қоғамдағы орнын тереңірек үйрену» мақсатында дөңгелек үстел және әртүрлі іс-шаралар өткізуді жоспарладым.

Жоспарланған іс-шараларды өткізу барысында өзім үнемі ізденісте болдым. Мектеп және аудан кітапханасын сүзіп шықтым. Тапқан материалдарым және мәліметтеріммен мектептегі өткізілген іс-шаралар барысында қатысушыларға таныстырып, бөлісіп отырдым.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында А.Байтұрсыновтың қазақ даласына яғни қоғамға сіңірген еңбегі ұшан теңіз екенін ұғына отырып, кеңестік үкіметі кезінде қазақ зиялыларының жұмыстары ашық айтылмауы, жабық сақталуы қазақ қоғамының білім-ғылымға жасаған қиянаттары аз болмағанын ой таразысынан өткіздім.

Зерттеу жұмысымның нәтижесінде білім ордасындағы білім алушылар «А.Байтұрсыновтың қоғамға сіңірген еңбектері туралы» көптеп мәліметтер алды. Білмегендерін білді, нақтырақ айтқанда ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғамға сіңірген еңбектерін тереңірек үйренуге қызығушылық танытты.

Қортындылай келе қоғам қайраткерінің қоғамға сіңірген еңбегі біздер үшін, келешек ұрпақ үшін өте маңызды екенін айтқым келеді.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы.

Қазақтың біртуар азаматы, ақын, жазушы, әдебиет зерттеуші ғалым, мұғалім, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жанкелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Ахмет Байтұрсынұлын – ар адамы деуімізге себеп, ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлт – азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі болғанында. Жоғарыда айтып өткендей ол бірнеше мамандық иесі ретінде, өз мамандық жолы мен мұғалім немесе аудармашы болып жұмыс атқара беруіне болар еді. А.Байтұрсынұлы өзінің бойындағы ар-ожданын қалың қазақ елінің өсіп өркендеген ел болуын армандап, ойлап, соның жолында ұлт – азаттық қозғалысын таңдады. Қараңғы қазақ деуімізге тағы бір мысал бізде өз әлі биіміздің болмауы, сауатты халыққа айналуы үшін мұның мағызы өте зор болды. Осындай себептермен халыққа мын ойлаған ол бар өмірі мен ғұмырын, қиын жолға бет бұрады. Сол кездегі қазақ қоғам қайраткерлерімен бірігіп, бір жеңнен қол, бір жағадан басшығарып, бірлесе қоғам үшін тынымсыз жұмыс жасауға бел буады.

А.Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған. Қоғамдағы болып жатқан әділетсіздіктерге бейжай қарай алмауына оның білімділігі себеп.

1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14000 адам қолқойған арыз - тілекгі (петиция) авторларының бірі А.Байтұрсынұлы болды.

Қазіргі қазақ халқының осындай дәрежеге жетуіне себепші болған ірі тұлғалардың бірі Ахмет Байтұрсынұлын заманауи жас жеткіншектер мен замандастарым, ұстаздарым қаншалықты танитындығын білу мақсатында, білім ордасында сауалнама жүргізілді. А.Байтұрсынұлының ұлт жанашыры ретінде атқарған қызметін бағалап жүрміз бе? Ол мұғалім бола жүріп қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға, әлеуметтік өмірге үңіліп, бостандық аңсаған, күреске үндеген өлеңдер жаза бастайды. Қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, оқуын жалғастыруға күш жұмсаған ағартушы. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Ахметтің әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы» деп айтқаны мектептің адам өмірінде алатын зор міндеті барын, оны дұрыс қолға тапсыруды көрсеткені деп ойлаймын. Сондықтан да ұлт ұстазын ұлықтау – біздей тіл мамандарының басты міндеті. Ахмет – бас редактор. Сол кездегі «Қазақ» атты газетке редактор болып тағайындалады. Бес жыл бойы осы басылымды өз қаражатына шығарады. Бұндай адамдар бүгінде жоқтың қасы. Ахмет редакторлық жасаған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. Ол әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған жалынды публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. 1913 жылы ұлы Абайға арнап «Қазақтың басақыны» мақаласын жазады. «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуіде болған» деген керемет ой тұжырым жасайды. Ақиқатында тура осы пікір иесінде арналып айтылғандай ой тудырады. Ахмет – қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынұлы ұлы тұлға

Ұлағатты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы туған тіл туралы өзекті мақалаларында: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деп жазған екен [4]. Шындығында, ол қазақ әліпбиін түзеп, түрлеудің, анна тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екенін, ұлт тілінің келешегі үшін күрескен кемеңгер. Кемеңгерлігі сол, әркімнің тіліне еріп, адасып жүрген жұртына «Қазақ әліпбиін» тайға таңба басқандай жасап берді. Ахмет түрлеген әліпбиді күллі түркі жұрты, сонымен бірге орыс ғалымдарының «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп бағалағаны тарихи шындық. Ахмет Байтұрсынұлы өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанында аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен. Қазақ әліпбиінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлы ұлт әліпбиін негіздегенде алдымен оның дыбыс өлшемін, яғни қазақтың сөйлеу мақамындағы дыбыс санын анықтаған. Әлбетте, ол солкезгі қазақ тіліндегі ұғым-танымдар өресіндегі сөз қолданылысына, яғни тұтынудағы сөз қорына байланысты болатын. Белгілі бір атауларды атап, танымдарды түсіндіре алатын сөз қолданыстарының жиынтығындағы дыбыстар түзілімі – мағына құрайды. Қажет болған жағдайда, бұл дыбыстарды морземенде, эсперантоменде, тіпті сан түріндеде бейнелеуге болады. Алайда, бұлар әліпби болып шықпайды, орайға қарай шартты қолданыс түрлері ғана. Бұлар ұлттық ерекшеліктері жоқ, бұқаралық емес, шектеулі қолданыстағы жазу түрлері. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің өзіне дейінгі хат тілінде, халық әдебиетінде, сөйлеспелі сөз қолданылысында зерделей келе, Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, онжетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты... Бұл дыбыстардың ішінде қ хәм ғ ылғи жуан айтылады. К мен г хәм е ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың әрқайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19

дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ..онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын қ мен ғ-ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын к мен г, е-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек, - деп анықтай келе, араб таңбасының қазақ дыбыстарына жеткіліксіздігіне байланысты 38 белгі қажет ететін жуанды-жіңішкелі 19 дыбысқа айырымдық дәйекші белгісін қолдана отырып, 19 таңба үнемдейді. Сөйтіп, жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады, - деген қорытындыға келіп, осы негізде тұңғыш қазақ әліпбиін жасайды. Қазақ тілін анна тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын анна тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған. Ахаң халқын ешкімге телмірмейтін, мәдениетті, білімді, егеменді етуге өмірін сарп етті. Қазақша айтсақ, халқының бар махнат-азабын жеңілдетуді өз басына құдайдан тілеп алды. Тағыда қазақша айтсақ, Алла-тағала бізге оны көзжасымызды тыюға әдейі жіберген. Мұндай адам бір ғасырға сыймайды, ол бізге дейін өткен екі мың жылда бір-ақ реет туып отырған перзент! Ахаң еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артында келе жатқан білімді де білікті, бәсекеге қабілетті қазақ жұрты. Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, күн сайын жаңарып жатқан Қазақстан білім мен ғылымы, әдебиеті. Ахаңды өзінің басшысы деп санайды. Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды, оның өміршең еңбегін оқып, көкейіне тоқудан қазақ баласы қайтпайды деп білемін.

«Тіл — құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін анна тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл — құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танытын болған. Қазақ тілін анна тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын анна тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған Кеңес дәуірінде Ахмет Байтұрсынов есімін атаудың өзі қылмыс саналса, еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзентімен қайта табысып отыр. Тау сілеміндей мол мұра оқырман қолына тие бастады. Қазақстан Республикасының арнаулы қаулысы бойынша республикамыздың әржерінде шаруашылықтарға, мектептерге, көшелерге және Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынов есімі берілді. Сөйтіп, тарихи әділет, шындық салтанат құрды; халқының бостандығы, тәуелсіздігі, еркіндігі үшін тар заманда жан аямай күрескен ұлы замат Ахмет Байтұрсынов ұлт күрескерлерінің сапына келіп қосылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмыр баяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // ЕгеменҚазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
4. Нұрпейісов. К Алаш һәм Алашорда. — Алматы «Ататек» 1995- 256 б.

5. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егемен Қазақстан, 1991. 26
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарих намасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004.-388 б.
7. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС.
8. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия - Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ж.
9. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б. «Егеменді Қазақстан» газеті. 2003ж.28 қаңтар. Д.Ысқақұлы «Ел — бүгіншіл, менікі — ертеңгі үшін»
10. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А.–Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009 ISBN: 978-601-01-0268-2

ОӘЖ 811 512 122 366 58

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІ

Дуйсембаева Меруерт Еласханқызы магистр, аға оқытушы
Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті,
Шымкент қаласы
meru_179@mail.ru

Аннотация

А.Байтұрсыновтың еңбектерінде тілдік материалды тек теориялық тұрғыдан ғана үйретіп қоймай, оқушылар практикалық өмірде білімдерін кеңінен қолдана алатын дағдыларды қалыптастырудың негізі қаланған.

Тірек сөздер: Ғалым, сайман, әдіс, тәжірибе, жалқылау, оқу құралы, тілдік материал.

Аннотация

В работах А. Байтурсинова заложены основы формирования навыков, которые могут не только теоретически преподавать языковой материал, но и широко применять знания учащихся в практической жизни.

Ключевые слова: Ученый, поэт, метод, практика, лень, учебное пособие, языковой материал.

Abstract

A. Baitursynov's works lay the foundations for the formation of skills that can not only theoretically teach language material, but also widely apply students' knowledge in practical life.

Key words: Scientist, poet, method, practice, laziness, textbook, language material.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушылардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы. Оның қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған еңбектері: "Қай әдіс жақсы?", "Жалқылау (айырыңқы) әдіс", "Жалқылаулы-жалпылау әдіс", "Дыбыстарды жіктеу туралы", "Баяншы" т.б.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінде оқушылардың сөз байлығын молайту мәселесі арнайы сөз болмаса да, оқушылардың сөздік қорын жетілдіруге арналған бірнеше жұмыстарды жүргізгені байқалады. Ғалымның еңбектерін талдау барысында шәкірттердің тіл байлығын мынадай тәсілдермен молайтуды көздегені көрінеді.

Бірінші, сөздерді тақырыптарға топтастырып беру тәсілі. Мұнда әрбір тақырыпқа оқушылардың күнделікті өмірімен байланысты сөздер іріктелініп берілген. 1912 жылы

шыққан "Оқу құралы" еңбегінде сөздерді тақырыптық топтарға бөліп, әрбір топқа бірнеше сөздер жазып көрсетеді. Ол сөздерді мынадай тақырыптарға бөліп қарастырады: 1. Туысқан - туған. 2. Киімдер. 3. Ойын-ойыншықтар. 4. Дене мүшелері. 5. Тамақтар – сусындар. 6. Үй саймандары. 7. Ыдыс-аяқ. 8. Мал аттары. 9. Малдан басқа төрт аяқтылар. 10. Құстар. 11. Бақа-шаян. 12. Құрт-құмырсқа. 13. Жер түгінің аттары. 14. Жер жүзінің аттары. 15. Сан /4/. А.Байтұрсыновтың еңбектерінде тілдік материалды тек теориялық тұрғыдан ғана үйретіп қоймай, оқушылар практикалық өмірде білімдерін кеңінен қолдана алатын дағдыларды қалыптастырудың негізі қаланған. Ғалымның оқулықтарында, тілдік материалдарды оқушыларға меңгертуде дидактикалық ойындарды кеңінен қолданғаны байқалады.

А. Байтұрсынов мұның себебін: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруінен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру», - деп тұжырымдайды.

Ғалым оқулықтарын құрастырған кезеңінде әр кезде теорияның практикамен байланысы принципін басшылыққа алған. А.Байтұрсынов оқушының меңгерген білімін тәжірибеде орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік материалдарды үш кезеңде ұғындыру жұмыстарын жүргізу қажеттігіне назар аударған:

Бірінші кезеңде тіл білімінің сыртқы болмысын таныту жұмыстары жүргізіледі. Мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді орынды пайдалана отырып, тіл заңдылықтары мен ережелерінің болмысын меңгертеді.

Екінші кезеңде оқушылардың тәжірибеде өз білімін қолдана алу дағдылары мен біліктерін, білімдерін бекіту үшін «Сынау» және «Дағдыландыру» жұмыстары жүргізіледі. Сөздердің мағыналары қандай, олар сөйлемде қалай орналасады, бір-бірімен қалай тіркеседі, сөйтіп тіл білімінің заңдылықтары тәжірибе жүзінде танытылады.

Үшінші кезеңде оқушыларды шығармашылық ойлауға дағдыландыру үшін дидактикалық ойындар қолданылады. Бұл ойындарды қолданудағы басты мақсаты оқушының жаңа білім жөнінде түсінігін қалыптастыруға, білімін жетілдіруге, баланың тіл ережелерін өздігінен ізденіп қолдануға үйрету болады. Дидактикалық ойындарда оқушылардың жас шығармашылық қабілетін дамытатын тапсырмалар беріледі.

А.Байтұрсыновтың тілдік материалды меңгеру кезеңіндегі оқушылардың ойлау қабілеттерін эмпирикалық ойлау (I кезең), теориялық ойлау (II кезең), шығармашылық ойлау (III кезең) деп қарастыруы - балаларға білімді игертудің ұтымды жолы. Ғалымның әдістемелік жаңалығы бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ.

А.Байтұрсыновтың оқу - ағарту жөнінде айтқан ой - пікірлері орта ғасырлық ғалымдар Әбунасыр әл-Фараби және Әбуғали ибн Синаның пікірлерімен ұштасады. Бұл ұрпақтар жалғастығын, сабақтастығын көрсетсе керек. әл-Фарабидің «Рухани негіз түзу болса, оның тілегі, қалауы дұрыс болады. Оқу, үйрету нәтижесіне шәкірттің ниеті әсер етеді. Көңіл қалауы болмақ», - деп оқушылардың білімін көтеру, жаңа материалды толық меңгеруіне, оның сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы әсер етеді. Сол сияқты Әбуғали ибн Сина да оқушының сабаққа қызығушылығы болса, оның білімінің нашар болмайтынын айқындап, пікірін былайша тұжырымдайды: «... егер ұжымда бала тәрбиеленсе, онда ол жалықпайды, сабаққа ынтасы мен қызығушылығы пайда болып, басқалардан қалып қоймауға талпынады», - деген көзқарастарымен А.Байтұрсыновтың пайымдауы орайлас келеді: «Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Оқу басында қиын болса, балалар суға (ұйыққа) түскен мал сықылды малтығып, жылжи алмай қиналады, үйретуші сүйреп шығара алмай қиналады». Бұл пікірден ғалымның сабақта дидактикалық ойындарды оқушыларға жаңа материалды толық меңгерту үшін ғана емес, сонымен қатар сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында қолданғаны байқалады. А.Байтұрсыновтың оқулықтары мен еңбектерінде арнайы «дидактикалық ойындар» деген термин қолданылып,

аты аталмаса да, сабаққа оқушылардың ынтасын туғызатын ойындардың түрлерін кеңінен қолданған. Мәселен: «Қате оқыған жақ қайта оқиды» дидактикалық ойыны.

Алты бала одақтасып ат бақыл атты.

Дала балалары одақ болды.

Қала балалары одақ болды.

Асандар атты. Алты асық алды.

Назарлар асықсыз қалды.

Асандардан асық қарыз алды.

Қақбақылдан да Назарлар қалды.

Осы 8 сөзді 8 баладан одақтасып бәске оқиды. Бәстері қата шығармау; шығарған жақ қайта оқу, бала басынан бір сөйлемнен оқиды. Бірі қателесе, қатесі одағының бәріне жұғады. Қателескен жақтан біреуі бөтен мақаланы қатесіз оқып шықса, одақтастарының қатесі бәрін жуады. Демек, А.Байтұрсынов дидактикалық ойындарды балалардың сауатын арттыруда, олардың орфоэпиялық дағдыларын қалыптастыруда толық пайдаланған. Ғалым дидактикалық ойындардың басқа түрлерін арнайы «Ойнаңдар, ойлаңдар!» деп тапсырма түрінде берген:

1) Ойнаңдар, ойлаңдар!

Төлептің төрт ұлы бар. Төрт ұлының адам басына бір апа, бір қарындасы бар.

Төлептің барлық баласы нешеу болған?

2) Ойнаңдар, ойлаңдар!

Бір қазақ қалаға бара жатыр еді, жолдан үш танысы қарсы шықты. Қанша адам қалаға барды? Осы тапсырмалар секілді оқулықта көптеген дидактикалық ойындар қамтылған. Ойындар оқушылардың білімді дұрыс меңгеру, тәжірибеде орынды қолдануға біліктерін қалыптастырады, жетілдіреді. Мәселен: «Қате оқыған жақ қайта оқиды» деген дидактикалық ойында оқушылар сөздерді дұрыс айтуға, сөйлемді қатесіз оқуға дағдыланады. Ойынның шартын өзгерту арқылы тапсырма мақсатын да өзгертуге болады. Бұл өтілген тақырыпқа, қандай іскерлік біліктерді қалыптастыру деңгейіне байланысты. «Қате оқыған жақ қайта оқиды» деген дидактикалық ойынның тақырыбын, ойынның мақсатын «Сөз мағынасын дұрыс тап», «Мәндес сөздерді кім көп табады» деп сабақта өтілген жаңа материалға қарай өзгертуге болады. А.Байтұрсынов – қазақ тілін оқыту әдістемесінде тұңғыш дидактикалық ойындарды қолдану негіздерін көрсетіп, сара жол салып кеткен ғалым.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы, Алматы Ана тілі, 1992 жыл.
2. Бегалиев Ғ. Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері Алматы, 1996 жыл.
3. Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. Алматы, ОПБ, 1996 жыл.
4. Рахметова С. Бастауыш сыныптарда оқушылардың тілін ұстарту. Алматы, Рауан, 1997 жыл.
5. Садуақасов Ә. Сауат ашу методикасы. Бастауыш мектеп мұғалімдері жаңа педучилише үшін құрал. Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1990 жыл, 87 б.
6. Рахметова С. Қазақ тілін оқытудың методикасы. Алматы, ОПБ, 2005 жыл.
7. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі. Алматы, 1998 жыл.
8. Құлмағамбетова Б. Елемисова Ж. Қдалауова Ж. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту. Алматы, 2002 жыл 35 бет.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҰЛЫ ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЛТ МҰРАСЫ

Әуезхан Г.Ж. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының
4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Сұлтанбекова Ж.Х Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

E-mail: auezkhanaumit@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзін, шығармашылығын шола отырып көп уақытын, күш жігерін оқу ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген, халқымыздың ұлы перзенті жайлы ой қозғалатын болады.

Тірек сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, ағартушы, қоғам қайраткері, ақын, қазақ тілі білімі мен әдебиеттануының реформаторы, ұлы тұлға және ұлт мұрасы.

Аннотация: В этой статье будет рассказано о великом сыне нашего народа, который много времени и усилий уделял изучению и просвещению, стремлению поднять культуру страны, изучал литературоведение, языковедение с точки зрения национальной специфики, рассматривая творчество, творчество Ахмета Байтұрсынова.

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынович, просветитель, общественный деятель, поэт, реформатор казахского языкознания и литературоведения, великая личность и наследие нации.

Annotation: This article will tell about the great son of our people, who devoted a lot of time and effort to studying and enlightenment, striving to raise the culture of the country, studied literary studies, linguistics from the point of view of national specifics, considering the creativity, creativity of Akhmet Baitursynov.

Key words: Akhmet Baitursynov, educator, public figure, poet, reformer of Kazakh linguistics and literary studies, a great personality and heritage of the nation.

Мен дүниеге келіп, өскен жер - Торғай елі. Дәл осы Торғай жерінде ұлы тұлға Ахмет Байтұрсынұлы да дүниеге келген. Осындай ұлы тұлға із қалдырып кеткен жерде, оның шығармаларымен сусындап өскеніме қуаныштымын. Саналы ғұмырын сауат ашуға арнап, қарабайыр халықтың көзін ашуға ұмтылған жан, қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы екені мәлім. Өзінің өткір тілді өлеңдері, жыр-жинақтары арқылы халқының құлағына маса болып ызылдап, ұйықтап жатқан халықты оятуға талпынған, жанды жерінен шағып, болашаққа зер салуды насихаттайды.

Ахмет Байтұрсынұлы – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірінен айрықша орын алған тұғырлы тұлға. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат қазақ руханиятындағы теңдесі жоқ құбылыс десек, артық айтқандық емес. Оның кеменгерлік Духовный Учитель нации. К 150-летию А. Байтұрсынова 11 болмысы мен қайраткерлік қасиетін танып-білу бірер жылдың ішінде біте қалар жеңіл іс емес. Оған тек ұзақ жылдарға созылған көелі ізденістер нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады. 1872 жылдың қыркүйек айының 5 жұлдызында дүниеге келген Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен жазылған өмірбаянында: «Мен Торғай уезінің Тосын болысындағы N5 ауыл қазағының Абаласымын. 1886 жылдан бастап 1891 жылға дейін екі класты Торғай орыс-қазақ училищесінде оқыдым. 1891 жылдан 1895 жылға дейін Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебінде оқыдым, 1895 жылдан бастап Торғайдың әр жерінде, әр түрлі бастауыш училищелерде, ауылдық мектептерде істедім», - дейді. Ахмет бала кезінен-ақ өз елінің азаматтарының көзіне түсіп, болашағынан көп үміт күттірген жас болса керек. Бұған Торғай өңірінен шыққан журналист, ақын, әдебиетші

Назарбек Бектемісұлының, «Ахмет ұшқан алтын ұя» кітабындағы кейбір дерек көдері бұған дәлел бола алады. [1, 17 б.]

Қазақ қоғамында оқу саласына ерен еңбек сіңірген Ахмет Байтұрсынов, араб жазуы негізінде жасалған тұңғыш әліпбидің дүниеге келуіне түрткі болды. Өзінің қолға алған жобасы негізінде, топ алдына шығып, баяндама жасаған сәтте, ағартушы ғалым: «Өр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп айтқан болатын. Кіріктірілген сөздер, әріптердің балаларды оқып, игеруіне қиындық тудыратындықтан, барынша жеңілдетілген, тілге оңай екендігін алға тартып, «Оқу құралы» қазақ әліпбиінің баспада жарияланып, қара домалақ балалардың қолына тиіп, көзін ашуға өз ықпалын тигізді. Аталмыш оқулық әлі күнге дейін өзінің маңыздылығын жоймай, құнды дүниелер ретінде бағалануда. Айта кетейік, қазіргі біздің білім беру жүйесінде талай жылдар бойы қолданыста болып, кейінгі жылдары өзгеріске енген «әліппе» оқулығы да биыл жанданып, қайта шәкірттердің қолына табысталады болды. Оның алғашқы бетінде, Ахмет Байтұрсыновтың болуы да бекер емес. [2, 33 б.]

Ал егер Ахмет Байтұрсынұлының ақындық әлеміне келетін болсақ, сүбелі салаларының бірі – поэзия. Ең алғашқы өлеңі «Қырық мысал» атты аударма жинағы 1909 жылы жарық көрген болатын. Бұл шығарманың негізгі мақсаты қиың қыстау сәтті бастан кешіп жатқан, қазақ халқының ой – санасын оятуға тырысады. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы 1910 жылдан бастап қазақ әліпесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды бастайды. Қазіргі таңда Ахметтің үлгісіндегі әліппені, оқу үстінде. Оған қоса, қазақ графикасын жасауға кірісді. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Ахмет Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірген болатын. Оған мысал ретінде, «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласын алуға болады. Бұнымен Ахмет Байтұрсынұлы шектелген жоқ. Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы – көркем аударма. Көбінесе орыс шығармаларын қазақ тіліне аударып, мол үлес қосқан. [3, 45 б.]

Сонымен қоса, Ахмет Байтұрсынұлы ұлттың рухани ұстазы ретіндегі ұлт руханиятына қосқан ұлы үлесі ғылыми ізденістері болып табылады. Туған халқын өркениетке жетелемек ұлы мақсаттарға оқусыз, білімсіз қол жеткізуге болмайтындығы бесенеден белгілі. Ал оқып, білім алу үшін халқымыздың өзіндік жазуы, қажетті оқу құралдары, ұлттық мектептері болу керек. Ахмет «Алла!» деп ағартудың ақ жолына түскен сәтте бұның көбі жоқ болатын. Оларды жолға қою Ахметті бәрінен бұрын ана тіліміздің мәселелерімен айналысуға, оны оқу пәні дәрежесіне көтеруге ден қойғызған-ды. Өйткені тіл барлық істің бастауы екендігін, онсыз ешбір білім, ғылымның дамуы мүмкін еместігін ұлы ұстаз жақсы түсінді, жете білді. [4, 26 б.]

Ахан қазақ тілін оқыту мен зерттеуде белгілі бір жүйелі мақсат ұстанған. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды мұрат тұтып, бұл жолда тұңғыш әліппе – «Оқу құралды» жазды, одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын, ана тілінің төл заңдылықтарын талдап, пән ретінде оқытып, үйрету-ді жолға қойды, сөйтіп, үш бөлімнен тұратын «Тіл – құралды» дүниеге келтірді.

Сондай – ақ, әдебиеттің бар саласына назар аударған жан – жақты ілім иесі. Ол әсіресе халық мұрасына қатты көңіл бөлген. Ауыз әдебиетін жинауға өлшеусіз үлес қосқан ғалымның алғашқы мақаласы «Тургайская газетада» 1895 жылдың 24 қыркүйектегі санында жарияланған. Онда мал шаруашылығымен айналасып, дала сырын жақсы білген халықтың осыған қатысты түрлі тұжырым-дарын береді. Сол тұстан бастап Ахмет халық ауыз әдебиетінде үнемі қайырылып отырады. [5, 17 б.]

Ахметтің халқына сүйген ұлтжандылық қасиеті бүкіл адамдық, азаматтық қызметі мен іс – әрекетінен көрініс табады. Оның күрескерлік қасиеті ерте кезде-ақ айтылып, елге танытылып отырды. 1917 жылдың 19 қазанында «Қазақ» Алаш партиясы атынан учредительное

собрание сайланатын депутат – кандидаттар туралы қысқаша анықтамалық берілді. Сонда Торғай облысынан бірінші болып Ахмет аталған. [6, 37 б.]

«Қазақ» газетінің 21 қарашадағы санында «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды. Алаш қайраткерлерін өздерінің ұлт мәселелерін шешу, республикада кеңестік жүйені орнықтыру істеріне араластыра бастаған кеңестік өкімет, бірте – бірте «ұлтшылдарды» шеттете бастады. Ал Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алашшыл қазақ зиялыларының рухы жығылмағанын сезіне бастаған тотаритарлық жүйе, олардың көзін жоюды мақсат тұтып «Кеңес өкіметінің жауы», «буржуазияшыл ұлтшылдар», «террорлық әрекеті дайындаушылар» деген негізсіз айыптар тағып, қудалауға түсіріп, ақыры түрмеге жауып тастаған. [7, 28 б.]

Ахмет Байтұрсынұлының асыл арманы ұлтының азаттығы болса, ол бұл жолда ештеңеден аянған жоқ. Қорлығын көрді, азабын төзді, қасіреттің тартты, ажал оғына байланды. Бірақ шегінген жоқтүсін де, түсінігін де өзгерткен жоқ. Алған беттен таймады. Үнемі ұлтына азаттық жолының жөнін сілтеп, жобасын көрсетумен болды. Елін мәдениеттің биігіне жеткізу жолындағы жан – жақты ізденістері оны танымның биігіне шығарды. Сол биіктен болашаққа білім нұрын шаша алды. Ұлылықа тән бар қасиеті бойына ұялатқан асыл арыс екі ғасыр тоғысындағы алмағайып заманда елінің елдігі. Туған халқының теңдігі үшін отаршылдыққа қасқайып қарсы тұрған қажырлы қайратымен ұрпақ жадында мәңгі қалары сөзсіз.

Ахмет Байтұрсынұлы – тек күрескер ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі. Ендеше, баба тарихтың ұлы көш – керуенін болашаққа бет түзеткен қазақ өткеніне салауат айтып, бүгінге қанағат етіп, ертеңіне нық сеніммен қарай бастаған тұста Ахмет есімі ұлтының рухани игілігіне айналар ұлы ойларының өміршендігімен халқын ғасырдан – ғасырға жаңылдырмай жетерлер «Темірқазыққа» айналары сөзсіз. [8, 43 б.]

Мақаланы қазақ ақын, жазушыларының Ахмет Байтұрсынұлына жазған естелік сөздерімен қортындылайық: Сәкен Сейфуллин баға беріп, Ахмет Байтұрсынұлы туралы былай депті: Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті.

Мұхтар Әуезов былай депті: Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса»; «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала – бұлт, шындық – күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты. [9, 52 б.]

Қорытындылай келе, қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, «адамгершілікке», махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлікке, халқын сүюге, қысқасын айтқанда, «адам» деген ардақты есімді ақтай алатын тұлға болып шығуға үндегім келеді. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлының келешек ұрпақ үшін атқарған еңбегі күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Ахмет ата алыптардың бірісің,
Сен ұлысың, әрі дана пірімсің.

Ұрпағың бар құрметтейтін артыңда,
Сондықтанда мәңгі бақи тірісің! – деген өлең шумақтарымен аяқтағым келеді. [5,б. 66.<https://bilim-all.kz/tag/article>]

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А.Әдебиет танытқыш.Зерттеу мен өлеңдер. Алматы.Атамұра,2003.-208 бет.
2. А. Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы.
3. А. Байтұрсыновтың өлеңдері.
4. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген. // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001.
5. А.Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» оқулығы туралы <https://el.kz/news/archive/a-baytrsynovty-til--ral-o-uly-y-turaly/>
6. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш». –Алматы, 2003.
7. «Алаштың тілдік мұрасы». – Алматы, 2019-358 б.
8. Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. –Алматы, 2014, көптомдық, 2 том.
9. Рабиға Сыздықова. Қазақтың ғылым әлеміндегі алғашқы алыптар. – Алматы, 2018-379 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ИДЕЯ — ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Хамбетова А.К. қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог- зерттеуші.

Х.Доспанова атындағы № 30ЖОББМ ,БҚО, Орал қаласы

E-mail:akzharkun77@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлының алдына қойған басты мақсаты қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту екені ашық айтылған. А.Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арналған ғұлама ұстаз, халық педагогы, ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға екендігі айқын көрінген.Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығындағы халықтық идея — ұлттық білім беру жүйесінің негізі кілті екендігі ашылған.

Тірек сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, халықтық идея, ұлттық тарихымыз,ағартушылық қызмет, педагогикалық көзқарас.

Аннотация

В этой статье открыто сказано, что главная цель, поставленная перед Ахметом Байтұрсыновичем, - это пробуждение национального самосознания казахского народа, улучшение условий жизни. Просветительская деятельность и педагогические взгляды А. Байтұрсынова широко пропагандировали народную идею и ясно дали понять, что он- великий учитель, народный педагог, уникальная личность в нашей национальной истории, которую нельзя ни с кем сравнивать. Раскрыто, что народная идея в творчестве Ахмета Байтұрсынова - основа национальной системы образования.

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынович, народная идея, национальная история, просветительская деятельность, педагогический подход.

Annotation

This article clearly states that the main goal set by Akhmet Baitursynov is to awaken the national consciousness of the Kazakh people and improve living conditions. The educational activities and pedagogical views of A. Baitursynov made it clear that he was a great teacher, a people's teacher, a unique person who could not be compared with anyone in our national history, who popularized the folk idea and devoted his life to its real implementation. In the work of Akhmet Baitursynov, it is revealed that the folk idea is the key to the foundation of the national education system.

Key words: Akhmet Baitursynov, folk idea, our national history, educational activity, pedagogical approach.

Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында бар жан- тәнін салған тұлға. Педагог-ғалым ол үшін халықты жаппай сауаттандыру керек екенін айтып, өзінің халықтық идеясын насихаттады. Ол «барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетідіру саласында көп ізденді», — деп жазады профессор С.Қалиев.

Ахмет Байтұрсынұлы халықтық идея туралы ой-пікірлерін «Қазақ» газетінде жариялаған көптеген мақалаларында, «Тіл туралы», «Әдебиет танытқыш», «Баяншы», «Тіл ашар», «Оқу құрал», «Сауат ашқыш», «Әліппе астар», «Оқу құрал» (хрестоматия), «Маса», «23 жоқтау», т.б. еңбектерінде жан-жақты айтып, оларды тікелей іске асырды.

Ахмет Байтұрсынұлы осы еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің басты элементтері мыналар:

1. Ұлттық жазу жүйесі бойынша білім беру;
2. Ұлттық негіздегі бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар;
3. Мектепке керек заттар;
4. Мектеп ісін жандандыратын мұғалімдер мен тәрбиешілер.

Міне, осылардың негізінде қазақтың тілі, ауыз әдебиеті, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері туралы халықтық идеяларын мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті.

Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылық қызметінде халық даналығы тудырған фольклорлық мұраларды жинап, зерттеуге ерекше ден қойды.

Ағартушы-ғалым жинап, реттеп, сұрыптап бастырған негізгі фольклорлық мұра - «23 жоқтау». Онда қазақ тарихының 400 жылдық мерзімін қамтитын 23 жоқтау, трагедиялық жырлар берілген. Оларда Бапай батыр, Қаздауысты Қазыбек би, Кенесары, Наурызбай батыр туралы нақтылы деректер келтірілген. Мысалы, Қаздауысты Қазыбекті жоқтауында Қазыбек бидің қазақ қауымына пана, қазақтың батырлары мен хандарына ақылшысы болғаны, оның ақылы мен бағының молдығы, көрші елдермен тату болуды көксемгені жырланады. Ал «Кенесары-Наурызбай» жоқтауында қазақ хандарының «халық иесі», «халық қорғаушысы» екені айтылып, «Наурызбай төре кеткен соң, бастантайды бағымыз» деген өкініш білдіріледі.

Сондай-ақ қыз келін болып түскенде орындалатын ғұрып- беташар туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Қыз келіншек болып түскенде бетін көрсетпейді. Ауылға келерде алдына шымалдық ұстап, перделеп келтіреді. Үйге кіргеннен соң алдына шымалдық тұтып, қыз-келіншек, бала-шағалар болмаса, басқаларға көрсетпей қояды. «Беташар» айтылғаннан кейін беті ашылып, шымалдық алынып, ғұрып бойынша көрінетін адамдарына келіншек сонан соң көрінеді».

Беташардан соң орындалатын ғұрыптың бірі — неке қияр. Ғалымның анықтауынша, «неке қияр сөз» — неке қияр кезде екі арада жүретін екі куәнің күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтылатын сөз, бұл әуенмен емес, өлең ұйқасымен, бір қалыпта айтылады.

А.Байтұрсынұлы салт-дәстүр жырларының бірі — жарапазанға да тоқталып өтеді. «Жарапазан» рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің түсында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар, сауап болады деп, жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазан айтатындар екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады», — деп, «жарапазан» сөзінің мәнін, тәрбиелік маңызын түсіндіре келе, оның түрлі орындалу тәсілдерінен мысал келтіреді.

А.Байтұрсынұлының қазақтың тұрмыс-салт жырларының ішінде ерекше мән бергені — «Бесікжыры». Ол: «Бесікжыры, яғни бала тербету — баланы ұйықтату үшін айтылаты нөлен; бала тербету түрліше айтылады. Бірақ бүгінге бірдей жалпы келетін жерлері бар», — деп оның мазмұнын сипаттайды.

Осылайша ол ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты орындалатын рәсімдердің мән-маңызын салмақтай отырып, жеке тұлғаның рухани, адамгершілік қасиетін қалыптастырудағы халықтық мұраның рөлін айқындайды.

А.Байтұрсынұлы мақалдардың жағымдысыда, жағымсызыда болатынын, олардың адам бойында әртүрлі қасиеттердің қалыптастыруына ықпал ететінін атап айтады.

Қазақ арасында жиі айтылатын «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы», «Ашу — дұшпан, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос», «Жоқтық ұят емес, барлық мұрат емес», «Денсаулық — зорбайлық», «Ұяда не көрсең, үшқанда сонны аларсың», «Ашу аддында шығады, ақыл соңында шығады, т.б. мақалдардың мән-маңызына үңіледі.

Мақал мен мәтелдерді салыстыра отырып, «мәтел дегеніміз — кезіне келгенде кесегі мен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан қақиқат түрінде айтылады. Мәтел қақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», — деп тұжырымдайды.

А.Байтұрсынұлы - қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуын көкसेген, осы жолда маңызды істер тындыруға ұмтылған жан. Әсіресе, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ата-баба дәстүріне аса мән береді. Оны ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы ықпалды күштің бірі деп біледі.

Өзінің істеген ісін ата-баба қалдырған мұралармен салыстыра отырып, «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан алған мирасымыздың жәйі мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес», — деп қынжылыс білдіреді.

А.Байтұрсынұлы «Асыл сөз» атты еңбегінде қазақ халқының сөз өнеріне қатысты дәстүр, әдет-ғұрыптарына жан-жақты тоқтала отырып, оның тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді.

«Өнер алды — қызыл тіл», — дей отырып, сөз өнерінің адам санасында үш түрде негізделетініне, яғни 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге байланысты болатынына тоқталады. Ақыл мен тілдің мән-маңызы және міндеті туралы былайша пайымдайды: «Ақыл ісі — андау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі — меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — түю, талғау»; «Тілдің міндеті — ақылдың андауын андағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарату».

Әсіресе сөз өнді, ұнамды болуы үшін сөз өнерінің мән-маз-мұнына төмендегі шарттарды қояды: сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтылығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі.

А.Байтұрсынұлы мұраларындағы тәрбиелік мәні бар ұлттық тағылымның негізгі түрі — бата. «Бата — біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз; батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар басы бар табақты алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылып, көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі», — деп, бата беру жолдарын баяндайды. Ол баталарды түрлеріне, айтылу рәсімдеріне байланысты жинақтап, топтайды.

Ақын туған халқын ғылым-білімге ұмтылдыруды көкседі, газет арқылы әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуы қажеттігін көрсете отырып, ол үшін «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйрететін білім де сондай керек», — деп жазды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі саласында өнімді еңбек етіп, 1920 жылы «Баяншы» деген атпен әдістемелік құрал, 1928 жылы «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді қолданбалы грамматика шығарды.

Белгілі ғалым Р.Сыздықова А.Байтұрсынұлының қазақ мектептері үшін жазған еңбектерінде халықтық идеяны қалай жүзеге асырғанын былайша жүйелеп көрсетеді: «А.Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін әліппе — «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде таддап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл жұмсарды» жазған; төртінші — сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған; бесіншіден — балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген, үлкен хрестоматия (олда «Оқу құралы» деп аталған) құрастырған.

А.Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарасындағы халықтық идеясына М.Әуезов 1923 жылы оның 50 жылдық мерейтойына орай жазған мақаласында мынадай баға берген екен: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түлеткен ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі елшілдік ұран — «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдары қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болмақ».

Ғалым-тарихшы М.Қозыбаев: «Ахмет Байтұрсынұлы- XX ғасырдың ұлы реформаторы» атты мақаласында «...Ахмет болса, ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді. Еуропалық күрес рухын ұлттық сарын, әуенмен қабыстырды.

Қорыта келе айтарымыз, А.Байтұрсынұлы - өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арналған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. — Алматы, Қазақстан, 1995. -32б.
2. Вендровская Р.Б. Очерки истории советской дидактики. -М: Педагогика, 1982. -185с.
3. Коменский Я.А. Великая дидактика. -М., 1939. -360с.
4. Данилов Б.П. Процесс обучения в советской школе. —М., 1960. -180с.
5. Кожаметов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1940. - 120б.
6. Жарикбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995. — 346б.

УДК 345.193

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ А. БАЙТУРСЫНОВА КАК УСЛОВИЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МАСТЕРСТВА УЧИТЕЛЯ

Н.В.Обухова

учитель географии КГУ «Обще образовательная школа №12
отдела образования Житикаринского района»
Управления образования акимата Костанайской области,

Аннотация: Табысты мектептің болашағы мұғалімнің шеберлігіне тікелей байланысты. Қандай ұстаз бен шәкірт. Заманауи мектепке жоғары білікті мамандар қажет. Мұғалімнің бойында бірқатар қасиеттер болуы керек: пәндік дайындықтың жоғары деңгейі, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы, мамандығына деген құштарлығы, балаларды сүйі.

Түйінді сөздер: мұғалімнің шеберлігін, мұғалімнің сапасын арттыру

Аннотация: Будущее успешной школы напрямую зависит от мастерства учителя. Какой учитель такие и ученики. Современной школе необходимы высококвалифицированные специалисты. Педагог должен обладать комплексом качеств: высоким уровнем предметной подготовки, желанием самосовершенствоваться, увлечён профессией, любить детей.

Ключевые слова: совершенствование мастерства учителя, качества педагога

Annotation: The future of a successful school directly depends on the skill of the teacher. What kind of teacher and students. A modern school needs highly qualified specialists. A teacher must have a set of qualities: a high level of subject training, a desire to improve himself, a passion for the profession, and love for children.

Keywords: improving the skills of the teacher, the quality of the teacher

«Народ, впитавший в себя основы науки и практических знаний, будет умным, богатым и сильным» - эти слова великого ученого просветителя приобретают особую актуальность в настоящее время.

Ахмет Байтурсынов считал душой школы Учителя. От того, какой учитель зависит, какой будет школа, какими будут ученики в ней.

Современной школе необходимы высококвалифицированные специалисты. Практикой доказано, что качество знаний учащихся выше в той школе, где педагог обладает комплексом качеств: не только высоким уровнем предметной подготовки, но и желанием самосовершенствоваться, увлечённостью профессией, любовью к детям [1].

В наше непростое время качество образования, бесспорно, обеспечивается мастерством и квалификацией педагогов. Поэтому, чтобы учить школьников, учителю нужно всегда «быть на высоте» и постоянно самосовершенствоваться.

Одна из известных работ А. Байтурсынова - «Об обучении по-казахски». Именно в ней говорится о проблеме профессиональной подготовке педагогов и озвучены основные требования к учителю, которые актуальны и сегодня:

- хорошее владение учителем методикой преподавания предмета;
- знание особенностей детской психологии;
- владение не только теоретическими основами предмета, но и практическими навыками обучения [2].

Вся деятельность А. Байтурсынова – яркий пример деятельности не только великого Учителя, но и талантливого, разностороннего Человека. Благодаря ему произошли многие перемены в общественном сознании. Особенно инновационны его идеи в педагогике:

- создание свободной школы,
- обучение на родном языке,
- приобщение к культурным ценностям европейских народов,
- издание духовных книг на киргизском, татарском и арабском языках
- преподавание киргизской грамоты,
- обязательное изучение государственного языка,
- увеличение числа существующих стипендий для поступления в профессиональные школы и высшие учебные заведения.

Ахмет Байтурсынов не ограничивался теоретическими идеями, он создал учебные пособия по родной речи, учебники для системы ликбезов, иллюстрированный букварь. Огромен его вклад в развитие казахской литературы и письменности, так, написан ряд учебников для обучения казахских детей родному языку.

Главное дело жизни Ахмета Байтурсынова - борьба с невежеством. Наверное, поэтому и стал учителем. Деятельность его не ограничилась тем, чтобы только учить детей. Интересы его разнообразны и охватывали многие сферы: статьи в газеты и выпуск собственных газет, поэзия, фольклор (казахский в особенности).

Байтурсынов не просто Учитель, он – и учёный, и создатель нового алфавита казахского языка. Вся его деятельность направлена на достижение одной цели – укрепить и развивать связи с соседними народами через язык, культуру, творчество.

Учитель пришёл в этот мир, чтобы сеять разумное, доброе, вечное.... Байтурсынов ещё и символ человечности. Нужно учить людей чувствовать себя Человеком, прежде всего – это проходит через всю его жизнь и деятельность. Он понимал, что самое важное – научить людей перестать чувствовать себя рабами, перестать испытывать и страдать бесконечные унижения от представителей власти.

Ахмет Байтурсынов уроженец Костанайской области. Конечно, его, как истинного сына своей земли не мог не волновать пограничный вопрос. После окончания Гражданской войны возникла проблема разграничения этно-территориальных границ между представителями Казахского края и Челябинской губернии. Казахская сторона хотела сохранить территорию, как Киргизский край. Нужно было разделить часть Южного Урала. На то время в Кустанайский уезд входило 56 волостей, которые занимали внушительную территорию: 800 тысяч десятин земли. Население уезда постоянно увеличивалось за счёт миграция из России. И, всё-таки, в 1919 году Кустанайский уезд мог быть передан Челябинской губернии.

Байтурсынов вместе с представителями Кустанайской уездной администрации, ссылаясь на исторические, культурные, хозяйственные доказательства принадлежности уезда к Казахскому краю, способствовали тому, чтобы Кустанайский уезд, став неотъемлемой частью существовавшей тогда Оренбургско-Тургайской губернии, вошел в состав Киргизской (Казахской) АССР. Но лично для Ахмета Байтурсынова и его единомышленников их деятельность бесследно не прошла: они были признаны лицами, политически неугодными Советской власти [3].

Когда мы говорим о Байтурсынове, то всегда связываем его с внедрением в педагогику и просвещение новых, передовых идей. Прежде всего, это совершенствование форм и методов обучения, духовно- нравственное воспитание молодого поколения и т.д. Вся его деятельность, как учителя, была направлена на совершенствование учебно-воспитательного процесса, на воспитание гармоничной, всесторонне развитой личности. Он понимал важность повышения культурного уровня учителей, наличия грамотных учебников и адаптированных учебных программ. И вопросы эти стояли на повестке для Первого Комиссара народного просвещения в КазССР (1920-1921) и Учителя нации.

Будущее нации - молодое поколение. Поэтому трудно переоценить важность духовного развития подрастающего поколения. Ахмет Байтурсынов видел в молодом поколении носителей прогрессивных научных идей в народные массы, призывал к нравственности, к сохранению человеческих ценностей, как условию роста культурного благосостояния народа, процветания и развития казахского языка, его литературы, национальных традиций и обрядов.

Ахмет Байтурсынов призывал народ учиться, повышать свою культуру. Только высокообразованный и высококультурный народ поведёт свою страну в число цивилизованных государств в мире.

Сегодня его заветы не потеряли актуальности. Мы – учителя новой формации. Нам необходимо держать курс на мировое образовательное пространство. Независимому

Қазақстану кернеу конкурентоспособные гражданде, патриоты, способные менять существующую действительность в лучшую сторону [4].

ЛИТЕРАТУРА

1. Байтурсинов А. Об обучении по-казахски // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – 512 с. <https://clck.ru/32FwTB>
2. <http://teacher.ozin-ozit-anu.kz/article/show/id/494>
3. <https://kstnews.kz/newspaper/1091/item-70330>
4. Муканова, Г. Интеллектуальное достояние Ахмета Байтурсинова / Г. Муканова // Мысль. –2016. – № 1. – С. 31–33. <https://kazgazeta.kz/news/41126>

ҰЛТ ҰСТАЗЫ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДИСТЕМЕЛІК МҰРАСЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МӘНІ

Масимбаева Айым Аликеновна

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
8D01101 – «Педагогика және психология» білім бағдарламасының
докторанты
E-mail: masimbaeva72@gmail.com

Аннотация

Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлышығармашылығының өміршеңдігі, оның еңбектерінің тәлімдік мәні айтылады. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері жастарды имандылыққа, ізгілікке, адамгершіліктің ақ жолына тәрбиелеуде таптырмас аса бағалы құрал екендігі жазылған.

Тірек сөздер: Ұлт ұстазы, жастар тәрбиесі, тәрбиелі тұлға, адамгершілік.

Аннотация

В данной статье рассматривается жизненная сила творчества Ахмета Байтурсиновича и воспитательное значение его произведений. Написано, что произведения Ахмета Байтурсиновича являются неоценимым средством в воспитании молодежи на вере, добродетели, белом пути нравственности.

Ключевые слова: Учитель нации, воспитание молодежи, воспитанный человек, нравственность.

Annotation

This article discusses the vitality of Akhmet Baitursynov's creativity and the educational value of his works. It is written that the works of Akhmet Baitursynuly are an invaluable tool in educating young people on faith, virtue, the white path of morality.

Key words: Teacher of the nation, education of youth, educated person, morality.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларының негізгі идеясы жастарды қоғамның белсенді мүшесі болатындай, жетілген, адамгершілігі мол, тәрбиелі тұлғаларды тәрбиелеу. Бүгінгі күнде құры сөз, «таусылмайтын» ақыл-кеңес айта беріп тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың үлгі өнегесіне, білімге негіздеудің қажеттігі. Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарын оқу-тәрбие ісінде орынды пайдаланып отырып тәрбиелеу – әрбір білім беруші ұстаздың басты мақсаты болмақ. Шығармалардан нақты мысалдар келтіре отырып сөйлеп, студент жастар бойында бүгінде сирек құбылыс болып бара жатқан астарды теңей, салыстыра сөйлеуге

деген қызығушылықты, құштарлықты оята отырып, соған баулуға болады. Қызығушылықтың арқасында жастардың шығармашылық ойлары дами келе, адамгершілігі артады. Сегіз қырлы, бір сырлы Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына қайта-қайта үңіле қараған сайын, оның еңбектерінің өміршеңдігі мен тәлімдік мәнін терең сезіне түсеміз. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері жастарды имандылыққа, ізгілікке, адамгершіліктің ақ жолына тәрбиелеуде таптырмас аса бағалы құрал екені даусыз.

Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде жариялаған көптеген шығармаларының, айта кетсек «Тіл туралы», «Әдебиет танытқыш», «Баяншы», «Тіл ашар», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Әліппе астар», «23 жоқтау» сынды көптеген еңбектері Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің басты элементтері:

- Ұлттық жазу жүйесі бойынша білім беру;
- Ұлттық негіздегі бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік
- құралдар;
- Мектепке керек заттар;
- Мектеп ісін жандандыратын мұғалімдер мен тәрбиешілер [1, 61-6].

Осылардың негізінде қазақтың тілі, ауыз әдебиеті, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері туралы халықтық идеяларын мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын анықтап, көрсетті. Әсіресе сөз өнді, ұнамды болуы үшін сөз өнерінің мән-мазмұнына төмендегі шарттарды қояды: сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтылығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі. Қарым-қатынас негізінде адам өзінің барлық адамгершілік, психикалық мінез-құлық қасиеттерін қалыптастырады. Баланың дамуы қарым-қатынастан басталады. Ал «тіл» - білім алғанда, баланы тәрбиелей отырып қарым-қатынас жасағанда басты құрал. Ахмет Байтұрсынұлы: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек», - деп мәселені айқындап қояды. Оқытқанда баланы ана тілі, өз тілі – қазақ тілінде оқыту керек деп санайды [1, 93-6].

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Асыл сөз» атты еңбегінде қазақ халқының сөз өнеріне қатысты дәстүр, әдет-ғұрыптарына жан-жақты тоқтала отырып, оның тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді. «Өнер алды – қызыл тіл», - дей отырып, сөз өнерінің адам санасында үш түрде негізделетініне, яғни 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге байланысты болатынын айтады. Ақыл мен тілдің мән-маңызы және міндеті туралы былайша айтып кеткен: «Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жәйін ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау» [1, 154-6].

Профессор Қ.Б.Жарықбаев: «Халықтан шыққан үздік ойшыл тәлімгерлер халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алып, дамитындар. Ал халықтық тәлім-тәрбие ойшылдардың ой-пікірлері арқылы күрделеніп, шырай алып, әрмен қарай дамиды» [2, 210-6]. Яғни өз тілінде оқып, өз тілінде ойлайтын адамдар ғана өз тіліне, өз жеріне, өз еліне деген құрметі асқақ болары хақ. Бүгінгі таңдағы педагогтардың басты мақсаты қоғамның жан-жақты жетілген белсенді мүшелерін, яғни өз ұлтын сүйетін, тілін, дінін білетін және оның әдет-ғұрыптарын сақтап, кейінгі ұрпақтарға үлгі боларлық тұлғаларды тәрбиелеу. Бұл Ахмет Байтұрсынұлының сол кезден-ақ айтып кеткендігі, оның көрегендігі, білгіштігі. Сол өзінің XX ғасырдың басында өмір сүрген кезден-ақ осы халық педагогикасының мазмұнын құрайтын әрі тәлімдік мән-маңызы бар мұра – халықтық идеялар екіндігін білген.

Мектеп қабырғасында елінің рухани мәдениетін бойына сіңіріп, тілін, дінін сыйлап, халқының өзіне тән төл тәлім-тәрбиесінен тағылым алған оқушылар қоғамда өз орнын тауып, оның белсенді мүшесі бола алатынын қазақ жазушы-педагогтары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы және Х.Досмұхамедұлы өз шығармаларында айтып өткен болатын. «Халықтық педагогика, делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, - тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, отбасы тәрбиесінің тәжірибелері, т.б. жатады. Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек

тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберлікті ұрпақтан ұрпаққа қалдыру». Казіргі кезеңде жастарға қоғамдық тәрбие берудегі отбасынан кейінгі өте ықпалды орта жалпы білім беретін мектептер екені баршамызға аян. Жасөспірімдерді қоғамның белді мүшесі ретінде өздеріне үлкен жауапкершілік жүктелетінін сезініп, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуі мен қарым-қатынас этикасын ұстануға тәрбиелеу мектептердегі қоғамдық тәрбиенің басты бағыты.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында іскерлік қарым-қатынасты ұйымдастыру арқылы оқушылардың арасында тез тіл табысқыш, бір-бірімен пікір алмасып, ұйымшыл болып, бір-бірін сыйлау қабілеттері қалыптасады. Мектеп педагог-психологі оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жолдарын анықтап, әр оқушының өзгелерге және өзіне ыңғайлы, жайлы болуына жағдай жасайды.

Адам бойына жақсы адамгершілік қасиеттерді сіңіру тәрбиеге, өскен ортасына байланысты деп түсінген халық: «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», «Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қанар» деп тәлім-тәрбие, оқу-білім мәселесіне үлкен көңіл бөлгені дұрыс екенін Ахмет Байтұрсынұлы дөп басып тани білген. Жасөспірімдерде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мәселесіне аса көңіл қойып, онда ұстазы мен ата-атаның бірлескен еңбегі мінез-құлық дағдыларының дамуына әсер еткендігі жайында баса айтқан ғалымдар: Л.Керімов, Б.Айтмамбетова, А.Бейсенбаева, Р.Нұргалиева, С.Ұзақбаева, Ж.Қоянбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиевт.б. болды.

Адамгершілік тәрбиесінің ең көп тараған формасы – этикалық әңгіме, пікірталас, дискуссия, кездесудер, оқырман конференциялары т.б. этикалық әңгімелерді адамгершіліктің кез-келген қағидасы бойынша жүргізуге болады. Оқушыларды жақсы мінез-құлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу ісі, сыпайы ісі, жақсы әдеттері, қолдай отырып, оған қарама-қарсы жаман әдет, жат мінездерді әшкерелеу арқылы жүзеге асырылуы қажет. Адамдар арасындағы этикалық қарым-қатынас, жақсы мінез-құлық, үздіксіз тәрбиенің, өзгелердің үлгі өнегесі арқылы біртіндеп қалыптасатын қасиет.

А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі саласында өнімді еңбек етіп, 1920 жылы «Баяншы» деген атпен әдістемелік құрал, 1928 жылы «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді қолданбалы грамматика шығарды. Белгілі ғалым Рабиға Сыздық А.Байтұрсынұлының қазақ мектептері үшін жазған еңбектерінде халықтық идеяны қалай жүзеге асырғанын былайша жүйелеп көрсетеді: «Ахмет Байтұрсынұлының өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін әліппе – «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл жұмсарды» жазған; төртінші – сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған; бесіншіден – балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген, үлкен хрестоматия (олда «Оқу құралы» деп аталған) құрастырған. Бұдан біз А.Байтұрсынұлының бала алдымен ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен азамат болып қалыптасуы қажеттігін көрсеткенін, соны ғылыми-педагогикалық, психологиялық тұрғыдан дұрыс деп тапқанын көреміз[3].

Қорыта айтқанда, Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арнаған ғұлама ұстаз, халық педагогы, ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тілі білімінің мәселелері. /Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 640б.
2. Жарикбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995. – 346 б.

3. [Рәбиға Сыздық. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы.https://qamshy.kz/article/21266-rabigha-syzdyq-akhmet-baytursynuly-%E2%80%93-qazaqtynh-ulttyq-ghylymynynh-koshbasshysy](https://qamshy.kz/article/21266-rabigha-syzdyq-akhmet-baytursynuly-%E2%80%93-qazaqtynh-ulttyq-ghylymynynh-koshbasshysy)

ӘОЖ 373.31

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

**Бисембаева Ж.К. п.ғ.магистрі, аға оқытушы,
Жанбырбаева Айсұлу «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» БББ 4
курс студенті**

Ө.Сұлтангазин атындағы Қостанай педагогикалық институты, Қостанай қ.
E-mail:aisulu.1613@mail.ru

Аннотация: Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының қазіргі білім беру жүйесінде алатын орны қарастырылды. «Қырық мысал» жинағына енгізілген мысалдардың тәрбиелік, эстетикалық функциялары талданды. Бастауыш мектепте оқылатын ертегілердің ағартушылық құндылығы сипатталған.

Тірек сөздер: А.Байтұрсынұлы, мысал, тәрбие, білім беру, сюжет, мораль, ғибрат.

Аннотация: В статье рассмотрено место Ахмета Байтурсинова в современной системе образования. Проанализированы воспитательные, эстетические функции басен, включенных в сборник «Сорок басен». Описана поучительная ценность басен, изучаемых в начальной школе.

Ключевые слова: басня, воспитание, образование, сюжет, мораль, поучение.

Annotation: The article examines the place of Akhmet Baitursynov in the modern education system. The educational, aesthetic functions of the fairy tales included in the collection "forty fairy tales" are analyzed. The educational value of fairy tales studied in primary school is described.

Keywords: fable, upbringing, education, plot, morality, teaching,.

Қазақ санасының шамшырағы Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақша оқу жайлы» еңбегінде «әуелі бізге елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек. Неге десек, болашақ та, билік те, халық та оқумен түзеледі» деген болатын. А.Байтұрсынұлы қазақ халқының ағарту ісіне, білім беру жүйесінің дамуына қомақты үлес қосты. Қазақ тілінің грамматикасы мен жазу жүйесіне байланысты ғылыми еңбектері, бастауыш сынып оқушыларына арналған мысал өлеңдері, шығармалары білім беру жүйесінде маңызды орын алуда. Әсіресе, А.Байтұрсынұлы мысал жанрына ерекше көңіл аударды. Оқушылардың мысалды оқығаннан кейін туындайтын қорытынды ойлары мен көзқарастарын естуге, кітапқа деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыруға мән берген. Бастауыш сынып оқушыларының қабылдауы мен түсінуіне ыңғайлы, қызықты образдар мен сюжеттер желісін ұтымды таңдалып алынған. Сюжет пен кейіпкер образдарының әралуандығы мен ерекшеліктері – оқушы ынтасын арттырып, зейінін жоғарылатады. А.Байтұрсынұлының «Аққу, шортан, хәм шаян», «Егіннің бастары» секілді түрлі мысалдары мектеп бағдарламасында қамтылған. Осы секілді мысалдарды оқып өскен бала тәрбиенің қаншалықты маңызды екенін түсінеді. Демек, мысал – тәрбие құралы қызметін атқарады. Оқушыны тұлға ретінде қалыптастырады. Оқушыны рухани-мәдени аспектіде, мінез-құлықты тәрбиелеу мен бағыттау тұрғысынан дамытады.

«Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма» [1, 246]. Демек, мысал құрылысы жағынан

поэзияға ұқсас болғанымен, қамтылатын негізгі ғибратты ойы – тұспалмен жеткізілетін ерекше жанрдың бірі. Көп жағдайда екі адамның яки жан-жануардың сөйлесімі (диалогы) арқылы беріледі.

Құрылымы жағынан екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімі – сюжет, оқиғадан құрылса, екінші бөлімі – образдар (кейіпкерлер) жүйесі мен шығарма тілінен тұрады. Тұтас сюжет ғибраттық, эстетикалық, тәрбиелілік функцияларды атқара алады. Заман талабына сай мысалға арқау болатын тақырыптар өзгерістерге ұшырайды. Мысал мазмұны оқушылардың рухани-элеуметтік дамуына ықпал етеді.

А. Байтұрсынұлының мысал жанрының дамуы, қалыптасуы жайында тарихи мәліметтер «Публицистика» атты еңбекте баяндалған. «Алғашқы рет «Қырық мысал» жинағы 1909 жылы Петербурда жарық көргендігін, кейін 1913 жылы Орынборда, 1922 жылы Қазанда қайта басылып шыққан. Мысал жанрының дамуына себепші болған фактор – рухани серпіліс деп көрсетеді. Сол кезеңдегі қоғамдық-элеуметтік-психологиялық мазмұнға ие жағымсыз мінездерді сынға алу, қазақ халқының рухани өсіп-жетілуі, мысал жанрының қарқынды дамуына сұранысты арттырды. Бұл жайында: «Мені тудырған – заман, патша заманының зұлым саясат, ел ішіндегі алауыздық, талас-тартыс Ахметті мысал жазуға итермеледі. Сонымен бірге ұлттық мүддені қорғауды мұрат тұтқан, сол жолда қуғын-сүргінге ұшыраған Ахмет үшін ойын астарлап жеткізудің жаңа бір тәсілі керек еді. Ол тәсіл – мысал арқылы қоғамды сынау. Ол осы жанр арқылы іштегі шерін тарқатып, айтайын дегенін айтып, ел рухын көтеріп, ақыл-кеңес, халқына ғибратты сөз арнады. Бірақ онысы құрғақ ақыл, құрғақ дидактика, жалаң пәлсапа емес, терең зерделілікпен жазылған биік поэзия болып шықты. Ол бұрын жазылған Эзоптың, Лафонтеннің, Федрдің мысалдарын жетілдіріп, қызақыландырып, яғни ұлттық рең беріп, өзіндік форма, стилмен төл туындыға айналдыра жазды» [2, 78] дейді.

Расыменде, Ахмет Байтұрсынұлының «Маса», «Қырық мысал» жинақтары халықтың оқу-ағарту ісін жолға қоюға бағытталған маңызды еңбектердің бірі. Ақын өз еңбектерінің барлығын қазақ халқының қабылдауына оңай, түсінікті және қолжетімді болатындай лайықтап жазды. Бүгінгі күні бұл еңбектегі шығармаларды оқыған бала бойында ұлттық тәрбие мен құндылықтар жайында білімдері толыспақ.

Мектеп бағдарламасында «Егіннің бастары» мысал өлеңі қамтылған. Бұл мысалдың сюжеті мен оқиға желісі оқушының қабылдауына жеңіл, қызықты әрі тартымды. Әкесі мен баласы арасындағы диалог оқушыларды жақсы ғибрат алуға бағыттайды. Басты мақсаты – жаман мәнез-құлықтан аулақ болуға шақыру. Бұл мысал өлең арқылы – өзімшіл, тәкәппар болудың жаман нәтижелерін ашық көрсетеді. Автор кейбір адамдар осы кекірейіп, көкке қарайтын бидайға ұқсайды дейді. Тәкәппар адамдар – рухани сезімдері мен қасиеті төмен, тек мақтану мен өзге айналасындағы адамдарды меңсінбеуді ғана біледі дейді. Мысалдың тәрбиелік мағынасы - тәкәппар адамдар жанындағы адамдардың еңбектерін дұрыс бағалай алмайтындығымен қоса, өз надандықтарынан хабарсыз, оқушыларды ешқашанда тәкәппарлыққа еліктемеуге, керісінше айналасына қамқор болатын ізгі адам болуға шақырады.

Жалпы А. Байтұрсынұлының мысалдары жақсы және жаман мінез-құлық және тағы сол секілді әртүрлі тақырыптарды қамтиды. Алайда, басты әрі көп қамтылған тақырып – надандықпен күрес, білім алуға деген ұмтылыс.

Ахмет атамыз жіктеген оқу кезеңдері білім алудың барлық бағыттарын қамтиды. Егер теориялық білім, алынған ақпаратты білу, түсіну дағдыларын қамтыса, эмпирикалық білім, жинақталған білімді тәжірибемен байланыстыруға жәрдемдеседі. Сонымен қоса, шығармашылық кезеңнің де оқушылар үшін маңызды, қажетті екендігіне де тоқталады. Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушының базалық қарапайым білімнен басқа ой-сана белсенділігін дамытуға көмектеседі.

Ғалым оқулықтарын құрастырған кезде теорияның тәжірибемен байланысы ұстанымын басшылыққа алған. А. Байтұрсынұлы оқушының меңгерген білімін тәжірибеде орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік материалдарды үш кезеңде ұғындыру жұмыстарын жүргізу қажеттігіне ерекше назар аударған.

А.Байтұрсынұлы оқыту мәселелерінен бөлек, тәрбие мәселелеріне де басты назар аударған. Тәрбие мен оқыту бір-бірін толықтырып, әрдайым өзара байланыста болатындығы жайында көптеген ғұлама ғалымдар мен ойшылдар өз пікірлерін білдірген. Мысалы, Әл-Фарабидің пікірінше: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жандүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді» [3, 79 бет] деп жазады.

Ахмет Байтұрсыновтың ез тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен масат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп» тұрғанда, оқу-білімнен кенде қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі Ахмет Байтұрсынов еді.

Шыныменде, А.Байтұрсынұлының төл туындыларының басым көпшілігі оқу ісіне, сауаттандыру жұмысына бағыттылған. Осы бағытты іске асыруда жоғарыда аталып өтілген шығармалар мен еңбектердің атқаратын қызметі зор. Одан бөлек, бізге жеткен барлық еңбектер мен мұралар қазақ халқының ұлттық бейнесі мен құндылықтарын ескере отырып жазылған.

Оқыту мен тәрбие егіз ұғым екендігін атап өттік. Сол себептен де, тәрбиені беру мен үйрету жолдарын меңгеру кез-келген халық үшін қажетті болып табылады. Себебі, «тәрбие – адамдарды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық-тарихи тәжірибені береді. Тәрбие ұғымы кең мағынада әлеуметтік қоғамдағы құбылыс ретінде барлық тәрбие салаларын, атап айтсақ: отбасы, мектепке дейінгі мекеме, оқу тәрбие орындары, еңбек ұжымы, ақпарат құралдары, баспа орындарын қамтиды. Біздің мемлекетте бұл салалар қоғамдық, мемлекеттік мақсатқа қызмет етеді»[4, 144 бет].

Қазіргі күні мектеп бағдарламасына енгізілген А.Байтұрсынұлының шығармалары осы тәрбие, ғибрат мәселелерін толықтай қамтиды. Осы арқылы оқушылардың арнайы пәндерден алынатын теориялық білімдерінен бөлек, өмірде қажет болатын практикалық білімдері де шыңдалады.

Қорытындылай келе, оқыту - жеке адамның білімін, танымдық және шығармашылық қабілетін дамытудың маңызды құралы. Сол себептен де білім беру мен тәрбие мәселелеріне көп көңіл бөлінді. Алаш зиялысы А.Байтұрсынұлы оқыту мен тәрбие беру жолында жоғарыда атап өтілген, түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, қазақ балаларын сауаттандыру, ағарту ісін қолға алды. Ақынның төл туындылары мен еңбектері арқылы оқушылар теориялық және практикалық білімдерін кеңейтті. Ахмет Байтұрсынұлының мысал өлеңдері мен шығармалары қазіргі білім беру жүйесінде адамзаттық құндылықтар мен гуманистік бағыттарға сай келеді. Сол заманда көтерілген мәселелер мен тақырыптар бүгінгі заманауи ғылыммен сабақтас. Сондықтан да, Ахмет Байтұрсынұлының педагогика мен оқыту дидактикасына қосқан үлесі мол. Осы бағытта зерттеулер мен ғылыми жұмыстар жазу ісін дамыту арқылы Ахмет мұрасын зерделеуге мүмкіндік туады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбай / - Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006. – 398 бет ISBN 9965-776-24-5
2. Оспанұлы С. «Публицистика». – Алматы: «САГА» баспасы, 2001. – 156 бет ISBN 9965-559-52-x
3. Хамзина, К. Б., and Ә. Төлеуова. «Белгілі қазақ ағартушыларының тәрбие туралы ой-пікірлері» (2012). 78-80 бет
4. Бисембаева, Ж. Қ. «Бастауыш мектептегі проблемалық оқытудың ерекшелігі» (2008). 143-147 бет

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Бисембаева Ж.К. п.ғ.магистрі, аға оқытушы
Сағи Ж.Ж. 4 курс студенті

Ө.Сұлтангазин атындағы Қостанай педагогикалық институты, Қостанай қ.
E-mail:zhumagalievna01.14@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада ұлт мақтанышы А.Байтұрсынұлының өткен ғасырдағы еңбектері жайында жазылған. А.Байтұрсынұлының “Тіл құралы”, “Әдебиет танытқыш” шығармаларының мазмұны жайында талқыланған. Сонымен қатар ең алғаш әдебиетті ашқан, әдебиеттегі мысалдар, фольклор туралы, дыбыстардың түр-түрлерін ойлап шығарған. Қазақ даласының қамқоршысы А.Байтұрсынұлының қалдырған еңбегін құрмет тұтып, мақтанышпен айтып, әлі күнге дейін пайдаланып келе жатқанымыз айдан анық.

Тірек сөздер: әдебиет танытқыш, білім, тіл құралы, әліпби.

Аннотация: В этой статье рассказывается о трудах благодетеля нации А. Байтурсынова прошлого века. Обсуждалось содержание произведений А. Байтурсынова “языковой инструмент”, “литературовед”. Он также первым открыл литературу, изобрел примеры в литературе, фольклор, различные виды звуков. До настоящего времени с большим уважением и гордостью сохранились произведения писателя и заслуги хранителя казахской степи А.Байтурсынова.

Ключевые слова: проявитель литературы, знания, средства языка, алфавита.

Annotation: This article tells about the works of the benefactor of the nation A. Baitursynov of the last century. The content of A. Baitursynov's works “language tool”, “literary critic” was discussed. He was also the first to discover literature, invented examples in literature, folklore, and various types of sounds. To date, the works of the writer and the merits of the keeper of the Kazakh steppe A. Baitursynov have been preserved with great respect and pride.

Keywords : developer of literature, knowledge, means of language, alphabet.

Ұлт қамқоршысы, табиғатынан ерекше дарынды тұлға, әдебиеттану саласында күні бүгінге дейін құнын жоймаған, болашақ ғылымға да сара жол сала берер тағылымды ой-пікірлер мен ғылыми тұжырымдарды соңына мирас еткіп кеткен Ахмет Байтұрсынұлының мұралары туралы саналуан ғылыми зерттеулер жарық көріп, осы күнге дейін жарияланып келеді. Оның ақындық мұрасынан, саяси-қоғамдық көзқарастарынан, ғылыми-әдістемелік еңбектерінен, тіпті азаматтық, адамдық қасиеттерінен білім алу, елінің ертеңі үшін күрескен ұлт-жанды азаматтың өнегелі өмірін жастарымызға үлгі ету бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі болуы заңдылық. Қазақ даласының асыл перзентінің туған халқымыздың тарихы мен мәдениетіне қосқан үлесі көпкеп кездеседі. Ғалымның кез келген мәселеге байланысты айтқан ғылыми пікірлерінің маңызы өте зор, және әлі күнге дейін пайдаланылып келеді, әсіресе, оның әдебиетке қатысты ғылыми толғамдарының бағасы өлшеусіз. Ең алдымен, Ахмет Байтұрсынұлы – жаңадан жазу ойлап тапқан жан. Қазақ тілінің төл дыбыстарын дәл көрсететін әрі оқуға жеңіл әліпби құрастырған. Орыс және татар ғалымдары мұны “Байтұрсынұлы жазуы”, “ұлттық жазу”, “тәртіпті жазу” десе, Ахмет атаның өзі “Қазақ жазуы” дейді. Ал қарапайым халық оны “төте жазу” деп атап кетті. Ғалым бұл жазуды түзуге 1910 жылы кірісіп, не бары 2 жылда дайындап шықты. 1912 жылы халыққа таныстырды. Ғасырлар бойы өзгертілмеген араб графикасына қазақ ғалымы алғаш рет өзгерту жасады. 16 жылдай қолданыста болды. 1924 жылы бұл жазу ресми түрде бекітілді. Бірақ 1929 жылы өздеріңіз білетіндей, кеңес идеологиясының күшеюінен елге латын қарпі күштеп енгізілді.

Ахмет Байтұрсынұлы араб алфавитіндегі қазақ тілі дыбыстарына қажеті жоқ таңбаларды алып тастап, қазақ тіліндегі дыбыстардың әрқайсысына жеке таңба белгіледі. Сөздің жіңішкелігін білдіретін “дәйекше” деген белгіні енгізуді ойлап тапты. Ғалым Еуропа мен Азия халықтары алфавиттерінің жасалу, қалыптасу тарихын едәуір тексеріп шыққан өте зерек лингвист болатын.

“Байтұрсынұлы әліпбиін” ең озық әліпбилердің қатарына жатқызуға болады. Өйткені жалпы жазу теориясы бойынша белгілі бір тілдегі фонемалардың санынан оны таңбалайтын әріптердің саны көп болмаса, тіпті аздау болса, ондай әліпбилердің жүйесі өте жақсы деп бағаланады. Байтұрсынұлының әліпбиі – осы қағидатқа сай мұнтаздай таза әліпби. Мысалы, қазақ тілінде 9 дауысты, 17 (19) дауыссыз, барлығы 26 фонема десек, “Байтұрсынұлы әліпбиіндегі” әріптердің саны 26-данаспайды. Нақтырақ айтсақ, ғалым қазақ тіліндегі дыбыстардың санын 24 деп көрсетеді. Оның бесеуі – дауысты: а, о, ұ, ы, е. 17 дауыссыздыбыстар: б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, н, л, м, н. Жарты дауысты дыбыстар: уменй.

XX ғасыр басында Ресей академигі Я.Яковлев “Байтұрсынұлы жазуы әліпби құрылымының математикалық жүйесі” деп баға берген. Қазақ ұғымына икемделген, барынша қарапайымда түсінікті Байтұрсынұлы жазуын жұртшылық, әсіресе мұғалімдер қауымы қуанышпен қабылдады. Бұл жазу 1912 жылдан 1929 жылға дейін қазақ-орыс мектептерінде, мұсылман медреселерінде қолданылып келді. Тіпті бұл жазуды өзге түркі тілдес елдерде үлгі тұтып, ұлттық жазу деп таныды. Естеріңізде болса, “Қазақ” газеті де осы әліпбимен шыққан. Төт жазуды қазір Қытай, Иран, Ауғанстан және Түркия қазақтары қолданады. А.Байтұрсынұлының осы латын әліпбиі үшін қосқан үлесі өте көп десекте артық емес. Бірақ бұдан бері латын әліпбиінде көптеген өзгерістер орын алды. Қазіргі таңның өзінде, 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшу туралы жарлық қабылданған болатын.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасының, тіл білімі ғылымының негізін салған жан. Алғашқы филолог әрі лингвист. Ғалым 1912-1915 жылдары Орынборда “Тіл – құрал” атты ірі теориялық еңбек шығарады. Кітап үш бөлімнен тұрады: фонетика, морфология және синтаксис. Шағын-шағын кітапша ретінде шығарылған.

“Тіл – құрал” – қазақ тілінің бүкіл грамматикалық құрылысын (фонетикасын, морфологиясы мен синтаксисін) бір бүтін жүйе ретінде алып зерттеген тұтас еңбек. Мұнда қазақ тілі алғаш реет өзінің бай төл материалы, бар болмыс-бітімі негізінде, ең бастысы бастан-аяқ қазақ танымы тұрғысынан қарастырылған. Оның осындай ғылыми терең негізде жазылған, бір тұтас, мүлдем жаңа мазмұнды, бөлек типті грамматика. Соның арқасында қазақтың тұңғыш грамматика ілімі бастауалды. Бұл кітаптың әр бөлімі кемдегенде 6-8 рет басылып шыққан. Қазір қолданып жүрген бастауыш, баяндауыш, жалғау, есімдік, үстеу, шылау, дыбыс, жұрнақ, көсемше, қаратпасөз, қыстырмасөз, рай, сабақтас сөйлем, салалас сөйлем деген түсініктерді Ахмет Байтұрсынұлы жасап кеткен. Көріп отырғанымыздай, ғалым халық тіліндегі қарапайым сөздердің өзін ғылыми ұғымға айналдырған. Тіпті, “Ана тіл” ұғымыда Ахмет атадан қалған.

Ғалым өзі жасаған ұлттық әліпбиді халыққа үйрету үшін балаларға арнап “Әліпби”, ересектерге арнап “Әліпби. Жаңа құрал” атты кітап жазады. Қазіргі әліппемізде осы Ахмет атадан бастауалады. [Сыздықова, 20-21]

Ғалымның “Әдебиет танытқыш” сынды тіл танытқыш тәрізді ірі ғылыми еңбегі болған. Бұл еңбек 1926 жылы “Әдебиет танытқыш” деген атпен Ташкент қаласында басылып шықты. Еңбектің құндылығы жайлы академик ғалым Р.Нұрғали: “Әдебиет танытқыш” – Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толықтанытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асылмұра” деген. [1, бет 25]

А. Байтұрсынұлы “Әдебиет танытқыш” еңбегінде әдебиеттің қарапайым қағидаларын талдаудан бастап күрделі философиялық, эстетикалық, көзқарастарын білдіріп, әдеби даму, әдеби бағыт, өлең құрылысы, көркем шығарма тілі, туындының мазмұны мен пішіні сияқты

күрделі теориялық мәселелерге дейін саралаған. Әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы курстарын оқытуда ғалымның түсінікке жеңіл, нақтыда дәл берген анықтамалары мен ғылыми деректері таптырмас құрал екендігіне әдебиетші мамандардың көздері әбден жетті. Әдебиет теориясының күрделі мәселесінің бірі – жанрлар теориясы, яғни әдебиеттің тектері мен түрлері жайлы зерделеу. Ғалым еңбегінің бір бөлімі осы мәселеге арналған. Өз кезеңіндегі қазақ әдебиетінің даму үрдісін дәл танып, ертеңін де көрегендікпен болжай білген Ахмет “Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанмен, ілгеріде болуы ықтимал” деген тұжырым жасайды. Одан әрі әдеби тек түрлері жайында “Ақындықтан шыққан сөзді яғни көркем лебизді шығармаларды, үлгілі жұрттар айтылуына қарай үшке бөледі:

1. Әуезеленіп айтылуына қарай.

2. Толғанып айтылуына қара

3. Ғамалдап айтылуына қарай” [2,103 бет] дей келе, бұл үлгілердің қазақтың тек жазба әдебиетіне тән екендігін ескертіп кетеді.

Әуезе түрлерін “бұл топқа кіретін сөздер толып жатыр. Оның бәрін түгендеудің қажеті жоқ. Басты-басты түрлерін алғанда, олары мынау болады” дей келе ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, ұлы әңгіме, ұзақ сөз, аңыз өлең және әңгіме, көңілді сөз, мысал, ұсақ әңгімелер деген тоғыз түрін атап көрсетеді. Қазір роман, повесть, поэма, новелла, фельетон деп танып, кең көлемді, орта көлемді, шағын көлемді эпикалық жанр түрлеріне топтастырылып жүрген шығарма түрлерін ғалым идеялық мазмұн мен шығарма пафосы тұрғысынан жіктеп отыр. А.Байтұрсыновтың бұл ұстанымын Е.Тілешеваның жанрлық түрлерді жіктеудегі бір принципі ретінде танып, “Қазіргі әдебиеттануда поэма делініп жүрген жанрды А.Байтұрсынов ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, мысал өлеңдейді, яғни мұнда ең алдымен идеялық мазмұн, шығарма пафосы бірінші қатарға шығарылады, осындай ұстанымды толғауды ішкі түрлерге таратуынан да байқаймыз” деп аңғартады. [3, бет 196]

“Әдебиет танытқыш” фольклоршы А.Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті үлгерін ел арасынан жинап, жазып алу ел азаматтарының борышы екенің үнемі еске салып отырады. А.Байтұрсынұлының теориялық талдауына пайдаланған ауыз әдебиеті үлгілерін былай бөлуімізге болады.

1. Өтірік өлең үлгілері

2. Жұмбақтар

3. Жаңылтпаштар

4. Батырлар жыры

5. Үгіт өлең

6. Үміт өлең

7. Толғаулар

8. Термелер

9. Ділмарсөз (аңыздар)

10. Мақал-мәтелдер

11. Ғұрыптық жырлар

Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай сауықтама, сарындама деп екіге бөлген. Сауықтама және сарындама деп екіге бөлген жіктеу қазіргі фольклористикадағы “көркем фольклор” және “ғұрыптық фольклор” деп фольклорлық шығармаларды екі салаға бөліп жүрген классификацияға қайшы емес. [Абылқасымова,10]

Қорыта келе, А.Байтұрсынұлының қазақ халқы үшін қостан үлесі көптің көбі десекте болады. А.Байтұрсынұлының мұраларын қанша талқылап, қанша жазсақта аз. Ол: “...һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өзтілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз”, - дегенеді [3.142]. Сондықтан “Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт–шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас”, - деп білеміз [3.399]. Осы орайда, А.Байтұрсыновтай дара тұлғаның өсиеті, қалдырған мұрасы тіл жанашырларының

алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, орфография мәселесінде А.Байтұрсынов ұстанған принциптерді басшылыққа алып, анна тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сай жазуымыз қажет деп білеміз. Атадан қалған мұраның қадырын білуіміз керек. Олардың еңбегін жерге тастамағанымыз жөн деп білемін. А.Байтұрсынұлының қалдырған әреңбегі бүгінге дейін жалғасып келеді. Әдебиет теориясының жанрлар мәселесін қарастыруда ғалым тұжырымдарының берер тағылымы да мол. Ғалым мұрасы бүгінде жан-жақты зерттелініп, оның тереңойлы, ғылыми негізді ой-тұжырымдары әдебиеттану ғылымының кез-келген саласындағы өзекті мәселелерді зерделеуге негіз болып отыр. Ғалымның ұлы еңбегі “Әдебиет танытқышты” қаншалықты таныдық десек те, осы мәселеге орай “алтын шыққан жерді белден қаз” деген халық нақылын жадымызда сақтап, Байтұрсынов мұрасын “өшпес жарық”, “кетпес байлық”, “даналыққа бастар жол басы” деп танып, “ертеңгі үшін” аянбай еңбек еткен ғұламаның асыл мұраларын келешек қажетіне жарату бәріміздің басты міндетіміз.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,

Басқадай бір бас үшін жалданбаған,

Көркейер қайткенде Алаш деген ойдан,

Басқа ойды өмірінде малданбаған, – деп С.Торайғыров айтқандай бар күш-жігерін, ақыл-ойы мен еңбегін ұлт келешегіне арнап, халқын ғылымның ұшар биігінен көруді аңсаған Ахмет Байтұрсынов есімін ұлықтау, рухани қазынасын насихаттау ісі өз маңызын ешқашан жоғалтпайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әліппе айтысы – Қарағанды: ҚарМУ, 1990 – 106 б
2. Байтұрсынов А. “Әдебиет танытқыш”. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: «Атамұра», 2003.
3. Қасқабасов С., Матыжанов К., Халық мұрасының қамқор қайраткері//Ел қазынасы-ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері) А., 1993.
4. А.Байтұрсынұлының әдеби мұралары. Қостанай, 2003.- 144 б

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСТЕРІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Қыяқбаева Ұлболсын Қозыбаевна

Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.к., қауыдастырылған профессор

Амержанова Динара Сапаровна

Абай атындағы ҚазҰПУ, 7М01201-мектепке дейінгі оқыту жән етәрбиелеу мамандығының
1 курс магистранты

Мекен жайы: Алматы қаласы, Төле би 31

Резюме: Данная статья рассматривает педагогическую деятельность Ахмета Байтұрсынова, рассматриваются основные методические положения его педагогики. С учетом современного опыта в области образования, автор приводит предпосылки развития в работе педагога начала XX века. Основное внимание уделяется методической деятельности А. Байтұрсынова: созданию казахского алфавита, разработке методик преподавания, созданию грамматической терминологии, идеям непрерывного образования педагогов. Большая часть в работе акцентируется на важности не только предметного, но и культурного развития детей как гарант процветания государства в будущем .

Abstract: This article examines the pedagogical activity of AkhmetBaturysynov, discusses the main methodological provisions of his pedagogy. Taking into account the modern experience in the field of education, the author gives the prerequisites for the development of the work of a teacher of the beginning of the XX century. The main attention is paid to the methodological activities of A. Baturysynov: the creation of the Kazakh alphabet, the development of teaching methods, the creation of grammatical terminology, the ideas of continuing education of teachers. Most of the work focuses on the importance of not only the subject, but also the cultural development of children as a guarantor of the prosperity of the state in the future.

Қазақ халқы "қараңғы" дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөнбе?».....

2022 жылы Қазақстан қазақ қоғамы, мемлекет қайраткері, ағартушы, ғалым, ақын, аудармашы, педагог, публицист, түркітанушы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығын атап өтеді.

Ахмет Байтұрсынов туралы айта бастағанда, оның саяси қызметі еріксіз алдыңғы қатарға шығады, оған байланысты педагогикалық, ғылыми және әдеби шығармалар қарастырылады. Мен бұл адам туралы айтпағым , Оның қызметі неге назар аудартады? Жалпы өмірбаяндық мәліметтердің артында "халықтың ұлы ұстазы" деп ауыз толтырып айтуға болады . Ол халыққа не үйрете алды? Ол замандастарын қалай қызықтырды және әлі күнге дейін бүкіл қазақ халқының қызығушылығын тудырды ма?

Бұл сұрақтарға жауап беру бір жағынан қарапайым және күрделі.

А.Байтұрсынов – болашақтың білім беру жүйесін болжап, сонымен бірге ХХ ғасырдың басындағы білім беру жүйесіне үлкен жаңалық ашқан педагог. Педагог бір жерде тұрып қалмауы керек, ол өз оқушылары үшін жетекші жұлдыз бола отырып, үнемі жетілдіріліп отыру қажет. Мұғалім - оның кез-келген оқушысы сияқты, өзінің шеберлігін, кәсібилігін, шығармашылығын арттыра отырып, үнемі ізденісте болуы қажет. Мұғалім тек оқумен ғана емес, ең алдымен әдістемелік жұмыстармен де айналысуға міндетті. А. Байтұрсыновтың: Қазақстанның мәдениетін жаңа саяси жүйе тарапынан қауіп төніп тұрғанын көріп, ойланбастан оны қорғау үшін күреске кірісті.Ол қазақ әліпбиін құруға кірісті , қолжеткізген жетістіктерімен тоқтамай, грамматиканы пысықтады, әдебиеттанумен айналысты, ғылыми еңбектер жазды ("Ана тілінде, Оқу құралы", "Жаңа орфография", "Тіл білімі"). Ол әдеби және лингвистикалық терминологияны құру үшін көп жұмыс жасады. Не үшін? Осылайша ұлттың мәдениетін сақтау үшін оның саясат пен тарихи өзгерістер енгізген бөтен нәрсеге еруіне жол бермеу үшін. А.Байтұрсыновтың пікірінше, қазақ халқының мәдениетін тек ана тілін сақтау арқылы ғана құтқаруға болады. Мұғалімнің қызметі тек мектептегі жұмысы емес. Бұл әлде қайда көп, өйткені кез — келген мұғалім әдіскер болуы керек, өйткені пәнді білуден, бір жағынан, педагогикалық технологиялардың мәнін түсінуден, екінші жағынан, оқу процесі дамуынан. А.Байтұрсыновтың шығармаларының толық жинағынан үш томның екеуі, әдістемелік және оқу құралдарын алып жатқаны бекер емес. Балаларды мәдениеттің рөлін ескермей оқыту мүмкін емес. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынов бірнеше рет айтқан. Журналистік қызметпен айналыса отырып, ол оқытудың маңыздылығын насихаттайды: "Билік, басқару, халық тек білім мен түзетіледі" .Неліктен? Себебі, тек білімді адам ғана ұлттық сананың, ғылым мен мәдениеттің жетістіктерінің әр адамның өмірінде қаншалықты маңызды екенін түсіне алады. Осы идеялар мен ол этнопедагогикаға деген қазіргі қызығушылықты болжады, оның ережелеріне сәйкес барлық оқыту ұлттық сәйкестендіру, мәдениеттің орасан зор рөлі, адамгершілік құндылықтарды дамыту (адалдық, еңбекқорлық, жанашырлық, әділеттілік) негізінде құрылады. Мақалалар мен оқу құралдарын жасай отырып, А. Байтұрсынов өзінің үлгісімен, мемлекетінде болып жатқан оқиғаларға бей-жайқарамайтынын көрсетті. Бүгін біз педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесіне қандай мән берілетінін көріп отырмыз. Бұл идеялар да жаңа емес. Өз

еңбектерінде Ахмет Байтұрсынов мектепке өз пәнін жақсы біліп қана қоймай, педагогикалық шеберлігі бар, сонымен қатар жаңасын үйренуге ұмтылатын жоғары білікті мамандар қажет екенін бірнеше рет атап өтті. Бұл өте маңызды, өйткені мұндай тәрбиешілер ғана жаңа ұрпақты үйретіп, білімге ұмтылатын балаларды тәрбиелей алады, оларды қажет еткенімен, бірақ жалықтыратын және пайдасыз нәрсе ретінде қабылдамайды. Сонымен қатар, дәстүрлі білім беруді сақтау және сонымен бірге оқытудың заманауи түрлерін дамыту маңызды деген ойға ерекше назар аударылды. Бұл тек пәндік білімі ғана емес, сонымен қатар кең мәдени және тарихи көкжиегі бар жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бүгін көріп отырғанымыздай, бұл қазіргі білім берудің негізгі тенденцияларын болжаудың біртүрі болды. Міне, ХХІ ғасырдың бірінші ширегі келеді. Білім беруде қандай өзгерістер болып жатыр? Жүйелі-белсенділік тәсіліне, оқытуды дараландыруға көп көңіл бөлінеді. Мұғалімдер үнемі біліктілігін арттыруы керек. Өртүрлі әдістемелік әзірлемелер жоғары бағаланады. Мәдени даму, ұлттық сананы сақтау білім беруде үлкен рөл атқарады. Осы инновацияларды тізімдей отырып, біз Ахмет Байтұрсыновтың бір ғасыр бұрын дәл осылай айтқанын түсінеміз. Бұл оның айтқан идеялары данышпан екенін және оның өзі "халықтың ұлы ұстазы" деп аталуға лайық екенін білдіреді.

Біз білетіндей, балаларға білім берудің бірінші бастауы – балабақша. Сондықтан , Ахмет Байтұрсынов оқу-білімнің осы бірінші сатысына да қатты назар аударған. 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялайды. («Қазақ» 1914. № 61, 9 мамыр). Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы нашар екендігін, бағдарлама, оқу құралдары жоқ екендігін, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болуы керек дей келіп, халық сауатын анна тілінде ашуы керек, атап айтқанда бастауыш мектеп бес жылдық болсын , алғашқы үш жылда балалар анна тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдірген. Бастауыш мектептерде: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыстану пәндері жүретін болсын деп нақты айтқан.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда өлең бекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбекетуге шақырады.

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынов жастарды бүгінгі күнде құрғақ сөз, «таусылмайтын» ақыл-кеңес айта беріп тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың үлгі өнегесіне, ғибратқа негіздеудің қажеттігін баса айтқан. Бүгінде Ахметтің мысалдарын оқу-тәрбие ісінде орынды пайдаланып отыру — әрбір тәрбиеші ұстаздың басты мақсаты, әрі парызы болмақ. Шығармалардан нақты мақалдар келтіре сөйлеп, студент жастар бойында бүгінде сирек кұбылыс болып бара жатқан астарды теңей, салыстыра сөйлеуге деген қызығушылықты, құштарлықты оятуға соған машықтандыруға, Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтсақ «лұғат тазалығына» баулуға болады. Қызығушылықтың арқасында жастардың шығармашылық ойлары ұшталмақ. Сегізқырлы, бірсырлы Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығына қайта-қайта үңіле қараған сайын, оның шығармашылығының өміршеңдігі мен тәлімдік мәнін терең сезіне түсеміз. Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы» бүгінгі нарық заманында өмір сүріп отырған жастарды имандылыққа, ізгілікке, адамгершіліктің ақжолына тәрбиелеуде таптырмас аса бағалы құрал екені даусыз.

Басқадан кем болмау үшін біз білімді, күшті болуымыз керек. А.Байтұрсынұлыаң саған егемендіктің құны мен қадірін бағалауымыз, ары қарай дамытуымыз керек! .

Әдебиет:

1.Мыңбаева А.К. “Оқытудың инновациялық әдістері немесе оқыту қаншалықты қызықты”

- ,Оқуқұралы / А.К. Мыңбаева, З.М.Сәдуақасова. -11-ші басылым. - Алматы: Қазақ университеті, 2019-462б.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
3. В.Қ.Күзембаева- Алматы : Орталық ғылыми кітапхана, 2001.- 267б суретті. -“Ұлы тұлғалар ”ғылыми-биографиялық серия.
4. Р.Нұрғали “қайтарылған қазақ әдебиетінің шыңдары”, - Алматы: Қазақ университеті, 1998. — 307б.
- 5.Шауханов А. Ахмет Байтұрсынов-қазақ мәдениетінің үш тірегінің бірі. // Қазақстан тарихы: Мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту.-2004.-№ 4.-С.54–57.

ІІІ-СЕКЦИЯ
ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ
ІІІ –СЕКЦИЯ

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ӘОЖ 574

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ШАРТТАРЫ

Биология 7М01513 мамандығының 1- курс магистранты П.Б.Рзабек

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, perizat_rzabekova@mail.ru

Жумгулова К.А, п.ғ.к., доцент

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, darmik1996@mail.ru

Аңдатпа: бұл мақалада оқушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру туралы баяндалады. Экология қазіргі білім берудің басым бағытына айналып отыр, өйткені ол қоғамның әлеуметтік тапсырысына жауап беруі керек. Осыған байланысты болашақ жастардың экологиялық құзыреттілігінің мәнін және осы әлеуметтік сұранысқа ие сапаны қалыптастырудың педагогикалық шарттарын зерттеудің маңызы ерекше. Экологиялық мәдениеттің қарапайым ережелерін сақтамаған жағдайда ол қоғамды адамгершілік, рухани жағынан құлдырауға әкеліп соқтыратындай мүмкіндіктерге ие. Бүгінгі күні мұғалім - тек қана білімді таратушы мамандық иесі емес, оның миссиясы адамды адам, тұлға ретінде қалыптастыру, Сондықтан сабақта және сабақтан тыс уақытта экологиялық білім беру өте маңызды. Осы мақсатта мектепке дейінгі мекемелердегі балаларды, мектептердегі оқушыларды, колледждер мен ЖОО студенттерін де жүйелі түрде қамтуымыз қажет.

Тірек сөздер: экология, құзыреттілік, тенденция, қоршаған орта, экологиялық білім беру, экологиялық мәдениет.

Аннотация: в данной статье описано формирование экологической компетентности студентов. Экология становится приоритетным направлением современного образования, потому что оно должно отвечать социальному заказу общества. В связи с этим особое значение приобретает изучение значения экологической компетентности будущей молодежи и педагогических условий формирования этого социально востребованного качества. В случае несоблюдения простых правил экологической культуры она потенциально может привести общество к нравственному и духовному упадку. Сегодня учитель – это не только профессионал, который распространяет знания, но и его миссия – формировать человека как личность, поэтому очень важно обеспечить экологическое воспитание на уроке и во внеурочное время. Для этого следует систематически включать детей в дошкольные учреждения, учащиеся школ, колледжей и вузов.

Ключевые слова: экология, компетенция, тенденция, окружающая среда, экологическое образование, экологическая культура.

Annotation: this article describes the formation of students' environmental competence. Ecology is becoming the priority direction of modern education, because it must respond to the social order of society. In this regard, it is of particular importance to study the meaning of environmental competence of future youth and the pedagogical conditions for the formation of this socially demanded quality. In case of non-observance of the simple rules of ecological culture, it has the potential to lead the society to moral and spiritual decline. Today, a teacher is not only a

professional who distributes knowledge, but his mission is to form a person as a person, therefore, it is very important to provide environmental education in class and outside of class. For this purpose, we should systematically include children in pre-school institutions, students in schools, colleges and universities.

Key words: ecology, competence, trend, environment, ecological education, ecological culture.

Қоғамның экологиялық тәрбиесінің басты мақсаты – жоғары экологиялық мәдениеті бар, үздіксіз өзін-өзі дамытуға бағытталған, тибиғи ресурстар мен табиғи экожүйелерді қорғай алатын әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру.

Экологиялық білім беру мәселесі бүгінгі таңда барлығын – ғалымдарды, мұғалімдерді, әдіскерлерді, практиктерді алаңдатып отыр. Адамның осы әлемдегі орны, осы әлемдегі қарым-қатынас ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру үшін балаларға нені үйрету керек?

Бұл мәселені шешудегі басты бағдар экологиялық тәрбиенің мақсаты екені даусыз. Экологиялық жауапкершілік, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, экологиялық мәдениет сияқты ұғымдардың интегративті сипаты экологиялық тәрбиенің өз табиғатынан күрделі екендігін, оның мазмұнын бастауыш мектеп пәндері жүйесі жаңа қырынан ашып көрсететінін аңғартады. Қазіргі кезде педагогика ғылымы экологиялық білім беруді жетілдірудің жолдары мен әдістерін белсенді түрде іздеуде. Қазіргі экологиялық педагогтардың пікірінше, экологиялық білім берудің мазмұны пәнаралық экологиялық идеяларды, ғылыми экологиялық және адамгершілік экологиялық білімдерді (ұғымдар, идеялар, фактілер), интеллектуалдық және практикалық дағдыларды оқушылардың меңгеруі тиіс.

Қазіргі білім берудің стратегиялық міндеттерінің бірі – жаһандық ойлау қабілеті мен экологиялық мәдениеті жоғары тұлғаны қалыптастыру міндеті. Қазіргі экологияны үстірт білу, оның адамдардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы өскелең ұрпақты олардың мамандығына қарамастан экологиялық проблемалық жағдайларды шешуге қосуды қажет етеді. Білім берудің стратегиялық міндеті ретінде экологиялық құзыреттілігі жоғары оқушы тұлғасын қалыптастыру көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болып табылады.

Экологиялық білімнің жеткіліксіз болуының себебі мынада:

біріншіден, мектептердегі экологиялық тәрбиенің төмендігінен;

екіншіден, оқу орындарының оқу құралдары мен техникалық базасының тапшылығы;

үшіншіден, оқытудың теориялық, практикалық және мотивациялық құрамдастарының біртұтастығы. Бұл себептердің кейбірі «экологиялық білім» ұғымының ғылыми айналымға жақында ғана енуімен байланысты болса, басқалары экономикалық дағдарысқа алаңдаулы қоғамдағы экологиялық дағдарыстың тереңдігін жете бағаламаумен байланысты.

Экологиялық құзыреттілікті қалыптастыруға әсер ететін маңызды факторларға мыналар жатады:

- аймақтағы және елдегі экологиялық жағдай;

- оқушылардың табиғатты қорғау іс-әрекетіне қызығушылықтары, қажеттіліктері;

- адамдардың өмір сүруінің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары;

- қоғамның экологиялық мәдениетінің деңгейі;

- оқушылардың экологиялық тәрбиеге қатынасы;

- студенттердің табиғатты қорғау қызметінің практикалық тәжірибесі.

Экологиялық білім берудің басымдығы және оның кешенді, жалпы және үздіксіз деп танылуы, біріншіден, білім беру жүйесін жасылдандыру, екіншіден, арнайы экологиялық кәсіби білім беруді ұйымдастыру қажеттілігіне әкелді. Білім беруді экологияландыру экологиялық идеялардың, концепциялардың, қағидалардың басқа пәндерге ену тенденциясының сипаты, сонымен қатар әртүрлі профильдегі экологиялық сауатты мамандарды даярлау болып табылады.

Қазіргі экологияның ерекшелігі - оның қатаң биологиялық ғылымнан география, геология, химия, физика, әлеуметтану, мәдениет теориясы, экономика және тіпті теология бөлімдерін қамтитын маңызды білім саласына айналуында.

Мектеп оқушыларына экологиялық білім берудің теориясы мен тәжірибесін дамытудың негізгі тенденциялары бар:

- 1) қазіргі заманғы экологиялық мәселелерді шешуде, сондай-ақ үшінші мыңжылдық тұлғасын қалыптастырудың тұтас процесінде экологиялық білімнің рөлін арттыру;
 - 2) жастарға экологиялық білім беру және табиғи орта саласында білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жандандыру;
 - 3) табиғи ортаны зерттеу мен қорғаудағы білім алушылардың тәрбиенің, сыныптан тыс тәрбие жұмысының, қоғамдық пайдалы іс-әрекетінің органикалық бірлігін қамтамасыз ету;
 - 4) экологиялық тәрбие жұмысының «ауырлық орталығын» сыныптан тыс жұмыстардан оқу-тәрбие процесіне көшіру;
 - 5) экологиялық білім беру процесінде жүйелік тәсілдің элементтерін, модельдеу әдістері мен тарихшылдықтарды пайдалану;
 - 6) экологиялық білім мазмұнының құндылық аспектілерін нығайту;
- Сондай-ақ жеке тұлғаның табиғи ортаға қатынасының екі негізгі түрі бар: рационалды және көркемдік

Тұлғаның қоршаған ортаға парасатты қатынасы жеке адамның әртүрлі материалдық қажеттіліктерімен, ал көркемдік оның табиғаттан эстетикалық ләззат алудағы рухани қажеттіліктерімен анықталады. Қоршаған ортаға деген көзқарас жеке тұлғаның санасын білдіреді және адамдардың қарым-қатынас жүйесінде салыстырмалы дербестікке ие. Ол сан қырлы өндірістік қатынастарда, саяси қатынастарда, отбасылық қатынастарда, сонымен қатар басқа да көптеген тұлғалық қатынастарда әр түрлі аспектілерге кіреді. Адамның қоршаған ортаға қатынасы негізінен табиғаттың идеологиялық концепциясының нормативтік-құндылық аспектілерінің оның үстемдік ететін құндылықтар жүйесімен қаншалықты терең өзара әрекеттесуімен анықталады.

Тұтастай алғанда, мектеп оқушысының қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау деңгейі қоғамдағы басым құндылықтарды, табиғатқа қатынастың әлеуметтік маңызды нормалары мен ережелерін, сырттан берілген экологиялық идеалды оқушының қаншалықты қабылдайтынымен анықталады. Сонымен бірге, мектеп оқушыларына экологиялық тәрбие берудің нысандары мен әдістері, ең алдымен, әлеуметтік экологиялық нұсқауларды тұлғаның ішкі дүниетанымдық жоспарына бағытталуы керек: білім, дағды, құндылық бағдарлары мен идеалдары, принциптері және табиғи ортаға қатынас ережелері.

И.Т.Суравегина «қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау» терминінің орнына қысқаша «экологиялық жауапкершілік» терминін қолдануды ұсынады, оның пікірінше, жауапкершілік ұғымының әлеуметтік және моральдық категорияларының барлық маңызды белгілерін қамтиды.

Ол сондай-ақ экологиялық жауапкершілікті бір немесе тіпті бірнеше оқу пәндерінде қалыптастыруға болмайтын күрделі тұлғалық қасиет деп санайды, бірақ мектептегі барлық пәндердің мүмкіндіктерін біріктіруді ұсынады.

Қорыта келгенде, білім беруді экологияландыру экологиялық идеялардың, концепциялардың, қағидалардың басқа пәндерге ену тенденциясының сипаты, сонымен қатар әртүрлі профильдегі экологиялық сауатты жастарды даярлау болып табылады. Жалпы орта экологиялық білім беру концепциясында экологиялық білім беру – ғылыми және практикалық білім мен дағды жүйесін қалыптастыруға бағытталған жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың үздіксіз процесі, қоршаған әлеуметтік және табиғи ортаға және денсаулыққа жауапкершілікпен қарауды қамтамасыз ететін құндылық бағдарлары, мінез-құлық және іс-әрекеттер болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мынада:

1. Интегративті жоба әдісі негізінде оқушылардың бойында экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық технологиясы;

2. Экологиялық құзіреттілікті қалыптастыру кезінде аудиториялық және сабақтан тыс жұмыстар процесінде студенттердің тәрбие жұмыстары жүйесінің элементі ретіндегі жобалық әдістің мәні мен ерекшеліктері ашылады;

3 Болашақ мұғалімдердің экологиялық құзіреттілігін қалыптастыру үдерісіне арналған және оны оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалануды көрсетеді

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

Оқу-тәрбие процесінің, оқытудың формалары мен әдістерінің интеграциясы мен бірлігін ескере отырып, оқушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үшін оларды кеңінен пайдалану мүмкіндігімен анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дорошко О.М. Современные подходы к определению понятия «Экологическая культура» // Современные исследования социальных проблем. 2012. № 9. С. 51.
2. Вороткова И.Ю. Экологизация образования как основа формирования экологической культуры личности // Культура, личность, общество в современном мире: материалы XX Международной конференции памяти профессора Л.Н. Когана. Екатеринбург: Уральский федеральный университет им. первого Президента России Б.Н. Ельцина, 2017. С. 329–336.
3. Дзятковская Е.Н. Стратегические задачи современного экологического образования // Вестник экологического образования в России. 2017. № 2. С. 13–18.
4. Усачёва И.Н. Проблемы формирования экологической культуры в образовании // Современные наукоёмкие технологии. 2019. № 12–2. С. 388–394.
5. Фортунатов А.А. Основные направления формирования экологической культуры студентов вуза // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. 2010. № 8. С. 212–200.

WAYS OF DEVELOPING CRITICAL THINKING IN STUDENTS

Master student: S.B.Uzakbayeva, e-mail: saltanat_88@mail.ru

Aktobe regional university named K.Zhubanov

Teacher: K.S.Kenzhigozhina, Doctor of Philosophy (PhD), ENU named after L.N. Gumilyov

Аннотация

Мақалада ағылшын тілі сабақтарында сырт тұрғысынан оқылау технологиясын қолдану сипатталған. Сырт тұрғысынан оқылау технологиясын ыңқолданбалы әдістерінің мысалдары келтірілген. Осы технологияның жағымды жақтарымен қолданудағы қиындықтар келтірілген.

Тірек сөздер: Сыни тұрғыдан оқылау, сараланған көзқарас, жеке мәдениет, ақпаратты жүйелеу, ұжымдық орындау

Аннотация

В статье описывается использование технологии развития критического мышления на уроках английского языка. Даются примеры эффективных приёмов технологии развития критического мышления. Приведены положительные стороны данной технологии и обозначены затруднения в использовании технологии развития критического мышления.

Ключевые слова: Критическое мышление, дифференцированный подход, индивидуальная культура, систематизация информации, коллективное исполнение

Annotation

The article describes the use of the technology of critical thinking development in English lessons. The examples of how to apply techniques of this technology are given. The positive aspects

of this technology and the difficulties in using the technology of critical thinking development are presented.

Key words: Critical thinking, differentiated approach, individual culture, systematization of information, collective performance

Increasing students' interest in knowledge in connection with the modern current new requirements are being imposed on teachers. For this reason, learning is different technologies are being developed and implemented in school practice. To do this, in different directions, drawing up a program, taking into account the individual abilities of each student, completing class assignments, housework should be given taking into account the characteristics of the child-new technologies in the implementation of the teacher should be active.

Critical thinking allows you to offer new ideas and open up new opportunities able to see, is of great importance when solving problems. Critical thinking collect evidence by observing and listening to the context and develop skills such as using criteria appropriate to the requirements for decision-making considers. The secritical thinking skills are describedas:

- ❖ control;
- ❖ analysis;
- ❖ conclusion;
- ❖ interpretation.

Critical thinking -involves the development of basic interrogation skills, argumentation and the following abilities:

- ✓ willingness to justify what has been said and "learn lessons" from our life experience;
- ✓ ask questions, give assignments, and critically evaluate other people's ideas without seeking to be cornered;
- ✓ be open to critical evaluation of your opinion by others and for your opinion to be wrong;
- ✓ test ideas and strive to find the "truth".

Critical thinking is one's own thinking. Critical thinking begins with asking questions and identifying problems that need to be solved. The student asks the question himself and determines the solution himself. **Critical thinking is the idea of social thinking, collaborative learning.** The structural formula of the lesson of critical thinking consists of 3 stages:

- I.-awakening of interest ("creating a bridge", reflection)
- II. - expression of meaning (discernment of meaning)
- III. - contemplation (reflection, construction of new knowledge)

An important condition of education is to increase the interest of students in the educational process and the development of the desire for self-education. So, in the traditional lesson, the student learns with the help of the teacher; in the lesson of critical thinking, the student himself attains knowledge, the teacher is only a guide.

Critical thinking in the classroom	In traditional lessons
Students individually, in pairs, groups organize their work well.	The student does not immediately get to work.
The ability to work independently, activismprevails.	Moderate activity, teacher's help Need
Creativity increases, the responsibility of each student in the group prevails	Creativity is not monotonous, without enthusiasm.

Critical thinking is when, reflecting, a student critically examines the thoughts of others, analyzes, compares, corrects and asks what he hears, knows, systematize, independently investigate, prove, draw conclusions, independently and creatively work together.To develop such abilities of students, various methods and techniques can be used.

A substantive solution aimed at thinking, evaluating, analyzing and synthesizing information. This can be the basis for further actions. Critical thinking is often this means a willingness to express the opposite opinion, to make alternative decisions, to introduce new or modified approaches to our thinking and actions, to organize public actions and to involve others in critical thinking.

The process of critical thinking at the basic level:

- ✓ collecting relevant information;
- ✓ critical analysis and evaluation of evidence;
- ✓ guaranteed solutions and accumulated conclusions;
- ✓ revision of forecasts and proposals based on extensive experience includes.

Critical thinking takes into account the context, using the criteria necessary to gather evidence and make decisions through observation and listening provides for the development of skills such as application. These critical thinking skills are described as:

- 1) control;
- 2) analysis;
- 3) conclusion;
- 4) interpretation.

Along with complex tasks, such as critical thinking in teaching and learning, recognition of undetected assumptions and values, problems and their search for effective solutions, understanding the importance of approving priorities and the benefits of solving problems.

Critical thinking

- ✓ Express the opposite opinion;
- ✓ Make alternative decisions;
- ✓ Be ready to introduce new or modified approaches to our thinking and actions;
- ✓ Organized social activities;
- ✓ Teaches others to think critically.

Critical thinking is not criticism, but tempered thinking. There is a peculiarity in the internal structure of this technology. This structure consists of 3 levels, which means training and learning structure for

1. the stage of awakening interest.

Remembers what he knows, claims to understand the content, activates the brain the bark is triggered.

2. the stage of cognition of meaning.

Accepts a new idea, combines the old and the new, has the ability to think expand, determine what they understand.

3. the stage of contemplation.

Accepts what has been learned, teaches to think inside, exchanges thoughts. Actively reviews and makes changes in the ways of clarifying their knowledge. Through this knowledge, he feels the change.

The role of the teacher in the critical thinking program is to help students in the learning process, work together, look at them confidently, develop their thoughts, minds, speaks, supports.

The teacher is the organizer of the educational business.

To teach critical thinking, you need to perform the following activities.

1. Create an opportunity by giving time to trigger critical thinking.
2. allow students to think.
3. listen to various ideas and opinions of students.
4. support the active activity of students in learning.
5. Reliability. Do not turn into a grandmother if a student gets into an unfavorable situation. An expression of trust in criticism and the ability of each student to be critical of it.
6. assessment of critical thinking.

For critical thinking, you need to do the following:

- work with each other with confidence and understand your game, the meaning of your opinion;
- study with enthusiasm;
- listen to numerous reviews and treat them kindly;
- we need to think and clarify our opinion.

7. do business. The ability to make a child think in class, doing things to give.

8. respect. Discussion of the lesson.

9. education. Education in the environment is a phenomenon that requires discipline. When you discuss something in the middle, you have to think with others and maintain order.

10. let them listen. Interrupting a temporary solution or counting the thoughts of others forces students to be silent (the game) to give the opportunity to listen, to hear.

The work of a teacher is not limited to teaching critical thinking: we force our students to perceive the most complex concepts and memorize various data, we teach them to save. Teaching critical thinking is only one aspect of a teacher's job.

At any age period, you can think critically. First-graders have accumulated enough life experience and knowledge for this. Of course, in the process of learning, students develop thinking, but even toddlers are able to think critically and independently. In their cognitive activity, students and teachers, writers and scientists critically reflect on any new knowledge. It is only through critical thinking that the traditional process of cognition becomes independent, conscious, continuous and effective.

Learning to teach. If we look at the essence of this word, we will not only teach, but, if necessary, we will be able to learn from a student, a colleague, from each other to do. These are opportunities to listen, respect, accept any opinions, treat him with respect, discuss, generalize, evaluate. All these actions are found in our work activities.

Teaching critical thinking is not an easy task, and it is not taught at the same level. There are also no specific steps that teach critical thinking. But there are several favorable conditions and student understanding that are created in the classroom that support critical thinking. Critical thinking "six method "hat thinking"I was interested in the child himself. Previously, he was only a listener, now he is a seeker, a thinker, an argumentator of his thoughts, and the teacher is a guide, an organizer of this action. Various methods and techniques can be used to involve students in creative work, increase their activity, interest, and develop creative abilities. Creative works encourage students to contemplate, arouse interest, stimulate creativity, activity.

References:

1. ОтароваН. Сын тұрғысына нойлау // Биология және салауаттылық негізі. -2006. - № 1. - 21-23 б.
2. ТашеноваА.Сын тұрғысына нойлауды оқумен жазу арқылы дамыту//Білім-Образование-2006. №6.
3. НечаеваЕ.Н. Презентация «Технология критического мышления»
4. Galskova, N. D. and Tareva, E. G. The values of the modern world of globalization and intercultural education as a value. Foreign languages in school, 2012. № 1. - pp. 2-9
5. Widdowson H. G. Teaching Language as a Communication-Oxford: Oxford University Press, 1978. - p.132-133

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұлкүнбек Бақытгүл Бақытжанқызы, 2 курс магистранты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері айтылады. Мәдениет – тарихи даму барысында адамзат жасаған материалдық және рухани игіліктердің жиынтығы. Экологиялық мәдениет - әрбір қоғамдағы жалпы мәдениеттің ең мәнді элементтерінің бірі болып табылады, өйткені әлеуметтік іс-әрекет ұдайы қоршаған ортаның өмір сүру талаптарымен байланыста болады. Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ең басты жолдарының бірі – дүниетану сабақтарында экологиялық білім мен тәрбие беру. Экологиялық білім бере отырып, тәрбиелеу "Дүниетану" сабағының әрбір тақырыбында айқын көрінеді.

Тірек сөздер: мәдениет, экологиялық мәдениет, дүниетану сабақтары, экологиялық тәрбие.

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы формирования экологической культуры младших школьников. Культура-совокупность материальных и духовных благ, созданных человечеством в ходе исторического развития. Экологическая культура является одним из наиболее значимых элементов культуры в целом для каждого общества, поскольку социальная деятельность постоянно находится в контакте с требованиями к жизни окружающей среды. Одним из главных путей формирования экологической культуры младших школьников является экологическое образование и воспитание на уроках мировоззрения. Экологическое воспитание наглядно проявляется в каждой теме урока "познание мира".

Ключевые слова: культура, экологическая культура, уроки дунетоведения, экологическое воспитание.

Annotation

This article discusses the problems of the formation of the ecological culture of Primary School students. Culture is a combination of material and spiritual goods created by mankind in the course of historical development. Ecological culture is one of the most important elements of the general culture in every society, because social activity is constantly connected with the requirements of the environment. One of the main ways to form an ecological culture for Primary School students is to provide environmental education and upbringing in World Studies lessons. Education with environmental education is clearly manifested in each topic of the lesson "World Studies".

Key words: culture, ecological culture, dunetology lessons, environmental education.

ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша ХХ ғасырдың соңғы 20 жылының «Экологиялық білім беру жылы» деп жариялануы үздіксіз экологиялық білім берудің барлық өркениетті елдерде ең басты әрі көкейкесті проблема болып отырғандығын тағы да дәлелдеп берген еді. Табиғат, биосфера және айналадағы орта – бір-бірімен мағыналас ұғымдар. Биосфера – бұл біздің тіршілік ортамыз, бізді қоршаған табиғат.

В.В.Давыдов: ... «бала мен жасөспірім аралығында құпия әлемнен сатылап шығып, ата-ана ықпалынан арылып, жора-жолдастарымен араласып, қарым-қатынас жасау, оқу және ойын іс-әрекеттерімен айналысу, оның басты дамуының белгілі қаралы», - тұжырымдайды [1]. Бастауыш сыныпта балалардың зейіні көлем жағынан шектелген болады. Олар тез алаңдайды, естігендерін тез ұмытады, өз жұмыстарында қатені көп жібереді, оны орындап отырған кезде кенеттен басқа іске алаңдауы кездеседі. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларын қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық білімін қалыптастыру үшін осы ерекшеліктерді ескеру қажет, - деп есептейміз.

П.Я.Галперин бала мәселені шешу үшін алдымен сыртқы материалдық әрекеттерді (затты ұстап көру, тұрқын, көлемін ажырату, шамамен өлшеу т.б.) пайдаланады, одан

кейін оның бейнесін елестетеді. Содан барып дауыстап және іштен айта алатын болады, сөйтіп сыртқы заттық әрекеті, біртіндеп ішкі ой әрекетіне айналады деген [2]. Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы мен дамуы таным әрекетінің үдерісінде біртіндеп қалыптасады. Олардың ойлауы эмоционалды-бейнеліден, абстракты логикалыққа қарай өтеді. Бастауыш сыныптарда оқушының ақыл-ойынсебеп-салдар байланысын түсіну деңгейіне жеткізу керек.

Ш.Амонашвили төменгі сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін: «дүниені диалектикалық заңдылығына сай түсінудің генетикалық алғашқы пайым жасауға талпынуымен», -байланыстырады [3].

Х.Беделбаева:«Баланы қоршаған дүниемен таныстыру – баланың психикасын дамытудың, оның жеке басының сапасын қалыптастырудың шарты. Тәрбиешінің міндеті – айнала қоршаған орта заттар жөніндегі адамдар мен олардың еңбегі туралы айтып түсіндіру болып табылады. Қоршаған ортаны танып, оған қамқор болу балаларды адамдарға деген сүйіспеншілікке, олардың мұңы мен қуанышына ортақтасуға, мейірімділікке, тәрбиелеумен тығыз ұштастырылған жағдайда ғана пайдалы болмақ», - дейді.

Бала психикасының дамуына әсер ететін күнделікті қам-қарекеттерде ересектер тобы балаларының үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасы күрделеніп, іс-әрекетінің мазмұны, түрі (ойыны, еңбегі, оқуы) мақсатты сипат алады.

М.Мырзатаева бастауыш сынып оқушысының қиялының даму бағыттарына келесілерді жатқызады: - алғашқы кезде қиял бейнелері шашыраңқы, айқын емес, бірақ біртіндеп, неғұрлым нақты айқындала бастайды; - екінші сыныпқа қарай қиял бейнелері белгілерінің, соның ішінде мәнді белгілерінің саны едәуір ұлғаяды; - үшінші сыныпқа қарай қиял бейнелері жалпыланып, неғұрлым ашықбола бастайды; балалар әңгіменің желісін өзгертіп, шарттылықты ендіре алады; - алғашқыда қиял бейнелерінің бәрі затқа сүйенуді талап етеді, тек кейінірек қана сөзге сүйену дамиды [4]. Біз автордың пікірін зерттеу жұмысымызда басшылыққа аламыз. Өйткені зерттеушілік іс-әрекет оқушы қиялының дамуындағы басты бағыт шындықты өз білімдеріне сәйкес негізде неғұрлым дұрыс және толық бейнелендіру. Сынып жоғарылаған сайын бала қиялының шындығы артады. Олай болса зерттеушілік іс-әрекетті орындауда болдам жасауы тікелей қиялымен байланысты екенін басшылыққа алуға негіз болады деп санаймыз.

Қ.А.Аймағамбетова «баланы айналамен таныстырудағы негізгі мақсат – оқушылардың қоршаған табиғат, адам және еңбек туралы алғашқы түсінігін қалыптастыру, баланы отбасында, мектепте еңбек ете білуге, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету және көргендерін кейін көзге елестете білуге, ол жайында әңгімелеп беруге ой қорытып, сөйлем құруға үйрету», - деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, автор табиғат туралы білім негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру және қоршаған ортаны таныту мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеді. Бүгінгі мектеп алдындағы басты міндет – оқыту үдерісінде ұлттық игіліктер мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып, оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға жағдай туғызу тұрғысынан қарастырсақ, автор дүниетану пәні аясында ұлттық құндылықтар мен қоршаған орта туралы түсініктерді меңгертуді көздеген [5]. Баланың қоршаған орта туралы ойлау қабілетін дамытуға олардың ойынан алғаш рет орын алған адам, табиғат, қоғам туралы білімдері тірек боладв. Дүниеге көзқарас дегеніміз – айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мәні, мағынасы туралы ойдың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы.

А.М.Текесбаеваның ғылыми зерттеуінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда дүниетану сабақтарында өлкетану материалдарын пайдаланудың тиімді жолдарын зерделейді. Бастауыш сыныптарда оқу әрекеті қоршаған ортаны тікелей танудың дамуын ынталандырады. Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымының ауқымы түрлі оқу пәндерін оқып үйрену барысында қоршаған орта, оның заңдылықтары туралы білім алу барысында қалыптастады. Олардың дүниетанымы

айнала, қоршаған орта, туған өлке, адам еңбегі туралы нақты да қарапайым алғашқы түсініктер беру негізінде жүзеге асырылады. Мұндай мүмкіндіктерге дүниетану пәнiнiң мүмкіндіктері өте жоғары, - деп көрсетеді [6]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, оны пайдаланудың тиімді жолдарының бірі бастауыш сынып оқушыларының қоршаған орта негізінде экологиялық білімін қалыптастыру үшін дүниетану сабағын тиімді ұйымдастыру қажет,- деп санаймыз.

Г.Ж.Наубетова экологиялық білім беру жастардың экологиялық білімдер жүйесін, экологиялық көзқарастарын, санасын, табиғатқа парасаттылық, жауапкершілік, дұрыс қатынасын қалыптастыруға мақсатталған. Осы нәтижесінде адамның мәдениеттілік сезімі, экологиялық санасы мен парасаты қалыптасады. Экологиялық парасат қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермейді, адам бойына экологиялық мәдениет дағдыларын сіңіруге бейімдейді, қоғамдық пайдалы еңбек арқылы табиғатты қорғау, күту, жақсартуға тартады. Осының барлығы экологиялық парасатты іс-әрекет негізінде іске асады. [7]. Экологиялық парасатты іс-әрекет экологиялық білімдерді қолдана білуге, іскерлікке төселуге, табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосуға үлкен үлес қосады, - деп есептейміз.

Адам баласы барлық уақытта табиғатқа бағынып, оның ресурстарын өз қажетіне жұмсап отырған. Адамзаттың табиғатқа, қоршаған ортаға деген көзқарасы болашақ ұрпақтың мүддесі үшін аса маңызды. Барлық уақытта қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарау салтымыз. Экологиялық білім мен тәрбие беру – оқушыны қоғам талабына сай тұлға ретінде қалыптастырудың бірегей жолы. Жоғарыда жасалған теориялық еңбектерге сүйене отырып, ***келесі ерекшеліктерді айқындадық:***

- жас ерекшелігіне сәйкес қоршаған орта мәселелерін шеше білудегі экологиялық саналы белсенділігі;
- қоршаған орта туралы экологиялық білімі болуы және оны қажетті жағдайларда қолданудағы экологиялық ойлауы;
- қоршаған орта негізінде табиғат қорларын тиімді пайдаланудағы экологиялық сауаттылығы;
- қоршаған ортамен экологиялық қарым-қатынасы мен экологиялық мәдениетінің болуы;
- табиғаттағы мінез-құлық ережелері мен пайдалы экологиялық іс-әрекет дағдыларын өздігінен атқара білуі;
- экологиялық әрекет тәжірибесі, қоршаған ортаға құндылық қатынас тәжірибесі;
- ұжымдық оқу әрекетін ұйымдастыру топтық, жұптық жұмыста оқушылардың өзара және мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық;

Қорыта келе, бала санасында «Адам – қоғам – табиғат» түсінігі толық қалыптасқанда ғана ол заманның талабына сай экологиялық білімді жетік меңгерген, қоршаған ортаға мәдени қарым-қатынас жасайтын тұлғаға қалыптастыруға болады, - деген тұжырым жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. М.: Педагогика, 1986.
2. Галперин П.Я. Умственное действие как основа формирования мысли и образа // Вопросы психологии. - М., 1957. - №6. - С. 58-69.
3. Амонашвили Ш. Размышления о гуманной педагогике [Текст] : научно-популярная литература / Ш. А. Амонашвили. - М. : Изд. дом Шалвы Амонашвили, 2001. - 461 с.
4. Мырзатаева Б. Кіші мектеп оқушыларының психологиясы. – Қарағанды, 2016
5. Аймағамбетова Қ.А. Дүниетануды оқыту теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2006. – 259 б.

6. Текесбаева А.М. Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымындағы өлкетану мәселесі. – Алматы, 2008.- 148 б.
7. Наубетова Г.Ж. Экологиялық білім / Г.Ж.Наубетова. - Текст: непосредственный//Молодой ученый. - 2018. - № 9.1 (195.1). - С. 13-15.

ОӘЖ 373.5

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛЫ

Абилова О.А. аға оқытушы, магистр

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

E-mail: o_abilova@mail.ru

Аннотация

Мақалада заманауи әлемде білім беруді дамытудың негізгі тенденцияларының тұлғаның қалыптасуына және қоғамдағы білім беруді жаһандандыру процесіне әсері қарастырылған. Автор білім берудің дамытудың негізгі тенденцияларына түсінік беріп, ғылыми негіздеген.

Тірек сөздер: білім беру тенденциясы, ізгілендіру, демократияландыру, интеграция, стандарттау, акпараттандыру, жаһандандыру.

Аннотация

В статье рассматривается влияние основных тенденций развития образования в современном мире на формирование личности и процесс глобализации образования в обществе. Автор научно обосновал основные тенденции развития образования.

Ключевые слова: тенденция образования, гуманизация, демократизация, интеграция, стандартизация, информатизация, глобализация.

Annotation

The article discusses the influence of the main trends in the development of education in the modern world on the formation of personality and the process of educational globalization in society. The author has scientifically substantiated the main trends in the development of education.

Key words: education tendency, humanization, democratization, integration, standardization, informatization, globalization.

Елімізде білім беру мәселесіне қатысты көптеген өзгерістер енгізіліп, оны жаңарту аясында білімді ізгілендіру, жаһандандыру, нәтижесінде тұлғаның жаңа өмірлік бағдарын қалыптастыру маңызды фактор болып отыр. Білім беру ұйымдарындағы оқыту үдерісі білім алушылардың сенімді, қажетті және терең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс, бұл тұлғаның іргелі құзыреттілігі болып табылады. Дамыған қоғамға заманауи білімді, кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті, ынтымақтасу тәсілдерін таңдай білетін құзыретті тұлға қажет. Олар өздерінің ұтқырлығымен, қарқындылығымен, конструктивтілігімен ерекшеленеді.


Қазіргі уақытта ХХІ ғасырдағы білім беруді дамыту тенденцияларын негіздеуге қатысты көптеген тәсілдемелер бар. Осы тәсілдемелерді талдай отырып, заманауи әлемде білім беруді дамытудың келесі негізгі тенденцияларын айқындауға болады:

білім беруді ізгілендіруді технократтық (өндірісті кадрлармен қамтамасыз ету, оларды өндіріс қажеттілігіне қарай бейімдеу) мақсаттардан тұлғаның қалыптасуы мен дамуын көздейтін ізгілендіру мақсатына қарай түбегейлі бұрылыс ретінде түсіндіруге болады;

білім беруді демократияландыру қатаң орталықтандырылған және біртұтас оқытуды ұйымдастыру жүйесінен әр оқу мекемесі, тіпті әр педагог үшін жағдай құру және мүмкіндік беруге өту жүйесі деуге болады;

үздіксіз білім алуға ұмтылыс «өмір бойы білім алу» мүмкіндігі ретінде қарастырылады [1].

Десек те, осы тәсілдемелер заманауи өркениеттің жаһандану сипатындағы негізгі ерекшеліктерін ескермейді. Сол себепті заманауи білім беруді дамытудың осы тенденцияларын жаһандық деңгейде, яғни әлемдік білім беруді дамыту шеңберінде қарастыру қажет. Осыған орай ХХІ ғасырда заманауи білім беруді дамыту тенденцияларын келесі үлгіде қарастырып көрелік (сурет 1).



Сурет 1. Заманауи білім беруді дамыту тенденциясы

Осы тенденцияның әрқайсысын қысқаша жеке қарастырайық.

Білім беруді ізгілендіру. ХХІ ғасыр білім беру жүйесімен байланысты мәдениет пен адамзат ресурстарының күрес ғасыры. Сондықтан білім қоғам мен өндірістің мүддесі білім алушылардың қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне қарай бағдарлануы тиіс.

Білім беруді ізгілендіру технократтық жүйеге қарама-қайшы келеді, яғни қоғамға, өндіріс пен ғылыми-техникалық прогресске қызмет ету бағыттылығы қайта қарастырылады.

Білім беруді ізгілендіру тұлғаның жан-жақты дамуы үшін оңтайлы жағдай құру дегенді білдіреді. Сондай-ақ оқыту тұлғалық бағдарлы сипатта болуы тиіс және оның негізгі сипаттамалық белгісі болып табылады:

дамудың оқытудан озық болуы;

субъект-субъектілік қарым-қатынас;

білім, білік және дағды тұлғаны дамыту құралы ретінде;

оқытудың белсенді әдістерін қолдану;

оқыту үдерісіне рефлексия, өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалауды енгізу.

Білім беруді ізгілендіру тұлғаның негізгі құрылымының келесі құрауыштарын тәрбиелеуге ықпал етуі тиіс:

азаматтық мәдениетін;

өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау мәдениетін;
адамгершілік және зияткерлік мәдениетін;
ақпараттық-технологиялық мәдениетін.

Заманауи білім беру ұйымдарын ізгілендіру білім алушылардың қызығушылығын, мүддесін, мүмкіндіктері мен қабілеттерін күшейтуге ықпал етеді.

Іргелі білім беру. Білім нарықтық экономика жағдайында негізгі жеке капитал болып табылады. Оны тиімді басқару үшін ол еңбек нарығында қолданыс табуы тиіс. Іргелі білімнің қажеттілігі осы жерден туындайды.

Іргелі білім беруді қамтамасыз ету шарттары:

Білім берудің негізгі мазмұнын қысқарту.

Білім алушыларды негізгі біліктілік бойынша оқыту.

Кәсіби білім беру бағдарламаларындағы жалпы білім беру компоненттерін күшейту.

Оқу орындарының ғылыми әлеуетін көтеру.

Білім берудің технологияландыру. Ақпараттық-технологиялық өркениеттің қалыптасуы мен дамуы білім беруді технологиялық тұрғыда жүзеге асыруға негіз болды. Технологиялық дайындық жалпы білім берудің құрамды бөлігі ретінде қарастырылады.

Білім беруді демократияландыру. Демократияландыру – бұл заманауи білім беруді дамытудың жетекші бағыттарының бірі. Білім беруді демократияландыру келесі қағидаттар негізінде құрылады:

білім алушылардың оқу қызметін өзі ұйымдастыруы;

педагогтар мен білім алушылардың ынтымақтастығы;

білім беру ұйымдарының ашықтығы;

білім беру жүйесінің сан алуандылығы;

білім алудың тең мүмкіндігі;

қоғамдық-мемлекеттік басқару.

Демократияландыру әр адамның әлеуметтік жағдайына, жынысына ұлтына қарамастан оның білім алу құқығын жүзеге асыруға ықпал етуі тиіс.

Білім беруді интеграциялау. Әлемдік тәжірибеде интеграциялық, яғни кіріктіре оқыту кең тараған. Кіріктіре оқытудың негізгі міндеті білім алушыларды ғылыми негізделген негізгі құбылыстармен, фактілермен таныстыру, құбылыстарды зерттеу, жіктеу дағдыларын қалыптастыру және ғылыми интуицияны дамыту болып табылады.

Сонымен қатар ішкі және түрлі елдердегі білім беру жүйесін жуықтастыра түсетін және әлемдік білім беру кеңістігін қалыптастыратын сыртқы интеграция да жүзеге асырылады.

Білім берудегі интеграция жалпы жаңа әдістемелік құбылыс емес. Педагогикалық зерттеулердің тарихи талдауы көрсеткендей, оқытудағы интеграция мәселесі педагогикалық ғылым мен практиканың барлық даму кезеңдерінде назарға алынып отырды. Осы орайда интеграция білім берудің түбегейлі жаңа мазмұнын құруды, оқу-әдістемелік қамсыздандыруды, оқытудың жаңа технологияларын көздейді.

Білім беруді стандарттау. Білім беру стандарты сапалы білімнің маңызды шарты болып табылады. Білім беруді стандарттау қай елде болмасын нақты білім деңгейімен белгіленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларды дайындау арқылы жүзеге асады.

Білім беру стандарты қолданысы аясында білім беру бағдарламаларының мазмұны, оқу жүктемесінің көлемі, білім алушылардың дайын деңгейіне қойылатын талаптар қалыптасады.

Білім беруді ақпараттандыру және компьютерлендіру. Ақпараттық-технологиялық өркениеттің қалыптасуы білім беруді ақпараттандыру және компьютерлендіру процессін көздейді. Білім беру ұйымдарында жаңа ақпараттық технологиялар енгізілуде, осыған орай оқыту ұғымының өзі де өзгереді, өйткені ақпараттарды қолдан білмейінше нәтижелі білім алудың өзі мүмкін емес болып отыр. Ақпарат алу, өңдеу және қолдана білу ептілігі адамның функционалды сауаттылығының көрсеткіші болып табылады.

Компьютерлік технологиялар білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытады, теориялық материалды терең түсінуге көмектеседі және оқу мотивациясын арттырады [2].

Білім беруді жаһандандыру. ХХІ ғасырдың бастапқы кезеңі әлемдік қоғамдастықтың, оның ішінде біздің еліміздің де барлық саласында жаһандандыру процесін күшейтумен сипатталады. Жаһандану – жалпы әлемдік, халықаралық қарым-қатынастың, экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени тұтастықтың құрылуының заманауи кезеңі. Жаһанданудың ең айқын көрінісі – жаңа компьютерлік технология базасында жалпы ақпараттық кеңістіктің қалыптасуы, әлемдік тәжірибенің біртұтастығы. Бірақ осы анықтама, біздің көзқарасымызша, жаһандану процесін жан-жақты толық ашып көрсете алмайды. Өйткені қоғамдық дамудың заманауи кезеңінде жаһандану өте көпқырлы, қарама-қайшы және әлі де толық зерттелмеген құбылыс болып табылады.

Бүгінде жаһанданудың басты мәселелеріне қатысты саналуан пікірлер бар, осы процеске деген екі тәсілдеме басымдық танытады. Кейбір ғалымдар жаһандануды әлемнің біртұтастығының және оның дамуының кепілі ретінде қарастырса, ал енді бірі еуропалық, америкалық мәдениетке тән құндылықтар мен нормаларды кеңінен насихаттау процесі ретінде көреді [3].

Жаһандандыру процесі біздің қоғамның іс жүзінде барлық саласын, оның ішінде білім беруді де қамтиды. Осыған орай Қазақстанның білім беру саласына жаңа талаптар қойылады, заманауи білім беруді дамытудың негізгі тенденцияларының білім алушылардың тұлғалық қалыптасуына ықпалын зерделеу негізінде жаңа сатыға – білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру кезеңін сапалы жүзеге асыруды көздейді. Сондай-ақ үздіксіз білім беру мәселесі де алға қойылды. Ғалымдардың «үздіксіз білім беру – ол адамның бүкіл ғұмыр жолында жеке тұлға ретінде дамып отыруы» деген қағидасы қазіргі кезде өз жалғасын табуда. Үздіксіз білім беру бұл үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу емес немесе бекітілген оқу мерзімімен және оқу орнының қабырғасымен шектелмейді, ол – адамға білімнің белгілі бір көлемін беруге, бағытталған білім түріне ауысу болып табылады.

Сонымен, білім беруді дамыту тенденциялары әлемдік деңгейде біртұтас қарастырыла отырып, әр елдің білім беру жүйесіне өзіндік ықпалын тигізері сөзсіз. Білім берудің басты нысаны білім алушылар болғандықтан, оларға оңтайлы ықпал ету арқылы тұлғалық сапаларын қалыптастыру басты міндеттердің бірі ретінде алға шығады.

Әдебиеттер

1. Багачук А.В. Современные тенденции развития образования. –Москва: Буки-Веди, 2018, с.50-52
2. Важевская Н.Е. Развитие современного образования: некоторые общие тенденции. Школа будущего. 2018. с.8-13
3. Мальковская И.А. Профиль информационно-коммуникативного общества (обзор зарубежных теорий) // Социальное исследования. – 2007. – № 2. – с.76–85.

СКАФФОЛДИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ (АҒЫЛШЫН ТІЛІ МЫСАЛЫНДА)

Абай атындағы ҚазҰПУ

Ғылыми жетекшісі:

Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а. Булшекбаева А.И.

bulshekbaeva@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ

1 курс магистранты Абижанова Ғ.Т.

Аңдатпа: Қазіргі заманда ағылшын тілін оқытудың алуан түрлі әдістері бар екені анық. Осы тұрғыда, оқыту процесінде педагог тарапынан берілетін қолдауы мен бағыт беруі маңызды рөл атқарады, соның бірден бір тиімді тәсілі скаффолдинг технологиясы. Мақалада технологияның ұғымы, оның педагогикада пайда болу тарихы, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дағдыларын дамытатын тиімді әдісі ретінде, оны қолданудың сипаттамалары қарастырылады.

Түйін сөздер: Скаффолдинг технологиясы, тілдік дағдылар, мектепке дейінгі білім, шет тілін оқыту әдісі, даму процестері, қарым-қатынас.

Abstract: It is clear that in modern times there are a wide variety of methods of teaching English. In this context, the support and guidance of the teacher plays an important role in the learning process, one of the most effective ways of which is scaffolding technology. The article discusses the concept of technology, the history of its emergence in pedagogy, as well as the characteristics of its use, as an effective method for developing language skills in preschool children.

Key words: Scaffolding technology, language skills, preschool education, method of teaching a foreign language, development processes, communication.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев ұстаздардың тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде "Бүгінде IT мен биотехнология саласындағы революция адамзатты өзгертіп жатыр. Сол себепті білім беру жүйесі жаңа реалияларға тез бейімделуді қажет етеді. Әлемдегі жетекші мектептер балалардың креативті потенциалын дамытумен айналысады, цифрлық технологиялар мен нақты ғылымдарды оқытады. Педагогтар оқыту әдістемесін ойын форматына ауыстырып, жаңа үнемі мамандықтар мен дағдыларды ізденеді", - деп атап көрсеткен болатын. Демек, білім саласында түрлі нәтижеге қол жеткізетін технологияларды пайдалану, педагогтің шеберлігіне алып келеді. Біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігі әлемдік педагогикалық трендтерді өз тәжірибемізде пайдаланып, ғылыми негізделген ұсыныстар даярлау. [1]

Ақыл-ой тәрбиесінің басты бағыттарының бірі болып табылатын тіл – өмір ол шындығын танытатын құрал. Сөз өнеріне, тіл байлығына тәрбиелеу ісі баланың ең жас кезінен басталуы заңды болмақ. Бұл жағдайлар көрнекті психолог – педагог ғалымдардың сәби тіліндегі ерекшеліктері мен заңдылықтарды зерттеу мәселесіне арналған еңбектерінде [2] баланың сөз қорын, сөйлеу тілін дамыту оның психологиялық процестерін атап айтқанда, ойлау, қабылдау, елестету, түйсіну сияқты жетілдіруге тікелей әсер ететіндері жан-жақты дәлелденген.

Мектепке дейінгі педагогиканы Б. Баймұратова, Р.Қ.Аралбаева, Ф.Жұмабекова, С.А.Мұсаева, С.А.Козлова, Т.А.Куликова т.б. ғалымдар зерттесе, шет тілін оқыту мәселелерін С.С.Кунанбева К.Д.Ушинский, Е.Водовозова, Е.И.Тихеева сияқты әдіскерлердің педагогикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерінде талқыланды. Скаффолдинг технологиясы арқылы шет тілін оқыту әдістемесін көптеген педагогтар мен ғалымдар жасаған, олардың арасында педагогикалық және психологиялық еңбек сіңіргендер И. А. Зимней, Г. А. Китайгородская, А. А. Леонтьев, Е. И. Пассов, В. Л. Скалкина, Н. Д. Галскова, Е. А. Маслово, Г. В. Рогова, Ф. М. Рабинович, Л. С. Выготский, Д.Б. Эльконин, В. В. Давыдов, Дж. Брунер, И. Вереникин, Г. Дэниэлс.

Ерте жастан ағылшын тілін оқыту балалардың:

- шетел тілін үйренуге қызығушылығын;
- танымдық қабілетін;
- өзіндік шығармашылық әрекетін;
- тұлғалық қасиеттерін;
- есте сақтау қабілетін;
- мектеп өміріне бейімделушілігін жетілдіруге мүмкіндік береді

Қиын тапсырмалар пайда болған кезде, әсіресе жаңа сөзбен таныстырғанда, оны қабылдау қиындық туғызған жағдайда, қолдау тәсілі немесе "скаффолдинг" (*to scaffold* ағылшын тілінен аударғанда – тіреп қоятын тірек ағаш) қолғабыс болады. Балаларға ағылшын тілін оқыту кезінде, ең бастысы фонетикалық әдісті пайдалану, сөзді дұрыс айту барысында қолдау көрсетудің маңызы зор. Қолдау идеясын американдық психологтар Джером Брунер, Дэвид Вуд және Гейл Росст алғаш көрсеткен болатын, бұл 1930 жылдардың басында кеңестік психолог Л. С. Выготский ұсынған «жақын арадағы даму аймағы» тұжырымдамасына дәл келеді. "Скаффолдинг" термині немесе қолдау тәсілі алғаш 1976 жылы қолданбалы педагогикалық психологияда қолданылған. Берілген ұғым "ересек адам баланың мүмкіндітерін ескере отырып, тапсырманың элементтерін басқарады, бұл білім алушыға өз құзыретіне кіретін тапсырмаға ғана назар аудартып және өздігімен аяқтауға мүмкіндік береді". [3] Мектепке дейінгі педагогикада скаффолдинг бұл тәрбиешінің немесе ата-ананың баламен жасалатын қарым-қатынасы, яғни бұл технология балаға ересек адамның көмегімен, бірге тапсырманы орындаудан бастап, сол арқылы өз бетінше нәтижеге жетуіне дейін көмектеседі. Мұндай қарым-қатынас баланың жақын арадағы даму аймағында орналасады, ол дегеніміз, даму процестеріндегі білімі мен тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Скаффолдинг технологиясы баланың ішкі мотивациясы, оның тілге деген қызығушылығы болған жағдайда ғана ұтымды болады.

Л.С. Выготскийдің теориясы бойынша, жақын арадағы даму аймағы баланың өздігімен орындай алмайтын оқу деңгейін ересек немесе ықпалды адамның көмегімен қамтамасыз етудегі рөлі болып табылады. Қолдау көрсететін адам "Рефлексивті агент" ретінде жұмыс жасайды. Оқушының әрекетіне жауап береді, дамуын қамтамасыз етеді. Оқудың дамуы барысында қолдау көрсетушінің түрі мен деңгейі өзгеріп отырады. Бағыттаушылық, түрткі болу, дамудың тиімділігін арттыру мақсаттары жүреді, түрленіп отырады. Бұл үдеріс "көпіршелер тұрғызу" деп аталады. Бұл жетекшінің оқушыларды тапсырманы аяқтауға итермелеуі, қолдаудың үнемі ұлғайып, артуы. [4] Бұл технология баланың;

- Өз ойына қынайтуға
- Өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға
- Өзара қарым-қатынас жасау арқылы өз мақсатына жетуіне
- ЖАДА
- Ынтымақтастық достық қарым-қатынас қалыптастырады
- Топтық жұмыста бірге мәселені шешуге

Игры, с помощью которых развивается умение обобщать и классифицировать предметы по различным признакам, объединены в третьей группе: «Кому что нужно?», «Назови три предмета», «Назови одним словом». В особую четвертую группу, выделены игры на развитие внимания, сообразительности, быстроты мышления: «Краски», «Летает, не летает» и другие. Третий класс игр – традиционные или народные. Исторически они лежат в основе многих игр, относящихся к обучаемым и досуговым. Предметная среда народных игр также традиционна, они сами, и чаще представлена в музеях, а не в детских коллективах.

Исследования, проведенные в последние годы, показали, что народные игры способствуют формированию у детей универсальных родовых и психических способностей человека (сенсомоторной координации, произвольности поведения, символической функции мышления и другие), а также важнейших черт психологии этноса, создавшего игру.

Для обеспечения развивающего потенциала игр нужны не только разнообразные игрушки, особая творческая аура, создаваемая взрослыми, увлеченными работой с детьми, но и соответствующая предметно-пространственная среда.

Для педагогов важно продумать поэтапное распределение игр, в том числе и дидактических, на уроке. В начале урока цель игры – организовать и заинтересовать детей, стимулировать их активность. В середине урока дидактическая игра должна решить задачу усвоения темы. В конце урока игра может носить поисковый характер. На любом этапе урока игра должна отвечать следующим требованиям: быть интересной, доступной, увлекательной, включать детей в разные виды деятельности. Следовательно, игра, может быть проведена на любом этапе урока, а также на уроках разного типа. Дидактическая игра входит в целостный педагогический процесс, сочетается и взаимосвязана с другими формами обучения и воспитания младших школьников.

Литература:

1. Гальперин П.Я. Методы обучения и умственного развития ребенка. - М 1985. – 42 с.
2. Галызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности учащихся. М., 1983. – 96 с.
3. Амонашвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьника — М., 1984. - 284 с.
4. Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении . М., 1972. - 424 с.
5. Шаронин Ю.В. Технология развития творческого потенциала личности в учебно-воспитательном процессе. // Образование и рынок. №2, 1997, - С. 43-48.

ӘОЖ 373.2

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ОЙЫНШЫҚ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Каримова Р.Е. п.ғ.м., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: raziya.1966@mail.ru

Камал Ж., Баян Н., Сағындық Д.

6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 4-курс студенттер

Аннотация

Мақалада балалар ойыншықтарының балаларды дамыту үшін маңыздылығы жайлы айтылады және мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының аспектілері, балалардың ойыншықтарына қойылатын бірқатар іргелі талаптарды анықтау мен оларды таңдау және орналастыру жағдайлары қарастырылған.

Тірек сөздер: *ойын, балалар ойыншығы, жеке даму, мектепке дейінгі жас, ойын ортасы.*

Аннотация

В статье предпринята попытка показать значение детской игрушки для развития разных сторон личности ребенка дошкольного возраста, определить ряд принципиальных требований к детским игрушкам, их подбору и размещению.

Ключевые слова: *игра, детская игрушка, развитие личности, дошкольный возраст, игровая среда*

Annotation

The article attempts to show the importance of a child's toy for the development of various aspects of the personality of a child of preschool age, to determine a number of basic requirements for children's toys, their selection and placement.

Keywords: *game, children's toy, personality development, preschool age, game environment.*

Өмірдің алғашқы алты-жеті жылы - баланың психикалық дамуы үшін ең сезімтал және жауапты кезең. Осы кезде жеке тұлғаның барлық психикалық қасиеттері мен сапаларының, танымдық процестер мен әрекеттердің негізі қаланады. Психикалық даму көптеген факторларға, ең алдымен ағзаның тұқым қуалаушылық ерекшеліктеріне, жалпы денсаулыққа, жынысқа және қоршаған ортаның әсеріне байланысты. Баланың психикалық дамуында оның белсенділігі мен басқа адамдармен қарым-қатынасы шешуші рөл атқарады.

Мектепке дейінгі жаста ойын әрекеті басым болады. Ойын арқылы бала қоршаған дүниені, заттардың қасиеттерін таниды. Баланың кез келген әрекетінің өз мақсаты болады. Мектепке дейінгі жаста баланың іс-әрекетінің кез келген түрінің мақсаты оның жан-жақты дамуы болып табылады. Мақсатқа жету үшін оған жету құралдары болып табылатын құралдар қажет. Мектеп жасына дейінгі баланың ойынындағы негізгі құрал – ойыншық. Ол баланың белсенді әрекетке, әртүрлі қозғалыстарға деген қажеттіліктерін қанағаттандырады, оның жоспарын жүзеге асыруға, рөлге еруге көмектеседі, оның іс-әрекетін шынайы етеді. Осылайша, барлық психикалық процестерде тікелей даму бар: қиялда, ойлауда, назарда, қабылдауда және есте сақтауда, өйткені ол кейіннен ойыншықпен, затпен немесе ойнай отырып, нақты өмірде бала қабылдаған барлық бейнелерді қайта жасауға тырысады. Көптеген педагогтар мен психологтар ойыншықтардың бала психикасына әсері мәселесін зерттеп келеді. Н. К. Крупская ойыншыққа ерекше мән беріп, ойыншық баланың өмірді тануына жәрдемдеседі, оған көмектеседі деп қарады. М. Горький балаға өмір туралы түсінік беріп, өзінің елі туралы ұғындырып отырудың қажеттілігін айта келіп, оны ойыншық арқылы ешбір қиналмастан, әп-сәтте меңгеруге болатындығын атап өтті. Белгілі психолог Урунтаева Г.А. ересектердің басты міндеті баланы ойыншықтармен әрекет етуге үйрету екенін айтты. Ойыншықтарды зерттеу саласындағы белгілі педагог Д.В.Менджерицкая ойыншық балалардың еңбекке деген қызығушылығын оятуға көмектеседі, ізденімпаздықты, ізденімпаздықты қалыптастыруға ықпал етеді деп есептеді[1].

Баланың өмірі әртүрлі әрекеттерден тұрады. Балалардың барлық әрекеттерін белгілі бір түрде топтастыруға және әр түрлі әрекет түрлеріне жатқызуға болады. А.Н. Леонтьев іс-әрекет теориясын жасады. Дәл психологияда іс-әрекет пен сананың бірлігі пайда болады – бұл іс-әрекет психикалық дамудың шарты, ал психолог Д.Б. Эльконин теориясында – психикалық дамудың негізгі көрсеткіші ретінде жетекші іс-әрекеттің негізгі қалыптасуы деп түсіндіріледі. Жетекші қызмет – бұл дамудың әлеуметтік жағдайы шеңберіндегі іс-әрекет, оның орындалуы дамудың берілген кезеңінде оның негізгі психологиялық ісіктерінің айтылуын және қалыптасуын анықтайды. Нәресте дүниеге келгеннен бастап мектепке барғанға дейінгі кезеңде жетекші іс-әрекеттің үш түрі ауыстырылады. Біріншіден, бұл эмоционалды қарым-қатынас, содан кейін – пәндік іс-әрекет, ең соңында, сюжеттік-рөлдік ойын[2].

Ойын – адам әрекетінің ерекше түрі. Ол өскелең ұрпақты өмірге дайындаудың элеуметтік қажеттілігінен туындайды. Ол баланың психикалық дамуында жетекші болады. Ойын жағдайында оның қиялы дамиды, жалпылау мен абстракциялаудың жаңа деңгейі қалыптасады, есте сақтау мен еске түсіруге жағдай жасалады, сөйлеуі белсенді түрде дамиды, бала мінез-құлқының, сезімдерінің күрделі мотивтері пайда болады, дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалады. Ойыншық – балалар ойынына арналып жасалған құрал. Ойыншық – әрбір жас кезеңінде психологиялық және тұлғалық даму міндеттері объективтіленетін арнайы психологиялық құрал. Ойыншық мәдениет объектісі ретінде психикалық функциялар мен танымдық процестерді дамыту үшін де, баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін де маңызды.

Ойыншықтардың шығу тарихына тоқталар болсам, баланың ең алғашқы ойыншығы – сылдырмақ. Ежелгі Грецияда және Римде сылдырмақты жаңа туған балаға сыйлаған. Осындай сылдырмақпен анасы және күтушісі бесік жырын айтқан. Сонымен бірге, ежелгі наным сенімдер бойынша сылдырмақты сылдырлату арқылы жын-шайтандарды үркітеді деп сенген. Бізге белгілі ең ежелгі ойыншық біздің заманымызға дейінгі III ғасырда пайда болған. Өкінішке орай, көптеген ежелгі ойыншықтар біздің заманымызға дейін жетпеді. Ежелгі ойыншықтарды ағаштан, саздан, сүйектен және металлдардан жасаған. Ежелгі славян халқында көптеген жылдар бойы табиғат анаға құрбандық шалу рәсімі болған. Құрбандыққа тек әйелдерді шалған. Осындай азаптан әйелдерді құтқару үшін бір шебер адам құрбандыққа тірі әйелдің орнына қуыршақ шалуды ұсынады. Сөйтіп ең алғашы славян халқының қуыршағы осылай пайда болған. Алғашқы пүліш аю 1894 жылы пайда болды. Бұл ақпарат оның табанына тігілген жапсырмамен расталады. Таңқаларлық жайт, алайда алғашқы пүліш аю әлі күнге дейін әрбір отбасында өмір сүріп келеді. Кубик Рубикті Венгрияда мүсінші болып жұмыс істейтін Эрно Рубик ойлап шығарған. Әлемде осындай кубиктердің 300 миллионға жуығы сатылған. Егер олардың барлығы бір қатарға тізіп қоятын болсақ, онда олар Солтүстік полюстен Оңтүстік полюске дейін созылады екен. Яғни, ойыншық адамзат тарихында қазіргі қоғамдық қатынастар жүйесінде баланы өмірге дайындау құралы ретінде пайда болды деуге келеді [3].

Мектеп жасына дейінгі балаларға ойыншық туралы түсінік қалыптастырудың мәні зор. Себебі бала ойын іс-әрекетінде ойыншықпен ойнай отырып өз бойында қамқорлық, жауапкершілік сезімдерін қалыптастырады.

Ойыншық баланың түрлі бейнелер жасауына және жүзеге асырмақ рольдерін дұрыс көрсетуіне көмектеседі. Ойыншық арқылы жасалатын бейне ақиқат шындық түрінде беріледі. Қолындағы қуыршағын құндақтап, оны аймалап, еміренген кезде бала өзін бейне бір «анасындай» сезінеді. Ойыншық атқа мініп алғанда, бала өзін салт атты келе жатқандай қиялдайтынын сан көрген боларсыздар. Ойыншықтың педагогикалық тұрғыдан да мәні орасан зор. Ата-ана, тәрбиешілер ойыншық арқылы баланың дүниетанымын кеңейтеді, олардың ойын, түсінігін, қиялын дамытады. Күрделі ұғымдар мен қиын түсініктерді балаға ойын мен ойыншық арқылы жеткізу өте жеңіл де қолайлы. Ретімен дұрыс сұрыпталып алынған ойыншық баланың ерік қасиеттерін еңбекке деген сүйіспеншілігін, ұжымдыққа тәрбиелеудегі моральдық сапаларын қалыптастыруға әсер етеді.

Ойыншық баланың дамуына үлкен әсер етеді, сондықтан балаларға зиян тимес үшін ойыншықтарға қойылатын негізгі талаптарды ескерген жөн. Талаптарды екі топқа бөліп қарастыра аламыз.

Бірінші, педагогикалық, көркемдік арнайы талаптар:

- Ойыншық тәрбие мақсатына лайық болу керек;
- Ойыншық өзінің мазмұны, түр-сипаты мен пішіні жағынан тартымды жасалып, баланы қызықтырарлықтай, қуанышқа бөлерліктей болуға тиіс;
- Ойыншық баланың басқа халықтарды құрметтеп, оған деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталуы тиіс;
- Ойыншық баланың көркемдік сезімін, әдемілікті, сұлулықты танудың сезімін тәрбиелейтіндей болуы тиіс;

-Ойыншықта күлкілі сықақ, көңілді шаттық туғызарлық бейнелер жасалуға тиіс, бірақ мазаққа, карикатураға айналдырып жіберуге болмайды;

- Ойыншық баланың шығармашылық ойын дамытуға ықпал етерлік болғаны жөн. Екінші, гигиеналық талаптар:

-Ойыншық баланы жарақаттарлықтай, қолын кесіп кетерліктей, яғни олардың денесіне нұсқан келтіретіндей болмауға тиісті.

-Ойыншықтың бояуы ашық әдемі болуға тиіс, бірақ олардың денсаулығына әсер етпейтіндей болсын.

Өйткені бала ойыншықты аузына салып немесе ұстап жүргенде денесін уландыратындықтай болмасын. Ойыншық тез тазаратындай болуы керек. Жууға, дезинфекция жасауға, сүртуге жарарлық болғаны жөн.

Ойыншықтың нақтылығы мен төзімділігі де керек. Егер ойыншық тым әлсіз, сынғыш болса, баланы әуре сарсаңға салып, олардың жылап, ашулануына себеп болады. Ойыншықты іріктеп, таңдап алу кезінде тәрбиеші сол ойыншықтарға қойылатын педагогикалық, көркемдік, гигиеналық талаптарды басшылыққа алуға тиіс. Осы тұрғыда ескерер бір жайт бар. Ойыншық таңдаған кезде яки сатып алған кезде барынша мұқият болған дұрыс. Қытайдан әкелінген ойыншықтар жайлы айтар едім. Қытай ойыншықтарының екі түрі бар. Біріншісі — зауытта жасалып, елімізге ресми түрде әкелініп, тексеруден өтіп, сапасы жөнінде сертификаты бар тауар. Ал заңсыз әкелінген ойыншықтардың сапасы жайлы сертификаты болмағандықтан, оларды алуға сақтану қажет. Бояуы тым қанық, алыстан «мен мұңдалап» тұрған ойыншықтар өзі арзан, өзі сапасыз тауар. Себебі бояудың құрамында фенол, формальдегид, қорғасын, мырыш элементтері бар. Бұл заттар адамның жүйке жүйесіне, көз бен тыныс алу мүшелеріне, асқазан-ішек жолдарына кері әсер етеді. Бала кез келген нәрсені алдымен аузына салады, сондықтан ойыншықты таңдауда педагогтарда да, психологтарға да, ата-аналарға да көбірек назар аударған жөн, өйткені бала өмірінің көп бөлігін ойынмен өткізеді[4]. А.М.Горький жазғандай, ойыншық бала бойында азды-көпті ұзақ таң қалдырып, әсер беруі керек, өйткені бұл, ғалымның пікірінше білімге апарар жол мен түсінудің бастауы. Демек, ойыншықтардың балалар үшін маңызы зор екені мәлім. Ойыншықты пайдалану баланың ой-өрісін кеңейтуге, онда бейнеленген заттар мен өмір құбылыстарына деген ықыласын тәрбиелеуге көмектеседі.

Ойыншықтармен ойналатын бірлескен ойындарда балалардың өзара достық қарым-қатынастары қалыптасады. Ойыншық, балалардың ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және эстетикалық қабілеттерін, яғни жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Ойыншық мектеп жасына дейінгі баланың үйлесімді тұлғасына балалар кітабы қалай көмектессе, дәл соншалық мәні бар балалардың өміріне енген мәдениеттің бастауы десек, қате айтпаймыз.

Ойыншықтар мыңдаған жылдар бұрын пайда болып мың мәрте өзгергенімен өз мәнін, құндылығын жойған жоқ, керісінше жетілдіріліп бүгінгі күні өмірде әр бала үшін ерекше орын алады[5].

Ойыншық кез келген баланың серігі. Ойыншық арқылы баланың ойлау қабілеті артады, сол арқылы өмірге бейімделеді. Ойыншық баланың жұбаншы, қуанышы. Құрастырмалы кубиктер бала сана - сезімінің, миының жетілуіне әсер етеді.

Ойыншық бала үшін ермек қана емес, сонымен қатар, ол оның дамуына да тиімді құрал, қимыл-қозғалысты, сезім ағзаларын, тіл түсінуді жетілдірудің де бастамасы. Баланың сенімді серігіне айналған ойыншықтың сапасынан бөлек, тәрбиелік мәніне терең мән беруді ата-ана бір сәт ойланса игі.

Қорыта келе, балалар біздің болашағымыз. Сондықтан да балалар түрлі үрейтудыратын, бала түгілөзің қорқатын сапасыз, тәрбиелік мәні мен мағынасы жоқ шетел ойыншықтары немес, сапалы әрі тәрбиелік мәні зор ойыншықпен ойнап балалық шағынқызықты өткізуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Андабекова С. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2015. – 260 б
2. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2019. – 250 б
3. Н.К.Крупская Об игрушках для дошколят . Москва, 2015. – 150 б
4. <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2017/11/03/formirovanie-igrovyyh-predstavlenie-detey-doshkolnogo-vozrasta>
5. <https://infourok.ru/bayandama-oyinshi-zhne-oni-bala-mirindegi-orni-729047.html>
6. <file:///C:/Users/007/Downloads/znachenie-igrushki-v-razvitii-lichnosti-detey-doshkolnogo-vozrasta.pdf>

ӘОЖ 371.132

БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ОҚУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Каримова Р.Е. п.ғ.м., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: raziya.1966@mail.ru

Советова А. Б., Исабай Л. И., АмановаӘ.

БВ01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 4-курс студенттері

Аннотация

Бұл мақалада баланы мектепке оқуға дайындаудың психологиялық - педагогикалық ерекшеліктері жайында сипатталған. Жұмыстың жетекші педагогикалық идеясы- балалар іс әрекетінің психологиялық құрылымының дамуы әр жас кезеңінде әр түрлі жолменен жүретіндігінде. Олардың бәрі де бірге іс- әрекетінің құрылымын сипаттайды. Мектепке оқуға дайындаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері негізінен баланың мотивациялық - қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда және қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Баланың мектепке психологиялық дайындығы психодиагностикалық жұмыстар арқылы анықталады. Баланың таным процесі кезеңінде - зейін, қабылдау, ойлау, ес, қиял, қабілетерін зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

***Тірек сөздер:** зейін, қабылдау, ойлау, ес, қиял, тәрбие, балалар, мектепалды даярлық топ.*

Аннотация

В данной статье описаны психолого - педагогические особенности подготовки ребенка к обучению в школе. Ведущая педагогическая идея работы заключается в том, что развитие психологической структуры детской деятельности на каждом возрастном этапе происходит по-разному. Все они вместе описывают структуру своей деятельности. Психолого-педагогические особенности подготовки к обучению в школе позволяют избежать затруднений в обучении и общении, главным образом, в развитии мотивационно - нужных и психических процессов ребенка. Психологическая готовность ребенка к школе определяется психодиагностической работой. На этапе познавательного процесса ребенка проводится работа по изучению внимания, восприятия, мышления, памяти, воображения, способностей. исследования внимания, восприятия, мышления, памяти, воображения и способностей.

***Ключевые слова:** внимание, восприятие, мышление, память, воображение, обучение, дети, дошкольная группа.*

Annotation

This article describes the psychological and pedagogical features of preparing a child for school. The leading pedagogical idea of the work is that the development of the psychological structure of children's activities at each age stage occurs in different ways. All of them together describe the structure of their activities. The psychological and pedagogical features of preparing for school make it possible to avoid difficulties in learning and communication, mainly in the development of motivationally necessary and mental processes of the child. A child's psychological readiness for school is determined by psychodiagnostic work. At the stage of the child's cognitive process, work is carried out to study attention, perception, thinking, memory, imagination, and abilities. studies of attention, perception, thinking, memory, imagination and abilities.

Key words: attention, perception, thinking, memory, imagination, learning, children, preschool group.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы. Сондықтан да мектепке дейінгі білім - бұл бала тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Осыған сәйкес балаға белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдылары меңгертумен бірге, оларды тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы. [1, 12-13 б] Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке психологиялық жағынан дайындау, бұл қазіргі таңда психология - педагогика ғылымдарындағы өзекті мәселелердің бірі. Яғни, баланы жан - жақты психологиялық тұрғыдан дайындау болып табылады. Баланы балабақшада ғана дайындап қоймай, ата – аналарын да кіріктірген жөн. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау өте ауқымды мәселе. Көптеген жұмысты талап етеді. Балабақшамен мектеп арасында өзара байланысты орнату. Көптеген ата - аналар баланың мектепке бару үшін тек әріптерді танып, санай алса болғаны деп тұжырымдайды.

Мектепке алғаш бару - бала еміріне үлкен жаналық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп - жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата аналар балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеледі. Әрине баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен ғана шектеліп қоймай, оның оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық - қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Сондықтан да балалар оқу ісіне машықтануға, қимыл - әрекеттерінің ықтиярлы басқарылуы қабілетін, ақыл-ой еңбегін, мақсаткерлігін, дағдысын қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді. Балаларды мектепте оқытуға даярлығын зерттеу негізінде олардың отбасындағы және мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде алған тәжірибесімен тікелей байланысты екендігін ескере отырып, олардың іс - әрекеттерін ұйымдастыру жолдарын анықтаған. Балалар іс әрекетінің психологиялық құрылымының дамуы әр жас кезеңінде әр түрлі жолмен жүреді. Олардың бәрі бірге іс- әрекетінің құрылымын сипаттайды. Осы іс-әрекет не үшін жасалынып отырғанын білдіретін көрсеткіштер - іс-әрекет мотивтері , іс - әрекетті орындау нәтижесінде алынуға тиіс деп есептелетін мақсаты, осы нәтижеде жетуге қажетті операциялар мен тәсілдері, өзгеруі тиісті нәтижеге әкелетін материал - объектіні құрайды. Біреулері сәбилерді қуанту үшін жасаса, екіншілері үлкендердің талабын орындау үшін жасайды, ал үшіншілерінде ойыншықтарды даярлау процесінің өзі қанағаттану сезімін туғызады . Мақсат - шырша үшін ойыншықтар жасау. Объект - ойыншық жасайтын материал. Операциялар - қажетті өнім алу үшін орындалуға тиісті нақтылы іс - әрекетте. Бұл іс - әрекетте балалар өздерін түрліше көрсетеді. Біреулері қандай ойыншықтар жасайтынын алдын ала анықтап алады да , соған сай материал жинап, қажетті операцияларды жасай отырып, көздеген нәтижелеріне жетеді. Екіншілері мақсатты ұмытып, машина жасауға, үй тұрғызуға кірісе бастайды. Балалардың біразы, негізінен, қолдарында бар немесе бұрын пайдаланып көрген материалға бағдар алады. Бала дамуының тұтас процесінің үш негізгі жағын бөліп шығаруға болады:

1) оқыту процесінде білім мен іс - әрекет тәсілдерінің дамуы;

2) игерілген тәсілдерді қолданудың психологиялық механизмдерінің дамуы;

3) жеке адамның жалпы қасиеттерінің дамуы [2].

Балалар - еліміздің болашағы. Қоғамымыздың өрлеп дамуы есіп келе жатқан жеткіншектеріміздің ой-санасына, рухани адамгершілік тәрбие бере білуімізге байланысты. Балаларды мектепке дайындау білім беру жүйесіндегі педагогика ғылымы мен практикасындағы келелі мәселелердің бірі. Баланы мектепке дайындау-біртұтас құрылым. Бұл кезең ата - аналарға, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне жауапты міндеттерді жүктейді. Мектепке бару - бала өміріндегі маңызды кезең. Мектепке дейінгі баланың емірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты - баланың жеке басының қалыптасуы мен денсаулығы, физикалық дамуы, сана - сезімі, физиологиялық, әлеуметтік және психологиялық дайындығы, жеке тұлғалық жағдайын қалыптастыру қажет. А.В.Запорожец мектепке баланың дайындығын былай сипаттаған: Баланың жеке ерекшеліктерінің біртұтас жүйе ретінде қалыптасуын көздеген. Оның мотивациялық ерекшеліктері, таным қабілеттерінің даму деңгейі, ерік - жігер механизмінің қалыптасу деңгейінің өзара байланысы. Яғни, баланы жан-жақты психологиялық тұрғыдан дайындау болып табылады. Баланың мектепке психологиялық дайындығын психодиагностикалық жұмыстар арқылы анықтайды. Баланың таным процессі - зейін, қабылдау, ойлау, ес, қиял, қабілеттерін зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл мектепке дейінгі баланың білімі мен біліктілігі. Кез келген бала жазып және санаумен ғана шектеліп қоймау керек, сонымен бірге баланың сөйлеу тілінде кемістігі болмау керек және өз ойын жеткізе алуы қажет. Баланы мектепке даярлауда сөйлеу тілін дамытудың, қол және көру мүшелерінің қозғалысының, оқыту үрдісіндегі зор рөл атқаратын интеллектуалдық дағдыларының маңызы ерекше. Бала сұрақтарға жауап қайтарып, ортамен өз танымын бөлісе алуы керек. И. Шванцар, Л.И.Божович зерттеулеріне сүйене отырып, мектепке даярлықты жүзеге асыру ісін үш бағытта жүргізу қажет деп тұжырымдайды. Ал Е.Е.Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды:

1) бағыт - балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2) бағыт - мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;

3) бағыт - оқу әрекеттерінің алғы шарттары;

4) бағыт - баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі.

Демек, баланы мектепке психологиялық жағынан даярлау тақырыбын зерттеп жүрген психологтар (В.В. Холмовский, Л.А. Венгер, Н.И. Непомнящая т.б.) даярлықтың теменгі бағыттарын бөліп көрсетті: Баланың мектепте табысқа жетуінде бұл бағыттар аса маңызды болғандықтан, әрбір бағыт жайлы ақпаратпен қамтамасыз етуді жөн көрдім [3]. Ақыл - ойының даярлығы. Бұл мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігі. Кез - келген бала жазып және санаумен ғана шектеліп қана қоймай, ең маңыздысы салыстыра білуді, талдауды, ойлай білуді, өздігінен қорытынды жасай білуі тиіс. Көрнекі - әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі үлгімен жұмыс істегенде, заттардың кейпімен, мөлшерін ұйқастырғанда, қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің барлық түрін орындап шығады. Сонымен бірге баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы және өзіне сөйлеген сөздің мағынасын түсініп, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Бала өз бетімен сөйлем құрастырып, ұқсас дыбыс тіркестерін анық айта алуы маңызды. Әрбір бала әңгімені құрастырумен қатар әрі бала заттарды, суреттерді, әрекеттерді бейнелеп және оның мазмұнын айтып беруі қажет. Кез - келген ата - ана баласының өсіп жетуіне, жан - жақты тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізе отырып, оның рухани және ақыл - ойы мен дене құрылысы жағынан даму дәрежесіне жеткізуге баулиды. Тәрбиеші баланы мектепке дайындауда баланы ата - анасымен бірлесе отырып жүргізеді. Оларға іс - әрекеттің мазмұны өзгерген кезде баланың мінез - құлқы да ішкі

психикалық өмірі де өзгеретінін және осы кезде баласына аса қажет екендігі түсіндірілуі керек . Баланың мектепке дайындығы біртіндеп қалыптасатын аса күрделі үрдіс және бұл үрдісті жүзеге асырудың бірден бір жолы - ата - ананың тәрбиешінің және психологтың бірігіп жұмыс істеуі. Мектепке баланың психологиялық даярлығы ақыл - ойының дамуын қажет етеді. Балабақшаның түлегі оқу ісінің мынадай белгілерін меңгерген жөн: үлкендердің нұсқауын бұлжытпай орындау мен тыңғылықты тыңдай білу қабілеті. Балаларды мектепте оқытуға даярлығын зерттеу негізінде олардың отбасындағы және мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде алған тәжірибесімен тікелей байланысты екендігін ескере отырып, олардың іс - әрекеттерін ұйымдастыру жолдарын анықтаған. Дамудың көрсетілген бағыттарының әрқайсысы өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталып , ақиқат түрде барлығы өзара байланыста болады д, тек барлығы қосылғанда ғана психикалық даму деп аталынатын жеке адамның өзгеріс процесін құрайды. Балалардың дамуының оқыту процесіндегі ең басты және анықтаушы жағы білімдерді іс әрекет әдістері күрделенуден тұрады.

Қазіргі кезде көптеген зерттеушілер, ең алдымен кеңес психологтары, оқыту мазмұны, яғни балаға берілетін білімдерді және іс- әрекет әдістерін өзгерте отырып, баланың дамуын елеулі өзгертуге болатынын дәлелдеп берді. Көптеген зерттеулерде (Л.А.Венгер, П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов) оқыту мазмұнына арнайы құралдарды енгізу ақыл-ой дамуының мүлдем өзгермейтін және абсолюттік деп есептелген сатыларында принципті өзгеріс туғызатынын көрсететін деректер алынды. Мысалы, Швейцария психологы Ж.Пиаже өзі жүргізетін зерттеулер негізінде жеті сегіз жасқа дейінгі балалар есеп амалдарын толық мағынасында қолдана алмайды деді. Ж.Пиаже сипаттаған санның сақталынбауы деген феномен көпке мәлім. Оны мынадай тәжірибеден көруге болады. Біркелкі екі ыдысқа тең мелшерде су құяды. Одан кейін бала бір ыдыстағы судың басқа жіңішке биік ыдысқа ауыстырылып құйылғанын көреді. Судың көтерілу деңгейіне қарай болжамдап бала су кебейді дейді. Алайда кеңес педагогтарының зерттеулері көрсеткендей , өлшем амалдарын пайдалануды үйреткен жағдайда мұндай феномен бес жасар балалар арасында да болмайды екен. Мектепке психологиялық даярлық, оны қай қырынан алсақ та, баланың бұған дейінгі бүкіл психикалық дамуының қорытындысы, отбасы мен балабақшадағы тәрбие мен үйретудің бүкіл жүйесінің жемісі екенін оңай көруге болады. Нәтижелі оқытуға қажетті сапалар бірден пайда болмайды. Олар баланың өмірге келген сәтінен бастап біртіндеп қалыптасады. Бұл сапаларды қалыптастыру үшін ойын, сурет салу конструкциялау т.б. сияқты іс - әрекет түрлерінің маңызы болатынын атап көрсеткен жөн. Өйткені тап соларда алғашқы рет мінез құлықтың қоғамдық мотивтері пайда болып, мотив сатылары қаланады; қабылдау мен ойлау әрекеттері қалыптасып, жетіледі, балалар арасындағы өзара қарым - қатынас дамиды . Әрине ол өздігінен жүзеге аспа, өскелең ұрпаққа қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін беріп, тиісті білімдерді жеткізіп, дағдыларды үйрететін үлкендердің балалар іс - әрекетіне үнемі басшылық жасауы кезінде болады. Оқу әрекеті саласындағы қарапайым іскерліктер, таным процестеріндегі тиісті дәрежедегі өнімділік сияқты кейбір сапалар мектеп жасына дейінгі баланы сабақ үстінде жүйелі оқыту процесінде ғана қалыптасады. Мектепке дейінгі жас кезеңіндегілерді оқуға даярлау үшін кішкентайларды үйретудің психологиялық негіздерін жан-жақты талдап, оның ерекшеліктерін көрсетудің маңызы ерекше. П.Я.Гальпериннің оқыту концепциясына сүйене отырып, мектепке дейінгілердің таным процестерінің қалыптасу заңдылықтарын анықтадық. Зерттеу нәтижесінде мектепке даярлықтың көрсеткіштері және нормативтері туралы ортақ пікір әлі қалыптаспағанын анықтадық. Осы проблеманы зерттеушілер А. Анастаси, Йирасек-Керн, Л.А.Венгер, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, М.С. Зак, Р.В. Овчарова т.б. көптеген ғалымдар мектепке даярлық көрсеткіштерін үш топқа бөліп топтастырған [4]. Олар:

а) жеке тұлғалық даярлық - баланың оқуға қызығушылығының анық байқалатындығы, танымдық белсенділігінің қалыптасқандығы, танымдық қажеттілігінің қанағаттанусыздығы , коммуникативтік және жалпы қабілетінің керініс беруі, қарым - қатынасқа икемділігі, тілалғыш және ерікпен өзін басқаратындығы;

б) таным процестерін дамытуға даярлығы - қабылдауы мазмұнды, таңдамалы, нақты болуы, еске сақтау процестерінің анық көрініс бергендігі, қиялы бай және дамыған болуы, ойлауының көрнекі - әрекеттік, көрнекі - бейнелік және сөздік - логикалық түрлерінің орын алуы, тілі бай, сөзді өз мінез - құлқын және таным процестерін басқаруға пайдаланатындығы; в) мотивациялық даярлығы - оқуда табысты болу мотивациясының жетекші болуы.

Баланың мектептегі оқуға дайындығы біртіндеп қалыптасатын аса күрделі үрдіс және бұл үрдісті жүзеге асырудың бірден бір жолы - ата-ананың, тәрбиешінің және психологтың бірігіп жұмыс істеуі. Бала балалық шақтан өзіне белгісіз, таныс емес дүниенің есігін ашқаннан кейін, баланың өмір сүру тіршілігін түбегейлі өзгертеді. Яғни, баланың мектеп өміріне еніп және өзінің әлеуметтік ортада МЕН дегенін қалыптастыра алып, жоғарыдан көріне алуы, баланың білімді, табысты және нәтижелі игеріп кетуіне ықпал жасайды [5].

Бүгінгі күнде мектептегі оқуға дайындық ұғымы комплексті және баланың барлық өмірінің сферасын қамтиды. Мектепке дейінгі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Бұл кезеңде мектеп өмірімен танысады, әлеуметтік ортасы өзгеріп және оқушының жана әлеуметтік рөлін меңгере бастайды. Белгілі орыс психологтары А.Н.Леонтьев, А.В.Запорожец, А.А.Люблинская мектепке даярлау ұғымына баланын оқу тапсырмаларын түсінуін, әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін - өзі бақылау және өзін - өзі бағалау дағдыларын, тәрбиешіні тыңдау, материалды еске сақтау біліктілігін жатқызады. Е.Е.Кравцова мектептегі оқуға психологиялық даярлығы бұл баланың дамуында қарым қатынас негізгі ролді атқарады деген тұжырымға келді. Ал Л.И.Божович мектепке келетін баланың таным қызығушылықтары дамыған, әлеуметтік ортаға ене алу біліктілігі және оқуға деген ынтасы болу қажет деген пікірге келді. Р.В.Овчарова тұжырымдамасында, мектептегі оқуға дайын бала өзінің әрекеттерін жоспарлап және бақылай алады, қоршаған дүниенің заңдылықтарын, заттардың жасырын қасиетін бағдарлайды, оларды өз әрекеттерінде қолдана алады, басқа адамды тыңдай біледі және логикалық ойлау тәсілдерін орындай алу біліктілігін жатқызады [6].

Түйіндей келе, бұл баланың жеке тұлғасының қалыптасуы және ақыл- ойының, таным үдерістерінің дамуы болып табылады. Демек, баланы мектепке даярлау мәселесі өз өзектілігін жоғалтпайтын әлі де зерттеуді қажет ететін міндетті мәселелердің бірі болып қала бермек. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін реформалау барысында әрбір баланы мектептегі оқу және әлеуметтік ортаға еркін бейімделе алатындай жағдай жасау аса маңызды міндет. Демек, қазіргі талап бойынша мектептің бірінші сыныбына келетін балалардың физиологиялық жағынан мықты, адамгершілік, мәдениеттілік, еңбексүйгіштік қасиеттері мол, ерік-жігері күшті, жұмыс қабілеттеріне ие, білімге қызығушылық сипаттары мол болуы қажет. Сондықтан да мектеп пен мектепке дейінгі мекеменін, ата - аналардың басты міндеті - баланы мектептегі оқуға, мектеп өміріне даярлау. Мектепке алғаш бару - бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп - жетілуінің бір бастамасы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дабылова Б. 6-7 жасар баланы мектепке даярлаудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері. – Алматы, 2012.-75б.
2. Овчарова Р.В. Практическая психология в начальной школе.- М.:ТЦ Сфера 2002.-12с.
3. Сейсенбаева Қ. Баланы мектепке психологиялық тұрғыдан даярлау. – Алматы, 2014.-140б.
4. Баймұратова Б. Баланы мектепке даярлау. - Алматы, 2013.-45б.
5. Айғабылов А. Баланы оқуға даярлау. - Алматы, 2011.-85б.
6. Кварцова Е.Е. Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. – М., 1991- 45с.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ LEGO КОНСТРУКТОРЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІГІН ДАМУ

Каримова Р.Е. п.ғ.м., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: raziya.1966@mail.ru

Әмір Ж. Е., Хожан М. Е., Серғазықызы Қ.

6В01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 4-курс студенттері

Аннотация

Бұл мақалада мектепалды даярлық тобы балаларының lego конструкторларын қолдану арқылы шығармашылық белсенділігін дамыту сипатталған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін lego конструкторы арқылы дамытудың теориялық негіздері айқындалса, оны жүзеге асырудың эксперименттік кешенді бағдарламасы жасалып, оның тиімділігі тәжірибеде тексерілсе, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігі артып, оң нәтижеге қол жеткізуге болатындығы қарастырылған.

Тірек сөздер: *Конструкторлар, жобалау, адамгершілік, тәрбие, балалар, зейін, құрастыру, мектепалды даярлық топ.*

Аннотация

В данной статье описывается развитие творческой активности детей группы дошкольной подготовки с помощью конструкторов lego.

Определены теоретические основы развития познавательной активности дошкольников с помощью конструктора lego, разработана экспериментальная комплексная программа ее реализации и проверена на практике ее эффективность, предусмотрена возможность повышения познавательной активности дошкольников и достижения положительного результата.

Ключевые слова: *Конструкторы, проектирование, нравственность, воспитание, дети, внимание, сборка, дошкольная группа.*

Annotation

This article describes the development of creative activity of children of the preschool group with the help of lego constructors.

The theoretical foundations of the development of cognitive activity of preschoolers with the help of the lego constructor have been determined, an experimental comprehensive program for its implementation has been developed and its effectiveness has been tested in practice, the possibility of increasing the cognitive activity of preschoolers and achieving a positive result is provided.

Key words: *Constructors, design, morality, education, children, attention, assembly, preschool group*

Бүгінде мектепке дейінгі білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болып жатыр. Бұл мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының жаңартылуымен байланысты. Мектепке дейінгі білім беру жоғары деңгейдегі техникамен жабдықталған әлемді бағдарлауға және техниканың жаңа түрлерін өз бетінше жасауға қабілетті, креативті ойлай білетін шығармашыл адам тәрбиелеуді алдына мақсат етіп қояды. Мазмұнды жаңартудың маңызды шарты білім беруде робототехниканы қолдану болыптабылады.

Лего-құрастыру мен білім берудегі робототехника мектепке дейінгі ұйымда

техникалық тұрғыдан сауатты тұлғаны дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер береді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Құрастыру» ұйымдастырылған іс-әрекетін білім беру процесінің міндетті компоненті ретінде айқындайды және тәрбиелеу, білім беру мен дамытудың маңызды міндеттерін шешуге бағытталады.

Lego конструкторы - бұл мектеп жасына дейінгі балалар үшін когнитивтік зерттеулерге, әлеуметтік қарым-қатынас пен ойын әрекеттеріне үлкен мүмкіндік беретін таңғажайып жарқын, қауіпсіз, өзгермелі және көп функциялы материал [1].

Lego кірпіштері - бұл балалардың қиялын, моторикасын ынталандыратын ойын-сауықматериалы. Конструктивтік қызмет зейіннің жоғары шоғырлануын талап етеді. Құрылымды құруға кіріспес бұрын жұмыста есептеу, ойластыру, белгілі бір реттілік пен дәлдік қажет. Зейінді белсендіру жоспар, сызба, үлгі бойынша жобалау, тұтас фигураға дейін құрастыру арқылы жүзеге асады. LEGO жиынтықтары балаларға кейбір техникалық мәселелерді шешу жолдарын айқын көрсететін, сондай-ақ жабдықты жинау, жөндеу және бөлшектеу дағдыларын қалыптастырады және модульдік идеясын қамтиды.

Lego дат тілінде «leg godt» - «жақсы ойнау», «қызықты ойын»; латын тілінен аударғанда – «мен құрастырамын». Lego элементтерінің көмегімен тәрбиеші әртүрлі әдістемелік құралдар әзірлейді және дидактикалық ойындар мен жаттығуларды өткізуге пайдаланады, олардың мақсаты жоғары психикалық функцияларды дамыту, дұрыс сөйлеу, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін, белсенділігін дамыту, оқуға қызығушылық және бала үшін қолайлы эмоционалды атмосфера туғызу.

Балабақшадағы мектепке дейінгі балалардың қызметін бақылай отырып, құрастыру балалар үшін ең сүйікті және қызықты сабақтардың бірі болып табылады деп айта аламын. Балалар Lego -құрастырумен айналыса бастайды, мектеп алды топтан. Балаларды жүйелі конструкторлық қызметке қосу осы кезеңде пәндік әлемнің сыртқы қасиеттерін қабылдау қабілетін қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі деп санауға болады.

Мектепалды топта балалар алдында конструкторлық қызмет үшін кең мүмкіндіктер ашылады. Бұған конструкциялаудың әртүрлі техникалық тәсілдерін нақты игеру ықпал етеді. Балалар бөлшектерді бекіту тәсілін көрсету негізінде ғана емес, сондай-ақ дайын үлгіні талдау негізінде де құрастырады, болашақ құрылыстың ойын ұстай алады. Жұмыс істеу үшін графикалық модельдер қолданылады. Балаларда шығармашылық тапсырмаларды шешу кезінде дербестік пайда болады, ойлау икемділігі дамиды [2].

Lego -конструкторлар қазіргі заманғы педагогтармен қоршаған ортаның мәдени байлығын игеруге ықпал ететін социумда табысты қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған бірқатар ойыншықтарға жатады.

Lego құрылысы мыналарға ықпал етеді:

- Жоғары психофизикалық функцияларды дамыту және жетілдіру;
- Полисенсорлық көріністерді дамыту;
- Қолдың ұсақ моторикасын дамыту;
- Сөйлеу, дүниетанымдық, шығармашылық белсенділігін дамыту
- Балалар ұжымының ұйымшылдығы, бір-біріне деген жанашырлық сезімін қалыптастыру.

Сонымен қатар, ғалымдар балалық шағында бейнелі ойындардан айырылған адам кейін қоршаған әлемді дұрыс қабылдай алмайтындығын көрсетеді. Lego мұндай проблемалардың ықтималдығын нөлге дейін төмендетеді, өйткені бұл таңқаларлық жарқын, түрлі түсті конструкциялар жиынтығы, ол баланың іздену және эксперименттік зерттеу әрекеттеріне үлкен мүмкіндіктер береді. Барлық Lego құрылыс жинақтары жас ерекшеліктеріне ие, сондықтан оларды мектепке дейінгі тәрбие процесінде пайдалану оңай.

Құрастыру ойындары барысында:

- бейнелі ойлау (шын мәнінде бала өз жоспарларын жүзеге асырады);
- кеңістіктік ойлау (тәжірибеде әртүрлі игереді элементтердің кеңістіктік қатынастары: оңға – солға, жоғары – төмен);

- ұсақ моториканы, көзді (қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамытады, бұлшықет күшін өлшеуді үйренеді, көзді жаттықтырады);
- қиял (ойлап шығарады, ойлап табады, жасайды, жүзеге асырады, түрлендіреді және т.б.);
- жобалау қабілеті (бала бөлшектердің орналасқан жерін біліп қана қоймайды, сонымен бірге сол немесе басқа объектіні қалай жасау керектігін түсіне бастайды) дамиды.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістердің сәттілігі оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми, әдіснамалық және материалдық базасын жаңартумен байланысты. Жаңартудың маңызды шарттарының бірі- Lego технологиясын пайдалану. Балалармен білім беру жұмысында Lego -конструкторларды пайдалану конструктивтік-ойын іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастырудың оңтайлы құралы және мектепке дейінгі жастағы балалардың психофизикалық дамуының өлшемі, оның ішінде мақсат қоя білу, оған жету үшін құралдарды таңдау, алынған нәтиженің ойға дәл сәйкес келуі үшін күш салу сияқты қызметтің маңызды компоненттерінің қалыптасуы болып табылады.

Құрастыру ойындары балада дамытады:

- бейнелі ойлауды (шын мәнінде бала өз жоспарларын жүзеге асырады);
- Кеңістікті ойлау (тәжірибеде элементтердің әртүрлі кеңістіктік қатынастарын меңгереді: оңға – солға, жоғары – төмен);
- ұсақ моториканы, көзді дамытады (қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамытады, бұлшықет күшін өлшеуді үйренеді, көзді жаттықтырады);
- қиялды (ойлап шығарады, ойлап табады, жасайды, жүзеге асырады, түрлендіреді және т.б.);
- жобалау қабілеті (бала бөлшектердің орналасқан жерін біліп қана қоймайды, сонымен бірге сол немесе басқа нысанды қалай жасау керектігін түсіне бастайды).

Бүгінгі күні, Lego -конструкторлар балалар ойын қызметінде белсенді қолданылады. Жаңа буын конструкторларын енгізу есебінен мектепке дейінгі балалардың конструкторлық қызметінің мазмұнын кеңейту, сондай-ақ ата-аналарды бірлескен техникалық шығармашылыққа тарту идеясы авторлық инновациялық бағдарламаның негізіне айналды.

Шығармашылық белсенділіктің креативті компонентінің деңгейін анықтау әдістері.

1. Қиял немесе фантазия көріністерінің тұрақтылық критерийінің деңгейін анықтау үшін Lego конструкторының бөлшектері және тапсырмалар ұсынылды: балаларға тапсырма беріледі: кейбір дизайн бөлігін ойлап табу және құрастыру.

Орындалу уақыты: 15-20 мин.

Талдау кезінде әрбір модель келесі критерийлер бойынша ұпаймен бағаланады:

- қиял процесінің жылдамдығы;
- стиль ерекшелігі;
- қиялдың байлығы (қиялдың деңгейі, әртүрлілігі);
- бейнелердің бөлшектері мен тереңдігін өңдеу;
- бейнелердің эмоционалдылығы.

Lego бөлшектерімен ойнау әр баланың әлеуетті шығармашылығын дамытады және ынталандырады, оларды қалай салу және жою керектігін үйретуге көмектеседі. Өзінің құрастырған жұмысын Lego -дан бөлшектеу арқылы баланың басқасын жасауға немесе оның кейбір бөліктерін босаған бөліктерден жасаушы ретінде орындауға мүмкіндігі бар.

Лего-конструктор сабақтары балалардың технология әлеміне, құрылымдарды жобалауға, олардың қоршаған әлемде алатын орнына тұтас көзқарасын қалыптастыруға, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл әрекет қызығушылық белсенділігін дамытуға, проблемалық жағдаяттарды шешу қабілетін мәселені зерттеу, қолда бар ресурстарды талдау, идеяларды алға қою, шешімдерді және оларды жүзеге асыру қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Осы бағытта жүргізілген мақсатты, жүйелі жұмыстардың нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық белсенділігінің артқаны анықталады.

Қазіргі балалар кішкентай кезінен бастап жаңа технологияларға, заманауи құралдарға қызығушылық танытады. Олар балабақша, мектеп кезеңдерінде ескі құралдарға қарағанда 21-ші ғасырға сай заттармен жұмыс жасап, дамығанды жөн көреді. Робототехника балаға тек заттың сыртқы бейнесін емес, сонымен қатар оның ішкі құрылысын зерттеуге мүмкіншілік береді. Мектеп жасына дейінгі бала робототехниканың алғашқы оңай сатысы лево құрастырудан бастай келе жоғары дәрежеге дейін жете алады. Роботтарды құрастыру тек баланың өзіне емес сонымен қатар, қоршаған ортасына да пайдал болып келеді. Олар басқаларына кедергі қылмайтындай тәртіпті сақтауды, қызметін жоспарлауды үйренеді.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінде Lego-құрастыру және робототехника негізінде шығармашылық өнімді әрекетті ұйымдастыруға ықпал ететін жағдайлар жасау алғашқы техникалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Балаларды құрастыруға жүйелі және мақсатты түрде үйрету моделдеу тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді, осы әрекет түріне тұрақты қызығушылықты қалыптастырады. Балаларда құрылыс заттарын мақсатты түрде зерттеу, жұмысты бірлесіп жоспарлау, өз әрекеттерін бақылау, қателіктерді өз бетінше түзету біліктері қалыптасады.

Балаларды құрастыруға үйрету барысында дербестік, белсенділік, шығармашылық, көркемдік талғам, сондай-ақ мақсатқа жетудегі ұқыптылық, табандылық және т.б. дамиды. Балалар жұмысты жоспарлауға, өз әрекеттерін бақылауға, қателерді өз бетінше түзетуге үйренеді.

LEGO-құрастыру және робототехника негізінде балалардың іс-әрекеті нәтижесінде баланың қоғамдағы әлеуметтену шекарасын кеңейту, танымдық іс-әрекетін жандандыру үшін ғана емес, сонымен қатар инженерлік- техникалық мамандықтар туралы бастапқы білімі де қаланады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде бала өзінің психикалық үдерістерін басқаруды үйренеді, бұл мектепте табысты оқыту үшін маңызды алғышарт болып табылады.

Осылайша, білім беру процесіне робототехника мен LEGO конструкторларын пайдалана отырып заманауи білім беру технологияларын енгізу болашақ инженерлерді балабақшадан тәрбиелеуге, ғылыми- техникалық шығармашылық саласында қабілеті бар балаларды анықтауға және олардың одан әрі дамуына жағдай жасауға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://melimde.com/diplom-jmisin-orindaufa-arnalfan.html?page=6>
2. <https://ppt-online.org/1194213>

ӘӨЖ. 37.06

ҒТАМР 14.15.15

ОНЛАЙН-БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ: ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ЖОЛЫ

М.А. Шауенова¹, У.Қ.Қыяқбаева², Р.Е. Каримова³

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, Қазақстан, Алматы

Аңдатпа

Жоғары білім берудегі жетістікке жетудің маңызды шарты – студенттердің білім алу тәжірибесін тиімді басқару болғандықтан, бұл мақалада онлайн білім беру, онлайн білім сапасы мен тәжірибесіне талдаулар жасалып, оқытудағы жетістік, деректерге негізделген академиялық көшбасшылық және онлайн білім беру жүйесін дамыту мүмкіндіктерін оңтайландыру мәселесі сипатталады. Онлайн білім барлық жерде, қоғамның барлық саласына еніп кеткенімен, ол жоғары білім беру жүйесінде салыстырмалы түрде жаңа элемент болып саналады. Осы мәселені көтеріп жүрген авторлар онлайн-білім беруді одан әрі дамытуды ынталандыру үшін материалдық ресурстарды өсіруге емес, әрбір білім алушының жетістікке жетуін қамтамасыз етуге көбірек күш салу қажет деп санайды.

«Онлайн-білім беру» термині көптеген құбылыстарды қамтиды. Бұл мақалада ол, оқу процесі қайда өтетіндігіне қарамастан, компьютерлік технологияны қолдану арқылы жүзеге асатын формальді білім беру белгісі ретінде қолданылады. Ал «Оқытудағы жетістік» – кешенді ұғым және ол толық концептуалды талдауға ұшырамағандықтан тиісті модельді қарау ұсынылады. Сондықтан, жүйелерді білім беру мекемелері мен технологияларды жетілдіру, сондай-ақ студенттердің өздерін дамыту шамасына қарай негізгі екпін жоғарғы білімге қол жетімділікті қамтамасыз етуден жетістікке, сапаға қол жеткізуге ауысуы тиіс.

Түйін сөздер: жоғары білім, онлайн білім, білім сапасы, білім беру тәжірибесі, оқытудағы жетістік, дәлелдемелерге негізделген академиялық көшбасшылық.

Кіріспе. Біз ақпараттық дәуірге көшудеміз деп жүргенде, цифрлық дәуірге қалай аяқ басқанымызды байқамай қалдық. Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген COVID-19 салдарынан туындаған шектеулерге орай қоғамның барлық саласын цифрлық қызмет түрлеріне көшіру уақыт талабына айналды. Осылайша, «Цифрландыру технологиялары – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдарына» айналып, ақпараттық технологиялар заманы артта қалды [1], дей келе «... цифрландыру мақсат емес, ол жаһандық бәсекелестікке әкелетін біздің абсолюттік артықшылығымызға қол жеткізудің құралы ...» екендігінің аса маңыздылығын түсінгеніміз жөн [2]. Олай болса, онлайн білім беру жүйесін дамыту мүмкіндіктерін оңтайландыру мәселесін сипаттап көрейік. Өйткені жоғары білім берудегі жетістікке жетудің маңызды шарты – студенттердің білім алу тәжірибесін тиімді басқару. Мұндай менеджмент өзгермелі жағдайлар мен технологияларға тез жауап беруі керек.

Кез-келген стратегияның негізі – қол жеткізілуі тиіс идея, сондықтан «жетістікті» оқыту моделін қарастырудан бастап, содан кейін студенттердің оқу тәжірибесін түсінудің және бағалаудың жаңа тәсілдерін ұсынып, сонымен қатар өзгерісті ынталандыру үшін қандай басшылық қажет екенін қарастырған жөн.

Қоғамда онлайн-білім беру – оны бағалауда және оның әлеуетті мүмкіндіктері туралы қаншама қарама-қайшы пікірлер болса да, қарқынды даму үстінде. **«Онлайн-білім беру»** термині көптеген құбылыстарды қамтиды. Бұл мақалада ол, оқу процесі қайда өтетіндігіне қарамастан, компьютерлік технологияны қолдану арқылы жүзеге асатын формальді білім беру белгісі ретінде қолданылады. Бұл анықтама оқытудың, оқыту мен оның көптеген аралас формаларынан бастап, толығымен онлайн режимінде алынатын білімге дейінгі әртүрлі нұсқаларды қамтиды. Онлайн-білім беру жоғары білім беру жүйесін реформалау құралы ретінде дамып, оны әзірлеушілердің мақсаты сұраныстың жаңа формаларын қолдау, ал кейбір жағдайларда жасау болды [3].

Сөзсіз оқытудың бұл формасы білім алушыға бірқатар артықшылықтар береді. Сондықтан, онлайн-білім қызметтерін пайдаланушылар үшін қажетті технологияларды өндіруге, олардың академиялық әлеуеттерін арттыруға және осы қызметтердің дамуын зерделеуге көп күш жұмсалуда. Дегенмен онлайн білім барлық жерде, қоғамның барлық саласына еніп кеткенімен, ол жоғары білім беру жүйесінде салыстырмалы түрде жаңа элемент болып саналады және негізгі білім беру әлі де қалыптасуда. Осы мәселені көтеріп жүрген авторлар онлайн-білім беруді одан әрі дамытуды ынталандыру үшін материалдық ресурстарды өсіруге емес, әрбір білім алушының жетістікке жетуін қамтамасыз етуге көбірек

күш салу қажет деп санайды. Демек, онлайн-білім беру жоғары білімнің «механикасы» үшін ғана емес, сонымен қатар білім беру тәжірибесін байыту және әр студенттің академиялық нәтижелерін жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады деген сөз. Онлайн-білім беру осы тұрғыдан тиімді болу үшін, оқытуда нені «жетістік» деп санаймыз, білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктері туралы негізделген түсініктерді, үлкен көлемді деректерді талдау және түсіндіру үшін тиімді стратегияларды, сондай-ақ конструктивті академиялық басшылықты нақты анықтау қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің әдіснамасы. Егер біз осы мақаланың негізгі идеясын қысқаша тұжырымдайтын болсақ, онда ол мыналардан тұрады: онлайн білім берудің дамып, жетілуіне қарай саннан сапаға ауысу қажет – енді онлайн-білім беруді жоғары білім беру саласына студенттерді көбірек тарту тәсілі ретінде ғана қарауға болмайды. Оның орнына сапаны қамтамасыз етуге баса назар аударған жөн. Жүйелерді, білім беру мекемелері мен технологияларды жетілдіру, сондай-ақ студенттердің өздерін дамыту шамасына қарай негізгі екіпін жоғарғы білімге қол жетімділікті қамтамасыз етуден *жетістікке*, яғни сапаға қол жеткізуге ауысуы тиіс. Бұл білім алуға қол жетімділікті және студенттерді университетте ұстап қалуды қамтамасыз ету үшін мінез-құлықты басқару шегінен шығуды білдіреді. Және білім беру сапасын, демек оның *жетістігін* қамтамасыз етуге ықпал ететін факторларға бейімделуді білдіреді. Осы мақсатта оқытудағы жетістіктің неғұрлым кеңірек түсінігін, студенттерді көріп-бақылаудың жаңа тәсілдерін және жиналған деректердің кеңейтілген санатын қамтитын іс-әрекет стратегиясын ұстануға тура келеді.

Онлайн-білім беру және онымен байланысты практикалық әзірлемелер туралы пікірталастарда оқу жетістігі негізінен «кіру», оқуға түсу параметрлері негізінде тұжырымдалады, яғни: студенттерді қабылдау, олардың мінез-құлқын басқару, студенттердің сабақтан кетуіне жол бермеу (студенттерді іріктеуге жол бермеу). Сондықтан, зерттеушілер назарының «кіріс» параметрлерінен «шығыстың» көрсеткіштеріне, яғни оқытудағы жетістікті қамтамасыз етуге ауысу қажеттілігіне ауғаны орынды. *«Оқытудағы жетістік»* – кешенді ұғым және ол толық концептуалды талдауға ұшырамағандықтан, әрі қарай тиісті модельді қарауды ұсынамыз. Біз ұсынатын стратегияның негізінде студенттерді көру-бақылаудың жаңа тәсілі жатыр.

Бүгінде университетке түсу, аздаған адамдардың өмірінде орын алатын тағдыршешті оқиға емес. Жоғары білім алуға сұраныстың күрт өсуі студенттік бірегейлік туралы дәстүрлі түсініктерді бұзды. Енді студент өзінің бірегейлігін қалыптастыратын тәжірибені әртүрлі тәсілдермен ұйымдастырылған оқытудан, жұмыспен қамтудың әртүрлі түрлерінен, кең спектрлі өмір салты нұсқаларынан ала алады. Осы өзгерістерді ескере отырып, негізгі ұғымдарымызды қайта қарастыру қажет: студенттер кім, олар жоғары білімнен нені алғысы келеді, олардың тәжірибесін қандай үміт-болжалдар қалыптастырады және білім беру мекемелері әрбір студентке мейлінше тиімді көмекті қалай бере алады.

Студенттер туралы пікірлердің тамыры тереңде, көп жылдар бұрын қалыптасқан және әлемнің әртүрлі бұрыштарында жүргізілген өздерінің зерттеу көздері бар [4;5]. Бүгінгі таңда біз адам тәжірибесін, студенттердің үлкен топтарынан алынған мәліметтерді социологиялық тұрғыдан жинақтаудың орнына, оны жан-жақты түсіну үшін әртүрлі көзқарастар тұрғысынан қарастыруды қажет етеміз. Яғни іс жүзінде, топтардың тәжірибесін талдаудан жеке тұлғалардың жетістіктерін талдауға көшу керек. Бізге студенттерге арналған бұрынғы жұмыстар мен қазіргі заманауи зерттеулерді біріктіре отырып, студенттердің бірегейлігін білдіретін, студенттердің үміттерін, олардың әл-ауқатын, саулығын, құштарлығын, құндылықтарын, көзқарастарын, қызығушылықтарын, артықшылықтарын және өмір салтын көрсететін жаңа интерсекциональді құрылымдарды қалыптастыру қажеттілігін қолдаған дұрыс. Демек, студенттердің тәжірибесін зерттеу үшін қолданылатын әдістер де өзгертілуі керек. Студенттік контингенттерді зерттеу практикасында орныққан «топқа бағдарлану» едәуір деңгейде, дәстүрлі әлеуметтік сауалнамаларға тән әдіснамалық, аналитикалық, процессуалдық шектеулердің көрінісі болып табылады. Көптеген сауалнамалар барысында жауап берушілердің үлесі төмендейді, түсіндірілетін дисперсия төмен, ал мүдделі

тараптардың нәтижелерге жауап беру дәрежесі мейлінше аз. Бүгін біз студенттер тарапынан оқу материалдарымен, әлеуметтік желілермен және басқа да жүйелермен өзара әрекеттесе отырып, қалдыратын әлдеқайда мазмұнды электронды дәлелдерге қол жеткізе аламыз. Технологияның қарқынды дамуы арқасында бүгінде бізде неғұрлым шебер дербестендірілген талдаулар жүргізу үшін қажетті құралдар мен деректер бар [6]. Сондықтан студенттердің сауалнамаларынан білім беру аналитикасына біртіндеп (жүйелі түрде) көшкен орынды. Осылай студенттердің жетістіктерін ЖОО қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстың жаңа бағытын бастауға болады. Олар, яғни, жоғары оқу орындарына түсетін адамдар кімдер? Оқу орындары өздерінің оқу тәжірибелерін қалай тиімді ұйымдастыра алады? Оқу орындары оқыту барысында студенттердің тәжірибелерін қалай тиімді ұйымдастыра алады? Студенттерді оның орнына оқуға кім келді және оған оқуда жетістікке жетуі үшін не қажет екенін динамикалық түрде анықтау үшін, оларды ЖОО-да ұстап қалуға және мінез-құлқын бақылауға бағытталған басқарудың танымал, бірақ шектеулі схемалары аясынан қалай шығуға болады? Сауалнамаға қатысқан курстың бестен бір бөлігі ғана емес, әр студент туралы ақпаратты қалай алуға болады және вариацияның (өзгерудің) үлесінен көрі, адам тәжірибесіндегі тағы бір нәрсені қалай түсіндіруге болады? Оқу орындары мен ғылыми ортаның өзгеруіне қалай көмектесе аламыз? Бұл өте терең және ауқымды, сонымен бірге базалық мәселелер. Оларға нақ жауап беру әртүрлі адамдардың көпшілігі жоғары білімді қалай қабылдайтынын, қазіргі студенттің ұқсастығы мен бірегейлігі қандай, оның үміттері, болжамдары қандай және оқу орындары студенттердің тәжірибесін қалай бағыттап, байыта алатындығын барған сайын егжей-тегжейлі анықтау керектігін білдіруде.

Неліктен мұндай жан-жақты талдау жүргізу арқылы жұмысты қиындату керек? Қысқаша айтқанда, көшбасшылықты, оқу процесін және білім беру ұйымдарын жан-жақты зерттеудің шұғыл қажеттілігі туындайды. Жоғары білім беруді басқару жүйесі нақты деректерге негізделуі керек; студенттердің тәжірибесін ұйымдастыруда, шынымен де бар сияқты көрінетін мифтік социодемографиялық топтарды елестетін дәстүрлі сауалнамаларға көп сенім артуға болмайды; институционалдық зерттеулер (соның ішінде "үлкен деректерді талдаудың" барлық нысандары) теориялық тұрғыдан аз болуы керек [7].



Сурет 1. Стратегияның логикасы

1-суретте осы мақаланың мазмұнын ашатын координаттар жүйесі көрсетілген. Егер басқарудың практикалық, теориялық және техникалық аспектілері түйісетін ортақ нүктені таба алсақ, бізге жоғары білім беру саласындағы нақты деректерге негізделген басқару жүйесін дамыту және нығайту үшін түбегейлі жаңа мүмкіндіктер ашылады. Бұл қадамды жасау үшін жоғары білімнің «жаңа этнологиясын» құру және қабылдау қажеттілігі туындайды. Бұл ұсынылған стратегия, көрсетілген бағытта біршама өзгеріс туғызады деп ойлаймыз.

Шын мәнінде біз: *студенттер дегеніміз кім және олар жоғары білім беруден нені күтеді?* деген ескі мәселелерді қарастырамыз.

Бірақ оларға жауап іздеуде, біз демография және контекстер туралы стереотиптердің, жалпылау мен аксиоматикалық түсініктердің аясынан шығуға тырысу керекпіз. Зерттеу жұмысымыздың техникалық аспектісі ұсынылатын конструкциялар мен модельдерді өлшеу және формальды сипаттаудың жаңа перспективалық тәсілдерін зерттеуден тұрады. Біз білім беру аналитикасы саласын дамытып, білім беру мекемелеріне оқу сапасын арттыру үшін қолда бар, бірақ жете бағаланбаған деректерді пайдалануға көмектесе аламыз. Іс жүзінде бұл білім беру ұйымдарының көшбасшылары мен басшыларына студенттердің тәжірибесін бақылау және байыту үшін жаңа мүмкіндіктер мен деректер көздерін ашады. Біздің талдауымызда онлайн-білім берудің дамуымен пайда болған мүмкіндіктерді пайдалану үшін, ескірген мифтер мен салттар шеңберінен шығуға тырысамыз.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. *Біріншіден, оқытудағы жетістікті анықтау аясы.* Жоғары білім беру саласының дамып, әртараптандырылуына қарай, әр студенттің жетістікке жетуіне көмектесу қажеттілігі артып келеді. Адамдардың жоғары оқу орнына түсу себептері алуан түрлі бола бастады және олардың саны да, оқыту бағдарламалары, білім беру ортасы мен оқуды аяқтағаннан кейінгі іс-әрекет траекторияларының саны сияқты артып отыр. Бұл өзгерген контексте жоғары білім беру арқылы адамдардың не нәрсеге қол жеткізгісі келетіні туралы нақты түсінік алу өте маңызды. Мұндай міндеттің, әрине оңай және түпкілікті шешімі жоқ, бірақ даулы болса да, бұл жұмыста одан әрі ілгерілеу үшін біз базалық модельді құру өте маңызды деп санаймыз.

Кесте 1. Оқытудағы жетістік моделі

Студенттерді қабылдау	Еліктіру/тарту	Оқудың аяқталуы	Кейінгі әрекет
Танысу	Пәндер бойынша емтихандар тапсыру	Мамандықтарды мезгілінде алу	Жұмыспен қамту нәтижелері
Қол жетімділік/мүмкіндік	Оқыту нәтижелерінің сапасы	Қосымша сапалары	Әрі қарай білім алу
	Студенттердің тәжірибелерінің сапасы	Жұмысқа даярлығы	Әлеуметтік нәтижелері

Бұл міндетті шешудегі негізгі мәселе: *жоғары білім беру жүйесі студенттерге не бергісі келеді?* Егер бұл сұрақтың жауабын «жетістік» деп болжасақ, онда бұл құбылысты тұжырымдамалаудың тиімді тәсілі қандай? Бұл бөлімнің қорытынды бөлігінде біз ақпараттандырылған басшылық мақсатында жетістіктің нормативтік моделін студенттің жеке басын зерттеу үшін және институционалдық зерттеулердің негізі ретінде ұсынамыз.

«Оқудағы жетістік» ұғымы күрделі және ол маңызды тұжырымдамалық талдауға ұшыраған жоқ, сондықтан біз оқудағы жетістіктің әртүрлі аспектілерін модельдейміз, ұсынылған модель 1-кестеде берілген. Ол жетістіктің бірнеше сатыларын қарастырады. Негізгі назар жетістіктің академиялық аспектілеріне аударылады. Бірақ олар адамды жоғары білім беру сферасына еліктірудің қазіргі заманғы түсініктері аясында қарастырылады. Олар мұндай еліктірудің әртүрлі нұсқаларының кең спекторын керек етеді. Әрі қарай, модельдің нормативтік құрылымы сипатталады. Кейінгі талдау осы идеяларды контексте іске асыру тәсілдерін және олардың нақты деректермен бекітілуін көрсетеді.

Студенттерді қабылдау. Жоғары білім беру жүйесінің бар екендігі туралы қарапайым білімнің өзі жетістіктің маңызды шарты болып табылады. Яғни, адам соңында ЖОО студенті бола алады ма, жоқ па бұл маңызды емес. Қазіргі уақытта жоғары білім беру мен оқытудың алдыңғы сатыларының байланысын қамтамасыз ету үшін айтарлықтай жұмыс жасалып жатыр. Соның ішінде алынған біліктіліктер арасында сәйкестікті құру, сынақтық бірліктердің (бірліктер жүйесінің) ендірілуі және оқыту нәтижелерін неғұрлым ашық және егжей-тегжейлі көрсету жолымен – бәрі өмірдің шиеленісті ырғағы. Сондай-ақ қызметтің бір

саласынан екіншісіне ауысудың проблемалық болып көрінуі, тіпті тәжірибелі мамандар үшін жоғары білімнің бөтен әлеміне баратын жолды айтарлықтай қиындатады. Көптеген әлеуетті студенттер үшін жоғары білім беру жүйесіндегі жетістіктің алғашқы көрсеткіші – *білім беру мекемесіне (оқу орнына) немесе белгілі бір бағдарламаға қол жеткізу*. Қол жеткізу сатысындағы жетістік факторлары – бұл академиялық даярлық, оқуды одан әрі жалғастыруға деген ұмтылыс пен ЖОО-на түсуге және сабаққа қатысуға мүмкіндік беретін жағдайлардың болуы. ЖОО-на студенттерді қабылдауға арналған зерттеулердің көпшілігі, талапкерлердің белгілі бір топтарына арналған. Мысалы, халықтың қорғалмаған топтарының өкілдері немесе белгілі бір оқу бағдарламаларына түсуші адамдар, дегенмен жоғары білім беру жүйесіне қол жеткізу көптеген студенттерге жетістікке жету мен мақтанш сезімін беретінін түсіну керек.

Еліктіру/марту. Жоғары оқу орнына түсу бұл – жоғары білім беру жүйесінде қол жеткізуге болатын көптеген жетістіктердің алғашқысы ғана. Білім беру процесіне ене отырып, студенттер таңдалған курстар бойынша жай тест (сынақтар) және емтихандарды тапсыруына қарай жетістікті сезінеді. Бұл, әрине жетістікті тұжырымдамалаудағы кейбір «ортақ бөлгіш», яғни жетістіктің жалпы қабылданған мөлшерінің ең төменгісі («жетістік кем дегенде 50 пайыз»). Ол кәсіби даярлықтың белгілі бір саласы бойынша дәреже алуға қатысты болған жағдайда қолданылмайды: мұнда студенттен нәтижеліліктің белгілі бір стандартына қол жеткізуін күтеді және ең төменгі өту баллын алу жеткіліксіз. Сонымен қатар: бір оқу орнындағы «50 пайыз» міндетті түрде екіншісіндегі «50 пайызға» тең болады ма? деген сұрақ туындайды. Әрине әртүрлі білім беру ұйымдарындағы қолданылатын бағалауды калибрлеу тетіктерінің іс жүзіндегі мүлдем болмауын ескеретін болсақ, бұл сұрақтың жауабы теріс болуы мүмкін. Бұл жерде бағалау нормаларын үйлестірудің техникалық қиындықтарынан гөрі, жетістіктің бірінші сатысында-ақ туындайтын проблемалар айқын көрінеді.

«Жетістікті» тек пән бойынша емтихан немесе тест тапсыру фактісі ретінде анықтай отырып, біз өте төмен стандартты орнатамыз, оған қосымша басқа тетіктер не критерийлер қажет. Қандай да бір пән бойынша емтихан тапсыру «есептелді/есептелмеді» жүйесі бойынша ғана бағаланбайтындықтан біз сапаның әртүрлі деңгейлері бар екендігін мойындаймыз деп айтуға болады. Және жетістік деңгейлері туралы кеңірек және ғылыми негізделген түсінік беруді ілгерілету үшін айтарлықтай күш жұмсалғанына көп уақыт өткен жоқ. Жетістікті анықтаудың тағы бір мүмкін нұсқасы – бұл студенттің өзінің академиялық үмітіне қол жеткізуі немесе одан асып түсуі ретіндегі жетістік. Бұл анықтама белгілі бір студентке бағытталып, жоғары білімнің түрленім әлеуетіне назар аударады. Оқыту жетістігін студенттік тәжірибенің белгілі бір атрибуттарына қатысты да анықтауға болады. Бұл мағынада, табысты студент – бұл өзінің білім беру тәжірибесіне, немесе таза академиялық немесе оқу аудиториясынан тыс студенттік өмір тәжірибесін сезінуге лайықты түрде қатысқан студент. Жетістіктің бұл түрі жекелеген пәндерге немесе семестрлерге, сондай-ақ студенттің жалпы оқу тәжірибесіне қатысты болуы мүмкін. Осы себепті оны оқыту барысында немесе ол аяқталғаннан кейін айқын көрінетін жетістік тұжырымдамасынан бөліп алған орынды болады.

Оқуды аяқтау. Біліктілік туралы диплом алу, әрине, жетістіктің маңызды қыры болып табылады. Дәл осы істе оқуды аяқтаудың жалпы көрсеткіштерін және студенттерді ЖОО-да ұстап қалуды талқылау көзделеді. Бір қарағанда, осы кезеңдегі жетістікті анықтау қарапайым болып көрінуі мүмкін, бірақ оқудың аяқталуын бағалау кейбір қиындықтарға толы, өйткені бүгінде көптеген адамдар жоғары білім беру жүйесіне белгілі бір мамандық алу үшін келмейді. Осы кезеңдегі жетістікті анықтаудағы қиындықтар өмір бойы оқуға бағдарланудың күшеюіне және оқытудың дәстүрлі күндізгі формаларының басымдығының төмендеуімен де байланысты. Бұл тұрғыда: *оқуды аяқтау қатаң уақыт шеңберімен шектелуі керек пе?* деген заңды сұрақ туындайды. Диплом алу, яғни оқуды сәтті аяқтау белгілі бір мамандық бойынша техникалық дағдыларды игеру ғана емес. Бұл жағдайда жетістік көбінесе түлектің кең ауқымды қасиеттерге ие болуымен байланысты.

Біліктіліктермен қатар, қажеттілігі нақты институционалдық мән мәтінмен және кәсіби стандарттармен талап етілетін әлеуметтік дағдылар, тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары, сыни ойлау және көшбасшылық сияқты сұранысқа ие сапалардың жалпы жинтығын бөліп көрсетуге болады. Мамандықты меңгеру тұрғысынан *жетістік* дегеніміз – *оқуды бітіргеннен кейін таңдалған салада қызметтік міндеттерді орындау немесе мансап құру үшін қажетті белгілі бір дағдыларды қалыптастыру*. Кәсіптік білім беру саласы мен оқу пәндерінің мазмұнын оқыту және жұмыс үшін қажетті практикалық дағдыларды дамыту арасындағы қайшылық мамандықты алу міндетті түрде оқу жетістіктеріне тең келмейтіндігін дәлелдейді.

Кейінгі әрекет. Мамандықты алу әртүрлі салдар мен нәтижелерге әкелетіні анық. Соның ішіндегі ең маңыздысы – жұмыспен қамту. Алайда, жай ғана жұмыс табу жеткілікті ме? Түлекке жоғары білім беру жүйесінде алған дағдыларын пайдалануға мүмкіндік беретін жұмыс табу жеткілікті ме? Егер адам педагогтік мамандық алса, бірақ мамандығы бойынша жұмыс істемесе, оны сәтті деп атауға болады ма? Жұмыспен қамту дәрежесі рөл атқарады ма? Оқу жетістігін бағалау үшін қандай кезеңнің – бірнеше ай немесе бірнеше жыл жұмыс нәтижелері қарастырылуы керек?

Кәсіби және кең әлеуметтік нәтижелерден басқа оқудағы жетістік көбіне жоғары білімнің келесі сатысына көшуде көрінеді. Бакалавр дәрежесін алғаннан кейін студент оқуын магистр дәрежесіне дейін жалғастыра алады, содан кейін докторлық дәрежеге үміткер бола алады, содан кейін зерттеуші немесе оқытушы ретінде мансап құра алады. Бұл жағдайда академиялық жетістік одан кейінгі академиялық жетістіктерге түрткі бола алады.

Кең мағынада әлеуметтік жетістік – жоғары білім беру жүйесінің түлектері неғұрлым өнімді, ақпараттандырылған, саналы немесе қоғамның әділ дамуына қосатын үлесімен анықталады. Студенттердің қоғамдық өмірге, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтарға көмек көрсету бағдарламаларына және басқа да осындай бастамаларға қатысуына баса назар аудару жоғары білім беру жүйесінің осы функциясының маңыздылығын көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, студенттер емтихандарды қаншалықты жақсы тапсыратыны, олар өздерінің оқу тәжірибелеріне қаншалықты қанағаттанатындығы және олар өз оқуын аяқтайды ма аса маңызды емес. Олардың білім алу нәтижесінде қоғамның дамуына елеулі үлес қоса алатындығы маңызды. Білім беру өз алдына өнер мен ғылым моделі бойынша нақ осындай жаһандық еркін мақсатты дәстүрлі түрде қойып отыр.

Әдетте студенттік өмір циклі жоғары оқу орнына түсу және оқуды аяқтау сәттерімен шектеледі, дегенмен оқытудағы жетістік моделі, оқудағы жетістік ұғымына ықпал ететін мәдени динамиканы тереңірек және кеңінен қарастыру үшін, жоғары білім беру жүйесінің уақытша және концептуалды шекараларын кеңейтеді. Жоғары білім беру мен алудың жаңа тәсілдерін әзірлеуге қарай, жетістік моделі жоғары білім алуға деген мотивациялардың алуан түрлілігін, жетістікті нормативтік түсіну контекстіндегі білім беру тәжірибесі мен нәтижелерінің әртүрлілігін ескеретін зерттеушілік шегін жасайды.

Екіншіден, білім беру тәжірибесі – қайтадан құру. Алдымен *қиындықты қабылдау*. Жоғары білім жүйесіндегі жетістік әртүрлі адамдар үшін түрлі мағынаға ие екені анық. Қарастырылған «жетістік» ұғымы теориялық жалпылау мақсатында контекстен әдейі ажыратылды, бірақ тиімді қолдану үшін оны нақты жағдайлар мен жеке жағдайларға ендіру қажет. Онлайн-білім беруді одан әрі дамыту үшін білім алушыларды сәйкестендірудің тәсілдерін әзірлеу маңызды. Бұл міндет бұрын ойлағаннан әлдеқайда қиын. Мұны түсіну және қабылдау керек. Шын мәнінде, біз студенттерді мифтік социологиялық топтардың призмасы арқылы қарастырудан, әрбір тұлғаның ерекшеліктерін ескеретін, жеке көзқарасқа көшу қажеттілігін қолдаймыз. Әрі қарай талқылаудан көрініп тұрғандай, негізінен бұл жай ғана терминдерді өзгерту емес, жоғары білім алушы адамдардың сәйкестілігін тұжырымдаудың жаңа тәсілі. Біздің ойымызша, әр студентті топ мүшесі ретінде қабылдаудан, әр студентті тұлға ретінде қабылдауға өтетін, мұндай ауысу айтарлықтай күш-жігерді қажет етеді, атап айтқанда білім беруді сараптаудың сенімді әдістерін жасауда, бірақ оның өнімділігіне күмәніміз жоқ.

Содан кейін, топтан жеке адамға ауысу. Студенттерді белгілі бір әлеуметтік топтар мүшесі ретінде қарастыру, ең алдымен алынған деректердің талдап тексеру деңгейінің төмендігі мен статикалық сипаты салдарынан қалыптасқан проблемаларды адекватты бағалауға мүмкіндік бермейді. *Балама тәсіл* – жалпыланған топтарды зерттеуден бас тарту және жеке адамның дара, бірегей қасиеттерін тереңірек қарастыру. Мұндағы маңызды қадам кең статикалық жіктеулердегі даралықты сөйілтуден әрбір адамның тәжірибесін сипаттайтын ерекшеліктер мен динамикалық тенденцияларды зерттеуге көшу болып табылады [8]. Бұл бағытта ілгерілеу үшін қажеттіліктер мен мінез-құлық стратегиялары когнитивті немесе мотивациялық факторлар негізінде студенттердің негізделген типологияларын әзірлеу керек. Б. Кларк пен М. Троудың іргелі зерттеулеріне негізделген типология [9] немесе А. Астин типологиясы мысал бола алады [10].

Келесі қадам, гиперинтер секциялылыққа көшу. Оқудағы жетістікті зерттеудің ұсынылған тәсілін *интерсекциялылық* идеясымен толықтырған жөн. Б. Дилл және Р. Замбрана [11] *интерсекционалдылықты «нәсілдік, этникалық, таптық, гендерлік теңсіздікті, сондай-ақ физикалық мүмкіндіктерге, жасына және жыныстық бағдарға байланысты теңсіздікті сыни талдау үшін құралдар ұсынатын және теңсіздіктің осы түрлерін қарастырудың қолданыстағы тәсілдеріне қарсы тұруға мүмкіндік беретін жаңа және революциялық зерттеу саласы»* деп анықтайды.


Интер секционалдылық саласындағы зерттеулер контекстің бірегейліктің аспектілері арасындағы байланысқа қалай әсер ететінін түсіндіреді. Жағымсыз факторлардың әсері жағымды (оң) факторлардың әсерінен гөрі жоғары екендігі белгілі. Мысалы, кейбір ғалымдар келтірген жергілікті (байырғы) халықтардың мәдени ерекшеліктері мен әлеуметтік-экономикалық факторлардың бір мезгілде әсер етуін немесе студенттерді іріктеуге оқытудың пәндік саласының, гендерлік тиістілік және әлеуметтік-демографиялық факторлардың жиынтық (ортақ) әсерін айтуға болады. Интерсекциялық әсердің болу фактісіне қарамастан, осы саладағы зерттеулер негізінен бинарлы принцип бойынша құрылған: этникалық тиістілік және халықаралық мәртебе [12], гендерлік және нәсілдік тиістілік [13], этникалық тиістілік және діни сенім [14]. Дегенмен, студенттік типологияны зерттеу өрісін бұлай кеңейту концептуалды және техникалық тұрғыдан да стратегиялық маңызға ие деп санаймыз, өйткені ол жеке тұлғаны теңестіруді қиылысатын векторлар қатары ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Демек, *«гиперинтерсекциялылық»* идеясы адамдардың айырмашылықтарын аталған жеке сәйкестендіру критерийлері бойынша бағалау мақсатында сандық көрсеткіштердің қиылысатын векторларын қолдану болып табылады.

Студенттің ЖОО-на түсу кезеңінде алынған мәліметтерді біріктіру үшін белгілі бір алгоритмдерді қолдана отырып, білім беруді сараптау студенттің үлгерімін, оның оқу мақсаттарына жетудегі табандылығын болжай алады және ол ЖОО-ның бітіретінін немесе кететінін алдын ала айта алады. Бұл тәсілдің артықшылығы – мәліметтерді түсіндіру студенттің даму заңдылықтары туралы теориялық түсініктермен тығыз байланысты. Бірақ, іргелі де, қолданбалы да зерттеулер осы векторларды сәйкестендіру және олардың арасындағы маңызды қиылыстарды анықтау үшін әлі ресурстар берген жоқ. Демек, демографиялыққа жатпайтын деректер негізінде жаңа типологияларды әзірлеу керек.

Әрине, бұл стратегияны қолдану үшін жеке тұлғаны сәйкестендірудің оңтайлы тәсілін табу қажет. Студентті (анықтауға) сәйкестендіруге жеткілікті факторлар жиынтығын анықтау үшін эмпирикалық институционалды зерттеу қажет болады. Ендеше, басқарушылық және білім беру мақсатында тиімді пайдалануға болатын, студенттің профилін құру үшін, кез-келген көп факторлы сегментациядағыдай ондаған факторлар қажет болады. Мұндай профильдердің белгілі бір оқу орнында қалыптасуы олардың, яғни осы ЖОО-на келген студенттердің кім екенін және олардың жетістікке жетуіне қалай көмектесуге болатындығын түсінуге көмектеседі.

Үшіншіден, білім беру аналитикасын құру. Жетістіктің дәлелі. Қазіргі студенттерді олардың барлық алуан түрлілігінде зерттеу қажеттілігін мойындау жеткіліксіз. Тиімді өзгерістер болуы үшін институционалды мәдениет пен практикада нақты қозғалыстар қажет.

Мұндай өзгерістер ғылыми деректерге негізделуі керек және студенттер қандай және оларға жетістікке жету үшін білім беру мекемелері не беруі керек екенін анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратпен қамтамасыз етілуі тиіс. Дұрыс деректерге негізделген оқудағы жетістікке жету үшін бұл қозғалыс 2-суретте ұсынылған.



Сурет 2. Дәлелдемелерге негізделген оқуда жетістікке жету стратегиясы

Білім беру технологиялары студенттердің өмірі мен оқу орындарының жұмысының тұрақты және ажырамас элементіне айналған сайын, білім беру тәжірибесін дараландыру әлеуеті бар жаңа мәліметтер түрлері пайда болады. Студенттердің ЖОО-на қабылдануынан бастап диплом алуына дейін және білім беру траекториясының келесі кезеңдеріндегі қозғалысын басқару үшін қолданылатын онлайн-білім беру жүйелері студенттерді жақсы түсінуге және олардың жетістікке жетуіне көмектесу үшін қажетті ақпаратты ұсына алады [6]. Ақпарат көп болуы мүмкін, бірақ қолда бар деректердің алшақтығы жүйелер мен ақпараттарды жүйелендіру арасында өзара әрекеттестіктің болмауы оны тиімді пайдалануға кедергі келтіреді және осы саладағы прогрессті тежейді. Демек, студенттердің тәжірибесі туралы деректерді жинап, талдауды қамтамасыз ету үшін оларды түсінуге және оларға жетістікке жетуінде көмектесу мақсатында көп қырлы өзгерістер қажет. Олар білім беру тәжірибесін зерттеудің дәстүрлі әдістерінен бас тартуды және «аналитиканың» жаңа формаларын дамытуды білдіреді. Сондықтан осы мақалада ұсынылған эмпирикалық стратегия білім беру аналитикасы ұғымына негізделген.

Жоғары білім беру аналитикасы. Кең мағынада білім беру аналитикасы деректерді түсіндіру және болжау үшін қолдану, сондай-ақ білім берудің кешенді проблемалары бойынша шаралар қабылдау ретінде түсініледі. Мұндай талдау құралдары ең озық ғылыми зерттеулер мен практикалық әзірлемелердің нәтижелерін ассимиляциялайды.

Жоғары білім беру жүйесінде аналитикалық тәсілдерді қолдану 1980 және 1990 жылдардағы бизнес-аналитиканың дамуын анықтайтын «деректер негізінде шешімдер қабылдаудан» бастау алады [15]. Тек соңғы он, он екі жылдың өзінде бұл процесс сандық жүйелердің, құрылғылардың және платформалардың таралуына байланысты жеделдеді. Бастапқы түрінде оны Сименс пен Гашевич [16] «білім алушылар туралы деректерді өлшеумен, жинаумен, талдаумен және берумен байланысты және олардың контекстерінде оқыту процесі мен оның өтетін ортасын түсіну және оңтайландыру мақсатындағы іс-әрекет» ретінде анықтайды. Аналитиканы институционалдық мақсаттар үшін қолдану «академиялық аналитика» деп аталады. «Оқытуды әлеуметтік талдау» білім алушылардың әртүрлі топтарының білімді игеруі туралы ақпарат береді [17].

Білім беру аналитикасы үлкен көлемдегі деректерді өндіруге және сақтауға негізделген, ол үшін жоғары білімнің негізгі салаларына ірі ауқымды мәліметтер жинау құрылымдары енгізіледі және бүгінде енгізілуде. Қазіргі уақытта олар университеттік жүйенің студенттерді жинау және қабылдау, оқу ақысын төлеу және несиелеу, оқу бағдарламалары, бағалау, ресурстар, студенттерді қолдау, кітапханалар, сауалнамаларды ұйымдастыру, тіркеу сауалнамалары мен формалары, жалпы және ресми байланыс арналары сияқты элементтеріне біріктірілген. Осы ресми жүйелерден алынған мәліметтер білім беру аналитикасының негізіне алынады. Бұл атап айтқанда, студенттерге қабылдану кезінде ұсынылатын демографиялық, жеке мәліметтер және мәлімет жинайтын құрылымдардың студенттерден де, білім беру мекемелерінің қызметкерлерінен де алынатын академиялық ақпараттар. Нәтижесінде қалыптасқан деректер базасын әлі толық деп санауға болмайды, сонымен қатар білім беру мекемелерінің ішіндегі және арасындағы деректер көздерінің өзара байланысы қамтамасыз етілмеген, бұл әрине жинақталған деректерді білім беру аналитикасында пайдалануды шектейді. Сонымен қатар, оқу үдерісінде оқытушылар да, студенттер де ақпарат және тәжірибе алу үшін институттықтан тыс көптеген құралдар санын қолданады және ЖОО-нан тыс та алуан түрлі өзара байланыстар жасайды, ал білім беру үдерісінің осы бір құрамдас бөлігі туралы деректер алу қиын.

Біз осы саланың қалыптасуы мен даму кезеңінде білім беру аналитикасын неғұрлым ауқымды стратегиялық мақсатта пайдалану қажеттілігін атап өткіміз келеді. Жоғары білім беру жүйесіндегі талдау құралдарының теориясы мен практикасын зерттеу әрине дамуда, ал институционалды және ұлттық деңгейдегі аналитика іс жүзінде жеткіліксіз деңгейде қолданылатындығы анық. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша білім беру мекемелері жинаған деректердің көпшілігі стратегиялық мәселелерді шешу үшін емес, аттестация немесе есеп беру бойынша талаптарды орындау үшін қызмет етеді және жиналған деректердің көп бөлігі мүлдем пайдаланылмайды екен [18]. Аналитиканы стратегиялық мақсаттарда қолдану біртіндеп дамып келеді, бірақ әзірге қолданылатын тәжірибелер теориялық тұрғыдан көбінесе фрагментті, конъюнктуралық және шектеулі болып келеді. Жан-жақты, толық ақпарат беруді қамтамасыз ететін және деректер көздерін көбірек біріктіретін, студенттер туралы мәліметтер жинаудың жақында пайда болған тәсілі, болашақта білім алушылардың жеке басы сәйкестігін, соның ішінде оқытумен байланысты мінез-құлық стратегияларын, мотивтер мен қажеттіліктерді мейлінше тереңірек түсінуді қамтамасыз етеді. Болашақта студенттер туралы мәліметтер тек ресми көздерден ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемелері қолдамайтын платформалар арқылы да қол жетімді болады.

Келесі бір қадам, *ЖОО-ның сақтап қалудан ЖОО-ның жетістігіне көшу*. Бүгінде аналитиканың негізгі мақсаты – студенттерді жоғары оқу орнында ұстап қалу болып қалып отыр. Оны осы мақсатта қолдану мысалдарын көптеген білім беру мекемелерінен табуға болады, талдау әртүрлі әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі, оның негізінде студенттерді іріктеуді қысқартуға мүмкіндік беретін шаралар жүйесі жасалады. Ең жиі айтылатын мысалдардың бірі – АҚШ-тың Пэрдью университетінде жасалған Course Signals жүйесі [19]. Аналитикалық жүйе оқытуды басқару жүйесінен алынған деректерді, белгілі бір студенттің университетке түскенге дейінгі (орта мектепті қоса алғанда) алдыңғы білім беру траекториясын бақылау және оның академиялық дайындық деңгейін бағалау үшін, әртүрлі университеттік көздерден жиналған демографиялық және басқа да ақпараттармен бірге үйлестікте пайдаланады.

Талдау құралдарын ең алдымен студенттерді ЖОО-да ұстап қалу мақсатында пайдалану студенттерді қолдаудың «жоғарыдан төменге» қарай дәстүрлі тәсілін көрсетеді: қандай да бір проблеманың бар екенін көрсететін ақпарат, оқытушыға немесе ЖОО-ны басшылығына олар осы проблеманың шешімін табудың орнына беріледі. Негізі дұрысы нақты дәлелді деректер және жетістікке бағдарлау арқылы студенттердің қалай оқитыны және оларды академиялық (оқу) жетістіктерге жетуіне не итермелейтіндігі туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру.

Қолда бар деректерді студенттерді ЖОО-да ұстап тұру үшін пайдалануға баса назар аудара отырып, білім беру жүйесі барлық студенттердің білім беру тәжірибесін байыту мақсатындағы ақпараттың дербестендірілген және бейімделген жүйелерін қолданудың әлеуетті мүмкіндіктерін жіберіп алады. Білім беру аналитикасы толығымен білім беру мекемелеріне әр студенттің жетістіктерін қамтамасыз етуге көмектесу үшін құрылуы керек. Аналитиканы қолдану аясын неғұрлым әртараптандырылған деректер көздері есебінен кеңейту білім беру саясатының алдына жаңа мақсаттар қоюға мүмкіндік береді және жекелеген студенттердің мүдделеріне қызмет етеді, олар үшін стипендия алуды, халықаралық алмасуларды, тағылымдамаларды, балама курстарды, аудиториядан тыс іс-шараларды ұйымдастыруды және жұмысқа орналасуды жеңілдетеді. Болашақта неғұрлым жетілдірілген аналитикалық құралдарын құру студент жетістіктерін басқаруға ғана емес, сонымен қатар студенттердің жоғары білім беру жүйесінде алатын дағдылары мен білімдеріне тікелей әсер етуге мүмкіндік береді. Зерттеулер мен практикалық әдістемелердің бұл саласы әлі қалыптасу сатысында болғандықтан, оның әлеуетті мүмкіндіктері әлі бағаланған жоқ. Алайда, Ұлыбританияның Жоғары білім беру комиссиясының 2016 жылғы есебінде [6] студенттердің оқу тәжірибесін жақсарту, ақпаратты дараландыру және білім алушыларға қосымша мүмкіндіктер беру мақсатында аналитикалық әдістерді қолдану аясын кеңейту білім беру аналитикасының деңгейінің төмендігіне, қарамастан білім беру мекемелерінің бірқатар басым міндеттеріне кіреді. Мысалы, студенттердің оқшауланған жеке сауалнамаларын жүргізудің және әкімшілік деректерді тіркеудің орнына, білім беру мекемелері жетістік моделіне сәйкес (1-кестені қараңыз) және студенттердің дербестігін/жеке басын барынша толық ашу мүддесіне сай ақпарат жинауды ұйымдастыра алар еді. Бұл үшін қолда бар мәліметтердің дұрыс талданып-қорытылмаған, сондай-ақ бұрын анықталмаған, талданбаған және білім беру ұйымдарында тіркелмеген мінез-құлықтық немесе когнитивті деректердің жаңа түрлерін пайдалануға болады. Болашақта білім беру аналитикасы мүдделі тараптар: студенттер, оқытушылар және көмекші қызметкерлерге әрқайсысына табысқа жетуіне көмектесетін, мақсатты қолдауды қамтамасыз ететін, жеке нұсқаулықтар ұсына алады.

Төртіншіден, академиялық басшылықты жетілдіру. Қазіргі студенттер оқытудың әртүрлі технологияларын белсенді қолдана бастады, ал білім беру мекемелері алынған ақпарат негізінде студенттердің жеке ерекшеліктерін айқын елестетуге және олардың әрқайсысының жетістікке жетуіне көмектесуге мүмкіндік алады. Білім беру жүйесінде енді пассивті реципиенттер жоқ, студент енді – бұл барынша әртүрлі және динамикалық ортада мейлінше жан-жақты білім алушы, ол оқуға көп ресурс жұмсайды және өмірдің әртүрлі салаларында айтарлықтай нәтижелер күтеді. Студент те, оқу ортасы да дәстүрлі демографиялық тұрғыдағы кең сипаттамаларға бейім емес. Болашақта білім беру аналитикасының дамуы әр студент үшін дербестендірілген, бейімделетін және нақты уақыттағы өзгермелі білім беру ортасын қалыптастыра алады. Алайда, жоғары білім беру жүйесінің одан әрі дамуы үшін тек білім беру аналитикасы жеткіліксіз. Студенттердің оқудағы жетістіктерін қамтамасыз ету үшін ЖОО басшылығы білім беру аналитикасын студенттердің өздеріне тән ерекшеліктерімен және жоғары білім беру жүйесіндегі тәжірибесі туралы егжей-тегжейлі түсініктермен біріктіруі керек. Тиімді академиялық басшылық осы саладағы кез-келген стратегиялық өзгерістердің негізі болып табылады. Мұндай басшылық әртүрлі көздерден жүзеге асырылуы керек: ресми менеджерлер, профессорлық-оқытушылық құрам, көмекші персонал, оқу орнының қызметкерлері құрған орта және, әрине, студенттердің өздері. Академиялық жұмыстың сипаты үнемі өзгеріп отыратындығын есте ұстаған жөн, бұл ретте жаңа гибриді функциялар мен рөлдер, соның ішінде аналитика саласында да пайда болады. Сонымен қатар, жоғары білім беру әрқашан бірлескен қызмет болып табылады, тіпті әлемдегі ең жақсы оқу орындарының өзі де студенттер мен үшінші тараптардың қатысуынсыз оқу жетістіктерін қамтамасыз ете алмайды.

Қорытынды. Сонымен мақалада көрсетілген стратегияны қалыптастыру мен алға жылжытудың ең тиімді құралдары қандай?

Біріншіден, әртүрлі білім беру және басқару функцияларын онлайн-платформаларда жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Бұл құралдар контекстке байланысты және олар кем дегенде, жоғарыда сипатталған оқу жетістіктерін қамтамасыз ету жүйесіне қажетті деректерді ұсынуы керек. Екіншіден, білім беру мекемелері үшін де, онлайн-білім беру саласындағы білім беру жүйесінің әрбір қатысушысы үшін де нақты деректерді кең көлемде пайдаланудың маңыздылығын көрсететін кейстер моделі бойынша зерттеулер жүргізілуі тиіс. Әлбетте, білім беру ұйымдарының көшбасшыларын, олардың барлық ресурстарды ЖОО-да студенттерді іріктеу мен ұстап қалуға бағыттауын тоқтату үшін ынталандыру қажеттілігі бар екені анық. Үшіншіден, онлайн-білім берудің одан әрі дамуына қарай, кәсіби даму құралдарын жетістікті қамтамасыз ететін сапалар мен құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағыттау.

Жеке оқу орындары мен жекелеген студенттер туралы ақпаратты талдап қорыту оңай болмағандықтан, жоғары білім беру жүйесінің нақты деректерге негізделген басқару тәжірибесіне көшуі тежеледі. Өзгерістердің төмен қарқыны бірқатар себептерге байланысты, соның ішінде сектордың саяси экономикасы, оның тарихы мен мәдениеті, білім беру мекемелері мен талдау құралдарының қарқынды дамуы, сондай-ақ жоғары білім беру саласындағы көптеген құбылыстарды өлшеу өте қиын фактілердің бірі. Дегенмен, нақты деректерге негізделген жүйелерге көшу қажеттілігі бар және үнемі артуда. Мақалада сипатталған стратегияны алға жылжыту мемлекеттік немесе коммерциялық құрылымдарға қарағанда білім беру саласының мамандарына көбірек байланысты екеніне сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Alipbay S. (2017) What do we know about digitization? // "Egemen Kazakhstan" 05 December.
2. The state program "Digital Kazakhstan" (2020), December 9.
3. Beetham H., Sharpe R. (eds) (2013) Rethinking Pedagogy for a Digital Age: Designing for 21st Century Learning. New York; London: Routledge.
4. Hu S., Li S. (eds) (2011) Using Typological Approaches to Understand College Student Experiences and Outcomes. San Francisco: Jossey-Bass.
5. Kuh G. D., Hu S., Vesper N. (2000) "They Shall Be Known By What They Do": An Activities-Based Typology of College Students // Journal of College Student Development. Vol. 41. No 2. P. 228-244.
6. Higher Education Commission (2016) From Bricks to Clicks: The Potential of Data Analytics in Higher Education; Policy Connect UK. <http://www.policyconnect.org.uk/hec/research/report-bricks-clicks-potential-data-and-analyticshigher-education>
7. Naylor R., Coates H., Kelly P. (2015) From Equity to Excellence: Renovating Australia's National Framework to Create New Forms of Success // A. Harvey, C. Burnheim, M. Brett (eds) Student Equity in Australian Higher Education: Twenty-Five Years of a Fair Chance for All. Singapore: Springer.
8. Jones S.R., McEwen M.K. (2000) A Conceptual Model of Multiple Dimensions of Identity // Journal of College Student Development. Vol. 41. No 4. P. 405-414.
9. Clark B.R., Trow M. (1966) The Organizational Context: College Peer Groups // T.M. Newcomb, E.K. Wilson (eds) Problems and Prospects for Research. Chicago: Aldine. P. 17-70.
10. Astin A.W. (1993) An Empirical Typology of College Students // Journal of College Student Development. Vol. 34. No 1. P. 36-46.
11. Dill B. T., Zambrana R. E. (2009) Emerging Intersections: Race, Class, and Gender in Theory, Policy, and Practice. New Brunswick: Rutgers University Press.
12. Malcolm Z.T., Mendoza P. (2014) Afro-Caribbean International Students' Ethnic Identity Development: Fluidity, Intersectionality, Agency, and Performativity // Journal of College Student Development. Vol. 55. No 6. P. 595-614.
13. Linder C., Rodriguez K.L. (2012) Learning from the Experiences of Self-Identified Women of Color Activists // Journal of College Student Development. Vol. 53. No 3. P. 383-398.

14. Rockenbach A.N., Mayhew M.J., Bowman N.A. (2015) Perceptions of the Campus Climate for Nonreligious Students // Journal of College Student Development. Vol. 56. No 2. P. 181-186.
15. Picciano A. (2012) The Evolution of Big Data and Learning Analytics in American Higher Education // Journal of Asynchronous Learning Networks. Vol. 16. No 3. P. 9-20.
16. Society for Learning Analytics Research (SOLAR) (2011) Open Learning Analytics: An Integrated and Modularized Platform. <http://solaresearch.org/OpenLearningAnalytics.pdf>
17. Buckingham Shum S., Ferguson R. (2012) Social Learning Analytics // Educational Technology & Society. Vol. 15. No 3. P. 3-26.
18. Bichsel J. (2012) Analytics in Higher Education: Benefits, Barriers, Progress, and Recommendations. www.educause.edu/ecar
19. Arnold K.E., Pistilli M. (2012) Course Signals at Purdue: Using Learning Analytics to Increase Student Success. Paper presented at the 2nd International Conference on Learning Analytics and Knowledge. Vancouver, Canada, 2012, 29 April - 2 May.

УДК371.32

СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБЩЕСТВА

Воронина Л.В., д.п.н., профессор

Уральский государственный педагогический университет, г. Екатеринбург,

E-mail: voronina@uspu.ru

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы организации обучения детей младшего школьного возраста в условиях цифровизации образования. Описываются уровни изменений педагогической практики в зависимости от использования цифровых образовательных ресурсов. Раскрываются современные образовательные стратегии формирования новых знаний и умений, а также развития способностей детей: стратегии интериоризации, развития памяти как части интеллектуальной деятельности и стратегия развития критического мышления.

Ключевые слова: цифровизация образования, цифровые образовательные ресурсы, младший школьный возраст, развитие обучающихся, стратегии развития.

Annotation. The article deals with the issues of organizing the education of primary school age children in the conditions of digitalization of education. The levels of changes in pedagogical practice depending on the use of digital educational resources are described. Modern educational strategies for the formation of new knowledge and skills, as well as the development of children's abilities are revealed: strategies of interiorization, development of memory as a part of intellectual activity and a strategy for the development of critical thinking.

Key words: digitalization of education, digital educational resources, primary school age, student development, development strategies.

В настоящее время цифровизация охватила все сферы деятельности общества, внося изменения в образование, коммуникацию, времяпровождение людей, изменяя их взгляды и образ жизни. Быстрое развитие цифровых технологий в образовании создает у многих педагогов иллюзию того, что цифровизация – это буквально панацея от всех «бед». Другими словами, она начинает восприниматься как условие и способ решения всех без исключения актуальных проблем образования. Однако цифровизация образования носит весьма противоречивый характер. С одной стороны, развитие цифровых технологий оценивается как прогрессивный шаг к открытому глобальному обществу, которое опирается на общность целей и ценностей. С другой же стороны, имеет место критика процессов цифровизации, которые ведут к утрате человеком свободы, кризису идентичности и гуманизма [3].

Определяя позитивный потенциал цифровизации, отметим, что использование цифровых образовательных ресурсов предполагает множество вариантов проектирования образовательного процесса в школе. Сочетание реальных и виртуальных средств обучения позволяет учителям передавать знания как непосредственно, так и опосредованно.

Цифровизованное образование даёт возможность получать новую информацию в любом месте. Следовательно, цифровизация позволяет внедрить принцип мобильности в образовательный процесс, что также является практичным способом получения знаний для школьников. Интернет – базис процесса цифровизации, а различные устройства для ввода и вывода информации, то есть всевозможные гаджеты, являются инструментом данного процесса.

Цифровизация образования позволяет обучаться в привычной домашней обстановке с использованием различных образовательных платформ. И опыт уже есть – переход системы образования в период пандемии на цифровое образование платформы и ресурсы.

Отметим, что процесс внедрения цифровых образовательных ресурсов (ЦОР) в учебный процесс может изменять педагогическую практику на разных уровнях: замещение, улучшение, изменение и преобразование. Такое деление уровней внедрения цифровых ресурсов в учебный процесс обычно называют моделью SAMR (The Substitution Augmentation Modification Redefinition Model) [4, 185 с.].



Рис. Уровни изменения педагогической практики

Опишем данные уровни. 1 уровень – замещение – традиционное средство обучения замещается новым цифровым, но возможности цифрового инструмента минимальны, педагогическая практика, по сути, не меняется. Например, использование вместо традиционных бумажных учебников электронных книг (планшет и т.п.).

2 уровень – улучшение – традиционное средство обучения также замещается новым цифровым, но в данном случае функциональность цифрового инструмента немного повышается. Например, в качестве наглядных средств обучения учитель использует не бумажные картинки, плакаты и т.п., а применяет для этой цели мультимедийный проектор, который значительно расширяет возможности наглядного представления материала.

3 уровень – изменение – традиционное средство обучения тоже замещается новым цифровым, но его функциональность значительно расширяется, а это позволяет существенно улучшить педагогическую практику. Например, не только учитель готовит презентации, но и сами дети – отчет о проведенном проекте, сообщение/доклад для урока, выступление перед

родителями, размещение материалов в сети Интернет (например, на сайте класса) и т.п. На этом этапе начинается переход от технического усовершенствования образовательного процесса к его преобразованию. Здесь наблюдается не только улучшение традиционной работы, а идет изменение методики проведения занятий. Младшие школьники становятся субъектами процесса обучения – они активно включаются в проведение урока, у них развиваются навыки цифровой коммуникации.

4 уровень – преобразование – функциональность цифровых инструментов учебной работы не просто заметно расширяется, но и становится качественно другой по сравнению с функциональностью традиционных средств. И здесь уже цифровые образовательные ресурсы позволяют делать то, что ранее было невозможно, создают условия для решения таких задач, которые нереально решить без их применения [4, 186-187 с.]. Например, использование в образовательной практике различных цифровых платформ – тренажеров помогает организовать индивидуальные образовательные маршруты – каждый ученик отрабатывает тот или иной учебный материал в зависимости от своих возможностей и потребностей. К таким платформам мы можем отнести matematika.club – Клуб любителей математики, Образавр.ру – интерактивная онлайн-платформа для изучения школьных предметов в игровой форме и др.

Внедрение в образовательную практику цифровых образовательных ресурсов на 1 и 2 уровнях сможет облегчить учебную работу как учителя, так и учеников, но фактически не меняет образовательный процесс. В данном случае использование цифровых образовательных ресурсов носит рутинный характер и, как показывает практика, не ведет к заметным улучшениям образовательных результатов обучающихся и их обновлению.

Внедрение же цифровых образовательных ресурсов на 3 и 4 уровнях предполагает изменение образовательного процесса. Здесь ЦОР позволяют решать задачи, которые ранее не решались – целенаправленно формировать у обучающихся способности к самостоятельной учебной работе, формировать компетенции 21 века – коммуникацию, кооперацию, креативность и критическое мышление. Такие изменения могут привести к формированию у обучающихся универсальных компетенций, к развитию их личностного потенциала.

Таким образом, цифровизация образования положительно влияет на развитие личности обучающихся, позволяет оптимизировать образовательный процесс, вовлечь в него педагогов и младших школьников как субъектов образовательного пространства, развивать самостоятельность и творчество. Интерактивные технологии позволяют информации быть краткой, повышающей интерес младших школьников к компьютерам и образованию в единстве.

Естественно, классическая система образования, четко определившая стратегии развития личности, не встраивается полностью в цифровые процессы. Следовательно, на смену ей приходят современные образовательные стратегии формирования новых знаний, умений и развития способностей.

Стратегия интериоризации предполагает, что в ходе воспроизводства деятельности ориентировочная основа деятельности свёртывается, автоматизируется, обобщается, переносится во внутренний план, то есть формируются новые знания, умения, способности и психические свойства. Теория такого перехода (интериоризации) наиболее полно разработана в учении П. Я. Гальперина об управляемом формировании «умственных действий, понятий и образов» [2]. Данная стратегия связана с самостоятельным контролируемым получением знаний и умений в рамках ограниченных временных ресурсов.

Следующая стратегия, влияющая на развитие личности в цифровом пространстве, это развитие памяти как части интеллектуальной деятельности. Парадоксально, но с развитием цифровых технологий фактически утрачивается необходимость запоминания того, что является фундаментом образования, например, фактологической информации. Это связано с быстротой и доступностью получения информации в сети Интернет. Опыт показывает, что

алгоритмом поиска информации владеют практически все обучающиеся, но только единицы умеют работать с разными источниками информации, критически оценивать полученную информацию, проверять её на достоверность, уметь анализировать ее. В этом и состоит важность стратегии развития памяти – помнить основные факты, понятия, события, которые изучали на уроках, чтобы, работая с информацией в Интернете, отбирать только достоверную.

Развивая личность обучающегося в условиях цифровизации образования, необходимо взять курс на стратегию развития критического мышления, то есть на использование когнитивных техник, которые увеличивают вероятность получения желаемого конечного результата. Критическое мышление - это такое мышление, к которому обращаются при решении задач, формулировании выводов, вероятностной оценке и принятии решений. При этом младший школьник использует навыки, которые эффективны для конкретной ситуации и типа решаемой задачи. Чаще всего учебный процесс в начальной школе является репродуктивным, так как опирается на многократное воспроизведение правил и образцов действий. В рамках такого процесса младший школьник, получая эффект быстрого усвоения большого объема материала, лишается возможности развития творческого, самостоятельного и гибкого мышления [1]. Вот здесь и важно сформировать критическое мышление, которое позволит анализировать полученную информацию, делать правильные выводы. Одним из средств, развивающих критическое мышление, является технология развития критического мышления через чтение и письмо. Основными приемами, которые используются в этой технологии являются кластер, таблица «толстых» и «тонких» вопросов, инсерт (чтение с пометками), бортовой журнал и др.

Одним из негативных моментов цифровизации является примитивизация компетенций. Электронные помощники (калькуляторы, электронные энциклопедии, переводчики, навигаторы и т.п.) атрофируют многие компетенции своих пользователей, заставляют их отвыкнуть от самостоятельного выстраивания собственной целостной картины мира. В связи с этим на уроках в начальной школе надо как можно меньше использовать калькуляторы. Пусть младшие школьники тренируются выполнять вычисления устно или письменно, это развивает их мышление и память.

Таким образом, цифровизация образования – это новая ступень в улучшении образовательной среды как для учителей, так и для обучающихся. Важными стратегиями развития личности обучающихся в условиях цифровизации образования становятся стратегии интериоризации, развития памяти как части интеллектуальной деятельности и стратегия развития критического мышления.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Артемьева В.В., Воронина Л.В., Артемьева Е.А. Стратегии развития личности обучающихся в условиях цифровизации образования // Интеграция педагогической науки и практики в контексте вызовов XXI века. Сборник научных статей международной научно-практической конференции. – Калуга, 2022. – С. 222-225.

2. Гальперин П.Я. Общий взгляд на учение о так называемом поэтапном формировании умственных действий, представлений и понятий / Подг. к печати М.А. Степановой // Вестник Моск. ун-та. – Сер. 14. – Психология. – 1998. – № 2. – С. 3-8.

3. Строков А.А. Цифровизация образования: проблемы и перспективы // Вестник Мининского университета. – 2020. – Т. 8, № 2. – С. 15.

4. Трудности и перспективы цифровой трансформации образования: кол. монография / Под ред. А.Ю. Уварова, И.Д. Фрумина. – Москва: Издательский дом Высшей школы экономики, 2019. – 344 с.

ЖАСТАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚОСАР ҮЛЕСІ

Салгараева Г.И. п.п. магистрі, аға оқытушы
Халық А., Арықова А., Оспанова Ш.

БВ01301 – «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
білім беру бағдарламасының 2 курс (3 жыл) студенттері

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: salgarayeva78@mail.ru

Аннотация

Мақалада отбасы ұғымы, отбасының мәні және қазіргі таңда отбасылық өмірге дайындауда білім беру орындарының үлесі туралы, отбасы-неке қатынасы мәселесі, жастардың отбасылық өмірге дайындығы, отбасылық мәселелердің алдын-алу үшін атқарылатын жұмыстар және әйел адамның отбасындағы, қоғамдағы рөлі туралы қарастырылады.

Тірек сөздер: отбасы, қоғам, отбасы институты, отбасы-некелік қатынас, отбасы құндылықтары, отбасылық өмір, тәрбие, отбасы тәрбиесі.

Аннотация

В статье рассматриваются понятие семьи, сущность семьи и доля образовательных учреждений в подготовке к семейной жизни, проблема семейно-брачных отношений, готовность молодежи к семейной жизни, работа по профилактике семейных проблем и роль женщины в семье и обществе.

Ключевые слова: семья, общество, институт семьи, семья-брачные отношения, семейные ценности, семейная жизнь, воспитание, семейное воспитание.

Annotation

The article examines the concept of family, the essence of family and the share of educational institutions in preparing for family life, the problem of family and marriage relations, the readiness of young people for family life, work on the prevention of family problems and the role of women in the family and society.

Key words: family, society, family institution, family-marital relations, family values, family life, upbringing, family upbringing.

Отбасының мәні мен оның қоғамдағы рөлі Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-тарихи жағдайдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Отбасы барлық кезеңде де қоғамның бір бөлшегі ретінде болған және онда тәрбиенің алғашқы негізі қаланады. Жалпы отбасы деген ұғыммен бәріміз таныс болғанымен, оның түпкі мағынасына үңіле бермейміз. Отбасы бұл – бірлесіп күн көретін, туыстық қатынастан тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы. Отбасында әр ата-аналар балаларын өзінің өмірден алған білім мен тәжірибелеріне сүйене отырып тәрбиелейді. Осы тұрғыда Э.В.Ильенков өз зерттеуінде, адам тұлғасы оны қоршаған адамдармен қатынасы барысында адамның даралық ерекшеліктерінің әлеуметтік сапаларының нақты жиынтығы нәтижесінде қалыптасады – деген [1]. Яғни, психикалық даму үдерісі бірінші өзара жақын ересектермен қарым-қатынасы арқылы қалыптасады деп түсінеміз. Тек жақын ересек қана тікелей мәдениетті тасымалдаушы, балаға жеткізуші бола алады. Л.С.Выготский осындай сыртқы орта құралдарын интероризациялау үдерісін баланың

ересектермен жасаған өзара әрекеттестік сипатына тәуелдігімен байланыстыра көрсетеді [2]. Қоршаған адамдар бала мен мәдениет арасындағы абстрактылы және формальды жеткізуші ретінде қызмет атқарады. Сондықтан отбасы және білім беру ошақтары балалардың дамып қалыптасуына, дұрыс тәрбие алуына, болашақта өз жолын табуына негіз болады.

А.С. Макаренко ата-аналарға арналған кітабында «Бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс-әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дәрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», — деп ата-аналарға кеңес айтады [3]. Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Еліміздің болашағы – ертеңгі тәрбиелі де білімді ұрпаққа байланысты екені даусыз. Сондықтан оның өмірін, іс-әрекетін, демалысын тиімді ұйымдастыру қажет. Отбасында бала естігені, көргені бойынша өмір сүру салтын, өзін-өзі қалай ұстауды меңгереді, соған байланысты жағымды, жағымсыз мінез-құлықтар қалыптасады. Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс-әрекеттерді дағдыға айналдырғаны дұрыс. Әр бала өз ата-анасынан тәрбие ала отырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Сол себепті да ата-аналарда педагогикалық білімін жетілдіру жұмыстарын жандандыру жақсы нәтиже береді. Қазіргі педагогикалық әдебиетте ата-аналардың педагогикалық іс-әрекеттік бағыттылығын балалармен тәрбиелік өзара әрекеттесудегі үш тәрбие сферасымен байланыстырады – парыз, қызығушылық және сүйіспеншілік. Аталған білім беру сфераларын дамыту арқылы отбасылық тәрбиенің мақсаттарын қарастыру ата-аналардың педагогикалық іс-әрекетінің төменде көрсетілген тиісті міндеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Олар үш топқа біріктірілген және жалпы түрде олар:

1. *Тәрбиелік міндеттері:*

- бала мінезінің негіздерін, оның бастапқы адамгершілік көзқарастары мен ұстанымдарын қалыптастыру;

- еңбекқорлықтың, қоғамға пайдалы іс-әрекетке ұмтылыстың, реттілік пен тәртіптің, қоғам өмірінің нормаларын сақтаудың негіздерін қалау.

2. *Білім беру-тәрбиелеу міндеттері:*

- баланың болашақта өзінің отбасылық қатынастарын қалыптастыруға моральдық-эстетикалық дайындығын жүзеге асыру;

- әке мен анаға, әпкелер мен бауырларға деген сүйіспеншілік, ізгі ниет, терең құрмет сезімін қалыптастыру;

- басқа жыныс өкілдеріне, еркектік және қыздың ар-намысына деген құрмет пен сүйіспеншіліктің шынайы таза сезімін тәрбиелеу;

- тұрмыстық, отбасылық бос уақытты ұйымдастыру, отбасылық шаруашылық жүргізу дағдылары мен дағдыларымен қаруландыру.

3. *Жеке тұлғаны дамыту міндеті* - күнделікті іс-әрекет пен қарым-қатынас процесінде балаларда физикалық, адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, эстетикалық және т.б. қалыптасуына жағдай жасау.

Отбасында балаларды тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізу деңгейі олардың жақсы үлгерімімен ғана емес, сонымен бірге еңбекқорлықтың, іске шығармашылық көзқарастың, салауатты мүдделердің көріну дәрежесімен де дәлелденеді. Сондай-ақ қоғамдағы белсенділік, физикалық шынығу, көркемдік-эстетикалық талғамы дамыған, тәртіптілік пен ерік-жігер де маңызды. Отбасылық тәрбиенің сәттілігінің маңызды көрсеткіші сонымен қатар балаларда ашкөздік, қызғаныш, пайдаға деген ұмтылыс, меркантилизм (материалдық пайдаға құмар), заттық сияқты жағымсыз қасиеттердің болмауы болып табылады.

Қазіргі таңда отбасындағы түрлі мәселелер жастардың отбасы-некелік қатынастарға дайындықтарының төмендігінен және отбасының міндеттері мен ерекшеліктері туралы білімінің болмауынан туындап отыр. Қоғамның бір бөлшегі - отбасы, ал отбасының алтын

казығы – әйел адам екенін жақсы білеміз. Ұлтымыздың адаспай, ұлт болып қалуы, қоғамның алға қарай дамуы, оның әрі қарай өсіп-өркендеуі соңында келіп әйелге, болашақта ана болар қыздардың қалай тәрбиеленетініне байланысты. Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу дегенді білдіреді. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала ержеткенде сол әдетін сақтайды. Ақыл да анадан дариды, дана да әйелден туады. Бүгін ол қыздар өнегелі тәрбие алса, ертең ұрпақ тәрбиелейтін қазақтың дана аналарына айналары сөзсіз.

Сондықтан да әрбір отбасы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындырып, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет [4]. Қыздың бойжетуі, яғни, жан-жақты жетіліп, белгілі дәрежеде өмір тәжірибесіне ие болуы заңды құбылыс. З.Ахметованың айтуынша: «Қыз баланың мына өмірдегі міндет-парызының жүгі ауыр, әрі ардақты. Ол – адамзат ұрпағын өмірге әкелетін болашақ ана, үй ұстап, жар күтетін адал жар, ата-ене сыйлап, илетін қамқор келін. Ол осыны қаласын-қаламасын, бұл – өмір заңы» [5]. Біз бұл жерден қыз баланың жауапкершілігі көп екенін аңғарамыз. Бүгінгі таңда қыз бала тәрбиесінің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата-аналар күнделікті өмірде қыз балаларының мінез-құлқына, жақсы қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтардың орын алмауын назарға ұстаған дұрыс. Қазіргі таңда жаңадан отбасын құрған жастардың басым көпшілігі сәтсіз некеге тап болып жатады. Бұл жағдай отбасылық білімнің, оған деген дайындықтың жеткіліксіздігінің нәтижесі. Өмір талабына сәйкес жас ұрпақты отбасы-некелік өмірге даярлау тәрбие жүйесінің ішінде маңызды орынға ие. Өйткені, кез-келген адам дәрігер, инженер немесе мұғалім бола алмайды, бірақ ата-ана болу әр адамның міндеті. Осы міндетті орындауға жастарды үйрету – ата-ананың ғана міндеті емес, бүкіл қоғамға байланысты деп айтуға болады. Соның ішінде әсіресе ЖОО-да студенттерді отбасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері туралы білімі мен отбасын құруға дайындығын қамтамасыз ету тиімді болары анық.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарында «Отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге, репродуктивті денсаулықты нығайтуға, сондай-ақ, гендерлік теңдікті ілгерілетуге бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асыру» бағытын ұйымдастыру педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін айқындай түседі [6]. Бұл құжаттардағы айтылғандардың барлығы қазіргі студент жастарды отбасылық өмірге даярлау, неке-отбасылық, бала-ата-аналық қатынастар мәселелерінде педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қолдау жұмыстарын ұйымдастырудың қажеттілігін дәлелдейді. Жоғары білім берудің жаңа парадигмасы нәтижесі білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға әкелетін білімге бағытталып отыр. Өйткені білімнің өзінің құндылықтар жүйесі – субъектілердің өзін-өзі өзгертіп, өзін-өзі дамытуында мақсаттарға жетіп, нарықтың бәсекелестік заңдарына шыдай отырып, табысты өмір сүруге дайындау болып табылады. Біздің ойымызша, табысты өмір сүрудің бірі – отбасылық өмір. Отбасы құндылығы әлеуметтік өмірдің ірі ауқымдағы құрылымы. Сондай-ақ, ол материалдық және рухани тұрғыдағы қатынастарға негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесі ЖОО-дары іс-әрекетінің маңызды бағыттарының бірі болады. Осыған орай Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті болашақ ұстаздарды тәрбиелеуде жан-жақты білім мен тәрбие беріп қана қоймай, қазақ қыздарының өзіндік имиджін қалыптасуына және отбасылық өмірге дайындауда өз үлесін қосуда. «Отбасы тәрбие технологиясы» пәні аясында студенттер отбасы тәрбие технологиясының теориялық және әдіснамалық негідерімен танысып, болашақ кәсіби іс-әрекетінде отбасымен ынтымақтастықта жұмыс жасау, диагностикалау, зерттеу дағдыларын

қалыптастырады. Сондай-ақ, отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, әйелдің кәсіптік, аналық, жұбайылық, келіндік рөлдерді атқаруы, отбасында бала тәрбиесіне әсер ететін факторлар, бала тәрбиесіндегі қателіктер және оларды түзету жолдары, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдары, қазіргі мектеп пен отбасының тәрбие мәселелері және т.б. өзекті тақырыптар бойынша білім алып, жастарды болашақ отбасылық өмірге даярлау мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жұмыстары жүргізіледі.

Осы тұста М.Д.Шағырбаева өз еңбегінде «...қазақтың халық педагогикасында әйел – отбасы өмірінің тұтқасы, рухани демеушісі, тәлімгері, перзент тіреніші, ұрпақ жалғастыратын құдыретті күш деп танылған. Олардың адамгершілік болмысы, мейірімі, ұлттық ар мен ұяттың өлшемі, намысы саналған. ...Қазақ елінің ғасырлар бойғы түсінігінде имандылықтың кілті – әйел», - деп пайымдау жасаған [7]. Ғалымның пікірімен келісе отырып, студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде отбасындағы жақсы тәлім мен тәрбие баянды болуы үшін жоғарыда айтылған ойларды ескеру қажеттігін айтамыз. «Отбасы тәрбие технологиясы» пәні арқылы қазақ қыздарын қалай отбасылық өмірге дайындау мәселесіне қатысты ең алдымен нормативті-құқықтық құжаттармен, білім беру бағдарламасында көзделген мақсат-міндеттермен ақпараттыңдырып, сонымен қатар мемлекеттік, қоғамдық және жеке ұйымдардар өткізген қадамдар мен іс-шаралар жайлы негізгі ақпарат көздерімен таныстырады. Отбасы-неке қатынасы мәселесі бойынша студенттердің толық білімді меңгеруі үшін жан-жақты ақпараттық, әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізіліп, осы пәннің негізінде жатақханада «Әртүрлі ұлт өкілдерінің некелесуіне жастардың көзқарасы» атты студенттер арасында пікірсайыс өткізіліп, студенттер осы тақырыптағы көзқарастарын айтып, оларға жоғары буыннан кеңестер беріліп өте қызықты пікірсайыс өтті. Бұндай отбасы-неке тақырыбындағы іс-шара, пәндер студенттердің болашақ отбасын құруда дайындығын дамытып, жақсы отбасын құруға негізгі баспалдақ деп айтуға болады. Бірақ бір өкініштісі бұндай сабақтар барлық ЖОО-да оқытыла бермейді, әсіресе педагогикалық емес оқу орындарында. Жастар отбасының жауапты іс екенін түсінбей жатып отбасын құруға асығады, бірақ отбасын құрған соң оның міндеттерін, құндылықтарын, отбасылық қарым-қатынастың ерекшелігі және т.б. туралы білімінің аздығынан сол жастар арасында ажырасу мәселесі де көбейіп жатыр. Отбасы институтының құндылықтары жаппай өзгеріске түсіп жатыр. Әлемдік жаһанданудың әсері отбасындағы құндылықтарды бір ізге түсірмей келеді. Осындай жағдайда дәстүрлі отбасымызды қалай да сақтап қалуымыз қажет.

Сондықтан, барлық ЖОО-ның оқу жоспарына студенттерді отбасы-неке қатынасына, соның ішінде дәстүрлі отбасымызды дайындауда қажетті біліммен қамтамасыз етуге бағдарланған оқу пәндерін енгізу қажет деп санаймыз. Немесе жастарды некеге, отбасылық өмірге дайындау бағдарламалар, курстар ұйымдастырылып, не болмаса соған байланысты белгілі бір ұйымдар ашылса деген ұсынысымыз бар. Бір қуантарлық жайт бізбен пікірлес замандасымыз психолог Ержан Мырзабаев сәтсіз отбасын алдын алу мақсатында тәжірибе жүргізіп жатыр. Жақсы нәтижелер береді деген үлкен үмітіміз бар. осы мәселені жан-жақты көтеріп, жұмыс жасасақ, отбасы мен қоғамдағы мәселелеріміз азайып, жастарымыз болашағына сеніммен қарар едік. Отбасылық түсіністік – үйлесімді өмірдің берік іргетасы. Отбасында тыныштық болса, қоғамда бейбітшілік орнайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Э. В. Ильенков: Личность и творчество. М., 1999.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1991.
3. Макаренко А.С. «Ата – ағаларға арналған кітап» 1937ж. [66]
4. Қоңырбаева, С.. "Қазақ аруы" арнайы курсы.- Алматы, 2015
5. Ахметова З. «Тәрбие тек айтудан ғана емес, көрсетуден...». –Ұлттық тәрбие. №3, 2010. [116-122 б].

6. ҚР 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең 2017-2019 жылдар) бекіту туралы 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы.
7. М.Д.Шағырбаева. «Қазақ қыздарының тәрбиесі туралы педагогикалық ойлардың даму тарихы және тенденциялары» кандидаттық диссертация, 2010 ж. Алматы.

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ РАССКАЗОВ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Мукашева Ж.А., магистрант 2 курса

Актюбинский государственный университет им.К.Жубанова, г. Актобе

E-mail: keznhigozhina.karlygash@gmail.com

***Аннотация:** бұл мақалада ағылшын тілі сабағында қысқа әңгімелерді қолданудың тиімділігі талқыланады, автор қысқа әңгіме түрлеріменде таныстырады. Мақалада автор орта мектептегі ағылшын тілі сабақтарында шағын әңгімелерді пайдалану алгоритмін ұсынады.*

Тірек сөздер: әңгіме, ертегі, аңыз, астарлы әңгіме, ауыз әдебиеті.

Аннотация: в данной статье рассматривается вопрос эффективности применения коротких рассказов на уроках английского языка, также автор знакомит с видами коротких рассказов. В статье автор предлагает алгоритм применения коротких рассказов на уроках английского языка в средней школе.

***Ключевые слова:** рассказ, басня, небылица, притча, фольклор.*

Annotation: This article discusses the question of the effectiveness of the use of short stories in English lessons, the author also introduces types of short stories. In the article the author offers an algorithm of application of short stories in English lessons in secondary school.

***Key words:** story, fable, false story, parable, folklore.*

Рассказы, устные или письменные, остаются частью человеческого взаимодействия уже на протяжении тысячелетий: как средство общения, развлечение и даже способ передачи информации. Почему люди рассказывают истории? Для того, чтобы передать сообщение, продолжить традицию, поделиться опытом, воплотить собственное воображение, поразить других людей, поделиться культурой, для развлечения и тому подобное. Именно поэтому использование рассказов на занятиях английского языка с младшими школьниками — отличный способ погрузиться в изучение языка. Это также один из способов привлечь их и усовершенствовать не только знания грамматики и расширить словарный запас, но и развивать навыки 21 века. Сегодня мы попробуем выяснить, что стоит за использованием рассказов в изучении иностранного языка, и предложим идеи, которые вы сразу сможете использовать на уроках со своими учениками.

Рассказы являются эффективными средствами обучения, ведь они правдоподобны, хорошо запоминаются и развлекают. Детям обычно нравится слушать, читать и рассказывать истории, поэтому их использование создает хорошую среду для обучения:

Рассказы мотивируют и развлекают, создают глубокий интерес и желание продолжать обучение [1].

В лингвистической науке выделяют несколько видов коротких рассказов:

1. **Басня**- это краткая история, призванная преподать урок морали. Главными героями являются: обычно животные, объекты в природе (например, горы, озера, камни) или силы природы (например, солнце, ветер, дождь), которым приданы человеческие качества.

2. **Притча**- это краткая история, которая иллюстрирует моральный принцип с помощью метафоры.

В отличие от басен, главные герои притч - люди.

3. **Сказка**- это анонимная история, передаваемая из поколения в поколение.

4. **Народная сказка**- это общий термин, который может включать широкий спектр традиционных повествований, таких как мифы, легенды, басни и сказки.

5. **История о призраке**- это история о призраках или других сверхъестественных существах. В культурах по всему миру истории о призраках передавались из поколения в поколение. Эти истории отражают суеверные страхи и убеждения, которые люди имели в различных культурах. Истории о ведьмах, призраках, гоблинах, вампирах, оборотнях и всех видах наземных и морских монстров вышли из устной традиции повествования.

6. **Небылица**- это история с невероятными элементами, которые являются преувеличениями правды. Многие небылицы основаны на реальных людях. Небылица является частью американской народной традиции [2].

Многие короткие рассказы доступны в упрощенном виде для учащихся английского языка. Важно отметить преимущества обучения коротким рассказам:

1. Рассказы короткие.

Компактный характер коротких рассказов выглядят менее пугающими для студентов или школьников, чем несколько сотен страниц огромного романа особенно если студент неохотно читает. Характер коротких рассказов позволяет уделить больше времени его анализу.

2. Рассказы повышают навыки критического и аналитического мышления.

Благодаря их короткой длине, студентам не придется тратить так много усилий, следя за персонажами и сюжетными линиями, которые охватывают сотни страниц. Вместо этого, они могут сосредоточиться на оттачивании своих навыков мышления более высокого уровня. Студенты могут делать выводы и устанавливать связи. По мере того, как студенты совершенствуют свои навыки критического и аналитического мышления с помощью коротких рассказов, они будут укреплять свою уверенность и выносливость, когда им будут представлены более длинные литературные произведения.

3. Рассказы простой способ для замены больших литературных произведений.

Короткие рассказы являются простым способом взглянуть на новые и современные литературные перспективы, авторов, литературные движения и жанры.

4. Рассказы могут способствовать вовлечению учащихся в чтение литературных произведений.

Не секрет, что многие студенты теряют терпение при прочтении длинных произведений. Тем не менее, с коротким рассказом, студенты могут сфокусироваться на персонажах и сюжете рассказа.

5. Уровень сложности рассказов.

Не все рассказы легко читать. На самом деле, некоторые из них удивительно сложны. Тем не менее, важно, что по мере того, как учащиеся получают образование усложнять уровень текстов. Это наиболее легко делать через короткие рассказы чем длинные произведения [3].

Рассказы могут быть короткими, но они действительно являются мощными инструментами обучения.

Далее опишем алгоритм использования коротких рассказов на уроках английского языка.

Activities before the story.

- *Simplifying the language* (выбрать неизвестные слова, упростить язык);
- *Establishing a new word* (картинки, предметы, мимика, контексты, перевод);
- *Introducing a new word*. Memory game:
 1. Показать от 4 до 8 картинок или предметов.
 2. Спрятать предметы, картинки — дети вспоминают.
 3. Одну картинку убрать — дети вспоминают и называют картинку.

➤ *Pelmanism*. Приготовить несколько пар карточек: на одной - слово, на другой — картинка. Разложить изображением вниз.

1. Дети показывают на обратную сторону карточки и говорят: witchandwitch.
2. Затем переворачивают. Если картинка и слово совпали, ребенок берет карты.
3. Если не совпали, обе карточки переворачивают обратно.

➤ *Bingo*.

1. Написать 10-20 слов на доске.
2. Каждый выбирает 5 слов и записывает их (слова не должны повторяться)
3. Вы показываете одно слово за другим и держите картинку. Ребята, услышав свое слово, зачеркивают его. Когда ребенок зачеркивают все 5 слов, он кричит bingo.

➤ *Repeat it if it is true*.

1. Покажи картинку. Сделай утверждение.
2. Если утверждение верное, ученик должен повторить утверждение, а если оно не верное, ученик молчит.

➤ *Word webs*. Учащиеся образуют ассоциативный ряд.

➤ *Gapped story*. Предложить детям текст с пропусками. Попросить их представить какие здесь могут быть вставлены слова и предложить им список слов для выбора.

➤ *Stopping and asking*. Остановить рассказ и попросить подумать, что может случиться дальше (на начальном этапе, можно на родном языке)

➤ *Pictures in the mind*. На любом этапе попросить детей закрыть глаза и представить картинку, сцену, обсудить с другими детьми, что они видят.

➤ *How would you feel?* Как бы они себя чувствовали в той или иной ситуации? Что бы они сделали?

➤ *Miming*. Дети мимикой, жестами, рассказывают историю, изображая чувства персонажей истории. Двигаются по классу за партами, используя пальчики.

➤ *Sequencing sentence cards or pictures*. Дети отбирают предложения в том порядке, в котором они появляются в истории.

➤ *Jump word card*. Раздать детям карточки со словами перед рассказом. Попросить детей вставлять каждый раз, когда они услышат свое слово.

➤ *Displaying pictures*. Попросить детей нарисовать картинки или раздать их перед рассказом. Дети показывают картинки в нужный момент рассказа.

➤ *Phrases you like*. Слушают несколько раз и записывают понравившиеся фразы. Затем сочиняют с ними стихотворение.

Activities after the story. Showing understanding through traditional exercises.

➤ *Children's comprehension questions*. Дети работают в парах или группах. Каждая группа задает пять вопросов на понимание другой группе. Дети составляют вопросы друг для друга.

➤ *Muddled sentences or words*.

1. Выбрать ключевые предложения из рассказа.
2. Написать их на бумаге или на доске.
3. Нарезать их по предложениям.
4. Дети пытаются составить предложения в правильном порядке или переписать их в тетради.
5. Можно рассказать историю снова, чтобы дети могли проверить правильность.

➤ *Gap filling*. Приготовить текст с пропусками. Вы диктуете текст, а ребята заполняют пропуски. Класс называет возможные варианты, и пытается рассказать историю. Как вариант, учащиеся работают в парах. У каждого одинаковый текст, но с разными пропусками. Они помогают друг другу составить целый рассказ.

➤ *Find the mistakes*. Вы читаете предложения с ошибками содержательного характера. Ученики должны сказать предложения правильно.

➤ *Retelling the story*. Дети рассказывают историю, показывая картинки.

➤ *Jump on the pictures*. Приготовить картинки из рассказа (простые). Дети встают в круг. Картинку кладут в круг. Дети по очереди подпрыгивают около картинки и говорят 2-3 слова или предложение с новым словом.

➤ *Pass the picture and tell the story*.

1. Встаньте с детьми в круг.

2. Возьмите картинку и коротко расскажите отрывок по картинке.

3. Дайте рисунок ребенку слева. Он должен повторить предложение, которые вы сказали. Он передает картинку следующему, тот пересказывает его.

➤ *Grow a story*.

1. Класс делится на две команды. Дети становятся в два ряда в конце класса, доска делится на две части.

2. Ребенок в каждой группе подбегает к доске и пишет слово из предложения, затем возвращается. Второй бежит к доске и добавляет второе слово в предложении и т.д. Цель: сколько может каждая команда написать правильно слов за три минуты.

➤ *Mixing two stories*.

1. Разделить детей на группы.

2. Попросить детей выбрать предложения из каждого рассказа.

➤ *Mime and guess*. Выписать десять предложений из рассказа, которые можно изобразить жестами, мимически. В группах дети выбирают предложение и изображают его, а другие пытаются угадать эти предложения.

Help the children to show their understanding and to create something.

➤ *Adding information*. Придумать дополнительные детали для персонажей.

1. Описание жилища.

2. День персонажа.

3. Волшебный рецепт.

➤ *Writing letters*. Написать письмо от одного персонажа другому.

➤ *Continuing the story*. Ученики придумывают продолжение истории.

➤ *Story scrabble*.

1. Написать одно предложение из текста на доске. Дети переписывают его себе в тетради.

2. Дети подписывают слова из рассказа вертикально, используя одну букву из вашего предложения.

Заключая, мы приходим к выводам, что рассказы тренируют воображение; дети могут лично приобщиться к истории, когда они отождествляются с героями и пытаются интерпретировать сам рассказ и иллюстрации к нему. Рассказы — это полезный инструмент, связующий фантазию и воображение ребенка с реальным миром; они дают возможность детям понять свою повседневную жизнь. Рассказы являются важной частью каждой культуры. Рассказы имеют свои корни в фольклоре, или устная традиция повествования. В устной традиции истории рассказывались, чтобы объяснить верования о мире (напр. мифы), чтобы помнить великие дела прошлых королей и герои (например, легенды), чтобы учить моральным принципам (например, басни и притчи) или просто для ради развлечения (напр. народные сказки).

Список использованной литературы:

1. [Gillian Lazar](#). Literature and language teaching: a guide for teachers and trainers, 1993.- 283 p.
2. [Suphinya Panyasi](#). Teaching English Literature to English as a Second Language Learners, 2015.- 357 p.
3. [Dominic Rainsford](#). Studying Literature in English: An Introduction, 2014.- 212 p.

EDUCATED YOUTH – THE BASIS OF THE COUNTRY'S FUTURE

E. Saibatalov, cadet, Border academy of the National security of the committee of the Republic of Kazakhstan

Scientific adviser: G.A. Mani, master of education sciences
e-mail: praga5mani@mail.ru

Annotation: this article discusses the main issues of education in Kazakhstan, about the importance of the educated youth in our state.

Key words: youth, education, development, country, independence, younger generation.

Аннотация: в данной статье рассматриваются важные вопросы образования в Казахстане, а также о важности образованной молодежи в нашем государстве.

Ключевые слова: молодежь, образование, развитие, страна, независимость, молодое поколение.

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстандағы білім берудің маңызды мәселелері, сондай-ақ мемлекетіміздегі білімді жастардың маңыздылығы қарастырылады.

Түйінді сөздер: жастар, білім, Даму, ел, тәуелсіздік, жас ұрпақ.

Thousands of young men and women enter into conscious life, it is they who will build a new modern Kazakhstan. In order to become full-fledged citizens of society, young people need guidelines and conditions for development. Now large-scale programs to support the younger generation are being implemented in Kazakhstan.

The youth of Kazakhstan is a generation that grew up with the country. Over the years, with their selfless work, in peace and harmony, with faith in themselves and the country, with a dream of a better future for their children, the older generation of Kazakhstanis has built an independent, rapidly developing, competitive and respected state in the world. It has created a solid foundation for Kazakhstani boys and girls to be equal among the best anywhere in the world.

Today, the country sets itself new large-scale tasks for social modernization, innovative industrialization and mutually beneficial economic integration. Having consolidated the achievements of independence, Kazakhstan intends to become one of the developed countries of the world in the third decade of the 21st century.

Under these conditions, a huge responsibility rests with the youth, who will continue the baton of creative deeds of the older generation, raise the bar of national competitiveness, and ensure prosperity and recognition for Kazakhstan in the 21st century. Such a mission is only possible for patriotic, educated, professional, physically and morally healthy, competitive, socially and civilly responsible youth. In this regard, the priority task of the state is to adapt the state youth policy to modern realities, its focus on the formation of youth as the most important competitive potential of Kazakhstan. [1, 150 c.]

The updated state youth policy, as a system of state priorities and measures aimed at creating conditions and opportunities for successful socialization and effective self-realization of young people, should contribute to the socio-economic and cultural development of the Republic of Kazakhstan, ensuring its competitiveness, national security and strengthening international authority.

In the 21st century, young people are a special social group, which in the context of the transformation of society is always the most vulnerable. The process of globalization opens the economic and information boundaries of nation states, creating a whole range of legal, religious, cultural problems that accompany the modern world community, raises questions about revising key worldview positions.

Today, states around the world are trying to offer the younger generation a proven and compelling set of values. In a rapidly changing world, it has become more difficult for young people to determine their value orientations, which is typical for all states.

The process of socialization of youth is the main mechanism for including it in socially useful life. Objectively, the question of the participation of the younger generation in social development is a question of the pace, nature and quality of the country's development. As at all times, in any society, the most pressing problems of Kazakhstani youth are the issues of obtaining a quality education, finding a job, acquiring their own housing, doing business.

In this regard, the public-state nature of work with youth is of great importance. The full-blooded integration of young people into socio-economic and political processes is possible only on the basis of broad cooperation between the state, youth associations, all institutions of civil society, and the business community in solving youth problems.

At the same time, the state and society should give young people a chance, support them in every possible way, but refrain from excessive patronage, which undermines the incentive for independent activity.

Patriotic, educated, healthy, responsible and energetic today, when Kazakhstan is moving towards a post-industrial world ruled by the triad "education - science - innovation", knowledge and professionalism are an absolute pass to the third millennium. In this regard, the system of technical and vocational education requires a qualitative modernization, which should be aimed at a detailed account of the needs of the market and a diversified economy. [2,167 c.]

Knowledge is the result of labor. The more work and aspirations young people invest in self-education, the more they learn. Knowledge is considered as an economic resource of the state, a key factor of production.

Consistently modernizing the national education system, Kazakhstan brings it closer to international standards. Successful, educated people who have received training in a sought-after specialty are the key to social stability.

Youth is the most mobile, flexible, energetic part of society, and it is they who should become the driving force behind the country's new economy. Modern knowledge, hard work and youth initiative are needed. Only under the condition of dedication, diligence and prudence of young people, the possibilities of the Kazakhstani economy can turn into real benefits for it.

The state is improving work to provide young people with guarantees in the field of labor and employment. Particular attention is paid to the participation of young people in the implementation of the program of the President of the country on accelerated innovative industrialization of the economy, modernization of agriculture, raising the level of civil service and development of small and medium-sized businesses. [3,43 c.]

REFERENCES:

1. Rodina N. A. Social aspect of studying the Russian language personality / 2019. No. 13. pp. 150-175.
2. Tomskikh M. S. The concept of quality of life in the works of representatives of postindustrialism // Humanitarian vector. 2015. No. 2 (42). Philosophical aspects of the problem of quality of life. pp. 167-172.
3. Kazartseva O.M. Speech Communication Culture: Theory and Practice of Teaching: Textbook / O.M. Kazartseva, -M., 1998. - 43p.

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Жайлауова М.К.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда
mzhailauova@mail.ru

Сәйдінова А.Т.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда
Arayka-201293@mail.ru

Аннотация

Статья посвящена проблеме развития творческих способностей младших школьников посредством интерактивных методов обучения. Авторами анализирована структура урока, организованного в режиме интерактивного обучения.

Ключевые слова: начальная школа, мыслительная деятельность, познавательный интерес, интерактивные методы, учебный процесс.

Summary

The article is devoted to the problem of developing the creative abilities of younger schoolchildren through interactive teaching methods. The authors analyzed the structure of the lesson organized in the interactive learning mode.

Keywords: elementary school, mental activity, cognitive interest, interactive methods, educational process.

Бастауыш мектеп - әр адамның өміріндегі өте маңызды, күрделі кезең. Қазіргі балалар үлкен ақпараттық кеңістікте өмір сүреді, олардың кейбіреулері құрдастарымен өте аз сөйлеседі, негізгі бос уақытын компьютердің және теледидардың алдында өткізеді. Оқушылар телефондарды, электронды ойыншықтарды қолдана алады, бірақ сыныптастарымен ойнай білмейді.

Бастауыш мектеп жасының белгілі бір жас ерекшеліктері бар: зейіннің тұрақсыздығы, көрнекі-бейнелі ойлаудың басым болуы, қозғалыс белсенділігінің жоғарылауы, ойын әрекетіне деген ұмтылыс, танымдық қызығушылықтардың әртүрлілігі. Сабақ барысында балалардың зейінін қолдау үшін белсенді және қызықты ойлау әрекетін ұйымдастыру қажет[1].

Интербелсенді әдістер оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді және қазіргі бастауыш мектепте олардың технологияларын қолдану өте маңызды.

Интербелсенді оқыту-бұл оқу үдерісінің ұйымдастырылуы, онда барлық оқушылар таным процесіне қатысады.

Интербелсенді режимде өткізілген сабақтың құрылымы 8 кезеңнен тұрады.

Мотивация. Мотивацияны құру үшін проблемалық сұрақтар, тапсырмалармен қатар әр түрлі көріністерді, мақалаларды, статистикалық мәліметтерді (мысалы, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын дамытудың оларды әрі қарай оқытуға әсері туралы), бір ұғымның әр түрлі анықтамаларын қолдану қажет.

Мақсаттарды хабарлау (мақсат қою). Интербелсенді оқыту сабақтарының мақсаттары дәстүрліден өзгеше. Бірінші орынға оқушылардың біліміне байланысты мақсаттар қойылады; содан кейін қалыптастырылатын дағдыларға байланысты мақсаттар қойылады. Үшінші орында құндылықтарды атайтын мақсаттар тұр. Бұл кезең үлкен маңызға ие: біріншіден, оқушылардың барлық әрі қарайғы іс-әрекеттерін мақсатты етуге мүмкіндік

береді, яғни әр оқушы түпкілікті нәтиже қандай болатынын, оған ұмтылу керек екенін біледі; екіншіден, осы кезеңде мұғалім оқушыларға мұғалімнің кәсіби дағдыларының бірі - сабақтың мақсаттарын тұжырымдауды үйретеді.

Жаңа ақпарат беру. Біз оқып үйреніп жатқан барлық ұғымдар оқушыларға белгілі бір дәрежеде таныс болғандықтан, бұл кезеңді миға шабуылдан бастау ұсынылады. Жұмыстың бұл түрі оқушыларға бұрыннан белгілі және шынымен түсініксіз нәрсені таңдауға көмектеседі. Дәл осындай жұмысты басқаша жасауға болады: тақтаның артқы жағында мұғалім кілт сөзді алдын-ала жазып алады, содан кейін оқушыларға кілт сөзбен байланысты деп санайтын ұғымдарды таңдауды ұсынады. Бұл жұмыс нұсқасы оқушылардың зерттелетін ұғым туралы идеялары жеткіліксіз болған кезде тиімді болады. Бұл жұмысты ұйымдастырудың үшінші нұсқасы: мұғалім оқушыларға демалуға, рефлексия тақырыбына бейімделуге, қаламсабын алуға және басына келген ойларды жазуға кеңес береді, ал логикаға, дәйектілікке ұмтылудың қажеті жоқ екенін еске салады.

Жаңа өнім. Жаңа біліммен жұмыс істеудің логикалық аяқталуы - жаңа өнім жасау. Сабақта алынған ақпараттың үлкен көлемін және уақыттың шектеулігін ескере отырып, жаңа өнім ретінде мұғалім оқушыларға өз бетінше қорытынды жасауды ұсынады (мысалы, айтылу нормалары ондаған жылдар өткеннен кейін де өзгеріссіз қалуы мүмкін бе), өз көзқарасыңызды білдіріңіз (мысалы, орфоэпияның бірыңғай нормаларының болуы қажеттілігі туралы), жаңасын орындаңыз, бұрын орындалған тапсырма.

Рефлексия. Бұл кезең оқушылардың әрекетін қорытындылауды қамтиды. Сұрақтар рефлексияға ықпал етеді: Әсіресе не ұнады? Олар не үйренді? Бұл білімнің болашақта пайдасы қандай? Бүгінгі сабақта қандай қорытынды жасауға болады? Бұл сұрақтар оқушыларға сабақта үйренгеннің ең бастысын, жаңасын бөліп көрсетуге, қайда, не екенін түсінуге мүмкіндік береді[2].

Сонымен, «оқытудың интербелсенді әдістері» ұғымын анықтайық.

Интерактивті ағылшын тілінде - «интер» - «өзара», «акт» - «әрекет». Осылайша, сөзбе-сөз аударма интербелсенді әдістерді өзара әрекеттесуді үйренуге мүмкіндік беретін әдістер ретінде белгілейді; және интербелсенді оқыту – барлық білім алушылардың, соның ішінде мұғалімнің өзара әрекеттесуі негізделген оқыту. Бұл әдістер жеке тұлғаға бағдарланған тәсілге сәйкес келеді, өйткені олар бірлесіп оқытуды (ұжымдық, ынтымақтастықта оқыту) қамтиды, ал білім алушы да, мұғалім де оқу үдерісінің субъектілері болып табылады. Мұғалім көбінесе оқу үдерісін ұйымдастырушы, топ жетекшісі, оқушылардың бастамасы үшін жағдай жасаушы ретінде ғана әрекеттеседі.

Интербелсенді әдістер «мұғалім = оқушы» және «оқушы = оқушы» өзара әрекеттесу сызбаларына негізделген. Яғни, қазір мұғалім ғана балаларды оқу үдерісіне тартып қоймаймайды, сондай-ақ оқушылардың өздері де бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, әр оқушының мотивациясына әсер етеді. Мұғалім тек көмекші рөлін атқарады. Оның міндеті — балалардың бастамасына жағдай жасау.

Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара іс-қимылының диалогтық нысандарына негізделген таным тәсілі; қарым-қатынасқа батырылған оқыту, оның барысында білім алушыларда бірлескен әрекет дағдылары қалыптасады.

Интербелсенді оқыту – бұл қарым-қатынасқа негізделген оқыту. Бұл жағдайда «батырылған» «ауыстырылған» дегенді білдірмейді. Интербелсенді оқыту соңғы мақсатты және білім беру үдерісінің негізгі мазмұнын сақтайды. Ол формаларды трансляциялаушыдан диалогтыққа өзгертеді, яғни өзара түсіністік пен өзара әрекеттесуге негізделген ақпарат алмасуды қамтиды [3].

Таным, оқу материалын игеру үдерісінде оқушылардың бірлескен іс-әрекеті әркімнің осы үдеріске өзінің ерекше жеке үлесін қосатындығын, білім, идеялар, іс-әрекет тәсілдерімен алмасатындығын білдіреді. Сонымен қатар, бұл жаңа білім алуға ғана емес, сонымен бірге танымдық іс-әрекеттің өзін дамытуға, оны кооперация мен ынтымақтастықтың жоғары формаларына аударуға мүмкіндік беретін мейірімділік пен өзара қолдау атмосферасында болады.

Сабақта жеке дара, жұптық және топтық жұмыстар, зерттеушілік жобалар, рөлдік ойындар, құжаттармен және ақпараттың сан алуан көздерімен жұмыс, шығармашылық жұмыстар, суреттер және т.б. ұйымдастырылады.

Интербелсенді оқыту тағы бір маңызды міндетті шешеді. Бұл жерде әңгіме релаксация, жүйке жүктемесін азайту, зейінді басқа нәрсеге аудару, әрекет түрлерін алмастыру және т.б. жайлы болып отыр.

Бүгінгі таңда әдіскерлер мен практик-мұғалімдер топтық жұмыстың түрлі формаларын жасады. Олардың ішінде неғұрлым танымалдары – «үлкен шеңбер», «айналмақ», «аквариум», «миға шабуыл» және т.б.

Топтық өзара әрекеттің ең қарапайым формасы – «үлкен шеңбер». Жұмыс үш кезеңде өтеді.

Бірінші кезең. Топ үлкен шеңбер жасап, орындықтарға отырады. Мұғалім проблеманы айқындайды.

Екінші кезең. Белгілі бір кезең ішінде (шамамен 10 минут) оқушы жеке дара, өз парағында проблеманы шешу үшін ұсынылатын шараларды жазып қояды.

Үшінші кезең. Шеңбер бойынша әр оқушы өз ұсыныстарын оқиды, топ үнсіз тыңдайды (сынамайды) және әр пункт бойынша оны әңгіме барысында тақтаға жазылатын жалпы шешімге қосуға болатын, болмайтынына дауыс береді.

«Аквариум» – оқушыларға «жұртшылықтың алдында проблеманы талқылауды ұсынатын» диалог формасы. Шағын топ проблема бойынша белгілі бір диалогты жүргізе алатын адамды таңдайды. Кейде бұл бірнеше тілек білдіруші болуы мүмкін[4].

Оқытудың интербелсенді формалары мен әдістерін қолдана отырып, біз алдымызға бірқатар маңызды білім беру мақсаттарын қоямыз:

- оқып үйреніп отырған пәндер мен жалпы білім беру саласында мотивация мен қызығушылықты ынталандыру;
- білім алушылардың белсенділік және өзіндік деңгейін арттыру;
- талдау дағдыларын, ойлаудың сыншылығын, өзара әрекетті, коммуникацияны дамыту;
- бағдарларды ынтымақтастыққа, эмпатияға және әлеуметтік құндылықтарға өзгерту;
- мұғаліммен және білім беру үдерісінің басқа да қатысушыларымен ойлау әрекеті мен диалогтық өзара әрекетін белсендірудің нәтижесінде өзіндік даму.

Интербелсенді оқыту бірқатар міндеттерді шешеді:

- коммуникативті біліктер мен дағдыларды дамытады, оқушылар арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі;
- ақпараттық міндетті шешеді, оқушыларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;
- жалпы оқу біліктері мен дағдыларын дамытады, яғни оқытушы міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді;
- командада жұмыс істеуге, басқаның пікірін тыңдауға үйрететіндіктен, тәрбиелік міндеттерді қамтамасыз етеді[5].

Интербелсенді әдісті таңдағанда таңдау критерийлерін ескеру қажет: сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне, тақырыбына, жас ерекшеліктеріне және т.б. сәйкестік. Интербелсенді әдістерді шебер қолдану оқуға деген қызығушылықты арттыруға, тәуелсіздікті дамытуға, сабақта сәттілік жағдаятын жасауға ықпал етеді.

Сабақта оқытудың интербелсенді әдістерін қолдана отырып, мұғалім, ең алдымен, оқу материалын игеру үдерісінде сыртқы диалог арқылы тұлғааралық өзара әрекетті орнатуға байланысты жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізеді. Шынында да, топтағы оқушылар арасында белгілі бір тұлғааралық қатынастар сөзсіз пайда болады және олардың оқу әрекетінің сәттілігі көбінесе олардың қандай болатынына байланысты. Оқу материалы негізінде білім алушылардың өзара іс-қимылын шебер ұйымдастыру жалпы оқу әрекетінің тиімділігін арттырудың қуатты факторына айналады.

Сонымен, интербелсенді әдістерді қолдану – сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың сенімді құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлқожаева Н.С. Педагогика: оқу құралы / Н.С. Әлқожаева. – Өңд., толықт. 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 220 б.
2. Воронкова О.Б. Информационные технологии в образовании: интерактивные методы / О.Б. Воронкова. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2010. – 314 с.
3. Голубкова О.А., Прилепо А.Ю. Использование активных методов обучения в учебном процессе: учебно-методическое пособие / О.А. Голубкова, А.Ю. Прилепо. – Санкт-Петербург: БГТУ "Военмех", 1998. – 42 с.
4. Кашлев С.С. Интерактивные методы обучения. Учебно-методическое пособие / С.С. Кашлев. – Москва: ТетраСистемс, 2013. – 224 с.
5. Райс О.И. Интерактивные технологии в обучении. Педагогика нового времени / О.И. Райс. – Екатеринбург: Ridero, 2020. – 80 с.

ӘОЖ 796

ДЕНСАУЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДЕНЕНІ САУЫҚТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТЫ

Қонысбаев Қанат Болатұлы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ.
АрқМПИ доценті, аға оқытушы

Жандилдина Роза Есентаевна

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ.
педагогика ғылымдарының магистрі,
АрқМПИ доценті
roza.zhandildina@mail.ru

Аңдатпа: Білім берудің денсаулық сақтау технологиялары – бұл көпшілік педагогтерге етене таныс жұмыстың психологиялық-педагогикалық әдістері мен тәсілдері, технологиялары мен мүмкін болатын мәселелерді шешудің жолдары, сондай-ақ педагогтың үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы.

Кілт сөздер: Білім беру, денсаулық сақтау технологиялары, психологиялық-педагогикалық, әдістер, тәсілдері, мәселе, шешу, педагог, өзін-өзі жетілдіру.

Аннотация: Оздоровительные технологии воспитания – это психолого-педагогические методы и методы работы, технологии и способы решения возможных проблем, а также стремление педагога к постоянному самосовершенствованию.

Ключевые слова: образование, медицинские технологии, психолого-педагогические, методы, методы, проблема, решение, педагог, самосовершенствование.

Abstract: Health education technologies are psychological and pedagogical methods and methods of work, technologies and methods of solving possible problems, as well as the teacher's desire for constant self-improvement.

Key words: education, medical technologies, psychological and pedagogical, methods, methods, problem, solution, teacher, self-improvement.

Қазіргі уақытта қоғамның негізгі өзекті мәселесі болып, адамның салауатты өмір салтын қалыптастыру, өз кезегінде, адамның өзін жақсы сезінуін ғана емес, сонымен қатар ұлттың да сауығуына септігін тигізуі жатады. Қазақстан Республикасында Салауатты өмір салтын құру саясаты Қазақстан 2030 концептуалды дамуының басым бағыты болып

табылады. Жастар арасында салауатты өмір салтын алдын алу, нашакорлықтың, шылым шегу, олармен күресті белсенді жүргізу, жастар арасында насихаттауды ұйымдастыру, спорт түрлерінің дамуына көңіл бөлу.

Кең көлемді реформаның жүзеге асуы процесінде негізгі ролді мемлекеттік пен үкіметтік емес мекемелердің біріккен әлеуметтік жобалар шеңберінде дені сау ұрпақты тәрбиелеу мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарын атауға болады және оны қоғамның өзекті мәселерін шешудің бір механизімі ретінде болашақ ұрпақтың денсаулығын сақтау мәселелері тұр. [1.].

Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында денсаулығынан ақауы бар балалар саны күндеп қатары өсуде. Бұған болар себептер заман ағымынадағы әлеуметтік, макроәлеуметтік, экологиялық, техногендік, ақпараттық факторларды атауға болады. Сонымен қатар білім жүйесінде оқытудың мазмұны бойынша оқу бағдарламаларының жоғары деңгейлі болуы және жүктеме сабақтардың көбейуі немесе оқушылардың санитарлық нормасының сақталмауы денсаулыққа кері әсерін тигізді. Мектептегі шамадан тыс оқытудың нәтижесі ретінде түлектердің 2/3-сі мектеп қабырғасынан созылмалы аурумен және физикалық дамуындағы ақауы мен шығатынын атауға болады.

Технология – бұл, ең алдымен, бүкіл оқыту мен білімді игерту үдерісін құрудың, қолдану мен анықтаудың жүйелі әдісі, бұл ретте білім беру формаларын оңтайландыру міндеті жүктелген техникалық және адами ресурстар мен олардың өзара байланысы ескеріледі (ЮНЕСКО). Әдетте «педагогикалық технологияға» мәндес «әдістеме» термині жиі қолданылады, себебі бұл ұғым педагогтың нақты әрекеттерінің жиынтығы ретінде түсініледі, сондай-ақ мағынасы жағынан «білім беру технологиясы» ұғымына жақын. Алайда әдістеме мұғалім жұмысының ұйымдастырылуы мен жүйелілігін сипаттайды, ал технология оқушының жұмыс жүйесін алға қойылған білім беру мақсатына жету әрекеті ретінде сипаттай отырып, педагогтың жұмыс жүйесін оқушы жұмысын жағдаймен қамтамасыз етуші әрекет ретінде қарастырады[2].

This article discusses the features of working with students with special educational needs in biology lessons, as well as active methods of teaching them. The content of the article is one of the topical issues aimed at considering ways to effectively implement inclusive education. The article describes how these technologies contribute to the effective adaptation of students with special educational needs to a normal environment, obtaining quality education and positive communication with the class.

The article reveals the specifics of the methodology of teaching biology in the educational process of a pedagogical college. The discipline "Biology" in the educational process of college is studied at the basic level of the standard of the subject, which is aimed primarily at the formation of a common culture of students, the development of key competencies, and the formation of a scientific worldview, as well as the student's socialization in a college environment. The specifics of the methodology of teaching biology depend on the competent selection of methods, forms, and means of teaching biology, depending on the potential of the student audience.

Keywords: educational institutions, inclusive education, children with special educational needs, impaired mental functions, children with delayed psychological development.

Жаратылыстану, оның ішінде биологиялық білім беру орта кәсіптік білім беру құрылымындағы дербес элемент болып табылады, ол оқушыларды қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі туралы ғылыми идеялардың негіздеріне тәрбиелейді, сонымен қатар қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, ғылыми дүниетанымды арттырады. Осыған байланысты биологиялық білім берудің бірінші кезектегі міндеті - студенттердің алған биологиялық білімдерін практикада және күнделікті өмірде және жұмыста қалыпты емес жағдайларда сауатты пайдалану болып табылады.

Биологиялық білім (биология пәні) адамды табиғатпен байланыстыратын көпір. Барлығы білетіндей, адам ағзасында молекулалар мен атомдардан, ядролардан, электрондардан, нейрондардан бастап дүниедегі барлық нәрсе өзара байланысты. Олар тірі организмде болатын қозғалыстың физикалық және химиялық формаларымен байланысты болып келеді. Барлық тірі объектілер табиғаттың бір бөлігі болып табылады, қарапайым бейорганикалық және органикалық заттардан макромолекулаларға және тірі жүйелерді құрайтын ақуыздардың - жасушалар мен олардың органеллаларының негізін құрайтын макромолекулалық құрылымдарға біріктірілген тірі жүйелердің құрылымы. Студенттердің математика, химия, физика, философия және басқа ғылым салаларынан алған білімдерін биологиялық есептерді шешуде қолдана білуге үйрету қажет. Мысалы, генетика математикалық есептеулерді қажет етеді, биологиядағы жасуша теориясы медицинада қажет, диагностика, эпидемиология және т.б. микробиология негіздерінен дамиды. Осының барлығы оқушылардың табиғаттың бірлігін, оның элементтерінің өзара байланысын түсінуге, дүниенің ғылыми бейнесін білуге келуге мүмкіндік береді.

Физикалық, химиялық және басқа да жарастылыстану ғылымдарының пәндерінен биологиялық білім берудің ерекшелігі, «Биология» пәні мыналарға ықпал етеді:

- Өмірді ең үлкен құндылық ретінде түсіну;
- Биосфераны Адамзат өмірі мен дамуының алғышарты ретінде түсіну;
- Әлемнің орталығында орналасқан әртүрлі деңгейде ұйымдасқан тірі жүйелердің биологиялық бейнесін қалыптастырады;
- Жаратылыстану ғылымының көшбасшысы бола отырып, қазіргі постиндустриалды қоғамда биологиямен байланысты салаларда (медицина, ауыл шаруашылығы және т.б.) өмірге және жұмысқа дайындайды.

Дүниенің биологиялық бейнесі білімнің ғылыми жүйесі ретінде тірі табиғат пен адамның құрылымы, тіршілігі, жүйелік ұйымдастырылуы мен эволюциясы туралы биологиялық ұғымдарды, теорияларды, заңдар мен идеяларды қамтиды және биологиялық теориялар арасындағы байланыстарды білдіретін принциптерге құрылады. «Биология» курсының материалын меңгерген мектеп оқушылары ғылымда жинақтаған білімдерін жеке

тәжірибеге айналдырады, нәтижесінде жалпы және пәндік – биологиялық білім, жеке тұлғаның тәрбиесі мен дамуы жүзеге асады.

Студенттердің осы іскерліктері мен алған білімдерін бір ғылыми саладан екінші ғылыми салаға ауыстыруы ерекше өзекті мәселе болып табылады, мысалы, биологияның экология, физиология, физика, химия т.б ғылымдармен тығыз байланысы бар. Демек, биология оқу пәні ретінде студенттердің табиғаттың, қоғам мен адамның тұтастығы мен бірлігі, олардың өзара әрекеттесу тәсілдері туралы түсініктерін дамытуға ықпал етуі керек.

Бүгінгі таңда биологияны оқытудың мақсаттары, оқу бағдарламалары деңгейінде құзыреттіліктерді қалыптастыру толық жүзеге асырылмай отыр, ол бірқатар аспектілерге байланысты, соның ішінде:

- колледж бағдарламасына сәйкес болатын оқу іс-әрекетіне белсенді және толық енуіне ықпал ететін негізгі орта мектеп курсы бойынша қалыптасқан білімділік пен дағдылар студенттердің орта мектептен алған биологиялық сауаттылық деңгейі

- «Биология» пәні бірінші курста 10-11 сыныптарға сәйкес келеді, бірақ колледжде биология лекциясын оқыту жалпы білім беретін мектептің кабинеттік жүйесінен айтарлықтай ерекшеленеді, сондықтан студенттер аудиториясының жас ерекшеліктері аса маңызды

- студенттердің бейімделу кезеңі, өйткені көптеген студенттер орта кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқудың жаңа талаптары мен жағдайларына бірден бейімделе алмайды, себебі жалпы білім беретін пәндермен қатар кәсіби модульдер де қосылады; студенттердің пәндерді оқуға деген ішкі ынтасының жоқтығы байқалады

- оқу жоспарына байланысты студенттердің өзіндік жұмысына бөлінген оқу уақытын ұлғайту және аудиториялық сағаттарды қысқарту;

- биология сабағына дайындық кезінде қосымша дереккөздермен өзіндік жұмыс істеу дағдысының болмауы;

- конспект құрастыра алмау және дәрістерді конспектілеу дағдысының болмауы.

Демек, биологияны оқыту әдістемесінің мәнін ашу студенттік аудиторияның жас ерекшеліктерін, оқушының іскерлік пен дағдыны жаңа жағдайда қолдана білу қабілетін, олардың ақыл-ой әрекетінің белсенділігін сипаттамайынша мүмкін емес. Әдіскер-биолог Д.И.Трайтак тыңдаушылардың жас ерекшеліктеріне тоқталып: «Көбінесе біз биологияны оқыту әдістері туралы олардың қай жас тобына сәйкес келетінін ойламай айтамыз. Өйткені, кіші жастағы оқушылармен жұмыс істеу әдістерін жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істеуде қолдануға болмайтынын бәріне беймәлім». [15]. Колледждегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәжірибесі бір академиялық топ студенттерінің арасында білімді меңгеру деңгейлері, практикалық дағдылар мен білімгерлікті меңгеру дәрежесінде айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетеді. Бұл оның тиімділігін арттыру үшін оқу-тәрбие үрдісінде олардың жеке ерекшеліктерін зерттеп, ескеру қажеттігін алдын ала анықтайды.

Жоғары оқу орындарының биология, дидактика және педагогикасын оқыту әдістемесінің бірлігінің кейде бұзылуының себептерінің бірі – оқытушылардың оқыту әдістемесін зерттеуге жеткіліксіз көңіл бөлуі.

Оқыту әдістемесінде ең бастысы – оқу орындарының педагогикасы мен дидактикасының талаптары мен заңдылықтарына сәйкес ғылыми білімдер жүйесінің нақты оқу-тәрбиелік міндеттермен байланыс формасын таба білу.

Оқыту процесінде студенттер негізгі педагогикалық технологияларды меңгереді. «Педагогикалық технология» терминімен Т.С.Назарова берген анықтаманы түсінеміз. Технология – рефлексияға негізделген жүйелі әрекетті – білім, ойлау, мәдениетті ұйымдастыру тәсілі. Технология логистикалық және дидактикалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады. Биологияны оқытуда көбінесе оқу жабдықтарын кешенді пайдалану технологиясы қолданылады.

Педагогикаға сүйене отырып, әдістеме ғылымдағы олардың тарихи-логикалық құрылымына сәйкес білім жүйесін ашу және игеру логикасын анықтайды; оқу-тәрбие процесінің ұйымдастыру формаларының белгілі бір тізбегіне сәйкес білім жүйесін меңгеру

процесінде мұғалім жұмысының әдістемесі және оқушылардың шығармашылық жұмысының түрлері; осы ғылымды оқытуда оқытудың бірлігіне жету жолдары.

Оқыту әдістері үшін де, жоғары оқу орындарының дидактикасы мен педагогикасы үшін де бір ғана зерттеу объектісі – педагогикалық процесс, яғни студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты процесі бар. Дегенмен, әдістеме пәнін анықтаған кезде, ең алдымен, педагогикалық процестің белгілі бір оқу пәнін оқытумен байланысты жағын бөліп көрсету қажет. Белгілі бір ғылымды оқыту әдістемесінің жоғары оқу орындарының дидактикасы мен педагогикасына қатынасы жеке адамның нақтыға және жалпыға қатынасы ретінде әрекет етеді деуге болады. Жеке тұлға бұл жағдайда оқытылатын пән бойынша нақты білім жүйесімен, оның осы мамандық бойынша жоғары білімнің біртұтас мазмұнындағы ерекше орнымен көрінеді; кафедраның, жеке оқытушының осы ғылымды оқытумен байланысты оқу-тәрбие міндеттерін орындауға бағытталған нақты әдістері мен жұмыс формаларының жүйесі; осы пәнді терең меңгеруге бағытталған педагогика мен дидактика талаптарынан туындайтын студенттердің шығармашылық жұмыстарының сан алуан түрлері; кафедра мен оқытушының идеялық-тәрбие жұмысының формалары мен әдістері, осы пәнді оқыту процесінде оқыту мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету.

С.И.Архангельскийдің пікірінше, оқу орнында оқыту әдістемесі тек қалай оқыту керек, оқу пәнін қалай көрсету керек деген сұрақтарға жауап бермеуі керек; сонымен қатар студенттердің өз бетімен ізденуіне және тиімді білім қалыптастыруына қатысты бірқатар өзара байланысты сұрақтарға жауап беруі керек :

- студенттерді ғылыми және қолданбалы ақпаратты өз бетінше табуға үйрету;
- алуан түрлі ақпарат негізінде білімді қалай қалыптастыру керек;
- білімді тез және шығармашылықпен қолдануды үйрену;
- оқытылатын пәннің басқа пәндермен байланысын орнатуды;

Үздіксіз кәсіптік білім беру жағдайында оқу үдерісін технологияландыру мамандарды даярлау сапасын арттыруға, педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін тереңірек пайдалануға, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың инновациялық әдістерін, қазіргі заманғы дамытушылық құралдар мен әдістерді кеңінен енгізуге ықпал етеді. колледждердегі оқу процесі. Бұл студенттің оқу процесінің барлық кезеңдері арасындағы функционалдық байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін педагогикалық технология. Биологияны оқу процесіндегі оқу іс-әрекетінің мақсаты білім мен дағдыны жинақтау емес, оқушы тұлғасының өзін-өзі ұйымдастырушы және жүзеге асыратын маңызды күштерін білімге итермелейтін шығармашылық іс-әрекет тәжірибесімен үнемі байыту болып табылады. Бұл тәсілмен жаңа білімді қарапайым ассимиляциялау емес, осы ассимиляция әдістерін меңгеру, тәуелсіз ашуларды ынталандыратын жағдайларды жасау қарастырылады. Оларды орта кәсіптік білім беру жүйесінің оқу-тәрбие процесіне енгізу өздігінен білім алуды және өзін-өзі тануды ынталандыру жағдайында мүмкін болады; мұғалім мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық; оқытудың мазмұны мен ұйымдастырылуының вариативтілігі; оқытудың интерактивті әдістерін қолдану. Мұғалім оқушының жеке басына, оның дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына назар аударуы керек, бұған биологиялық білім алуға бағытталған оң мотивацияның қалыптасуы ықпал етеді.

Сонымен, биологияны оқыту педагогикалық колледж студенттерінің бойында қазіргі ғылыми білім деңгейіне сәйкес келетін және дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыратын биологиялық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталуы керек. Педагогикалық колледжде және биологиялық емес мамандарда биологиялық білім берудің маңыздылығын түсіну біз экологиялық катаклизмдердің, жаһандық жылынудың және әртүрлі салаларда өнеркәсіпке экологиялық таза әзірлемелерді енгізудің алдында тұрған кезде ғана пайда болды. Сондықтан колледжде биологияны оқыту әдістемесі биологиялық мазмұнының ерекшелігімен ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жас ерекшеліктерімен де анықталады. Қабылдау, ой-пікірдің дұрыс болуы, түсінік пен дағдының дамуы оқушылардың жас психологиясы негізінде жүзеге асырылуы керек. Демек, педагогикалық колледжде биологияны оқыту әдістемесінің ерекшелігі студенттік аудиторияның мүмкіндіктеріне қарай

биологияны оқытудың әдістерін, формалары мен құралдарын сауатты таңдауға байланысты. Сондай-ақ мұғалім студенттің жеке басына, оның дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына назар аударуы керек, бұл техникалық колледжде биологияны оқыту процесінде биологиялық білім алуға және негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған оң мотивацияны қалыптастыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Пономарева И. Н. / Общая методика обучения биологии: учеб. пособие для студ. пед. вузов / И.Н.Пономарева, В.П.Соломин, Г.Д.Сидельникова; под ред. И. Н. Пономаревой. 3-е изд., стер. М.: Издательский центр «Академия», 2008. 280 с.
2. Ерсарина А.К. «Организация деятельности психолого-медико-педагогических консультаций в системе инклюзивного образования», 2020 г.
3. Скалон Н.В., Рабочая программа по дисциплине методика преподавания биологии для специальности 020201.65 Биология - Кемеровов, 2013
4. Мирнова, М. Н. Содержание методической компетенции будущих учителей биологии и уровни ее развития. [Текст] / М. Н. Мирнова // Школа будущего. - 2013. - № 3
5. Jin J. Educational technologies in problem-based learning in health science education: a systematic review | Jin J., Bridges S.M.// J Med Internet 2014 – Vol.16(12):e251

НЕГІЗГІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мамандық,курс: 7M01513 -Биология мамандығының 1-курс магистрантты Ахмет Меруерт meruert.ahmet98@mail.ru

Майматаева А.Д. PhD, ағаоқытушы.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

Андатпа: Мақалада жаңартылған білім беру мазмұнының талаптарына сай оқушының сабақты меңгеруі үшін бақылау және бағалауды тиімді ұйымдастыру жолдары, оқыту барысында оқушылардың білімін бақылауға байланысты әдістері мен формалары туралы айтылған.

Кілттік сөздер: Білім беру, оқушы, ұйымдастыру, бақылау.

Аннотация: В статье рассказывается о способах эффективной организации контроля и оценки усвоения учащимися урока в соответствии с требованиями обновленного содержания образования, о методах и формах, связанных с контролем знаний учащихся в процессе обучения.

Ключевые слова: образование, ученик, организация, контроль.

Abstract: The article describes the ways of effective organization of monitoring and evaluation of students' learning of the lesson in accordance with the requirements of the updated content of education, methods and forms related to the control of students' knowledge in the learning process.

Keywords: education, student, organization, control.

Білімді бақылаудың негізгі мақсаты – оқушылардың білім алудағы жетістіктерін анықтау, білімін тереңдету және болашақта оқушыларды қоғамдық іс-әрекетке қосылудың алғы шарттарын жасау. Бұл мақсат ең алдымен оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын анықтаумен тығыз байланысты. Екіншіден басты мақсаттың айқындылығы өзін-өзі

бақылау мен өзара бақылауды қабылдауды үйренумен және өзін-өзі бақылаумен өзара бақылау қажеттілігін қалыптастырумен байланысты. Үшіншіден, бұл мақсат оқушылардың орындалған жұмысқа деген жауапкершілігін, ынтасын арттыру тәрізді жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуді жоспарлайды.

Егер оқушының білімін анықтаудың аталған мақсаттарын жүзеге асырса, онда бақылаудың мынадай міндеттерін ажыратуға болады: бақылаушы, білім беруші, диагностикалық, болжамдық, дамытушы, бағыттаушы, тәрбиелік.

Оқушының оқу қызметін оқытушы, оқушының өзі (өзіндік бақылау) немесе олардың әрқайсысы техникалық құралдың көмегімен жүзеге асыра алады. Бақылау формалары мен әдісін таңдау оқу мақсаттарына, оқушылардың жас және тұлғалық ерекшеліктері, оқыту өтетін жағдайларға байланысты.

Оқушылардың білім сапасын арттыру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оқушылардың оқу іс-әрекетін педагогикалық сауатты ұйымдастыра білуіне байланысты. Оқыту теориясы қаншалықты дамытылғанымен, оқу бағдарламасы қаншалықты жетілдіргенімен, оқулықпен оқу құралдарының сапасы барынша жақсартылғанымен, мектеп керекті оқу құралдарымен керегінше жабдықталғанымен, оқу процесінде осының баршасына жан бітіріп, іске қосатын, оларды оқушылардың бақылау, байқау, зерттеу, оқу, үйрету тағы сол сияқты іс-әрекеттер объектісіне айналдыратын кілт - мұғалімде.

Көрнект інеміс педагогі Адольф Дистервег 19-ғасырдың өзінде-ақ: «Жас мұғалімнің негізгі кемшілігі – өзіне белгілі материалды балаларға тегіс айтып беруге тырысуы». Ол нашар мұғалім шындықты (білімді) өзін айтып, хабарлайды, жариялайды, ал жақсы мұғалім шәкірттерді оны табуға үйретеді деп есептеді. Сондықтан мұғалім бүкіл сабақ барысында, оның әрбір кезеңінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыра, белсендіре отырып, олардың көпшілігінің енжар қалмауын талап етіп, - ұстаз оқыту мазмұнының нәтижесі болуын – шәкірттердің білім сапасының жоғары болуын – олардың өз іс-әрекеттерінің сипатына (енжар немесе белсенді) тікелей тәуелді екенін үнемі басшылыққа алуында. Оқушылар белсенділігін арттыру немесе олардың сапалы білім алуын ұйымдастыру үшін сабақ негізгі мынындай кезеңдерден тұрады:

1) Мақсат қою кезеңі (нақты міндеттерді айқын сезіну)

2) Іс-әрекетті жүзеге асыруды жоспарлау, ең тиімді әдіс тәсілдерді таңдап алу.

3) Іс-әрекетті жүзеге асыру, оны орындау кезеңі. Бұл кезең әрекетті бақылау және қажет болған жағдайда оны қайта дұрыс құру арқылы жүзеге асырады.

4) Нәтижені тексеру, орын алған қателерді түзету, алынған нәтижені жоспарланған іс-әрекет моделі мен салыстыру, жұмыс нәтижесін қорытындылау, баға беру кезеңі. Оқушының оқып үйренуі, олардың сабақ үстіндегі танымдық іс-әрекеті нәтижелі болу үшін: олардың сабаққа ынта – ықыласын аударып, сабақтың мазмұнына қызығатындай етіп ұйымдастыра білуі керек.

Оқыту үрдісінде балаларға сапалы білім беру үшін олардың танымдық іс-әрекетінің мақсатқа жеткізетіндей әдіс-тәсілдерімен қаруландыру қажет. Оқушылар танымдық іс-әрекеттің әдіс-тәсілдерін меңгергенде ғана құбылыстың мәнін анықтау жолында, өздігінен білім сапасын арттыру мақсатында белсенді де, батыл әрекет ете алады.

Оқушылардың білім сапасына арттыруда біздің назар аударатын негізгі мәселелеріміз мыналар:

1) Оқушылардың алдына бүгінгі тақырып бойынша меңгеретін негізгі мәселені мақсат етіп қою. Алдағы уақыттан істеу, қалай жасау қажеттігі жөнінде жалпылама бағыт беру.

2) Оқушылар белгіленген бағыт бойынша материалдармен жұмыс істейді. Яғни олар таблицалармен, схемамен, графиктік сызбалармен айналысады.

3) Мұғалімнің сұрақтарына сүйене, схема, таблица және тағы басқа материалдар көмегімен өздері бақылап, байқап, жұмыс істеп көргендерінің ішінен ізделінді қасиетті бөліп шығаруға тырысады. Шығарылған есептің шығарылу жолын, оған нақты қандай дайын формулаларды пайдаланды, сол формуланың көмегімен қандай нәтижеге жеткенін пайымдайды.

4) Оқушылар мұғалімнің көмегімен орындаған жұмыстарын тағы бір рет тексеруден өткізеді: анықтаған қасиеттердің дұрыстығына көз жеткізеді.

Бақылау формаларын оның түрлеріне, әдістері мен тәсілдеріне қатысты әртүрлі тұрғыдан қарастыруға болады. Білімді жеке тексеру міндеті – оқушының білімін, машықтары мен дағдыларын, оның жан-жақты және де ең алдымен зияткерлік даму деңгейін тереңнен және егжей-тегжейлі бақылау. Мұндай тексеру әр оқушы туралы әділ бағалауға және сәйкес қорытындыға келуге, оқу-тәрбие үдерісін де онымен жеке тіл табысуды ұйымдастыруға ауқымда материал береді. Жеке тексеру сабақтың көп уақытын алады, оның кемшілігі осындай. Топтық тексеру бүкіл топтың оқу жұмысын бақылауды болжайды. Бұл әсіресе оқушылар жұмысты топтасып орындағанда өте ыңғайлы, мұнда балалардың өзара көмек көрсету ниеті оянады. Мұндай тексеруде бүкіл топты «дәлелсіз» бағалаумен шектелмей, әрқайсысының мүмкіндіктерін ескеру қажет. Әр оқушының ортақ іске қаншалықты үлес қосқанын анықтау керек. Жаппай тексеру – бүкіл сынып сұралады, қысқа жауапты талап ететін шағын сұрақтар беріледі. Егер оқушы сұраққа жауап беруге қиналса, мұғалім оның қашан дәлелді жауап дайындайтынын күтпейді, керісінше келесі, үшінші оқушыға жүгінеді, дайын оқушының жауап бергенін сұрайды. Әрине, сұрақ қойылғаннан кейін мұғалім оқушылар оны түсініп және жауабын ойластырып үлгеруі үшін біраз үзіліс жасайды. «Жылдам сауалдама» деп аталатын жаппай тексеру барысында әр оқушы сұрақтың жоқ дегенде біреуіне жауап беруге, жолдасының жауабын толықтыруға немесе нақтылауға үлгереді. Жаппай тексеру мұғалім осы сабақта жаңа ақпаратты меңгеруде сүйенетін материалды сынып оқушыларына қысқа мерзімде қайталауға (еске түсіруге, өзектендіруге) мүмкіндік береді. Осындай жылдам сауалдамаға мұғалім сабақтың соңында жүгінетін, бұл ретте ол оқушылардың жаңа тақырыпты дұрыс меңгергенін тексеруге тырысады. Ұтқырлық, уақытты үнемдеу, көпшілікті қамту, ең жақсысы – сыныптың барлық оқушыларын белсенді жұмыспен қамту жаппай сауалдаманың артықшылығы болып табылады. Кемшілігі: оқушылар әр сұраққа толық жауап беруге үлгере алмайды, әрқайсысының жауаптары үзік-үзік, бөлек-бөлек және тек белсене қатысу, сауалдама кезіндегі қызу, мұқият жұмыс оқушы үшін сұралатын және тексерілетін материалдың тұтас картинасын қамтамасыз етеді; мұғалім жеке оқушының білім сапасын негізді түрде анықтауға үлгермейді. Жаппай тексеру көбіне жылдам ауызша сауалдама түрінде өткізіледі, бірақ жазбаша жаппай тексеру өткізілуіде мүмкін. Бұл ретте оның бақылаушы функциясы сақталып қалады, ал жедел кері байланыс қызметі жойылады, ол жазбаша жұмыстардың қорытындысы осы сабақтан тыс уақытта белгілі болатындығына байланысты. Жазбаша жаппай тексеруде белгілі тақырып бойынша білімді өзектендіру қиын, себебі оның тек бір бөлігі ғана тексеріледі, басқаша айтқанда, білімді ұжымдық өзектендіруде жоқ. Оқушылардың білімі мен машықтарын бақылау оқу үдерісінің маңызды буыны болып табылады, және оқу сәттілігі көбіне оны дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Бақылау функциясын білу және түсіну мұғалімге барынша азуақыт пен күш жұмсау арқылы бақылау іс-шараларын сауатты жоспарлауға және өткізуге, қажетті нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Білім, іскерлік және дағдыларды тексеру және бағалау тәрбиеге де ықпал етеді. Оқушылардың өз оқулары, табысы, сәтсіздіктері туралы ой-пікірлері қалыптасып, қиындықты жеңуге ұмтылады. Баға оқушының өзі туралы ойына қозғау салады.

Білімді тексеру және бағалаудың мемлекеттік маңызы бар. Мектептің, мұғалімдер ұжымының жұмысын білімді басқару органдары оқушылардың үлгеріміне қарап бағалайды. Мектеп әкімшілігі, қалалық, аудандық, облыстық білім беру ісін басқару органдары, Білім және ғылым министрлігі оқушылардың білімдерінің сапасын, мектеп және мұғалімдердің жұмысының жетістіктерін және кемшіліктерін білу үшін бақылау және тексеру жұмыстарын береді.

1. Білімді тексеруге қойылатын талаптар:

- тексерудің және бақылаудың жүйелілігі, тұрақтылығы, міндеттілігі. Бұл талапты орындамау оқушылардың оқуға деген қатынасын нашарлатып, білімнің сапасына кері әсер етеді;

- әрбір оқушы өзінің білімінің, іскерлік дағдысының бағаланатынын түсіну керек. Егер білімді тексеру және бағалау оқыту процесінің құрылымына тұрақты түрде енсе, онда оқушы мұғалімнің сұрақтары мен тапсырмаларына жауап беруге дайын болады.

- оқушылардың білім, іскерлік және дағдылары мемлекеттік оқу бағдарламаларына сәйкестексеріледі. Бағдарламаны меңгеру – білімді бағалаудың негізгі өлшемі. Мұғалім оқушының қосымша біліміне, оқыған қосымша әдебиеттеріне кеңес, нұсқау, беріп, баға қоймайды.

- оқушылардың теорияны және фактілерді білуін тексеру және бағалау арқылы, білімдерінің жалпы және ақыл-ой дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін білу;

- білім, іскерлік, дағдыларды түрлі тәсілдер арқылы тексеру;

- байқалған кемшіліктерді оқушының өзі түзетуі;

- мұғалімнің оқушыларды білімдерін бақылап, бағалауға, кемшіліктерді жоюдың әдістемесімен тәсілдерін білуге үйретуі;

- бағаны әділ қойылуы;

- оқушының өзін-өзі және басқаны бақылауы және бағалауы;

- әр тақырыпты оқудың нәтижесіне мұғалімнің және оқушылардың баға беруі;

- бақылау-бағалау процесінің әрбір баланың оқу үлгерімінің төмен демеуіне, көңіл-күйінің жақсы болуына көмектесуі.

2. Оқушылардың оқу жұмысын күнде бақылап отыру. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушылардың тәртібін, білімді қалай қабылдайтынын және түсінетінін, тәжірибелік іскерлік және дағдыларға машықтандыру кезінде өз бетімен атқара алатын жұмыстарын, оқуға икемділігін, қызығушылығын, қабілетін, білімді жүйелі алуын қадағалайды. Бақылау мәліметтеріне сүйеніп, мұғалім оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтап, оларды өз жұмысында қолданып, оқушылардың білімдерін дұрыс тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады.

Ойлау әрекетін осы ретпен қалыптастыру барысында материалды игеруге оқушылардың мақсаты, қабылдауы, елестетуі, ұғынуы, есте сақтауы барлық психикалық әрекеттері түгел қатысады. Сондықтан сабақты меңгеру нәтижесі білім беріктігін қамтамасыз етеді.

Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырудатағы бірескеретін жайт оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, өздігінен шығармашылық жұмыс істеуге бағыттау. Ол үшін әрбір оқушының даярлығымен мүмкіндіктерін, қабілеттерімен білімдеріне сүйене отырып, сабақтың өту құрылымына талдау жасап, білімнің тиянақты түрде оқушыға түсінікті болуын, нақты дәрежеде игерілуін қадағалау қажет. Өтілген материалды үнемі жиі қайталап отыру, деңгейлік сұрақтарды қою игерілген білімнің терең және тиянақты болу мүмкіндігін ұлғайтады. Пәнге деген қызығушылықты дамыту үшін дидактикалық ойындарды пайдаланып оқушының логикалық ойлауын, өз бетімен жұмыс істеуін жандандыру қажеттігі шығады.

Оқушының біліміндегі олқылықты анықтау үшін тестік бақылау жұмысының орны ерекше. Ол біріншіден оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу әрекеттерін арттырады, оқытудың тиімділігіне қол жеткізеді, ойлау қабілетін, шығармашылық белсенділігін арттырады, егер мұғалім дұрыс бағыт бере білсе. Сабақта тек материалды игеріп қана қоймай, игерілетін материал төңірегінде төңірегінде проблемалар туғызып, оқушының тереңірек ойлануына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашу керек.

Есептерді шешуді үйрету үшін олардың түрлерін, қалай құрылғанын, қандай құрамдас бөліктерден тұратынын анықтаған жөн. Қандайда болмасын есепті шешуге кіріскенде оны мұқиятталдап, талаптарын шарттарын анықтау қажет, яғни анализ жасау керек. Бірақ қайсібір оқушылар есепті шешуге біршама машықтанып қаладыда, сол жолмен шешуге дағдыланады, яғни басқа жолмен шешуге талаптанбайды. Оларды есептерді шешу жолы басқашада құруға болатынын проблемалық сұрақтар қою арқылы жетелеп, ойсалдырып,

өзбеттерімен ізденіп, шешу жолдарын азер салып, оларды шешудің тәсілдерімен әдісі ерекшеліктерін түсінуге бағыттау керек. Осы бағытта жұмыс істеу үшін оқушының бойына алдымен оның ынтасын, шыдамдылығын, қажырлығын және білімділігін қалыптастыру керек.

Осылайша мұғалімнің сәтті таңдалған бірнеше бақылау әдістері арқылы оқушылардың білімдерін объективті бағалауға, белгілі бір уақыт аралығындағы атқарылған іспен алған білімдерді бақылауға мүмкіндік береді.

Яғни, бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргеліре формалар кезеңіне қадам басты. Мұндай жағдайларда білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – мета білімділік, мета құзыреттілік қажет. Ал, оқушының іс-әрекетін өзденгейінде бақылау және оны дұрыс объективті түрде бағаламайынша, сапалы білімнің дұрыс нәтижесіне қолжеткізу мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Матрос Д.Ш., Полев Д.М., Мельникова Н.Н. Жаңа ақпараттық технологиялар мен білім беру мониторингі негізінде білім сапасын басқару. Мәскеу: Ресейдің педагогикалық қоғамы, 199 б.

2. Поташник М.М. Білім сапасы Қазіргі мектептегі білім сапасы (А.П.Тряпицинаның редакциясындағы мақалалар жинағы). Санкт-Петербург. 2000.

3. Шишов С.Е., Калней В.А. Мектептегі білім сапасын бақылау. - М.: Ресейдің педагогикалық қоғамы, 2000.- С.10.

4. Мектептің мониторинг жүйесі оның тиімділігіне әсер етуші фактор ретінде, 57-74 бет. Ғылыми-практикалық журнал. «Заманауи мектептің бас мұғалім менеджменті», No7 2007 ж

5. Коначева Н.Ю. Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың жаңа формалары. Санкт-Петербург, 2006 ж.

6. Конражевский Ю.А. Басқару және мектепшілік басқару. Мәскеу. «Педагогикалық ізденіс» орталығы, 2000 ж.

ӘОЖ 37.026.6: 37.031.2: 802

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Нурманова Актolkын Дархановна, педагогика ғылымдарының магистрі
Қызылорда облысы білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,
Қызылорда қаласы,
E-mail: n.aktolkyn_00@mail.ru

Аннотация

Мақалада критериалды бағалау жүйесін тиімді ұйымдастырудағы мұғаліммен білім алушылардың жетістіктері қарастырылған. Критериалды бағалау процесін қазіргі оқыту мен оқытудың маңызды элементтерінің бірі ретінде қарастырады. Оқу процесін басқарудың тиімділігі көбінесе бағалауды дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Бұл мақалада критериалды бағалау ұғымы әр білім алушының оқу нәтижелері белгілі бір білім беру мақсатымен байланысты болатын бағалау ретінде ашылады. Критериалды бағалаудың артықшылықтары мен түрлері көрсетілген.

Тірек сөздер:

Бағалау процесі, критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, бағалау парақтары, кері байланыс

Аннотация

В статье рассматриваются достижения обучающихся с учителем в эффективной организации системы критериального оценивания. Рассматривает процесс критериального оценивания как один из важнейших элементов современного обучения и образования. Эффективность управления учебным процессом во многом зависит от правильной организации оценки. В этой статье Понятие критериального оценивания раскрывается как оценивание, при котором результаты обучения каждого обучающегося соотносятся с определенной образовательной целью. Показаны преимущества и виды критериального оценивания.

Ключевые слова

Процесс оценки, критериальное оценивание, формирующее оценивание, оценочные листы, обратная связь

Annotation

The article discusses the achievements of students with a teacher in the effective organization of the criteria assessment system. Considers the process of criteria assessment as one of the most important elements of modern education and training. The effectiveness of the educational process management largely depends on the correct organization of the assessment. In this article, the concept of criterion assessment is revealed as an assessment in which the learning outcomes of each student are correlated with a specific educational goal. The advantages and types of criteria assessment are shown.

Key words:

Evaluation process, criteria assessment, formative assessment, evaluation sheets, feedback

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың ұтымды нұсқасы болып критериймен бағалау жүйесі табылады. Критериалды бағалау технологиясының қолданысы білім алушылардың жетістіктерін нақты анықталған, алдын –ала белгілі критерийлермен салыстыруды көздейді, оқу материалының қаншалықты сәтті меңгерілгенін, практикалық дағдының қаншалықты қалыптасқанын анықтап, әр білім алушының жалпы дайындығы деңгейіндегі өзгерістерді де, оның түрлі танымдық аяларындағы табыстары динамикасында тіркеуге мүмкіндік береді. [3,66]

Критериалды бағалау білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленетін болса, бұған жетуге әбден болады. Анық құрастырылған бағалау критерийлерінің көмегімен мұғалім де, оқушы да:

- Оқушы оқытудың қай сатысында?
- Олар білім алуда неге талпынады?
- Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек? екенін түсінеді.

Критериалды бағалаудың мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- ✚ Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
- ✚ Жүйелі кері байланыс орнату арқылы оқушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
- ✚ Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;
- ✚ Қолжетімді, нақты, үздіксіз:
 - оқушыларға олардың оқу сапасы туралы; - мұғалімдерге оқушылардың ілгерілеуі туралы;

- ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы;
- басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну;
- ✚ Оқу нәтижелеріне деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы рефлексия, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту.[1,76]

Қалыптастырушы бағалау деген ұғымға оқушының оқуын жақсарту үшін қолданылатын кез-келген бағалау кіреді. Осыған орай сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың «Автобустағы билет», «Смайликтер бойынша өзін-өзі бағалау парағы», «Блоб ағашы», «Екі жұлдыз бір ұсыныс», «Өзін-өзі бағалау», «Бес саусақ» кері байланыс, «Табыс сатысы» кері байланыс, «Автобустағы билет», «Плюс, минус, қызықты» кері байланыс, «Тазалық» кері байланыс әдістерін және оқушылардың оқудағы жетіктіктеріне орай мадақтамалар айтып отырдым.

Жәнеде бірінші сабағымда оқушыларға қалыптастырушы бағалау туралы «бағалау» термині «жақын отыру» деген сөз екенін айта келе бағалаудың бір адам басқа бір адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы және оқудан кейінгі болатын нәрсе емес, оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі ретінде екендігі жайында түсініктеме берілді. (2, 52б) Жәнеде оқушылар сабақта практика барысында қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдерін түсініп отырды. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың түрлі нысанда болатынын яғни біреуі қарындаш пен қағаздың көмегімен жүргізілсе, бірі басқалардың сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделетінін білді.

Қалыптастырушы бағалау әдіс-тәсілдерін оқушылар өздеріне жұмыстарына баға беру арқылы және топтарды критерий бойынша әділ бағалауды, бір-бірінің жұмыстарын қадағалау арқылы, алынған мәліметтерге интерпретация жүргізу, интерпретация негізінде қорытынды жасай алулары арқылы және бағалаудың оқу процесі ішінде жүргізіліп жатқандығы туралы «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулінің теориялық тұрғыдан түсінгендері көрініп ақ тұрды. Және бұрынғы дәстүрлі бағалаудан гөрі қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдерінің тиімді екендігін айтып отырды. Оқушылардың кері байланыстарын оқып қарасам қалыптастырушы бағалау әдіс-тәсілдерін оқу процесінде қолдану өте тиімді екендігін және міндетті түрде өз тәжірибелерінде қолданатындықтарын айтып өткен.

Бастапқыда оқушылар бағалаудың бұл түріне басқаша көзбен қарады, себебі олар дәстүрлі оқытудың "5" балдық бағалау жүйесіне үйренген еді. Оларға өзін-өзі бағалауы, өзара бағалау, яғни өзге оқушыларды бағалау олар үшін қызық болып көрінді. Себебі олардың түсінігінше бағалау тек қана сабақ соңында қойылатын оқудан кейін болатын мұғалімнің құзіріндегі нәрсе деп білетін. Бірінші сабағымда оқушыларға қалыптастырушы бағалау жайлы түсінік беріп өткеннен кейін оқушыларымның ойы өзгере түсті. Және тізбектелген төрт сабағымның өн бойында қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдері бойынша өздерінің жұмыстарына алдарына берілген таратпа материалдар бойынша баға беріп отырғанда сабақта жіберген қателіктері өздері біліп отырды. Жәнеде өздерін болашақ мұғалім ретінде бағалаудың оқушы үшін өте маңызды екенін ескеріп отырды. Және әр сабағымда оқушылар дәстүрлі бағалаудан гөрі қалыптастырушы бағалаудың оқушы жетістігі үшін өте тиімді екендігі кері байланыста айтылған.

Сабақта «Автобустағы билет» атты бағалау әдісін қолдандым. Яғни білім алушыларға сабағымның өн бойында әрбір тапсырма орындаған сайын және белсендігіне орай билеттер таратып отырдым. Оқушылардың билетте ала бастағаннан бастап сабаққа деген қызығушылығы арта түсті. Бір-бірлеріне менде екі билет деп қуанып ары қарай тапсырмаларды тиянақты орындауға жетелеп отырды. Қолымдағы билетті беруді ұмытып кеткен уақытымда оқушылар апай маған да билет деп қызығушылықпен сұрап алып отырды. Берілген тапсырмалар бойынша сұрақтарға жауап беруге асықты. Және де сол жерде үлкен бәсекелестік орнады. Ол бәсекелестік жай ғана бәсеке емес оқуға ары қарай дамуға деген бәсеке екені көрініп ақ тұрды. Білім алушылар тақырыпты меңгермек түгілі жай сұраққа

жауап беруден тайсалатын еді. Және оларды бағалау мен үшін қиынға соғатын себебі, оқушылардың пәнге немесе тақырыпқа деген қызығушылықтары төмен болатын. Сабақта қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдерін енгізу бұндай нәтиже көрсетуі мен үшін қуантарлық жағдай еді. Сабақ соңында оқушылардан «Бес саусақ» әдісі арқылы кері байланыс парағын толтырды. Кері байланыс парағында 90 % тақырыпты толық меңгергендігі жайлы жазылған, ал кейбір арасында түсінбей қалған жерлері бойынша келесі сабақта шолу жүргізіліп отырды.

Басында студенттерде біз өзімізді қалай бағалаймыз деген сұрақтар туындайтын. Әрине барлығы өзіне жақсы баға қойғысы келеді ал өзгелердің кемшілігін іздеуге тырысады деген сауалдар айтылды. Содан мен оларға критерийлер бердім және өздеріне критерийге қосатындары болса қосуға болатынын ескерттім. Оқушылар критерийді көріп өздерін бағалауға және өзгелерді бағалауға болатындықтарына көздері жетті. Сөйтіп оқушыларға сабақтың басында критерийлер ұсынып отырдым. Айта кететін болсам оқушыларға мынадай сынды критерийлер беріліп отырып болжам балдар қойылу керектігі түсіндірілді.

Топтағы барлық өз міндеттерімді уақытында және сапалы орындадым

Топта берілген тапсырмаларды зейін қойып орындадым

Берілген тапсырмаларды орындау барысында басқа қатысушыларға көмектестім және ынталандырдым.

Басқаларды мұқият тыңдадым

Дәлелді ойлар ұсындым

Талқылау жүргіздім (сыпайы түрде қарсылық көрсетіп, дау тудырған сұрақтарға келісім беруге тырыстым) Топтағы басқа оқушылардың айтқан ақпараттарын толықтырдым және түсініктеме бердім

Оқушылар осы критерийлерге сүйеніп өздеріне болжам балдарын қойып отырды. Соңынан өзім өзін-өзі бағалау парақтарына өзімнің болжам бағаларымды қойып отырдым. Басында менімен оқушы арасында болжам баға қоюда шамалы алшақтықты көрдім. Бірақ сабақтың соңына қарай мұғаліммен оқушы арасында балдың шамалылап келетінін байқалды. Бұл бірден бірдей болмайтынын оқушыларға түсіндірген болатыным, және ол күнделікті оқу процесі кезінде пайдаланып отырғанда ғана бірдей болатынын ұқтым.

Оқушыларға сабақтан басында «Смайликтер бойынша өзін-өзі бағалау парағы» таратылды. Оқушылар әр жұмыс кезеңе қалай қатысып отырды соны смайликтер бойынша суретін салып «?»- сұрақ қойдым «+» белсенді қатыстым «V» - сұраққа жауап бердім деген кезеңдерге толтырып отырды. Және әр оқушы өзінің қай кезеңге қатыспай отырғанын өз біліп, өзіне не қиындық туғызып отырғанын баға бере алды. Және бір кезеңдерден қалып қойса келесі кезеңге қатысуға асығатын болды. Сабақта «Блоб ағашы» сынды әдістер де пайдаланылды. Оқушылардың осы кезеңге дейін қандай бұтақтарында тұрғандығы жөнінде сабақтың басында белгілетіп алдым, ал сабақтың соңында бүгін қай бұтаққа көтерілгендігін бояуды сұрадым. «Блоб ағашы» әдісіне қарап отырсам көп оқушылар достарының көмегін қажет ететіндігі, біреуінің сабақ басында қорқыныш үрей барлығы, кей оқушылардың біреудің көмегімен ал кейбіреулерінің шыңға жетуге бір ғана бұтақ жетіспейтіндігі туралы бұтаққа өрмелегендігін көрсеткен. Бұл жерде оқушылардың өздерін жасырмай анық көрсеткендігі байқалады. Сабақ соңындағы нәтижеге қарасам топтың көп бөлігі бұтақтың шыңына шыққан. бұл жерде де оқушының нақты бағалауға үйреніп келе жатқандығы жөнінде көрініп ақ тұрды. Кері байланысты қарап отырсам оқушылар чемоданға тақырыпты толық меңгергені жөнінде жазған, еттартқышқа әліде ой елегінен өткізетін тұстарын жазған болатын, яғни барлығына қарап отырсам тақырыпты ауқымды ары қарай зерттегісі келетіндіктерін жазған менің сол мезетте Кейс-стади әдісін пайдаланып оқушыларға ой елегінен өткізгісі келетін жайттарды қайтадан үйге тапсырма ретінде беруді жөн көрдім. [3,1626]

Қорыта келе, критериалды бағалау – білім алу үдерісіне әділ баға беретін жүйе. Бағалау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда мұғалім олардың іс-әрекеттеріне байланысты түсінік, ұсыныс бере отырып, жүйелі түрде кері байланысты қамтамасыз етеді. Кері

байланыс нәтижесінде ұстаздар оқу үдерісін ұйымдастыруға белсенді қатысады. Мұндай бағалау жаппай тәжірибеде мұғалімнің қалыптастырушы бағалаудың теориялық негіздерін және оны ұйымдастырудың алгоритмін меңгерген кезде ғана жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Критериалды бағалаудың моделі. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімінің 2020 жылдың 27 тамызында бекітілген (№ 39 хаттама), 2020 жыл
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ, 2015
3. Р.А. Набуова, А.М. Жубандыкова Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Алматы, 2019 жыл

ӘОЖ 345.193

МАТЕМАТИКАНЫ ПӘНІН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Рысдәулет М.Д. техника ғылымдарының магистрі

«Сарыжаз орта мектебі және Ақбейіт бастауыш мектебімен» КММ

E-mail: r.d.makpal@mail.ru

Аннотация

Қазіргі заман талабына сай еліміздің білім беру жүйесін жаңғыртудың неізгі бағыттары Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты міндет – білім беру сапасын көтеру және ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Сондықтан оқыту әдістемесін жетілдіру және оқушыларды даярлау тиімділігін одан әрі қажеттілігі анық мәселе.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану - педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Тірек сөздер: ақпарат, коммуникативтік құзіреттілік, электронды оқыту, инновациялық технологиялар;

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең

бастысы - білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады. Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Ақпараттық-коммуникациялық құзырлық дегеніміз не?

Ақпараттық құзіреттілік:

- сын тұрғысынан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
- өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;

- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға сақтауға, түрлендіруге және тасмалдауға, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық- коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;

- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, моделдеу, ойша эксперименттеу, материалды жүйелеу) қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге;

- өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпаратты қолдануға мүмкіндік береді [1108б.].

Ақпараттық - коммуникациялық құзырлық - бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық - коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Коммуникативтік құзіреттілік:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;

- коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стилдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға;

- әдептілік ережелеріне сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;

- нәтижелі өзара іс-әрекетті, түрлі көзқарас және әртүрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе отырып, шиелініскен ахуалдарды шешуді жүзеге асыруға;

- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобымен қатынас (коммуникация) жасауға мүмкіндік береді [1, 11б.].

Математика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр [2, 11 б.].

Математикалық білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің бір бөлігі және қазіргі қоғамда адамның зияткерлік қабілетінің дмуын қамтамасыз етуде маңыздылығы жоғары. Ал, орта білім беру жүйесінде математиканы оқыту оқушылардың танымдық қабілеттері мен логикалық ойлауын дамытумен ерекше орын алады. Есеп шығару математиканы оқыту процесінде маңызды рөл атқарады және пәнді оқытудың түпкі мақсаты тек теориялық білім беру мен есептердің белгілі бір жүйесін шығарту емес, есеп шығару арқылы пәндік білімді меңгеруді іске асыру болады. Білім беруде толық нәтижеге қол жеткізу үшін оқушылар алған теориялық білімін практикалық есептерді шығаруда қолдана білулері қажет. Есеп шығару математиканы оқыту процесінде маңызды рөл атқарады және пәнді оқытудың түпкі мақсаты тек теориялық білім беру мен есептердің белгілі бір жүйесін шығарту емес, есеп шығару

арқылы пәндік білімді меңгеруді іске асыру болады. Білім беруде толық нәтижеге қол жеткізу үшін оқушылар алған теориялық білімін практикалық есептерді шығаруда қолдана білулері қажет. Оқушылардың оқу-тәрбие процесінде пәндерді оқу қызметінің негізгі элементтерінің бірі – есеп шығару [2, 16 б.].

Қазіргі таңда оқыту үдерісін ақпараттық — коммуникациялық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім беру мазмұнына қатаң және формалданған талаптар көрсетілген. Соның ішінде, мұғалімнің ақпараттық — коммуникациялық технологияларды қолдануға деген кәсіби құзыреттілік талаптары айрықша орын алады. Қазіргі білім беруде мұғалімнің ең маңызды міндетіне оқушының танымдық және шығармашылық белсенділігін жандандыру, оның оқытылатын пәнге деген қызығушылық мәселесі мен пәнді игеруге ынталандыру, оқушының назарын аудару және оны таңдандыра білу жатады. Оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуы үшін ақпараттық — коммуникациялық технологиялардың заманауи құралдары қолданылуы тиіс. Ғылымды ақпараттандыру тұрғысынан математика сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану компьютерлік — техникалық және электрондық оқыту құралдарын пайдалану, жобамен жұмыс барысында компьютермен жұмыстану, слайдтар құру, интернеттен оқу материалдарын іздеу, мультимедиялық демонстрацияларын қолдану және т. с. с. арқылы түсіндіріледі [2, 28 б.].

Ақпараттық — коммуникациялық технологиялар мен электрондық оқыту құралдарын оқыту үдерісінде пайдалану оқушыларды оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған. Ол математиканы оқыту үдерісі кезінде кез келген мектеп бағдарламасы аясында қолданылуы мүмкін. Оны жаңа оқу материалын түсіндіру мен әр түрлі есептердің шешімін проектормен көрсету кезінде, өткен тақырыпты қайталау және үй тапсырмасын тексеру кезінде, сондай-ақ оқушының білімін пысықтау кезінде пайдаланылады.

Мұғалімнің электрондық оқыту құралдарын оқыту үдерісі кезінде қолдану:

- оқытылатын объектілерді, құбылыстарды компьютерлік модельдеуге;
- пайдаланушы мен мұғалім арасында интерактивті диалог жүргізуге;
- объектілерді, процестерді бейнелеудің заманауи құралдарының мүмкіндіктерін іске асыруды көздейтін оқыту ақпараттарын компьютерлік визуалдауға;
- тәжірибені немесе бағдарлама үзіндісін бірнеше рет қайталау арқылы оқу тәжірибесінің нәтижелерін өңдеуге;
- оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бақылауға;
- ақпаратты іздеуге және есептеу процестерін автоматтандыруға дидактикалық мүмкіндіктер береді. Математиканы сабағында қолданылатын ақпараттық технологиялар, соның ішінде электрондық оқыту құралдары педагогикалық дидактикалық шарттарға сәйкес болуы қажет. Яғни ол көрнекілікті, түсінікті, жоғары ғылыми және жүйелі, материалдың толық болуы, білімді меңгеру беріктілігі мен тәрбиелік және дамытушылық қызметтерінің тұтастықта болуы қажет [<https://bsh.kz/news/3766>].

Электрондық оқыту құралдарының негізгі түрлері:

- Жалпыға ортақ бағдарламалық ресурстар;
- Оқушылардың икемділігін және біліктілігін, білім деңгейін анықтауға арналған бағдарламалық құралдар;
- Электрондық жаттығу құралдары;
- Модельдеуге арналған бағдарламалық құралдар;
- Виртуалды зертханалық бағдарламалар;
- Ақпараттық — анықтамалық іздеу жүйелері;
- Оқыту жүйелері;
- Электрондық оқулықтар.

Қазіргі уақытта мұғалімнің оқушылармен өзара әрекетін жандандырудың бірегей және қайталанбас құралы интерактивті тақта болып саналады. Ол — сенсорлық құрылғыдан тұратын проекциялық технологиялардың жиынтығы. Интерактивті тақта нысандарды көрсетіп қана қоймай, ондағы түстердің кең спектрі мұғалімге оқушылардың назарын

ақпараттың маңызды және мағыналы блогына бағыттауға, түзетулер енгізуге, ақпаратты анализдеуге және синтездеуге мүмкіндік береді. Интерактивті тақта сабақ қарқынын тездетеді, себебі барлық оқушылар сабаққа белсенді түрде қатысады. Олар осындай тақтада жауап бергенді, бірнеше рет түрту ғана жеткілікті құралдармен жұмыс жасағанды ұнатады. Қарапайым тақтамен жұмыс істегеннен гөрі, электрондық тақтаны қолдану кезінде оқушылар мұқият және айтарлықтай қызығушылық танытады. Ол сыныпта барлық адамдар қатысатын іс — шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік береді [4 Ақпараттық-коммуникативтік технологияны математика пәнінде оқытуда келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- оқушылардың дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын тудыру;
- ақпараттық –коммуникативтік технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету;
- ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен орындалатын жұмыстардың қызықты болуы;
- сыныптағы әр деңгейлі оқушылар ескерілуі;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру;
- өз бетінше орындауға берілген жұмыстарды шығармашылықпен орындауға үйрету;
- оқушылар өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік жасау;
- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру [4, 22-26 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы
2. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. – Алматы: Мектеп, 2018. – 224б.
3. <https://bsh.kz/news/3766>
4. Ақпараттық-компьютерлік технологиялардың болашақ мұғалімдерді даярлаудағы рөлі. //Қазақстан жоғары мектебі. – Алматы, 2019. – №1.– Б. 22-26.

ӘОЖ 375.09

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ДАМЫТА ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Базарбек Бағи

С.Аманжолов атындағы ШҚУ сениор-лектор, магистр, Өскемен Қазақстан
dar_bag_nur@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада бастауыш мектептегі дамыта оқыту технологиясы арқылы оқушы құзыреттілігін дамыту жайлы мәлімет беріліп, дамыта оқыту технологиясы жайлы зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалады.

Түйін сөздер: құзырет, проблемаларды шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктер, дамыта оқыту технологиясы.

Аннотация: В статье представлена информация о развитии компетенций учащихся через технологию развивающего обучения в начальной школе, а также проанализирована работа ученых, изучавших технологию развивающего обучения.

Ключевые слова: компетенции, решение проблем, информация, коммуникативные компетенции, развивающие технологии обучения.

Abstract: The article provides information on the development of students' competencies through the technology of developing education in primary school, and also analyzes the work of scientists who have studied the technology of developing education.

Keywords: competencies, problem solving, information, communication competencies, developing learning technologies.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз», – деген сөзі ұстаздар қауымына үлкен жүк артып отырғаны айқын. Еліміздің болашақ ұрпағын жан-жақты дамыту әр ұстазға басты міндет саналады.

Сондықтан да, қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді [1].

Бүгінгі таңда өмірде болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғамның шығармашылық әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екендігі дәлелденуде. Осыған орай, орта білім беретін мектептерге үлкен талап қойылуда. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей құрамдас бөліктерден тұратын болады:


1. Оқу мақсаттарының нақты қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірге қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі-дамыта оқытудың Д. Б. Эльконин-В. В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде ғана болады. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын білуге үйреніп, әр оқушыға өз ойын, өз пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. [2].

«Күзирет» термині соңғы кездерде ғылымның әр түрлі саласында қолданыс табууда. Қолдану мүмкіндігіне қарай күзирет, күзиреттілік, күзиретті (жетік, терең білетін) ұғымдары дифференциаланады.

Күзирет-субъектінің қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындығы. Сыртқы ресурстарға білім, білік, дағды, күзиреттіліктер (іс-әрекеттәсілдері) психологиялық ерекшеліктер, құндылықтар жатады. [3].

Дамыта оқыту үрдісінде оқушының субъект ретінде танылуы мына төмендегі жағдайларға байланысты:



Қазіргі оқулықтар оқу әрекеті жүйесімен жазылғандықтан, оқушының негізгі құралына айналып, өздігінен ізденудің көзі болады. Бұдан мұғалім қызметі жеңілдеді деген пікір тумауы керек, керісінше, оқу үрдісінде өтіп жататын психологиялық, педагогикалық жағдайларды бірден танып, әр оқушы ерекшелігіне қарай оқу әрекетін шебер ұйымдастырушы психолог-мұғалім болу жауапкершілігі артып отыр. [4].

Дамыта оқыту жүйесіндегі технологиялардың классификациялық сипаттамасы.

1. Қолдану деңгейіне қарай: жалпы педагогикалық.
2. Философиялық негізіне қарай: гумандық.
3. Психикалық даму факторына қарай: социатектік, психотектік.
4. Игерудің ғылыми тұжырымдамасына қарай: рефлекторлық, дамытушылық.
5. Мазмұндық сипатына қарай: білімдік, тәрбиелік.
6. Басқару типіне қарай: шағын топтар жүйесі.
7. Ұйымдастыру формасына қарай: сыныптық, сабақтық, топтық және жеке.
8. Балаға қатынас амалына қарай: тұлғалық, бағдарлық.
9. Басымдық танытатын әдісіне қарай: дамытушы.
10. Оқушылар категориясына қарай: жалпы.
11. Жетілдіру бағытына қарай: балама.
12. Дамыта оқыту белгілері:
13. Педагогикадағы түсіндірмелі – иллюстративті әдісі алмастырады. Бұл әдіс тұлға дамуымен тығыз байланысты.
14. Дамытудың барлық заңдылықтарын ескереді, жеке бастың өзіндік деңгейі мен ерекшелігіне сәйкестендіріледі.
15. Балаға іс-әрекеттің толыққанды субъектісі болып табылады.
16. Балаға қоршаған ортамен өзара қатынасқа түсетін дербес субъект рөлі беріледі.
17. Тұлғаның барлық қасиетін тұтас дамытуға негізделген.
18. Баланың жақын даму аймағында жүзеге асады.

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті:

Оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойылған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс-тәжірибесінде қалай қолданады?

1. Оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік нормаларын меңгерту;
2. Оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру.
3. Оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу
4. Сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу
5. Оқушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойын дамыту.
6. Жалпы оқушының жан дүниесін дамыту.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы меңгеріп, өз іс - тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс. [5].

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл - ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым - қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың ақыл – ойының көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді.

Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің Мемлекеттік стандарттары; Жоба, /12 жылдық білім беру, 2006ж/.
2. Бастауыш мектептегі дамыта оқыту технологиясы
3. / Әдістемелік нұсқаулық, 1999 ж /.
4. Эльконин-Давыдов «Дамыта оқыту технологиясы»
а. / Педагогикалық шығармалар, 1998 ж/.
5. Оқу үрдісіндегі дамыта оқытудың мәселелері
/ Психологиялық ғылым және білім беру №1/2003 ж /

ӘОЖ 378:51

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Жұмағұлова Қ.Ә. педагогика ғылымдарының кандидаты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Пәржан Г.О. 1-курс магистранты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: gauharace@icloud.com

Аннотация:

Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың тиімділігі мен объективтілігін арттыру үшін әрбір педагог білімді бақылаудың дәстүрлі түрімен қоса, әсіресе бакалавриат курстарында білімді бақылаудың заманауи әдістерін қолдануы қажет. Оқыту нәтижелерін бағалаудың әрбір формасы білім алушыларды міндеттеме мен өзіне сенімділік танытуға ынталандыруы керек. Студенттерге өзінің қабілеттері мен қызығушылығын танымдық, функционалдық және жүйелік күзіндеттерді ашып, дамыта алатын ортада жүзеге асыруы тиімді. Оқытуды бағалаудың жаңа заманауи әдістерін қолдану – білім алушылардың танымдық қызығушылықтары мен жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың жүйелі ойлау, сабаққа белсене қатысу, пікірін ашық жеткізе білуге, білім алуға деген құштарлығы мен белсенділігін арттыру жолдарының бірі де бірегейі.

Тірек сөздер: бағалау, тестілеу, модульдік жүйе, рейтингтік жүйе, мониторинг, диагностика, портфолио, жобалық әдіс, т.б.

Аннотация: Для повышения эффективности и объективности оценки результатов обучения обучающихся каждому педагогу наряду с традиционной формой контроля знаний необходимо использовать современные методы контроля знаний, особенно на курсах бакалавриата. Каждая форма оценки результатов обучения должна побуждать учащихся проявлять приверженность и уверенность в себе. Студентам выгодно реализовать свои способности и интересы в среде, где они могут раскрыть и развить познавательные, функциональные и системные компетенции. Применение новых современных методов оценивания обучения – один из путей развития познавательных интересов и индивидуальных творческих способностей обучающихся, их системного мышления, активного участия в занятиях, открытого выражения мнения, повышения интереса и активности к получению знаний.

Ключевые слова: оценка, тестирование, модульная система, рейтинговая система, мониторинг, диагностика, портфолио, метод проектирования и т. д.

Annotation: In order to increase the effectiveness and objectivity of the evaluation of educational results of students, every teacher should use modern methods of knowledge control in addition to the traditional type of knowledge control, especially in undergraduate courses. Any form of assessment of learning outcomes should encourage learners to demonstrate commitment and self-confidence. It is beneficial for students to realize their abilities and interests in an environment where they can discover and develop cognitive, functional and system competencies. The use of new modern methods of teaching evaluation is one of the unique ways to develop cognitive interests and personal creative abilities of students, to increase their systematic thinking, active participation in classes, ability to openly express their opinions, and their desire and activity to learn.

Key words: evaluation, testing, modular system, rating system, monitoring, diagnostics, portfolio, project method, etc.

Бағалау жүйесі – мектеп оқушыларының қызметінің нәтижелерін ағымдағы және қорытынды бағалауды, педагогтар мен мектептің қызметін бағалауды, білім беру жүйесі қызметінің нәтижелерін бағалауды қамтитын күрделі және көпфункционалды жүйе.

Бағалау қызметінің мақсаттары:

1. нәтижеге жетуге бағыттау;
2. білім берудің барлық аталған нәтижелерін (пәндік, метапәндік және жеке тұлғалық) бағалауға кешенді көзқарасты қамтамасыз ету;
3. жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу туралы алынған ақпараттың негізінде білім беру жүйесін реттеу мүмкіндігін, басқаша айтқанда, әр сыныпта, мектепте білім беру процестерін жақсарту және жетілдіру үшін педагогикалық шаралар қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Білім беру нәтижелерін бағалау және өлшеу үшін педагогикалық заманауи технологиялармен инновациялардың тиімділігін арттыру қажет. Педагогикалық оқыту жүйесі әрқашан жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы оқушы үшін оқу жетістіктері мен нәтижелерінің дәрежесі қаншалықты болатынын айқындай алмаймыз. Қашықтықтан оқыту дегеніміз – білім беруді оңтайлы және қолжетімді ететін заманауи технология. Бұл компьютерді оқу құралы ретінде пайдаланумен және интернет пен білім беру ортасымен тығыз байланысты жаңа мыңжылдықтың білімі.

Дәстүрлі оқыту тәжірибесінде бағалау жүйесінің маңызды жағымсыз жақтары көрсетілген. Тексерудің дәстүрлі әдістерін талдау білім беру сапасын бағалау жүйесі педагогикалық өлшеулердің объективті әдістеріне сүйенбейтінін көрсетті, сондықтан "сапа" бүгінде еркін түсіндіріледі, әр мұғалімнің өзіндік тексеру жүйесі әзірлену үстінде. Педагогикадағы өлшеудің мақсаты – білім деңгейінің сандық баламаларын алу. Өлшеуіштер – студенттердің оқу деңгейіне жетуінің сапалық және сандық сипаттамаларын алдын-ала анықталған параметрлер бойынша анықтау құралдары мен әдістері. Оқытуды сандық зерттеу

және оның тиімділігі туралы ғылыми еңбектерді зерттей отырып, әртүрлі зерттеушілердің оқуға әр түрлі тұрғыдан қарайтындығын анықтай аламыз, алынған нәтижелерді математикалық бағалау мүмкіндігі анықталады, оның тиімділігін анықтаудың сандық критерийлерін қолдану талқыланады.

Білімді бағалаудың субъективтілігі белгілі бір дәрежеде білім жүйесін бақылау әдістерінің жеткіліксіз дамуымен байланысты. Көбінесе тақырыпты, курсты немесе оның бөліктерін бағалау жеке, көп жағдайда қайталама элементтерді тексеру арқылы жүзеге асырылады, олардың ассимиляциясы қалыптасқан білімнің, қабілеттің және дағдылардың бүкіл жүйесін игеруді көрсетпеуі мүмкін. Сұрақтардың сапасы мен реттілігін әр мұғалім интуитивті түрде анықтайды және бұл көбінесе жоғары деңгейде бола бермейді. Барлық тақырыпты тексеру үшін қанша сұрақ қою керек және диагностикалық құндылығы бойынша тапсырмаларды қалай салыстыруға болатындығы туралы сұрақтар жауапсыз қалады.

Оқытудың қазіргі жүйесімен оқытушының үлкен студенттік топқа бірден үлкен көлемде ақпарат беру үшін үлкен мүмкіндіктері бар. Бірақ сонымен бірге студенттердің бұл ақпаратты қалай игеретіні туралы қажетті көлемде ақпарат алу мүмкіндігі өте шектеулі. Мұғалім бұл ақпаратты, мысалы, тест жұмысын жүргізу арқылы ала алады. Бірақ ол алынған мәліметтерді дереу өңдей алмайды, әсіресе оларды студенттердің танымдық іс-әрекеттерін басқару үшін тез қолдана алмайды. Бұл ақпарат студенттерге де жетпейтінін атап өткен жөн. Оқу жұмысы жүйелі және терең бақыланған кезде, студенттердің өздері үнемі өз жұмыстарының нәтижесін көргенде ғана нәтижелі бола алады. Оқу материалын меңгеру процесінде мұндай бақылау болмаған жағдайда студенттер өз білімінің шынайы деңгейін білмейді, өз кемшіліктерін нашар көрсетеді.

Жүйелі және жеткілікті көлемде кері байланыс қағидаты болмаса, оқу процесін тиімді басқару жөнінде нақты қорытынды айту мүмкін емес. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін университеттік білім беру тәжірибесінде бұл принцип өте әлсіз және өте жетілмеген түрде жүзеге асырылады.

Педагогикалық теория мен практикада бақылаудың келесі түрлері бөлінеді: *ағымдағы, аралық және қорытынды.*

Ағымдағы бақылау – студенттердің білімін, іскерлігін және дағдыларын тексерудің негізгі түрі. Оның міндеті – студенттердің оқу қызметін үнемі басқару және оны түзету. Бұл сізге оқу материалын игеру барысы мен сапасы туралы алғашқы ақпаратты алуға, сонымен қатар студенттердің тұрақты, қарқынды және мақсатты жұмысын ынталандыруға мүмкіндік береді. Бұл бақылау бүкіл оқу процесінің органикалық бөлігі болып табылады, ол бекітілген қайталау мен оқу материалын қолданумен тығыз байланысты.

Мерзімді (аралық) бақылау студенттердің оқу материалын бөлімдер, тақырыптар, пәндер бойынша оқу сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Әдетте мұндай бақылау жарты жылда бірнеше рет жүргізіледі. Мұндай бақылаудың мысалы – бақылау жұмыстары.

Қорытынды бақылау – бұл біріктіруші бақылау және ол оқушылардың жалпы жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Оған дайындық кезінде алынған материалды тереңірек жалпылау және жүйелеу орын алады, бұл білім мен дағдыларды жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Оқушылардың білімі мен дағдыларын жүйелеу және жалпылау кезінде оқытудың дамушы әсері көбірек көрінеді, өйткені зияткерлік дағдылар мен біліктер осы кезеңде ерекше қарқынды қалыптасады.

Бүгінгі таңда инновациялық құралдар ретінде *тестілеу, жобалық әдіс, білім сапасын бағалаудың модульдік және рейтингтік жүйелері, сапа мониторингі, оқу портфолиосы* қолданылады.

Тестілеу – басқарылатын сапа параметрлері бар автоматтандырылған бақылау жүргізудің ең технологиялық нысандарының бірі. Бұл тұрғыда студенттердің білімін бақылаудың белгілі бір формалары тестілеумен сәйкес келе алмайды. Оқу тестілері дидактикалық процестің барлық кезеңдерінде қолданылады. Олардың көмегімен білімді, іскерлікті, үлгерімді, оқу жетістіктерін алдын ала, ағымдағы, тақырыптық және қорытынды бақылау тиімді қамтамасыз етіледі.

Алайда, барлық сынақтар қажетті нәтиже бере алмайды. Әлемдік стандарттар деңгейінде тестологияның ережелері мен талаптарына сәйкес әзірленген және талданған тиісті тест өлшеуіштерін пайдалану қажет. Сонымен қатар, қазіргі уақытта мұндай сынақ өнімдері әлі де аз. Біздің елде тек сынақ материалдарын сертификаттау қызметтері құрылады. Құрылатын тестілердің жоғары сапасын қамтамасыз ете алатын білікті мамандар жеткіліксіз. Осыған байланысты әр мұғалім және мектеп түлектерді даярлаудың барлық пәндері мен бағыттары бойынша білімге ішкі тестілік бақылау жүргізу үшін Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің тестілеу орталығының талаптары негізінде өзінің тест банкіні құрған жөн.

Жобалық әдіс қазіргі заманғы студенттердің жеке білімін бағалауға мүмкіндік береді. Жобалық әдістің негізгі бағыты ғылыми зерттеу тәжірибесінде қолдану. Бұл әдісстуденттің танымдық белсенділігін дамытуға және оның жеке тәжірибесін жинақтау арқылы ғылыми жобаларды жүзеге асыруына жағдай жасайды.

Модульдік жүйе студенттерді оқу жылы бойы жүйелі оқу жұмысы қажеттілігінен шығаруға бағытталған.

Рейтинг жүйесі дәстүрлі төрт балдық жүйенің көптеген кемшіліктерін жеңуге және әр оқушының үлгерімін сараланған түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Рейтинг (ағылшын тілінен "rating") – бұл бағалау, кез-келген сапалы тұжырымдаманың кейбір сандық сипаттамасы. Әдетте рейтинг "жинақталған баға" немесе "артқы тарихты ескеретін баға" деп түсініледі. Университет тәжірибесінде рейтинг дегеніміз – бұл белгілі бір оқу кезеңінде (семестр, жыл және т.б.) бір немесе бірнеше пәндер бойынша оқушының үлгерімі мен білім деңгейін интегралды түрде сипаттайтын көп балдық шкала бойынша (мысалы, 20 балдық немесе 100 балдық) көрсетілген белгілі бір сандық мән.

Біздің еліміздің жоғары оқу орындарында рейтингтік жүйені енгізу процесі білім берудің қоғамның қазіргі заманғы сұраныстарына сәйкес өзгеруімен байланысты, ол оқыту стратегиясының және білім алушылардың жетістіктерін бағалау тәсілдерінің өзгеруімен қатар жүруі керек. Басқаша айтқанда, бүгінгі күні білім берудің өзара әрекеттесуінің барлық қатысушыларының жеке әлеуетін көрсетуі және ынталандыруы үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет, бұған білімді бағалаудың рейтингтік жүйесі ықпал етеді, оны қойылған міндеттерге жауап беретін мүмкін тәсілдердің бірі ретінде қарастыруға болады.

Рейтинг жүйесі тиімді, себебі ол:

- студенттің ағымдағы үлгерімін ескереді және сол арқылы семестр бойы оның өзіндік және біркелкі жұмысын едәуір белсендіреді;
- бөлшек 100 балдық бағалау шкаласын қолдану арқылы студенттің білімін объективті және дәл бағалайды;
- студенттерді саралауға негіз жасайды, бұл көп деңгейлі оқыту жүйесіне көшу кезінде өте маңызды;
- әрбір студенттің білімді меңгеру барысы туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Бұл жүйе мүмкіндік береді:

- оқу процесінің әрбір кезеңінде әрбір білім алушының дайындық деңгейін анықтауға;
- оқу жылы ішінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл оқу уақытында білімді игерудің объективті динамикасын бақылауға;
- оқушылардың әртүрлі жұмыс түрлерін (өзіндік жұмыс, ағымдағы, қорытынды бақылау, үй, шығармашылық және т. б. жұмыстар) орындағаны үшін алған бағаларының маңыздылығын саралауға;
- студенттің жасаған еңбегінің ағымдағы және қорытынды бағасын көрсетуге;
- білімді бағалаудың объективтілігін арттыруға;

Оқу портфолиосы.

Жалпы алғанда, оқу портфолиосы – бұл оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің үлгілері мен өнімдерін, сондай-ақ сыртқы көздерден (сыныптастардан, мұғалімдерден, ата-аналардан, тест орталықтарынан, қоғамдық ұйымдардан) тиісті ақпараттық материалдарды ұйымдастырудың нысаны мен процесі (жинау, іріктеу және талдау...), оларды кейіннен талдауға, осы оқушының білім деңгейін жан-жақты сандық және сапалық бағалауға және оқу процесін одан әрі түзетуге арналған оқу бағдарламалары болып табылады.

Жеке авторлар оқу портфолиосын былай сипаттайды:

- оқушының тек оқу нәтижелерін ғана емес, сонымен бірге оларға қол жеткізуге күш-жігерін, сондай-ақ оның алдыңғы нәтижелері мен салыстырғанда оқушының білімі мен дағдыларындағы айқын прогресті көрсететін жұмыстар жиынтығы;
- осы оқу кезеңінде (тоқсан, жарты жылдық, жыл) осы пән (немесе бірнеше пән) бойынша оқушының оқу жетістіктерінің көрмесі;
- оқушының оқу нәтижелерін мақсатты, жүйелі және үздіксіз бағалау және өзін-өзі бағалау формасы;
- оқушының бағалау үшін ұсынылған жұмыстарды таңдауға тікелей қатысуын, сондай-ақ олардың өзін-өзі талдауы мен өзін-өзі бағалауын қамтитын жұмыс антологиясы.

Қазіргі заманғы әлемдік білім беру практикасы білім беру процестерін құруға, сипаттауға және талдауға бірнеше іргелі көзқарастардан туындайды, олардың әрқайсысы іс жүргізу мазмұнының негізгі ерекшеліктерін анықтайды. Білім беру процестерінің сапасын басқару теориясының үш негізгі тұжырымдамасын қарастырады: бағалау, диагностика және мониторинг.

Бағалау – мұғалім мен студент арасындағы бір реттік әрекет немесе өзара әрекеттесу, оның нәтижесі білім берудің белгілі бір кезеңіндегі субъектінің жетістіктерін көрсететін сандық немесе сапалық нәтиже болып табылады.

Диагностика, бағалаудан айырмашылығы, бағалауды ғана емес, сонымен бірге осы бағалауды кейбір стандартталған нормалармен салыстыруды қамтиды. Тиісінше, диагностика, әдетте, бір курста екі реттен жиі емес қолданылады: оқудың басында (қалдық білімнің диагностикасы немесе құзіреттіліктің кіріс деңгейі) және зерттеудің соңында (жетістік деңгейінің диагностикасы).

Мониторинг бағалау мен диагностиканы да қамтиды, бірақ екеуіне де қатысты емес. Мониторингтің міндеті – білім беру барысы мен нәтижелері туралы объективті ақпарат алуға ғана емес, сонымен қатар мазмұны, технологиялары, нәтижелері мен оларды бағалау әдістерін қоса алғанда, барлық білім беру факторларының жай-күйі мен динамикасы туралы объективті ақпарат алуға мүмкіндік беретін бағалау мен диагностиканың тұтас жүйесін ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, тексеру, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, тексеру, бақылау және бағалаудың маңызды ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады. Осы тұрғыдан білім, білік, дағдыны есепке алу және тексеру мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңызды ерекше. Оқушылардың білімдерін тексеруді жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Тексерудің тиімділігін артырып, тексерудің жаңа формалары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі.

Демек дәстүрлі әдістерден инновациялық бағалау әдістерінің негізгі ерекшелігі – студенттерді өз бетінше іздену дағдысына баулу болып табылады. Бұл ең алдымен заман талабына толық бейімделген, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудің басты шарты. Қорытындылай келгенде, екі түрлі бағалау әдісі де көңілге қонымды. Дегенмен, студенттен

толыққанды, жан-жақты тұлға қалыптастыру үшін жаңартылған әдістемелерді пайдалану сенімді болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Айтбаева А.Б. Арнайы педагогика негіздері оқу құралы -Алматы, ҚазҰУ, 2017. - 249б.
2. Әлқожаева Н. С. Педагогика: оқу құралы / Н. С. Әлқожаева. – Өнд., толықт. 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 78 б.
3. Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру оқу-әдістемелік құрал / - Алматы : ҚазҰУ, 2003.
4. Системакритериальноогоцениванияучебныхдостижений учащихся.Методическоепособие.Астана:Национальнаяакадемияобразования им. Ы.Алтынсарина, 2013.–80 с.
5. Кохаева Е.Н. Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие – Астана: АОО «Назарбаевские Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014.–66 с.
6. Беспалько В.П.Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
7. Айсина Майра. Оқыту - білім мен тәрбие өзегі // Қазақстан мектебі. – 2006. - № 2. – 28.
8. Алдабергенова Ж.Д. Оқу әдістерін тиімді қолдана білу // Сынып жетекшісі. - № 2. – 35.
9. Көшімбетова С.А. Оқу – тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс – тәсілдерін пайдалану / Алматы. Білім жолы. – 2004. – 305.

ӘОЖ 316.622:053.6

ЖАСӨСПІРІМДІК ОРТАДАҒЫ БУЛЛИНГПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Туребаева К.Ж. п.ғ.д., профессор

Рыстыгулова А.Т. магистр, ағаоқытушы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

E-mail: turebaeva_kj@mail.ru

arystygulova@zhubanov.edu.kz

Аннотация:

Мақалада зерттеудің жалпы мақсаты, зерттеу жүргізудің негізгі тәсілдері, зерттеу нәтижесінде шешілетін міндеттер, зерттеу нәтижелеріне қысқашасипаттамаберіледі.

Тірек сөздер: буллинг, кибербуллинг, жасөспірімдікорта, буллингпенкүрес, агрессивтімінез-кұлық.

Аннотация: В статье обозначена общая цель исследования, описаны основные подходы к проведению, задачи, решаемые в результате исследования, краткое описание результатов.

Ключевые слова: буллинг, кибербуллинг, подростковая среда, борьба с буллингом, агрессивное поведение.

Annotation: The article outlines the general purpose of the study, describes the main approaches to conducting, the tasks to be solved as a result of the study, and a brief description of the results.

Key words: bullying, cyberbullying, adolescent environment, fighting bullying, aggressive behavior.

Қазіргі уақытта буллингті зерттеу және алдын-алу мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Сондықтан білім беру жүйесіндегі зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу мәселесі бүкіл әлемде, біздің елемезде өте өзекті. БҰҰ мәліметтері бойынша әлемдегі әрбір оныншы оқушы білім беру ұйымында зорлық-зомбылыққа ұшырайды және бұл көрсеткіш жыл сайын өсіп келеді. Жасөспірімдермен жастарға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық жағдайларының бестен бір бөлігі білім беру жүйесінде жасалады.

Қалыптасқан жағдайға байланысты білім беру ұйымдарына буллинг проблемасын пысықтау және жою жауапкершілігі жүктеледі. Бұл оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және білім берудің жоғары сапасын, білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуымен тәрбиесін қамтамасыз ететін қолайлы дамытушы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Аталған іс-шаралар білім алушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтауға және нығайтуға кепілдік береді.

Қазіргі жағдайда мұғалімдермен психологтар толеранттылық пенагрессияға қарсы тұру мәселелеріне көбірек жүгінеді. Бұл мәселелер жасөспірім кезеңінде оның бастапқы дағдарысына, тұрақтылықтың болмауына және қауіпсіздік сезіміне байланысты ерекше өзекті болады. Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі және жағымсыз құбылыстардың алдын-алу мәселесі өте өзекті болып табылады.

Ағылшын тіліндегі "қорқыту" (bullying) сөзі мектептегі қудалауды білдіру үшін жиі кездеседі және мәжбүрлеу мен қорқытуды қамтитын белгілі біртақырыпқа қатысты қайталанатына грессияны білдіреді. Алайда, бұл құбылыстың көптеген "жүздері" бар.

«Қорқыту» термині ғылыми әдебиетте өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында ғана пайда болды және алғаш рет швед дәрігері «моббинг» терминін қолданған. Бұл нақты бір адамды адамдар тобының жүйелі түрде қорлауын белгілеу үшін қолданылған. Жасөспірімдік ортадағы жасөспірімдердің топтық мінез-құлқы туралы зерттеулер жүргізген Гейнеман (2008), өрескел және қатал түрлерінің көрінісін белгілеген. Сонымен қатар, шетелдік психологтардың «мектептегі шабуыл» феноменіне үлкен қызығушылық нәтижесінде «Мектептердегі агрессия» еңбегі жарыққа шыққан (1978 ж.). Норвегиялық зерттеуші Д.Ольвейс (2003) психологияғылымы саласына еруге мүмкіндік беретін қорқыту құбылысын байқалатын процесстерінде көрсетті. Бұл мәселе тез арада әлемдік психология трендіне айналды, феноменологиямен буллингті болдырмауға және тоқтатуға арналған технологиялар қарқынды бастады. Арада он жыл кен соң, буллинг құбылысы британдық зерттеуші Д.Лейннің зерттеулерінде жеткілікті түрде қамтылды.

Зерттеуші бұл процестің құрылымымен оның пайда болуына ықпал ететін факторларға тоқталды. Д.Лейн (2003) өз еңбектерінің бірінде классикалық сипатқа ие болған буллинг – бұл құрбандар, олардың арасындағы қарым-қатынас, сондай-ақ ересектер мен жоғары оқу орнында болып жатқан жағдайға қатысты күрделі процесс деп түсіндірді. 90-жылдарға дейін мұндай зерттеулер негізінен жоғары оқу орындары мәселесі деп есептеліп, қоғамның назарын аударуға тырысқан батыстық ғалымдар Я.Гилинский, В.Афанасьев, L.Arseneault, L.Bowes, A.L.Beautrais, P.R.Joyce, R.T. Mulder еңбектерінде қарастырылды. Кейін тәжірибелік мәліметтерде буллинг құрбаны болғандар мен қоздырғыштардың психологиялық сипаттамалары ұсынылып және түрлі елдерде бұл мәселені шешудің жалпы қабылданған тәсілдері сипатталды.

Отандық ғылым теориясы мен тәжірибесінде зорлық-зомбылық мәселесі көп жағдайда әлеуметтік әлсіздіктің көрсеткіші ретінде қарастырылып келгені байқалады (толық емес отбасы, «элиталық емес жоғары оқу орны», уақытша қиындықтар т.б.). Қазіргі уақытта қатыгездік пен зорлық-зомбылық материалдық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да аспектілерінде З.Б.Мадалиева, А.С.Мамбеталина, К.Ж.Туребаева, Ж.Ж.Картбаева, Н.Тоқсанбаеватб. ғалым-зерттеушілер еңбектерінде қарастырылып келеді.

Балалармен жасөспірімдер қылмысы, суицид жағдайлары мемлекет тарапынан стратегиялық және бағдарламалық тұрғыдан азардағы басты проблемалардың бірі. Қазақстан Республикасы ауқымындағы әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары үшін зерттеу нәтижесінде шешілетін осындай басты міндеттер «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының **«Балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүру жағдайларын жақсарту»**, **«Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» тарауларында атап көрсетілген** (ҚРҮкіметінің 27.12.2019ж. № 988 қаулысы).

Соңғы кезде балалармен жасөспірімдер қылмысының, жоғарыда көрсетілген суицид жағдайларының өсуі тәрбие жұмысын күшейтудің қажеттілігін растайды. Осыған байланысты білім беру процесімен білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру қызметі барысында тәрбие жұмысын жоспарлаумен іскеасырудың түбегейлі жаңа тәсілдері, оларды қолданумен сақтаудың түсінікті тетіктері бар мінез-құлық стандарттарын әзірлеу мәселесіде аса өзекті деп табылады.

Сонымен қатар, ҚР «Педагогмәртебесітуралы» Заңының 7 бабындабілімалушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасын емесе өзгеде заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуы және тиісінше мінез-құлық көрсетілуі зерттеу мәселесінің өзектілігін дәлелдейді.

Жасөспірімдер ортасындағы буллинг көптеген жылдар бойы өзектілігі жойылмаған мәселелердің бірі. Тәжірибе көрсеткендей, зорлық-зомбылық ең алдымен, ауызша сипатта, яғни, айқайлау, ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлайтын әзілдер түрінде кездеседі. Сонымен бірге қазіргі жасөспірімдердің төрттен бір бөлігі физиологиялық зорлық-зомбылыққа тап болады. Зорлық-зомбылық мәселелерін зерттеу әдістеріне Социометрия әдісі, Розенбергтің өзін-өзі ұрметтеу шкаласы, Басс-Перридің агрессивті мінез-құлқын диагностикалау сауалнамасы қолданылды.

Зерттеужұмысына 13-17 жас аралығындағы 150 жасөспірім (оқушы) қатысты. Зерттеубарысында сыналушылардың агрессивтімінез-құлықтарыжәне басқаадамдар тарапынан оларғаагрессивтіәсер ету жағдайларыанықталды.

Зерттеу нәтижелері буллинг – жасөспірімдер ортасында үлкен ауқымға ие екенінкөрсетті. Сауалнама нәтижелері бойынша, буллингпен оқушылардың 89%-ы кездесе, тек 11%-ы ғана ешқашан кездеспеген. Социометриялық зерттеу және сауалнама нәтижелері буллингке қатысатын сыналушылардың үш тобын анықтауға мүмкіндік берді: агрессорлар, құрбандар және булли/құрбандар. Буллингпен бетпе-беткелген оқушылардың 8%-ы агрессор рөлінде, 22%-ы – құрбандық рөлінде, 43%-ы – агрессор мен құрбандық рөлінде және 16%-ы буллингтің бақылаушылары болды. Нәтижелерді талдау көрсеткендей, буллинг агрессорларының сыналушылардың барлық басқа санаттарымен салыстырғанда ең аз саны анықталды. Бұл агрессия жасөспірімнің буллингтің құрбандары ретінде болуының салдарын емес есебебі болып табылатынын білдіреді.

Жасөспірімдік ортадағы буллинг – әлеуметтік-психологиялық мәселеретінде агрессивті үрдістер тұрақты мінез-құлық болып табылады. Зерттеу барысында көптеген жағдайларда буллингте агрессор/құрбандық позициясын алып жүрген сыналушылар буллингтің бір түрінде агрессор, ал екіншісінде құрбандық рөлінде болатынына дәлел болатын заңдылық анықталды. Бұл агрессивті үрдістердің кейбір компенсаторлық сипаты туралы айтады: Әр түрлі себептермен құрбандар қысымға қарсы тұра алмайды, агрессорға тойтарыс бере алмайды. Бұл бақылаудан ерекшелік вербалды буллингқұрайды, онда өзара ауызша қорлау арқылы сыналушылар агрессордың/құрбандықтың екі есе рөлінде жиі болады. Көбінесе жасөспірімдер буллингтің вербалды түрімен көбірек ұшырасады. Сондай-ақ, алынған нәтижелер, буллингке тартылған жасөспірімдердің ішінде қыздарға қарағанда ұл балалар әлдеқайда көп екендігін көрсетеді 24% және 4 % сәйкесінше. Буллингтің барлық түрлерінде бақылаушылар ретінде көп жағдайларда қыздар болып табылады. Қыздар мен ұлдар зерттелген буллинг түрлерінталдай отырып, біз қыздар буллингтің барлық түрлеріне

белсенді қатысады деген нәтижелер алдық. Ең үлкен дәрежеде қыздар буллингтің вербалды және әлеуметтік түрлеріне бейім, бұл қыздардан күтілетін мінез-құлықпен түсіндіріледі, яғни, олар көбінесе үш қолданудан гөрі эмоцияларын көрсеткенді құп көреді. Ұлдар көпдәрежеде буллингтің физикалық түріне бейім болып келеді. Буллингтің түрлі типтерінде қыздардың рөлімен ұлдардың рөлін жеке талдау кезінде мыналар анықталды. Физиологиялық буллингте ұлдар қыздарға қарағанда жиі агрессор, алқұрбандар ретінде ұлдар мен қыздардың үлестері жиі бірдей болады – 25% жағдайда, сондай-ақ, ұлдар менқыздардың 25%-ы физиологиялық буллингте агрессор/құрбан рөлінде кездеседі. Вербалды буллингте қыздар менжігіттер жиібірдей 23% үлесте агрессорболады, ал 24% қыздардың үлесімен салыстырғанда, көбінесе жігіттер 53% жағдайда агрессор/құрбан болады. Вербалды буллингте ұлдарға қарағанда қыздар 12% жағдайда құрбан позициясын алады. Әлеуметтік буллингте көбінесе қыздар шамамен барлық жағдайлардың жартысында (ұлдардың 29% салыстырғанда оларда 47%) құрбан позициясында болады, сонымен қатар қыздар мен ұлдар арасында агрессорлар өте аз – тиісінше 8% және 7%. Бұлбіздің ойымызша, жасөспірімдердіңөз сөздерінің мағыналық мазмұнын бағаламауы туралы айтады, олар қауесетті немесе біреуді күлкі қылып жатқандарын байқамауы мүмкін. Көп жағдайда әлеуметтік буллингте агрессор/құрбан бозбалалар болады. Электрондық буллинг – көбінесе ұлбалалар агрессорлар рөлінде кездесетін көптеген классификациялардағы қосымша буллинг түрі. 23% ұлбалалар және қыздардың 20%-ы электронды буллингтің құрбандары болады. Жігіттер қыздарға қарағанда 23% және 11 % жағдайларда буллингтің осы түрінде бірмезгілде жиі агрессормен құрбан болады. Агрессивті мінез-құлықтың диагностикасының нәтижелерін талдау кезінде агрессияның ең көп дәрежесі сыналатын агрессорлар/құрбандар тобына тән, олардың агрессия көрсеткішін екінші топпен салыстырғанда ең үлкен екені анықталды. Буллингтің агрессор/құрбандарында буллингтің агрессорлары тобына қарағанда, қоғамдағы құрбандық рөліне байланысты дұшпандық жоғары, сонымен қатар агрессорларда буллинг құрбандарымен салыстырғанда физикалық агрессияжәне агрессияның интегралдық көрсеткіші бойынша жоғары көрсеткіштер анықталады. Бұл нәтижелер агрессорлар/құрбандарда 30%-ға жуық жағдайда агрессияның барлық компоненттері бойынша өлшемнен асып кетуімен байланысты: мінез-құлықтық, эмоциялық және когнитивті, бұлжалпы агрессия көрсеткіші бойынша жоғары нәтижелерге әкеледі [1]. Біздің басты назарымыз аударылған буллинг құрбандарында жалпы агрессия басқа топтардың көрсеткішімен салыстырғанда төменірек(тек 8%- да агрессияның интегралды шкаласы бойынша жоғары нәтижелер анықталған), сондай-ақфизиологиялық агрессиямен ашулану көрсеткіштері бұл буллингтің басқа қатысушыларымен салыстырғанда олардың аз – ашу көрсеткені туралы айтады. Алайда басқа топтардың арасында ең жоғары нәтижелер дұшпандық көрсеткіші болса, буллинг құрбандарының 46 %-ында дұшпандық орташа мәннен асқандығы байқалды.

Зерттеудің мақсаты буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша мектептің, отбасының және қоғамның бірлескен жұмысын ғылыми-теориялық және әдістемелік қамтамасыз ету.

Осы мақсатқа жету үшін келесімін деттерді шешу қажет:

-білім беру ұйымдарында буллингпен кибербуллингтің алдын алу бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастыру, басқару және жағдайын бағалаудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін әзірлеу; ақпараттық-талдамалық мәліметтер базасын құру:

-оқушылар арасындағы буллинг пен кибербуллингтің алдын алу шараларын ұйымдастыру, басқару, бағалаудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін (тәсілдерін, принциптерін, әдістерін), құқықтық және ақпараттық қамтамасыз етуді әзірлеу;

– буллинг пен кибербуллингтің мәнін, түрлерін, тәуекелдеріменсебептерін бағалаудың негізгі параметрлерін анықтау;

– буллинг және кибер буллингке қатысушылардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін анықтау;

– буллинг және кибербуллингтің алдыналу бойынша тәрбие жұмысының жүйесін ұйымдастыру және басқарудың критерийлерін, көрсеткіштерін, нәтижелі көрсеткіштерін әзірлеу;

– білім беру ұйымдарындағы буллинг және кибербуллингтің алдыналу бойынша тәрбие жұмысының жағдайын диагностикалау: бақылау, сұрақ-жауап, сұхбат, әңгімелесу, социометрия, референтометрия және т.б.;

– білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллинг процестерінің дамуына мониторингтік бақылаужүргізу;

– басқару шешімдерін қабылдау үшін сұранысқа ие болатын үш блок – әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және әдістемелік – ақпараттық-талдамалық мәліметтер базасын әзірлеу және құру;

– буллингтен, оның ішінде кибербуллингтен еркін атмосфера үлгісін әзірлеу және құру.

– жалпы білім беретін ұйымдарда буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша тәрбие жұмысы және ақпараттық технологияларды басқару және ұйымдастыру бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізу:

– оқушылар арасында буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша ақпараттық-ағарту жұмыстарының мазмұнын даярлау: бейнефильмдер көру және талдау жасау, диспуттар, пікірталас, тренингтер, экскурсиялар, жорықтар, дебаттар, байқаулар;

– ата-аналар үшін буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша ақпараттық-әдістемелік жұмыстың мазмұнын әзірлеу;

– мұғалімдерге, әлеуметтік педагогтарға, психологтарға және қоғам өкілдеріне буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша ақпараттық-әдістемелік жұмыстың мазмұнын әзірлеу.

– білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтен таза мектеп Стратегиясын әзірлеу.

– ата-аналар, мұғалімдер, әлеуметтік педагогтар, психологтар және барлық мүдделі тұлғалар үшін буллинг және кибербуллинг терминдерінің сөздігін жасау және әзірлеу;

– кибер буллинг жағдайларын шешу әдістері туралы мәліметтер базасын әзірлеу және құру;

– буллинг және кибербуллинг тәуекелдерін болдырмайтын технологиялар және буллинг және кибербуллинг жағдайларын шешу әдістері туралы мәліметтер базасын әзірлеу және құру;

– буллингпен кибербуллингтің алдын алу жөніндегі ғылыми негізделген талаптар, әдістемелік ұсынымдар мен іс-шаралар кешенін әзірлеу;

– буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымдар мен іс-шаралардың тиімділігін бағалау;

– білім беру ұйымдарында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу іс-шаралары бойынша семинарлар, тренингтер өткізу.

Алдын алу жұмыстарын жүргізе отырып, жасөспірімдер арасында кибербуллингпен қатыгездіктің басқа да көріністерін толық жою мүмкін емес. Алайда, мұғалімдер мен ата-аналарға жасөспірімдердің виртуалды жанжалдарын бақылауға, ал студенттерге қақтығыстарды реттеу әдістерін игеріп, кибербуллингке дұрыс жауап беруге мүмкіндік бар. Мектеп ортасында кибербуллинг мәселесінің әмбебап шешімін табуға тырысқан кезде ғалымдар тап болатын проблемалар жиынтығы бар – бұл психологиялық проблемалар. Біріншіден, бұл балалармен ересектер арасындағы қарым-қатынас. Балалар ешқашан ересектерге (ата-аналарға, аға-інілерге, мұғалімдерге және мектептегі тәрбиешілерге) оларды шыныменне мазалайтыны туралы айтпайды. Көбінесе балалар ересектердің түсін беушілігімен қабылданбауынан қорқады және олардың проблемалары байыпты қабылданбайды деп қорқады. Бұл проблемалар ұрпақтардың айырмашылығына және балалармен ата-аналар арасындағы сенім дағдарысына негізделген. Тиісінше, олар бірінші кезекте отбасы ішіндегі қарым-қатынас деңгейінде шешілуі керек. Бүгінгі таңда ата-аналар

үшінмаңызды міндеттердің бірі-ертежастан бастап балаларына өзіне деген сенімді қарым-қатынасты тәрбиелеу. Себебі ата – аналар балаға қажетті уақытта көмекке келіп, оны тыңдап, ұстап тұруға, сондай-ақ ықтимал қорқынышты салдардан қорғайтын ең бірінші адам.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Туребаева К.Ж., Н.Б.Тоқсанбаева., С.Қ.Алимбаева. Жасөспірімдік ортадағы буллинг-элеуметтік-психологиялық мәселе ретінде. Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршысы» №2 (77); 2021
2. Arseneault I., Bowes I., Shakoor S. Bullying victimization in youths and mental health problems: “Much ado about nothing”? // Psychological Medicine. – 2010. – Vol. 40. – № 5. – P. 717-729. АршадС., Хусейн, ХолокомБВ.Р. Руководство по лечениюпсихологическойтравмы у детейиподростков. – М., 2008. – 57 с.
3. Beautrais A.L., Joyce P. R., Mulder R. T. Personality traits and cognitive styles as risk factors for serious suicide attempts among young people // Suicide and Life-Threatening Behaviour. – 1999. – Vol. 29. – P. 37-47.
4. Бердышев И. Лекарство против ненависти – Первое сентября. – 2005. – № 18. – С. 3. Bradshaw C.P. Preventing bullying through Positive behavioral interventions and supports (PBIS): A Multitiered approach to prevention and integration // Theory into Practice. – 2013. – Vol. 52 (4). – P. 288-295. Bradshaw C.P. Translating research to practice in bullying prevention / Amer. Psychologist. – 2015. – Vol. 70. – P. 322-332.
5. Васильев Н.Н. Тренинг преодоления конфликтов. – СПб., 2003. – 105 с.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Дәуренбекова А.Қ. 2-курс магистрант

Ғылыми жетекші: Мукашева А.Б. п.ғ.к., доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

E-mail: aruzandaurenbek@gmail.com

Аннотация.

Қазіргі таңда ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдер өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыру аса маңызды мәселелердің бірі. Бүкіл әлемге қауіп тудырған коронавирустық пандемиясынан кейін ғалымдар ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдер денсаулығына ерекше назар аударуда. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда жасөспірімдер өмірінде білім берудің, оның ішінде инклюзивті білім берудің маңызы ерекше. Мақалада 13-16 жас аралығындағы «Ақсай» республикалық балалар ауруханасында әртүрлі диагноздармен ем алып жүрген жасөспірімдер арасында жүргізілген анонимді сауалнама берілген. Сауалнама нәтижесі арқылы жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қашықтықтан оқыту кезінде қалыптастыруға деген көзқарастары берілген.

Тірек сөздер: Салауатты өмір салты, ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдер, инклюзивті білім беру, дене шынықтыру және спорт.

Аннотация. В настоящее время формирование здорового образа жизни у подростков с особыми образовательными потребностями является одним из важнейших вопросов. После пандемии коронавируса, которая поставила под угрозу весь мир, ученые уделяют особое внимание здоровью подростков, нуждающихся в особом образовании. В формировании здорового образа жизни особое значение в жизни подростков имеет образование, в том числе инклюзивное. В статье представлен анонимный опрос подростков в возрасте от 13 до 16 лет,

получающих лечение с различными диагнозами в Республиканской детской больнице «Ақсай». По результатам анкетирования даны мнения подростков о дистанционном обучении в формировании здорового образа жизни.

Ключевые слова: здоровый образ жизни, подростки с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, физическая культура и спорт.

Annotation. Currently, the formation of a healthy lifestyle among adolescents with special educational needs is one of the most important issues. After the coronavirus pandemic, which put the whole world at risk, scientists are paying special attention to the health of adolescents in need of special education. Education, including inclusive education, is of particular importance in the formation of a healthy lifestyle in the lives of adolescents. The article presents an anonymous survey of adolescents aged 13 to 16 years receiving treatment with various diagnoses at the Republican Children's Hospital "Aksai". According to the results of the survey, the opinions of teenagers about distance learning in the formation of a healthy lifestyle are given.


Keywords: healthy lifestyle, adolescents with special educational needs, inclusive education, physical culture and sports.

Өзектілігі. Ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдер үшін салауатты өмір салтын (СӨС) қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда өте өзекті. Ғалымдар қазіргі уақытта бүкіл әлемге қауіп тудырған коронавирустық пандемиядан кейін ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдер өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударуда.[1/6б.] Білім алушылар инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру және спорт бойынша қашықтықтан сабақтарға жүгінуге мәжбүр болды, бұл сәйкесінше денсаулық мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыру жағдайын нашарлатады. Азаматтардың денсаулығы-бүкіл мемлекеттің, оның ішінде бүкіл халықтың табысты дамуының кепілі. Бұл қоғамдағы прогресті қамтамасыз ететін әрекет. Сондықтан мемлекет пен қоғамның денсаулық мүмкіндігі шектеулі жандарға деген қарым қатынасына қарап, елдің одан әрі қарай даму бағытын бағалауға болады. [2/8б.]. Қоғамның прогрессивті тенденцияларына қарамастан, ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдерге салауатты өмір салтын қалыптастыру мүмкін емес деген пікір әлі де бар. Дегенмен, денсаулық мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдер үшін спортпен шұғылдану, денені нығайту және салауатты өмір салтын ұстану міндетті болуы қажет, өйткені бұл салауатты өмір салты оларға әртүрлі аурулардың асқынуының алдын алуға ғана емес, сонымен бірге алдын-алу шарасы бола отырып, жалпы өмір сапасын жақсартуға көмектеседі. Бұл бүкіл әлемдік қауымдастық үшін салауатты өмір салтының рөлі.

Зерттеудің мақсаты-инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын жүргізу бойынша жаңа іс-шараларды әзірлеу және бұрыннан қолданылып жүрген іс-шараларды жақсарту үшін денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін заманауи қабылданған шараларды талдау.


Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу әдісі ретінде Алматы қаласындағы «Ақсай» республикалық балалар ауруханасында 13-16 жас аралығындағы, әр түрлі диагнозбен ем қабылдап жүрген жасөспірімдер арасында анонимді сауалнама форматында әлеуметтік сауалнама таңдалды. Сауалнама жүргізу барысында ұйымдастырушылық, әдіснамалық және әдістемелік бірқатар мәселелер шешу көзделді. [3/3б.].

Сауалнама нәтижелері. Анонимді сауалнамаға 13-16 жас аралығындағы 12 жасөспірім қатысты.




1-Диаграмма. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдердің спортпен айналысу белсенділігі

1-диаграммада балалардың инклюзивті білім беру жағдайында спортпен айналысатындығы туралы сауалнама нәтижесі келтірілген. Барлығы 2 жасөспірім (17%) тұрақты түрде спортпен шұғылданады. Қатысушылардың көпшілігі дене шынықтыру сабақтары кезінде ғана спортпен шұғылданады 6 бала (50%), бұл оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы дене шынықтыру сабақтарының жетекші рөлін көрсетеді. Сауалнамаға қатысқандардың 33% - ы (4 адам) спортпен айналыспайды.



2-Диаграмма. Қашықтықтан оқыту жағдайында дене шынықтыру сабақтары арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру

2-диаграмма ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруда дене шынықтырумен қашықтықтан айналысуға ықпал етуді көрсетеді. 10 респондент (83%) дене шынықтырумен қашықтықтан айналысу олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етпейді деп санайды. Бұл сабақтарды өткізу форматының жетілмегендігін көрсетеді, өйткені олар офлайн режимде әртүрлі тестілеу түрінде немесе оқушылардың жаттығулар туралы фото және бейне есептерімен өткізіледі.



3-Диаграмма. Дене шынықтыру сабағын қашықтықтан өту туралы жасөспірімдер пікірі

3-диаграммадан онлайн-режимде дене шынықтыру сабақтарын өткізу ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдерді едәуір қызықтырады, осылайша олардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады, өйткені көпшілік (7 адам- 58%) осы нұсқаға дауыс берді. Сондай - ақ сабақ өткізу кезінде оқытушымен (2 адам- 17%) және сыныптастарымен (3 адам-25%) өзара іс-қимылды атап өтті, бұл оқушыларды спортпен шұғылдануға қосымша ынталандырады. Сондай-ақ, қашықтықтан дене шынықтыру сабақтарын өткізуде ештеңені түзетудің және өңдеудің қажеті жоқ бірыңғай пікір жоқ екенін атап өткен жөн, сондықтан бұл мәселеге назар аудару өте маңызды.

Қорытынды. Осылайша, денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерде салауатты өмір салтын қалыптастырудың қиындығы бүгінгі күнге дейін шешілмеген мәселе болып қала береді.

Жасөспірімдердің физикалық және психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, спортқа көбірек қызығушылық таныту үшін жас критерийінің ерекшелігін ескеру қажет. Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдерді онлайн-режимде бір-бірімен де, мұғаліммен де белсенді байланысын дамыту өте маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бабаева, А.А., Смоленский А.В., Беличенко О.И. Формирование здорового образа жизни и общественное здоровье (обзор литературы) // Терапевт. 2017.- №4.-С. 60-67.
2. Косенкова, Т.В. К вопросу об эффективности социальных механизмов управления институтом реабилитации инвалидов // Социально-гуманитарные знания - научно-образовательное издание. 2012.-№1.-С. 352-360.
3. Гурьянов, А. С. Анкетирование как метод формирования профессиональных компетенций /А.С.Гурьянов // Обучение и воспитание: методики и практика. 2013.-№4. С.229-233

ӘОЖ 378.1

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА БАРЫСЫНДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Тленчиева Б.С.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
E-mail:tlenchieva85@mail.ru

Мақала жоғары оқу орнындағы білім беру жүйесіндегі студенттердің кәсіби құзыреттілігінің негіздерін қалыптастырудағы педагогикалық практиканың рөлін зерттеудің нәтижесі болып табылады. Қазіргі таңда еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін жоғары оқу орындары түлектердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптастыру міндеттерін қояды. Жоғары оқу орындарының түлектері – өз саласының болашақ мамандары – оқу барысында кәсіби салада өзін-өзі табысты жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік пен дағдыларды игеріп қана қоймай, жаңа кәсіби маңызды қасиеттерді дамытып, тәрбиелеуі керек. Осы мақсатқа жету үшін педагогикалық құралдардың барлық кешені, оның ішінде педагогикалық практика пайдаланылады, оның барысында білім алушыларға біліктілік талаптарына сәйкес келетін қасиеттер беріледі. Болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың осындай жүйесін ұйымдастыру кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін болады. Мұның бәрі қазіргі жоғары оқу орнында кәсіби құзыреттілік негіздерін қалыптастыру мәселесінің өзектілігін көрсетеді.

Тірек сөздер: студент, кәсіби құзыреттілік, кәсіби қызмет, бастауыш сынып мұғалімі, педагогикалық практика

Статья является результатом исследования роли педагогической практики в формировании основ профессиональной компетентности студентов в системе высшего образования. В настоящее время для подготовки конкурентоспособных специалистов, востребованных на рынке труда, высшие учебные заведения ставят задачи формирования профессиональных компетенций выпускников. Выпускники вузов-будущие профессионалы своего дела-в процессе обучения должны не только приобретать знания, умения и навыки, необходимые для успешной самореализации в профессиональной сфере, но и развивать и воспитывать новые профессионально значимые качества. Для достижения этой цели используется весь комплекс педагогических средств, в том числе педагогическая практика, в ходе которой обучающимся присваиваются качества, соответствующие квалификационным требованиям. Организация такой системы профессиональной подготовки будущих педагогов будет способствовать формированию профессиональных компетенций. Все это свидетельствует об актуальности проблемы формирования основ профессиональной компетентности в современном вузе.

Ключевые слова: студент, профессиональная компетентность, профессиональная деятельность, учитель начальных классов, педагогическая практика

The article is the result of a study of the role of pedagogical practice in the formation of the foundations of professional competence of students in the system of higher education. Currently, in order to train competitive specialists in demand in the labor market, higher educational institutions set tasks for the formation of professional competencies of graduates. Graduates of universities-future professionals in their field -in the course of training should not only acquire the knowledge, skills and abilities necessary for successful self-realization in the professional sphere, but also develop and educate new professionally significant qualities. To achieve this goal, the whole complex of pedagogical means is used, including pedagogical practice, during which students are assigned qualities that meet qualification requirements. The organization of such a system of professional training of future teachers will contribute to the formation of professional competencies. All this testifies to the urgency of the problem of forming the foundations of professional competence in a modern university.

Key words:: the student, the professional competence, professional work, primary school teacher, pedagogical practice

Бүгінгі таңда сапалы білім алған, таным көкжиегі жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын педагогтер ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық әлемде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы жүзеге асады. Жоғары оқу орындарындағы болашақ педагогтерге білім беру барысында құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр.«Құзырлық» сөзі туралы Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) — жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген[1]. Латын тілінен аударғанда «құзырлық — өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адам деп есептеуге болады.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануға ұмтылысы еліміздің білім беру жүйесіне өзіндік ықпалын тигізуде. Атап айтсақ, ең бірінші кезекте оның алдына қойылатын мақсаттың өзгеруі, соның нәтижесінде білім беру мазмұны да, сапа өлшеу құралдарын да жаңарту мәселесі қойылып отыр. Болашақ педагогтердің тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптар өзгерді. Бұл талаптарға жауап беретін педагог даярлау, ең алдымен, оның құзыреттілігін қалыптастырумен ғана байланысты болады.

Бүгінгі күні болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру мәселесі өзекті болып отыр. Біріншіден, кәсіби құзыретті мұғалім оқу-тәрбие жұмысы үдерісінде білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға оң әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде үздік нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, өзінің кәсіби мүмкіндіктерін іске асырады. Білім беру орталарының шарттары ауысып, білім беру мазмұны, оқыту формалары және әдістері өзгеру үстінде. Сонымен қатар білім сапасына сұраныс артып, сабақтың құрылымы күрделене түсуде. Бұл жәйттардың бәрі кәсіби құзыреттілікті арттыруды және болашақ мұғалімнің кәсіби қызметті орындауға дайындығын қалыптастыруды талап етеді. Жалпы алғанда педагогтың кәсіби құзыреттілігі тәжірибені, теориялық білімді, адам бойындағы жеке қасиеттерді, практикалық дағдыларды ұштастыратын маңызға ие күрделі жеке білім деп қарастыруға болады. Құзыретті мұғалім болу үшін болашақ педагог осы қызметтің саналы субъектісі болуы керек. "Құзыретті оны іске асырудың нақты шарттарынан оқшаулауға болмайды. Ол сонымен бірге белгілі бір іс-әрекет жағдайына бейімделген білімді, дағдыларды және мінез-құлық қатынастарын жұмылдыруды байланыстырады" [2, б.83]. Құзыретті болу дегеніміз: белгілі бір жағдайда алынған білім мен тәжірибені жұмылдыру мүмкіндігі.

Осылайша, кәсіби құзыреттілікті, оның даму ерекшеліктерін зерттеуге арналған еңбектердің көпшілігі бұл мәселе тұрғысында қазіргі педагогикалық ғылым мен практика үшін маңызды болып табылады, зерттеушілер үшін қызығушылық тудырады деп айтуға мүмкіндік береді.

Белгілі бір құзыреттерді қалыптастыру үшін болашақ педагогтерге практикалық жағдайлар тудыру керек. Құзыреттілік бастапқы деңгейден бастап дамиды, байытылады, кеңейеді. Сонымен бірге, педагогикалық кәсібилік жеке ерекшеліктердің өзін-өзі жүзеге асырудың жоғары деңгейімен, жеке қызмет стилімен байланысты болады. Бастауыш сынып мұғалімі жұмысының ерекшелігі бірнеше пәндерді оқыта алуында. Яғни, ол қазақ тілін, әдебиеттік оқуды, математиканы, жаратылыстану мен дүниетануды және басқа да білім беру пәндерін оқыту әдістемесін білуі керек. Жалпы алғанда бастауыш сынып мұғалімінің практикалық дайындығы мен шығармашылық ұшқырлығына, алған білім мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Бұл оған заманауи білім беру мекмелерінде де кіші мектеп жасындағы оқушылармен оқу- тәрбие жұмысын сәтті жүзеге асыруға жол ашады.

Болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби дайындығында педагогикалық практика айқын орын алады. Бұл болашақ мамандарды теориялық және практикалық даярлау арасындағы байланыстырушы жұмыс, оларды оқыту сапасын арттырудың маңызды шарты, өйткені практика болашақ кәсіби қызметке барынша жақын түрде жүзеге асырылады. Практика аясында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі де қалыптасады. Сондай – ақ, педагогикалық практика білімгерлердің кәсіби-педагогикалық даярлығын жетілдіруде, екінші жағынан мектептің өзінде оқу-тәрбие қызметінің сапасын арттыруда олардың өзара іс-қимылы үшін үлкен мүмкіндіктерге ие.

Педагогикалық практиканың түрлері, формасы мен мазмұны бойынша өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы мынадай принциптерді көрсетсек болады: практиканың өмірмен байланысы, мазмұны мен ұйымының қазіргі мектеп пен қазіргі мұғалімге қойылатын талаптарға сәйкестігі, оның мазмұны мен ұйымдастыру әдістерінің жүйелілігі, үздіксіздігі, курстан курсқа күрделенуі, теориялық курстармен байланысы. Сонымен, білімгерлер кіші курстардан бастап бастауыш сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысын жүзеге асыра біліп, олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін бақылау және талдау, тәрбиесін диагностикалау, оқыту мен тәрбиелеу процесінде бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке даму ерекшеліктерін ескеру, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және жүзеге асыру, нәтижесінде жалпыланған педагогикалық қабілетті арттыру сияқты педагогикалық қасиеттерді қалыптастыру қарастырылған. Педагогикалық практиканың жалпы мақсаты - студенттердің теориялық білімді практикада қолдануы, білім беру жүйесіндегі оқытушылық жұмыстың нақты түрлері туралы негізгі идеяларды қалыптастыру, кәсіби дағдыларды дамыту, болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің мәнін құрайтын негізгі құзыреттерді игеру.

Белгілі педагог П.П.Блонскийде өзестелігінде “Тек лекциялар мен кітаптар арқылы ғана педагогикаға үйрену мүмкін емес, сонымен бірге практикақажет, бірақ ол дәл көшірме емес, шығармашылық және саналы түрде түсіну тұрғысынан болуы керек”-деп жазған болатын [3, 75]. Сонымен қатар, Н.П.Блонский теориялық біліммен практикалық процестің үйлесімді бірлікті болуын жақтады. Осы бағыттың жалғасын қазіргі көрнекті ғалымдар О.А.Абдуллина, Ю.К.Бабанский, Н.И.Болдырев, И.В.Кузмина, Б.Я.Гудзенко, В.А.Сластенин еңбектерінен кездестіруге болады.

Болашақ мұғалімді даярлаудың шарттарының бірі студенттер практикасына біртұтас басшылық жасау болып табылады. Бұл қызмет практикаларды ұйымдастыру, талаптарды келісу, оларды дәйекті жүзеге асыру, студенттерге күнделікті әдістемелік және практикалық көмек көрсету, практиканттардың жұмыс сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асыру бойынша ЖОО мен мектеп қызметін бірлесіп жоспарлау бағытында, мақсатты өзара іс-қимылы ретінде құрылады.

Педагогикалық практиканың ерекшелігі - білімгерлер мұғалімнің кәсіби жұмысының нақты мәселелер шеңберіне енгізіліп, оның нақты мазмұны мен жұмыс көлемімен танысады. Осылайша, әр студент мектеп мұғалімінің барлық негізгі іс-шараларына қатысады. Ол

барлық бағыттар бойынша оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді, сынып жетекшісі ретінде оқушылар мен ұжымның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді, оқушылар ұжымымен түрлі іс-шаралар ұйымдастырады, осы сыныптың ата-аналарымен, педагогтарымен жұмыс істейді, мұғалім ретінде пәндер мен қызығушылықтар бойынша сабақтар, сабақтан тыс жұмыстар жүргізеді, сонымен қатар әдістемелік және зерттеу жұмыстарымен айналысады. Практика кезеңіндегі студенттің практикалық қызметі оның мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесінің сипаты бойынша қазіргі мұғалімнің, кәсіби мұғалімнің қызметіне сәйкес келеді. Осылайша, педагогикалық институтта педагогикалық практиканың жоғарыда аталған түрлерінің мазмұнын анықтау кезінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің теориялық және практикалық дайындығының бірлігі туралы ереже негізге алынды. Педагогикалық білімді игеру жоғары оқу орындарында оқудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады. Педагогика және жеке әдістемелер бойынша практикалық және зертханалық сабақтарда оқытудың белсенді әдістерін (нақты педагогикалық жағдайларды талдау, педагогикалық мәселелерді шешу, іскерлік ойындар өткізу және т.б.) пайдалану кезінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктері қалыптасады. Сонымен, педагогикалық практиканың әр түрі бойынша студенттер практикаға дайындық барысында және оны өту барысында игеруі керек кәсіби құзыреттіліктер анықталды. Педагогикалық практика бойынша ұсынылатын тапсырмалар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің теориялық дайындығының мазмұнын көрсетіп қана қоймай, оны тереңдетуге және кеңейтуге, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған.

Қорытындылай келе, педагогикалық практиканы мақсатты түрде ұйымдастыра отырып, студенттер кіші мектеп жасындағы оқушылармен үнемі сөйлесуге және оларға бақылау жүргізуге, әртүрлі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие қызметін ұйымдастырумен және өткізумен танысуға (қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің жұмыс режиміне бейімделуге), мұғалімнің қызметін бақылауға және талдауға, сабақтан тыс және тәрбие жұмыстарымен айналысуға, сабақтарды өз бетінше дайындауға және өткізуге мүмкіндік алады. Студенттердің педагогикалық практикасын ұйымдастыру мен өткізудің мұндай жүйесі оларға бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік зертханасымен танысуға және кәсіби-педагогикалық қызмет тәжірибесін игеруге мүмкіндік береді. Педагогикалық институтта сипатталған педагогикалық практика жүйесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. А.Қ.Құсайынов. — Алматы: Мектеп, 2007. — 256 б.
2. Профессиональная педагогика: категории, понятия, дефиниции : сб. науч. тр. Вып. 4 / Федер. агентство по образованию; Рос. гос. проф.-пед. ун-т ; Рос. акад. образования, Ур. отд-ние, 2006. – 571 с.
3. Халықова К.З. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық практика. Алматы; АлМУ, 1999. – 102 б.

ӘОЖ 373.24

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕССИН КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мухаметжанова А.Д. п.ғ.м

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ

E-mail: aima-28_91@mail.ru

Аннотация.

Мақала бүгінгі жаһандану заманында білім беру жүйесіндегі интеграциялау мәселесінің ғылыми-теориялық негіздері туралы. Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру әр пәндік мазмұнды қосып біріктіріп жіберу немесе бірнеше пәнді бір пәнмен алмастыру емес, әрі пәндік құрылымды жоққа шығармайды, керісінше, оған қондырғы ретінде қызмет ететіндігі көрсетілген. Интеграция – мектепке дейінгі мекемелерде білім берумен байланыстырып алғанда – бұл пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақтылы түрде іске асыру. Мектепке дейінгі білім беруде интеграциялық оқытуды ұйымдастырудың алғы шарттары, қажеттілігі мен мүмкіндіктері көрсетілді. Дамыту бағыттарын жүзеге асыруда интеграциялық оқытуды ұйымдастыруда балалардың танымдық қызығушылығы мен білім сапасын арттыру жолдары, нәтижесі айқындалған. Сонымен қатар пәндік интеграциялау арқылы білім беру мазмұны мен салалары өзара сабақтасып, бірізді болатыны дәлелденген.

Тірек сөздер: интеграция, білім беру, оқыту, пәндік, танымдық, білім сапасы.

Аннотация. Статья посвящена научно-теоретическим основам проблемы интеграции в системе образования в современные времена глобализации. Было показано, что реализация интеграционного обучения не включает и объединяет каждое предметное содержание или заменяет несколько предметов одним предметом, и не исключает предметную структуру, а скорее служит установкой для нее. Интеграция в связи с образованием в дошкольных учреждениях – это реализация взаимосвязи предметов на высоком уровне. Показаны предпосылки, потребности и возможности организации интеграционного обучения в дошкольном образовании. Определены пути повышения познавательного интереса и качества образования детей в организации интеграционного обучения в реализации направлений развития, результаты. Также доказано, что посредством предметной интеграции содержание и сферы образования взаимосвязаны и последовательны.

Ключевые слова: интеграция, образование, обучение, предметное, познавательное, качество знаний.

Annotation. The article is about the scientific and theoretical foundations of the problem of integration in the education system in the modern era of globalization. It has been shown that the implementation of Integrative Learning does not involve combining each subject content or replacing several subjects with one subject, and does not exclude the subject structure, but rather serves as an installation for it. Integration – in connection with education in preschool institutions – is a clear implementation of the relationship of these disciplines at a high level. The prerequisites, necessity and possibilities of organizing integration training in preschool education were demonstrated. In the organization of integrated learning in the implementation of development directions, ways and results of improving the cognitive interest and quality of knowledge of children are determined. At the same time, it has been proven that through subject intergaming, the content and areas of education are interconnected and consistent.

Key words: integration, education, training, subject, cognitive, quality of Education.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері әдістемелік нұсқау хатта - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнды жетілдіруде бағдарламалардың сабақтастығын қамтамасыз ету қажеттігі, сонымен қатар педагогтардың басшылыққа алып, назарда ұстау қажет қағидаларында - ойын арқылы оқыту және түрлі балалар әрекетін кіріктіру арқылы балаларды дамыту қажеттігі айтылған. [5, 3-4 б.].

«Интеграция» - бұл біртұтас процестің жекелей бөлімдері мен оның өзара қосылуының нәтижесі. Оқытуда ол бір синтезделген курста (тақырып, бағдарлама бөлімі) әртүрлі оқу пәндерінің элементтерін біріктіру, әртүрлі пәндердің ғылыми тұжырымдамалары мен әдістерін жалпы ғылыми ұғымдар мен таным әдістеріне біріктіру, пәнаралық оқу мәселелерін ашуда ғылым негіздерін біріктіру және қорытындылау арқылы жүзеге

асырылады. Зерттеушілер педагогикалық процестегі интеграция деп шашыраңқы бөліктерді тұтастай біріктіруге байланысты даму процесінің бір бөлігі деп түсіндіреді. Синонимдері: өзара әрекеттесу, қосылу, біріктіру, қоса алып жүру. Интеграция-бұл даму процесінде кез-келген бөліктерді немесе элементтерді тұтастай біріктіру. [1, 115 б.].

Интеграцияның көкейкестілігі:

- Балалар қоршаған әлемді бірлікте таниды және көбінесе осы бірліктің жекелеген құбылыстарын зерттеуге құштар болады. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының бөлімдері оны фрагменттерге бөліп, бүкіл құбылыс туралы түсінік бермейді.
- Білім беру үрдісінде интеграцияланған тәсілді қолдану балалардың әлеуетін дамытады, қоршаған шындықты белсенді білуге, себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге және табуға, логиканы, ойлауды, коммуникативті қабілеттерді дамытуға итермелейді.
- Мұндай іс-әрекеттерді өткізу формасы стандартты емес, қызықты. Білім-тәрбие беру барысында әр түрлі іс-әрекеттерді қолдану балалардың назарын жоғары деңгейде ұстайды, бұл әртүрлі бағыттағы іс-әрекеттердің жоғары тиімділігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Интеграцияланған тәсілді қолданатын іс-әрекеттер айтарлықтай педагогикалық мүмкіндіктерді ашады, танымдық қызығушылықты арттырады, қиялды, зейінді, ойлауды, сөйлеуді және есте сақтауды дамытуға қызмет етеді.
- Қазіргі қоғамдағы интеграция білім берудегі интеграцияның қажеттілігін түсіндіреді.
- Пәнаралық байланыстарды күшейту арқылы балалардың өзіндік іс-әрекетіне, дене шынықтырумен айналысуға уақыты көбейеді. [4, 49 б.].
- Интеграция өзін-өзі жүзеге дамытуға, өзін-өзі көрсетуге, тәрбиешінің шығармашылығына, оның қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.


Жаңа стандарт талаптарына сәйкес қазіргі кезде мектепке дейінгі ұйымдардағы оқыту мен тәрбиелеу жұмыстары дамыту бағыттарын көздей отырып жүргізіледі. Көрсетілген бағыттар бойынша балалардың үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген дағдыларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында, сонымен қатар күні бойы режимдік сәттерде жүзеге асырылады.

Кіріктірілген оқытуды көп жағдайда оқытудың басқа формаларымен, атап айтқанда біріктірілген, кешенді оқыту формаларымен шатастырады. Оны келесі анықтамалармен түсіндіруге болады. [2, 160 б.].

- Біріктірілген-әр түрлі іс-әрекеттердің немесе бір-бірімен логикалық байланысы жоқ бірнеше дидактикалық міндеттердің үйлесімі (сурет салғаннан кейін қимылды ойын).
- Кешенді- арасындағы ассоциативті байланыстар кезінде әр түрлі қызмет түрлерімен міндеттерді жүзеге асыру (өрт қауіпсіздігі ережелері туралы әңгіме тақырып бойынша постер салуға ауысады). Сонымен қатар, қызметтің бір түрі басым, ал екіншісі оны толықтырады, эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады.
- Интеграцияланған-бір-бірін толықтыра отырып, әртүрлі дамытушылық бағыттардағы білімді тең негізде біріктіреді (музыка, көркем әдебиет арқылы «көтеріңкі көңіл-күй» тудыру).

Интеграцияланған оқытудың айрықша ерекшеліктері:

- Оқу материалының анықтығы, ақпараттылығы;
- Логикалық қаратәуелділік, интеграцияланған заттардың өзара байланысы;
- Динамикалық қалыптар мен балалар іс-әрекетінің түрлерін өзгерту;
- Тәрбиеші мен мамандардың қызметін үйлестіру;
- Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен тиімді өзара іс-қимылды ұйымдастыру
- Екі және одан да көп педагогтардың қызметі



Интеграцияланған іс-әрекеттің құрылымына келетін болсақ, мектепке дейінгі ұйымдарда мұндай іс-әрекеттерді үш бөлімге бөліп ұйымдастыруға болады. Кіріспе бөлімде балалардың белсенділігін шешімін табуға ынталандыратын проблемалық жағдай туындату арқылы дамыту (мысалы, «Балалар, егер жер бетінде су болмаса не болады?»). Негізгі бөлімде балаларға проблемалық мәселені шешу үшін қажетті жаңа білім беріледі (мысалы, табиғаттағы және адам өміріндегі судың маңызы және т.б.) бағдарламаның әр түрлі бөлімдерінің мазмұны негізінде көрнекілікке сүйене отырып, сөздікті байыту және белсендіру, үйлесімді сөйлеуді үйрену жұмыстары қатар жүреді. Қорытынды бөлімде балаларға алынған ақпаратты бекіту немесе бұрын игерілген ақпаратты өзектендіру үшін кез-келген практикалық жұмыс (дидактикалық ойындар, сурет салу және т.б.) ұсынылады.

Интеграцияланған оқыту бойынша жұмыс істеу әдістемесі. Әр жас тобында интеграцияланған іс-әрекеттердің санын тәрбиеші мен мамандар (логопед, психолог, музыка жетекшісі) бірлесіп анықтайды. Іс-әрекеттерде қарастырылатын тақырып (сурет) байланыстырушы буын болып табылады. Міндетті түрде алдын-ала жұмыстар ұйымдастырылады. [6, 11-12б.].

Интеграцияланған іс-әрекеттерде көптеген тиімді әдістер мен тәсілдер қолдануға болады. Мысалы, салыстырмалы талдау, салыстыру, іздеу, эвристикалық қызмет, проблемалық сұрақтар қою, «дәлелде», «түсіндір», «оны қалай білдің?» және т.б. Сөздікті белсендіруге, өз қабілеттеріне деген сенімділік сезімін тәрбиелеуге арналған әртүрлі сөздік дидактикалық ойындарын қолдануға болады. [3, 158-160 б.].

Интеграциялық оқыту жүйесі әр жас ерекшелік топтарында әртүрлі жүргізіледі. Кіші және орта топтарда интеграцияланған іс-әрекеттердің мазмұны сөздікті байытуды, сөйлеудің грамматикалық жағын, фонематикалық есту қабілетін дамытуды қамтитын сөйлеудің дамуымен интеграцияланатын басқа іс-әрекеттер. Ересек топта интеграцияланған іс-әрекетті жоспарлау сауат ашуға негізделеді, ол сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу және өнімді еңбек бөлімдерімен кіріктіріледі.

Қорыта келе, мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда интеграцияланған оқытуды қолдану нәтижесінде келесідей жетістіктерге жетуге болады:

- Балаларда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыру;
- Шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру мүмкіндіктері;
- Қарым-қатынас дағдыларын дамыту және алған әсерлерімен еркін бөлісу;
- Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту, олардың әртүрлі іс-әрекеттің интеграциясы негізінде эмоционалды қабылдау қабілетін дамыту;
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тиімділігін арттыру, шаршауды азайту және шамадан тыс жүктемеден арылу;
- Ойынға, серуендеуге, мектеп жасына дейінгі балалардың дербес іс-әрекетіне уақыт үнемделеді;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының барлық мамандарының тиімді өзара әрекеттесуі және олардың ата-аналармен ынтымақтастығы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мендигалиева Г.К. Педагогические основы интеграции науки и практики в школах новоготипа. - Алматы, 2000.-115б.
2. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. - Москва, 2019, 160 б.
3. Керимбаева Р.Қ.Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру. //XXIғасырдағы Евразия кеңістігіндегі білім мен ғылымның сабақтастығы, даму перспективалары.Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. - Тараз, 2018. -Б. 158-160 б.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері әдістемелік нұсқау хат
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.

УДК 78

ТВОРЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ СТУДЕНТА-МУЗЫКАНТА

Кударова Г.Х

Западно- Казахстанский университет им. М. Утемисова,

Казахстан, г. Уральск

E-mail: gulen4ik1980@gmail.com

Аннотация:

Мақалада «Фортепиано» пәні сабақтарында студенттің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Практикалық тәжірибеге сүйене отырып, фортепианоға дайындық студенттің кәсіби қасиеттерінің дамуына оң әсер етеді.

Тірек сөздер: музыкалық мәдениет, тұлға, шығармашық құзыруттілік, фортепиано педагогикасы.

Аннотация: В статье рассматривается проблема формирования творческой компетентности студента на занятиях по дисциплине «Фортепиано». Опираясь на практический опыт, фортепианное обучение позитивно влияет на развитие профессиональных качеств студента.

Ключевые слова: музыкальная культура, личность, творческая компетентность, фортепианная педагогика.

Annotation: *The article deals with the problem of the formation of the students creative competence in the lessons of the discipline « Piano».Based on practical experience ,piano training has a positive effect on the development of a students professional qualities.*

Key words: *professional culture, personality, creative competence, piano pedagogy.*

Основная цель современного образования – соответствие актуальным и перспективным потребностям личности, общества и государства, подготовка разносторонней личности гражданина своей страны, способной к социальной адаптации в обществе, трудовой деятельности, самообразованию и самосовершенствованию.

Сегодня, для успешного обучения студентов, особенно по творческим специальностям и формирования их профессиональной компетентности, необходима такая организация образовательного процесса, которая способствует развитию творческого начала и собственной эстетической позиции личности. Активную форму творческой деятельности многие учёные связывают с её успешностью. Считается, что одним из мощных рычагов учебно-творческой деятельности является создание условий, обеспечивающих успех в учебной работе, ощущение радости на пути к продвижению от незнания к знанию, от неумения к умению, осознания смысла своих усилий.

Творческая компетентность – это всего лишь условие проявления креативной способности. К таким же условиям относятся наличие общих интеллектуальных и специальных способностей, превышающих средний уровень, а также увлеченность выполняемой задачей. Творчество реализуется в интеллектуальной и духовной деятельности человека. Интеллект дает «новое слово», т. е. организованную по-новому информацию. Духовная деятельность есть «генерация мыслей». Поэтому необходимо на всех этапах становления личности стимулировать и организовывать интеллектуальную и духовную деятельность. Узкая специализация подавляет стимулы к творчеству. Необходимо универсальное образование, но не исключающее специального мастерства.

При этом, главное — не только развитие способностей личности, а создание мотивации на творчество и овладение технологией творческого труда. Основным способом развития творческой личности является самосовершенствование. Роль внешней среды сводится к убеждению личности в естественности процесса творчества и обучения ему, в снабжении личности технологиями творческой работы.

При формировании творческого потенциала важным является организация общения и взаимоотношений с ними, помощь студентам в развитии способностей действовать целесообразно, мыслить рационально и эффективно проявлять себя в окружающей среде, развивать качества инициативности, самостоятельности, открытости, искренности, высокой степени ответственности за качество выполняемых видов работ в соответствии с квалификационными требованиями, рационализаторской деятельности. Развитие творческой личности в целом подразумевает как развитие творческой компетентности, так и развитие других характеристик и способностей личности: интеллект, воображение, креативность.

Согласно мнению А. Маслоу, креативность — это творческая направленность, врожденно свойственная всем, но теряемая большинством под воздействием окружающей среды. Следовательно, при правильном, продуманном создании благоприятной среды формируется креативность, которую можно применять, развивать. [1, с. 298].

Способы развития творческих компетенций является:

1. Атмосфера: доверие, доброжелательность, настрой.
2. Погружение в тему.
3. Творческая подача материала.
4. Нестандартные задания, нацеленные раскрыть творческий потенциал:

рационализаторство, успешность, креативность, эффективность, сотрудничество, увлечённость, инициативность, самостоятельность, удивление и радость от того, что получилось.

5. Методы самореализации.

6. Создание ситуации успеха.

Профессиональные качества студента напрямую связано с творческой деятельностью. Творческую деятельность обучаемого оказывает успех его деятельности, характер отношений между действующим субъектом и оценивающим его окружением, а так же доброжелательная обстановка в ходе проведения учебно-творческого процесса. Для повышения творческой активности студентов в процессе обучения, необходимо систематически осуществлять обращение студента к собственным эмоциональным переживаниям, целенаправленно трансформировать интеллектуальную проблему в проблему эмоциональную.

В условиях современного пространства востребованными направлениями профессиональной деятельности выпускников становится музыкальное просветительство. В связи с этим методика фортепианных занятий со студентами должна обеспечивать не только формирование исполнительских навыков, но и развитие творческих умений словесной интерпретации музыки, выработку увлекательной, яркой, профессионально грамотной речи, помогающей публике по достоинству оценить услышанную программу. Таким образом, фортепианная исполнительская культура, соединяя в себе комплекс умений и навыков творческого порядка и интегративное личностное качество, крайне необходима как для успешного развития студентов-музыкантов в процессе обучения в вузе, так и в их дальнейшей профессиональной реализации. Основной целью фортепианных занятий является развитие исполнительской культуры у студентов как важнейшего личностного качества музыканта. Все сферы музыкальной деятельности предполагают «вхождение в культуру», обретение студентами опыта взаимосвязи познавательной, ценностно-ориентационной и творческой деятельности в иллюзорно-художественном (композитор) и реальном общении (педагог) в процессе становления личностной музыкальной культуры, а также профессиональной готовности к формированию основ музыкальной культуры у учащихся [2, с. 660–675].

Фортепианное обучение позитивно влияет на развитие профессиональных качеств студентов. Вклад занятий фортепиано в процессе совершенствования всего комплекса профессионально значимых умений, необходимых для будущей педагогической и просветительской деятельности. Обучение игре на фортепиано является обязательным для студентов всех специальностей музыкального образования. Владение фортепиано помогает им обрести двигательную свободу в процессе игры на своем инструменте, так как приемы освобождения пианистического аппарата способствуют снятию зажимов, налаживанию слухо-двигательных связей. В классе фортепиано воспитываются важные профессиональные качества, необходимые музыканту любой специальности.

Среди них: освоение приемов звукоизвлечения, воспитание интонационной культуры, развитие навыков слухового контроля, оценочных действий, накопление сценического опыта и преодоление эстрадного волнения, особенности компетентного подхода в процессе обучения игре на фортепиано. Разнообразный репертуар, который изучается на занятиях фортепиано, включает в себя как познавательный, так и ценностно-ориентированный подход в обучении и воспитании музыканта. Знакомство с произведениями разных эпох, стилей и жанров расширяет профессиональный кругозор обучающихся, повышает их музыкальную эрудицию, прививает хороший вкус. Поиск различных вариантов исполнительской и словесной интерпретации, интонационно-осмысленного и выразительного воплощения музыкальных образов способствует развитию творческого мышления студентов. Кроме того, занятия фортепиано вносят свой «вклад» в развитие профессиональной культуры студентов, благодаря специфическим особенностям этого инструмента. Фактура фортепианных произведений более сложная и насыщенная по

сравнению с однострочными вокальными и инструментальными партиями, что требует воспитания навыков внимательного, детального изучения нотного материала, развития культуры «общения» с авторским текстом.

Как уже было отмечено, на занятиях фортепиано не только осваиваются приемы и способы работы над музыкальным произведением, необходимые в исполнительской деятельности, но и выявляются основные методические и педагогические аспекты, формируются представления об эпохе, стиле, жанре произведения, определяется его «общекультурный контекст», подбираются аналогии из других видов искусства, расширяется художественный кругозор студента.

Работа должна вестись индивидуально: в одних случаях необходимо повышать уровень притязаний, в других – восстанавливать снизившуюся самооценку. Таким образом, бережное отношение к личности студента и стратегия индивидуальной работы даёт возможность педагогу вселить веру студентов в свои возможности и создать условия для активной творческой деятельности [3, с. 19-25]. Считается, что способности человека, от которых зависит успешность приобретения знаний, умений и навыков, влияют на его достижения.

Сегодня основная задача педагога в ходе его деятельности заключается в создании благоприятных условий для развития способностей студентов, поддержании заинтересованности студентов в овладении знаниями и умениями в процессе обучения, организации деятельности для закрепления ими полученных знаний. Эта задача педагога находится в прямой зависимости от конкретных приёмов (методики) формирования соответствующих знаний и умений. Таким образом, в ходе изучения вопроса творческой активности личности в процессе формирования её профессиональной компетентности, было исследовано и проанализировано литературные источники. Многие авторы определяют творчество как высшую форму деятельности человека, требующую длительной подготовки, эрудиции и интеллектуальных способностей.

Творчество – целеустремлённый, упорный, напряжённый труд, лежащий в основе человеческой жизни, источник всех материальных и духовных благ. Ценным является не только сам процесс творческой работы, но и процесс подготовки к творчеству, выявление форм, методов и средств развития творчества. Этот процесс требует мыслительной активности, интеллектуальных способностей и высокой работоспособности. Для достижения высокого уровня творчества в процессе деятельности, необходимо наличие собственного профессионального интереса, устойчивого положительного эмоционального отношения к деятельности. С позиции музыкальной педагогики структура и содержание музыкальной компетентности педагога определяется спецификой его профессиональной деятельности.

Для занятий музыкальной деятельностью любому человеку, тем более будущему педагогу, необходимо иметь чувство ритма, музыкальный слух, «музыкально-слуховые представления» [4, с. 328]. Личностно-творческий компонент музыкально-творческой компетентности состоит из профессионального самосознания, самопознания и самооценки, музыкально-творческого мышления, саморегуляции, саморефлексии, самореализации и самоутверждения [5, с. 392].

Преподавание музыкальных дисциплин в вузе требует, помимо слушания симфонической и оперной музыки в записи, исполнения на фортепиано отдельных фрагментов, разделов и тем изучаемых произведений. От того, как прозвучит этот музыкальный материал на фортепиано в исполнении преподавателя, во многом зависит успешность освоения в музыкальном обучении дисциплин.

Владение образной речью, словесной культурой также необходимо преподавателю-теоретику для подачи материала с учетом возраста, возможностей развития речи, мышления, воображения обучаемых разного возраста – детей, подростков, взрослых, студентов. Поэтому на занятиях фортепиано наряду с игрой на инструменте важен осмысленный подход к содержанию изучаемого произведения, разделов формы, характера тем и интонаций как с целью его выразительного исполнения.

Анализ литературы и педагогический опыт показали, что эффективной технологией формирования исполнительской компетентности студента является задачная технология, позволяющая в полной мере задать предметное содержание предстоящей деятельности через систему профессионально ориентированных задач и проблем с поддерживающими их алгоритмами выполнения конкретных действий. Методика реализации строится на принципах проблемности, целостного представления произведения, межпредметной интеграции, самостоятельной деятельности и творчества.

Диалогизация процесса формирования музыкально-творческой компетентности предполагает использование диалогического типа взаимодействия и работу студентов в режиме совместной продуктивной деятельности, а также является эффективным условием актуализации эмоциональных переживаний студентов, когда предъявленная в тексте музыкального произведения интеллектуальная задача (понять, осмыслить замысел композитора) должна быть трансформирована в эмоциональную задачу.

Таким образом, творческая компетентность студента обеспечивает успешную реализацию стимулирующей, коммуникативной, информационной, ориентационной, трансляционной и регулятивной функций и в целом, качество педагогической деятельности учителя музыки.

Одним из основных средств формирования и развития творческой деятельности будущих педагогов являются творческие работы, которые способствуют повышению эффективности обучения, следовательно, качество развития студентов напрямую зависит от его построения. Ведь современное образование носит личностно-ориентированный характер – это значит, что результат образования есть не только сумма усвоенных знаний, умений, навыков, а развитая личность в целом. Современное содержание образования ориентировано на формирование у студентов совокупности компетенций как результатов образования. Владение ключевыми концепциями на достаточно высоком уровне невозможно без развития творческой деятельности. Необходимость творческого развития студентов обуславливается целевыми установками современной общеобразовательной и профессиональной школы.

Основная цель и главный смысл образовательной деятельности вуза – развитие личности, создание условий для творческого ее саморазвития, раскрытие всех дарований, самореализации в педагогической деятельности.

Литература:

1. Маслоу А. «Мотивация и личность» 2002г -298с
2. Каган М. С. Образование, воспитание, культура // Избр. тр. в VII т. Труды по проблемам теории культуры. Т. III. – СПб: ИД «Петрополис», 2007. – С. 660–675.
3. Вербицкий А. Гуманизация, компетентность, контекст – поиски оснований интеграции. // Вестник высшей школы. – 2006. – № 5. – С. 19-25.
4. 4. Теплов Б.М. Избранные труды: В 2-х т. – Т.1. – М.: 1985. – 328 с.
5. 5. Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. – Томск: Изд-во – М.: Барс, 1997. – 392 с.

ӘОЖ: 37.013"20"

XXI ҒАСЫР ПЕДАГОГЫНА ҚАЗЕТ ДАҒДЫЛАР

Аймуханова Г.М. п.ғ.м., Калиева Ш.Б.

Астана қаласы әкімдігінің "№89 мектеп-лицей" ШЖҚ МКК., Астана қ

Аңдатпа

Зерттеуде ХХІ ғасырда заманауи педагогқа қажетті дағдылар сарапталып, көрсетілді. Интернет пен техниканың қажеттілігі, шет тілін меңгеру міндеттілігі, ұстаздық етуге қатысты жүрек қалауының болу міндеттілігі көрсетілді.

Тірек сөздер:

ХХІ ғасыр педагогы, мұғалім, қажетті дағды, оқыту әдістемесі, жаңашылдық, саналы-бейсаналы психология, слайд жасау амалдары

Аннотация

В исследовании были проанализированы и продемонстрированы навыки, необходимые современному педагогу в ХХІ веке. Продемонстрирована потребность в интернете и технике, обязательность владения иностранным языком, обязательность наличия сердечных желаний по отношению к преподаванию.

Ключевые слова:

Педагог ХХІ века, учитель, необходимые навыки, методика обучения, новизна, сознательная-бессознательная психология, приемы создания слайдов

Annotation

The study analyzed and demonstrated the skills necessary for a modern teacher in the ХХІ century. The need for the Internet and technology, the obligation to speak a foreign language, the obligation to have heartfelt desires in relation to teaching are demonstrated.

Key words:

Teacher of the ХХІ century, teacher, necessary skills, teaching methods, novelty, conscious-unconscious psychology, slide creation techniques

Білім беруге ұлт пен мемлекеттің болашағы тәуелді екені жасырын емес. Осы әрекет түрінде педагог маман негізгі рөл атқаратыны да айқын. Алайда ХХІ ғасыр заман ағынына ілесу кез келген адам үшін белгілі бір деңгейде ауыртпалық тудыратын заман екенін ескерсек, қазіргі педагог маман қандай болуы керек деген мәселені шешуіміз аса қажет.

Жалпы осы бағыттағы зерттеулердің негізін М.Вебер, Э.Дюркгейм, К.Мангейм, Л.Толстой, К.Ушинский, Т.Парсон, П.Сорокина, т.б. еңбектерінен табуымызға болады. Дегенмен, олар өмір сүрген дәуірде «зымырандай» дамыған техника болды деп айта алмаймыз. Ал ХХІ ғасыр бұл – уақыт пен жылдамдық ғасыры деп атауға тұрарлық. Технологиялардың соншалықты тез қарқынмен дамуы, интернет көздерінің күнделікті алуантүрлі өзгерістерді ұсынуы, ақпараттың сан қилы бағыттары мен қырларының ашылуы адамның өз өмірін ерікті-еріксіз болсын, 24/7 деңгейінде телефон, ноутбук, жаңа гаджеттермен бірге өткізуіне себеп болуда. Өйткені бұл – заман талабы, заман ағыны, ал осы дәуірге сай қатарласа отырып, ілесе өмір сүру үшін әр адамның сұраныс пен талаптарға сай болуына тура келеді. Жасыратыны жоқ, алдыңғы буын ұрпақ өзгерістерге «шорқақтау» қарайды. Бірақ ХХІ ғасырда дүниеге келген қазіргі ұрпақ өзгерістерді бар қызығушылығымен қабылдап, оны өмірде кеңінен қолдануда. Тіпті техникасыз, интернетсіз өмірін елестетуі аса қиынға соғады. Сонымен қатар, осы ғасыр індеті деп аталып жүрген «Covid»-тің арқасында қашықтан оқыту үдерістерін жаппай әлем педагогтары толық меңгеріп алды. Онлайн сауал тастау, жазылымды тексеру, тест тапсырмаларын құрып, тестілеуден өткізу, онлайн форматта бағалау, видео түсіру, оны интернет көздеріне жүктеу, т.б. әрекеттердің барлығын әр педагог бір адамдай-ақ меңгергені айқын. Теориялық тұрғыдан мұның бәрін педагогтар білетіні жасырын емес. Дегенмен, ХХІ ғасырдың алғашқы ширегіндегі жасөспірімдер нені білгісі келеді, олардың психологиялық көңіл-күйдері мен ақпаратты қабылдау деңгейлері қаншалықты дамыған, эмоционалды интеллектісін басқара алады ма, алған білімін өмірде қолдана біледі ме – осы тұрғыдан алғанда сауалдар мен түйіткілді мәселелер көп, шешімі де күрмеулі күйде қалып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, ең алдымен, әрине, заман талабына сай әр педагог техника мен интернетпен «дос» болуы керек. Бірақ біздіңше, қарапайым техниканы біле салу аздық етеді. Себебі, технологияны білу бір бөлек те, оны ретімен, жөнімен пайдалану білу бір бөлек. Заман өзгеріске түсіп жатса, адам санасы да өзгешеленіп, басқа сұраныстарды туындатып жатса, онда оқыту әдістері бір орында тұрып қалуы мүмкін емес. Демек, технологияларды пайдалану әдістері форматының өзгергені жөн. Мәселен, қазіргі жастар комикстерді қарап, оқып, өздері де суреттерін салып, өздерінің жан қалауларын табуда. Осы форматта білім алушыны қызықтыру үшін, әсіресе, тіл оқыту, география, тарих сабақтарында makebeliefscomix.com сайты көмектесе алады деп ойлаймыз. Бұл сайтқа педагогтар теориялық ақпаратқа қатысты тапсырманы бере отырып, оқушының қызығушылығын тудыра алады. Мұндай тапсырма түрлерін беру сайттары интернет көздерінде толып жатыр. Бір ғана кемшілігі – көп сайттарда қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда мұғалім төл дыбыстардың жазылуы мен акустикалық тұрғыда дұрыс айтылмауымен кездесуі мүмкін. Демек, сайттарға кіріп қана қоймай, бағдарламашы мамандарға қазақ тілді сайттарды ашу, бағдарлама құрауды ұсыну – ең бірінші міндеттердің бірі. Бұл ҚР-дағы мемлекеттік тіл мәселесін нығайтуға да септігін тигізеді. Алдындағы сайттан басқа Wordwall, Quizziz, Learningapps, Vaamboozle сайттарында да әдістер мен оларды пайдалану түрлеріне байланысты ақпараттар көп. Сонымен интернет технологияны білу аздық етеді, оны ретті пайдалануды игеру керек. Бұл екінші мәселені туындатады, ол – қазақ тіліндегі сайтты, ойын не бағдарлама құру, әдісті пайдалану сайттарының «дефициті» және екінші мәселе қазақ тілді мамандардың ағылшын тілін жетік меңгермеуі. Соңғы мәселені шешу – әр педагогтың өз құзыретінде деп ойлаймыз. Ағылшын тілін меңгерген маманға интернет көздерімен «дос» болу оңайға түседі, демек, ағылшын тілін жетілдіру керек.

Педагогтарды эмоционалды күйзелісті шешу тәсілдеріне үйретудің маңыздылығын Е.И.Рогов атап өткен. Автор педагогтардың эмоционалды саласын тұрақтандыру бойынша жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыттарын ұсынды: жұмыс күнінің соңында шиеленіскен жұмыстан кейін қызметкерлерді психологиялық босансыту; жұмыс күнінің басында психологиялық дайындық; педагогтармен аутогендік жаттығулар және босансу (релаксация) арқылы психопрофилактикалық жұмыс жүргізу. Сонымен қатар И.Е.Рогов педагог өзінің психикалық жағдайын реттей алуы үшін нейролингвистикалық бағдарлау әдісін пайдалану мүмкіндігін атап өткен [1].

В.Г.Маралов педагогтардың эмоционалды жағдайын тұрақтандыру үшін психофизикалық бағдарлауды қолдануды ұсынады, онда алдын ала ұнтаспаға жазылған әуенмен қатар мәтіндерді пайдалану арқылы өзін өзі сендіру сеанстары жүзеге асады. Психофизикалық жаттығулар шеттен тыс эмоционалды қобалжудан арылуға мүмкіндік береді және психикалық қуатты жаңарту, ағза төзімділігін қалпына келтіру және нерв жүйесін реттеу мақсатында енжар-белсенді демалыс түрлерін құрайды. Сонымен қатар, автор Ю.М.Орлов бойынша педагогтарды саногенді ойлауға оқытуды ұсынады.

Е.П. Ермолаева педагогтардың психоэмоционалды күйзелісті жеңу тәсілі ретінде педагогтың ішкі әлемін тұрақтандыруға бағытталған ойын және жаттығулар жүйесін, психологиялық тренинг өткізуді ұсынады. Оған босансыту ойындары, бейімделгіш ойындар, формула-ойындар, босату-ойындар, қарым-қатынас ойындары жатады. Бұл ойындар шиеленісті шешуге, шаршаудан босансуға, тұрақтылық жағдайына еруге, өзіне-өзі сенімді болуға мүмкіндік береді. Бұл ойындар педагогикалық іс-әрекетке бейімделу кезеңін жеңілдетеді, ерік-жігер үрдістерін және өзін-өзі бақылауын дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар, кикілжің жағдай болған кезде конструктивті дағдыларды қалыптастырады. Аталған ойындар педагогтардың децентрацияға және жалпы тұлғаралық қарым-қатынастарға қабілеттерін және қасиеттерін дамытады [2].

Н.В.Клюева педагогтардың эмоционалды жағдайын тұрақтандыру үшін қалыптастыруға бағытталған технологияларды ұсынады: әкімшілік және әріптестерімен сенімді қарым-қатынас қалыптастыра білу; өзінің кәсіпкерлігіне сенімді болу және басқаларға өз іс-әрекетінің дұрыстығын дәлелдей алу; тұлғалық және кәсіби өзара қатынастық жағдаяттар барысындағы сынды ой елегінен өткізіп дұрыс қабылдау.

Педагогтарға олардың эмоционалды жағдайын және психикалық денсаулығын қолдау бойынша психологиялық көмек көрсету бағдарламасы Е.В. Куприянчуктың нұсқаулығында

ашылып жазылған. Нұсқаулықтағы педагогтармен жұмыс жасаудың негізгі бағыттары келесідей: жеке басы жағдайындағы жағымсыз жағдайды түзету, эмоционалдық шиеленісті бәсеңдету, жағымсыз эмоционалдық жағдайдың пайда болуының алдын алу. Бағдарлама мазмұнына, педагогтардың жағымсыз уайымдарын бәсеңдету және оларды жағымды эмоционалды жағдайға алмастыру кіреді. Педагогтарды эмоционалды күйзеліс салдарының алдын алу үшін эмоционалды жағдайын өздігімен реттеу және басқару техникаларымен таныстыру, сонымен қатар педагогтарда эмоционалды жағдайын реттеу және басқару қажеттіліктерін қалыптастыру. Бағдарлама бес кезеңнен тұрады: диагностикалы, анықтаушы, ақпараттық, тәжірибелік, қорытынды. Авторлар психикалық жағдайды өздігімен реттеу және басқарудың келесі негізгі әдіс-тәсілдерін пайдалануды ұсынады: босаңсыту (релаксация), концентрация, елестету, өзін-өзі сендіру, аутотренинг, тыныс алу жаттығулары, музыка.

Эмоционалды күйзелісті бәсеңсіту жұмыстарының жалпы бағыттарына психологиялық профилактика, психологиялық түзету және психологиялық кеңесті жатқызуға болады.

Осылайша, Л.М.Митина құрастырған тұжырымдамасында педагогтың кәсіби дамуы үрдісінің өзі тұлғаның ішкі белсенділігін анықтайтын динамикалық және үздіксіз ретінде қарастырылады. Заманауи білім берудегі педагогтың психологиялық денсаулығын стратегиялық мәселе ретінде мойындай отырып, өзін-өзі реттеу механизмдерінің бұзылыстары, тұлғаның ішкі әлем өзгерістері педагогтың көптеген соматикалық және психосоматикалық аурулардың себебі болу мүмкіндігін айтты. Автор педагогтың кәсіби дамыту деңгейін жоғарылататын түзете-білім беру бағдарламаларын құрастырды, бағдарламаға шығармашылық мүмкіндіктерді және педагогикалық бағытты түзету мен дамыту, гуманистік бағытты дамыту, сонымен қатар педагогтың эмоционалды және мінез-құлық илгіштігін түзету және дамыту кіреді. Л.М.Митина, сонымен қатар, педагогтың кәсіби қалыптасуы екі модуль арқылы жүзеге асатынын айтты: бейімделгіш мінез-құлық модуль және кәсіби даму моделі, соңғы модуль педагогикалық іс-әрекет көзқарасы тұрғысынан өнімділігі жағынан тиімді болып келеді[3].

В.Г.Маралов эмоционалды күйзелісті жеңу мәселесін педагогтардың өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тануға психологиялық қолдау көрсету шеңберінде қарастырады. Автордың айтуынша, педагогикалық іс-әрекет бай, жан-жақты және эмоционалды қанық болса педагогты өзін кәсіби маман ретінде терең зерттеуге, тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерінің бар немесе жоғын саналы мойындап қана қоймай, сонымен қатар белгілі бір өзіне деген қарым-қатынасты қалыптастыруға, өз еңбегіне қанағаттану сезімін сезінуге немесе қанағаттанбауға, идеал бейнеге өзіндік «Мен» бейнесінің, өз бейнесінің педагог бейнесіне сай келмеуіне эмоционалды уайымдауға мәжбүрлейді. Осындай үрдістер нәтижесінде кәсіби өзін-өзі тануарқылы өзін-өзі реттеу қызметі жүзеге асады. Шынайы кәсіби жетістіктері және «Мен кәсіби маман» идеалы арасындағы айырмашылық эмоционалды күйзелістің пайда болу себептері болуы мүмкін. В.Г. Маралов өзін-өзі дамыту және тануды қолдаудың тиімді тәсілдерін атайды: теориялық семинарлар, тәжірибелік-семинарлар, ғылыми-тәжірибелік семинарлар, жеке кеңестер, өзін дамытудың жеке бағдарламасын құрауда қолдау көрсету, арнайы әлеуметтік-психологиялық тренингтер және іскерлік ойындар. Барлық аталған формалар эмоционалды күйзелісті шешу және өзін-өзі реттеу тәсілдерімен таныстыруды болжайды [4].

Әдебиеттерді талдау нәтижелері көрсеткендей қызметтегі педагогтарға қарағанда ғалымдар үшін студенттердегі эмоционалды күйзеліс жағдайын жеңу мәселелерін шешу, олардың жеке тұлғалық мәселелерін шешуде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, эмоционалды жайсыздықтың алдын алу нысаны ретінде зерттеуге алмайтындығы анықталды. Аталмыш мәселенің жеке аспектілері Г.С.Абрамова, В.И.Борисова, О.Г.Ковалева, Т.Д.Корчагина, С.А.Лузгина, Е.М.Семенова, А.И.Ушатикова сынды ғалымдардың еңбектерінде қамтылған. Авторлар студенттерді эмоционалды күйзелісті жеңуге және төмендетуге көмектесетін арнайы тәсілдерге, техникалар мен әдістерге үйретуді ұсынады.

Кейбір зерттеулерде дефектолог студенттер үшін эмоционалды күйзелісті жеңудің тәсілі ретінде өмірлік міндеттерді шешуді, ал әдіс ретінде – әдеби және музыкалық шығармашылықты ұсынады. Сонымен қатар студенттерге күнделік жүргізу және оны талдау ұсынылады. Күнделік жазбаларынан бірінші курс студенттерін жоғарғы оқу орнында оқудың сыртқы жағы көбірек қызықтыратынын көруге болады: бақылау, экзамен, сабаққа дайындықпен байланысты уайымдау. Екінші курс студенттерін білім беру сапасы, өтілетін пәндер, оқытушылар мәселесі қызықтырады. Жоғарғы курс студенттерінің жазбаларында білім беру сапасы және мазмұны туралы жазбалары азаяды, жалпы білім және оның, оған деген маңыздылығы туралы талдаулары басым түседі. Күнделік жазбаларын талдау студенттер үшін эмоционалды уайымға әсер ету және өмірлік міндеттерді шешу тәсілдерін таңдауда көмегін тигізеді. Автор, сонымен қатар, келесідей проективті әдістерді пайдалануды ұсынады: «Үй-Ағаш-Адам», «Бақыт әлемін бейнелеу». Ұсынылған графикалық әдістер студенттерге жеке ішкі толғаныстарын түсінуге, пайда болаған эмоционалды мәселелерді сезінуге мүмкіндік береді.

В.Л.Марищука, Т.А.Немчина, С.А.Лузгин сынды ғалымдар студенттердегі эмоционалды күйзелісті жеңу және алдын алу мақсатында аутогенді тәсілдер мен дағдыларға оқыту маңыздылығын айтады. Аутогенді жаттығулар адамда өзгерістерді өздігімен тудыратын психологиялық және педагогикалық тәсілдер жүйесінен тұрады. Оның негізінде өзін сендіру формаларын қолдану арқылы жасанды түрде психикалық және бұлшық ет босаңсуын тудыру жатыр.

Болашақ дефектологтардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру кезінде психологиялық дайындықты жүргізу келесідей жағдаяттарға байланысты: болашақ кәсіби іс-әрекет ерекшелігіне негізделген, болашақ педагогтарды аутогенді жаттығуларға оқыту өзектілігі; студенттердің жалпы жағдайына және жұмыскерлігін жоғарлатуға аутогенді жаттығулар әсерінің тиімділігі; қалыпқа келтіруші, антикүйзеліс, жинақтаушы әсерге ие аутогенді жаттығулардың профилактикалық бағытталуы; аталған әдістің студенттік аудиторияға қолжетімділігі.

Оқу жылындағы аса шиелінскен кезең ол емтихан болып табылады. Т.Д.Корчагина емтихан тапсыру және оған дайындық кезеңдеріндегі босаңсу әдісін құрастырды. Автордың ойынша ұйықтар алдындағы кешкі және ұйқыдан тұрғаннан кейінгі таңғы уақыттарда жаттыққан дұрыс. Т.Д. Корчагина босаңсу (релаксация) алгоритімі ретінде мәтін ұсынады.

Е.М.Семенова педагогты дайындаудағы аса маңызды эмоционалды төзімділігін дамыту бойынша мәліметтерін еңгізді. Е.М.Семенованың кешенді жүйесі эмоционалды күйзелісті жеңу және алдын алуға бағытталған жаттығулар, ойын және тәжірибелік жаттығулардан тұрады[5].

Аталған әдістер мен тәсілдер эмоционалды күйзелісті төмендету және шешудің арнайы емес әлістеріне жатады. Арнайы емес тәсілдер эмоционалды жағдайды өз бетінше реттеу тәсілдері және әдістерін қолдану, эмоционалды күйзелісті жеңу және алдын алу арқылы сипатталады, яғни босаңсу тәсілдеріне үйрету, арнайы физикалық және тыныс алу жаттығулары, психосаматика, эмоционалды жағдайдың сыртқы көріністерін өз бетінше қадағалау, бұлшық ет тонусын босату, арттерапия элементтері.

Болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындықтың арнайы әдістеріне жатады: педагогикалық бағыттын, өзін маман ретінде тануын, психологиялық мәдениетін қалыптасуы.

Белсенді оқыту әдістерін оқыту үрдісінде қолдану болашақ маманға эмоционалды күйзеліс әсерінен арылуға мүмкіндік береді, эмоционалды күйзелістен шығуға мүмкіндігін арттырады, студенттерді кәсіби даярлаудағы жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл ғалымдар жоғарғы оқу орнында педагогикалық іс-әрекет барысында құндылықты мотивацияны қалыптастыру, білім беру эмоционалдығын жоғарлату, білім беру үрдісіне жағымды әсер ететін оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара түсінушілік және қызметтік қатынастарды орнықтыруға бағытталған білім беру үрдісін гуманизациялау қажеттілігін айтады. Жоғарыда айтылған авторлар заманауи білім беруде келесідей тенденцияларды ұсынады: «қайталап орындау мекебінен»«түсіну, ойлау мектебіне» көшу,

сонымен қатар қатаң қадағалау, уақытпен шектеу, білім беру және тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру тәсілдерін өзгертетін психолого-педагогикалық жағдай жасау. Әдістер ішінен бөліп қарастыратыны: рөлдік және іскерлік ойындар, сценарийлік әдістер, брейнсроминг, топтық талдаулар, педагогикалық жағдаяттарды топтық шешу, педагогикалық мәселелерді топтық талдау.

Білім берудегі белсенді әдістер, өзара топтық іс-әрекеттердің білім беру әсерін кеңінен пайдалануға бағытталумен сипатталады. Бұл әдістер білім беруге зерттеу элементтерін қосу арқылы білім алушының белсенділік принципін жүзеге асырады: егер дәстүрлі білім беру дайын білімді жеткізуге бағытталса, бұнда қатысушылар – яғни зертеушілер өздері келуі керек. Аталған әдістер модельдік білім беру нұсқасын болжайды. Бұл рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, сценарийлік әдіс, бейстроминг, топтық талқылау, білім беру ақпараттарымен жұмыс жасаудың рационалды тәсілдеріне үйрету.

Болжамдар бойынша білім берудегі белсенді әдістер теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану қашықтығын айтарлықтай қысқартады. Білім берудегі белсенді білім беру әдістері жағдайында келесідей маңызды кәсіби қасиеттері жетіледі: мәселелік және экстрималды педагогикалық жағдаяттарды тиімді шешуді жүзеге асыру және жедел пайдалану біліктілігі.

Белсенді оқыту әдістерінің артықшылығы, оның білім алушыны оқу үрдісіндегі нысанадан субъектіге қарай алып келуі. Бұндай жағдайдағы білім беру үрдісі білім алушылардың өзіндік жұмысын белсендендіру және білім беру тәрбиелеу үрдісінің қызметінің артуы арқылы сипатталады.

Білім беру үрдісі барысында эмоционалды күйзелісті төмендетуге оқытудың эмоционалдығы, сонымен қатар оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді. Білім берудегі жағымды эмоционалды фон қағидасы дәріс барысында шығармашылық жағдайын ұйымдастыру, ұжымдық одақтастық, ғылыми ізденіс және студенттерде ішкі күшін іске қосау, білім беру іс-әрекетінің нәтижесіне және үрдісіне деген тұлғалық қатынасын қалыптастыру арқылы көрініс алады.

Сонымен, эмоционалды күйзеліс мәселесі еңбек жолындағы педагогтарға да, жоғарғы оқу орнындағы студенттерге де өзекті болып отыр. Педагог еңбегінің жоғарғы эмоционалды шиеленіс мәселесі айтарлықтай ұзақ уақыт зерттеліп келе жатқанмен, ондағы көптеген аспектилер, соның ішінде психоэмоционалды күйзелісті жеңу әдістері мен жағдайы толықтай ашылмаған.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижелеріне негізделе отырып эмоционалды шиеленісті төмендетудің келесідей шарттарын ажыратуға болады: бұл студенттерді болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындықтың арнайы тәсілдеріне оқыту.

Арнайы тәсілдер, болашақ педагогтың тұлғалық қасиеттерін кәсіби дамытуға бағытталу барысында психоэмоционалды шиеленісті белсендендіретін іс-әрекеттегі қысымға бейімделу арқылы көрініс алады: педагогикалық бағытталу, кәсіптік өзін-өзі түсіну, психологиялық мәдениет, эмпатия, экспрессивті біліктіліктер, педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті, сонымен қатар болашақ мамандарды даярлау барысында білім берудің белсенді әдістерін пайдалану. Сонымен қатар білім беру эмоционалдылығын, педагогтар мен студенттер арасындағы өзара қатынастарды қалыптастыруды жатқызуға болады.

Арнайы емес тәсілдер эмоционалды жағдайды өздігімен реттеу әдіс-тәсілдерін қолдану, эмоционалды күйзелісті жеңу және алдын алу арқылы сипатталады. Бұл босансу (релаксация) тәсілдеріне, арнайы тыныс алу және физикалық жаттығуларға үйрету, сонымен қатар психогимнастикаға, эмоционалды жағдайдың сыртқы көріністерін өз бетінше реттей алу, бұлшық ет қысымын шешу, арттерапия элементтерін пайдалану.

Аталған тәсілдерді жүзеге асыру келесі екі бағытта жүреді: эмоционалды күйзелісті жеңу тәсілдеріне үйрету, өзін-өзі реттеу тәсілдері мен дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар жоғарғы оқу орнындағы білім беру үрдісін келесі бағыттар бойынша қайта қарастыру: гуманизация, білім берудегі эмоционалдықты жоғарлату.

Айта кететін мәселелердің бірі бұл студенттерге эмоционалды күйзелісті бәсеңдетудің жұмыс формалары толықтай ұсынылмағын.

Алайда біз жоғарыда келтірілген ғалымдардың нұсқаулықтарына сүйене отырып болашақ дефектолог студенттердің эмоционалды күйзеліс жағдайын өздігімен реттеу және жеңудің арнайы бағдарламасын құрастырып оны апробациялаудамыз.

Қазіргі таңда, теориялық және жеке эксперименталды зерттеу тәжірибесі негізінде эмоционалды күйзелісті бәсеңдетудің келесідей психолого-педагогикалық тәсілдерін ұсындық: студенттерде, жоғарғы эмоционалды шиеленіс салдарын анықтап, тіркеу біліктіліктерін қалыптастыру; эмоционалды жағдайды реттеудің алдамшы әдістерін ажыратып керісінше өнімді әдістерін пайдалана алу біліктіліктерін арттыру; өзіне жауапкершілікті алу, жағдайды позитивті бағалау дағдыларын қалыптастыру. Болашақ дефектолог студенттерінде эмоционалды күйзеліссті бәсеңдетуге бағытталған арнайы дамыту жұмысын ұйымдастыру, психолого-педагогикалық тәжірибе арқылы жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абрамова Г.С. Психология только для студентов: Учебное пособие для вузов.- М.: ПЕР СЭ, 2001.- 271с.
2. Ключева Н.В. Психологическое обеспечение педагогической деятельности: Технологии работы психолога с педагогами. -Ярославль, 1998. - 92 с.
3. Митина Л.М. Психология развития конкурентноспособной личности. — М., Издательство Московского психолого-социального института, 2003. — 400 с.
4. Рогов Е.И. Учитель как объект психологического исследования. М., 1998. С. 335-344.
5. Семенова Е.М. Тренинг эмоциональной устойчивости педагога. Учебное пособие. — М.: Изд-во Института Психотерапии, 2002. — 224 с.

FEATURES OF THE IMPLEMENTATION OF AGILE AND SCRUM SYSTEMS IN GENERAL EDUCATION INSTITUTIONS

Makhatova A., Iminniyazova T.,

2nd year undergraduates

Kazakh University of International Relations and World Languages named after Ablai Khan
Almaty, Kazakhstan

E-mail: makhatovayazhan@gmail.com, tamilimini@gmail.com

Аннотация: Өмір бойы білім берудің заманауи парадигмасы аясында оқушылардың жаңа білімді өз бетінше ашуға бағытталған білім беру инновацияларын енгізу мәселесі барған сайын практикалық және теориялық сипатқа ие болуда. Бүгінгі таңда мұндай жаңалық-білім беру процесіне Agile әдіснамасын, атап айтқанда Scrum әдісін енгізу. Жұмыстың мақсаты-өнімді оқыту әдісі ретінде Scrum қолдану мүмкіндіктері мен шектеулерін қарастыру. Мақалада іске асыруды қиындататын мәселелер анықталады.

Тірек сөздер: өнімді оқыту, икемді әдістеме, Білім берудегі Agile, Scrum, білім берудегі жобаларды басқару, проблемалық-диалогтық білім.

Аннотация: В свете современной парадигмы образования на протяжении всей жизни проблема внедрения образовательных инноваций, направленных на самостоятельное открытие учащимися новых знаний, приобретает все более практический и теоретический характер. Таким новшеством сегодня является внедрение методологии Agile и, в частности, метода Scrum в образовательный процесс. Цель работы - рассмотреть возможности и ограничения использования Scrum как метода продуктивного обучения. В статье выявляются проблемы, затрудняющие реализацию метода.

Ключевые слова: продуктивное обучение, гибкая методология, Agile в образовании,

Abstract: In the light of the modern paradigm of education through life, the problem of introducing educational innovations aimed at the independent discovery of new knowledge by students is becoming increasingly practical and theoretical. Such an innovation today is the introduction of the Agile methodology and, in particular, the Scrum method into the educational process. The purpose of the work is to consider the possibilities and limitations of using Scrum as a method of productive learning. The article identifies issues that make it difficult to implement

Keywords: productive learning, Agile methodology, Agile in education, Scrum, project management in education, problem-dialogic education.

Currently, more and more attention is being paid to the formation of students' skills necessary for functioning in the conditions of the paradigm of continuing education. For their formation, educational innovations are necessary, the role of which for educational institutions increases due to the fact that in an open education system they function in very difficult competitive conditions [1]. There are more and more publications about the application of Agile and Scrum approaches in the field of education. Basically, these approaches are used in the field of training engineering personnel, as well as specialists in the field of software development and IT. So, in the article Ashish Sureka, Monika Gupta, Dipto Sarkar, Vidushi Chaudhary, a case study on teaching software engineering at the bachelor's level is considered in detail [2].

The article by Chandan R. Rupakheti, Mark Hays, Sriram Mohan, Stephen Chenoweth, Amanda Stouder [3] examines in detail the issues of training engineers in accordance with the requirements of stakeholders for the designed systems. There are practically no works devoted to the application of the practice of flexible methods in the training of specialists in humanitarian and economic fields.

Among the Russian authors investigating the effectiveness of the Scrum method in training, it is worth highlighting the works of Sergey Afonin [4], Pavel Rabinovich and Elena Matviuk [5], Elena Nikonova [6] and other author, however, for the most part we are talking about school education.

The use of Agile in the field of education is associated with a number of difficulties [2], however, this methodology seems to be one of the most effective in solving the problem of preparing students for lifelong learning, increasing their employment opportunities, creating conditions for the formation of "soft skills" that are in demand in modern conditions [2].

Let's consider what problems and difficulties stand in the way of the reformation of the school educational system today, far from being ready for changes and responding quickly to the conditions of an unpredictable environment and needing the introduction of edge.

First, many schools prioritize processes and tools rather than individual student needs. The school is an institution with a technocratic management style, when practically no attention is paid to the human factor, and the school administration acts in accordance with strictly defined rules. In this case, the Agile methodology would allow achieving goals through a human-oriented approach, improving the quality of organizational discipline.

Secondly, most of the people organizing the educational process focus on teaching methods, teaching aids and the final results of verification tests and control works. In turn, the achievement of the true purpose of teaching and the value of learning that was actually received by students are rarely evaluated and put up for discussion.

Thirdly, most of the cooperation within the institute of the school is ineffective due to numerous compromises at different levels, because often avoiding conflict is a key factor in making a decision. There is no real high-quality communication, and as a result, those ideas are introduced that are not accepted by the least number of people.

Fourthly, the school culture itself presupposes widespread planning and unpreparedness for change – the lack of desire to act prevents changes.[3]

Three main areas of application of Agile in education:

1. Agile in the development of educational products
2. Agile learning: the formation of an individual educational trajectory
3. Agile as a pedagogical technology

Each of these three directions can be implemented for students of any age: preschoolers 3-6 years old, schoolchildren, students, in corporate training and in continuous self-education.

There is still little public information about the use of Agile in this area, there is practically no information in Russian, so the goal of the AgileInEducation project is to consolidate existing experience and develop methods that make education at all levels more flexible and meet current needs.

Not only employees and leaders of large companies, but even the governments of Norway and New Zealand are now being trained in the Agile approach to management. Agile is implemented in the education management system at Cornell University and Northern Arizona University (not counting foreign and Russian universities, where the study of Agile as a project management methodology is included in the curriculum).

The pioneers of the agile approach in school education were Dutch teachers from the city of Alphen aan den Rhein. Thanks to the support of the business community in the Netherlands, there is now a special eduScrum foundation that informs teachers and schools about this methodology. Jeff Sutherland wrote about this experience in the book "SCRUM. A revolutionary method of project management", and now such advanced schools are beginning to appear in other countries.

The Agile Manifesto was formulated for Agile schools:

- People and interaction are more important than processes and tools
- Meaningful learning is more important than measuring learning
- Cooperation with stakeholders is more important than complex negotiations
- Willingness to change is more important than following the original plan

That is, without denying the importance of what is on the right, we still value what is on the left more. And also 12 Agile principles have been adapted for schools:

1. Our highest priority is to meet the needs of children and their families by creating opportunities for continuous meaningful learning.

2. Changing the requirements is welcome even at the later stages of the educational process. Both children and their families need changes.

3. Meaningful learning cycles should be repeated as often as possible and last from a couple of weeks to a couple of months, with preference given to shorter intervals.

4. The school and the student's family members should work together daily to make meaningful learning possible for all participants in the process.

5. Motivated professionals should work on the educational project. To get the job done, create the conditions, provide support and fully trust them.

6. Direct communication is the most practical and effective way to exchange information both with the team itself and within the team.

7. Meaningful learning is the main indicator of progress.

8. The learning process is structured in such a way as to remain stable. Teachers, students and their families should be able to constantly maintain the rhythm of learning.

9. Constant attention to technical excellence and design quality increases the flexibility of the educational project.

10. Simplicity — the art of minimizing unnecessary work — is extremely necessary.

11. The best ideas and initiatives are born from self-organizing teams.

12. The team should systematically analyze possible ways to improve efficiency and adjust their behavior accordingly.

The term "productive learning" [6] (productive learning) was introduced into scientific circulation by German scientists and educators Ingrid Boehm and Jensen Schneider [e5] in 1991. According to experts in the field of secondary vocational education, "productive learning"[6] reflects the fundamental idea of an active and independent educational activity of a student, combined with his real work. As indicated in the work of N.A. Kutorgo. "Pedagogical potential and

opportunities for productive college education": "... The idea of productivity is to give students the opportunity to learn in the process of real production from masters (professionals), together with them to perform a specific project (work), returning to the school building ("training workshop") for a group discussion of learning and practice problems, consultations with a tutor and preparation of project reports".[6]

However, in general education, the term "productivity" is used primarily in the combinations "productivity of thinking", "productivity of intelligence", what is presented in the works of, for example, Vygotsky L.S. [2], Reznik N.A. [4], Kholodnaya M.A. [4]. Productive learning assumes that in the process of individual or group educational activities, students should create an educational product – ideas, schemes, models, texts, drawings, intelligence maps, new ways of activity, etc.

As we have already stated in the article "Between school and business: what can higher education adopt?" [1], within the framework of the developing Educational system "School-2100", the technology of discovering new knowledge is used to implement productive learning, consisting of the following stages:

1. Familiarization with the problem situation and access to the problem of the lesson.
2. Updating and planning – what do we already know about this problem and what else do we need to know?
3. Thinking over the search for a solution to the problem, studying the necessary material.
4. Formulation of the problem solution and application of new knowledge [20].

As we can see, this technology is relevant to the eduScrum learning process. So, as a result of the first and second stages, the backlog is organically formed, the third stage meaningfully reflects the sprint, and the fourth is the product as a result of the work. The sprint in this case becomes an occupation. Its duration with modular training can be 4-8 hours – quite enough time for effective teamwork to obtain a clear educational result. It is obvious that productive learning requires special educational and methodological support. In any case, it is quite logical that its effectiveness is much higher if the presentation of the material corresponds to the technology of discovering new knowledge.

REFERENCES:

1. The Agile Classroom: Embracing an Agile Mindset In Education? [Electronic resource] // URL: <https://medium.com/laboratoria/the-agile-classroom-embracing-an-agile-mindset-in-education-ae0f19e801f3>.
2. Agile Schools: How Technology Saves Education (Just Not the Way We Thought it Would) [Electronic resource] // URL: <https://www.infoq.com/articles/agile-schools-education>.
3. Agile Based Learning: What Is It and How Can It Change Education? [Electronic resource] // URL: <https://www.opencolleges.edu.au/informed/features/agile-based-learning-what-is-it-and-how-can-it-changeeducation/>.
4. Rabinovich P.D., Matviyuk E.C. Agile at school: from lessons to real projects. [Video Recording]. 2017. URL: <http://agileineducation.ru/agile-days-agile-v-moskovskix-shkolax/>.
5. Nikonova E.Z. Methodologies for managing software projects in the training of IT specialists [Electronic resource] // Modern studies of social problems. 2018. VOL. 9. No. 2-2. pp.167-173. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metodologii-upravleniya-programmnymi-proektami-v-podgotovke-it-spetsialistov>.
6. Tronin V.G. The possibilities of using flexible project management methodologies when studying at a university in technical specialties [Electronic resource] // Bulletin of UISTU. 2016. No. 3 (75). pp.4-6. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vozmozhno-sti-primeneniya-gibkih-metodologiy-upravleniya-proektami-pri-obuchenii-v-vuze-po-tehnicheskim-spetsialnostyam>.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА АТА-АНАЛАРМЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Туребаева Клара Жаманбаевна
Абитова Аруакку Султановна
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қаласы
aruakku@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада жасөспірімнің кәсіби бағдарына әсерететін факторлар, оның ішінде, ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың әсері қарастырылады. Кәсіптандау – адамөміріндегі аса маңызды шешімдердің бірі. Мақалада осы шешімге ата-ананың қалай әсерететіні сөз болады.

Кілтсөздер: ата-ана, бала, жасөспірім, психология, кәсіп.

Белгілі бір кәсіпке деген құлшыныс пен икем, кәсіби тұрғыда даму – адам өмірінің бала кезінен бастауалатын аса маңызды үдеріс. Жалпы жасөспірімнің өз қызығушылықтары нанықтап, қандай да бір кәсіптің етегінен ұстап кетуі көп сатылы кезеңнен тұрады. Олардың таңдау жасауына бірсыпыра ішкі, сыртқы факторлар ықпал етеді. Орыс психологы, психология ғылымдарының докторы Ирина Дубровина жасөспірімдердің кәсіптандауына әсер ететін төр факторды атап көрсетеді.

1. Әлеуметтік-экономикалық сипаттағы факторлар. Айналасын көз салған бала қоғамның белгілі бір қызмет иесіне деген көзқарасын барлайды, кәсіп иелерінің беделі, моральды, материалды ынталандыру, қандай да бір кәсіптің қоғам алдындағы маңызы секілді жайларға мән береді, солар қылытандау жасайды;

2. Психологиялық факторлар. Баланың жеке қызығушылығы, қабілеттері мен ой-сана деңгейі, зейіні де кәсіп таңдауына айтарлықтай әсер етеді.

3. Жасөспірімнің жеке психофизиологиялық сипаттамасы, яғни жүйке жүйесінің қасиеттері.

4. Әлеуметтік-психологиялық факторлар. Бұл – баланың өсіп-жетілген жері, өзін қоршаған орта, достары мен жақындары. Осы арқылы баланың тұлға ретіндегі жеке көзқарастары, таптаурындары қалыптасатындықтан, осы фактор ерекше маңызды саналады [1].

Аталған ішкі және сыртқы факторлардың ішінде жасөспірімнің кәсіби бағытын анықтауы кезінде отбасы мен ата-ананың ықпалы зор. Қарапайым отбасы құрылымы, отбасындағы әр адамның атқаратын рөлі, отбасы мүшелері арасындағы екі жақты қарым-қатынас секілді факторлар енді жетіліп келе жатқан жасөскіннің мамандық таңдап, өз болашағы үшін шешім қабылдауына айтарлықтай әсер етеді. «Кез-келген ата-ана перзентінің бақыты мен жетістікке жеткенін, өз алдына бөлек тұлға ретінде қалыптасқанын көргісі келеді. Баланың бақыты мен табысы үшін болашақта айналысатын кәсібі орасан зор рөле атқаратындықтан, ата-аналар баласына кәсіби бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетуге тырысады. Осы тақырып аясында жүргізілген зерттеулер нәтижесіне сүйенер болсақ, ата-анасының қолдауын сезініп, олармен бірге таңдау жасаған жасөспірімдер өз таңдауына аса сенімді екені байқалады. Сонымен қатар, ондай балалардың басым бөлігі әлеуметтік қысыммен күресіп, өзі таңдаған кәсіпке бар қызығушылығымен кірісуге дайын екені анықталды» – дейді ағылшын зерттеушісі Брианна Келлер [2].

Ата-ананың жасөспірімнің кәсіби бағдарына әсер етуінің бірнеше жолы бар. Осы тақырыптың астарына үңілген зерттеушілер арасынан америкалық психолог, әйгілі

әлеуметтанушы Ф.Райсты ерекше атап өтуге болады. Ол ата-ананың баласының кәсіпті таңдауына себеп болатын оң әсерлерді атап көрсетеді.

1. Ата-аналардың жанама әсері [3]. Бұл «Баламның мәртебесі жоғары, беделі зор болса екен» деген арман-тілектен туады, яғни осыны естіп өскен бала жасөспірім шаққа жеткен кезде жалақысы жоғары, мәртебелі мамандықтарға көз тігеді. Бірте-бірте еата-ана әсері өзқалауымен ұштасып, өзі де бағытынсоларнаға бұра бастайды.

2. Ата-ананың мамандық түрлеріне деген көзқарасының да әсері мол [3]. Анасы не әкесідейболмаса да, әңгіме арасында бір кәсіптің маңызын сөз қылып, өз қызығушылығын айтыпөтсе, тыңдап отырған жасөспірімнің де солмамандыққа назары ауарыанық.

3. Осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулер нәтижесіне сүйенсек, есбілгелі ата-анасы жанынан табылып, қолдау көрсетіп құрбыдай сырласқан жасөспірім олардың ұсыныстарына оңай келіседі. Себебі бала ата-анасының жаманға бастамайтынын, өз пікірімен санаса отырып шешетінін жақсы біледі және олармен арадағы қарым-қатынасқа сызат түсіргісі келмейді [3].

4. Әкесі не шешесі бір кәсіппен айналысып, соны бала кезінен көріп-біліп, қызығып өскен баланың отбасылық кәсіпті жалғастыруға деген құлшынысы артады [3]. Әсіресе қазақ отбасында әкесі ұлына, анасы қызына кәсіп үйретіп, оларды өздеріндей маман етіп тәрбиелеу көп кездеседі. Осыдан келіп ата өнерін баланың қууы, оны мирас ету ідәстүрге айналған. Мысалы қазақ халқының өмірінде жеті атасына дейін күйшілік, әншілік, аңшылық, ұсталық өнерді қуып өткен адамдар жиі кездеседі. Содан «атадан бала тумас боларма, ата жолын қумас боларма», «әке көрген – оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген нақыл сөздер пайда болған [4].

Адам өмірінің жасөспірім кезеңін де ата-ананың қолдауы, бірге өткізген уақыты мен көңілі, бағыт-бағдары ауадай қажет. Әсіресе, ата-ана мен бала арасындағы ара қатынас кәсіп таңдау жолында ерекше әсер етеді. Жасынан ата-ана жылуын сезіп, сүйенер тірегі, жылынар құшағы барын біліп өскен бала өзіне сенімді, сәтсіздіктен жасқан байтын жан болып жетіледі. Осы қасиеттері арқылы өзі сүйетін кәсіпті де оңай таңдайды, «бұрыс таңдау жасасам, кәсіпті игере алмасам» деген қорқынышы да аз болады.

Ең бастысы мамандықтаңдау — баланың өз мамандығына деген қарым-қатынасы мен өз ісіне деген сүйіспеншіліктен туындамақ. Болашақ мамандық таңдау кезінде үлкендердің көмектескеніне қарамастан, соңғы шешімді баланың өзі қабылдайды және одан арғы жауапкершілікті де өз мойныналады. Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Бірақ сол мамандықтардың ішінен жастардың өзіне сай мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететін ата-аналар өздерінің ақыл-кеңестерін ортаға салып, балаларды дұрыс бағыттап, тура жолға салып жіберсе, нұр үстіне нұр болар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. И.В.Дубровина Мектептің психологиялық қызметі. Оқушыларға арналған оқулық. – Мәскеу, 1995 жыл. – 319 б.
2. Briana K. Keller The Influences of the Family of Origin on Career Development: A Review and Analysis. – Indiana University, 2004 жыл. – 75 б.
3. Ф.Райс Психология подросткового и юношеского возраста. – Санкт-Петербург, 1999 жыл. – 624 б.
4. Л.Н.Ибраимова, П.Ж.Әбдікерімова, П.С.Алиева Қазақ отбасы тәрбиесі. – Тараз, 2016 жыл. – 164 б.

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ МЕНГЕРУ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Секерова.Т.М., PhD.,аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.

Токберген А. Д. 1-курс магистранты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
E-mail:atokbergen@list.ru

Аннотация: Мақалада биология пәнін оқытуда білім алушылардың интербелсенді әдістерді меңгеру тәжірибесін қалыптастырудың маңызы қарастырылады. Бұл мақала биолог білім алушыларын даярлайтын жоғары оқу орындарында білім беру барысында ғылыми-зерттеу салалары бойынша туындайтын қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім алушыларға биологиялық білім берудегі эксперименттің ролін айқындайды.

Тірек сөздер: биология, білім беру, білім алушы, интербелсенді әдіс, эксперимент.

Аннотация: В статье рассматривается важность формирования у учащихся опыта изучения интерактивных методов в преподавании биологии. Данная статья дает возможность выявить противоречия, возникающие в областях научных исследований в процессе обучения в высших учебных заведениях, готовящих биологов. Также определяет роль эксперимента в биологическом образовании студентов.

Ключевые слова: биология, образование, студент, интерактивный метод, эксперимент.

Annotation: The article discusses the importance of developing students' experience of learning interactive methods in teaching biology. This article makes it possible to identify contradictions that arise in the fields of scientific research in the process of studying at higher educational institutions that train biologists. Also defines the role of experiment in the biological education of students.

Key words: biology, education, student, interactive method, experiment.

Қоғамның қазіргі даму кезеңі әлемдік ақпараттық-білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуымен сипатталады. Бұл құбылыс оқу процесінің дидактикасы мен тәжірибесіндегі ең маңызды өзгерістермен байланысты болып келеді.

Жаңа ақпараттың қуатты ағыны, интербелсенді технологияларды қолдану, түрлі техникалық құралдарды тарату өскелең ұрпақтың тәрбиесіне және олардың қоршаған әлемді қабылдауына үлкен әсер етеді. Осыған байланысты қазіргі білім берудің сипаты да өзгеруде. ЖОО-да білім алушылардың өз бетінше әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді [1, б. 43].

Сонымен қатар қазіргі таңда биологиялық зерттеулер жоғары деңгейде қарқынды дамуда. Биология мен технологияның байланысқан қолданбалы бағыты өзекті болып табылады және жалпы адамзаттың жаһандық мәселелерін шешеді.

Осыған орай, биолог білім алушыларын даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарында білім беру барысында ғылыми-зерттеу нәтижелерін қолдану, заманауи тиімді педагогикалық технологияларға негіздеп оқыту мәселесі туындайды. Болашақ мамандардың ғылыми зерттеушілік білігін қалыптастыру үшін оларды зерттеу жүргізуге үйрету мақсаты қойылады. ЖОО биолог білім алушылардың интербелсенді әдістерді меңгеру тәжірибесін қалыптастыруда әр түрлі ғылыми зерттеу салалары бойынша белсенді жұмыстар жеткілікті болғанымен, төмендегідей қарама-қайшылықтарды байқадық:

- болашақ мектеп мұғалімдерінің қазіргі заманғы физиологиялық-биохимиялық зерттеулер туралы білім деңгейін, біліктілігін арттыру және кәсіби даярлау курстарының мазмұнындағы мәселелерді оқыту әдістемесінің жеткіліксіздігі;

- білім беру мазмұнына интербелсенді әдістерді кіріктіру негізінде практикалық білім беру және зертханалық жағдайда жүзеге асыру мүмкіндіктерін арттыру туралы зерттеу нәтижелерінің аздығы;

- биология пәнін оқытуда веб-ресурстарды тиімді пайдалану негізінде студенттердің алған білімдерін іс- жүзінде қолдануға үйрету, зерттеу дағдыларын қалыптастыру бойынша нәтижелердің жеткіліксіздігі.

Аталған қарама - қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру, мәселені анықтау және білімгерлердің интербелсенді әдістерді меңгеру тәжірибесін қалыптастыруға қойылып отырған қазіргі білім беру жүйесіндегі талаптар, біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындады.

Зерттеу іс-әрекеті дағдыларын дамыту мәселесі педагогтардың, психологтардың, әдіскерлердің (Ю.К. Бабанский, В.В. Давыдов, П.И. Пидкасистый, Н.Ф. Талызына, Г.И. Щукина, М.М. Верзилин, Д. Зверев және т.б.) жұмыстарында қарастырылған. Педагог-психологтардың пікірінше, зерттеушілік – оқушылардың ерік-жігерін, зейінін, есте сақтауын, қиялын, ойлауын дамытудың негізі. Зерттеушінің дағдылары салыстыру, талдау, синтездеу, маңызды белгілерді бөліп көрсету, жалпылау және қорытынды жасау қабілетінен ажырағысыз. Оқыту әдістемесінің ғалымдары пәндік білімді қалыптастыру және эксперименттік дағдыларды дамыту мақсатында оқушылардың зерттеу әрекетін пайдаланудың жекелеген мәселелерін қарастырады.

Алғашқылардың бірі болып зерттеу дағдыларының мәнін В. Успенский анықтады. Оның тұжырымындағы зерттеу қабілеті - бұл тәуелсіз бақылаулар жүргізу, зерттеу мәселелерін шешу барысында алынған тәжірибелерді орындау қабілеті. Жаратылыстану пәндерін оқыту теориясында зерттеу дағдылары белгілі бір мәселені немесе зерттеу тапсырмасын шешу үшін белгілі бір зерттеу әдісін қолдану мүмкіндігі деген пікір қалыптасты. Биология бойынша оқу бағдарламалары студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына тек проблемалық мәселелерді ғана емес, сонымен бірге жалпы білім беру мазмұнын игерудің қажетті шарты ретінде тартуды қарастырады.

Жаратылыстану-ғылыми білім беруді дамыту оның практикалық бағытынсыз, білім алушылардың пәндерге деген қызығушылығын және олардың құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік және өмірлік мәселелермен байланыссыз мүмкін емес. Жаратылыстану-ғылыми білім беру жүйесі шеңберінде білім алушылардың құзыреттілігін дамыту үшін бейіндік оқыту кең мүмкіндікке ие, өйткені ол білім алушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын, зертханалық жабдықтармен, аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу дағдыларын, ғылыми экспериментті қою, содан кейін талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Білім алушыларда осы дағдыларды дамытуға интербелсенді оқыту әдістері ықпал етеді [2, б. 42].

Интербелсенді технологиялардың мәні – оқыту барлық с білім алушылардың өзара әрекеті арқылы жүзеге асады. Бұл оқытушы мен білім алушылар оқу субъектісі болып табылатын әлеуметтік әрекет. Оқытушы білім алушылардың ақыл-ой әрекетінің көшбасшысы ғана, оны бағыттайды, фактілерді пайдалана отырып, белгілі бір қорытындыға келуге көмектеседі.

Осы әдістердің арқасында білім алушылар білімнің барлық деңгейлерін (білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау) меңгереді, сыни тұрғыдан ойлау, рефлексия, пайымдау, есептерді шығару қабілеттерін дамытады.

Интербелсенді жаттығулар мен тапсырмалардың кәдімгі тапсырмалардан басты айырмашылығы - олар тек оқылған материалды бекітуге ғана емес, сонымен қатар жаңа нәрселерді үйренуге бағытталған. [3, б. 42].

Биолог маман - тірі организмдер даму заңдылықтары мен жалпы құрамын организмдер көптүрлілігін зерттеуші. Ол материал негізінде зерттеу жасап, сынақ жүргізе отырып, алынған нәтижелердің практикада қолдануын ұйымдастыратын тұлға [4, б. 160].

Биология пәнін оқытуда білім алушылардың интербелсенді әдістерді меңгеру тәжірибесін қалыптастыруда зерттеу жұмыстарының тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу мақсатына сай мына міндеттемелер қойылды:

- физиологиялық - биохимиялық әдістер негізінде биолог білім алушылардың интербелсенді әдістерді меңгеру тәжірибесін қалыптастырудың теориялық - әдіснамалық негіздерін саралау;

- зертханалық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру әдістемесін даярлау;

- ақпараттық коммуникациялық технологиялар және интербелсенді әдістерді қалыптастырудың ролін айқындау;

- биолог білім алушылардың интербелсенді әдістерді меңгеру тәжірибесін қалыптастырудағы **тиімділігін эксперименттік** жұмыс нәтижелерін бағалау.

Биология пәнін оқытуда биологиялық эксперимент маңызды орын алады. Эксперимент пәннің мазмұнымен, **білім алушылардың** жас ерекшеліктеріне байланысты психофизиологиялық ерекшеліктерімен анықталады, өйткені белгілі бір жаста бірқатар танымдық дағдылардың дамымауы мен дерексіз ойлау басым болады [5, б. 81].

Сонымен қатар биологиялық эксперименттің жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуы мен дамуындағы, ғылыми дүниетанымның қалыптасуындағы, биологияға деген ғылыми қызығушылықтың пайда болуындағы ролін атап өткен жөн. Оқу процесінде ол зерттеу әдісі де, жаңа білім көзі де болып табылады. Мұның бәрі табиғатта болып жатқан процестерді материалистік түсіну үшін, **білім алушылардың** танымдық және практикалық іс - әрекеттерін қалыптастыру үшін, тез дамып келе жатқан ақпараттық ортада өмір сүру үшін, үздіксіз білім алуға дайын болу үшін және нәтижесінде жоғары әлеуметтік және кәсіби ұтқырлық үшін өте маңызды.[6, б. 195].

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыста интербелсенді әдістерді пайдалану сабақтардың тиімділігін арттыруға, **білім алушылардың** болашақ кәсіби қызметке деген қызығушылығын, коммуникативті дағдыларын, **білім алушылар** арасындағы эмоционалды байланыстарды дамытуға, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қорыта келе, қазіргі білім берудің басты мақсаты – маман даярлаудың сапасын арттыру, білім берудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі өзгерту, нәтижесінде алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде, оның ролін арттыру және халықаралық талаптарға сай, ізденімпаз, шығармашыл, жаңашыл мамандар дайындау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін аянбай еңбек ету – кәсіби мамандарының негізгі міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Романов Ю. В., Романова О. В. Формирование опыта творческой деятельности в теории и практике // Проблемы современного педагогического образования. Сер.: Педагогика и психология. – 2016. – № 53 (11). – С. 39–46.
2. Кашлев С. С. Интерактивные методы обучения педагогике: учеб. пособие. – Минск: Вышэйшая школа, 2004. – 176 с.
3. Петунии О. Дискуссия как метод обучения// Биология в школе. 2007. № 6. С. 39-45.
4. Қуанышева С.Е. Биологияны оқыту әдістемесі. – Шымкент, 2000. -300 б.
5. Скаткин М. Н. Методология и методика педагогических исследований. В помощь начинающему исследователю. – М.: Педагогика, 1986. – 152 с.

6. Никишов А. И. Теория и методика обучения биологии: учеб. пособие для вузов. – М.: Колосс, 2007. – 303 с.

УДК 372.857

БИОЛОГ МАМАННЫҢ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Секерова.Т.М., PhD., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Якыпбаева.К.М., магистр

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: kuralay.yakypbayeva@mail.ru

Аннотация: Мақалада биология сабағында білім алушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін дамыту маңыздылығы айтылады. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері қарастырылады. Қазіргі педагог бойындағы іскерлік, дағды, білімді қамтитын кәсіби құзыреттілігі, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-зерттеу, орындаушылық құзыреттіліктері түсіндіріледі. Сонымен бірге биология саласында білім алушылардың бойында ақпараттық-коммуникациялық, ақпараттық-технологиялық, ақпараттық-аналитикалық, инновациялық, диагностикалық, инклюзивті білім беру саласындағы құзыреттіліктің керектігі дәлелденеді.

Тірек сөздер: негізгі құзыреттіліктер, коммуникациялық құзыреттілік, ақпараттық білім беру

Аннотация: В статье рассказывается о необходимости развития информационно-коммуникативных компетенций обучающихся в области биологии. Рассматриваются возможности гармонизации информационных знаний, взаимоотношений среды и человека и использования информационных технологий в новом информационном обществе, расширения связей с информационной культурой. Разъясняются профессиональные компетенции современного педагога, включающие в себя деловые, навыки, знания, педагогические, психологические, научно-исследовательские, исполнительские компетенции. Вместе с тем, у обучающихся в области биологии доказывается востребованность компетенций в области информационно-коммуникационного, информационно-технологического, информационно-аналитического, инновационного, диагностического, инклюзивного образования.

Ключевые слова: ключевые компетенции, коммуникационные компетенции, информационное образование

Annotation: The article describes the need for the development of information and communication competencies of students in the field of biology. The possibilities of harmonization of information knowledge, the relationship between the environment and man and the use of information technologies in the new information society, the expansion of ties with information culture are considered. The professional competencies of a modern teacher are explained, including business, skills, knowledge, pedagogical, psychological, research, performing competencies. At the same time, students in the field of biology prove the relevance of competencies in the field of information and communication, information technology, information and analytical, innovative, diagnostic, inclusive education.

Keywords: key competencies, communication competencies, information education

Заманауи білім беру мұғалімнің балаларды оқытуды ұйымдастырудың тәсілдерін өзгертуді талап етеді. Мұғалім білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, балалардың танымдық белсенділігін ынталандырады, бұл білім беру процесінің қажетті құрамдас бөлігі.

Д.А.Медведев балаларды оқыту жүйесі кез-келген баланың өзіндік потенциалын ашып, оны жоғары бәсекеге қабілетті ортада өмір сүру жағдайына дайындай алады және өз ойын дәлелдеп және өзіндік идеяларын жүзеге асыру қабілеттерін дамытады деп санайды.

Құзыреттілік ұғымының әр түрлі анықтамалары бар. Ең көп таралған пікірлер бойынша құзыреттілік:

Лайл және Сайн Спенсерлердің пікірінше, құзыреттілік – адам бойындағы оның белгілі бір жағдай және кез-келген бір салада табысқа жетуін сипаттайтын қасиеті;

Уэйн Брокбанк құзыреттілікті адамның білімділігі мен шеберлігі деп түсіндірген;

Дик Мансфилд жеке тұлғаның жұмысында табысқа әкелетін жақсы қасиеттері мен әдет-дағдыларын жетілдіруді кең мағынада түсіндіретін мінез-құлықты сипаттайтын ұғымды құзыреттілік деп сипаттаған;

2) В обязательном учебном заведении индивидуализация обучения осуществляется на уровне методов и средств обучения. В дополнительном образовании индивидуализация связана с целями обучающегося и содержанием: для детей - это удовлетворение интересов и развитие способностей, для взрослых - получение тех знаний, которые помогают в решении жизненных проблем, переподготовке и получении дополнительной профессии.

3) Отсутствие обязательного образовательного стандарта в дополнительном образовании дает возможность получать то образование, которое позволит человеку стать конкурентоспособной личностью в жизни.[6, стр 56-59.]

Дополнительное образование мы рассматриваем с позиций социально-педагогического подхода (В.Г.Бочарова, М.А.Галагузова, А.В.Мудрик, С.В.Сальцева, В.Д.Семенов) как пространство для социализации личности в результате интеграции ее в обществе на основе усвоения человеком элементов культуры, социальных норм и ценностей. Дополнительное образование является при этом стимулом к определенным действиям и поступкам, которые являются системообразующим фактором самоопределения человека в социуме.

Исследуя возможности дополнительного образования как социально-педагогического явления, сущностным образом влияющего на формирование образовательных потребностей обучающихся, мы опирались на совокупность исследований, раскрывающих сущность, содержание и специфику образовательного процесса в учреждении дополнительного образования (А.К.Бруднов, В.А.Горский, А.Я.Журкина, С.В.Сальцева, А.И.Щетинская, А.Б.Фомина).

Согласно современным исследованиям дополнительное образование характеризуется как:

- особое образовательное пространство;
- целенаправленный процесс обучения и воспитания, ориентированный на развитие личностных и профессиональных качеств человека;
- специфически органическая часть системы общего и профессионального образования;
- образование, предоставляющее возможность свободного выбора форм и видов деятельности.

Эти характеристики определяют многогранность образовательной деятельности учреждений дополнительного образования:

- образование по дополнительным образовательным предметам;
- пропедевтика профессионального образования;
- профессиональное самоопределение;
- обучение, которое удовлетворяет познавательный интерес ребенка;
- социализация.

Образование в рамках учреждений дополнительного образования правомерно рассматривается учеными как взаимосвязь двух педагогических процессов: обучения и воспитания, активизирующих личность на деятельность по овладению общественным и профессиональным опытом, знаниями, практическими умениями и навыками, способами творческой деятельности, социальными и духовными отношениями. При этом учреждение дополнительного образования не просто организует деятельность обучающихся, а предоставляет им возможность для действия, взаимодействия, поддерживая их самостоятельность. В результате человек усваивает социально одобряемые личностно- и духовно-значимые жизненные смыслы и ориентиры. Данные аспекты способствуют развитию духовности обучающегося, его способности самостоятельно решать познавательные, ценностно-ориентационные, практические, коммуникативные проблемы в различных сферах жизнедеятельности. [8, стр 339.]

Дополнительное образование представляет собой специально организованный целенаправленный процесс развития способности обучающегося к самостоятельному решению проблем в различных сферах жизнедеятельности и формирования его духовных

потребностей на основе использования социального опыта, элементом которого является и собственный опыт взрослого человека.

Обучение в дополнительном образовании строится на базе образовательных программ. Дополнительные образовательные программы делятся по содержанию на общеобразовательные и профессиональные, по субъектам обучения - программы дополнительного образования детей, взрослых и лиц независимо от возраста. Образовательная специфика дополнительного образования такова, что образовательный процесс в нем строится в парадигме развивающего образования и обеспечивает следующие функции:

1) информационную - обучающийся может увидеть и услышать, что в данном УДО есть интересного для него, в какие виды деятельности он может включиться, чему и у кого он может учиться, с кем может общаться, в итоге получая профессиональное, социальное и духовное самоопределение;

2) обучающую - для усвоения знаний, умений, навыков технической, компьютерной, художественной, спортивной или иной потенциально-профессиональной деятельности обучающегося;

3) развивающую - обеспечение физического, эмоционального, интеллектуального, духовно-нравственного развития, а также общего психического и физического развития индивида;

4) социализирующую - содействует духовному становлению учащегося, который входит в социальную группу (среду), отличную от семейной, школьной и производственной, знакомится с ее структурой и социальными ролями в ней, происходит личностное проживание успеха и неуспеха в усваиваемой деятельности и во взаимоотношениях с другими, совершенствуя свои коммуникативные способности;

5) релаксационную - для снятия психологических затруднений и барьеров, возникающих вследствие напряженности семейной, школьной и производственной среды, а также уже имеющегося личного опыта неудач в учебе и в общении, когда в итоге происходит профилактика нарушений психологического и психического здоровья.[1, стр 15-18.]

Дополнительное образование является непрерывным процессом, так как отсутствуют конкретные сроки его завершения. Это связано с тем, что человек последовательно проходит одну стадию обучения за другой. На первом этапе подготавливается благоприятная для творчества почва. На втором этапе налаживается сотрудничество с лицами, которые уже обладают определенными навыками и умениями в интересующей его области, - осуществляется процесс сотворческой деятельности, который перерастает в личное творчество. Самостоятельное творчество сопровождает человека уже всю его жизнь, способствуя осмыслению его собственного «я» в окружающем мире и создавая потребность восприятия мира через творчество. Дополнительное образование направлено на развитие у обучающихся:

- стремления к постоянному расширению собственных знаний и умений;
- способностей самостоятельно принимать решения при разрешении сложных проблем;
- умения всесторонне оценивать различные события, ситуации или действия.

Благодаря этому дополнительное образование можно рассматривать как инновационную сферу, которая может позволить определить ближайшие перспективы системы образования, включая развитие различных учреждений образования.

В условиях трансформации всех сфер жизнедеятельности человека и проведения масштабных реформ в государстве невозможно оставить в стороне и систему образования. Она должна оперативно реагировать на возникающие социальные вызовы и предлагать эффективные решения проблем, в том числе управленческие, педагогические и технологические. В процессе модернизации образования нельзя забывать, что в центре всех педагогических устремлений должна находиться личность обучающегося.[7, стр 3-9.]

В условиях рыночной экономики каждому приходится бороться за свою аудиторию, своего клиента, за свою репутацию как профессионала. Общась в деловой сфере (области профессии), в кругу друзей, знакомых, близких (область интересов), в незнакомой аудитории (реализация прикладных аспектов профессии, творческое самовыражение), в кругу семьи (семейное воспитание) и, наконец, сам с собой (область самопознания), человек вынужден опираться на знания из области педагогики и психологии. В результате формируется гуманитарное мышление.

Все виды и формы образования имеют общее предназначение: формирование социально-профессиональной мобильности личности, осуществляемой на основе базовой подготовки. При этом особую значимость имеет отбор содержания и форм обучения, которые не только способствовали бы повышению квалификации или переквалификации специалистов, ликвидации их функциональной неграмотности, но и помогали решить свои жизненные и профессиональные проблемы в широком контексте глобальных проблем современности, обеспечивали участие обучающихся в образовательном процессе. Не дожидаясь угасания развитой профессиональной квалификации, необходимо повышать уровень своей общей и специальной образованности, т.е. функциональной грамотности, что возможно в дополнительном образовании. Рассуждая о поступательном развитии профессиональной квалификации обучающихся, уместно подчеркнуть целесообразность углубления образованности (общей и специальной). Если образованность профессиональная будет оставаться на достигнутом уровне развития, то их профессиональная квалификация однажды достигнет своего предела. Качественное же повышение уровня образованности обуславливает накопление потенциала для поступательного развития профессиональной квалификации. Поэтому уровни ее развития целесообразно соотносить с уровнями образованности (общей и специальной). [4, стр 43.]

Возрастание уровня образованности способствует, прежде всего, усилению профессионального самосознания специалистов. У них расширяются «внутренние горизонты» видения проблем, они уточняют пределы своих возможностей в их разрешении. Обобщая, подчеркнем, что характер развития всех систем образования на современном этапе проявляется в опережающем, личностно-ориентированном направлении, которое обеспечивает единство общего и профессионального развития специалиста. В соответствии с этим актуализируется такая задача подготовки человека в условиях школы, гимназии, лицея, университета и дополнительного образования, как формирование их готовности к адаптации в быстроменяющихся условиях жизни.[5, стр 7.]

Дополнительное образование обеспечивает:

- 1) повышение интереса обучающихся к различным знаниям;
- 2) изменение стиля мышления, способов общения, оценки окружающих и самооценки;
- 3) повышение креативности обучающихся при решении образовательных, научных, профессиональных и социальных проблем;
- 4) профессиональную ориентацию молодых людей;
- 5) возможности получения дополнительного образования;
- 6) адаптацию человека в современном мире - информационном.

Таким образом, дополнительное образование - открытая система, целью которой является самореализация человека в профессии, нахождении точек опоры в динамично развивающемся обществе.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Самойлов Н. Ядро знаний как информационная система // Вестн.высш.шк.: Альма матер. - 2002, - №4. - С.15 - 18.
2. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь: для студ.высш. и сред. пед. учеб. заведений. - М.: 2000.

3. Змеёв СИ. Основы андрагогики. - М.: 1999.
4. Кузьменко Я.В. Совершенствование управления процессом подготовки профессионально-мобильного специалиста: Автореф. дис. ... канд.пед.наук. - Магнитогорск: 2000.
5. Бермус А.Г. Методология модернизации образования: опыт осмысления//Теоретический журнал "Credo" NEW. 2008. №1. URL: <http://credonew.ru/content/view/679/33/>
6. Бруднов А.К. Неформальное и непрерывное. О развитии дополнительного образования детей// Директор школы. 1995. № 2. с. 56-59.
7. Букина Н.Н. Развитие государственной системы неформального образования взрослых в России // Человек и образование. 2008. №3. с.3-9.
8. Голованов В.П. Развитие полисферности дополнительного образования детей.- Йошкар-Ола: Мар. гос. пед. ин-т, 2006. 339 с.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ШАРТТАРЫ

Әділетхан М.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы
Adilethanov2002@mail.ru*

Ғылыми жетекшісі: Булшекбаева А.И.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы
bulshekbaeva@mail.ru*

Аннотация: Әлеуметтік өмір әрдайым бір қалыпты, түзу жолмен жүре бермейді, кейде дұрыс жолдан ауытқып кететін ауытқымалы мінез – құлық - аномия орын алуы мүмкін. Әлеуметтік норма - адамдардың мінез-құлқын және олардың топтағы қарым-қатынасын реттейтін тарихи қалыптасқан әдет. Әлеуметтану ғылымының мақсаты әлеуметтік құндылықтарды зерттей отырып, әлеуметтік норманы орындау және орындамаудың әлеуметтік себептеріне талдау жасап, девианттық қылықтардың алдын алу шараларын мүмкіндігінше анықтау

Кілт сөздер: Психология, әлеуметтік педагогика, девиантты мінез құлық, мінез-құлық, қиын балалар.

Abstract: Social life does not always go in a normal, straight way, sometimes deviating from the right path, erratic behavior – anomie can occur. A social norm is a historically formed habit that regulates the behavior of people and their relationships in a group. The purpose of sociology is to study social values, analyze the social reasons for the fulfillment and non-fulfillment of social norms, and determine measures to prevent deviant behavior as much as possible.

Key words: Psychology, Social Pedagogy, Deviant behavior, Behavior, Difficult children

Қоғамдық жаңарту кезеңінде, Қазақстандағы әлеуметтік саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл дегеніміз қоғамдағы мектеп, отбасы орны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта келер ұрпақтың денсаулығы, тәрбиесі басты назарда болып келеді. Қазақстан Республикасы Ата заңының 27 бап, 2 - тармағында "Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы" делінсе [1.1]. "Қазақстан - 2030" бағдарламасында. "Әкелер мен аналараталар мен әжелрдің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауы" туралы ескертілген. [2.1] Бұдан әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуіне қоғам алдында өз жауаптылығын түсінуі керек. Яғни, басты мақсаты психологиялық, физиологиялық денсаулығын қалыптастыру болу керек. Өйткені Қазақстанның болашағы келер ұрпақта болғандықтан жастардың психологиялық, физиологиялық денсаулығы халықтың өсімі мен сапасын анықтайды. Осы тұста келер ұрпақ тәрбиесінің салауаттылығын қамтамасыз ету ең алдымен отбасы, мектеп тәрбиесі жайында қолға алынуы тиіс.

Өкінішке орай, қазіргі таңда болып жатқан қылмыс, бұзақылық, ұрлық, зорлық - зомбылық, жеткіншектер арасындағы суицидтың көбейуі, үйден кету, қыздардың жеңіл жүрістері, бастауыш сыныптағы балалардан ақша алу тағы басқа болып жатқан қылмыс айыптыларының басым көпшілігі 11 - 18 жас аралығындағы жеткіншектер екенін көрсетіп отыр. Дәлірек тоқталсақ, 14 жастағылар - 11%, 15 жастағылар - 7%, 16 - 17 жас аралығындағылар - 42%, көбіне көп 14 жасар балалар қылмыстық істерді топтасып жасайды. Ал қыз балалар тарапынан жасалған жалпы қылмыстың 5% құрайды. Бұл дегеніміз, қазіргі нарықтық қоғамдағы адамдар арасында қарым-қатынас пен психологиялық қысым, әсіресе, жас буын психологиялық денсаулығының бұзылуына алып келуде. Қазақстан Республиканың өзінде, тіпті әлемдік деңгейде халқымыздың психологиялық, физиологиялық денсаулығын сақтау адамзат алдында тұрған үлкен мәселе болып отыр. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының аймақты бюросының мәліметтері бойынша дүние жүзінде 14 - 24 жас аралығындағы адамдарда өзін-өзі өлтіру соңғы 15 жылда екі есе өскен. ҚР Агенттігінің статистикалық есебі бойынша Республикасы бойынша өзін-өзі өлтіру жағдайы тіркелген, оның ішінде 10 - 18 жас аралығындағы жастардың 154 - і ер балалар, 57 - сі қыз балалар. Ал өзін - өзі өлтіруден дүние жүзі бойынша Қазақстан бірінші орында тұрады екен. Ол әсіресе, 15 - 18 жас аралығындағы қыз балалар арасында көп орын алатынын статистикалық мәліметтер дәлелдейді. [3.1]

Сонымен қатар, әлеуметтік ортаның ықпалын былай қойғанда, тәрбиелі мақсатты түрде ұйымдастыратын әлеуметтік институттардың бірі мектептің өзінде жеткіншектердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін қадағалау қиынға соғып отыр. Оған дәлел, ең көп стресс алатындар мектеп жасындағы балалар екендігі анықталған. Мысалы, мектепке келген 1 - сынып оқушылар арасында 25 - 30% әртүрлі аурулар келсе, 11 - сыныпты бітіретін оқушылардың 80% - ы денсаулығын бұзып, әртүрлі диагноздармен мектеп қабырғасынан шығады екен. [4.1]

Бұдан шығатын қорытынды, мектеп мұғалімдері мен оқушылар, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым - қатынас және оқу еңбегінің мөлшерден тыс көптігі бала денсаулығының бұзылуына әкелетін көрсетеді.

Болашақ Қазақстан Республиканың азаматы дені сау, тәрбиесі түзу азамат болып ер жетуі, ең алдымен, ата - анасына, білім беретін мектеп қабырғасына және қоршаған ортаға байланысты. Қазіргі таңда денсаулығы мықты, рухы білім, тәрбиелі, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері үкіметтің қаулыларында, тұжырымдамаларында негізгі орын алады. Атап айтар болсақ, елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “ Қазақстан - 2030 ” стратегиялық даму бағдарламасында “ Салауатты өмір салтын ынталандыру әрекеті, дене тәрбиесі мен айналысуға, дұрыс тамақтануға, есірткі, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауға бағытталған” – делінген [5.1]

Қазақстан Республикасының Конституциясында, “Адам мен адамзат” заңында, "Білім туралы заңында" тәлім - тәрбие тұжырымдамасында да салауатты өмір сүруге ерекше басымдық беріледі.

Девиантты (ауытқулы) мінез-құлық - деп, қазіргі қоғамда белгіленген ережеге сәйкес келмейтін, әлеуметтік мінез - құлықты айтады (И.А.Невский). Танымал социолог И.С.Кон анықтамасында, - “Девиантты мінез - құлық ол психикалық саулық, құқық, мәдениет және адамгершіліктің әрекет жүйесі ретінде, жалпы бекітілген ережеден ауытқуы” - деп қарастырды. Бейімделген мінез - құлық тұжырымдамасына сәйкес ауытқу процесі кез - келген бейімделуді бұзады (психикалық, әлеуметтік, әлеуметтік - психологиялық орта) Әлеуметтік ауытқуды С.А.Беличева “девиантты мінез – құлық” деп төмендегідей топтастырды :

- пайдақор бағытта: құқық бұзу, материалды, ақшалай, мүліктен пайда табу (ұрлық, алдау, жымқыру, сату, т.б.)

- агрессивті бағытта: жеке бас дамуына кері бағытталған қимыл (бұзықтық, соққы, тіл тигізу, өлтіру, зорлау)

- әлеуметтік - енжар түрі: әлеуметтік және жеке мәселелерді шешуде (жұмыс, оқу, нашакорлық, ішімдік және суицид, белсенді өмір сүруден қашу, азаматтық жауапкершіліктен жалтару)

Бейсаналық мінездің сыртқы жағдайда көрінуі, ол ішкі ресурстың реттелуімен: әлеуметтік, адамгершілік бағыт және түсініктің өзгеруі негізінде қарастырылады . Сондықтан баланың бір жағынан мінез - құлықта белгі, дабыл, нышан пайда болуы және дамуы деп қарастырсақ , екіншіден жеке бас дамуына мақсатты әсердің құралы тәрбиелік әсердің сала көрсеткіші.

И.А.Невский, Л.С.Колесова тәжірибеде мектеп қызметкерлеріне экспертті сұрақнама өткізген. Педагогтар пікірінше сыртқы факторлар негізінде қаланатын мінез - құлықты түзетуге жататындар:

1.Қоғамда болып жатқан процестер: қоғамдық құндылықтың иерархиялы өзгермеуі, мемлекеттік идеологияның болмауы: қылмысты жазалауды заңның дұрыстығы, құқық қорғау қызметкерлерінің өз жұмысына жауапкершілік алуы. Жұмыссыздық (ашық және жабық) отбасына әлеуметтік қолдау мен жәрдем ақының жұрыс қарастырылмауы ақпарат көздері арқылы қаталдық және зорлық туралы көп насихат жасалуы, баланың дене және психикалық жағынан түзетуге және көмек көрсетуге қажетті мекемелердің аздығы, балаға ақысыз сапалы үйірмелердің, қосымша білім алу көздерінің қарастырылмауы, керісінше ішкілік пен темекіні жарнамалау және оны сатып алу оңайлығын сөз етуге болады.

2. Отбасы жағдайы және оның ахуалы бүтін емес отбасы: отбасының материалды жағдайы (кедейлік және байлық), ата - ананың төменгі әлеуметтік - мәдени деңгейі: отбасында тәрбие стилінің болмауы (ата - ана қаталдығы , балаға жүйелі талаптың қойылмауы, жазалаудың әділ болмауы): балада өзіндік құндылықтың болмауы: баланың мүмкіндік қажеттілігін өтеуде асыра сілтеушілік немесе жеткізбей бағалау: ата - ананың ішімдік және нашакор пайдалануы; ата - ананың шектен тыс мейірімінен балаға психобелсенділік туғызатын заттарды пайдалануға шек қойылмау.

И.Ю.Мангутова “ана мен қыз” конфликті диадын зерттей келе мына тұжырымға келеді: бәсекелестік стилді мінез - құлық “ана мен қыз” қарым - қатынасындағы корфликтіне тән.

Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, И.С.Славина мұғалім мен бала арасындағы қарым - қатынас баланың ата - анасына және баланың құрбыларына қарым - қатынасын экспериментті түрде зерттеп көрсеткен. Балалардың мінез - құлықта қиындықтардың пайда болу себебі , біріншіден, отбасы тәрбиесі десек, екіншіден, мектептегі оқу тәрбие жұмысындағы кемшіліктермен сипатталады. Жасөспірімдерде девиативті мінез - құлықтың қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді .Жеке адамның қалыптасуына тұқымқуалаушылық, орта және тәрбие факторларының әсер ететіні белгілі. Соның ішінен девиантты мінез - құлыққа әсер ететін факторлар.

- әлеуметтік - педагогикалық қараусыздық баланы тәрбиелеуде қажетті жағымды дағдылардың, білім және іскерлік дұрыс берілмеуінен, онда жағымсыз стеротивтер

қалыптасады. Бұл мектептегі, отбасыдағы және қоғамдық ортадағы тәрбие кемшіліктерінің бала дамуына әсер ететіні арқылы айқындалады.

- психикалық терең жабдықталмау, отбасында психологиялық ахуалдың жағымсыз орнауынан, ата - аналарда мен отбасы мүшелері, мұғалім арасында өзара қатынастың қолайсыздығынан (әділ болмау, дөрекілік, мейірімсіздік) баланың оқуға деген ынтасын төмендетеді, сондай-ақ құрбы - құрдастарымен қарым - қатынасқа дұрыс түсе алмайтын болады.

- денсаулық және психикалық жағдайының дамуы мен бұзылуы, жас ерекшелік дағдарысы, мінездегі акцентуация, түрлі физиологиялық және психоневрологиялық себептер жатады. Сонымен қатар балалардың ата-аналармен ген арқылы берілетін қасиеттер. Мысалы, ішкіш ата -аналардан туған балалар бойындағы дефект және т.б. психологиялық қысым көруден пайда болған ауытқу. Мысалы, конфликтті жағдайлар, қоршаған ортаның химиялық әсері және т.б физиологиялық дефект бар балалар. Сөзінде, сыртқы көрінісінде кемшілігі бар балалар. Олар өз құрдастары арасында дұрыс қарым - қатынаста бола алмайды.

Девиантты балаларға педагогикалық әсер ету жолдарына келсек, ойланып жоспарланған түзету шаралар оқу - тәрбие жұмысында “қиын” балаларды қайта тәрбиелеу кезеңінде аса маңызды болып табылады.

Біріншіден, мектеп жоспарында “қиын” балалардың барлығы үшін жүргізілетін іс - шаралар белгіленген болуы керек.

Екіншіден, әрбір “қиын” оқушымен жүргізілетін жеке жұмыс жоспарының болуы. Осындай жоспарларда “қиын” балаларға отбасы тәрбиесінің жағымсыз факторларын болдырмау, кездейсоқ топтарлардың жағымсыз әсерінен оларды қорғау, сабаққа қызығушылығын арттыру, қандай істерге оларды ынталандыру сияқты мақсаттар қойылуы тиіс.

Сондай - ақ “қиын” оқушылардың жағымды жақтарын анықтап , оны олардың өзін түзету ісіне ұтымды пайдалана білу - педагогтың нағыз ерлігі болып саналады . Әрине, тәрбиеші барлық кезде сабырлы болуы шарт, түзету жұмыстары өз жемісін тез арада қоймауын біз саналы ұғынуымыз керек.

Девиантты мінезді оқушылар өздеріне ұрысқанды ұната бермейді. Сондықтан мектеп мұғалімдері олармен қарым - қатынаста педагогикалық этиканы аса қатаң сақтауы қажет.

“Қиын” оқушыларды әртүрлі жағымды істерге қатысуға тарту арқылы оларды табысқа жетелеу мәселесінде, “қиын” оқушыларды қайта тәрбиелеу дегеніміз оның жағымсыз әдеттерін жағымды әдептерден шығарып тастау.

Сайып келгенде, оқу жасындағы балалардың негізгі айналысатын істері – оқу, еңбек ету қызметі мен қызыққан ісімен айналысу, сондықтан “қиын” оқушыларды мектепке қайтару, оқуға қызығушылығын арттыру - аса күрделі және педагогтің беделін де арттыратын іс. Себебі “қиын” балалардың 90% сабаққа ықыласы жоқ. Сондықтан, оларды сыныптан тыс іс - шараларға тарту арқылы , спортқа , техникаға, өнерге қызықтыру арқылы оқуға бірте - бірте тарту педагогтардың қасиетті ісі болып табылады. Себебі, аталған қызметтердің бірінде табысты болу оларды басқа да істерге жетелейді.

Ол үшін педагогтар адамның өзін - өзі дамытушылық қасиеті мен өзін-өзі тәрбиелеу мүмкіндігін есепке алуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 482 б. ISBN 9965-808-85-6 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-4 91-3
2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет

ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДІҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Мурзағалиева А.Т.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы*
ainura.o3@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Булшекбаева А.И.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы*
bulshekbaeva@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада алдымен әлеуметтік педагог кім және оның басты мақсаттары, сонымен қатар әлеуметтік-педагогикалық кеңес берудің принциптері мен формалары және педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен олардың маңыздылығы жайлы жазылған.

Кілт сөздер: әлеуметтік-педагогикалық кеңес, кәсіби біліктілік, құпиялық, кеңес беру.

Abstract: First of all, this article describes who a social pedagogue is and his main goals, as well as the principles and forms of social-pedagogical counseling and the main principles of pedagogical ethics and their importance.

Key words: socio-pedagogical advice, professional qualification, confidentiality, counseling.

Қоғамда адамдардың әртүрлі типтері өмір сүреді. Және олардың бір-бірімен тіл табысып кетулері барлық жағдайда мүмкін бола бермейді. Бірақ, әлеуметтік педагогтің басты маман ретіндегі кәсіби біліктілігі осы тұста көрініс табады. Себебі, ол - мектеп қабырғасындағы әртүрлі типтегі балалармен қоса олардың ата-аналарымен де жұмыстанады. Әлеуметтік педагогтің тұлғалық болмысы да осы жерде байқалады. Мысалы, адам бойындағы жауапкершілік қасиеті, адам жанын түсіну, интуиция, адекваттылық, толерантты көзқарас секілді қасиеттер әлеуметтік педагогтің кәсіби біліктілігін арттыратын қасиеттердің бірі.

«Әлеуметтік педагогтің мақсаты, - деп жазды профессор Л. В. Мардахаев, әлеуметтік нормаларды сақтауға, әлеуметтік ауытқушылықтарды болдырмауға, әлеуметтік өзін-өзі жетілдіруге бағытталған түрлі санаттардағы адамдармен тікелей әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыру» [1].

Сонымен қатар, балалар үшін психологиялық жағымды шарттар түзу және қауіпсіздігін сақтау, олардың талабын, қажеттенуін қанағаттандыру, мүддесін қорғау, отбасында, мектепте қарама-қайшылықтарды жою, келеңсіз ахуалдардың алдын алу және жәрдем беру [2].

Әлеуметтік педагог-әртүрлі балалармен, жастармен және ересектермен тәрбие жұмысын әлеуметтік мәдени ортада ұйымдастыратын маман. Әлеуметтік педагог жеке тұлғаның психологиялық - педагогикалық ерекшеліктерін және оның қоршаған шағын ортасын зерттейді, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, мінез-құлқындағы ауытқуларды, даулы жағдайларды анықтайды және уақытылы әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді, клиенттердің құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Мектепте кеңес беру принциптері:

Құпиялылық принципі	клиенттердің мәселелерін мектеп қызметкерлерімен талқылауға жол берілмейді. Жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларына кеңес бере отырып, құпиялылықты сақтау маңызды, өйткені бұл принциптің бұзылуын олар өте ауыр қабылдайды. Принцип сақталмаған жағдайда, келесі проблемалар орын алуы мүмкін: а) клиенттің немесе басқа адамдардың өмірі үшін жоғары риск; б) кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстық әрекеттер (зорлық-зомбылық, азғыру, инцест және т.б.); в) клиентті ауруханаға жатқызу қажеттілігі; г) Клиенттің және өзге да адамдардың есірткі таратуға және басқа да ауыр қылмыстық әрекеттерге қатысуы.
Бейтараптық және ашықтық принципі	консультант оң шешім жолында жанжалдасушы тараптар арасындағы қатынастарда бейтарап кеңесші болуы тиіс. Кеңесші клиенттің мәселелерін ашық талқылай білуі, клиентпен әңгімелесу барысында ашық ұсыныстар беруі тиіс.
Дербестілік принципі	кеңес беру процесі клиентке барынша жақын болуы және оның мәселелерін шешуге (жасына қарай) бағытталуы тиіс.
Кәсіби табандылық принципі	егер отбасында балаға физикалық жаза қолданылса, кеңесші клиентпен кеңес беруді талап етуі керек (ата-аналармен жұмыс); егер оқушының өмірлік жағдайы оған қауіпті болса (бейәлеуметтік компания, мұғалімнің оқушыға теріс көзқарасы, күрделі отбасылық қатынастар және т. б.).

Мектепте кеңес беру формалары:

– **Қысқа мерзімді** (бірінші кеңес беру 30 минуттан 1,5 сағатқа дейін созылуы мүмкін) кеңес беру. Оңтайлы кеңес беру уақыты (ересектер үшін) 60-90 минут. Міндетті түрде клиенттің жас ерекшелігіне мән береміз, себебі соған байланысты кеңес берудің ұзақтығы өзгеруі мүмкін. Мысалы, 5-7 жастағы баламен әңгімелесу 15-20 минуттан аспауы керек. 8-12 жастағы баламен 30 минуттан аспайды. Егер бала 12 жастан асса, онда әңгімелесу 1 сағатқа дейін созылуы мүмкін.

– **Ұзақ мерзімді** кеңес беру – сағат 2-ден 10-ға дейін кеңес беру.

– Кеңес беру жеке және топтық болуы мүмкін.

Ендігі келесі талап-жұмыс барысында клиенттің жас ерекшелігіне мән беру, әрі сөйлесу ұзақтығы мен қолданылатын әдістер де соған сәйкес құрылуы шарт. Егер оқушымен әңгімелесу барысында оның жеке басына қандай да бір қауіп төнуі немесе оқушыға мектеп қабырғасындағы теріс көзқарастар орын алса, кеңесші ата-анасына кеңес беруді талап етуге құқылы.

Мектептегі балалармен немесе олардың ата-аналарымен жұмыс барысында оның отбасылық жағдайлары немесе көңіл күйі, басқа да жеке басына қатысты мәселелер жұмыс барысына әсер етпеуі тиіс. Сәйкесінше, ата-анада да балада да әлеуметтік педагогке деген сенімділік пайда болатындай атмосфера құрған дұрыс. Сонда бұл - педагогтың кәсіби шерберлігінің биіктігінің көрінісі.

Бұл бағыттағы жұмыс процесі педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарының сақталуымен ғана алға жылжиды. Олар:

1. адалдық;
2. әділдік;
3. өзінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу;
4. жалпы адами құндылықтарды құрметтеу;
5. кәсіби ынтымақтастық;
6. үздіксіз кәсіби даму [3].

Әлеуметтік педагогтың жұмыс барысы негізінен әртүрлі кезеңдерден құралады. Бастапқы кезеңдерде-отбасы туралы ақпарат жинақтап,отбасы жағдайымен, баланың физикалық,психикалық жағдайымен танысады, және соған сәйкес сұрақтар құрастырып, сұхбат барысын жоспарлайды. Содан кейін, бірте-бірте отбасымен диалогқа түсіп, жылы лебізі арқылы бауырына кіріп сенімдерінен шығуға тырысады. Келесі кезеңде баланың қалауы бойынша отбасымен жеке немесе жалпы сипаттағы кездесу ұйымдастырылады. Оларды жылы шыраймен қарсы алып,алдымен өзін таныстырып, таныстықты бастайды. Ойымен ашық түрде бөлісіп,кезіккен мәселелерін еркін жеткізе алуы кеңесшінің қолында. Мәселені шешу үшін оның туындау себебіне,отбасының типтік жағдайына және баланың отбасындағы орнына назар аударып,бірлесе шешімге келген абзал. Бұл кезекте тузетуге арналған арнайы бағдарлама қарастырылады.Атқарылған жұмыстың соңы әрі маңыздысы-кері байланыс сәті. Осы орайда жұмыс нәтижесінің тетіктері өз орындарына келеді.

Кеңес беру барысында әлеуметтік педагогке де кеңес алушыға да ең тиімді жұмыс формасы ол екеуара ынтымақты диалог құра білу. Диалог принципіне негізделген әлеуметтік педагог пен кеңес алушы әңгімесінің ішкі мазмұны әлдеқайда құнды.

Ойымды түйіндей келе айтарым:болашақ әлеуметтік педагогтер қызметтерін терең меңгеріп,жасөспірімдердің тұлға болып қалыптасуына сіңімді тәрбие,бағыт-бағдар бере білсе,жұмысын шынайы ынтымақпен атқарса,өз жұмысына адал болса ғана тәрбие міндеттері нәтижелі болады. Сондықтан, тәрбиелі, саналы,бәсекеге қабілетті,жүрегінде патриоттық рухы жалындап тұрған жастардардың қатарының көбеюі- біздің қолымызда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Р.С.Касымова«Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы» оқу құралы,Алматы,2020.
2. 2.Халитова І.Р. «Әлеуметтік педагогика» оқу құралы.-Алматы,2006.2006.
3. [3.https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013038](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013038)

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚИЫН БАЛАЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Жүмәділ Ж.Е.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы
zhanerke.yerzhanova@mail.ru*

Ғылыми жетекшісі: Булшекбаева А.И.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
Республикасы
bulshekbaeva@mail.ru*

Аннотация: Соңғы уақытта «қиын балалармен» қарым-қатынас жасау мәселесі өте өзекті болды. Бұл «қиын балалардың» санының тұрақты өсіп келе жатқандығына байланысты. Олар ата-анасының үйін тастап, қаңғып жүреді, еш жерде оқымайды, жұмыс істемейді, бұзақылық жасайды, ұрлық жасайды, ішімдік пен есірткіні пайдаланады, немесе керісінше, үйінің төрт қабырғасына қамалып, сыртқа шығып, компьютерде отырмайды деуге болады. Күні бойы ештеңе істемей, қызығушылық танытып, ештеңе оқымайды, олар интернетті шарлайды немесе компьютерлік ойындар ойнайды.Бала бір күні «қиын балалар» тізіміне енгеннен кейін, өмір бойы жаман атаққа ие болады. Онымен барлығы зардап шегеді: ата-аналар, тәрбиешілер, мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер, тіпті діни қызметкерлер. Ешкім мұндай баланы балабақшаға немесе мектепке, православиелік гимназияға немесе

жексенбілік мектепке апарғысы келмейді, оны командаға немесе достық компанияға қосқысы келмейді. Оның алдында барлық жерде және барлық жерде қабырға, тыйым немесе бас тарту бар.«Қиын балалардың» мінез-құлқындағы оғаштық мұғалімдерді, тәрбиешілерді және ата-аналарды олармен күресу мүмкін емес деп қорқады, олардың білім беру әрекеттерінде күлкілі және дәрменсіз болып көрінеді.

Кілт сөздер: проблемалық бала, жасөспірім психологиясы, девиантты мінез-құлық, мінез-құлық ауытқуларының қауіп факторлары.

Abstract: Recently, the problem of communicating with "difficult children" has become extremely relevant. This happens because the number of "difficult children" is steadily growing. They leave their parental home, wander, do not study or work anywhere, hooligans, steal, use alcohol and drugs, or, on the contrary, lock themselves in the four walls of their house, almost never go out and sit at the computer all day long, doing nothing. being interested and not reading anything, they surf the Internet or play computer games.

Once a child gets into the list of "difficult children" one day, a trail of bad reputation often follows him through life. Everyone suffers with it: parents, educators, teachers, social workers, and even priests. No one wants to take such a child to kindergarten or school, to an Orthodox gymnasium or Sunday school, to include him in a team or friendly company. In front of him everywhere and everywhere there is a wall, a ban or a refusal. Oddities in the behavior of "difficult children" cause teachers, educators and parents to fear that they may not cope with them, seem ridiculous and helpless in their educational efforts.

Keywords: problem child, adolescent psychology, deviant behavior, risk factors of behavioral abnormalities.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс, біздің еліміздегі қылмыстың жалпы себептеріне байланысты, өз ерекшеліктеріне ие. Олар кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың жас, психологиялық, жыныс және басқа да тұлғалық ерекшеліктерімен және құқыққа қарсы мінез-құлық механизмімен байланысты; кәмелетке толмағандар арасында қылмыс жасауға ықпал ететін мән-жайлар болған кезде; қылмыс пен кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың динамикасы, құрылымымен; қоғамдық өмірдің әртүрлі әлеуметтік-экономикалық, моральдық-психологиялық салаларына қатысты демографиялық және басқа да көптеген факторлар. Олардың тиімділігі көбіне алдын алу объектісін, кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың әртүрлі топтары мен контингенттерінің ерекшеліктерін және студенттердің санын, олардың моральдық-психологиялық қасиеттерін, әлеуметтік ортаны және тікелей тұрмыстық ортаны жан-жақты білуге байланысты. Бұл профилактикалық тәрбие жұмысының ұйымдастыру формаларын дұрыс анықтау үшін аса маңызды. Нақты әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері студенттер арасындағы қылмыстық көріністер қазіргі уақытта қоғамға қарсы көзқарастардың пайда болуының негізгі себебі болып табылатын кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың жеке басының моральдық қалыптасуының қолайсыз жағдайларымен байланысты екенін дәлелдеуге негіз береді. Оқушыларды адамгершілік және еңбекке тәрбиелеу және олардың бос уақытын нашар ұйымдастыру; мемлекеттік органдардың, оқу ұжымдары мен қоғамдық ұйымдардың балалардың қадағалаусыздығымен және құқық бұзушылықпен күресудегі қызметіндегі қателер мен олқылықтар. Қылмыстық мінез-құлық генезисінде адамды оқушылардың мәдени-білімдік деңгейінің төмендігі ретінде сипаттайтын мұндай белгілердің жағымсыз мәні өте айқын көрінеді. Қылмысқа және басқа да құқық бұзушылықтарға барған студенттердің басым көпшілігін оқуы қиын, үлгермейтін жасөспірімдер құрайтындықтан, мектептің педагогикалық ұжымы мен қоғамдық ұйымдары оқушылардың осы контингентіне көбірек көңіл бөлуі қажет.

Мұндай балаларға мақсатты жеке профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу, оларды оқу ұжымдарының қоғамдық өміріне, спорттық және басқа да мектептен тыс жұмыстарға тарту, оқушылардың тұрғылықты жері бойынша ата-аналармен және қоғамдық

ұйымдармен байланысты нығайту және олардың бос уақытын өткізу қажет. Әрекеттер. Тәрбиеленуі қиын оқушылармен жеке жүйелі профилактикалық жұмыстарды жүргізуге бастықтарды, тәлімгерлерді және халық ағарту қызметкерлерін тағайындау тәжірибесі оң нәтиже берді. [5].

Көптеген педагогтар мен психологтардың әділ пікірі бойынша отбасындағы балалар тек объект ретінде ғана емес, тәрбиенің субъектісі ретінде де әрекет етеді. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша арнайы шаралардың тиімділігін арттыру үшін, ең алдымен, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялардың жұмысын және олардың мектептермен өзара әрекетін жақсарту қажет. Топтардың құрылымын және топ ішілік байланыстардың сипатын зерттеу олардың басым көпшілігі балалардың бос уақытын бірге өткізу мақсатында тұрғылықты жері бойынша өзара қарым-қатынасқа деген ұмтылысының негізінде пайда болғанын көрсетті. Бүгінде отбасы, бұқаралық ақпарат құралдарының мектебі адамгершілік пен құқық нормаларын үйретудегі қиын жұмыстан қорғанды. Ата-аналар ақша табады, мектеп бағдарламасында ең жақсы дегенде аптасына бір сағат «Азаматтықтану» курсына бөлінді, жарнамалық роликтер мен экшн-фильмдер теледидардан онша батыл бағдарламаларға орын қалдырмады. «Мүмкін емес» пен «мүмкін», «жақсы» мен «жаманның» айырмашылығын түсіндіретін ешкім болмады. Алайда, қоғамдық имандылықпен үйлесім тауып, заңсыз әрекеттерге бармау үшін жасөспірім адамгершілік пен заңның, қылмыс пен құқық бұзушылықтың айырмашылығын білуі, нені айыптаумен қарайтынын, не үшін айыппұл салынатынын білуі керек. Олар не үшін түрмеге отырады. Мұғалімдер мен ата-аналарды, дәрігерлер мен журналистерді, соттарды, полицияны, барлығымызды біріктіретін, студиядағы, ауладағы, балабақшадағы сабақтың шеңберінен шығып, жасөспірімдерді жеткілікті біліммен қамтамасыз ететін тәрбие процесі ғана қажетті жағдайға айнала алады. Қоғамымыздың ережелерін, нормаларын және заңдарын сақтау.

Демек, адамгершілік және құқық нормаларымен танысу, азаматтық пәндерді меңгеру жасөспірімнің психикалық деңгейін арттырады, бұл адамзат мәдениетінің қалыптасуының бір шарты болып табылады [1]. Ағартушылық руханилықты, білімге құштарлықты дамытады. Статистика көрсеткендей, құқық бұзушылардың арасында осы қасиеттерді бойына сіңірмеген жасөспірімдер де көбейген. Келесі, қызметті: жасөспірімдерді жұмыспен қамтамасыз ету. Бос уақыттың көптігі, жабық клубтар мен секциялар, бос уақытты өткізуге арналған бос орындардың жоқтығы жасөспірімдерді басқа қарым-қатынас жолдарын іздеуге, жертөлелер мен шлюздерге итермелейді. Тек жасөспірімнің толыққанды жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, үйірмелер, оқу және еңбек заңды бұзуға уақыт пен күш-жігерді қалдырмайды. Бала өз қалауын, қажеттіліктерін, күш-қуатын жүзеге асыра алатын әртүрлі бағыттағы үйірмелер, секциялар, үйірмелер жұмысын қамтамасыз ету қажет. Қазіргі экономикалық жағдайда балалар үйінің, клубтардың, басқа да мекемелердің өмір сүруі қиын. Президент Жарлығымен балалар мекемелерінің профилін өзгертуге және оларды жалға беруге тыйым салынды. Дегенмен, жағдайлар ақылы үйірмелер мен секцияларды ашуға мәжбүр етеді, бұл әркімнің қолынан келе бермейді. Сараңдық екі рет төлейді. Бүгін біз білімге, клубқа және бапкердің айлығына үнемдесек, ертең қайта тәрбиелеуге ақша саламыз. Жасөспірімнің барар жері, күшін салатын, қабілетін жүзеге асыратын жері жоқ. Өзін-өзі көрсету үшін қалыпты жағдайлардың болмауы «шытырман оқиғаны» іздеуге итермелейді. Тек ұйымдастырылған демалыс, шығармашылық және спорт өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді және жасөспірімді қауіпті сызықтан қорғайды. Бұл мәселені шешудің ең жақсы әдістері әлі күнге дейін А.С.Макаренконың педагогикалық қызметінде эзірлеген және сәтті сыналған әдістер болып табылады. Соңғы онжылдықтарда біздің елімізде бұл проблема бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулер кеңінен дамыды. Ең танымалы Д.И.Фельдштейннің еңбектері болды. Ол кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың төрт тобын келтіреді. Бірінші топ өкілдеріне бірқатар қарабайыр, азғын қажеттіліктер мен қоғамға жат көзқарастар мен идеялардың болуы тән. Олар өзімшіл, ашушаң, агрессивті, қасақана құқық бұзушылыққа барады, жұмыс істеуді ұнатпайды.

Мұндай жасөспірімдердің мінез-құлқын түзету үшін оларды қоғамдық пайдалы еңбек істеріне тарту қажет. Екінші топқа бірінші топ өкілдеріне еліктейтін, қажеттіліктері бұзылған жасөспірімдер жатады. Олар индивидуалды, жанжалшыл, әлсізді езеді. Түзету жұмысы жағдайды және мінез-құлықтың үйреншікті формаларын өзгертуден, оларға сенім білдіруден тұрады. Үшінші топтағы жасөспірімдерде деформацияланған және оң қажеттіліктер мен көзқарастар бар. Бірақ соңғысы олардың мінез-құлқын реттеуші бола алмады. Өзімшілдік пен әлсіздік оларды қоғамға жат әрекеттерге айыптайды. Олар үшін тәрбиелік мағынада ырғақты және қарқынды еңбек әрекеті, өз ойын жеткізуге және өзін-өзі бекітуге мүмкіндік беретін жұмыс пайдалы. Төртінші топқа өз-өзіне сенбейтін, ақылға қонымды, мықты жолдастарына ренжіген жасөспірімдер жатады. Оларға ұжымда ұдайы жұмыс істеу, олардың іс-әрекетін жүйелі бақылау және бағалау, жеке жауапкершілік, жарысқа белсенді қатысу қажет. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын әлеуметтік-педагогикалық түзету жолдарын қарастырайық. Оларды қайта тәрбиелеудің ұзақ процесінде мұндай құқық бұзушыларда қалыпты адамдық сезімдердің атрофиясын жеңуге ерекше назар аудару керек. Агрессивтілік орта сынып оқушыларында жекелеген топтар арасындағы қақтығыстарда көрінуі мүмкін. Маңайда тұратын жасөспірімдер арасындағы дау әдетте аумақтық «әсер ету аясы»: клубтар, кинотеатрлар және т.б. салдарынан жалғасады. Мұндай әрекеттердің заңсыздығын анықтау үшін сынып жетекшілерінің түсіндіру жұмыстары қажет. Сондай-ақ жасөспірім өз мүддесін ғана түсініп қана қоймай, жәбірленушінің позициясын ұстануы керек. Ақырында, жасөспірімді жоғарыда аталған қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндігі болатын пайдалы іс-әрекеттердің әртүрлі түрлеріне жиірек тарту керек. Күрделі мінез-құлықтағы балалар кез келген командаға көптеген қиындықтар мен қиындықтар тудырады. Ал тәрбие ұжымындағы «қиын» оқушылармен ұстаздың жұмысы ең алдымен педагогикалық оңалту болып табылады. Ол мыналарды қамтуы керек: психикалық шиеленіске жауап беру мүмкіндігі; жаман әдеттерден жағдайларды қамтамасыз ету; жасөспірімнің мүдделерін өзіне деген сенімділікті қолдау арқылы әлеуметтік жағымды нормаға ауыстыру.

А.С. Макаренко оқу-тәрбие жұмысын оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып құруға шақыра отырып, әрбір нақты тұлғаға өзінің барлық жеке ерекшелігімен есептелген «жеке іс-әрекет» педагогикасы туралы айтты. Сонымен бірге, ол жеке көзқарас «жұптық педагогика» емес, камералық білім емес, «әр оқушымен шашыраңқы әбігершілік» емес екенін атап өтті.

Педагог ең алдымен балаларды жақсы білуі, олардың әрқайсысының жеке, өзіндік ерекшеліктерін көруі керек. Тәрбиеші мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктерін неғұрлым жақсы түсінсе, соғұрлым ол оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие шараларын қолдана отырып, оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыра алады [8]. «Қиын» оқушыға қатысты педагогикалық ұстаным жеке тұлғаның жағымды ұмтылыстарын қолдайтын және жағымсыз жақтарының дамуына жол бермейтін шаралардың ақылға қонымды үйлесімімен біріктірілуі керек. Мұғалім өз шәкіртінің мінезінен жағымды бастамаларды таба білуі, оны дұрыс және дер кезінде мадақтап немесе жазалай білуі керек. [8]. Жеке көзқарас жазалау шаралары мен түрлерін қолдануда да көрінеді. Кейбір мектеп оқушыларына жай айыптау әсер етсе, басқаларына мұндай айыптау түрлері әсер етпей, тәрбиешінің кішіпейілділігі немесе жұмсақтығы ретінде қабылданады. Мұндай студенттерге қатысты қатаң жаза қолдану керек. Бірақ сонымен бірге жоғары жазаға нақты уәждеме қажет (мектеп оқушыларының мұғалімнің сәйкессіздігі мен әділетсіздігі туралы пікірі болмауы үшін) [6]. Көптеген мұғалімдер мұндай балалармен жұмыс істеудің бірнеше нұсқасын ұсынады:

- Олардың әрекеттері мен зиян келтіруі мүмкін әрекеттерін басу
- Оның қасақана қатал, арандатушылық әрекеттеріне мән бермеу
- Баланы қандай да бір белсенді әрекетке (спорт, ойын, шығармашылық) тарту [30,164]. Жоғарыда айтылған барлық әдістер мен әдістерді қорытындылай келе, «қиын» бала әрқашан «қалыпты» балаға қарағанда мұғалімнің назарын көбірек алады және аударуы керек. Егер еске түсіретін болсақ, «қиын» бала көбінесе ата-анасы тастап кеткен, туыстары

немқұрайлы қараған, көпшілік ұжымдарда сүймейтін болса, онда оған деген мұндай көзқарас ақталған болады.

Жұмысты қорытындылай келе, қазіргі қоғамдағы «қиын» балалар мәселесі өте өзекті деп қорытынды жасауға болады. «Қиындар» әдетте ерте жастан ересектер тарапынан девиантты мінез-құлықты көретін дисфункциональды отбасылардың балаларына айналады. Жасы ұлғайған сайын «қиын» баланың проблемалары әлсіреуі немесе күшеюі мүмкін, барлық мәселе олармен кім және қалай күресетінінде. Әрине, отбасы тәрбиеде басты рөл атқаруы керек, ал егер ата-ана баланың қоғамға жат мінез-құлқына дер кезінде жауап берсе, ол «қалыпты» өмірге қайта оралады. Ұстаздар тарапынан да мұндай балаларға көбірек көңіл бөлу мен қамқорлық қажет.

Мектеп оқушыларының девиантты мінез-құлқын анықтап, балаларға оны жеңуге көмектесу деген адамгершілік, асыл мақсат қойғанда мұғалім нені есте ұстауы керек?

1. Ең алдымен, ымырасыз позицияны ұстанып, үзілді-кесілді талаптар қою қажеттілігі туралы, ең маңызды әлеуметтік мінез-құлық ережелеріне немесе заңдарға келгенде оларды орындау үшін белсенді мәжбүрлеуді енгізу.
2. Мұғалім зардаптарды емес, себебін жоюы керек.
3. Педагог балалардың мінез-құлқындағы ауытқуларды жүйелі түрде қадағалауды, яғни пайда болған жағдайларға міндетті және дер кезінде ден қоюды белгілейді.
4. «Сәбіз бен таяқ» саясаты, яғни жазалауды үгіт-насихатпен, өтінішпен, ақыл-кеңеспен үйлестіру, түзеу тәрбиесінде ең сенімдісі болып табылады және ең жақсы нәтиже береді.
5. Сезімдерді тудыратын себептер үйреншікті бола салысымен, сезімнің әлсіреуі мүмкін екені белгілі. Сондықтан мұғалімнің әрекеті балалар тарапынан әділетті («себеп үшін») және жасалған құқық бұзушылыққа сәйкес болуы керек.
6. Сауапты балаларға олардың кез келген жақсылығы үшін парыз деп қабылдамауы керек. Марапаттау баланың өзін-өзі бағалауын арттыруға бағытталмауы керек.
7. Жазалау қаупі шынайы болуы керек.
8. Мектеп жасына дейінгі балалардың аффективтік мінез-құлқын талдау аффекттің себебі баланың өзіне берілген жағдайды біржақты қабылдауында және оны қайта ойластыруға мүмкіндігінің жоқтығында екенін көрсетеді.
9. Аффективті мінез-құлықты жеңудің негізгі жолы - жеке көзқарас. Жеке көзқарас тәрбие жұмысында әрқайсысының жеке басындағы жағымды жақтарға сүйену мүмкіндігін білдіреді.

Әдебиеттер

1. Буянов М.И. Ребенок из неблагополучной семьи. - М., 1999. 167 с.
2. Воспитание трудного ребенка 1989. 128 с.
3. Кочетов А.И., Верцинская Н.Н. Работа с трудными детьми - М., 1996с 128
4. Кравцова Е.Е. Как помочь детям преодолеть трудности в поведении- Минск, 2000 с.250
5. Наш проблемный подросток: понять и договориться/ под ред. Ретуш Л.А.- С-Пб., 2001 с. 205
6. Решетникова О.В. Понять – значит помочь//Школьный психолог-2004г.- №36 с.128
7. Рычкова Н.А. Поведенческие расстройства у детей: диагностика, коррекция и психопрофилактика- М., 2001 с. 136
8. Прихожан А.М. Тревожность у детей и подростков: Психологическая природа и возрастная динамика - Москва-Воронеж., 2000. с.210
9. Степанов В.Г. Психология трудных школьников М., 2006 с.228
10. Фромм А. Азбука для родителей или как помочь ребенку в трудной ситуации, – Екатеринбург: Изд-во АРД ЛТД., 2007. с.112

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОТБАСЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Серик Э.Б.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы*
elmi.serik2003@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Булшекбаева А.И.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы*
bulshekbaeva@mail.ru

Аннотация: Мақалада әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмыс істеу бағыттары көрсетіледі. Отбасының әлеуметтік мәртебесі сипатталады. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас түрлері зерттеледі. Отбасындағы әртүрлі әлеуметтік, өзекті мәселелер қозғалады. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыста ондағы баланың ахуалына аса мән беріледі.

Кілт сөздер: әлеуметтік педагог, отбасы, бала, қоғам, тәрбие, құқық, әлеуметтік орта, диагностика.

Abstract: the article reflects the directions of work of a social teacher with a family. The social status of the family is characterized. The types of parent-child relationships are studied. Various social, topical issues in the family are touched upon. In social and pedagogical work with the family, special attention is paid to the situation of the child in it.

Keywords: social educator, Family, Child, Society, education, law, social environment, diagnostics.

қазіргі заманғы ғылым саласындағы, оның ішінде трибология саласындағы студенттердің білім сапасын арттыруға қатысады. Магистранттар жұмысы «Студенттерге трибологияның физикалық негіздерін үйретуде интерактивті технологияларды қолдану»; «Трибологияның физикалық негіздері бойынша зертханалық практикум әзірлеу».

Болашақ мұғалімдердің физика студенттерін жобалау және зерттеу жұмыстарына тартудың екі маңызды аспектісі бар: қазіргі білім беру ортасы

1. жобаны жүзеге асыру процесі және студенттің зерттеу жұмысы оған физика курсының жалпы және арнайы бөлімдері бойынша оқу бағдарламасы аясында студенттер оқитын құбылыстар мен процестерді неғұрлым күрделі ғылыми деңгейде түсінуге және түсінуге көмектеседі;

2. жобалау және зерттеу қызметін жүзеге асырудың әдістемелік негіздерін білу болашақ мұғалімдерге мектептегі кәсіби қызметінде мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда қазіргі мұғалім алдыңғы педагогикалық тәжірибені қайта қарастырып, білім беру жүйесінде қолдануға болатын жаңа ресурстарды табуы керек. Студенттің дарындылығын, білімге деген қызығушылығын көрсету оны ғылыми-зерттеу қызметіне қосу арқылы мүмкін болады. Бұл қазіргі қоғамда өте өзекті, өйткені педагогикалық университеттердің көптеген студенттері көптеген пәндер бойынша білім мен дайындықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, сондай-ақ бейінді білім беру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тырысады. Студенттерді жобалау және зерттеу жұмыстарына тарту олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бағытталған білім беру ортасына қатысуға мүмкіндік береді, өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік береді, білім деңгейін арттырады, алған білімдеріндегі мүмкін кемшіліктер мен олқылықтарды анықтайды.

Сонымен қатар, зерттеу және жобалау жұмыстарына қатысу әлемнің материалдылығы мен дискреттілігінің қазіргі ғылыми көрінісі аясында болуы керек. Мұндай ғылыми жобалар студенттерге трибология процестерін жақсы түсінуге, оларды түсіндіруге және қазіргі физика ғылымының өзекті салаларында зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін трибомирмен эксперименттерге бағытталуы мүмкін. Мұндай зерттеу жұмыстарын студенттерді оқытудың вариативті бөлігінде жүргізу ұсынылады: трибология, заманауи физика бойынша арнайы курстар және жобалау және зерттеу қызметінің негіздері курсы. Трибологияны зерттеудегі зерттеу кезеңі жеке ғылыми жобаларды, зертханалық жұмыстарды, сондай-ақ студенттер тобы жүзеге асыратын зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуді қамтиды.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің IT және жаратылыстану ғылымдары Жоғары мектебінде «Трибологияның физикалық негіздері» арнайы курсы бойынша студенттер орындайтын жұмыстар жүргізілуде, зерттеуді өз бетінше жүргізуді, сондай-ақ оны талдау мен қорғауды көздейді [3]. Студенттердің көптеген зертханалық түрлері аспаптық қамтамасыз етуде де, дайындықта да қол жетімді. Олар трибологияның белгілі бір саласында немесе басқа арнайы пәндерде терең білімді қажет етпейді. Трибология саласының көптеген құбылыстары микроәлем мен макромир деңгейінде жақсы көрінеді. Оларды визуализациялау үшін жабдықты пайдалану жеткілікті:

1) trb^3 трибометрі

2) «micron-tribo» үйкеліс машинасы

Зертханалық жұмыстар тізімі: №1. Зертханалық жұмыс trb^3 трибометріндегі материалдардың трибологиялық сипаттамаларын зерттеу әдістемесі. №2. Зертханалық жұмыс 130 үлгісіндегі профиль параметрлерін және материалдар бетінің кедір-бұдырлығын анықтау. №3. Зертханалық жұмыс. Қатты бекітілмеген абразивті бөлшектерге үйкеліс кезінде материалдарды тозуға төзімділікке сынау әдісі.

Жабдықтар болмаған және зертханалық жұмыстарды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, зертханалық практикум нанотехнология саласының өзекті тақырыптары мен мәселелерін талқылай отырып, біреуін семинар сабақтарына ауыстыра алады. Жобалар әдісі, студенттердің нанотехнология саласындағы оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметі көптеген ұқсастықтарға ие және дизайнның кез-келген әдісін қолдану Жаңа физикалық

құбылыстар мен процестерді тану процесін өте маңызды ғылыми деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Зерттеу және жобалау қызметінің жалпы сипаттамаларына ұйымдық-басқару жоспарының сипаттамалары кіруі керек: Мақсат қою, шешілуі керек міндеттерді тұжырымдау; қойылған мақсаттарға сәйкес келетін құралдар мен әдістерді таңдау; жобалау жұмыстарын жоспарлау, нақты жүргізу немесе зерттеу; жоба жоспарына немесе зерттеу мақсаттарына сәйкес жұмыс нәтижелерін рәсімдеу; нәтижелерді ұсыну. Жоба әдісінің көмегімен студенттерді оқыту процесіне трибология негіздерін енгізудің және игеруге жоспарланған оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметін жүргізудің нақты мүмкіндіктеріне сәйкес.

Оқушыларға оқу-зерттеу іс-әрекетінің логикасында нәтижелі әрекет етуге мүмкіндік беретін қазіргі білім беру дағдылары:

- ұсынылған сипаттама бойынша ғылыми зерттеулерді талдау-проблеманы көрсету, зерттеу жүргізудің қолданылатын тәсілдері мен құралдарын көрсету, алынған ғылыми нәтижелердің тізбесін көрсету;

- қарапайым эксперименттің ұсынылған сипаттамасына сәйкес бақыланатын әсерді бөліп көрсетіңіз, байқалатын құбылыстың (қасиеттің) түсіндірмесін ұсыныңыз, осындай құбылыс байқалатын тұрмыстық жағдайларды тізімдеңіз, осы заңдылық (немесе заң) адамның белгілі бір қажеттіліктерін шешу үшін қолданылатын жағдайларды көрсетіңіз, тәжірибеде суреттелген заңды қолдана отырып жасалған техникалық өнертабыстарды атаңыз;

- ғылыми білімнің белгілі бір саласына қатысты объектіге (құбылысқа, оқиғаға) қатысты танымдық сипаттағы мәселелерді тұжырымдау;

- талқылауға ұсынылатын проблемалық жағдайлардың мағынасын түсіну, ұсынылған проблемалық жағдай бойынша проблемалық мәселені өз бетінше тұжырымдау;

- фактілерді пайымдаулардан, пікірлерден және бағалаулардан ажырату;

- зерттеу әдістерін-байқауды, тәжірибелерді, эксперименттерді (жаратылыстану-ғылыми әдістер); сауалнамаларды, салыстырмалы сипаттамаларды, фактілерді түсіндіруді (Әлеуметтік және тарих ғылымдарының әдістері); Математикалық объектілерді зерттеу әдістерін (нақты ғылымдар әдістері) пайдалану тәжірибесінің болуы;

- «Осы объектіні (құбылыс, оқиға) қалай зерттеймін» схемасы бойынша зерттеу процедураларының тізімін жасаңыз.

Оқушының жоба бойынша жұмысы мұғалім ұсынған немесе оқушының өзі тұжырымдаған тақырыпты таңдаудан басталады. Бұдан әрі оқушы басшымен (басшыларымен) бірлесіп жобамен жұмыс жоспарын жасайды, онда барлық кезеңдер онымен жұмыс істеу пункттері көрсетілуі тиіс: 1. Жобаның мақсаты мен міндетін қою. 2. Жоба тақырыбы бойынша ақпарат жинау. 3. Жоба бойынша жиналған ақпаратты талдау. 4. Жобаның егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу. 5. Эксперименттік (теориялық) зерттеулер жүргізу. 6. Жобаны сипаттайтын бастапқы мәтінді құрастыру. 7. Жұмысты рәсімдеу. 8. Жоба туралы Қорғаныс сөзін дайындау. 9. Жобаны қорғау.

Жұмыс жоспарына сәйкес оқушы тапсырманы орындай отырып, мұғалім-басшыдан (басшылардан) аптасына орта есеппен 1-2 рет немесе қажет болған жағдайда жүйелі түрде кеңес алады [4]. Сонымен қатар, мұғалім «Жас зерттеушінің» қызметіне «көрінбейтін» бақылауды жүзеге асырады, осылайша оқушы өз мақсатына жетіп жатқандай әсер қалдырады. Жоба бойынша жұмыс барысында мұғалімдерді бақылаудың рөлі біртіндеп төмендеуі керек, ал болашақта өзін-өзі бақылау оның орнын алады. Жоба бойынша жұмыстың басында студент зерттеу тақырыбы бойынша ақпаратты әртүрлік өздерден алады және жазады: кітаптар, мерзімді басылымдар, Интернет, бақылаулар және т. б. Содан кейін ол осы ақпаратты тұтастай өңдеуге кірісуі керек. Айта кету керек, бұл студент үшін жұмыстың қиын кезеңдерінің бірі, сондықтан көп көңіл мен көмек қажет мұғалім тарапынан. Жиналған ақпаратты талдағаннан кейін, егер жұмыс эксперименттік болса, эксперименттік қондырғыны жобалауға кірісіңіз. Жұмыстың осы кезеңінде қондырғыны жобалау қиын болған кезде оны құруға аға жолдастар немесе ата-аналар тартылуы мүмкін. Келесі кезең-

эксперименттің өзін жүргізу немесе қондырғының жұмысын практикалық сынау, алынған нәтижелерді талдау эксперименттік кезеңнің аяқталуы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді немесе қондырғыны жетілдіруге себеп болады. Жоба бойынша жұмыстың соңғы кезеңінде оның түпкілікті дизайны, содан кейін қорғау жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Чечель И.Д. Управление исследовательской деятельностью педагога и учащегося в современной школе. – М.: Сентябрь, 1998. 144 с.
2. Внедрение нанотехнологических знаний в общий курс физики на примере курса оптики/ И. В. Разумовская, Н. В. Шаронова, В. С. Шарощенко// Физическое образование: проблемы и перспективы развития: XII Международная научно-методическая конференция, посвященная 90-летию со дня рождения С.Е. Каменецкого. – М.: МПГУ, 2013. – С. 103 – 105.
3. Пәндердің кәсіби циклінде трибология саласындағы болашақ физика мұғалімін дайындаудың қажеттілігі // ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ, №1 (119), 2021. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.482>
4. Рыжкова Е.В. Формирование проектной компетентности будущих бакалавров туризма в вузе искусств и культуры на основе методики сквозного проектирования // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по матер. LVIII междунар. науч.-практ. конф. Новосибирск: СибАК, – 2015. – № 11(56). – 86 с.

ӘОЖ: 781

МУЗЫКА САБАҒЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Бисекова К.Е. оқытушы, магистр
М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қаласы
E-mail: erbolatova.89@mail.ru

Аннотация

Мақалада музыка сабағында музыка тыңдату арқылы балалардың қабілеттерін дамытудың тиімді жолдары қарастырылады. Мақала автордың көзқарасы мен мәселесі бойынша өзекті.

Кілт сөздер: музыка, аспап, орындаушылық, шығармашылық, өнер, тәрбие, адамгершілік, қабылдау, қабілет, тыңдаушы.

Аннотация

В статье рассматриваются эффективные способы развития способностей детей с помощью слушания музыки на уроках музыки. Статья актуальна по подходу автора и проблеме.

Ключевые слова: музыка, инструмент, исполнительство, творчество, искусство, воспитание, доброжелательность, прием, способность, слушатель.

Annotation

The article discusses effective ways to develop children's abilities through listening to music in music lessons. The article is relevant from the point of view and problems of the author.

Key words: music, tool, performance, creativity, art, education, goodwill, receipt of audio, the ability, the listener.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мектеп оқушылары бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, азаматтыққа тәрбиелеу және олардың

ақыл-ой танымдық шығармашылық қабілетін айқындау басты міндет екендігі баса айтылған. Бүгінгі ұрпақ жаңа ғасырдың белесінде жаңа тұрмыс салты бойынша өмір сүруі қажет. Оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, танымдылық, сана-сезімді қалыптастыру салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құруды керек етеді.

Дүниенің терең де нәзік сырын сезіне алатын жас ұрпақты тәрбиелеу – әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның қасиетті борышы. Ж.Баласағұнның балаға ұстаздық ету жөніндегі көзқарасы тәрбие мен білімнің сабақтастығы жайлы салмақты ойға жетелейді. Бала жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке араласуы тиіс. Тән мен жан тазалығы сабақтас. Тәрбие мен білім берудің бұл жүйесі парасатты ұрпақ өсірудің мәнін ашады. Сол талаптардың бірі – оқушылардың қабілетін қалыптастырып, дамыту [1, 3 б.]

Жалпы орта білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының нәтижесі мен сапасын көтеру мәселесі – бүгінгі таңда алдыңғы қатарда тұрған маңызды істердің бірі. Еліміз егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласына да түбегейлі өзгерістер мен жаңалықтар енгізіліп, оқыту мүмкіндіктері туды. Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы – осының айғағы. Бастауыш сатыда білім берудің түбегейлі мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда музыка пәнінің де алатын орны ерекше. Оқушылардың эстетикалық талғамын, рухани байлығын, әсемдігін, терең сезімін, музыкалық сауатын қалыптастыруды шығармаларды тыңдау, музыканы айту, тыңдау арқылы жүзеге асыру үшін музыка пәні мұғалімдерінің алдына көптеген міндеттер жүктейді. Мектептегі музыка пәнінің негізгі міндеті – музыкалық өнердің ықпалы арқылы оқушыларды жан-жақты да үйлесімді дамыту. Музыка пәні мұғалімінің негізгі мақсаты – оқушылардың музыканы қабылдау, есту іс-әрекетін тәрбиелеу және дамыту.

Кез-келген іс-әрекетті ойдағыдай табысты жүзеге асыру үшін дарындылық, бірнеше мақсатты бір уақытта шешу қабілеті талап етіледі, ал бұл үшін белгілі дағдылар мен іскерлікті меңгеру қажет. Балалар музыка сабағынан өзін қоршаған дүниенің әдемілігі мен сұлулығын өнермен үйлесімді сезінуге тиіс болса, ұстаз осыларға сәйкес музыкалық шығармалардың терең педагогикалық дәстүрін таныта білетін тәрбиенің әдістемелік көздерін табуы қажет. Мектептегі музыка сабақтары оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат-мақсаттарға жетелеп өнегелі істерге баулиды. Музыка сабағы мектептегі басқа пәндерге қарағанда оқушыларға ерекше әсер етіп, олардың ой-өрісінің дамып, шығармашылығының қанаттануына зор ықпал етеді. Музыка сабағы арқылы оқушылар тек қана ән айтып, музыка тыңдап қана қоймайды, ғылым-білімнің әр саласынан мағлұмат алып, бойларындағы қалаған өнердің немесе мамандықтың негізін қалыптастырады. Музыка сабағында оқушылар еркін ойлап, қиялдап, өз қиялдарының нәтижесін баяндауға немесе суреттеуге дағдыланады. Оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігі, өмірге деген құштарлығы, еңбекке, іскерлікке деген ынтасы артып отыруы үшін мұғалімнің әр сабақты сапалы да, жүйелі ұйымдастыруы қажет. Дұрыс ұйымдастырылған музыка сабағы арқылы оқушылардың бойында адамгершіліктің, жоғарғы мәдениеттіліктің негізі қаланып, саналы, тәртіпті, ақылды болып өсуі қалыптасады.

Музыкалық есту қабілеттері мынандай іс-әрекет түрлерінде қалыптасады: ән айтуда, музыкалық аспаптарда ойнауда, қосылған музыканы қабылдау процесінде. Дәл осы сәтте орындалған музыканы қабылдау процесі музыкалық есту қабілетін белсендіруде ерекше орын алады. «Әр өнер туындысы адамға: «Мені қабылда, мені өміріңнің мәніне айналдыр; келші мен сенің жаныңды жадыратайын, сәулелендірейін, тереңдетейін», деп тұрғандай болады», - деп түйіндейді И.А. Ильин [1, 14 б.].

Музыка бағдарламасы талаптарының бірі қабілетпен, музыкалық естуді дамыту болып табылады. Музыкалық қабілет және музыканттың есту мәселелері көптеген психологтар мен педагог-музыканттардың (Б.В. Асафьев, Б.М. Теплов, Н.Н. Ланге, А.Е. Мальцева, Д.Б. Кабалевский, И.А. Ильин және т.б.) зерттеу еңбектерінде қарастырылған.

Олардың тұжырымдамалары бойынша қабілеттер іс-әрекеттер барысында қалыптасатыны айқындалған.

Музыкалық қабілеттің жоғарғы буыны болып табылатын музыканттың есту мәселелерін зерттеген ғалымның бірі Б.В. Асафьевтің пайымдауынша, «Музыкалық есту түсінігі – музыканттың ішкі естуімен қабылданатын, орындаушылық қимылдарды іріктеуде, оларды талдауда, қорытындылау мен жетілдіруде бағыттаушы рөлі бар шынайы өмірдің көрінісі ретіндегі дыбыстық бейне» [2, 41 б.].

Музыканы қабылдау күрделі үрдіс. Сонау ХІ ғасырдағы Шығыс педагогикасы тарихында тәлім-тәрбиелік мәні жағынан аса құнды еңбек болып табылатын «Кабуснама» шығармасында музыканы тыңдау және қабылдауға байланысты біраз пікірлер айтқан. Автор (Кайкаус) осы еңбегін 63 жасында ұлы Гиляншахқа арнап жазған. «Жыршы және музыканттық туралы» деп аталатын 16-тарауында «Балам, біліп қой, егер музыка жолына түсер болсаң жеңіл де жайдарлы бол. Музыка өнеріне арналған сарайға кіргенде бет-әлпетіңді тыжырайтпа, қабағыңды түйме. Бір ғана баяу не жылдам орындалатын шығармаларды тыңдай берме. Өйткені, адамның мінезі де бірдей емес...» деген екен. Музыканы қабылдауды Яворский: «Музыканы қабылдау ісіне негіз болатын нәрсе – ойлау, бәрімізге анық естілетін сөйлеген сөз сияқты түсіне білу» деп есептейді. Асафьев «белгілі бір шығарманы жанды орындау арқылы таныстыру, сол арқылы музыкалық терминдерді жеткізу, оларды пайдаланудың анық та, айқын түсінікті түрін қарау. Ең негізгісі – оларды қызықтыра білу [3, 27 б.].

Музыканы тыңдау төмендегідей кезеңдерден тұрады.

Шығарманы тыңдау (орындап көрсету). Сабақ тақырыбына сай жаңа ән немесе күйді таныстырғанда әуелі шығарманы тыңдатамыз. Бұны күйтабақ т.б. техникалық құралдардан немесе мұғалім өзі орындап көрсете алады. Музыка тыңдай білмейтін құлақ үшін, ең әсем музыканың да ешқандай мәні болмайды» деп К.Маркс айтқандай, музыканы саналы түсініп, оны қабылдау өте маңызды. Шығарманы тыңдай отырып, балалар – шығарманың ырғағын, дыбыс биіктігін, дыбыс күшін немесе екпінін (қатты, ақырын, жәй т.б.) көңіл-күйін (нәзік, көңілді, мұңлы т.б.) ажыратуға үйренеді. Осы белгілер арқылы музыка баланың санасына жетеді, осылар арқылы шығарманың сипатын, көңіл-күйін сезінеді. Д.Б. Кабалевскийдің «... Музыканы белсенді қабылдау – жалпы олардың барлық бөлшектерін музыкалық қабылдаудың негізі» және «... балалар музыканы қабылдауға үзіліссіз сабақ барысында: ән айтуда, аспаптарда ойнауда, өзі тыңдаушы рөлінде аса жоғары назарды, рухани күшті қажет ететін сәттерде үйрену қажет. Музыкамен кездесулер формасы, әрбір музыкалық сабақтар тыңдау, ойлану іскерлігін жетілдіре отырып, музыканы естуге үйретеді» - деп жазған сөздерін естен шығармаған жөн [4, 22 б.].

Музыкаға деген эмоционалды жауап әртүрлі музыкалық іс-әрекеттерден көрінеді. Олар: қабылдау, орындау, шығармашылық. Жоғарыда көрсетілгендей, музыкаға деген эмоционалды жауап келесі бағыттағы екі қабілеттен: дыбысты ести білу (эмоционалды дыбыстық құрылым) және ырғақты сезіне білу (эмоционалды қабілет) байқалады. Олай болса музыкаға деген эмоционалды жауап реакциясы музыканы қабылдаудан және музыкалы ырғақтық қозғалыстардан көрінеді. Демек, музыкаға жағымды жауап реакциясы балалардың орындаушылық және шығармашылық іс-әрекеттерінен де сезіледі. Музыканы қабылдау дыбысты белсенді есту процесі болғандықтан, музыкаға деген эмоционалды жауапты қимыл қозғалыс әрекеттерін тудырады (қолдың ұсақ қозғалыстары, би қимылдары). Ендеше музыканы қабылдауда музыкалық ырғақтық қозғалыстар да негізгі рөл атқарады. Балаларда музыкаға деген жауап реакциясы өте ерте кезінен көріне бастайды. Яғни, бала көңілді музыкаға сергектікпен, қимыл қозғалыспен, дыбыс шығарумен жауап берсе, баяу музыкаға тыныштықпен, көңіл аударумен жауап қайтарады. Уақыт өте келе қимыл қозғалыс реакциялары музыкамен үйлесімділік табады.

Музыка туралы әңгіме. Бұл кезеңнің де балалардың музыкалық деңгейлерін дамытуда маңызы зор. Оқушылар музыкалық шығармаларды тыңдап қана қоймай, ән немесе күйден алған әсерлерімен бөліседі, шығарманың авторларын, шығу тарихын, мазмұнын әңгімелейді,

сұрақтарға жауаптар қайтара алады, ой қозғайды, сурет салады, талдайды. Сонымен қатар, жеткізуші – орындаушы – тыңдаушы – көрермен т.б. ұғымдармен танысады.

Музыка тыңдау ережелері:

- 1.Музыканы түсіну үшін оны басынан аяғына дейін зейін қойып тыңда.
- 2.Музыканы тыңдап отырғанда басқаға көңіл аударма.
- 3.Әннің немесе күйдің атына, мазмұнына назар аудар.
- 4.Музыканы есінде ұзақ сақтау үшін оны бірнеше рет қайталап тыңда.
- 5.Музыканың негізгі әуенін еске сақтап қалуға тырыс.
- 6.Әуенін ішіннен айтып орында.
- 7.Тыңдалған музыканың композиторын ұмытпа.

Музыканың мәнін түсініп, қабылдау үшін бұл өнер саласының өзіндік ерекшелігін айқын аңғарып, табиғат құбылыстарын, өмір шындығын музыкалық дыбыстар қандай жолмен бейнелейтініне ой жүгірткен жөн. Музыка тілі – басқа өнердің салаларымен салыстырғанда күрделі тіл. Музыкада айтылатын ой мен оқиға сазды дыбыстар арқылы беріледі. Музыка өнерінің ерекшелігі – сөз бен тіл жеткізіп айта алмайтын, адамның жан дүниесіндегі құбылыстарды, сезімде дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында. Музыка таза эмоцияға әсер ете отырып, адамның қиялы мен көңіл күйіне байланысты қабылданады. Музыкадағы барлық оқиға желісі дыбыс үнінің құдіретті тілі арқылы беріледі. Күрделі мазмұнға құрылған композициялық желісі, байланысы бар кесек туындыларды тыңдай білгенмен, толық түсіну қиын. Сабақтағы әуен ерекшелігін талдау біртіндеп, музыкаға құрылымына қарай ойысып, күрделене береді, фраза, период шығарманың құрылысына тоқталады.

Мұғалім – өзінің барлық болмысымен, мамандығына деген ыстық ықыласымен, ұстаздық еңбегіне жанкештілігімен балаға деген шынайы махаббатымен көрінетін ең үлгілі, өнегелі адам. Мұғалім – қоғамның тұтас ауқымына айналған қайта құру, жаңару процесінде оң өзгерістер, жаңаша ойлау, шығармашылық іс қимыл арқылы танылатын басты тұлға.

Жасөспірімдерді музыка әлеміне терең бойлап, түсініп қабылдауға, талғамын арттыруға, эмоциялық сезімдерін қалыптастыруға, жан-жақты білімді, мәдениетті болып өсуіне зор ықпал ететін музыка сабағының орны ерекше. Ал осы музыка сабағын баланың мектепке келген алғашқы күнінен бастап дұрыс ұйымдастырып, музыкалық тәрбие беру музыка пәні мұғалімінің алдында көптеген міндеттер жүктейді. Музыка пәнінің мұғалімі шығармашылық қиялы мол, арнайы бір аспапты еркін меңгере алатын, музыкалық сауатты, жан-жақты ғылым-білімнен хабардар, ой-өрісі кең маман болғанда ғана жасөспірімдерге жүйелі музыкалық білім бере алады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанған, өз өнеріміз бен рухани байлығымызды, әдет-ғұрпымыз бен салтымызды толық меңгеруге мүмкіндік алған жағдайға келген кезде, өз халқымыздың ғасырлар бойы жиналған бай мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру музыка пәні мұғалімінің басты мақсаты болуы керек. Сондықтан музыка пәні мұғалімі үнемі ізденіспен әр сабағында оқушылардың бойына ізгілік пен адамгершіліктің, әсемдік пен сұлулықтың, инабаттылық пен қайырымдылықтың нәрін беретіндей әдістерді қолданып отыруы керек. Қазіргі жалпы мектептерде ұсынылған музыка пәнінің бағдарламасына сай сабақтарды өткізуге мол мүмкіндік бар. Сол мүмкіндікті тиімді пайдалана отырып сабақтың түрін, формасын ауыстыра отыра, әр түрлі әдістерді қолданып, музыка сабағын мағыналы етіп өткізу мұғалімнің міндеті.

Музыка сабақтарында көбінесе оқушылардың ой-өрістерін кеңінен дамытатын, олардың сөйлеу мәдениетін, ойларын толық жеткізе білетін мүмкіндіктерін арттыратын тиянақты сұрақтарды дәл қоя білуі, қойған сұрақтарға жауап ала білуі, мұғалімнің өзінің тіл байлығы, дүниетанымы жан-жақты, білімі, ой-өрісі, сезімі терең болуы керек.

Музыка адам баласына тартқан тәңірдің сыйы. Ол халықтың жан күйінің, жарқын ойы әуен сазы мен білдіретін өнердің құдіретті бір саласы. Адам сезімінің асқақ үні, өткен күннің тарихи бейнесі, дәуіріміздің шындығы, эстетикалық ләззат беретін, арман ойды жеткізетін нәзік үндердің көркемдік кестесі. Музыканың өрісі кең. Әрбір нотасында заман ырғағы да,

бүгінгі күннің тынысы да, мақсаты мен ойы да көрініс тапқан, музыка уақыт тақырыбын тез қамтитын ұшқыр жанр. Сондықтан да ол тыңдаушысына жылдам әсер етіп, оның жан дүниесіне әсемдіктің нәзік сәулесін тез түсіреді. Міне, осындай өнерді игеру екінің – бірінің қолынан келмейтін сирек кездесетін, әрі талантты таңдап табатын табиғаттың сиқырлы тартуы.

Өнер – ой мен сезім бірлігі арқылы әлемнің тұтастай көрінісін жасайтын адам әрекетінің бір түрі, өнер және оның түрлері өзінің жақсы үлгілері арқылы адамның рухани мәдениетін байытып, дүниетанымын кеңейтеді. Өнердің қай түрі болмасын ең алдымен түйсік, қабылдауға баса көңіл аудару қажет. Өнер пәндері арқылы жеке тұлғаның рухани әлеміне мақсатты түрде әсер ету үшін, алдымен оқушылардың өнер шығармасына деген қызығушылығын оятып, оны көре, әсерлі тыңдай, қабылдай білуге, көркемдікті әдемілікті сезіне білуге баулу қажет.

Мектеп оқушыларына өз ұлтымыздың өнерін, халқымыздың асыл қазынасын бойларына сіңірту мақсатында музыка тыңдаудың рөлі өте зор. Халықтар арасындағы достықты сақтау үшін, әр халықтың жақсы ісімен өткен тарихты насихаттау үшін, жақсы мен жаманды айыру, табиғат сұлулығын, ерекшелігін сезіну, қайырымды, мейірімді, адал болу үшін- жалпы айтқанда оқушылардың өмірге деген көзқарастарын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.М.М. Нағымова. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудағы өнер сабақтастығы: теория және практика. – Алматы. – 2006.
- 2.Асафьев Б.Г. Избранные статьи о музыкальном просвещении и образовании. – М., 1973.
- 3.М.М.Нағымова. Музыка сабағындағы жаңа инновациялық технологиялар: Оқу құралы. – Алматы. – 2007.
- 4.Д.Б.Кабалевский. Музыка туралы әңгіме. – Алматы. – 1989.

РОЛЬ ИННОВАЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ

Курбанова Бахтихон Кучкарбаевна

кандидат филологических наук, доцент кафедры методики начального образования Ферганского государственного университета (Узбекистан)

Ключевые слова: *интеграция, интегративного обучения, инновационных процесс, педагогическая подготовка, внедрение инноваций, самоуправления учителей.*

Аннотация: *В этой статье рассматриваются вопросы подготовки будущих учителей начальных классов интегративному обучению, а также указаны основные направления инновационных структур в педагогической системе и пути совершенствования педагогической системы такие, как интенсивный и экстенсивный.*

Исследования показывают, что положительная мотивация может помочь учащимся, когда у них нет необходимых навыков или когда у них нет необходимого уровня знаний, навыков и способностей. Напротив, любой высокий уровень навыков не заменяет мотивацию и не обеспечивает адекватной эффективности учебной деятельности.

Сегодня педагог в образовательном учреждении должен постоянно искать нововведения, думать, менять свое отношение к своей профессии в зависимости от ситуации, а также работать над формированием новаторских идей у других.

Учителя должны быть специально подготовлены к такой деятельности, что, в свою очередь, является одной из основных функций руководителей образовательных учреждений при разработке долгосрочных стратегических планов развития образования, заниматься творческой деятельностью.

Это, в свою очередь, дает учителям возможность расширить свои профессиональные интересы, от чтения литературы до проведения теоретических, психологических, педагогических и фундаментальных исследований. Хорошая научно-педагогическая подготовка обеспечивает эффективность инновационной деятельности. Учителя, активно участвующие в инновационных процессах, становятся катализатором регулярного саморазвития и совершенствования системы образования, что важно для ускорения этих процессов.

Работа с такими учителями, то есть организация и координация деятельности учителей, которые могут следить за педагогическим коллективом, имеет свои особенности. Поэтому руководители образовательных учреждений обладают необходимыми знаниями для создания и внедрения инноваций, эффективного использования потенциала изобретателей, продвижения их опыта, популяризации, оценки результатов инновационной деятельности, особенно на уровне образовательных учреждений и преподавательского состава. Им необходимо обладать навыками и компетенциями, определяющими их интегративные навыки.

Интегративный навык - обобщенный навык, который необходим руководителю образовательного учреждения при систематическом планировании и реализации целей внутреннего управления образовательного учреждения, направленный на достижение положительных результатов в управленческой деятельности, развитие педагогических процессов.

Без этого навыка трудно четко определить пути, средства и время для достижения цели. Интеграционные выводы и рекомендации педагогической науки и предыдущего опыта являются источником новых идей, которые, в свою очередь, влияют на эффективность управления инновационным процессом.

В целом организация инновационной деятельности учителей в образовательном учреждении обусловлена объективными и субъективными факторами. К объективным факторам относятся новая государственная образовательная политика, фундаментальные и прикладные исследования в сфере образования, опыт учебного заведения в сфере инновационной деятельности.

Благодаря организации инновационной деятельности на научной основе наблюдается стабильность внедрения нововведений в образовательный процесс. Самое главное - выбирать инновации с учетом готовности и потребностей профессорско-преподавательского состава к инновационной деятельности.

Системное управление развитием системы образования направлено на объединение членов педагогического коллектива в рамках целевых программ, совмещение индивидуальных инновационных проектов, выполнение нормативных функций образовательных учреждений.

В процесс внедрения обновленной структуры управления образовательным учреждением также входят:

1. Субъект - руководитель, заместитель руководителя, осуществление деятельности самоуправления учителями и учащимися.

2. Элементы процесса внедрения включают формы, методы и инструменты как набор мер для поддержки устойчивости инновационной модели.

Основная форма реализации - педагогическая экспериментальная работа, которая включает анализ, оценку результатов, совершенствование содержания деятельности учителей, определение их взаимоотношений и взаимодействий, прав и обязанностей.

В этом процессе анализ распределения задач исследует поток информации в системе, документооборот, режим работы, статусные и классификационные характеристики

учреждения, должностные инструкции, а также виды деятельности учреждения, функциональные функции инноваторы и инновации. Выявлены подтверждающие документы, уставы, планы оперативных согласований и другие нормативные документы. Инновационная активность в образовании проявляется в следующем:

- ориентация на мониторинг деятельности квалифицированных преподавателей с передовым опытом;

- установить различные меры для учителей, чтобы контролировать и контролировать друг друга;

- реализация учительско-студенческого института;

- предоставление информации о практике инновационной деятельности;

- семинары, консультации в области проектирования и моделирования инновационной деятельности;

- пример - привлечение более опытных учителей к формированию стратегии инновационной деятельности.

Мы знаем, что педагогический процесс основан на педагогической системе. Педагогическая система - это сплоченный набор основателей, которые остаются устойчивыми к изменениям. Если изменение превышает любой возможный предел, система выходит из строя и заменяется новой системой с другими функциями. Педагогическая система - это очень сильное сочетание элементов. Структура любой педагогической системы сегодня состоит из совокупности следующих взаимосвязанных элементов: учащийся; цель обучения; образовательный контент; учебный процесс;

Каждый из компонентов этой системы можно разделить на элементы любого уровня.

У нас есть основания полагать, что рассматриваемая система не идеальна. Те, кто не согласен с вышеизложенным, могут полагать, что важными составляющими педагогической системы являются «результаты», «управление учебным процессом», «технологии».

Цели согласуются с результатами и образуют непрерывный процесс. Полное согласование целей с результатами служит мерой уверенности в педагогическом процессе. Подчеркивая единство отдельных факторов как неотъемлемой части педагогической системы, их часто называют технологией учебного процесса. При таком подходе педагогическая система становится надежным организационно-технологическим комплексом, обеспечивающим достижение поставленной цели. Следует отметить, что педагогическая система - это всегда технология. Технология - это внутреннее качество системы, определяющее ее возможности в соответствии со строгой организационной логикой.

Однако даже на уровне оценки задачи технолог опирается на определенные процессы и события. Определенные процессы используются как свидетельство успеха, а результаты знаменательных событий осознаются как источники новых причин и следствий. Разработка технологий обучения не дает «невозможного» вывода, кроме методологического «обобщения опыта». Для технолога это всего лишь вопрос времени и средств. В основе технологии лежат известные, проверенные, обоснованные, неоспоримые идеи. Технолог работает с конкретным результатом, не экспериментируя. Технология не допускает вариативности, ее основная задача - получить четко гарантированный результат, в базовом решении она всегда проста. Понимание основного решения раскрывает все остальное, систему взаимно необходимых элементов, содержание заказа. Никакая часть технологии не может быть удалена, не может быть избыточности. Это очень сложная ситуация, поскольку каждый второй учитель работает в поисковой и исследовательской манере, что увеличивает неопределенность в отношении результатов школьной жизни ребенка.

Всегда есть те, кто критикует учителей, особенно в так называемых «точных» дисциплинах, и они всегда начинают с пересмотра и модернизации моделей педагогической системы. Рассмотрим теперь некоторые из основных характеристик процессов, происходящих в педагогической системе. Каждая конкретная модификация педагогической системы имеет свои особенности и возможности для достижения желаемого результата. Эти

возможности строго определяются особенностями системы. Таким образом, если мы хотим достичь желаемого уровня и качества образования, нам необходимо подумать о соответствующей педагогической системе, и ее функционирование должно обеспечивать необходимое направление и интенсивность педагогического процесса. Как следствие, более высокая эффективность образовательного процесса всегда является результатом совершенствования педагогической системы. Это очень сложная проблема, и сейчас мир начинает их развивать. В настоящее время можно собрать множество общих показателей, «затраты» и «результаты», и определить полезность этой проблемы позволит решить ее с экономической точки зрения. Интуитивные и субъективные суждения легко понять неправильно, и единственный выход - собрать идеи.

Есть два основных пути совершенствования педагогической системы: интенсивный и экстенсивный. Интенсивное развитие предполагает совершенствование педагогической системы за счет внутренних возможностей, а экстенсивное развитие предполагает вовлечение дополнительных сил - то есть средств, оборудования, технологий. Возможности интенсивного развития педагогической технологии исчерпаны: существование школы - это возвращение к роли современных педагогов, испробовавших на протяжении тысячелетий все пути, выполнение миссии образования, глубокое понимание его основных принципов.

Опять же, если школа еще не мертва, если она жива, процветает и обучает детей, то это только из-за ее консервативного характера. Некоторые теоретики утверждают, что в самом ближайшем будущем инновации в педагогике будут означать только одно - возвращение в прошлое, вдумчивое и рациональное воспитание, духовное воспитание, возвращение к мирной системе без новизны и усилий.

Западные школы широко расширяют свою педагогическую деятельность за счет новых информационных технологий, выделения времени на различные учебные мероприятия, а также дифференциации и индивидуализации классов. По мере повышения качества педагогических продуктов растет и вопрос: многие независимые эксперты настроены скептически. Выходом из сложившейся ситуации является разработка педагогической системы «Взаимосвязанные инновации», которая позволяет сочетать интенсивные и экстенсивные пути. Это требует глубокого изучения возможностей использования педагогики, что проявляется в том, что они встречаются с разными типами педагогических систем разного характера и на разных уровнях.

Можно попытаться повысить общую эффективность педагогической системы за счет устранения пробелов с помощью новых технологий. При таком подходе инновации - это не мнимая «внешняя» мера, а глубокая потребность и знание системы, сознательная трансформация.

Если посмотреть на инновационные проблемы с этой точки зрения, кажется, что в них почти нет ничего нового. В частности, нет новых «рецептов» решения старых проблем. В целом мы должны включать новаторские идеи, основанные на новых знаниях о процессе человеческого развития, беспрецедентные теоретические подходы к решению педагогических задач, высокие результаты от конкретных практических технологий.

Количество общих и частично инновационных проектов по актуальности уровня развития идей в педагогике, а также анализ их использования в педагогической практике позволили отнести их к общепедагогическим новациям.

Основные направления инновационных структур в педагогической системе:
интегрированная педагогическая система;

- школа;
- педагогическая теория;
- учитель;
- студенты;
- педагогическая технология;
- содержание;

- формы, методы, инструменты;
- управление;
- цели и результаты.

Из глубины подструктур можно сделать выводы о характере, качестве и целесообразности инновационных инноваций.

Следует учитывать, что изменения, происходящие в нашем обществе в экономической, социальной, политической и культурной сферах, также зависят от системы образования, которая определяет интеллектуальный потенциал нашей страны в будущем и является ключевым условием для его развитие. В то же время рост интеллектуального потенциала, развитие качества окажут влияние не только на эффективность образования, совершенствование системы в этой сфере, но и на рост всех сфер этой социальной системы. Поэтому одним из стратегических направлений в образовании сегодня является определение инновационной деятельности образовательных учреждений как ключевого фактора. Понимание необходимости реформирования системы образования требует, чтобы образовательные учреждения были вовлечены в инновационные процессы на практике, чтобы видеть в инновационном пространстве, где они имеют возможность создавать и, что наиболее важно, внедрять конкретные инновации.

Жизнь ставит перед образовательными учреждениями новые, казалось бы, невыполнимые задачи: на основе старых, разработок инновации и внедрять их на практике.

Необходимо понимать, что «погоня за инновационными процессами» сегодня является неотъемлемой частью нашей жизни. Процесс рыночных отношений происходит за стенами наших учебных заведений. Этот процесс принадлежит непосредственно нам, потому что концепция конкуренции между образовательными учреждениями, их конкурентоспособность, качество образования, социальные порядки входят в нашу жизнь. Скорее, мы всегда должны чувствовать, что этот процесс - это среда, в которой мы живем, образ жизни.

Сопротивляться этому процессу бесполезно и опасно. Все вынуждены участвовать в этом стремительном процессе. Самым важным в этом процессе является разумное и полезное для нашей организации участие. Многие эксперты считают, что способность адаптироваться к изменениям сегодня является ключевым фактором развития, ключевым фактором обеспечения конкурентоспособности любого учебного заведения.

2. Сегодня традиционные и популярные формы обучения и воспитания в системе школьного и высшего образования сменяются инновационными процессами в развитии образовательных учреждений.

«Инновационное образование» обычно определяют как внедрение новых (полезных) элементов в учебный процесс. Следовательно, инновации в системе образования напрямую связаны с изменениями. Изменения в системе образования включают:

- цель, содержание, метод, технология, форма организации и система управления;
- организовать уникальность учебного процесса в педагогической деятельности;
- система мониторинга и оценки образования;
- учебно-методическое обеспечение;
- разработанная система воспитательной работы;
- учебные планы и учебные программы;
- обеспечение ученика и преподавателя.

Новизна имеет четко выраженный исторический характер, то есть может появиться преждевременно, стать нормой во времени или устареть. При развитии системы школьного или высшего образования, возможно, системы образования в целом:

- абсолютная новизна (сходство, отсутствие прототипа);
- относительная новизна;
- уникальная, изобретательная новизна.

Типы новостей группируются в школе и вузе по разным признакам:

Первая классификация (группа) основана на релевантности инноваций

педагогическому процессу, происходящему в системе школьного и высшего образования. Исходя из понимания этого процесса, можно выделить следующие типы новизны, по:

целям и содержанию образования;

методам, задачам, технологиям педагогического процесса;

формам и средствам организации обучения и воспитания;

Вторая классификация (группа) в системе образования основана на шкале инноваций.

Здесь можно выделить следующие:

- несвязанные местные и раздельные (односторонние);

- сложные, взаимосвязанные;

- систематические, охватывающий всю систему школьного и высшего образования.

Третья классификация (группа) основана на инновационных возможностях. Это:

изменение известных и принятых, связанных с улучшением образовательных программ, учебных планов, структур, изобретательности, изменения внешнего вида;

комбинаторная;

радикальная;

Четвертая классификация новой статьи (группы) группируется по характеристикам предыдущих. В данном случае как источник обновления в системе школы и вуза:

социальный заказ как потребность страны, области, города, района;

отражение общественного строя в законах и документах районного и областного значения;

достижение комплексного гуманитарного знания, передовой педагогический опыт;

интуиция и креативность руководителей и педагогов в анализе;

экспериментальная работа;

зарубежный опыт.

Обобщая вышесказанное, можно сделать вывод, что инновационное образование повышает мастерство преподавания, интерес к процессу обучения, улучшают понимание учебного материала, формируют функциональную грамотность, проектную грамотность, теоретическое мышление, экологическое и экономическое мышление, общение, социальную активность, гражданское сознание и самосознание.

Использованная литература:

1. Юзликаева Э., Мадьярова С., Янбарисов Э., Морхова И.В., Рузметова Х.А., Теория и практика общей педагогики. – Т.: ТГПУ, 2014.
2. Азизходжаева Н.Н. Педагогические технологии и педагогическое мастерство. – Т.: Молия, 2002.- 192 с.
 1. Ангеловски К. Учителя и инновации. Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1991.- 159 с.
 2. Бабаханов А.А. Общественно-педагогическая и литературная деятельность Хамзы. – Т.: Ўқитувчи, 1979.
 3. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.: ИРПО, 1996.- 336 с.
 4. Ингенкамп К. Педагогическая диагностика. – М.: Педагогика, 1991.- 240 с.
 5. Мусурманова О. Ўқитувчиларнинг маънавий маданиятини шакллантириш. – Т.: Фан., 1998.- 112 б.
 6. Подласый И.П. Педагогика. В 3-х кн. Кн.1. Общие основы педагогики. – М.: ВЛАДОС, 2007.
 7. Шермухаммадов Б.Ш., Сиддиков Б.С., Курбонова Б.К., Мухамадалиева М.Б. Педагогика, инновация и интеграция начального образования. – Фергана: Classic, 2022.

ОҚУ ҮРДСІНДЕГІ CASE STUDY ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Биология 7М01513 мамандығының 1- курс магистранты Н. Е. Пошанова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Noka.taetae@mail.ru

Избасарова Р. Ш., PhD., ағаоқытушы

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, aserial1@mail.ru

Андатпа: бұл мақалада case-study технологиясын оқу процесінде қолдану қарастырылды. Осы әдістің пайда болу тарихы және оны Қазақстанда қолдану әдістемесі баяндалды. Кейс ұғымына анықтама беріліп, оқыту мен оқу процесінің арасындағы айырмашылықтар нақтыланды және case-study әдісінің негізгі міндеттері анықталды.

Тірек сөздер: білім беру, оқыту, нақты жағдаяттарды шешу әдісі, Case-study әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері.

Аннотация: В данной статье рассматривается использование технологии Case-study в учебном процессе. Авторы обращаются к истории возникновения данного метода и к его применению в Казахстане. Дается определение понятия кейса, уточняются различия между процессом преподавания и обучения, определяются основные задачи метода Case-study.

Ключевые слова: обучение, преподавание, метод конкретной ситуации, преимущества и недостатки метода Case-study.

Annotation: The article discusses the use of the method of the specific situation in the educational process. The authors refer to the history of the origin of this method and its use in Russia. Defines the concept of the case, it clarifies the distinction between the process of teaching and learning, identifies the main problems of the method Case-study.

Key words: learning, teaching, method specific situation, the advantages and disadvantages of the method Casestudy.

Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесі оқушыларды нақты тұжырымдалған міндеттерді шешуге үйретуге бағытталған. Кәсіби қызметтің басталуы белгілі бір қиындықтармен сипатталады. Өйткені өмірде, яғни практикада жиі кездесетін мәселелер жас мамандар үшін күрделі болып шығады.

Осыған байланысты отандық білім беру жүйесін тәжірибеге жақындату бағытында өзгерту мәселесі алдына қойылды. Қазіргі уақытта жоғарғы оқу орындарында оқытудың құралдары мен әдістерін өзгерту, студентті материалдың үлкен көлемін түсінуге және оны талдауға, фактілерді ақпарат ағынынан оқшаулауға үйретуге арналған жаңа технологияларды қолдану қажеттілігі туындады. Сонымен қатар олар басқа адамдардың мүдделерін ескере отырып, олармен байланыс орнатуға бағытталған нақты міндеттерді шешуге дайын болу керек.

Оқыту мен оқу стильдері өзінің табиғаты бойынша үнемі өзгеріске ұшырайды және соңғы жылдары оқыту стильдері лекциялық сабақтардан студентке бағытталған сабақтарға ауыса бастады. "Case study" әдісі оқытудың барған сайын танымал түрі болып табылады және студенттердің дағдылары мен білімдерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта студенттер оқу процесіне белсенді қатысқан кезде олардың оқу үлгерімі тиімдірек болатыны дәлелденді [1].

Білім беруде case-study әдісінің пайда болуы мен таралуы XX ғасырдың 20-шы жылдарының басынан басталады. Алғаш рет оны АҚШ-та пайда болған Гарвард бизнес мектебінде және Гарвард университетінің мемлекеттік қызметкерлер мектебінде қолданған. Бұл әдістің әлемде одан әрі таралуы 70-80 жылдарға жатады. Дәл осы уақыттарда бұл әдіс Кеңес Одағында да белгілі бола бастады. Бұл әдісті әзірлеуге және енгізуге Г.А. Брянский,

Ю. Ю. Екатеринославский, О. В. Козлова, Ю. Д. Красовский, В. Я. Платов, Д. А. Поспелов, О. А. Овсянников, Б. С. Рапопорт және т. б. көп үлесін тигізген [2].

Шетелдік бизнес мектептерінде кейстермен жұмыс істеу үйреншікті жағдайға айналды. Кейс-стади әдістемесі алғаш рет қолданылған Гарвард мектебінде жұмыс уақытының шамамен 90% кейс-стадилерді талдауға жұмсалады. Қазақстандағы жағдай классикалық кейстерді емес, зерттелетін тақырып шеңберінде ұйым қызметінің бір немесе басқа аспектісін қарастыратын шағын кейстерді пайдаланумен сипатталады.

Бұл әдістің мәні нақты мәселелерді немесе жағдайларды сыни талдау және шешу болып табылады. Кейс – бұл оқу процесіне практикалық жағдайды енгізетін, талқыланатын және оған негізделген дәлелді шешім ұсынатын құрал. Кейстердегі рөлдердің жоғары шоғырлануының арқасында бұл технология проблемалық оқытуға жақын. Кейс технологиясының ең жалпы анықтамасы қандай да бір салада болған және оқу аудиториясында пікірталасты дамыту, студенттерді оңтайлы шешімдер қабылдау үшін жағдайды талқылауға және талдауға бағыттау үшін сипатталған нақты оқиғалар болып табылады [3,4,5]. Бунвелл Case study-ді мәселенің мәнмәтіні туралы түсінік беретін, сондай-ақ негізгі ойды бейнелейтін күрделі мысалдар ретінде сипаттайды [1].

Case study жақтастарының пікірінше, оның негізгі дидактикалық артықшылығы, бұл оқушыларды белгілі бір мәселелерді шешуге тартуға мүмкіндік береді: "...атап айтқанда, олардың диагностикалық инстинктін үйрету үшін, мәселені дұрыс қоюды үйрету үшін" [6].

Педагогикалық зерттеулер case study технологиясын пайдалы педагогикалық құрал екенін көрсетті. Сонымен қатар case study технологиясы студенттердің мотивациясының жоғарылауымен және пәнге деген қызығушылығымен байланысты болды [7].

Case-study әдісін қолданған кезде оқыту үрдісі бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Бірінші кезеңде тыңдаушылар оқыту ортасында проблемалық жағдайды сипаттайтын мәтінмен танысады.
2. Екінші кезеңде олар тақырыптың әртүрлі аспектілерін ашуға бағытталған тапсырмаларды орындайды.
3. Аргументтер мен контраргументтерді тұжырымдайды.
4. Әрі қарай, студенттер өз шешімдерін дәлелдеу үшін өздері іздейтін виртуалды гипермәтіндер туралы ақпаратты пайдаланады.

Оқытушының рөлі проблемалық мәселелер арқылы әңгімелесуді немесе пікірталасты басқарудан, имплицитті ақпарат көздерін көрсетуден және тиісті әдебиеттерге сілтемелерді беруден тұрады [8].

Кейс стади - әдісінің негізгі міндеттері: кәсіби саладағы жағдайларды талдау және проблеманы қою дағдыларын игеру; қосымша ақпаратты талап ету қабілетін пысықтау, өз көзқарасын нақты және дәл көрсету дағдыларын меңгеру, жағдайды топтық талдау негізінде өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын меңгеру [9].

Нақты жағдайларды талдау әдісі белгілі бір артықшылықтар мен кемшіліктерге ие [10].

Бұл әдістің артықшылықтарына мыналар жатады:

- әдістің практикалық бағыты (білім алушы теориялық білім мен жағдайды талдауға сүйене отырып, көшбасшы рөлін атқарады);
- практикадан нақты мысалдармен шешім қабылдау теориясын зерттеу және проблемалық жағдайларды шешудің типтік схемаларын өңдеу;
- оқытудың белсенді түрі (қысқа уақыт ішінде фактілер зерттеледі, мәселелерді шешудің әртүрлі нұсқалары жасалады, білім алушылар мұғаліммен және бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алады, барлығы пікірталас процесіне енгізілген);
- топтағы талқылаумен бірге жеке жұмысты ынталандыру;
- оқуда кері байланыстың болуы (жазбаша баяндамалар бойынша білім алушылардың дағдыларын бақылау және ағымдағы бағалау мүмкіндігі);
- білім алушылардың білімі мен практикалық тәжірибесін пайдалану (кейс оң және теріс өмірлік тәжірибенің нәтижесі ретінде);

Бұл әдістің кемшіліктеріне мыналар жатады:

- экономикалық тәжірибенің барлық алуан түрлілігін тіпті мыңдаған жағдайларды сипаттау мүмкін емес, ең бастысы-шешім қабылдау процедураларын білу;
- case-study әдісін қолдану оқытушының білікті аудиторияда талқыланатын кейс мәселелері бойынша жеткілікті біліктілігінің болмауымен күрделене түседі;
- белгілі бір жағдайды талқылаудың көптеген баламалары бар, оны шешудің әртүрлі тәсілдерінің болуы ымыраға келу қиындығы.

Қорыта келгенде, нақты жағдайларды талдау әдісін қолдану студенттерге еркін әрекет етуге, өз пікіріне құқығы бар екенін сезінуге мүмкіндік береді. "Өзін-өзі басқаратын оқыту" қағидатын басшылыққа ала отырып, оқытушы білім алушыларға нақты өмірлік жағдайларды талдау және нарықтық экономика жағдайында қазіргі заманғы адамға қажет дербес шешімдерді әзірлеу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, кейс-әдісі жоғары нәтижелілікті қамтамасыз ету үшін оқытушыға да ерекше талаптар қояды. Оқытушы, әдетте, бірлескен шығармашылық іс-әрекеттің ұйымдастырушысы ретінде әрекет етеді, әр қатысушыда өз көзқарасын білдіруге деген ұмтылысты оятады. Кейс-әдісті іске асыру барысында мұғалім оқушыларға осы немесе басқа басқарушылық немесе моральдық мәселенің дайын шешімін айтпайды: ол тек оны шешу жолдарын іздеуге көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бонвилл С.С. и Эйсон Дж.А., 1991. «Активное обучение: создание азарта в классе», Отчет о высшем образовании ASHE-ERIC № 1. Университет Джорджа Вашингтона. Школа образования и развития человека. Вашингтон, округ Колумбия. 99
2. Дорофеев А. Профессиональная компетентность как показатель качества образования // Высшее образование в России. – 2005. – № 4. – С. 30-34.
3. Смолянинова О.Г. Инновационные технологии обучения студентов на основе метода Case Study. Инновации в российском образовании. - М.: ВПО, 2000. – 139 с.
4. Вагина М.В. Использование метода кейс-стади как образовательной технологии URL: <http://www.gup.ru/events/smi/detail.php ID=166183>
5. Смолянинова О.Г. Дидактические возможности метода case study в обучении студентов. URL: <http://ipps2.sfur.ru/sites/ipps.institute.sfur.ru/files/publications/57.pdf>
6. Стаппен Ван И. Кейс-метод // Метод case study: сб. науч.метод. статей / Под общ. ред. М.А. Гусаковского. Минск: БГУ, 2011. С. 9–14.
7. Савин-Баден М. Содействие проблемному обучению: другая сторона молчания. СавинБаден М. Содействие проблемному обучению: другая сторона молчания. SRHE / Open University Press. 2003. С. 21-25.
8. Астафурова, Т. Н. Модель обучения студентов иноязычной виртуальной коммуникации в сети Интернет / Т. Н. Астафурова // Приоритеты развития классического университета в условиях модернизации образования : материалы Междунар. науч.-практ. конф. – Волгоград : Изд-во ВолГУ, 2011. – С. 49–54.
9. Смолянинова О. Г. Инновационные технологии обучения студентов на основе метода Case-Study // Сборник «Инновации в российском образовании». – М.: ВПО, 2000.
10. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://lektsii.net/2-49786.html>.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОПИНГ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ТАҢДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мукашевой А.Б.

(Д.п.н)

Каренеева Ж.А.
(2 курс магистранты)
E-mail: kareneeva99@mail.ru

Аннотация. Білім беру мекемелерінде немесе қоғамда қандай да бір стресс тудыратын жағдай болғанда, ол ересектер мен балаларда, әсіресе ерекше білім қажеттіліктері бар балаларда стресс әсері терең реакция тудыруы мүмкін. Стресстерге жауап беру үшін қолда бар копингтік ресурстардың көпшілігін ерекше білім қажеттілігі бар баланың дамуы мен эмоционалды жетілуіне жеке көңіл бөлінген жағдайда қолдануға жарамды болады. Сонымен қатар, ерекше білім қажеттіліктері бар білім алушылардың (мысалы, эмоционалды, когнитивтік, физикалық және т.б.) жарақаттар мен күйзелістерге өздерінің бұрынғы тәжірибесі мен қазіргі жағдайды қабылдау негізінде жауап береді. Баланы жақсы білетін тәрбиешілер мен білім беру мекемелерінің қызметкерлері оның реакциясы мен мінез-құлқын болжай алады, себебі олар баланың күйзеліске деген реакциясын бұрын тәжірибелерінде байқаған.

Тірек сөздер: копинг-стратегия, копинг-ресурс, ерекше білім қажеттіліктері бар балалар.

Аннотация. Возникновение стрессовой ситуации в образовательном учреждении или обществе может вызвать глубокие реакции у взрослых и детей, особенно у детей с особыми образовательными потребностями. Большинство ресурсов преодоления, доступных для реагирования на стрессоры, можно использовать, если уделять индивидуальное внимание развитию и эмоциональной зрелости ребенка с особыми образовательными потребностями. Кроме того, учащиеся с особыми образовательными потребностями (например, эмоциональными, когнитивными, физическими и т. д.) реагируют на травму и стресс, основываясь на своем прошлом опыте и текущем восприятии. Педагоги и педагогический персонал, хорошо знающие ребенка, могут предсказать его реакции и поведение, поскольку они наблюдали реакцию ребенка на стресс в своем предыдущем опыте.

Ключевые слова: копинг-стратегия, копинг-ресурс, дети с особыми образовательными потребностями.

Annotation. The occurrence of a stressful situation in an educational institution or society can cause profound reactions in adults and children, especially children with special educational needs. Most of the coping resources available for responding to stressors can be utilized by paying individual attention to the development and emotional maturity of a child with special educational needs. In addition, students with special educational needs (eg, emotional, cognitive, physical, etc.) respond to trauma and stress based on their past experiences and current perceptions. Educators and teaching staff who know the child well can predict the child's reactions and behavior because they have observed the child's response to stress in their previous experience.

Key words: coping strategy, coping resource, children with special educational needs.

Копинг, копинг-стратегиялар (ағылшынша coping – стресспен күресу, жеңу) – стрессті жеңу үшін адамның жасайтын іс-әрекеті дегенді білдіреді. Копинг түсінігі күнделікті өмір сұрауларын қанағаттандыру үшін когнитивті, эмоционалды және мінез-құлықтық стратегияларды біріктіреді.

Копинг стратегияларының психологиялық мақсаты – адамды стресстік жағдайдың талаптарына барынша бейімдеу, оны меңгеруге, оның әсерін әлсіретуге немесе жұмсартуға, одан аулақ болуға немесе үйренуге тырысу және осылайша жағдайдың стресстік әсерін жою болып табылады. Стресспен күресу үшін әр адам өзінің жеке тәжірибесіне негізделген күресудің өзіндік стратегияларын(копинг ресурстар) пайдаланады.

Қазіргі уақытта өнімді копинг мінез-құлқын зерттеушілер мінез-құлықтың бағытталған тактикасының екі түрін ажыратады:

1. проблемаға бағытталған стратегиялар, олар жағдайдың өзіне және оны түзетуге ұмтылуға бағытталған;

2. эмоционалды-бағдарланған стратегиялар: эмоционалды жағдайдың ерекшеліктеріне, стресстік жағдайға байланысты реакцияларға, адамның сезімдері мен тәжірибесіне бағытталған.

Көптеген зерттеушілер, ішінде К.С. Карвер, М.Ф. Шреер Дж.К. Вайнтрауб, ең бейімделгіш копинг стратегиялар тікелей мәселені шешуге бағытталған стратегиялар болып табылады деп көрсеткен. Мәселелік жағдайға эмоционалды жауап беру, стресстік жағдайды жоққа шығару немесе мәселені шешуден бас тартумен байланысты күресу әдістері толық бейімделуге мүмкіндік бермейді.

Мінез-құлықтың бұл тактикасы мәселені шешуге немесе оған деген көзқарасты өзгертуге бағытталған. Сонымен бірге күресу стилі стресстік жағдайға реакциялардың үш түріне негізделген мінез-құлықты анықтайды: адам мінез-құлқына қатысты олар капитуляция, қашу, артық өтемақы деп аталады.

Ерекше білім қажеттілігі бар шектеулі адамның психологиялық мүмкіндіктері, бір жағынан, аурудың өзімен шектелуі мүмкін, екінші жағынан, ресурстарды жинақтау және белсендіру нәтижесінде көбейтілуі мүмкін.

Копингтік реакция мен іс-әрекеттер жүйесі:

Жағдайға бағытталған копинг	Белсенді әсер ету
	Қашқақтау, кету
	Пассивтілік
Репрезентацияға бағытталған копинг	Ақпарат іздеу
	Ақпаратты алып тастау
Бағалауға бағытталған копинг	Қайта бағалау, мән беру
	Мақсаттың өзгеруі

Ерекше білім қажеттіліктері бар жасөспірімдердегі ауруға деген көзқарасты зерттей отырып, жас топтары арасында жасөспірімдер бейімделу стратегиясының жетілмегендігі мен тұрақсыздығына байланысты теріс әлеуметтік-стресстік әсерлерге төзімді емес екені көрсетілді. Нәтижесінде жыныстық жетілу кезінде девианттық мінез-құлық көбінесе қалыптасатыны байқалған, бұл деструктивті сипатта болады. Бұл жерде ерекше білім қажеттіліктері бар жасөспірімдер осал болып табылады, тек кейбіреулері қарым-қатынас қиындықтарын сәтті жеңе алады, ал басқалары созылмалы қарым-қатынас күйзелісіне төтеп бере алмайды.

Ерекше білім қажеттілігі бар жасөспірімдердің ауруға деген көзқарасы жеке тұлғаны қалыптастырады және бірқатар ерекше әрі күрделі белгілерге ие. Физикалық бұзылыстары бар адамдарда тұлғаның патологиялық қалыптасу механизмдерінің ішінде тұлғаның дефектісі пен физикалық кемшілікті сезіну реакциясы жетекші рөл атқарады. Өзіндік сананың дамуына ерте әлеуметтік депривация, дұрыс емес тәрбие және ерекше білім қажеттіліктері бар жасөспірімге деген ерекше көзқарас сияқты факторлар кері әсер етеді. Осының бәрі эмоционалды-еріктік сфераның жетілмегендігін, эгоцентризмді және болжамдылықты арттырады. Қалай болғанда да, денсаулығының өзгеруі мен аурудың әртүрлі көріністерін жеңу үшін ерекше білім қажеттіліктері бар жасөспірім бейімделу әдістерінің кешенін дамытады.

Зерттеу барысында ерекше білім қажеттіліктері бар жасөспірімдер стратегияларды жалтару, қашқақтау, қашықтық және оңтайлы қайта бағалау. жиі қолданатыны анықталды. Жалтару мәселені жоққа шығарумен сипатталады. Қашықтық стратегиясы мәселеге байланысты жағымсыз тәжірибелерді оның маңыздылығын және оған эмоционалды қатысу дәрежесін субъективті түрде төмендету арқылы жеңу әрекеттерін қамтиды.

Бұл стратегиялар жағымсыз эмоцияларды болдырмау, мәселені толық білмеу, мәселені жоққа шығару, пассивтілік, шамадан тыс ашуланшақтық, қиялдау, қалжындау

арқылы мәселенің маңыздылығын төмендету немесе ауыр эмоционалды шиеленісті азайту арқылы жеңу әрекеттерін қамтиды.

Көптеген зерттеушілер бұл стратегияларды адекватты емес деп санайды, бірақ кейбір жағдайларда, мысалы, қысқа мерзімді перспективада немесе өткір стресстік жағдайларда олар пайдалы да болуы мүмкін. Мысалы, стресстік жағдайда эмоционалды стрессті тез азайту мүмкін болған жағдайда. Бұл копинг стратегияларын қолдану жасөспірімдерге қиындықтарды жеңуден бас тарту арқылы мінез-құлықтың пассивті түрлерін қабылдау оңайырақ екенін көрсетеді, мүмкін өз күшіне сенбеушілік салдарынан болады.

Оңтайлы қайта бағалау стратегиясын қолдану жасөспірімдерге оның оңды қайта ойлауы және оларды өзін-өзі дамыту мен жеке өсу үшін ынталандыру ретінде қарастыру арқылы жағымсыз тәжірибелерді жеңудің әртүрлі әрекеттерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Кейбір ғана жасөспірімдер мәселенің шешімін қабылдауды жоспарлау, әлеуметтік қолдауды іздеу және жауапкершілікті қабылдау стратегияларын қолданады. Бұл копинг стратегияларын көптеген зерттеушілер адекватты деп санайды, олар жағдайларды талдау, мәселені шешудің әртүрлі стратегияларын әзірлеу және өткен тәжірибені ескере отырып, өз әрекеттерін жоспарлау арқылы қиындықтарды жеңу әрекеттерін қамтиды. Жасөспірімдер өздерінің мәселелері бойынша қажетті білімі бар таныстарынан ұсыныстар ала алады. Бұл стратегиялар қиындықтарды сындарлы шешуге ықпал етеді және жасөспірімдердің өз әрекеттері мен олардың салдары арасындағы байланысты түсінуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Жасөспірімдер конфронтация және өзін-өзі бақылау сияқты бейімсіз стратегияларды қолдануы оларды өмірдегі қиындықтарға қарсы тұруға дайын емес екенін көрсетеді. Жасөспірімдер мінез-құлықтағы импульсивтілікті, дұшпандықты, өз іс-әрекетін жоспарлауда және оның нәтижелерін болжауда қиындықтарды сезінуі мүмкін, сонымен қатар өздерінің эмоционалды тәжірибесін айналасындағылардан жасырып, өзіне деген шамадан тыс талаптарды қоюы мүмкін.

Осылайша, қиындықтарды жеңу стратегияларына назар аударып, ерекше білім қажеттіліктері бар жасөспірімдер бейімделген және бейімделмейтін копинг стратегияларын бірдей пайдаланады, бұл үйде де, мектепке де, сондай-ақ олардың жыныстық жетілу кезеңімен байланысты болуы мүмкін. Бұл ауруға деген көзқарастың меланхоликтік түрі басым болғандықтан, жасөспірімдердің көпшілігі өздерінің жағдайындағы депрессиямен және мүмкін болатын жақсартуға сенімсіздікпен, депрессиялық күймен және басқаларға пессимистік көзқараспен сипатталады.

Барлық балалар түсіну және жетілу деңгейінде ұсынылған нақты ақпараттан пайда көреді. Барлық балаларға өздерінің реакциялары мен мінез-құлқы туралы (әсіресе, ашулану мен қорқыныш) дұрыс копинг-стратегияны таңдау үшін бағыт-бағдар беру өте қажет. Мінез-құлық бұзылыстары бар кейбір студенттер үшін ашуды басқару, күресу және жанжалдарды шешу дағдыларын үйрету кешенді үйрету бағдарламасының маңызды бөлімі болып табылады. Төмендегі ақпарат ерекше білім қажеттіліктері бар балаларға қатысты нақты, қосымша ойларды қарастырады.

Аутизмі бар балалар тәрбиешілерге өте ауыр қиындықтар туғызады. Вербальды қарым-қатынаста баланың медиадан мен әңгімеден қаншалықты ақпаратты сіңіретінін білу қиын. Олар өздерінің қорқыныштары мен сезімдерін көрсете алатын белгілерге мұқият назар аудару және де оларға қарым-қатынас жасау жолдарын үйрету өте маңызды. Күн тәртібіндегі кез келген өзгеріс қосымша эмоционалды немесе мінез-құлық бұзылыстарына әкелуі мүмкін. Баланың қоршаған ортасын өзгерту қажет болса (мысалы, эвакуация, ата-анасының болмауы), тіпті жаңа ортада да қалыпты тәртіпті (мысалы, тамақтану, ойын, ұйықтау уақыты) мүмкіндігінше сақтауға тырысу қажет. Сонымен қоса, белгілі бір дәрежеде «бірдей» немесе тұрақтылықты сақтау үшін баланың әдеттегі ортасынан нақты элементтерді (мысалы, ойыншық, көрпе, қуыршақ, тамақ ішетін ыдыстар) жаңа ортаға әкелуге тырысу қажет.

Аутизмі бар студенттерге әлеуметтік жағдаяттарды пайдалану арқылы олар көрген, бірақ нашар түсінетін мінез-құлықты түсіндіруге болады. Ата-ананың немесе мұғалімнің

стресстік жағдаяттарды әлеуметтік оқиға арқылы түсіндіру оңай болып келеді. Осылайша, бала белгілі бір негізгі деңгейде ақпаратты бекіту үшін әңгімелер жинағын жүргізе алады.

Даму бұзылысы бар немесе таным бұзылысы бар балалар қандай да бір оқиғаларды немесе сол оқиғаларға деген өздерінің реакцияларының түсіне алмайды. Мұғалімдер мен ата-аналар бұл стресстік оқиғаны баланың қандай деңгейде түсінетін анықтау керек. Кейбір даму деңгейі төмен балалары қандай да бір стресске ұшырау кезінде оқиғаны жеткілікті түрде түсіне алмауы мүмкін, сондықтанда стресске түспейді, ал когнитивті бұзылыстары бар кейбір балалар стресстік оқиғаны түсіне біледі, бірақ оған дені сау кішкентай бала сияқты әрекет етеді.

Жалпы алғанда, когнитивті бұзылыстары бар балалар стресстік оқиғаларға ауызша түсініктемелерден гөрі ересектер мен құрдастарының эмоцияларын бақылауына негізделініп жауап бере алады. Олармен талқылау нақты болуы керек, стресстік оқиғалар мен бейнелерді түсіндіруде суреттерді пайдалану қажет болуы мүмкін. Балаларға бұл көрсетіліп жатқан стресстік жағдаяттардың өтіп кеткенін және де ешқандай зиян тигізе алмайтынын айту керек болады.

Мінез-құлық бұзылыстары бар балалар стресстік жағдайдан кейін ауыр стресстік реакция қаупі жоғары. Әдетте, бұл студенттердің «қалыпты» күнделікті стресспен күресу дағдылары шектеулі. Депрессия және мазасыздық бұзылыстары бар адамдар асқынған белгілерді көрсетуі мүмкін (көбірек тұйықталу, қозудың жоғарылауы, түкке тұрғысыздық және үмітсіздік сезімдерінің жоғарылауы, бас бармақ сору, тырнақ тістеу, жүру және т.б. сияқты жүйке мінез-құлқының жоғарылауы). Өз-өзіне қол жұмсау туралы ойлары немесе мінез-құлық бұзылыстар бар балалар, әсіресе үмітсіздік сезімін арттыруға бейім және осы сезімдерді тудыруы мүмкін кез келген маңызды оқиғадан кейін білім беру мекемесінің ұжымының назарына жеткізілуі керек.

Дамуында немесе когнитивті функциясында ауытқулары жоқ, бірақ көру, есту немесе физикалық бұзылыстары бар балалар өздерінің даму деңгейінде не болып жатқанын түсінеді және олардың мүгедектігі қойған шектеулерден қорқуы мүмкін. Барлық балалар сияқты, олар да қауіпсіздікте болатыны және төтенше жағдайда қауіпсіз орын таба алатынын білуі керек. Балалармен бірге қауіпсіздік шаралары мен жоспарларын зерттеңіз, сенімділікке үйрету керек. Оларды бейтаныс аумаққа апаратын жоспарларды түсіндіре отырып, өте қарапайым және нақты түсініктемелер беру керек. Көру қабілеті бұзылған оқушылар аймақты егжей-тегжейлі сипаттауы керек, ал физикалық немесе есту қабілеті нашар оқушыларға не істеу керектігін және қайда бару керектігін түсіну үшін көрнекі құралдар қажет болуы мүмкін.

Көру қабілеті бұзылыстары бар балаларда мимика сияқты көрнекі белгілерді қабылдай алмайды. Көптеген балалар табиғи апат немесе стресстік жағдайдың бейнеклиптерін көріп, әңгімелей алады. Көру қабілеті бұзылыстары бар балаға оқиғалар туралы естігендерін бекіту үшін ауызша сипаттама қажет болуы мүмкін. Не болғанын түсіну үшін сұрақтар керек болады.

Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларда әдетте стресстік оқиғалар кезінде ересектердің жылдам сөйлесулеріне ілесе алмайды. Түсінбеу қорқыныш реакциясының күшеюіне әкеледі. Есту қабілеті бұзылыстары бар балалар не болып жатқанын сипаттау немесе түсіндіру үшін қолданылатын барлық жаңа технологиялармен таныс болмауы мүмкін. Көрнекі құралдарды кез келген сөзбен немесе ыммен түсіндірулермен бірге пайдалану керек болды.

Мұғалімдер мен ата-аналар ерекше білім қажеттіліктері бар балалардың стресстің кез келген түріне қалай жауап беретінін және стресстік жағдайдан кейін реакцияларын болжауы керек. Бұрын осы оқушылармен тиімді болған стратегиялар қазір іске асырудың ең жақсы стратегиялары болып табылады, бұл стратегиялар нақты және нәтижесі тезірек болады. Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды күнделікті өмірдегі өзгерістерге дайындау керек; қауіпсіз және таныс ортада стресстік оқиғаларды талқылауға уақыт бөлу керек; бұл балаларға өмірінің кішкене бөлігін де бақылау сезімін беру үшін әрекеттерде мүмкіндігінше

таңдауды қамтамасыз ету керек болады. Дағдарыс кезінде аландаушылық пен мазасыздықты азайту үшін кейбір балаларға жоғарырақ қорғаныс немесе оқшаулау қажет болуы мүмкін, ал ересектердің бақылауы біраз уақытқа анағұрлым күшейе түсуі мүмкін. Кейбір жағдайларда мәселелік мінез-құлықтың өсуі орынды болуы мүмкін, бұл жағдайда сабырлы, әрі дәйекті түрде әрекет ету қажет болады, бұл балаларға көптеген басқа өзгерістер мен сәтсіздіктерге қарамастан, сынып пен отбасының ережелері мен күтулерінде кейбір тұрақтылар бар екенін және олардың қолдаудың қолжетімділігіне сене алатынын түсінуге көмектеседі.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Carver C.S., Scheier M. F. Assessing coping strategies // J. Person. Soc. Psychol. - 1989.- V.56.-P.267-283
2. 2002, National Association of School Psychologists, 4340 East West Highway, #402, Bethesda, MD 20814
3. Ташимова Ф.С. et al. Сравнительный анализ совладающего поведения подростков из полных и неполных семей. Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии, [S.I.], v. 45, n. 2, arg. 2013. ISSN 2617-7552.
4. И.К. Аманова, Ж.Н. Сабирова, Копингтік мінез-құлық тұлғаның өзін-өзі танытуының механизмі ретінде. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ,
5. «Психология» сериясы № 4 (25), 2010 ж.
6. Лазарус Р. С. Психологиялық стресс және копинг процес. – Нью-Йорк.: Макгроу Хилл, 1966. - 26-32, 246 - 258 б.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІ АЛДЫН-АЛУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еңкебаева Ұ.Т.

ulzhanenkebaeva@mail.ru

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Универсиеті

Ғылыми жетекшісі: Булшекбаева А.И.

bulshhekbaeva@mail.ru

Аннотация: Мақалада жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу ерекшеліктері туралы теориялық талдау жасалған. Әлеуметтік педагог мектептегі буллингтің алдын алу ерекшеліктері, әр жастағы балалар қандай болады, олармен қандай жұмыстар жасау қажет екені теориялық тұрғыда көрсетілген. «Буллер» баланың мінез-құлқының ерекшеліктері көрсетілген. Әлеуметтік педагогтың аггерсивті мінез-құлықты балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері ашылған.

Кілт сөздер: буллинг, «мінез-құлықтағы қиындық», әлеуметтік педагог, өзін-өзі бағалау, психологиялық, мәселелерді шешу.

Аннотация: В статье проведен теоретический анализ особенностей профилактики буллинга среди подростков. Социальный педагог теоретически показывает особенности буллинга в школе, какими будут дети разного возраста, какие работы с ними необходимо выполнять. «Буллинг» показывает особенности поведения ребенка. Раскрыты особенности работы социального педагога с детьми аггерсивного поведения.

Ключевые слова: буллинг, трудности в поведении, социальный педагог, самооценка, психологическая, решение проблем.

Abstract: The article presents a theoretical analysis of the features of bullying prevention among adolescents. A social pedagogue theoretically shows the features of bullying at school, what children of different ages will be like, what work needs to be done with them. "Bullying" shows the peculiarities of a child's behavior. The features of the work of a social pedagogue with children of aggressive behavior are revealed.

Keywords: bullying, behavioral difficulties, social pedagogue, self-esteem, psychological, problem solving.

Қазіргі кезде қоғамымыздағы әлеуметтік, экономикалық, психологиялық ахуалдың әсерінен жасөспірімдер арасында күштілердің «әлсіздерге» қиянат жасауы, әлімжеттік құбылысы өршіп барады. «Әлімжеттік» немесе «буллинг» мәселесі тек жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі өзектілігімен ғана емес, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Яғни, бұл жағдайда оқушылардың әлеуметтік бейімделу мақсатты бағыттау қажеттігі айқындала түседі.

Тарихқа көз жіберетін болсақ, жасөспірімдерді әлеуметтендіру мәселесі ғұлама ойшылдардың еңбектеріне арқау болып келгені мәлім. Мәселен, шығыстың ойшылдары (әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, т.б.) өз еңбектерінде әлеуметтік бейімделудің түйінді ойларын тұжырымдағаны белгілі [1].

Ағылшын тілінен аударғанда, «буллинг» түсінігі қорқытушы, басынушы деген мағынаны білдірсе, қазақ тілінде «әлімжеттік» ұғымымен астарласып жатыр. Ал, «буллинг» термині, әдетте, кейбір адамдарға өздерінің жеке басына бағыну үшін қорқыту немесе физикалық және психологиялық террорға ұшыратып, өздерінің құрбандарын қудалаушылардың қасақана туындаған қорқынышына негізделеді [2].

Ғаламторда буллинг мәселесі кеңінен талқыланып, буллингтің алдын-алу және зардап шеккендерге әлеуметтік көмек көрсету жайлы жүйелі кеңес беріп қана қоймай, сонымен бірге қоғамға зиян келтірушілер туралы да талдап отырады [3].

Bullying - бұл ұйымдарды қоса алғанда, ұйымдық топтар үшін әлеуметтік құбылыс. Көптеген зерттеушілер бұл мектеп балаларының эмоциялық жарылыстарына қолайлы әмбебап арена екендігі туралы түсіндіреді.

Буллинг - ұйымдастырылған балалар ұжымдарына, соның ішінде мектептерге тән әлеуметтік құбылыс. Көптеген зерттеушілер бұл жайтты мектептің балалардың бойынша үйінде отбасында жинақталып қалған теріс эмоцияларын сыртқа шығаруға қолайлы әмбебап арена екендігімен түсіндіреді. Ресей психология ғылымында бұл тақырып В.В.Денисовтің, Г.Н.Киреевтің, А.Б.Кирюхинаның, В.А.Ситаровтың және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қозғалған. Білім беру ортасындағы зорлық-зомбылық аспектілерін зерттеумен С.Алексеева, И.А. Баева, Е.В. Бурмирова, Е.Ф. Быковская, Е.Н.Волкова, Т.Г. Волкова, Е.В. Гребенкин, Н.О. Зиновьева, Н.Ф.Михайлова, Д. Пстрог сияқты ғалымдар көп айналысқан [4,5].

Қазақстан Республикасында бұл мәселені балалардың девиантты мінез -құлқы мен соңынан орын алатын салдары, сондай-ақ балаларға психологиялық көмек ұйымдастыру тұрғысынан Т.А.Акажанова, Г.А.Дусманбетов, Ж.И.Намазбаева, Н.С.Лавриненко, А.Б.Садыкова, С.Шалгимбаев, Х.Т.Шерьязданова және осы сияқты ғалым психологтар қарастырған.

Зерттеуші психологтардың қазіргі таңда буллинг мәселесіне аса ден қоюы өміршеңдік, өмірге бейімділік феноменін туғызуда (И.А.Александрова, Т.О.Арчакова, И.А.Баева, С.А.Богомаз, Е.В. Бородкина, И.В. Дробинина, И.А. Кузьмин, О.А.Кузнецова, Д.А.Леонтьев, С.Р.Мадди, Т.В.Наливайко, Е.И.Рассказова, И.А.Регуш, Р.И.Стецишин және басқалары) [6].

Белгілі әлеуметтанушы И.С.Кон «буллинг - бұл өзгелердің үрейін туғызуға және оларды өзіне бағындыруға бағытталған физикалық немесе психологиялық сипаттағы қорқытып үркіту, террор» - [7, 15-18 б.] пайымдайды.

Ресей ғалымы Е.В.Гребенкин зерттеулерінде буллинг тек балалар арасында ғана емес, сонымен қатар, «мұғалім мен оқушы» қатынасында да болатынын айтады [8].

Демек, жалпы орта мектептің әлеуметтену үрдісінде «буллинг» немесе «әлімжеттік» құбылысын әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық талдауды қажет етеді.

Д.Лэйн зорлық-зомбылықтың физикалық және психикалық түрлерін бөліп көрсетеді [9]. И.С.Бердышев сөз, әрекет және агрессияға негізделген буллинг түрлерінің бар екендігін айтады [10].

Қоғамдағы әлеуметтік саланы барынша дамыту жағдайында әлеуметтік педагогтарға жоғары талаптар қойылуда. Шетел зерттеушілерінен әлеуметтік педагогтардың кәсіби қалыптасуы мәселесі төңірегінде М.А. Галагузова, А.В. Мудрик, Л.В. Мардахаев, Ф.А. Мустаева, жасөспірімдік девианттық мінез-құлықты қарастырған Ш.Жаманбалаеваның, З.М.Садвакасова, А.Т. Ақажанованың; әлеуметтік қорғау саласындағы Л.Қожамқұлованың, К.Биекенов пен З.Жаназарованың [11] еңбектерінде түрлі аспектіде кеңінен талданған.

Бұл мәселе, бірақ кеңінен зерттеліп жатса да, оны болдырмау үшін нақты шаралар аз мөлшерде жасалында. Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық қатынастар, ғалым Е.Н.Пронинаның айтуы бойынша балалар арасындағы буллинг әдеттегі жағдайға айналған. Еліміздегі әрбір мектепте сіз оны көре алатын кем дегенде бір сынып бар [12].

Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы мұғалімдердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетінің жетіспеушілігі, оқушылармен алдын-алу жұмыстарына дайын еместігімен байланысты.

Ғалымдар буллингті агрессияның бір бөлігі ретінде қарастырады, кейде бұл ұғымдар ғалымдардың еңбектерінде синонимдер ретінде көрінеді. Л.С.Алексеева осындай буллингті - бұл өзі немесе басқаларға бағытталған күш пен билікті мақсатты түрде қолдану, бұл істің нәтижесі физикалық немесе психологиялық залал деп анықтайды [1, 74].

Кейбір зерттеушілер «агрессия» және «буллинг» түсініктерін салыстырады. Мысалы, А.Гуггенбул зорлық-зомбылықты екі тараптың агрессивті қарым-қатынастарында түсіндіру формасы ретінде қарастырады [13].

Кейде зорлық-зомбылық қатыгездікке байланысты. Г.Н.Арпентьева буллингті іс-қимылдың өзі үшін немесе басқа әрекеттер немесе қауіп-қатер үшін басқа адамдарға қасірет пен зорлық-зомбылық көрсету ретінде айқындайды [14].

Көптеген зерттеушілер агрессия мен буллингті синонимдер деп санайды. Р.Май зерттеулерінде «буллинг пен агрессияның қоғамдық санада өзара байланысты екенін, [15] яғни, буллинг - агрессиялық әрекеттердің салдарынан, агрессиялық мінез-құлықтың әсеріне туындайтын іс-әрекет» - деп тұжырым жасайды.

Д.Н.Гриненко әлеуметтік жағдайға байланысты, мысалы, буллингке жауап ретінде жазаның болуы немесе болмауы, сондай-ақ бұл фактордың жеке тұлғаның қалыптасуына қалай әсер ететінін (агрессордың) агрессивті мінез-құлқын қалыптастыру факторларын қарастырды [16].

К.Бутнер агрессиялық әрекеттердің көрінісін үш топқа бөледі: тыйым салынған, рұқсат етілген және шартты түрде рұқсат етілген агрессия [10].

Г.Н.Арпентьеваның пікірінше: «Ең бастысы - әділдік пен жауапкершілік емес, кек алу және құрбандық жасау барысында, зорлық-зомбылық әрдайым танылмай қалады» [9] – деп көрсетеді.

И.А.Ильин буллингті еріксіз, негізсіз, кері қайталанбайтын агрессивті әрекет ретінде анықтайды, себебі ол зорлық-зомбылыққа теріс әсер етеді [8].

С. Salmivalli зорлық-зомбылықтың тағы бір ерекшелігі - оның әлеуметтік ықпалдасуы кезінде бір субъектінің іс-әрекеті өзгенің ұмтылысына қайшы келетін және мәжбүрлі өзара әрекеттесу кезінде орын алған «мәжбүрлеу» критерийі болып табылады деп тұжырымдайды [17].

Г.М.Андрееваның айтуынша, қоршаған орта адамның дамуына және қалыптасуына әсер етеді. Баланың көп уақыты мектепте өтеді, сондықтан жеке қасиеттердің қалыптасуына құрбылармен қарым-қатынас, әсіресе мектептегі қорлаушылық әсер етеді [18].

Демек:

- қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайында оқушылардың тұлғалық дамуын қалыптастыруға деген қоғамның сұранысы мен мектептегі құзырлық тәрбиенің жағдайы арасында;
- жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде «мұғалім мен оқушы», «оқушы-оқушы» қарым-қатынасы арасында, «күштілердің әлсіздерге» қиянат көрсетудің алдын алуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық бағдарламаның қажеттігі арасында;
- оқушылардың қоғамдық ортада бейімделуінде әлеуметтік-педагогикалық технологияларды мектеп практикасында кең көлемде пайдалану қажеттігі мен арнайы жасалған ғылыми-әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасында қарама-қайшылықтар анық байқалады.

Әдебиеттер:

1. Әл-Фараби Әлеуметтік - этикалық трактаттар. Алматы 1975. - 78 б.
2. Садвакасова З.М. В помощь социальному педагогу, или как работать с трудными детьми: учебно-методическое пособие – Алматы: 2008. - 192 с.
3. Баженов, В. Г. Психологические механизмы коррекции девиантного поведения школьников : учеб. пособие для вузов / В. Г. Баженов. Ростов н/Д. : Феникс, 2007. - 352 с.
4. Ә.Жұмабаев «Мектептің «қиын» оқушыларымен жұмыс жүргізу жүйесі» А.2003. - 195 б.
5. Ахметжанова Н. «Мінез-құлқы қиын балалар», Ұлағат, 2001. - 202 б.
6. Қалаубек С. «Қиын балаларға көмек», Ұлағат, №5, 2004.- 195 б.
7. Керимов Л.К. Қиын оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері А., 1991.- 235-83.
8. Қайырова.Ж, «Ауытқушы мінез-құлықтың шығу себептері мен факторлары», Қазақстан мектебі, №1.2006.- 193 б.
9. Рамазанова П. ««Қиын» балалардың тағдыры қинап тұр», Шымкент келбеті, 3 желтоқсан, 2004.- 200 б.
10. Байтабанова А. «Сынып жетекшінің қиын оқушымен жұмысы», Сынып жетекшісі, №4, 2004. - 175 б.
11. Дмитриев М. Г., Белов В. Г., Парфенов Ю. А. Практикум по психодиагностике девиантного поведения у трудных подростков. - СПб.: ПОНИ, 2008. - 279 с.
12. Трифионов В.В. Трудный подросток А., 1989. - 257 с.
13. Бейсебаева С.Б. « Жастардың девианттық мінез – құлқының дамуына әсер ететін факторлар ». Весник КазНУ Серия юридическая. № 3. 2003. - 263 б.
14. Сағымбекова А. ««Қиын бала» мәселесі әлі де қиын», Тәрбие құралы, №3, 2004. - 278 б.
15. Уманов Г.А., Порфенов А.В. „Бала бақыты, А., 1978. - 305 б.
16. Батталханов Е. ««Қиын» оқушылармен жұмыс ерекшелігі», тәрбие құралы, №4, 2003. - 236 б.
17. Бушканец М.Г. Леухин Б.Д. «Хрестоматия по педагогике» - Москва: Просвещение, 1976. - 432 с.
18. Байтұрсынов А. «Оқужай жайы»1989.- 129 б.

ДАРЫНДЫ БАЛАМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

Төлеген Г.С

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы
glsezimtolegen@gmail.com*

Ғылыми жетекшісі: Булшекбаева А.И.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы
bulshekbaeva@mail.ru*

Аннотация: Мақалада дарынды балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жүргізу жолдары, олардың ерекшеліктері көрсетіледі. Ерекше қабілетті балаларды оқытып, тәрбиелеу қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығы дәлелденді. Баланы жетістікке алып келетін жұмыс түрлері анықталды. Дарынды балаларға қолайлы жағдай туғызып, оқу бағдарламасының дамуына аса көңіл бөлінді.

Кілт сөздер: әлеуметтік педагог, дарынды бала, отбасы, мектеп, қабілет, психика, тәрбие, сынып жетекші.

Аннотация: В статье освещаются пути проведения социально-педагогической работы с одаренными детьми, их особенности. Доказано, что обучение и воспитание особо способных детей сегодня является одной из актуальных проблем. Определены виды работы, которые приведут ребенка к успеху. Особое внимание было уделено развитию учебной программы, создав благоприятные условия для одаренных детей.

Ключевые слова: социальный педагог, одаренный ребенок, семья, школа, способности, психика, воспитание, классный руководитель.

Abstract: the article reflects the ways of conducting social and pedagogical work with gifted children, their features. It has been proven that the education and upbringing of particularly capable children is one of the most pressing issues today. The types of work that lead the child to success are determined. Special attention was paid to the development of the curriculum, creating favorable conditions for gifted children.

Keywords: social educator, Gifted Child, Family, School, ability, psyche, upbringing, class leader.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Ғасыр талабына сай зерделі, ой-өрісі жоғары азаматты қалыптастыру- мемлекетіміздің басты стратегиясы. Дарындылықты дамыту білім саласына қатысты заңнамаларда жақсы көрініс тапқан. Мысалы, 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған «Бала құқықтары туралы» конвенцияның 29,31 баптарында қатысушы мемлекеттер баланың «... жеке тұлға ретінде дамуына, баланың бойындағы дарынын және ақыл-есін, дене бітімдік қабілеттерін барынша толық дамытуға, ...келіседі», «...Білім алу тұлғалық, дарындық, саналық және шымырлық қабілеттің барынша дамуына бағытталуы керек » делінген. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 17 шілдедегі қабылданған «Білім туралы» заңында «жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» білім беру жүйесінің міндеттері деп көрсетілген [1].

Дарынды балалар қандай – олар әр түрлі, бір – біріне мүлде ұқсамайды. Көпшілікті өзіне іс – әрекетімен, қабілеттілігімен бірден баурап алады. Ой – өріс қабілетімен ерте жастан көзге түскен оқушылар, өз қатарластарын басып оза, мұғалімнің ерекше мейірім ықыласына бөленеді. Дарынды балалар ортада өзін емін – еркін ұстай отыра, өздерін басқаның алдында биік ұстай біледі. Балалардың кейбір дарындылығы көбінесе байқала бермейді, оның қабілетін, дарындылығын дамыту – ұстаздың қолында. Мұғалім оқушыға қалай бағыт берсе, ол соған қарай бейімделеді [2].

Дарынды және ерекше қабілетті балаларды оқытып, тәрбиелеу қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мектепте мұғалімді, отбасында ата-ананы, және дарынды баланың өзің мазалайтын ерекшелік. Баланы дер кезінде жете тану қиын, себебі баланың қабілетті екенін барлық адам бірден байқамайды. Оны “таныған” күнде де одан соң сол дарынның орнын тауып дамыту, қоғамның керегіне, баланың өзінің бас пайдасына

жаратуына шарт түзу маңызды. Себебі іштен “қозғап”, “түрткі беріп” тұрған психикалық ерекшеліктің не нәрсеге жетелеп, қайда апарып соқтыратыны белгісіз. Дарынды балаларды қабілетті деп қараструға болады. Қабілет дегеніміз -тұлғаны ерекше жетістіктерге алып келетін жеке психикалық сапа. Қабілеттің белгілі бір іс-әрекет түрінде нақты байқалуы тұлғаның өзіндік ерекшелігі болып табылады [3, 206].

Бұл мәселерді зерттеген кеңес психолог ғалымдары В.А Крутецкий, балалардың математикаға қабілетін, Б.М.Теплов музыкалық қабілетті, В-И.Киреенко көркемсуретке байланысты қабілетті т.б зерттеген [4, 206].

Зерттеуші психолог Б.М.Теплов, жалпы қабілеттілік дарындылыққа алып келетін аса мағыналы сапаларға жатады, мысалы белгілі жазушалыр, ақындар, музыканттар, суретшілер жан-жақты дамыған, шығармашыл, әр нәрсеге қабілетті адамдар болған. Адамның жеке дарынының өсуіне жалпы қабілеттерінің дамуы негіз болады. Ал ата-анадан тек арқылы берілетін туа біткен нышандарды арнайы дамытпаса ол белгілі бір жас кезеңінен кейін мүлде тоқтап не жойылып кетеді. Демек қабілет іс-әрекетте дамиды. Бұл адамды ең жоғары дәрежеде кәсіпқой болуға, үлкен игіліктерге қол жеткізуге, сый-құрметке кенелуіне алып келеді [4, 207].

Әлеуметтік педагогиканың “атасы” А.С.Макаренко колонияға келген әр баланың бойындағы осындай ерекше қабілеттерін дұрыс анықтап, қайта тәрбиелеп қатарға қосуда, біздіңше айтқанда, әлеуметтендіру үрдісінде дұрыс пайдалана білген. Өзі басқарған “М.Горький” атындағы колонияда өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруда балалардың осындай қабілеттерін дамыта отырып, қатарға қосқан [5, 209].

Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының шешімі бойынша дарынды балалар да, ақылы кем балалар секілді қауіпті, “тәуеклді топқа” жатады. Себебі, психикасының ерекшелігі оларды оқыту мен тәрбиелеуге ерекше қарап, басқаша ұйымдастыруды, әр қайсысына дарын түріне қарай өзінше жеке жуықтауды талап етеді.

Әлеуметтік педагогтың дарынды балалармен жұмыс істеу ерекшелігі. Дарынды балалардың дамуына ерекше жағдай туғызу, оқу бағдарламасын басқа балаларға қарағанда бөлек, жедел оқыту ұстанымымен түзіп, оған қабілетіне қарай мәміле жасап, көңіл бөлу керек. Тәрбие үрдісінде әрине басқалардан бөле- жарып қараудың қажеті жоқ. Өйткені ол өзін басқаларадан қабілеті жағынан ерекше болғанымен адам ретінде бірдей деп сезінуі керек. Ондай балалардың өнерінің дамуына мән беріп, өз уақытында көмектесу секілді мәселерді әлеуметтік-педагог өз мойнына алады. Мұндай ерекше қабілеттер сурет, музыка, өлең жазу өнері, қол өнері, мысалы, ағаш ұсаталығы, тігін өнері, зергерлік секілді басқа да кәсіп түрлеріне байланысты болатыны белгілі. Демек әлеуметтік педагог осыларды дер кезінде байқап, өнерінің дамуына ықпал ету туралы мұғалімдер, мектеп әкімшілігі, баланың ата-анасымен кеңесіп, жол -жоба көрсетіп шарт түзуге ұмтылады.

Әлеуметтік педагогтың мектептегі жұмыс саласының бірі осы дарынды балалармен жүргізілетін іс-шаралар. Ол мектеп оқушылары және олардың ата-анасы арасында арнайы тестілер, әңгімелесу, сауалнама, тестілеу т.б. жұмыстар жүргізу арқылы мектептегі осындай балаларды анықтайды. Оған пән мұғалімдері, сынып жетекшілері де атсалысады. Сөйтіп ерекше дарынды және қабілетті балалар анықталады. Одан кейінгі жұмыс тағы да сол диагностикалау арқылы баланың бойында қандай бағыттағы дарын белгілері, ерекше қабілеті бар екені анықталады. Одан кейінгі жұмыс осындай балалардың ата-аналарымен жүргізіліп бала тәрбиесіндегі олардың міндеті, балаға көмектесу жұмыстары бойынша кеңестер беріледі. Әлеуметтік педагог бала қаншалықты дарынды болса да оны оқыту және тәрбиелеу, үйрету керек екендігін өзі де біліп, ата-аналарға түсіндіреді.

Әлеуметтік педагог мұндай балалардың көп білуге құмарлығын қанағаттандыру жолдарын белгілеу, шығармашылық қабілетін іс жүзінде пайдалану және көрсетуіне шарт түзу қойылады. Бұл жердегі әлеуметтік педагогтың басты міндеті, баланың жалықпай ізденуі, үйреніп қалған әдет - дағдыларын қайта қарап дарын қабілетін дамытуға бағыттау, қоршаған әлеуметтік ортамен мәмлесін бұзып алмауы үшін қажетті шараларды жүзеге асырады. Мұндай балаларды жастайынан бос уақытын дұрыс пайдалануға үйрету, оны

пайдалы істерге жұмсауын қарастырып, шығармашылық еңбекке тәрбиелеу, соған сай ортаға араластыру, мысалы, музыкаға қабілетті болса музыканттармен араласуына т.с.с.

Балалармен бірге жұмыс істеуді тек ұстазға артып қана қоймай, ата – аналарда бірге жұмыс істеуі керек. Сонда ғана баланың ойлау қабілеті арта түседі. Ата – аналар мен ұстаздарға баланың бейімділігін арттырып, анықтай түсуге келесідей әдістемелер қолданылады:

- Дарындылық картасы
- Интеллектуалдық портрет т.б

Әр бала әр түрлі қабілетімен ерекшеленеді. Биге, сурет салуға, әнге, есепке т.б жақын болып келеді. Осы орайда баланың дарындалығын ары қарай дамыту мақсатында барлық жағдай жасалуы тиіс. Қосымша:

- Вокалға апару;
- Хореограф жалдау т.б

Дарынды балалармен жұмыс істейтін ұстаздарға қойылатын ең бірінші талап – әділдік. Әділдік болған жерде – оқушының қабілеті ары қарай дами түседі.

Қорыта келе, Ж. Аймауытовтың [7, 211] пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие.

Кейбір дарынды балалар өзінің дарынды екенін білмейді, немесе мінезінің тұйықтығынан байқалмайды. Олардың ішінде ұялшақ, қарапайым, дарынын білдіргісі келмейтіндері де кездеседі. Олар білгенін, өз ойын айтпайды, өзіне сенімі жетпейді. Мұндай балаларды дер кезінде танып, қабілет, дарын көзін ашып, көмектесу, дамыту болашақта жақсы маман иелерін тәрбиелеуге көмектеседі. Осындай ерекше балалар қатарына фанатиктер де жатады, мысалы, компьютерге қатты қызығу оның мектептегі оқуына кедергі болады. Осындай дарынды, қабілетті адамдар арасында психопат(тұтылып қалатын), невроздар(ызақор) да кездеседі. Олар әр қашан қоршаған ортаға, жақын адамдарына, кейде ұстаздарына риза болмай қарама-қайшылықтар туындатып, наразы болып, отбасында, оқу орнында жанжалдасып(конфликт) жүреді. Оның да себебі дарын мен қабілеттілігі болуы мүмкін, сондықтан оларды дер кезінде танып, өз уақытында жол көрсетіп, ата-анасы, мұғалімдеріне, тәрбиешілерге әлеуметтік педагог көмектесуі керек.

Әдебиеттер:

1. Халитова І.Р. Х 17. Әлеуметтік педагогика. Оқу куралы. — Алматы, 2006. - 249 бет.
2. Амонашвили А. Отбасы тәрбиесінің өнері. Педагогикалық очерктер, Мәскеу: Амрита-Рус, 2016, 336 б.
3. Голованова Ф. Әлеуметтендіру және балаларды тәрбиелеу, Санкт-Петербург: Реч, 2004, 272 б.
4. Сұр Джон. Балалар көктен келеді: ынтымақтастық, сенімді және жанашыр балаларды тәрбиелеуге арналған оң ата-аналық дағдылар, Нью-Йорк: HarperCollins электронды кітаптары, 2000, 284 б.

ЖАСӨСПІМДЕР АРАСЫНДА СУИЦИАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛДЫН-АЛУ

Қияқбай Н.Б

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті университеті, Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы*

nazk2003@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Булшекбаева А.И.

Аннотация: Бұл мақалада жасөспірімдер арасындағы суициалды мінез-құлықты әлеуметтік педагогикалық алдын-алу жолдары жазылған. Сонымен қатар, суицидке көп баратын адамдардың типтері мен жастары көрсетілген. Адам өмірінің қаншалықты бағалы әрі құнды екені айқындалған. Жасөспірімдер арасында суицидтің профилактикалық жолдарын көрсете отыра, әдіс-тәсілдер ұсынылған.

Кілт сөздер: Суицид, профилактика, психология, педагогика, себеп-салдар, суициалды тенденция, аффективті бұзылыс.

Аннотация: В данной статье изложены пути социально-педагогической профилактики суицидального поведения среди подростков. Кроме того, показаны типы и возраст людей, которые часто совершают самоубийства. Выясняется, насколько ценна и ценна человеческая жизнь. Предложены методы и приемы профилактики суицида среди подростков.

Ключевые слова: самоубийство, профилактика, психология, педагогика, причина и следствие, суицидальные наклонности, аффективное расстройство.

Abstract: this article describes the ways of social pedagogical prevention of suicidal behavior among adolescents. In addition, the types and ages of people who commit suicide are most indicated. It is clear how valuable and valuable human life is. Methods and techniques are proposed, showing preventive ways of suicide among adolescents.

Keywords: Suicide, Prevention, psychology, pedagogy, cause and effect, suicidal tendency, affective disorder

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-педагогикалық даму дәрежесінде адамның суицидтік көріністерін зерттеу және профилактикалық шараларды жасау мақсатында суицидтің себеп-салдарын, мотивтерін, жағдайларын терең жан-жақты ғылыми негізде әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық талдау жасап, жинақтау аса өзекті проблема болып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясының I бөлімінің 1 бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.» деп адам өмірінің қаншалықты құнды екенін айқын көрсетіп тұр [1].

Суицид- өзінді қасақана өмірден айыру. Карл Ясперс өз-өзіне қол жұмсаудың негізгі мәні - ерік-жігердің ең жоғарғы әрекеті деп анықтама берсе, Н. А. Бердяев өз-өзіне қол жұмсауды "өз-өзіне және басқаларға деген өшпенділік пен бірге жүретін, одан шығатын жол жоқ екенін түсінген кезде пайда болатын үмітсіздік жағдайындағы азғыру" деп санады.

Жасөспірімдер көбінесе суицидтік мінез-құлыққа білетті адамның бейнесін жасайды. Олар өлім фактісінің қайтымсыздығы туралы мүлдем ойламайды. Психикалық сау, гүлденген адам ешқашан олай жасамайды. Жасөспірімдердің суицидтік және тәуелділік мінез-құлқына қатысты ақпаратқа қолжетімділігінің артуы мәселесі ерекше назараударуды қажет етеді.

Қазіргі таңда елімізде балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының таралуы туралы ақпарат тым мардымсыз, жүйелі емес. Оның үстіне, суицидтік мінез-құлық себептері мен оған әрекет жасауды қосалғанда, балалар мен жасөспірімдер суицидін табиғатын ашуға қатыстықандай да бір деректер жүйесі жоқ. Солай бола тұра мен суициалды мінез-құлықтың әлеуметтік-педагогикалық алдын-алу жолдарын ұсынатын боламын [2].

Суицидтік құлықтың алдын алу кезеңдерін 3-ке бөліп қарастырсақ болады.

Бірінші кезең: диагностика және алдын алу бағытталады –тұлғаның туындаған тұрмыс қиыншылықтарын өзін дамыту тетіктеріне айналдыруы не болмаса ағымымен кетуі;

Екінші кезең- суицидтік құлық белгілері байқалған тұлғаны анықтау және алдын алу;

Үшінші кезең- суицидтік қимылдың қайталанбауын қадағалау, әлеуметтік және психологиялық қатарға қосу ,ортаны сауықтыру;

Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының әлеуметтік педагогикалық профилактикасы алдын-алу ресурсы бар органдар мен мекемелердің өзара әрекеттесуіне негізделіп әрекеттеседі, яғни командалық жұмыс жасалады. Ол ғылымдардың тұтас кешенінің озықжетістіктерін зерттей отыра, кешенді тәсіл қағидаттарына негізделген алдын алу жүйесі ретінде құрылады, оның үйлестірушісі кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия, орталық мектеп болып табылады, ал компоненттер интеграцияланған, өзара байланысты және шартталған. Жоғарыда айтылғандардың барлығы суицидтің алдын алу факторлары болып табылады.

Егер бүкіл әлемде әр 40 секунд сайын біржағдай орын алса ол сөзсіз - өз-өзіне қол жұмсау, Қазақстанда сағат сайын дерлік біреу өзгеріспен өмірімен қоштасады. Балалар өмірден кетуге шешім қабылдағанда, бұл қауіпті сигнал екенін түсінеді. Кәмелетке толмаған балалардың суицидтік ниеттері, ал өмірге деген осындай көзқарастың көрінісі – бұл жаңа қазіргі әлемдегі білім берудің, жалпы қоғамның өзекті және қорқынышты мәселесі. Жасөспірімдерге уақытылы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіп, өлімнің алдын алу және баланы құтқару керек. Әлеуметтік – педагог жұмысында жасөспірімнің суицидтік мінез-құлқында келесі әдістерді қолдануға болады [3]:

Мысалы: Миды тазарту немесе "жарылыс" әдісі (А. С. Макаренко).

Бұл алдын-алу тәсілінің мақсаты- біріншіден, жағдайға байсалды қарауға көмектесетін жағдай жасау, екінші жағынан, сананы уақытында 180 градусқа өзгерту.[3,278]

Яғни осы аталған тәсіл жасөспірімдерге "өзін-өзі ізгілендіруге" көмектесу туралы педагогикалық идеялар (жасөспірімнің адамдық қадір-қасиетін көтеруге деген ұмтылысы) тудырады. Бұл жанды рухтарндырады және оны өмірдің қиындықтарына төзімді етеді; жасөспірім қоғамының оң өзгеруінің оның жеке басының ішкі өзгерістерімен байланысы туралы; өмірді құндылық ретінде "ішкі ойлауға" қызығушылықты оятуға көмектесу туралы; дағдарыста жасөспірімді жеке қолдау туралы; тәрбиешілер мен ата-аналарға білім беру қажеттілігі бізге жасөспірімнің суицидтің алдын алудың теориялық педагогикалық негіздерін анықтауға көмектесті.

Жас кезінде суицидтік мінез-құлық көбінесе жеке қарым-қатынастармен байланысты. мысалы, бақытсыз махаббат. Суицидті "қоздыратын" нақты себептер ішкі себептер болып табылады. Жағдайларға байланысты суицидтік мінез-құлықтың әртүрлі себептері пайда болуы мүмкін: наразылық, кек алу, шақыру, назар аудару, көмек, жазадан аулақ болу, азап шегу; өзін-өзі жазалау, өмір сүруден бас тарту [4,71].

Мысалы, жасөспірімдердің суицидтік әрекеттерінде келесі себептерді бөліп көрсетуге болады. Бұл күйзеліс сигналы болуы мүмкін: "мені байқаңыз, мен сіздің көмегіңізге өте мұқтажмын". Сондай-ақ, жасөспірім басқаларды манипуляциялауға тырысуы мүмкін, мысалы, қыз досын өзіне қайтару үшін таблеткалардың үлкен дозасын қабылдайды. Тағы бір нұсқа — ата-аналарға: "Мен өлгенде өкінесің" деп айту арқылы басқаларды жазалауға деген нашар ой.

В. Франклдің экзистенциалды моделінде суицидтік мінез-құлықтың өсу себептерінің бірі-дәстүрді жоғалту, индустрияландыру және компьютерлендіру. Барлық жағдайлар жасалған молшылық қоғамы негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, мағынаға ұмтылу үшін емес. Бұл экзистенциалды вакуум жасайды. Техника адамды аман қалу үшін күш салу қажеттілігінен құтқарды. Бүгін де ол суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу үшін жаңа тірек нүктелеріңіздеуде. Бұл біз "өмірдің мәнін бере алмаймыз, мағынасын табу керек" деген ойға келеміз мұның бәрінен өз-өзіне қолжұмсаудың алдын алу өмірдің мағынасын таңуды білдірмейді, бірақ бұл мағыналарды мақсатты түрде табуға көмектесуді білдіреді. "Өмірдің мағынасыздығын сезінуге келетін болсақ, онда бұл жерде сұрақ туындайды: біз өмірден көңілі қалған замандастарымызға қайта табуға қалай көмектесеміз? Қазіргі адамға редуционистік идеялар соншалықты табандылық пен шабыттандырады ол үшін өмір әлі мағынасын жоғалтпағанына қуану» [5].

Тұлғаның суицидке қарсы факторлары:

– бұл қалыптасқан оңөмірлік көзқарастар, өмірлік ұстаным, жеке факторлардың жиынтығы және адамның психологиялық ерекшеліктері, сондай-ақ рухани баланың жеке басындағы суицидке қарсы факторларды дамыту және нығайту сынып сағаты кезінде тренингтер, ашық талқылаулар өткізу. Сіз мұны жасай аласыз әртүрлі психопрофилактикалық бағдарламалар мен тақырыптық пікір таластарды қолдану және т. б.

Суицидтік ниеттерді жүзеге асыруға кедергі келтіретін тәжірибелер (Тарасова Н. Н., 2010).

Оларға мыналар жатады:

-туыстары мен жақындарына эмоционалды сүйіспеншілік, олармен қарым-қатынастың маңыздылығы, оларға психикалық зиян келтіруден қорқу;

-айқын міндет сезімі, міндеттеме;

-өз денсаулығының жай-күйіне назар аудару, өзіне физикалық зиян келтіруден қорқу;

-өлім проблемасына байланысты діни және әлеуметтік тыйымдар және суицид күнәсінен қорқу;

-қоғамдық пікірді есепке алу және тараптан сотталудан аулақ болу

-өмірге қызығушылық таныту;

-пайдаланылмаған өмірлік мүмкіндіктер туралы сенімдер;

-сіздің жақын болашағыңыз бен өмір болашағыңызды жоспарлау;

-өмірлік, шығармашылық, отбасылық және басқа жоспарлардың, жоспарлардың болуы;

-рухани, адамгершілік және эстетикалық критерийлердің болуы [6];

Мақалада жалпы білім беретін орта мектептерде мультимедиялық және инновациялық технологияларды қолданып математиканы оқыту әдістемесін жетілдіру мәселесі қарастырылады. Авторлар мектептің техникалық жабдықталуы, жекелеп алғанда Flash технологиясы мен HTML тілі негізінде, математика сабағының тиімділігін арттыру жолдарын сипаттайды.

Кілтті сөздер: инновациялық технологиялар, мультимедиялық технологиялар, Flash технологиясы, HTML тілі, математиканы оқыту әдістемесі, арнайы бағдарламалар, арнайы сайт, электронды оқулық, анимация

В статье рассматриваются вопросы совершенствования преподавания математики с использованием мультимедийных и инновационных технологий в средней образовательной школе. Авторами описываются пути повышения эффективности уроков математики на основе технического оснащения системы школьного образования.

Ключевые слова: инновационные технологии, мультимедийные технологии, технология Flash, язык HTML, методика обучения математике, специальные программы, специальный сайт, электронный учебник, анимация.

In article questions of improvement of teaching of mathematics with use multimedia and innovative technology at high educational school are considered. Authors describe ways of increase of efficiency of lessons of mathematics on the basis of a hardware of system of school education.

Key words: innovative technologies, multimedia technologies, Flash technology, HTML language, mathematics teaching methodology, special programs, special website, electronic textbook, animation.

Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру ол теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен жаңа оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмән жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Осы тақырыпта жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты ол Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының озық деңгейіне қол жеткізуге үлес қосатын математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін қалыптасқан үрдісті сақтай отыра, инновациялық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды қолданып жетілдіру болды.

Инновациялық технологиялар және Flash бағдарламасы мен HTML тілі интеграциясы арқылы математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру жүйесін жасауда екі бағыт ұсталды. Алғашқысы Математика оқу бағдарламасының студенттері болашақта математика пәні мұғалімі болып қызмет атқаратын болғандықтан да олардың инновациялық технологияларды оқу үрдісінде қолдануына, компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істей алуына жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде үйрету. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Математика оқу бағдарламасының студенттері мемлекеттік стандартта бекітілген пәндерден негізгі математикалық ілімін алса, таңдау компоненті болып берілетін пәндер арқылы инновациялық технологияларды, арнайы компьютерлік бағдарламаларды педагогикалық үрдісте қолдану тәсілдерімен танысады.

Екінші бағытта жұмыс жалпы білім беретін орта мектептердегі математика пәні мұғалімдерімен жүргізілді. Ғылыми жұмыс аясында математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру, мұғалімдерге жан-жақты қолдау көрсету мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

- Еліміздің түкпір-түкпірінде математика пәнін оқытып жүрген мұғалімдердің оқу үрдісінде кездесіп отырған мәселелерін анықтау мақсатында пікір алмасу орын алды. Ол Қазақстан мектептеріндегі математика пәнінің мұғалімдері арасында өзара тәжірибе алмасып, байланыста жұмыс істеуін қамтамасыз ету, математика пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында құрылған арнайы сайт www.matematik.kz арқылы жүзеге асырылды. Математика пәні мұғалімдерімен пікірталасулар болып, дайындалған теориялық және практикалық материалдар қолданысқа берілді (Сурет 1):



Сурет 1. www.matematik.kz сайтынан үзінді

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ұйымдастырған «Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім беру әдістемесі» бойынша біліктілікті жетілдіру курсының өту Интернет желісі арқылы форумдар мен пікіралмасулар ұйымдастыруда көмегін тигізді.

- Математиканы оқыту әдістемесінің қосымша тараулары, Элементар математиканың қосымша тараулары пәндері бойынша электронды лекциялар дайындалып, www.ksu.kz сайты арқылы кез-келген қолданушыға қол жетімді болды. Университеттің электронды кітапханасына тапсырылған материалдар тек мамандық студенттері үшін ғана емес сонымен бірге математика пәні мұғалімдері үшін қолжетімді.

- «Информатиканың теориялық және практикалық негіздері», «Информатика негіздері» атты электронды оқу құралдарында HTML тілінің құрылымы мен қолданылуы, сілтемелер дайындау мысалдары берілгендіктен мұғалімге өз материалдарын қойып практикалық тұрғыда қолдануға аса ыңғайлы.

«Элементар математиканың қосымша тарауы» электрондық оқулығы студенттерге негізгі пән «Элементар математиканың» жалғасы іспеттес болғандықтан, функцияларды толығырақ меңгеруге, қамтылған тақырыптар мен келтірілген мысалдар және арнайы дайындалған қосымша тапсырмалар, сынақ есептерін қарастыруға арналған.

- Қазақ тілінде баспаға шыққан арнайы оқулықтардың аздығын ескере отыра Flash технологиясы бойынша дайындалған қазақ тіліндегі электронды нұсқадағы теориялық материалдар мен аталған технологияны практикалық тұрғыда игеруге бағытталған тапсырмалар, жаттығулар мен арнайы зертханалық жұмыстар мұғалімнің осы технологияны игеруіне үлкен мүмкіндік ашады да, мектеп оқушылары үшін игеруге қиындық туғызып жататын функциялар мен олардың графиктері, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу тақырыптарында үлкен көмек етеді. Олардың ішінде оқу үрдісінде келесі негізгі төртеуінің қажеттілігі басым:

- компьютерді білімді бақылау құралы ретінде пайдалану;
- жаңа материалды түсіндіруде иллюстративті құрал ретінде мультимедиа-технологиялар қолдану;
- компьютерлік модельдеуді қолдану арқылы лабораториялық практикумдар жүргізу;
- өзбетімен білім жетілдіруде дербес компьютерді қолдану[2].

Бүгінде оқытушылардың дербес компьютер әр түрлі процестерді модельдеу құралы ретінде назарын аударта бастады. Ал, модельдеуде мультимедиалық технология маңызы зор. Мультимедиа дегеніміз - мәтін, кескіндер, видеокадрлар, анимациялық объектілер, дыбыстар, музыка, т.б. қамтитын құжаттарды бір уақытта интерактивті бағдарлама ретінде бейнелейтін жаңа ақпараттық технология болғандықтан оны қосымша игеруге тура келеді. Көптеген құралдар мен бағдарламалық өнімдер жеке қолданушы үшін өте қиын. Осы тұста жақсы шешімдердің бірі MacromediaFlash технологиясы болды. Бұл технологияның көмегімен екінші қажеттілікті толықтыруға болады.

Flash - бұл ХХІ ғасырдың революциялық технологиясы, болашақ технологиясы. Ол анимацияланған векторлық графиканы дыбыстық эффектілермен бірге жүзеге асырады. Бұл бағдарлама дыбыспен қамтылған, анимацияланған мәтіндер мен графиктер құрып қана қоймай, оны экспорттауға, импорттауға мүмкіндік беретін болғандықтан да функциялардың графиктерін түсіндіруге, айналу денелері тақырыптарын беруде мұғалім үшін нақты көрнекті құрал дайындауға жетекші бағдарлама. Анимация - бұл объектіні қозғалысқа келтіру, ал анимациялаған объектілерді, роликтерді оқу үрдісінде қолданудың маңызы зор, бұл қызығушылық туғызады да нәтижесінде оқушының математикаға деген ынтасын арттырады.

Flash-та «объект» термині үстелде орналасқан кез келген фильм элементін көрсету үшін қолданылады. Flash саймандарын қолдана отырып, объектілерді орналастыруға, көшіруге, жоюға, өзгертуге, оларды бір-біріне қатысты туралауға және топтауға мүмкіндік бар. Сонымен қатар объектіні кейбір URL-мен байланыструға болады (яғни, оны гиперсілтеме ретінде қолдану). Flash-та бір уақытта бірнеше объектілерді таңдау мүмкіндігі

де бар (немесе бірнеше объектілердің үзіндісін), таңдалатын объектілер әртүрлі қабаттарға жатуы мүмкін [3].

Бүгінде оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану-сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Мұғалім сынып оқушыларының деңгейіне қарай компьютерлік тест тапсырмаларды топтастырып, өзі дайындағандықтан да сілтемелер көмегімен кері қайту немесе жаңа деңгейге өту өте ыңғайлы болмақ. Ол үшін әрине мұғалімнің HTML тілін білуі керек. Тест тапсырмаларды компьютерде өткізу мұғалімнің тапсырмаларды тексеруінде уақытты үнемдейді және оқушының өз қатесін көруіне жол береді. Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

- оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
- оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
- шығармашылық қабілеттері артады.
- жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
- оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды.
- компьютерлік сауатты болуға үйренеді.

Инновациялық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан ХХІ ғасыр инновациялық ғасыр, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және инновациялық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үрдісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Білім берудің саласында "Электрондық оқулықтарды" пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Соның нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылды [4].

Қорыта айтқанда заман талабына сай болу үшін асқан жылдамдықпен дамып келе жатқан инновациялық технологиялардың мүмкіндіктерін оқу үрдісінде қолдана отыра, оқушылардың бойында біліммен қатар тәрбие үрдісін қатар алып жүруде мұғалімге әрине көмек қажет. Себебі мұғалім сол инновациялық технолгияны өзі толық игергенде ғана оның бар мүмкіндіктерін қолдана отыра оқу үрдісін тиімді ете алатындығы анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы// <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
2. Бидосов Э. Математиканы оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 2013. – 235 б.
3. Энди Андерсон Macromedia Flash MX.- М.: Наука, 2014. – 217 с.
4. Алленова Н. Учебник по HTML для чайников. Алматы: Мектеп, 2009. – 235 с.

5-9 СЫНЫПТАРДА «ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ» ТАҚЫРЫПТАРЫН ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Калдыбаев Ж.Ж., Қосыбаева У.А.

Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ, ҚАРАҒАНДЫ Қ.

E-MAIL: umit1980@mail.ru, ZKALDYBAEV5@GMAIL.COM

Мақалада алгебра пәнінде 5-9 сыныптарда оқытылатын басты тақырыптардың бірі талданады. Пәнді оқыту барысында қолданылатын пәнаралық байланыстар аталып, бүгінде маңызды болып табылатын компьютерлік бағдарламаларды қолдану сарапталады. Мақала авторлары оқушылардың білімі мен іскерлігін дамытатын үйретуші компьютерлік бағдарламаларды қолданудың көкейкестілігін қорытындыланады.

Кілттік сөздер: оқыту әдістемесі, оқу құралы, компьютерлік бағдарламалар

В статье анализируется одна из главных тем алгебры 5-9 классов. Оценивается межпредметная связь и использование компьютерных программ, используемые в процессе обучения предмета. Авторы статьи показывают актуальность пользования обучающих компьютерных программ, используемых для развития знаний и навыков у учащихся.

Ключевые слова: методы обучения, средства обучения, компьютерные программы

In article one of the main subjects of the algebra studied at high comprehensive school is analyzed. The intersubject communication and use of computer programs used in the course of training of a subject is estimated. Authors of article show relevance of use of the training computer programs used for development of knowledge and skills in pupils.

Keywords: teaching methods, teaching aids, computer programs

Қазақстан Республикасы үшін ХХІ ғасырдың басы ғылыми-техникалық прогреске негізделген елдегі әлеуметтік-экономикалық дамуымен сипатталады. Аталмыш үрдіс салдарында ақпараттық технологиялардың қоғам салаларына тереңінен енгізілуі білімі мен кәсіби біліктілігі ғылым мен техника дамуына сәйкес келетін мамандарды талап етіп отыр. Осы орайда әрбір мемлекет өзінің білім беру жүйесін жаңа әдістер мен технологияларды қолдана отыра жетілдіруге назар аударады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында **Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде** ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау анықталған[1]. Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы еліміздегі ақпараттандырудың құқықтық негіздерін белгілейді, электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді құру, пайдалану және қорғау кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді[2]. Осы орайда жалпы білім беретін орта мектептердегі гелметрия пәнін барынша жеткілікті көлемде түсіндіру математика пәніндегі көкейкесті мәселеге айналды.

Алгебра және анализ бастамалары пәнін оқытуда ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін қолдану қазіргі кезде өте тиімді. Компьютерлік бағдарламалар арасындағы үйретуші бағдарламалар жаңа ұғымдарды беруге үлкен мүмкіндіктер береді, яғни оқытудың дәстүрлі әдістемесін сақтай отыра, жаңа сапаны қамтамасыз етеді. Оның негізінде көрнекіліктерді жаңарту, яғни тиімділігін арттыру, оқушының танымдық қызметінің белсенділігін көтеру, бейнелі ойлау механизмдерін жетілдіру жатыр.

5-9 сыныптарда «Функциялардың негізгі қасиеттері» тақырыбын оқытуда мұғалім келесі тақырыптарды оқушыларға жеткізуі тиіс:

- функциялар және олардың графиктері;

- функциялардың графиктерін қарапайым түрлендіру;
- жұп және тақ функциялар;
- тригонометриялық функциялардың периодтылығы;
- функциялардың өсуі мен кемуі;
- тригонометриялық функциялардың өсуі мен кемуі;
- функцияларды зерттеу.

Жоғарыда аталған тақырыптар мектеп оқушыларының игеріп әкетуіне жеңіл берілетін тақырыптар емес екендігі аян. Сондықтан да мұғалім дәстүрлі әдістемемен қатар ақпараттық технологияларға жүгіне отыра оқушылардың білімі мен іскерлігін дамытуға бағытталған үйретуші компьютерлік бағдарламаларға сүйене алады.

Бүгінде еліміздің нарығында кездесетін компьютерлік бағдарламаларға зерттеу жүргізсек арнайы математика пәніне жасалған саналуан фирмалар мен жеке қолданушылардың өнімдері бар. Мысалы Ресейде дайындалған «Математика 5-11 классы. Практикум» («1С»), «Все задачи школьной математики» («Просвещение-Медиа») т.с.с., Біздің елімізде электрондық оқулықтарды шығарудағы таныс ұйым ол – Ұлттық ақпараттандыру орталығы. «Математика» (1-10 сыныптар үшін) электрондық оқулықтары көптеп жасалып қолданыс табуда. Осындай бағдарламалардың басым бөлігі: 1) оқыту, 2) жаттығу, 3) бақылау деп аталатын алгоритм негізінде дайындалған. Сондықтан да мұндай бағдарламалар мұғалім мен оқушыларға жақсы көмекші ретінде қызмет етуде.

Оқытудың тиімді жүйелерін жасағанда компьютерлік жүйе мен оқушының өзара қатынасындағы дидактикалық және психологиялық талаптар мен принциптерді ескеру керек. Өзін-өзі оқытуға арналған компьютерлік бағдарламалардың айрықша ерекшелігі мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей немесе қандай да бір техникалық құралдар бойынша сұхбаттық өзара әсердің болуында. Осы себепті де арнайы бағдарламаларды таңдағанда компьютерлік оқыту бағдарламаларының интерактивтілігі, яғни оқушының сұрақтары мен іс-әрекетіне дереу жауап беру мүмкіндігі бар екенін, оның үстіне мәселені анықтай түсуге, мәліметтерді беруге, оқушыға ақпаратты ұсына алатындағын да ескеру керек.

Мұғалім оқушыларға белгілі ақпаратты хабарлайды, яғни түсіндіріп айтып береді. Және де мұғалім барлық оқушылар ол ақпаратты толықтай қабылдады деп ойлайды. Бірақ, мұғалім бір мезгілде 25-30 оқушыны оқыта отырып, оқыту қарқынын, ақпаратты түсіндірудің мән-мағынасын әрбір оқушының ерекшеліктеріне сәйкестендіре алмайды, себебі ол ерекшеліктер саналуан. Көптеген мұғалімдер сабақты «орташа қарқынмен» жүргізіп, орташа оқитын оқушылардың «ыңғайына» қарайды. Мұндай қарқынмен сабақ өткізу барлық оқушылар үшін ыңғайлы емес. Себебі нашар оқитын оқушылар бұл «орташа қарқынға» ілесе алмай, яғни мұғалімнің айтқанын меңгеріп түсіне алмай, қалып қояды. Бұл жағдайда мұғалім «асығыстық» жасады деуге болады. Ал, мұғалімнің айтқанын тез қабылдайтын оқушылардың дамуында тежеу басталып, ол оқушылар меңгеретін материал «жеңіл» болып, мұғалім оны «баяу» баяндағандықтан жалыға бастайды. Сонымен қатар, мұғалім «орташа» оқитын оқушының білім деңгейін ескере отырып сабақты жүргізетіндіктен білімнің белгілі бөлігі меңгерілмей қалады. Ал қолданбалы бағдарламалық жабдықтың көпдеңгейлілігі дидактикалық критерилерге жауап береді. Білім алу мазмұнын таңдауда ғылымилық, жүйелік, түсініктілік, үздіксіздік, бірізділік, өміршеңдік сияқты оқытудың негізі принциптерін басшылыққа алу керек; оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауда көрнекілік, оқытуда оқушылардың белсенділік пен саналылық принциптерін, оқытудың мазмұны мен міндеттеріне байланысты оқытудың әр түрлі әдістерімен үйлестіру басшылыққа алынады.

Жасалған талдарулар неізінде енді нақтылай айтатық болсақ «Тригонометриялық функциялар» тақырыбын өткенде «Үздіктерге арналған тригонометрия» бағдарламасын қолдануға болады, яғни оқушы теориямен танысқаннан кейін тесттік тапсырмаларды орындай бастайды. Керек кезінде оқушы жауабын тексереді немесе теориясын оқиды, графикті немесе шешімін көре алады. Әрбір оқушы өз темпімен жұмыс істейді, бір есепті түсініп шешкеннен кейін екіншісіне өтеді. Берілген бағдарлама бойынша оқыту ұйымының формасы өзіндік жұмыс дәрежесі өзгермелі жеке жұмыспен сипатталады. Программаның

қолданылуы қарапайым. Технологиямен таныс оқушы компьютерде мұғалімсіз де жұмыс істей алады, сонымен қатар программада көптеген нұсқаулар беріледі.

Алгебра сабағында ақпараттық технологияның екі түрі қолданылады: *презентация* және *слайд-шоу*. Олар оқушыларға материалды түсінікті және көрсетілімді түсіндіруге мүмкіндік береді.

Презентация мұғалімнің фронтальді жұмысының ақпараттық қамтамасыз етуі болып табылады және де ол слайдтардан тұрады. Берілген ақпараттың негізгі формалары – мәтін, суреттер, сызбалар.[3]

Оқыту үрдісінде жиі қолданылатын ақпараттық технологияларды екі топқа бөлуге болады:

- 1 Жергілікті желі мен әлемдік INTERNET –қолданатын желілік технологиялар.
- 2 Жергілікті компьютерге бағытталған технологиялар [4].

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.[5]

Алгебра және анализ бастамалары пәніндегі жоғарыда біз атап өткен тақырыптар арасында функцияның графигімен жұмыс істеуге алып келетін тақырыптар бар. Бұл тақырыптардың барлық оқушылар үшін игеруге жеңіл емес екендігі анық. Сондықтан да тақта алдында графиктерді сызып көрсету мүмкін болғанымен де анимация араластыру арнайы бағдарламаларсыз мүмкін емес. Мысалы

- функциялар және олардың графиктері;
- функциялардың графиктерін қарапайым түрлендіру;
- тригонометриялық функциялардың периодтылығы;
- функциялардың өсуі мен кемуі;
- тригонометриялық функциялардың өсуі мен кемуі;

Функцияларды зерттеу тақырыптарына арнайы анимациялық бағдарлама «Flash анимация бағдарламасын» қолдану орынды. Бұл бағдарлама бүгінде өзінің құралдары бойынша ыңғайлылығымен ерекше сұранысқа ие болып отыр. Аталмыш бағдарлама құрамында:

- векторлық графика;
- анимацияларды қолдау;
- интерфейстің интербелсенді элементтерін құру мүмкіндігі;
- әртүрлі графикалық форматтарды қолдау (сонымен қатар растрлы графикалы да);
- Flash фильмдерді HTMLформатына қосу;
- Flash фильмдерін Web- браузерде көру мүмкіндігі;
- әртүрлі визуальді саймандардың болуы арқасында функция графигінің барлық қырын ашып көрсету мүмкіндігі болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы//www. adilet.kz
- 2.Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы Заңы//www. adilet.kz
3. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: / Учеб. пособие для студ.высш. учеб.заведений. М.: Академия, 2013.
4. Е.Г.Абильдин, Е.Қ.Балапанов, Б.БөрібаевИнтернетке кіріспе – Бүкіл дүниежүзілік өрмек: әдістемелік құрал. – Алматы, 1999. –бет.30.
- 5.Л.М.Фридман Педагогический опыт глазами психолога / Учеб. –М. Педагогика, 2007. –С. 224.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ -ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Байдалиев Д.Д. - п.ғ.к., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: Baidaliev-d@mail.ru

Кабылбекова Л.Б. - тарих ғылымдарының магистрі

Алматы қаласы Білім басқармасының «№42 жалпы білім беретін мектебінің» тарих және география пәні мұғалімі, Алматы қ.

E-mail: ansardauletzhan@mail.ru

Аннотация. Қазіргідей әлеуметтік - экономикалық мәселелердің көрсеткіштері жаһандық бәсекелестікпен өлшенген тұста, заманауи білім беру жүйесіне де зор талаптар қойылып отыр. Қазақ халқының қай қоғамында болмасын өз ұрпағын білімді, білікті, іскер етіп тәрбиелеуге аса мән берілгендігі біздің тарихымыздан белгілі. Заманауи білім беру, оқу - тәрбие жүйесін жаңа технологиялармен қамтамасыз ету және соның негізінде оқушылардың дарындылығын қалыптастыру ісі өзектілігін жоймақ емес. Педагогикалық - психологиялық мәселе ретінде қазіргі оқушыларға берілетін білім олардың дарындылығын дамытумен ерекшеленеді. Мақалада заманауи білім беру жағдайында оқушылардың дарындылығын қалыптастырудың теориялық және практикалық мәселелері ғылыми негізде сараланған.

Тірек сөздер: заманауи білім, оқушы, дарындылық, педагогикалық - психологиялық үдеріс, жаңа технология.

Аннотация. В настоящий момент, когда показатели социально-экономических проблем измеряются глобальной конкуренцией, к современной системе образования предъявляются высокие требования. Из нашей истории известно, что в каком бы обществе ни жили казахи, они придают большое значение воспитанию своего поколения образованным, квалифицированным и предприимчивым. Обеспечение современной системы образования новыми технологиями и формирование на их основе талантов учащихся не теряет своей актуальности. Как педагогико-психологическая проблема образование современных школьников отличается развитием их таланта. В статье на научной основе выделяются теоретические и практические проблемы формирования таланта учащихся в условиях современного образования.

Ключевые слова: современное образование, школьник, одаренность, педагогико - психологический процесс, новые технологии.

Annotation. At the moment, when indicators of socio-economic problems are measured by global competition, high demands are placed on the modern education system. It is known from our history that no matter what society Kazakhs live in, they attach great importance to educating their generation to be educated, qualified and enterprising. The provision of the modern educational system with new technologies and the formation of students' talents based on them does not lose its relevance. How is the pedagogical and psychological problem of the education of modern schoolchildren different from development and talent. Theoretical and practical problems of student talent formation in the conditions of modern education are highlighted in the article on a scientific basis.

Key words: modern education, student, giftedness, pedagogical and psychological process, new technologies.

Бүгінгі таңда елімізде «Жаңа Қазақстанды» жүзеге асыру барысында, әлеуметтік - экономикалық салаларды реформалаумен бірге жаһандық бәсекеге қабілетті интеллектуалды қоғам қалыптастыру, инновациялық ойлауды дамыту аясында да заманауи бағыттар да жүзеге асырылып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2021 жылы еліміздің әрбір өңірінен оза шауып, республикалық және халықаралық олимпиадалар мен үздік өнертабыс саласында жүлделі орындарға ие болған балалармен кездесуінде: «Қазіргі еліміздің жарқын болашағы үшін, білімді, білікті әрі өзінің отанын сүйетін кәсіби маман болу үшін жас ұрпақ сапалы білім алуы керек. Білімді, дарынды балалардың көп болуы біз үшін үлкен құрмет. Сондықтан да жан - жақты білім алу, отанымыздың дамуына үлес қосу әрқайсымыздың қадірменді борышымыз. Осы орайда мемлекетіміз жылдан - жылға балаларды қолдауды арттыра беретін болады» - деп атап көрсеткен болатын [1].

Сонымен бірге ел Президенті «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында, оқушылардың заманауи қабілеттерін дамытып, кәсіби бағдар берудің жаңа үлгісін жасау, дарынды жастарды дайындап, әлемнің іргелі оқу орындарына даярлау қажеттілігіне тоқталған [2].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 4 бабында, мемлекеттің дарынды балалардың сапалы әрі элиталық білім алуына және олардың ары қарай білімін дамыту үшін дамыған шет елдерде дамытуына жағдайлар жасайтындығын атап көрсеткен [3, 18 б.].

Ал, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, қазіргі кезде дарынды балаларға жағдай жасау, олардың әлеуетін мемлекетіміздің әлеуметтік - экономикалық жағдайын дамытуда пайдалану үшін Білім және ғылым министрлігі бекітетін республикалық және халықаралық олимпиадалар, интеллектуалдық байқаулардың үздік деп танылған жүлдегерлері мектептегі мемлекеттің емтихандар мен ұлттық бірінғай тестілеуден босатылып, жоғары оқу орындарына бірден қабылданатындығы көрсетілген [4].

Соңғы кездері педагогика және психология, әлеуметтану ғылым салаларында оқушылардың дарындылығын қалыптастыру мен дамыту аясында іргелі еңбектер жарыққа шыққанын жоққа шығара алмаймыз.

Жалпы педагогика және психология тарихына көз жіберсек, дарынды балаларды тәрбиелеу мәселесі қашан да өзекті болғанын көреміз. Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ы.Алтынсарин: «Қазақтар болмысынан дарынды, білімді халық. Дарынды, кемелденген ұрпақты заман көшіне сай тәрбиелеу үшін рухани білім беруді ыждаһаттықпен жүзеге асыру қажет» - деп жазған болатын [5, 59 б.].

Баланың дарындылығын қалыптастыруға байланысты тағы да көптеген теориялық және практикалық деректемелерді көптеп келтіруге болады.

Қазіргі кезде отандық ғалымдар Қ.Жарықбаев пен О.Саңғылбаев өз еңбектерінде, дарындылықты туа пайда болатын жекелік қасиет ретінде тұжырымдап, олардың көрсеткіштеріне баланың зеректігі мен зейінділігін, алғырлығы мен шеберлігін жатқызады. Ғалымдардың тұжырымдауына дарындылық баланың алдына қойған мақсатын алғырлықпен шебер орындауында және жетістікке жетуде ерекше белсенділігімен сипатталатын құбылыс [6, 152 б.].

Психология саласы бойынша дарындылық жеке тұлғаның ерекше ақыл - ой қабілеті, қабылдау процесінің ұтқырлығы ретінде көрсетіледі.

Біздің ойымызша оқушының дарындылығы- дегеніміз жеке тұлғаның басқалармен салыстырғанда бір немесе бірнеше іс - әрекетте жоғары, сапалы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған ақыл - ойдың ерекше қабілеті, адамның туа біткен әрі оқу - тәрбие үдерісінде жүйелі дамитын құндылығы - деп сипаттаймыз.

Біздің елімізде балалар дарындылығын әр түрлі факторлармен байланысын А.К.Сатова, У.Б.Жексенбаева, К.Р.Момынбаева, Л.К.Нарикбаева, М.О. Оразымбетова және т.б. ғалымдар қарастырған.

Қазіргі білім беру саласы жеке тұлғаның дарындылығы мен интеллектуалды қабілетіне, шығармашылық сыни ойлауын дамытуға баса назар аударып отыр. Сол себептен да еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, жаһандық бәселесетікте оқушылардың білімділік, біліктілік қасиеттерін арттыру, сапалы білім беру мен тәрбиелеу ісіне көптеген реформалар енгізді. Себебі нарықтық қоғамда әлем елдерінің арасындағы негізгі басымдылық критерийлер жастардың білімі мен іскерлігі, дарындылығы мен шығармашылығы, өнертабыстық қабілеті сапалармен өлшенеді [7, 54 б.].

Отандық ғалым Л.М.Нарикбаева оқушылардың дарындылығының төмендегідей компоненттерін бөліп көрсетеді.

1. *Жоғары интеллектілік* - тұлғаның жалпы танымдық және интеллектілік іс - әрекеті. Интеллектілік қабілеттер берілген тапсырмаға зер салып, қызығушылықпен қабылдауында және оны мұқият шеберлікпен орындауындағы тұлғаның ақыл - ойының жоғары дамыған деңгейі бола алады;

2. *Шығармашылық әлеует* - жеке тұлғаның ерекше танымы мен сыни ойлауы, шығармашылық-зерттеушілік әрекеті, белсенділігі мен мақсатқа жетудегі психологиялық және педагогикалық маңызды сапалары;

3. *Мотивациялық - мақсаттылық* - жеке тұлғаның алдына қойған мақсаты мен оған жетудегі оқу - тәрбие ісінің бірізділігі мен байланысы, танымдық сапаларды іс жүзінде жүзеге асыруға бағыттылығы мен шеберлігінен көрінетін қасиеттер;

4. *Дуниетанымдық, әлеуметтік бейімділік* - жеке тұлғаның қоршаған ортаның шынайылығын қабылдауынан, рухани - мәдени дамудағы ұстанымдарынан және әлеуметтік ортамен қарым - қатынасынан көрінетін сапалары [8, 6 б.].

Педагогика және психология ғылым салаларында жеке тұлғаның дарындылықтың формалары мен түрлеріне, өзіндік категорияларына сипаттама берген. Ғалым Н.Лейтес жеке тұлғаның ақыл - ойы мен психологиялық дамуына және жас ерекшеліктеріне байланысты мынадай топтарына мән берген.

- Кез - келген тапсырмаларды назар салып тыңдауға және оны орындауға деген қызығушылығы жоғары балалар (мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушылары тән);

- арнайы пәндер бойынша және оны орндаудағы шеберлігі бойынша дарындылықтары бар балалар (жекелеген пәндер, сурет, ән т.б мектептің орта сатысындағы оқушыларға тән);

- ашық және жасырын түрдегі дарындылық, шығармашылық - іскерлік әлеуеті жоғары балалар (әдетте жасөспірімдік кезеңде көп кездеседі) [9, 81 б.].

А.К.Сатова мен А.Калыкбаева бастауыш сынып оқушыларының дарындылығы мәселесіне тоқтала келе, оларды 6 типке бөліп қарастырған. Олар: оқушылардың танымдық қабілеті, зеректігі және креативті жаңашылдығы сонымен бірге бастамашылдығы, ізденімпаздығы мен таланты [10, 106.].

Ғалым У.Б.Жексенбаевабалалардың дарындылығы мәселесіне тұжырымдама бере отырып, оларды 3 топқа бөліп көрсетеді. Бірінші жалпы қабылдауы, танымы бойынша жоғары сапаға ие балалар. Екінші мақсатты іс - әрекетте жоғары көрсеткіштерге ие болған балалар. Үшінші оқу ісінде үздік оқитын балалар [11; 12].

Бүгінгі таңда педагогтар мен психолог ғалымдар оқушылардың дарындылығының қалыптасуы мен даму деңгейі, қабілеттерінің артуында мұғалімдер мен тәрбиешілер жоғары рөл атқаратынын жоққа шығармайды.

Отандық ғалым Л.М.Нарықбаева өз еңбегінде Дж.Рензулидің көзқарасына сипаттама бере отырып, дарындылықты табиғи құбылыс деп түсіндіре келе, «дарындылық» ұғымының «әлеует» (потенциал -латын сөзі *potentia* - күш, бір нәрсеге қабілеттілік) ұғымына алмастырады. Оның моделі эмбебап секілді дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде ғана емес барлық балаларға да қолдануға болатыны анықталды. Осы тұжырымдама әр түрлі бағдарлама жасауға негіз болған [16, 8 б.].

Сонымен педагогикалық - психологиялық ғылым салаларының теориялық мәселелеріне сүйене отырып біз оқушылардың дарындылық түрлерін былайша бөліп көрсетуге болатындығына көз жеткіздік.

Әдеби дарындылық:

- өз ойын әрдайым логикалық және дәйекті түрде айтады;
- сөздік қоры мол, еркін, анық сөйлейді;
- оқиғаны суреттеуде өз ойын, сөздерін пайдаланады;
- қиялдау, ойлап табу, сюжеттер мен әңгімелер құрастыруды ұнатады;
- кітаптың, пьесаның, фильмнің мазмұнын оңай әрі дәл баяндайды;
- өлең оқығанды ұнатады, оны мәнерлеп және ықыласпен орындайды;
- мектеп бағдарламасынан тыс қосымша материалдарды пайдаланады;
- әңгіме, өлең, күнделік жазғанды ұнатады;
- өзінің әдеби қабілеттерін көрсетуден тартынбайды.

Көркем - шеберлік дарындылық:

- көрнекі ақпаратқа үлкен қызығушылық танытады;
- өнер туындыларына әуес, оларды көргенді ұнатады.
- ең кішкентай бөлшектерді де есте сақтайды;
- сурет салуға және мүсіндеуге көп уақыт жұмсайды, өзінің эмоциялары мен сезімін сурет немесе мүсіндеу арқылы көрсетуге тырысады;
- жақын маңдағы, айналасындағы әдемі және әдеттен тыс нәрсені көре алады;
- үйде қызықты және ерекше нәрсе жасауды ұнатады;
- оның жұмысы керемет композициямен, дизайнымен және түсімен ерекшеленеді;

Музыкалық дарындылық:

- ән сабағына ерекше қызығушылық танытады;
- әнді жақсы көреді, оны бірнеше сағат бойы тыңдай алады, музыкалық жазбаларды сатып алады;
- музыкалық концерттерге барғанды ұнатады;
- әуендер мен ырғақтарды оңай есте сақтайды, оларды қайталай алады;
- музыканың табиғаты мен көңіл-күйіне сезімталдықпен қарайды;
- ырғақты оңай қайталайды.

Спорттық дарындылық:

- жігерлі, үнемі қозғалғысы келеді, әдеттегіден аз ұйықтайды;
- ұсақ моториканы қажет ететін қозғалыстарға үлкен қызығушылық танытады;
- қол-көз координациясы жақсы;
- қозғалыстардың кең ауқымы бар (баяудан жылдамға, тегістен өткірге дейін);
- қозғалыс жаттығуларын орындау кезінде тепе-теңдікті жақсы сақтайды;
- маневр жасау кезінде денені тамаша басқарады;
- оның жасына сай ерекше физикалық күші, икемділігі, төзімділігі бар.

Көшбасшылық дарындылық:

- жауапкершілік жүгін табысты көтере алады; ол уәдесін орындайтынына сенуге болады және әдетте сапалы орындайды;
- өз жасындағы балалармен өзін ересектер сияқты сенімді сезінеді;
- өз жұмысын аудитория алдында көрсетуді сұрағанда өзін сабырлы және жайлы сезінеді;
- ол қақтығыстардың алдын алуға тырысады және әдетте оны оңай жеңе алады;
- өзін-өзі көрсетуге қабілеті жоғары: оның сөйлеуі жақсы дамыған, түсіну оңай.

Шығармашылық дарындылық:

- әртүрлі салада өте ізденімпаз, кез-келген нәрсе туралы үнемі сұрақ қояды;
- көптеген түрлі идеяларды жүзеге асыруда белсенді немесе проблемаларды шешуде ұстамды;

- ақыл-ой «ойынына» байланысты тапсырмаларды ұнатады, қиялдайды, дамыған қиялға ие; жаңа нұсқаларды ұсынуды және идеяларды, ережелер мен объектілерді жаңартуды ұнатады;

- әзіл-оспақ сезімі бар және басқаларға күлкілі болып көрінбейтін жағдайларды күлкілі көреді;

- өзінің импульсивтілігін сезінеді және оны өзіне қабылдайды, эмоционалды сезімталдықты көрсетеді.

Оқу ісіндегі дарындылық

- өзінің жасына немесе білім деңгейіне сай сөздік қоры мол, сөйлеудің дамуы мәнерлілігімен, еркіндігімен, пысықтауымен ерекшеленеді;

- терминдерді мағыналы қолданады;

- әртүрлі салаларда ақпараттың үлкен қоры бар (оның мүдделері қатарластарының әдеттегі мүдделерінен асып түседі);

- нақты ақпаратты тез түсініп, есте сақтап, жаңғырта алады;

- себеп-салдарлық байланыстарды терең түсінуге қабілетті, бір нәрсенің қалай және неліктен болатынын анықтауға тырысады;

- шынайы, терең мағынаны ашатын көптеген сұрақтар қояды.

Дарынды балалармен жұмыс жасауда мұғалім қазіргі заманауи инновациялық технологияларды қолдану қажет. Мысалы: деңгейлеп - саралап оқыту технологиясы, қашықтықтан оқыту технологиясы, коммуникативті оқыту технологиясы, болашаққа бағдарланған оқыту технологиясы, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, модулдік технологиясы және т.б.

Дарынды балалармен жұмыс жасау технологиялары мазмұны мен әдістемесі бойынша ерекшеленеді. Дарынды оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырған кезде баланың өз бетінше дербестігінің, бастамаларының, жауапкершілігінің өсуін қамтамасыз ету қажет. Дарынды балалар, әдетте, оқу бағдарламасының бөлімдері мен тарауларын тез және терең оқығысы келеді. Ол үшін дарынды балалардың өз бетінше ізденіп, қызықтыратын сұрақтарына жауап табуға мүмкіндік беретін әдістерді қолдану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоқаев Қ.К. Дарынды ауыл жастарын, отандық және шетелдік ЖОО-ға дайындау керек. //Egemen Qazaqstan. 2019. - 2 қыркүйек.

2. Тоқаев Қ. Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. //Egemen Qazaqstan. 2019. - 9 қыркүйек.

3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы: Юрист, 2020. – 90 б.

4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988. 2019. - 27 желтоқсан.

5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1995. – 414 б.

6. Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология энциклопедиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 624б.

7. Жумадуллаева О.А. Одаренные дети в детском саду и школе. – Алматы, 2000. – 232 с.

8. Нарикбаева Л.М. Научно-практические основы подготовки будущего учителя к работе с одаренными детьми: автореф. дис. ...канд. пед. наук– Алматы. 2001. – 26 с.

9. Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст. - М.: Педагогика, 1991. - 321 с.

10. Сатова А.К., Калыкбаева А. Организация самооценивания детей с ООП как психолого-педагогическая проблема // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. Психология сериясы №2(59), 2019. - 9-12 с.с.

11. Жексенбаева У.Б. Балалардың дарындылығын диагностикалау. - Алматы: Радиал, 2005. - 143 б.

12. Нарықбаева Л.М. Научно-практические основы подготовки будущего учителя к работе с одаренными детьми. Автореф... к.п.н., 19.11.01. –Алматы, 2001. – 26 с.

ӘӨЖ 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛУ

Каипова А.Т., 2-курс магистранты

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

Орал қ.

E-mail: sezim1279@mail.ru

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларын сөйлеу мәдениетіне баулудың ерекшеліктері көрсетілген. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлері берілген.

Тірек сөздер: сөйлеу мәдениеті, бастауыш сынып оқушылары, дағды және икемділік.

Аннотация. В статье показаны особенности приобщения учащихся начальной школы к культуре речи. Приведены виды работы, направленные на формирование культуры речи.

Ключевые слова: культура речи, младшие школьники, навыки и умения.

Annotation. The article shows the features of introducing primary school students to the culture of speech. The types of work aimed at the formation of a culture of speech are given.

Key Words: culture of speech, younger schoolchildren, skill and abilities.

Сөйлеу мәдениетіне қатысты негізгі ой-тұжырымдарды бүгінгі заман талаптарымен үндестіріп түсіндіру үшін алдымен «мәдениет» ұғымының мәніне тоқталып көрелік. Қазақ тілінде бұл термин арабтың «маданият», «қала, қалалық» деген сөзінен енген. В.Даль сөздігінде «культура» ұғымы: өсіру, өңдеу, күту, білім, ақыл-ой, ізгілік деген мағынада берілген. Қазіргі зерттеу еңбектері мен сөздіктерде мәдениетке мынадай анықтама беріледі:

- мәдениет-белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;

- мәдениет-адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері;

-мәдениет-адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі; бір нәрсенің шарықтап даму күйі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті, т.т). Міне, осы соңғы анықтама тіл мәдениетіне тікелей қатысты.

3.Бейсенбайқызы «Сөз мәдениетінің негіздері» атты еңбегінде тіл мен мәдениеттің байланысын былайша тұжырымдайды: « Тіл-мәдениеттің фактісі, себебі ол ата-бабамыздан келе жатқан мәдениеттің құрамдас бөлігі», «тіл-мәдениетті игеруді жүзеге асыратын негізгі құрал», « тіл мәдени құбылыстың ең маңыздысы», «тіл-жан дүниеміздің ақиқатқа айналуы, мәдениеттің бет-бейнесі, ұлттық менталитетке тән ерекшеліктерді бүркелемей, «жалаңаш күйде көрсетуші» [1,231 б.].

Н.Уәли өзінің «Сөз мәдениеті» еңбегінде мәдениет пен тілдің байланысын «... мәдениетте тіл сияқты адамның дүниетанымымен бейнеленетін сананың формасы болып табылады; мәдениетпен тіл өзара қарым-қатынаста (диалогте) болады; тілсіз мәдениет жоқ; мәдениет пен тілдің субъектісі-индивид, социум, жеке тұлға, қоғам; мәдениетке де тілге денормалық тән, тарихилық-мәдениет пен тілдің мәнді қасеттерінің бірі» дегенді айтады [2,38 б.].

Тіл мәдениеті дегеніміз- тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі, яғни сөйлеген кездегі сауаттылық, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, заңдылықтар мен нормаларды, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану деген сөз.

Оқушылардың тілін дамыту негізінде баланың сөздік қорын дамыту, жаңа сөздермен таныстырып, ойын дұрыс, жүйелі айтып беруге, сөйлей білуге үйретуді мақсат тұтамыз. Осы үш процесті күнделікті өтілетін грамматикалық тақырыппен байланысты, біртұтас жүргізіп отыру нәтижесінде тіл дамыту жұмысы мақсатына жетеді. Оқушылардың тілін дамыту барысында сөздерден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем, сөйлемнен күрделі ой, күрделі ойдан әңгіме, шығарма құрастыруға дейін сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айтуға, айтқанын жазбаша түрде жеткізе білуге дағдыландыру жолындағы әдістерді қажет етеді. Оқушының ауызша сөйлеу тілін дамытудың барлық пәндерге бірдей ортақ қатысы бар. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту, сөйлеу, жазу тілін дамытуға барлық мұғалімдер жауапкершілікпен қараған дұрыс.

Ауызша тіл дамыту әдістері мынадай жүйеде жүргізіледі:

1. Ауызша суреттеп сөйлеу әдісі

Табиғат көрінісін, суреттен көргенін, көрмеден, түрлі мәдени орындардан алған әсерін, жанды - жансыз заттарды көз алдында тұрғандай етіп суреттеп баяндауға дағдыландырады. Суреттеп сөйлеуге баулуда оқушы жауапкершілігі артады. Себебі бір нәрсені суреттеуде, сол заттың белгілері мен ерекшеліктерін айтуда оқушы әр ұғымның атауын іздестіріп, сөздік қорын байытады.

2. Мәтін оқу әдісі

Мәтін оқу ауызша, жазбаша, тіл дамыту жұмыстарына ортақ категория. Мәтін оқу, мәтінді мазмұндау оқушы тілін дамыту жұмыстарының әдіс - тәсілдерінің бірінен саналады.

3. Ойдан әңгіме, өлең шығарту әдістері

Оқушылар қиялға өте бай келеді. Сондықтан оқушыларға өз қиялдарынан шағын әңгіме, ертегі айтқызып, өлең шығарту жұмысы жүргізіледі. Бұл оқушылардың ауызша, жазбаша тілін дамытады. Оқушы тілін дамытуда жазбаша жұмыстар басты роль атқарады.

4. Жазбаша жұмыстарды:

- 1) Хабарлау
- 2) Баяндау
- 3) Әңгімелеу әдістері түрінде жүргізуге болады.

Оқушы тілін дамытуға еркін тақырыптар ұсынуға немесе сұраққа жауап бергізу арқылы да әңгіме жаздыруға болады. Оқушы тілін дамытудың негізгі объектісі – шығарма жаздыру. Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат - оның ойын, пікірін әдеби тілмен жатық, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой - өрісін кеңейтуге машықтандыру болып табылады.

5. Түрлі - түсті суреттер немесе өз ортасына байланысты баяндау әдісі

Бұл әдістер арқылы ауызша және жазбаша баяндау негізінде сөздік қорын молайтып, тілін дамытуға мүмкіндік туады. Өз ортасына байланысты «Менің досым», «Менің әкем», «Менің күшігім» т. б.

6. Мәнерлеп оқу әдісі

Тіл дамыту әдісінің бір түрі мәнерлеп оқу. Мұның пайдалы жағы оқушылар сөйлеу тілі мен әдеби тілдік норманы сақтап оқуға төселеді. Поэзияны сүюге, сөз байлығын еркінше пайдаланып, жүйелеп айту шеберлігін жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. «Қай ертегіде кездесемін?», «Мені білесің бе?» деп алып кейіпкерлердің үлкейтіп салынған суреттерін көрсету арқылы кім екенін, қай ертегіде кездесетінін айтқызып, мінездеме бергізу арқылы білгендерін ауызша жеткізе білуге үйрету жұмысы да тіл дамытудың негізгі бір жолы. Мұның өзі оқушылардың көркем шығарма оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі. Ең бастысы оқушылардың өзін сөйлету арқылы сөйлеу тілдері дамиды. Жаттау, мәнерлеп оқу, мазмұнын айта білу, сұрау - тапсырмаларға жауап жазу, кейіпкерлерге мінездеме бере отырып, салыстырмалы әдіске негізделіп жазылған үлеспелі кестелерді толтыру т. б. Әдістер үзбей ақтарылып отырса, жақсы нәтиже берері сөзсіз. Ойды көрікті,

мағыналы етіп жеткізуде сөздікпен жұмыс жасаудың септігі мол. Түсінігі қиын сөз, сөз тіркестерін түсіндіру арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту. Сөздік жұмысын үзбей қолдану барысында көркемдегіш ерекшеліктерді танытудағы басты мақсат сөздік қорды жаңа бейнелі сөздермен, сөз тіркестерімен толықтыру негізінде дамыту[3,69 б.].

Мәнерлеп оқу дегеніміз - қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу. Қарапайым сөйлеу деп күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде бір-бірімізбен қарым-қатынас жасағанда алуан түрлі дауыс құбылысына түсіріп сөйлеуді айтып жүрміз. Өйткені, адамдар бір-бірімен сөйлескенде әр түрлі оқиғалар, [хабарлар](#), көріп-білгендері туралы әңгімелейді және сол әңгімелерін өте шебер, әсерлі жеткізеді. Ондайда тыңдаушының қаншама әсер алатыны белгілі. Ал мектеп практикасына келсек, оқу мен сөйлеудің арасында алшақтық мол. Алайда, осы екеуінің арасындағы ажырамас тұтастық пен байланысты түсініп оқу қажет-ақ. Сөйлеу тіліндегідей етіп ешкім де оқи алмас, бірақ сөйлеу әуеніне жақын оқуға мүмкіндік мол. Оқушыларды мәнерлеп оқуға жаттықтыру барысында мұғалім әңгімелеу үлгісінің бірнеше түрлерін дыбыс таспасына жазып алып тыңдатуына болады. Балалардың саяхат кезіндегі немесе белгілі бір кинофильмнен алған әсерлерін әңгімелетіп отырып, дыбыс таспасына жазып алып, оны қағазға түсіріп, сол әңгімені айтқан баланың өзіне қайта оқытса, екеуі екі бөлек дүние болып шығады. Өйткені, оқушы өзінің еркін сөйлескен әңгімесін тексін қағаздан оқығанда сөйлеу кезіндегі эмоциялық әсерінен айырылып қалады. Әрине, бұндай кезде сөйлеу аппаратының қызметі де, дауыс та оқушы дағдысы мен икемділігіне бағынады. Соның салдарынан балалар үшін де, үлкендер үшін де мәнерлі көркем оқу мен қарапайым сөйлеудің бір-бірімен ешқандай байланысы жоқ сияқты көрінеді. Оқу мен сөйлеудің байланысын түсініп, салыстыра отырып жаттығулар түрлерін жасап үйренсе, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы анық көрінеді. Көркем сөз шеберлерінің күйтабаққа жазылған сөздерін тыңдату арқылы да мәнерлеп оқу, көркем оқу дегеннің не екенін не екендігі туралы ұғымдар беруге болады. Сондықтан мұғалімдер балалар аудиториясында оқылатын әрбір көркем шығарманың көркемдігін сақтай отырып мәнерлі оқып береді. Сонда ғана оқушы әрбір көркем туындыдан эстетикалық ләззат алады. Онсыз оқудың құны болмайды. Мәнерлеп оқудағы дикцияны қалыптастыру – айтудың (дикция) ашықтығы мен тазалығы. Мұғалім оқушылардың дикциясын қалыптастыруда бірден-бір жол шығармаларды, өлеңдерді мәнерлеп оқыту үшін ережелерін үйретеді. Мұғалім балаға нені қалай үйретсе, солай қалыптасады. Сондықтан мұғалімнің өз сөзі анық, ашық айтылуы тиіс. Оның сөйлеу тілінде, сөзінде, дыбыстарында мүкіс болмауы керек, себебі шәкірт өз ұстазына еліктейді. Шәкірттер алдында сөйлеген әрбір сөзіне жауапкершілікпен қарап, [асықпай сөйлеуге](#), әрбір тіл дыбыстарын анық, таза айтуға қалыптасуы міндетті. Егер әрбір тіл дыбыстарының артикуляциясын (жасалуын) дұрыс меңгеріп дыбыстаса, әрбір тіл дыбысы анық айтылады.

Дыбыстың анық, ашық таза айтылуы буындардың анық, ашық айтылуына, буындардан тұратын сөздердің анық айтылуына, сөздер мен сез тіркестерінен тұратын сөйлемдердің анық, таза естілуіне жағдай жасайды. Сол арқылы тұтас тексттің мән-мағынасын түсініп оқуына жетелейді. Тіл дыбыстарының артикуляциясын меңгеруді баланың сөйлеу тілі шыққаннан бастап, ата-анасы, балалар бақшасының тәрбиешілері үйретеді. Мектеп жасындағы баланың тіліндегі кемшілікті мұғалім тәрбиелейді. Оқушы тіл дыбыстарын дұрыс меңгеру үшін жас кезінен өлең айтып, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақтар шешіп, ертегілер айтып өссе, дыбыстау мүшелері жетіліп, тіл дыбыстарын дұрыс айту дағдысы қалыптасады. Мәнерлеп оқу пәні арқылы [оқушылардың сөйлеу мәнері](#), дауыс ырғағы, кітаппен жұмыс істеуге, оқуға деген құмарлығы арта түсетіні белгілі. Мәнерлеп оқу барысында жүргізілетін жаттығулар, оқушы қауымның өз ойын нақты, жүйелі, әсерлі жеткізе алуына, мәнерлеп оқу пәнінің шартты белгілері тиімділігін жоғары дәрежеде көрсетті.

Қорыта айтқанда, қандай пән, қандай сабақ түрі болсын тіл дамыту, сөздік қорды байыту үнемі жүргізіліп отыратын жұмыс. Өкінішке орай, кейде басқа пән мұғалімдері тіл дамытуды қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне тән мәселе деп қарап, оқушы тілін дамытуға онша көңіл бөлмейді. Оқушының ой - өрісін кеңейту, тілін дамыту, сөз байлығын молайту барлық пән мұғалімдерінің айрықша көңіл бөлетін мәселесі болу керек. Сондықтан мектепте

түрлі әдіс - тәсілдерді, мүмкіндіктерді пайдаланып, оқушының тілін дамытуға, тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін арттырып, тәрбиелеуге үлкен мән берген жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. З.Бейсенбайқызы. Сөз мәдениетінің негіздері. Алматы, 2007.
2. Н.Уәли. Сөз мәдениеті. Алматы, 2011.
3. С.Рахметова. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі, Алматы, 2007.

ӘӨЖ 37.022:51

ОРТА МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫН ОҚЫТУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР ҮШІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІН ЕСКЕРУ

Нұржанова С.Б., Қосыбаева У.А.

Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ, ҚАРАҒАНДЫ Қ.

E-MAIL: umit1980@mail.ru, nurzhanova_sabina01@mail.ru

Мақалада алгебра пәнінде оқушылармен жүзеге асырылатын дидактикалық ойындардың қажеттіліктері, түрлері, нәтижелері сипатталады. Нақты мысалдар келтіріледі.

Кілттік сөздер: оқыту әдістемесі, оқу құралы, дидактикалық ойындар

В статье описаны потребности, виды и результаты дидактических игр для учащихся по алгебре. Приведены конкретные примеры.

Ключевые слова: методы обучения, средства обучения, дидактические игры.

The article describes the needs, types and results of didactic games for students in algebra. Specific examples are given.

Key words: teaching methods, teaching aids, didactic games.

Дидактикалық ойынды жалпы ойыннан, сабақтың ойын түрінен ажырату керек. Сабақтың ойын түрі ойын тәсілдері арқылы құрылады, олар сергіту, математикалық әрекетте белсенділікті арттыру құралы ретінде пайдаланылады.

Ойын құралдары мен жағдайларын сабақ барысында жүзеге асыру келесі бағыттарда өтеді (Кесте 1):

Кесте 1 Ойын бағыттары

№	Сипаттама
1	дидактикалық мақсат оқушылар алдына ойын міндеттері түрінде қойылады;
2	оқушылардың оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады;
3	оқу материалдары ойын құралдары ретінде пайдаланылады;
4	оқу әрекетіне дидактикалық міндетті ойынға айналдыратын жарыс элементтері алынады;
5	дидактикалық тапсырмалардың нәтижелі болуы ойын нәтижелерімен байланыстырылады.

Мысалы, 7-сыныптағы «Қарапайым геометриялық денелердің негізгі қасиеттері» тарауын оқығаннан кейін оқушылардың барлық аксиомаларды қалай түсінгенін тексеру

қажеттілігі туындады. Қарапайым түрде сауал жүргізу оқушылар бойында қызығушылықты қажетті деңгейде тудырмайды. Сондықтан да «Геометрлер конкурсын» өткізу түріндегі ойын түрі қолданылады.




Мұғалім тақтадағы сызбаларға назар аудару керек екенін хабарлайды. Суреттерге тән аксиомалар бір сәтте үш командаға арнап ұсынылады. Тапсырма бойынша топ оқушылары қай аксиоманың қай суретке сәйкес екенін анықтау керек және де пішіндерге қандай элементтердің (мысалы нүкте, кесінді т.б.) жетіспейтіндігін табу қажет болады. Жетіспеген элементті салып толықтыру керек әрі аксиоманы айту шарт.

Тапсырмаға қажетті кодопозитивтер алдын-ала дайындалады. Барлық тапсырмалардың саны небәрі 3-4 болады. Осы шарттамен бірге тағы да бір аксиомаға арналған суреттер бірін-бірі қайталамауы керек.




Бірінші тапсырмаға мысал келтірейік (1 сурет).

Бірінші тапсырма




Бірінші топ үшін



Екінші топ үшін



Үшінші топ үшін



1 сурет. Тапсырма суреттері

Ойын тақтада тапсырмаға арналған суреттер ілінген бойда басталады. Тақтаға әр топ жетекшісінің айтуымен топтың мүшелері кезек-кезек шақырылады. Топ жетекшілерін тақтаға мұғалім шақырады. Дұрыс жауап берген оқушы тобына 5 ұпай әкеледі, толық жауап емес болған жағдайда 3 немесе 4 ұпай саналады, жауап толық емес немесе қателер немесе аксиоманы дұрыс айтпаған жағдай орын алғанда топқа 3 ұпай беріледі. Команда мүшесінің жауабын толықтырған немесе түзеткен топ мүшесі өз тобына қосымша 1 ұпай береді. Ойын барысында ереже сақталады. Көмек берген немесе дауыстап айтылған жағдайда топтан 2 ұпай шегеріледі.

Тақтадағы суреттер бойынша барлық тапсырмалар орындалып аксиомалар дұрыс айтылғаннан кейін топтарға екінші шарт қойылады:

Қандайда бір аксиоманы айту, оның суретін құру және оны түсіндіру. Өр топтан 2-3 оқушыдан жауап береді. Берілген жауаптардың дұрыстығын (ұпай арқылы) мұғалім бағалайды, ойын соңында жетістікке жеткен топ анықталады. Көптеген оқушыларға жекелеген баға да қойылады.

Осы секілді ойын тәсілдерін қолдану тапсырмаларына кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыштың биссектрисасы, пішіндердің ұқсастығы т.б. тәрізді түсініктерді өткен кезде қайталап жүргізуге болады. Байқау жүргізу нәтижелері көрсеткендей бағдарлама

тақырыптарын қолдана өткізілген ойын тәсілдері мен ойын ерекшеліктері орта сынып оқушыларында ойлау қабілетін белсенді ету құбылысын туғызады, оқушының ішкі құлшынысын оятады.

Ең бастысы әлеуметтік психологиялық талаптардың бірі — шынайы қарым-қатынас практикасы мен ойынның логикалық үйлесімінің болуы. Ойын сабақтары түрлерін таңдап алу, оны жүргізу оқытушыдан үлкен шығармашылық ізденісті талап етеді. Ойын арқылы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Математика сабағында қолданылатын ойын түрлері білім алушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түседі.

Сабақтың ойын түрін сабақтың әр кезеңінде жүргізуге болады. Мысалы, 8 сыныптағы «дөңес n -бұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы» теоремасын игеру кезінде мұғалім «Диалог» ойынын ұсынады. Ол оқушылардың жаңа білімді игеруі кезіндегі белсенділігін арттыруға бағытталған.

Ойынның түпкі мақсаты сол, мұғалім оқу мәселесін құрайды немесе проблемалық жағдаят туғызады, ал оқушылар сол проблеманы шешуге тырысады. Оқушылар сол проблеманы шешу үшін өздерінде бар білімнің жеткіліксіз екенін түсінеді. Ойын ережелері бойынша әр команда жетекшіге, яғни мұғалімге барынша аз сұрақ қоюлары тиіс, сол сұрақтарға алынған жауаптар бойынша қойылған проблеманы шешуге максималды жауап алуға тырысады. Ойында мұғалім ақпаратты бермеуге тырысады, ал оқушылар қойылатын сұрақтарын дұрыс жасау арқылы мұғалімнен жауап алуға тырысады. Осындай диалогта оқушылардың минималды сұрақтары арқылы жауапқа жақындау орын алады, яғни мұғалім оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту бойынша міндетін атқарады.

Қарастырылып отырған жағдайда тақтаға сурет жобаланады, ол суретте үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш, алтыбұрыш және т.б. Егер $S_3, S_4, S_5, S_6...$ салынған көпбұрышардың ішкі бұрыштардың қосындысы деп белгіленсе, онда $S_3, S_4, S_5, S_6...$ шамасы қанша екен деген сұрақ туындайды?

Үшбұрыш және төртбұрыш үшін оқушылар мынаны жазып алады: $S_3=180^0, S_4=360^0$, ал бесбұрыштар мен алтыбұрыштар және т.б. үшін сәйкес теңдікті жаза алмайды. Осы тұста проблемалық жағдай туындайды (оқушыларда бар білім мен қойылған тапсырманы орындауға қажетті білімнің арасындағы сәйкессіздік). Мұғалім оқушылармен бірге оқу проблемасын құрайды.

Сынып үш топқа жіктеледі. Топ жетекшілері таңдалады, ойын ережелері бекітіледі. Мұғалім бірінші топқа дәптерлеріне кез-келген бесбұрыш салуды ұсынады, екінші топқа – алтыбұрыш, үшінші топқа – жетібұрыш және транспортир көмегімен әрбір ішкі бұрыштың градуустық шамасын табу және олардың қосындысын есептеу тапсырылады.

Үш-төрт рет қайталап есептеу жүргізгеннен кейін әр команда өз нәтижелерін тақтада жазады:

Бірінші топ	Екінші топ	Үшінші топ
$S_5=539^0$	$S_6=721^0$	$S_7=901^030'$
$S_5=541^030'$	$S_6=719^030'$	$S_7=898^030'$
$S_5=539^030'$	$S_6=719^030'$	$S_7=900^0$
Соманың орташа мәні		
$S_5=540^0$	$S_6=720^0$	$S_7=900^0$

Оқушылар нақты шаманы табу мүмкін емес екендігіне көз жеткізеді. Осы мәселені теориялық негіздеу, формулаларды қорытындылау қажеттілігі туындайды. Алдымен, көпбұрышты тақтада салу арқылы мұғалім оқушыларды жалпы қорытындылар жасап алуға шақырады:

n-бұрыштыда (n-2)

$\frac{n}{2}$ диагональдар жүргізуге болатындығына, мұндағы n – қабырғалардың саны, n -бұрыштың бір төбесі арқылы $(n-3)$ диагональ жүргізуге болады. Сондықтан да, n -бұрышты біртөбеден

жүргізілген диагональдар көмегімен үшбұрыштарға бөлген кезде әрдайым $(n-3)$ – қадамда тоқтайды.

Осы жалпылауға оқушылар индуктивті талдау және төмендегі сұрақтар арқылы келеді:

Бірінші топ сұрағы. n -бұрыштың бір төбесінен жүргізілген диагональдар саны мен оның қабырғалары арасындағы байланысты формуланы жазуға бола ма?

Мұғалімнің жауабы. Иә, егер ойша n -бұрыштың бір төбесінен барлық диагональдарды жүргізетін болсақ, онда олардың саны қабырғаларының санынан бірдей сандарға кем болады.

Әр команданың қатысушылары диалогты ойластырады және топ ішінде өзара ақылдаса отыра формуланы жазады: $n-3$.

Формуланың дұрыстығы балл арқылы бағаланады.

Екінші топ сұрағы. n -бұрыштың диагональдары саны мен оның қабырғалары саны арасындағы байланысты көрсететін формуланы жазуға бола ма?

Мұғалімнің жауабы: n -бұрыштың әр төбесінен жүргізілген диагональдар санын анықтау кезінде белгілі бір кезге жеткенде қайталау орын алатындығын есепке алу керек.

Осы сауалды команда ішінде талдау кезінде топ жетекшілері өз жазбаларын мұғалімге ұсынады. Мұнда мұғалім тек бағыттаушы рөлін атқарады да, оқушы өздігінен білім алуға дағдыланады. Осы арқылы қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты орындалады.

Үшінші топ сұрағы. n -бұрыштың бұрыштарының қосындысы бір төбесінен жүргізілген диагональдар санымен байланыстырылатын формула қортындысы қандай байланыста?

Мұғалімнің жауабы. Сұрақ өте орынды. Көпбұрыштың бірбұрышынан диагональдар жүргізген кезде біз оны бірнеше үшбұрыштарға бөлеміз, ал олардың бұрыштарының қосындысы бізге белгілі.

Қойылған сұрақтардың дұрыстығы мен орынды болуы да бағаланып, топқа ұпай әкеледі.

Жұмыстың соңғы нәтижелі кезеңінде мұғалім тақтада берілген көпбұрыштарды бір төбеден жүргізілген диагональдармен үшбұрыштарға бөлуді және олардың ішкі бұрыштарының қосындысын табу формуласын жазуды ұсынады.

Үшінші топ сұрағы. n -бұрыштарды бөлуден пайда болған үшбұрыштардың саны мен көпбұрыштардың қабырғаларының саны арасында байланыс бар ма?

Мұғалімнің жауабы. Иә, осындай бөлулер орын алғанда әрдайым үшбұрыштар саны қабырғалар санынан бірдей санға кем болады.

Индуктивті талдаулар мен топ ішіндегі талдаулардан кейін жазбаларын столға алып келеді:

$$S_3=180^\circ, S_4=180^\circ \cdot 2, S_5=180^\circ \cdot 3, S_6=180^\circ \cdot 4, \dots, S_n=180^\circ(n-2)$$

Екінші топ сұрағы. Бір төбеден жүргізілген бөлу диагональдарының саны мен бөлгеннен пайда болған үшбұрыштар саны арасында заңды байланыс бар ма?

Мұғалімнің жауабы. Ия, үшбұрыштар саны үнемі бөлу диагональдары санынан бірге артық.

Топ ішіндегі ақылдасулардан кейін топ жетекшілері жазбаларын ұсынады. Егер бөлу диагональдарының саны $n-3$ болса, онда үшбұрыштардың саны $n-2$ және $S_n=180^\circ(n-2)$.

Бірінші топ сұрағы. Көпбұрыштың ішкі бұрыштарының сомасының қосындысын әр қадам сайын үшбұрышта бұрыштарының артатын саны ретінде тізбектеп жазуға бола ма?

Мұғалімнің жауабы. Болады. n -бұрышты бір төбеден жүргізілген диагональдармен біртіндеп бөлу арқылы біз $(n-3)$ – қадамда тоқтаймыз. Одан кейін бізде тағыда бір үшбұрыш қалады.

Топтар төмендегідей жазбалар қалдырады:

n -бұрыш n -бұрыштың ішкібұрыштарының қосындысы

$$A_1 A_2 A_3 \dots A_{n-1} A_n \quad S_n = 180^\circ + S_{n-1}$$

$$S_n = 180^\circ \cdot 2 + S_{n-2}$$

$$S_n = 180^\circ \cdot 3 + S_{n-3}$$

$$S_n = 180^\circ \cdot 4 + S_{n-4}$$

$$S_n = 180^\circ \cdot 5 + S_{n-5}$$

.....

$$S_n = 180^\circ (n - 3) + S_3 = 180^\circ (n - 3) + 180^\circ = 180^\circ (n - 2)$$

Соңында қорытындылар жасай отыра мұғалім әр топ мүшелері арасынан оқушыларға сұрақ қоя отыра сауалнама жүргізеді. Жауап берер алдында жауаптарында топ ішінде талдауға уақыт белгіленеді.

Мұғалімнің сұрақтары:

- n-бұрыштың барлық диагональдарының санын табу үшін формула қалай алынды?
- Көпбұрыштың біртөбесінен шығатын диагональдар санын есептеу формуласын жазыңыздар. Оның қорытындыларын түсіндіріңіздер.

- Үшбұрыштарды санау кезінде біртөбеден шығатын бөлу диагональдарының $S_n = 180^\circ (n - 2)$ формуласын қалай алуға болады?

- $S_n = 180^\circ (n - 2)$ формуласын көпбұрыштың қабырғаларының санына қатысты қалай алуға болады?

- n-бұрышты біртөбеден шығатын диагональдар көмегімен үшбұрыштарға кезеңімен бөлу үрдісін және $S_n = 180^\circ (n - 3) + 180^\circ$ формуласының алынуын түсіндіріңіздер.

Кейбір оқушылар барлық жұмыс түрлері үшін баға алады. Қалған уақытқа өз бетінше орындауға тапсырмалар ұсынылады.

Тапсырма. n-бұрыштың бір қабырғасында нүкте берілген, ол нүкте оның төбелерімен қосылған. Көпбұрышты осылай үшбұрыштарға бөлуді есепке ала отыра $S_n = 180^\circ (n - 2)$ дәлелдеу керек.

Есепті шешу қорытынды жасауға және жеңімпаз топты анықтауға, сонымен қатар ерекше көзге түскен оқушыларды атауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген сабақтың ойын түрлерінің мысалдарында оқыту және бақылау мақсаттары болды. Сонымен, 7-сыныпта ойынға қатысу үшін оқушылардың геометриялық түсініктер, аксиомалар бойынша білімдері жеткілікті болды. Ойынның тағыда бір мақсаты бұрын алған білімдерін бекіту және бақылау еді.

Қорыта айтсақ сабақ барысындағы ойындар әріптестікті, жарыса білуді, өзін-өзі басқаруды, ұжым арқылы тәрбиелеуді, ғылыми-техникалық шығармашылыққа оқушыларды тартуды, пәнге деген сүйіспеншілікті арттыруды, ал ең бастысы математиканы оқуды дамытады

Дидактикалық ойындар дәстүрлі сабақтармен жақсы үйлеседі. Сабаққа дидактикалық ойындар мен ойын сәттерін қосу оқыту үрдісін қызықты және белсенді етеді, жұмыс көңіл-күйін көтереді, оқу материалын меңгерудегі қиындықтарды жеңуді жеңілдетеді. Сол немесе басқа математикалық есеп шешілетін түрлі ойын әрекеттері оқу материалына деген қызығушылықты қолдайды және күшейтеді. Ойын баланың ақыл-ой дамуының мықты таптырмас тетігі ретінде қарастырылуы керек. Сонымен, әдебиеттердегі дидактикалық ойындардың қызмет түрі, оқыту әдісі және оқыту құралы ретінде түсіндіріледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жайлауова М.К. Мектептегі оқытудың **белсенді әдістері** // Білім әлемінде. - 2014. - № 5. - С. 29-31 б.
- 2 Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру: Оқу құралы. Алматы: Республика баспасы, /қайта басылым 2013. - 116 б.
- 3 Бірлесова Қ.Н. Қазіргі заманғы математика сабағы: жаңа технологияларды қолдану.- Педагог. - 2015. - №5. – Б.11-13.
- 4 Сатбекова А.А.**Белсенді оқыту** әдістерін қолдану// "Қайнар" университетінің Хабаршысы Вестник университета "Қайнар". – 2014

ӘОЖ 7.03

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА АРТ-ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жундыбаева Т.Н. - п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
E-mail: turarkhan.2011@mail.ru

Жоломанова М.К. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
магистранты, Алматы қ.
E-mail: zholomanova99@mail.ru

Аннотация. Қазіргі кездегі еліміздегі білім беру жүйесінде оқушылардың білігі мен іскерлігіне, шығармашылық қабілетін дамытуға аса көңіл бөлініп отыр. Қазіргідей нарықтық экономика дәуіріндегі әлеуметтік мәселелермен қатар, жалпы білім беретін орта мектептегі балаларды оқыту жүйесі де қарқынды реформаларды бастан кешіруде. Бастауыш сыныптарда арт - терапияны пайдалану білім беру үрдісін оңтайландырумен бірге оқушылардың сенімділік, шығармашылық, іскерлік қасиеттерін арттыруға зор ықпал етеді. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру мен арт -терапияны қолданудың теориялық мәселелелері, қазіргі кездегі ерекшеліктері мен тиімділігі ғылыми негізде сараланған.

Тірек сөздер: мектеп, бастауыш сынып, оқушылар, арт-терапия, шығармашылық, тиімді.

Аннотация. В настоящее время в системе образования страны уделяется большое внимание развитию творческих способностей, умений и навыков учащихся. Наряду с социальными проблемами в эпоху рыночной экономики, как и сегодня, система обучения детей в средней общеобразовательной школе также переживает интенсивные реформы. Использование арт-терапии в начальных классах, наряду с оптимизацией образовательного процесса, способствует повышению уверенности, творческих, деловых качеств учащихся. В статье на научной основе дифференцированы теоретические проблемы, особенности и эффективность использования арт-терапии и повышения познавательной активности младших школьников.

Ключевые слова: школа, начальный класс, ученики, арт-терапия, творчество, эффективность.

Annotation. Currently, the country's education system pays great attention to the development of creative abilities, skills and abilities of students. Along with social problems in the era of a market economy, as well as today, the system of teaching children in secondary schools is also undergoing intensive reforms. The use of art therapy in primary classes, along with the

optimization of the educational process, contributes to increasing the confidence, creative, business qualities of students. The article scientifically differentiates theoretical problems, features and effectiveness of using art therapy and increasing cognitive activity of younger schoolchildren.

Key words: school, elementary class, students, art therapy, creativity, efficiency.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өткен жылы: «Тәуелсіз Қазақстанның Президенті ретінде еліміздегі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың толыққанды дамуына аса мән беретін боламыз. Алдағы уақытта еліміздің болашағының дамуына үлес қосатын жастарымызға артылатын үміт көп. Болашақ елдің тізгінін ұстар жас жеткіншектер қазіргі біздер атқарып жатқан ауқымды жобалардың, терең тер төккен жұмыстардың, тиімді реформалардың игілігін көріп, оны бәсекеге сай дамытуға баш күш жігерлерін жұмсауы үшін біз балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру мен тәрбиелеу ісін жаңаша құруымыз қажет. Қазіргі жастарымыздың арасында көздері ашық, саналы, терең ойлы да зерек, өнертапқыш көптеп саналады. Сондықтан да еліміздің Президенті ретінде алдағы уақытта балаларға ерекше көңіл бөлініп, білім мен ғылымға ауқымды мемлекеттік қаржыландыру жүйесін іске асырудың механизмдерін қарастырамыз. Қазіргі жас буын - тәуелсіз еліміздің жарқын да бәсекелі болашақтың кепілі болады. Осы орайда 2022 жылды балалар жылы деп жариялауымыз қажет. Бұл жердегі негізгі мәселе әртүрлі жалаң флэшмобтар мен ұрандардан тұратын, тәрбиелік мәні төмен мерекелік кештер болмауы керек. Алғашқы кезекте үкімет тарапынан жас ұрпақтың денсаулығын дамыту, білім беру мен тәрбиелеу, әлеуметтік жағынан жан-жақты қолдау аясында ауқымды шаралар қолға алынатын болады. Қай кезеңде болмасын жас ұрпақтың жан - жақты дамуы мен бақытты балалық шағын тиімді жүзеге асырып, ұйымдастыру еліміздің негізгі міндеттері» - деп атап көрсетті [1].

Мектеп оқушыларының оқу-тәрбие процестерінде ақыл – ой іс - әрекетін талаптарға байланысты жүйелі түрде қалыптастырып, дамытатын негізгі мекеме болса, мұғалім – оны дамытушы тұлға. Білім берудің жаңа үлгісі жеке тұлғаның дамуына және оқытуды саралауға мүмкіндіктер туғызуға бағытталған. Жеке тұлғаның қалыптасу деңгейінің сапасына қарай қоғамдық - әлеуметтік жағдайлардың үнемі өсіп отыруына сәйкес педагогикалық-психологиялық құралдарды да тұрақты жанарту қажет болды.

Бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ойын дамыту мәселесі қазіргі таңдағы педагогика мен психологияның ортақ мәселелелерінің бірі болып табылады. Осы кезеңде оқушының қоршаған болмыспен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін барлық психикалық процестердің қарқынды даму кезеңі. Қоршаған болмыс құбылыстарының ең бастысын, маңыздысын ажырата білуге үйренеді, құбылыстың себептерін тауып, салыстырып, талдау жасай білуге және қарапайым қорытынды қалыптастыруға жаттығады. Заттармен жұмыс істеудің көптеген тәсілдерін меңгереді, өзін-өзі басқара бастайды, әрекет жасау ережелерін игереді. Мұның барлығы бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ойының дамуын болжайды. Қазіргі уақытта педагогикалық және психологиялық терапияның маңызды салаларының бірі арт-терапия болып отырғандығы жасырын емес. Арт-терапия қазіргі даму үстіндегі психотерапиялық әдістердің жаңа түрі болып есептеледі. Оқушыларды педагогикалық және психологиялық жағынан дамыту, олардың шығармашылық әлеуетін арттыру қай кезеңде болмасын өзіндік маңыздылыққа ие.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында, оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, білім беру қажеттіліктерін бағалау, ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет түрлерінің қажеттілігі айтылған [2].

Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, балаларды ерте жастан бастап анықтау және оларға уақтылы көмек көрсету, буллингті болдырмау мақсатында білім беру ұйымдарының психологиялық қызметін күшейту мәселесімен бірге оқушылардың

шығармашылығын дамытуда әр түрлі заманауи тәсілдерді пайдалану мәселесі тұжырымдалған [3].

Кіші жастағы балалардың анатомиялық, физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктері Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, Л.И.Божович, В.В.Давыдов, Д.Б. Эльконин, А.Ф.Обухова т.б. көптеген психологтар еңбектерінде жан-жақты талдаған. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап психологиялық және педагогикалық зерттеулерде акселерция туралы ой-пікірлер кеңінен талдана бастады. Олардың негізгі ғылыми тұжырымдамасы соңғы кезде балалардың дамуындағы дене өсуіндегі және интеллектуалдық дамуындағы нормативтердің өзгеруі.

XX ғасырдың соңында отандық ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері бойынша зерттеулер жанданды, мысалы: Б. А. Тұрғынбаева, А. С. Амирова, С. Н. Жиенбаева, Ж. Е. Сарсекеева және т. б.

Қазір Қазақстанда арт-терапия саласы қалыптасып, даму үстінде деп айтуымызға толқытай негіз бар. Арт-терапиямен айналысу үлкен кәсіби дайындықты, психотерапия аймағында іргелі білімді талап ететін жауапкершілігі мол іс-әрекет болып есептеледі. Өкінішке орай ондай мамандар елімізде соңғы онжылдықтарда ғана қалыптасты. Сондықтан да бүгінгідей әлеуметтік-экономикалық салалармен бірге күнделікті тұрмыстағы заманауи техникалар, компьютер, планшет, ұялы телефондардың үлес салмағының артуы балалардың қызығушылығын арттыруда арт-терапия әдістерін қолдану мәселесін күннен - күнге өзекті ете түсуде.

Арт-терапия жөніндегі білімді елімізде дәл қазіргі күнде тек қана психологтарға ғана емес, сонымен қатар педагогтарға, әлеуметтік қызметкерлерге, қарт адамдар, жасөспірімдер психикалық ауру адамдарға тағы басқа көптеген жерлерде қолдану маңызды және қажет екендігі дәлелденуде. Алғашқыда арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат ауру немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, кейін келе оның қолданыс шеңбері кеңейді.

Арт-терапия сөзін қазақшаға тікелей аударғанда және көпшілік алдындағы баламасы «өнермен емдеу» деген мағананы білдіретінін атап көрсетуіміз керек. Соның ішінде арт - терапияны алғашқылардың бірі болып ғылымға енгізген Е.Кейн мен В.Ловенфельд оның бастауыш сыныпта қолдану аясына тоқталып, оқушылардың шығармашылық, өзіне сенімділік, іскерлік дағдыларын дамытатынына тоқталған. Сондықтан да арт-терапия арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық және құралдар мен әдістерді теориялық негіздеу және дамыту қажет. Бұл зерттеудің ғылыми-теориялық деңгейде өзектілігін анықтайды алайда, осы бағыттағы бірнеше зерттеулер, ең алдымен, теориялық және әдіснамалық болып табылады [4, 196.].

Жоғарыда аталған ғалымдардың түжірімінше, арт-терапияны жүргізу барысында оған қатысушылардың саны 15-20 адамды құрауы керек. Ал егер қатысушылардың саны осы межеден артып кеткен жағдайларда ол нәтижеге бағытталмауы мүмкін. Топтың мүшелерінің көп болуы, жұмыс аяқталғасын жасалған жұмыстарға талдау, қорытынды шығару да қиынға соғады.

Арт-терапия бойынша жеке - дара шығармашылық жұмыс жасау үшін бөлме кең және ешқандай кедергілері жоқ, әрі жарық болуы қажет. Топ мүшелері өтіп жатқан арт-терапия жайлы білуіне құқы бар. Жұмыс жасау үшін әр түрлі құралдар қолданады: атап айтқанда соус, түрлі түсті қарандаштар, әр түрлі мөлшердегі шеткалар, губка, суы бар құты, политра, түрлі-түсті қағаздар, қоржын, желім, скотч, қайшы, жіп болмаса арқан және т.б. Кейбір сабақтарда маталар, батпақ, ермексаз, қамыр, ағаш, үлкен композиция жасау үшін табиғи және басқада химиялық заттарды да пайдалануға болады.

Жалпы, арт-терапияның тақырыбын таңдауда және топтастыруда мұғалім аса мұқият және тиянақты болуы керек. Осы жағдайды ескере отырып, бастауыш сыныптардың

педагогикалық-психологиялық практикасына зор еңбек сіңірген М.Либман арт - терапия бойынша мына мәселелерді көрсеткен.

- әр түрлі құрал - жабдықтармен жұмыс істеуде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау;
- көркем сурет бойынша жүргізілетін терапиялық жұмыстардың оқушылардың жас ерекшелігіне сай болуы;
- ермексаздан, балшықтан заттар жасауда оқушылардың бір - біріне кедергі келтірмейтіндей болуы үшін, құрал - жабдықтар әр бала үшін қолжетімді болуы керек;
- жеке жұмыстар жасауда баланың психологиялық ахуалына анализ жасап, диагностикалық үдерістерді жүзеге асыру және т.б. [5, 58б.].

Сонымен қатар кейбір арт-терапиялық жаттығулар (Мысалы: Күн мен түн, жарық пен қараңғы, қыс пен жаз және т.б.) топ арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты, әлеуметтік белсенділікті және жеке адамның топпен қарым-қатынасын реттейді

Арт-терапия әдістемесін негізге ала отырып сендіру арқылы ең алдымен оқушының ішкі «МЕН»-ін көруге болады. Өйткені дамытушылық және логикалық тапсырмалар арқылы бала өзінің ойларын жалпы бағдарын көрсетуге тырысады. Екінші, арт - терапия арқылы баланың психологиялық күйін (жағымды көңіл - күйін, дағдарысын, стрестік жағдайларын, агрессиясын) байқауға болады.

Сонымен бастауыш сыныптарды оқыту барысында арт - терапияны қолдану арқылы мынадай мақсаттарға қол жеткізуге болады:

- 1) Агрессияға болмаса басқада негативті сезімдерден шығар жолды табуға мүмкіндік береді. Суреттермен, мүсіндермен жұмыс жасау жағымсыз эмоцияларды бәсеңдетудің қауіпсіз түрі болып табылады.
- 2) Емдеу процесін жеңілдету. Түсініксіз ішкі шиеленістер және қобалжулар көбінесе көру бейнелерінің көмегімен вербалды психотерапия кезінде жүзеге асады.
- 3) Интерпритацияға және диагностикалық қорытындыларға материалдар алуға болады.
- 4) Зейінді қабылдауға және сезімдерді шоғырландыру. Таңдамалы өнер түрлері мен жұмыстар көркемдік қабілеттерді дамытуға, өзін-өзі бағалауын жоғарылатуға, рахат алу сезімі, сонымен бірге шығармашылық, іскерлік дамуының бастауы саналады.

Жоғарыда аталған әсерлерден басқа көркем өнерді психокоррекционды топпен жұмыста қолданудың қосымша нәтежесі, қиялға түрткі және дау-дамайға топ мүшелерінің қарым-қатынасын дұрыстауға көмектеседі.

Қорытындылай келе айтарымыз, жалпы білім беретін орта мектептегі, бастауыш сатының негізгі міндеті-баланың жеке басының дамуын қамтамасыз ету. Баланың толыққанды дамуының қайнар көздері-бұл іс-әрекеттің екі түрі, біріншіден, кез-келген бала адамзаттың өткен тәжірибесін қазіргі мәдениетпен таныстыру арқылы дамыған сайын дамиды. Бұл процестің негізі-баланың қоғамдағы өмірге қажетті білім мен дағдыларды игеруіне бағытталған оқу әрекеті. Екіншіден, бала даму процесінде шығармашылық іс-әрекеттің арқасында өз мүмкіндіктерін дербес жүзеге асырады. Бұл балада әуесқойлық іс-әрекеттің көрінуіне, өзін-өзі жүзеге асыруға, жаңасын жасауға бағытталған өз идеяларын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде арт - терапияны қолдану оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытып, олардың білім білік, іскерлік дағдыларының дамуына негіз қалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоқаев Қ.К. Қазақстанның болашақтағы даму жоспарлары Egemem Qazaqstan. 2022. - 1 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_2007. – 27 шілде.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>. 2019. - 27 желтоқсан.

4. Бапаева М.К. Даму психологиясы. - Алматы: Дәуір, 2014. - 437б.
5. Liebmann M. Art Therapy for Groups. Hove: Brunner-Routledge, 2004. - 289б.

УДК 372.857

USE OF INTERNET RESOURCES USED IN BIOLOGY LESSONS FOR FUTURE TEACHERS

Specialty, course: 7M01513-master's degree student of the 1st year of the specialty "Biology" Orazbek Aibar Arapbekuly, City Almaty,¹Abai Kazakh National Pedagogical University, E-mail: orazbek.1999@inbox.ru

Supervisor: Amanbayeva Mahabbat Batyrgalievna, PhD, Associate Professor, City Almaty,²Abai Kazakh National Pedagogical University, E-mail: mahabat_.82@mail.ru

Abstract: *This article describes the effectiveness, opportunities and place of Internet resources in the education system in digital education in biology lessons. Internet resources are of great help to the educational process, improving the quality of education, developing new information technologies, simplifying modern paper processes.*

Keywords: *Biology teacher, resources, internet, textbook, technology, education*

Аңдатпа: *Бұл мақалада биология сабағында сандық білім беруде интернет ресурстарының тиімділігі, мүмкіндіктері және білім беру жүйесіндегі алатын орны туралы баяндалады. Интернет ресурстары - білім беру сапасын жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту, заманауи қағаз процестерін жеңілдету арқылы, білім беру үдерісіне көп көмегін тигізеді.*

Кілттік сөздер: *Биология мұғалімі, ресурстар, интернет, оқушы, технология, білім беру.*

Аннотация: *В этой статье рассказывается об эффективности, возможностях и месте интернет-ресурсов в системе образования в цифровом образовании на уроках биологии. Интернет-ресурсы оказывают большую помощь образовательному процессу, улучшая качество образования, развивая новые информационные технологии, упрощая современные бумажные процессы.*

Ключевые слова: *Учитель биологии, ресурсы, интернет, ученик, технологии, образование.*

The modern requirement is to master new teaching technologies. One of the new teaching technologies is interactive technique and technology. At the stage of development of interactive technology, the main task of the teacher is to prepare modern and qualified students. The rapid development of informatization processes in society requires the formation of a comprehensive, individual who has mastered new technologies. Modernization of education is a constant tendency to move forward and develop, these are changes that occur gradually in the education system and are adjusted and updated in accordance with the results obtained. At the same time, the process of updating education requires the preservation of traditions, heritage, national value.

In the context of informatization, the volume of knowledge, skills and abilities that students need to master increases day by day, and the content changes. Development of students' competencies through the use of interactive techniques and technologies in teaching disciplines the use of modern information technologies, electronic textbooks and internet resources allows developing students' creative abilities in the educational process.

Since in pedagogical science the task of teaching and raising a child is the formation of a

comprehensively developed personality, the main part of the methodological system according to the new technology remains the goal of teaching. Therefore, cognitive activity needs to be activated to a certain extent. This requires that other parts of the methodological system also be changed in the form of the relationship of content, method, type and means of training. To do this, the following principles must be implemented.

1. Students are required to master the methods of independent search activities. Because these methods differ from the teaching methods that we use on a daily basis. That is, what we call "teaching methods" in the new conditions: the close relationship of the "student - teacher" position. Therefore, the student is in the first place here, and the emphasis is on his activity in independent learning.

2. The main types of new training are: independent and group types of training.

When teaching biology, we try not only to limit ourselves to the material provided in the textbook, but also to conduct research work using the material through new technologies[1]

A special place in biology is occupied by the use of a research approach in teaching, built on the basis of a child's natural desire to get to know his surroundings on his own. One of the ways of implementation of training is the project method, a new technology that supports competence in education, which, by its didactic basis, involves the formation of abilities that allow us to act effectively in real life. Currently, new technologies are of great importance in preparing a child for independent research aimed at developing independent thinking in his intellect.

The effectiveness of the use of Information Technology for teachers:

- independent work of the student;
- save time;
- testing of knowledge and skillsthrough test tasks;
- the possibility of obtaining an education from a distance;
- ability to promptly receive the necessary informtion;
- economic efficiency;
- allows you to see and feel the results of various experiments with amazing processes of nature, which are impossible to see with the naked eye, touch with the hand or hear with the ear;
- it also has a great impact on expanding the student's worldview.

The teacher is able to systematically demonstrate the effectiveness of Information Technology in the lesson.

Also, when using electronic textbooks in the classroom, students independently perform creative tasks, expanding the previously acquired knowledge. Each student gets used to working with animation practice tasks, completing test work on tasks and chapters on the chosen topic. Through the electronic textbook, you can listen to various images, videos, sound and music. This, of course, is much more effective and effective than what the teacher explains by writing on the blackboard[2]

The main goal of effective use of internet resources in biology lessons is to promote the development of communicative abilities, mental, cognitive and creative abilities of students through the formaion of skills in working with data. During the use of internet resources, it helps to expand the quality of knowledge and literacy of each individual in the subject of biology. For example: the main areas of application of digital knowledge in biology lessons are: e-learning, virtual practices, search for information relevant to the topic, you can use high-level visuals through various sites. The use of video and audio recordings corresponding to the topic in accordance with the modern model expands the student's worldview. Especially when summarizing chapters, students not only accumulate additional materials, expand knowledge, increase cognitive activity, but also form a logical thinking system and develop creativity. Today we are faced with the need to create and use internet resources in digital education. In biology lessons, it is impossible to explain biological processes in living organisms without visual aids, with finger movements. Therefore, the teacher should choose technical means of teaching that are effective in organizing the educational process.

In the course of education using internet resources, it expands the range of traditional lessons, significantly increases the information environment, and provides visual perception of the educational process. Mastering new technologies helps the teacher to systematically organize the educational process. Mastering advanced learning technology depends on the professional skills of the teacher. This makes every teacher think, work in a new way, lead to new searches. In this regard, Zhusupbek Aimauytov concludes that "teaching is not just a habit, it is an art that finds a new one." Therefore, the teacher should approach his subject psychologically and approach it with methodological skill. The use of interactive technologies during the lesson makes the teacher's work productive, productive, and students' educational activities meaningful, interesting, and useful[3]

The goal of the modern education system is to train a competitive specialist. School is a teaching environment, its heart is the teacher. A special point in the work of an inquisitive teacher is his ability to transform the lesson and find a way to the heart of a person. It is the duty of every teacher to be able to become a teacher, to cherish him, to cherish him, to keep him clean. He is a person who loves his profession, his subject, all his students, his school endlessly. A teacher of a new formation in a changing society is the competence of a spiritually developed, mature creative person who has all the pedagogical tools, strives for constant self – improvement. The teacher of a new formation is formed, develops through success, skills. Requirements for a teacher in market conditions: competitiveness, high quality of education, professional skills, skill in methodological work. Mastering new information and communication technologies of training is a modern requirement. Information and communication technologies are of great importance in the development of the education system in modern society. The goals of informatization of education and teaching disciplines on a scientific and technological basis are being pursued. At the stage of development of informatization technology, the main task of the teacher is to train modern and qualified workers. The rapid development of internet processes in society requires the formation of a comprehensive, new technology-savvy personality.

The peculiarity of the modern education system is not only to arm oneself with knowledge, but also to create a need for continuous self – development, developing self-education. The implementation of the innovative process in the field of Education requires teachers to transform their behavior, positions, opportunities. The formation of information competence and Information Culture of students is becoming one of the most pressing problems in the system of continuing pedagogical education. The effectiveness of using internet resources in integrated teaching in biology lessons:

- independent work of the student;
- get more knowledge in less time and save time;
- test of knowledge and skills through test tasks;
- implementation by explaining physical phenomena in creative problem solving;
- possibility of distance learning;
- ability to quickly get the necessary information;
- economic efficiency;
- study of subjects and tasks that require action, movement;
- the ability to see and feel with the naked eye, touch with the hand, or see and experience the results of various experiments with amazing processes of nature that do not have the ability to hear and hear;

-it also has a great impact on expanding the student's worldview. The teacher is able to systematically demonstrate its effectiveness through the use of an internet resource in the classroom. I think that using the internet resource is one of the most effective teaching methods. For example, in the lesson on the topic "work of the heart" in the 8th grade, using the explorer GLX tools, the student develops better cognitive, applied skills. Students will expand their knowledge of which drinks can be consumed and which harm the human body by analyzing the effects of various drinks on the human body by determining the Cardiogram of the heart[4]

The formation of positive motivations is the professional task of the teacher. The motive is closely related to the cognitive interests of the student, the needs for new knowledge, business,

acquisition of skills. To create a positive environment, it is necessary to choose special forms of classes that will guide the student towards communication and stimulate the student's activities in the lesson. As the experience of teachers shows, the organization of non-traditional classes increases students' motivation for classes. Today, teachers are actively using non-traditional classes to organize the fruitful and effective activities of students. Non-traditional types of lessons include video lessons, internet lessons, performance lessons, travel lessons, etc. The formation of positive motivations is the professional task of the teacher. The motive is closely related to the cognitive interests of the student, the needs for new knowledge, business, acquisition of skills. To create a positive environment, it is necessary to choose special forms of classes that will guide the student towards communication and stimulate the student's activities in the lesson. As the experience of teachers shows, the organization of non-traditional classes increases students' motivation for classes. Today, teachers are actively using non-traditional classes to organize the fruitful and effective activities of students. Non-traditional types of lessons include video lessons, internet lessons, performance lessons, travel lessons, etc.

Effectiveness of using new ICT in the classroom:

Allows the student to think freely;

Develops the mind;

Increases creative activity;

Promotes collective action;

It improves the richness of the language; increases the ability to search in detail[5]

The main goal of ICT is to educate the student as a versatile individual who, in accordance with the needs of modern society, uses the tools of a personal computer in his life activities at the necessary level. The use of ICT in education and the formation of students' competencies, the use of ICT, electronic textbooks and internet resources in accordance with modern requirements allow developing students' creative abilities in the educational process. When using ICT in the classroom, students independently perform creative tasks, expanding the previously acquired knowledge. At the same time, the increase in the desire of schoolchildren to learn and learn in the process of working with ICT tools is observed not only in the novelty of working with ICT tools, but also in the ability to adjust the assigned educational tasks by the level of difficulty, and in the activity of rewarding for the correct result of the task. Working with modern ICT tools teaches students to be attentive, accurate, to perform tasks efficiently, to be able to focus on the main problem, as well as to correctly plan their own activities, to make the right decisions when working with internet resources. The child who comes before each teacher also has different thinking abilities, for example, some think quickly and work quickly, while others take the topic slowly and review the task (topic) again. In this regard, we know the effectiveness of describing these materials using ICT tools through presentation tools and then putting them on flash cards. Demonstration of the use of video lessons and presentations as a teaching aid increases imagination, abstract thinking, interest in the educational material being taught and the subject. Presentations, on the one hand, teach students new material (illustrations, photographs, video, didactic materials, etc.). C.) having a means of showing in a prominent way, on the other hand, facilitates the process for teachers to master these materials and the lesson through its use. Video classes are another step forward in pedagogical technology. We know very well that students perceive information well with the help of technical means such as television, computer, etc.

Interdisciplinary communication in biology in combination with theory and practice through laboratory work allows students to get acquainted with the content of the topic, prepared messages on a given task in advance. Also, the use of picture, puzzle, labyrinth dictionaries develops logical thinking of students.

In conclusion, it is obvious that the interest of students will increase if each teacher, when conducting classes, teaches students using new technologies to give them a quality education, as well as using computers and internet resources. "In the modern world, it is necessary to provide young people with a new education that meets the world standards related to new technologies," the head of state stressed, noting that it is important to optimize and improve the efficiency of new

technologies in the educational process in order to educate the younger generation.

List of references:

1. Berkimbayev K. M. Niyazova G. Meirbekov M. Педагогтардың ақпараттық мәдениеттерін жетілдіру мәселелер. Биология негіздері. 2007. 2-5pages.
2. Beisenova G.I. Педагогтардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану: оқу-әдістемелік нұсқау. Shymkent, 2008. 46 pages.
3. Abisheva L. Р. Жоғары оқу орыны студенттерінің оқу іс-әрекетін компьютер көмегімен дараландыру: пед. ғыл. канд. дис.: 13.00.01. – Turkestan, 2007. 160 pages.
4. Kabdykairov K.K. Monakhov V.M. "Pedagogical technology, design of the educational process". Bulletin of KAZNU Series, Pedagogical Science.
5. Kenzhebekov B.T. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: дис. пед. ғыл. док.: 13.00.08. Karaganda, 2005. 267 pages.

ӘОЖ 373.24

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әнуарбек Т.А.¹, Тилеубаева Н.Н.²

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің студенті, Көкшетау қ.,
Anuarbekovatarsynai@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті докторанты, Алматы қ.,
naza1972@mail.ru

Аннотация. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру жолындағы кедергілер және олардың шешімдері қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту мәселесі өзекті, өйткені балалар арасындағы қарым-қатынас, ересектермен қарым-қатынас, оқу-қызметтеріндегі белсенділік, мектепке даярлық сынды мәселелер сөйлеу тілін дамытумен тығыз байланысты. Сондықтан мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру жолдары негізгі нысан болып қарастырылады.

Тірек сөздер: сөйлеу тілі, сөздік қор, жас ерекшелік, ойын

Аннотация. В статье рассматриваются препятствия на пути формирования речи дошкольников и их решения. Проблема развития речи детей дошкольного возраста актуальна, так как с развитием речи тесно связаны такие вопросы, как общение между детьми, общение со взрослыми, активность в учебно-воспитательной деятельности, подготовка к школе. Поэтому в статье рассматриваются пути формирования речи дошкольников как основной объект.

Ключевые слова: разговорный язык, словарный запас, возраст, игра

Annotation. The article discusses the obstacles to the formation of speech in preschoolers and their solutions. The problem of speech development in preschool children is relevant since such issues as communication between children, communication with adults, activity in educational activities, and preparation for school are closely related to the development of speech. Therefore, the article considers the ways of forming the speech of preschoolers as the main object.

Keywords: spoken language, vocabulary, age difference, game

Адам өмірінің маңызды салаларын сөйлеусіз жасай алмайды. Адам сөйлеуді қаншалықты жетік білсе, соғұрлым іс-әрекетте белсенді болады. Адамның сөйлеу тілі туған сәттен бастап қалыптасады. Сөйлеу тілі дегеніміз - енжар және белсенді сөздік қорлардан тұрады. Сөйлеуді меңгеру тұлғаның толыққанды дамуының ажырамас факторы болып табылады. Егер бала сөйлеу тілін толық меңгермесе, ол өз ойын нақты және анық жеткізе алмайды, бұл оның жетістіктеріне әсер ететіні сөзсіз. Мектеп жасына дейінгі бала жан - жақты дамиды, яғни туғаннан бастап мектепке дейінгі шақта бала физиологиялық, психологиялық, тілдік дамуы жағынан қарқынды жоғарлау үстінде болады. Бұл процесте жетекші рөлді мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ойындар атқарады. Ойынмен қатар сөйлеуді қалыптастыру процесінде маңызды рөлді қарым-қатынас алады. Балалармен ойын арқылы қарым-қатынас жасау сөйлеуін дамытуда жоғары жетістіктерге жетуге жол ашады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің қаншалықты нормаға сай даму үстінде екенін жіті бақылап отыру керек. Ол үшін бала туғаннан бастап, қалыпты сөйлеу дағдысы қалыптасқанша жеке даму картасын білу маңызды. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларды ата-аналары үшін де, балабақша тәрбиешісі үшін де өте жақсы бақылау тәсілі. Негізгі сөйлеу тілі бала туғаннан бастап 6-жасқа дейін жүзеге асады. Жоғарыдағы айтқан тәсілімізге байланысты төменде мектеп жасына дейінгі баланың даму картасын ұсынамыз.

2 жаста :

- Сөздік қорында 50 сөз;
- 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрай алады;
- Өз дене мүшелерін атай алады;
- Отбасын танып, олардың атын атағанда суреттен көрсетеді;

3 жаста:

- Сөздік қоры 400-500 сөзді құрайды;
- Өзінің атын, жасын айтады;
- Аз және көп ұғымын түсінеді;
- Заттың көлемін және түсін айтады;

4 жаста:

- Сөздік қоры 1000 сөзді құрайды;
- Сөйлеу тілінде етістіктердің шақтарын қолданады;
- Санап үйрене бастайды;
- Әріптерді үйрене бастайды, оларды атайды;
- Қысқа ертегілерді тыңдап, мазмұнын айта алады;

5 жаста:

- Сөздік қорында 2000 сөз (белсенді + енжар) болады;
- 5-6 сөзден сөйлем құрайды;
- Оқиғадан түсінгенін айта алады;
- Оң және солын таниды, кеңістікті бағдарлай алады;
- Санауды меңгереді;

6 жаста:

- Сөздік қоры 3000 сөзден тұрады;
- Өз ойын анық білдіреді;
- Оқиғадан өз түсінгенін өзгеге түсіндіре алады;
- Сөйлеу тілінде сөз топтарын толық қолдана алады;

- Барлық дыбысты дұрыс айтады;

Жоғарыда көрсетілген мектеп жасына дейінгі балалардың даму картасын қадағалау арқылы баланың өз жасында дамуына жағдай жасаймыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды өз жасына сай дамыту кезінде психологиялық мына терминдерге жолығамыз. Олар шартсыз қабылдау және шартты қабылдау. Шартсыз қабылдау дегеніміз - баланы сүйкімді болғаны үшін, жақсы оқығаны үшін, тілалғыш болғаны үшін емес, бар болғаны үшін жақсы көру. Шартты қабылдау дегеніміз - шартты қабылдауға қарама - қарсы ұғым, бұл оқуды үздік бітірсең телефон алып беремін, үйде қалсаң конфет алып беремін деген сияқты шартпен ғана баланы жақсы көретінін білдіру. Ал енді сізге сұрақ: “ - Баланы қалай қабылдаған кезде оның потенциалы ашылады деп ойлайсыз? ” Иә! жауап айдан да анық болып тұр. Баланы шартсыз қабылдау кезінде оның жасына сай дамуына жағдай жасай аламыз. Шартсыз қабылдау - педагогикада, психологияда, бала тәрбиесінде кез келген амал-тәсілді жүргізудің алғашқы фундаменти.

Бала дамуында ерекше кезеңдер болады. Ол кезеңдерді екі топқа жіктеуге болады: қабылдауы жоғары және қабылдауы төмен. Сәйкесінше әр кезеңде баламен дамыту жұмыстары жүргізіледі. Бұл кезеңдер психологияда сенситивті кезең деп аталады. Осы уақытта бала: ақпаратты басқа уақытқа қарағанда өте жақсы қабылдайды; алған ақпаратты терең есте сақтап, тез қорытады. Өкініштісі, сенситивті кезең балаға жасына сай келеді және кетіп қалады. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл кезең “бала өздігімен дамып алсын, мен күте тұрамын” демейді. Бұл кезеңде жауапкершілік ересектерде болады. Баланың осы сенситивті кезеңін максималды түрде жақсы пайдаланып, баланың барлық қабілеттерін ашуға қолдану керек.

Қазіргі заманғы ең өзекті мәселелердің бірі - бала тілінің кеш шығуы, сөйлеу тілінің қалыптаспауы болып табылады. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің кеш шығу себептерін қарастырайық. Бала тілінің кеш шығуының себептері көп:

1. Жүктілік кезіндегі вирустық аурулар, грипп, гипоксия. Бұл кезде қалай ? деген сауал тууы мүмкін. Бұл кезде вирус жаңадан дамып жатқан баланың миындағы сөйлеу аппаратын қоршап алып, зақым келтіреді. Гипоксияда да бала миына оттегі жеткілікті деңгейде бармағандықтан белгілі дәрежеде өз зиянын тигізеді. Егер бала дамуында бұндай аурулар кездесе, бала мүлдем сөйлемейді деген сөз емес. Тек баламен күнделікті 10-15 минут жұмыс жаттығуларын жүргізу жақсы нәтижеге жеткізеді.
2. Босанғаннан кейінгі кезеңді бақылау. Бұл бала туғаннан бастап 6 айға дейінгі мерзім. Жаңа туған бала 1 ай ұйқыда болады. Ары қарай 2-айында гуіл, 4-айында былдыр, 6-айында күлу сияқты қылықтар шығарады. Осы кезеңдерде барлығы жоғарыдағы нормаларға сай болмаса (бала былдыр шығаруға талпынбаса) невропатолог дәрігерге жүгінгеніңіз жөн. Баламен көбірек эмоциямен беріп сөйлесіңіз.
3. Балаға көңіл бөлінбей қалуы. Бұл жағдай көбінесе отбасындағы тұңғыш баладан кейін екіншінің дүниеге келуімен байланысты. Барлық көңілдің екінші балаға бөлініп кетуі тұңғыш балада қызғаныш, тұйықтық, бірбеткейлік сезімдерінің пайда болуына алып келеді. Қырсыққаннан сөйлемей, өзімен өзі немесе тек ұялы телефонға байланып қалатын балалар да болады. Бұл баланың сөйлеу тілінің дамуын тежейді.
4. Ыммен түсіндіру. Бала айтқысы келген ойды тек ыммен ғана түсіндірсе, демек балада сөйлеуге деген қажеттілік жоқ. Бала ыммен түсіндіріп, өз қажеттілігін алса, бала сөйлеу қажет екендігін түсінбейді. Себебі балаға ыммен түсіндіріп, өз қалауын орындау ыңғайлы. Бұндай жағдайда балаға сөйлеу керектігін түсіндіру қажет.
5. Саусақпен ғана көрсету. Бұл себеп ыммен түсіндіруге ұқсас болып келеді. Бала қажеттілігін саусақпен ғана көрсетсе, онда балада сөйлеуге деген қажеттіліктің болмауы. Бұндай жағдайда бала саусағымен көрсеткен затты бере салмаңыз, балаға таңдау беріңіз. Мысалы: Не сұрап тұрсың? Су ма? Алма ма? Осылайша баланы сөйлеуге талпындыру қажет.
6. Баланың “түсініксіз тілде” сөйлеуі. Баланың түсініксіз, өз тілінде сөйлеуінің ең басты себебі - түсініксіз тілдегі мультфильмдер. Бала бейсаналы түрде сол тілді миына сіңіре

береді және сол тілдегі сөздерді жаттап бастайды. Бұл жағдайда баланың нақты қандай мультфильмдер қарайтынына көңіл аудару қажет.

7. Баланың дамуына дұрыс жағдай жасамау. Бұл баланың күнделікті ойнайтын ойыны, ойыншықтары және іс-әрекеттері жатады. Яғни, бала тілінің дамуына ойыншықтардың да әсері бар деген сөз.
8. Физикалық белсенділіктің төмендігі. Баланың дамуында жалпы дамытушы жаттығулар мен негізгі қимылдарды орындауына жағдай жасау. Олар: жүру, секіру, жүгіру, лақтыру, еңбектеу, өрмелеу және тепе-теңдікті сақтау. Баланың физикалық жаттығуларды күнделікті орныдауы да сөйлеу тілінің дамуына өз әсерін тигізеді.
9. Психикалық қарым-қатынастың дұрыс болмауы. Яғни, отбасында ұрыс - керіс, ересектер арасындағы кикілжіңдер, баланың іс-әрекетіне ұрсу, жазалау әдістерін қолдану баланың тілінің кеш шығуына себеп болады.
10. Баламен ана тілінде емес, “бала тілінде” сөйлесу. Ол былай: тамақ ыстық дегенді тамақ “үпәй”, дәретке сұрануды “шә дейсің бе?” , ұстауға болмайды дегенді “кәкәй” және тағы басқалай сөздерді қолдану. Егер бала тілінің дұрыс қалыптасуын қаласақ, балаға әрқайсысының дұрыс нұсқасын айту қажет. Осылайша баламен бала тілінде сөйлесу тек бізде ғана емес, бүкіл әлем тілдерінде бар. Көбіміз баламен бала тілінде сөйлесудің дұрыс емесін білеміз, бірақ, аса қатты назар аудармаймыз. Баламен бала тілінде сөйлесудің салдары: дұрыс тіл құрылымы қалыптаспайды; түсіну, ойлау, қабылдау қабілеттерінде кешігу болады; бала балабақшаға барғанда бала тіліндегі сөздерді ана тілінде айту қажеттігін түсініп, миында қысым болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу қабілетін дамыту кезінде көп ата-ананың жіберетін қателігі - балам 2-3 жасқа келгенде сөйлейді ғой деп ойлауы. Баланың өз жасына сай сөйлеуі үшін туылған бастап әрекет ету керек. Яғни, бала 4-5 айында сіздің сөйлеп жатқаныңызды түсінеді. Олар сөйлеп жатқан жаққа қарап мән беріп, тыңдап қалады. Егер олай болмаса, баланың құлағын тексертуге дәрігерге барған жөн. Баланың сөйлеу тілін тыңдауы сенситивті кезеңнің бастауы. Бұл уақытта баланың сөйлеу қабілетін дамыту үшін баламен сөйлесу қажет; саусақтарының ұштарына моторикасын дамыту үшін массаж жасау қажет; екі буыннан тұратын сөздерді (ма-ма, па-па) қайталау қажет. 1 жасқа қарай бала сөздерді айтып бастайды. Бұл жаста бала сөздік қоры аз болғандықтан, балаға сөздерді көру, есту, ұстау т.б рецопторлары арқылы үйрету қажет. Осы жастан бастап бала тілін дамыту үшін баламен өте көп сөйлесу, түсінікті ертегілерді оқу, заттарды қолданғанда таңдау беру арқылы сөйлету (мысалы: қай көйлекті киесің ? Қызыл ма ? Сары ма ?) маңызды. Сөйлеудің негізгі фундаменті - туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі аралықта қаланады. Және ең маңыздысы баланың жасына сай дамуына назар аудару.

Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу тілінің кеш шығуының алдын алу үшін:

- Жүктілік кезінде ана көңіл-күйінің дұрыс болуы, күйзелісте болмағаны жөн;
- Баламен үнемі сөйлесу, көңіл бөлу және сөздерді “бала тілінде” емес “ана тілінде” айту;
- Ауыз қуысы бұлшықеттерінің жақсы жұмыс жасауы (бұлшықет балада көбірек емгенде жақсы қалыптасады);
- Ең маңыздысы бала туылғаннан бастап оның ұсақ моторикасын дамыту. Себебі ұсақ моторика яғни, қол, алақан саусақтарының жұмысы көп болса, мидағы сөйлеу аймағының жұмысы белсенді болады. Ол дегеніміз - баладағы сөйлеуге жауап беретін ми бөлігі жақсы жұмыс жасайды, бала жасына сай сөйлейтін болады деген сөз. Қолдың ұсақ моторикасы сананың: зейін, ойлау, кеңістік, қабылдау, қиял, жады, сөйлеу секілді жоғары қасиеттерімен тығыз байланысты. Ұлы орыс ғалымы В.А.Сухомлинский айтқандай: “Баланың ақылы оның саусақ ұшында”.

Ендігі кезекте “баланың ұсақ моторикасын қалай дамытамыз?” деген сауалға жауап берейік. Баланың ұсақ моторикасын түрлі саусақ массаждары, ойыншықтар, ойындар арқылы дамытуға болады.

1. Қуырмаш ойыны. Саусақ атауларын бала тәрбиелеуге, оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға пайдалануға болады. Қуыр, қуыр, қуырмаш,

Балапанға бидай шаш...

2. Санамақ ойыны. Саусақтарды ашып-жұму арқылы қол қимылдарын үйренеді және санауды меңгереді.

3. Мозайкалар, конструкторлар. Аталған материалдар саусақтардың белсенді қозғалуына әсер етеді. Ойын барысында балада байқағыштық, төзімділік, табындылық секілді қасиеттері пайда болып, шыңдалады.

Бала анасының ішінде 9 ай даму үстінде болады. Ол сол кездің өзінде жарыққа реакция береді, дыбысты естиді, эмоцияны сезеді. Ғалымдар осы іштегі кезеңнің өзінде баладағы ақпаратты қабылдау мен есінде сақтап қалу қабілетінің өте мықты болатынын зерттеген. Өмірде келген балада автоматты түрде: көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу мүшелерінің қызметі іске қосылады. Осы қабілеттері арқылы бала өмірге тез бейімделу жасайды. Баланың өмірге бейімделуінде сөйлеу тілінің маңыздылығын ерте жастан түсінгеніміз жөн. Сол кезде ғана баланың жасына сай даму жетістігіне қол жеткізе аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. “После трех уже поздно” - Масару Ибука - 2018.
2. “Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы” - В.С.Мухина - 1986.
3. “Методика раннего развития” - М.Монтессори - 2015.
4. “О чем думает ребенок” - Танит Кэри - 2017.

КОУЧИНГ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ

Нүрсұлтанқызы Айкерім

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті

Жолдыбекова Бакыткуль Ермекбайқызы

"Қошқар тірек мектебі (РО)" КММ

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы

Салиева Индира Есімбетқызы магистрант

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті

Iya.sali@bk.ru

Андатпа. Мақалада педагогикалық коучингті қазіргі мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырудың инновациялық технологиясы ретінде қарастыруға және білім беру процесіне педагогикалық коучингті белсенді түрде енгізілген. Мұның бәрі оқушылардың да, мұғалімдердің де жеке зияткерлік-шығармашылық әлеуетін ашуға көмектеседі.

Түйінді сөздер: *инновация, педагог, коммуникатив, коучинг, менторинг, білім беру, техника, философия.*

Тезис: Қазіргі заманда дербес ойлайтын мұғалім, психикалық және технологиялық тұрғыдан гуманистік құндылықтарды іс жүзінде жүзеге асыруға, инновациялық процестерге мағыналы түрде енгізуге қабілетті екенін айтады. Осы стратегиялық міндетті шешу үшін жас мұғалімнің кәсіби қалыптасу процесін оңтайландыруға, өзін-өзі жетілдіруге, дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға мотивация қалыптастыруға қабілетті икемді және мобильді тәлімгерлік жүйесін құруға кірісу қажет. Бұл жүйе жас маманның тәжірибелік және теориялық көмек көрсетуге, оның кәсіби құзыреттілігін арттыруға дайын тәжірибелі педагог - тәлімгердің қолдауына ие болуының өмірлік қажеттілігін көрсетеді. Тәлімгердің міндеті-жас мұғалімге

өзін-өзі тануға, жеке қасиеттерін, коммуникативті және басқарушылық қабілеттерін дамытуға көмектесу. Кәсіби және жеке даму біліктілікті арттырумен, жаңа қабілеттерге ие болумен және жасалған әрекеттерден қорытынды жасай білумен байланысты. Ол өзін-өзі бағалау қабілетін, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыруда табандылықты және әрекет етуге деген ұмтылысты талап етеді. Жоғары біліктілігі, шеберлігі және үлкен тәжірибесі бар адамдардың қолдауы жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін процесті басқарады. Қазіргі заманғы еңбек нарығы мен тұтынушылар өз біліктілігі туралы ойлау тәсілін кәсіби белсенді өзгертуді, білім мен тәжірибе алуды талап етеді. Сократ әр адамның бойында өзі білмейтін білім бар екенін дәлелдеді. Сократ әдісі сұрақ қоюға және білімді бірлесіп іздеуге негізделген. Қазіргі уақытта Сократ әдісі коучинг пен менторингтің жұмыс істеуінің негізі болып табылады. Жаттықтырушының міндеті-тренинг; тәлімгер-беделге негізделген қамқоршылық. Заманауи коучинг кәсіби жетілдіру үшін әдістер мен әдістердің жиынтығын қолдануды білдіреді. Коучингтің арқасында мотивация деңгейін нығайту және белсенді әрекет етуге деген ұмтылыс мүмкін болады. Қабылданған жеке даму жоспары негізінде жүзеге асырылатын қызметкерге оның жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Менторинг мұғалімнің жеке дамуы мен кәсіби мансабының әртүрлі кезеңдерінде «бақылау» әдістерін енгізеді. Бұл дағдыларды жетілдіруге, білім алуға, бейімделуді тездетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар мұғалімнің өзіне жүктелген міндеттерге бейімделуіне оң әсер етеді. Менторингті тек жұмыста ғана емес, сонымен қатар жеке өмірде де қолдануға болады, бұл қоғамда жұмыс істеуге көмектеседі. Сондықтан, жаттықтырушы мен тәлімгердің алдына қойылған міндеттер шындықтан асып, қазіргі өмірдің философиясына айналады. Коучинг сөзі көбінесе білім, білік, дағдыларды кеңейтуге бағытталған «бір-бірден» оқыту техникасын сипаттауда қолданылады.

«Коучинг» термині ағылшын тіліндегі - жаттықтырушы сөзінен шыққан және біреуді жаттықтыруды, мұғалімге оқу процесінің тиімділігін жақсартуға көмектесуді білдіреді. Практикалық кеңестерге және берілген тапсырманы орындау тәсілін бақылауға негізделген жаттықтырушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы мұғалімнің мінез-құлқын жақсы жаққа өзгертіп, функционалды болуы керек. Оқыту және персоналды басқару әдістемесі саласындағы әдебиеттердегі Коучинг сонымен қатар бағаланатын адам мен бағалаушы арасында кері ақпаратты беру әдісін білдіруі мүмкін. Әр жаттықтырушының нақты принциптерге негізделген өзіндік жұмыс әдістері бар. Ең бастысы, жаттықтырушымен бірге жұмыс істейтін мұғалімнің өзгеруге ынтасы болуы, сондай-ақ бірлескен бағдарламаны мақұлдауы керек. Осы фактілерден туындайтын қорытынды бүкіл коучинг процесінің уақыт шекарасын анықтайды. Ол әдетте 3 айдан 6 айға дейін аптасына бір немесе екі рет жүйелі түрде өтеді. Коучинг белгілі бір лауазымға арналған тапсырмаларды орындау үшін қажетті нақты дағдыларды дамытуға, сондай-ақ шоғырландыруға бағытталған. Менторинг, өз кезегінде, жеке дамуға ұмтылуға, сондай-ақ өзін-өзі бағалауды арттыруға, қабылдауға, іс-әрекетке ынталандыруға, одан әрі кәсіби және жеке дамуды жоспарлай білуге бағытталған. Осылайша, бұл іс-шара мектеп практикасының өзгеруін, инновациялардың динамикасын, білім берудің жаңа стандарттарына көшу жағдайында оқытуды жетілдіру қиындықтарын қарастыруға мүмкіндік берді. Мұғалімнің көшбасшылық ұстанымын және мектептердің желілік қауымдастықтарын енгізу қажеттілігін атап өткен жөн. Коучинг технологиясы білім саласы үшін өзекті. Біріншіден, қазіргі білім беруде уақыт қажеттіліктері мен оның міндеттеріне сәйкес келетін балаларды дамыту мен оқытудың жаңа формаларына деген қажеттілік барған сайын айқын сезілуде. Екіншіден, тұлғаға бағытталған оқыту міндеті екінші буын білім беру стандарттарында ресми түрде жарияланды. Бірақ оқу-тәрбие жұмысында жеке тұлғаға бағытталған білім беруді жүзеге асырудың практикалық технологияларын әзірлеу, сонымен қатар мұғалімдерді жаңа тәсілге дайындау тақырыптық жүйелері әлі де пайда болу сатысында. Бұл әдіс жоғары оқу орындарында өте белсенді қолданылатындығын және оң нәтиже беретіндігін ескере отырып, оған басқа білім беру мекемелерінде де назар аударатын кез келді. «Коучинг» тәсілі барынша сәйкес келеді. Тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамалары, ал коучинг дағдылары қазіргі мұғалімнің

құзыреттілік профиліне органикалық түрде енеді. Қысқаша айтқанда, педагогикалық коучингтің мағынасын адам мен команданың әлеуетін толық ашу арқылы мақсатқа қарай жылжу ретінде анықтауға болады. Коучингті қолдана отырып, адамдар өз мақсаттарына әлдеқайда тиімді және тезірек жетеді, олардың дамуын таңдауда айқындық қалыптастырады. Жаттықтырушының, яғни нұсқаушының кәсіби қолдауымен студент мақсаттарды дербес тұжырымдайды, стратегияларды жасайды және олардың ең сәттілерін жүзеге асырады.

Коучингтік тәсіл - жаңа стандарттарды енгізу жағдайында тұлғаға бағытталған білім беруді іске асырудың инновациялық әдістемесі. Білім беру процесінің барлық субъектілері – басқару командасы, педагогтар, білім алушылар және олардың ата-аналары арасындағы келісілген өзара іс-қимыл мен қолдаудың оң стилі ретінде мектептердің білім беру процесіне коучингтік тәсілді белсенді және жүйелі түрде енгізу қажет. Білім беру ұйымының әкімшілігі коучингті білім берудің барлық қатысушыларының іс-әрекеті мен өзара әрекеттесу стилі ретінде кеңінен қолдануы керек. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін коучингтің өзектілігі бизнес саласында коучингті қолдану тәжірибесін дәлелдейді, өйткені қызмет түрлеріне қарамастан бірыңғай алгоритмдер мен басқару заңдары бар екендігі белгілі, бірақ әр басшы осы алгоритмдерді қолданудың өзіндік ерекше тәсілдерін іздеуі керек. Білім беру ұйымдарының басшылары шешім қабылдауға және олар үшін барлық жауапкершілікті өз мойнына алуға мәжбүр, білім беру ұйымының инновациялық даму деңгейі, мектептің білім беру жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігі, студенттер мен олардың ата-аналары арасындағы танымалдылық рейтингіндегі орны, муниципалды басқару органының мектеп қызметін бағалауы, яғни білім беру ұйымының білім беру қызметтері нарығында орналасуы - олардың шешімдеріне байланысты. Білім беру ұйымын тиімді басқаруды оқытудың басталуы қазірдің өзінде қаланды. Соңғы онжылдықта білім беру ұйымдарының басшылары үшін қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстары санының өсуі, оларды басқару стратегияларына оқыту байқалды. Бірақ курстарда алған білімдері мен дағдыларын бекіту қажет. Жаттықтырушының кәсіби міндеттеріне тренингтер өткізу және тренингтен кейінгі сүйемелдеу кіреді: оң тренингтік әсерлерді қолдау және күнделікті кәсіби қызмет барысында алған білімдерін, дағдыларын, қасиеттерін қолдануды қамтамасыз ету. Осылайша, коучинг инновациялық қызметті қамтамасыз ету құралы ретінде педагогтың немесе білім беру ұйымы басшысының инновациялық ойлауының жаңа білім объективтендіріліп, практикалық қызметке енгізілетін дамыған инновациялық ойлау кезеңіне өтуіне ықпал етеді. Коучинг, егер ол педагогикалық жүйенің ресми бөлігіне айналса, педагогтің өзінің кәсіби және жеке ресурстары мен уақытын тиімді пайдалануына; кәсіби қызмет процесі мен нәтижесін объективті және жүйелі бағалауға; білім беру жағдайын кешенді пайымдауға; инновациялық қызметтің дамуының жоғары деңгейіне; педагогтің жеке-кәсіби мақсаттарының және стандарттар талаптарының үйлесімділігіне ықпал ететін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Деркач а. а. кәсіби дамудың акмеологиялық негіздері. -М.: Мәскеу психологиялық-әлеуметтік институтының баспасы; Воронеж: "МОДЕК" ҰЕҰ, 2004. - 752 б. – ("Отан психологтары"сериясы).
2. Коучингтің үш негізгі нүктесі – <http://www.uhr.ru/coach.htm>
3. Зеер э. ф., Симанюк э. э. кәсіби деструкция психологиясы: жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. - М.: академиялық жоба; Екатеринбург: іскерлік кітап, 2005. – 240 б. – ("Gaudemus")
4. Носова и. с. коучинг мектеп мұғалімдерінің инновациялық қызметін қамтамасыз ету құралы ретінде: проблеманы қою // ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. – 2015. – № 1-1. ; URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=18181> (өтініш берген күні: 08.11.2022).

ЗЕЙІН ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ МЕН ГИПЕРБЕЛСЕНДІЛІК СИНДРОМЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖҰМЫСЫНДА АТА-АНАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бақтыбаев Ж.Ш. пед.ғ.к., доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ.

Қапанова А.Ш. магистрант

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ.

E-mail: aysanem1997@mail.ru

Аннотация. Мақалада зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромының көрініс табу ерекшеліктері, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселесінің өзектілігі, зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезеңдері, осы тұста ата-анаға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері және балаларымен қарым-қатынас құру бойынша ұсыныстар берілген.

Тірек сөздер: зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, инклюзивті білім беру, ми дисфункциясы, диагноз

Аннотация. В статье представлены особенности проявления синдрома дефицита внимания и гиперактивности, актуальность проблемы психолого-педагогического сопровождения, этапы психолого-педагогического сопровождения детей с синдромом дефицита внимания и гиперактивности, особенности психолого-педагогического сопровождения, оказываемого родителям, и рекомендации по их взаимодействию со своими детьми.

Ключевые слова: синдром дефицита внимания и гиперактивности, психолого-педагогическое сопровождение, инклюзивное образование, мозговая дисфункция, диагноз

Annotation. The article presents the features of the manifestation of attention deficit hyperactivity disorder, the relevance of the problem of psychological and pedagogical support, the stages of psychological and pedagogical support for children with attention deficit hyperactivity disorder, the features of psychological and pedagogical support provided to parents, and recommendations for their interaction with their children.

Keywords: attention deficit hyperactivity disorder, psychological and pedagogical support, inclusive education, brain dysfunction, diagnosis

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар балалардың саны барлық елде жыл сайын артып келеді. Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, емдеу және әлеуметтендіру мәселелерінің өзектілігі барлық психологиялық, педагогикалық, медициналық, статистикалық дереккөздермен дәлелденеді[1].

Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар бала зейінін ұзақ шоғырландыра алмауымен, эмоциялық, еріктік сферадағы тұрақсыздығымен, танымдық қызығушылықтың төмендігімен және оқу үлгерімінің нашарлауымен, сондай-ақ қарым-қатынас дағдыларының төмендігімен сипатталады.

Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы алғаш рет 1902 жылы ағылшын ғалымы Джордж Стилл еңбегінде көрініс тауып, бұл синдром «тәрбиесіз баланың» сипаты емес, «ми дисфункциясы» деген байламға келеді. Бұл синдромның негізгі себептері ретінде жатырда балаға оттегінің аз жетуі, жүктіліктің ауыр өтуі және ата-анасының жаман әдеттерінің болуы деп көрсетеді[2].

Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы ХХ ғасырдың ортасында ғана медицина өкілдерімен «минималды ми дисфункциясы» ретінде мойындалып, баланың оқу жетістіктеріне кедергі жасаушы диагноз ретінде сипатталады. Бірақ қазіргі заманауи

медицина бойынша зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бойынша қарама-қайшы пікірлер өте көп[3].

Психология, медицина, педагогика салалары бойынша зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баланың ерекшеліктері үйлеседі.

Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар бала:

1. Аз немесе нашар ұйықтайды, ұйқыға батарда мазасызданады
2. Іс-әрекеттерінде тым белсенді, бала кезінде көп ұрынады, сәтсіздіктерге көп ұшырайды
3. Қатты мазасыз, сабырсыз
4. Өзін қызықтыратын пәнге де зейінін бұруы қиын
5. Маңызды ақпаратты ұмытады, көп затты жоғалтады
6. Бір орында отыра алмайды, ұдайы қозғалыста болады
7. Ойын әрекетінде және оқу әрекетінде ережеге бағынбайды
8. Өзіне жасалған өтінішке бұрылмайды, жауап қатпайды
9. Көп сөйлейді
10. Көңіл-күйі құбылмалы, тез ауысады.

Жоғарыда айтылған мәліметтердің барлығы психологиялық-педагогикалық, медициналық сүйемелдеу қызметінің жүйелі ұйымдастырылуының маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі мемлекет саясатына сай инклюзивті білім беру медицина, психология, педагогика саласының мамандарын бір арнаға жұмылдырып, ерекше білім беру қажеттелігі бар балаларға, олардың ата-аналарына және білім беру ұйымы мамандарына кешенді қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Зейін-жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу 3 негізгі жұмыс бағытында қарастырылады:

1. Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баланың білім алуын және дамуын сүйемелдеу жұмысы. Бұл тұста білім беру жүйесінің мамандары зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баланың қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын меңгерту барасында белсенді әдістерді, арт-терапияны, ойын технологиясын, гуманистік көзқарасты және көрнекі құралдарды пайданылып, баланың жеткен нәтижелері талданады, мадақтау әдістері қолданылады және коррекциялық-түзетушілік бағдарламалар құрылып, жұмыс жүргізіледі.

2. Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баланың ата-аналарына ағартушылық жұмыстар, консультациялық кеңестер беріліп, баласымен қарым-қатынасындағы қиындықтарды жеңу бойынша ұсыныстар беріледі және баласының оқу нәтижелері талданады.

3. Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарының бірлесе жұмыс атқаруына сай, пән мұғалімдеріне психологиялық қолдау беріледі, кәсіби шаршау, конфликттік жағдай, оқу-әдістемедік мәселелерді шешу жолдары талданады.

Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баланың отбасына және керісінше отбасының баласына екі түрлі әсерін қарастыруға болады.

Бірінші жағдай бойынша зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар бала отбасына кері әсер етеді. Бұл тұста баласының ерекшеліктеріне байланысты ата-анасы әлеуметтік оқшауланады, ерлі-зайыптылар арасында стресстік жағдай орын алады, отбасы шаршайды, жанжал туындайды.

Екінші жағдай бойынша жағымды әсер қалыптасады. Бұл тұста бала мотиватор рөлінде болады, ата-анасының медициналық, психологиялық-педагогикалық дүниетанымы артады, баласымен қарым-қатынас жасау үшін бар ынта-жігерін, шығармашылығын қосады, отбасы бұл мәселемен бірлесе күреседі.

Е. И. Исаев, В. И. Слободчиков бойынша адам баласының субъективтілігін және индивидуалдылығын дамыту ғана, оның психикалық тұрақтылығына алып келеді[4].

Осы анықтамаға сай, зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуде бірінші кезекте оның субъективтілігін дамыту шарт.

Отбасы жағдайына қарастырсақ, зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баласын ата-анасының тарапынан қабылдау деңгейі өте төмен, ал оның сәтсіздігіне сену деңгейі өте жоғары.

Өзін «сәтсіз» статусында қабылдайтын бала айтарлықтай нәтижеге жете алмайтыны анық. Осы себепті зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баланың ата-анасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету аса маңызды.

Келесі кезекте баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шарты ретінде баланың өзін-өзі реттеу функциясын іске асыруды айтуға болады. Бұл тұста мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалар бұл міндетті жалғыз жүзеге асыра алмайды. Сол себепті бірінші кезекте ата-анасы өз іс-әрекеттерін реттеп үйренуі қажет. Яғни, баласына нақты қандай талаптар қояды, одан қандай нәтижелер күтеді, сол нәтижелер үшін баласымен қандай жұмыстар жүргізетінін жоспарлап үйренуі тиіс.

Ата-аналар баласының диагнозына және оның мінезіне, өзін ұстауына шағымданып келсе де, бұл тұста бірінші мәселе ата-анасының баласымен ортақ тіл таба алмауымен сипатталады.

Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек ең алдымен ақпараттық, яғни зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромының толық сипаты, себебін түсіндіруден, екінші кезекте мотивациялық, яғни ата-анаға баласымен қарым-қатынас орнатуға, оған қолдау көрсетуге ынталандырудан тұрады.

Осы екі көмектен соң, ұйымдастырушылық көмек жүргізіледі. Бұл тұста ата-анаға өз әрекеттерін реттеу бойынша технологиялар және баласымен ойын технологиясы арқылы қарым-қатынас жасау, бірлесе іс-әрекет атқару арқылы, өз іс-әрекетін бақылап отырып, баласының да іс-әрекетін басқаруға дейін жағдай жасалады[5].

Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар балалардың ата-аналарына арналған ұсыныстар:

1. Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы сіздің балаңызға қойылса, бұл диагнозды сырқат деп қабылдамаңыз. Бұл диагноз балаңыздың интеллектіне әсер етпейді, баланың әлеуметтенуіне, оқу-тәрбие алуына жағымды жағдай жасаңыз, балаға ұрысудың қажеті жоқ.

2. Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар бала әдейі тіл алмай жүрген жоқ. Оны ерекшелігі үшін жазалап, ұрып қажеті жоқ, әрқашан сабарлы болыңыз.

3. Баланың бөлмесін сабырлы түстермен ғана толтырыңыз, бөлмедегі оқуға, тынығуға кедергі жасайтын артық заттарды алып тастаңыз.

4. Баланың әр күнін күн тәртібіне сай ұйымдастырыңыз. Бір күнде жасаған жетістіктері үшін мақтаңыз.

5. Баланың ұйқысына көп мән беріңіз, ұялы телефон, теледидар, компьютер секілді технологиялардың уақытын шектеңіз.

6. Баланың бос уақытын спортпен немесе өзіне қажетті үйірмемен толтырыңыз.

7. Балаға тым қатал болмаңыз, бірақ шектеу қоюды да ұмытпаңыз.

8. Бала сізді бір айтқаннан түсінгенін қаласаңыз, баланы күнәламай, қысқа әрі нақты сөйлеңіз.

9. Баланы құшақтап, еркелетіңіз, жақсы қарым-қатынас орнатыңыз.

10. Баладан барлығын дәл қазір күтпеңіз, шектен тыс жүктемеңіз.

11. Баланың негативті энергиясын шығармашылықпен жеңіңіз.

12. Баланы эмоционалды қолдай біліңіз.

13. Отбасылық жанжал, ұрыс-керіс болса, оны балаға көрсетпеңіз.

14. Бала сіздің көмегіңізге қарағанда, қолдауыңызды көбірек күтеді, сол себепті баланы жалғыз қалдырмаңыз.

15. Балаңызды жақсы көріңіз, оған сеніңіз және сабырлық танытыңыз.

Осылайша зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар баланың ата-анасын психологиялық-педагогикалық қолдау бірінші кезекте бала мен ата-ананың жағымды қарым-қатынас орнатуын, бір-бірін тыңдай алуын және ата-анасының өз іс-әрекетін, баланың күн тәртібін жоспарлай алу дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Сондай-ақ педагог-психологтың ата-анаға беретін көмегі баласына әсер ете алатын технологияларды, әдістерді меңгерту, бала мен ата-ананы ортақ ойын іс-әрекетіне жұмылдыру болып табылады.

Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар балаларды және олардың ата-аналарын дер кезінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу баланың отбасында және қоғамда сәтті әлеуметтенуіне, өзін-өзі басқару, өзін-өзі реттеу дағдыларын игеруіне, отбасының стресстік жағдайының төмендеуіне және баланың өз деңгейіне қажетті білімдер жүйесін қалыптастыруына алып келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Машкович Н.В., Падылин Н.Ю., Никитина Н.И. Типичные трудности семейного воспитания старших дошкольников с синдромом дефицита внимания с гиперактивностью// материалы межд.науч.-практ.конф. В мире науки и инноваций –Уфа:Аэтерна,2017. – С. 100-106
2. Романчук О.И. Синдром дефицита внимания и гиперактивности у детей :пер.с укр. – М: Генезис, 2010.- 336 с.
3. Гиперактивті балаларға психологиялық-медициналық –педагогикалық көмек/ Г.К. Джумажанова, А.Қ. Бибекова // Қазақстан жоғары мектебі. – 2012 .–№ 1.– 66-69 б.
- 4.Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Личность как реальность для других // Психология личности. Хрестоматия. – Т.2. – Самара , 2002. –С. 494-495.
5. Өзіндік бақылау гипербелсенді балалардың мінез-құлқын реттеудің негізі/ З.К.Адамбекова, Г.У. Турарова // Қазақстанның үшінші жаңғыруын жүзеге асырудағы жас ғалымдар инновациясы: студенттер мен жас ғалымдардың ғыл.материлдарының жинағы.–2-т. –Өскемен, 2017. –215-219 б.

УДК 376.1

КЕЙС-ТЕХНОЛОГИИ КАК СОВРЕМЕННЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ И ВОСПИТАНИЮ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В УСЛОВИЯХ КППК

Исхакова А.Н.руководитель

*КТУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции №3» Каратальского района, ГУ «Управление области Жетісу», Казахстан, г.Уштобе
E-mail: aigul_ishakova@inbox.ru*

Аннотация. Заманауи білім беруді жаңғырту жағдайында әртүрлі ауытқулары бар балаларды дамыту мәселесі өте маңызды. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға коррекциялық көмек көрсету үшін №3 ППТК жаңа әдістер – кейс технологиясы енгізілді, ол түзету-тәрбие процесіне тиімді әсер етті.

Тірек сөздер: кейс- технологиясы, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті,кейс әдісінің мәні, ерекше білім қажет ететін балалар.

Аннотация. В условиях модернизации современного образования проблема развития детей с различных нарушений стоит очень остро. Для оказания коррекционной помощи детям с особыми образовательными потребностями в КППК№3 были внедрены новые

методы – кейс технологии, которые оказали эффективное воздействие на коррекционно-образовательный процесс.

Ключевые слова: кейс-технология, психолого-педагогический коррекционный кабинет, значение кейс-метода, дети с особыми образовательными потребностями.

Annotation. In the context of the modernization of modern education, the problem of the development of children with various disorders is very acute. To provide correctional assistance to children with special educational needs, new methods were introduced in КППК № 3 - case technology, which had an effective impact on the correctional educational process.

Key words: case technology, psychological-pedagogical correctional office, meaning of the case method, children with special educational needs.

На сегодняшний день наблюдается тенденция роста количество детей с особыми образовательными потребностями. Государственный общеобязательный образовательный стандарт предполагает, что педагоги образования, должны строить свою педагогическую деятельность в современном формате. Педагогическая работа должна быть направлена на опытно-экспериментальный процесс, которое предусматривает внедрение новых методик и технологий психолого-педагогического сопровождения детей с особыми образовательными потребностями.

Специалисты нашего кабинета психолого-педагогической коррекции далее (КППК) осуществляют свободный выбор способов, методов и форм организации психолого-педагогического сопровождения с учетом особых образовательных потребностей детей. Один из методов, который помогает нашим специалистам самостоятельно проектировать образовательный процесс – кейс-метод. Кейс-метод относится к современным педагогическим технологиям проблемного обучения. Данный метод позволяет специалистам смоделировать ситуацию, в которых каждый ребенок проявит свои способности, выразит эмоции и интересы. Этот метод анализа практической ситуации, реальной и гипотетической. Преимущество данного метода состоит в том, что он позволяет оценить не объем усвоенной информации, а готовность ребенка к практической деятельности через актуализацию полученных знаний.

Суть кейс-метода в работе с детьми заключается в том, чтобы стимулировать их познавательную активность через практическую деятельность и диалог с помощью смоделированной ситуации. При этом любая моделируемая или реальная ситуация должна предполагать несколько вариантов решений и быть максимально приближена к личному опыту детей.

Чаще всего КППК посещают дети с речевыми нарушениями и с задержкой психического развития, для данной категории детей помимо традиционных методов обучения и воспитания наши специалисты используют кейс-технологии. Ведь одним из ведущих направлений развития детей дошкольного возраста является речевое развитие. Отечественные ученые Г.И.Жарекова, А.Д.Кошелева в своих научных трудах акцентируют внимание на то, что дети с задержкой психического развития испытывают определенные трудности в речевом оформлении своих действий, поступков на неполноценность не только их спонтанной, но и отраженной речи. Наблюдается рассогласованность речевой и предметной деятельности. [1, с. 16].

Согласно взгляду Р.Д.Тригера дети с задержкой психического развития испытывают затруднения в словообразовательных процессах. По мнению ученого, одной из характерной особенности монологической речи у старших дошкольников с задержкой психического развития, является то, что речь в основном носит ситуативный характер. Это проявляется в употреблении большого количества личных и указательных местоимений, частом использовании прямой речи, усиливающих повторениях. В старшем дошкольном возрасте у детей с задержкой психического развития только начинается переход к контекстной речи. [2, с. 12].

В своих работах Н.Ю.Бояркова отмечает, что у данной категории детей наблюдается несформированность развернутой речевой фразы (предложения), идет нарушение грамматического строя речи. [3, с. 4].

В научных работах А.Р.Лурия, Е.Д.Хомской, В.В.Лебединского и А.Д.Кошелевой отмечены, что значимую роль в нарушении познавательной деятельности данной категории детей играет недоразвитие речевой регуляции, т.е. не осуществляется отчет в речевом плане о произведенных действиях, отсутствует поэтапный контроль за действиями, нет словесного сопоставление результатов с предложенным заданием. [4, с. 116].

В своей научной работе «Мышление и речь» Л.С.Выгодского рассматривает определенную грань развития речи и мышления. Он утверждает, что существует определенная доречевая фаза интеллекта и особая до интеллектуальная фаза речи. По его мнению, в определённый возрастной период происходит столкновение речи и мышления, в результате чего в дальнейшем они продолжают развиваться уже в определенном единении. [5, с. 10].

Учеными отечественной психологии (П.Я.Гальперин, А.В.Запорожец, А.Н.Леонтьев) установлена взаимосвязь развития восприятия, мышления и речи: при назывании ребенком вслух воспринимаемых предметов, они различаются и осмысливаются быстрее, появляется возможность активизировать и закрепить словарь, принять правильное решение. [6, с. 12].

Метод кейс-технологий имеет широкий спектр применения, данный метод позволяет взаимодействовать всем участникам образовательного процесса (подгруппы, группы). Дети вместе с педагогом сначала анализируют ситуацию, вместе разбирают проблему, ищут пути решения проблемы и выбирают более лучший вариант. Этот процесс позволяет детям с особыми образовательными потребностями развивать любознательность, критическое мышление, коммуникативные навыки, творческий подход. Они начинают проявлять инициативу, активно взаимодействовать, проявляется потребность и умение работать в команде.

Предлагая детям кейсы в начале занятия, педагог ожидает, что данный кейс поможет сформировать у детей интерес к теме, настроить на совместную работу или плавно перейти к самостоятельной деятельности. Однако, в подгруппе, в группах не все дети и не всегда проявляют одинаковый интерес к проблемной ситуации. В различных видах деятельности они активны по-разному. Задача педагога – определить возможности и интересы детей и организовать общение с ними так, чтобы выявленные интересы сочетались в объединяемых подгруппах.

Поэтому кейс-метод – эффективное средство не только ситуативного, но и дифференцированного обучения в работе с детьми с особыми образовательными потребностями старшего дошкольного возраста.




Рисунок №1. Ожидаемые результаты от использования кейс-методов.

Работа над каждым кейсом требует от педагога не мало времени, опыт показывает, что результаты использование кейс-методов в работе с детьми с особыми образовательными

потребностями оправдывают эти усилия. Постоянное общение педагога с детьми посредством кейс-метода решает педагогические задачи и повышает уровень профессионального мастерства педагога. Он сможет самостоятельно проектировать не только отдельные образовательные ситуации, но и весь процесс работы с дошкольниками.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Кошелева А.Д. Эмоциональное развитие дошкольника: Пособие для воспитателей дет. сада /А. В. Запорожец, Я. З. Неверович. —Москва.: Просвещение, 1985. - 176 с.
2. Триггер Р. Д. Психологические особенности социализации детей с задержкой психического развития. — Санкт-Петербург.: Питер, 2008. — 192с.
3. Борякова Н.Ю. Изучение и коррекция лексико-грамматического строя речи у детей с недостатками познавательного и речевого развития (на примере глагольной лексики, словоизменения глаголов и построения простых распространенных предложений) / Т.А.Матросова — Москва .: Центр полиграфии АТТИКА, 2010. — 200 с.
4. Хомская Е. Д. Х76 Нейропсихология: 4-е издание. — Санкт-Петербург.: Питер, 2005. — 496 с.
5. Выгодский Л. С.Собрание сочинений: В 6-ти т. Т. 2 Проблемы общей психологии / Под ред. В. В. Давыдова. —Москва.: Педагогика, 1982. — 504 с.
6. Гальперин П.Я. Лекции по психологии: Учебное пособие для студентов вузов.- Москва.:Книжный дом «Университет»: Высшая школа, 2002.-400с.

ӘОЖ 373.31

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ СЫНИ ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бисембаева Ж.К. п.ғ.магистрі, аға оқытушы, Испергенова Жұлдызай «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» БББ 4 курс студенті

Ө.Сұлтангазин атындағы Қостанай педагогикалық институты, Қостанай қ.

E-mail:zhuldyzaiispergenova2001@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі бастауыш сынып оқушылардың қазақ тілін оқытудағы арнайы сабақта қолданылатын сыни түрғысынан ойлау технологиясындағы өткізілетін әдіс-тәсілдерінің жиынтығы мен мақсат-міндеттермен мысалдар қарастырылады. Енді бұл технология негізгі өзектілігі бойынша оқушы тапсырмалар бойынша өз-өзіне сенімділік, жігерлік, дамтыушылық пенбілімділік қабілеттері ұштасып, талдау, қарастыру, салыстыру, деңгейлері тікелейжүзеге асады.Тікелей оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда, шапшаңдығын, тез тапқыштығын қалыптастыратын осы технологияның бірі болып табылады.

Тірексөздер: технология, педагогика, әдіс-тәсілдер, тапсырма, жекетұлға, білім, білік, дағды.

Аннотация. В данной статье рассмотрен комплекс методов, целей, задач и примеров технологии критическое мышление, используемой на специальном уроке обучения казахскому языку современных учащихся начальной школы. Сейчас, согласно основной актуальности данной технологии, объединяются уверенность ученика в себе, энергия, развитие и учебные способности, реализуются непосредственно анализ, рассмотрение, сравнение, уровни.

Ключевые слова: технология, педагогика, методы, задачи, личность, знания, умения, навыки.

Annotation. In this article, a set of methods, goals, tasks and examples of critical thinking technology used in the special lesson of teaching the Kazakh language of modern elementary school students are considered. Now, according to the main relevance of this technology, the student's self-confidence, energy, development and educational abilities are combined, analysis, consideration, comparison, levels are realized directly.

Key words: technology, pedagogy, methods, tasks, personality, knowledge, skills, skills.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «*Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ*» атты жолдауында қазіргі кездегі жас буынды оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға болып тәрбиелеу мұғалімдердің жауапкершілігі деген болатын. Сондықтанда бастауыш сынып мұғалімдерінің жауапкершілігі, екі есе ұлғайды десекте болады. Әрине, бұл аса жауапты іс болғаннан кейін мұғалімдер оқушыларды елімізге сай білікті тұлға болып тәрбиелеуге атсалысып отыр. Атақты қазақтың ақыны, жазушы, педагог әдебиетті зерттеушісі Ахмет Байтұрсыновтың айтқан сөзінде: «*Ең әуелі мектепке керегі – білімді, әдістемеден хабарымол, ізгілікті оқыта білетін мұғалім оқушыларды дұрыс бағытта жолдап, біліктілігі мен ерекшеленетін азаматшыларды тәрбиелеумен сипатталады*» осы айтылған ақынның сөзінде жаны бар себебі, оқушыларды еліміздің болашағындай етіп білім беріп, білімге деген құштарлығын оятатын, білікті мұғалімнің қолында. А.Байтұрсыновтың мұғалімге айтылған нақыл сөзіндегі мағынасы «*Айтылған сөз атылған оқпен тең*» деп айтсақ болады. [1, 32 б.]

Біз білетіндей Қазақстанның болашағы алдымыздағы отырған мектеп оқушылары. Сондықтан осы оқушыларға жан-жақты білім беру, өз пікірін айтып дәлелдей алатын, білімді, бәсекеге қабілетті, өз-өзі жан-жақты бағытта алатын, білікті тұлға тәрбиелеу болып отырғандықтан қазіргі кезде білім жолындағы оқушылардың мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, сабаққа деген тікелей қызығушылықтарын, ынта жігерін, біліктілігін, құштарлығын, зеректілігін арттырудағы енгізіліп отырған заманауи педагогикалық технологиялар. Қазіргі кезде білім беру үрдісінде 50-ден астам жаңа педагогикалық технологиялар қолдану аясы мұғалімдердің еншісінде болып тұр. Бұл технологияның бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан мұғалім әр пәнді оқыту технологиясын тандап, іріктеу және оның іс-әрекетін жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға бағыттайды. Педагогикалық технологияларды қолданудағы негізгі мақсаты мұғалім әр әдіс-тәсілдердің орындалу мақсатын, міндетіне қарай іріктеп, талдап, қарастырып, тиянақты оқушылардың білім деңгейлеріне сәйкестендіріп, жас ерекшеліктерін ескеріп отырып сабаққа деген қызығушылықтарын және де шығармашылық қабілеттерін аттыруға пайдаланып өз мақсатына жүзеге асырайды. Үнемі әдіс-тәсілдер мұғалімдер үшін көмекші құрал болып табылатын элемент, оларсыз сабақтың ешқандай мақсаты мен міндеті сәтті орындалмайды. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Мана айтап кеткендей бастауыш сынып мұғалімдерінің алдында тұрған басты талап жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп, келешек өмірге жан-жақты даярлап шығару. Мұндай талапты орындау барысында мұғалімге әр сабаққа шығармашылық жұмыстар атқаруды, ұтымды және орынды әдіс-тәсілдерді пайдалануды және оқытудың жаңа технологияларын қолдануды жүктейді. Сондықтан оқушыларға сабақтарда аталған әдістерді қолдансақ, оң нәтиже береміз. Оқушылар жұмыс жасау барысында бір – біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш – қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушыны өз пікірлерін еркін жеткізуге жағдайлар жасайды. Демек, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты

міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. [1, 45 б.].

Мақаладағы тақырып бойынша қарастырылатын қазақ тілі пәнінен бастауыш сынып оқушыларына арнайы сабақта қолданылатын *сыни тұрғысынан ойлау* технологиясындағы өткізілетін әдіс-тәсілдерінің жиынтығы мен мақсат-міндеттер мен мысалдар қарастырылады. Енді бұл технология негізгі өзектілігі бойынша оқушы тапсырмалар бойынша өз-өзіне сенімділік, жігерлік, дамтыушылық пен білімділік қабілеттері ұштасып, талдау, қарастыру, салыстыру, деңгейлері тікелей жүзеге асады. Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуда, танымдық процестерді жетілдіруде, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруда, белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуда негіз болады. Осыған орай, бүгінгі күні оқыту үрдісінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ойлау мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сай келетін білім сапасын арттыратын дидактикалық ойындарды пайдалануды қажет етеді. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда, шапшаңдығын, тез тапқыштығын қалыптастыратын осы әдіс болады. Бұл технология оқушының есте сақтау, қайта жаңғыру, ойлау белсенділігі мен ынтасын, білімге деген құлшынысын арттыруға көмектеседі. Тапсырмаларды құрастыру да күнделікті тұрмыспен байланыстыру, қызықты да күрделі материалдармен толықтыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Сонда ғана баланың қызығуын, белсенділігін оятуға болады. Оқушылардың арасында бәсекелестік туып, шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылады. Көбінесе бұл деңгей оқушыларлы өздік жұмыс ретінде жүзеге асырылады. Өзінің білімін қаншалықты екенін біліп қана қоймай, оны жетілдіре алады. Сыни тұрғыдан ойлауда тапсырмалар деңгейлерімен құралыпта жасаланады. Тапсырмалар жеңіл, қарапайым түрде ұйымдастырылады да, күрделене береді. Оқушының пәнге деген қызығуы, бейімділігі артады және қабілеті айқындалады, өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді. Нақты өз деңгейінде бағаланады. [2, 65 б.].

Оқушылардың білім деңгейін көтеру, оларды шығармашылыққа баулу, ойларын еркін айтуға, кез келген мазмұн, түсінікке сыни тұрғыдан қарап, дұрыс шешім қабылдауға дағдыландырудағы *«Сыни тұрғысынан ойлау»* технологиясының негізгі мақсатты неде десек, бұл оқушыларды ақпаратты талдау, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Бұл технологияның бірінші кезеңі оқушының бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Сондықтан сабақта қарастырылатын мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Жаңа білімді меңгерту алдында осы әдіс бойынша сұрақ қоя отырып жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады. *«Сын тұрғысынан ойлау»* технологиясындағы *«Қызығушылығын ояту»*, *«Мағынаны тану»*, *«Ой толғаныс»*, *«Ой қозғау»*, *«Ой шақыру»* кезеңдерінен түзілетін қазақ тілі сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлеріне толық талдау жұмыстары мақалада жүргізіледі. Осы технологияны мұғалімдер әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықтап қолдануына болады. Олар: *«Бес жолды өлең»*, *«Венн диаграммасы»*, *«Еркін жазу»*, *«Семантикалық карта»*, т.б. *Мысалы:* жақсылық пен жамандық мәтінін оқып сыни тұрғысынан топтастыру стратегиясымен жүзеге асады яғни *«Венн диаграммасы»* арқылы қолданылады. Сонымен қатар, бұл әдіс арқылы білемін, білгім келеді, үйрендім стратегиясы бойынша жұмыс жүргізуге болады. Ол үшін тақырыпқа байланысты сұрақ қойылады. Сабақта сын тұрғысынан оқыту технологиясының стратегияларын пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызады. Әрбір әдіс оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді. Оқуға қызығушылығы артады, белсенді араласады. [3, 10-15 б.]

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясында *«Ой толғаныс»* әдіс-тәсілде оқушылар ұжым болып жұмыс жасауға үйренеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, құдіретін түсінуге машықтанады. Сондай-ақ, әдістегі тиімділігі бойынша сабақтан тысқары қатыспай қалатын оқушы болмайды. Оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын пікірін білдіру арқылы оқушының ойы, тілі

дамиды. Үшінші кезеңде қолдануға болатын тағы бір әдіс «Еркін жазу». Мұғалім сабақ бойы қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені білу керектігі тағы басқа жайлы қағаз бетіне түсіру тапсырылады. Жазуға уақыт беріледі. Уақыт аяқталғаннан соң оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты оқуға болады бұл оқушылардың өз ойын дұрыс жетік сарай алуына бағытталады. Оқушыларды алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез-келген сабақта қолдануға болады. Ал «Торлы талқылау» әдісін сабақта былай қолдануға болады. Бұл стратегия мақсаты өз пікірін дәлелдеуге үйрету негізінде. Мысалға: Қ.Мырза Әлидің «Күз» өлеңі оқып сынып бойынша оқушы сұрақ жауап құрастырып, оқушыларға талдау ретінде бір-біріне сұрақтар қояды. Келесі «*Мағынаны ашу*» әдісі бастауышта 2-сынып оқушыларға бұл әдісті жие қолданылады бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын ең тиімді әдістердің бір. Негізгі мақсаты қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу және пікірлерінің еркін айтылуы. *Мысалы:* берілген әріптер қатарынан жасыранған сөздерді тауып оқы. [3, 33-36 б.].

М, А, Л, А, Қ (қалам)

Р, Е, Т, П, Ә, Д (дәптер)

Ш, Ы, Ғ, З, Ы, С (сызғыш)

Ш, І, Г, Р, І, Ш, Ө (өшіргіш)

Оқушылардың бұл тапсырмада логикалық қабілеті мен зейін дамытылады. Логикалық қабілетімен таным деңгейлері яғни (түсіну, ойлау, қабылдау) жүзеге асырылады.

Бастауыш сынып оқушыларына жүргізілетін келесі кезекте «*Ой шақыру*» әдісінен тұрғысынан ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп логикалық қабілетін дамытуға оны мен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. *Мысалы,* мен қаламмын, дәптермін, қоянмын, доппын деген әр түрлі тақырыптарда шағын ғана әңгіме жазғызу. Бұл тапсырма оқушылар шығармашылық қабілеті өте жақсы дамыдаты. Өз қиялын, ойын, тілдік қорын қалыптастыруға ықпал тигізеді. Осы арқылы оқушылар шығармашылық түрде қиядауға түседі өз-өзін құмырсқаның орнына қойып сезінеді. Осы мәтіннен оқушының қаншалықты қиялға түскенін байқауға болады, ой-өрісін кеңейтіліп, тілдері дамиды. Оқушыларды бұл шығармашылық жұмыстың маңызы зор, себебі оқу іс-әрекеті әр оқушыны өздігінен оқып-үйренуге, шығармашылықпен белсенді айналысуға баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады және оқу-танымдық күзiретiлiгiн қалыптастырады. Келесі кезекте сыни тұрғысынан ойлау технологиясындағы «*Қызығушылықты ояту әдісі*» қазақ тілін пәнінде ең маңызды және аса тиімді болып келетін түрі осы. Тікелей оқушыларды логикалық ойлауын қалыптастырып, тапсырма кезінде қызығушылықтарын танытатына күмән жоқ. Сабақтарында қолданатын шығармашылық жұмыстардың орындаудың бұл түрі оқушылардың тілдік қорын және шығармашылық ой-өрісін, эстетикалық нормаларын сәйкес «*Жаңылтпашты қатыстыра отырып мәтін құрастыру*» тапсырмасы сабақта жаңылтпашты құрғақ жаттатпай, шығармашылыққа баулу жұмыстарын іске асырылады. *Мысалы:*

— Бұл... піл, бұл ірі піл.

— Шеше, шеше,

Неше кесе Сынды кеше?

Бірінші оқушының құрастырған мәтіні: Айдардың шешесі ас үйде кеселерді жуып тұрды. Бір кезде үйге дәу піл кіріп келді. Қасында тұрған Айдар қорқып кетті де, қатты жылап жіберді. Шешесі қолындағы кесесін жерге түсіріп алды. Кесе сынып қалды. Шешесі оған:

Айдар, жылама, қорықпа! Бұл піл, бұл ірі піл ғой. Ол саған тиіспейді, — деді.

— Шеше, шеше, неше кесе, сынды кеше?, — деп сұрады. Шешесі күлімсіреді де, ұлының басынан сипады. Міне осындай әдіс арқылы оқушылардың белсенділігін арттырып дамытып, шығармашылық қабілеттерін ұштастыра алады.

Келесі кезектегі «*Ой қозғау әдісі*» сабақтың ортасында қолдануға өте ыңғайлы, оқушылар берілген тапсырма бойынша жұптасып немесе топтық ретінде жұмыс түрін атқарады. Мысалы, сөйлемді дұрыс құрастыр.

1. Жылы, 2016, ол, салынған.
2. Арал, үлкен, көлдің, кіші, және, ортасы, бар.
3. Суы, тұзды, көлдің.
4. Келеді, жылда, мұнда, адамдар.

Немесе мынадай үлгіде беріледі жақша ішіндегі сұраққа жауап беріп, сөйлемдерді көшіріп жаз. Алма ...(қайда?) өседі. Ай сәулесі суға ...(қайтгі?). (Кім?) ... шелекке су құйды. Мерей ...(қандай?) кітаптарды көп оқиды. Самал ...(немен?) ойнады. Осындай тапсырма арқылы оқушылардың білім, білім, құзыреттіліктері дамытады бұл өте жақсы көрсеткіш болып табылады.

Өз бетіндік жұмысты қалыптастыру мақсатында білім алушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген қарапайым білімдерін жетілдіріп тереңдетеді. Жаңа білімді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы меңгеруіне, қорытындылай білуіне жол ашылады. Менің ойымша әрбір мұғалім сабақтан кейін сабақ барысында қолданған стратегия немесе әдіс-тәсілдерді оқушылардың белсенді жұмыс жасауына, сабақты меңгеруіне қаншалықты көмектескендігіне ой толғау жасап отыруы тиіс. Егер сабақта кеткен қандай да бір кемшіліктер болса, ой толғау арқылы сол кемшілікті келесі сабақтарда жібермеуге тырысады. Сабақтан кейін немесе сабақ соңында оқушылармен кері байланыс жасап отыруға тиіс. Міне осы секілді жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәлел келтіре білуге жетелейді. Бұрынғы қолданатын оқу әдістерінде мұғалім басты орын алып, оқушы тек тыңдаушы ғана болса, сын тұрғысынан шыңдалған ойлау арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақта ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау өте күрделі де, маңызды құбылыс болып табылады. [4, 18-22 б.].

Мақаланы қорытындылай келе, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызығылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Шет елде оқушылардың білімін мамандыққа даярлауда, қабілетті тұлға болу ретінде сабақта түрлі өздеріне қажетті әдіс-тәсілдері іріктеп жас ерекшеліктеріне топтастырып тәжірибе жүргізіледі. Біздің оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Мана айтап кеткендей бастауыш сынып мұғалімдерінің алдында тұрған басты талап жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп, келешек өмірге жан-жақты даярлап шығару. Мұндай талапты орындау барысында мұғалімге әр сабаққа шығармашылық жұмыстар атқаруды, ұтымды және орынды әдіс-тәсілдерді пайдалануды және оқытудың жаңа технологияларын қолдануды жүктейді. Сондықтан оқушыларға сабақтарда аталған әдістерді қолдансақ оң нәтиже береді.

Педагогикалық технологиядағы қазіргі заманауи білімнің бірі қолданатын технология сыни тұрғыдан ойлау технологиясында, әдіс-тәсілдер бастауыш сынып оқушыларына пайдалудағы ең керекті және пайдалы жағы болып табылатын технология. Осы әдістер арқылы оқушыларды шығармашылық қабілеттерге жетелеп пәнге деген қызығушылықтарын дамиды. Қазақ тілін оқытудағы қазіргі заман технологияларын қолдану оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызығылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын

арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Сөзімді түйіндеуге атақты Л.Н.Толстой айтқан сөзімен аяқтағым келеді: *«Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, шәкіртіне тиімді және жеңіл білім беріп жетелейтін»* нағыз ұстаз дегендей, елімізге білім бағдарламасы бойынша енгізілген педагогикалық технологияларды тиімді және білікті түрде пайдалансақ біз үшін өте жақсы жемісті жұмыс болтын сөзсіз. *“Тоқсан тоғыз сөздің тобықтай түйіні”* бойынша болашақта бастауыш сынып мұғалімі болатындықтан оқушыларды педагогикалық әдіс-тәсілдер арқылы пәнге деген сүйіспеншілігі мен бар ынта жігерін ашатындай, тияқты түрде әдістерді қолданып белгілі бір мақсатта жеткізе білетін көрсеткіш көрсете алатын, озық оқушыны тәрбиелеуге міндеттенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Халперн Дайана. Сыни тұрғыдан ойлаудың психологиясы. Санкт-Петербург, 2019 жылы 98бет.
2. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2- сыныбына арналған оқулық. 1-2 бөлім. Ә.Е.Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т.Сәдуақас. Қ. бөлім. Алматы: Атамұра, 2019 жыл 72бет.
3. Жанпейісова М.М. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын студентті дамыту құралы ретінде.- Алматы, 2020 жылы 240бет.
4. Н. Құрман Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана, 2017 жылы 140бет.
5. Н. Құрман Жаңа технология жүйесіндегі қазақ тілі сабақтары. – Астана, 2018 жылы 124бет.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДА ИППОТЕРАПИЯ ӘДІСІНІҢ ҚОЛДАУНЦДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кошжанова Г.А. п.ғ.м., аға оқытушы

Шәрібек С.Ғ. 2курс студент.

Алматы технологиялық университеті.

Алматы қ.

gulshat8@inbox.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада зерттеулерге сәйкес, иппотерапия бұл церебальды сал аурумен ауыратын балаларда бұлшықет спазмын азайтуға, буындардағы қозғалыс ауқымын арттыруға, арқа, іш және аяқ-қол бұлшықеттерінің күшін арттыруға көмектеседі. Иппотерапияның көмегімен шабандоздың жылқының қозғалысымен оңтайлы үйлестіруіне қол жеткізіледі, бұл негізінен сау адамның жүруімен бірдей. Жүріп келе жатқан ат шабандозға минутына жүзден астам тербеліс импульсін береді. Иппотерапиямен қозғалыстарды бірнеше рет қайталауға болады, бұл дағдыларды қалыптастыруға және бекітуге жағдай жасайды. Сабақтар барысында балада қимылдың резонансты ырғағының интуитивті сезімі болып табылатын еришкте тұру қабілеті қалыптасады. Шабандоздың жамбасы. жылқының көп бағытты тербелмелі қозғалыстарын қабылдай отырып, ол жануардың қимылымен бірге уақыт бойынша қозғалады. Науқастың жамбас сүйегінің дұрыс орналасуы тірі тіршілік иесінің жеке жиілігін реттеуге көмектеседі, осылайша жылқы моторлы резонанстық импульстардың табиғи генераторына айналады.

Тірек сөздер: иппотерапия, моторлы, спаз, импульс, церебальды

***Аннотация.** Согласно исследованиям, проведенным в этой статье, иппотерапия это может помочь уменьшить мышечные спазмы у детей с церебральным параличом, увеличить диапазон движений в суставах и увеличить силу мышц спины, живота и конечностей. С помощью иппотерапии достигается оптимальная координация всадника с движением лошади, что в основном совпадает с походкой здорового человека. Движущаяся лошадь дает всаднику более сотни импульсов вибрации в минуту. При иппотерапии движения можно повторять несколько раз, что создает условия для формирования и закрепления навыков. Во время занятий у ребенка формируется умение стоять в седле, которое представляет собой интуитивное ощущение резонансного ритма движений. Бедро всадника, принимая разнонаправленные колебательные движения лошади, она движется во времени вместе с движениями животного. Правильное положение бедренной кости пациента помогает регулировать индивидуальную частоту живого существа, так что лошадь становится естественным генератором двигательных резонансных импульсов.*

***Ключевые слова:** иппотерапия, моторная, спазм, пульс, церебраль*

Annotation. According to the research conducted in this article, hippotherapy can help reduce muscle spasms in children with cerebral palsy, increase the range of motion in the joints and increase the strength of the muscles of the back, abdomen and extremities. With the help of hippotherapy, optimal coordination of the rider with the movement of the horse is achieved, which basically coincides with the gait of a healthy person. A moving horse gives the rider more than a hundred pulses of vibration per minute. With hippotherapy, movements can be repeated several times, which creates conditions for the formation and consolidation of skills. During the lessons, the child develops the ability to stand in the saddle, which is an intuitive feeling of the resonant rhythm of movements. The rider's thigh, taking the multidirectional oscillatory movements of the horse, it moves in time together with the movements of the animal. The correct position of the patient's femur helps to regulate the individual frequency of a living being, so that the horse becomes a natural generator of motor resonant impulses.

Key words: hippotherapy, motor therapy, spasm, pulse, cerebral

Иппотерапияның даму тарихы 1950 жылдарда бастау алған. Хельсинкиде өткен XV Олимпиада ойындарының жылы, онда полиомиелитпен ауыр науқастанған даниялық Лиз Хартелл екінші орынды жеңіп алды [1, 328 б]. Оның емделуші дәрігері науқасының (бұрын атты спортшы) күйзеліске ұшыраған күйін көріп, ауыр аурумен күресудің медициналық құралдарынан үмітін үзіп, тәжірибе ретінде бұрынғы атты әскерді 9 жыл бойына атқа қондырады. Нәтиже сенсациялық болып, қыз толық дерлік емделіп қана қоймай, Олимпиада ойындарында жеңіске жетті. 1991 жылы Мариан Ярошевский «Иппотерапия» сөзін алғаш рет Ресейде айтқан кезде, әлемнің дамыған елдерінің көпшілігінде иппотерапия оңалту әдістері мен әдістерінің арасында, әсіресе балаларды оңалту тәжірибесінде ұзақ және берік орын алды [2, 23 б]. Иппотерапия алғаш рет 80-жылдардың соңында Грузияда қолданылған. Ресей бұл тізімге 1991 жылы қосылды [3, 268 б].

Эскулапийдің, Гиппократтың және кейбір басқа да ежелгі және кейінгі атақты дәрігерлердің жазбаларынан ежелгі уақыттан бері атқа мінудің және жылқымен сөйлесудің адам денсаулығына пайдалы әсері белгілі болды [4, 20 б]. Ең үлкен қызығушылық тудыратыны - ең жарқындарының бірі француз ағартушылығының өкілдері, философ және ғалым Дени Дидро оның 1751 жылы жарық көрген «Энциклопедиясында», «Атқа міну және оның денсаулықты сақтау оны қалпына келтіругегі маңызы» атты трактатында қазіргі барлық ғылымның жетістіктеріне шолу жасай отырып, автор: «Әр дәуірде бұл танылған әдіс деп есептелді» [5, 26 б].

Дене шынықтыру - бұл қалтырауық денсаулықты сақтаудың ең сенімді және тиімді жолы. Ал осындай тамаша қасиеттерге ие дене жаттығуларының ішінде бірінші орында атқа міну жатады, оның көмегімен көптеген ауруларды емдеуге, сондай-ақ олардың алғашқы

көріністерінде олардың алдын алуға болады» - деп жазған. Емдік атпен жүру әдісі – әлемнің көптеген елдерінде бұрыннан мойындалған емдік жаттығулардың ерекше түрі. Бұл, ең алдымен, мотор белсенділігінің бұзылуымен байланысты бірқатар ауруларды қалпына келтірудің бірегей тиімді құралы.

Көптеген елдердің сарапшылары бұл әдіс ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларда қолданғанда тиімді деген пікірге келді. Жоғары әсер церебральды сал ауруында, полиомиелитте, ерте балалық аутизмде, әртүрлі шыққан олигофренияда, соның ішінде даун синдромында, шизофренияда және сенсорлық бұзылуларда сипатталады. Иппотерапияның көмегімен шабандоздың жылқының қозғалысымен оңтайлы үйлестіруіне қол жеткізіледі, бұл негізінен сау адамның жүруімен бірдей. Жүріп келе жатқан ат шабандозға минутына жүзден астам тербеліс импульсін береді. Иппотерапиямен қозғалыстарды бірнеше рет қайталауға болады, бұл дағдыларды қалыптастыруға және бекітуге жағдай жасайды. Сабақтар барысында балада қимылдың резонансты ырғағының интуитивті сезімі болып табылатын ершікте тұру қабілеті қалыптасады. Шабандоздың жамбасы жылқының көп бағытты тербелмелі қозғалыстарын қабылдай отырып, ол жануардың қимылымен бірге уақыт бойынша қозғалады. Науқастың жамбас сүйегінің дұрыс орналасуы тірі тіршілік иесінің жеке жиілігін реттеуге көмектеседі, осылайша жылқы моторлы резонанстық импульстардың табиғи генераторына айналады [6, 17 б].

Иппотерапияның оң әсері жылқының қалыпты дене температурасы адамның 1,5-2 градусқа жоғары болуымен күшейеді. Жүріп келе жатқан аттың арқа бұлшық еттерінің қимылдары шабандоз аяқтарының спастикалық бұлшықеттерін қыздырып, уқалайды, аяқ-қолдардағы қан ағымы күшейеді. Тұрақты жаттығулар дененің физикалық белсенділікке бейімделуіне көмектеседі. Бейімделу процесінде орталық жүйке жүйесінен басқа симпатикалық-бүйрек үсті және гипоталамус-гипофизарлық жүйелер (гуморальды реттелу) маңызды рөл атқарады. Иппотерапия кезінде тіпті белсенді емес бұлшықеттердің максималды өнімділік күші артады, яғни «трансферт» әсері бар жаттығу әсерлері бар. Адамда әсер етпей-ақ белсенді емес бұлшықеттер жұмысқа кіреді. Мұның бәрі баланың атқа мінуден өмірге ауысатын оң динамикалық стереотипін қалыптастырады.

Иппотерапия нейрофизиология принциптеріне негізделгенімен, оның бірегей әсері қозғалыс белсенділігін дамытумен шектелмейді. Қозғалыстың адам миы мен интеллектімен терең өзара әрекеттесуі байқалады. Ми белсенділігінің қалыпты дамуы, оның ішінде қозғалыс белсенділігінің дамуы балаға ұсынылатын ынталандырулар санына және еңсеруге болатын кедергілерге байланысты. Қозғалыс жаттығуларын дамыту интеллектінің қалыптасуы мен дамуының негізгі алғышарты болып табылады. Қозғалыс белсенділігі мен адамның танымдық функциялары арасында кері байланыстар бар. Сенсомоторлы және психомоторлық емдеу процесінде алынған үнемі өсіп келе жатқан білім барлық аспектілердегі қозғалыстың қаншалықты әмбебап құрал екенін көрсетеді.

Церебральды сал ауруы бар бала үшін атқа міну психологиялық тәжірибелердің тұтас кешені болып табылады. Сондықтан иппотерапияның бірінші кезеңі атқа мінуден емес, атпен науқасты қашықтықтан танып білуден басталады. Тіпті жылқының қозғалысын қарапайым бақылаудың өзі емдік компонентті қамтиды. Келесі кезеңде жанасу, тамақтандыру сияқты жақындау әдістері қолданылады. Жылқыны ұстаған бала тірі дененің жағымды жылуын сезінеді, қолдағы бұлшықет кернеуін бақылауға тырысады. Сонымен бірге бала қозғалыс әрекетін уәжді бақылауды үйренеді. Осындай әрекеттерді меңгерген бала бұл дағдыны қоғамдық өмірге ауыстырады.

Атқа мінудегі одан әрі табыс жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Өз іс-әрекетін сыни бағалай білу, эмоционалды-еріктік сфераны дамыту. Қарым-қатынас дағдылары кеңейеді, қарым-қатынас дағдылары жетілдіріледі. Осының барлығы мүгедектің элеуметтік-психологиялық жағдайының өзгеруіне ықпал етеді, оның өзін-өзі бағалауы жоғарылайды, оңалту үдерісіне мотивация артады. Атқа міну сабақтарындағы жағымды эмоциялар күнделікті өмірге ауысады. Бала зейінін тапсырмаға аударуға, жағдайды талдауға үйренеді. Тірі организм – жылқымен қарым-қатынас нәтижесінде баланың психикалық жағдайын

калыпқа келтіру, оны басқару жеңіс, және күш сезімін қалыптастырады[7,155 б]. Осы тұрғыдан алғанда, иппотерапияны мотивацияны қалыптастыруға бағытталған емдеу әдістерінің бірі ретінде қарастыруға болады - көптеген балаларда әлсіреген өз бетінше тұруға және жүруге ұмтылу. Атқа міну дағдыларына ие болу тәуелділік сезімінен адамның үлкен жануарды басқаратын, оны өзіне қажетті бағытқа бағыттайтын жаңа сезіміне ауысуға мүмкіндік береді. Жылқының қимыл-қозғалысына сезімталдық реакцияларды жаттықтырады, оны басқара білу жағдайды бағалау және оған әсер ету дағдысын береді, атқа деген сенім бала қарым-қатынас жасайтын адамдарға деген сенімге дейін жетеді. Оңалту процесінде игерілген физикалық, қарым-қатынас және басқа дағдылар біртіндеп міну жағдайынан күнделікті өмірге ауысады. Көрсетілген мүмкіндіктердің арқасында иппотерапия науқасқа әсер ететін шын мәнінде бірегей, күрделі емдеу және даму жағдайын жасайды. Кеңістіктік бейнелерді түзетуден басқа, иппотерапия сабақтары баланың жаңа сенсорлық тәжірибесіне ықпал етеді, бұл қабылдау, назар аудару және есте сақтау сияқты когнитивті реттеудің компоненттерін түзетуге көптеген мүмкіндіктер береді.

Сонымен церебральды сал ауруы кезіндегі иппотерапия әдісінің мотор сферасындағы оң нәтижелері: жаңа моторлық дағдыларды қалыптастыру, буындардағы қозғалыс ауқымын арттыру, бұлшықет спастикасын азайту, жамбас сублаксациясының алдын алу, буындардағы контрактуралар, қолдар мен аяқтардың ұсақ моторикасын қалыптастыру, қозғалыстарды үйлестіру балансының жақсаруы, гиперкинетикалық синдромның ауырлығының төмендеуі. Жылқы оның үстінде отырған баланың барлық бұлшықет топтарын іс жүзінде «жұмыс істейді», соның ішінде сал бұлшықеттері. Нәтижесінде олар жүктеме алады, күшейеді, бұлшықет атрофиясы жоғалады немесе азаяды. Атқа міну жүрмейтін балаларға «тік жүру» тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Тұрақты жаттығулармен, біріншіден, жүруге қажетті бұлшықеттер жұмыс істеп, күшейе бастайды, екіншіден, ми қыртысында «тік жүру» стереотипі қалыптасады. Баланың денесі мен миы алғашқы тәуелсіз қадам жасауға дайындалуда. Ат үстінде тепе-теңдікті сақтауды үйренген бала бұл дағдыны күнделікті өмірге біртіндеп ауыстырып, жерде өзін сенімдірек сезінеді. Иппотерапия жоғары жүйке белсенділігіне де әсер етеді. Мотивациялық-танымдық белсенділік ынталандырылады. Нәтижесінде бала тұрмыстық өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгереді. Эмоционалды және мінез-құлық реакциялары жақсарады: өзін-өзі бағалау жоғарылайды, өзіне сенімділік пайда болады, қорқыныш, агрессивтілік, оқшаулану төмендейді. Атқа міну балада көптеген жағымды эмоциялар, сезімдер мен тәжірибелер тудырады, көңіл-күйді жақсартады. Сөйлеу, оқу және зейіннің дамуы ынталандырылады. Жаңа коммуникациялық дағдылар қалыптасуда, қарым-қатынас шеңбері кеңейеді. Иппотерапияның жүрек-қан тамырлары, тыныс алу, иммундық жүйелерге оң әсері олардың санының, ұзақтығының және азаюымен көрінеді. суықтың ауырлығы, физикалық төзімділіктің жоғарылауы жүктер.

Бұл оңалту әдісінің әлеуметтік мәні де сөзсіз - баланың әл-ауқатын айтарлықтай жақсартудың нақты мүмкіндігіне, ат спортына қызығушылыққа үміттенеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар жануардың үстінде жүріп, оны басқара алатын болса, атқа міну өзін-өзі бағалауды және өзіне деген сенімділікті дамытуды қамтамасыз етеді. Науқас үшін ең бастысы - өзіне сену! Елімізде иппотерапияны қолданудың көп жылдық тәжірибесі әртүрлі дәрежедегі қозғалыс бұзылыстары бар науқастардың жағдайының жақсарғанын көрсетеді. Бұл жақсарту жалпы өнімділіктің жоғарылауында және үлкен сезімталдықта көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бадалян Л.О., Журба Л.Т., Тимонина О.В. Балалардың церебральды паралич. - Киев: Денсаулық, 1988. - 328 б.
2. Бикнелл, Дж. Иппотерапиямен танысыңыз. Атқа міну құралы ретінде мүгедек балаларды оңалту: практикалық нұсқаулық / Джоан Бикнелл, Хелен Хенн, Джун Вебб // Пер. ағылшын тілінен. - Мәскеу: Аквариум, 1995. - 23 б.

3. Bortfeld S. A. Балалардағы қозғалыс бұзылыстары және жаттығу терапиясы церебральды сал ауруы. Л., 1971, б. 231. 5. ДЖОСВИК Ф. Сұрақтар мен жауаптар. Емдік атпен жүру бойынша П9 нұсқаулық / Ф. Йосвик - М.: МККИ баспасы, 2000. - 268 б.

4. Кожевникова В.Т. Кешендегі «Доп-түйме-созылу» әдісі кеш қалдық сатысында спастикалық диплегиямен ауыратын науқастарды емдеу / В.Т. Кожевникова // Жаттығу терапиясы және массаж. 2002. № 2. 16-20 беттер.

5. Мастакова Е.М. Церебральды сал ауруымен ауыратын балалардың дене тәрбиесі Е.М. Мастаков. М.: Білім, 1991. С.24-26. 21

6. Нечаева Н.В. Спорттық-сауықтыруды ұйымдастыру және өткізу және Шетелдегі мүгедектер арасындағы спорттық жұмыс (шолу) / Н.В. Нечаева, Ю.С. Сыромолотов. М.: ЦУНТИ, 1988. 17 б.

7. Полежаева А.Б. Иппотерапия: денсаулыққа апаратын жол: (Атқа мінуді емдеу) А.Б. Полежаева, Е.А. Зуев. М.: Ростов-на-Дону: наурыз, 2003. 155 б.

ӘӨЖ 387.09

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нурмуканбетова В.Е., әлеуметтік ғ.м., аға оқытушы

Мамбеталиева А.З., п.ғ.м., аға оқытушы

Үмбетова Г.М.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Ven-nur@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін жаңашаландыру әдістері мен ерекшеліктері қарастырылған. Осы бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар туралы жазылған.

Кілт сөздер: инновациялық технологиялар, мультимедия, инновация, қашықтан оқыту, модульдік,

Аннотация: В статье описаны методы и особенности модернизации действующего учебного процесса. В этом направлении пишутся содержание и структура образования в разных вариантах, новые идеи, основанные на науке и опыте, новые технологии.

Ключевые слова: инновационные технологии, мультимедиа, инновации, дистанционное обучение, модульность.

Annotation: The article describes the methods and features of the modernization of the current educational process. In this direction, the content and structure of education are written in different versions, new ideas based on science and experience, new technologies.

Key words: innovative technologies, multimedia, innovations, distance learning, modularity.

Инновациялық технологиялар арқылы оқытудың ерекшеліктері мен маңыздылығы, білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технологиялар мен түрлері және өзара байланысы қарастырылған. Сонымен қатар оқытудың дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологияларына салыстырмалы түрде сипаттама жасалған.

Мемлекетіміздің тәуелсіз ел ретінде дамуы барысында жоғары білім берудің жүйелі жаңашаландырылуы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді жаңашаландыруды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты: қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялары мен жаңа технологиялары бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибе жүзінде сыннан өткізу маңызды. Оқытудың озық технологияларын меңгермейінше қазіргі білім беру саласында сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Еліміздің болашақ ұрпағы үшін ХХІ-ғасырдың – ғылым ғасыры деген сипатын дәріптейтін заманауи жаңашылдық іс тәжірибелерді дамыту көзделген. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Елбасымыздың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” еңбегінде 2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылады деп көрсетті.

Осы бағытта оқу-тәрбие үрдісін жандандырудың қазіргі инновациялық технологияларын жетілдіріп, оны арнайы пән сабақтарын оқытуда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлату мақсатында бір қатар бағыт-бағдарлар берілуде.

Тұлғаның психологиялық ерекшеліктерімен табиғи қабілеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеті мен сабаққа ынтасын арттыру, ой-өрісін, логикалық ойлау дәрежесін дамыту, сонымен бірге экономикалық, эстетикалық, гуманитарлық, халықтық педагогикалық тәрбие беруде де, ойлау қабілетін белсендендіру үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді және технологияларды тиімді қолдана білуі қажет.

Инновация («новация» - жаңа, жаңашылдық; «ин» «қайталанатын» процесс, деген ұғым) бар, әрекет етуші нәрсенің ішінде жаңаның пайда болуын, дамуын білдіреді. Бұл түсінік. ХХ ғасырдың 30- 50 жылдарында Еуропада ғылымның жаңа саласы ретінде пайда болды. Жалпы педагогикалық инновация ұғымын сипаттауды мына түрде беруімізге болады.

Білім берудегі адам қабілетімен іскерліктерін дамытуғы бағытталған оқу-тәрбиеде қолданылатын құралдардың арнайы формалары, әдіс-тәсілдері көрсетілетін психологиялық-педагогикалық нұсқауларға және оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру әрі жүзеге асыруға бағытталған біріккен педагогикалық іс—әрекетке жаңашылдық тұрғысынан келу инновациялық технология болып табылады. Демек, инновациялық технология маманның құзіреттілігіне ықпал ететін шығармашылық қасиеттерді, шеберлікті қалыптастыруға қолданылатын әдіс-тәсілдер мен амалдар жиынтығы.

Инновациялық оқытудың ерекшеліктері:

- Көрегендік сипат алуы, дамудың жылдамдығы;
- Болашаққаүмітпенқарау;
- Өзіне, өзгеге талаптың жоғары болуы;
- Тұлғаға, оныңдамуынабағытталуы;
- Шығармашылақэлементтерініңміндеттікатысуы;
- Қарым-қатынастың ынтымақтастыққа, өзара көмекке негізделуі және т.б.

Бүгінгі жаһандану заманы жаңашылдық, жаңа көзқарастар мен өзгерістерге толы. Ал біз осы ағынмен өмірімізді жаңа өнімдерді, техникаларды, жетілген білімдерді, жан-жақты дамыған идеяларды пайдалану арқылы жалғастырып отырмыз. Сондықтан білім беру жүйесін ізгілендіру барысында оқыту үдерісіндегі, әдіс тәсілдерде жаңашылдыққа бағытталуы тиіс[1].

Қазіргі кезде білім беру мен білім жүйесін ұйымдастырудың оқу үдерісіндегі жаңа технологиялары ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану аясын кеңейтіп

мультипликацияны, бейнетаспа мен күрделі сызбалармен оқу материалдарын түсінікті баяндауға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологиялар адамға ақпаратты максималды жақын түрде сенсорлы елестету, ақпараттық және бағдарламалық аспектілері арқылы қолданушыға ақпаратты әр түрлі формада: мәтін, графика, анимация, дыбыс, бейнемен интерактивті режимде елестетіп көруге мүмкіндік береді.

Соңғы кездері оқыту үдерісінде осы мақсатта пайдаланылып жатқан электронды оқулықтар да кеңінен қолданылуда. Электронды оқыту бұл электрондық бизнес сервистерін және технологияларды пайдалану. Мұнда аудиториялық сабақтардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін ұжымдық жұмыс құралдарын және электрондық контентті қолдану қарастырылған. Желілік инфрақұрылым электрондық оқу үшін технологиялық база болып табылады. Желілік инфрақұрылым өзінің күштілігімен, сенімділігімен, қауіпсіздігімен, ыңғайлылығымен ерекшеленеді және ашық оқу стандартына негізделеді.

Қашықтықтан оқудың дәстүрлі оқу түрінен айырмашылығына:

Ыңғайлылық - кез келген жерде, кез келген өзіңе ыңғайлы уақытта жылдам дайындалу мүмкіндігі.

Параллельдік - маман ретінде өсуі, жетілудің қатарлылығы. Үнемділік - оқу аудандары мен техникалық және жеткізу құралдарын қолайлы пайдалану.

Технологиялық - әлемдік постиндустриалды ақпараттық кеңістікте адам қозғалысын жылдамдататын ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін білімдендіру үдерісінде қолдану.

Әлеуметтік тең құқылылық - студенттің материалдық және элитарлық, денсаулық жағдайы, тұратын орнына қарамастан тең білім алу мүмкіндігі.

Халықаралық - білім нарығында әлемдік жетістіктерді импорттау және экспорттау.

Икемділік - студенттер көп жағдайда лекция, семинар түріндегі сабақтарға қатыспайды. Әркім өзі таңдап алған мамандықты қажетті деңгейде игеру үшін өзіне керекті мөлшерде білім алады.

Модульділік. Қашықтықтан оқыту бағдарламаларының негізіне модульдік принцип саналады. Студенттер игеретін әрбір пән немесе пәндер жүйесі белгілі бір ғылым саласы туралы тұтас ұғым қалыптастырады. Ал, мұның өзі бір-біріне тәуелсіз оқу курстарынан жеке немесе топтық талаптарға жауап беретін оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Алыстан қызмет көрсету мүмкіндігі - студентпен білім беретін мекеме арасындағы қашықтық (байланыс жүйелері жұмысының сапалылығы жағдайында) тиімді білім беру үдерісіне кедергі болмайды. ҚОЖ жүйесінде оқытындар саны шектеулі параметрге жатпайды.

Қамту - бұл ерекшелікті кейде «көпшілікті қамту» деп атайды. Олардың көптеген оқу ақпараттары көздеріне (электрондық кітапханалар, ақпарат базалары) ену мүмкіндіктері бар, сондай-ақ олар бір-бірімен және оқытушымен байланыс жүйелері немесе басқа да ақпараттық технологиялар құралдары арқылы байланыса алады.

Рентабельділік - қашықтықтан оқытудың бұл ерекшелігі оның экономикалық тұрғыдан тиімділігімен айқындалады. Студенттердің сапалы білім алуын іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруда және ұлттық рухани мұраларынан хабардар болуын көксеген ұлттық төл оқулықтар, карта, атластар, сондай-ақ картографиялық, аэроғарыштық есептер мен қажетті оқу-әдістемелік және көмекші құралдар қарастырылуда. [3]

Жаңарған білім жүйесінің ерекшелігі - тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып үздіксіз өз бетінше ізденуіне мүмкіндік тудыру.

Оқыту технологияларымен жұмыс жүргізу 5 сағат арқылы қалыптасады. Олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; дағдылану, шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже.

Технологиялардың танымал түрлерінің бірі - модульдік оқыту. Ол тұлғаның мүмкіндігіне даярлық деңгейін бейімдейді, ал дамыта оқыту оқушының жеке тұлғасын, оның біліктерін көтеруге ықпал етеді [3].

Аталған технологиялардың әр қайсысының оқу-тәрбие үрдісінде қолдану ережелері, талаптары мен сипаттары әр түрлі, бірақ сыртқы белгілеріне қарай жүйелеуде ұқсастықтар

бар. Оны В.П.Беспальконың пікіріне сәйкес мұғалім мен білім алушының қарым-қатынасы (оқытуды басқару) тұйықталмаған және ырғақты (оқытушы мен білім алушылар арасында тұрақты түрде тура және кері байланыс орнаған); шашыранды (жаппай және топтық) және бағытталған (жеке); қолмен (вербальды) және автоматтандырылған (жасанды түрде қондырғылармен басқарылатын) болып бөлінеді.

Қазіргі кезде білім жүйесіндегі оқытудың кең таралған бірнеше модельдері бар:

- Пассивті - білім алушы оқытудың басты «объектісіне» айналады (тыңдайды, қарайды);
- Активті - білім алушы оқытудың «субъектісіне» айналады (дербес тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар);
- Интерактивті - өзарабайланыс.[3]

Интерактивті оқытудың қағидалары: тұлғалану, икемділік, элективтілік, мазмұндық, тәсіл, ынтымақтастықты дамыту, белсенді оқыту әдісін пайдалану болып табылады.

Мультимедианың басқа оқыту құралдарынан сандық және сапалық артықшылығы бар. Жаңа сапалық артықшылығы мен мүмкіндіктеріне тікелей аудиовизуальды көрсету барысында кескінді бейнені қозғалысқа келтіріп, сөзбен көркемдеуді жатқызуға болады.. Сандық артықшылығын мультимедиалық ортаның ақпараттық тығыздығы біршама жоғары болуы айқындайды. Көптеген адамдар естіген сөздерінің 15 - 20 % және көргендерінің 30-40%-н есте сақтай алатындықтан ақпаратқа қаныққан мультимедиалық оқыту құралдарын көру аудартуға және көрген білімалушылардың назарын құбылыстар мен үрдістерді белсенді түрде талдау арқылы өтілетін оқу материалдарын есте сақтауға, терең меңгерулеріне мүмкіндік береді[2].

Компьютерлік технологиялардың көмегімен әр түрлі дайын электронды ортада өз бетімен дайындалған сауалнамалар арқылы сабақта тұлғаның білімі мен іскерлік дағдыларын тексеріп бағалауға да болады.

Бейне ақпараттар мен презентациялар, салалық вебсайттарды сабақта пайдалану арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, ой өрістерін кеңейтуге болады.

Қорытындылай келе жаңа оқыту технологияларымен ақпараттық технологиялар негізінде оқыту жүйесін ұйымдастырудың тиімділігін сипаттау қолайлы. Кейінгі оқыту технологияларының негізгі құралы болып отырған мультимедия-құралдары әр түрлі ақпараттарды өңдеуге мүмкіндік беретін ең соңғы үлгідегі прогрессивті техникалық инновацияларды пайдалану жаңа деңгейдегі білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік береді деуге болады.

Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың сапалы да саналы білім алуына ықпал етуші құралдарды пайдалануда ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды орынды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. [4]

Жаңа заман жаңа технологиялармен сусындаған ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, жаңа қоғамға бейімдеу мен интеллектуалды дамуын қалыптастырудың бірден-бір жол болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тапаева А. П. Оқушыларға сапалы білім берудегі озық инновациялық технологиялардың тиімділігі // Молодой ученый. – 2018. - №20. – Б. 43-48.
2. А.Даменова «Жаңа педагогикалық технологиялардың жіктелуі және ерекшелігі» // «Қазақстан мектебі». – 2019. - №2. – Б. 1617.
3. Э.Раджерс «Инновация туралы түсінік» // Қазақстан мектебі. – 2020. - №4. – Б. 2.
4. Т.П.Сенаторова «Мультимедиа. Возможности использование в учебном процессе» // Информационно-методический материал. – Казань: 2001. – Б. 4.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАНЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕРІ

Малик А.М. магистрант

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

E-mail: abota.malikova.00@mail.ru

Аннотация: Қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан Интернет желісін психологиялық зерттеудің негізгі бағыттары, әдетте, Интернетке тәуелділікті (интернетке тәуелді мінез-құлық) зерттеумен, оның көріну формаларымен, диагностикалық әдістерді әзірлеумен, жеке тұлғаның жеке тараптарымен және әлеуметтік ортамен қарым-қатынасты іздеумен байланысты. Әлеуметтік желілер виртуалды және нақты өмір кеңістігінде жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын дамытудың маңызды факторы болып табылады деген болжам бар. Әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың санында көрінетін қоғамдық пікірге тәуелділігі айқын екендігі анықталды. Сондай-ақ, депрессия қаупін арттыратын ұнатуларға негізделген жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауын қалыптастыру құбылысы анықталды.

Тірек сөздер: агрессивті мінез-құлық, әлеуметтік медиа, жасөспірімдер, виртуалды әлем, Интернетке тәуелділік.

Аннотация: основные направления проводимого в настоящее время психологического исследования сети Интернет, как правило, связаны с изучением интернет-зависимости (интернет-зависимого поведения), формами ее проявления, разработкой диагностических методов, поиском взаимоотношений с отдельными сторонами личности и социальной средой. Предполагается, что социальные сети являются важным фактором развития агрессивного поведения подростков в виртуальном и реальном жизненном пространстве. Установлено, что зависимость от общественного мнения, проявляющаяся в количестве пользователей социальных сетей, очевидна. Также был выявлен феномен формирования самооценки личности на основе симпатий, повышающих риск депрессии.

Ключевые слова: агрессивное поведение, социальные сети, подростки, виртуальный мир, интернет-зависимость.

Annotation: the main directions of the currently conducted psychological research of the Internet, as a rule, are associated with the study of Internet addiction (Internet-dependent behavior), the forms of its manifestation, the development of diagnostic methods, the search for relationships with individual sides of the personality and the social environment. It is assumed that social networks are an important factor in the development of aggressive behavior of adolescents in the virtual and real life space. It is established that the dependence on public opinion, manifested in the number of users of social networks, is obvious. The phenomenon of the formation of self-esteem of a person based on sympathies that increase the risk of depression was also revealed.

Keywords: aggressive behavior, social networks, teenagers, virtual world, Internet addiction.

XXI ғасырда Интернет қазіргі адамның өміріне берік енді. Қазір әлеуметтік желілерге күнделікті бармай-ақ өз шындығыңызды елестету қиын. Әлеуметтік желілердің адамға әсері ғалымдарды көбірек алаңдатады.

Әлеуметтік желілерде жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын талқылау тақырыбы қазіргі уақытта өзекті болып табылады. Агрессивті мінез-құлық және оның түрлері жасөспірімдерде өте күшті көрінеді, ал әлеуметтік желілерді дұрыс пайдаланбау жасөспірімдерде агрессивтіліктің жоғарылауына және оның байланыс желілерінде көрінуіне ықпал етеді. Қазіргі әлем жасөспірімге әлеуметтенудің күрделі тенденциясын көрсетеді, өйткені баланың жеке басының қалыптасуы қоғамның даму процесімен тығыз байланысты. Осының арқасында қазіргі қоғамның барлық мәселелері жасөспірімнің жеке басының дамуына әсер етеді.

Қазіргі уақытта жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі агрессивті мінез-құлқын зерттеу қажет. Себебі жасөспірімдердің қазіргі таңда әр түрлі смартфондар, планшеттер және компьютерлерді пайдалануы көптеген жасөспірімдердің әлеуметтік нормадан тыс мінез-құлық танытып, виртуалды әлем оларды депрессиядан, үмітсіздіктен және стресстен арылтатындай көрінеді.

Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер орналасқан жеріне, жынысына, жасына, біліміне және ұлтына қарамастан көптеген адамдарды біріктіреді. Әлеуметтік желілер туыстарымен, достарымен сөйлесуге, жаңа таныстар алуға, еркін түрде сөйлесуге, тікелей эфирлер өткізуге, өз оқиғалары мен жаңалықтарымен бөлісуге, қызығушылықтары бойынша жаңа ақпарат табуға және басқа да көптеген пайдалы функцияларға мүмкіндік береді. Бірақ адам виртуалды әлемге толығымен еніп кетуі мүмкін, ол оны мүлдем байқамай, оны нақты әлеммен алмастырады.

С. А. Конахтың пікірінше, жасөспірімдер арасындағы суицидтің көбеюі әлеуметтік желілердегі пайдаланушылар санының артуымен байланысты. Осы жас кезеңіндегі жасөспірімдерде көңіл-күйдің жиі өзгеруі, агрессивтілік және қозғыштыққа байланысты эмоционалды тұрақсыздық бар. Жасөспірімдердегі психологиялық тұрақсыздыққа байланысты әлеуметтік медианы пайдалану белгілі бір әрекетке деген қажеттілікпен сипатталатын тәуелділікті тудыруы мүмкін[1]. Ал Н. Ф. Барложецкаяның айтуынша, әлеуметтік желілерге тәуелділік нақты әлемде қиындықтарға тап болған жасөспірімдерде көбірек көрінеді. Бұл ата-аналардың ажырасуы, денсаулық мәселелері, құрдастарымен қарым-қатынас проблемалары, оқудағы проблемалар, ата-аналардың назарының болмауы немесе, керісінше, гиперпек болуы мүмкін. Виртуалды әлемде мұндай проблемалар жоқ. Жасөспірім әлеуметтік желілерде тыныштық, ыңғайлылық, тұрақтылық табады. Сондай-ақ, әлеуметтік желілер оған күнделікті өмірден аулақ болуға және қиял әлеміне еруге көмектеседі. Бұл, бір қарағанда, әлеуметтік желілердегі жағымды қызметтері жасөспірімдерді жиі кіруге тартады. Барған сайын олар жасөспірімдерді "сүйрейді", нәтижесінде бала виртуалды әлемге толығымен еніп, онда шамадан тыс уақыт өткізіп, нақты өмірді ұмытып кетеді – бұл тәуелділікті тудырады [2]. Е. В. Аржаных жасөспірімдер өміріндегі әлеуметтік желілердің рөлін зерттей отырып, әлеуметтік желілер қазіргі жасөспірімнің өмірінен әдебиет оқу, спортпен шұғылдану, мәдени құндылықтарды игеру, шығармашылық қабілетті дамыту сияқты әрекеттерді біртіндеп алшақтатады деп тұжырымдайды. [3].

Жасөспірімдердің әлеуметтік желілерді қолдануы тек виртуалды ғана емес, нақты әлемде де жағымсыз салдарға әкелетін агрессивті мінез-құлықпен қатар жүре бастады. Әлеуметтік медиа оң деректермен, фактілермен, жаңалықтармен, сондай-ақ жағымсыз мәліметтермен бірге жүретін ақпарат ағынын қамтиды, желідегі зорлық-зомбылық көріністері жасөспірімдердің психологиялық жағдайына қатты әсер етеді. Неліктен теріс ақпараттың жинақтаушы әсері бар, бұл эмоционалды сезімталдықты жоғалтуға әкеледі. Теріс эмоцияларды тудыратын әрбір қаралған ақпарат теріс тәжірибенің қалыптасуына және агрессивті әсердің жинақталуына әсер етеді, соның салдарынан нақты өмірде адам агрессивті ойлар мен әрекеттерді көрсетеді. Болашақта нақты өмірде қолданылатын және жасөспірімнің жеке басының дұрыс дамуына кедергі келтіретін агрессивті сенімдер мен көзқарастар қалыптасады [4].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде қайшылықтарды ажыратуға болады: бір жағынан, әлеуметтік желілер жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасының заманауи нақты және өте тиімді құралы болып табылады, ал екінші жағынан, жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі өнімді коммуникацияларға дайындығының болмауы олардың сындарлы әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, керісінше агрессияның өсуіне әкеледі.

Әлеуметтік медиа баланың жетілмеген психикасына белгілі бір әсер етеді. Бір жағынан, олар баланың жеке басының әлеуметтенуіне ықпал етеді, ал екінші жағынан, бұл жасөспірімдердің агрессиясын тудырады. Осыған сүйене отырып, бізде мынадай мәселе

пайда болады болды: әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас процесінде жасөспірімдердің агрессиясын тудыратын себептер қандай?

Себептердің бірі көңіл көтеруге деген құмарлық, оның балалар түрлі компьютерлік ойындардан ала алады. Басқа себеп баланың қараусыз қалуы, яғни ата-ананың бос еместігі соншалықты, тіпті өз баласына да уақыты жетпейді. Мұндай ата-аналар баланың сезімдері, күйзелістері, мектептегі жоғары нәтижелерімен қызықпайды, өз баласының не қалап, қандай өмір сүріп жүргендігі жайлы білмейді. Олар жай ғана балаға компьютер сатып алады, бұл арқылы олар ата-аналық парыздан құтылғандай сезінеді. Бала болса, толық еркіндікте, өзімен-өзі.

Келесі себеп ата-ана немесе оның орнындағы адамдар арасындағы үнемі ұрыс-керістер. Мұндай жанұяларда эмоционалды-психологиялық күйзеліс орын алған. Виртуалды реалдылыққа қашудың тағы бір себебі сыныптас немесе құрдастары жағынан көрсетілетін физикалық, эмоционалды-психологиялық зорлық көрсетулер. Ата-ананың айырылысуы да бұған себеп бола алады. Ата-анамен, құрдастарымен, кластастарымен немесе өзі үшін маңызды адамдармен қарым-қатынастың жетіспеуінен де Интернет тәуелділік пайда болады. Баланың өзін-өзі бағалау деңгейінің төмен не жоғары болуы виртуалды реалдылыққа жүгінудің себебі болуы мүмкін.

Егер де баланы өз жанұясы, ата-анасымен қарым-қатынасы немесе өмір сүру ерекшелігі қанағаттандырмаса (мысалы, ата-анасы ішімдікті көп қабылдайды), мұндай жағдайларда балада өз жанұясынан жатсыну сезімі пайда болады, оның нәтижесінде виртуалды әлем баланы толық өзіне сіңіріп алады. Егер де жанұяда ата-ана балаға қатыгездікпен қараса, зорлықты көрмеу мақсатында виртуалды әлемге кіріп кетеді. Бұл жаңа шындықта оны ешкім ренжітпейді, ол әрқашанда өзін-өзі қорғай алады, ол күшті әрі жеңімпаз болады. Оның «өмірлерінің» саны ештеңемен шектелмеген, ал егерде дұрыс болмай кеткеннің өзінде-ақ ол кез-келген сәтте ойынды басынан бастай алады[5].

Аталған себептердің барлығы баланың күнделікті өмір проблемаларынан, танылмаған әрі қызықтыратын реалдылыққа әкеледі. Көбіне балалар виртуалды әлемге ену кезінде оған төтеп бере алмайды. Жасөспірімдер мен балаларда қорғанудың психологиялық механизмдері болмайды, психикалық жүйелері күйзеліске ұшырайды, қорқыныш, үрей, ауыр қозулар, түнгі шошулар сияқты жағымсыз күйлер пайда болуына әкеледі. Үнемі компьютер алдында отырудан балаларда тамақтану тәртібі бұзылады, олар уақытты сезбей, тәуліктен ұйықтамай жүре алады.

Американ зерттеушісі С.Калпан Интернетке тәуелді тұлғалардың депрессия, жалғыздық, ұялшақтық,өзімшілдік сияқты жеке қасиеттерді бөліп көрсетті.

Н.В.Чудова болса, әртүрлі зерттеушілердің нәтижелерін жалпылай келе, Интернет-аддиктілердің келесідей қасиеттердің тізімін келтіреді: өзінің дене дамуына байланысты «Менін» қабылдауындағы қиындықтар; тікелей қарым-қатынас жасаудағы қиындықтар (тұйықтылық); интеллектуализацияға бейімділік, жалғыздық сезімі және өзара түсіністіктің жетіспеушілігі; агрессивтіліктің төмендігі; эмоционалды күйзеліс және негативизмге бейімділік; фрустрацияланған қажеттіліктің болуы; тәуелсіздік; идеалды «Мен» туралы түсінік дифференциалданбаған; реалсызданған, өзін-өзі бағалау деңгейінің төмендігі; проблемалардан және жауапкершіліктен қашуға бейім болу[6, 115 б.].

Осы аталаған ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесін саралай келе, әлеуметтік медиалардың күнделікті өмірде әлеуметтік медианы қолданудың жағымды жақтары ғана емес, сондай-ақ жасөспірімдердің мінез-құлқына теріс әсер беретінін байқаймыз. Сонымен қатар виртуалды әлемге енген жасөспірім агрессивті мінез-құлық танытып, эмоционалды күйзеліске түсіп, шынайы өмірден оқшауланып, жалғыздық сезімін туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Конах С.А. Негативное влияние социальных сетей на детей и подростков // Психология, социология и педагогика. 2018. №5 [Электронды ресурс]. Режим доступа: <https://psychology.snauka.ru/2018/05/8589>
2. Барложецкая Н.Ф. Влияние интернета на психику подростков. [Электронды ресурс]. Режим доступа <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-sotsialnyh-setey-na-agressivnoe-povedenie-podrostkov/viewer>
3. Аржаных Е.В. Роль виртуальных социальных сетей в жизни современного школьника / Аржаных Е.В., Задорин И.В., Колесникова Е.Ю. // Лаборатория мониторинговых исследований. 2013 №001. [Электронды ресурс]. Режим доступа: <https://mgppu.ru/files/galleries/documents/a1c73a80635cf46819a73551cfacbaa0.pdf>
4. Шабан Е.С. Агрессивное поведение подростков, связанное с Интернет – зависимостью / Школа сегодня // Режим доступа: <https://школасегодня.пф/articles/995.html>
5. Режим доступа: <http://referat.resurs.kz/ref/internet-taueildiliktin-psihiologiyalik-pedagogikalik-negizderi/2/>
6. Чудова И. В. Особенности образа «Я» «жителя Интернета» // Психол. журнал. 2002. Т. 23. № 1. С. 113-117.

УДК 811.111

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Зинатова Г.Б. Сейткерей Ж.Е.

Научный руководитель: старший преподаватель Утемисова Э.К.

Западно-Казахстанский Университет им. М.Утемисова, Уральск, zinatova0117@mail.ru

Аннотация. Модернизация образования предполагает не только обновление его содержания, но и активное использование инновационных технологий. Развитие познавательных творческих способностей обучающихся - традиционный объект педагогического исследования. В этом спектре инноваций выделяется интегрированное обучение. В результате реализации образовательных возможностей интегрированных уроков достигается целостное восприятие действительности, что способствует формированию научной картины мира.

Ключевые слова: интеграция, интегрированный урок, интегрированное обучение, интегративный подход, творчество, творческая познавательная деятельность, творческие способности, разностороннее развитие личности, целостная картина мира.

Происходящие в обществе социальноэкономические преобразования обусловили необходимость коренного обновления системы образования, методологии и технологии подготовки кадров в общеобразовательных учреждениях. Инновационная направленность деятельности преподавателей, включающая в себя создание, освоение и использование педагогических нововведений, выступает средством обновления образовательной политики в системе начального профессионального образования.

Усиление интеграции содержания образования, непрерывное изменение объема, состава учебных дисциплин и введение новых учебных предметов требует постоянного поиска новых организационных форм, технологий обучения.

Интеграция учебных предметов приводит к более заинтересованному, лично значимому и осмысленному восприятию знаний, что усиливает мотивацию, позволяет более эффективно использовать учебное время за счет исключения дублирования и повторов, неизбежных при преподавании разнообразных учебных предметов. Систематическое и

органическое подкрепление понятий и навыков на новом предметном материале приводит к формированию у обучающихся умений использовать ранее полученные знания.

Реформирование системы образования, на наш взгляд, требует нового методологического подхода к его организации и содержанию, ключевая идея которого заключается в том, чтобы интегрировать учебный материал, уплотнить его, установить зависимости и межпредметные связи. Интеграция выступает как ведущая форма организации содержания образования на основе целостности восприятия обучающимися окружающего мира. Интеграцию как объединение разнородных ранее частей в единое целое на основе установления межпредметных связей между частями представляет интегративный подход.

По мнению Б. М. Кедрова, интегративный подход является комплексным методом, основными чертами которого выступают целостное рассмотрение, выделение главного фактора и группировки вокруг него остальных, выявление высшей степени развития данного объекта и ее соотношений с низшими ступенями, раскрытие взаимосвязи внутренней и внешней сторон объекта, нерасторжимость общего и частного при движении от общего к частному и от частного к общему [5, с. 141].

М. Н. Берулава, Д. И. Зверев, Ю. И. Дик, Г. Ф. Федорец, исследуя интеграционные процессы, отмечают, что интегративный подход к обучению обеспечивает интенсивный обмен информацией между темами различных учебных дисциплин [2, с. 42]. Это ведет в свою очередь к переконструированию имеющихся и образованию качественно новых знаний, характеризующихся высокой степенью обобщения вокруг ведущих положений, тем и идей учебного предмета, высокой степенью осмысления знаний, подвижностью применения их в новых ситуациях, переносу на новые изучаемые объекты, явления и процессы, подвижностью свертывания знаний, повышения их деятельности и системности.

Структурные элементы интегративного подхода тесно взаимосвязаны между собой, но каждая из сторон имеет свои особенности, специфику. Связь между ними не означает растворение каждой из сторон в системе остальных.

Интегративный подход к обучению - это реальное воплощение интегративного принципа в процессе обучения: совокупность задач, содержания, форм, методов, приемов, средств в изучении взаимосвязанного материала родственных дисциплин для создания системных знаний школьников в данной области, влияющих на формирование целостного мировоззрения учащихся [4, с. 29].

Понятие «интегративный подход» раскрывается прежде всего через ряд признаков: целостность, многосторонность и единая образовательно-мировоззренческая направленность всех приемов и методов обучения, преемственность и последовательность в содержании, планомерность и согласованность в организации. Интегративный подход к обучению означает не односторонний, однолинейный, а многосторонний, многоплановый подход к делу. С точки зрения содержания и форм организации интегративность проявляется через единство всех этапов обучения - четкого и полного определения целей, задач, способов их реализации и анализа эффективности конечных результатов.

Интегративный подход позволяет комплексно реализовать идеи интеграции науки, культуры и образования. Концепция интегративного подхода направлена на преодоление разрыва между знаниями из разных учебных дисциплин, между теоретическими и практическими знаниями.

В соответствии с этим изучение дисциплин в режиме интегрированного обучения (под которым мы понимаем специально организованный процесс формирования целостной картины мира ученика за счет упорядочения, согласования, взаимодополнения содержания научными знаниями различных учебных предметов на основе интеграции) предполагает создание соответствующей ориентировочной основы, позволяющей обучающимся выполнять новые действия с привлечением ранее усвоенных навыков. Обобщенное знание о предмете, в свою очередь, позволяет в любой момент исключить одни связи и мысленно включить его в новые связи в соответствии с заданной целью, то есть творчески мыслить.

Для эффективной реализации интегративного подхода в условиях начального профессионального образования необходимо создание специальной интегрированной программы обучения, отражающей основные аспекты, идеи, раскрывающие положения, понятия, факты и межпредметные познавательные задачи, активизирующие познавательную деятельность обучающихся. Интегративный подход обеспечит системность в организации учебно-воспитательного процесса, в предметной системе обучения, во взаимодействии разных видов дидактических связей между учебными темами, предметами.

Интегрированное обучение, может выражаться в виде интегрированных предметов и программ, основанных на знаниях и умениях из различных учебных дисциплин.

Цели интегрированного обучения достигаются по мере решения следующих задач в их единстве:

- обобщать межпредметные знания, способствующие повышению эффективности учебно-познавательной деятельности учеников;
- формировать творческие способности (умение анализировать, сравнивать, обобщать, переносить знания в новую ситуацию и т. д.);
- расширять познавательный диапазон научных представлений ученика о целостной картине мира;
- формировать разносторонне развитую личность.

Интегрированное обучение создает новые условия деятельности учителей и учащихся, являясь предпосылкой для развития творческой деятельности, помогающей погрузиться в проблемы смежных наук. Интегрированное обучение требует разнообразия форм обучения, обеспечивающих эффективность восприятия обучающимися учебного материала.

Интегрированное обучение предполагает качественно новую форму обучения и характеризуется органичной целостностью на уровнях:

- содержательном, основой которого является единство диалектических связей, явлений, процессов, фактов, законов, однородность трактовок понятий, категорий;
- технологическом, обусловленном единством методов познания (диалектических, логических), опытом творческой деятельности учащихся;
- структурно-логическом, связанном с реконструкцией содержания базовых учебных дисциплин;
- функциональном, проявляющемся в направленности формирования целостной картины мира на основе ценностной ориентированности учащихся в процессе познания.

Наша точка зрения сводится к следующему: интегрированное обучение построено на усилении взаимосвязей всех компонентов содержания разных предметных областей (разделов программы), отражающего в той или иной степени целостную картину мира в его естественных взаимосвязях и взаимозависимостях и направленного на формирование знаний, умений и навыков, способствующих разностороннему развитию личности обучающихся.

Приведем несколько примеров интегрированных уроков, которые, по нашему мнению, способствовали эффективному формированию творческих способностей старших школьников: «Белое море», «Природный комплекс озера Байкал», «Человек и окружающая среда» - уроки истории, географии и биологии; «Экологический суд над химической промышленностью» - урок обществознания и химии; «Вас приглашает Северная Америка» - урок истории, географии и иностранного языка; «Остров Розовый в море Белом» - урок - экологический совет (география, биология); «Тихая моя родина...» - урок литературы и истории; «Путешествие в Африку» - урок английского языка и истории; «К 100-летию Государственной Думы» - урок истории и информатики; «Происхождение Вселенной и жизни на Земле» - урок-«экскурсия» на передний край научной мысли (история, астрономия, физика, биология) и другие.

Проводя подобные уроки, мы убедились, что творчество учащихся активизируется даже в период подготовки к уроку. Материал усваивается глубже, поскольку установлены связи между процессами и явлениями. Знания приобретают осознанность, гибкость.

Развиваются исследовательские навыки, школьники учатся принимать самостоятельные решения, активно участвуя в обсуждении проблемы.

Активизируется познавательная деятельность учащихся, так как большинство интегрированных уроков включает в себя элементы проблемного обучения. Считается, что проблемный характер обучения формирует у ученика противоречие между знанием и незнанием и вызывает у него потребность в активном восприятии и осмыслении нового учебного материала. Проблемное обучение является эффективным способом повышения интереса учащихся к урокам.

Важнейшим требованием к обучению является осознанность знаний. Это качество выражается в понимании учащимися связей между знаниями, в умении выделять существенные и несущественные связи, в познании способов и принципов получения знаний.

Исходя из анализа проведенных уроков, мы считаем, что критериями эффективности интегрированных уроков являются:

- активизация познавательной творческой деятельности учащихся, развитие познавательного интереса через проблемное обучение;
- вовлечение учащихся в самостоятельную практическую деятельность;
- развитие исследовательских навыков и умения принимать самостоятельное решение;
- формирование у учащихся современных представлений о целостности окружающего мира;
- формирование системного мышления и глубокое осознанное усвоение понятий;
- формирование творческих способностей обучающихся.

Практика показывает, что передача готовых знаний не всегда побуждает человека к стремлению выявлять и анализировать проблемы, определять пути их решения. Задача формирования у учащегося готовности к непрерывному самообразованию требует включения самообразования в учебный процесс как объективно необходимого для ученика занятия. Изменяется характер учебного процесса: сокращается доля готовой информации, получаемой учащимися от преподавателя, и возрастает удельный вес их самостоятельной работы, причем для приобретения новых знаний, а не только для закрепления имеющихся. Меняются и критерии оценки знаний учащихся. Высококачественными признаются ответы, в которых проявляется творческий подход к изучению материала, требующий владения приемами самостоятельной работы [6, с. 67].

Учащиеся на интегрированных уроках являются активными участниками учебного процесса, пытаются сами анализировать информацию при подготовке к уроку и во время его, выявляют проблемы, вырабатывают возможные пути решения поставленных задач. Остановимся на примере интегрированного урока на I курсе обучения по предметам физика и информатика (по теме: «Алгоритмические конструкции и программирование типовых задач. Определение ЭДС и внутреннего сопротивления источника тока»), проходившего в форме физической лаборатории.

На уроке учащиеся работали в группах - читали тексты параграфа, вычленили основные алгоритмические конструкции, на их основе составляли блок-схемы, из дополнительной литературы находили методы определения ЭДС и внутреннего сопротивления источника тока, изучали теорию эксперимента, разрабатывали методику проведения опыта. На уроке в ходе эксперимента были определены параметры источника тока, проведен сравнительный анализ методов, составлены линейные программы для решения типовых задач. На основе отчетов групп был составлен опорный конспект «Методы определения ЭДС и внутреннего сопротивления источника тока». Члены групп имели возможность в полной мере проявить свою индивидуальность: эрудицию в области информатики и физики, литературные, оформительские, ораторские способности при подготовке, проведении и анализе эксперимента.

Мы считаем, что для творческой учебной деятельности учащимся необходимо овладеть рядом сложных умений: анализировать исходную ситуацию, выделять проблему, выдвигать гипотезу, делать выводы. Умение самостоятельно обнаружить проблему

позволяет глубже проникать в сущность явлений. Перечисленные умения необходимо последовательно развивать, широкие возможности для этого предоставляют интегрированные уроки.

Интегрированные уроки повышают уровень знаний учащихся по предмету, который проявляется в глубине усваиваемых понятий, закономерностей за счет их многогранной интерпретации с использованием сведений интегрируемых наук; повышают уровень интеллектуальной деятельности, обеспечиваемого рассмотрением учебного материала с позиции ведущих идей, установлением естественных взаимосвязей между изучаемыми проблемами; повышают познавательный интерес учащихся, проявляемый в желании активной и самостоятельной работы на уроке; включают учащихся в творческую деятельность, результатом которой является формирование их творческих способностей.

Список использованной литературы

1. Бабанский Ю. К. Рациональная организация учебной деятельности. - М.: Знание, 1981. - 192 с.
2. Борулава М. Н. Интеграция содержания образования. - М.: Совершенство, 1998. - 192 с.
3. Гершунский Б. С. Философия образования для XXI века. - М.: Совершенство, 1998. - 608 с.
4. Загвязинский В. И. Педагогическое творчество учителя. - М.: Педагогика, 1987. - 159 с.
5. Кедров Б. М. Взаимодействие наук. - М.: Наука, 1984. - 320 с.
6. Колесина К. Ю. построение процесса обучения на интегративной основе: дис....канд. пед. наук. -Ростов-на-Дону, 1995. -197 с.
7. Леднев В. С. Содержание образования. Проблемы структуры. - М.: Высшая школа, 1989. - 360 с.
8. Пак М. Теоретические основы интегративного подхода в процессе химической подготовки учащихся ПТУ: дис....докт. пед. наук. - М., 1991. -308 с.

УДК 81.243

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Бахитова Ж.К, Умирзах Х.А

Утемисова Э.К., м.п.н.

Западно- Казахстанский Университет имени М.Утемисова

г.Уральск, Казахстан

bzhangul@list.ru

Аннотация. В статье рассматриваются комбинация эффективного использование инновационных технологий в образовательном процессе, их воздействие в увеличение свойства познаний учащихся, дороге эффективного внедрение, а также апробации данного аспекта с помощью нестандартных конфигураций преподавания. Характеризуется фактическая важность технологий равно как результативного элемента, воздействующего в сущность использованного материала, его систематизацию, а также овладение. В свойстве установления производительности введения технологические процессы предполагается концепция характеристик, характеризующая уровень личностно- нацеленного преподавание, а также степени познаний.

Ключевые слова: модернизация, активность, методы обучения интерпретация,навык, комплексный подход, стандарт, инновация, иностранные языки,

Сегодняшняя направленность всемирного формирования, конкурент способные взаимоотношения общественной сферы, непрерывная переменчивость информативного степь устанавливают собственные принципы модернизации сообщества в абсолютно всех сферах, а также формирование никак не считается отчислением. Изменению поддается равно как сущность создания, таким образом а также способы преподавания заграничным стилям. В взаимосвязи вместе с данным формируется направленность к увеличению значимости зарубежного стиля в ходе подготовки грамотных сотрудников, владеющих особой, коммуникативной, а также информативной компетенциями.

Но развитие безусловно важных свойств конкурентно-даровитого профессионала нереально в отсутствии введения в процедура его преподавания нынешних инновационно-информативных технологии, а также последующего подсоединения полученных им познаний в высококлассном использовании.

Нынешнее формирование повышает значимость независимой деятельность учащихся, а также отводит ей наиболее Сорок % с единого числа времен выдержки. В подобных вариантах, введение новаторской технологические процессы предполагает освоение студентами высококлассными познаниями, нужными умениями, а также коммуникационными способностями посредством лично-нацеленного, а также системно-деятельностного расклада в обучении.

Около смыслом нововведение (термин возникло в половине XVI в. Сединицей. глаг. «Innovare») я подразумеваем развитие, вступление, а также создание единого строя перемен в определенной области [1].

В настоящий период инновацию в воспитании подразумевают равно как удачное использование созданных технологий, однако имеется, кроме того, отличие среди суждений «технология», а также «методика». Битые полагают ноу-хау выполнения технологии, прочие ведь заявляют, то, что само представление «технология» обширнее, нежели «методика». В.А также. Загвязинский устанавливают вопрос обсуждения вопроса: «И методика, а также технология владеют системностью, однако совершенная методика владеет твердо конкретной концепцией предписаний, обеспечено основных к миссии, буква, инструментальностью». Технология именно она предполагает собою разнообразные способы выполнения абстрактных положений, именно она никак не обеспечивает ее миссии, проспектор буква совершенная технология никак не определяет инструментальность.

В дороге введения, а также совершенствований инноваторских технологий формируется подобные проблемы, какие призывают концепцию заключений:

- организация тренировочного хода вместе с учетом психофизиологических отличительных черт обучаемых;
- рационализация индивидуальных методичных основ преподавания, сопряженных вместе с внедрением изменчивого нахождения преподавания, индивидуализацией освоения познаний, умений, а также способностей, а кроме того, осуществление их интериоризации.

Предпосылка дозволения информации трудностей определена формированием, а также введением результативных технологий, основным качеством каковых считается уровень адаптивности абсолютно всех частей преподавательской концепции.

В нынешней педагогике имеются 2 тенденции просветительных технологий: авторитарная (классическая) а также адаптационная (гуманистическая), какие подразумевают 2 расклада к их осуществлениям:

- применение просветительной технологические процессы в обстоятельствах лично-нацеленного расклада;

В результате, обнаруживается предпосылки:

- часто меняющиеся тренировочные, а также стандартные проекты дисциплин;
- модернизация просветительных стереотипов вместе с мишенью развития компетентности предстоящего профессионала;
- изменчивость степени обладания заграничным стилем.

В настоящий период современное формирование, пришедшие в замену классическому, представляет значимость развивающего, а также формирующегося создания. Ему свойственна модель тренировочного взаимодействия вместе с большой степенью деятельности. Принимая во внимание инноваторскую значимость технологические процессы в воспитании, необходимо выделить, то что значимым условием этой задачи считается развитие просветительной практики с целью ее производительности. Технологические процессы адаптационной педагогики в окончательном следствии подразумевают соответствующее зоне ответственности:

- умение систематизировать приобретенные сведения вместе с учетом научно-технического преподавания (структуризация, модульность, объединение, а также проспектор. буква.);
- сформированность при учащихся высококлассных умений, а также способностей;
- выработка способностей самоконтроля, а также способности с целью самоорганизации тренировочного хода.

Проанализируем основные технологические процессы, а также ресурсы преподавания, содействующие увеличению степени компетенций обучающихся:

- проблемно-исследовательская работа: созидательная работа, содержащая в себе когнитивные движения, нужные с целью поддержания творчества: психические, методологические, координационные;
- технология ситуативного нюанса преподавания: подготавливающий компонент, мишенью коего считается независимое развитие обучающимися индивидуального познавательного элемента. Итог никак не обязан обладать определенным мониторинг, обдумываемая тема подразумевает особую ноу-хау работы. Этот подход создает созидательную работа, в основании каковой находится процедура улучшения;

Информативные технологические процессы на сегодняшний день реформировали индивидуальное понимание, образовали лица новейшего вида, способного объединять в различную настоящую сфера, а также, безусловно, все концепция просветительного института обязана реализоваться вместе с позициями нынешних условий. В исследовании настоящих дисциплин весьма хорошо себе показал способ бизнес-проектов, в формировании каковых учащихся вуза анализирует никак не только лишь сущность тот или иной-или исследуемого нюанса, однако, а также глубину научности, а также историчности равно как условий доказательства актуальности, а также значения, осматриваемого проблемы. В случае если заявлять об видах проектирования, в таком случае они никак не учитывают конкретных стандартов. Одной с направленностей к увеличению исследования зарубежного стиля, считается использование интернет-компонентов, а также вовлечение их в общеобразовательный процедура. К примеру, все без исключения больше в просветительном ходе применяется новейший параметры активизации креативного возможности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1.Бондаренко О.В. Современные инновационные технологии в образовании // Электронный журнал «Роно» - 2012. – № 16 – Режим доступа: https://sites.google.com/a/shko.la/ejrno_1/vypuski-zurnala/vypusk-16-sentabr-2012/innovacii-poiski-i-issledovania/sovremennye-innovacionnye-tehnologii-v-obrazovanii
- 2.Загвязинский В.И. Теория обучения: Современная интерпретация. - М.: Академия, 2001. - 192 с. 3 Кулюткин Ю.К. Эвристические методы в структуре решений.- М.: Педагогика, 1970. - 104
- 3.Добреля А.Ю., Калмыков Ю.А. Инновационные технологии в образовании // Материалы II Международной научно-практической конференции «Проблемы и перспективы профессионального образования в XXI веке». - Омск: БОУ ОО СПО «Сибирский профессиональный колледж», – С. 165-169.
- 4.Фролова И.В. Роль использования новостных и аналитических медиатекстов в курсе английского языка студентов неязыковых вузов // Материалы научно-методической

конференции «Актуальные проблемы преподавания иностранных языков в неязыковых вузах». - М.: Издательский дом НИУ ВШЭ, 2012. - 238 с.

ӘОЖ 345.193

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Исембаева Латипа Айтмолдаевна

*"Қыздар ұлттық қыздар педагогикалық университеті" КеАҚ •ның құрамындағы кәсіби білім беру колледжі,
Алматы қ.*

Gmail :Latipaisembaeva@gmail.com

Аннотация. Тәуелсіздік жылдарында еліміздегі білім беру саласы жаңа кезеңге қадам басуы.

Тірек сөздер: *Ұлтаралық қатынас, жаһандық, мемлекеттік тіл.*

Аннотация В годы независимости сфера образования в стране вышла на новый этап.

Ключевые слова: *Международные связи, глобальный, государственный язык.*

Anotation During the years of independence the education sector in the country entered a new stage.

Key words: *International relations, global, official language.*

Ағылшын тілі (ағылш. English, English language) — Үнді еуропа тілдері жанұясының батыс герман тобына жататын тіл. Ағылшын тілі ежелгі тіл болып есептеледі, ол қазіргі Ұлыбритания аумағын ежелде басып алған Англосаксондардың тілі, бірақ жауланған кельттердің тілдеріде әсерін тигізген. Ағылшын тілі — халықаралық тіл (де-факто - лингвафранка). Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ағылшын тілі Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Аустралия және басқа елдерде ана тілі болып есептеледі. Одан басқа көптеген мемлекеттерде ресми тілі болып саналады. Ағылшын тілі — дүниежүзіне ең кең таралған тіл. Үнді-еуропа тілдерінің батыс герман тілдеріне жатады. Ағылшын тілі құрылымы жағынан флективті. Ұлыбритания, АҚШ, Аустралия, Жаңа Зеландияның мемлекеттік тілі болып табылады. Канадада (француз тілімен қатар), Ирландияда (ирланд тілімен қатар) мемлекеттік қос тілдің бірі. Ағылшын тілі — БҰҰ-ның алты тілінің бірі болып саналады. Алты құрлыққа кең тараған бұл тілде қазір 400 млн-нан астам адам сөйлейді.

Қазақстанда 20 ғасырдың 50-жылдарынан бастап Абылайхан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, өзгеде жоғары және орта оқу орындарында Ағылшын тілі оқытылып, мамандар дайындалды. Жеке пән түрінде мектеп бағдарламаларына енгізілді. «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп Елбасымыз өз жолдауында айтып кеткен. Ағылшын тілі – қазіргі заманда жаһандық тіл. Бұл тілде әлемнің көптеген елінде сөйлейді. Қазіргі заман ағылшын тілін қажет ететін заман екені белгілі. Әрі ағылшын тілі дүние жүзілік әмбебап тіл болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру саласындағы жаңа бағыттар ағылшын тілін оқытуды, үнемі жетілдіруді, оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеру міндеттерін жүзеге асыруды қарқынды түрде талап етуде. Осыған орай, ағылшын тілі тілдің үш тұғырының бірі ретінде қызмет етудің алғышарты-оның қоғамдық өмірдің әр алуан

саласында қолданылуы, әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне-халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздегі білім беру саласы жаңа кезеңге қадам басқаны анық. Соған орай, қазіргі заманауи мектептерде ағылшын тілі тереңдетілген негізгі пәндер арасына тікелей енген. Күні кеше ағылшын тілі пәні кестедегі негізгі пән ретінде 2-сыныптан бастап оқытыла бастады. Тіпті балабақшалардың өзінде ағылшын тілінде сөйлеуді, оқуды үйретеді. Ағылшын адамдары ғаламторға оқыту, үйрету әдістерін енгізіп қойғаны да рас. Неліктен біздер ерте жастан шетел тілін оқи бастадық? Осы тілде оқып үйрену үшін бе? Немесе кітапта берілген мәтіндерді аударуға ма? Әлде ұстазымыздың сөздерін түсініп, сол үшін жақсы баға алу үшін бе? Мүмкін басқа шетелдің азаматтарын түсініп, олармен әр түрлі тақырыптарда әңгімелесе алу үшін керек пе? Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл — халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Елбасымыздың міндет етіп қойған бәсекеге қабілетті мемлекет құруда жас ұрпақтың тигізер үлесі зор. Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр. Яғни әрбір студент өз мамандығына байланысты шет тілін жетік меңгеріп, одан әрі қарай дамыта алады. Сонымен қатар шет мемлекеттерге шығып, мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндігі зор. Мәдениетті, жан-жақты, ұлтжанды, рухани дүниесі бай жастар тәрбиелеп шығару оқытушының басты мақсаты. Жаһанданған заман елімізді барлық елдермен бәсекелесе дамуға итермелейді. Тілдің қажеті артқан сайын, сұраныс артқан сайын осы қажетті қамтамасыз ету үшін арнайы шараларда жиі ұйымдастырылып тұрады. Бәсекелестікте тек мықтылар ғана жеңіп шығады, ал бәсекеге шыдай алмайтындар жеңіліске ұшырайды. Қазіргі заман ашықтық пен жан-жақтылықты талап етеді. 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған еліміздің даму стратегиясында қазақ тілін өркендету мен шет тілдерді оқыту мәселесіне айрықша мән берілген. Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Туған тілді жетік меңгеруді, қастерлей білуді мақсат етіп қою керек. Бірақ бір тілмен ғана шектеліп қоймай, жан-жақты болуға, тіл үйренуге талпыну керек. Бұл жастардың болашағының ғана емес, тұтастай ұлтыңның болашағының жарқын болуының кепілі.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі — байланыс тілі. Ағылшын тілі қазіргі заман талабына сай, кең ауқымда қолданылатын тіл. Жаһандық экономикадағы тіл десек, кем түспес едік. Ағылшын тілі заманымызда өте маңызды рөл алып отыр. Халықаралық сипаттағы ағылшын тілінің рөлі, қазіргі XXI ғасырда тереңдетілген, маңызды рөл болып саналуда.

Ғабит Мүсірепов:

«Тілін білмеген — түбін білмейді».

«Тіл — ұлттың жаны».

«Тіл — идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі».

Шыңғыс Айтматов:

«Халықтың тіліне қиянат жасау — оның жүрегін жаралау»-деп жазған, сол себепті өз тілімізді мақтан тұтып, өзге тілді құрметтеуді әдетке айналдыру керек.

Әдебиеттер:

- 1) Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауы - 2012 жыл
- 2) «Айқын» газеті, жаңа басылым «Еліміздегі ағылшын тілінің рөлі»
- 3) Шетел тілін оқыту әдістемесі №4 (48) 2012

ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕР АРҚЫЛЫ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Габбасова М.Т.- Оқытушы, магистр

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті, Орал қ.

e-mail: meiramgul.gabbasova@mail.ru

Аннотация: Мақалада болашақ музыка мұғалімдерінің орындаушылық қызметін қалыптастырудың мәселелері қарастырылған. Орындаушылық қызметке қатысты оқу мотивінің, сұраныстың ролдері көрсетіледі. Болашақ музыка мұғалімдерінің орындаушылық қызметін қалыптастырудың жолдары айқындалады.

Тірек сөздер: *Орындаушылық қабілет; Мотив; Орындаушылық мәнер; Шығармашылық үрдіс.*

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы формирования исполнительской деятельности будущих учителей музыки. Отражаются роли учебного мотива, спроса по отношению к исполнительской деятельности. Определяются пути формирования исполнительской деятельности будущих учителей музыки.

Ключевые слов: *Исполнительские способности; Мотив; исполнительский стиль; творческий процесс.*

Annotation: The article discusses the issues of the formation of the performing activity of future music teachers. The roles of the educational motive and demand in relation to performing activities are reflected. The ways of forming the performing activity of future music teachers are determined.

Key words: *Performing abilities; Motive; performing style; creative process.*

Музыкалық педагогика саласындағы қазіргі зерттеулердегі орындаушылық ойдың қалыптасуы -мұғалімнің қажетті орындаушылық әдіс-тәсілдері мен білімді қаншалықты жақсы меңгергенін көрсетеді.

Белгілі бір музыкалық аспапта орындаушылық мәнерге үйрету үнемі жаңару және дамытушылықты қажет етеді. Бұл жұмыстың басты өзектілігі – мұғалім-орындаушының композитордан кем түспейтін қайталанбас шығармашылық жеке тұлға екенін ашу.

Музыка аспабында шығарманың орындау техникалық жағын жетістірумен қатар, оның идеялық, көркемдік мазмұнын талдап, айыра білу. Белгілі бір музыкалық аспапта орындаушылық шеберлікке мұғалімдер шәкірттерін де баулуы керек.

Қазіргі таңдағы музыкалық білім мен тәрбие берудің жүйесі адамзаттың рухының барлық аспектілерін үйлесімді дамытады, яғни, оқушылардың ойлау қабілеті, сезімі, ерік – жігері, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігі.

Музыкалық білім мен тәрбие беру жүйесінің мазмұны оқушылардың рухани бейнесін қалыптастырудағы мақсаттарын толық анықтайды.

Музыка мұғалімі белгілі бір музыкалық аспапта орындаушылық барысындағы шығармашылық ізденістерін байланыстыра, сабақтастыра отыру арқылы бала бойындағы жақсылықты дамытып, жағымсыз мінез-қылықтарды түзету, рухы жоғары адам етіп тәрбиелеуде маңызы өте зор екені айтылады. Жұмыс тәжірибесінің көрсеткіші бойынша шығармашылық бағыттағы сабақтар және сыныптан тыс музыкалық шаралар мұғалімнің жоғары орындаушылық мәдениетінсіз, шеберлігінсіз болуы мүмкін емес екендігі атап көрсетіледі.

Мұғалімнің белгілі бір музыкалық аспапта орындау өнері - адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қоғамда жоғары бағаланып, музыка мұғалімінің кәсіби деңгейінің көрсеткіші болып саналатыны, оны қалыптастыру жоғары оқу орнындағы кәсіби

білім берумен байланысты екеніне ерекше тоқталғымыз келеді.

Өз ойын музыка аспабында шебер орындау арқылы жеткізе алатын мұғалім шәкірттің ойына қозғау салады, оның жан дүниесін тербеп, өзіне сендіре алады. Мұғалімнің аспапта орындау өнері шеберлігі арқылы оқушыларды болашақта көкірегі кең азамат етіп тәрбиелеуге септігін тигізіп, орындаушылық қабілет арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға болады.

Болашақ музыка пәні мұғалімі өзінің аспапта орындаушылық шеберлігі арқылы оқушылардың музыкалық қызығушылығын, шығармашылық қабілетін ұдайы жетілдіріп отыруы қажет.

Сонымен бірге музыка мұғалімінің басты міндеті – концерттік қызметке өзі дайын болып, мектепте сабақтың барлық түрлерін шығармашылықпен жұмыс ретінде өткізу, орындаушылық әдіс-тәсілдері мен білімді меңгеру. Жеке тұлғаның рухани бейнесін қалыптастырудың, әсіресе, ұлттық музыкамен байланысты жетілдірудің жетістіктерін, мақсат – міндеттерін зерттеп, мұғалім мен оқушының шығармашылығы тәрізді өзекті міндеттерді, талдап, мектеп жұмысында арнайы білімнің мазмұнында ерекше маңызы бар аспектілерді анықтай алу.

Ізденісті тудыратын педагогикалық міндеттерді шешуге шығармашылық көзқараспен қарап, педагогикалық қызметіне, аспапта орындаушылықты дамытуына үнемі баға беріп, талдау жасағанда ғана, мұғалім музыка арқылы балалардың логикалық ойын, шығармашылық қиялын дамытып, қызығушылығын оята алады.

Музыка арқылы тәрбие беру туралы көптеген философтар мен ғалымдар, музыканттар және педагогтар жазды. Музыканың эстетикалық тәрбие беру әсері, музыка арқылы ықпал ету, бізден бұрынғы заманда белгілі болған. Ежелгі Гректер музыканы жан-дуниені тәрбиелейтін ұстаз деп қарады. Мысалы, музыканың құдіреті, белгілі бір көмегімен адамда қайрат, ерлік және даналық сезімдерін тәрбиелеуге болады. XVIII ғасырда өмір сүрген атақты композитор Г. Гендель былай деп айтқан екен: «Тыңдармандарыма менің музыкама тек ойын сауыққа керек болатын болса, мен үшін өкінішті-ақ болар еді. Мен олардың рухани болмысын кеңейтіп, оданда жақсы етуге тырыстым».[1]

Музыка түсінігін көркемдік –бейнелік тәрбие деп қарау шығармашылығы жоғары адамгершілік құндылықтарға негізделген Л.Бетховенге де лайық болды.

Эстетикалық тәрбие сұрақтарымен көп айналысқан Б.Асафьев музыканы адам жанының табиғатпен үндестігінің айқын белгісі деп айтқан. Ғылыми зерттеу институтын көп жылдар бойы басқарған Н.С.Шацкая оқушыларда музыканы сезіну және толғану қабілетін тәрбиелеу және дамыту керек екендігіне аса көңіл бөлген. Музыка мәдениетінің жеткізушісі бола тұрып, музыка мұғалімі көркем-әдеби талғам және шығармашылық болжамды ғана емес, сонымен бірге өмірге деген махаббатты, патриоттық сана-сезімді және интернационализмге тәрбиелейтінін білу қажет. Адами жақсы қасиеттердің барлығы махаббат деген үлкен сезімді толықтыруы тиіс. Мұғалімнің әдемілігі, адалдығы, тазалығы, сыйластығы, жанашырлығы, бағалауы, қамқорлығы махаббат тәрбиесін берсе керек. Махаббат асыл сезім болғанда, сол абзал қасиет өресі төмен, парықсыз, көкірегі көр жанға қонақтауы мүмкін бе? Демек – тазалықта, адалдықта, жақсылықта көрініс береді. Махаббатқа жалаң тәрбиелеп, жетістікке жете алмайсың.

Өз Отанын, халқын шексіз сүйетін, білімді, мәдениетті, қайратты, өткір, іскер, адамгершілігі мол жас ұрпақтың сапалы да саналы дамуы музыка арқылы жүзеге асады. Оған қол жеткізу үшін Д.Кабалевский айтқандай: ”Егер біз оқушылардың жан-жақты, үйлесімді дамуын мақсат етіп қоятын болсақ, онда ең алдымен мұғалімдер мен ұстаздардың жан-жақты үйлесімді дамуын қадағалау керек”. [2]

Осындай музыкалық тәрбиелеуде музыка пәні мұғалімі қызметінің жұмысы көпжақтылығымен сипатталады: балаларға музыка туралы, оның түрлері мен жанрлары туралы қызықтырып әңгімелеу, әнді үйретуде және айтуда сабақты жоғары кәсіби деңгейде өткізу, сырнай аспабында әндердің сүйемелдеуін шебер орындау және тыңдалатын

шығармаларды орындай білу, теориялық білімді қызықты және түсінікті түрде беру, көптеген сыныптан тыс шараларды өткізу және т.б.

Музыканы белсенді тыңдата, хормен ән айтқызу, музыка түсінігінің негізімен таныстыруда шығармашылық ізденіспен жұмыс жасайтын музыка мұғалімі қызметі жан-жақтылығымен түсіндіріледі. Осының бәрі музыка мұғалімінің келесі шарттарды орындауымен біртіндеп жүзеге асады:

- балаларды түсіну және жақсы көру, сабақ өткізу әдісімен қатар, түрлі икемділігі, қызығушылығы және мүмкіншіліктері бар оқушылардан құрылған сыныпты жақсы білу;
- белгілі бір шығармаларды оқушылармен бірге қайта-қайта үйреніп, тыңдаған кезде сол музыканың үнін жаңа қырынан көрсету;
- ән айту, дирижерлау, түсіндіру, аспапта ойнау музыка-педагогикалық жұмыстары.

Бүгінде мұғалімнің кәсіби қызметтерінің мәселелерін педагогикалық ғылым шешеді. Қазіргі мұғалім-музыканттың қандай болуы, оның әрі қарай өз қызметін қалай дамытуы, балаларға білім беруі, тәрбиелеуі және оқушылардың рухани мәдениетін қалыптастыруына қарай бағаланады. Ғалым-педагогтар және психологтардың зерттеулері бойынша, дұрыс қойылған оқу үрдісі адамда белгілі бір салада өзін-өзі жақсы басқару қабілеттерін дамытады деп дәлелденген. Жалпы білім беру аясында оқушылардың, жас жеткіншектердің ішкі әлемін рухани тұрғыда байыту міндеті туындайды. Музыка сабағындағы мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасында адамгершілік, рухани тәрбие беру ерекше рөл атқарады.

Жеке тұлға туралы түсінік ауқымын анықтай отырып, біз оның өзіндік рефлексиясында, жекелігінде, мінез – құлқында және өзіндік өзектілігінде, яғни өмірдің рухани құндылығын тануда айқындалуын көреміз.

Осыған байланысты, жеке тұлғаның рухани бейнесі музыкалық білім беру мен тәрбиенің құралы ретінде дүниетаным мен рухани – құндылыққа байланысты.

Қазіргі таңдағы музыкалық білім мен тәрбие берудің жүйесі адамзаттың рухының барлық деңгейін үйлесімді дамытуға тырысады, яғни, оқушылардың ойлау қабілеті, сезімі, ерік – жігері, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігі.

Музыка сабағында мұғалімінің аспапта орындаушылық қабілетін көрсетуі арқылы оқушылары өзін-өзі тануы адамды тек сыртқы дүниені тануға бағдарлайтын зерттеу қабілетін, жеке тұлғаны дамытуды ұстанған біржақтылық, дөрекі қылықтар мен әдеттерден шектеу бағытындағы міндет қана орындалып қоймайды, сонымен бірге музыка сабағында мұғалімнің аспапта шебер орындауы арқылы оқушылардың өзін-өзі және қоршаған әлемді танып білуі негізінде, рухани жан дүниесін байытуына септігін тигізеді. Музыка арқылы осы мақсатқа жету жолында музыка мұғалімі мынандай міндеттерді шешуді көздейді:

- балаға өзінің қайталанбайтын дара ерекшелігін, өзіндік орны бар адам екендігін сезіндіру;
- баланың өз бойындағы жақсы әдет, сүйкімді қылықтарын сақтап, жаман әдеттен бойын аулақ ұстауға үйрету;
- өзге жанның жағдайын көре, сезіне және түсіне білуге үйрету;
- қоғамдық-әлеуметтік өлшемдер мен ережелер туралы нақты түсініктерін қалыптастыру;
- адамгершілік, рухани тәрбие мазмұнын құрайтын қайырымдылық, мейірімділік, достық, бақыт, сүйіспеншілік, татулық секілді жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу.

Кішкентай балаларға ізгілік сабағын қабылдау және өзінің дағдыларын өзгерту жеңіл. Сондықтан, баланың бойына жастайынан музыка арқылы ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік асыл қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеу керек. Ол, отбасы мен педагогтардың ең басты міндеті. Педагог өз пәнін жетік білу үшін, оның қыр-сырын білу қажет. Барлық күрделі жүйелерді зерттеу және талдау жасау үшін жүйелі амал керек. Музыка мұғалімі қызметінің мазмұны осындай жүйеге жатады. [3]

Үлкен күрделі жүйе бөліктері бір мақсатқа қызмет етеді. Осыған сүйене отырып, музыка мұғалімі музыка-педагогикалық қызметін іске асыру үшін музыка-эстетикалық тәрбие берудегі барлық әдіс, тәсілдер мен білімділігінің жиынтығын іске асыруға дайындалады. Сонымен қатар, балаларға басқа ұлт өкілдеріне құрмет көрсетіп, сыйластық қарым-қатынаста болу керектігін де ұғындыру. Өзге ұлттың салт-дәстүрлерін, мәдениетін,

ұлттық ойындары мен музыкасын таныстыру арқылы достық байланысты нығайтуға көңіл бөлу. Балаларға өзге ұлттардың музыкасын ұнтаспадан тындатумен қатар, мұғалімнің өзі орындап көрсетуі де қажет. Осы кезде музыка мұғалімінің тек қана жай педагог емес, сонымен қатар шебер орындаушы екені көрінеді. Бұл оқушы жүрегінде ұмытылмас із қалдырады.

Егер, сабақ қызықты және көңілді ұйымдастырылса, тақырыпты балалар ешбір қиындықсыз меңгеріп алады. Алынған білімді есте сақтау үшін зейін қойылатын әдіс-тәсілдерді, көрнекі құралдарды қолдану және мұғалімнің орындаушылық шеберлігін қажет етеді. Үлгі аларлық тәрбиелік мәні бар, әдептілікке жетелейтін, дидактикалық талаптарға сәйкес эстетикалық маңызы зор үлестірмелі, қолданбалы көрнекіліктер, плакаттар, суреттер және де ұлттық аспаптардың орындауындағы әуен жазылған ұнтаспалардың да болуы шарт.

Бүгінгі күні білім берудің бағыты мен мақсаты, міндеті мен талабының түбегейлі өзгеруінде. Тәуелсіз еліміз осындай әлемдік өзгерістер үрдісінен қалып қоймауы үшін білім берудің жаңа дүниежүзілік әдіс-тәсілдерін меңгеруге, халықаралық стандартқа сай оқуға ерекше көңіл бөліп отырғаны белгілі.

Болашақ жас мамандар білім алған ордасынан жоғары білімді, сапалы кәсіп иесі болуымен қатар, қазіргі уақыттың қажеттілігінен туындайтын барлық іскерлік, тапқырлық, жаңашылдық қасиеттері де терең игерген өз елінің азаматы, белсенді өмірлік бағыт ұстанған адам болып шығуы тиіс.

Сонымен қорыта келгенде, бүгінгі жаңа әлеуметтік – экономикалық жағдайдағы «Тәрбие жұмысын жетілдіру, ұлтымыздың мәдени тарихын, жалпы азаматтық, адамгершілік-рухани байлығын, әлемдік мәдени мұрамен сабақтастығын сақтай отырып, оқу мен тәрбие үрдістерінің бірлігін қамтамасыз ету».

Бүгінгі таңда қызметтің қай саласында болмасын жеке адам шығармашылығының көрінісіне үлкен маңыз беріліп отыр. Шығармашылық атауының өзі философиялық, психологиялық, әлеуметтік тұрғыдан үлкен мән - мағынаға ие. Әрбір музыка мұғалімінің шығармашылығы мен шығармашылық үрдісі оның (мұғалімнің) әр сабақтағы іс-әрекет, қызметіне байланысты қаншалықты жаңашылдық әкеле алуымен бағаланса керек. Мұғалімнің ешкімге ұқсамайтын өзгешелігі, сабақта ұстанатын шығармашылық мәнері әрқалай көрінеді. Соның бірі - мұғалімнің орындаушылық қабілеті. Алайда, шығармашылық ізденістің бағыты, мүмкіншілігі шексіз. Әр мұғалім белгілі бір оқу бағдарламаларына сүйене отырып, сонымен бірге өзінің ойлары мен сезімін көрсете білгені, яғни өз пайымынан өткізе білгені керек. Сабақ өткізуде оқытудың қазіргі заманғы әдістері, түрлері мен құрал-жабдықтары пайдаланылуға тиіс. Оқушы музыканы жүрдім-бардым емес, бар ынтасымен тындауға үйренген жағдайда ғана сабақ ойдағыдай тиімді нәтижеге жеткізуге болады.

Адамзат ұрпағының жинақталған мәдени байлығын ұлттық байлықпен ұштастыру, оның озық үлгілерімен байланыстыру – жеке тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады.

Қабілеттің көзін ашу, оны әрі қарай дамыту - әрбір музыка мұғалімінің қасиетті борышы. Жалпы музыка пәні эстетикалық сезімі жетілген, рухани бай тұлға тәрбиелеудің қайнар көзі десек қателеспейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Р. Р. Джердималиева «Методика обучения в педагогической подготовке музыканта-исполнителя» Алматы, 2016
2. Мұратбаева Г.А. Өнертану мамандарын кәсіби даярлаудың әдіснамалық және тарихи-педагогикалы негіздері. Алматы, 2004.
3. Жұбанов А.Қ. Ғасырлар пернесі. - Алматы, 1975.
4. Еңсепов Ж. Киелі де, қасиетті домбыра / «Зерде» журналы. - №8, 2004.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Чукотаев Мурат Нуртазинович - п.ғ.к. профессор
Нуртазина Еркежан Муратовна - п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті, Қазақстан, Өскемен
e-mail: mchukotaev@mail.ru, abdulmalipova@mail.ru

Авторлар мақалада баланың білімді игеру кезінде құзыреттілігін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, жан-жақты тұлғаны тәрбиелеудің мүмкіндіктерін қарастырады.

Түйін сөздер: құзыреттілік, интеллектуалды ұлт, танымдық қабілет, шығармашылық әлеует, дидактикалық ойын.

Еліміздегі орта білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Осыған орай қазіргі білім беру мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре отырып әлемдік жүйеге жақындастыруда құзыреттілікке бағдарлану бағытын қарастырып отыр. Бұл оқушыны жаңа тұжырымдарды түсінуге және қабылдай білуге бүкіл өмір бойы өзгермелі жағдайларға тез икемделуіне, сындарлы ойлай білуге және ақпараттар ағынын бағдарлай алуға, топтың алдында өз ойын анық, дәл жеткізуге, тыңдаушысын иландыра білуге қабылетті интеллектуалды ұлт ретінде қалыптастыруды көздейді [1].

Еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Интеллектуалды ұлт - 2020» жобосында қазіргі заманғы білім берудің білім беруді дамытудың болашақтағы міндеттерін атай келе, жас қазақстандықтар бастапқы интеллектуалдық әулетпен және терең ақылмен, шексіз қызығушылықпен және өмірлік күш – қуатпен ерекшеленуге тиіс деген. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда жаңа білім беру жүйесінің бастауыш сыныптарда оқу тәрбие үдерісін ұйымдастыру базалық білім, білік, дағдылар, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруды және қазіргі мектептегі оқу тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуді талап етеді. Осыған сәйкес бастауыш мектептен бастап оқу тәрбие үдерісі барысында бастауыш сынып оқушыларының құзыреттілігін қалыптастыру басым бағыттардың бірі болып табылады [2].

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық, қызығушылық іс-әрекеттерін математика сабақтарында арттыру мақсатында қазіргі заман ұстаздары өз сабақтарын тиімді жаңа әдіс-тәсілдерін қолданып, өткізуге тырысады. Педагог күнделікті өмірде әртүрлі жағдайлармен кездеседі. Онда ол, тек орындаушы ғана емес, сонымен қатар өз бетімен шешім қабылдайтын оқу – тәрбие жұмысының білгірі болуы керек.

Ұстаздық қызмет әрқашан шығармашылықты қажет етеді. Оқу үдерісінде қолданылатын әртүрлі белсенді әдістерден дидактикалық ойын түрін ерекше атап көрсетуге болады. Себебі осы тәсілді тиімді қолдану - оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Дидактикалық ойындарда, ойын арқылы өмірлік жағдайлар қалыптасады. Ойынға қатысушы жиһангездің, мұғалімнің, дәрігердің т.б. рөлін ойнауға мүмкіндік алады.

Дидактикалық ойындар мүмкіндігінше оқушымен мұғалім арасындағы байланысты нығайтады. Білім алушының шығармашылық әлеуетін арттырады, танымдық қабілетін қалыптастырады. Тәжірибе көрсеткендей, дидактикалық ойынды өткізу үдерісінде оқушылар арасында оймен, ақпаратпен бөлісу жылдамырақ өтеді. Дидактикалық ойындар

қатысушыларды шығармашылық үдеріске жақындатады. Соңғы жылдары дидактикалық ойындар үш аспектіде қолданылады: оқыту ойыны, тренинг ойыны, зерттеу ойыны. Осы жерде атап өту керек, бұл дидактикалық ойындар шынайы ойын ретінде қолданылмайды.

Әрбір нақты дидактикалық ойында аталған аспектілер бір арнада тоғысады немесе ойынның мақсатына сәйкес акцент бір аспектіге тоқталады. Дидактикалық ойындарды өткізу әдістемесі келесі кезеңдерден өтуді көздейді:

1. Ойынның жоспарын құрастыру.

2. Жүргізу жоспарын құрастырғанда (жүргізушіге арналған жетекші нұсқаулық, ойынның ережесі және ұсынысы) ойыншыларға арналған нұсқаулық енгізу.

3. Мәлімет жинақтау, оқыту құралдарын таңдау.

4. Ойын нәтижелерінің бағалау критерийін көрсету.

Бастауыш сыныпта математикалық білім беруде қолданылатын дидактикалық ойындар, оқушылардың қызығушылық іс-әрекетін белсендірудегі маңызды факторы болып табылады. Сыныптағы оқушыларды шартты түрде 4 топқа бөліп, құзыреттіліктерін бағалауға болады. Әрбір топтағы оқушылардың құзыреттіліктерін, танымдық қабілеттерін қалыптастыру нәтижесінде, оқушылардың оқуматериалды меңгерудегі айырмашылығын өз бетімен алған білімдері мен дағдыларының деңгейін анықтауға болады. Білім деңгейіндегі айырмашылықтары бойынша оқушыларды шартты түрде төрт топқа бөлуге болады.

1-топ: білім алуда шапшаңдық танытқан оқушылар.

2-топ: білім алудағы орташа шапшаңдық танытқан оқушылар.

3-топ: білім алудағы төмен шапшаңдық танытқан оқушылар.

4-топ: білім алуда үлгермейтін оқушылар (бұл топтағы оқушылардың білім алуы тіпті оқытушылар үшін де қиындық туғызады).

Балалар топтарға бөліну мәселесі туралы білмегені жөн. Егерде топқа бөліну дұрыс ұйымдастырылса, оқушылар топқа бөліну ережесін қуана қабылдайды. Мысалы, оқушылар математика сабақтарында «Зымырандар», «Ұшақтар», «Поездар», «Машиналар» топтарына бөлінеді. Әрине, біраз уақыттан кейін, олар не себепті өздері мына немесе басқа топтың ішіне кіргендерін сезеді де, басқа топқа ауысуға тырысады.

Бастауыш сыныптың математика сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы дидактикалық ойындардың алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ойын жаттығуларын кез келген әдістемелік құралдардан кездестіруге болады. Мысалы: «Шынжыр», «Математикалық лабиринт», «Жұбын тап» және т.б. ойындар [3].

Математика сабақтарында оқушылардың білімдерін толықтыру және назарларын бір іс-әрекеттен келесіге аудару мақсатында, танымдық ойындарды жиі қолдануға болады. Одан оқушылар жағымды әсер алады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында, әрбір математика сабағында оқушыларды ойландырып, есепті шешуде әртүрлі тәсілдерін іздестіруге жетелейтін тапсырмалар құрастыруға болады. Мысал келтірейік:

$999 + * = ****$ Қосынды да төрт таңбалы сан шығу үшін

$990 + * = ****$ белгіленген қосылғыштың орнына қандай

$994 + * = ****$ бір таңбалы сан қою керек?

Басқа үш таңбалы сандармен осыған ұқсас $*** + * = ****$ тапсырма ойлаптап. $** + * = ***$ Үлгі бойынша қанша мысал келтіруге болады?

Оқушылардың танымдық қабілетін қалыптастыратын факторлардың бірі – оқушылардың өз бетімен оқулықпен жүйелі жұмыс істеуіне үйрету және түсіндіру мәтінін қалай түсінгендерін үздіксіз тексерістен өткізу болып табылады. Бұл мақсаттарды орындайтын математикалық диктантты атап өткен жөн. Математикалық диктантты құрастырғанда бес тапсырма дайындау тиімді.

Себебі, бұл диктантты бағалауға және орындалған тапсырмаларға сәйкес баға қойылады. Осындай математикалық диктанттарда міндетті түрде орындалатын тапсырмалар деңгейін қарастыру қажет.

№1 математикалық диктант.

7 саны 91 –ден нешеесе кем? (13)

68 шығу үшін 17-ні неше есе арттыру керек? (4)

8 шығу үшін 56-ны нешеге бөлу керек? (7)

Бөлінгіш – 320. Бөлінді – 4. Бөлгіш нешеге тең? (80)

Санның төрттен бір бөлігі 60-қа тең. Сан нешеге тең? (240)

№2 математикалық диктант.

22 222 мен 0 сандарының көбейтіндісін 16-ға арттыр.

555 пен 1 сандарының бөліндісін 55-ке кеміт.

960 санын 8 есе кеміт.

780 және 90 сандарының айырмасын тап, ал нәтижені 2 есе арттыр.

8 мыңнан 3 ондықты азайт [4]. Алдын ала оқыту элементтеріне көп көңілбөлінеді.

Сыныпқа келіп, танысатын жаңа оқу материалының өзгешелігіне назар аудартпай, сабақтың жаңа тақырыбын жариялауға болмайды. Жаңа материалды қабылдауға арналған дайындықты бірнеше сабақ бұрын бастау керек. Мысалы, оқушыларды математика сабағында «аудан» ұғымымен таныстыруды «Периметр» тақырыбын меңгеру барысында өткіуге болады. Екі таңбалы сандарды жазбаша баған түрінде қосуды үйреткенде де, екі таңбалы сандарды азайту алгоритміне назар аудартқан жөн.

Тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың танымдық қабілеттерін және білім, білік, дағды деңгейлерінің сапасын арттыру мақсатында ауызша есептеу жаттығуларының тигізетін пайдасы мол. Ауызша жаттығулар үшін 10-15 тапсырма дайындауға болады. Аз уақыттың ішінде ауызша жаттығулардың көмегімен өткен материалды қайталап шығуға болады. Мысалы, «Шеңберлі өрнек құрастыр» ойны ұсынылады. Ойынның мазмұнына сәйкес тақтада бірінші компоненті бар өрнек жазылады. Оқушылар құрастырған өрнектің жауабы келесі өрнектің бірінші компонентіне тең болуы шарт:

$3 \cdot 3 = 9$ $9 \cdot 4 = 36$ $36 : 6 = 6$ $6 \cdot 3 = 18$ $18 : 2 = 9$

Оқушыларшын жыр бойынша өрнек құрастырып жаттығады.

Оқушыларға математикалық материалдарды меңгерудің әртүрлі кезеңдерінде пайдаланылатын дидактикалық ойындардың қолданылуы тиімді әдіс-тәсіл болып табылатыны сөзсіз.

«Арифметикалық амалдар» тақырыбын бекіту мақсатында «Кім жылдам?» ойыны ұсынылады.

1.Интерактивті тақтада мысалдар және оған қатысты дұрыс және бұрыс жауаптары жазылған кесте сызылған. Әрбір нұсқа бойынша оқушыларды шығарып, өрнектердің шешімі болатын дұрыс жауап таңдауды ұсынуға болады.

Барлық тапсырмаларды дұрыс орындаған топ мүшелері жеңіске жетеді.

2. Карточкамен жұмыс [5].

Жауабы 24 болатын мысалдарды теріп жаз:

$35 + 9$ $24 : 1$ $3 \cdot 8$ $32 - 8$

$6 \cdot 4$ $16 + 7$ $1 \cdot 24$ $26 - 4$

$24 \cdot 0$ $48 : 2$ $19 + 5$ $12 \cdot 2$

- а) допқа талас кезінде қарсыластарына қарағанда ұрымтал орынды таңдай білуі;
- ә) әр түрлі доп беру кезінде дұрыс қабылдау;
- б) доппен алдай білу және алып жүре білу;
- в) өзбетінше тактикалық мақсатты орындау үшін дұрыс кезеңді таңдай білу;

Осылардың барлығын командаларымен тығыз қарым-қатынаспен жүріп орындау керек. Ойын барысында ойыншы дұрыс шешім қабылдау үшін ол өзінің командаларын қайжерде орналасқанын, қарсыластарын доптың қай бағытқа пас берілетінін, жалпы бүкілойынды бақылауы керек. Осыған орай ол өзінің байқай алмайтын алаң бөлшектерін жобалап ұға білуі керек. Ойын барысын ұға білу өте қажетті комбинацияларды орындауға қажет. Ойын алаңын байқай алу туғаннан болатын қасиет емес, ол біртіндеп оқу-жаттығу кезінде қалыптасады.

«Футбол» ол әдістер күресі, ойыншылардың шығармашылығы, ол қарсыластар және әріптестерінің комбинацияларынан құралады. Футбол ойыны өте динамикалық және эмоционалды. Ойыншыларға әр түрлі техникалық әдістерді, белгілі тактикалық бағыт беріп қолдану, әріптестерімен түсінісе білу қажет. Әйтпесе бір қателік бүкіл ойын жоспарын бұзады. Алайда осы айтылған қимылдардың барлығын ойыншылар тыныш ойын барысында емес, қиын спорттық күресте орындайды. Ойын барысында ойыншылар психикасына әр түрлі сыртқы және ішкі күштер түседі. Ол күштер техникалық әдістерді қолдауға, тактикалық жоспарды шешуде зор әсер береді. Ондай күштерге ойынның басқаша өтуі, төрешілердің іс-әрекеті, жанкүйерлер, қолайсыз ауа райы жатады. Осылар ойыншының ойын кезіндегі көңілдің қобалжуын туғызады, ол біртіндеп басқа ойыншыларға қарап бүкіл командаға кері әсерін тигізеді. Сондықтан жаттықтырушы әр футболшыны осындай ауыртпашылықтарға төзімді, шыдамды болуға үйретуі керек. Ойыншылар жаттығу жарысында өзінің шамасына қарай жасау емес, оған да жоғары жасауға тырысуға үйренген болуы керек. Әр ойыншы доп алғанда тез ғана ойланып ол допты ары қарай беруді және келесі допты қабылдауға дайын болуы керек. Бұндай жаттығулар жылдам ойын жасау үшін қажет. Ойын барысында шығармашылықпен, жылдам және тез кездескен қиындықты шешу білуі керек. Футболшылар әр түрлі тактикалық қимылдар жасағанда, өзінің көз қарсыластары күтпеген және осы уақытта ойын жағдайын өзгертетін болуы қажет. Тактикасы дамыған ойыншы өзін алаңда, қарсыластарға қарсы жақсы ойын көрсетеді. Оны ойын жылдамдығы, ауыртпашылығы өзгерте алмайды. Ондай ойыншының шығармашылығында ұжымдасып ойнау және жеке комбинация жасау жоғары дамыған [4].

Футболдағы комбинациялар әр түрлі. Олардың көбісі тәжірибеде дайындалып жалпы тактикалық жаттығуға кірген. Алайда ойындағы қайталанбас жағдайлар ойыншылардың жекешығармашылық инициативасы жаңа-жаңа тактикалық әдістер тудыруда. Аулада футбол ойнап жүрген балалардың ойынына жанкүйерлер болып жүргенде, балалар қорғанысты ұмытып, қақпашыны жалғыз қалдырып шабуылда жүргенін талай көресін. Ал допты жоғалтып алғанда бәрі жапа-тармағай, алысып, бір-біріне соқтығысып кейін қайтады. Әрине, доппен бұлай ойнау қате және де ойыншылар бұдан қанағат алады деп айту қателік. Жарыстарда және басқа да футболдық шараларда жақсы ойнау үшін команда ішіндегі міндеттерді бөлу керек. Шабуыл жасай отырып, анықталған жүйеде ойнау керек. «Жүйе» ұғымы әр футболшының индивидуалдық қабілетіне байланысты алаңда орналасуы. Бұл командаға қорғаныста және шабуылда нәтижелі ойлауға болысады. Ойын жүйесі бұл ойыншының тактикалық өнерінің айқын көріну түрі, ол анықталған тәсілде құралады. Яғни

басқа да және қайталанып тұратын әдістің қолданысы. Ойын жүйесі ойыншы мен жаттықтырушының ұжымдық шығармашылығының қорытындысы. Әдетте бұл үрдісті ойыншылар бастап, жаттықтырушылар аяқтайды. Негізінен қарсыластың әр ойыншының индивидуалды сапасы және дарынын анықтайды. Ойыншылардың қабілеті әр түрлі және бір-біріне қарсы қолданылғандықтан әртүрлі нәтиже береді. Анықталған «график» бойынша ойын тек жалпы түрде ғана болады. Ойыншының жеке қабілеттері ойынды болжата алмайды, математикалық санауға жатқызбайды, ойын осымен қызықты. Ол адамның шығармашылық іс-әрекетіне байланысты. Ойын жүйесі – ойын барысының жалпы түрі, ойыншыға әр сәттен және көп қарсыластан шығармашылық шешім табу кеңістігі. Жақсы ойластырылған жүйемен ойнауды жоққа шығармайды, өйткені мұндай жүйелер қарсыластың әрекетіне байланысты сәл өзгеріп, жүзеге асады. Сонымен өте жақсы жүйе деп әр ойында жаңа және күтпеген тактикалық анықталған ойын жүйесінде болатын тактиканы айтады. Мысалы, қарсыласқа өз ойын жүйесімен ойнату, яғни ол команданы өз ыңғайына келтіру, бұл ол команданың тактикасымен санаспай емес, керісінше санаса өз ойыныңды ұсыну. Санаспай ойнауға тек командалар күші өте әр түрлі болғанда ғана болады. Қарсыласты жаман ойлауға итеру, яғни оның әлсіз жерлерін және қателерін пайдалану. Бұл өз ойыныңды қарсыластың ерекшеліктерін есептей отырып әр ойында жаңаша ойнау [5].

Футболдағы қақпашының ойнайтын да, шабуылдайтын да кездері болады. Оның допты ойыншыға дәл беруі жақсы жетістік әкелуі әбден мүмкін.

Жүйе жаңа болған сайын, оның қолданысы нәтижелі болады. Жаңа мазмұнды ойынжүйесін ойлап тапқан команда ойында сәттілікке қолы жетеді. Ол бірін-бірі жоятын тактикасы бар командалардың ойынын шеше алады, әлсіз команданың күштісін ұтуына да мүмкіндік .Бұл қарсыластың бір ойыншының пайдасына шешіліп, оның командасына белсенді ойнауына жол ашады. Қақпаға гол соғу үшін шабуылдаушы әр түрлі ұрымтал тұстан табыла білуі керек. Бұндай кезде ойыншының ұрымтал тұсты таңдай білуі тұрақты емес, ол ондай кезеңде пас алғанда таба біледі [6].

1. Футбол матчының нәтижесін қақпашымен кездесуге әкелетін қақпаға допты немесе пас беруді орындай алатын бір ойыншы шеше алады. Мұндай ойыншыларға қарсы қорғаныс әсіресе қиын, сондықтан қорғаушының қажетті тәжірибесі мен дағдылары болуы керек, сонымен қатар физикалық дайындығы болуы керек. Жаттықтырушының жаттығу процесіне қорғаныс шебіндегі ойыншылардың шабуылдаушы топқа қарсы тұру дағдыларын дамытатын арнайы жаттығуларды енгізуі өте маңызды.

Мұндай жаттығу кезінде қорғаушы шабуылдаушыға бұрылып, өздігінен дриблингті жалғастыруға мүмкіндік бермеуі керек, сонымен қатар бос орынды пайдаланып, серіктесіне пас беруі керек. Қорғаушы гол соғу мүмкіндігін болдырмай, шабуылдаушы ойыншыны айып алаңынан шығаруы керек. Тапсырмаларды орындау үшін қорғаушы белгілі бір ережелерді басшылыққа алуы керек және ыңғайлы позицияны ала отырып, шабуылдың ықтимал жалғасуын қадағалауы тиіс. Кез келген бағытта уақтылы қозғалуды бастау үшін тізе бүгіп, сәл бүйірге қойып, шабуылшы бұрылған сәтте допты алу керек. Тәлімгерге жаттығуды орындау үшін диаметрі шамамен 20 метр болатын футбол алаңының кез келген бөлігі қажет. Допты беру және қабылдау үшін 2 бейтарап ойыншы, сондай-ақ шабуылдаушы топтың 1 қорғаушысы және 1 өкілі қажет. Жаттығу процесі қорғаныстағы ойыншыны жеңе алатын немесе бейтарап ойыншыға пас беруден басталады. Қорғаушы бұл кезде шабуылдың дамуына кедергі жасап, допты шабуылшыдан тартып алуы керек.

Жаттығу ойыншылардың қайсысы өз міндеттерін орындағанына қарамастан қайталанады. Сондай-ақ қорғаушының алдына қойылған міндеттерді орындауды қиындату үшін жаттығу алаңының көлемін ұлғайтып, шабуылды дамытудың ықтимал нұсқаларын қосуға болады.

2. Топтық шабуыл тактикасында ойыншылардың топтық әрекеттері барлық тактикалық мәселелерді шешеді. Жалпы алғанда, комбинация - бұл жекпе-жектің негізгі элементі. Олар ойын және стандарт деп бөлінеді. Жаттықтырушылар әр түрлі тактикаларды дамыта отырып, комбинацияларды құру және оларға қарсы тұру бойынша жұмыс істейді.

Комбинациялар командалық дайындық болуы мүмкін немесе матч кезінде өздігінен пайда болады.

3. Таңдалған тактиканы ойдағыдай жүзеге асыру үшін топтастырылған топтық жұмыс және топтың дұрыс жұмыс істеуі маңызды. Ұйымдастырылған бірлескен іс-қимылдардың арқасында сол немесе басқа тактикалық міндет шешілуде. Ойыншылардың құрылымдарындағы өзара түсіністік пен жүйелілік қана комбинацияның тиімділігін әкеледі. Мұндай жағдайларда ойыншылар бірін-бірі сөзсіз түсінген кезде «серіктес сезімі» алдыңғы қатарға шығады. Сондай-ақ футболдағы дриблинг пенальти және футболдағы айып соққылар яғни қазіргі заманғы футбол гепардтары: ғаламшардағы ең жылдам 10 ойыншы футболшылардың қорғаныс және шабуыл әрекеттері. Мұндай қағидасыз алаңда нағыз хаос билейді. Шабуыл тактикасы екі түрге бөлінеді: Жылдам; Біртіндеп. Шабуылдың екі әдісінің ішінде жылдам тактика тиімді. Жылдам шабуылдардың басты артықшылығы - қарсыластың қорғаныс қатарын қалпына келтіру үшін өзін тез бағдарлай алмауы. Шабуылдың шетінен және орталығынан жылдам шабуылдармен шабуылдаудың футбол тактикасы ойыншылардың жоғары жылдамдықтары мен олардың күтпеген әрекеттеріне негізделген. Шабуыл жасайтын ойыншылардың мінез-құлқы олардың алаң бойымен үнемі қозғалуымен сипатталады, бұл серіктесті аздаған пастарды қолдана отырып қақпаға ату үшін жағдайға келтіруге көмектеседі. Жылдам шабуыл қарсы шабуылдарды ұйымдастырған кезде тиімді, бұл команда қарсыластарына көптеген қолайсыздықтар тудырады.

Тактикаға байланысты шабуылдаушылар мен қорғаныстағы ойыншылардың саны әр түрлі болуы мүмкін. Футбол техникасы мен жылдам шабуылмен ойнау тактикасы үш негізгі кезеңге бөлінеді: Қорғаныс әрекетінен шабуылға көшу. Допты алдыңғы ойыншыға беру үшін ойыншыларға шабуылдаушы позицияларына оралуына көмектесу; Шабуылдық әрекеттерді дамыту қарсылас команданың қорғаныс құрамасының шабуылын тоқтату үшін белгілі бір әрекеттерді ұйымдастырған сәтке дейін серпіліс беруін болжайды; Шабуылдың соңғы кезеңі - нысанаға соңғы соққымен гол соғу мүмкіндігін жасау. Біртіндеп шабуыл - танымал шабуыл әдісі. Бұл әдіс допты әр түрлі қысқа және орта пастардың комбинациясы арқылы басқаруды қамтиды. Футболдағы қорғаныс тактикасы оны қарсыластың қорғанысын созатын тұрақты кросс-пастардың арқасында осындай шабуылдарды дамытуға қатысады. Тактиканың кемшіліктері қарсыластың қорғанысты қанықтыруына және қақпаға қауіп төндіретін аймақтарды жауып тастауға мүмкіндік беретін шабуылдың ұзаққа созылған дамуында жатыр.

Қорыта келе, футболдың ұйымдастырылған қорғаныс тактикасы шабуылдаушыларды қорғанысты кеңейту және шабуылдаушыларға кеңістік құру үшін көптеген комбинациялар жасауға мәжбүр етеді. Футболдағы қорғаныста ойнаудың интенсивті тактикасы шабуылшылардың көп бөлігін, соның ішінде қорғаушыларды қосқанда ғана жеңіледі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Качани Л. Горский. Тренировка футболистов.- Братислава, 2014
2. Футбол. Учебник для вузов. Под. Ред. Казаков П.Н. М.: ФиС, 2016
3. Айкенов Ж., Азнаев М., Құрымбаев Е., Ерепбаев Н. Футбол ойыны. – Шымкент. 2019.- С.83
4. Қасымбекова С. Футбол. Әдістемелік құрал.- Алматы, 2018
5. Садыканова Г.Е. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері. Оқу құралы.- Өскемен, 2011., 112 бет.
6. Андреев С. Н. Мини-футбол.-М.: Денешынықтыру және спорт, 2018. – 111 б.

БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Каримова Р.Е. п.ғ.м., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: raziya.1966@mail.ru

Бақытжан Д., Пірманова А., Тилеубаева А.

6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 4-курс студенттері

Аннотация

Бұл мақалада адамның адам болып қалыптасуының құралы – еңбек туралы сипатталған. Еңбектің нәтижесі әрбір адамға, оның еңбекке саналы, шығармашылық көзқарасына байланысты. Олай болса бүгінгі таңдағы қоғам қажеттілігі – жас ұрпақтың бойында еңбекке ынталандыруды тәрбиелеу, болашақ еңбек жолын дұрыс таңдауға баулу. Баланың жеке басының еңбекке бейім болып өсуі оны еңбек тәрбиесіне баулуға тікелей байланысты. Балалар орындайтын еңбек міндеттері олардың бойында белгілі бір өзіндік қасиетті тәрбиелейді, балаларда міндеттерін беріле атқаруға, тапсырылған істі жауапкершілікпен атқаруға деген сезімдері пайда болады, өз беттерінше еңбек ету қабілеттері дамитындығы қарастырылған.

Тірек сөздер: *Еңбек, ойын, өзіне-өзі қызмет ету, шаруашылық-тұрмыстық еңбегі, табиғаттағы еңбек, бау-бақша, гүлзарлар, табиғат мүйісі, қол еңбегі.*

Аннотация

В данной статье описан инструмент становления человека как человека – труд. Результат труда зависит от каждого человека, от его сознательного, творческого подхода к труду. Таким образом, потребность общества сегодня – воспитывать у подрастающего поколения мотивацию к труду, приобщать к правильному выбору будущей трудовой деятельности. Рост личности ребенка как склонного к труду напрямую зависит от приобщения его к трудовому воспитанию. Трудовые обязанности, выполняемые детьми, воспитывают у них определенную самостоятельность, у детей появляется чувство преданности выполнению своих обязанностей, ответственному выполнению порученного дела, развиваются способности к самостоятельному труду.

Ключевые слова: *Труд, игра, самообслуживание, хозяйственно-бытовой труд, труд на природе, садоводство, клумбы, мыс природы, ручной труд.*

Annotation

This article describes the tool for the formation of a person as a person – labor. The result of Labor depends on each person, his conscious, creative approach to work. Thus, the need of society today is to foster motivation for work among the younger generation, to instill in them the right choice of a future career. The growth of a child's personality as a work-oriented one is directly related to the introduction of him into labor education. It is envisaged that the work tasks performed by children bring up a certain quality in them, children develop a sense of duty, responsibility for the assigned task, and develop the ability to work independently.

Key words: *Labor, game, Self-Service, household labor, labor in nature, gardening, flower beds, Cape Nature, manual labor.*

Еліміздің дамыған елдердің қауымдастығына әлемдік саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени құрылымға бет алуы кәсіби бәсекелестіктің артуы, еңбек тәрбиесіне

жаңа қырынан мейлінше шынайы қарауды талап етеді. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайық тұлға тәрбиелеу отбасы мен балабақшада басталып мектепте жалғасатын үздіксіз күрделі үдеріс.

Қазіргі балалардың біразы мектеп қабырғасында-ақ оқуға ықылассыздығын байқатса, жастардың көпшілігі еңбекке қырсыздығымен тығырықтан шыға алмайтын күй кешуде. Бұл мәселенің шешуін мектепке дейінгі кезеңде негізі қалыптаса бастайтын еңбек тәрбиесінен іздеген дұрыс деп ойлаймыз. Өйткені, баланың ойыны да, ойлауы да, оқуы да – еңбек. Баланың санасының алаңы аз, жаны таза, не айтсақ, соған иланғыш табиғатын ескеріп адам еңбегімен жасалған құндылықтарды мейлінше терең сіңіруі қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту ойын, оқу, еңбек іс-әрекеттерінде жүзеге асырылады. Баланың іс-әрекеті неғұрлым алуан түрлі болған сайын, оның төңіректі тануы мен танымдық қабілетінің дамуы жан-жақты болып келеді. Іс-әрекеттің барлық түрінде де ол іскерлікті үйренеді, белгілі бір қарым-қатынасты игереді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды.

Жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу – маңызды педагогикалық процесс. Өйткені, болашақ қоғам азаматтары өздерінің адамгершілік қасиеттерін, абыройын, өмірден алатын орнын тек қана еңбек арқылы ғана ақтай алады. Еңбекке баулуда бала күнделікті өмірге қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеріп қана қоймай, еңбек баланың ақыл-ойының дамуына әсер ететіндей, бастаған ісін соңына дейін аяқтауына, оның әсем де әдемі болуына назар аударту көзделеді. Еңбекке тәрбиелеудің негізгі мақсаты – еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, оның нәтижесіне қуана білуге, балалардың күшін толықтыруға және денсаулығының нығаюына жәрдемдесу, дене қозғалысының үйлесімді, сергек болуына ықпал ету. Еңбек тәрбиесінің міндеттері:

- балалардың негізгі еңбек дағдыларын қалыптастыру;
- үлкендерге және өзінен кішілерге көмек көрсете білу;
- ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, қиындықты жеңе білуге дағдыландыру;
- еңбек құрал –жабдықтарымен жұмыс істей білуге және оған ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
- еңбек сабақтарында қағаз, мата, табиғат материалдарын, өндіріске қажетсіз заттарды пайдалана білу іскерлік-дағдыларын қалыптастыру [1] ;

Еңбекке баулудың өзіндік ерекшелігі – оның ойынмен тығыз байланыстылығында. Олардың ойыны мен еңбегін ажырату қиын, өйткені алғашқы еңбек әрекетінің қарапайым элементі ойыннан басталады. Еңбекте жаңа заттармен, құбылыстармен кездеседі, оларды танып біледі, соның нәтижесінде алғашқы қанағаттану сезімдері пайда болады. Сондықтан бұл кездегі бала іс-әрекетінің ерекшелігі – мақсатының тұрақсыздығы, басқа нәрсеге көңілінің тез ауып кететіндігі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек әрекетінің төрт негізгі түрі көрсетіліп жүр, өзіне-өзі қызмет ету, шаруашылық-тұрмыстық, табиғаттағы және қол еңбегі.

Өзіне-өзі қызмет ету еңбегі баланың өзін-өзі күтуге (өздігінен жуынуға, шешінуге, киінуге, төсегін жинауға, жұмыс орнын әзірлеуге және т.б.) бағытталған. Еңбектің бұл түрінің тәрбиелік маңызы ең алдымен оның өмірлік қажеттілігінде. Әрекеттер күн сайын қайталанғандықтан, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысы тұрақты міндетіне айналып, әжептеуір дербестікке ие болады. Тәрбиелік міндеттің күрделене түсуі қимыл-әрекеттердің сапасына, өзін күту процесіндегі ұйымдасқан тәртіпке, оған жұмсалатын уақытқа қойылатын талаптың артуынан көрінеді. Тәрбиеші балаларда өзара көмектесу дағдыларын да қалыптастыруға мән берді. Сонымен қатар балаларды ұқыптылық пен тазалық әдеттеріне төселдіру үшін де пайдаланады. Е.Н.Герасимова «Балалардың өзіне-өзі қызмет ету еңбегін қалыптастыру» атты зерттеуінде сәби шақтағы балаларды еңбекке баулу тәсілдерін көрсетсе, Г.Н.Година тәрбиешінің осы жастағы балалардың өзіне-өзі қызмет ету еңбегінің нәтижесіне мән беріп, «Жарайсың», «Дұрыс емес» деген сөздермен шектелмей, еңбектің толық мәнін ашып бағалау, -дейді. Отбасында өзіне-өзі қызмет ету еңбегінің сапасын қадағалауға, баланың

еңбегіне педагогикалық ұжым талабының біртұтас болуын ескертеді[2]. Дейтұрғанмен, зерттеулер сәби шақтағы балаларды өзіне-өзі қызмет ету еңбегіне арналып, мектеп жасына дейінгі балалардың бұл еңбек түрін ұйымдастырудың теориялық негізі мен әдістемесіне арналған зерттеу жоқтың қасы. Мәселен, Л.Ф.Островская бұл еңбек түрінде нәтижеге жетудің негізгі жолы – оның өздігінен істейтін әрекеттеріне қолдау көрсету, бала психикасында ересектерге тәуелсіз болу, яғни дербестікке ұмтылу тілегі болатындығымен дәлелдейді.

П.О. Абдулвагабаева, В.П.Нечаева балалардың өз-өзіне қызмет көрсету дағдысын қалыптастыруда қимыл-әрекеттерді көрсетіп, оның кезеңдерін еске салып отырса жеткілікті деп есептейді. Мұндай бірізділік баланың мүмкіндігін, дербестігін, еңбексүйгіштігін, сенімділігін қалыптастыруға көмек беретіндігін айтқан. Сонымен, жоғарыдағы пікірлерден, балалардың өзін-өзі қызмет ету еңбегі олардың дербестігін, ересектерге тәуелсіздігін, еңбек дағдыларын қалыптастырып, жеке тұлғаның дамуында маңызды екенін түсінуге болады.

С.Н.Жиенбаева мектеп жасына дейінгі балалардың өзіне-өзі қызмет ету еңбегіндегі өзіндік «Менін» түсінуге мүмкіндік беретін жолдарын қарастырды [3].

Мектеп жасына дейінгі балалардың **шаруашылық-тұрмыстық еңбегінің** нәтижелері еңбек әрекетінің басқа түрлерімен салыстырғанда оншалықты елеулі болмағанымен, ол балабақшада және күнделікті өміріне қажет. Бұл еңбек отбасында да, балабақшада да мектепте де тазалық пен тәртіп сақтауға, ересектерге қолғабыс тигізуге бағытталған. Шаруашылық-тұрмыстық еңбекті орындау барысында төңірегіндегілермен қарым-қатынасқа түсіп, айналасындағыларға, ұжымға қызмет етуге, құрбыларына қамқорлықпен қарауға дағдыланады.

Д.В.Сергеева, О.Н.Стрелева мектеп жасына дейінгі балалардың шаруашылық-тұрмыстық еңбегінің мазмұны мен әдістемесіне тоқталып, еңбек әрекетін мазмұнына қарай екі топқа бөлді. Бірінші топқа алдын-ала орындалу уақыты мен жоспары белгілі, жүйелі орындалатын еңбектер (қуыршақтың киімін жуу, т.б.), екінші топқа күнделікті өмір қажеттілігіне байланысты еңбектерді жатқызады. Шаруашылық-тұрмыстық еңбек балаларға тапсырма беру, кезекшілік міндетін атқару, ұжымдық еңбек ету арқылы жүзеге асады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек әрекетінің бір түрі – **табиғаттағы еңбек**. Бау-бақшада, гүлзарларда және табиғат мүйісінде үнемі жұмыс жасау өсімдіктер мен жануарларға деген ынта-ықыласты арттырады, балалардың табиғаттағы заттарды танып-білуіне және олармен ұқыпты қарым-қатынас жасауына көмектеседі. Табиғат мүйісіне күрделі күтім тәсілдерін керек ететін өсімдіктер мен жануарлар орналастырылып, бау-бақшада өсу мерзімі әрқалай көкөністердің алуан түрлері отырғызылады, мұның өзі еңбекті неғұрлым жүйелендіреді. Мектепке даярлық топтарында балалар өсімдіктерді шаң-тозаңнан тазартады, жерді қопсытады. Тәрбиешінің көмегімен балалар өсімдіктерді көшеттеп отырғызуды, қаламшелеу арқылы көбейтуді, табиғат мүйісіндегі жануарларды, балықты, құстарды күту тәсілдерін меңгереді.

Балалардың табиғаттағы еңбегі өзінің жас шамасына лайықты, өндірістік еңбектің алғашқы түрі болып саналады. Бірақ қол еңбегі сияқты тез арада нәтижеге жете алмайды, себебі бұл ұзақ уақыт дене және ақыл-ой күшін талап етеді. Балалардың табиғаттағы еңбек дағдысы мен біліктілігін қалыптастыру үшін тәрбиешілер балаларға жануарлар мен өсімдіктер туралы білім беріп, оны күту біліктілігін қалыптастыру үшін жүргізілетін тәрбие жұмыстары табиғат бұрышында, бау-бақшада және гүлзарларда және т.б. орындарда өткізілуі қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың **қол еңбегі** туралы бірқатар ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде ерекше орын алады. Олар балалардың алуан түрлі материалдардан: картоннан, қағаздан, ағаштан, табиғи материалдардан әртүрлі заттар жасау мүмкіндіктерін, еңбек мазмұнын, әдіс-тәсілдерін көрсеткен. Я.И.Базик, Э.К.Гульянц, В.Ф.Ждан сияқты зерттеушілер табиғи материалдарды пайдалана отырып, ойыншықтар жасау техникасын, еңбекті ұйымдастыру жолдарын дәлелдеген [4]. Қол еңбегінің нәтижесі сапалы болу үшін, тәрбиеші тарапынан әдістемелік басшылықтың дұрыс болуы керектігімен қатар баланың ақыл-

ойының (түсінігін, қабылдау, есте сақтау, қиялдауының) даму деңгейіне, материалдармен, құралдармен жұмыс істей білу дағдысы мен біліктілігіне, мақсатқа жету, еңбекқорлығына, талпынысына, білуге құмарлығына және т.б. қасиеттеріне байланыстылығы тұжырымдалады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын шыңдау, біліктілігін дамыту, қазақтың қол өнеріне бейімдеуде қол еңбегінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, оны өткізудің тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбегін ұйымдастырудың негізгі формасы: тапсырма беру, кезекшілік, ұжымдық еңбек. Мектепке дейінгі балалардың еңбек тапсырмасын, олардың түрлерін, тәрбиелік мәнін, мөлшерін ғалымдар Г.М.Киселева, Д.В.Сергеева, А.Д.Шатова, балалардың кезекшілік міндетін, оның түрлерін, оған басшылық жасаудың жолдарын Т.В.Веденская, З.И.Борисова және ұжымдық еңбегі туралы Р.С.Буре, Т.И.Тарабарина әдістемелер жасады [5].

А.Д.Шатованың пікірінше, балаларға берілетін әртүрлі еңбек тапсырмалары тәрбиелік мақсатты көздеуі керек. Автор әртүрлі еңбек тапсырмаларының мазмұны, көлемі, ерекшелігі мен ұйымдастырылуы жағынан балаларды тәрбиелеуде жүйелі түрде қолдануға болатын үлкен мүмкіндіктерге ие екендігін көрсетеді. Балаларға берілетін тапсырманың мазмұнына қарай төрт топқа топтастырады.

Бірінші топқа – күнделікті өмір қажеттілігінен туындайтын қарапайым еңбек тапсырмалары (апару, әкелу, көтеру).

Екінші топқа – бірнеше еңбек операцияларынан тұратын тапсырмалар (торды жуу, жануарды тамақтандыру, гүлді суару).

Үшінші топқа – еңбек нәтижесіне бірден жете қоймайтын (тұқым себу, қуыршақтың киімін жуу) және есте сақтау арқылы орындалатын еңбек тапсырмалары (үйден сурет әкелу, қарындаштың ұшын шығару). Мұндай тапсырмалар тек бес жастан бастап беріледі.

Төртінші топқа – нәтижесі көрінбейтін, күнделікті өмірде көп қолданылатын тапсырмалар (әдіскерді сабаққа шақырып келу, телефонға қызметкерлерді шақыру). Біздің ойымызша, бұл тапсырмалар балалардан көп күшті талап етпесе де, ересектермен қарым-қатынас жасау және мекеме төңірегін бағдарлай білуге дағдыландырады. Еңбек тапсырмаларын тәрбиеші-педагог орнымен үйлесімді бере білген кезде ғана еңбек нәтижесі болады деп тұжырымдаймыз.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың еңбек әрекетін ұйымдастыру қол еңбегі, құрастыру сияқты арнайы ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінде және күн режиміне сәйкес ұйымдастырылған еңбек іс - әрекеттерінде (ұжымдық, топтық, жеке тапсырмаларды орындау, кезекшілік атқару) іске асырылады.

Ф.Н.Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика» оқу құралында оқытудың негізгі формасы – сабақ деп бере отырып, сабақ барлық балалар үшін міндетті, мұнда білім, білік, дағдыны игерумен қатар балалар тобын құруға, онда өмір сүріп, іс-әрекетпен шұғылдануға, бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасап, адамгершілік қасиеттерін, мінез-құлқын қалыптастыруға үйрететініне тоқталған. Сабақ сөзі қазіргі таңда жаңа стандарт бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті деп қолданылып жүр. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті тәрбиешінің басшылығымен өтеді. Ол ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мазмұнын, әдіс - тәсілдерін таңдап алып, балалардың білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеру әрекетін басқарады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізуге ең қолайлы кезең күннің бірінші жартысы. Себебі балаларға іс-әрекетпен шұғылдану тәңертеңгі тамақтан кейін, шаршамай, ойынға кіріспей тұрғанда ыңғайлы екені көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектерінде дәлелденген. Ал ересектер мен мектеп алды даярлық топтарында ұйымдастырылатын «Қол еңбегі» оқу іс - әрекетін күннің II жартысында жүргізуге де болады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті – бұл балалар бақшасында оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы. Ол барлық мектепке дейінгі балалар үшін міндетті, олар үшін ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің бағдарламалық мазмұны белгіленген, күн тәртібінде оны өткізуге тұрақты уақыт бөлінген, белгілі бір ұзақтығы көрсетілген. Ұйымдастырылған

оқу іс-әрекеті тәрбиешінің басшылығымен өтеді, ол балаларға жаңа білім береді, білетіндерін дәлдеп, бір жүйеге салады, практикалық іс-әрекеттерді ұйымдастырады, оның барысында балалар алған жаңа білімді нығайтып алуан түрлі іскерлікке, дағдыға үйретіледі. Оқу материалдары бірте-бірте күрделене түседі [6].

Балаларды ұжымда оқытудың белгілі артықшылықтары бар: бірігіп жұмыс жүргізуде олар біріне-бірі үлкен әсер етеді, белсенділік, өткірлік көрсетеді. Балалардың алдына бірігіп шешетін міндеттер қойылғанда, бірлесіп қам жеу пайда болады, ұжымдық сезімі қалыптасады.

Экскурсиялар, сурет салу, мүсін жасау, құрастыру жөніндегі жұмыстарды бірігіп орындау, қимыл дамыту және музыка оқуларында жалпы ойындар мен би билеуге біріктіру, көркем әдебиетті оқудан алған әсері бойынша бірлесіп қайғыру – осының бәрі тату балалар ұжымын құруға көмектеседі және ол ұжымда өмір сүріп, жұмыс істеуге қалыптастыру.

Оқыту үдерісінде балалардың мектепке, білімге ынтасы тәрбиеленеді, дұрыс мінез-құлық дағдысы, жауапкершілік сезімі, орындаушылық қабілеті, төзімділігі, еңбектену әдеті қалыптасады.

Балалар бақшасында тіл дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу және жазу, қоршаған ортамен таныстыру, қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, қол еңбегі, дене шынықтыру, музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері өткізіледі. Оқыту балалардың белсенді іс-әрекетімен, өз қимыл нәтижелеріне жетуге ұмтылуымен, ұзақ уақыт ерік назар аударуымен байланысты. Оның дене және ақыл-ой күштерін едәуір жұмылдыруын талап етеді. Осыларды ескере отырып, оқу көлемін, оқу сағатының ұзақтығын күн тәртібіндегі орнын дұрыс белгілеуге бағдарламаның әр түрлі бөлімдерінің жиілігіне, уақытылы жүргізілуіне үлкен сақтықпен қарау керек.

Серуен кезінде балалардың еңбек әрекетіне көңіл бөлу қажет. Оны ұйымдастырудың мазмұны мен формасы ауа райына және жыл мезгіліне байланысты. Мәселен, балалар күзде гүлдер тұқымын, бақша өнімдерін жинап, қыста қар үйіп, одан әр түрлі құстар жасауына болады. Балалар еңбегін қуанышты, сәбилердің пайдалы дағдылар мен іскерліктерді меңгеруіне жәрдемдесетіндей етіп жасауға ұмтылу қажет.

Балабақшадағы балалардың еңбегі.

Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуге үйрету. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету. Үлкендердің көмегімен гүлдерді суару, ағаштарға су құю, оқу құралдарын тарату, ас ішу кезінде тарелка, қасықтарды қойып шығу сияқты жұмыстарды үйрету. Үлкендердің еңбегінің және еңбектің қажеттілігі жөнінде түсінік беру. Балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру.

Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі - зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.

Балаларды еңбек түрлерімен және кәсіптермен таныстыру. Ұжымдық еңбекті татулықпен ұйымдастырып атқаруға үйрету. Еңбектің әр түріне баланың қызығушылығын ояту, ұжымда еңбек етуде белсенділік, ынта ықыласын көрсетуді қолдау. Өз қолымен жасаған еңбегіне қуаныш, мақтаныш сезімін тудыру. Еңбекке қызығушылығын тәрбиелеп жағымды көзқарас тудыру. Өз-өзіне қызмет етуі балабақшада және отбасында еңбекке араласу, яғни үлкендерге көмектесу.

Еңбек етуге жат қылықтар: Еріншектік, жалқаулық, шалағайлық, ұқыпсыздыққа жиренуге баулу, яғни жол бермеуге тәрбиелеу. Бақыт адамға еңбек арқылы келетінін ұғындыру.

Қорыта келе, мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру формалары: кезекшілік, тапсырма беру, жалпы, бірлескен және ұжымдық еңбек түрлері

қолданылатыны, сонымен бірге қол еңбегі, құрастыру, мүсіндеу ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті арқылы жүргізілетіні нақтыланды.

Гүл өсірсен терлеп,

Бұның аты – еңбек.

Кесте тіксең зерлеп,

Бұның аты - еңбек.

Қиындықтың бәрін

Еңбек қана жеңбек, деген өлең жолдарын айта отырып болашақ біздің ізбасарларымыз жас жеткіншектерге «Еңбек түбі – береке», «Еңбек ер атандырады», «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» екенін айтқымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. –232 б.
2. Жиенбаева С.Н. Мектепалды және кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретіндегі тәжірибесін қалыптастырудың теориялық негіздері. Монография.– Алматы: Нур-Принт, 2008. –296 б.
3. Жиенбаева С.Н. Мектепалды топ балаларын еңбекке баулудың ғылыми-педагогикалық негіздері. - Алматы, 2002.
4. Жиенбаева С.Н. Мектепалды топ балаларын еңбекке баулу. – Алматы: Нур-Принт, 2007. –198 б.
5. Ф.Н. Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика.– Астана:Фолиант, 2008.-329 б.
6. <https://bilimdiler.kz/balabaksha/2209-mektep-zhasyna-deyingi-balany-enbekke-baulu-arkyly-ruhani-adamgershilikke-tarbieleu.html>

ӘОЖ 372.212

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОП БАЛАЛАРЫН ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Каримова Р.Е. п.ғ.м., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: raziya.1966@mail.ru

Пахрадинова А. Ғ., Әсіл М. Ғ.

6B01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 4-курс студенттер

Аннотация

Бұл мақалада мектепалды даярлық тобындағы балаларды адамгершілікке тәрбиелеу жұмысында ертегілерді пайдалану ерекшеліктері сипатталған. Жұмыстың жетекші педагогикалық идеясы – ертегі арқылы баланың жан дүниесіне туған жеріне, туған жеріне, отбасына, ел тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншіліктің дәнін себу және тәрбиелеу. Баланың бойында қандай адамгершілік қасиеттер қалыптасады, ең алдымен, оның айналасындағы ата-анаға, ұстаздарға, үлкендерге, олардың оны қалай тәрбиелейтініне, қандай әсер қалдыруына байланысты. Ертегі мектеп жасына дейінгі баланың түсінігіне қол жетімді, жақсылық пен зұлымдықтың айқын қарама-қайшылығы, фантастикалық және моральдық тұрғыдан айқындалған бейнелер, мәнерлі тіл, оқиғалар динамикасы, ерекше себептік байланыстар мен құбылыстар оны балалар үшін ерекше қызықты етеді. Ертегі баланың адамгершілік жағынан дені сау тұлғасын қалыптастырудың таптырмас

құралы болып табылады, қоршаған дүниенің сұлулығын оған қолжетімді тілде түсінуге көмектеседі.

Тірек сөздер: ертегі, адамгершілік, тәрбие, балалар, еңбек, мейірімділік, мектепалды даярлық топ.

Аннотация

В данной статье описаны особенности использования сказок в работе по нравственному воспитанию детей в группе предшкольной подготовки. Ведущая педагогическая идея работы-посеять и воспитать через сказку в душе ребенка семена любви к родному краю, родному краю, семье, истории и культуре страны. Какие нравственные качества формируются у ребенка, зависит, прежде всего, от окружающих его родителей, педагогов, взрослых, как они его воспитывают, какое впечатление производят. Сказка доступна для понимания дошкольником, явное противопоставление добра и зла, фантастически и морально определенные образы, выразительный язык, динамика событий, особые причинно-следственные связи и явления делают ее особенно интересной для детей. Сказка является незаменимым инструментом формирования нравственно здоровой личности ребенка, помогает понять красоту окружающего мира доступным ему языком.

Ключевые слова: сказка, нравственность, воспитание, дети, труд, добро, дошкольная группа.

Annotation

This article describes the features of the use of fairy tales in the work of moral education of children in the pre-school group. The leading pedagogical idea of the work is to sow and educate in the soul of a child through a fairy tale the seeds of love for his native land, native land, family, history and culture of the country. What moral qualities are formed in a child, first of all, depends on the parents around him, teachers, adults, how they raise him, what impression he makes. The fairy tale is accessible to the understanding of a preschooler, the obvious contrast of good and evil, fantastic and morally determined images, expressive language, dynamics of events, special causal relationships and phenomena make it especially interesting for children. A fairy tale is an indispensable tool for the formation of a morally healthy personality of a child, helps him understand the beauty of the world around him in an accessible language.

Key words: fairy tale, morality, education, children, work, kindness, preschool group.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық өзгерістер егеменді ел тізгінін берік ұстауға қабілетті, жан - жақты жетілген парасатты азамат тәрбиелеп өсіруді көздейді. Адам болатын адамгершілігі бар бала - барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез әдеттерден, ұнамсыз қылықтардан аулақ болуға тырысуы керек.

Елін, жерін сүйетін, отаншыл, адамгершілігі мол, білімді, парасатты, ана тілін, ата-баба әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бойына сіңірген, оны қастерлей білетін азамат өсіруде ұстанатын басты тәрбие құралымыз – бағзы заманнан бері ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегіне айналған халық ауыз әдебиеті. Ол шығармалар мектепке дейінгі тәрбие бағдарламасы мен әдістемелік құралдарда лайықты орын алған.

Өткен ғасырлардағы педагогика тарихына көз жіберсек, Әл-Фараби Ж.Баласағұн, Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сияқты ойшыл-оқымысты ғалымдар өздерінің педагогикалық идеяларында жеке адамның адамгершілік қатынасын қалыптастырудағы маңызына ерекше мән берді [1].

Адамгершілік қатынастар, адамгершілік тәрбиесі туралы бірқатар ғалымдар (К.О.Тюменова, В.М.Коратов, И.С.Марьенко, И.Ф.Харламов, Р.М.Қоянбаев, А.Меңжанова, Ә.Әмірова және т.б) өз еңбектерінде қарастырған.

Демек, адамгершілік тәрбиесінің маңызы күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Ұлттық энциклопедиялық сөздікте «адамгершілік» адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы тұрғысынан қарастырылады [1]. Тәрбиенің құрамдас бөліктерінің арасында адамгершілік тәрбиесінің маңызы үлкен. Олай дейтініміз, адамгершілікті тұлға сұлулыққа құштар (эстетикалық), еңбекқор (еңбек), ақыл-ойын адамгершілік тұрғысынан жұмсайтын (ақыл-ой), денсаулығын нығайтуға оң көзқарасы қалыптасқан (дене тәрбиесі) болып келеді.

Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. **Адамгершілік** - адам бойындағы ең асыл **қасиет** және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл **қасиет** адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүйуге үйретеді. Егер адамда адамгершілік **қасиет** болмаса, ол адам өз - өзін сыйламайды. Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік **қасиеттерін** және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Балаларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез - құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани- адамгершілік **қасиеттері** қалыптасады.

Қазақ халқының тарихи, әдеби қорына құнды мұра қалдырған ғалым Ахмет Байтұрсынов. Оның «Қырық мысал», «Маса» т.б. өлеңдер жинағының негізгі идеялық қазығы- жұртшылықты оқуға, өнер, білімге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеуді көздеген. А.Байтұрсынов шығармаларында адамгершілік тәрбие мәселелеріне психологиялық -педагогикалық тұрғыдан зерделі көзқараспен талдау жасаған. Мәселен,

Тықылдап, құр пысықтай сөйлейтін көп,

Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.

Бос белбеу, босаң туған бозбала көп

Киіздей, шала басып қарпылмаған...,- деп жастардың өзіне-өзі сын қарауына, намыс туралы ойлауына, өмір өрісінен көрінуіне адамгершілік қасиеттердің қажеттілігін салмақтап саралағаны, еркін, жігерлікпен адамдыққа ұмтылып, сергек болуға жетелейді [2].

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. «**Адамгершілікке** тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата - ана үлгісі» - деп, Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды **қасиеттерге** ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды **қасиеттерді** сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. **Адамгершілікке**, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру барысында, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Ертегілер арқылы балалардың шығармашылық қиялы дамиды. Адамға ауа мен су қандай қажет болса, қиял да балағасондай қажет. Кезінде, А.С.Макаренко ертегілердің мәдени тәрбиелік жағына көп мән берген.

«Көптеген ертегілерді кішкентай балаларға айтып, түгелдей оның түсінігіне жеткізу үшін, оны қысқартуға, ықшамдауға, тілін өзгертуге болады және ертегінің тыңдағанда оның идеялы - көркемдік мазмұнын есепке алуы қажет» [3] - деп ескерткен.

Ертегілерді айта білу - өте маңызды педагогикалық талаптың бірі. Тәрбиешінің ертегіні мәнерлеп оқуы немесе мәнерлеп айтуы – бұл бір жағынан, ертегінің бар әсерін балалардың сезімін жетілдіру мен дамыту тәсілі болып табылады.

Қазақ халық ертегілерін оқып – білу барысында балалар ертегіні еркін әңгімелей білу, түсіне білу, т.б. іскерлігі мен дағдыларды меңгереді. Ертегінің қызықты мазмұны оқушылардың

адамгершілік, эстетикалық, патриоттық, еңбек, этикалық, экологиялық тәрбиелілігін жетілдіреді. Ертегі мазмұнын оқып білуде, тыңдап естуде, әңгімелеп талдауда баланың ойлау, қиялдау, зейін, ес, ерік, эмоция, көзқарас, талғам сияқты тұлғалық қасиеттері дамиды. Негізінен ертегілер баланың ой-өрісін жетілдіріп адамгершілік құндылықтарға бай болуға уағыздайды.

Ертегілер арқылы адамгершілік, әлеуметтік талап – тілектер беріліп отырған. Ертегілер арқылы жас жеткіншек бойына сіңірілетін адамгершіліктің асыл қасиеттері: ар, ұят, сыпайылық, елін, жерін сүю, жолдастық, достықты уағыздау жатады.

Халық ертегісі ішінде балалардың сүйіп тыңдайтын, олардың жас ерекшеліктеріне тән мұралар сондай көп, халық ертегісі ғасырлар бойы балалардың ықыласын өзіне қызықтыра тартып, жас жанына әсер етіп, көңілді шаттық күкіге бөлеп, қуантады. Халық ертегілерінің бай фантастикасы балалардың ойына қорғау салып, өмірдің неше алуан қиянатын танытады, сана – сезім, ақыл - ой қызметінің ерте дамуына, ерте қалыптасуына жәрдемдеседі.

Неліктен балаларды ертегі арқылы тәрбиелеу оңай?

Ертегілер барлық жастағы балалар арасында әрқашан танымал. Бұл балалар оңай түсінетін және қабылдайтын қарым-қатынас тәсілі. Ертегілер балаларды фантастикалық бейнелерімен, қызықты шытырман оқиғаларымен, әлемінің түрлі-түстілігімен және жарықтығымен тартады. Бала болып жатқан нәрсеге батып кетеді және сонымен бірге өзін кез келген кейіпкер ретінде елестете алады, сюжеттің барлық ауытқуларын бастан кешіреді.

Бала тәрбиесіндегі ертегілердің рөлі

Ертегінің тәлім-тәрбиелік сәті керемет күшті. Өкінішке орай, ертегілер арқылы білім алу мүмкіндігі ата-аналар тарапынан жиі бағаланбайды. Бірақ сіз оңай және қарапайым ертегілерді өзіңіздің ең жақсы көмекшілеріңізге айналдыра аласыз. Қалайша?

- Ертегіде балалар үшін маңызды ұғымдар бейнелі түрде беріледі, сондықтан санадан тыс деңгейде жақсы сіңеді.
- Ертегі баланы өзі тап болуы мүмкін қиын жағдайларға алдын ала дайындайды, күнделікті күрделі мәселелерді шешу жолдарын ұсынады.
- Ертегі арқылы бала бұл дүниедегі өз орнын біледі, жақсылық пен жамандық, батылдық пен қорқақтық, достық пен сатқындық туралы алғашқы түсініктерді алады. Нәрестеге ненің жақсы, ненің жаман екенін оңай әрі қарапайым түсіндіретін, адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарды сіңіретін ертегілер. Ертегі кейіпкерді қалыптастырады, жан дүниесін тәрбиелейді.
- Ертегілер қиял мен қиялды дамытады.

Жақындарыңызбен қарым-қатынастың жақындығын сезініңіз, олардың сүйіспеншілігін, түсіністік пен оның мәселелеріне назар аударыңыз. Бірлескен оқу - бұл сіздің балаңызбен дос болу мүмкіндігі, оның мәселелеріне немқұрайлы қарамау. Ертегі арқылы білім беру - балада тек жағымсыз эмоцияларды тудыратын жалықтырмайтын нұсқауларсыз, баламен тығыз, сенімді қарым-қатынасты сақтаудың тамаша мүмкіндігі. Ертегі – көңіл көтеретін адамгершілік сабағы.

Практикалық психологияда балаларды сөзбе-сөз түрлендіретін ертегі терапиясы әдісі кеңінен қолданылады. Терапиялық ертегілер белгілі бір мәселені шешуге бағытталған, ашуланшақтық пен қыңырлықты, жаман мінез-құлықты жеңуге көмектеседі.

Халқымызда қай тақырыпта да табылатын, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерлік ертегілері қаншама?! Ол ертегілер арқылы бала өз халқының тілін, мәдениетін, дәстүрін біледі және ой өрісі қиялы дамиды және адамгершілікке тәрбиеленеді.

Мектепалды даярлық тобындағы балаларды адамгершілікке тәрбиелеуге арналған ертегілер жинағы:

«Екі дос»

Бір күні екі дос орманда келе жатады. Кенеттен алдарынан бір аю шыға келеді. Сол кезде біреуі қаша жөнеледі, екіншісі талға өрмелеп жасырынып қалады. Қашқан жігіт ортада қалып кетеді. Алайда, не істерін білмей тұрғанда, ойына «Өлген адам сияқты жерге ет бетіммен жата қалсам, бәлкім құтылып кетермін» деп жерге жата қалады.

Аю келіп оны иіскелей бастағанда демін жұтып, дем алмай жатады. Аю кеткен соң талға өрмелеп кеткен досы төмен түсіп, досының қасына келіп, күліп: «Айтшы ал, аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады?» дейді. Сонда досы: «Досына қауіп-қатер төніп тұрғанда қашып кеткен адамдардан сақтану керектігімді, айтты» дейді.

«Кедей мен бай»

Ертеде бір бай мен кедей көрші болыпты. Бай өзінің кедей көршісін мүлдем жақтырмайды екен. Сөйтіп, күнде таңертең кедейдің үйінің алдына, қоқысқа толы қорапты тастап кетеді екен. Ал кедей болса, еш ашуланбастан, қоқысқа толы қорапты босатып, орнына гүл толтырып, байдың есігінің алдына қояды екен. Бұл жағдай үнемі осылай жалғасып тұрыпты. Кедейдің бұл ісіне таң қалған бай «Мен оған қоқыс берем, ал ол маған не үшін гүл береді екен?» деп ойланып, кедейге дәл осы сұрақты қояды. Сонда кедей:

— Әркім өзінің жүрегінен шыққан нәрсені береді, — депті. Осыдан соң, бай көрші, жасаған ісінің бұрыстығын біліп, кедей көршісінен кешірім сұраған екен!

«Торғай мен тышқан»

Торғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі бірігіп егін егеді. Тышқан жерді аяғымен қазып, торғай тұмсығымен шоқиды.

Егін жақсы шығады. Олар бітік өскен бидайды жинап алып, бөле бастайды. Бір бидай артық қалады. Енді соны қайсысы аларын білмей, жанжал басталады. Торғай тұмсығымен шоқып, тышқан тырнағымен осықлап, олар бір-бірімен ұзақ төбелеседі.

Маңайында ешкім болмаған соң, олар өздерінің билеріне барып, жүгінбек болады.

Алдымен олар тышқандар биіне келеді. Ол:

– Бұл бидайды тышқан алуға тиісті. Өйткені, тышқанның күші көп. Ол тырнағымен көп жер жыртып, ұртымен бидай септі, – дейді.

Енді олар торғайлар биіне келеді. Ол:

– Бұл бидай торғайдікі. Себебі, торғай егіндегі барлық арам шөпті жұлған. Күнде үстінде ұшып, егінді күзетіп жүрген, – дейді.

Бұған да келісе алмаған соң, торғай мен тышқан далада қой бағып жүрген бір шалға келеді. Шал дәнді алып, екеуіне бірдей қып бөліп береді. Торғай да, тышқан да разы болып, өз жөндеріне кетеді.

«Елеместің адамгершілігі»

Ертеде бір кедейдің үш баласы болыпты. Үшеуінің мінезі үш түрлі екен. Үлкені қатыгез, қу, тек қана өзін ойлайтын, ал ортаншысы жігерсіз, елдің айтқанымен жүретін адам болып өседі. Ең кішісінің аты Елемес екен. Ол ағаларына қарағанда мейірімді, адал, еңбекқор еді. Күні жетіп әкелері ауыр науқастан қайтыс болады. Бар жиған-тергенін балалары әкесін жерлеуге жұмсап, өздері панасыз қалады. Басқа амалдары қалмаған жетім балалар күн көру үшін алыс жолға аттанады. Ұзақ жүрген үшеуінің алдынан екі айрық жол шығады. Осы жерде таста қашалған сөздер бар екен. Онда екі бағыт көрсетілген: біреуі – барса келмес, екіншісі – барса қайтар. Ағалары:

— Кішіімізқайда барса да сый-сияпатқаиеболады. Оныңбізденқандайартықшылығы бар? Одан да Елеместенқұтылайық, – депкеліседі де:

— Сен барса келмес деген жолмен кет, ал біз барса қайтармен барайық, — дейді інілеріне.

Елемес келіседі. Ол ағаларымен қоштасып, өз жолымен кетеді.

Жолшыбай қалың орманда Елемеске көкжал қасқыр кезігеді.

— Сен неге бұл жолмен жүрдің? Осы жолдың «барса келмес» аталуынбілмеуші ме едің? Әлде өмір сүргің келмей ме? Мен сені жеймін! — деп ол ақырады.

Елемес қасқырға:

— Амал қанша? Өмір де, өлім де біреу. Одан қашып құтыла алмайсың. Пешенеме жазылғаны осы болса, көнбеске амал бар ма? Жегенің ас болсын! – деген екен.

Қасқыр осындай батыл адамды алғаш кездестіргенеді. Елеместің берген жауабына разы болған ол:

— О, достым, бұл – менің құлағыма тиген бірінші жылы сөз. Бұдан бұрын маған кезіккендер «жегенің ас болмасын» дейтін. Мен ерегісіп, оларды өлтіруші едім. Сондықтан бұл жол «барса келмес» атанған. Сенің айтқан сөзің маған қатты ұнады. Мен сені жей алмаймын. Екеуіміз дос болайық. Реті келсе саған көмегім де тиіп қалар, — дейді де қоштасып, өз жолымен кетеді.

Елемес одан әрі жүре береді. Бір уақытта алдынан үлкен қала шығады. Ол осы қалаға қарай бет алады. Қаланың кіре беріс жерінде жәрмеңке болып жатыр екен. Елемес жәрмеңкені аралап келе жатып алдында жатқан бір әмиянға көзі түседі. Әмиянды жерден көтеріп алып:

— Мынау кімнің әмияны? Кім жоғалтты? – деп жар салады. Бұл сөзді естіген жәрмеңкеде жүрген қала жұрты аңтарылып Елемеске қарап қалады. Осы кезде Елеместі қоршап тұрған адамдардың арасынан бір қария шығып:

— Мен жоғалттым. Оның ішінде менің өмір бойы жиып-терген алтын теңгелерім бар. Оларды әйелім тігіп берген гүлді орамалдың ішіне түйіп қойғанмын. Балам, әмиянды ашып көрші, – дейді.

Елемес әмиянды қарап тұрған жұрттың көзінше ашады. Расында да ішінде гүлді орамалға түйілген алтын теңгелер бар екен. Жоғын тапқан қария қуанып, Елемеске алғысын айтады.

— Балам, өзің кім боласың? Қайдан келесің? Қайда бара жатырсың? – деп жөн сұрайды. Елемес қарияға барлық мән-жайды айтып береді. Оның әңгімесін естіп болған қарт:

— Сен мейірімді, адал жан екенсің. Егер қаласаң, осы қалада қал. Менің үш ұлым бар еді, төртіншісі бол, – дейді.

Елемес қарияға еріп, оның үйіне барады. Қарияның балаларымен бірге жер қазып, егін егеді. Бір күні жер қазып жүрген оның күрегіне бір зат ілінеді. Алып қараса – алтын. Алтынды көрген ол одан әрі қаза түседі. Сол жерден ат басындай алтын тағы шығады. Елемес тапқан алтынды алып, қарияның үйіне келеді де:

— Әке, мен атбасындай алтын таптым. Міне, алыңыз, – деп алтындышалғаұсынады. Оныңкөңіліне разы болғанқария:

— Балам, бұл алтынның маған қажеті жоқ. Қашанғы бізбен бірге тұра берем дейсің. Өзіңше үй-жай болып, өніп-өс. Бұл – адалдығың мен еңбегіңнің арқасында тапқан байлығың, – деп кеңес береді.

Елемес алғысын айтып, алтынның бір бөлігін қарияға береді. Өзі қалған алтынын сатып, үйленіп, үй болады. Мал-мүлік жинайды. Ешқандай қара жұмыстан қашпай, күні-түні еңбек етеді. Бірде жұмыстан шаршап келген Елемес ұйықтап жатып түс көреді де шошып оянады. Түсінде ағаларының халі нашар екен. «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деуші еді. Ағаларымның жағдайлары қалай екен. Мүмкін, олар қиналып жүрген шығар. Осы байлықтың рахатын жалғыз өзім көргенше, ағаларыммен бөлісейін деген оймен Елемес еліне көшпек болады. Осы күнге дейін әке болып келген қарияға барып, батасын алады да жолға шығады.

Көшіп келе жатып, баяғы екі жол айырылатын жерге жеткенде, ағаларын кездестіреді. Олар әбден жүдеп, азып-тозып кеткен екен. Елемес ағаларына киім, тамақ береді. Елдеріне оралып, әкелерінің шаңырағын қайта көтереді. Ал ағалары қанша қиыншылық көрсе де мінездері түк өзгермепті. Олар інілерінің бұл жасаған жақсылығын түсінбейді. Елеместі күндеп, одан қалай да құтылудың амалын ойластыра бастайды. Бір күні ағайынды үшеуі аң аулауға шығады. Қайтар жолда қаннен-қаперсіз келе жатқан Елеместі бауырлары өлтіреді. Інілерін айдалада тастап, үйлеріне оралады. Келіндеріне:

— Сенің күйеуің аң аулап жүріп, үлкен жартастан құлап мерт болды, – деп, өтірік айтады. Өздері інілерінің бар жиған-терген мал-мүлкіне ие болып, әйелін ертіп басқа жерге көшіп кетеді. Осы кезде баяғы қасқыр жортып келе жатқан еді. Ол алыста ұшып-қонып, шуылдап жүрген топ қарғаны көреді. «Бұл не болды екен?» деген оймен қарға үймелеген жерге жақындайды. Келіп қараса, ол баяғы өзінің өліп жатқан досы екен. Енді не істеу керек? Қасқырға бір ой сап ете түседі. Ол жата қалып, білдіртпей жер бауырлап жылжып барады да қарғалардың арасынан патшасын ұстап алады. Қалған қарғалар:

— Патшамызды босат! – деп шулап қоя береді. Сонда қасқыр қарғаларға:

— Сендер адам тірілтетін шөп әкеліп беріңдер! Ол ең биік құздың басында өседі. Міне, сонда ғана патшаларыңды босатамын, – дейді.

Қарғалар келісіп, адам тірілтетін шөп өсетін құзды іздеп, жан-жаққа ұшып кетеді. Олар жер-көкті қоймай қарап, ақыры сол құзды табады. Құздың басында жан-жағына сәулесін шашып тұрған шөпті көреді. Издегендерін тапқанына қуанған олар шөпті алып, кері қарай ұшады. Қасқыр қарғалар әкелген шөпті суға салып жұмсартып, Елеместің аузына салады. Елемес орнынан түрегеледі. Қасқыр қарғалардың патшасын қоя береді.

Қайта тірілген Елемес есін жиып, досына рақметін айтады. Сонан соң ағаларын іздеп шығады. Көп ұзамай алдынан ауыл көрінеді. Бұл ағаларының ауылы екен. Елемес үлкен ағасының үйіне барады. Ол жерден нан пісіріп отырған өзінің әйелін кездестіреді. Екеуі көрісіп болған соң, ішке кіреді. Үйдің төр жағында ағасы ұйықтап жатыр екен. Ашуын тоқтата алмаған ол ағасын қылқындырып өлтіріп қоя жаздайды. Артынан кірген әйелі оны әрең дегенде тоқтатады. Інісінің тірі екенін көрген және оның ашуынан қорыққан үлкен ағасы Елеместен бас ұрып кешірім сұрайды. Ашуы бәсеңдеген Елемес:

— Өмір сені еш өзгертпепті. «Аққа Құдай жақ» демекші, мен досымның арқасында қайта тірілдім. Бірақ сенен өшімді алғым келмейді. Жаман бол, жақсы бол, ағамсың. Тірі жүр, бірақ менің маңайыма жолаушы болма, – дейді де әйелін ертіп үйден шығып кетеді.

Енді Елемес әйелін сырт жерде қалдырып, өзі кіші ағасының үйіне барады. Ағасы сыртта құлпытас жасап отыр екен. Ол інісін танымайды. Елемес те танымаған кісі болып сәлем береді.

— Үйге кір, – деп, ағасы сый-құрмет көрсетеді. Өңгімелесеотырып, олЕлемеске бар сырынайтады.

— Біз ағайынды үш жігіт болатынбыз. Кіші ініміздің аты Елемес еді. Күншіл ағам «оны өлтірейік те байлығын бөліп алайық» деп қоймады. Бірде аннан оралып келе жатқан кезімізде Елеместі өлтіріп, жапан далада тастап кеттік. Інімді ағамның тіліне еріп көмбей кетіп едім. Енді сол жасаған опасыздығыма өкініп жүрмін. Тым болмаса, оның сүйегін тауып жерлейін деп, қазір басына қоятын құлпытас жасап жатырмын, – дейді.

Елемес кіші ағасының әңгімесін тыңдап болған соң, өзін таныстырады. Басынан өткізген жайды баяндап береді. Ағасы інісінен кешірім сұрайды. Осылай, ағайынды екеуі татуласып, жылап көріседі. Олар баяғы әкелерінің шаңырағын қайта көтеріп, балалы-шағалы болады. Жалғыз қалған үлкен ағалары қартайған кезінде қателігін түсініп, бауырларына келіп қосылады.

«Бес ешкі»

Ертеде бір кедей болыпты. Оның бес ешкі, бір қара тоқтысы және бір құла аты болыпты. Кедей ешкілері мен тоқтысын байдың қойына, атын байдың жылқысына қосады екен. Бір күні азынап тұрған боранда бай бес ешкі мен қара тоқтыны, құла атты өз малынан бөліп, елсіз-күнсіз айдалаға айдап жібереді. Ұли соққан боран, үскірік аяздан бүрсең қаққан бес ешкі бір тасқа келіп ықтайды да тасжарғанның бүршігін күрт-күрт шайнап тұра береді. Қара тоқты бишара оларға ере алмай, «Енді өлдім-ау» деп, маңырап тұрғанда, тап қасынан бір түп көкпек көрініпті. Көкпектің түбіне келіп, теуіп-теуіп кеңейтіп, бүрлерін бырт-бырт шайнап, жата беріпті.

Жал-құйрығына қар қатқан,

Қабағын қалың мұз жапқан,

Әрлі-берлі көп шапқанқұла ат қамыстың арасындағы бетін көбік қар жауып қалған бір құдыққа күмп етіп, түсіп кетіпті.

Оқыранып, осқырынып,

Қайшылап тігіп құлағын,

Жұлып жеп ернеу құрағын, күрт-күрт шайнап, о да тұра беріпті.

Сөйтіп, кедейдің бар малы ақ боранның астында, қараңғы түнде айдалада қалыпты. Боранмен бірге құтырып, араны ашылған аш қасқыр жем іздеп келе жатып, қара тоқтының дәл үстінен түсіпті:

— Қара тоқты, қара тоқты, сені жеймін! – депті қасқыр.
— Ағатай, ағатай, мені жеме, ана жерде бес ешкі тұр, соны же, – депті тоқты.
— Жарайды, – депті де қасқыр аузын ақсита түсіп, бес ешкіге жетіп келіпті.
— Бес ешкі, бес ешкі, мен сендерді жеймін!
— Қасеке, қасеке, бізді жеме, ана жерде жалы құлағынан асқан құла ат құдыққа түсіп жатыр, соны же, – депті бес ешкі.
— Жарайды, – депті де қасқыр құлағын тікірейтіп, арқа жүнін сыртқа теуіп, құла атқа келіпті.
— Құла ат, құла ат, мен сені жеймін! – депті қасқыр.
— Сен қасқыр едің, мен ат едім. Ең болмаса, мені мына құдықтан шығарып алып, батпағымды тазарт, артыма шығып отыр да бір аят оқы, сонан соң же. Онсыз да өлгелі жатырмын ғой, – депті құла ат.
— Жарайды, – деп, қасқыр құла аттың құйрығынан мықтап тістейді де құдықтан шығарып алады. Аяғымен тырналап, батпағын тазалайды.
— Енді әрі қарап тұр да иманыңды айта бер. Мен Құранды келістіріп оқимын да келістіріп тұрып сені жеймін, – депті қасқыр.
Құла ат құлағын жымырып, артқы аяғын бауырына алыңқырап, тұра беріпті. Иен дала, айсыз түн, азынаған боранда өзімнен басқа батыр жоқ деп даңғойсыған бөрі құла аттың артына шығып, шоқиып отырады да молдаларға ұқсап, екі көзін шарт жұмып, өзінше әндетіп, ұли бастайды. Андып тұрған құла ат қырындай түсіп, көз тастап, артқы аяғымен дәлдеп тұрып қасқырдың шықшытынан періп кеп қалады. Шықшыты сынып, екі көзі алдына ағып түскен қасқыр қылжиып жатып ұлиды:
Қаратоктыныжемеген
Қобылан басым-ау, у... у...
Бес ешкініжемеген
Бағылан басым-ау, у... у...
Құлааттықұдықтансуырыпалған
Палуан басым-ау, у... у...
Артынашығып, Құраноқып,
Көзжұмармолдамаедім? Ау... у...–
Осыныайтады да, қылжиыпжатыпөледі.
Ертеңінетаңатып, боранбасылғансоң, кедейбіртөбеніңбасынакеліп, былайдеп,
малдарыншақырыпты:
Қойбаласықоңырым,
Ұябұзбасмомыным,
Шопанататүлігі —
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт!
Пұшайт!
Жүнінжұлсабақырған,
Ешкіатасыншақырған.
Өрістеөскенжануар –
Шөкетайым, қайдасың?
Шөре!
Шөре!
Жолғашықсам – көлігім,
Жапандажүрсем – серігім,
Қамбаратаөсірген,
Құлаатымменің, қайдасың?
Құрау!
Құрау!

Бұл дауысты естіген соң, құла аты қар бұзып, бес ешкі шұбап жол салып, қара тоқтыны сондарынан ертіп, аман-есен иелерін тауыпты. Кедей малдарын әкеледі де жылы қораға кіргізіп, астарына жайлап көң төсейді, пішен мен жемге тойғызады. Олардың көрген-білгендерін сұрайды да әңгімеге әбден қанып алған соң: — Сен неге басыңды сауғалап, бес ешкіні саудаға салдың? – деп, қара тоқтыға кінә қойыпты. — Мүйізім болса өскен жоқ, буыным болса қатқан жоқ, өзім жалғыз әрі әлім келмейтін болған соң, солардан бір зауал болар деп, бес ешкіге жіберіп едім – деп, жауап беріпті қара тоқты.

— Сендер неге өз бастарыңды сауғалап, құла аттың басын саудаладыңдар? – депті бес ешкіге.

— Сіздің құла атпен талай рет қасқыр соққаныңызды білеміз. Сондықтан “ер қанаты - ат” еді ғой, бір зауал содан болар деп едік. Онымыз дәл келді, әйтпегенде, аш қасқыр бәрімізді де жеп қоятын еді, – депті ешкілер[4].

Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Адамгершілік тақырыбы мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңіру ертегі арқылы беріледі. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-қазақ ертегілерінде десем артық айтпаған едім.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Ендеше, ақпараттық технологилар дамыған кезеңдегі балалардың ой-қиялдарын өз ертегілері арқылы жеткізу мүмкіндігі бар. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Адамгершілік тақырыбы мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңіру ертегі арқылы беріледі. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-қазақ ертегілерінде десем артық айтпаған едім.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Ендеше, ақпараттық технологилар дамыған кезеңдегі балалардың ой-қиялдарын өз ертегілері арқылы жеткізу мүмкіндігі бар.

Қорыта айтқанда, ертегінің бірінші қызметі - тәрбие беру, содан кейін танымдық. Сондықтан баланың бүкіл ықыласы мен ынтасын жас кезінен бастап адамгершілік қасиетті бағалай білуіне аударуымыз керек. Ал ол терең мағыналы халық шығармалары арқылы жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Б.Қ.Ахметова Халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегілер арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие -2013. №4. С 41-43
2. Б.Қабатай Ертегілер мен аңыздар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.Қазақстан мектебі-2008ж; №3 С. 64-67
3. А.Р.Жақитова Ертегілер оқыту арқылы баланың танымдық қабілетін арттыру. Қазақстан педагогтар хабаршысы – 2015; №2 С. 67-72
- 4.Ғабдуллин. М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы., 2011

ӘОЖ 37.037.1

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Каримова Р.Е. п.ғ.м., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Аннотация

Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық ойындарды пайдалану арқылы физикалық дағдыларын дамыту ерекшеліктері сипатталған.

Жұмыстың жетекші педагогикалық идеясы-мектепке дейінгі ұйымда ұлттық ойындарды пайдалану арқылы балалардың физикалық дағдыларын дамыту, сонымен бірге қозғалыс дағдыларын дамытуға байланысты ұлттық ойындар түрлері физиологиялық, психологиялық тұрғыдан қазіргі заман талабына сай ары қарай дамытуды, балаларға ұлттық ойындардың құндылығын насихаттаумен қатар, оларды қолданудың озық тәжірибелерін жинақтау. Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, ұрпақтан - ұрпаққа жетуін насихаттау, баршамыздың міндетіміз екендігін сөз етемін.

Тірек сөздер: ойын, салт-дәстүр, мамандандыру, рух, эстафеталық қозғалыс, ойындар жүйесі, физиология, секіру, шапшаңдылық, ептілік, әдіс.

Аннотация

В статье описаны особенности развития физических навыков дошкольников с помощью национальных игр.

Ведущей педагогической идеей моей работы является развитие физических способностей детей посредством использования национальных игр в дошкольной организации, а также дальнейшее развитие национальных игр, связанных с развитием двигательных навыков в соответствии с современными требованиями от физиологической и психологической точки зрения, а также пропагандировать значение национальных игр для детей, а также передовой опыт их использования. Я хочу сказать, что долг каждого из нас – не потерять наши национальные игры, являющиеся драгоценным достоянием нашего народа, а передавать их из поколения в поколение.

Ключевые слова: игра, традиция, специализация, дух, эстафетное движение, система игры, физиология, прыжки, ловкость, метод.

Annotation

The article describes the features of the development of physical skills of preschoolers with the help of national games.

The leading pedagogical idea of my work is the development of children's physical abilities through the use of national games in a preschool organization, as well as the further development of national games related to the development of motor skills in accordance with modern requirements from a physiological and psychological point of view, as well as to promote the importance of national games for children, as well as best practices for their use. I want to say that the duty of each of us is not to lose our national games, which are the precious heritage of our people, but to pass them on from generation to generation.

Key words: game, tradition, specialization, spirit, relay race, game system, physiology, jumping, agility, dexterity, method.

Ұлттық ойындар, қазақтың ұлттық ойындары — ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері. Бүгінгі бізге жеткен ұлт ойындарының тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. 1-мыңжылдықта қалыптасқан. Тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тараған. Ұлттық ойындарды меңгеру барысында балалар мен жасөспірімдер әр түрлі жаттығулар жасау арқылы денесін шынықтырады, сол арқылы физикалық дағдылары және ой-өрісін дамытады. Қазақ ұлты, негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып

қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойындарды орайластырып, дамытып отырған. Мұны бір ойынның бірнеше нұсқаларының болуы да айғақтайды (Мысалы: белбеу тастау, орамал тастау, ханталапай, жаяу көкпар, т.б.). Қазақ қоғамындағы ұлттық ойындардың негізі, оның шығу тегі көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерден басталады. Олардың көбі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген. Ойындардың басты тәрбиелік мәні — болашақ ұрпақты келешек кәсіптерге баулу, мамандандыру, яғни олар дәстүрлі ұлттық педагогиканың бір саласы болып табылады (Айгөлек, Алтыбақан, Ақ сүйек, Соқыр теке, Таяқ жүгірту, Көрші т.б.) [1].

Тақырыптың өзектілігі: XXI - ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні - мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар - қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі-түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бергін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсартуда пайдасы зор. Ұлттық ойындар - ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, ұлттық ойындарды үйренудің, күнделікті пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді. Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайық түрлері «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық - Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады және баланың физикалық қасиеттері дамиды [2]. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді. Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып, адамдық қасиеттерді ұғындыру, қалыптастыру болып табылады. Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған. Оларды аяғын басып жүре бастаған кезінен бастап ұлттық ойындарға икемдеп баланың епті, шымыр болып өсуіне тәрбиелейді. Ұлттық ойындар балаларды тапқырлыққа турашылдыққа, шымырлыққа, балалардың туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады. Кез –келген елдің баласы ойынмен ержетеді. Бірақ әр халықтың бала болашағына көңіл бөлуі әртүрлі. Осы тұрғыдан алғанда қазақ елі өзге халықтардан оқ бойы озып тұр деуге толықтай негіз бар. Баланың байсалды да байыпты болып қалыптасуы - ұлттық ойындардың тамырынан нәр алуында жатыр. Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты рөл атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет – ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар алады. Егер балабақшада жұмыс стилі ұлттық дәстүр, салт – санаға бағытталған болса, мысалы, барлық топ бөлмелері, залдар қабырғаларындағы тұскиіз, ою, сырмақ, домбыра, қамшы, ер сияқты заттардың өзі күнделікті баланың көз алдында болғандықтан осы бұйымдарға көздері қанық болып өседі. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты :

- балалардың денсаулығын нығайту;
- денені шынықтыру;
- мәдениетін қалыптастыру;
- өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.
- ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері:
- қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру;
- қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру;
- денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту;
- қызығушылығын қалыптастырып дамыту;
- ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:
- ойынның мақсатын нақты анықтап керекті көрнекіліктер мен материалдарды алдын-ала дайындап, оңтайлы жерге қою.
- ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін балаларға әбден түсіндіру.
- ойынға балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын балалардың қызметіндегі психикалық процесті (сезіну, қабылдау, ойлау, елестету, ес, ықыласын, тілін) белсендіреді. Ойын ерікті түрде құрылады. Ойын шығармашылық қабілетті дамыту үшін барынша мүмкін жағдай жасайды. Ойын барысында балалар қанағаттанарлық, қуаныш алады. Ойын кез келген оқу материалын еліктіретіндей, қызықтыратындей жағдайға әкелуге көмектеседі. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс кезде баланы ұлттық ойын арқылы өмірге тәрбиелеу үздіксіз процестің жалғасы. Халықтың ұлттық ойындары - жас ұрпақтың қалыптасып өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі және дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты. Ойын - дене қозғалысы, шыныққан денесінің шеберлігі, көңіл көтеру, дем алу, бас қосып бірлесіп әдет-ғұрыпты жалғастыруға үндесу. Мектеп оқушыларына дене күшін, қозғалыс дағдыларын дамытуға байланысты ұлттық ойындар түрлері физиологиялық, психологиялық тұрғыдан қазіргі заман талабына сай ары қарай дамытуды қажет етеді. Балабақшада балаларға ұлттық ойындардың құндылығын насихаттаумен қатар, оларды қолданудың озық тәжірибелерін жинақтау және дамыту керек. Ұлттық ойындар екі топқа бөлінеді, спорттық және ақыл ойға арналған ойындар болып. Спорттық ойындарға: қыз қуу, кокпар, ақсүйек, арқан тартыс т. б жатса, ақыл ойға арналған ойындарға тоғызқұмалақ, асық ойындары жатады. Ұлттық ойындарға мына ойын түрлері жатады: «Тоғызқұмалақ», «Бәйге», «Асық», «Ақсүйек», «Арқан тарту», «Қыз қуу», «Көкпар», «Күміс алу», «жамбы ату». Бұл ойындар баланың еңбекке деген қарым - қатынасы мен ойлау қабілеттерін арттырады және баланы шымыр да епті, зерек те алғыр, тапқыр да парасатты болып өсуге тәрбиелейді. Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, ұрпақтан - ұрпаққа жетуін насихаттау, халқымыздың, баршамыздың міндетіміз деп білейік. Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабағында жоспарға енгізу арқылы өткізу жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ әдіс десек болады. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйретіп отырса, жетілдірсе, қайталау арқылы пысықтап отырса, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі. Алдымен ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төменгі, орта және жоғарғы топ балаларына ойнайтын ойындар деп бөліп алу керек. Мысалы, орта топ балаларына эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыруға болады. Көп қозғалыс пен күшті талап ететін де ұлттық ойын түрлері бар, балалардың шымыр да ширақ боп өсуіне әсер етеді. Қазақтың ұлттық ойындары жүгіру, секіру элементтеріне бай. Ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру –

жас ағзаның дұрыс та сергек өсуінің көзі болған және де балалар ойын ойнаған кезде ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты сонымен қатар, мінез-құлық ерекшеліктерін, білек-күшін, дененің сомданып шынығуын қалыптастырады. Сондықтан ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану қоғамымыздың ұлттық идеологиясын нығайтудағы өзекті мәселелердің бірі. Демек, халқымыз ұлттық ойындар арқылы жастарды өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды басты мақсат еткен. «Хан дойбысы» ойын түрлерін спорттық, «Хан талапай», «Төрт асық», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Омпы», «Сасыр» ойындары дәлдікті ептілікке, серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының әлсіз және күшті жақтарын дұрыс анықтауға ерекше мән береді. Оның күш қабілетін тура бағалау ережесіне енеді. Қорыта айтқанда ұлттық ойындар - салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың маңызды құралы. Бала тәрбиесі әрқашанда күнделікті өмірдің ең басты да жауапты мәселесі ретінде қарастырылып келген. Ал қазіргі қоғамда ұрпақты жан-жақты дамыту, оны жеке тұлға ретінде жетілдіру ісіне айрықша көңіл бөлініп, бүкіл тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңарту көзделуде. Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі ұйымдардың оқу тәрбие жұмысында пайдалану тәрбиешіден үлкен білімділікті, шеберлікті, соның нәтижесін көруге деген құштарлық пен төзімділікті, сабырлықты қажет етеді. Өйткені ол, бір күндік немесе бір жылдық іс-әрекеттің жемісі емес, ұзақ жылғы тірнектеп жиылған еңбектің жемісі болып табылады. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие жұмысына пайдалану педагогикалық жүйенің жалпы заңдылықтарына бағынады. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шындай түседі. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған[3].

«Асық ату» - Қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі.

Ұлттық ойындары көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлт ойындары да осыған икемделеді. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды. Ондай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді. Бұл ойынның еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері болған.

"Ұшты-ұшты" — ұлттық ойын.

«Ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатынасушылар орталарынан ойынды басқарушы сайлап алады. Ойын бастаушы ойынға қатынасушыларды столды айналдыра отырғызады немесе шеңбер құрғызып дөңгелене тұрғызады да, ойнаушылардан оң жақ сұқ қолын столдың үстіне тигізе көтеріп, «ұшты-ұшты» деп отыруларын сұрайды, өзі де солай істеп көрсетеді[4]. Бұдан кейін ол:

— Мен ұша алатын затты атап, «ұшты» деп қолымды көтергенде, бәрің де тез қолдарыңды көтеріп, алақандарыңды жазып, «ұшты-ұшты» деп қалықтатып тұрасыңдар. Бұл «ұшқандарың»: «Мысалы, «қаз ұшты» десем, сендер де «ұшыңдар». Енді мен әдейі өздеріңді жаңылдыру үшін әлгі затпен аты ұйқас тағы бір ұша алмайтын нәрсені атап, «ұшты» деп қолымды көтерсем, онда сендер ұшпайсыңдар. Мысалы, «қаз ұшты». Бұл жағдайда

ұшпайсындар. Ұша алатын затты атағанда ұшпай қалған, сол сияқты ұша алмайтын затты атағанда «ұшып кеткен» ойнаушы ұпай тартады,— деп түсіндіреді. Бұдан кейін ұпайдың шарты туралы келісіп алады. Мысалы, бір ұпай 2 ауыз ән салу, не 3 жұмбақ шешу, не 3 жаңылтпаш айту немесе өз көлеңкесімен сөйлесу, көзін байлатып ортаға шығып, «Соқыр теке» болу, т. б. ұпай көбейген сайын бұл сияқты шарттар да көбейе береді. Ойын басталады:

Ұшты, ұшты, ұшты — тарғақ ұшты! (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты — жарғақ ұшты! (ұшпайды)

Ұшты, ұшты, ұшты — үкі ұшты! (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты — түлкі ұшты! (ұшпайды)

Ұшты, ұшты, ұшты — бүркіт ұшты! (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты — іркіт ұшты! (ұшпайды)

Ұшты, ұшты, ұшты — үйрек ұшты! (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты — бүйрек ұшты! (ұшпайды)

Ұшты, ұшты, ұшты — кекілік ұшты! (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты — кекілің ұшты! (ұшпайды)

Ұшты, ұшты, ұшты — қызғыш ұшты (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты — сызғыш ұшты! (ұшпайды)

Осы тәртіппен ойын жүргізіле береді. Ойын қатынасушылардың сезімталдығын шыңдап, тез жедел ойлай біліп, нақты әрекет жасауға, іштей жинақы болуға қалыптастырады [5].

«Түйілген орамал»

Жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындары - баланың зерек те ақылды, шымыр да ширақ боп өсуінің басты құралы. Оны оқыту процесінде қолдану - тиімді әдіс. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен физикалық дамуының табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баласының жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз бола алады. Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай-қайсы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты-ұшты», «Соқыртеке», «Түйе мен бота», «Арқан тарту» т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді. Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек», «Теңге алу» т.б [6].

Ұлттық ойын баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол. Шындығына келсек, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше. Басқаны былай қойғанда, әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, енді бір ойын талғампаздыққа, ал

енді бір ойын қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының бала тәрбиесінде маңызы зор екеніндігін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Ш. Балапанова Мектеп жасына дейінгі балаларды халық ойындары арқылы ұлттық мәдениет көздеріне тарту., 2015 ж.
2. Бекен Қайратұлы, Асық ату. , Асық түрлері. -Ұлттық тәрбие -2019. №4. С 41-43
3. С.К. Құрманбаева Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі.- Алматы, 2004,20 б.
4. А.С. Атабаев Ұлттық ойындар- халық мұрасы.- Алматы: Кітап, 2018, 275 б.
5. Б. Төтенаев Қазақтың ұлттық ойындары. –Алматы:Қайнар 1995.

ӘОЖ 1174

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жаксылық М.А. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
магистрант

Ғылыми жетекші: **Сәдуақас Г.Т.** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
zhaksylykmoldir07@gmail.com

Аңдатпа: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі сабақтарында медиа құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мәселелері қарастырылады.

Тірек сөздер: БАҚ, бастауыш сынып оқушысы, «медиабілім», «медиақұзыреттілік».

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы необходимости формирования медиакомпетентности младших школьников на уроках казахского языка.

Ключевые слова: СМИ, учащиеся начальных классов, «медиаобразование», «медиакомпетенция».

Abstract: The article discusses the issues of the need for the formation of media competence of younger school children in the kazakh language lessons.

Keywords: mass media, primary school student, «mediaeducation», «mediacompetence».

Кейінгі уақытта Қазақстанда да ақпарат таратушы құралдар көбейе бастады және олардың өнімін пайдалануға сұраныстың жоғары екені жаңалық емес. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды, медиабілімді тиімді меңгеру үшін медиақұзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Қазақстан Республикасы Білім беру туралы Заңындағы мемлекеттік саясаттың үдерісіне сәйкес Қазақстан білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген болатын [1]. Соның бірі – білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіләлемдік коммуникация желісіне шығу.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі күні ақпараттық технологияларды меңгеру – басты заман талабы. Ақпараттық технология

ғасыры өз алдына «ақпараттық қоғамды» қалыптастырды [2]. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелерінің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдаланудың жолдарын қарастыру. Себебі осы уақытқа дейін оқушылар қағаз бетіндегі мәтіндерден ғана (кітаптар, баспасөз) білім алды. Бірақ бүгінгі электронды форматтағы (теледидарлық, компьютерлік, ғаламтор жүйесі және т.б.) медиа мәтіндерді қолдануға сұраныс көбірек.

Масс-медияның зиянды ықпалына жол бермеу мақсатында қабылданған тағы бір маңызды Заң 2018 жылдың 2 шілдесінде №169-VI бұйрықпен бекітілді. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Заң [3] балалар мен жасөспірімдерді денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды мақсат етеді. Осы Заң арқылы балалардың өз жасына сәйкес келетін ақпаратты алу және тарату құқықтарын іске асыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу және балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау ісін атқару көзделуде. Жалпы, балаларға арналған ақпараттық өнім – бағыты, тақырыбы, мазмұны және безендірілуі бойынша жас ерекшелігіне сәйкес келуі қажет. Нормативтік емес лексикасы бар ақпарат – былапыт, тұрпайы, бейәдеп сөздер, экран арқылы көрсетілетін қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың адам психикасына теріс ықпалы, арандатушылыққа жол беруі және т.б. жатады. Осындай себептердің барлығын ескере отырып, өскелең ұрпақта «медиабілім», «медиақұзыреттілік» ұғымдарын қалыптастыру қажет. Адамзат баласын басқа тіршілік иелерінен ерекшелеп тұратын оның ақылы мен санасы екені анық. Қазіргі кезде «ақпаратқа кім ие болса, сол әлемді билейді» деген қанатты сөздің бүгінгі күні қаншалықты ақиқатқа айналғандығына куә болып отырмыз.

XX ғасырдың негізгі коммуникациялық құралдарына теледидар, радио, пресса жатады. Алайда жаңа техникалық құралдардың, компьютердің, интернеттің пайда болуы бұқаралық коммуникацияның қалыптасқан жүйесіне маңызды өзгерістер енгізді. Қазіргі кезде ақпарат құралдары арасында Интернет күшті басымдыққа ие болып отыр. Бұл күнде Интернет желісін тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 24 млрд адамнан асқан. Жалпы адамзат қоғамының бір адамдай ойлап, бір адамдай әрекет етуіне қазіргі кездегі әлеуметтік желілердің де (Telegram, Watsapp, Fecesebook т.б) қосып отырған үлестері аз емес. Диалектикалық қарама-қайшылық заңы бойынша, жақсы мен жаманның біртұтас қарама қарсылық аясында өмір сүретіні белгілі. Әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы, медиақұзыреттілікті дамытуға тірек бола отырып, әлі де зерттеуді қажет етеді.

Ақпарат туралы айтқанда ең алдымен «медиа» (media – латынның *medium* сөзінің көпше түрі) ұғымы қатар жүреді. «Медиа» сөзі адамдардың бір-бірімен тікелей, бетпе-бет емес, құралдар арқылы хабарлама алмасқанда пайдаланылады. Яғни, медиа (теледидар, радио, газет және интернет) секілді ұғымдардың жиынтығынан тұрып, ақпарат құралдары немесе коммуникацияның бір тәсілі деген мағынаны білдіреді [4]. Олар арқылы берілетін хабарламаны медиахабарлама деп атайды. Біз қолданып жүрген интернет те адамдар үшін медиаға жатады. Қазіргі кезде кітап, суреттер, фрескалар, фотолар де медиа түрлеріне жатқызу қабылданған. Ғасыр басында фотографиялар, пресса, радио түрінде пайда болса, кейіннен теледидар, видео пайда болды.

Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары көмегі арқылы адамның өзін-өзі танытуына, оның қоғамдық өмірге қатысуына, барлық мүмкін әлеуметтік рөлдерді игеруіне және т.б. ықпал етеді. Ақпараттық технологиялардың қазіргі кездегі өнімдері әртүрлі әлеуметтік топтардың ақыл-ойына, эмоцияларына, өз бетімен шығармашылық және сыни ойлауына, құндылық бағдары мен нанымдарына әсер етеді. Дегенмен ақпараттардың жағымды және жағымсыз типтері болатындығын ескерсек, соңғысын қорғана алуға қабілетті тұлға қалыптастыру міндеті туындайды.

XXI ғасырда кез келген ұлт барлық салада медиасыз әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамуы мүмкін емес. Қазіргі бастауыш сынып оқушылары әр түрлі көздерден алынған ақпаратты тұтынушылар болып табылады. Орташа есеппен бүгінгі таңда оқушылар күніне алты сағат уақытын медиамен қарым қатынасқа арнайды. А.В. Шарикованың зерттеу

деректері бойынша, теледидар бағдарламаларын көруге немесе компьютермен жұмыс істеуге кететін уақыт қазірдің өзінде баланың мектепте өткізетін уақытына жақындап қалды немесе асып түсті [5].

Қоғам болашағы балалардың қалыптасып, дамуында үлкен рөл атқаратын бұқаралық ақпарат құралдарының, яғни медианың ұсынатын өніміне қашанда мән беру, оларды тиімді пайдалана білуге үйрету, жасөспірімдер мен мектепке дейінгі жастағы балалардың медиасауаттылығын қалыптастыру қоғамның әр азаматының, ал ұстаздар қауымының кәсіби парызы екені анық. Қазіргі таңда отандық «Балапан» телеарнасының ізденісі нәтижесінде балалардың төл мәдениетімізге баулудың ықпалы артып, болашақ ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарып келеді. Әрине, интернет желісі арқылы мектепте оқитын пәндер бойынша қызықты, жаңа, танымдық ақпаратты табуға болады. Тәжірибе көрсеткендей, бастауыш сынып оқушылары бұқаралық ақпарат құралдарын әдетте үйде бос уақыттарында пайдаланады. Бірақ бастауыш сынып оқушылары компьютермен немесе планшетті пайдаланғанда жаңа білім іздемейді, олардың бірінші орында көңіл көтеруге деген ұмтылыстарын байқауға болады. Сонымен қатар, желіде сөйлесу кезінде көптеген қателер жібереді, іс жүзінде олар қазақ тілінің ережелерін, сөйлеу этикетін сақтауды ұмытып кетеді. Өркениет дамуы тудырған медиаөнімдердің тұтынушысы көбейген сайын алдан шығатын келеңсіздіктер аз болмайтыны белгілі. Сондықтан қоғамға ненің қажет, ненің керексіз, зиянды екенін түсіндіру үшін әрқашан ғылымның көмекке келетіні белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда медиабілім – БАҚ-тың білім, тәрбиеге әсерін зерттеп-зерделейтін ғылым саласы.

Медиабілім – педагогика ғылымындағы бұқаралық коммуникация құралдарын меңгеруге үйрететін жаңа бағыт. Қазір медианың адам өмірінің әр түрлі салаларына әсер теу көлемі күннен-күнге артып келеді.

Медиабілім (media education) медиақұзыреттілікті дамытатын, медиаға деген сыни көзқарасты қалыптастыратын, алынған ақпарат негізінде өзіндік тұжырым жасауға мүмкіндік беретін оқыту ретінде айқындалады [6].

Медиабілімнің негізгі міндеттері ретінде: өскелең ұрпақты заманауи ақпараттық жағдайдағы өмірге дайындау, әртүрлі ақпаратты дұрыс қабылдауға, медиамәтінді дұрыс түсінуге үйрету, медианың психикаға тигізетін ықпалының салдарын саналы тұрғыда ұғындыру және техникалық құралдардың көмегімен коммуникацияның вербалды емес формалары негізінде қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгерту.

Медиақұзыреттілік түсінігіне келетін болсақ, оның «ақпараттық құзыреттілік», «аудиовизуалды құзыреттілік» т.б. терминдерден бірқатар өзгешелігі бар. Тұлғаның медиақұзыреттілігі – оның мотивтері, білімі, іскерлігі, қабілеттерінің (көрсеткіштері: мотивациялық, байланыстық, ақпараттық, перцептивтік, интерпретациялық /бағалаушылық, іс-әрекеттік, креативтік) жиынтығы болып табылады. Медиақұзыреттілік медиамәтіндерді әртүрлі типте, форма мен жанрда таңдауға, пайдалануға, сыни талдауға, бағалауға, құруға және таратуға мүмкіндік береді, сондай-ақ медианың қоғаммен күрделі байланысын сараптауға жағдай жасайды.

Мектеп оқушысының медиақұзыреттілігі келесі құрылымдық элементтерді қамтиды: медиа-білім, медиа-білік, медиа-дағды, медиамәтінді талдауға деген жоғары мотивация, ақпаратты пайдалануға құндылықты-мәндік қатынас, тұлғаның танымдық белсенділігі, сын тұрғысынан ойлауы, рефлексия жасауы, алған білімдерін іс-әрекеттің әртүрлі саласында қолдану тәжірибесі т.б. [7].

Медиақұзыреттілік ұғымы көпқырлы болып келеді, себебі, онда білім, іс-әрекет тәсілдері, тұлғалық қасиеттері ұсынылады, бір ғана емес бірнеше бірлескен ғылым салаларымен қызмет жасайды және пәнаралық сипатта болады.

Медиақұзыреттілікті зерттеуші шетел ғалымдардың еңбектерінде бұл термин іс-әрекет аспектілеріне сәйкес келеді. Мәселен, медиақұзыреттілік «медиаға қатысты білікті, өз бетінділік, шығармашылық және әлеуметтік-жауапкершілік әрекеттерге» қабілеттілік. Медиақұзыреттілікті дамытудың екінші маңызды шарты – БАҚ жобаларын және медиаконтентін енгізу мен құруға оқушылардың тікелей қатыстырылуы. Оқушы ақпаратпен

жұмыс істеуді үйренеді, ал мұғалімдер өз кезегінде осы ақпаратты интерпретациялау мүмкіндігін қалыптастыруға тырысады, ақпараттық ағымның негізгісіне назар аударып, ақпаратты өзгертуге бағыттайды; балама көзқарастарды қабылдайды және олардың әрқайсысына «қарсы» дәлелдер келтіреді; қажетті ақпаратты әртүрлі зерттеу көздерінен табуға және ерекшеліктерге сәйкес жүйелеуге үйретеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқушылар медиа жоба түрінде өз ақпаратын құру қабілеттіліктері қалыптасады. Медиа жобаны оқушылар оқу үдерісінде алған дағдылары мен білімдерін және медиатеchnологияларды қолдана отырып дайындайды.

Қазіргі адам белгілі көлемдегі білімге ие болып қана қоймай, сонымен қатар өздігінен білім ала білуі, қажетті ақпаратты іздеп таба білуі, ол үшін түрлі дереккөздерін пайдалана отырып, үздіксіз дамуы қажеттілігі туындайды. Сондықтан медиабілім арқылы медиасауаттандыруға баса көңіл бөлуіміз керек.

Мұндағы негізгі қағида «не білу» емес, «не жасай білу». Сол себепті оқушыларды оқу барысында күрделі және әртүрлі бағыттағы жұмыстарға, оқу материалын меңгеруге қажетті білік пен дағдыларға үйрету міндеті тұр. Бұл тұста оқушылар анықтамалық әдебиеттермен, дереккөздермен жұмыстың тиімділігі оқушылардың нақты ақпарат алуына және қолдануына ыңғайлы, оларға лексикалық бірліктер туралы дәл, ғылыми-сенімді ақпаратты тез және оңай алуға мүмкіндік береді. Оқушылардың өзіндік ізденісіне, өз бетінше білім алуына мән берілген жаңа стандарттың «Тіл мен әдебиет» білім беру саласында бастауыш мектептің 4-сыныбын бітіргенде «оқушы түрлі дерек көздерінен қалай ақпарат табуды біледі» - деп, күтілетін оқыту нәтижелерінде атап көрсетеді [8, 9 б]. Бұл өз кезегінде бастауыш мектептегі 1-сыныптан бастап қазақ тіл сабақтарында оқушылардың әртүрлі анықтамалық-энциклопедиялық дереккөздермен жұмыс істеу білігін қалыптастыруды талап етеді.

Мұғалімнің рөлі білім беру, біліктер мен дағдыларды сіңіруде ғана емес, оқушы өзінің жеке әлеуетіне сүйенетін және оқытудың жаңа технологияларын пайдаланатын тиісті білім беру ортасын құруда болып табылады. Қазақ тілі сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының медиақұзіреттілігін дамытудағы маңызды міндеттердің бірі аудиторияның сыни ойлауын дамыту болып табылады. Сыни ойлау қашан да оқылатын немесе жазылатын тақырып жөнінде терең ойлануға жетелейді. Мысалы: бастауыш сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулықтарында: «Мәтін мазмұны бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықта, кестені пайдаланып, өз ойыңды топта талқыла, ақпараттың ақиқат, жалған екенін тауып белгіле, дереккөздерден ақпарат тап т.б» тапсырмалар арқылы оқушы дәйексөздерді көп қолдануға тырысады, тақырып бойынша белгілі жайттарға қорытынды жасайды және ақпараттарды салыстырады. Сондай ақ сабақта «инсерт» (тиімді оқу мен ойлауға арналған белгілердің интерактивті жүйесі) әдісі жиі қолданылады. *Insert* – «Түртіп алу жүйесі» стратегиясы – мәтінмен жұмыс кезінде орындаған жөн. Бұл стратегияны пайдалану үшін мәтіннің талдануға ыңғайлы, баланың түсінігіне лайық, жете меңгере алатындай бірнеше мәліметтері болуы керек. Оқушы мәтінді оқу кезінде бірнеше белгілер қойып отырады. «!»-білемін, «-»- келіспеймін, «+»- мен үшін жаңа, «?»- таң қалдым, сұрақ туды. Оқып, белгілеп болғаннан кейін оқушы жеке отырып кестені мәліметтермен жоғарыдағы үлгі бойынша толтырады. Артынан жұппен, топпен талқылау өткізеді. Бұл әдіс арқылы сыныпта оқыған және қабылдаған ақпаратты өзінің қаншалықты түсінгенін бақылай алады, шынайы және жалған ақпаратты ажыратады, мәтінді, фильмді, телебағдарламалармен жұмыс кезінде туындайтын сұрақтарды қоюға дағдыланады.

Соңғы жылдары бастауыш сынып оқушыларына мұғалімдер *пікірсайыс*, *пікірталас* әдістерін де тиімді пайдаланып, оқушылардың тілін байыту, сөз өнеріне баулу әрекеттерінде нәтижелі жұмыстар атқарып жүр. Пікірсайыс белгілі шешім, қаулы қабылдауды талап етпейді, бірақ ол, теріс қате көзқараспен күресуге, қажетті дәлелдер мен пікірлерін талдауға, кемшілігі мен әлсіз жағын табуға мүмкіндік жасайды. Пікірталас әдісінің негізгі міндеті – белгілі адамгершілік нормалары мен ережелердің әділдігіне оқушылардың көзін жеткізу, дұрыс моральдық көзқарас қалыптастыру.

Эссе жазу оқушыға талқылау мәтінін құрастыруды үйретіп, өз ойын байланыстырып жазуға мүмкіндік ашады. Ой қорытындысын жасап, пікір білдіру әдеби нормадан ауытқымай, ойды сөзбен байланыстыру, сөзді орынды қолданып, ой мақсатына лайық сөйлем құру оқушының логикалық ойлау қызметіне байланысты. Демек, байланыстырып сөйлеуге үйрету оқушының логикалық ойлау қабілетін дамытудың негізінде жүзеге асырылады. Мәтін құрастыруда дедукция, индукция, аналогия тәсілдері қолданылады. Мұндай тәсілдер арқылы оқушы дайын мәтіннен автордың айтатын ойына сәйкес келетін сөздерді таңдап, сөйлем құрып, өз пікірлерін білдіруге, мәтіннің сызбасын (моделін) жасауға үйренеді. Соның негізінде ойды әсерлі етіп, байланыстырып сөйлей білу дағдысы қалыптасады. Ойтолғау (эссе) жазу әдісін оқыту эксперименті барысында проблемалық сұрақтарға өз ойынжазуға үйретуде қолданған тиімді. «Эссе» арқылы пайымдау мәтінін құру оқушының өз сөзін тудырып, байланыстырып сөйлеуге төселдіреді.

Қазақ тілі сабақтарында кеңінен пайдаланылатын тағы бір әдіс – «Білеміз - Білдік - Білгіміз келеді». Аталған әдіс арқылы сыныптың зерттеушілік іскерліктерін белсендендіріп, алған білімдерді осы үш категория бойынша жіктеуге үйретуге болады. «Түйін сөздер» деп аталатын жұмыс формасы да медиа мен медиабілімнің жаңа терминдерін меңгеруде тиімді болады. Мұғалім журналдағы немесе газеттегі жаңа терминдерді тақтаға жазады. Оқушыларды жұптарға бөліп, әрбір жұптан миға шабуыл арқылы ұсынылған терминдерге ортақ түсінік беруді сұрайды. Оқушылар пікір алмасып болғаннан кейін оларға сабақтың тақырыбы бойынша нақты ақпараттарды беруге болады. Сабақтың соңында оқушылар қорытынды түсініктеме мен бастапқы көзқарастарын салыстырып, талдайды.

Медиақұзыреттілік – әр түрлі жанрлардағы медиамәтіндерді таңдауға, сыни талдауға, бағалауға және қолдана білуге, қоғамда медианың атқаратын қызметіне даярлығын көрсететін тұлғаның кіріктірілген қасиеттері.

Ал, қазақ тілі сабақтарында бастауыш сынып оқушысының медиақұзыреттілігі – бұл тілдік теориялық және практикалық білімдердің жиынтығы ретінде медиақұралдарды пайдалану үдерісінде, сондай-ақ интернет кеңістігіндегі қарым-қатынасты сауатты жүзеге асыру білігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319-III // <http://online.zakon.kz/> 16.08.20.

2 Жияшева Ж.Ш. Ақпараттық білім берудің нормативтік құжаттардағы орны. // «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты». «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы. - Алматы 2017. - Б 112-117 .

3 Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VIҚРЗ. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169>.

4 Таженова Г.С. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделі. "Жамбыл Жабаев және жаңасын-тегеуріндер дәуіріндегі ұлттық тәрбие мәселелері" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Алматы, 9-10 желтоқсан 2021ж. Б.171-176

5 Шариков А.В. Медиаобразование: мировой и отечественный опыт/А.В.Шариков. -М.: Акад.пед.наук СССР,1990.-66с.

6 Федоров А.В. Медиаобразование, медиаграмотность, медиакритика и медиакультура//Высшее образование в России. 2005.№6.С.134-138.

7 Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі. -Бастауыш мектеп,2004.- №7. -3-76.

8 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы, №604 бұйрығы.

ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛИЗАЦИИ ПОДРОСТКА В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ УСЛОВИЯХ И ПУТИ ИХ ПРЕОДОЛЕНИЯ

Ахметова Ж. Б, студент
Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова
Почта: uraz11na3@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада қазіргі жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтенуінің ерекшеліктері мен мәселелері, оларды шешу жолдары зерттеліп, қарастырылды. Жас ұрпақтың тәрбиесі әлемде, белгілі бір қоғамда баламен болып жатқан өзгерістермен анықталады. Осы өзгерістерді түсіну және зерделеу, олардың мәнін, баланың дамуына әсер ету ерекшеліктерін түсіну, сонымен қатар бұл білімді оқу-тәрбие процесінде пайдалану қажеттілігі.

Негізгі сөздер: әлеуметтену, жасөспірімдер, әлеуметтену мәселелері, қоғам.

Аннотация: В данной статье были исследованы и рассмотрены особенности и проблемы социализации современных подростков и молодежи, а также пути их решения. Воспитание подрастающего поколения определяется изменениями, происходящими в мире, конкретном обществе, с ребенком. Потребность в понимании и изучении этих изменений, осознании их сущности, особенностей влияния на развитие ребенка, а также использование этих знаний в образовательном процессе.

Ключевые слова: социализация, подростки, проблемы социализации, общество.

Annotation: In this article, the features and problems of the socialization of modern adolescents and youth, as well as ways to solve them, were investigated and considered. The upbringing of the younger generation is determined by the changes taking place in the world, in a particular society, with the child. The need to understand and study these changes, understanding their essence, the characteristics of the impact on the development of the child, as well as the use of this knowledge in the educational process.

Key words: socialization, teenagers, problems of socialization, society.

Проблема социализации личности, несмотря на свою широкую представленность в научной литературе, остается актуальной и по сей день. Процессы, происходящие в любой любых сферах общественной жизни, оказывают влияние на личность, его жизненное пространство, внутреннее состояние.

Как отмечает С.Л. Рубинштейн, личность это «... не только то или иное состояние, в процессе, в ходе которого внутренние условия изменяются, а с изменением изменяются и возможности воздействия на индивида путем изменения внешних условий». В связи с этим механизмы, содержание, условия социализации личности, претерпевая существенные изменения, вызывают столь же интенсивные изменения в формируемой личности. Успешность социализации оценивается по трем основным показателям:

- а) человек реагирует на другого человека, как на равного себе;
- б) человека признает существование норм в отношениях между людьми;
- в) человек признает необходимую меру одиночества и относительную зависимость от других людей, то есть между параметрами «одинокый» и «зависимый» существует определенная гармония.

Критерием успешной социализации является способность человека жить в условиях современных социальных норм, в системе «Я – другие». Однако все же можно встретить

людей, отвечающих указанным требованиям. Всё чаще мы сталкиваемся с проявлениями затрудненной социализации, особенно среди подрастающего поколения. Глобальные общественно-экономические и политические процессы в стране и мире оказывают влияние на формирование и развитие именно городской среды, в которой осуществляется социализация подрастающего поколения.

Социализации детей и подростков в условиях городской среды настоящее время осуществляется в сложных условиях: единый процесс семейной социализации, характерный для традиционного общества, расщеплен институциональными заменителями семейного воспитания, которые зачастую действуют рассогласованно. [1,стр17]

Thus, an integral part of the updated education system is the work on the development of critical thinking through reading and writing. This technology allows you to build the educational process in such a way as to ensure the independent and conscious activity of students to achieve their educational goals, which ultimately contributes to the personal growth of the student.

LITERATURE

1. Shaukhanova. A. Baitursynov is one of the three pillars of Kazakh culture.// History of Kazakhstan:teaching in schools and universities.-2004.-No.4.-pp.54-57.
2. Conceptual foundations of education. Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated April 15, 2019 No. 145. – Astana, 2019/ online.zakon.kz > Document.
3. Bustrom R. The development of creative and critical thinking. – M., 2000.
4. Butenko A.V., Khodos E.A. Critical thinking: method, theory, practice. – M., 2002.

ӘОЖ: 17.022,1:811.111

ШЕТ ТІЛІ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ ИМИДЖІ

Бактығалиева А. М

Ақтөбе қаласы e.mail: b.ainur11@mail.ru

Аннотация: Автор мақалада А.А. Калюжныйдың еңбектеріндегі имидж туралы зерттеулерін негізге ала отырып, бүгінгі мұғалімнің кәсіби имиджінің ерекшеліктерін қарастырады. Соның ішінде шет тілі пәні мұғалімінің, білім беру барысында ұлтаралық

тәрбие мәселелерді шешуді, ол дегеніміз адам бойындағы рух ынтымақтастығын, өзара түсіністік, төзімділік пен «әлемге ашықтықты» тәрбиелеу.

Кілттік сөздер: имидж, шет тілі, мұғалім, ұстаз, кәсіби имидж, мұғалім имиджі, ұстаз имиджі, мәдениет аралық тәрбие.

Аннотация: Опираясь на исследовательных тем имиджа в работах А.А. Калюжного в статье рассматриваются особенности профессионального имиджа учителя, в частности учителя английского языка, позволяющие в процессе обучения иностранному языку решать проблемы межкультурного воспитания, а, значит, воспитания в человеке духа солидарности и взаимопонимания, толерантности и «открытости миру».

Ключевые слова: имидж, иностранный язык, учитель, педагог, профессиональный имидж, имидж педагога, имидж учителя, учебные интернет ресурсы, межкультурное воспитание.

Abstract: In the article based on the image theme of in the works A.A. Kalyuzhny's research, this article deals with specific features of the English language teacher professional image which enable to solve problems of cross-cultural upbringing while teaching a foreign language. In the process of studying students develop better perception of such notions as cooperation, mutual understanding, tolerance and being “people of the world”.

Key Words: image, foreign language, teacher, professional image, image of a teacher, educational online resources, cross-cultural upbringing.

Қазіргі таңда «мұғалім» сөзі ерекше кең мағынаға ие болып отыр. Мұғалім деп қоғамның дамуына әсер еткен, ұлы ойшылдардың, өзінен кейінгі сапалы ұрпақ пен ізін жалғастырушылардың қалдырған, өз мектептерін ашқан тұлғаларды айтамыз. Біз әліде толерантты коммуникацияға сәйкес үлгімен өмір сүріп келеміз. Себебі халық тек бір функцияға ғана ие, яғни біреудің қабылдаған шешіміне келісім беру. Сол себепті осы тұрғыдан имиджбен жұмыс жасау дегеніміз – халықтың қалауын ести білу, сол уақыттағы тыңдаушы талғамына, яғни оның негізгі идеал тұлғаға сәйкес болуы керек.

Имидж – бұл не? Ғылым ба әлде өнер ма? Қазіргі таңда біз үшін жаңа тәртіп болып имиджеология түр. Бұл ғылым, яғни дауыс құқығы тек басшалар мен әкімшілікте ғана емес, сонымен қатар қоғамның талабы ескерілетін, жұмыс орнындағы жаңа қарым-қатынастарға бастау алатын ғылым болып табылады.

Имиджелогия бойынша мамандар барлық жерде қажет, әсіресе мұғалім образын жасауда мектептер мен ЖОО-дарында маңызды роль атқарады. Мұғалімнің табиғатын, мазмұны мен имиджінің типін теория жүзінде ғана емес, сонымен бірге мұғалім имиджін қалыптастыратын құралды ойлап табу арқылы, әр мұғалімді өзінің мамандығы бойынша әртүрлі әдіс-тәсілдерді зерттеуде қолданыс табатындай болуы қажет. Бұл сұрақтарға жүйелі түрде көзқарастар мен сапалы мамандар тарапынан шешімдер қажет.

Имиджелогия тақырыбы қозғалғанда тұлғаның сыртқы сипаты, киім киісі ескеріледі. Ал бұл дұрыс көзқарас емес. Мұғалімнің сырт келбетін жөнге келтіре бастағаннан бұрын, оның ішкі жан дүниесі мен жүрегінен бастаған жөн, себебі олсыз ешқандай сәндеу оң нәтиже бермейді.

Мұғалімге қалай көмектескен жөн, өзінің кәсіби бет бейнесін қалыптастыруға, өзін-өзі жоғалтып алмай, бірақ өзінің ішкі қалауымен үндесе отырып, адамның парасатты кемелдену деңгейіне сай бағалауға қалай жеткізуге болады? [1].

Ең алдымен мұғалім имиджін айтпастан бұрын, оның құрылу ерекшеліктерін, мұғалімнің шығу тегін, табиғаты мен құрылу технолоиясын педагогика саласында қолдана білу құралдарымен қарастыру қажет деген А.А Калюжныйдың сөздерін негізге ала отырып, бүгінгі менің мақаламның өзектілігін айқындағым келіп отыр.

Қазіргі таңдағы болып жатқан әлемдік өзгерістердің, соның ішінде инновациялық технологиялар мен қарқынды әлеуметтік өзгерістердің әсерінен білім жүйесіне де елеулі өзгерістер енді. Бұл өзгерістер мұғалімнің жеке басының өзгерісіне, жаңаша жұмыс жасау

кабілеттілігіне әкеліп соқтырды. Осыған байланысты білім беру саласында басты рөлдегі мұғалімнің кәсіби имиджінің проблемалары өзекті орынға шықты.

Мақаламызда шет тілі пәнінің мұғалімінің имиджін қалыптастыруын қарастырамыз. «Имидж» сөзі ағылшын тілінен аударғанда бейне деген мағынаны береді. Имидж деп – басқа адамдар ортасында қалыптасқан тұлғаның бейнесі деп айтуға болады. Вебстердің түсіндірме сөздігінде келесідей ұғым берілген: «жасанды еліктеуді немесе белгілі бір объектінің әсіресе бет әлпетінің сыртқы түрінің жеткізілуін айтамыз» [2]. Басқа зерттеушілердің мәлімдесі бойынша «имидж» термині ағылшын тілінен бастау алатын, көбіне басқа адамдардың ойында, іс-әрекетін өзгерістерге әкелу мақсатында оларға әлеуметтік- психологиялық әсер ету мақсатында, қалаған нақты бір образ ретінде қолданылады. Психология тұрғысынан имидж ұғымы адамның ой санасында, қабылдау процесі кезінде қалыптасқан бейне.

Әлеуметтануда «имидж» ұғымы белгілі дәреже ұғымында қарастырылады: «адамның қоғамдағы дәрежесі мен оның өзінің құқықтары мен міндеттерінің сәкестігі жайында қоғамда қалыптасқан ойдың жиынтығы» [3]. А.П.Панфилова «іскер адамның имиджі» еңбегінің авторы, имидж ұғымын келесідей түсіндіреді. Бағытты, қалыптасқан бейне ретінде, біреуге белгілі бір мақсатта эмоционалды – психологиялық әсер ету [4].

Имидждің әр түрлі түрі мен типтерін көрсетеді. Соның ішінде бізге кәсіби имиджді қарастыруымыз керек. Кәсіби имидж – оның кәсіби мінездемелерімен анықталған адамның образы, мұғалім имиджі кәсіби имиджге жататындықтан, оның кәсіби және жеке қосылғыштарын қарастыру қажет.

А.К. Аверченко мен Г.М. Залесов сондай сипаттамаларға мыналарды жатқызады. Біріншіден, кәсібилік және біліктілік; екіншіден моральды қауіпсіздік. Сонымен қатар маманға өз жұмысын сапалы орындауға оған тек қана кәсіби білім мен дағды ғана керек емес, сонымен қатар руханилық денсаулық және т.б гуманитарлы білімді ұғымын біріктіретін адамзаттың құндылығын меңгеруде әлемдік мәдениет саласында кең ауқымда түсінігі болу қажет. Мұғалімнің имиджін шартты түрде бірнеше құраушыларға бөлуге болады. Біріншіден оның алғашқы көргендегі және санасында қалыптасқан және оның себеп-салдарының әсерінен жадыда сақталып қалған мұғалімнің образы. Екіншіден сыртқы аспектілер: мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, іс-қимылы, мимикасы, киімі, шаш үлгісі; және ішкі аспектілері: қызығушылығы, эрудициясы, шығармашылық көзқарасы, хоббиін жатқызуға болады. Сонымен қатар процессуальды ұғымдардың маңызы зор, соның ішінде темперамент, темп, икемділік, эмоция, ерік-жігер; және құнды аспектілерде, яғни адамның өмірлік ұстанымын, басымдылық жақтарын, құнды бағдарлары және аңыз қалыптастыруын анықтайды. Мұғалімнің кәсіби беделі де үлкен мағына береді, яғни жинақталған теориялық және практикалық тәжірибесі, авторлық әдістемелері, кәсіби құзыреттілігі жайында оқушылардың, ата-аналардың, әріптестерінің пікірі, кәсіби жетістіктерімен премиялары, авторлық сайыттары мен публикацияларын жатқызуға болады. Мұғалімнің ішкі ұстанымдары мен оның сыртқы имиджінің бір тұтас болуы, оның мінез құлқына және көзқарастарына сай болуы маңызды. Тағы бір маңызды жайт мұғалімнің имиджін қалыптастыруда кәсіби орта (айнала) яғни мұғалімнің айналасында қолданылатын құрал-жабдықтар жиынтығы. Ол солар арқылы белгілі бір маманның саласына қатысты екенін көрсетеді. Мысалы, егер ағылшын тілі мұғалімінің кабинетінде жұмыс жасауға қажетті құрылғылардың (магнитофон, компьютер, интерактивті тақта, оқулықтар және әдістемелік құралдар жинағы, сөздіктер) болса, ондай маманға деген сенім мол болады. Бірақ бұл орта бірден жасалмайды, бағытты мақсатты түрде қалыптасып, мұғалімнің имиджіне әсер етеді. Кейде мұғалімнің өзінің жасаған ортасы арқылы оның кәсіби және әлеуметтік позициясын, кәсіби ортасындағы алатын орнын көрсетеді. Бұл жағдайға сыртқы атрибуттармен қол жеткізуге болады – дипломдар, алғыс-хаттар, атақты, танымал адамдардың қатарында түскен суреттердің болуы арқылы.

Уақыт талабына сай мұғалімге қойылатын талаптар да әр түрлі. Сондай зерттеулердің нәтижелері мұғалім образы туралы Е.А.Петров еңбегінде көрсетілген [5]. Автордың зерттеу нәтижесінде байқағаны әрбір тарихи кезеңге қарай мұғалімге әр түрлі талап қойылған; әрбір

қоғам өз заманының мұғаліміне арнайы стереотипті образдарды қалыптастырған; бұл өз кезегінде педагогикалық кәсіпті қабылдауда өз әсерін тигізді.

2010 жылы Т.Н.Щербакованың студенттер ортасында жүргізілген зерттеуінің нәтижесінде келесідей тұжырымдарды көрсетті: ең бірінші студенттер мұғалімнің бойынан – білімді, білікті адам ретінде, бала психологиясы негізін білетін, өз пәнінің сабақ беру методикасын білетін, этика мен эстетика нормаларын ұстанатын, баланың жеке басын қадірлейтін, қатысушыларды тыңдай алатын және жаны аши алатын, әзілді түсініп, сөз әдебінің ең жоғарғы мәдениетке ие тұлға ретінде көргісі келеді екен.

Осы тұрғыда шет тілі пәнінің мұғалімінің басымдылығы екі мәдениет арасындағы байланыстырушы ретінде, мәдени дайындығында. Мұндай байланыс, яғни басқа елдің мәдениетін біле тұра сол елдің келесідей дағдыларын: өзге елдің мәдениетін біле тұра өз елінің мәдениетіне сәйкестендіре білу, сол елдің талап етілген этикетіне сәйкес бола білуі; қарым-қатынас жасауда ортақ шешім қабылдауға көмегі мол. Бұл тәсілді қазіргі заманғы шет тілі пәнінің мұғалімінің сабақ беру барысында келесідей цифрлық білім беру ресурстары: мультимедиялық презентациялар, электронды кестелер, электронды оқулықтар, интернет оқу ресурстарын қолдану жатады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1) Калюжный А .А. Формирование имиджа учителя. –Владос, 2005. – 139 с
- 2) [Webster'sDictionaryhttp://www.bibliomania.com/2/3/257/frameset.html](http://www.bibliomania.com/2/3/257/frameset.html) словарь Вебстера, изд. 1913 г.
- 3) Панасюк А.Ю. Имидж. Энциклопедический словарь. – РИПОЛ
- 4) Панфилова А.П. Имидж делового человека. – Москва, 2007. – 195 с.
- 5) Петрова Е.А. Имидж педагога. – Москва,2003. – 126 с.
- 6) Щербакова Т. Н. Профессиональный имидж современного учителя иностранного языка // Теория и практика образования в современном мире: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, ноябрь 2012 г.).
- 7) Шепель В.М. Имиджелогия Как нравиться людям. – :Народное образование,2002. – 98 с.
- 8) Г.Почепцов.Имиджелогия. – 5-е изд. – Рефлбук.Ваклер – 2006 г. – 142 с.
- 9) Ожегов С.И. Психология формирования имиджа учителя. – М: Владос, 2004.

ӘОЖ: 811. 111

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Өтегенова Ә.А магистрант

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қаласы.

E-mail:altaevna1996@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада ағылшын тілі сабағында оқу белсенділігін арттыратын педагогикалық технологиялар туралы айтылады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін арттыру, тіл үйренуге деген мотивациясын тұрақты ету кешенді жұмысты талап етеді. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқушыны жеке тұлға деп танып, соған бағытталған білім беру үрдісі жүру керек. Осы орайда саралап оқытудың тиімділігі білім беру процесінде дәлелденген болатын. Саралап оқытудың тарихы мен зерттелуіне де тоқталып өттік. Мақалада бастауыш сыныптағы ағылшын тілі сабағында саралап оқытуды қолданудың әдістемесі

көрсетілді. Саралап оқытудың оқу белсенділігін арттыру үшін қолдану керектігі тұжырымдалды.

Тірек сөздер: саралап оқыту, ағылшын тілі әдістемесі, оқу белсенділігін арттыру, бастауыш білім

Аннотация

В статье рассказывается о педагогических технологиях, которые повышают учебную активность на уроках английского языка. Повышение учебной активности младших школьников, повышение мотивации к изучению языка требует комплексной работы. В соответствии с обновленным содержанием образования должен идти образовательный процесс, направленный на признание учащегося как личности. При этом эффективность дифференцированного обучения была точно продемонстрирована в образовательном процессе. Мы также остановились на истории и изучении дифференцированного обучения. В статье показана методика использования дифференцированного обучения на уроках английского языка в начальной школе. Было сформулировано, что дифференцированное обучение должно использоваться для повышения учебной активности.

Ключевые слова: дифференцированное обучение, методика английского языка, повышение учебной активности, начальное образование

Abstract

The article tells about pedagogical technologies that increase educational activity in English lessons. Increasing the educational activity of younger schoolchildren, increasing motivation to learn a language requires complex work. In accordance with the updated content of education, there should be an educational process aimed at recognizing the student as a person. At the same time, the effectiveness of differentiated learning was accurately demonstrated in the educational process. We also focused on the history and study of differentiated learning. The article shows the method of using differentiated teaching in English lessons in elementary school. It was formulated that differentiated learning should be used to increase learning activity.

Key words: differentiated learning, English language methodology, increased learning activity, primary education

Заманауи білім беру – оқыту процесіне түрлі технологиялар мен жаңалықтарды кіріктіру және үйлестіру. Төртінші индустриялық төңкеріс жаһандану процесін жеделдетті. Халықаралық тіл – ағылшын тілінің қажеттілігі артты. Ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап үйрету әлеуметтік сұранысқа ие болды. Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін үйретудің әдіс-тәсілдері өте көп. Соның ішінде саралап оқытудың оқу белсенділігін арттырудағы рөліне тоқталғым келіп отыр. Бастауыш білім берудегі педагогикалық технологиялардың ішінде саралап оқыту ұсынылады. Дифференциация латын тілінен аударғанда «дифференциация» бүтінді әртүрлі бөліктерге, пішіндерге, қадамдарға бөлуді, стратификациялауды білдіреді. Оның себебін Г.Бекмағанбетова былай түсіндіреді: «Бұл технологияның басты мақсаты сыныпта қабілетті, қабылетсіз оқушы деген жіктерді болдырмау» [1, 6б.]. Яғни оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, осындай тәсіл қолданған ұтымды болар еді. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық дайындығы, сабаққа деген ынтасы, ағылшын тіліне деген қызығушылығы арту үшін саралап оқытудың тиімділігін көптеген педагог-ғалымдар мен әдіскер-мұғалімдер айтқан болатын.

Солардың ең басында қазақ ғылымының іргетасын қалаған алаш зиялыларының еңбектерінен бірер дәлел келтірейік. Алғашқы қазақ тіліндегі «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев: «Баланың әсерленуі, суреттеу, ойлау һәм сезінуі ержеткен адамнан әжептәуір басқа. Баланың бұл жан көріністерінің әрқайсысын жеке-жеке алғанда басқалығы болған сықылды, бұлардың бәрін тұтас алғанда да басқалық бар» деген еді. Әдістеменің негізін қалаушы А.Байтұрсыновтың да осы ойды жалғастырып: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі баланың өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты

әліне шағындап беруі мен баланы белгілеген мақсатқа түзеп отыру керек» [2, 7-8бб.], – дейді. Педагогикадағы озық ойды жалғастырып, дамытып келе жатқан орыс ғалымдарының да саралап оқытуға қатысты іргелі еңбектері бар. Мәселен, И.Ю.Ладохина кандидаттық диссертациясында саралап және жеке оқытудың аражігін сипаттай отырып [3, 8б.]: «олар оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес келетін және олардың субъект ретіндегі белсенділігін ынталандыратын жағдайлар жасауға бағытталған, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі ұйымдастыру, мұғалімнің оқушылармен, оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы» деген ерекшеліктерін байқайды. Сонымен қатар, саралап оқытудың ағылшын тіліндегі мәтінді түсінудегі тиімділігіне тоқталған малайзиялық терапевт-мұғалімдер И.Магобли мен А.Абдулла былай дейді [4]: Олардың қызығушылықтары, бастапқы нүктелері, көзқарастары, интеллект түйіршіктері және әртүрлі дағдылары бар. Осылайша, сараланған оқыту осы айырмашылықты азайтуға көмектеседі әртүрлілік мазмұнды, процесті және өнімді бөлу арқылы. Бұл зерттеу негізінен бастауыш сынып оқушыларына өзгертілген оқытуды енгізу олардың оқуды түсінуін жақсартуға әкелуі мүмкін екенін анықтады. Иордания мектептерінде ағылшын тілін оқыту әдістемесіне қосқан зор үлесі ретінде олардың саралап оқытудың мәтінді түсінудегі тиімділігін дәлелдеген болатын.

Педагогикалық технологиялардың тарихына көз салсақ, саралап оқыту АҚШ-тағы Конгресте 1975 жылы қабылданған заңнамадан бастау алады. Бұл заңнамада ерекше балаларды мектеп қабырғасында оқыту керектігі, оларды оқыту үшін саралап оқытуды қолдану қажеттігі сөз болады. Кейін 2000 жылы «Ешқандай бала назардан тыс қалмау керек» деген заң қабылданып, саралап оқыту стратегиясын негізге ала бастайды. Осы саралап оқыту технологиясының лидері ретінде танылған америкалық профессор К.Томлинсон былай дейді: «сараланған оқытуды сабақ жоспарын жасамас бұрын оқушылардың жеке оқу стильдері мен дайындық деңгейлерін есепке алу керек» [5]. Осы ойды жалғай отырып, зерттеуші И.М.Чередова «сабақта сараланған оқыту-бұл терең зерттеуді қажет ететін оқу процесі оқушылардың жеке ерекшеліктері, оларды типологиялық топтарға жіктеу және осы топтардың жұмысын ұйымдастыру олардың ақыл-ойына ықпал ететін нақты оқу тапсырмалары және адамгершілік даму» [6, 7б.] дейді. Сонымен саралап оқыту дегеніміз әр оқушының өзіндік психологиялық, физиологиялық, интеллектуалдық, эмоционалдық ерекшелігін ескере отырып, тақырыпты түсініп, тапсырмаларды өз деңгейіне сай орындау үшін таңдап алынатын әдіс-тәсілдер жиынтығы. Яғни бір тапсырманы түрлі жолдармен орындау арқылы оқушының оқу белсенділігін арттыруды көздейді. Саралап оқытудың негізі педагогиканың гумандық бағытымен тікелей байланысты. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқушы алған білімін, қабілетін, дағдыларын өмірде қолдана алуы шарт. Қолымнан келмейді деп тоқтап қалмай, өзінде бар нәрсемен әрекет етуді меңзейді. Саралап оқытудың ерекшелігі оқушының тапсырманы орындауына, сабаққа белсенді қатысуына жағдай жасайды. Саралап оқытуды таңдауға себеп болатын жағдайлар: 1) сабақта да, үй тапсырмасын орындау кезінде де әртүрлі қиындықтар мен көлемдегі тапсырмаларды таңдауда; 2) оқу материалын игеру қарқынының өзгергіштігінде; 3) мұғалім тарапынан көмек ұйымдастыруда және жұппен жұмыс істеуде; 4) оқушыларды жеке шығармашылық тапсырмаларды (жобаларды) орындауға тартуда көмегі зор [7]. Бастауыш сыныптағы ағылшын тілі сабақтарының мақсаты – шет тілін үйренуге деген қызығушылықты ояту, оқу дағдыларын қалыптастыру, сабақта өзін ұстай білу, сөйлеудің фонетикалық және грамматикалық жағын меңгеру, шет тілін есту арқылы түсіну, сөйлеу, қарым-қатынас, диалогтық және монологиялық сөйлеу дағдыларын меңгеру. Шет тілін оқыту оқушылардың қабілеттерін (есте сақтау, сөйлеу есту, еліктеу қабілеті және т.б) ескеретін жеке тәсілді қажет етеді [8]. Саралап оқыту оқушылардың қабілеттеріне және сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейіне байланысты жеке тапсырмаларды таңдауға негізделген. Саралап оқыту үшін мұғалімге өте көп ресурс қажет болады. Өйткені, ол әр оқушының материалды игеру тереңдігі мен коммуникативтік дағдыларын бақылау керек. Ағылшын тілі оқулығының мазмұнын осы технологияға бейімдеп, қажет дидактикалық материалдарды таңдап алуы

қажет. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.А.Комина сараланған оқытудың мынадай формаларын ұсынады [9]:

- бір типті тапсырмалардың әртүрлі нұсқаларын қолдану;
- әр түрлі дәрежедегі тапсырмаларды қолдану;
- бір тапсырманы орындау кезінде білім алушыларға түрлі көмек көрсету;
- тапсырманы орындау үшін әр түрлі үзіліс ұзақтығы;
- бір тапсырманы орындау үшін қайталаудың әртүрлі саны;
- әр түрлі қиындықтағы мәтіндерді, диалогтарды оқу;
- жеке карточкалар бойынша жаттығуларды орындау;
- әр түрлі фразалар-клишелер, тіректер;
- іскерлік хаттарды, монологтарды, диалогтарды және т.б. құрастыру.

Ағылшын тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін арттырып саралап оқыту технологиясын енгізу үшін мынадай жұмыс тізбегі жасалады. Алдымен қандай критерий, білім, дағды, қабілет бойынша саралап оқыту жүзеге асырылады деген сұрақ туындайды. Таңдаған критерий бойынша оқушыларға дайын материалдар, тапсырмалар мен тесттерді саралап оқытуға пайдалануға мүмкіндік беріледі. Оқушылардың алдын-ала диагностикалау нәтижелерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды, жаттығуларды пайдалану қажет. Егер сараланған тапсырмасы бар жеке оқушы орындағанына қарай күшті не әлсіз топқа ауысып отырады. Оқушылардың белгілі бір тапсырмаларды, жаттығуларды сәтті орындауы қиындық деңгейін төмендетіп, оны басқа топқа ауыстыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте оқушының жетістіктерін атап өткен жөн. Критерий, қабілет, дағды бойынша сараланған тапсырмалары бар «Қазыналы қор» құру ұсынылады. Ол үшін жұмыс карталарын, слайдтарды, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану, жүйелеу және үздіксіз жетілдіру керек [10].

Сөйлеу әрекетінің 4 түрі бар: writing, listening, reading, learning. Бұл тапсырмаларда берілген мәтін біреу, мәтінмен жұмыс, яғни тапсырмаларды орындау кезінде саралап оқыту қолданылады.

2-сыныпқа арналған Family and Friends оқулығы бойынша мысалдар келтіреміз [11].

1-мысал. Point and say.p.11

3 деңгей-суреткеқарап, зататауларынайту.

2 деңгей- суреттегі заттарды There are/there is құрылымын қолданып сипаттау (түсі, көлемі, саны)

1 деңгей- суретке қарап, мекен үстеулерін қолданып сипаттау.

1-деңгейдің тапсырмасында in front of, behind, next to, between, near үстеулерін қолданып, толық сипаттама беру керек. Алдымен оқушыға дәл осындай сипаттаманы тыңдатамыз немесе оқуға береміз. Оқушы үлгіні негізге алып, ауызша айтып береді. 2-деңгейде құрылымды дұрыс қолдана отырып, заттарды атап шығады. 1-деңгейде зат атауларын ғана атап шығу жүктелді.

2-мысал. Look and read.Then point, ask and answer. p.13

3-деңгей. Берілген заттың атауын табу. Түсін айту.

2-деңгей. This, that, these, those сөздерін дұрыс қолдану.

1-деңгей. Диалог құру.

1-деңгей тапсырмасының күрделілігі сілтеу есімдіктерін дұрыс қолданып, диалог құра білуінде жатыр. Кітапта берілген суретке қарап отырып, жауап үлгілерін көре алады. 2-деңгейде сілтеу есімдіктерін қолданып, заттарды атап шығады. Оқушы шатастырмай олардың дұрыс нұсқасын айтуы керек. 1-деңгей зат атауларын ағылшын тілінде айтып шығады.

3-мысал. Spell the names and words. Play the game in groups. p.12

3-деңгей. Берілген сөздерді дәптерге жазып шығады. Кісі есімдерін тауып, астын сызады.

2-деңгей. Берілген сөздер мен есімдерді дыбыстап айтып жасырады. Екінші оқушы тұтас сөзді айту керек. D-A-N-A – Dana!

1-деңгей. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрайды. Мысалы, My name is Dana. I'm seven.

Берілген тапсырмалар өткен тақырыпты қайталауға, бекітуге арналғанын ескерте кетейік. Оқушылар оқыту процесіне белсене қатысу үшін тапсырмалар өте жеңіл етіп алынған.

А.К.Маркова «Формирование мотивации ученика» еңбегінде оқушының оқуға деген қызығушылығына қатысты мынадай пікір білдіреді [12]: «Бір оқу іс-әрекеті әртүрлі оқушылар үшін әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Бұл жалпы түрде және олардың оқу мотивациясын анықтайды. Оқушы үшін оның мағынасын оқытудың мотивациясын анықтау әр жағдайда мұғалімнің тәрбиелік ықпал ету шараларын анықтауда шешуші рөл атқарады». Әрине, біз А.К.Марковамен келісеміз. Сондықтан саралап оқытудың бір түрі ретінде ойынды ұсынамыз. Ағылшын тілі сабағында оқу белсенділігін арттыру үшін ойын элементері өте жиі қолданылады. Ойынға барлық оқушы емін-еркін қатыса алатын болса да, олардың ойын шартын дұрыс түсініп, процеске барынша ат салысуына жағдай жасаған жөн. Саралап оқытуда ойынды қалай қолдануға болады деген сұраққа әдіскер-мұғалімдер өте көп нұсқаны ұсынады. Соның ішінде 2-сынып оқушыларының есте сақтау қабілетін арттырып, жаңа сөзді сөздік қолданысқа енгізу жағына басымдық беріледі. Мысалға «Puzzle» ойыны алынды. Ойын тапсырмасының мақсаты – күнізді сипаттау. Бірінші команда суреттерден басқатырғыштардан алынған суреттерді біріктіріп, әңгіме шығарады. Екінші команда ән жолдарынан әңгіме жинайды. Үшінші команда оқушыларға жұмбақтарды үш топқа бөлу қажет болатын тапсырмасы бар QR кодын табады. Әрі қарай, команданың бір мүшесі таңдалады және күн туралы монолог айтады. Мұғалім лексика мен грамматиканы дұрыс қолдануға негізделген ұпайларды қояды.

Жалпы алғанда мұғалім саралап оқытуды күнделікті сабақ барысында қолдана алмайды. Өйткені әр оқушыға жеке көңіл бөлу үшін, ешкім назардан тыс қалмау үшін жан-жақты ұйымдастырылу қажет. саралап оқытуды өткізудің бірнеше формалары бар. Деңгейлері шамалас оқушылардан топ құрап, топтық, жұптық, жеке жұмыс жүргізуге болады. Деңгейге қатысты И.Ю.Ладохина өз зерттеуінде «оқушының жеке модальділігі» деген терминді қолданады. Оқушының жеке модальділігі дегеніміз – бұл оқушының жеке қасиеті, оған оқу пәні ретінде мүмкіндік беретін сенсорлық ақпаратты қабылдау және өңдеу үшін белгілі бір сенсорлық жүйені қолдануы. Қорыта келе, саралап оқытудың оқу белсенділігін арттырудағы маңыздылығы орасан. Сонымен қатар оқу мазмұнын, сабақтың мақсаты мен міндеттерін шешу үшін де осы технологияның құрылымы өте тиянақты ойластырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бекмағанбетова Г.К.Саралап оқытудың тәсілін қолданудың ерекшеліктер//Педагогическая наука и практика.- 2019 .-№4
2. Нәтижеге бағытталған сабақ: жоспарлау мен саралау тәсілдерін қолдану: республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары - Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2022.- 452 б.
- 3.ЛадохинаИ.Ю. Дифференциальный и индивидуальный подходы к обучению в современной школе. Автореферат на соис.уч.степ.канд.пед. наук. -Рязань .- 2012. -23с.
4. Magableh A., Abdulla A., Effectiveness of Differentiated Instruction on Primary School Students' English Reading Comprehension Achievement// International Journal of Learning, Teaching and Educational Research Vol. 19, No. 3, pp. 20-35-35, March 2020 <https://doi.org/10.26803/ijlter.19.3.2>
5. Weselby Cathy What is Differentiated Instruction? Examples of How to Differentiate Instruction in the Classroom//<https://resilienteducator.com/classroom-resources/examples-of-differentiated-instruction>
6. Жиркова К.А. Дифференциальный подход и его реализация в процессе изучения иностранного языка в школе// Педагогика и психология образования.-2013.-№2

7. Канцур А.Г., Муравьева А.С. Дифференциальный подход в обучении иностранным языкам начальной школе// Проблемы романо-германской филологии, педагогики и методика преподавания иностранных языков.- 2020.-№16. С.105-109
8. Каплина Г.А. Использование технологии дифференцированного обучения на уроках английского языка в начальной школе// <http://izvestia-ippo.ru/kaplina-g-a-ispolzovanie-tekhnologii/>
9. Комина А.А. Дифференциальный подход на уроках английского языка в начальной школе//
10. Бастауыш білім берудегі педагогикалық технологиялар: Оқу құралы/Г.С. Нурашева, А.Б. Искалиева, Б.Ж. Койгельдина, Г.Ж. Карагойшина–Астана: «Кәсіпқор» Холдинг коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018 ж.
11. Naomi Simmons, Kamila Veibitbayeva, Julie Penn Family and Friends .- Oxford University Press -72 p
12. Маркова, А.К. Формирование мотивации учения./А. К. Маркова.- Новые государственные стандарты по иностранному языку: 2 – 11 классы /Образование в документах и комментариях. – Москва: изд-во Астрель, 2004 Просвещение, 2000 – 191 с.

ОӘЖ 14.27.09

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ОЙЫН ҚЫЗМЕТІ АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Иргалиев А.С., Тулегенов К.А.

Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,

Орал, Қазақстан Республикасы

e-mail: asylbek_78@mail.ru

***Аннотация.** Мақалада музыкалық ойлау психикалық қызмет (музыкалық шығарма және практикалық музыкалық қызмет) ретінде, музыкалық қызметте ойлаудың аспектілері, музыкалық ойдың логикалық дамуы, балалардың музыкалық ойлау дағдыларын дамытуда проблемалық жағдайларды пайдалану, музыканы қабылдау дағдыларын дамыту, орындау және музыка шығару процесінде музыкалық ойлау дағдыларын дамыту, шығармашылық қызметті бағалау критерийлері, шығармашылық атмосферасын құруға қажетті дидактикалық жағдайлар, балалардың шығармашылық қызметін ұйымдастыруда педагогтың өзінің шығармашылық әлеуеті, балалардың музыкалық қызметіндегі музыкалық ойлау мен шығармашылық белсенділікті дамытудың маңызды шарттары, мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық ойлау қабілетін шығармашылық-ойын қызметі арқылы дамыту проблемасы мен оны қалыптастырудың педагогикалық шарттары қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** музыкалық ойлау, психикалық қызмет, музыкалық қызметте ойлау, музыкалық ойдың дамуы, проблемалық жағдайлар, музыканы қабылдау, орындау және шығару процесі, музыкалық ойлау дағдылары, шығармашылық қызметті бағалау, шығармашылық атмосфера, шығармашылық белсенділік, педагогтың шығармашылық әлеуеті, музыкалық-орындаушылық қызмет, пәндік-кеңістіктік орта, балалар қызметінің ұжымдық сипаты, шығармашылық процесі өрістету, мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық ойлау қабілеті, шығармашылық-ойын қызметі, педагогикалық шарттар.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются музыкально-мышление как вид психической деятельность (музыкальное произведение и практическая музыкальная деятельность), различные аспекты мышления в музыкальной деятельности, логическое развитие музыкального мышления, использование проблемных ситуаций в развитии навыков детского*

музыкального мышления, развитие навыков восприятия музыки, развитие навыков музыкального мышления в процессе исполнения и написания музыки, критерии оценки творческой деятельности, дидактические условия создания творческой атмосферы, творческий потенциал самого педагога в организации творческой деятельности детей, условия развития музыкального мышления и творческой активности в музыкальной деятельности детей, проблемы развития музыкального мышления детей дошкольного возраста посредством творческо-игровой деятельности и педагогические условия его формирования.

Ключевые слова: музыкальное мышление, психическая деятельность, мышление в музыкальной деятельности, развитие музыкального мышления, проблемные ситуации, процесс восприятия, исполнения и написания музыки, навыки музыкального мышления, оценка творческой деятельности, творческая атмосфера, творческая активность, музыкально-исполнительская деятельность, предметно-пространственная среда, коллективный характер детской деятельности, развертывание творческого процесса, музыкальное мышление детей дошкольного возраста, творческо-игровая деятельность, педагогические условия.

Annotation. The article considers musical thinking as a type of mental activity (musical work and practical musical activity), various aspects of thinking in musical activity, the logical development of musical thinking, the use of problematic situations in the development of skills of children's musical thinking, development of music perception skills, development of musical thinking skills in the process of music performance and writing, criteria for assessing creative activity, didactic conditions for creating a creative atmosphere, the creative potential of the teacher himself in organizing the creative activity of children, conditions for the development of musical thinking and creative activity in the musical activity of children, problems of developing musical thinking of preschool children through creative and playing activities and pedagogical conditions for its formation.

Key words: musical thinking, mental activity, thinking in musical activity, development of musical thinking, problem situations, process of perception, performance and writing of music, skills of musical thinking, assessment of creative activity, creative atmosphere, creative activity, musical-performing activity, subject-spatial environment, collective nature of children's activity, development of creative process, musical thinking of children of preschool age, creative-playing activity, pedagogical conditions.

Музыкалық ойлау шынайы психикалық қызмет бола тұра, оның көмегімен жеке тұлға музыкалық өнердің биіктігіне баулиды, оны құрайтын рухани құндылықтардың мағынасын меңгереді. Ол үрдісте және дыбыстық шындықпен белсенді, эстетикалық боялған өзара іс-қимылдың нәтижесі ретінде пайда болады. Жеке тұлғаның музыкалық ойлауының негізгі ерекшеліктерін анықтайды екі фактор - бұл музыкалық шығарма және практикалық музыкалық қызмет. Ойлау процесі бұрынғы тәжірибе мен жаңа музыкалық ақпаратты сезінудің «естеліктерін» бейсаналық салыстырудан басталады.

Музыкалық ойлау көркем бейненің тууымен тікелей байланысты. Қазіргі заманғы музыкалық психологияда музыкалық шығарманың көркемдік бейнесі үш бастаудың - материалдық, рухани және логикалық бірлігі ретінде қарастырылады. *Материалдық бастауға:* ноталық мәтін, акустикалық параметрлер, әуен, үйлесімділік, метроритм, динамиканы, тембр, тіркелім, фактура; *рухани бастауға:* көңіл-күй, ассоциациялар, өрнек, ерік-жігері, сезім; *логикалық бастауға:* формасы, жанр, мазмұны жатады.

Музыкалық қызметте ойлау негізінен мынадай аспектілерге шоғырланған:

- шығарманың бейнелі құрылысын - ықтимал ассоциацияларды, көңіл-күйлерді және олардың үстінде тұрған ойларды талдау;

- шығарманың музыкалық құрылымын ойластыру - үйлесімді құрылымдағы ойдың дамуының логикасы, әуендердің, ырғақтың, фактураның, динамиканың, агогиканың, пішіннің ерекшеліктері;

- аспапта немесе ноталық қағазда ойлар мен сезімдерді жүзеге асырудың неғұрлым жетілген жолдарын, тәсілдері мен құралдарын табу.

Көптеген музыкант-педагогтардың пікірінше, қазіргі заманғы музыкалық оқытуда оқушылардың кәсіби-ойын қабілеттерінің тренажы жиі басым, онда байыту және теориялық сипаттағы білімді толықтыру баяу жүреді.

Музыкалық ойлауды дамытуға белсенді ықпал ететін музыкалық және жалпы интеллектуалдық ой-өрісті кеңейту жас музыканттың тұрақты қамқорлығы болуы тиіс, өйткені бұл оның кәсіби мүмкіндіктерін арттырады.

Жалпы алғанда музыкалық ойдың логикалық дамуы Б.В. Асафьевтің белгілі формуласына сәйкес - бастапқы серпін, қозғалыс және аяқталу болып табылады [1].

Жылжыту - бұл көрші бөлімдердің әрқайсысы алдыңғы элементті сақтайтын және оған жаңа жалғауды ab-bc-cd формуласы бойынша қосатын салыстыру түрі.

Үдемелі қысым - бұл серпін жоғарылағанда, қарқын жылдамдатылғанда, бөліктің немесе бүкіл туындының соңына қарай үйлесімділіктің жиі ауысуы.

Компенсация - туындының бір бөлігі өтелгенде, екіншісін сипатында, қарқыны мен динамикасында теңестіруі.

Белгілі педагог М.И. Махмутовтың жалпы педагогикалық тұжырымдамасына сәйкес, балалардың музыкалық ойлау дағдыларын дамыту үшін проблемалық жағдайларды пайдалану маңызды [2]. Проблемалық жағдайлар келесі жолдармен моделденуі мүмкін:

- балалардың өмірлік құбылыстармен, теориялық түсіндіруді талап ететін фактілермен соқтығысу;

- практикалық жұмыстарды ұйымдастыру;

- балаларға осы құбылыстар туралы бұрынғы өмірлік түсініктерге қайшы келетін өмірлік құбылыстарды көрсету;

- болжамдарды тұжырымдау;

- балаларды бар білімді салыстыруға және қарсы қоюға ынталандыру;

- балаларды жаңа фактілерді алдын ала қорытуға ынталандыру;

- зерттеу тапсырмалары.

Музыкалық оқыту міндеттеріне қатысты проблемалық жағдайлар 3 түрде тұжырымдалуы мүмкін.

1. Музыканы қабылдау процесінде музыкалық ойлау дағдыларын дамыту үшін:

- туындыда басты интонациялық негізді анықтау;

- музыкалық шығарманың стильдік бағыттарын есту арқылы анықтау;

- белгілі бір композитор музыкасының үзіндісін басқалардың қатарынан табу;

- орындаушылық стильдің ерекшеліктерін анықтау;

- үйлесімді бірізділікті есту арқылы анықтау;

- музыкаға дәм, иіс, түс, әдебиет, сурет және т.б. таңдау.

2. Орындау процесінде музыкалық ойлау дағдыларын дамыту үшін:

- түрлі редакциялардың орындаушылық жоспарын салыстыру;

- музыкалық ой дамитын жетекші интонациялар мен тірек пункттерін табу;

- шығарманың бірнеше орындаушылық жоспарын жасау;

- түрлі қиялдағы оркестрлермен шығарманы орындау;

- шығарманы әртүрлі қиялмен орындау.

3. Музыка шығару процесінде музыкалық ойлау дағдыларын дамыту үшін:

- генерал-бас, бурдон, ырғақ-остинато негізінде үйлесімділікті әуенмен дамыту;

- таныс әндерді тыңдау арқылы таңдау;

- тоналдық және атоналдық сипаттағы пьесаларды берілген эмоциялық күйге немесе көркемдік бейнеге импровизациялау;

- музыкалық материалда сөйлеу, өмірлік диалогтарды жүзеге асыру;

- түрлі дәуірлерге, стильдерге, мінездерге импровизация жасау;
- бір шығарманың стилистикалық, жанрлық алуан түрлілігі.

Шығармашылық қызметті бағалау үшін көптеген педагог-практиктер мынадай критерийлерді пайдаланады: шығармашылық қызметке тұрақты қызығушылықтың және шығармашылық процеске оң көзқарастың болуы; шығармашылық әрекеттердің сипаты; шығармашылық өнімінің сапасы; мақсатты және дербестік; шығармашылық қиялдың болуы және шығармашылық ойлау деңгейі; шығармашылық қызметтің ұзақтығы [3].

Шығармашылық атмосферасын құру үшін қажетті дидактикалық жағдайларды қараған кезде балалардың шығармашылық белсенділігін дамытатын тәрбиешінің, мұғалімнің педагогикалық қабілеттері туралы айту маңызды. Олар:

- балаларға өздеріне қолжетімді нысанда білім беруге, өз бетінше ойлау мен танымдық мүдделерді жандандыруға, өз бетінше жұмысты ұйымдастыра білуге және танымдық қызметті ұтымды басқара білуге, сондай-ақ өзін-өзі таныстыра білуге, балалардың қиындықтарын сезіне білуге және дер кезінде көмекке келуге байланысты дидактикалық қабілеттер;

- перцептивтік қабілет - бала психологиясын баламалы қабылдау және түсіну;

- экспрессивті қабілеттер - өз ойларын, эмоциялары мен сезімдерін айқын және нақты білдіре білумен, мимиканы, сөйлеуді, қимылдарды басқару;

- суггестивті қабілеттер - балалардың эмоциялық-ерік саласына ықпал ету;

- коммуникативтік - балалармен оң қарым-қатынас жасау;

- конструктивті - оқу материалдар, тапсырмалар мен іс-қимылдарының логикалық тұрғыдан құрастырылған жүйесінде осы жас тобындағы балалардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, нақты практикалық жағдайда қолдану білігі.

Педагогикалық зерттеу әдістемесі үшін шығармашылық белсенділік негізінде музыкалық ойлауды дамыту жағдайларын анықтау маңызды. Көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер шығармашылық қызметті ұйымдастыру принциптерін ашады [4]. Шығармашылық қызметтің қуаттылығы, нәтижелілігі, шығармашылық процестің үздіксіздігі талаптарын сақтау, одан әрі қызметте өз шығармашылық тәжірибесін пайдалану жалпыға бірдей танылған болып табылады.

Балалардың шығармашылық қызметін ұйымдастыруда педагогтың өзінің шығармашылық әлеуеті, яғни кәсіби ғана емес, музыкалық-орындаушылық қызметте (музыкалық импровизацияларды, қозғалыстарды шығаруға, қандай да бір музыкалық тәсілмен байланысты ойын жағдайларын жасауға) өзі шығармашы болу мүмкіндігімен байланысты қабілеттер ерекше мәнге ие.

Әдістемелік және педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде біз баланың ойлау қабілетін дамыту кезінде шығармашылық атмосферасын құру үшін қажетті жалпы дидактикалық қағидаларды атап көрсетеміз:

- музыкалық-орындаушылық қызмет үшін қажетті оқу материалдары мен құралдарының қолжетімділігі (музыкалық шығармалар, оқу және шығармашылық тапсырмалар, көрнекілік және т.б.);

- музыканттың педагогикалық қызметінің шығармашылық сипаты, ән айтуда, қимыл-қозғалыста, аспаптарда ойнауда шығармашылық, импровизациялау қабілеті;

- педагогтың шығармашылық қызметті дамыту барысында психологиялық жайлылық жасай білуі, баланың ішкі әлеміне ену қабілеті, балалардың жеке психологиялық ерекшеліктері мен жай-күйін ескере білуі;

- пәндік-кеңістіктік ортаны дамыту қағидаты: балалардың шығармашылық қызметіне адекватты ортаны ұйымдастыру («айналадағы барлық нәрсені музыкалық-орындаушылық қызметте пайдалануға болады» қағидаты);

- шығармашылық өнім жасау барысында балалар мен ересектердің теңдік ұстанымы;

- балалар қызметінің ұжымдық сипаты (шығармашылық міндеттерді шешу кезінде балалардың өзара іс-қимылына және топтасуына бағдарлану);

- шығармашылық процесті өрістетуде сезімтал және саналы әрекеттерді үйлестіру қағидаты.

Балалардың музыкалық қызметіндегі музыкалық ойлау мен шығармашылық белсенділікті дамытудың маңызды шарты балалардың шығармашылық тапсырмаларын орындауға бағдарланған оқытуды ұйымдастыру болып табылады [5].

Бірқатар авторлар (Н.А. Ветлугина, А.И. Ходкова, С.В. Акишев, К.А. Линкевичус, И.Г. Лаптев, Л.Г. Дмитриева, Н.М. Черноиваненко және т.б.) балалар шығармашылығының даму кезеңдерін анықтайды, олардың логикасы шығармашылық қызметте бастапқы бағдарлауды қажет ететін тапсырмалардан (бұл жағдайда жаңаны жасау бағыт беріледі), шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін игеруге, шешімдерді іздеуге (импровизация элементтері) ықпал ететін тапсырмаларға және соңында балалардың тәуелсіз әрекеттеріне (импровизациялық сипаттағы тәуелсіз музыкаға) арналған тапсырмаларға дейін дамиды.

Психолог Б.М. Теплов баланың әуен шығарып, ән шырқауы үшін оның негізгі музыкалық қабілеттерін (ладтық сезім, музыкалық-есту көріністері және ырғақ сезімі), яғни музыкалық қызметте нәтижелі болуға мүмкіндік беретін қабілеттерін дамыту қажеттігін атап өтеді. Сонымен бірге, Б.М. Теплов атап өткендей, бұл тек арнайы музыкалық қабілеттер туралы ғана емес, сонымен қатар музыкалық қабілеттердің қалыптасуына тікелей әсер ететін балалардың шығармашылық күштерін (музыкалық дизайнның ерекшелігі, іске асыру құралдарын іздеу, ойды музыкалық дыбыстың шындығына айналдыру мүмкіндігі, шығармашылық қиял қабілеті) дамыту туралы сөз болуы керек [6]. Осылайша, Б.М. Теплов шығармашылықты көрсету үшін қиял, фантазия, ерекше жағдайларда еркін бағдарлау, өз тәжірибесін жаңа жағдайларда қолдана білу қажет екенін көрсетеді. «Импровизация - музыкалық шығармашылық қызметтің бір түрі ретінде балалардың музыкалық дамуында үлкен маңызға ие, өйткені импровизацияны аспаптарда ритмика мен музыка жасау процесінде қолдану тиімді» - деп Э. Балчитис жазды [7, б. 107].

Қазіргі психологияда шығармашылық белсенді табиғатқа сүйене отырып қарастырылады, адамның әлеуметтік құндылығы бар түпнұсқа өнімді жасауымен байланысты. Балалар шығармашылығын зерттейтін ғалымдардың еңбектерінде балалар шығармашылығының қоғамдық маңызы жоқ екендігі атап өтілген, өйткені бала ерекше өнім жасамайды, бірақ жеке тұлғаны дамыту үшін шығармашылық қызметтің маңызы зор, балалық шақта шығармашылық субъективті мәнге ие.

Т. Дябло шығармашылық белсенділік - музыкалық қабілеттерді дамытудың ең жоғары нысаны екенін айтады. «Балалардың музыкалық-шығармашылық дамуының анағұрлым елеулі нәтижелерін аспаптық музыкалау береді, - деп жазды ол, - барлық балалардың, тіпті әншілік интонация тазалығы қиын берілетіндердің әлеуетті мүмкіндіктерін ашып көрсетеді» [8, б. 100].

Көптеген педагог-музыканттар балалардың шығармашылық көріністерінің нәтижелілігі әншілік дағдыларының беріктігіне, аспаптарда ән айту мен музыкалауда, қозғалыстарда белгілі бір сезімдерді, көңіл-күйлерді білдіре білуіне, сондай-ақ аспаптарда ойнау дағдыларын меңгеруіне, өз денесін және дауысын басқара білуіне, таза, мәнерлі ән айта білуіне байланысты екенін көрсетеді. Бала осы іскерліктер мен дағдылардың бәрін бірден емес, оқу процесінде меңгереді. Демек, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту сипатының өзі шығармашылық, қабілеттерді және әртүрлі тұлғалық қасиеттерді (дербестік, білімділік, танымдық белсенділіктің болуы, мақсатқа қол жеткізе білу және т.б.) дамытуға бағдарланған болуы тиіс.

Н.А. Ветлугина ән шығармашылығын дамыту үшін мынадай тапсырмалар ұсынады: есімдерді жырлау, қарапайым мәтіндерге әуендерді импровизациялау, белгілі бір жанрдағы берілген мәтінге әуендер шығару [9].

И.Г. Лаптев қарапайым дыбыстық жоғары музыкалық аспаптарда әуендерді импровизациялауға және шығаруға үйрету кезінде жоғарыда аталған қағидаларды толықтыратын бірқатар шарттарды ұсынады. Автор балаларды импровизациялау серпінді сипатқа ие болуы және ән айтумен үйлесуі тиіс, ал музыкалық-шығармашылық қызмет

балалардың музыкалық әсерлерді кеңейту қажеттілігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс деп санайды. И.Г. Лаптев балаларға музыкалық-шығармашылық тапсырманы анық және толық көрсетуге мүмкіндік беретін үлгілерді импровизациялауда пайдалану қажет деп санайды [10].

Л.Г. Дмитриеваның шығармашылық тапсырмаларды қосқанда музыка сабақтарында балалардың музыкалық даму проблемасын зерттеуі күмәнсіз қызығушылық тудырады [11]. Л.Г. Дмитриева аспаптардағы ойынды және шығармашылықты балалардың музыка өнерінің негіздерін белсенді меңгеруіне жағдай жасайтын оқушылардың музыкалық қызметінің маңызды элементтері ретінде қарастырады.

Мектеп жасына дейінгі музыкалық ойлау қабілетін балалардың шығармашылық-ойын қызметінің арқылы дамыту проблемасы бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау мынадай тұжырымдарды жасауға мүмкіндік берді:

1. Музыкалық ойлау шынайы психикалық қызмет, оның көмегімен жеке тұлға музыкалық өнердің биіктігіне баулиды, оның рухани құндылықтардың мағынасын біледі. Ол үрдісте және дыбыстық шындықпен белсенді, эстетикалық боялған өзара іс-қимылдың нәтижесі ретінде пайда болады. Музыкалық ойлауының негізгі ерекшеліктерін екі фактор анықтайды – олар музыкалық шығарма және практикалық музыкалық қызмет.

2. Музыкалық тәрбие теориясында гуманистік ұстанымдар баланың музыкалық өнердің мазмұнын тану процесімен байланысты. Музыкадағы және өнердің басқа да түрлеріндегі сұлулық пен үйлесімділік әлемін ашатын, музыкалық ойлауды дамытатын және педагог пен баланың ойын шығармашылығындағы жеке өзара іс-қимылы негізінде өнермен қарым-қатынас жасау тәжірибесін кеңейтуге бағытталған таным жағдайларын бөлетін танымдық субъект ретінде балаға көзқарас басым болуы тиіс.

3. Музыкалық ойлауды іс-әрекеттік көзқарас тұрғысынан дамыту баланың әр түрлі көркем-шығармашылық қызметін жүзеге асыру, қамтамасыз ету және ұйымдастыру процесі ретінде айқындалады. Мектепке дейінгі балаларды музыкалық мәдениетке баулу және балалардың дербестігін, бастамашылығы мен шығармашылығын дамыту арқылы музыкалық ойын қызметі музыкалық ойлауды дамытуда бай әлеуетке ие.

4. Ғалымдардың музыкалық ойлауды дамытудағы мектепке дейінгі жастағы ойынның жетекші рөлі туралы ережелерін ескере отырып, біз музыкалық-ойын қызметін баланың музыкалық өнердің мазмұнын шығармашылық тануының және ондағы өзін-өзі білдірудің нысаны мен құралы ретінде бөліп көрсетеміз.

5. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық-ойын қызметі арқылы музыкалық ойлауды дамыту келесі **педагогикалық шарттар** анықтадық:

- балалар музыкалық шығармашылығының эталоны ретінде өнер туындыларын қабылдау тәжірибесін кеңейту;

- музыка мазмұнын түсіну кезінде музыкалық дыбысқа ұқсату әрекеттерін меңгеру;

- музыканың эмоциялық-бейнелі мазмұнын шығармашылық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік беретін музыкалық шығарманы ойын ассоциативтік қабылдау үшін жағдайлар жасау;

- балалардың музыкалық шығармашылығының материалдық негізі ретінде эмоциялық көзқарас пен музыкалық қабілетін дамыту;

- мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне және эмоциялық-эстетикалық мүдделеріне және қажеттіліктеріне сәйкес келетін вариативті көркем-бейнелі мазмұнымен мектепке дейінгі ұйымның дамушы ортасын байыту.

6. Зерттеу мектепке дейінгі балалардың шығармашылық-ойын қызметі арқылы музыкалық ойлауды дамыту қажетті әдістерді, тәсілдер мен құралдарды анықтайтын музыкалық тәрбие мен дамытудың прогрессивті әдістерін қолданумен байланысты екендігін көрсетті. Бұл баланың шығармашылық көріністерін жандандыру әдістері және музыкалық тіл элементтерін үлгілеу, шығармашылық әдістер.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Асафьев Б.В. Избранные статьи о музыкальном просвещении и образовании. Изд. 2-е. - Л.: Музыка, 1973.
2. Махмутов М.И. Избранные труды: В 7 т. Т.1: Проблемное обучение: Основные вопросы теории / Сост. Д.М. Шакирова. – Казань: Магариф-Вақыт, 2016. – 423 с.
3. Жакаева К.А. Музыка пәнін оқыту әдістемесі: Бакалавриат 050106 «Музыкалық білім» студенттеріне арналған оқу құрал / К.А. Жакаева, С.А. Жакаева; КГПУ. - Костанай:КГПУ 2019. – 92 б.
4. Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. - Ростов-на-Дону: Ростов.ун-т, 1993. - 172 с.
5. Выготский Л.С. Эстетическое воспитание // Педагогическая психология / Под ред. В.В. Давыдова. - М.: Педагогика-Пресс, 1996. - С. 224 – 253.
6. Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей // Избр. труды: В 2-х тт. - М.: Педагогика, 1985. Т. 1. - С. 42-222.
7. Бальчитис Э. О формах импровизирования в средних классах общеобразовательной школы // Тезисы 5-й научной конференции по вопросам развития певческого голоса, музыкального слуха и музыкально- творческих способностей детей и юношества. - М., 1977.
8. Дябло Т. Возможности творческих проявлений первоклассников в различных видах деятельности // Тезисы 5-й научной конференции по вопросам развития певческого голоса, музыкального слуха и музыкально- творческих способностей детей и юношества. - М., 1977.
9. Ветлугина Н.А., Кенеман А.В. Теория и методика музыкального воспитания в детском саду. - М.: Просвещение, 1993. - 254 с.
10. Лаптев И.Г. Детский оркестр в начальной школе: Книга для учителя. - М.: ВЛАДОС, 2001.
11. Дмитриева Л.Г. Творческое развитие школьников на уроке музыки // Музыкальное воспитание в школе, 1989. Вып. 15. - С. 100.

ОӘЖ 37.08

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН БАСҚАРУДАҒЫ БАСШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН МОДЕЛІ

Иргалиев А.С., Кенжегалиева Л.Г.

Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,

Орал, Қазақстан Республикасы

e-mail: asylbek_78@mail.ru

2. Алексеев, Н. Г. Концепция развития исследовательской деятельности учащихся [Текст] / Н. Г. Алексеев, А. В. Леонтович, А. В. Обухов, Л. Ф. Фомина // Исследовательская работа школьников. - 2001. - № 1. - с. 24 - 34.
3. Агафонова, М. А. Метод проектов. [Текст] / М. А. Агафонова // Вопросы Интернет Образования. – 2006. - № 35. – с. 17 – 27.
4. V. A. Kozyreva, N. F. Rodionova Competence approach in pedagogical education: collective monograph, Publishing House of the Russian State Pedagogical University., 2004.
5. Folokina SK Learning to read in a foreign language in a non-linguistic university. M.: High School, 2005. Khutorskoy A. V. Methodology of personality-oriented learning. How to teach everyone differently?: Teacher's Manual. M.: Vlados-Press, 2005.
6. Жумаева, С. М. Forming the competence of independent work of students at the university / С. М. Жумаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2018. — № 2 (188). — С. 112-114. — URL: <https://moluch.ru/archive/188/47658/> (дата обращения: 18.11.2022).

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Хитрина К.Е, студентка 3 курса
ЗКУ им. М. Утемисова
K2hitrina@gmail.com

Аннотация: В статье рассматриваются тенденции развития современной системы образования, отдельные аспекты проблемы традиций и инноваций в сохранении социально-экономической и идейно-политической стабильности общества. Опыт развития образования в Казахстане.

Ключевые слова: современная система образования; национально ориентированная система образования; развитие; традиции и инновации в образовании; опыт модернизации образования; этнические традиции; реформирование школы; национальные культуры.

Annotation : The article discusses the development trends of the modern education system, certain aspects of the problem of traditions and innovations in maintaining the socio-economic and ideological and political stability of society. Experience in the development of education in Kazakhstan.

Key words: modern education system; nationally oriented education system; development; traditions and innovations in education; experience of modernization of education; ethnic traditions; school reform; national cultures.

Стратегической миссией современной системы образования является продвижение идей, проектов и новаций, способствующих эффективной модернизации школы. Ориентиром в данном случае будет богатое наследие культуры, которое на протяжении веков создано человечеством и нуждается не только в применении, но чаще всего в открытии. Справедливости ради нужно признаться, что косность является сопутствующим фактором в управлении большими системами, в том числе системой образования. Наука, новые технологии и разработки — все, что способствует развитию процессов в образовании, необходимо вводить в школьную действительность. Это не означает, что сплошное экспериментирование заменит устоявшиеся методики преподавания. Но и излишняя консервативность и сохранение сложившейся традиционности в обучении нового поколения не сделают процесс совершенным.

Социально-экономические изменения в мире диктуют другой подход в воспитании и образовании нового поколения. Процессы столь стремительны, что приходится догонять, а не опережать события, а ведь именно школа является показателем развития нашего общества: в ней рождается новое поколение, и поэтому в школе должны происходить процессы обновления, влияющие на все сферы развития общества. В данном случае имеются в виду не только общеобразовательные школы, но и высшие, а также научные школы, информация которых быстрее достигает зарубежных средств массовой информации, чем отечественных.

Образование в стране должно соответствовать растущему уровню потребностей производства и экономики, и дело не в том, чтобы обновление происходило в одночасье: новые люди — новые знания. Школа наша имеет богатейшее педагогическое наследие и историю, которой можно гордиться, уважать ее и на ней учиться.

На современном этапе развития общества доминирующие тенденции обусловили необходимость переосмысления роли и миссии образования, а также выработку новых подходов и приоритетов. Большинство стран мира признали необходимость модернизации образования в качестве одной из приоритетных задач, которую им предстоит решить для дальнейшего социально-экономического прогресса. В последнее время также очевидным стало понимание, что без действенной системы высшего образования, способной готовить специалистов мирового уровня, государство обречено на отставание в научно-техническом и экономическом соревновании с передовыми странами.

Образовательная сфера Республики Казахстан за годы независимости и становления государственности подверглась кардинальным изменениям на всех уровнях. Сегодня казахстанское общество оказалось перед проблемой создания собственной базы для развития системы высшего образования, которая со временем позволила бы Казахстану полноценно интегрироваться в мировое образовательное пространство. В настоящее время система высшего образования Республики Казахстан представлена 180 высшими учебными заведениями и 86 филиалами вузов. Особый статус имеют 9 ведущих университетов. Из 41 тысячи человек профессорско-преподавательского состава вузов - 2520 докторов и 11 610 кандидатов наук. Численность студентов на 10 000 человек населения увеличилась с 257 человек в 2000-2001 учебном году до 439 в 2003-2004 учебном году [Государственная программа развития образования в Казахстане 2004: 34].

В развитии системы высшего образования Казахстана в постсоветский период выделяются несколько этапов реформирования:

- 1991-1994 годы - становление законодательной и нормативно-правовой базы высшего образования;
- 1995-1998 годы - модернизация системы высшего образования, обновление ее содержания;
- 1999-2000 годы - децентрализация управления финансированием образования, расширение экономических свобод учреждений образования;
- современный этап, берущий начало в 2001 году, - стратегическое развитие системы высшего профессионального образования.

Первыми шагами в развитии правовой основы явились Законы Республики Казахстан «Об образовании» (1992 г.), «О высшем образовании» (1993 г.), Концепция государственной политики в области образования, Концепция гуманитарного образования [Шекербекова 2006: 38]. Это был самый сложный и противоречивый этап, на котором требовалось быстро создать собственную национальную модель образования, адекватную целям обеспечения достаточной независимости республики в подготовке кадров, удовлетворения потребностей рынка труда областей и регионов. На этом этапе был провозглашен такой принцип государственной политики, как содействие частной системе высшего образования. Примерно к 1995 году стали явными серьезные проблемы сферы образования, а именно дисбаланс структуры подготовки кадров в разрезе специальностей, неэффективность государственного

регулирующего, слабость национальной саморегуляции рынка образовательных услуг и значительное распространение на этом рынке недобросовестной конкуренции.

Второй этап характеризуется концептуальным определением развития системы высшего образования: принят указ Президента Республики Казахстан «О лицензировании», новая редакция Классификатора специальностей высшего образования Республики Казахстан. Важным событием на данном этапе является принятие Закона 1997 года «О ратификации Конвенции о признании квалификаций, относящихся к высшему образованию в Европейском регионе».

В 1995 году был принят действующий Основной Закон страны и важнейшее право каждого человека - право на образование - было закреплено в Конституции Республики Казахстан. Статья 30 Конституции Республики Казахстан гарантирует бесплатное среднее образование в государственных учебных заведениях, устанавливает обязательность среднего образования, возможность получения бесплатного высшего образования в государственном высшем учебном заведении на конкурсной основе, а также получение платного образования в частных учебных заведениях. В Конституции также закреплено, что государство устанавливает обязательные стандарты образования, которым должна соответствовать деятельность любых учебных заведений. Конституционное право на образование связано с конституционным правом каждого на пользование родным языком и культурой, на свободный выбор языка общения, воспитания, обучения и творчества, на свободу слова и творчества.

На третьем этапе реформирования упорядочивается законодательная и нормативная база. Основная черта данного этапа - децентрализация управления и финансирования образования. С 1999 года Казахстан перешел на новую систему формирования и размещения государственного заказа. Государственный заказ осуществляется в виде государственных образовательных грантов на бесплатное образование по определенному кругу специальностей, подготовка кадров по которым необходима для выполнения государственных функций в сфере общего среднего образования, социальной сфере. Определение общего объема подготовки по госзаказу, распределение его по специальностям и направлениям подготовки возложено на центральные исполнительные органы с последующим утверждением решения Правительства Республики Казахстан.

Самым главным событием этого периода является принятие ныне действующего Закона от 7 июня 1999 года Республики Казахстан «Об образовании» и внесение в него изменений и дополнений Законом Республики Казахстан от 22 ноября 1999 года [Шекербекова 2006: 41]. Основой этого Закона стали современные концептуальные подходы: *ориентация на требования рыночной экономики, правового государства, демократического общества; восстановление социальной значимости образования и интеллектуального труда; создание условий для расширения социальной мобильности обучающихся и преподавателей; внедрение международных стандартов образования и запуск механизмов вхождения Казахстана в мировое образовательное пространство.*

Новый Закон распространил общий правовой режим на государственные и частные организации образования. С его принятием существенно расширились полномочия организаций образования в осуществлении учебного и воспитательного процессов, научно-исследовательской деятельности, в вопросах кадрового обеспечения, финансово-хозяйственной деятельности. В 1999 году был осуществлен переход на новую модель формирования студенческого контингента государственных вузов принятием постановления Правительства Республики Казахстан «О новой модели формирования студенческого контингента государственных высших учебных заведений Республики Казахстан» и постановления Правительства Республики Казахстан «Об утверждении государственного образовательного заказа на подготовку студентов с высшим образованием на 1999-2000 учебный год». Суть новой модели - в приеме вступительных экзаменов методом комплексного тестирования единым независимым от вузов органом и в проведении конкурсного отбора претендентов на государственные образовательные гранты по каждой

специальности. Переход на новую модель приема студентов позволил обеспечить единство требований к экзаменационным материалам и к критериям оценки знаний абитуриентов; предоставить равные возможности в доступе к высшему образованию для всех слоев населения; обеспечить объективность и прозрачность всего экзаменационного процесса; отбирать наиболее подготовленную молодежь для дальнейшего обучения. В этот период также были заложены основы для перехода системы подготовки кадров на общепринятую в мире трехступенчатую модель подготовки кадров: бакалавриат - магистратура - докторантура Ph.D, основанная на кредитной системе обучения. Переход на кредитную систему обучения позволит адекватно оценивать уровни, ступени, академические степени образовательной сферы республики, а также позволит сделать их прозрачными, узнаваемыми и признаваемыми, что и является одним из главных условий вхождения в мировое образовательное пространство.

В 2001 году была введена процедура государственной аккредитации вузов. Постановлением Правительства утверждены Правила государственной аттестации организаций образования, которая предусматривает подтверждение на очередной срок государством статуса высших учебных заведений по виду (институт, академия, университет) и по типу профессионального образования. Показатели аккредитации были максимально сближены и унифицированы со странами СНГ.

В марте 2004 года Постановлением Правительства Республики Казахстан введено единое национальное тестирование, направленное на обеспечение совмещения итоговой государственной аттестации выпускников организаций образования и приемных экзаменов в профессиональные учебные заведения.

В том же году Постановлением Правительства введена промежуточная аттестация обучающихся во всех вузах - после третьего курса обучения по медицинским специальностям, после второго - по всем другим специальностям [Жакенова 2002: 117]. Вместе с тем снижение требований отдельных вузов и их многочисленных филиалов к уровню подготовки абитуриентов и студентов при недостаточном интеллектуальном, кадровом, материально-техническом потенциале высшей школы привело к снижению качества подготовки специалистов. Это вызвало необходимость совершенствования нормативно-правовой базы в направлении усиления требований к кадровому обеспечению и материально-технической базе вузов.

В связи с этим в 2004 году была утверждена Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. Ее основная цель - модернизация национальной системы образования на основе Стратегического плана развития Казахстана до 2010 года для интегрирования в мировое образовательное пространство [Концепция развития образования в Казахстане 2004: 30]. Данная Программа предусматривает дальнейшее совершенствование классификатора специальностей высшего образования, внедрение прогрессивных технологий обучения, в том числе - кредитной и дистанционной. В результате реализации Программы намечается также целый ряд инноваций: перевод магистратуры на послевузовский уровень; трансформация высшего и послевузовского профессионального образования в трехступенчатую модель «бакалавриат-магистратура-докторантура»; гармонизация образовательных программ бакалавриата с международными; увеличение количества образовательных грантов, создание новой модели кредитования студентов; введение механизма распределения государственного заказа на подготовку профессиональных кадров среди лучших вузов страны; привлечение работодателей для организации профессиональной практики, стажировок студентов, трудоустройства выпускников.

Список использованной литературы:

1. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. - Астана, 2004.

2. Гуревич А. Я. Системные реформы высшего образования в Казахстане: исторические уроки в свете мирового опыта. - Алматы, 1999.
3. Жакенова К. А. Реформа системы высшего образования в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – Алматы, 2002. - № 1 (8). - С. 109-117.
4. Концепция развития образования в Республике Казахстан до 2015 года // Вестник образования и науки. - Алматы, 2004. - № 1. - С. 34-48.
5. Шекербекова Л. К. Стратегические направления реформирования образования в Республики Казахстан // Вестник университета «Кайнар». - 2006. - № 1/1. - С. 38-44.

БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЕРТЕГІНІҢ МАҢЫЗЫ

Таубаева Галия Закарьяновна п.ғ.к., доцент

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Абай атындағы ҚазҰПУ «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім

бағдарламасының I курс магистранты

Сағын Ұлболсын Кеңесбайқызы

Ulbolsyn.sagyn@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеудің даму ерекшеліктері туралы сөз болады. Халық ауыз әдебиеті арқылы сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс тәжірибесі сипатталған.

Тірек сөздер: сөйлеуді дамыту, мектепке жасына дейінгі кезең, халық ауыз әдебиеті, ертегілер, оқыту және тәрбиелеу.

Аннотация: В данной статье рассматриваются особенности развития речи у детей дошкольного возраста. Описывается опыт работы по развитию речи средствами устного народного творчества.

Ключевые слова: развитие речи, дошкольный возраст, фольклор, сказки, учебно-воспитательная работа.

Annotation: The article discusses the features of speech development in preschool children. The experience of work on the development of speech by means of oral folk art is described.

Key words: speech development, preschool age, folklore, fairy tales, educational and educational work.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында» (2022) Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді [1].

«Балалардың мектепалды дайындығына талаптың жоғары деңгейде қойылуы, оларды мектепке дайындаудың алғышарты болып табылады. Тіл қатынас құралы болғандықтан, алдымен баланың тілін дамыту мәселесіне баса назар аудару қажет» [2,3-б].

Сөйлеу дегеніміз – адам психикасының жоғарғы бөлімдерін дамыту құралы. Баланы ана тілінде сөйлеуге үйрете отырып, ересектер оның интелекті мен эмоциясының дамуына мүмкіндік береді, мектепте жақсы оқуға дайындайды.

Мектепке дейінгі ересектер тобындағы (5 – 6 жас) баланың тілі анық, түсінікті болуы тиіс. Себебі дәл осы жаста дыбыстарды меңгеру процесі аяқталады. Тілдік белсенділігі артады: бала сұрақ қойып, үлкендердің сұрағына жауап беріп қана қоймайды, өз сезімдері мен ойын жан-жақты, ауқымды әңгімелеп бере алады.

Баланы ана тілінде еркін, жатық, байланыстырып, көркем сөйлеуге үйретуде ұлттық құндылықтарды пайдаланудың маңызы зор. Ал ұлттық құндылықтарымыздың бірегейі халық ертегілері болып табылады.

Ертегілер қазақ халқының рухани өмірінде маңызды орын алған. Себебі, ертегілердің сюжетінен халықтың тұрмыс-тіршілігі, жалпы бүкіл болмысы көрініс тапқан. Ертегілер бала тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде пайдаланылып келген. Алайда бүгінгі ақпараттық технология дамыған заманда оларды пайдалану қарқыны біраз бәсеңсіп қалғандай. Қазіргі таңда балаларға ертегілерді теледидардан, ақпараттық технология құралдарынан көрсету қолайлы болып қалды.

Қазақ халық ертегілері – баланың жан-дүниесін, ой-өрісін байытып, тапқыр, алғыр, ойшыл етіп тәрбиелеуге мүмкіндік беретін баға жетпес мұраларымыздың бірі. Олар баланың түсінуіне, есте сақтауына жеңіл, әрі сюжеті қызықты, тартымды, тілі орамды, бейнелі болғандықтан, баланың көркем тілі мен байланыстырып сөйлеуін дамытуда кеңінен, мақсатты түрде пайдалансақ ұтарымыз мол.

Ғылыми-педагогикалық және оқу-әдістемелік т.б. әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар нәтижесінде мектепке дейінгі мекемелердегі оқу-тәрбие үдерісінде бұл мәселе арнайы толық зерттелмегендігін және осы негізде балабақша тәрбиешілерінің біліктілігін арттырудың шарты ретінде арнайы зерттеулер жүргізуді талап ететіндігін дәлелдедік. Яғни, зерттеу жұмысын жүргізуден бұрын қазақ халық ертегілерін мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуда пайдаланудың тиімділігін жүйелі зерттеп, арнайы ғылыми нәтиже шығарып, ұсыныстар берген зерттеу жұмысының жоқтығын анықтау барысында қазіргі уақытқа дейінгі зерттелген еңбектерге мейлінше толыққанды талдау жасауға әрекеттендік.

XIX ғасырда балалар әдебиетінің атасы Ы.Алтынсарин, белгілі әдебиеттанушы А.Байтұрсынов, ғалым әрі ақын М.Жұмабаев тілдің ерекшеліктері, баланың ана тілінде сауат ашуының артықшылықтары, оқыту ісінде халық ауыз әдебиетінің алатын орны турасында құнды пікірлер айтып, зерттеу еңбектерін жазды. Ал балалар әдебиетінің өкілі, педагог С.Көбеев байланыстырып сөйлеуді дамыту мәселесін жалғастырған.

Мектепке дейінгі педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлесін қосқандардың бірегейі журналист, публицист, педагог-тәлімгер, аудармашы Нәзіпа Құлжанова.

Мектепке дейінгі педагогика ғылымы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздің дыбыстық құрамын меңгерту мәселелеріне жете көңіл бөліп, бұл жұмысты ақыл-ой тәрбиесімен бірлікте қарастырған Б.Б.Баймұратова болды.

Қай кезде де баланың тілін дамыту көкейтесті мәселелердің бірі болып саналады. Себебі, осы мәселелерді әр қырынан зерттеу және оның нәтижесін тәжірибеге енгізу бүгінгі күнге дейін ғылыми тұрғыда жүзеге асырылып келеді.

Мектепке дейінгі педагогиканы қазақстандық ғалымдар Б.Баймұратова, М.С.Сәтімбекова, Р.Қ.Аралбаева, Ф.Жұмабекова, А.К.Меңжанова, Ә.С.Әмірова, Т.А.Левченко, С.Н.Жиенбаева, Г.З.Таубаева, т.б. ғалымдар зерттесе, ал мектеп жасына дейінгі балалардың тіл дамыту мәселелерін Б.Баймұратова, Р.К.Аралбаева, А.Б.Бақраденова, Н.Н.Ханина, еңбектері арқау етті.

ТМД елдері бойынша мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту мәселесін В.Н.Полосухина, Р.М.Рахимова, С.С.Сакиева, Ш.Н.Алиева, К.С.Тюрина, В.Г.Захарченко, З.П.Плохий, т.б. қарастырды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту мәселесі бойынша орыс және шетел ғалымдары Ф.А.Сохин, О.И.Соловьева, Л.Б.Фесюкова М.М.Алексеева, В.И.Яшина, Л.С.Выготский, А.М.Бородич, С.П.Рубинштейн, А.М.Леушина, А.М.Деменьтева, М.М.Конина, И.Е.Тихеева, В.Г.Захарченко, П.Я.Гальперин, А.А.Люблинская зерттеулер жүргізді.

Тіл дамытудағы көркем әдебиет пен ертегілердің рөлі мәселесі З.А.Гриценко, Л.М.Гурович, Л.Б.Береговая, И.К.Зиминая, Н.С.Карпинская, Л.Д.Короткова т.б. зерттеу еңбектерінен көрінді.

Бұл аталған еңбектердегі тұжырымдар бойынша бала тілінің дамуында ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем әдебиеттің алатын орны ерекше болып табылады. Солардың негізінде теориялық, тәжірибелік, әдістемелік өзектілігі анықталады.

Сондай-ақ, тілге жіті көңіл бөлген қазақ халқынан шыққан ғалым, әдебиетші А.Байтұрсынов тіл мен сөйлеуге қатысты «Тіл міндеті - ақылдың андауын андағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау... Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады... Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады» деп [4,187-б.] баға жетпес тұжырым жасаған. А.Байтұрсыновтың бұл психологиялық ойынан баланың кішкентай күнінен бастап ақылға сүйенетіндігін көреміз.

Жалпы байланыстырып сөйлеуді қалыптастыруды ғылым тұрғысынан зерттеудің педагогикалық, психологиялық қорытындылау нәтижелері келесідей тұжырым жасауға итермелейді. Яғни, белгілі педагог-психологтардың тұжырымдары бойынша балалардың байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастырудың мынадай себептері туындайды:

- тіл мен ойлау өзара тығыз байланысты;
- сөз дербес заттың жеке атауына берілген таңба емес, ол үнемі зат және құбылыстың сыр-сипатын ашады, сол үшін де ойлау әрекетінің нәтижесі болып табылады;
- қазақ халық ертегілерімен таныстыруда балалардың тек сөздік қорлары дамып қана қоймайды, сонымен қатар ұлттық құндылыққа деген сүйіспеншілігі қалыптасады.
- баланың қазақ халық ертегілерінен алған өнегесі мен тәрбиесін, білімін өмірде қолдана білуі, оларды түсініп, салыстыруы, өз ойын ертегілердегі көркемдегіш құралдар арқылы көркем, әрі шығармашылықпен жеткізуі байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастырудың нәтижесінде жүзеге асады.

Ертегіні қабылдауда барлық танымдық процестер қатысады: ес, ойлау, қиялдау. Әдеби шығарманы тыңдай отырып, бала суреттеліп отырған оқиғаларды көрмейді. Ол оны өз тәжірибесіне сүйене отырып, елестетуі керек. Шығарманы, оның мазмұны мен идеясын түсіну баланың елестету қабілетіне байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларға оқылатын шығармалар үш салаға жіктеледі. Олар: халық ауыз әдебиетінің нұсқалары; авторлық шығармалар, яғни классик жазушылар шығармалары мен қазақ жазушыларының туындылары.

Ертегілерді оқу мен жоспарлауда келесідей жағдайларды мұқият ескеру қажет:

Мектепке дейінгі балалар ертегіні тыңдайды, олар өздері оқымайды, қазақ халық ертегілерін оларға педагог оқып береді.

Тәрбиеші әрбір ертегіні өнер туындысы ретінде жеткізе білуі тиіс, оның негізгі ойын, ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқын ашуға әрекет жасауы қажет. Ал ол үшін тәрбиеші ертегімен балаларды таныстырмас бұрын өзі ертегіні түсініп, сезініп, талдап алуы керек. Және педагог анық дауыс ырғағымен оқу техникасын, мәнерін жақсы білуі тиіс. Яғни екпінді дұрыс қойып, қажет жерінде кідіріс жасап, дауысты көтеріп, бәсеңдетіп оқуға машықтанғаны жөн.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі баланы қазақ халық ертегілері арқылы тәрбиелеу мен тілін дамытудың мәні мен мазмұнын төмендегідей сипатта қарастыруға болады:

- мектеп жасына дейінгі бала жалпы адамзатқа тән құндылықтар мен жеке қазақ халқына тән құндылықтарды анықтап тануға, одан қажеттісін ала білуге бағдарланған, ғалымның қол жеткен ғылыми жетістіктерін өздігінен білім алу үрдісінде қолдануға,

жаңашыл, қайырымды, туған елін, жерін, отбасын, Отанын, мектебін сүйетін және олардың алдында парызын түсінетін болуы керек;

- мектеп жасына дейінгі бала бүгінгі күнгі жеткіншек еңбек етуге қабілетті, ана тілін терең меңгерген, өз ойын дұрыс, анық, жүйелі түсіндіре алатын, тілі жатық, көркем дамыған, жинақы, ұқыпты, іскер, жауапкершілікті түсінетін, уақытты тиімді пайдаланатын, оқу-тәрбие үрдісінде білім мен ғылым негіздерін сапалы игере білуі керек;

Баланың сәбилік кезеңінен отбасындағы адамдармен, яғни ата-анасы, туыскандарымен, балабақшада құрбы-құрдас, тәрбиешімен қарым-қатынасқа түседі. Ойында, еңбек, оқу әрекеттерінде көптеген сұрақтар қояды, қызығушылық танытады. Қойған сұрақтарына анық, нақты, түсінуіне лайықты жауап беру арқылы баланы белгілі көлемде ақпаратпен қаруландырып, ой-өрісін кеңейтіп, тілін дұрыс дамыту қажет. Баланың тілінің дамуы тікелей айналасындағы қарым-қатынасқа байланысты болады. Дәл осы жасында бала ересектердің сөзіне және ісіне, мінез-құлқына еліктеп, одан өз нәтижесін беріп отырады. [1, 280-б]

Қарым-қатынастан бөлек баланың тіліне көркем шығармалар мен ауыз әдебиеті үлгілерімен танысу, теледидардан көру зор әсер ететіндігі белгілі. Осы мақсатта балабақшада ертегілер тыңдалып, кинолар көрсетіліп, театр ойынын қою арқылы орындалады. [2,25-б].

Тәрбие және тіл дамыту құралы ретінде ауыз әдебиет жанрлары, оның ішінде ертегілер, мақал-мәтелдер, батырлар жыры, аңыз әңгімелер пайдаланған. Халқымыздың «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиеле, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» - дегендей халық баланың ұлттық үлгідегі тәрбиесіне мән берген. [1, 210-б].

Ертегіні қабылдауда барлық танымдық процестер қатысады: ес, ойлау, қиялдау. Әдеби шығарманы тыңдай отырып, бала суреттеліп отырған оқиғаларды көрмейді. Ол оны өз тәжірибесіне сүйене отырып, елестетуі керек. Шығарманы, оның мазмұны мен идеясын түсіну баланың елестету қабілетіне байланысты. [2,25-б].

2-3 жасында бала ситуациялық қабылдаудан жалпылама қабылдауға көшеді. (Л.Павлова). Балалар жеке бейнелерді ғана елестетіп қоймайды, сондай-ақ бүтін суреттерді, өзара байланысты іс-әрекеттер тізбегінен тұратын эпизодтарды елестетеді. Олар өмірлік, күнделікті болып жататын ситуацияларды ғана емес, сюжеттің күтпеген бұлтарыстарын да түсіне бастайды, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін «болжауды» үйренеді, олардың әрекетінің соңғы нәтижесін шамалайтын болады. Баланы қаһармандардың іс-әрекеттерінің нәтижесі қызықтырады, өзін шығармада болып жатқан жағдайға қатыстырғысы келеді, сондықтан да, мәселен батырлық ертегілердегі батырлардың атындай атым немесе қылышым болса деп армандайды. [3, 251-б].

Қазақ халық ертегілері балалардың жас ерекшеліктеріне орай дұрыс, әрі тиімді пайдаланылса, баланың тіл өнеріне деген әуесі артып, ана тілдің байлығын меңгеруде зор қызмет атқарары сөзсіз. Ертегілердің барлығы дерлік белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның басталуы және аяқталуы болады. Ертегі тілінің көркемдігі, қызықты, тартымды оқиғалар желісінің баяндалуы, образдардың шебер суреттелуі баланың ертегі әлеміне ынтасын арттыра түседі.

Баланың ертегілерді тыңдауы, естіген ертегісінің мазмұнын қайталап айтып беруі, баланың тіл байлығын арттырып, байланыстырып сөйлеу тілін дамытып, тілдің грамматикалық құрылымын меңгертіп қана қоймайды, олардың патриоттық сезімдерін оятып, сыйластыққа, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету сияқты адам қасиеттерге тәрбиелейді, сұлулыққа деген талғамын дамытуға мүмкіндіктер беріп әртүрлі қатыгездік, зұлымдық иелерінің іс-әрекеттерінен жирендіреді.

Қорыта келгенде, Қазақ халық ертегілері балалардың жас ерекшеліктеріне орай дұрыс, әрі тиімді пайдаланылса, баланың тіл өнеріне деген әуесі артып, ана тілдің байлығын меңгеруде зор қызмет атқарары сөзсіз. Ертегілердің барлығы дерлік белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның басталуы және аяқталуы болады. Ертегі тілінің көркемдігі, қызықты, тартымды оқиғалар желісінің баяндалуы, образдардың шебер суреттелуі баланың ертегі әлеміне ынтасын арттыра түседі.

Баланың ертегілерді тындауы, естіген ертегісінің мазмұнын қайталап айтып беруі, баланың тіл байлығын арттырып, байланыстырып сөйлеу тілін дамытып, тілдің грамматикалық құрылымын меңгертіп қана қоймайды, олардың патриоттық сезімдерін оятып, сыйластыққа, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету сияқты адам қасиеттерге тәрбиелейді, сұлулыққа деген талғамын дамытуға мүмкіндіктер беріп әртүрлі қатыгездік, зұлымдық иелерінің іс-әрекеттерінен жирендіреді.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша

2. Тіл дамыту: Әдістемелік құрал. Мектепке дейінгі ересек жастағы (5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасының «Қатынас» білім беру саласы бойынша әзірленген әдістемелік құрал. / М.Қ.Нұрманова, Г.Д.Абдрахимова, К.М.Беркінғалиева, А.А.Ахантаева, А.С.Шаих - Астана: «Арман-ПВ», 2013. – 108 бет.

3. Байтұрсынов А Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.

ОӘЖ 373.2

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН Б. БАЙМҰРАТОВАНЫҢ АНА ТІЛІН ДАМУДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Таубаева Галия Закарьяновна п.ғ.к., доцент

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Темирова Л.Ж.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail:lunaratemirova22@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының және қазақ балабақшаларының анасы Бәшен Баймұратқызының қазақ тілінің дамуындағы өлшеусіз еңбектері қарастырылады. Әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған тіл мәселесі сөз болады. Қазақ тіліндегі алғаш оқу құралдарын жазу барысындағы еңбектері айтылады.

Тірек сөздер: тіл, қазақ тілі, оқу құралы, мектеп, балабақша, әдістемелік құрал

Аннотация

В этой статье рассматриваются неизмеримые труды великого учителя нации Ахмета Байтурсынова и матери казахских детских садов Башена Баймуратовны в развитии казахского языка. Речь идет о языке, который до сих пор не утратил своей актуальности. Прозвучали труды по написанию первых учебных пособий на казахском языке.

Ключевые слова: язык, казахский язык, учебное пособие, школа, детский сад, методическое пособие,

Annotation

This article discusses the invaluable works of the Great Teacher of our nation Akhmet Baitursynovich and mother of Kazakh kindergartens Bashena Baimuratovna in the development of the Kazakh language. There will be a language that has not yet lost its relevance. The first textbooks in the Kazakh language are published in the course of their writing.

Key words: *language, Kazakh language, manual, school, kindergarten, methodological manual*

Тіл - халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілдің азуынан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Бүгінгі қазақ қоғамындағы мәңгүрттікті басы да өз тілін тәркі етуден туды. Ана сүтімен сіңбеген, бесік жырынан нәр алмаған ұлттық қасиет, тана сүтімен кірмейді. Тілі мен дінінен айырылғандай ондай жан рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, көлденең көк аттының қолжаулығына айналады.

Әрине, тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам қарекетсіз болған емес. 20-шы жылдарда тіл тәуелсіздігін ту етіп көтерген Әлихан Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б. бостандықтың лебі білінісімен басталған бүкіл халықтық қозғалыс соның айғағы. Шүкір, бүгін де тілінің тағдырына алаңдайтын азаматтар баршылық.

Қазақтың бас ақыны Абай «Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей салмас» - дегендей, қазақ халқының рухани дүниесіндегі көркем тілдің орны мен құдірет – күшін дәл бағалаған.

Кешегі Мағжанның:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін – не бардың!
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың ! –деп, қолда қалған асылдың ертеңін ойлап күңіренгені мәлім.

XIX ғасырдың жарқын жұлдыздары - Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып салған ағартушылық-демократтық бағытты ілгері жалғастырушы, жаңа буынның төл басы, дарынды ақын, ірі ғалым, ірі журналист, қазақ тілін оқыту әдістемесі мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ол өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте бұқараның жүрегіне қозғау салар, ұйқысынан оятар қаруы - өлең сөз, ана тілі деп түсінді. Қазақ халқының тағдыры, бүгінгісі мен ертеңгісін, олар өздерінің ағартушылық, демократтық, гуманистік идеяларын халқына поэзия тілімен жеткізуді қалады.

А.Байтұрсынұлы нағыз күрескерлер – демократтық поэзияны негізін қалап, азаттыққа ұмтылған азаматты жыр үлгілерін жасады. Олардың алдына қойған мақсаты - өзінің халқына қызмет ету, қалың көпшілікті еңбекке, мәдениетке шақыру, сауаттарын ашып, дүниені таныту сияқты мақсаттарды көздеген[1]. Олар адамдық деген ұғымға ең алдымен үлкен адамгершілікті, адалдықты, қалтқысыз еңбекті сыйғызатын тәрзіді. Сондықтан ол қай заманда да, қай ортада бар арам ниеттілерді, қараған басының пайдасына әрекеттенушілерді, күншілдерді, тоқмейілісгендерді кешірмейді. Оны Ахмет Байтұрсынұлының атақты мына тармақтары әр кезде басынан осындай хал кешкен әр адамның көңіліне ұялар еді:

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны,
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз аулымның иттері үріп қапқаны.

Міне, ақтаңдақ ағаларымыздың кешкен өмір өткелдері, тар жол, тайғақтары осындай. Ахмет Байтұрсынұлы 1913-1918 жылдар арасында «Қазақ» газетінде редактор болып, орасан зор әлеуметтік тарихи қызмет атқарды, халық өмірінің сан алуан көкейкесті мәселелерін көтерді, елді прогреске, өнер-білімге шақырды.

Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында қазақ зиялылары, түркі әлемі жоғары бағаланған. Ол туралы М.Әуезов («Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны»), С.Мұқанов («Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам- Ахмет»), Р.Сыздықова («Ахмет Байтұрсынұлы - біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы... Қазақ

оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының әліп-биімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді»), Қ.Мұхамеджанов («Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген- Ахмет Байтұрсынұлы») т.б. өз пікірлерін қалдырған.

Ахмет Байтұрсынов қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», сөз жүйесін «морфология», сөйлем жүйесін «грамматиканы» қалыптастырды.

А. Байтұрсынов -қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Қазақ балаларына арналып 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептің тілі қазақша болғанмен, қазақша жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ болған кезде, ол Ресей Империялық Министр Советінің Председателі атына (26.06.1905ж.) петиция жазып, онда бірнеше талаптар қойды: *«қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін» деген болатын*[2].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының сауатын ашатын қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі оқулықтары мектептерде бірте бірте негізгі пән ретінде қалыптаса бастады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтары жазылды. Ол осы оқулықтарды жазу барысында ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зеттеуден бастаған, содан кейін қазақ әліпбиімен емлесін ретке келтіріп, жеңілдету жолында еңбектенген, үшіншіден қазақтың жазба тілін өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттенген, төртіншіден қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірбиесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналысқан[3].

«Тіл - құрал» еңбегінің бүгінгі күндері де маңыздылығы зор. Өйткені, осы еңбекте пайда болған тіл білімінің жаңа терминдерінің маңыздылығы осы күндері де жоғалмаған. Қазіргі уақытта тіл білімі саласында еңбек етіп келе жатқан ғалымдарымыз, Ахмет Байтұрсынұлының қалаған лингвистикалық терминологиясын кеңінен қолданып келеді. Ахмет Байтұрсынұлының зор еңбектерінің арқасында қазақ балаларының сауат ашуға, білім алуға мүмкіндіктері ұлғайды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін үйренудегі «Әліпби», «Тіл құралы», «Баяншы», «Әдебиет танытқыш», «Тіл жұмсар» секілді бірнеше оқулықтарының авторы екендігін бүкіл халық біледі. Халыққа білім беруден басқа Ахмет Байтұрсынұлы Міржақып Дулатұлымен бірігіп Орынборда «Қазақ» газетін шығаруға атсалысқан, газеттің негізгі тақырыбы халықтың ой-санасын оятатын, өнер-білімге үндейтін, ана тілін дәріптейтін, ұлттық сананы қалыптастыратын мақалалар жиі жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының өзі айтқандай «Қазақ» газеті «...халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болған. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті мен жазуының дамуына зор үлес қосты. Атап айтқанда, «Қырық мысал» өлеңдері (1909ж.) және «Маса» (1911ж.) жинақтарында қазақтың ауызша өнерінің үлгілерін жинап, басып шығаруда үлкен еңбек сіңірді[3]. Ахмет Байтұрсынұлын ғалым, әдебиеттанушы, тілші, зерттеуші ретінде танытқан күрделі туындыларының бірі «Әдебиет танытқыш» (1923ж.) еңбегінде қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта баяндалған. Ахмет Байтұрсынұлының әдебиетші ретінде ұлы ақын Абай Құнанбайұлына арнап жазған мақалаларының ішінде «Қазақтың бас ақыны» мақаласы Абайтанудың ғылым ретінде қалыптасуына үлкен үлес қосқан.

Міне, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ұлтжандылықтың бір көрінісін қазақтың қайсар қызы Бәшен Баймұратованың өмір жолынан да көруге болады. Қолда бар рухани мұраны көздің қарашығындай сақтау, оны зерттеу, ұрпаққа білгізу, өткенді жаңғырту Ұлы Дала Елінің болашағы үшін аса қажет. Осы орайда төл тарихты терең зерттеп, оны өркендетуге үлес қосу түйіткілі өзекті болып табылады. Тарихта өз елінің мүддесін жеке басының қамынан жоғары қойған тұлғалар көп емес, дегенмен олардың бірі туралы жиі айтылса,

екіншілері жөнінде айтыла да, жазыла да бермейді. Соңғы жылдары есімі тасада қалып бара жатқандардың бірі – *Бәшен Баймұратқызы*.

Қазақстан Республикасында алғашқы қазақ тілді бала-бақшалардың ашылуы, ондағы тәлім-тәрбие жұмыстарының ана тілінде жүргізілуі мәселелерін көтеріп, негізін қалаушылардың бірі Бәшен Баймұратқызы болды.

Б. Баймұратова «Сәбилердің сөздік қоры мен сөз игеру ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап (1970ж.), ғалымның диссертациясы Қазақстанда тұңғыш мектеп жасына дейінгі тәрбие мәселесін зерттеуге арналған бірінші ғылыми еңбек болып саналады. Оның ғылыми-зерттеу еңбегінде қазақ даласында балабақша, мектеп болмаған кезде де баланы тәрбиелеуге аса көңіл бөлінгенін айта отырып, ол замандағы тәрбие құралын төмендегіше сипаттайды: «Ол кездегі тәрбие құралы – ауыз әдебиет нұсқалары, халық қазынасы – ертегі, жұмбақ, мақал-мәтелдер, өлең-тақпақтар ауызша жатталып, әжеден, атадан, анадан балаға жетіп, оның ой-сезімін дамыту, тілін ширату, айналадағы қоғамдық өмір шындығын таныту ісіне үлес қосты, қосып та келеді»- дейді. [4, 2.].

Б. Баймұратованың мектеп жасына дейінгі тілін дамытуға арналған еңбектерін саралай келе мынадай қортындыға келеміз: *біріншіден*: бала тілі дамуы үшін міндетті түрде үлкен адамдармен сөйлесу, қарым-қатынаста болуы шарт. Балалардың сөздік қорының молаюына үлкендердің сөздік қоры жақсы әсер етеді; *екіншіден*: үлкендердің сөйлегенін түсіну баланың ауызша сөйлеуінен бұрын туады. Бұл кезде біреудің сөзіне бөбектің реакциясы эмоциялық түрде сөйлемнің интонациясын қабылдаумен байланысты болады; *үшіншіден*, басқа адамдардың сөзін түсінуден баланың өзінің сөйлеу үрдісі кеш қалыптасады; *төртінші ерекшелігі* – балалардың өздерінің сөйлеуінде тілдің грамматикалық және синтаксистік түрлерін дұрыс қолдана бастауы» [4, 28-29б.].

Б. Баймұратова балабақша қызметкерлеріне, тәрбиешілеріне арнап «Балалардың сөйлеу қабілетін дамыту методикасы» (1962ж), «Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу қабілетін дамыту» (1966ж), «Балаларды мектепке қалай даярлау» (1971ж), «Ана тілді оқыту методикасы және мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қабілетін дамыту» (1981ж), «Біздің кітап» (тәрбиешілерге арналған I бөлімі 1964ж., II бөлімі 1974ж.), «Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл дамыту методикасы», «Шуақты күндер» (хрестоматиялық жинақ, 2006ж), «Тіл дамыту» (Оқу құралы, 2007ж.) еңбектерін жазды [5].

Қазақстан Республикасының қазақ балабақшаларына арналған тұңғыш төл «Балбөбек» бағдарламасының (1996ж.) негізін қалады. Қазақ тілінде жұмыс істейтін балабақшаларға арналаған тұңғыш бағдарлама ұсыну, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, мектепке дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық даму ерекшелігін әр тарапты (ақыл-ой, тіл дамыту, еңбек, адамгершілік, дене тәрбиесі, бейнелеу өнері т.б.) ғылыми нәтижелерге негізделген еңбектер жазды [6]. Белгілі ғалым Б. Баймұратованың «*Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту*» атты еңбегінде баланың сөздік қорын дамытуға баса назар аударылып, сөздік жұмысын жүргізудің әдістеріне тоқталған. Онда балаға айналадағы өмірді бақылай білуге үйрету, сурет көрсетіп, әңгімелесу, диафильмдер көрсетіп, көркем шығармаларды оқып-тыңдату, сұрақ-жауап, әңгімелесудің маңызы зор екенін баяндайды. Баланы мектепке даярлауда, олардың сөздік қорын байытуда дидактикалық ойынның маңызы зор екенін көрсеткен. Оған дәлел түрлі заттардың атын айтқызу, салыстыру, жұмбақ шештіру, сөйлемді дұрыс құрап айтуға үйрету тапсырмалары берілді. Сонымен қатар, тірек сөздер, сұраққа жауап алу арқылы орындату қажеттігін, шығарманы оқу, тыңдату, талдату, кейіннен жол басын оқып, жалғасын балаға айтқызу, өлең, тақпақ, ертегі, әңгімелерде кездесетін бейнелі, көркем сөздерді іріктеп алып, балалардан оның мәнісін сұрап, жауап алуды ұсынады. Сол сөздерді қосып, сөйлем, шағын әңгіме құрауға үйретіледі [7].

Б. Баймұратқызы бүкіл саналы ғұмырын Ы. Алтынсарин атындағы Білім академиясында өткізді, бар күш-жігерін жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне арнады. Өмірлік ұстанымы ұрпақ тәрбиесіне бағытталды, соны ту етіп көтерді.

Осылайша, қазақ ұлтының ұстазы, Алаш азаматы А.Байтұрсынұлы мен мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың негізін қалаған ұстаз-педагог Б.Баймұратқызының еңбектерінің басты көздеген мақсаттары қазақ қоғамының, қазақ балаларының сауатын ашу, болашақ жас ұрпақтың ақыл-ойын, сана-сезіміні, дүниетанымын тіл арқылы ұлттық құндылықтарды, рухани байлықтарды жеткізу болып табылады. А.Байтұрсынұлының келешек жас ұрпаққа қалдырған мол рухани байлығы әлі де зерттеуді қажет етеді, еңбектерінің маңыздылығы құнды болып табылады және де сіздер мен біздерге аманат етеді.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш». –Алматы., «Атамұра», 2003.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы., «Жазушы», 1989
3. Ыбыраимжанов К. А.Байтұрсынұлының ғылыми ой-тұжырымдары - қазақ тілінің әдістемесі. –Алматы., «Кайнар». –2001.
4. Баймұратова Б. «Сәбилердің сөздік қоры мен сөз игеру ерекшеліктері» кандидаттық диссертация. –Алматы., 1970ж.
5. Баймұратова Б. «Тіл дамыту». –Алматы., Оқу құралы, 2007ж
6. «Балбөбек» бағдарламасы. –Алматы., 1996ж.
7. Баймұратова Б. «Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту». –Алматы., Оқу-әдістемелік құрал, 1996ж.

Б. БАЙМҰРАТОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫ МЕН ТАНЫМЫН ДАМЫТУ

Таубаева Галия Закарьяновна п.ғ.к., доцент

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Темирова Л.Ж.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail:lunaratemirova22@mail.ru

Аннотация

Мақала балабақшадағы тіл дамыту жұмыстары барысында мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту мәселесіне арналған. Бұл жұмыстарға ғалым-ұстаз Б.Баймұратованың еңбектері арқау болады.

Тірек сөздер: *таным, танымдық белсенділік, сөйлеу дағдысы, тіл дамыту*

Аннотация

Статья посвящена проблеме повышения познавательной активности дошкольников в процессе работы по развитию речи в детском саду. В основу этих работ положены труды ученого-учителя Б. Баймуратовой.

Ключевые слова: *познание, познавательная активность, речевые навыки, развитие речи*

Annotation

The article is devoted to the problem of increasing the cognitive activity of preschool children in the course of language development work in kindergarten. These works are based on the works of the scientist-teacher B. Baimuratova.

Key words: *cognition, cognitive activity, speech skills, language development*

Әлемнің бейнесі адамның дүниеге келген кезінен бастап танымдық саласының пайда болуы, дамуы және жұмыс істеуі процесінде қалыптасады және өмір сүреді. Кез-келген қалыпты бала туа біткен танымдық бағытпен туады, бұл оған алдымен өмірдің жаңа

жағдайларына бейімделуге көмектеседі. Біртіндеп танымдық бағыт танымдық белсенділікке ауысады. Бұл - танымдық іс-әрекетке ішкі дайындық жағдайы. Бұл қоршаған әлем туралы жаңа әсер алуға бағытталған іздеу әрекеттерінде көрінеді.

Танымдық белсенділіктің негізінде танымдық қызығушылық жатыр. Танымдық қызығушылық-бұл жеке тұлғаның іс-әрекеттің мақсаттарын білуге бағытталуын қамтамасыз ететін және сол арқылы бағдарлауға, жаңа фактілермен танысуға, шындықты неғұрлым толық және терең бейнелеуге ықпал ететін танымдық қажеттіліктің көрінісі.

Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қызығушылықтары өте ерте басталады. Бұл алдымен нәресте 3-4 жастан бастап ата-аналарды қоршауға алатын балалар сұрақтары түрінде көрінеді. Алайда, мұндай балалық қызығушылық тұрақты танымдық қызығушылыққа айнала ма, әлде ол мәңгілікке жоғалып кете ме, бұл баланың айналасындағы ересектерге байланысты. Біз, ересектер, сүйіспеншілік пен білімге деген қажеттілікті тәрбиелеу арқылы балалардың қызығушылығын барлық жағынан көтермелеуіміз керек.

Баланың дамуының алғашқы кезеңдерінде жеке тәжірибе қоршаған әлемді танудың негізгі жолы болып табылады, бірақ ол өте тез азаяды.

Баланың танымдық қызығушылықтарын ойдағыдай дамыту үшін ересектер баласының не нәрсеге қызығушылық танытатынын біліп, содан кейін оның қызығушылықтарының қалыптасуына әсер етуі керек деп санаймын. Айта кету керек, тұрақты мүдделердің пайда болуы үшін баланы шындықтың жаңа саласымен таныстыру жеткіліксіз. Ол жаңа нәрсеге оң эмоционалды көзқараспен қарауы керек. Бұған мектеп жасына дейінгі баланы ересектермен бірлескен іс-әрекетке қосу ықпал етеді.

Ересек адам баладан бірдеңе жасауға көмектесуін немесе онымен бірге сүйікті әуенін тыңдауын сұрауы мүмкін. Мұндай жағдайларда балада пайда болатын ересектер әлеміне қатысу сезімі оның іс-әрекетінің оң бояуын тудырады және оның осы іс-әрекетке деген қызығушылығының пайда болуына ықпал етеді. Бірақ бұл жағдайларда баланың өзіндік шығармашылық белсенділігін ояту керек, сонда ғана оның танымдық қызығушылықтарын дамытуда және жаңа білімді игеруде қажетті нәтижеге қол жеткізуге болады. Балаға белсенді ойлауға шақыратын сұрақтар қою керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін таным процесінде көрінетін белсенділік деп түсіну керек. Бұл ақпаратты мүдделі қабылдауда, білімін нақтылауға, тереңдетуге, қызығушылық тудыратын сұрақтарға жауап іздеуде, шығармашылық элементтерінің көрінісінде, таным әдісін игеру және оны басқа материалға қолдану қабілетінде көрінеді. Бұл әдістердің құндылығы-олар балаға өз идеяларын шешуге, растауға немесе жоққа шығаруға мүмкіндік береді.

Білім беруді дамытудың барлық кезеңдерінде мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін жандандыру мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені белсенділік тұлғаның психикалық дамуының қажетті шарты болып табылады.

Субъектінің танымдық қызметінің сипатына байланысты белсенділіктің келесі деңгейлері бар:

1) репродуктивті-имитациялық белсенділік, оның көмегімен қызмет тәжірибесі басқасының тәжірибесі арқылы жинақталады;

2) іздестіру-атқарушылық белсенділік; бұл жоғары деңгей, өйткені мұнда тәуелсіздіктің үлкен дәрежесі бар. Бұл деңгейде сіз тапсырманы түсініп оны орындау құралдарын табуыңыз керек;

3) шығармашылық белсенділік-бұл жоғары деңгей, өйткені тапсырманың өзін бала қоя алады және оны шешу жолдары жаңа, шаблонсыз, түпнұсқа болып таңдалады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігі әр адамға туылғаннан бастап тән жаңа әсерлерге деген қажеттіліктен дамитыны белгілі. Ересек мектепке дейінгі жаста осы қажеттілікке сүйене отырып, танымдық және зерттеу қызметі процесінде бала мүмкіндігінше жаңа нәрселерді білуге және ашуға ұмтылады.

Сонымен қатар танымдық белсенділік мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу дағдысын дамытудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі жас бұл - баланың сөйлеу тілін белсенді меңгеру кезеңі, сөйлеудің барлық аспектілерінің қалыптасуы мен дамуы - фонетикалық, лексикалық, грамматикалық. Мектепке дейінгі балалық шақта ана тілін толық меңгеру дамудың ең сезімтал кезеңінде балаларды психикалық, эстетикалық және адамгершілік тәрбиелеу міндеттерін шешудің қажетті шарты болып табылады. Ана тілін оқыту неғұрлым ертерек басталса, бала оны болашақта соғұрлым еркін қолдана алады.

Мектепке дейінгі балалық шақта бала, ең алдымен, сөйлеу тілінде қажетті тілдік құралдарды қолдануда көрінетін өзіндік ерекшеліктері бар диалогтық сөйлеуді меңгереді. Тек арнайы сөйлеу тәрбиесі баланы байланыстырып сөйлеуді игеруге жетелейді, бұл - функционалды-семантикалық түрі бойынша сипаттамаға, баяндауға, пайымдауға бөлінген бірнеше немесе көптеген сөйлемдерден тұратын кеңейтілген мәлімдеме. Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру, тұжырымды мазмұнды және қисынды түрде құру дағдыларын дамыту мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу тәрбиесінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Ірі қоғам қайраткері, үлкен талант иесі, қазақ халқының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов өз ана тіліндегі сөз ақыл-ой дамуының асыл қазынасы дей келе, жас баланың лингвистикалық тәрбиесінің өмірге келген сәттен бастап өз ана тілінде жүргізілуі керектігін ерекше атап көрсеткен. Қазақ халқының тұңғыш ағартушы-педагогы Ы.Алтынсарин балаларды оқыту және тәрбиелеу ісінде тіл сезімін дамыту, оқушының мектеп қабырғасына келгендегі сөз қорын әрі қарай байыту әбден ойластырылған жүйені талап ететінін көрсеткен.

Республикамызда мектеп жасына дейінгі сәбилердің сөздік қорының даму ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген ғалым Б.Баймұратова зерттеу нәтижелері негізінде 2 жастан 7 жасқа дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесінің негізін жасады. Б.Баймұратованың пікірінше, балалар жеке заттарды біліп қана қоймай, оларды жіктеп, топтап айта білуге, әр заттың қайдан, неден жасалатынын, қалай пайда болатынын түсінуге тырысатындығын айтады.

1968-1971 жылдар аралығында аспирантурада зерттеулер жүргізіп, нәтижесінде «Мектепке дейінгі педагогика» мамандығы бойынша «Мектеп жасына дейінгі қазақ балаларының ана тілін меңгеруі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Жұмыстың бірінші тарауында Қазақстанда балалар бақшасының ұйымдастырылу тарихына, соған қатысты қаулы-қарарларға, жарық көрген еңбектерге, әдістемелік құралдарға және балалар бақшасының бағдарламалары мен жұмыстарына шолу жасалды. Екінші тарауында отбасында, бақшада тәрбиеленуші сәбилердің сөз қоры, сөйлеу тілінің ерекшеліктері эксперимент жүргізу және материалдарды талдау, қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық артықшылықтары бала тілінің қалыптасу жолын ғылыми тұрғыдан анықтау арқылы дәлелденді. Үшінші тарауы бала тілін дамыту әдістемесіне арналды. Диссертациялық жұмыс ғылымға қосылған үлес түрінде бағаланды. Зерттеу тақырыбы бойынша «Сәбилердің сөздігі мен сөз меңгеру тәсілдерінің кейбір мәселелері» атты алғашқы ғылыми мақалалары жарық көрді. Солардың бірі Қазақ ССР Ағарту министрлігі жанындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының «Ученые записки» топтамасының 3-ші шығарылымынан орын алды (АқОМА. – 540-қ. – 1-т. – 88:2). «...сөйлем жиынтығын түгел меңгеріп жетілмегендіктен, буындап дыбыс ауыстыру, дыбыс қалдыру бала сөзінде жиі кездесіп тұрады. Егер семья мүшелері мұқият назар аударып, сөзді түзеп айтуына көмектесіп (зат көрсетіп, сөзбен атап айтып, сөз бен затты байланыстыра бір мерзімде қолдану) отырса, мұндай кемшілік үш, үш жарым жасқа дейін толық түзеліп кетеді. (АқОМА. – 540-қ. – 1-т., – 88:4).

1971 жылы «Баланы мектепке дайындау жөнінде» деген шағын кітабы «Мектеп» баспасынан жарық көрді (АқОМА. – 540-қ. – 1-т. – 89). 1978 жылы «Балалар әдебиетінің хрестоматиясы» атты кітапшасы (АқОМА. – 540-қ. – 1-т. – 90) жарық көрді. Еңбек балалар бақшаларының тәбиешілері мен ата-аналарға арналды. Кітапша «Балалар бақшасындағы

тәрбие программасына» сәйкес дайындалды. Оған халық ауыз әдебиеті нұсқалары, классик жазушылардың туындылары, қазақ кеңес жазушыларының таңдаулы шығармалары енді.

1961-1974 жылдар аралығында Б. Баймұратованың бірқатар еңбектері жарияланды. Қорда сақтаулы еңбектерінің тізімі бойынша олардың саны – 10: «Пути и методы развития речи», «Развитие речи детей дошкольного возраста», «О выпуске детей детского сада в школу», «Развитие речи детей старшего дошкольного возраста», «Методические указания к проведению праздников в детском саду», «Біздің кітап», «О подготовке детей к школе (в семье)», «В помощь воспитателям детских садов», «Методика обучения казахскому языку детей дошкольного возраста».

Еңбектерінің бірінде автор: «Балалар ауызша әңгімелеу, әңгіме құрастыру, диалог түрінде сөйлеу, сөйлесу тәсілдеріне 6 жасқа дейін-ақ төселеді. Бұл жұмыс балалар бақшасына арналған программа мазмұнына сәйкес жүзеге асады» деп атап өткен болатын. «Сәбилердің бірінші тобына арналған әдеби шығармалар фонохрестоматиясы» деген көмекші құралында «Баланы сөз өнеріне қызықтыра білу тәрбиешінің, ата-аналарының өз ана тілін жетік білуіне, тіл шеберлігіне, шығарымпаздық ізденістеріне тікелей байланысты. Сол себепті тәрбиешілер көркемөнер шеберлерінің оқуын өздері жиірек тыңдап, балаларға да тыңдатуды естен шығарманы жөн. Мысалы, «Кешкі ертегі», «Ойлан, тап» хабарлары, таспаға жазылған әндер мен күйлерді тыңдатып отырса, баланың бал тіліне тілашар болары сөзсіз» (АҚОМА. – 540-қ. – 1-т. – 19:5) деп бала тілін, танымын дамытудың маңызы мен жолдарын нақты көрсеткен.

Әдебиеттер

1. Возрастная и педагогическая психология / Под ред. А.В. Петровского. В 4-х т. М.: Просвещение, 1989. Т. 4.

2. Новопольская Ю.А. Сущность познавательной активности и педагогическое формирование познавательного интереса дошкольников // Дошкольная педагогика 2009. №8.С.46-48.

3. АҚОМА. – 540-қ. – 1-т. – 89-іс. Б. Баймұратова. Баланы мектепке дайындау жөнінде. – Алматы, 1971. (2 дана). – 128 б.

4. АҚОМА. – 540-қ. – 1-т. 99-іс. Б.Баймұратова, Л.Әуешова. Дидактикалық материалдар. Алматы, 1988. – 125 б.

5. Баймұратова Б. «Тіл дамыту». –Алматы., Оқу құралы, 2007ж

6. «Балбөбек» бағдарламасы. –Алматы., 1996ж.

7. Баймұратова Б. «Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту». –Алматы., Оқу-әдістемелік құрал, 1996ж.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЖЫМДЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ТЕАТРАНҒАН ОЙЫНДАР ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Албатырова Б.Қ., Әбдіреш А.Е., Қаматай А.Е.

*6B01201-Мектепке дейінгі білім бағдарламасының 3 курс (3ж.) студенттері
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Аннотация

Бұл ғылыми мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың ұжымдық қарым-қатынасын театрланған ойындар әрекеті арқылы тәрбиелеудің ерекшеліктері қарастырылады

Түйін сөздер: қарым-қатынас, ұжымдық қарым-қатынас, ойын, театрланған ойын

Аннотация

В данной научной статье рассматриваются особенности воспитания коллективного общения дошкольников через действие театрализованных игр.

Ключевые слова:общение, коллективное общение, игра, театрализованная игра

Annotation

This scientific article discusses the features of the education of collective communication of preschoolers through the action of theatrical games

Key words:communication, collective communication, game, theatrical game

Республикамыздың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігі мәдени-рухани өмірдің өркендеуімен үйлесімділік таба біліп, білім мен тәрбие беру үрдісінде шешілуі қажет міндеттер жүктеп отыр.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас байланысы, қарым-қатынас мәдениеті, ұжымдық қарым-қатынас тәрбиесі, қарым-қатынас әдебі, қарым-қатынас өркениеттілігі сияқты сөздерді күнделікті өмір барысында айтып та, естіп те, өз тәжірибемізде қолданып та жүрміз. Дегенмен олардың функционалдық мазмұнына мән бере бермейміз.

Сонымен қарым-қатынас мәселесін шешуде тек қана білім жеткіліксіз болып табылады. Яғни жеке тұлғада адам мен адамның бірізді қарым-қатынасын қамтамасыз ететін ұжымдық қарым-қатынас қалыптастыру мүмкіндігі туындайтыны сөзсіз. Оның себебі ұжымдық қарым-қатынас нақты іс-әрекетке бағыттайтын құрал болып табылады. Осыған байланысты мектепке дейінгі балаларға білім, білік, тәрбие беруде ұжымдық қарым-қатынас қалыптастыру қажеттігі айқындалды.

Ұжымдық қарым-қатынас – адамдардың өзара қарым-қатынастық байланысын қамтамасыз ете отырып, олардың іс-әрекеттеріне байланысты қоғамнан лайықты орын таба білуге мүмкіндік туғыза білу. Бұл мәселелерді ғылыми тұрғыда дұрыс шешу үшін, ұжымдық қарым-қатынас функциясына қатысты ұғымдарды логикалық, диалектикалық, тарихи, жүйелік тұрғыдан талдап алу қажеттігі туындайды. Өйткені ұғым логикалық-гносеологиялық дәреже ретінде құбылыстардың мәнін ашып, бір-бірінің арасындағы өзара заңдылықтарды байланыстырады. Біздің зерттеуімізге қатысты ұғымдар – «қарым-қатынас», «ұжымдық қарым-қатынас», «тәрбие», «ойын», «театрланған ойын» болып табылады. Сондықтан біз театрланған ойын ұғымына қысқаша тоқталып өтуді жөн көрдік.

Зерттеуші педагог ғалымдар Л.А.Абрамян, Я.З.Неверович театрлық ойындарды тұтастай алғанда сахналық қойылымдар мен сюжеттер ұғынымды болуы керек, яғни, олар мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс деген тұжырым жасаған [1]. Театрланған ойындар әдебиет пен театрға қызығушылық оятып, балалардың рухани-эстетикалық дамуына ықпал етеді. Ойынның бұл түрі баланың дамуына, сөздікті белсенді пайдалануына себін тигізеді. Ол балаларды тиянақты ой түюге, сұхбаттасымен диалогқа, талқылауға ынталандырады, демек, ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыруға септігін тигізеді. Осы мәселе бойынша мәліметтерді талдай келе, біздің айтатынымыз: театрланған ойындардың сюжеттік-рольдік және басқа ойындардан айырмашылығы мұнда еркін балалар ойынына тән іс-қимыл және ойын кеңістігін таңдау еркіндігі жоқ. Театрланған ойындарды оқу үдерісінде пайдалануда педагог анықтаған мақсат-міндеттер болады. Біз зерттеуімізде театрланған ойындар бала тұлғасының қарым-қатынасқа, соның ішінде ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыру үдерісін байытуға мүмкіндік береді деген деректі негіздейміз..

Көрнекті орыс педагогтары мен психологтары театрланған ойындарды балалардың шығармашылық іс-әрекеті ретінде қарастырады.

Н.П.Аникееваның пікірі бойынша, театрланған ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану:

- а) ұжымды жұмылдыруға;
- ә) оқу қызметінің танымдық маңызын арттыруға;
- б) шығармашылық ахуал қалыптастыруға;
- в) тұлғааралық қарым-қатынасты белсендендіруге септігін тигізеді;

г) ұжымдық қарым-қатынас қалыптастыруға [2].

Артемова Л.В [3] дауыстың қойылуына ерекше мән береді, себебі сөйлесім мәнерлі, айқын дыбысталуы тиіс. Мұның өзі өз кезегінде педагогты баланың ана тілін не басқа тілді дамытуға бағдарлайды. Сөзбен берілген әрекетті меңгеру айтылатын мәтінде ой, сезім, ерікті білдіру біліктілігін қалыптастыру деген сөз. Сонымен бірге кері хабарламаны қабылдай білу, оны дұрыс ұғыну, қатынастық жағдаяттан шыға білу балалардың ұжымдық қарым-қатынасын қалыптастырады.

Белгілі педагогтардың пікірі бойынша, балаларда тиісті қатынастық біліктілікті әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру қиын емес, бірақ педагогтан ерекше зейінді, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін, олардың нақты өмірлік тәжірибесін ескеруді, табанды және жоспарлы жұмыс жүргізуді талап етеді.

Театрланған ойындарды іс-әрекеті ретінде пайдаланатын педагог зерттеушілер ойын қиял мен байқау қабілетін дамытады деп санайды, себебі байқағыштық біздің санамызды, өмірлік тәжірибемізді түрлі көріністермен, адами қатынастық нақты да мәнерлі белгілермен, әрекет қылықтармен байытады.

Театрланған ойындарды оқу қызметінде пайдалану тәжірибесі туралы Петрова Т.И., Сергеева Е.Л., Петрова Е.С., А.С.Спиваковская, А.И.Кошелева, Л.П.Стрелкова өз еңбектерінде көп жазған. Осы авторлардың пікірінше, драмаланған ойынның үлкен тәрбиелік маңызы бар. Ғалымдар драмаланған ойынды қолданғанда тәрбиеші баланың психикалық үдерістерін дамытуға қолайлы жағдай жасауы керектігін ескертеді. Педагогтарға қарама-қарсы мінездер кездесетін сюжеттерді қолдануға кеңес береді.

Театрланған ойындарда бастапқы кезеңде әлеуметтік мінез-құлық пен соған сәйкес сөйлесім үлгілері беріледі, сөздік емес құралдар үйретіледі. Бала мысал негізінде өзін нақты жағдаятта ұстауды үйреніп, қойылған қатынастық міндеттерді орындау құралдарын таңдайды.

Педагогикалық зерттеулерде театрланған ойындар балаға сюжет кейіпкерімен психологиялық тұрғыда жақындасуға, оның жеңісі мен жеңілісін, бақыты мен қайғысын бөлісуге мүмкіндік беретіні атап өтіледі.

Театрланған ойындардың негізгі қызметі – баланың ұжымдық қарым-қатынас қалыптасуға ықпал ету.

Мектепке дейінгі ұйымдағы іс әрекеті негізі осыған сүйенуі керек: жеке сезім толғанысынан, жеке тәжірибеден, бақылаудан балалардың түсініктері қалыптасып, дамиды, олар тиісті сөздермен бала түйсінде бекітіледі. Кез келген сәтте, кез келген жағдайда сөз адамға оның жан күйзелісін, сезім толғанысын, білімін білдіру үшін көмекке келетіндіктен, нағыз таусылмас қазына болып табылады.

Е.А. Тихееваның іргелі зерттеулері көрсеткеніндей [4], сөйлей алатын бала оны қоршаған және оны қызықтыратын кез келген затты атай білуі, өз суретінің, өз жұмысының мазмұнын сөзбен жеткізе білуі тиіс. Сурет салу, илеу, құрастыру, жұмыс істеу, ойнау арқылы бала өзінің ішкі мазмұнын ашып, өзінің балалық әлемінің көрінісін береді, өз түсініктерін нақтылайды, және оны (баланы) жүйелі түрде осының бәрін сөзбен түсіндіріп отыруға үйрету қажет. Сөйтіп оның сөзі жоғары құндылыққа ие болады. Баланың тілін дамытуға және соған сәйкес жаттығуларға аса көңіл бөлген жөн, барлық оқу қызметтері ойластырылып, әдістемелік тұрғыда негізделуі тиіс. Біздің пікірімізше, бұл мәселе баланың ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыру құралдарын таңдау аясында өте өзекті болып табылады.

Біздің пікірімізше, баланың қозғалыс белсенділігі театрланған ойындарды пайдалану үдерісінде біршама артады. Бұл өте маңызды дерек, себебі бала дамуының біржақты болуына жол бермейді. Зерттеулер көрсеткеніндей, балалар оқу қызметінде көбіне аз қозғалады, ал бұл олардың денсаулығына өте зиян. Театрланған ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Келесі маңызды да қызықты сәт - театрланған ойындардың бала жадын дамыту қызметі. Адам жадын басқаратын маңызды нәрсе - есте сақталатынның эмоциялық реңкі.

Зерттеулер көрсеткеніндей, жеке сезім тебіренісімен байланысқан сөздер сезім реңкі бейтарап сөздерге қарағанда тез және жиі есте қалады. Осыдан келесі педагогикалық ереже тұжырымдалады: барлық оқу материалы белгілі эмоциялық тебіреніс арнасында берілуі тиіс.

Театрланған ойындар осы талапқа сай, себебі педагог-тәрбиеші ойындарды жоспарлауда баланың жеке мүддесін ескеріп, онымен бірге сюжет құрып, балаларға оң әсер ете алады. Баланың жеке мүддесіне қатысы жоқ оқу материалы мұндай әсер бере алмайды. Біздің пікірімізше, бұл театрланған ойындардың тағы бір артықшылығы, мұны балалардың ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыру сапасын арттыру мақсатында қолдануға болады.

Театрланған ойындарды пайдаланудың тағы бір жағымды жақтарының бірі – коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудағы басты ұстаным - ұжымдық өзара әрекеттесуді жүзеге асыру болып табылады. Сюжеттік – рөлдік ойындарды орындай отыра балалар бір-бірімен тұрақты диалог жүргізеді. Ойын кезінде бала басқа балалармен өзара әрекеттесу қабілетін үйреніп, оның ережелерін меңгереді, өзара түсіну тәжірибесін жинақтап, өз әрекет – ниеттерін түсіндіруді үйренеді, оларды құрдастарымен бөліседі. Сюжеттік – рөлдік ойындардың дамыту қызметінің ерекшелігі, міне, осында.

Театрланған ойындардың психологиялық қызметін де ерекше атап кеткен жөн. Тілдесім мен ойынның психологиялық табиғаты бір болғандықтан, ойынның психологиялық әсері мол болады. Бұл қызметтің адамның өзіне және басқаларға қатынасын, психологиялық тұрғыдан өзін-өзі сезінуін, әлеуметтік мәртебесін, ұжымдағы тілдесім әдістерін өзгертуге мүмкіндік береді Л.С. Выготский, К.С. Станиславский, Хуторский А.В. және т.б.

К.С. Станиславскийдің пікірінше, белгілі рөлді ойнап көру адамның жасырын, тұйық жатқан астарын ашуға мүмкіндік береді.

Театрланған ойындар басқалармен араласуға ынтасы жоқ балаларға, өзінің қабілеттілігіне толық сенімі жоқ балаларға ықпал етудің тиімді құралы болып табылады. Мұндай балалар басқа балалармен байланыс орнатуға, тілдесімге, ұжымдық әрекетке қатысуға қорқады. Театрланған ойындар осы психологиялық шиеленістен арылтып, бастамашылығы төмен, өзіне сенімсіз, аффектілі балаларды өзара әрекетке, тілдесімге тартады.

Сонымен қатар театрланған ойындар дарынды балаларды анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай балалар барынша тез топтан озып шығады. Бұл өте маңызды дерек, себебі театрланған ойындар түрлі бағыттар мен жұмыс түрлеріне байланысты балалардың дарындылықтарын: әлеуметтік дарындылық, көркем дарындылықты; белгілі зият түрлерінің (тілдік, саздық) басымдылығын айқындауға мүмкіндік береді.

Міне, осылай театрланған ойындарды пайдалану бала қиялының, іс-әрекетінің, жадының дамуына және басқа да негізгі психикалық үдерістеріне жағымды әсер етеді, демек, тұтастай алғанда, бала тұлғасының дамуының, жеке алғанда, ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыруының тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Соңғы кезде педагог-зерттеушілердің театрланған ойындарды дайындап, мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда белсенді қолдануы. Көптеген ғалымдар осы ойын түрінің мектеп жасына дейінгі баланың ұжымдық қарым-қатынасын қалыптастыруға әсерін ерекше атап өтеді.

Қазіргі білімге қойылатын талаптардың бірі – баланың ұжымдық қарым-қатынасын қалыптастыру – театрланған ойындарды құрал ретінде таңдауға негіз болды. Бұл үдеріс педагогикалық жүйе логикасына сүйенуі тиіс, бұдан мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық үдерісті сауатты ұйымдастыру талабы туындайды.

Теориялық, практикалық бағыттағы дайын жұмыстардың жеткіліксіздігіне байланысты оқу қызметін ұйымдастыруда коммуникативтік дағдылар мен біліктерді қалыптастыру көп жағдайда жоспарсыз, баяу, тиімсіз іске асырылады. Педагогикалық жүйені сапалы жеделдетіп өткізу үшін, балалардың коммуникативтік күзіреттілігіне қолайлы мүмкіндіктер туғызатын оқытуды жобалаған жөн. Біздің пікірімізше, театрланған ойындар осы талапқа

жауап береді. Осы ойын түрін пайдалану кешенді оқу қызметінің дағдылы шеңберін кеңейтеді.

Жалпыға бірдей қабылданған оқыту қалыбы оқу қызметі екені белгілі. Театрланған ойындарды пайдалану қатынасқа бағдарлы оқу қызметі шеңберінде оқытуды ұйымдастырудың түрлі нұсқаларын ұсына алады. Бұл дайындық оқу қызметі, шағын спектакль, театрланған іс-әрекет элементтері бар оқу қызметі спектакль-оқу қызметі (өткен тақырыпты талқылайтын) т.б. болуы мүмкін. Оқытудың мынадай ұйымдастыру қалыптары басым болып келеді: фронтальды, топтық, жеке. В.К. Дьяченконың [5] пікірінше, оқу тілдесіміне сәйкес төрт жалпы ұйымдастыру қалыбын бөліп көрсетуге болады: жеке, жұптық, топтық, ұжымдық. Көптеген қазіргі педагогтар мен психологтардың айтуынша, қазіргі жағдайда ұжымдық оқыту әдісіне көшкен жөн, ол аталған барлық төрт қалыпты қамтиды, жетекші рөл ұжымдық әдіске беріледі.

Ресей педагогтарының (Е.И. Негневицкая, З.Н.Никитенко, Е.А. Ленская) пікірі бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың қатынасын қалыптастырғанда ұжымдық-жеке өзара әрекет ұстанымын ескерген жөн. Олардың пайымдауынша, бұл ұстанымның негізгі қызметі ұжымдық оқыту қалыптары арқылы әрбір баланың жеке қабілетін іске асыру, яғни әр баланың жалпы ұжымдық міндетті атқаруы шеңберінде өзін-өзі көрсету үшін неғұрлым көп мүмкіндік беру.

Балалардың ұжымдық қарым-қатынасын ұйымдастыра отырып, олардың әрекеттерін өзара келістіруге, жолдастарына көмектесуге, әрқайсысына әрі жетекші, әрі орындаушы болуды үйретуге, бір-бірінің мүддесін ескеруге, өзара түсіністік, жаны ашуға (эмпатияға) негізделген қатынас орнатуға, өз сезімін, тілегін түрлі құралдармен білдіруге үйреткен жөн. Театрланған ойындар осындай ұжымдық – жеке әрекет талаптарына сай келеді, себебі олардың шарттарының бірі – балалардың жеткілікті санын талап ететін, яғни, балалар ұжымын керек ететін рөлдердің бар болуы. Мұның өзі әр балаға өз ісіне ортақ іске деген ерекше көзқарасты қалыптастыруға, ортақ мақсатқа жету үшін бірлесе қимылдауға, бір-біріне қолдау көрсетуге, рефлексия (өз ұстанымын сырттан көріп, бағалау қабілеті) қабілетіне, өзінің жеке табысын не қателігін жалпы жұмыс тұрғысынан бағалауға, жағдаятқа, әріптесіне өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, бастапқы кезеңде 6-10 адамнан құрылған топ оңтайлы келеді, себебі мұндай топ барлық мүшелердің толық өзара әрекеттесуін қамтиды, бұл жайт өз кезегінде білімді игерудің дара әдісі мен болашақ істің ұжымдық сипаты арасындағы қарама-қайшылықтан арылуға көмектеседі. Мұндай топта бірнеше жетекші болуы мүмкін, олар – сюжеттік-рөлдік ойындардың еліктеу үлгілерін орындауды сонымен қатар шартты тілдесім жаттығулары мен коммуникативтілік технологияларын жақсы меңгерген балалар.

Театрланған ойындар балалардың қызығушылығын қалыптастырады, бұл оларды көп рет қайталанатын бірлескен ұжымдық әрекетке жұмылдырады, бұл әрекет өз кезегінде лексикалық және грамматикалық материалды толық түсінуге, оны сан рет қайталауға, коммуникативтік құзыреттіліктің барлық компоненттерін кезеңмен меңгеруге мүмкіндік береді.

Ғылыми еңбектердің талдауларына сүйене отырып *мектеп жасына дейінгі балалардың ұжымдық қарым-қатынасын театрланған ойындар әрекеті арқылы тәрбиелеу* – ойын қойылымдары арқылы ұжымдық қарым-қатынасқа түсе алатын, адами құндылықтарды бойына сіңірген шығармашыл тұлға деп *ой-тұжырымын береміз*.

Сонымен, ғылыми әдебиеттердегі ұжымдық қарым-қатынас қалыптас тырудың теорияларын басшылыққа ала отырып естияр жастағы балаларды ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелеудің мынадай ерекшеліктері анықталды:

- ойнау барысында топтық және рөлге бөлініп, ұжымдық қарым-қатынас жасай алады;
- ертегі, әңгіме мазмұнын кейіпкерлендіруде ұжымдық қарым-қатынасқа түсе алады;
- оқиғаларды құрастырады, ауыспалы және астарлы мағыналы ойларды түсініп, оларды қолдана біледі;
- қарым-қатынас дағдыларды меңгерген.

- берілген тапсырмалар негізінде топтық жұмыс жасауға дағдыланған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Игра дошкольника / Л. А. Абрамян и др.; под ред. С. Л. Новоселовой; сост. Е. В. Зворыгина. – М.: Просвещение, 2009. – 286 с.
- 2 Ананьев Б.Г.– О проблемах современного человекознания: монография. – СПб.: Питер, 2011. – 272с.
- 3 Артемова Л.В. Театрализованные игры дошкольников. – М., 2001.-127с.
- 4 Тихеева Е.А. Развитие речи детей дошкольного возраста. – М., 1981.
- 5 Дьяченко В. К. Коллективный способ обучения: дидактика в диалогах. — М.: Народное образование, 2014. — 352 с.

БАЛАНЫ МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА ДАЙЫНДАУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛЕР МЕН ОЙЫН ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Әліхан Г. Б., Адлеткан Ү.А., Жандос А.Ж.

*6B01201-Мектепке дейінгі білім бағдарламасының 3 курс (Зж.) студенттері
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Аннотация: Мектепке дейінгі ұйымда мектепалды топ балаларын мектептегі оқуға дайындаудағы ойын тапсырмаларының, әртүрлі әдістемелердің маңызы туралы сөз болады.

Тірек сөздер: балаларды сан санап білуге үйрету, жазу дағдысын дамыту, тест (Керн-Ирасек) тапсырмалары, ойын тапсырмалары, әдістемелер

Аннотация: В статье рассматривается о значении игровых заданий, различных методик в подготовке детей дошкольной группы к школьному обучению в дошкольной организации.

Ключевые слова: учить детей считать, развивать навыки письма, тестовые (Керн-Ирасек) задания, игровые задания, методики

Annotation: The article discusses the importance of game tasks, various methods in the preparation of preschool children for school education in a preschool organization.

Key words: teach children to count, develop writing skills, test (Core-Irased) tasks, game tasks, techniques

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін реформалау барысында әрбір баланы мектептегі оқу және оларды әлеуметтік ортаға еркін бейімделе алатындай жағдай жасау аса маңызды міндет. Демек, қазіргі талап бойынша мектептің бірінші сыныбына келетін балалардың физиологиялық жағынан мықты, адамгершілік, мәдениеттілік, еңбексүйгіштік қасиеттері мол, ерік-жігері күшті, жұмыс қабілеттеріне ие, білімге қызығушылық сипаттары мол болуы қажет. Сондықтан да мектеп пен мектепке дейінгі ұйымның, ата-аналардың басты міндеті - баланы мектептегі оқуға, мектеп өміріне даярлау.

Балаларды мектепке даярлау - бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата-аналар балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеледі. Әрине баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен ғана шектеліп қоймай, оның оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық-қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Бұл қауырт кезеңде мектеп бірінші күннен бастап оқушыға бірнеше талаптар қойып және баланы ұқыптылық пен зейінділікке тәрбиелейді. Сондықтан

да балалар оқу ісіне машықтануға, қимыл-әрекеттерінің ықтиярлы басқарылуы қабілетін, ақыл-ой еңбегін, мақсаткерлігін, дағдысын қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді.

Мектепке дейінгі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Бұл кезеңде мектеп өмірімен танысады, әлеуметтік ортасы өзгеріп және оқушының жаңа әлеуметтік рөлін меңгере бастайды.

Белгілі психологтар А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец, А.А. Люблинская мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, мұғалімді тыңдау, материалды еске сақтау біліктілігін жатқызады.

Баланы мектепке дайындауда басшылыққа алатын негізгі шарттары: педагогикалық әдеп пен ынтымақтастықтың сақталуы (балаға мейірімділік, келісу, үнемі қатаң ескерту жасамау); тәлім-тәрбие үрдісінің ықпалдығы (ұсынылған материалдарды меңгеру, психикалық үрдістерге әсер етуі, қабылдауы, есте сақтауы); қолданатын әдіс-тәсілдердің тиімділігі (сабақта ойын әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану, іс-әрекетті жүйелі, мазмұн сабақтастығын сақтай отырып, компьютермен құру); балаға берілетін жүктеменің шамадан тыс ауыр болмауы (мазмұн күрделілігі ұзақ уақыт отырып жұмыс істеу); оқу-тәрбие жұмыстары баланың денсаулығын нығайтуға әсер ететіндей болуы шарт (кері әсер ететіндей жағдайларды болдырмау).

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру ортасы мен оның тәрбие және білім беру мазмұнын дамыту сауатты ұйымдастырылмаса, баланың оқу мен жазуды игеру мәселесін түпкілікті шешу мүмкін емес. Кез келген мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ортақ мақсаты – балаларды мектепте оқуға даярлау және оларды әлеуметтендіру.

Мектепке дейінгі ұйымдағы кіріктіліген іс-әрекет:

1. Балалар естігенді тез ой елегінен өткізіп, жылдам жауап қайтару (доппен ойын – «Сұрақты қағып ал да, жауапты бер», «Ертегіні ата», және т.б.);

2. Балалар сөзге дыбыстық талдау жасау, оларды модельдің көмегімен жазу, жеке әріптерді құрастыру (пластилиннен, таяқшалардан, қағаздан және т.б.);

3. Ақ парақтың бетінің кеңістігін бағдарлауы («Графикалық диктант», «Нүктелерге қарап заттың суретін сал» және т.б. жаттығуларды орындау);

4. Қол-саусақтарының қимылы мен синхронды сөйлеуі (саусақтық имитациялар, доппен ойын және т.б.);

5. Қол қимылдарын бақылау («Ережеге сай ою-өрнекті салуды жалғастыр», «Суретті шрихта» және т.б.);

6. Қаламды дұрыс ұстау біліктілігі, жазуға дайындалып жүрген балаға көп көмеген тигізеді.

Баланы оқу мен жазуға үйрету барысында көптеген дағдылар мен біліктерді бала мектепке келіп, алдына оқу мен жазудың нақты мақсаты қойылғанға дейін игере алады. Сонда ғана оның мектепке келгеннен кейін оқу мен жазуды толыққанды игеруі жеңіл болады. Ал мектепке даярлау барысында игерген дағдыларын ол өзіне жаңа іс-әрекет барысында жүзеге асырады дегіміз келеді.

Дене дамуы – бұл баланың жақсы денсаулық күйі, төзімділігі, қолайсыз ықпалдарға қарсы тұра алуы; қалыпты антропометриялық көрсеткіштері (бойы, салмағы, кеуде клеткасының аумағы) қимыл жағынан дамуының жақсы дәрежесі, қолдың жазу үшін керекті майда, дәл және алуан түрлі қимылдар жасауға әзірлігі; мәдени-гигиеналық дағдыларының т.б. жеткілікті дамуы. Дене жағынан дамыған бала мектепте жүйелі оқуға байланысты қиыншылықтарды оңай жеңеді.

Баланың мектепке дайындығын анықтау үшін, ең алдымен оның мектеп талаптарын орындауға шамасы келер-келмесін білу қажет. Ол үшін мектеп талабына сай дене күшін былай қойғанда, *біріншіден*, жазу-сызу жұмыстарына қол қимылының бейімделігін ескеру, сосын дидактиканың міндеттерін шешуге байланысты баланың интеллектуальды даму деңгейінің дайындығын байқау, *екіншіден*, қазіргі таңда мектепке дейінгі жүйесінде болып жатқан өзгерістерге орай, балаларды қабілеттеріне қарай топтап оқыту ісіне байланысты

кабілетін анықтау. Міне, осы мақсатта мектепке дейінгі ұйым-тәрбиешілері баланың жеке басына тән ерекшеліктерді жан-жақты анықтайтын әдістемелер қажет.

Балабақшада 5-6 жастағы балаларды сауат ашуға дайындауда келесі міндеттер қарастырылады:

1. балалар көргендерін, естігендерін, сезінгендерін түсініп, оның мазмұнын айтып беру білігін қалыптастыру;

2. айтылатын нәрсенің, оқылған әңгіменің логикалық жүйесін құру білігін қалыптастыру: жоспар түзу, әңгімені неден бастайтынын анықтау, оны немен аяқтау, бір ойдан келесі ойға бірізділікпен өту;

3. балалардың сөздің қорымен жұмыс жасау (жаңа сөздер мен ұғымдарды синонимдерді, антонимдерді игеру, кітап суретерімен және көркем әдебиет тілімен танысу);

4. сөйлеудің дыбыстық жағын дамыту: дыбысты таза айту, дауыстың ырғағы мен күшін реттеу, мәнерлілік, фонематикалық есту.

5. балаларды ауызша және жазбаша сөйлеуден сөйлемдерді анықтауға үйрету, берілген сөздерден сөйлем құрау, сөздерді буынға бөлу, балаларды сөздің дыбыстық құрылымымен таныстыру.

Мектепке дейінгі ұйымдағы сауат ашу жұмысында буынға бөліп оқыту тәсілі, жеке сөздерді оқыту тәсілі, әріптерді теріп оқыту тәсілі және дыбыстық талдау, жинақтау әдісі қолданылды. Қазіргі кезеңде осы әдіс-тәсілдердің ішінен талдау-жинақтау әдісі балалардың сауатын ашуда тиімді әдіс екендігін байқатты. Бұл әдістің негізі талдаудан және жинақтаудан тұрады. Талдау кезеңдерінде балалар сөйлемдерді жеке сөздерге, сөздерді буындарға, буындарды дыбыстарға талдап үйренеді. Ал жинақтау әдісі бұған керісінше жеке дыбыстардан буындар, буындардан сөздер, сөздерден сөйлемдер құрастырылады. Кейде бұл әдісті аналитикалық, синтетикалық әдіс деп атайды.

Бала мектепте жақсы оқуы үшін, оған белгілі білік пен дағдылар қажет (алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталануын дағды деп атайды) Мектепте оқуға қажетті білік, дағдылардың белгілі бір пәндерге қажет арнайы (қосу, азайту, оқу, жазу, сурет салу және т.б.) және кез келген сабақтарға қажетті жалпы түрлері бар. Бұл дағдылар толыққанды кейінірек қалыптасады, бірақ олардың алғышарттарын осы мектепке дейінгі кезеңнен бастап қалыптастыруды бастаған жөн.

Мектепалды даярлық топ баланың жеке тұлғасы мен оның ағзасының одан әрі дамуын айқындайтын өте маңызды кезеңдердің бірі.

Бұл жастағы балалардың маңызды ерекшеліктері олардың айналадағы өміріне: адамдарға, оқиғаларға, фактілерге қызығушылық танытуы болып табылады.

Мектепалды топ балалар оқи біледі, көңіл-күйге ортақтасып, аяушылық сезімін білдіре алады, мінез-құлық пен әдеп ережелерін тұрмыста, ойын, сабақ үстінде сақтау керектігін түсінеді. Олар белгілі дәрежеде өздерінің мінез-құлқын басқара алады, не істеу, не істемеу керектігін біледі, үлкендердің қойған талаптарын орындайды. Мектепалды топ балаларының қоршаған ортадағы заттар туралы түсініктері бар, олар білуге құштар, жаңа ақпаратты да жақсы қабылдайды. Ойлау қызметінің даму деңгейі мектепте оқу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл жаста оларға көркем-бейнелі және әсерлі-бейнелі ойлау тән, ойлаудың логикалық нышандарын қалыптастырудың алғышарттары жасалады.

Баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығын анықтау диагностикасын психологиялар өз мойнына алады. Өйткені, психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстардың жүргізудің қыр-сырын тек психолог қана біледі. Психологтың міндеті психодиагностиканың әдістемелерін қолдану арқылы және зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, 6 жастағы баланың оқуға дайындығын анықтайды. Мектептегі оқыту интеллектуалдық дайындықты да қажет етеді. Бала өзінің мектепке дейінгі эгоцентризмін жеңіп, шындықтың әртүрлі жақтарын ажыратуы тиіс. Сондықтан да мектепке даярлықты анықтау үшін мөлшердің сақталуына арналған Ж.Пиженің есептері пайдаланылады. Мысалы: сұйықты кең ыдыстан жіңішкеге құю, арақашықтықтағы әртүрлі түймелер қатарын салыстыру т.б.

Бала заттардың жеке жақтарын, параметрлерін көре білуі қажет, осы жағдайда ғана пәндік оқытуға ауысуға болады. Ол танымдық іс-әрекеттің тәсілдерін меңгеруді шамалайды. Қабылдауда сенсорлық эталондарды, ойлау сферасында кейбір интеллектуалдық операцияларды меңгеру. Баланың дыбыстарды айтуындағы кемістіктерді жою сабақтарын да жүргізеді. Қолдың бұлшықет қозғалы-аналары жүргізе алады. Атап айтқанда, сурет салуды тапсыру, құрастыру, конструкциялық ойындар, әртүрлі жазу емшелерін жазып үйретуге болады. Баланың белсенді сөздік қорын анықтау үшін сынақтар да ұйымдастыруға болады.

Психологтар мектепкебараралдында балалардыңақыл-ойыпринципiorалымдылығынанықтауүшінавторлықәдістемелер жүргізеді.

Бұл принципті анықтау үшін балалардың логикалық ойлауын, арифметикалық дағдыларын, кеңістікті бағдарлауын, қабылдауының жылдамдығын тексеретін авторлық әдістемелерден жүргізіледі:

1. Керн-Ирасек тесті;

2. Векслер тесті;

3. Л. С.Выготскийәдістемесі;

4. А.Р.Лурияның «Пиктограмма» әдістемесі;

5. Е.Е.Кравцованың «Кім үлкен?» әдістемесі;

6. С. Я. Рубинштейннің «10 сөзді жаттау» әдістемесі ерікті есте сақтау деңгейін тексеруге мүмкіндік береді.

7. Н.Л. Белопольскаяның әдістемесін қолдану (баланың мектепке оқуға ықыластық даярлығын анықтау);

8. Д.Б.Элькониннің «кескіндеме диктант»,

9. Л.А.Венгердің «Өрнекті диктант»;

10. Л.И.Цеханскаяның «Өрнек» әдістемелері, т.б.

Берілген әдістемелердің барлығы қарапайым, өлкелік, ұлттық ерекшеліктер алшақтығы аса көп мөлшерде емес. Сондықтан, авторлық әдістемелердің біразын түп нұсқаға сүйене отырып, қазақ тілінде жаңа әдістеме ретінде қайта жасауға болады. Балаларды психологиялық тексеру олардың мектептік кезеңге қажетті дамуындағы артта қалушылықты анықтау мақсатымен жүргізіледі: қозғалтушы орталықтары (моторика), ми қабының талдау және жинақтау (аналитикалық және синтетикалық) функциялары (Керн-Ирасек тесті) және тілі.

Керн-Ирасек тесті бойынша мектепке дайындық деңгейін анықтау жекелей немесе 10-15 балалар тобымен бір уақытта жүргізілуі мүмкін. Басқа зерттеулер арнаулы бөлінген орында әр баламен жеке жүргізіледі.

Тест үш тапсырмадан құралады: 1) адамның суреті; 2) үш сөзден тұратын қысқа сөйлемнің көшіріп суретін салу; 3) көп нүктелердің көшіріп суретін салу.

Бірінші тапсырма таза қағаздың үстіңгі бетіне орындалады. Көп нүктелер көрсетіледі.

Екінші тапсырманы орындағаннан кейін баланың алдынан бірінші топтаманы алып, орнына бес бұрышты нүктелер (жиыны 10 нүкте үш қатарға үш-үштен, біреуі жеке төменгі төртінші қатарға бесінші бұрыш жасап орналасады) салынған карточканы қояды.

Үшінші тапсырмаға мынадай түсініктеме беріледі: «Мұнда нүктелер көрсетілген. Дәл осы суреттегідей алдыңғы қағаздың төменгі бөлігіне салып көр».

Бүгінгі күнде мектепке оқуға дайындық іс жүзінде жалпыға танымал көл компонентті білім бола отырып, ол кешенді психологиялық зерттеулерді талап етеді. Психологиялық дайындықтың құрамына мынадай компоненттерді жатқызуға болады:

1. Интеллектуалдық дайындық - баланың ой - өрісін, нақты білім қорын қарастырады.

2. Жеке тұлғалық дайындық - баланың мектепте оқу әрекетіне, ұстаздарға, өзіне қатынасын көрсетеді.

3. Әлеуметтік - психологиялық дайындық - баланың құрбылармен, мұғалімдермен қарым қатынасын, соның ішінде баланың коммуникативтік ерекшелігін көрсетеді.

Әр баланың мектепте оқуға даярлығында осы жоғарыда аталған 3 компонент басты рөл атқарады.

Сонымен, мектепке барар баланың дайындық деңгейін анықтау үшін қарастырылған әдістемелерді іс жүзінде пайдалану арқылы мектеп психологі әр бала туралы жан-жақты түсінік алады. Мектепте баланың негізгі әрекеті оқу болғандықтан, оның бар ынта-жігерін, ерік-күшін оқуға бағыттау үшін оған қандай қарым-қатынас түрін пайдалану мәселесін шешуде бұл деректер психолог қызметіне ете қажет болып табылады.

Мектеп өмірі баладан эмоциональдық тұрақтылықты талап етеді. Оқушылар арасында келіспеушіліктер, реніштер және конфликттік жағдайлар жиі кездеседі. Әсіресе ерке балалар мұғалімнің ескертулерін ауыр қабылдайды, яғни мектепке барудан бас тартады, жылайды және т.б. әрекеттер арқылы көрінеді. Баланың өз бетімен шешім қабылдай алатындай және еріктілікті дамытуға жағдайлар жасап және бір жұмысты аяқтамай келесі жұмысқа кірісуіне рұқсат етпей, кез-келген істі аяғына дейін жеткізуге үйрету керек.

Швейцар психологы Ж. Пиаженің пікірінше «Баланың мектептегі оқуға дайындығының ең жоғары деңгейі бұл баланың кеңістікте және уақытта бағдарлай алып, өзін басқа адамның позициясында сезіну біліктілігінің қалыптасуы», - деген. Яғни, мектепке дейінгі баланың кеңістікті және уақытты қабылдай алуы, оның оқу материалын меңгерудің жолын жеңілдетеді.

Мектепалды топ балаларының мектепке психологиялық даярлық деңгейін анықтауға арналған әдістемелер қоры сан алуан. Қойылған мақсат ерекшелігіне байланысты тиімді әдістер мен тәсілдерді таңдау зерттеу жүргізетін маман іскерлігіне байланысты. Сондықтан, маман — психодиагностика баланың мектепке қабылданар алдындағы психологиялық даярлық деңгейін анықтауға қолданатын әдіс-тәсілдерді жиі өзгертіп, жаңалап отыруы тиіс. Осы ретте ескерілуі тиіс шарт тағы бір мәселе - анықтау шараларының мүмкіндігінше кешенді бағдарламалық сипат алуын қадағалау.

Әдебиеттер:

1. Гатанова Н.В., Тунина Е.Г. Баланы мектепке дайындауға арналған тесттер. 5-бжастағы балаларға арналған.—М.: «Ольма-ПРЕСС», 2001 - 192 б.
2. Джин С.И., Прокопенко И.Е. Мектептегі алғашқы күндер: бірінші сынып мұғалімдеріне арналған нұсқаулық. - 3-ші басылым. —М.: Вита - Пресс, 2002. - 80 б.
3. Максимук Н.Н. Сауат ашуға және оқуға арналған ойындар. —М.: ВАКО, 2006. - 128 б.
4. Волина В. Ойнапүйренеміз. —М.: Жаңамектеп, 1994 - 448 б.
5. «Мектепкедейінгікезең» 5 жастағыбалалардытәрбиелеужәнедамытубағдарламасы / Ред. Н.Ф. Виноградова. —М.: Вентана - Граф, 2005 ж
6. Таубаев Г.З., Метербаева К.М. Балаңыз мектепке дайын ба? Ата-аналарға арналған әдістемелік құрал. —Алматы., 2014

ӘОЖ 345.193

ТҮТЫҚПАНЫ ТҮЗЕТУДЕ ЗАМАНАУИ КЕШЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Елтаева Макпал Халеновна

Магистрант

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы

E-mail: makpal.eltaeva@mail.ru

Аннотация: данная статья посвящена одной из важных проблем в логопедии – преодолению заикания у детей современными подходами. В последнее время становится все более важным вопрос коррекции заикания у детей дошкольного возраста. Понимание

механизмов возникновения заикания и значения многообразных особенностей его проявления определяют необходимость комплексного подхода к его преодолению. Под современным комплексным подходом к преодолению заикания понимается лечебно-педагогическое воздействие на разные стороны психофизического состояния заикающегося разными средствами и различными специалистами.

Түйін сөздер: тұтығу-заикание-stuttering, емдік-сауықтыру-лечебно-оздоровительную-therapeutic recovery, түзету-педагогикалық-коррекционно-педагогическое-correctional and pedagogical

Тұтығу - сөйлеу тілі бұзылуының ең ауыр тіл бұзылысы. Оны түзету өте қиын, баланың жеке басын бүлдіреді, тәрбие мен оқытудың дұрыс бағытын тежейді, мектеп жасына дейінгі баланың балалар тобына қалыпты қосылуын қиындатады.

Тұтықпаны түзетудің қазіргі заманғы кешенді әдіс-тәсілдері пайда болып қалыптасуында көптеген әдіс-тәсілдер мен іздестірулер көп болған. Тұтықпаның даму тарихында бірнеше әдістер сипатталып жазылған. Терапевтикалық әдіс - ерте заманнан Гиппократ, Аристотель, Авиценна, Галеннен бері әр түрлі деңгейде қолданылып келе жатыр.

Хирургиялық әдістер - тұтықпаны артикуляциялық аппараттың құрылымы немесе тілдің бұлшық еттерінің иннервациясының бұзылу салдарынан деген түсініктің нәтижесінде пайда болды деген түсінікпен I ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейін қолданылып келді.

Ортопедиялық мақсатпен механикалық бейімдеу құралдарын пайдалану Демосфеннен басталған. Ол өзінің тұтықпасын түзету мақсатында теңіз тастарын пайдаланған. Сонымен қатар Итар өзінің тұтықпасын түзетуде шанышқыны, ал Кленке есімді азамат тілдің астына ағаштан доғаға ұқсаған табақша қолданған.

Дидактикалық әдістер біртіндеп күрделене беретін сөздік жаттығуларды қолдану керек деп ойлайды. (Андрес, Итар, Гутцман, Куссмауль, Коэн)

Қазіргі заманғы тұтықпаны түзетудің кешенді әдісін тұтығушының психофизиологиялық жағдайына әртүрлі мамандардың және әртүрлі тәсілдермен ықпал ету деп түсінеді. [1]

Тұтықпамен жұмыс істеу тәжірибесі бойынша бүкіл медициналық-педагогикалық кешенді оның әсер ету сипаты бойынша екі бөлікке бөлуге болады: емдеу-сауықтыру; түзету-педагогикалық.

Емдік-сауықтыру әдісіне: күн тәртібі мен тамақтану тәртібін ұйымдастыру, шынықтыру, емдеу физкультурасы мен ритмика, физиотерапия, психотерапия және дәрімен емдеу жатады.

Тұтықпа балалар аурушаң келеді, сондықтан күн тәртібін құрастыру керек. Жүйке жүйесін сауықтыруда ұйқының да маңызы өте зор, өйткені ұйқы жүйке клеткаларын әлсіреуден сақтайды, қоректі заттармен, оттегімен қамтамасыз етеді. Организмдегі барлық биохимиялық процестердің өтуі тамақтанумен тығыз байланысты, сондықтан тұтықпа баланың тамағын витаминизациялауға көп көңіл бөлу керек.

Шынықтыру процедуралары баланың күн тәртібінде міндетті түрде қарастырылады. Таза ауада жүру, спорттық ойындар сияқты ойындар баланың денсаулығы мен жеке тұлғалық ерекшелігін ескере отырып дәрігер тағайындайды.

Емдеу физкультурасы мен ритмика. Тұтықпа балаларда моторикасының бұзылуы байқалады. Сол үшін физикалық жаттығулар қолданылады. Солардың бір саласына логопедиялық ритмика жатады. Ритмикада бала қимылдаумен қатар, сөйлеуімен қатар жүреді. Музыкалық қимыл жаттығулары жалпы моторика, бұлшық еттерді дамытуға, баланың сөйлеуі, эмоционалдық жағдайы мен тәртібін түзетуге көмектеседі.

Дәрімен емдеу- орталық және вегетативті жүйке жүйесінің қызметін қалыпқа келтіріп, сөйлеу аппаратының тырысуын азайтады, организмді сауықтырады. В.С.Кочергинаның айтуы бойынша , тұтығушының жасы ұлғайған сайын дәрімен емдеудің рөлі артады. Дәрімен емдеу кешенді ықпал етудің маңызды компоненті болып саналады,

өйткені ол тұтығушылармен жүргізілетін түзету-логопедиялық нәтижелі болуына, тұтықпаның қайталануынан сақтандырады. [2]

Психотерапия- тұтықпаны кешенді емдеуде қолданылатын өте жақсы әдістердің бірі. Қазіргі кезде психотерапияның 2 түрі бар: ұтымды және сугестивті сендіру терапиясы. Ұйқыда гипноз арқылы немесе өзін сендіру арқылы жүзеге асады. Психотерапиялық ықпалды жақтаушылар тұтықпаны психологиялық азап шегу деп түсініп, оған психологиялық әсер ету керек деп ойлайды.

Аутогендік жаттығу әдісін әртүрлі невроздарды емдеуде қолданылады. Өзін өзі сендіру арқылы беттің, мойынның, иықтың бұлшықеттерін босаңсытуға, тыныс алуды реттеуге, тырысуды бәсеңдетуге болады.

Сонымен қатар, тұтықпаны түзетудің кешенді әдісіне логопедиялық сылау жатады. Сылау кезінде тері мен бұлшық еттердің рецепторлары тітіркенеді, бұлшықеттердің тонусын жоғарылатуға, төмендетуге көмектеседі, зат алмасу процесін жақсартады.

Тұтығу кезінде сөйлеу тілін түзетуде жаттығулардың маңызы өте зор, жаттығулардың түрлері былайша құрылады:

1. Асықпай, жай сөйле, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді анық айтуға үйрен.
2. Өзіңнің қалай сөйлейтініңді әр уақытта бақылауға ал.
3. Өте қатты да, өте жай да сөйлеме.
4. Тұрып сөйлеуге, тік отырып сөйлеуге дағдылан.
5. Сөйлеу алдында терең дем ал.
6. Сөйлеу кезінде тыныс алуды үнемде.
7. Дауысты дыбыстарды айтуда әр уақытта сенімді болуға үйрен.
8. Тыныс алуда дауыссыз дыбыстарды айтуға емес, дауысты дыбыстарды айтуға бағытта.
9. Дауысты дыбыстарды айтуда ол дыбыстарға күш түсірме. [3]

Қазіргі кезде тұтығу пайда болғаннан кейін бірден түзету шараларын қолдану керектігі көпшілікке мәлім. Әдетте бұл кемістік бастапқы сатысында жеңіл түрде болады, бірақ жеңіл түрінде көп байқалмайтын тұтығу бірте-бірте күшейе түсуі мүмкін. Тұтығу басталған кезінен уақыт өткен сайын, баланың мінез-құлқының өзгеруіне себеп болатын ауыр да, тұрақты кемістікке айналады. Сонымен қатар ол баланы қалыпты қарым-қатынас болмайды, жақсы оқуына жиі кедергі жасайды. Сондықтан аталған сөйлеу кемістігін баланың мектеп жасына дейін, яғни мектепке келмей тұрған кезінде түзету керек.

Тұтығуға кешенді әсер ету мынадай бағыттардан тұрады:

1. Дәрігерлік әсер ету. Ол баланың жүйке жүйесін қалыпты жағдайда болуын қамтамасыз етеді, психотерапия мен логопедиялық жұмыстар үшін ыңғайлы жағдайлар жасайды.

2. Психотерапиялық әсер ету барлық логопедиялық жұмыс кезінде жүргізіледі. Ол баланы тұтығусыз сөйлей алатынына сендіру.

3. Логопедиялық әсер ету. Бұл ұзақ уақыт бойына (8-9 ай), жүйелі түрде жүргізілетін жүйелі сабақтар курсы болып табылады. Бұл сабақтың негізгі мақсаты - өмірдің кез – келген жағдайында тұтығудың жеңіл түрінен бастап, күрделі, қиын түрлеріне дейін балаларды дұрыс және еркін сөйлеуге дағдыландыру болып табылады. Сабақты бірте-бірте күрделендіре отырып, балалардың дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады. Сонымен, тұтығуды жою үшін барлық сабақтар негізгі дидактикалық принциптің кезектілігіне және жүйелілігіне бағынуға тиіс.

4. Логопедиялық ритмика (ырғақ). Ол әр түрлі жаттығулар мен ырғақтар немесе балалардың сөйлеуіне байланысты қозғалыс ойындарынан тұрады. Мұндай жаттығулар мен ойындар жалпы және сөйлеу моторикасының дамуына ықпал етеді, сигнал бойынша әрекет жасауға, өзін-өзі меңгере білуге, ырғақты сезінуге тәрбиелейді, қозғалыс координациясын дамытады. Тұтықпа сөйлеу кемістігінің ішінде ең күрделісі болғандықтан тексеруді дәрігерлік, логопедиялық және психологиялық жағынан кешенді жүргізу қажет.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың арасында сөйлеу тілінің бұзылыс түрлері жиілеп барады. Сондықтан ол қазіргі қоғамда өзекті мәселе болып отыр.

Қорытындылай келсем, тұтығу тіл кемшіліктерінің ең күрделісі болғандықтан, түзетуді медициналық, логопедиялық және психологиялық бағытта құрып, кешенді түрде жүргізу қажет. Тұтығуды кешенді медициналық-педагогикалық жеңуге логопедтерден басқа әртүрлі мамандар қатысады – невропатологтар, психиатрлар, психотерапевтер, терапевт, отоларинголог, дене нұсқаушысы, физиотерапевт, музыка маманы, мұғалім. [4] Мамандардың жұмысы тұтығудың көрінісін, оның пайда болу себептерін, тұтығудың психофизикалық жағдайын, оның жеке ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуге бағытталған. Логопедтің жұмыс процесінде жетекші маман ретіндегі рөлі өте зор. Шынында да, оның әсері әрдайым міндетті болып табылады, және ал басқа мамандардың рөлі-бұл тұтығудың ерекшеліктері туралы идеяларды жою және толықтыру, сөйлеу терапиясының тиімділігіне ықпал ету шешуші болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. – Алматы: Дәуір, 2011. -281б.
2. Дүйсенбаев А.К., Балтымова М.Р. Логопедия негіздері. –Алматы: Отан,2016. -139б.
3. Визель, Т.Г. Коррекция заикания у детей. - Астрель,: ВКТ, 2009.- 224 б.
4. Миронова С.А. Исправление заикания у дошкольников в процессе обучения, кн. Преодоление заикания у дошкольников под ред. Левиной Р.Е., М.: Мысль, 1984. – 285б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЛЭПБУК ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ануарбек Н.М., Бекболатқызы А., Даулет Н.Ж.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: nurgul.anuarbek@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі таңда балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруда және дамыту құралы ретінде лэпбук технологиясының ерекшелігі қарастырылады.

Тірек сөздер: байланыстырып сөйлеу, лэпбук, ойын, зерттеушілік

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности технология «лэпбук» как средства формирования и развития связной речи детей

Ключевые слова: связная речь, лэпбук, игра, исследование

Annotation

This article discusses the features of the "lapbook" technology as a means of forming and developing coherent speech of children

Key words: connected speech, lapbook, game, research

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында: «Білім беру жүйесін жаңарту барысында оқыту үдерісіне заманауи әдістер мен технологияларды енгізу қажет» делінген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8 – бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға,

шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» – [1] деп атап көрсеткендей, әр баланың жеке басын жан-жақты дамытуға бағытталған ұлттық мектепке дейінгі білім беру жүйесін құру тәрбие мен білім беру үдерісіне үнемі өсіп отыратын талаптарды алға қояды. Алдыңғы құндылықтар мен басымдықтар, мақсаттар мен педагогикалық құралдар қайта қаралуда.

Мектепке дейінгі балалық шақ – бұл негізгі және шешуші кезең, жеке дамудың интеллектуалды, эмоционалды, коммуникативті негіздері қаланады. Балаларды оқытудың мазмұны мен әдістері зейінді дамытуға бағыттала отырып есте сақтау, шығармашылық қиял, салыстыру, байланыстырып сөйлеу, бөлектеу қабілетін дамыту объектілерге тән қасиеттер береді. Оларды белгілі бір критерий бойынша жалпылау, табылған шешімнен қанағаттануды, әңгімелеуді үйрету. Бала заттармен өзі әрекет еткенде, ол қоршаған әлемді жақсырақ біледі, сондықтан балаларға жұмыс кезінде еркіндік берілуі керек. Осыған байланысты біздің педагогтарымыздың алдында жаңа стандарттағы мәселелерді табу міндеті және тәрбиеленушілермен өзара әрекеттесу формалары тұр.

Енді педагогтың алдында мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақтан келетін ақпараттар ағымында жүруге үйрету міндеті тұр. Балаларға ақпаратты дұрыс игеру мен құрылымдау ғана емес, оны мақсатты түрде іздей білу маңызды. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың инновациялық технологияларын қолдану қажет.

Соған орай, қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту құралы ретінде лэпбук технологиясының ролі ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру үшін педагогикалық жұмыста лэпбукты қолдану мәселесі отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде бай дәстүрге ие.

Лэпбуктың сюжеттері де әртүрлі. Сонымен, жануарлар, жыл мезгілдері, көкеністер мен жемістер туралы, олардың адамдарға тигізер пайдасы мен қажеттіліктері балаға өмірлік тәжірибені жеткізеді. Лэпбук адамның рухани дамуы туралы ақпаратты беру ретінде қызмет етеді.

Сонымен бірге тек лэпбук қолөнер емес, бұл визуалды және практикалық оқыту әдісі, дербестіктің соңғы кезеңі баланың осы тақырыпты зерттеу барысындағы жұмысы. Лэпбукты толтыру үшін балаға белгілі бір тапсырмаларды орындау, бақылаулар жасау, ұсынылған материалды зерттеу қажет. Ең бірінші лэпбук деген не, соған тоқталайық.

Лэпбук Lap-book терминін алғаш рет АҚШ-тың Вирджиния штатында орналасқан жазушы Тамми Дюби ұсынған. Бұл атау бүкіл жобаны баланың тізесіне сиятын кітапқа жазуға болатындықтан берілген. Егер сөзбе-сөз аударылған болса, лэпбук (lap – тізе, book – кітап) – тіздегі кітап. Сіз басқа атауларды жиі таба аласыз: тақырыптық папка, интерактивті папка, жобалар папкасы. Лэпбук – бұл қалта, кіші кітаптар, терезелер, жылжымалы бөліктер, баланың өз қалауы бойынша шығарып, қайта орналастыруға, бүктеуге болатын кірістірмелері бар қолдан жасалған интерактивті папка. Ол белгілі бір тақырып бойынша материал жинайды [2].

Лэпбук тек қуатты анықтамалық құрал және оқу материалын ұйымдастырудың ерекше формасы ғана емес, ол ең алдымен, балалармен бірге ересек адамның (тәрбиеленушілер мен педагог, ата-ана) серіктестік жобалық іс-әрекетінің негізі болып табылады. Лэпбуктің негізін педагог жасайды және балалармен ата-аналар бірге толықтырады, жетілдіреді. Ол интерактивтік әдістеме, оны құрастыру жөнінде келесі әдіс-тәсілдер қолдануға болады: салыстырмалы талдау, ізденіс, дидактикалық ойындар, әңгіме, сипаттау, сюжеттік ойындар т.с.с. Осы папканы толтыру үшін бала бірнеше әрекеттер жасау керек: бақылау жасау, берілген материалды оқып дайындау, тапсырмаларды орындау. Лэпбукты жасағанда балалар білімдерін толықтырады, өткен материалды қайталап, пысықтайды. Алған білімдерін бір жүйеге келтіреді, папканы алғанда өткен тақырыптар естерінде қалып, ойға тез келеді. Бұны психолог Л.С.Выготскийдің ой-тұжырымынан көруге болады. Ол баланың таным процесстері біртіндеп, өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады деген тұжырымды айтады, өйткені таным процессінің кейпі балада қаншама таңқаларлықтай болса да, оның негізі өмірдегі көрген – білген жайлардан туындайды деген [3]

болатын. Балада негізі таным процесстері тұрақсыз болады. Ол бегілі бір тапсырмаға бағынбайды, бір затты қиялдап отырып, екінші затқа ауысып кетеді. Сондықтан да белгілі бір бағытқа таным процесті бағындыру, үлкендерге байланысты жүзеге асады. Таным процесстерін дамытудың бірден- бір жолы – бегілі бір тақырыпқа лэпбук құрастыру тапсырмасы беріліп, жетекші сұрақтар қою арқылы баланың ойын жеткізе алуына көмектеседі. Кейде мектеп жасына дейінгі балалар лэпбук құрастыруды ойлап табудан бас тартады немесе ауырсынады. Алайда балалардың таным процесстерін дамыту мен осы сезімтал кезеңдерінде жүйелі бағыт – бағдар беріп, тақырып мазмұнына сай лэпбук құрастырып, сол бойынша таза, мәдениетті, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру қажет.

Лэпбук балаға өткен тақырыпты өз қалауы бойынша ұйымдастыруға, тақырыпты жақсы түсінуге және материалды есте сақтауға көмектеседі. Бұл өткен тақырыпты қайталау үшін тамаша тәсіл. Кез келген ыңғайлы уақытта бала жай ғана лэпбукты ашады және қуана-қуана өткенді қайталап, әңгімелейді. Лэпбук ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жүргізгенде де өте қолайлы, онда бір мезгілде бірнеше балалар топтық жұмыс жасай алады. Лэпбук құру ересектер мен балалардың бірлескен іс-әрекет түрлерінің бірі болып табылады. Сондай-ақ, зерттелген материалды бекітуге және ұйымдастыруға көмектеседі, ал болашақта қалтаны қарау өткен тақырыптарды тез жаңартуға мүмкіндік береді. Лэпбук жасау кезінде сіз әр баланың қолынан келетін тапсырмаларды таңдап, осындай ұжымдық папка жасай аласыз. Болашақта бала ақпаратты өз бетінше жинауды және ұйымдастыруды үйренеді, бұл мектепте оқуға жақсы дайындық. Лэпбук бір қарағанда - жаңа және белгісіз - шын мәнінде, бұл біз бұрын орындаған көптеген әрекеттерді біріктіретін технология болып шығады. «Лэпбуктің» ең маңызды құндылығы – ол балаға бүкіл процестің, оның кез келген кезеңдерінде сыбайласы болуға мүмкіндік береді. Бұл баланың дауысын естуге, оның не қалайтынын түсінуге мүмкіндік береді. Баланың дауысы ерекше құнды: егер біз оны естімесек, қызығушылық, озбырлық, бастамашылық, өзгеруге дайындық болмайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған лэпбук жасасаңыз, онда олар үшін тақырыптар мен материалдар қарапайым болуы керек, жас ерекшелігіне қарай қиынырақ материалды таңдауға болады. Сонымен қатар, егер тәрбиеші лэпбукты командаға емес, бір балаға жасап жатса, оған назар аударуды ұмытпаған жөн: қандай тақырыптарды оқып үйрену немесе бекіту керек, баланың белгілі бір тақырыпта қаншалықты дамығанын және т.б. Сонымен қатар, баламен қандай тақырыпта материалды алып, папка жасағысы келетіні туралы да кеңескен абзал.

Лэпбук балалардың әр түрлі іс-әрекеттерінде (танымдық, зерттеушілік, ойын, эксперименттік) сөйлеу тілі арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, лэпбук заттық-дамушы орта үшін мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді:

- ақпараттық;
- көп функциялы;
- сөйлеуді, шығармашылықты, қиялды, зерттеушілік әрекетті дамытуға ықпал етеді;
- балалар тобымен бір уақытта қолдануға жарамды (оның ішінде ересек адамның ойын серіктесі ретінде қатысуымен);
- дидактикалық қасиеттері бар;
- баланың көркемдік-эстетикалық дамуының құралы болып табылады, оны өнер әлемімен таныстырады;
- нұсқалық (оның әрбір бөлігін пайдаланудың бірнеше нұсқасы бар);
- оның құрылымы мен мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларға қолжетімді;
- барлық балалардың ойын, танымдық, зерттеушілік және шығармашылық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Оқыту мен білім беруді тұтас оқу процесіне біріктіре отырып, лэпбук технологиясымен жұмыс жасауда тәрбиеші:

- әр баланың жеке ерекшеліктеріне қарай іс-әрекетті құра білу;
- баланың өзі білім беру мазмұнын таңдауда белсенді болатындай жағдай жасауы қажет.

Лэпбукты пайдалану мүмкіндігі теңдігін, әр баланың тұрғылықты жеріне, жынысына, ұлтына, тіліне, әлеуметтік жағдайына қарамастан, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жан-жақты дамуын да қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекетінде лэпбукты құрастыру нәтижесінде:

- балалардың танымдық белсенділігін арттыру;
- материалды «зерттеуге» тұрақты қызығушылықты, өз қолымен бірдеңе жасауға ұмтылуды қалыптастыру;
- сөздіктің даму деңгейін арттыру, грамматикалық дұрыс сөйлеу;
- шығармашылық бастаманы арттыру, жалпы қол дағдылары мен ұсақ моториканы, адамгершілік және эстетикалық қабылдауды, кеңістіктік ойлауды дамыту;
- тәрбиешілердің, ата-аналардың шығармашылық белсенділігін арттыру;
- топтағы заттық- дамушы ортаны толықтыру маңызды болып табылады.

Лэпбук барлық материалды бір бүтінге біріктіре отырып, әртүрлі білім беру бағыттарының интеграциясын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Балаға өз бетінше немесе тәрбиешінің қатысуымен көрнекі материалмен танысуға мүмкіндік береді. Бала лэпбукпен тапсырманы қалай орындау керектігін шешеді, белгілі бір заттарды өз қалауы бойынша ашады, орналастырады және пайдаланады. Зерттелген материалды бекітуге де лэпбук көмектеседі.

Лэпбук – баланың ересектермен және құрдастарымен бірлескен іс-әрекетінің құралы. Lapbook-тың ұтқырлығы оны әр тақырыптық аптаға, балалардың жеке жас ерекшеліктеріне қарай пайдалануға мүмкіндік береді. Ол үшін дидактикалық материал сабақтың мақсатына байланысты өзгертін қалталар, конверттер қолданылады. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту мен оқытудың құралы, оны кез келген іс-әрекетте қолдануға болады. Лэпбук мазмұны оқуды, дамытуды қажет ететін тақырыпқа байланысты төмендегідей болуы қажет.

Күш. Балалардың қолында қағаз интерактивті папка тез шүберекке айналады, сондықтан оны төзімді материалдардан жасаған дұрыс.

Эстетикалық. Ол жарқын, түрлі-түсті, назар аударатын болуы керек, әйтпесе балалардың ойнағысы келмейді.

Ақпараттық. Тақырыпты толық аша отырып, ноутбукке енгізілген ақпаратты балаға түсінікті тілде айтыңыз.

Қол жетімділік. Балалар өздеріне ұнайтын бөлімді таңдай алады. Қолтаңбалар, сипаттамасы, ұсыныстары мен нұсқаулары бар ұзын мәтіндер ойынды қиындатады, кітапқа деген қызығушылықты басады.

Вариативтік. Енгізілген тақырыптың барлық бөлімдері ақпаратты меңгерудің әртүрлі тәсілдерін ұсына отырып, әртүрлі нұсқаларда орындалуы керек [4].

Бұл құрастырылған ұжымдық кітапты бір уақытта бірнеше адамның, соның ішінде ересек адамның пайдалану мүмкіндігінің болуы.

Сонымен жоғарыдағы теориялық талдауларды негізге ала отырып, біз лэпбук – қазіргі таңдағы білім беруде мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалдық және байланыстырып сөйлеуді дамытудағы инновациялық технология ретінде деп тұжырым жасаймыз.

Ал, лэпбук арқылы байланыстырып сөйлеу-бұл логика мен грамматика заңдарына сәйкес ұйымдастырылған, біртұтас жүйені білдіретін, салыстырмалы, толықтыққа ие және бір-бірімен байланысты көп немесе аз маңызды бөліктерге бөлінетін сөйлеу деп сипаттаймыз.

Мектепке дейінгі жас-бұл біртіндеп жүретін байланыстырып сөйлеудің белсенді даму кезеңі болғандықтан, талданған жұмыстардың нәтижесінде лэпбук арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың ерекшеліктерін төмендегідей анықтадық:

- лэпбук арқылы сөздік қоры молайып, сөзбен әрекет жасау үрдісінде ана тілінің заңдылықтарын меңгереді;

- орындалған тапсырма бойынша бала өз ойын байланыстырып, логикалық түрде жеткізуге жаттығады;

-лэпбук құрастыруда практикалық және интеллектуалдық тапсырмаларды орындауда тілдің жоспарлаушылық функциясы қалыптасады;

- байланыстырып сөйлеу дағдыларында саналы қарым-қатынас қалыптасады, ол іс-әрекеттің ерекше түрі болып табылады;

- тіл нақтылы тасырмалардан жан-жақты күнделікті қарым-қатынас құралына айналып, баланың байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Байланыстырып сөйлеу арқылы баланың ақыл-ойының даму деңгейін, ойлаудың, қабылдаудың, зейіннің, ес, қабілеттің қаншалықты қалыптасқанын байқауға болады. Сонымен бірге баланың сөз байлығын, тілдің грамматикалық құрылымын, нормаларын қаншалықты меңгергенін көрсетеді.

Жоғарыдағы теориялық зерттеулердегі ой-тұжырымдар балалардың байланыстырып сөйлеуін лэпбук арқылы қалыптастыруға негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- 2.Блохина Е., Лиханова Т.Лэпбук - «наколенная книга» // Обруч. 2019. №4. С. 29-30.
3. Выготский Л. С. Вопросы детской психологии / Л. С. Выготский. — Москва: Издательство Юрайт, 2019. — 160 с.
- 4.Гатовская Д. А. Лэпбук как средство обучения в условиях ФГОС [Текст] / Д. А. Гатовская // Проблемы и перспективы развития образования: материалы VIмеждунар. науч. конф. (г. Пермь, апрель 2015 г.). — Пермь: Меркурий, 2019. — С. 162-164.

Интернеткөздері:

1. http://www.homeschoolshare.com/Lapbooks_at_HSS.ph
2. <http://www.babyblog.ru/community/post/weeks/159859>.
3. [https://r http://www.tavika.ru/2013/06/lapbookcrow.html](https://rhttp://www.tavika.ru/2013/06/lapbookcrow.html).

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МАМАНДЫҚ ТУРАЛЫ ТҮСІНІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОЙЫННЫҢ ЖЕТЕКШІ РӨЛІ

Шадибекова Э.М.

Балдаурен балабақшасы, Алматы қ.

Аннотация

Бұл ғылыми мақалада мектеп жасына дейінгі балаларда мамандық туралы түсінік қалыптастырудағы ойынның маңызы қарастырылады. Авторлар мектеп жасына дейінгі балаларда жауапкершілік, тәртіп, белсенділік, басқалардың жұмысына құрмет, мамандық адамдарына сезімтал қарым-қатынас сияқты қасиеттерді қалыптастыруға болатын ойындардың мүмкіндіктерін көрсетеді. Ойын компоненттері мен оның құрылымын анықтай отырып, ойынның мамандық туралы балада түсінік қалыптастырудағы жетекші рөлін саралайды.

Түйін сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, мамандық, ойын, жетекші рөл

Аннотация

В данной научной статье рассматривается значение игры в формировании у дошкольников представления о профессии. Авторы показывают возможности игр, через которые можно можно формировать у дошкольников такие качества, как ответственность, дисциплинированность, активность, уважение к труду других, чуткое отношение к людям

профессии. Определяя компоненты игры и ее структуру, раскрывают ведущую роль игр в формировании у ребенка представлений о профессии.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, игра, профессии, ведущая роль

Annotation

This scientific article examines the importance of the game in the formation of preschool children's ideas about the profession. Also, with the help of games, it is possible to form in preschoolers such qualities as responsibility, discipline, activity, respect for the work of others, a sensitive attitude to people of the profession. Defining the components of the game and its structure, differentiate the leading role of the game in the formation of the child's idea of the profession.

Key words: preschool children , profession, game, leading role

Қазақстан Республикасында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында «Балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту міндетінде балаларды әртүрлі еңбек іс-әрекетімен таныстыра отырып, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру көзделеді [1]. Соған орай балаларға әртүрлі мамандық туралы түсініктерін қалыптастыру мектепке дейінгі ұйымнан бастау алатыны белгілі.

Мамандық – (лат. «пайда алушы») - өз ісімі туралы жариялаймын) еңбек түрі арнайы дайындықты қажет ететін және әдетте болатын әрекеттердің тіршілік көзі [2]. Мамандықтар - бұл үлкендердің әртүрлі еңбектерінен тұратын кең спектр. Әртүрлі мамандықтардың тізімі ғана емес, сонымен қатар олардың әрқайсысының сапалық сипаттамасы мен таңдалған мамандыққа байланысты үлкендер еңбегінің ерекшеліктері түсіндіріледі. Сондықтан, балаларда үлкендер әлемі туралы идеяларды қалыптастыруға бағытталған жұмыс жан-жақты болуы керек, мамандықтың әртүрлілігімен танысуды да, балаларды үлкендер еңбегінің ерекшеліктерімен таныстыруды да қамтуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларды мамандықтармен таныстыру жүйесі мамандыққа ұмтылуды қалыптастыру үшін ерте жағдай жасауды, үлкендердің кәсіби қызметі туралы идеяларды қалыптастыру кезеңдерін бөліп көрсетуді, осылайша оның алдағы өмір жолын еркін таңдауды қамтиды.

Ойын білім беру мен тәрбиелеуде педагогикалық құралдарының бірі ретінде қазіргі уақытта ерекше өркендеу кезеңін бастан кешіруде. Қазіргі уақытта ойынға деген қызығушылықтың артуына не себеп болды? Ол бір жағынан педагогикалық теория мен практиканың дамуымен, проблемалық оқытудың таралуынан туындаса, екінші жағынан жан-жақты белсенді тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерге байланысты.

Педагогика ғылымында балаларды жан-жақты тәрбиелеудің ең маңызды құралы ретінде ойын теориясының негізін Е.А. Аркин, Е.А. Флерина, Е.И. Тихеева; кейінірек Д.В. Менджеричкой жұмысы ойынға арналды. А.П. Усова, С.О., Новоселова, А.И.Сорокина, З.М.Богуславская, Турскельдина М.Т., Иманбеков Т., Баримбеков Н.Ж., Касымова Г.М., Төлєнова Ұ.Т. [3] және т.б.

Шетелдік және отандық жетекші педагогтар мен психологтар ойынды балалар өмірін ұйымдастырудың, тәрбиелеу мен оқытудың ең тиімді құралдарының бірі деп санайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың математика, сөйлеу тілін дамыту саласында ойындарды (ойын технологияларын) дамытуды ғалымдар мен практиктер Е.И.Тихеева, А.А.Смоленцева және т.б. зерделеген.

Ойын анықтамасы бойынша - бұл мінез-құлықты өзін-өзі басқару қалыптасып, жетілдірілетін әлеуметтік тәжірибені қайта құруға және игеруге бағытталған жағдаяттардағы қызмет түрі.

Атақты психолог Л.И. Бозович адам тәжірибесінде ойын әрекеті келесі функцияларды орындайды деп есептейді:

- ойын-сауық (бұл ойынның негізгі қызметі - көңіл көтеру, қанағаттануды жеткізу, шабыттандыру, қызығушылықты ояту);
- коммуникативті: қарым-қатынас диалектикасын меңгеру;

- адам тәжірибесінің сынақ алаңы ретінде ойында өзін-өзі жүзеге асыру;
- ойын терапиясы: өмірдің басқа түрлерінде туындайтын әртүрлі қиындықтарды жеңу;
- диагностикалық: ойын барысында нормалық мінез-құлықтан, өзін-өзі танудан ауытқуды анықтау;
- түзету функциясы: жеке көрсеткіштер құрылымына оң өзгерістер енгізу;
- ұлт аралық қатынас: барлық адамдарға ортақ әлеуметтік және мәдени құндылықтарды сіңіру;
- әлеуметтену: қоғамдық қатынастар жүйесіне ену, адам қоғамының нормаларын сіңіру [4].

Ойынның мәні 1-кестеде көрсетілген.

Кесте– 1- Ойынның мәні

Ойынкомпоненттері	Ойынэлементтерініңқұрылымы
Мотивациялық	Алдын-алаойынжағдайы
Бағдар-мақсат	Ойынныңміндеттері
Операциялықмазмұн	Ойынережесі, ойынәрекеті
Құндылық-еріктік	Ойынжағдайы
Бағалау	Ойыннәтижесі

Балаларда мамандық туралы түсініктерін әртүрлі тәсілдермен қалыптастыруға болады, олардың бірі ойын. «Ойын мектеп жасына дейінгі баланың қоғамдық өмірінің ерекше формасы болып табылады, онда ол өз қалауымен құрдастарымен бірігіп, өз бетінше әрекет ете алады, мәселені өздігінен шешудің әртүрлі тәсілдерін игереді, өз жоспарларын жүзеге асырады және өзіндік сара жолы болады».

Ойын-бұл балалардың алғаш рет бір-бірімен қарым-қатынас жасаудың тәуелсіз әрекеті. Оларды бір мақсатқа жету үшін бірлескен күш, ортақ мүдделер мен тәжірибелер біріктіреді. Балалар ойынды өздері таңдайды, оны өздері ұйымдастырады. Сонымен бірге, мінез-құлықтың шарттылығы сияқты басқа ешқандай іс-әрекетте мұндай қатаң ережелер жоқ. Сондықтан ойын балаларды өз іс-әрекеттері мен ойларын белгілі бір мақсатқа бағындыруға үйретеді, белсенділік және қайрат-жігерінің дамытуға көмектеседі. Ойын барысында бала өзін бір мамандық иесі ретінде сезіне бастайды, жолдастарының іс-әрекеттері мен өзінің іс-әрекеттерін салыстырып өзінің артықшылығын да байқай бастайды. Тәрбиешінің міндеті-ойыншылардың назарын ортақ сезімдер мен іс-әрекеттерді тудыратын мақсаттарға аудару, балалар арасында достық, әділеттілік, өзара жауапкершілік негізінде қарым-қатынас орнатуға ықпал ету. Балаларда орнаған қарым-қатынас пен жауапкершілік олардың мамандық туралы түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Балада мамандық туралы түсінік қалыптастыру үшін алдымен баланың осы шарттарға сәйкес келу үшін бастан кешіретін жағдайды жасап, содан кейін бұл жағдайды түзетіп, баланың мамандыққа қызығушылығын арттыру керек.

Ең дұрысы, мамандық таңдауда әртүрлі сценарийлерді қолдануға мүмкіндік беруі керек. Осылайша, олар жеке перспективалардан топтардың қажеттіліктерін түсінуді үйренеді. Бұл түсінік оларға мамандық туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік беретін қабілеттерге ие болуға көмектеседі. Рөлдік ойынның бұл әрекетінде бір адам басты рөлін тағайындайды, ал оның ізбасарлары мақсатқа жету үшін оның басшылығымен бірге жұмыс істейді. Осыдан кейін, топты бас қаруға мүмкіндік басқа балаға беріледі, ал ол шағын топқа қосылады. Ойынға қатысушы екі рөлді де қабылдай алуы керек. Мамандық туралы түсінік қалып тастырудағы бастапқы кезең баладан ептілік, қозғалыс жылдамдығы немесе ақпаратты есте сақтау және көбейту дәлдігі мен жылдамдығын талап ететін спорттық немесе интеллектуалдық (командалық немесе жеке) ойындары болуы мүмкін. Ережесі мен шарттары қарапайым ойындардан бастаған жөн.

Рөлдік ойын-бұл мектеп жасына дейінгі баланың негізгі ойынның бір түрі. Қайнар көзі-оның айналасындағы әлем, ересектер мен құрдастардың өмірі мен қызметі. Рөлдік ойынның басты ерекшелігі-сюжет пен рөлдерден тұратын қиялдағы жағдайдың болуы. Ойынның сюжеті-өмірлік негізделген байланыстармен біріктірілген бірқатар оқиғалар. Онда ойынның мазмұны- оқиғаларға қатысушылармен байланысты әрекеттер мен қатынастардың сипаты ашылады.

Рөлдік ойындардың міндеті-балаға әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігі мен олардың еңбегінің ерекшелігін түсінуге көмектесу. Мектепке дейінгі жаста мұны бәрі бірдей біле бермейді .

Мектеп жасына дейінгі балалардың мамандық туралы түсініктерін қалыптастыруда рөлдік ойын арқылы үлкендердің еңбек іс-әрекетін бйнелеп кәсіби түрде ойнауға бағытталған бағыт.

Ойынға қосыла отырып, балалар өз еріктерімен мамандық иелерін тандайды да ойын ережелерін өздері орнатады, олардың орындалуын қадағалайды және қарым-қатынасты реттейді. Балалар әлеуметтік қатынастарды игере бастайды және ересектердің әртүрлі іс-әрекеттеріндегі ұстанымдардың бағыныштылығын түсінеді, кейбір рөлдер басқаларға карағанда олар үшін тартымды болады.

Рөлдік ойын, мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінің ажырамас түрі ретінде мамандық туралы түсінік қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Балада мамандық туралы түсінігін қалыптастырудағы ойынның жетекші рөлі, біздің ойымызша, былай деп бағаланады:

- ойын арқылы бала ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасты үйрене отырып, үлкендер еңбегіне қызығушылығы артады;

- өзінің қалауынша белгілі бір мамандықты бейнелеуде ойынның белгілі бір ережелеріне бағындыруды үйренеді;

- «Істегім келеді», «болмайды» және «қажет» мотивтерге бағынуда өзін көрсете бастайды;

- ойындағы өзгерістер психикалық процестермен бірге моральдық жағынан да дамиды («жақсы» және «жаман» түсініктері);

- қажеттіліктің жаңа мотивтері қалыптасады; мамандыққа байланысты іс- әрекеттерде өнімнің жаңа түрлері пайда болады (жапсыру, сурет салу, мүсіндеу).

Осылайша, қызықты рөлдік ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларда жауапкершілік, тәртіп, белсенділік, басқалардың еңбегін құрметтеу, мамандық иелеріне сезіммен қарау сияқты қасиеттерді қалыптастыруға болады деп тұжырымдаймыз.

Балаларда мамандық туралы түсінік қалыптастыруда квест ойындарының маңызы зор. Бұл ойында балалар ұжымда бір-бірлерімен өзара әрекеттесуді, берілген тапсырманы орындауда рөл тандауды үйренеді. Ойын ережелерін сақтай отырып, балалар өзін-өзі бақылауды, шыдамдылықты, басқаларды өзінің әрекетімен салыстырып жалпылау қабілеттігі қалыптасады. Бұл ережелер ұжымда тәртіпті сақтауға көмектеседі. Квест ойындар баланың мамандық туралы түсінік қалыптастыра отырып, олардың мамандық иегері болып ойнау құралы болып табылады.

Ойын іс-әрекетіндегі қызықты тапсырмалар балаларды мамандық иегерінің ерекшеліктері мен дене қабілеттерді көрсету үшін қажетті әртүрлі дағдыларды қолдануға итермелейді. Сонымен қатар, жасөспірімдердің мамандық туралы мәлімет алуына жағдай жасау, квест ойынында бала практикалық тапсырмалар арқылы мамандық туралы іс - тәжірибе жинақтау.

Сюжетті-рөлдік және квест ойындарын қолдана отырып, біз мектеп жасына дейінгі балаларда үлкендердің әртүрлі еңбектерін бағалауға, әр еңбекке жауапкершілікпен қарауға ынталандыру, тапсырма орындауда батылдық таныту, кәсіби мамандыққа қызығушылықтарының саласын анықтауға көмектесу, олардың бойындағы қабілеттерін көріп, қолдап мамандық туралы түсініктерін қалыптастыра аламыз.

Ойындарды пайдалана отырып, баланың мамандық әлеміне эмоционалды қатынасын қалыптастырудағы жетекші рөлді төмендегідей көрсетеміз: балаларда ойынның жаңа сюжетін құра отырып, әртүрлі оқиғаларды шығармашылықпен үйлестіру қабілетін қалыптастыру, мұны серіктеспен бірлесіп орындау, шынайы өмірден алған әсерлерін де (аурухана, мектеп, дүкен, почта, шаштараз) және ертегілерден шабыттана отырып, балаларды жергілікті жағдайларды ескере отырып, өнеркәсіп пен көліктегі кейбір еңбек түрлерімен қиялмен таныстыру, түсініктерімізді кеңейту; әртүрлі мамандық иелерінің жұмысы (құтқарушы, театр режиссері, дирижер, мұғалім, кітапханашы және т.б.); өндірістік еңбек түрлері (тігін, тамақ өндірісі, құрылыс) және қызмет көрсету еңбегі (медицина, сауда, білім беру, т.б.), әр түрлі мамандық иелерінің (инженерлер мен фермерлер, фермерлер мен тамақ өнеркәсібі қызметкерлері) еңбектері туралы түсінік беру. және т.б.); балаларда еңбек процесінің құрылымы, қазіргі техниканың адам еңбек әрекетіндегі рөлі, еңбек әрекетінің құрамдас бөліктері арасындағы байланысты түсіну туралы жалпылама түсініктерді қалыптастыру; балалар ойынының мазмұнын байытуды жалғастыру, ойынның тақырыбын өз бетінше таңдау қабілетін дамыту, айналадағы дүниені қабылдаудан алған білімдері негізінде сюжетті дамыту; ойынның әр алуан жаңа сюжеттерін құрастыру, жеке шығармашылық идеяларды әріптестермен үйлестіру қабілетін қалыптастыру. Балалардың ойын және өнімді іс-әрекетте өз әсерлерін білдіру қабілетін бекіту; ата-ананың, жақын туыстарының еңбегінің құндылығы туралы түсінік қалыптастыру. Үлкендердің еңбегіне, оның нәтижесіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу; балаларға әр мамандықтың маңыздылығын, қажеттілігін және қажет еместігін түсінуге көмектесу.

Қорыта айтқанда, балалардың бойында мамандықтың не екендігі туралы түсінік қалыптастыруда, оларға деген қызығушылықты сақтай отырып, ойлау дербестігін дамытуда, әдіс-тәсілдерді әдістемелік сауатты қолдануда тәрбиешіге үлкен жауапкершілік жүктеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Қазақстан Республикасында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» (2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы)
- 2 Қоянбаев Р., Ыбыраимжанов Қ. Педагогикалық сөздік. - Түркістан, 2006
- 3 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы /Құраст.: С.Қалиев, К.Аюбай Қазақстанның Ресейге бағыну кезіндегі тәлімдік ойлар және оқу-ағарту ісінің жайы. –Алматы, 2008. Т.5–448б.
- 4 Психология. 7-том. Адамзатақыл-ойының қазынасы. Алматы: Таймас, 2006. Б. 80-

УДК 581

АЛМАНЫҢ АЛЬТЕРНАРИОЗ (*ALTERNARIA MALI ROBERTS*) АУРУЫНА ФИТОПАТОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Биология 7M05101 мамандығының 1- курс магистранты Н.Н.Амангелдина
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, nsnowan1@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада алманың альтернариоз (*alternaria mali roberts*) ауруына фитопатологиялық бағалау қарастырылған.

Альтернариоз қоздырғышы — жапырақ дақтарын, өзектерін және алма жемістерінің шіріктерін тудыратын *Alternaria* тұқымдас саңырауқұлақтардан болатын ауру. Алма альтернариозының қоздырғышы – *Alternaria* саңырауқұлағы алма ағашының өлі тіндерінде қарқынды дамып, жапырақтары мен жемістерін зақымдайды. Бұл саңырауқұлақтың

мицелийі қара жабынға ұқсайды және қаңқа бұтақтары бойынша, ағаштың кесілген жерлері мен айырларында тез таралады. Егер инфекцияның дамуына ештеңе кедергі жасамаса, онда жапырақтары мен жемістері бляшкамен жабылған.

Саңырауқұлақ мицелийі келесі жылы түскен жапырақтарда, бұтақтарда және бұршіктерде қыстайды. *Alternaria* саңырауқұлағы примордия гүлінде кездеседі, содан кейін жапырақтар мен жемістерге өтеді, олар өзегінен бастап нашарлайды және шіриді, нәтижесінде жеміс жеуге жарамсыз болады.

Кілттік сөздер: альтернариоз, мицелий, саңырауқұлақ, инфекция, фитопатология

Annotation. This article describes the alternariasis of apples (*alternaria mali roberts*) a Phytopathological assessment of the disease is provided.

The causative agent of alternariasis is a disease caused by fungi of the genus *Alternaria*, which cause leaf spots, cores and rot of apple fruits. The causative agent of Apple alternariasis – the *Alternaria* fungus-intensively develops in the dead tissues of the apple tree, damaging the leaves and fruits. The mycelium of this fungus looks like a black coating and quickly spreads along skeletal branches, in cuts and forks of trees. If nothing prevents the development of infection, then the leaves and fruits are covered with plaque.

The fungal mycelium overwinters on fallen leaves, branches and buds the next year. The *Alternaria* fungus is found in the primordia flower and then passes to the leaves and fruits, which deteriorate and rot from the core, as a result of which the fruit becomes inedible.

Key words: alternariasis, mycelium, fungus, infection, phytopathology

Алма альтернариозының дамуы мен таралуына ауа температурасы шамамен 25-30°C болатын қолайлы құрғақ және ыстық ауа-райы ықпал етеді, бұл таңертеңгі шық немесе қысқа түнгі жауын-шашынның болуымен бірге жүреді. Сондай-ақ, алма альтернариозы қотырдың дамуы аясында және кенелер болған кезде қарқынды дамиды. Алма альтернариозы әсіресе алма ағашы бұған дейін басқа аурумен ауырса немесе әлсіресе тез дамиды.

Алма ағашының альтернариозбен тезірек инфекциясы оның барлық физикалық жарақаттары мен жараларының болуына ықпал етеді, олар арқылы зиянды саңырауқұлақтардың споралары өсімдікке оңай енеді.

Аурудың алғашқы белгілері көктемнің аяғында немесе жаздың басында алма жапырақтарының беткі тақталарында көрінеді. Аурудың белгілерін күлгін шекарасы бар кішкентай қара қоңыр немесе қоңыр дақтар ретінде тануға болады. Әдетте, алма ағашының жапырақтарындағы зақымдану өте тығыз және барқыт жабындысымен жабылған. Уақыт өте келе дақтардың мөлшері ұлғаяды және кейде бір-бірімен араласады. Алма ағашының жемістерінде альтернариоз инфекциясының белгілерін көру оның жапырақтары мен сабақтарына қарағанда әлдеқайда қиын. Себебі *Alternaria* саңырауқұлақтарының споралары жемістердің ішінде дамып, оларды ішінен жейді. Альтернариоз ауруының ауыр дамуымен алма ағашының жемістерінде қара қоңыр шекарасы бар кішкентай дөңгелек ашық сұр дақтар пайда болады.

Alternaria саңырауқұлағы құлаған жапырақтарда, алма бұтақтарында және тыныш бұршіктерде мицелиймен қыстайды. Алма ағашындағы бұл аурудың алғашқы белгілері көктемнің соңында немесе жаздың басында, әдетте, гүлденуден бір ай өткен соң жапырақтарда көрінеді. Альтернариоздан зардап шеккен алма ағашының жапырақтары мерзімінен бұрын сарғайып, құлап кетеді. Инфекцияның одан әрі таралуы конидиялардың жәндіктермен, жаңбырмен немесе желмен таралуы арқылы жүреді.

Алма ағашының белсенді гүлденуі кезінде *Alternaria* саңырауқұлақтарының споралары гүл аналық бездерінің ішіне еніп, жемістердің ішінде дамиды. Бұл инфекцияның алма ағашының жемістерін ішінен біртіндеп жеп, жұқтырған жемістердің өзегі шіріп, көгере бастайды. Алма ағашының зақымдалған жеміс тіндері уақыт өте келе тығыздала бастайды және жемістер ұсқынсыз болады. Бұл жағдайда жеміс жеуге жарамсыз болады.

Аурудың алғашқы белгілерінде алма альтернариозын емдеуді бастау ұсынылады. Ол үшін алма ағашын фунгицидтермен және биологиялық өнімдермен емдеу ұсынылады. Егіннің тұрақтылығын қамтамасыз ету және алма жинауды тек профилактиканы, инфекция қорын азайтуға бағытталған санитарлық шараларды және қорғаныс құралдарын ұтымды пайдалануды біріктіру арқылы арттыруға болады. Сондай-ақ, альтернариоздың алғашқы белгілері пайда болған кезде алма ағашын және бүкіл бақшаны мыс сульфатының ерітіндісімен емдеу ұсынылады. Ол үшін 20 г препаратты, 10 литр суға 200 г сабын чиптерін қолдану ұсынылады. Ағаштарды осы ерітіндімен бүрку аурудың белгілері жойылғанға дейін 10-14 күн аралығында ұсынылады.

Алма альтернариозының зақымдануы көктемнің аяғында-жаздың басында, гүлденуден кейін шамамен бір айдан кейін басталады. Бүйректе қыстайтын споралар аналық безде өніп, олардың өзегінде паразит бола бастайды. Аурудың дамуымен зардап шеккен жемістер қатты тығыздалады және дұрыс емес пішінге ие болады. Алма ағашының альтернариозы *Alternaria Mali Roberts* қоздырғышы ұзындығы 18-55 мкм және қалыңдығы 5-12 мкм болатын клуб тәрізді конидияларды құрайды. Алма альтернариозы жапырақтары мен жемістеріне зақым келтіреді, олардың шеттерінде күлгін шекарасы бар кішкентай, қою қызыл дақтар пайда болады. Уақыт өте келе олар үлкейіп, бір қатты даққа біріктіріледі. Аурудың жоғарылауымен зардап шеккен жапырақтар кебеді және құлап кетеді. Мамандардың айтуынша, Альтернариоздың пайда болуы үшін қолайлы жағдайлар бактериялық күйік тудыратын *Erwinia amylovora* және *Pseudomonas syringae* бактерияларын құрайды. Бұл бактериялардың секрецияларында *Alternaria Mali Roberts* жетілмеген саңырауқұлақтары көбірек және қоныстанғанды ұнатады.

Оның қоныстануы ауа температурасы + 20 0 С-тан асқанда және ауа ылғалдылығы кемінде 90% болғанда басталады. Жетілген споралар мен конидиялар жел, жаңбыр және жәндіктер арқылы таралады. Патогенділікті азайту үшін бақшада бірқатар іс – шаралар өткізіледі, атап айтқанда-құлаған жапырақтарды жою немесе жырту, зардап шеккен алмаларды тастау, ағаштарды сауықтыру және әрине, бақшаны фунгицидтік препараттармен және иммунитетті ынталандыру құралдарымен емдеу. Олар сондай-ақ альтернариоздың зақымдалуына жоғары төзімді алма ағаштарының сорттарын таңдауға тырысады.

Аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде өсімдіктер мыс сульфатының ерітіндісімен (20 г препарат және 10 литр суға 200 г сабын чиптері) немесе басқа фунгицидтермен (Абига-Пик, Браво, Ридомил Алтын МЦ, Полирам, Ордан, Квадрис препараттары) өңделеді. Бүрку аурудың белгілері жойылғанға дейін 10-14 күн аралығында жүзеге асырылады.

Химияның қарсыластары Триходермин сияқты биологиялық препараттың көмегімен альтернариозды емдеуді ұсынады. Сондай-ақ, аурудың алдын алу үшін сәуір-мамыр айларында өсімдіктердің жапырақтары мен сабақтарына шашыратылады. Альтернариозбен күресу әрдайым тиімді бола бермейді, сондықтан алдын-алу шаралары туралы ұмытпау керек. Аурудың алдын алу үшін тұқым мен отырғызу материалы фунгицидтермен сүртіледі. Өсімдіктердің иммунитетін арттыру үшін екпелер маусымда бірнеше рет Иммуноциттермен өңделеді: 1 таблетка 1 ас қасықта ериді. л су және 2 литр суға қосылады. Ерітінді 50 шаршы метрге жетеді. Жәндіктермен, атап айтқанда тлимен уақтылы күресу маңызды, өйткені олар саңырауқұлақ спораларын сау өсімдіктерге тасымалдауға қабілетті. Сондай-ақ, жұқтырған дақылдардың барлық өсімдік қалдықтарын алып тастаңыз және күйдіріңіз, күзде топырақты терең қазып, ауыспалы егісті қатаң сақтаңыз.

Алма ағашын альтернариозбен емдеу кезінде инфекцияны тасымалдайтын жәндіктермен, атап айтқанда саңырауқұлақ спораларын тасымалдауға қабілетті тлимен күресу шараларын жүргізу өте маңызды. Алма ағашының альтернариоз ауруының алдын алу үшін уақтылы алдын алу шаралары көмектеседі:

- инфекция көзін жоюға көмектесетін күзгі терең топырақты жырту,
- ағаш күтімі бойынша іс-шаралар өткізу,
- егін жинау кезінде күдікті жемістерді қабылдамау,

- тыңайтқыш,
- иммуностимуляторлық препараттарды қолдану,
- оңтайлы суару режимін қолдау,
- бұл ауруға төзімді сорттарды қолдану.

Алма ағашының альтернариозының алдын алу үшін ағашқа күтім жасау бойынша келесі шараларды жүргізу ұсынылады: ескі бұтақтардан, ауру жемістер мен жапырақтардан құтылу, тәжді жұқарту, үстіңгі киім мен суару, учаскедегі топырақты қазу, сондай-ақ ағашты халықтық әдістермен немесе зиянсыз препараттармен профилактикалық емдеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өндірістік экология негіздері. Иманғалиева Б.С., Каскина Д.К.
2. Ботаника Хржановский В.Г. Пономаренко С.Ф.
3. Современная ботаника. В 2-х т. Т.1 Рейви П. Эверт Р. Айкхорн С.
4. Учебно-полевая практика по ботанике Старостенкова М.М

ӘОЖ:159.9

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Ергарина Жанагул Маратовна

*«Психологиялық педагогикалық және арнайы білім беру» кафедрасының аға оқытушы,
магистр, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе
ergarina1987@mail.ru*

Ізімбетова Ақтілек Мақсымқызы

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Арнайы
педагогика» 3-курс студенті
aktilek03@mail.ru*

Түйіндеме. 1915 жылы Э.Крепелин ақыл-ойы бұзылған балалар туралы терминді ғылымға алғаш рет енгізген. 60-шы жылдарда «ақыл-ой кемдігі» мен қатар «ақыл аздық» термині қарастырылып айтылып жүрді, бірақта «ақыл-ой кемдігі» термині сандық сипатын ғана сақтамай, сапалық фондында көрсетіп тұрады. Қазірі уақытта бұл терминдердің бәрі «зияты зақымдалған», «ақыл-ойы кешеуілденген» немесе «ақыл-ойы артта қалған тұлғалар» деп айтылып, қарастырылып келеді.

Бүгінгі таңда дамуында күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы білім беру мектептерінің 8 түрін айқындап көрсетіп беруге болады, соның ішінде VIII- түрдегі мектеп «ақыл-ойы артта қалған балаларға» арналған арнайы (түзету) білім беру мекемесі болып саналады. Бұл мақалада зиятында ауытқуы бар тұлғалардың білім алуы олардың бойындағы өзгеде ауытқулықтардың, синдромдардың болуы, білім беру процесін ұйымдастыру туралы мәселелер қарастырылады.

Тірек сөздер: Олигофрения, Идиотия, Имбециль, Дебиль, Арнаулы білім беру, бағдарламалары, Арнаулы білім беру

Аннотация

В 1915 г. Э. Крепелин впервые ввел в науку термин умственно отсталые дети. В 1960-е годы обсуждались термины «с нарушением интеллекта» и «умственная отсталость», но термин «с нарушением интеллекта» не сохраняет только своего количественного характера, но и отражает его качественную подоплеку. В настоящее время все эти термины именуются

и рассматриваются как «интеллектуально ущербный», «умственно отсталые» или «с нарушением интеллекта»

На сегодняшний день можно выделить 8 видов специальных образовательных школ для детей с тяжелыми нарушениями развития, в том числе школа VIII вида считается специальным (коррекционным) образовательным учреждением для «умственно отсталых детей». В данной статье речь идет об обучении лиц с ограниченными интеллектуальными возможностями, наличии других аномалий, синдромов и организации образовательного процесса.

Ключевые слова: Олигофрения, Идиотизм, Имбецил, Дебил, Специальное образование, программы, Специальное образование.

Abstract

In 1915, E. Kraepelin first introduced the term mentally retarded children into science. In the 1960s, the terms "intellectually impaired" and "mentally retarded" were discussed, but the term "intellectually impaired" does not retain only its quantitative character, but also reflects its qualitative background. Currently, all of these terms are referred to and considered as "intellectually handicapped", "mentally retarded" or "intellectually impaired"

To date, 8 types of special educational schools for children with severe developmental disorders can be distinguished, including the VIII type school, which is considered a special (correctional) educational institution for "mentally retarded children". This article deals with the training of persons with intellectual disabilities, the presence of other anomalies, syndromes and the organization of the educational process.

Key words: Oligophrenia, Idiocy, Imbecile, Moron, Special education, programs, Special education.

Қазіргі таңда ақыл-ойы кешеуілденген тұлғалар міселесі арнайы педагогиканың өзекті мәселесінің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы 2002 жылы 11 шілдедегі №343 Заңы дәлелдейді.

Қоғамда ЕБҚ ететін тұлғаларға әлі күнге дейін жатырқаумен қарайды. Ғасырлар бойы аномальды даму мәселесі ғылыми позициялық деңгейде қарастырылған жоқ. Тарихта аномальды тұлғаларға қарым-қатынас түрі басқаша болды.

Ақыл-ойы кешеуілденген тұлғалар – жеке тұлғаның әлеуметтік қызыметтерінің мүмкіндіктерін толық қиындататын психиканың туа немесе ерте даму кезеңінде жетілмеуімен шартталған ауытқушылық болып табылады. XIX ғасырдан бастап ақыл-ой кешеуілденуі толық зерттеле бастады.

Зияты зақымдалған балаларға арнайы білім беру бағдарламасын ұйымдастыру әдістер мен тәсілдері туралы түсінік беру. Зияты зақымдалған балаларда болатын сөйлеу тіл кемшіліктері туралы және олардағы ең көп кездесетін тіл кемшілігінің себебін зерттеу.

Зияты зақымдалған балалардың түрлерін, классификациясын ашып көрсету оларды оқыту кезінде кездеметін қиыншылықтарды ашып айту. Оқу бағдарламасында қолданылатын әдістер, оларға диагностикалау және кешенділік, үздіксіздік, жүйелілік сияқты тәрбие принциптерімен оқыту бағдарламасын құру.

Зияттың зақымдалуын арнайы педагогикалық белгісіз және ең қиын түсініктердің бірі, – Л.С.Выготский. Зияттың зақымдалуы алғаш рет тереңінен XIX ғасырда шет елдерде зерттеле басталды. Терминологиялық сөздіктерде: олигофрения, психикалық кешеуілдену, психикалық дефект, психиканың жетік дамымауы, психологиялық жетілмеуі, психикалық субнорма, зияттың ауытқушылығы және т.б сөздерді қарастырып, атап өтеді. Ең алғаш рет арнайы педагогика саласына 1915 жылы Э.Крепелин «ақыл-ой кемістігі» терминін енгізген болатын. кезеңде пайда болатын ми жарақаттарының немесе ОЖЖ –нің органикалық жетіспеушілігінен пайда болатын ақыл-ой дамуының кешеуілденуі болып табылады [1].



Ақыл-ойдың артта қалуының барсында деңгейіне және сапалық дәрежесінің өзіне тән ерекшеліктеріне қарай олигофрения: дебиль, имбециль және идиотия деп 3 топқа бөледі.

Дебиль	Ақыл-ойдың артта қалуының жеңіл формасы. Бұл кезде таным қабілеттерінің әлсіздігі, үлгермеушілік, және қызығушылық төмен болады. Қалыпты балалармен оқыту кезеңінде дебиль балаларды қосымша мектептерге жіберген дұрыс себебі, бала өзінің құрдастарына оқу барысында үлгере алмайды.
Имбециль	Ақыл-ойдың артта қалуының орташа формасы. Латын тілінен аударғанда әлсіз, дәрменсіз деген мағынаны білдіреді. Имбециль балалардың қимыл-қозғалыстары толық жетілмеген. Сөйлек сөздігінде 200-500 сөз бар. Қызығушылығы жоқ. Өз бетінше ештеңе жасай алмайды.
Идиотия	Ақыл-ой кешеуілденуінің ең ауыр формасы болып саналады, ағылшын тілінен аударғанда нақұрыс деген ұғымды білдіреді. Идиот диагнозы бар балалар үйде оқытылып үйде тәрбиеленетін балалар болып табылады. Өз-өзіне қызмет көрсету дағдысы мүлдем қалыптаспаған, сөздік қоры тым аз, таным қабілеттері дамымаған болып келеді.

Зиятында ауытқуы бар балаларда лексикалық, грамматикалық, байланыстырып сөйлеу мүлдем дамымаған. Зиятында ауытқуы бар балалардың сөйлеу тілі жүйелік сипатқа ие. Ондай балалардың сөйлеу тіл әрекетінің операциялары әр түрлі деңгейде қалыптаспаған болып келеді:

1. Мотивацияның әлсіздігі;
2. Сөз арқылы қатынас жасау қажеттілігі төмен;
3. Сөйлеу бұзылыстарының іске асыру бағдарламасы төмен болып келеді.

Бұл мәселелерді зерттеген ғалымдардың нәтижелеріне сүйенсек көмекші мектептің бастауыш сыныптарында сөйлеу тілінің аса күрделі кемістіктері балалардың 40-60%-ында кездеседі. С.Рубинштейннің пікірі бойынша, зиятының бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының негізгі себептері- бас ми қабығының тұйықтауыш функциясының әлсіздігі, барлық анализаторлардағы жаңа дифференциалды бацланыстардың баяу дамуы.

Зияты зақымдалған балаларда сөйлеу тілінің грамматикалық жетіспеушілігінің болуы өзінің бойындағы жетіспеушілігімен, кемішілігімен сипатталады. Ал байланыстыра сөйлеудің дамымауы баланың қоршаған ортадан оқшаулануының әсерінен туындайды. Яғни, бала бойында заттарға, ойыншықарға, адамдармен қарым-қатынасқа түсуде қызығушылықтың жоқтығымен сипатталады. Ондай балалар жазбаша және ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру уақытында қиналады.

Зияты зақымдалған балаларда дислексияның әрбір түрі кездемеді: оптикалық, фонематикалық, мнестикалық, семантикалық, аграмматикалық.



Дайындық сыныбы мен 1 сыныпқа – 7-8 жас аралығындағы балалар қабылданады. Көмекші арнайы білім беру мектебінде бала 18 жасқа дейін білім ала алады. Сыныпта тәрбиеленуші саны 12 ден аспауы қажет. 1-4 сыныптар арасында оқушыны жан-жақты психологиялық-медициналық және педагогикалық үйрету жіне түзету арқылы қолдаумен бастауышқа білім беру жүзеге асырылады. Зияты зақымдалған балаларды оқыту барысында оларды танымдық қабілеті қалыптаса бастайды. Ондац балалардың даму еркешеліктерін ескере отырып 1- 9 сынып аралығында базалық оқу жоспарына «Танымдық әрекетті түзету» пәні өткізіледі. 4-6 сыныпта «Жалпы еңбекке дайындық» пәні оқытылады. Бұл пәнде оқушылар кәсіби тігу мен балға,шеге ұстаудың бастапқы дағдыларын меңгереді. 7-9 сыныптарда оқушылар осы мамандықтар бойынша тереңірек оқып меңгереді[2].

Оқу білімдерінің нұсқалық негізінде В.В.Воронкованың жеткешілігін әзірленген көмекші мектеп оқушыларын педагогикалық саралау кіреді. 4 типтік Воронкова ұсынған әдісте балалардың жеке ерекшеліктеріне байланысты деңгейлеп тапсырмалар береді. Сол тапсырмалар оқу бағдарламасына енеді, бір сөзбен айтқанда жеңілден күрделіге, күрделіден жеңілге қарай тапсырмалар орындатылады.

Көмекші мектепте ауытқуы бар балалар мүмкіндіктеріне бейімдеген мазмұнан тұратын арнайы түзету пәндері оқытылады.

«Түзету ритмикасы»	Оқушылардың дене қозғалысын жетілдіруге, бағдарлай алуды дамытуға, музыкалық сезім және қозғалыс мүшелеріне, эстетикалық сезім мүшелерін қалыптастыруға бағытталған.
«Әлеуметтік тұрмыс тіршілікке бейімдеу»	Өздігінен өмір сүруге іс жүзінде дайындау, қоғамның мәдени және әлеуметтік өмірінде әлеуметтік бейімделуде көмек ретінде олардың білімін және ептілігін қалыптастыру жүзеге асырылады.
«Танымдық іс-әрекетті түзету»	Оқушылар мен немесе жеке, топпен өткізіледі. Дамытуға, оқу жіне іс жүзіндегі дағдыларды қалыптастыруға арналған.
«Емдік дене шынықтыру»	Жүріп – тұру мүшелерінің функциялары бұзылған балаларға жүргізіледі. Бұл ЕД сабағы жеке немесе топпен өткізіледі.

Зиятында бұзылыстары бар балалар қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Олардың таным қабілеттерінің қалыптаспауы – сөйлеуіне, адамдармен қарым-қатынасқа түсуде үлкен қиыншылықтарға әкеліп соқтырады. ПМПК анамдарының көмегімен зиятында бұзылысы бар балалар 1 жыл ішінде толықтай зерттеліп, арнайы білім беру мекемелеріне немесе арнайы балабақшаларға жіберіледі. Оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру барысында зияты зақымдалған балалардың ерекшеліктеріне қарай арнайы 4 түзету пәні енгізіледі. Мамандықтар жөнінде 7-9 сынып аралығында үйренсе, 10-11 сыныпта өндірістік сынып болып қалыптасады. Оқыту бағдарламасын құру барысында В.В.Воронкова әзірлеген 4 типті бөліп оқыту жүйесі бойынша оқытылады. Яғни ол оқыту жүйесі деп отырғанымыз, 1 типке – танымдық қабілеті қалыптасқан, қызығушылығы бар және оқуда үлгеру қабілеті жоғары балалар болса, 2 типке – бірінші типтен сәл төмен балаларды айтамыз және оқыту уақытында кішкене жеңіл тапсырмалар беріледі, ал 3-4 типке оқу кезінде үлгермеушілік қасиеттері басым, танымдық қабілеттері мүлдем артта қалған оқушыларға арналған оқыту жүйесі. Зияты зақымдалған балалардың ми қыртысы зақымдалғандықтан олардың сөйлеу

тілі дұрыс қалыптаспайды, сондықтан оларды оқыту мен тәрбиелеу кезінде логопед маманыда ат салысады[3].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Арнайы педагогика: оқулық / Ғ.Ә.Абаева, Қ.Ж.Төребаева, Г.С.Оразаева, Ж.Ж.Қаратаева. – Алматы:ССК, 2018. – 324 б.
2. Арнайы педагогика: оқу құралы/ Коккозева К.Ш. – Алматы: TechSmith, 2018. – 244бет.
3. Логопедия: Оқулық. / К.Қ.Өмірбекова, Г.С. Оразаева, Г.Н.Төлебиева, Г.Б.Ибатова – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 648 бет.
4. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_

ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІ НЕГІЗІНДЕ ЕРЕСЕК ТОП БАЛАЛАРЫН ҮНЕМШІЛДІККЕ ҮЙРЕТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Садуақасова Ғайникамал Ғалымжанқызы
Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс магистранты
Мекен жайы: Алматы қаласы, Төле би 31
e-mail:gainikamal23012001@mail.ru

Аннотация: В данной статье рассматривается проблема обучения дошкольников бережливости на основе игровой деятельности, ее изучение. Также будет проведен анализ работ зарубежных и отечественных ученых. В статье дается определение понятия экономического воспитания и дается отрывок из работ рассматривавших его ученых.

Annotation: This article deals with the problem of teaching thrift to preschoolers based on gaming activities, its study. An analysis of the work of foreign and domestic scientists will also be carried out. The article defines the concept of economic education and gives an excerpt from the works of the scientists who considered it.

Халықтың жағдайының жылдан-жылға жақсаруы, әл-ауқатының өсуі, тұрмыстық техниканың дамуы маркетингінде өсуіне әкеледі. Сондықтан да сән-салтанаттың көптігі, баланы қызықтыратын түрлі дүниенің шығуы мектеп жасына дейінгі балаларды үнемшілдікке тәрбиелеу мәселесін қолға алуды көрсетеді. Үнемшілдікті сараңдықпен шатастырмау қажет. Үнемдеу - материалдық, энергетикалық, еңбек және басқа да ресурстардың ұқыпты жұмсауы.[1] Демек, үнемділік әрбір нәрсенің шегін білу. Күнделікті өмірде дүкенде жылап, қалауын ата-анасына алдыртып тұрған баланы бәріміз байқаймыз. Мұның барлығы түптің түбінде үнемшілдікке үйретуді, экономикалық тәрбиені қолға алуды қажетсінеді. «Кішкентай кезінен бастап қалыптасқан құндылықтар болашақта үлкен пайда әкеледі» деп Беверли Фельдман айтпақшы үнемшілдікке үйретуді мектеп жасына дейінгі балалардан бастап қолға алған жөн. Абай Құнанбайұлының "ғылым таппай мақтанба" өлеңінде «еріншек, бекер мал шашпақ» деген өлең жолдары бар . Осы бір ауыз сөздің өзінде қаншама ой жатыр. Бекер мал шашатын ұрпақ қайдан шығуы мүмкін? Бала күнінде солай қалауының барлығын ала берсе, үнемшіл болмаса, есейіп ер жеткенінде қанағат, рақым, ойламайтын тұлға пайда болатынын біле берсек болады. Үнемшілдіктің маңызын түсіну қоғам үшін өте маңызды. Үнемшілдік туралы көптеген философтар сөз қозғаған.

Демокрит жеке меншікті қорғауды жақтады, бірақ сонымен бірге оны тым көп айыптады. Ол ақшаның шексіз жинақталуына қарсы болды, егер адамдар кедейлікке абыроймен төтеп берсе, бұл ақылдың белгісі деп есептеді. Демокрит аумақты адамдар өз қалауы бойынша орташа болуы керек, ал кедейлер байларды қызғанбай, азға қанағаттану

керек деп есептеді. Бұл жерде азға қанағат ету керек деп отырғаны үнемшіл болу керек дегені секілді[2]. Сократ байлық салыстырмалы, адам байлықты пайдалана алуы керек және байлықсызда өмір сүре алуы керек деп есептеді[2]. Үнемдеу болмай кедейдің бай болуы, байдың өз қалпын сақтауы мүмкін емес. Афинский Ксенофонт (шамамен б.д.д. 430-355 жж.) «Домострой» трактатында үнемшілдікті жақтап, шаруашылықты қалай жүргізу керектігі жөнінде кеңес береді. Ол егер адам ақшаны басқаруды білмесе, ақшаның өзі ештеңені білдірмейтініне назар аударды. Егер адам ақшаны басқаруды білмесе, оны бір жаққа қойған дұрыс, ал аз табыспен үнемдеуді білетін адам ақшасы көп болса, аз күш жұмсап, одан да көп үнемдеуге болатынын айтты[2]. Қолда бар алтынның қадірі жоқ дейді ғой. Ақшаны табуы емес ең бірінші оны жаратуды үйрену керек. Ақшаның маңыздылығы мен құндылығы үнемдей білуде.

Философ Т.Гоббс үнемшілдікті адамға байлық жолында көмектесетін құрамдастардың бірі деп атады. Сондықтан ел билеушілер үнемшілдікке, еңбекке, жер-судан түскен табысқа, азаматтардың баюына қамқорлық жасауы керек деді. Ағылшын ойшылы Дэвид Юм еңбексүйгіштік пен орташа үнемділікті адамның өмірдегі табысының кілті деп санаған. Ол ақылға қонымды үнемділік болмаса, бұл күйреуге және табысқа деген үміттің жоғалуына әкелуі мүмкін деп есептеді[3]. Үнемдеу бұл тек отбасыдағы мәселе емес. Ол мемлекеттік маңызы бар мәселе. Ғалымның осы пікірінен басшылардың үнемшіл болғаны, қарапайым халықтың жағдайының жақсаруына алтын көпір деген ойды көре аламыз.

Мусулмон халқларининг урф-одатлари орасида қурбонлик қилиш маросими бор. “Қурбонлик – диний маросим, ҳар йили бир маротаба қурбон ойида бўлади. Бунда “худо йўлига” деб, қўй, эчки, қорамол, туя сўйиб, гўштини хомлигича ёки пишириб халққа таркатадилар[7].

Итдан бўлган қурбонлиққа ярамас мақолида *бўлмоқ* генероними иштирок этган. “Ўзбек тилининг изоҳли луғати”да *бўлмоқ* лексемасининг йигирмадан ортиқ маънолари изоҳланган. Жумладан:

(Чиқиш келишигидаги сўз билан). Дунёга келмоқ, туғилмоқ. *Чўридан бўлган бола*[8].

Мазкур мақолда лексеманинг юқоридаги маънога хос “пайдо бўлмоқ”, “туғилмоқ”, “яралмоқ” семалари акс этган.

Қуйидаги мақолга эътибор беринг:

Сут билан кирган жон билан чиқади мақолида “яралиш” архисемали лексемалар билан туташган *сут* лексемаси қатнашган. Бу ўринда лексеманинг “ҳаётнинг бошланиш” семаси ифодаланган. Ушбу мақолнинг бир неча вариантлари мавжуд:

Қон билан кирган жон билан чиқади.

Сут билан кирган мижоз суяк билан бирга кетар.

Она сути билан кирмаса тана сути билан кирмас.

Бу ерда *сут*, *она сути*, *қон* бирликлари ўзаро синонимик вариантлар саналади. Чунки *сут билан кирган*, *она сути* бирикмалари сингари *қон билан кирган* бирикмасида ҳам ҳаётнинг бошланишига ишора англашилади. Уларнинг умумий интеграл семаси “ҳаётнинг бошланиши”дир.

“Маънолар махзани” китобида қайд этилишича, бу мақолнинг қадимий шакли Юсуф Хос Ҳожиб томонидан қуйидагича қўлланилган:

Ўрунг сут била кирса адгу қилиқ,

Ўлум тутмогинча овормас йўриқ.

Мазмуни: Соф сут билан кирган яхши қилиқ ўлгунча ҳам айнамайди[9]. Кўринадик, мақолнинг мазмуни бугунги кунда ҳам ўз аҳамияти, тугал моҳиятини сақлаган.

Мақолларда баъзан сўзловчининг салбий муносабати ҳам ифодаланади. Масалан:

Эчки эгиз туғиб, қўйдан ошмас,

Ит эгиз туғиб, элдан ошмас.

Берилган мақолда ҳалол меҳнатни улуғлаш, ҳаромдан ҳазар, ҳалоллик орқали келадиган кут-барака тўғрисида фикр ифодаланган. Мақол орқали гарчи эчки эгиз туғса ҳам, қўйга ета олмаслиги (эчкилигича қолиши), итнинг ҳам кўп туққани билан барибир элга тенг кела олмаслиги (итлигича қолиши) назарда тутилади. Кўриниб турибдики, мақолдаги *эгиз туғмоқ* бирикмаси маънолари орасида “яралиш” архисемаси билан биргаликда, “миқдор”, “кўплик”, “жуфтлик” семалари етакчилик қилмоқда. Бу ўринда тўсиқсизликнинг мантикий мазмуни (эчки эгиз туғса ҳам) акс этган.

Таъкидлаш лозимки, айрим халқ мақолларида генеронимлар билан мазмунан мутаносиб келиб қолувчи лексемалар ҳам учрайди. Эътибор берамиз:

Ўзимдан чиққан балога,

Қайга борай давога.

Бу мақол ота-оналар тарафидан ноқобил фарзандлардан шикоят қилиб айтилади.

Хулоса қилиб айтганда, мақоллар ҳар бир халқнинг миллий-маънавий мероси, тилининг имкониятларини кўрсатувчи восита сифатида катта аҳамиятга эга. Мақоллар ёрдамида ифода этилаётган фикр бир томондан, халқ руҳияти, урф-одатларини акс эттирса, иккинчи томондан, улар ихчам, аниқ, лўнда шаклда тингловчига мақсадни етказишга хизмат қилади.

“Яралиш” семали генеронимлар иштирок этган мақоллар орқали ҳам кишидаги ватанпарварлик, юртни севиш, уни қадрлаш, сабр-қаноат, ростгўйлик, адолатпарварлик, меҳнатни севиш, саҳийлик, ҳалоллик сингари хислатлар улуғланади, унда лексемаларнинг дифференциал семалари етакчилик қилади.

Фойдаланилган адабиётлар

1. Жўраева Б.М. Ўзбек халқ мақоллари шаклланишининг лингвистик асослари ва прагматик хусусиятлари: Филол. фанлари д-ри ... дисс. автореф. – Самарқанд. – 2019. – 5-бет.

2. Ҳақимова М.К. Ўзбек тилида абстракт отлар семантикаси: Филол. фанлари д-ри ... дисс. автореф. Тошкент, 2019. – 20-б.
3. Шомақсудов Ш., Шораҳмедов Ш. Маънолар махзани. Тошкент: Ўзбекистон миллий энциклопедияси. – 2001. – 71-бет.
4. Ҳақимова М.К. Ўзбек тилида абстракт отлар семантикаси: Филол. фанлари д-ри ... дисс. автореф. Тошкент, 2019. – 29-б.
5. Шомақсудов Ш., Шораҳмедов Ш. Маънолар махзани. Тошкент: Ўзбекистон миллий энциклопедияси. – 2001. – 76-бет.
6. Жўраева Б.М. Ўзбек халқ мақоллари шаклланишининг лингвистик асослари ва прагматик хусусиятлари: . Филол. фанлари д-ри ... дисс. автореф. – Самарқанд. – 2019. – 28-бет.
7. Шомақсудов Ш., Шораҳмедов Ш. Маънолар махзани. Тошкент: Ўзбекистон миллий энциклопедияси. – 2001. – 144-бет.
8. Ўзбек тилининг изоҳли луғати. 5 жилдли. 1-жилд. Тошкент: Ўзбекистон миллий энциклопедияси, 2006. – 413-бет
9. Шомақсудов Ш., Шораҳмедов Ш. Маънолар махзани. Тошкент: Ўзбекистон миллий энциклопедияси. – 2001. – 325-бет.

ӘОЖ: 316.774

БУҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ МЕН ПСИХИКАЛЫҚ КҮЙІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОР РЕТІНДЕ

Кулекеева Айсана Ергалиқызы «Психология» ББ 2-курс магистранты

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

E-mail: ais-98.25@mail.ru

Аннотация: Бұқаралық ақпарат құралдарының студенттерге әсері –бұл технологияның өркендеуінің арқасында өсіп келе жатырған құбылыс.

Тірек сөздер: БАҚ, студент, мінез-құлық, психикалық күй, фактор, әсер, ақпарат, әлеуметтік желі, теледидар.

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ, ағылш. Mass media) — арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Сарапшылар олардың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді: жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі; арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы; ақпарат таратушының (коммутатор) қабылдаушыға біржақты ықпалы; тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі. Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі БАҚ-тың рөлі зор. Наполеон: "Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор", - деген. 1840 ж. француз жазушысы О. де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. Билік институтында БАҚ-тың тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саяси процестегі орнын асыра бағалау мүмкін емес. Қазіргі кезде электронды ақпарат құралдарының пайда болуымен бұл әлеуметтік институт бүгінгі қоғамның, саяси биліктік қатынастардың барлық қырларын түбірімен түрлендіріп жіберді.

БАҚ-тың атқаратын қызметі әртүрлі, сарапшылардың пікірінше, олардың аса маңыздыларына мыналар жатады: ақпараттық, білімдік, әлеуметтендірушілік, мүдделерді тоғыстырушы, саясат субъектілерінің ықпалдасуы, жұмылдыру және т.б. БАҚ-тың ақпараттық қызметі азаматтарға, билік органдарына, қоғамдық институттарға аса маңызды жалпы оқиғалар, құбылыстар, процесстер жайлы мағлұматтарды таратудан тұрады. Бұл қызметсіз кез келген қоғамның толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.

БАҚ-тың білімдік қызметі азаматтарға әртүрлі ғылым саласынан - қоғамдық-гуманитарлықтан жаратылыстану ғылымдарына дейінгі танымдық хабарларды дайындап, таратуынан көрінеді. Әрине, ол толыққанды, жүйелі, арнайы оқу орындарында берілетін ғылымды қамтамасыз ете алмайды. Дегенмен де, қазіргі қоғамда адам өз өмірінің әр кезеңінде білімнің басым көпшілігін осы БАҚ арқылы алады.

БАҚ-тың әлеуметтендіруші қызметі адамдардың әлеуметтік ережелерді, құндылықтарды сіңіріп, мінез-құлықтарын қалыптастыруға септігін тигізеді. БАҚ-тың жүйелі түрде күнделікті қалың қауыммен қауышуы оны жеке тұлғаны әлеуметтендіруші алғашқы институттар - отбасы, дін, мәдениет ошақтарымен қатар бір орынға қойды. БАҚ арқылы адамдар өздерін жалпы әлеуметтік, жалпы әлемдік процестердің бір бөлшегі ретінде әрі өзінің қоғамға, мемлекетке, саясат әлеміне қатысы барлығын сезінеді. Саяси журналистердің үгіт-насихатының арқасында азаматтар әлеуметтік-саяси процестердің белсенді қатысушыларына айналады.

БАҚ-тың мүдделерді тоғыстырушы қызметі - БАҚ қызметінің міндетті тұсы. Саяси мүдделер тек БАҚ арқылы ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғамның басқа да институттары (мысалы, партиялар, қоғамдық бірлестіктер) арқылы жүзеге асырылады. Бірақ кейбір жағдайларда тек бұқаралық баспасөз бен теледидар ғана алғашқылардың бірі болып қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аударады, ықтимал әлеуметтік және саяси қақтығыстар жайлы дабыл қағып, билік құрылымдарына жағдайды саралап, арнайы шешім қабылдауына итермелейді.

Қазіргі «Ақпарат ғасырында» бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік қажеттіліктердің қатарынан бастау алады. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық санаға әсер етіп, қоғамдық пікірді туғызады, қоғамның бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді. Студенттердің өмірге деген қызығушылығының азаюы, өз әлемін құруға ұмтылуы, нақтылықты қабылдамауы, өзімен қатарластарынан гөрі компьютермен қарым-қатынасқа түскенді қалауы әлеуметтік оқшаулануға соқтырып, тұлғааралық қарым-қатынастарын қиындатады. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы танымал американдық маман Дуглас Рашкофф «Медиавирус. Поп-мәдениет сіздің санаңызға құпия әсер етеді «жиырмасыншы ғасырдың соңында ақпаратты беру мен модификациялаудың көптеген құралдарын қамтитын» инфосфера» жаңа болмыстың пайда болуы туралы айтады. Дуглас Рашкофф бұл құбылысты сипаттап қана қоймай, сондай-ақ бірқатар өткір мәселелерді көтереді. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамға әсері өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап ғалымдарды қызықтыра бастады. Мыңдаған немесе миллиондаған адамдарды маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер ету және сендіру туралы сұрақтар қойған бірінші теориялар насихат теориялары болды. Ең жарқын және дәйекті нәтижелер Гарольд Лассуэл мен Уолтер Липпманнның еңбектерінде жазылған. Кейінірек ықпал ету теориясы дамудың басқа деңгейіне көшкеніне қарамастан, насихаттау теорияларының көбі теріс болған, кейбір тұжырымдар, эксперименттік деректер мен қорытындылар қоғам үшін әлі де өзекті болып қалды. БАҚ-тың қоғамға әсер ету теорияларын дамытудың қазіргі кезеңінде көптеген теориялар бар. Соңғы онжылдық жаңа коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен ерекшеленді. Электрондық почта, интернет, сандық теледидар біздің өмірімізге берік енді, тіпті газет, журнал секілді дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарын екінші жолға жылжыта отырып енді. Бұқаралық ақпарат құралдарының әсері туралы мәселе жаңа әлемде жаңа қызығушылықтарды оятып тұр. Қоғамның әрбір мүшесіне қол жетімді ақпарат көлемі өсіп келеді, жаңалықтарды тарату процесі қарқынды дамуда. Дженнингз Брайант пен Сузан Томпсонның «БАҚ-тың әсер ету негіздері» атты кітабы оқырмандарға бұқаралық ақпарат құралдарының толықтай әсерін көрсететін кітапқа айналған. Авторлар кітапта БАҚ тарихына қысқаша шолу жасайды, БАҚ-тың көпшілік аудиторияға әсер ету феноменін және осы құбылыстың ғылыми зерттеулерін талдайды. Сонымен қатар, оқырмандарға әртүрлі тұжырымдамалар ұсынылады, атап айтқанда, әлеуметтік-когнитивті теория, прайминг әсері, культивация гипотезасы, инновация диффузиясы және т. б., медиавозия феноменін түсіндіретін, көптеген мысалдармен —

жаңалықтардың, зорлық-зомбылық көріністерінің, сексуалдық ашық көріністерін, ойын-сауық бағдарламаларының әсерін нақты ашып көрсетеді. Авторлардың басты мақсаты - БАҚ тұтынушыларының медиа сауаттылығын арттыру.

Студенттерге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізілетін ақпарат пайдалы немесе зиянды болуы мүмкін. Ақпаратпен және көпшіліктің қолы жететін мазмұнды құру мүмкіндігімен жалған фактілерді, деректерді манипуляциялауды және алынған мазмұнды өзгерте алатын басқа аспектілерді беру мүмкін. Жарнама – қазіргі уақыттағы өміріміздің ажырамас бір бөлігі. Жарнаманы кез-келген жерден көруге және естуге болады. Атап айтсақ, теледидар, радио, баспа және сыртқы бұқаралық ақпарат коммуникациясы арқылы. Жарнама тұтынушылардың сұранысын қанағаттандарады. БАҚ-тың негізгі табыс көзі болып табылады. Көптеген университеттер, мысалы, студенттермен тікелей байланыс орнатудың әдісі ретінде әлеуметтік медианы пайдаланады. Осылайша олар студенттер қауымына пайдалы болуы мүмкін кез-келген ақпаратты бере алады. Цифрлық медианың, вебтің, әлеуметтік желілердің және басқалардың маңыздылығы - кез-келген студенттің өз ішінде белсенді қатысуы қажет. Бұқаралық ақпарат құралдары ұсынатын білім берудің оң аспектілерінің бірі - білім беру мазмұнын алыс қашықтыққа беру мүмкіндігі. Осылайша, көптеген адамдар академиялық білім ала алады, қоныс аударудың қажеті жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану нәтижесінде студенттерде жаңа мінез-құлық немесе әдеттер пайда болды. Мысалы:

- Электрондық құрылғыларды қолдану арқылы виртуалды әлемнен тыс уақытта өзара әрекеттесу уақытын едәуір қысқартты, студенттер отбасымен немесе достарымен аз уақыт өткізеді.

- Құрылғыларды шамадан тыс қолдану арқылы балалар мен жасөспірімдердің және студенттердің танымдық процесстерін, яғни зейін, есте сақтау, қиял, ойлауына кері әсерін тигізеді.

- Бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану соның ішінде интернет құрылғыларын көп пайдалану студенттер мен жасөспірімдердің және балалардың денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Клиникалық психология» ББ 2-курс студенттері арасында «Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі қандай?» атты сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 20 респондент қатысты. Респонденттердің 90 пайызы әйел, 10 пайызы ер. Олардың орташа жасы – 18,85 жас. Респонденттердің 35% отандық арналардың шетел арналарына еліктеушіліктің басымдылығы, 15% отандық кинолар мен мультфильмдердің аздығын, 10% танымдық бағдарламалардың санының аздығын отандық арналардағы кемшіліктерге жатқызған. Отандық арналарға қандай толықтырулар мен өзгерістер енгізу керек деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 55% жастар бойында имандылық пен мәдениетті қалыптастыратын бағдарламалар көбейсе, 20% тіл үйрететін бағдарламалар енгізілсе, 15% еліміздің тарихы, мәдениеті, салты туралы бағдарламалар саны көбейсе деп жауап берген.

Бұқаралық ақпарат құралдарының студенттер арасындағы орнын қарастыра отырып, төмендегі мәселелерге байланысты ұсыныстарды ұсынып отырмын:

- 1) Жастарға арналған танымдық бағдарламалар өндіру;
- 2) Мемлекетіміздегі қазақ тіліне байланысты мәселелерді шешу мақсатында, қазақ тілін БАҚ арқылы үгіттеу, меңгерту;
- 3) Өзге жынысқа ауысудың кесапаты мен жыныстық қатынас туралы сауатты мәліметтер беру және зиянды әрекеттердің зиянын жиі насихаттау;
- 4) Адамгершілік, имандылық, патриоттық сезімді оятатын бағдарламалар санын көбейту;
- 5) Студенттер мен жастардың мұң-мұқтажына құлақ асатын психологиялық бағдарламалар өндіру;
- 6) Жастардың дүние танымын өрістететін бағдарламалар санын көбейту.

Қорыта айтқанда, БАҚ студенттердің психикалық күйіне, санасына және мінез-құлқына идеологиялық, саяси, экономикалық және т.б. арқылы әсер ету құралы болып табылады. БАҚ-тағы ақпараттар психологиялық әсер етудің ақпараттандырудан, оқытудан, сендіру мен үгіттеуге дейінгі барлық секторын қамтиды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Громов Г.Р. Очерки информационной технологии. М., 1993, с. 19-20.
2. Майерс Д. Социальная психология. С.-П., 1997.
3. Психология. Под ред. И.В. Дубровиной М., «МОДЭК», 2005. с. 130-170.
4. Ракитов А.И. Философия компьютерной революции. М. 1991, с.32-33.
5. Соколова И.В. Проблемы становления информатики как учебной дисциплины // Социальная информатика - 95, М., 1995, с.19-22.
6. Хромов Л.Н. “Рекламная деятельность: искусство, теория, практика”, Петрозаводск АО “Фолиум”, 1994.

ӘОЖ 591.499.6(574.3)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДАҒЫ ДЕНДРОФИЛДІ ҚАТТЫҚАНАТТЫЛАРДЫҢ ТҮР ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Биология 7М01513 мамандығының 1-курс магистранты Г.К.Садыкова

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, gulim.sadykova.00@bk.ru

Есимов Болат Кабдушевич, б.ғ.к., доцент

²Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, 8 7013381403,
esimov.bolat@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы дендрофилді қатты қанаттылардың түр құрамы, пайдалы және зиянды түрлерінің даму циклдары қарастырылған. Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы дендрофильді қатты қанаттылардың түр құрамының тізімі берілген.

Қазіргі уақытта толық зерттелмеген ашық жақтылар класс тармағының ЕСТОГНАТНА бірі дендрофилді қоңыздар. Сонымен қатар, бұл әр орман биоценозында өмір сүретін жәндіктердің ең зиянды тобының бірі. Орманға антропогендік әсердің күшеюі жәндіктердің осы тобына қолайлы жағдай туғызатынын, нәтижесінде олардың халық шаруашылығындағы жағымсыз құндылығы ұдайы артып отыр. Қатаң орман жағдайлары, континенттік климат, құрғақшылық, рекреациялық жүктеменің жоғарылауы таулы ормандарды мекендейтін көптеген жәндіктер түрлерінің санының өзгеруіне әкеледі. Бұл орманды аймақтың әртүрлі таулы жағдайларындағы дендрофилді қаттықанаттылардың әртүрлі экологиялық және орман шаруашылығы топтарын және жеке түрлерін мұқият зерттеу қажеттілігін алдын ала анықтайды.

Алынған нәтижелер негізінде мектеп оқушыларының зоология бағыты бойынша білімдерін, шығармашылықтарын дамыту мақсатында мектеп бағдарламасына 2023-2024 оқу жылына қолданбалы курс тақырыптық - күнтізбелік жоспар беріледі.

Кілттік сөздер: қатты қанаттылар отряды, ауыл шаруашылығы, мектеп бағдарламасы.

Аннотация. В статье приведен видовой состав, а также жизненные циклы полезных и вредных дендрофильных жесткокрылых на юго-востоке Казахстана.

Дендрофильные жуки - одни из наименее изученных жуков среди представителей отряда жесткокрылых. Эта одна из самых вредоносных групп насекомых, обитающих в каждом лесном биоценозе. Усиление антропогенного воздействия на лес создает благоприятные условия для развития этой группы насекомых, которые наносят ощутимый урон развитию лесного хозяйства региона. Неблагоприятные лесные условия, континентальный климат, засуха, повышенная рекреационная нагрузка приводят к изменению численности многих видов насекомых, населяющих горные леса. Составлен список видов дендрофильных жесткокрылых, обитающих в горной лесной зоне. На основании полученных результатов разработан тематико - календарный план прикладного курса для школьников по зоологии на 2023-2024 учебный год.

Ключевые слова: отряд жесткокрылые, сельское хозяйство, программа.

Annotation. The article will consider the species composition and the benefits and harms of dendrophilous rigid wings in the south-east of Kazakhstan. Dendrophilous beetles are one of the least studied open-sided beetles. In addition, it is one of the most harmful groups of insects living in every forest biocenosis. The increased anthropogenic impact on the forest creates favorable conditions for this group of insects, as a result of which their negative value in the national economy is constantly increasing. Severe forest conditions, continental climate, drought, increased recreational load lead to a change in the number of many species of insects inhabiting mountain forests. It is the dendrophilic rigidity in various mountainous conditions of the forest zone that determines the need for a thorough study of various ecological and forestry groups and individual animal species.

Based on the results obtained, in order to develop the knowledge and creativity of schoolchildren in the direction of zoology, a thematic calendar plan of the applied course for the 2023-2024 academic year is provided for the school curriculum.

Keywords: coleoptera detachment, agriculture, program.

Толық түрленіп дамитын бунақденелілер – HOLOMEBOLA қатарына жататын қатты қанаттылар отряды COLEOPTERA, денелері әртүрлі ұзындығы шамамен 0,3-150 мм аралығындағы бунақденелілер. Басы ірі, күрделі көздері жетілген, көзшелері болмайды. Ауыз мүшелері кеміргіш, кейде тұмсыққа ұқсаған ұзын бастүктің ұшына орналасады. Мұртшалары тек ерекше жағдайда 11 буыннан асады, олардың ұзындығы мен пішін сан алуан: жіңішке, қылшық, таспиық, ара, тарақ, тақталы шоқпар, иінді тарақ, иінді шоқпар және бұрыс пішінді болуы мүмкін. Аяқтары жүргіш, жүгіргіш, қазғыш, жүзгіш болуы мүмкін. Табандарының буын саны әр түрлі 3-5 аралығында болады. Қанаттары екі жұп, әрқелкі. Алдыңғы жұбы қатты мүйізденген жүйкесіз қақпақшаға айналған, олардың астында белсенді ұшуға қатысатын артқы жарғақты қанаттары жақсы орналасқан [1].

Қоңыздардың бірқатар түрлері ауыл және орман шаруашылығына үлкен зиян келтіреді, қорларды бүлдіреді, омарта шаруашылығына зиян келтіреді, т.б. Екінші жағынан, жыртқыш қоңыздардың үлкен саны шөпқоректі жәндіктердің санын тұрақтандыруға белсенді қатысады, соның ішінде егінге, ағашқа және бірқатар түрлері гүлді өсімдіктердің тозандануына қатысады. Қоңыздардың кейбір топтарын экожүйелердің жағдайын бақылау үшін репрезентативті биологиялық көрсеткіштер ретінде пайдалануға болады (жер қоңыздары, қара қоңыздар және т.б.). Осылайша, бұл жәндіктердің табиғатта да, адам әрекетінде де рөлі ерекше. Халық шаруашылығы үшін айтарлықтай практикалық маңызы бар жәндіктер топтарын зерттеу қоршаған ортаның жағдайын бақылау шараларын әзірлеу үшін қажет. Орталық Азияның ормандары аймақтың негізгі табиғи ресурстарының бірі болып табылады. Әсіресе, егемендік алғаннан кейін еліміздің халық шаруашылығын дамытудағы ормандардың рөлі жыл сайын артып келеді. Сонымен қатар көптеген бағалы өсімдіктердің негізгі қоректік базасы болып табылады [2].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағындағы қатты қанаттылар туралы мәліметтер толық емес. Семей ядролық сынақ полигонының орын алуына байланысты Оңтүстік-

шығыстың қазақ таулы қыраттарының орасан зор аумағы зерттеуге жабылды. Осыған байланысты флора мен фаунаны, соның ішінде Coleoptera зерттеу жүргізілмеді. Табиғатта оларды анықтаудың салыстырмалы түрде қарапайым тәсілдері экологиялық және фауналық жұмыстарды жүргізу үшін материал жинауға мүмкіндік береді. Оңтүстік-шығыс бөлігін мекендейтін қатты қанаттылардың түр құрамы төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Қатты қанаттылардың түр құрамы

№	Тұқымдас	№	Өкілдері	Түрлері
1	Қабықжегіштер тұқымдасы – Iridae	1	Ұштық қабықжегіш (<i>I. acuminatus</i> Gyll.)	Фитофаг
		2	Стенограф	
		3	Алма шелқабықжегіш (<i>S. Mali</i> Bechst)	
		4	Қайың шелқабықжегіш (<i>Scolytus ratzeburgi</i> Jans)	
		5	Типограф (<i>I. tyrographus</i> L.)	
2	Тақта мұрттылар тұқымдасы - Scarabaeidae	1	Кузька қоңызы (<i>Anisoplia austriaca</i> Hbrt.)	Фитофаг
		2	Мәрмәрлі зауза	
		3	Мамыр зауза	
3	Шыртылдақ қоңыздар тұқымдасы – Elateridae	1	Жалпақ шыртылдақ (<i>Selatosomus latus</i> F.)	Фитофаг
		2	Егістік шыртылдақ (<i>Agriotes sputator</i> L.)	
		3	Жолақты шыртылдақ (<i>Agriotes lineatus</i> L.).	
4	Қанқызы немесе кокцинеллидтер тұқымдасы – Coccinellidae	1	Жеті нүктелі (<i>Coccinella septempunctata</i> L.)	Детритофаг және фитофаг
		2	Екі нүктелі (<i>Adalia bipunctata</i> L.)	
		3	Оңтөрт нүктелі (<i>Propylaea quatuordecimpunctata</i> L.)	
		4	Құбылмалы (<i>Adonia variegata</i> L.)	
		5	Стеторус (<i>Stethorus punctillum</i> Ws.)	
		6	Хилокорус (<i>Chilocorus renipustulatus</i> Scr.)	
		7	Криптолемус (<i>Cryptolaemus montroussieri</i> Muls.)	
5	Біztұмсық қоңыздар немесе тұқымдасы – Cuculionidae	1	Қызылша біztұмсығы (<i>Bothynoderes punctiventris</i>)	Қорек талғамайтындар
		2	Күріш біztұмсығы (<i>Sitophilis oryzae</i>)	
		3	Жолақты түйнек біztұмсығы (<i>Sitona ligatus</i>)	
6	Сүгендер немесе мұртты қоңыздар тұқымдасы – Cerambycidae	1	Қарағайдың қара сүгені (<i>Monochamus galloprovincialis</i>)	Фитофаг
		2	Ұзын мұртты сүген (<i>Acathocinus aedilis</i>)	
		3	Емен клиті (<i>Plagionotus</i>	

			arcuatus)	
		4	Еменнің үлкен сүгені (<i>Cerambyx cerdo</i>)	
		5	Үй сүгені (<i>Hylotrupes bajulus</i>)	
		6	Күнбағыс сүгені (<i>Ag aranthia dahli</i>)	
7	Жапырақ жегіштер тұқымдасы - Chrysomelidae	1	Астық сүлікшесі (<i>Lema melanopus L.</i>)	Фитофаг
		2	Бақша бүргесі (<i>Phyllotreta nemorum</i>)	
		3	Айқышгүлділер бүргелері (<i>Phyllotreta Foudr.</i> туысы)	
		4	Колорад қоңызы (<i>Leptinotarsa decemlineata Say.</i>)	
8	Барылдақ немесе ызылдақ қоңыздар тұқымдасы – Carabidae	1	Мүсінді немесе орман барылдағы (<i>Calosoma sycophanta L.</i>)	Қорек талғамайтындар
		2	Астық барылдақ қоңызы (<i>Zabrus tenebrioides Gz.</i>)	
		3	Тары барылдақ қоңызы (<i>Z. Calceatus Duft.</i>)	
9	Су айналмалылар тұқымдасы – Gyridae	1	Суайналмалысы (<i>Gyrinus</i>)	Детритофаг
10	Су сүңгуір қоңыздар тұқымдасы – Dytiscidae	1	көмкерілген су сүңгуірі (<i>Dytiscus marginalis L</i>)	Детритофаг
		2	жалпақ су сүңгуірі (<i>D. Latissimus</i>)	
		3	цибистер (<i>Cybister lateralimarginalis</i>)	

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында мектеп бағдарламасына қосымша сыныптан тыс биология пәніне ынтасы бар оқушыларға «Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы дендрофилді қатты қанаттылар» қолданбалы курсы енгізуді ұсынамыз. «Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы дендрофилді қатты қанаттылар» факультатив курсының бағдарламасы Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандарты талаптарына сай жасалған. Курс аптасына 1 сағат, барлығы 16 сағатқа есептелген. Тақырыптық - күнтізбелік жоспар төмендегі 2-кестеде көрсетілген [3].

Кесте 2. Тақырыптық - күнтізбелік жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны	Түрі	Мерзімі
Кіріспе. 1 сағат				
1	Қанатты бунақденелілер - РТЕРҮГОТА жайлы әдеби дерек көздеріне шолу және сараптау	1		2023-2024
2	Толық түрленіп дамитын бунақденелілер - Holometabola жайлы әдеби дерек көздеріне шолу және	1		

	сараптау			
Тіршілік кілті - жануарлар әлемінде. 5 сағат				
3	Қатты қанаттылар отрядының ерекшеліктері және қысқаша даму тарихы	1		2023-2024
4	Қатты қанаттылар отрядының өзара түршілік ерекшеліктері	1		2023-2024
5	Қатты қанаттылар отрядының адам өміріндегі маңызы	1		2023-2024
6	Қатты қанаттылар отрядының техникалық және шаруашылық мәні.	1		2023-2024
7	Қатты қанаттылар отрядының табиғаттағы маңызы	1		2023-2024
Ашық жақтылар класс тармағының құпия сырлары. 5 сағат				
8	Ет қоректілер (Adephaga) отряд тармағының анатомиясы және морфологиясы	1		2023-2024
9	Ет қоректілер (Adephaga) отряд тармағының тұқымдас түрлері	1		2023-2024
10	Әртүрлі қоректілер (Poliphaga) анатомиясы және морфологиясы	1		2023-2024
11	Әртүрлі қоректілер (Poliphaga) отряд тармағының тұқымдас түрлері	1		2023-2024
12	Ет қоректілер (Adephaga) және әртүрлі қоректілер (Poliphaga) айырмашылықтары және ұқсастықтары	1	Практикалық жұмыс	2023-2024
Зерттелінетін нысан. 4 сағат				
13	Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның физикалық – географиялық орны, фаунасының зерттелу тарихы	1		2023-2024
14	Колеоптероидтар отряд тобы – Coleopteroidea тұқымдастары.	1	Практикалық жұмыс	2023-2024
15	Қазақстанның Қызыл кітабына енген қатты қанаттылар отрядының	1		2023-2024

	түрлері			
16	Қорытынды	1		2023-2024

«Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы дендрофилді қатты қанаттылар» факультатив курсының негізгі мақсаты - зертханалық жұмыстарды орындау мен табиғатқа саяхат кезінде қауіпсіздік ережелерді сақтауға дағдыландыру, интеллектуалдық қабілетін және шығармашылық қабілеттерін дамыту, қоршаған ортаны сақтау мен қорғауға тәрбиелеу және аялау.

Пайданылған әдебиеттер

1. А.О. Сағитов, Н.Ж.Ашықбаев, Б.А.Дүйсембеков, Қ.М.Төлеубаев, Н.С. Мұхамадие. Жалпы энтомология. Оқулық- Алматы, «Айтұмар» баспасы, 2012. - 220 бет.
2. Карменова, Б. Қ. Энтомология : оқу құралы / Б. Қ. Карменова, Ж. К. Кабатаева. - Өскемен : ШҚМУ баспасы, 2019. - 116 с.
3. Чернышев, В. Б. Сельскохозяйственная энтомология / В. Б. Чернышев. - М. : ТРИУМФ, 2012. - 234 с.

ӘОЖ:373.2.016

БОЛАШАҚ ТӘРБИЕШІ ИМЕДЖІ-КӘСІБИ ЛИДЕРЛІК ӘЛЕУЕТТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

ЖУМАШЕВА ТОЛҚЫН САБИТОВНА

Философия докторы (PhD), аға оқытушы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ЖАКУПОВА АЛТЫНАЙ ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

Философия докторы (PhD), аға оқытушы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Аннотация

Мақалада имидж құрудың қажеттілігі, оның тәрбиеші үшін маңыздылығы, және оның лидерлік сапасын дамытуға әсері туралы жазылған. Мақаланың мақсаты болашақ мамандарға имидж туралы мол ақпарат бере отырып, оны жас маманның өз пайдасына асыруына ықпал ету. Сонымен қатар тәрбиешінің имиджінің негізгі құрамдас бөліктері туралы баяндалған.

Кілттік сөздер: имидж, қарым-қатынас, мінез-құлық, ым-ишара, бейне, бедел.

Бүгінде бәсекелестіктің өршіп тұрған заманында барлық саланың қызметкерлері сияқты мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің бойында да мақсатқа ұмтылғыш, қабілетті, ақылды және басқаларға қарағанда еңбекқор болу сияқты қасиеттерді яғни лидер сапасын дамыту өте маңызды. Өйткені, қазіргі қоғам құзыретті және белсенді, өз бетімен шешім қабылдай алатын, ойлаған ісін жүзеге асыру мақсатында өзіне жауапкершілік ала алатын, басқа адамдармен өзара дұрыс қарым-қатынас орната білетін, топта жұмыс жасай алатын мамандарды қажет етеді. Ал, бұған біз тек болашақ тәрбиешінің бойында лидерлік сапаларды дамыту арқылы қол жеткізе аламыз.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында біз жақсы лидер болу үшін адам келесідей сапаларды игеру қажеттілігі бар екендігін айқындадық. Олар: мәселені шығармашылық түрде шешуге қабілеттілік; ізбасарларға идеяны жеткізе білу біліктілігі; сендіре білушілік қасиеті; басқа адамдардың пікірін тыңдау және оның кеңестеріне сүйену; мақсатқа жету ниетінің тұрақты болуы; қызығушылығының кең болуы, қарым-қатынасқа түсе білушілік; шыншыл, турашылдық, ізбасарларымен сындарды қарым-қатынаста болуы; өз-өзіне сенімді болуы; жоғары әдептілік, энтузист; кез-келген жағдайлар мен оқиғаларда ішкі тепе-теңдігін сақтай білу «өзін-өзі жақсы ұстау» біліктілігінің болуы [1]. Сонымен қатар біз әдебиеттерді қарастыра келе, имидж лидерлік сапаның ажырамас бөліктерінің бірі екендігін анықтадық. Сондықтан болашақ тәрбиешінің имиджін (бейне) қалыптастыру ісіне ЖОО мамандарды даярлау барысында үлкен көңіл бөлу керек деп есептейміз.

Имиджеология және имидж дегеніміз не? Бұл ғылым ба әлде өнер ме? Аталған мәселені зерттей келе, біз имидж сөзі ағылшын тілінен аударғанда *imadg* – бейне, сурет деген мағынаны білдіретінін айқындадық. Сонымен бірге имидж бұл шынайы (немесе ойдан шығарылған) іскер адамның стилі, келбеті; оған оның жетістігі мен атағының, адамдардың сенімділігі мен сүйіспеншілігінің негізінде қарым-қатынас жасау. Әдетте бедел, абырой және атақ ұғымдарымен байланыстырылады [2, 1026]. Ал, мұғалім имиджі (бейнесі) – тәрбиеленушілердің, әріптестердің, әлеуметтік орта, көпшілік санасында қабылданған мұғалімнің эмоционалды боямаланған таптаурын бейнесі.

Имидждің қалыптасуында бар қасиеттер қасындағылардың оған қосатындарымен тығыз байланысады [3, 1946]. Ал, біздің пікірімізше, тәрбиешінің имиджі – бұл балалардың, ата-аналардың, әріптестерінің санасында және жалпы жұрттың санасында әлеуметтік мінез-құлық бейнесін қабылдауының эмоционалды боялған таптаурыны. Бүгінгі күнде әрбір кәсіпте өз имиджіне сүйену өте қажет. Әсіресе, үлкен ұжымның бетке ұстары, өз келбетімен балаларға үлгі болатын бала-бақша тәрбиешісіне имидж керек. Сауатты құрылған имидж балалар мен оның ата-аналары тарапынан құрмет шақырады және тәрбиешінің беделін жоғарылатады. Ендеше тәрбиешінің имиджінің негізгі құрамдас бөліктеріне тоқталайық.

1. Сыртқы келбеті – киім, шаш үлгісі, әшекейлер;
2. Вербальді мінез-құлық — айтатын және жазатын сөздер, дауыс, коммуникативті қабілеті, сөйлеу мәдениеті;
3. Вербальді емес мінез-құлық – ым-ишара, дененің қозғалысы;
4. Өзін-өзі ұстау мәнері;
5. Әдептілік;
6. Сүйкімділік.

Кез келген бала бақшада тәрбиешіге арналған келесідей ережелер бар. Олар: шаш міндетті түрде таза болуы тиіс. Шаш үлгісі заманауи, бірақ артық заттарсыз. Бет әрлеу сәнді, бірақ көзге ерекше түсетіндей емес. Бет әрлеудің ішінен психологтар міндетті түрде ерінді бояуды ұсынады, себебі балалар ауыздың артикуляциясын көруі керек. Ал, хош иістердің жеңіл болғаны жөн. Тәрбиешінің қолы таза әрі күтілген болуы шарт. Іскер әйелдерге арналған әдептілік ережелері тырнақтың ұзындығы орташа ал, пішіні дөңгелек болуы керектігін ескертеді. Тәрбиешінің негізгі стилі классика болуы шарт. Ол беделді, сенімділікті және ұстамдылықты көрсетеді. Классикалық стил нақты және қатаң формаға ие. Аяқ киім қауіпсіздік техникасы ережесіне сәйкес, классикалық формада болуы тиіс. Спорттық киім үлгісін тәрбиеші дене шынықтыру сабағында және таңертеңгілік гимнастиканы жүргізу кезінде киюі керек. Киім кию мәнері - бұл әдемі болып жүру, қоршаған орта адамдарына сыйластық таныту деген қағиданы алға шығарады. Тәрбиеші өзінің сыртқы келбетімен өзіне балалар мен ересектердің көңілін аудартады. Сондықтан балалар барлық нәрсені ересектерден үйренетінін естен шығармау керек, әсіресе дұрыс киінуді балалар күнделікті көріп жүрген тәрбиешісінен үлгі алатыны айқын. Тек визуальді сүйкімділік емес, сонымен бірге вербальді мінез-құлық та тәрбиешінің имиджін қалыптастырады. Сол себепті бүгінгі күні сөйлеуді меңгеру – тәрбиешінің кәсіби маңызды қасиеттерінің бір бөлігі. Тәрбиешіні балалар қабылдау үшін сөйлеу мәдениетінің орны

үлкен. Дауыс ырғағы, сөйлеу мәнері, дикция, сауаттылықтың болуы. Тәрбиеші үшін эмоционалды сөйлеудің маңызы зор. Бірқалыпты және селқос дауыс балалардың ұйқысын шақырады немесе ішін пыстырады. Тәрбиешінің сөйлеу мәдениетінің өз ережесі бар. Мәселен, тәрбиеші қатты дауыс көтермей сөйлеуі тиіс бірақ, оны барлығы еститіндей болуы керек. Сонымен бірге ол сөйлемді түсінікті айтуы қажет және сөз барысында психологиялық, логикалық үзілістерді пайдалануы керек. Логикалық үзіліссіз сөз сауатсыз болады, ал психологиялық үзіліссіз сөз – түссіз. Тәрбиеші дауыс ырғағымен сөйлеуі тиіс, яғни екпінді дұрыс қоя білуі керек, жеке сөздерді бөліп айтуы тиіс. Адам ақпараттың 35%-ын сөздік (вербальді) және 65%-ын – вербальді емес қарым-қатынаста алатынын дәлелденген. Сондықтан тәрбиешінің ым-ишарасы мен жүріс-тұрысының да балаға әсері мол [4, 56].

Тәрбиешінің имиджін құруда педагогикалық әдептіліктің алатын орны үлкен. Педагогикалық әдептілік тәрбиешінің адамгершілік іс-әрекетін және кәсіби ортадағы адамгершілік қарым-қатынастың түрін зерттейді. Сонымен қатар педагогикалық әдептілік - «бала мен тәрбиеші», «тәрбиеші мен ата-ана», «тәрбиеші және тәрбиеші» өзара қарым-қатынасын басқаратын мінез-құлық мәдениетінің ережесін құрайды. Оған: балаға оның ата-анасына, әріптестеріне қуаныш беретін мейірімді, шығармашылық қарым-қатынасты орнатуға ұмтылу жатады. Педагогикалық әдептілік кәсіби педагогикалық парыз, педагогикалық әділеттілік, педагогикалық абырой, педагогикалық бедел, педагогикалық ар және педагогикалық такт ұғымдарын қамтиды. Әдептілік – өмірдің әртүрлі кезеңдерінде және тәрбиешінің барлық іс-әрекетінде көрінеді. Мәселен, кәсіби имиджде, сөйлеу мәнерінде, шынайы мінез-құлықта.

Көбінесе, жас маман ата-аналармен қарым-қатынас жасағанда қиындықтарға тап болып жатады. Бұл қиындықтарды меңгеру үшін тәрбиешінің отбасымен серіктестік жасауына психологиялық бағыттылық ұстануы маңызды, ата-ананың сеніміне ие болу қажеттілігін түсіну, балаға қажетті мейірімділік пен қамқорлық, жылулықты беру арқылы олардың назарын мектепке дейінгі мекемеге аудару болып табылады. Ата-аналардың сенімі – тәрбиешінің бедел жинауының алғашқы «кірпіші». Олар тәрбиешінің жоғары адамгершілік сапасын, мәдениетін, эрудициясын, интеллектуалды дамушылығын, өз кәсібіне адалдығын «ашу» мүмкіндігіне қарай, оның беделі ата-аналардың, балалардың, әріптестердің көз алдында беки түседі. Данышпан тәрбиеші әрқашан өзінің беделі үшін күреседі, оны бағалайды, ата-аналар мен әріптестерінің беделін мейлінше қолдап отырады. Осылайша, өзімен жұмыс жасау бұл әрине оңай жұмыс емес, бірақ ол өз нәтижесін береді.

Сонымен бірге тәрбиешінің іс-әрекетіндегі жетістік көбінесе оның педагогикалық рефлексияға қабілеттілігімен байланысты. Педагогикалық рефлексия – бұл әрбір жасалған қадамды өзіне-өзі талдау жасау, алынған нәтижені бағалау, оны қойылған мақсатпен салыстыру. Тәрбиеші жақсы нәтижелерге жету мақсатында келесі іс-әрекеттеріне өзгеріс енгізу үшін өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктеріне, балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісінде жіберген қателіктері мен қиындықтарына ойланады. Сонымен бірге еске сақтайтын жәйт, кез-келген сәтсіздіктердің себебін өзінен іздеу керек және оны сыртқы факторлармен ақтауға тырыспаған жөн [5, 246].

Сүйкімділік – тәрбиешінің имиджінің ажырамас бөлігі. Балаларға күшті әсер беретін құрал ол – тәрбиешінің бет-әлпеті, түрі. Тәрбиешінің түрі мейірімді, қызықты болуы керек. Сүйкімді тәрбиешінің жүзінен балалардың ортасынан алған әсерден, түрінен қуаныш көрініп тұрады, ашық жүрегі жарқырайды, балаларды жылы сөзімен жаулап алып, сабаққа қызығушылығын елітіп отырады.

Үйлесімді құрылған имидж күнделікті тұрмыста, кәсіби және әлеуметтік өмірде әртүрлі сұрақтарды шешуге көмектеседі. Білім беру мекемелерінде жұмыс жасайтын тәрбиешілер сол мекеменің имиджін құрайды.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері – үнемі көзге көрінетін ортада жүретін адамдар, олардың қасында балалар, ата-аналар, әріптестер жүреді. Бірақ, көпшілігі жоғары оқу орындары ең алдымен білім, білікті, технологияны меңгерген маманды дайындауы керек

деп есептейді, ал адами жетелейтін пәндерге қосымша рөл ғана беріледі. Мұндай жағдай жас маманның басқа адамдармен, соның ішінде балалармен жұмыс жасай алмайтындығына әкеліп соқтырады. Ол жиі өз беделін жоғалтады себебі ол олардың алдында тұлға ретінде қызықсыз. Ал, онсыз баланың оқуға зауқы болмайды. Тәрбиешінің тұлғасына қызығушылық таныту арқылы баланың оқуға деген танымдық қызығушылығы артады. Тәрбиешінің кәсіби даярлығы қанша жоғары болса да, ол үнемі өзінің жеке қасиеттері мен сапаларын жетілдіріп отыруға міндетті. Осылайша, ол өзінің имиджін құрады, ал, ол өз кезегінде оның лидерлік сапасын арттыра түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Занковский А.Н. «Психология лидерства: : от поведенческой модели к культурно-ценностной парадигме»: Институт психологии РАН; Москва; 2011.
2. Мардахаев Л.В. Словарь по социальной педагогике. М., Академия 2002.
3. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2009.-400б.
4. Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика. – М., Академия 2000.
5. Калюжный А.А. Психология формирования имиджа учителя. – Владос, 2004.

АЛЛА - КАК ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА ДЕТСКОГО МИРА В ДОШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Юлдашева Дилафруз Махамадалиевна
доктор филологических наук (DSc)
Ферганский государственный университет
Узбекистан, город Фергана.
yuldilaf@mail.ru

Матмусаева Мухайё
Ферганский государственный университет
Узбекистан, город Фергана.
yuldilaf@mail.ru

Аннотация

В этой статье рассматривались лингвистические особенности текстов Аллы, которые считаются колыбельной песней. Очерчены синкретические аспекты Аллы.

Ключевые слова: колыбельной песне, синкретизм, языковая картина детского мира

Устные тексты для детей показывают языковую картину детского мира. Например, первая песня, которую матери поют своим детям, является выражением синкретизма, как будто мать с любовью защищает своего ребенка. Это обеспечивает доступность текстов Алла(узбекская колыбельная) для детей и показывает аспекты, связанные с этнографией, народной педагогикой, психолингвистикой. Тексты Алла (узбекская колыбельная) также являются проявлением гендерных стереотипов в виде единого текста. Н. Насруллаева разделяет гендерные модели узбекских и английских выражений на мужские и женские стереотипы. Гендерные стереотипы вербализуются в соответствии с их физиологическими и социальными характеристиками. Физиологическое изменение женщины создает ее социальный статус - имена невестки, свекрови, матери, бабушки. Н.А. Павленко отмечает что гендерный компонент ярко выражается в текстах колыбельных песен :

Шу ўғлим бир қизил гулдир,

*Гулга қўнган булбулдир
Қизил гулим сўлмасин,
Шугинагинам ўлмасин (О.Сафаров).*

Анализируя финские колыбельные, относящиеся к балтской группе финно-угорской языковой семьи, Н. А. Пеллинен указывает, что эпистемологические функции обращения матери к своему ребенку — это прежде всего такие гносеологические функции, как ласкание и забота. Исследователь указывает, что в Финляндии существует песня матери, созданная для определения судьбы младенца до сорока дней, в которой мать должна рассказывать свои сны своим добрым ангелам. Этот синкретический взгляд существует во многих языках, а также в узбекском мировоззрении:

Алла демак – ҳақ демак...

Ҳақдан сени тиларман, алла, қўзим, алла.

Алланинг оти раззоқ, алла-ё, алла,

Умрингни берсин узоқ, алла-ё, алла.

В этом примере обращение матери к Аллаху, ее молитва и ее благое намерение создали синкретическое выражение, гармонирующее с лаской ребенка. Из содержания текста понятно, что мать скорбит о Творце и одновременно молится о своем ребенке. Иногда обращение матери к ребенку, намерение воспитать достойного, праведного ребенка заложено в тексте Алла:

Фарзанд деган гул бўлар,

Шому саҳар булбул бўлар.

Ота-онага қул бўлар, алла.

Шунда, болам, кўнгил тўлар, алла.

Ш.Т.Махмараимова комментирует более сорока парадигм и более двадцати направлений в языкознании, которые являются новыми взглядами о понятии «парадигма» и научных направлениях. Это доказывает, что специалисты смотрят поверхностно на парадигм и ориентаций. Он правильно определяет их отношение к трем направлениям языкознания: сравнительно-исторической, культурно-структурной и антропоцентрической суперпарадигмам. Ш.Т.Махмараимова в антропоцентрической парадигме узбекского языкознания определяет следующие направления: 1) когнитивная лингвистика; 2) социолингвистика; 3) психолингвистика; 4) языковая прагматика; 5) общие теоретические вопросы антропоцентрической парадигмы.

Мы согласны с мнением Ш.Т.Махмараимовой, принимая во внимание эгоцентрический и антропоцентрический характер направления лингвофольклористики, предлагаем изучать его в рамках антропоцентрической парадигмы. Термин «Лингвофольклористика» впервые вошел в науку в 1971 году благодаря научным исследованиям А.Т.Хроленко. В содержании этого термина можно увидеть общность фольклора и языкознания, то есть изучение фольклорных текстов с лингвистической точки зрения определяет основную цель направления. В узбекском языкознании различные жанры фольклора глубоко изучаются в лингвофольклорном аспекте. Например, былины изучали Ш.Шоабдурахмонова, Р.Расулова, С.Йолдошева, С.Турсунова, И.Йорматова, З.Холманова, А.Рахимова, О.Ингён, Г.Джуманазарова, Б.Юнусова; пословицы К.Абдурахмонова, М.Садриддинова, Б.Соатова, Б.Джораева, загадки Дж.Абдуллаева, М.Саитбоева, М.Сапарниёзова, песни Р.Анорбоева, Ф.Хайтова, М.Джуманиёзова, М.Якуббековы. Ш.Н.Абдиназимов создал учебник «Лингвистический фольклор», разъяснил фонетические и лексические особенности каракалпакского фольклора и основал преподавание «Лингвистический фольклор» по специальности «Лингвистика (каракалпакский язык)» магистратуры Каракалпакского государственного университета. При изучении направления лингвофольклористики в рамках антропоцентрической парадигмы будут решаться следующие вопросы:

1. Фольклор выражает национальный языковая картина мира, в нем определяется место человеческого фактора, языковой личности.

2. Выясняются прагматические особенности и коннотации фольклорных текстов.
3. Изучается зависимость фольклора от процесса познания, мышления, психических особенностей.
4. Изучаются причины возникновения фольклора в народном языке.

В лингвистической фольклористике для детей раскрывается национально-культурный прототип - языковая личность.

Таким образом, в текстах колыбельной мать выражает свою любовь, заботу, нежность, боли, мечты, желания и в месте с этим чувствуется неповторимый национальный колорит духовного мира узбекского народа.

Литература

1. Юлдашева Д.М. Pedagogical Features Of Mental Development Of Preschool Children. Solid State Technalogy. Volume: 63 Issue:6 Publication Year:2020. 14221-14225.
2. Юлдашева Д.М. Anthropocentric Approach To Children`S Speech Study. Section 2: Linguistics Theory, Applied Linguistics. Collection Of Materials Of The International Online Conference. Www.Research-Support-Center.Com 2020.92-95
3. Юлдашева Д.М. The Methods Of Speech Development Of Preschool Children. Epra Internashinal Jurnal Of Multidisciplinary Research (Ijmr). Impact Factor: 7.6.11. November.

ОСОБЕННОСТИ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ УЗБЕКИСТАН

Солиев Илхом Собирович

Заведующий кафедрой дошкольного образования, доктор философии (PhD).

Аннотация. В статье рассматривается качество организации системы дошкольного образования в зарубежных странах, в том числе ряд реформ в системе Министерства дошкольного образования Республики Узбекистан, которые будут служить во благо детей и педагогов-воспитателей, а также улучшат качество дошкольного образования. Проанализирована Государственная учебная программа, отвечающая государственным требованиям к развитию детей раннего и дошкольного возраста, «Илккадам» («Первый шаг») и концепция развития системы дошкольного образования Республики Узбекистан до 2030 года.

Ключевые слова: система, ребёнок, семья, образование, воспитание, детский сад, занятия, общество, концепция, способность, учреждения, требования, личность, обучение, здоровье.

Качество образования в дошкольных организациях это не маловажная задача системы образования в целом, которую должна решить. Дошкольное образование является начальным звеном системы непрерывного образования в Республике Узбекистан. Оно обеспечивает формирование здоровой, всесторонне развитой личности ребенка, пробуждая тягу к учению, подготавливая к систематическому обучению.

Дошкольное образование является начальным звеном системы непрерывного образования. Оно обеспечивает формирование здоровой, развитой личности ребенка, пробуждая тягу к учению, подготавливая к систематическому обучению. Осуществляется дошкольное образование до 6–7 летнего возраста в государственных и негосударственных детских дошкольных учреждениях и в семье. Цель дошкольного образования — подготовка детей к обучению в школе, формирование здоровой, развитой, свободной личности ребенка, раскрытие его способностей, воспитание тяги к учебе, к систематическому обучению.

Цель дошкольного образования — подготовка детей к обучению школе, формирование здоровой, всесторонне развитой, свободной личности ребенка, раскрытие его способностей, воспитание тяги к учебе, к систематическому обучению. Охрана жизни и здоровья детей в дошкольных образовательных учреждениях осуществляется штатными медицинскими работниками дошкольного образовательного учреждения, а также медицинскими работниками органа здравоохранения, закрепленного за дошкольным образовательным учреждением. "Положение о порядке организации охраны жизни и здоровья детей в дошкольных образовательных учреждениях" регламентирует порядок и правила организации охраны жизни и здоровья детей в дошкольном образовательном учреждении, правила посещения детьми дошкольного образовательного учреждения, требования к организации охраны в здании дошкольного образовательного учреждения, требования к организации пожарной безопасности в дошкольном образовательном учреждении, требования к безопасности территории [3].

В процессе обучения и воспитания формируется качественные и количественные развития дошкольников с учетом возрастных и психофизиологических особенностей. Такой педагогический процесс определяет качество дошкольного образования.

Несомненно, система современного дошкольного образования очень важна и актуальна. В настоящее время есть и проблемы современного образования. Хочется отметить, что именно в дошкольном возрасте у ребенка закладываются все основные особенности личности и определяется качество дальнейшего его физического и психического развития. Если проигнорировать особенности развития ребенка в этом возрасте, то это может неблагоприятно сказаться на его дальнейшей жизни.

Для усовершенствования системы дошкольного образования в Узбекистане обращается особое внимание не только на уход и здравоохранение, но и на образование детей дошкольников. В системе Министерства дошкольного образования ведутся ряд улучшений, которые будут служить во благо детей и педагогов-воспитателей, а также улучшить качество дошкольного образования. За прошедший период в результате глубокого изучения и анализа проблем, передовой практики зарубежных стран улучшена правовая база дошкольного образования, принято 27 нормативно-правовых документов. Совместно с Детским фондом ООН (UNICEF), при участии международных экспертов разработаны государственные требования к развитию детей раннего и дошкольного возраста и Государственная учебная программа «Илккадам» («Первый шаг»). Они основаны на компетентном подходе и предусматривают всестороннее развитие личности, поддержании у ребенка мотивации к образованию. Требования и программа нового поколения внедрены с 2018/2019 учебного года. Введено в практику заполнение карты достижений ребенка.[2] Разработаны так же различные концепции, одна из них постановлено Президентом 8 мая 2019 года. В этой Концепции предусматривается развития системы дошкольного образования Республики Узбекистан до 2030 года.

Основные направления Концепции:

- дальнейшее совершенствование нормативно-правовой базы в сфере дошкольного образования;
- создание условий для всестороннего интеллектуального, нравственного, эстетического и физического развития детей дошкольного возраста;
- повышение охвата, обеспечение равноправного доступа детей к качественному дошкольному образованию, развитие государственно-частного партнерства в данной сфере;
- внедрение в систему дошкольного образования инноваций, передовых педагогических и информационно-коммуникационных технологий;
- совершенствование системы управления дошкольным образованием, обеспечение прозрачности и эффективности финансирования деятельности дошкольных образовательных учреждений;

- внедрение в систему дошкольного образования принципиально новых подходов к подготовке, переподготовке, повышению квалификации, отбору и развитию работников системы дошкольного образования;

- обеспечение детей здоровым и сбалансированным питанием, качественным медицинским уходом в дошкольных образовательных учреждениях [1].

Значит, по словам Агрепина Шин от того, какими вырастут наши дети, зависит будущее Узбекистана, а значит, и социально-экономический, политический прогресс. Невозможно достичь стратегических целей государства без должного внимания детям.

Список использованной литературы:

1. Концепция развития системы дошкольного образования Республики Узбекистан до 2030 года. Постановление Президента РУз от 08.05.2019 г. № ПП-4312.

2. Интервью Агрепина Шин, министра дошкольного образования, члена Сената ОлийМажлиса. [Электронный ресурс]. Режим доступа: gazeta.uz/ (дата обращения: 27.07.2018).

3. [Электронный ресурс]. Режим доступа: ZiyoNet/ (дата обращения: 24.12.2019).

4. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://firstep.com.ua>article/> (дата обращения: 24.12.2019).

5. [Электронный ресурс]. Режим доступа: www.global-cla/ (дата обращения: 24.12.2019).

УДК: 811.512.133`373.23(043/3)

THE PRESIDENTAL NAMES IN UZBEK CHILDREN'S TEXTS

Yuldasheva Dilafruz Maxamadaliyeva, doctor of sciences philology

Fergana State University, Uzbekistan, Fergana city.

yuldilaf@mail.ru

XolmatovaYodgoroy,

Master degree from Fergana State University

yuldilaf@mail.ru

Abstract

This article describes the anthroponymic features of precedent names used in children's poetic texts, their popularity in communication as an onomastic unit.

Keywords: presidential names, anthroponyms, onomastic units.

It is well known that names associated with popular texts or situations, as well as symbolic names that refer to a typical set of specific adjectives, are precedent names. According to V.A. Maslova, the names of persons associated with texts or events that are well known to representatives of a particular nationality can be precedent names. Although precedent names are anthroponyms, this type of onomastic unit differs from anthroponyms in that it is very popular, has a strong place in people's communication, and is a symbolic symbol that embodies the same qualities. Researcher E. Sepir's statement that "Language is a symbolic guide to understanding culture" is naturally applied to precedent names. EA Nakhimova, who has studied the place of precedent names in Russian public dialogue, writes that there are more than a dozen approaches to such names in linguistics. These are: intertextuality, precedent, intercultural communication, ambiguity of names, allusion, vertical context, text reminiscence, as well as traditional and cognitive theories about metaphor.

These precedent names indicate that they are essentially multifaceted and multifunctional linguocultural units. These units can even be manifested in the function of a cultural code representing an entire nation.

Prefix names used in children's oral and written texts evoke different reactions in respondents:

1. It stands at the level of a national symbol.

For example:

To qutlug'dirGo'ro'g'lio'tgan

Bog'u tog', cho'l, gulzor, qir, dala

Beribqo'yamasularniyovga

Ertaktinglabulg'aygan bola. (A.Obidjon.Ertaklar.)

Oy yulduzlarchaqaqaburgan

Bayroqtushmasqo'llardan.

BormoqdamizAlpomishlar

O'tganqutlug' yo'llardan (A.Obidjon.Harbiylitseychilar.)

Shunda, meningqutlug' tilim

Navoiyningshe'ri, degil.

YurtimUlug'beguBobur,

Amir Temur eri, degil.

Aytg'ururlaBeruniylar,

Farg'oniylarajdodim, deb.

Qoshg'ariylardarsintinglab

O'tkirlagansavodim, deb. (A.Obidjon. O'qituvchiningo'gitlari)

Al-Buxoriy, at-Termiziyhazratbizga,

Ulug'begu al-Farg'oniysavlatbizga,

Temur bobo, Manguberdidavlatbizga,

Buyukxalqim, suyukxalqim, bizgainon. (A.Obidjon.Yangiavlod).

2. The precedent name comes as a standard with a certain quality, a certain sign, a combination of features, that is, it is used as a symbol of a concept in a particular linguistic culture because it has the ability to refer to a typical set of certain qualities.

Chanqabqolsangbuloqbo'lay,

Ochqabqolsangqaymoqbo'lay,

Kel, Barchinoy, elkamga min,

Charchabqolsangtoychoqbo'lay.

O'tibko'rdim u yog'ingdan,

O'tibqo'rdimbuyog'ingdan.

Sen Alpomishtoychoqesang,

Taqangqanituyog'ingda? (A.Obidjon. KichkintoyAlpomish)

In these lines, Barchinoy symbolizes a brave, oriya tall girl, while Alpomish represents a palvon, a brave boy. The standard function of the precedent unit differs in that it represents the same feature in many texts, rather than within a single text.

Bolam, nechunmunglio'zbekningkuyi? Bolam, nechunmunglio'zbekningkuyi?

Gavjumdir ne boiso'zbekningto'yi?

"Alpomish"nitug'di ne uchuno'yi?

Tagigaetolsangodambo'lasan.(A.Obidjon.Topishmoq)

It is important to note that precedent names can play a key role in identifying aspects of a particular nation's culture. The study of precedent names also plays an important role in illuminating aspects of Uzbek linguoculture. D.Khudoyberganova, focusing on the question of which linguistic culture the precedentnames belong to, its synchronous status, precedent names are divided into national and universal types, emphasizing the use of precedent names as allusive nouns.

References:

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. –М.: Academia, 2001. – С. 53.
2. Нахимова Е.А. Прецедентные Имена В Массовой Коммуникации // WwwPhilology.Ru/Linguistic32/Nakhimova-07a.Htm.
3. Худойберганаева Д. Ўзбекилидаги матнларнинг антропоцентрик тадқиқи: филол.фан. дри. дисс. – Тошкент, 2015.
4. Юлдашева Д.М. Pedagogical Features Of Mental Development Of Preschool Children. Solid State Technology. Volume: 63 Issue:6 Publication Year:2020. 14221-14225.
5. Юлдашева Д.М. Anthropocentric Approach To Children`S Speech Study. Section 2: Linguistics Theory, Applied Linguistics. Collection Of Materials Of The International Online Conference. Www.Research-Support-Center.Com 2020.92-95
6. Юлдашева Д.М. The Methods Of Speech Development Of Preschool Children. [EpraInternashionalJournalOfMultidisciplinaryResearch\(Ijmr\)](http://EpraInternashionalJournalOfMultidisciplinaryResearch(Ijmr).). Impact Factor: 7.6.11.November.

ЭОЖ 398.01

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ

Оспанбаева А.Р.

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» Тараз қаласы,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы,
E-mail: Ospanbayeva@bk.ru

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көктал орта мектебінің мұғалімі
Далибаева А.Б.

Аннотация Бұл мақалада ел ертеңінің бастауы – рухани жаңғыру, жаңартылған білім беру болашағы, педагогикалық білім берудегі жоғары озық технологиялар қарастырылған.

Тірек сөздер: Ұлттық ойындар, халық ойындары, мектеп жасына дейінгі балалар.

Аннотация: В этой статье рассмотрено духовное воспитание будущего образования, развитие инновационных технологий в педагогическом образовании.

Ключевые слова: Национальные игры, народные игры, дошкольники

Annotation: This article discusses the beginning of the country's future - a spiritual revival, a renewed future of education, advanced technologies in teacher education

Key words: National games, folk games, preschoolers

XXI-ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасы Білім туралы заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап береді. Олар

мыналар: Қазақстан Республикасының барлық адамзатының білім алуға тең құқылығы, әрбір адамзаттың интеллектуалдық дамуы, психо-физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы.[1, 58 б.].

Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, бала бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн. Солардың бірі қазақ халқының қасиетті қара шаңырағы «Киіз үй»– ұлттық мұра тарихи жәдігер екендігін көрсете отырып, ұлттық тарих пен мәдениетке деген ерекше құрмет сезімін ояту. Ұмыт болған қазақ халқының аспаптарын қайта жаңғыртып, оларды кеңінен насихаттап, бала бойына сіңіру.

Ұлттық ойындар өзінің табиғатында ,жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп,бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып,толығып,жетілу арқылы, өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі.

Қазақ зиялыларынан А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов , Н.Құлжанова, М.Жұмабаев және т.б ойынның бала өміріндегі басты іс-әрекет екендігін атап көрсеткен.

Ойынның тәрбиелік негіздерін адам баласының саналы ғұмыры басталғаннан әр кезеңде әр түрлі пікір айтып,өз ұрпақтарын тәрбиелеп,білім беруде іске асыру мәселесін үзбей айтып келеді.[2, 28 б.].

Бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі қоғамның басты міндеттердің бірі. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді.

Ұлттық ойындар, қазақтың ұлттық ойындары — ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері. Бүгінгі бізге жеткен ұлт ойындарының тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. 1-мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тараған.

Ұлттық ойындарды меңгеру барысында балалар мен жасөспірімдер әр түрлі жаттығулар жасау арқылы денесін шынықтырады, ой-өрісін дамытады. Қазақ ұлты, негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойындарды орайластырып, дамытып отырған. Мұны бір ойынның бірнеше нұсқаларының болуы да айғақтайды (Мыс., белбеу тастау, орамал тастау, ханталапай, жаяу көкпар, т.б.).

Мектеп жасына дейінгі балаларды халық ойындары арқылы ұлттық мәдениет көздеріне тарту тақырыбын қарастыру.

Мектеп жасына дейінгі балаларды халық ойындары арқылы ұлттық мәдениет көздеріне тарту тақырыбын қарастыру.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты :

- балалардың денсаулығын нығайту;
- денені шынықтыру;
- мәдениетін қалыптастыру;
- өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.
- ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері:
- қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру;
- қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру;
- денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту;
- қызығушылығын қалыптастырып дамыту;
- ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- ойынның мақсатын нақты анықтап керекті көрнекіліктер мен материалдарды алдын-ала дайындап, оңтайлы жерге қою.
- ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін балаларға әбден түсіндіру.[3, 15 б.].

Ойынды ойнату мен үйретудің мақсаты:

- ұлттық ойындар дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;
- қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
- жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Міндеттері:

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қазақ халық ойындарына тоқталу;

Үш-бес жасар балалар тобына арналған ұлттық ойындар жүйесі;

Мектеп жасына дейінгі балаларды халық ойындары арқылы тәрбиелеу.

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған. Оларды аяғын басып жүре бастаған кезінен бастап ұлттық ойындарға икемдеп баланың епті, шымыр болып өсуіне тәрбиелейді.

Ұлттық ойындар балаларды тапқырлыққа турашылдыққа, шымырлыққа, балалардың туған жерге, Отанға деген сүйіспешлігін арттырады. Кез –келген елдің баласы ойынмен ержетеді. Бірақ әр халықтың бала болашағына көңіл бөлуі әрқилы. Осы тұрғыдан алғанда қазақ елі өзге халықтардан оқ бойы озып тұр деуге толықтай негіз бар. Баланың байсалды да байыпты болып қалыптасуы- ұлттық ойындардың тамырынан нәр алуында жатыр.

Ұлттық ойын – тәрбие құралы, ақыл-ойды кеңейтіп, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, сезімдерін күшейтеді.[4, 19 б.].

Мектеп жасына дейінгі балалардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін оқу процесінде үздіксіз дамыту, сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ұлттық ойын элементтерін пайдаланудың орны ерекше. «Ана тілі» оқу-тәрбие ісінде рында ойын элементтерін пайдалану мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың тиянақты меңгеруіне көмегін тигізеді.

Ойын балаларды сергітіп, тапсырманы тез, әрі ынтамен орындауға, өз беттерімен жұмыс істей білуге үйретеді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқутәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.
2. Қазақ этнопедагогикасы (оқу құралы) – А.Байтұрсынов, Алматы: «Санат»,2001
3. Құрманбаева С.К. Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі / Қазақстан мектебі. - Алматы, 2004.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Алматы, 2007. - 9 том. - 32 бет. (14.11.2022).

ОСОБЕННОСТИ ИЗУЧЕНИЯ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ХАРАКТЕРИСТИКИ СЕМЬИ

Уразымбетова С. Қ. магистрант 2 курса по специальности «Педагогика и психология»
Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, Атырау қ.

Аннотация

Бұл мақалада отбасының әлеуметтік психологиялық сипатының негізгі мәселелері қарастырылады. Отбасында дәстүрлердің сақталынуы, заманауи отбасындағы әлеуметтік сипаттың сақталынуы, ғалым-зерттеушілердің қосқан үлестері мен көзқарастары жайында айтылады.

Кілт сөздер: дәстүрлі қоғам, индивид, отбасы, эгоцентризм

Annotation

This article discusses the main problems of the socio-psychological nature of the family. We are talking about the preservation of traditions in the family, the preservation of social character in the modern family, the contribution and views of scientists and researchers.

Key words: traditional society, individual, family, egocentrism

Многие исследователи семейного вопроса связывают изменение семейных традиций с исторической трансформацией института семьи, т. е. с переходом семьи от традиционной формы к современной. Но чтобы понять этот переход, нам необходимо определить понятие общества современного типа. В социологии общество различают традиционное и индустриальное. Традиционное общество – это общество аграрной направленности, имеющее не подвижные структурные компоненты и лежащее в основе применения подходов к социальному управлению.

По мнению А. Г. Эфиндиева, в сегодняшнем понимании традиционное общество обычно означает простое и заторможенное в плане развития. Характеризует его так: традиционному обществу присущи низкие темпы развития производства, которые потребляют только минимальные потребности, а главное, связаны с закрытостью на новшества. Поведение индивидов данного общества характеризуется строгим управлением культурной социальной средой, ограниченным нравственными установками. Впервые для раскрытия производственной основы общества термин «индустриальное общество» предложен А. Сен-Симоном. Важнейшие особенности общества этого типа сформулированы Эфиндиевым, к которым относятся гибкость социальных структур, социальная мобильность, развитие системы коммуникаций. А в 70-е годы в американской и западноевропейской науке социализации (Д. Белл, А. Турен) появляется концепция постиндустриального и постмодернистского общества. Причины появления этих концепций включают изменения в экономике и культуре развитых стран [1].

Суть этих изменений заключается в следующем: - Усилилась роль знаний и информации, появились интеллектуальные технологии, изменившие трудовую деятельность и быт человека;

- Смена секторов экономики: индустриальные секторы перешли в сферу услуг, не связанную с производством-рынок, финансы, медицина, образование и т.д.

- Изменилась социальная структура общества, увеличились группы, занимающиеся интеллектуальным трудом;

- Изменились социокультурные потребности и ценностные ориентации населения.

При рассмотрении исторических изменений института семьи интересующий нас вопрос-это вопрос перехода к современному состоянию семьи на доиндустриальный период. Семья патриархального типа характеризуется этнографическими данными. Производственно-хозяйственная деятельность в патриархальной семье определялась передачей воспитательных и профессиональных знаний и навыков подрастающему поколению, в такой семье преобладало укрепление моральных ценностей и религиозных традиций. Главной функцией семьи было увеличение численности населения. Патриархальная семья была источником благополучия и здоровья, присущие ей качества-уважение к старшим, забота о молодежи, обеспечение безопасности и социального управления. Семья рассматривалась как основа развития личности, не учитывалось влияние

других институтов в обществе (производство, система обучения, досуг, игры, развлечения, все было в семье). В связи с этим направленность личности формировалась исключительно в сторону семьи, ценность семьи, благополучие семейного коллектива определялись личностным благополучием личности. Такая направленность усилила мотивы многодетности семьи. Ведь в многодетной семье будет развиваться ее мощь и производство, которое будет зависеть от количества людей [2].

Вкратце рассмотрим следующие характеристики традиционной семьи:

- Характеристика семейной жизни, присущая традиционному обществу: «семья» «и» «экономика» - понятия неразличимые, а производственные отношения имели форму семейных, демографических отношений, рассматривались семейные проблемы, связанные с решением трудовых и имущественных вопросов. В такой семье взрослые, то есть взрослые, зависели от своих детей, в старости нуждались в заботе о детях, поэтому основное внимание уделяли передаче экономических ресурсов подрастающему поколению. В соответствии с этим мужчины и женщины, ориентированные на семью и хозяйственную систему, были дифференцированными, дополняли друг друга.

- Приоритет общественной жизни связан с развитием родственных отношений. Семья была многочисленной и строила сложную систему отношений.

- Во многом жизнеспособность крестьянской семьи была связана с землей. Земля рассматривается как главная жизненная гарантия семьи. В

связи с этим земля стала источником использования земельных ресурсов для семьи, т.е. получения дохода.

- Традиционная семья стала многодетной, она связала свою жизнеспособность с увеличением количества детей. Таким образом, семья боролась с смертельными случаями высокого уровня и продолжила свое существование. Поэтому в то время был большой запрет на аборты, прекращение жизни ребенка [3].

Рассмотренные 5 основных характеристик – семейная экономика, авторитет родственных связей, жизнеспособность семьи, тесно связанной с землей, многодетность, авторитет старших, по мнению А.Антонова, обеспечили стабильность семьи по сравнению с другими институтами.

Удлинение периода социализации детей сделало их экономически зависимыми от взрослых, тем самым произошло ослабление репродуктивной функции семьи. Но произошло снижение смертности среди детей. Развод семьи увеличился. Разрушение семейного производства изменило ценностные ориентиры прежней «семейной экономики». Образ жизни в городе ослабляет ценности создания семьи.

Обобщая отличительные признаки традиционной и современной моделей семьи, исследователи останавливаются на следующих характеристиках современной семьи:

- Родственные отношения в семье отходят от социально-экономической деятельности, тем самым основное внимание уделяется экономическим целям личности;

- Современные члены семьи различают дом и работу, они не связывают жизнеспособность семьи с хозяйственно-экономическими отношениями в семье, так как в обществе увеличивается количество видов наемного труда. Таким образом, член семьи получает экономическую личную автономию и свободу. Семейное хозяйство не разрушается, но его прежняя функция не становится главной.

- В ходе индустриальной модернизации общества плотность, прочность семейных отношений ослабевает, и члены семьи начинают отдаляться от семьи в соответствии со своими целями на территориальной и психологической основе, поскольку каждый член семьи поддерживает индивидуальный индивидуальный образ жизни .

- Социальная и географическая мобильность в традиционной семье, т. е. способность семьи приобретать социальный статус и профессиональную профессию отца или матери у мальчиков и девочек снижается, так как они не нуждаются в этом).

- В индустриальном обществе общие доходы, долг, семейная ответственность, забота о старших, снижение авторитета родителей и родственников переходят к ценностям

современного общества: самостоятельности, экономической независимости, личной успешности, т. е. «семейной направленности», переходят к «эгоцентризму».

- Происходит переход от системы семейно-родственных отношений, состоящих из преемственности трех поколений, к нуклеарным типам семей.

В них личные семейные связи оказываются выше родственно-родительских отношений, а также потребности и цели современной семьи зависят от интересов и потребностей каждого индивида [3].

Эти причины, связанные с социальной статистикой, привели к возникновению в обществе следующих социальных явлений: одиночество, несбыточность, одиночество и беспомощность пожилых людей, появление дома престарелых и сирот, увеличение числа матерей-одиночек, увеличение числа незаконно рожденных детей, увеличение числа «повторных семей», воспитание приемных детей, появление семей смешанного типа и и т.д.

Таким образом, общество трансформирует традиции, обычаи в семье, воздействуя на сознание личности. В условиях современного общества трансформация сознания людей оказывает свое влияние на трансформацию сознания личности. Говоря о фундаментальной потребности общества, следует отметить, что физический рост, рост или уменьшение численности населения напрямую зависит от разрушения или возобновления развития его социальной системы. Поэтому важно сохранить институт семьи в условиях какой-либо социальной системы. Не следует допускать, чтобы выполнение репродуктивной функции семьи стало целью других социальных институтов, так как негативная ситуация, происходящая в обществе, создает различные форматные типы семьи (робот-бабушка или папа, робот-мама, папа, внук и т.д.).

Например, по Р. Мертону, для превращения требований этого рованных нравов современной семьи современного общества в семейную традицию становится позитивным нравом, когда в качестве необходимого условия для качественного и количественного роста социальной системы, т. е. общества, принимаются новые традиции [4].

До сих пор семья выполняла присущие ей природные обычаи, тем самым повышая жизнеспособность общества, но сегодня появление не свойственных семье традиций, то есть роботов, которые играют роль членов семьи, становится препятствием для развития человечества, заставляет нас задуматься. Это явления, возникающие в плане развития технологий [5].

Большое внимание изменению семейных традиций, обычаев уделяет У. Огборн. По его мнению, появление современных нравов, связанных с какой-то семейной функцией, приводит к разрушению института семьи в целом.

Так, исследования отечественных и зарубежных ученых доказывают, что изменения в семье связаны с изменением современного состояния ее общества. т.е. появление трансформирывало доказано учеными (Мертон, Парсон) только из-за выполнения требований членов этого общества.

Но российский ученый А.И. Антонов до сих пор настаивает на том, чтобы доказать, что полученные под влиянием этих современных семейных традиций и обычаев результаты являются позитивным или негативным явлением для общества. По мнению А.И. Антонова, в современном обществе, насколько развиты технологии, можно сохранить те обычаи, которые связаны с природными функциями семьи. Поэтому сегодня в нашем обществе сохранение древних традиций без искажений становится важным механизмом развития нации, общества.

Недостаточное внимание общества к проблемам семьи приводит к развитию негативных социальных последствий, основными из которых являются: рост подростковой наркомании, раннее материнство и внебрачные дети, насилие над детьми в семье, социальное сиротство, появление детей не только матерями-одиночками, но и отцами-одиночками [6].

Во всех изменениях, присущих гендерным, социально-этническим, религиозным приоритетам, со временем в нашей стране преобладает положительная тенденция к сохранению, укреплению и совершенствованию семьи.

Но есть и другие проблемы, и их много: более раннее половое сношение, увеличение числа гражданских браков, получивших статус «правовой», расширение опыта объединений «примерка», увеличение социального сиротства, неполные семьи и малочисленность детей в казахстанской семье.

С другой стороны, трудности с многодетностью, как правило, относятся к категории бедных; злоупотребление алкоголем и бытовым насилием, наносящее ущерб семьям; инвалиды и семьи с ограниченными возможностями; слабая социальная защищенность казахстанской семьи. Главное-разводы. Их число неуклонно растет и, по статистике, каждая третья семья, проживающая в Казахстане, разводится через 5 лет.

Список использованной литературы

1. Антонов А.И. (ред.) Социология семьи. Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. М.: ИНФРА-М, 2019. - 640 с.
2. Жизнедеятельность семьи: Тенденции и проблемы / Отв. ред. Антонов А.И. - М., 2019.
3. <http://mirznanii.com/a/212114-2/problemu-izmeneniya-semi-v-sovremennom-obshchestve>
4. Мацковский М.С. Социология семьи: Проблемы теории, методологии и методики. - М., 1989
5. Мертон Р. К. Социальная теория и социальная структура // [Социологические исследования](#). - 1992. - № 2. 118-124 стр.
6. Молдабеков Ж.Ж. Қазақстанда ұлттық құндылықтарды сақтау және рухани жаңғыру мәселелері: әлеуметтік-гуманитарлық ұстанымдар, инновациялық көзқарастар, кәсіби ұстаздың ұлағаты. // «Заманауи қоғамдағы психологиялық ғылым және практика: Мәселелер, тәжірибе, болашақ» атты хылықарал. Ғыл№-практ. Конф. материалдары – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, 2018. – 456 б. -18 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Жанысбекова Шайзат Тұрақбайқызы

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2 курс докторанты,
sh_zhanysbekova@mail.ru

Бұл мақала оқушылардың бойында прагматикалық құзіреттілік қалыптастырудың негіздерін зерттейді. Прагматикалық құзіреттілік коммуникативтік құзіреттіліктің басты құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Сондықтан екі немесе одан да көп адамның арасындағы коммуникативтік байланыс прагматикалық құзіреттілік қалыптастырудың негізі бола алады. Прагматикалық құзіреттілік қалыптастыруға септігін тигізетін тағы бір негізгі әдіске мәдени және пікір алуантүрлілігіне байланысты қоғамдық-мәдени нормалардың да түрліше өзгеріп отыратындығын түсіндіруге бағытталған тапсырмалар жатады. Аталмыш құзіреттіліктің ана тіліндегі және өзге тілдердегі шынайы мысалдарын ұсыну әрекеттері де прагматикалық құзіреттілікті қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Прагматикалық құзіреттілікті оқытуды көздейтін мұғалім жоғарыда аталған негізгі әдістер мен құралдарға ерекше назар аударуы қажет.

Кілт сөздер: прагматикалық құзіреттілік, негіз, қоғамдық-мәдени нормалар, шынайы мысалдар, коммуникативтік құзіреттілік, мәдени және пікір алуантүрлілігі

В данной статье рассматриваются основы формирования прагматической компетентности учащихся. Прагматическая компетентность является одним из основных компонентов коммуникативной компетентности. Поэтому коммуникативная связь между двумя и более людьми может быть основой для формирования прагматической компетентности. Еще один основной метод, способствующий формированию прагматической компетентности, включает в себя задания, направленные на объяснение того, что социальные и культурные нормы изменяются по-разному в силу разнообразия культур и мнений. Реальные примеры вышеупомянутой компетенции на родном языке и других языках также являются необходимым условием формирования прагматической компетенции. Педагог, намеревающийся обучать прагматической компетентности, должен обратить особое внимание на перечисленные выше основные методы и средства.

Ключевые слова: прагматическая компетентность, основа, социокультурные нормы, реальные примеры, коммуникативная компетентность, разнообразия культур и мнений.

This article discusses the basics of the formation of students' pragmatic competence. Pragmatic competence is one of the main components of communicative competence. Therefore, a communicative connection between two or more people can be the basis for the formation of pragmatic competence. Another main method that contributes to the formation of pragmatic competence includes tasks aimed at explaining that social and cultural norms change differently due to the diversity of cultures and opinions. Real examples of the aforementioned competence in the native language and other languages are also a necessary condition for the formation of pragmatic competence. A teacher intending to teach pragmatic competence should pay special attention to the main methods and means listed above.

Key words: pragmatic competence, basis, socio-cultural norms, real examples, communicative competence, diversity of culture and opinion.

Прагматикалық құзіреттілік кез келген тіл үйренушіге бірқатар қиындықтар тудыратын коммуникативтік құзіреттіліктің маңызды аспектісі болып табылады. Белгілі бір шет тілін үйренуші өзі үйреніп жатқан тілді қолдану барысында сол тілдегі қоғамдық-мәдени ережелер мен нормаларды ескере алуы үшін прагматикалық құзіреттілігін жетілдіруі қажет. Ғалымдардың пайымдауынша, прагматика ғылымының зерттеулері тілдің қолданушысы тарапынан қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, прагматика ғылымы қарым-қатынас барысында тілді қолданушы қандай тілдік құралдарды таңдайды және қандай мәселелермен бетпе-бет келеді деген сауалдарды зерттейді. Сонымен қатар, бұл ғылымның аясына бір тараптың қолданатын тілдік бірліктері екінші тарапқа қалай әсер етеді деген мәселелер де кіреді. Сондықтан, прагматика ғылымын қарым-қатынас туралы ілім деуге толық негіз бар. Яғни, прагматикалық құзіреттілік аясында сөйлеуші екінші тараппен тиімді қарым-қатынас орнату үшін, анықталған контексттік жағдаяттарды ескере отырып, сөйлеу әрекетін ұйымдастырады дей аламыз. Прагматика ғылым саласы сөйлеу әрекетінің барысында қолданылатын маңызды тілдік ережелерден тұрады. Аталмыш ережелер арқылы сөйлеуші өзі қолданатын тілдік құралдардың қай кезде орынды немесе орынсыз болатыны туралы анализ жасауына мүмкіндік алады. Прагматикалық құзіреттіліктің мұндай параметрлері ескерілмеген жағдайда екі адамның арасындағы лингвистикалық байланыс немесе тілдесу әрекеті нәтижесіз аяқталады. Демек, прагматикалық құзіреттілік дегеніміз өзгелермен қарым-қатынас құру және сөйлеу әрекетін тиімді түрде жүзеге асыру туралы білім болып табылады [1]. Бұл мақала оқушылардың бойында прагматикалық құзіреттілік қалыптастыру негіздерін зерттейді. Ол үшін мақала алдымен прагматикалық құзіреттілік ұғымының мәнін толық

ашып, оны қалыптастыруға негіз болатын жағдайлар мен әдіс-тәсілдерді қарастырады.

Лингвистика ғылымының зерттеушілерінің айтуынша, әртүрлі тілде сөйлеушілер бір мазмұндағы сөздер мен сөз тіркестерін қолдануда бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Яғни, әртүрлі тілдегі грамматикалық және лингвистикалық құзіреттілігі тұрғысынан тең дәрежедегі екі сөйлеуші бірдей деңгейдегі прагматикалық құзіреттілік көрсете қоймайды. Бұл тұрғыда тілдерді оқытуда қолданылатын маңызды әрі кең таралған әдістер туралы да айта кетуіміз қажет. Жаһандану заманының елеулі өзгерістерінің легінде тілдің коммуникативтік немесе негізгі қарым-қатынас құралы ретіндегі рөлі арта түскендігі белгілі. Демек, кез келген тілді үйренуші немесе сол тілде сөйлеуші үшін тілді тек грамматикалық ережелер мен жазбаша талаптарға сай қолдану маңыздылығы ғана емес, оны өзге адаммен тілдік қарым-қатынас орнатып, түсінісу құралы ретінде пайдалану қажеттілігі артты. Бұл тұста кез келген шет тілін үйренуші ол тілде еркін сөйлеуші дәрежесіне жетуден гөрі оны жетік меңгеруге тырысуы қажет екендігін атап айтуымыз қажет. Яғни, тіл үйренуші өзі үйреніп жатқан тілдің барлық ережелері мен тілдік нормаларын оқып-біліп, ол тілде еркін сөйлеуші статусын алғанымен сөйлеу кезінде кейбір тілдік құралдарды мағыналық жағынан дұрыс қолданбауы мүмкін. Мұндай қателіктің алдын алу үшін сөйлеушілер өздері үйренген жаңа тілдің қоғамдық-мәдени аспектілерін ескере отырып, тілдік құралдардың түрлі контексттік қолданысымен таныс болуы қажет.

Прагматикалық құзіреттілік сөйлеу әрекетінің жағдаяттық қатыстылығын ескере отырып, қолданылған тілдік құралдардың мағынасын сөйлеуші мен тыңдаушыға барынша дұрыс түсіндіруге және қабылдауға көмектеседі. Аталмыш құзіреттіліктің қажеттілігі және маңыздылығы қазіргі заманауи қарым-қатынас мәдениетінің шарттарына сай, қоғамдық-мәдени аспектілер, жас ерекшеліктері, менталитеттік айырмашылықтар, білім мен қоғамдық дәреже секілді факторларды ескеру қажеттілігінен келіп шығады.

Жоғарыда атап өткендей, прагматикалық құзіреттілік коммуникативтік құзіреттіліктің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Яғни, екі немесе одан да көп адамның арасындағы коммуникация прагматикалық құзіреттілікті қалыптастырудың негізі бола алады. Сондықтан, жағдаяттық қарым-қатынас немесе ситуациялық сұрақтар, топтық жұмыстар мен өзара түсінісу әрекеттері бұл құзіреттілікті қалыптастырудың алғышарты ретінде қолданылуы тиіс. И. А. Цатуровтың айтуынша, екі адамның арасындағы диалог бұл екі жекелеген мәдениеттің немесе тұлғаландырылған екі мәдениеттің арасындағы диалог деп есептеледі [2]. Яғни, сөйлеуші белгілі бір мәдениеттің өкілімен тілдесу арқылы тұтас бір мәдениеттің тілдік ережелері мен қарым-қатынас нормаларымен таныса алады. Оқушылардың бойында прагматикалық құзіреттілік қалыптастырудың мәні мен әдістеріне тоқталмас бұрын, прагматикалық құзіреттілік не үшін қажет деген сауалға жауап ұсынылуы қажет. Көп жағдайда екі адамның арасындағы тілдік қатынаста тілдесушілер бір мағынаны білдіретін сөзді екі түрлі мағынада қабылдап, бір-бірін түсінбей, белгіленген мақсат орындалмай жатады. Бұл екі адамның мәдени ерекшеліктері мен өмір сүретін ортасындағы қоғамдық санаға сай қалыптасатын түсініктерге байланысты деп есептеледі. Осы тұста прагматика ғылымы тілді қоғамдық ережелерге сай қолдану жолдары мен үдерісін зерттейтіндігін еске сала кетуіміз қажет.

Жалпы күнделікті өмірде де тілдесушілер арасындағы диалогта сөздердің прагматикалық мағынасын түсінуде қиындықтар туып жатады. Бұл сөздердің мағынасын тура жеткізбей, контексттік мағынадағы түсіндіру әдісін қолданумен байланысты деуге болады. Әрине, бұл тұста сөйлеушілер сөздердің мағынасын неліктен тура жеткізбейді деген заңды сұрақ туындайды. Бұған себеп, түрлі мәдениеттердің дүниетанымы, көзқарасы мен жалпы түсінігіне байланысты кейбір сұрақтар мен сөздерді тура мағынасында жеткізу әбестік болып есептеледі. Мәселен, көп елдерде адамның жасын тікелей сұрақ ретінде "Сіздің жасыңыз нешеде?" деп сұрау орынды болса, американдықтар үшін мұндай сауалды тура мағынасында қою өте орынсыз әрі адамның жеке шекарасын таптаумен тең деп есептеледі. Ал кейбір мәдениеттерде бөлменің іші салқындап кеткенде "есікті жаба аламыз ба?" деген сұрақты төтесінен қоядан гөрі "бөлме салқындап кетті" деп астарлы мағынада

сөйлеуді жөн көреді. Мұндай контекстке сай қолданылатын тілдік ерекшеліктер мен нормалар тек әртүрлі тілдердің арасында ғана емес бір тілдің өз ішінде де кездесіп жатады. Сондықтан, кез келген тілді оқыту барысында, мейлі ана тілі, мейлі шет тілі болсын, оқушылардың бойында прагматикалық құзіреттілік қалыптастырудың маңыздылығы орасан зор.

Мектеп оқушыларының прагматикалық құзіреттілігін қалыптастыруда қолданылатын нақты әрі анықталған әдіс ретінде арнайы жағдаяттық немесе ситуациялық оқыту әдісін ұсынуға болады. Бұл әдіс аясында оқушылар ең кең таралған ситуациялық сұрақтарға жауап беруге және диалог құруға дағдыланады. Сынып сабақтарында арнайы сөз тіркестері мен тілдік құралдарды белгілі бір категорияларға бөліп қарастыру арқылы прагматикалық құзіреттіліктің мәнін ашуға болады. Мәселен, сабақта "кешірім сұрау" деген жағдаяттық категория қарастырылса, оқушылар бұл жағдайда қолдануға болатын барлық кешірім сұрау жолдарымен танысып, олардың қайсысы қай кезде қолданылатыны туралы ақпарат алады. Жасы үлкен кісілерден, мұғалімнен, көшедегі танымайтын кісілерден ресми түрде кешірім сұрау үшін "кешірім өтінемін, ғафу етіңіз, кешіріңіз" деген сөздер қолданылса, достар немесе құрдастар арасындағы кешірім сұрау әрекеті "кешір, ренжіме" деген сөздерді қамтиды. Бұл тұста оқушылардың бойындағы прагматикалық құзіреттілікті қалыптастыруды коммуникативтік оқыту әдісімен ұштастырудың тиімділігі жоғары. Яғни, оқушылар сынып сабақтарында тілдік құралдардың контекстке сай қолдану жолдарымен танысып қана қоймай, оларды шынайы ситуацияларда қолданып көруі қажет. Прагматикалық құзіреттілік қалыптастыруға негіз бола алатын мұндай әдіс рөлдік ойындар арқылы жүзеге асырыла алады. Мәселен, сыныпта талқыланып жатқан белгілі бір тілдік ережелер мен құралдардың әртүрлі жағдайдағы қолданысын талқылау үшін бір жағдайды түрлі контекстке сай өзгерту ойындарын ұйымдастыру қажет. Мұндай рөлдік ойындарға аэропортта түрлі адамдарды күтіп алу және әртүрлі адамдарға өзіңнің ішкі мәселелеріңді айтып беру секілді тапсырмаларды ұсынуға болады. Прагматикалық құзіреттіліктің шынайы өмірлік мысалдарымен таныстыру әдісі де оқушылардың бойында прагматикалық құзіреттілік қалыптастырудың негізі бола алады. Лимбергтің айтуынша, сынып сабақтарында оқушылардың ана тілі мен мәдениетін өзге елдердің тілі мен мәдениетімен салыстыру әдісі оқушылардың прагматикалық құзіреттілігінің негізі болатын мәдени нормалар туралы білімін қалыптастырады [3]. Прагматикалық құзіреттілік қалыптастырудағы бұл әдістің тиімділігін арттыру үшін оқушыларға мынадай жазбаша тапсырма ұсынуға болады:

Тапсырма: Сіз белгілі бір келеңсіз жағдайға тап болдыңыз деп есептеңіз. Бұл жағдайға қатысты өзіңіздің өкінішіңіз бен ренішіңізді досыңызға айтып жатырмын деп есептеңіз. Алдымен бұл тапсырманың жауабын ана тіліңізде жазып, сосын тікелей ағылшын тіліне аударыңыз. Екі тілдегі жауаптың қандай айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар? Бұл әдістің тиімділігін арттыру үшін өзге тілдегі прагматикалық құзіреттіліктің шынайы мысалдарын ұсынатын мәтіндер мен видеожазбалар да қолданған тиімді. Прагматикалық құзіреттілікті қалыптастыруда ескерілуі тиіс тағы бір мәселе тілдесушілердің эмоциялары болып табылады. Кейде тілдесушілердің айтып жатқан сөздері олардың шынайы ойын білдірмей, адамның дауыс ырғағынан, дене тілінен білінетін эмоциялар айтылып жатқан сөздердің шынайы мағынасын көрсетуі мүмкін. Мәселен, бір адамнан көңіл-күйіңіз қалай деп сұраған кезде жақсы деп ақырын дауыспен немесе көңілсіз нотада жауап беретін болса, онда бұл адамның көңіл-күйі шын мәнінде жақсы емес дегенді білдіреді. Сондықтан, прагматикалық құзіреттілік қалыптастыруда сөйлеушілердің қоғамдық-мәдени ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар олардың психо-эмоционалдық жағдайларына да мән берілуі қажет. Ол үшін сабақ барысында оқушыларға арнайы тексттерді оқыта отырып, ондағы кейіпкерлердің шынайы сезімдерін анықтауға бейімдеу қажет. Бұл жаттығуды топтық тапсырма ретінде ұсынып, текстті бір оқушыға оқытып, екінші оқушы кейіпкердің сезіміне баға беруге негіздеген тиімдірек болып есептеледі. Себебі, сөйлеуші өзінің сөйлеу интонациясы, тоны немесе ритміне қарағанда өзге адамның сөйлеу әрекетіндегі аталмыш белгілерді тыңдау арқылы прагматикалық құзіреттілік қалыптастыра алады. Сонымен қатар,

прагматикалық құзіреттілік адамдардың өзара қарым-қатынас құруына бағдар беретін белгілі бір қоғамдық ережелер мен нормалардың жиынтығы деп есептеледі. Осы себепті, сөйлеу әрекетіндегі аудиториямен байланыс орнату қабілеті және дене тілі деген секілді параметрлер де прагматикалық құзіреттілік аясына кіреді деп есептеледі.

Қоршаған ортамен тығыз байланыс орната отырып, екінші тараппен толық түсінісу фактілері прагматикалық құзіреттілік қалыптастырудың негізі екендігі жоғарыда аталып өтілді. Сондықтан, мұғалімдер мектеп оқушыларының прагматикалық құзіреттілігін қалыптастыру және дамыту үшін мынадай ережелерді есте сақтауы қажет:

1. Оқушылардың өзара тілдесулеріне мүмкіндік беру үшін топтық тапсырмалардың маңыздылығын арттыру қажет. Топтық жұмыстардың барынша нәтижелі әрі тиімді түрде жүзеге асуы үшін топ мүшелерінің таңдалу ережелері де қатаң сақталуы керек. Яғни, мұғалім қай кезде топ мүшелерін өзі бөлуі қажет, ал қай кезде топ мүшелерін оқушылардың өздері таңдау керектігін түсіне алуы қажет. Мәселен, этикалық талқылауларды талап ететін тақырыптарда топ мүшелерін оқушылардың өздері таңдағаны дұрыс, себебі бұл тапсырманың басынан оқушылардың өздеріне деген сенімділігін қамтамасыз етеді. Сәйкесінше, мұндай сенімділік оқушылардың тиімді түрде әрекеттесуіне жол ашып, тапсырманың нәтижелілік деңгейін арттыра түседі.

2. Оқушыларды сыныпта отырғызу әдістері де олардың коммуникациясының тиімділігіне әсер етеді. Дәстүрлі оқыту әдісінде мұғалім сыныптың басындағы партада, ал оқушылар қатар-қатарымен сыныптың ортасынан соңына дейін орналасқан парталарда отыратыны белгілі. Мұндай жолмен бөлінген сыныпта мұғалім сұрақ қояды, оқушы оған жауап береді және соңында мұғалім оқушының жауабына қатысты өзінің пікірін білдіреді. Аталмыш тәсілмен оқытылатын дәстүрлі сабақтарда мұғалімді негізгі кейіпкер ретінде қарастыру орынды әрі нәтижелі деуге де болады. Бірақ, бұл әдіспен оқытылған балаларда прагматикалық құзіреттілік дамиды дегенге сену қиын. Себебі, олар тек мұғалімнің бағдарымен білім алып, белгілі бір шеңбердің ішінде ғана ойлана алады. Яғни, олар өзге оқушылардың пікірлерін естіп, пікір және мәдениет алуантүрлілігіне сүйене отырып, өзінің сөйлеу әрекеттері үшін белгілі бір ережелер мен нормалар қалыптастыра алады. Сол себепті, оқушылардың бойында прагматикалық құзіреттілік қалыптастыруды көздейтін сыныптарда оқушылар квадрат немесе дөңгелек түрінде отырғызылуы тиіс. Бұл оқушылардың оңай пікір алмасуына мүмкіндік беріп қана қоймай, оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланысқа да өзгеше мән береді [4].

3. Оқушылардың сұраққа жауап беретін уақыты ойлануға жеткілікті болып, оларға айтылым мен тыңдалым дағдыларын байланыстыра алуға мүмкіндік беруі қажет. Көп жағдайда мұғалімдер оқушыларға ойлануға уақыт бермей, қойылған сұрақтарға бірден жауап беруді талап етіп жатады. Мұндай жағдайда оқушылар ақпаратты жаттап алуға дағдыланып, қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін ғана дамыту қаупі жоғары. Ал егер мұғалімдер оқушыларға ойлануға біраз уақыт беретін болса, оқушылар өздерінің критикалық ойлау қабілетін дамыта отырып, анализ жасауға үйренеді. Яғни, олар қойылған сұрақтың нақты жауабын білмесе де, берілген уақыт ішінде сұрақты саралап, өздерінің бұрынғы білімдері мен сұрақтың арасындағы логикалық байланысты таба отырып, пікір білдіреді. Бұл арқылы оқушылар айтылым мен тыңдалым дағдыларын байланыстыра отырып, ойлау арқылы үйренуге бейімділеді. Ал мұндай мүмкіндік және дағды өз кезегінде прагматикалық құзіреттілік қалыптастырудың негізі бола алады. Себебі, оқушылар белгілі бір тілдік құралдарды қолданатын барлық контекстпен таныс болмаса да, бұл контексттерді мағыналық тұрғыдан болжап білуге үйренеді [5]. Жоғарыда берілген мәліметтерге сүйене отырып, оқушылардың бойында прагматикалық құзіреттілік қалыптастыруда мұғалімнің рөлі зор екендігін түсінуге болады. Яғни, мұғалімнің сабақ және жалпы сыныпты ұйымдастыру әдістері мен оқушыларға қоятын талаптары тікелей прагматикалық құзіреттіліктің қалыптасуына септігін тигізеді. Бұл тұрғыда мұғалім оқушылардың көз алдындағы прагматикалық құзіреттіліктің жалғыз шынайы мысалы болғандықтан, олар мұғалімді өздеріне үлгі тұтады. Сондықтан, прагматикалық құзіреттілікті оқытуды көздейтін

мұғалімнің білімі мен тәжірибесі белгілі бір талаптарды қанағаттандыра алуы тиіс. Прагматикалық күзiреттiлiктi оқытатын мұғалімнің төмендегi салалар бойынша білімі болуы тиіс:

1. Пәнге қатысты білім-оқушыларға прагматикалық әртүрлілік туралы білім ұсыну қабілеті -оқытылатын тілде түрлі прагматикалық нормалар болатындығы туралы білім мета-прагматикалық білім

2. Педагогикалық мазмұндағы білім - оқытылатын тілдің прагматикасын қалыптастыру туралы білім-белгілі бір тілдегі прагматикалық қабілетті бағалау білімі

3. Тіл үйренушілер және оқыту мазмұны туралы білім -оқушылардың жеке ерекшеліктері, мәдениеті және тілді меңгеру деңгейі секілді белгілер туралы білім-прагматикаға негізделген бағдарлама туралы білім -кез келген тілдегі прагматикалық күзiреттiлiктiң оқу контекстiндегi маңыздылығы туралы білім [6]

Қорытындылай келе, прагматикалық күзiреттiлiк тіл үйрену процесiнiң ажырамас бөлiгi деуiмiз қажет, себебi ол тілдесушiлердiң түрлі тілдік және мәдени ерекшелiктерiне қарамастан тиiмдi қарым-қатынас құруға мүмкiндiк бередi. Ал оқу орындарындағы сынып сабақтары оқушыларға тілді әртүрлі жағдайларға байланысты түрлендiрiп қолдану тәжірибесiн беретiн ең қауiпсiз орта екендiгi белгiлi. Сондықтан, мұғалім өзiне жүктелген сенiм мен жауапкершiлiктi түсiнiп, прагматикалық күзiреттiлiк қалыптастырудың негiзгi әдiстерi мен құралдарына аса қатты мән беруi қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Раджабия Ш., Азизифара А., Гоухари Х. Прагматикалық күзiреттi дамытуға айқын нұсқаудың әсерi; EFL ағылшын тілін үйренушiлерге оқыту сұраныстары, Procedia – Әлеуметтік және мiнез-құлық ғылымдары. 2015.-№ 199.- 231 – 239 бб.
2. Цатурова И.А. Концепция М.М. Бахтина Диалог культур – методологическая основа обучения языкам и культурам // Актуальные проблемы современного иноязычного образования. – Курск: гос. ун-т, 2005.
3. Лимберг Х. Прагматиканы оқыту принциптерi: EFL сыныптарында кешiрiм сұрау жолдары. ELT журналы, 2015.-№ 3.- 275–285бб.
4. Александр Р. Мәдениет, диалог және оқу. Мектептердегi әңгiменi зерттеу. Лондон: SAGE басылымдары. 2008.
5. Мерсер Н. және Доус Л. Зерттеушiлiк әңгiменiң құндылығы. Мектептердегi әңгiменi зерттеу. Лондон: SAGE басылымдары. 2008.
6. Ишихара Н. Мұғалімдердiң прагматикасы: білім, сенiм және тәжірибе. Н.Ишихара және А.Д.Коэн (Ред.), Прагматиканы оқыту және оқу: мәдениет пен тіл тоғысқан жерде, Харлоу: Пирсон білімі. 2010.- 21-36 бб.

ӘОЖ 373.24

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Заутбекова Д.С.¹, Тилеубаева Н.Н.²

¹*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің студенті, Көкшетау қ.,*
zautbek.diana@mail.ru

²*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті докторанты, Алматы қ.,*
naza1972@mail.ru

Аннотация. Мақалада балалардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына әлеуметтік-психологиялық бейімделу жағдайларын анықтау, теориялық негіздеу қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесі өзекті, өйткені оның физикалық және психологиялық дамуы, балабақшада және отбасында одан әрі қауіпсіз болуы баланың жаңа тәртіпке, бейтаныс ересектер мен құрдастарына қалай үйренетініне байланысты. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің негізгі құндылығы - әр баланың денсаулығының барлық компоненттерін сақтау және нығайту: физикалық, жүйке-психикалық және әлеуметтік-психологиялық. Бейімделу кезеңінде бұл міндет басымдыққа ие, өйткені дәл осы сәтте бала психикалық және эмоционалды күйзеліске ұшырайды. Сондықтан мақалада мектепке дейінгі ұйымға баланың бейімделу сатысы негізгі нысан болып қарастырылады.

Тірек сөздер: бала, бейімделу, жеке ерекшеліктер, тәрбиеші тұлғасы

Аннотация. В статье рассматривается определение, теоретическое обоснование условий социально-психологической адаптации детей к дошкольным образовательным организациям. Актуальна проблема социально-психологической адаптации дошкольников к условиям дошкольного образовательного учреждения, так как его физическое и психологическое развитие, дальнейшее безопасное пребывание в детском саду и семье приводит ребенка к новому порядку, зависит от того, как ребенок привыкает к взрослым и сверстникам. Основная ценность Министерства образования и науки Республики Казахстан - сохранение и укрепление всех компонентов здоровья каждого ребенка: физического, нервно-психического и социально-психологического. В период адаптации эта задача является приоритетной, так как именно в этот момент ребенок испытывает психическое и эмоциональное напряжение. Поэтому в статье рассматривается этап адаптации ребенка к дошкольной организации как основной объект.

Ключевые слова: ребенок, адаптация, индивидуальные особенности, личность воспитателя

Annotation. The article discusses the definition and theoretical justification of the conditions of socio-psychological adaptation of children to preschool educational organizations. The problem of socio-psychological adaptation of preschoolers to the conditions of a preschool educational institution is urgent, since their physical and psychological development, further safe stay in kindergarten, and family leads the child to a new order, depending on, how a stranger gets used to adults and peers. The main value of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan is the preservation and strengthening of all components of each child's health: physical, neuropsychic, and socio-psychological. During the adaptation period, this task is a priority, since it is at this moment that the child experiences mental and emotional stress. Therefore, the article considers the stage of adaptation of a child to a preschool organization as the main object.

Keywords: child, adaptation, individual characteristics, the personality of the educator

Әлеуметтік педагог қызметінің маңыздылығы - бала мен отбасындағы әлеуметтік проблемалардың шешімін тауып, үйлестіру. Проблемалық қауіпті өмір жағдайындағы балаларды дер кезінде анықтауы, баланың әлеуметтік тұрақтануы үшін кедергі, қиындақтарды жеңу және оған қолайлы жағдай жасауы өз жұмысын дұрыс ұйымдастыруда нәтиже береді.

Түйінді сөздер: әлеуметтік педагог, өзараіс-қимыл, отбасы.

Аннотация. В статье рассматривается важность соотношения социального педагога с семьей. В настоящее время многие семьи нуждаются в помощи и поддержке, чтобы в полной мере выполнять задачи, требуемые обществом в воспитании детей. Особенно нужна такая помощь неполным, многодетным, малообеспеченным семьям. Определены виды социально-педагогической поддержки, социальной помощи неблагополучным семьям.

Важность деятельности социального педагога-умение находить и координировать решение социальных проблем ребенка и семьи. Своевременное выявление детей в проблемно-опасных жизненных ситуациях, препятствие для социальной стабилизации

ребенка, преодоление трудностей и создание для него благоприятных условий дают результаты в правильной организации своей работы.

Ключевые слова: социальный педагог, взаимодействие, семья.

Annotation. The article discusses the importance of the relationship of a social pedagogue with the family. Currently, many families need help and support in order to fully fulfill the tasks required by society in raising children. Such assistance is especially needed for complete, large, low-income families. The types of socio-pedagogical support, social assistance to disadvantaged families are defined.

The importance of the activity of a social pedagogue is the ability to find and coordinate the solution of social problems of the child and the family. Timely identification of children in problematic and dangerous life situations, an obstacle to the social stabilization of the child, overcoming difficulties and creating favorable conditions for him give results in the correct organization of his work.

Keywords: social pedagogue, interaction, family.

Қазіргі уақытта көптеген адамдар үшін ең маңызды құндылықтардың бірі-отбасы. Адамдар отбасы институтын бағалайды және құрметтейді, бір-бірімен байланыста болуға, мүмкіндігінше көмектесуге тырысады. Бірақ бұған бәрі бірдей жауапкершілікпен қарай бермейді. Отбасылардың проблемалары кез-келген зерттеу саласында әрдайым өзекті болды, сондықтан бұл мәселеге байыпты қарау керек. Адам өмір бойы отбасымен байланысты сезінеді, кез-келген өмірлік жағдайда отбасы адамның өміріне әсер етеді және онымен бірге жүреді. Оның рөлі өте жоғары.

Отбасы әлеуметтік институт ретінде өте нәзік және ерекше әлеуметтік әсер ету объектісі болып табылады. Отбасылық қатынастар жүйесі күрделі құрылымға ие және тек сыртқы ғана емес, сонымен қатар ішкі факторларға да байланысты.

Қазіргі әлемде, біздің қоғамда бір ата-анадан тұратын толық емес отбасылар әлеуметтік-педагогикалық қызметтің объектісіне айналады. Мұндай отбасыларда көбінесе материалдық проблемалар туындайды және жалғыз ата-ана балаларының ақшалай қамтамасыз етуі керек болады, содан кейін бала қараусыз қалады, солай ата-ананың қарапайым үй тапсырмасын тексеруге уақыты жетіспейді. Әлеуметтік педагог осындай отбасыларға көмектесуге, балаларға жеке көмектесуге, отбасы мен отбасылық құндылықтарды нығайтуға үлес қосады. Бұл жұмыстың қазіргі заманда өлшеусіз маңызы бар.

Бала кезде кез-келген адамның жеке басының қалыптасуы мен сауатты қалыптасуы үшін отбасылық өмір маңызды рөл атқарады. Бұл тек бала мен ата-ананың қарым-қатынасында ғана емес, сонымен бірге ересектердің де қатынасына байланысты. Баланың жүйке белсенділігіне ата-аналардың жанжалдары, өтіріктері, ата-аналар арасындағы төбелестер тікелей әсер етеді. Мұның бәрі әдетте баланың көз алдында болады. Бұлар отбасының дағдарыс жағдайында екенін көрсетеді. Мұндай отбасылық одақты қолайсыз деп атауға болады және ондай отбасы көмекке мұқтаж. Өйткені мұндай отбасыларда балалар ауыр психологиялық жарақат алады, бұл олардың болашақ әл-ауқатына және жалпы тағдырына аянышты әсер етеді.

Осыған сүйене отырып, мынандай қорытынды жасауға болады – баланың эмоционалды тұрақтылығы, мінез-құлқы және психикалық жағдайы отбасылық әл-ауқаттың өлшегіші болып табылады.

Отбасылардың түрлері өте көп. Әр отбасы әлеуметтік педагогтың жұмысы ұсынатын қолдау мен көмекті қажет етеді. Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты-баланың дамуы үшін барлық аспектілерде қолайлы жағдайлар жасау, балаға жан-жақты және сауатты әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету. Әлеуметтік педагог-бала мен ересек адам арасындағы, бала мен оның қоршаған ортасы арасындағы делдал.

Әлеуметтік педагогтың отбасымен өзара әрекеттесуінің үш моделі анықталды.

Бірінші моделі балаларға алаңдайтын көршілердің, туыстарының, ауылдастарының әлеуметтік қорғау мекемесіне немесе білім беру ұйымына жасаған мәлімдемесіне негізделген.

Екінші моделі әлеуметтік мұғалімнен көмек сұраған ата-аналардың бастамасымен құрылған.

Үшінші моделі өзінің жауапкершілік аймағында "тәуекел тобындағы" отбасыларды анықтаған және оларға әлеуметтік – педагогикалық көмек көрсету жөніндегі шаралар жүйесін іске асыратын әлеуметтік педагогтың бастамасына негізделген.[1,45]

Т. В.Кротова ата - ана мен педагогтың өзара әрекеттесуінің негізінде тікелей қарым-қатынас, байланыс орнату екендігі дәлел деді. Бұл жеке көзқарас мүмкіндігі, өзара әрекеттесудің тұрақтылығы, "кері байланыстың" болуы сияқты көптеген артықшылықтар береді. Демек, қарым-қатынас арқылы ата-аналармен байланыс орнату және педагогикалық білім беру әлеуметтік педагогтардың жұмысын жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі болуы керек.[2,168]

Әлеуметтік педагогтың гуманистік бағыттағы және қарым-қатынас орнату сияқты қасиеттерін ерекше атап өту керек. Гуманистік бағыт – бұл адамдармен қарым-қатынас саласындағы құндылық бағдарлары мен семантикалық көзқарастар жүйесі, бұл адамдарға моральдық тұрғыдан тәрбиеленген көзқарасты, олардың құндылығы мен маңыздылығын түсінуді білдіреді. Гуманистикалық бағыт-гуманизм мен адамзаттың көрінісі-әлеуметтік педагогтың негізгі сипаттамалары.

Қарым – қатынас орнату – бұл адамның ұйымдастырушылық – коммуникативті іс – әрекетке психикалық дайындығы, ол отбасымен қарым-қатынас жағдайында мейірімді мінез-құлыққа бейімділікпен, тыңдау, әңгімені қолдау, дұрыс қарым-қатынас формасын табу қабілетін білдіреді.

Әлеуметтік педагог іс-әрекетінің объектісі ретінде “әлеуметтік педагог пен отбасы” бір-біріне белгілі бір эмоционалды қатынастарды қалыптастырады, нәтижесінде сенімділік пайда болады, өзара әрекеттесуге деген ұмтылыс пайда болады. Кәсіптің этикалық жағына қойылатын талаптар педагогты отбасы мүшелерін сыртқы келбетіне, мінезіне, кәсібіне, әлеуметтік жағдайына қарамастан, сол күйінде қабылдауға итермелейді. Вербалды емес сипаттамалар да маңызды: күлімсіреу, дауыс тембрі, қимылдар.

Әлеуметтік педагог мамандығының иесі гуманист, биік рухани және жоғарғы деңгейдегі мәдениетті педагог, психолог, баланың білім алуына, тәрбиесіне, дамуына байланысты, оны қорғауға өзін белсенді рөл атқаратынын түсіне алуы, тұрақты адамгершілік қағидасы, құзыреттілігі болуы тиіс. Белгілі бір нәтижеге жету үшін әлеуметтік педагогикалық жұмысты жоспарлауды, білім мен іскерлікті орынды пайдалану, педагогиканың жаңа белсенді әдістерін меңгеру, оқыту мен тәрбиелеудің формаларын білуі қажет. Әлеуметтік педагог ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, оларға жеке кеңес беріп, отбасылық мәселелерді бірлесе шешуге көмектеседі. Әлеуметтік педагог-диагностикалық қызмет; өз қызметінде көмекті қажет ететін балаларды анықтау;кәмелетке толмағандардың, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру, «қиын оқушылармен» жұмыс, сынып жетекшілері, медициналық қызметкерлер, ата-аналар комитетімен, пән мұғалімдерімен қарым- қатынасты үйлестіру.

Қарапайым педагогқа қарағанда, әлеуметтік педагогтің рөлі, ең алдымен, білім беру емес, тәрбиелеуде, оның әлеуметтік көмек беру және қорғау функциясында. Әлеуметтік педагогтің отбасымен жұмысының негізгі бағыттары:

- ата-аналарды ағарту және кеңес беру;
- жайсыз отбасыларын диагностикалау және патронажға алу;
- жеке бейәлеуметтік топтарға басқа бағдар беру және оларды «бұзу» жөніндегі жұмыс;
- жаңа рөлдерге бейімделуге көмектесу;
- қызметтің қанағаттанарлық салаларын табуға көмектесу;
- жас отбасыларына кеңес беру;
- кәсіби бағдар алуға көмектесу;

- топтық, отбасылық сауықтыруды ұйымдастыру;
- жалғызбасты адамдарға көмекберуді ұйымдастыру;
- үйінде және арнайы мекемелерде әлеуметтік назарды талап ететін адамдарды анықтау;

- микро социумда қария адамдардың белсенділік көрсетуі және олардың мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау.

Әлеуметтік педагогтың осындай отбасылармен жұмысының негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- Осындай отбасыларды анықтау
- Заң көмегін көрсету
- Қажет болған жағдайда психологиялық көмек қызметіне жолдау
- балалардың бос уақытын және демалысын ұйымдастыру
- жұмысқа орналасуға көмек көрсету
- кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру
- қауымдастықтар, бірлестіктер, өзіне-өзікөмектесу топтарын құруға көмектесу
- әртүрлі курстарды ұйымдастыруға көмектесу
- арнайы қорларды құру [3,286-293]

Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс баланың жеке басын әлеуметтендірудегі рөлін арттыруда шексіз мүмкіндіктер ашады. Алайда, бұл әрекетті отбасымен ұйымдастырған кезде бірқатар психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді ескеру қажет. Біріншіден, әлеуметтік-педагогикалық жұмысты өзгерту әрекеті ретінде түсініп, қандай жағдайда сыртқы әсерлер ішкі әсерге ауысатынын және жеке тұлғаның өзгеруіне әкелетінін, сондай-ақ осы процестегі жеке тұлғаның рөлін ескеру қажет.

Әлеуметтік-психологиялық жұмыс арқылы отбасына әсер етудің екінші психологиялық-педагогикалық ерекшелігі, мәселе бойынша әдебиеттерді талдау көрсеткендей, отбасына-жүйеге араласудың негізділігі.

Отбасымен әлеуметтік жұмыстың үшінші психологиялық-педагогикалық ерекшелігі- бұл отбасы жүйе болып табылады және өзгерістерді жүзеге асыру үшін оған кіру керек. Жалпы, жүйеге әсер ету сырттан да мүмкін, бірақ ол аз тиімді, сондықтан тиімді жол - жүйеге ішкі әсер ету, бұл оған кіруді талап етеді.

Әлеуметтік тәрбиеші отбасына іштей әсер етіп, қажетті өзгерістер енгізу үшін кіруі керек. Кіру -бұл отбасының (жүйенің) бір бөлігі болуды білдіреді. Бұл жағдайда оның ішіндегі осы жүйеге (немесе ішкі жүйеге) белгілі бір ұқсастығы болуы керек, әйтпесе ол оны қабылдамайды.

Отбасымен әлеуметтік жұмыстың келесі психологиялық-педагогикалық ерекшелігі- әлеуметтік мұғалім мен отбасы-жүйе (отбасының әрбір мүшесі) арасындағы қарым-қатынаста эмоционалды өріс құру. Ол келесі компоненттерден тұрады: әлеуметтік мұғалімнің Клиентті отбасының бір бөлігі ретінде тыңдау қабілеті-жүйе, оны клиентке көрсету қабілеті және клиенттің айтқанын түсіну қабілеті. Бұл іс жүзінде эмпатикалық іс-әрекет шеберлігі немесе қарым-қатынастың өзіндік моделі [4, 67-72].

Әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмысының бір түрі - әлеуметтік патронаж, ол диагностикалық, бақылау, бейімделу және оңалту мақсаттары бар отбасына үйде баруды білдіреді, бұл отбасымен ұзақ мерзімді байланыс орнатуға және қолдауға, оның проблемалық жағдайларын уақтылы анықтауға, жедел көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Патронаж отбасын табиғи жағдайда бақылауға мүмкіндік береді. Бұл жер бетіне қарағанда көбірек ақпаратты анықтауға мүмкіндік береді. Патронаж жүргізу бірқатар этикалық қағидаларды сақтауды талап етеді: отбасының өзін-өзі анықтау қағидаты, көмек қабылдаудың еріктілігі, құпиялылық, сондықтан отбасын алдағы сапар және оның мақсаттары туралы хабардар ету мүмкіндіктерін табу керек.

Әлеуметтік мұғалімнің қызметінде маңызды орын алатын патронажбен қатар, отбасымен жұмыс жасаудың бір түрі ретінде кеңес беру әңгімелерін бөліп көрсету керек.

Анықтама бойынша кеңес беру негізінен өмірлік міндеттерді шешуде қиындықтарға тап болған дені сау адамдарға көмек көрсетуге арналған.

Әлеуметтік тәрбиеші отбасымен жұмыс жасай отырып, кеңес берудің кең таралған әдістерін қолдана алады: эмоционалды инфекция, ұсыныс, сендіру, көркемдік ұқсастықтар, мини - тренингтер және т. б.

Жеке консультациялық әңгімелермен қатар отбасымен (отбасыларымен) жұмыс істеудің топтық әдістері - тренингтер қолданылуы мүмкін.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг қарым-қатынаста құзыреттілікті дамыту мақсатында топтық психологиялық жұмыстың белсенді әдістерін қолдануға бағытталған практикалық психология саласы ретінде анықталады.

Топтық жұмыс әдістері ата-аналарға бір-бірімен тәжірибе алмасуға, сұрақтар қоюға және топта қолдау мен мақұлдауға ұмтылуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ақпарат алмасу кезінде көшбасшы рөлін қабылдау мүмкіндігі ата-аналардың белсенділігі мен сенімділігін дамытады.

Әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмысының тағы бір түрі - отбасының әлеуметтік - педагогикалық мониторингі - бұл отбасында болып жатқан процестер туралы Әлеуметтік - педагогикалық ақпаратты мерзімді жинау, жинақтау және талдаудың ғылыми негізделген жүйесі және осы негізде стратегиялық және тактикалық шешімдер қабылдау.[5,79]

Қорытындылай келе, елімізде әлеуметтік педагог мамандарының маңызы зор, соның ішінде отбасымен жүргізілген әлеуметтік жұмыстың орны ерекше.

Баланың өмірге әлеуметтік бейімделуі кезіндегі проблемаларын отбасымен бірлесе шешу, шешу жолында отбасына әлеуметтік көмектің барлық түрін көрсету біздің басты міндетіміз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Касымова Р.С.(2020).Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы: Оқу құралы. Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 200 б.
- 2.Кротова Т. (2016).В.тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қарым-қатынас саласында мектепке дейінгі білім беру мекемесі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту. Диссертация ... педагогика ғылымдарының кандидаты. Мәскеу.
- 3.Fyer, A. J., Mannuzza, S., Chapman, T. F., Liebowitz, M. R., & Klein, D. F. (1993). A direct-interview family study of social phobia. Archives of General Psychiatry, 50, 286–293.
- 4.Шакурова М.В.(2007).Методика и технология работы социального педагога: учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по специальности "Социальная педагогика" - М.: Академия, 272 с.
5. Гуров В.Н.(2002) Социальная работа школы с семьей: Учеб. пособие для студ. ВУЗов - М.: Педагогическое общество России, 191 с.

ӘОЖ 373.3.016

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМАУЫНА МУЛЬТФИЛЬМДЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

Атахан Ә.Ө., магистрант

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

E-MAIL: a.atakhan@bk.ru

Аннотация. Мақала мазмұнында анимацияның даму тарихы сипаттала отырып, бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық жағдайына мультфильмдер қалай

әсер ететіні баяндалады. Мультфильмдердің балаға оң және теріс әсер етуі өзара салыстырмалы түрде беріледі. Мультфильм мазмұнына талдау жасай отырып, олардың кіші мектеп жасындағы балаларға берер тәрбиелік мәні төрт топқа бөліп қарастырылады.

Тірек сөздер: анимациялық фильм, балалық шақ, тәрбие.

Аннотация. Содержание статьи описывает историю развития анимации, а также описывает, как мультфильмы влияют на психологическое состояние детей младшего школьного возраста. Сравняется положительное и отрицательное влияние мультфильмов на детей. Анализируя содержание мультфильмов, их воспитательное значение для детей младшего школьного возраста, можно выделить четыре группы.

Ключевые слова: анимационный фильм, детство, воспитание.

Annotation. The content of the article describes the history of the development of animation, and also describes how cartoons affect the psychological state of children of primary school age. The positive and negative impact of cartoons on children is compared. Analyzing the content of cartoons, their educational value for children of primary school age, four groups can be distinguished.

Key words: animated film, childhood, education.

Кіріспе. Адамның тұлға болып қалыптасуы балғын балалық шақтан басталады. Бүгінгі таңда балалардың дамуына әсер етудің негізгі құралының бірі – мультфильм екені ащы болса да шындық. Себебі, қазіргі заманда мультфильмнің бала өмірінде алар орны ерекше, ешбір жан балалық шағын мультфильмсіз елестете алмайды. Алайда қазір біз үлкен буын мен аға буын өкілдерінен заманауи мультфильмдердің кіші жастағы мектеп оқушыларының дамуына жан-жақты әсер ететінін жиі естудеміз. Мухина В.С. өз еңбегінде былай келтірген: «Балалар үшін мінез-құлық үлгілері, ең алдымен, ересектердің өздері - олардың іс-әрекеттері, қарым-қатынастары. Балаға ең маңызды әсер - оның айналасындағылардың мінез-құлқы. Ол оларға еліктеп, мінез-құлқын қабылдауға бейім, олардан адамдарға, оқиғаларға, заттарға деген бағалауды алуға бейім. Дегенмен, мәселе тек жақын адамдармен шектелмейді. Балалар тобында мақұлданған және танымал құрбыларының мінез-құлқы да балаға үлгі бола алады. Ақырында, белгілі бір ерекшеліктерге ие болған ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетінде берілген мінез-құлық үлгілері айтарлықтай маңызға ие»[1, 157 б.].

Осы тұста қаралымы көп, қазіргі тілмен айтқанда трендтегі мультфильмдер мазмұны екі көзқарасты тудырады. Алғашқысында «Қазіргі барлық мультфильмдер кіші жастағы оқушылардың психологиялық жағдайына оң әсер ете бермейді. Өйткені басым көпшілік мультфильм мазмұнында зорлық-зомбылық, дөрекілік, теріс ниеттілік, балағаттау, бұзақылық секілді жағымсыз эмоционалды кейіпкер бейнесі сомдалады» деп келтірсе, енді бірінде «Мультфильм мазмұны мейірімділік, сыйластық, үлкенге құрмет, имандылық сезіміне басым болатын сюжеттер баланың үйлесімді дамуына ықпал етеді» деп біледі. Осыған орай зорлық-зомбылық көп кездесетін мультфильм сюжеттері балада алаңдаушылықты, қорқынышты, үлкендермен және балалармен қарым-қатынаста сенімсіздікті дамытады деп дәл басып айта аламыз. Ал, мультфильмнің қазіргі кездегі тәрбие құралына айналуына себебін Собкин В.С. мен Казначеева К.Н. еңбегінде «Бірнеше жыл бұрын осы жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті ойын, сурет салу, модельдеу және оқу, ертегі тыңдау болды. Қазіргі уақытта бұл әрекеттердің барлығы негізінен мультфильмдерді көрумен ауыстырылды. Әлеуметтанушылардың пікірінше, мектеп жасына дейінгі бала барлық бос уақытының 20-дан 40%-ға дейінін теледидар экранында өткізеді» - деп келтіреді [2].

Зерттеу материалдары. Анимация – бұл киноиндустрияның көлемді бір саласы болып саналды және бұл бағыт кескіндеме мен графиканың ұштастырылуымен жасалатын дүние. Бүгінгі таңдағы мультфильм жасауда қолданылатын техникалық мүмкіндіктер

балалар түгілі, ересектерді де бей-жай қалдырмайтын туындыларды жарыққа шығаруда. Анимация (латын тілінен аударғанда Multiplicatio – көбейту, ұлғайту және жаңғырту) – белгілі бір жиілікпен бірін-бірі алмастыратын қозғалыссыз жасалатын кадрларды тізбектей отырып, қимыл-қозғалыс иллюзиясын жасау әдісі.

Мультфильм - мейлі ол бүлдіршінге арналсын, балаға, жасөспірімге арналсын тіпті ересекке арналса да ол шуақ, жылу сыйлауы керек. Бұл деген сөз ешбір қисыны жоқ әйтеуір күлкілі нәрсе болуы керек деген сөз емес. Мультфильм – мейірімге толы болуы керек. Себебі оның басты аудиториясы – жас бүлдіршін. Ал бүлдіршінің өз кезегінде санасы, ойлау қабілеті қалыптаспаған. Ол барлық іс-қимылдарды, қозғалыстарды айтылған сөздерді көргеніне қарап қайталайды. Осы жағынан мультфильмдердің бала психологиясына, ол тұрмақ жастар психологиясына нұқсан келтіру қаупі бар [3].

Анимацияның тамыры тереңде, 1832 жылы бельгиялық Д.Плато өзінің оптикалық ойыншық «стробоскопты» ойлап табуымен тікелей байланысты. Бұл құрылғының негізгі принципі мынадай болды – әртүрлі қозғалыс кезеңдерінде бірнеше рет бейнеленген жүгірген жылқы. Яғни, шеңбер шетінде циклдік үлгі қолданыла отырып, шеңбер айналғанда сызба біріктіріліп, қозғалатын фигураның елесі пайда болды. Осылайша алғашқы анимациялық туынды пайда болды.

Алайда, алғашқы аниматор деп тарихта француз азаматы Эмиль Рейно танылды. Ол 1877 жылы айналатын барабан, айналар жүйесі және жарық беретін фонардан тұратын «праксиноскоп» деп аталатын құрылғыны жасап шығарған. Ал, 1892 жылы Рейноның алғашқы мультфильмі көрермен назарына ұсынылды. Француз жамағаты Парижде орналасқан әйгілі Гревин мұражайында басқосып, онда Рейноның қатысуымен «оптикалық театр» деп аталатын құрылғылармен таныса отырып, осы кезеңде алғашқы қолмен салынған мультфильмді дүйім жұртшылыққа таныстырылды. Алғашқы мультфильм туындысы көрермен назарына дыбыссыз күйде ұсынылды. Алайда, дыбыссыз болған күннің өзінде сызбалар мен фотосуреттер кезек-кезек алмасқан, мұндай мультфильмдерді көрермен ыстық ықыласпен қабылдады. Осылайша француз жеріндегі Анси қаласы қолмен салынған анимацияның отаны болып саналды.

Анимация тарихындағы тағы бір тарихта есімі тарихта қалған өнертабыс көрші Ресеймен байланысты. Владислав Старевич есімді азамат 1912 жылы «Әдемі Луканида немесе мүйізділер мен мұрттардың соғысы» атты адамзат тарихындағы ең алғашқы қуыршақ мультфильмін жасап шығарды. Владислав өзінің жәндіктерге деген шексіз сүйіспеншілігімен қалың жұртшылыққа танымал болды. Оларға арнап көптеген фильмдер түсірді, олар экранда өте табиғи көрінді. Владислав тек қана аниматор емес, сонымен қатар білімді психолог және дарынды суретші еді. Ол мультфильмдердің көзге әдемі көрінуін ғана ойлаған жоқ, сонымен қатар оларды көрерменге ой саларлықтай терең мағынаға толтырды.

Ал, мультфильм тарихында алғашқы экран бетіне жарияланған анимациялық туындыны 1929 жылы Америкалық Уолт Дисней музыкалық сүйемелдеуімен «Скелетон биі» деген атаумен халық назарына ұсынды. Сондықтан да Дисней анимацияның атасы болып саналады, оның мультфильм саласына сіңірген еңбегі орасан зор. Бүгін күні барлық бала үшін мультфильмдер теледидардың көркі. Жас көрермендер үшін жанрлары мен сюжеттері әртүрлі мультфильмнің түр-түрі жарыққа шығып жатыр. Мультфильмдер баланың көзқарасының, талғамының, рухани қасиеттерінің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Өзіндік ішкі әлемі әлі де дұрыс қалыптасып үлгермеген бала өмірінде маңызды рөл атқарады: ойындар, ертегілер, бірлескен әрекеттер, соның ішінде мультфильмдер. Мультфильмдер бала үшін тек уақыт өткізу ғана емес, сондай-ақ тәрбие құралы. Мультфильмдер баланың жүйке жүйесіне үлкен әсер етеді.

Алдымен балаға мультфильмнің тигізер оң әсеріне тоқталсақ:

- баланың демалуға және көңілін аударуға, психологиялық жеңілдік алуға мүмкіндігі бар;
- бала сюжетті қабылдауға және логикалық ойлауға үйренеді;
- танымдық және тәрбиелік ықпал ету (табиғат құбылыстарын түсіндіру, сөйлеу тілін

дамыту, ой-өрісін кеңейту);

- дыбыс сүйемелдеуімен экрандағы суретті өзгерту арқылы көру және есту зейінін ынталандырады, олардың дамуына ықпал етеді;

- ата-аналармен бірге мультфильмдер көру баланың сөйлеуін дамытатын жаңа қызықты тақырыптарды табуға көмектеседі.

Бала мультфильмдерді көргенде, айналасындағы барлық дүниеден тыс қалады, осы кезде баланың қандай мультфильмдер көретіні өте маңызды. Бүгінгі күні мультфильмдердің кері әсерін де көріп жүрміз. Олар мыналар:

- қазіргі анимациялық фильмдердің кейіпкерлері өте нашар қылықтарға толы;

- мультфильм кейіпкерлері, ұсқынсыз, тіпті кейбірі адам шошырлық бейнеде;

- балалар губка тәрізді: олар әрбір мінез-құлықты бейсаналы түрде өз бойына «сіңіреді»;

- батырлар бірін-бірі өлтіреді, достарын ұрып-соғып, келемеждейжі, әлсіздерді қорлайды, қарақшылық жасайды;

- мультфильмдерде әдепсіз немесе жаргон сөздерді естиміз.

Отбасы – баланың әлеуметтенуінің негізгі ортасы. С.С.Сейтенова және А.С.Абил «Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс» деп аталатын оқу құралында: «Отбасы – қоғамның пайда болуында ең негізгі элемент болып есептеледі. Ата-ананың үгіт-насихаты, түсіндіруі олардың үлгі-өнегесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы баланың әдеті, мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалау критерийі қалыптасады» - дей отырып, баланың жеке тұлға болып қалыптасу кезеңінде жауапкершілік жүгі ата-анаға түсетінін меңзеп өткен [4, 263-б.].

Көптеген заманауи мультфильмдер баланың дамуына теріс әсер етеді, оны агрессияға және тәуелділікке бейім етеді. Сондықтан балалардың анимациялық өнімдерді көруін ата-аналар тарапынан бақылап отыру өте маңызды. Кеңес заманында барлық мультфильмдер қатаң бақылауда болған: әр кадр балаға әсері жағынан тексерілді. Карлсон туралы, қолтырауын Гена мен Чебурашка туралы, алып Стёпа ағай туралы, Федор ағай туралы, простоквашинолық батырлар туралы және басқалары туралы мұндай кеңестік мультфильмдер баланың психикасына ыңғайлы, әдемі, мейірімділікке үйреткенін ешкім жоққа шығармайды. Сондай-ақ халқымыздың аңыз-ертегілеріне негізделген отандық мультфильм өнімдері де бала бойына оң әсерін тигізеді. Мысалы, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», «Қадірдің бақыты», «Мұңлық-Зарлық», «Дастархан», т.б. Дегенмен, мультфильмді абсолютті түрде зұлымдық деп қарау дұрыс емес. Мультфильм - жануарлар сөйлей алатын, жақсылық әрқашан зұлымдықты жеңетін оқиға. Ата-аналар баланың жақсы көңіл-күй сыйлайтын және оны шығармашылық әрекеттерге бағыттайтын «мейірімді» мультфильмдерді ғана көретініне көз жеткізуі керек. Сондай-ақ, бала психикасына кері әсер ететін мультфильмдердің де бар екенін естен шығармауымыз қажет. Балалар мұндай ертегілерді көрмеуі керек. Осы тұста ата-ана балалардың теледидар алдында өткізетін уақытын ескеруі қажет. Олар ұзақ уақыт экранның жанында болған кезде балалардың қозғалыста, артық салмақта, көру және сөйлеуінде қиындықтар болатынын жете түсінуі қажет. Ешқандай мультфильм ересектер мен балалар арасындағы тікелей байланысты алмастыра алмайтынын естен шығармаған жөн! Ең бастысы - ата-ана өзі алдын-ала мазмұнын көрмеген болса, балаға мультфильм көруге ұсынуы үлкен қателік екенін аңғаруы қажет.

Мультфильмдерді талдай отырып, олардың тәрбиелік мағыналық құрылымына қарай төртке бөліп салыстыру жүргізілді. Сондай-ақ бұл мультфильмдерді көргенде олардың қандай мақсатқа бағытталғанын және олардың балаға не үйрететінін аңғаруға болады. Салыстыру төмендегідей:

1. Ақыл-ой тәрбиесі – мұндай мультфильмдер баланың мектепке, оқуға деген қызығушылығын оятуға бағыттала отырып, бала бойында білімге құштарлықты дамытады. Сондай-ақ бұл топтың мультфильмдері келесі міндеттерді шешеді: ақыл-ой белсенділігін, сөйлеуді, қызығушылықты дамыту. Мультфильмге мысал «Дара және оның достары».

2. Адамгершілік тәрбиесі – мұндай мультфильмдер балаларды игі жақсы істер жасауға ұмтылдырады. Бала жақын адамдарға қамқорлық жасауды; достық сезімін дамытуды; тәуелсіз болуды; өз әрекеттеріне жауапкершілікті ала білуді үйренеді. Бұл топтың мультфильмдері келесі міндеттерді шешеді: адамгершілік нормаларды, мінез-құлық ережелерін қалыптастыру. Мультфильмге мысал: «Балтадан ботқа».

3. Еңбек тәрбиесі – бұл топтың мультфильмдері еңбек нәтижесінде алатын нәтижеге бағытталған. Міндеттері: еңбексүйгіштік негіздерін қалыптастыру, еңбек ету қажеттілігін тәрбиелеу. Мультфильмнің мысалы: «Инелік пен құмырсқа».

4. Дене тәрбиесі – бұл топтың мультфильмдері балаға алдына мақсат қойып, оған жетуге үйретеді. Бұл мультфильмдер келесі міндеттерді шешеді: ерік-жігерді тәрбиелеу, қиындықтарды жеңуге ұмтылу, жеңіске деген ұмтылыс, әртүрлі спорт түрлерімен таныстыру. Мультфильмнің мысалы: «Футбол жұлдыздары».

Атам қазақ «бала көргенін іледі» деп текке айтпаса керек, осы ойды ұстана келе баланың балапандай кезінен бастап көзіне тек игі жақсы нәрселерді ғана көрсетіп, құлағына тек жақсы сөздерді ғана құйып өсіру керек. «Отбасы адамды дүниеге әкелсе, қалыптастырып, дамытып, жетілдірсе, мектеп арқылы өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланыс жасауға қабілетті, тәрбиесі адами құндылықтарға толы, жетілген толыққанды тұлғаны тәрбиелейді» [5, 249 б.].

Қорытынды. Қорытындылай келе, адам өмірінде дүниетанымның негізгі қалыптасу кезеңі бастауыш мектеп жасы екенін атап өтуге болады. Бала санасы көзімен көргендеріне еліктей отырып, оның мінез-құлық нормалары, жақсылық пен жамандық атаулыны айыра білуі, сондай-ақ сыйластық, достық және т.б. құндылықтар туралы бастапқы түсініктерін жасайды. Ата-ана бала үшін мультфильмнің еш зияны жоқ ермек немесе алдандыру құралы емес екенін терең ұғынғаны абзал. Бала үшін мультфильм ең алдымен қоршаған орта туралы дүниетанымды, тұлғалық көзқарасын қалыптастырудың бірден-бір көзі болуы керек!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мухина В.С. Детская психология. М.: 1985. 272с.
2. Собкин В.С., Казначеева К.Н. Игровые предпочтения современных дошкольников (по материалам опроса родителей) // Психологическая наука и образование. № 2. М.: 2011.
3. Омарова М.С. Ғылыми жоба «Заманауи мультфильмдердің бала психологиясына және тәрбиесіне әсері». [Электронды ресурс] [URL]: https://ust.kz/word/glyymi_joba_zamanayi_myltfilmderding_bala_psihologiyasyana_jane_tar_biesine_aseri-231130.html
4. Сейтенова С.С., Абил А.С. Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс. Алматы, 2022. - 263 .
5. Кожаметова Ж.А. ,НаурызбайЗ.Е. Семья–главный институт воспитания личности//КазНПУим.Абая. Педагогикаипсихология.–2021.–№2(47). –249-255.

ӘОЖ 378.4

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЭМОЦИЯНЫҢ РӨЛІ

Баймуратова Т. О., магистрант
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
Алматы қ. Қазақстан
E-mail: tanibaimuratova@gmail.com

Аннотация: Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіндегі эмоцияның рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, «эмоция», «эмоционалды қамқорлық таныту» ұғымдарына теориялық тұрғыда талдау жасалынған. Эмоцияның компоненттері қарастырылып, эмоцияның негізгі элементі анықталған. Мектеп жасына дейінгі балаларда кездесетін негізгі эмоциялардың түрлері жіктелген. «Эмоционалды қамқорлық танытудың» негізгі компоненттері анықталып, ерекшеліктері айқындалған.

Тірек сөздер: эмоция, эмоционалды қамқорлық таныту, компонент.

Аннотация: В данной статье рассматривается роль эмоций в воспитании детей дошкольного возраста. Кроме того, теоретически проанализированы понятия «эмоция», «эмоциональная отзывчивость». Рассмотрены составляющие эмоции и определен основной элемент эмоции. Классифицируются виды базовых эмоций, встречающихся у детей дошкольного возраста. Выявлены основные компоненты «эмоциональной отзывчивости» и определены их особенности.

Ключевые слова: эмоция, эмоциональная отзывчивость, компонент.

Annotation: This article discusses the role of emotions in the education of preschool children. In addition, the concepts of "emotion", "emotional responsiveness" are theoretically analyzed. The components of emotion are considered and the main element of emotion is determined. The types of basic emotions found in preschool children are classified. The main components of "emotional responsiveness" are identified and their features are determined.

Key words: emotion, emotional responsiveness, component.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау; баланың және айналасындағы адамдардың сезімдерін сөзбен жеткізу; өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету; балалармен мәнді өзара қарым-қатынас орнату; командада жұмыс істеу; балалардың түрлі іс-әрекетінде топтағы қарым-қатынасты, бастаманы және дербестікті қолдау; балалармен мазмұнды диалог жүргізу; еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылады- деп көрсетілген [1, 7-8 б.].

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесіндегі эмоцияның рөлі ерекше. Балалардың эмоциясы жөнінде шетел және отандық ғалымдардың пікіріне тоқталатын болсақ, эмоциялар – субъектінің ішкі және сыртқы дүние көріністеріне процесін бейнелеудің жалпы психологиялық процедурасы ретінде қарастырады.

В.А.Ганцэн сезімдерді психологиялық жағдайдың фонында пайда болатын эмоционалды реттеудің конфигурациясы деп санайды [2, 91 б.]. Оның ойынша, сезімнің ең маңызды белгісі – даралық. Сезімдер күш-жігер мен жалпылаудың оң немесе теріс дәрежесімен сипатталады.

Психологиялық сөздікте (В.Б. Шапарь) сезім өмірлік сыртқы және ішкі жағдайларды бағалау және адамның жеке маңызды тәжірибе түрінде көрініс табатын психологиялық әрекеттері ретінде тұжырымдаған. Сезімдер жеке адамның өзіне және қоғамға деген жеке қарым-қатынасын көрсетеді [3, 44 б.].

Өз кезегінде К.Изард эмоцияның негізгі элементі – психологиялық экспрессияға тоқталады [4, 464 б.]. Ал психологияның басқа мамандары С.Л.Рубинштейн, А.Н. Леонтьев эмоцияның мәнін өз тәжірибесінде байқайды.

С.Л.Рубинштейн: «Сезім – өмірдің ерекше жеке үлгісі» деп тұжырымдайды [5, 639 б.]. Сондай-ақ, оның ойынша, адам оқшауланып, өздігінен дамитын жабық болмыс емес дейді. Ең алдымен, ол басқа адаммен эмоционалды түрде байланысты және оған мұқтаж болып келеді.

В.К.Вилюнас, сезімдер түпнұсқалықты тағайындайтын және адамды әрекетке ынталандыратын тәжірибелерге негізделген дейді.

Осылайша, В.К. Вилюнас «сезім» терминін қысқаша түсінуге баса назар аударады. Оның көзқарасы бойынша сезім адамдағы әрекетке түрткі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда сезімдер іс-әрекетті реттеудің тұтқасы болып, балалардың дамуының бастапқы кезеңінде пайда болады. [6, 304 б.].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу арқылы біз жеке тұлғаның дамуындағы сезімнің рөлі өте зор деген қорытындыға келдік. Эмоцияны қалыптастырудың негізі – сезім. Сезінулер субъектіге әр түрлі жолмен қалыптасқан сезімдерді жалпылау арқылы пайда болады және қалыптасады.

К.Э.Изард негізгі эмоцияларды: ләззат алу, таңдану, қызығушылық, азаптау (сағыну), ашу, дұшпандық, енжарлық, қорқыныш, ұят деп бөліп көрсеткен болатын. [4, 464 б.].

Алғашқылардың бірі болып эмоцияларды Н.Я.Желкен, В.В.Зенковский, Н.Н.Ланге, И.А.Сикорский жариялады.

Сонымен, И.А.Сикорский «Бірінші балалық шақтағы тәрбие» күнделіктерінде балада сезімдер мен аффекттер психологиялық функцияларға қарағанда ертерек пайда болады, алайда кейінірек олардың рухани өмірінің негізін құрайды. [7, 168 б.].

А.Н.Леонтьевтің еңбектерінде эмоциялар, ең алдымен, адамға белгілі бір әрекеттің, объектінің немесе адамның қажеттіліктеріне қатысты, ол үшін қандай мағынаға ие екендігі туралы сигнал деп ажыратылады. [8, 12 б.].

В.В.Зенковскийдің пікірінше, сезім – ең алдымен, балалардың табиғи әрекеті, жеңілдігі, сұлулығы мен тәуелсіздігі деп сипаттайды. Ол балалардың сыртқы әлемге деген қызығушылығы ерте балалық кезеңде аяқталса, ратификацияланады деп есептейді. [9, 57 б.].

Көптеген зерттеушілердің (К.Мерер, К.Изард) пікірінше, эмоция – адам үшін маңызды оқиғаға жауап ретінде пайда болатын және өзара әрекеттесетін үш компонентті қамтитын процесс.

Бірінші компонент – эмоциялардың субъективті тәжірибесі.

Екінші компонент – барлық дене жүйелерінде болатын физиологиялық процестер.

Үшінші компонент – бет, қол, дене қимылдарының мәнерлілігі [4, 464 б.].

Қорытындылай келе, кез келген эмоцияның өзіндік мәні, сыртқы экспрессиялық ресурстары және нейрофизиологиялық қасиеттері бар деген ойға келдік.

Баланың іс-әрекеті негізінен қоршаған орта туралы идеяларға, күтілетін нәтижеге, жақын болашақта оған жету мүмкіндігіне негізделген. Мектеп жасына дейінгі бала әрекет ете бастағанға дейін оның бойында белгілі бір бейне пайда болады, ол оқиғалардың болжамды нәтижесін және оның басқалардың бағалауын көрсетеді. Ересек топ балалары белгілі бір жағдайда қалай әрекет ететінін алдын ала болжай алады. Нәтижесінде олар бұл әрекет баланың адекватты мінез-құлқын қосымша ынталандыратын жарқын эмоциялармен бірге жүретін оған жақын ересектер тарапынан оң бағаға лайық болатынына сенімді сезінеді.

Қамқорлық таныту – мұқтаж жандарға қол ұшын беруге бейімділік, мұқтаждықты көру, жанқиярлық, жомарттық, кешіре білу, төзімділік ретінде көрінетін адамның жағымды рухани-адамгершілік қасиеті.

Жауаптылық жақсы дамыған эмпатияға, эмоционалдық реактивтілікке, басқалардың мінез-құлқына сезімталдыққа, альтруизмге, қорғансыздыққа, еңбекқорлыққа және жауапкершілікке негізделген .

Эмоционалды қамқорлық таныту– адамның басқа адамдарға эмпатия және жанашырлық таныту, олардың ішкі күйлерін түсіну қабілеті. [9, 57 б.].

С.А.Курносова «Эмоционалды қамқорлық таныту» термині нормативтік материалдарда, әдістемелік және педагогикалық әдебиеттерде белсенді қолданылатындығын атап өткен. [10, 203 б.].

Мектепке дейінгі білім берудегі эмоционалды қамқорлық танытуды ғалымдар еңбектерінде адамгершілік тәрбиесі тұрғысынан қарастырады. Я.З.Неверович, А.В.Запорожец [11, 36 б.] эмоционалды қамқорлық танытуды басқа адамдарға әсерлі

эмоционалдык қатынастың, баланың басқа адамның жағдайына эмоционалдык реакциясының, оның ішінде эмпатия мен жанашырлықтың көрінуінің негізгі формасы деп түсіндірсе, М.С.Лисина [12, 54 б.] эмоционалды қамқорлық танытуды адамдар арасындағы қарым-қатынаста көрінетін негізгі эмоционалдык бірлік ретінде қарастырады. Т.П.Гаврилова [13, 14 б.] эмпатияның құрамдас бөлігі эмоционалды қамқорлық таныту болып табылады және ол басқа адамға жанашырлық пен эмпатияда көрінеді деп санайды. Сондай-ақ, В.В.Абраменкова [14, 811 б.] эмоционалды қамқорлық танытуды ұжымшылдық қарым-қатынас пен адамгершілік сезімдердің дамуының көрсеткіші ретінде қарастырады.

Заманауи зерттеулердің ішінде кеңестік педагогтар мен психологтардың жұмысы негізінде құрылған Н.Ежованың [15, 107 б.] балалардың эмоционалды қамқорлық таныту жүйесіне ерекше назар аударылады. Бұл жүйеде білім берудің тиімділігі оған баланың эмоционалдык көріністерінің табиғат берген өмірдің табиғи құндылық формалары ретінде ену дәрежесімен анықталады деп есептейді. Бұған біріншіден, педагогикалық үдерісте тиімді-тәжірибелік және когнитивтік жағынан әртүрлі құқықтардағы эмоционалдык құрамдас бөлікті бөліп көрсетуге, екіншіден, ересек пен балалар арасындағы эмоционалды бай, арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынасқа баса назар аудару арқылы ықпал етуге болады.



Сурет 1. Эмоционалдык қамқорлық танытудың құрылымдық компоненттері

- мотивациялық компонентте: жасы кіші болған сайын биологиялық факторлар балаға көбірек әсер етіп, қоршаған ортаның құбылыстарына әсер етудің дереу эмоционалды реакциясының сипатын алдын ала анықтайды.

- әлеуметтік-коммуникативтік компонентте: біріншіден, қоршаған ортамен (заттар, адамдар, оқиғалар) қарым-қатынаста ғана эмоционалды қамқорлық таныту қажеттілігі туындайды; екіншіден, эмоционалды қамқорлық таныту конструктивті әлеуметтік өзара әрекеттесу шарты болып табылады.

- когнитивті компонент: эмоционалды қамқорлық таныту танымдық үдеріспен байланысты, баланың эмоциясын, есте сақтауын, түсінуін, анықтауын, интеллектуалдық және эмоционалдык сферасын байытуды анықтайды.

- мінез-құлық компоненті: мінез-құлықтағы әртүрлі реакциялардың эмоционалды қамқорлық таныту ретінде көрінуі эмоционалды қамқорлық танытудың болуының көрсеткіші ретінде қызмет етеді.

- рефлексиялық-бағалау компоненті: қабылданған ақпаратты талдау және оны бағалау одан әрі эмоционалды жауап пен түсінуді тудырады. Бұл компоненттің дамуы баланың эмоционалдык тәжірибесінің дамуын тудырады.

Л.С.Выготский [16, 66 б.] мектеп жасына дейінгі балаға тән сезімді білдіретін қозғалыс реакциялары сөздік реакциялармен ауыстырыла бастайды деп есептеп, 7 жасқа дейін сөйлеу мәнерлілігі айтарлықтай дамидығын атап өткен. 6-7 жастан бастап бала қатты толқуды жеңуге тырысады, мысалы, көз жасын тияды, тәрбиешінің талаптарына бағынып және өз қалауын жеңе алады. Оның жалпы эмоционалдық тонусы, көңіл-күйі жайдарлы жаңғырумен ерекшеленеді. Оқу іс-әрекетіндегі талаптар деңгейіне қанағаттанбау мінез-құлықтағы аффекттерге әкеліп соғады және тәрбиешінің назарын аудармаған жағдайда жағымсыз мінез-құлық белгілері (дәрекілік, зұлымдық және т.б.) ретінде бекітіледі. Ұзақ уақыт бойы кинода, театрда көрген, отбасында басынан өткерген драмалық оқиғалар баланы толқытып, сабақтан алшақтатып, қорқыныш мен үрейге алып келеді. Сондықтанда, баланың дамуында оның өмір процесіндегі эмоционалдық күйі басты орынды алады. Адамның қандай эмоционалды фон бірге жүретіні өте маңызды, бұл өз кезегінде басқалармен қарым-қатынасқа әсер етеді. Мектепке дейінгі жастағы балаларды басқалардың эмоционалдық көңіл-күйін тануға және өз эмоцияларын басқаруға үйрету маңызды болып табылады.

Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балаларда өздерінің эмоцияларын білдіре алуы мимика мен интонацияның жоғары деңгейін көрсетеді. Соған қарамастан, мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің кенеттен пайда болған көңіл-күйін біледі, мысалы бала қорқынышын жасырып, көз жасын ұстай алады. Баланың өз эмоцияларын басқаруды үйренуі дегеніміз, бұл оған қажет болған жағдайда көңіл-күйінің сыртқы көрінісін жасырып қана қоймай, сонымен қатар оларды саналы түрде көрсетуге, қоршаған ортаға өзінің сезімдері туралы жеткізуге және өзгелерге әсер етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ересек жастағы бала эмоциялардың «тілін», яғни мимика, поза, көзқарас, ым-ишара, дауыс интонациясы, қозғалыстар арқылы тәжірибе реңктерін көрсетудің қоғамда қабылданған формаларын толық меңгереді. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоциялары өте бай және алуан түрлі болып келеді, оған: сәтсіздіктерден қайғыру сезімі, жетістіктерден қуану, мақтаудан қуаныш, ренжітушіге ашулану, басқаға реніш, қателесуден қорқу және табысқа үміттену жатады. Бұл күрделі эмоциялар гаммасы, эмпатия мен жауапкершілік, әлеуметтік сезімдер арқылы бірте-бірте жетіледі. Балалардың эмоционалдық дамуындағы айырмашылықтар: бір балада жағымды модальді эмоциялар басым (таңдану, қуаныш, қызығушылық), көңіл-күйдің жағымды эмоционалдық фоны, ал екіншісінде жағымсыз (мұң, зерігу, мұң) арқылы көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
2. Карелина, И.О. Проблемы эмоциональной отзывчивости детей в современной зарубежной психологии И.О. Карелина Ярославский педагогический вестник 2008. № 3. С. 91.
3. Пикиловская, К. Ценители хорошего настроения Ксения Пикиловская Обруч: образование, ребенок, ученик. 2012. № 2. С. 44.
4. Изард, К.Э. Психология эмоций К. Э. Изард. СПб.: Питер, 2012. 464 с.
5. Немов, Р.С. Психология учеб. для студентов вузов, обуч. по непсихол. специальностям Р. С. Немов. Гриф МО. М.:Юрайт: Высш. образование, 2010. - 639 с.
6. Широкова, Г.А. Развитие эмоций и чувств у детей дошкольного возраста Г.А. Широкова. - Ростов-н/Д.: Феникс, 2005. - 304 с.
7. Кошелева, А.Д. Эмоциональное развитие дошкольников [Текст]: учеб. пособие для пед. вузов А.Д. Кошелева, В.И. Перегуда, О.А. Шаграева; под ред. О. А. Шаграевой, С. А. Козловой. М.: Academia, 2003. - 168 с.
8. Довгая, Н. Об особенностях развития эмоциональной отзывчивости Н. Довгая, О. Перельгина Дошкольное воспитание. 2007. N 12. С.12.

9. Изотова, Е.И. Амплификация эмоциональной отзывчивости детей в условиях дошкольного учреждения Е.И. Изотова Психолога детском саду. - 2007. № 1. С. 57.
10. Груздова, И.В. Развитие эмоциональной отзывчивости на музыку у дошкольников в условиях музыкально-игровой деятельности: монография И.В. Груздова. - Тольятти: ТГУ, 2010. - 203 с
11. Васильева, Н.Л. Эмоциональное здоровье ребенка в детском саду [Текст] Н.Л. Васильева Детский сад: теория и практика 2013. № 5. С. 36.
12. Ежкова, Н. С. Эмоциональное развитие ребенка в условиях семьи Н.С. Ежкова Дошкольная педагогика. 2011. N 3. С. 54.
13. Белова, Е.С. Особенности общения и эмоционально-личностного развития дошкольников с высоким творческим потенциалом Е.С. Белова, Е.И. Щепланова Вопросы психологии. 2010. № 6. С. 14.
14. Абрамова, Г.С. Возрастная психология: учеб. для вузов Г.С. Абрамова.М.: Юрайт, 2010. 811 с.
15. Кузнецова, Г. Создание эмоционально развивающей среды как условие социального развития детей раннего возраста в группе кратковременного пребывания в дошкольном образовательном учреждении Г. Кузнецова Дошкольное воспитание. 2012. № 2. С. 107.
16. Безрукова, В.С. Социальная ориентация старшего дошкольника: условия и результат формирования В.С. Безрукова Интеграция образования. 2010. Т. 58 № 2. С. 66.

ӘОЖ 373.3

СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Абдуллина Г.Т. PhD, аға оқытушы

Мутенова Н.Р., магистрант

Қ. А. Ясауи қазақ-түрік Университеті Түркістан қаласы

E-mail: nodira_mutenova99@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада 4-сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру жолдары қарастырылған.

Мақаланың мақсаты қазіргі заманға бейімделген жас ұрпақты тәрбилеудің маңызын дәріптеу. Қазіргі білім берудің маңызды міндеттерінің бірі – кіші мектеп жасындағы баланың бойында экологиялық тәрбие, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қалыптастыру.

Дүниетану сабағы арқылы экологиялық тәрбиелеу, флора мен фаунаың барлық түрлеріне қамқорлық таныту, ынтымақтастық орта құру қажеттігі жайында әдістер мен әдістемелер ұсынылған.

Тірек сөздер: экологиялық тәрбие, кіші мектеп жасындағы бала

Аннотация. В статье представлены пути обеспечения экологического воспитания учащихся 4-х классов.

Цель статьи - прославить важность воспитания молодого поколения, адаптированного к современности. Одной из важнейших задач современного образования является экологическое воспитание и формирование любви к окружающей среде у детей младшего школьного возраста.

Представлены методы и методики о необходимости экологического воспитания, заботе обо всех видах флоры и фауны, а также о необходимости создания среды сотрудничества через урок миропознания.

Ключевые слова: экологическое воспитание, ребенок младшего школьного возраста.

Annotation. The article provides ways of providing environmental education to 4th grade students.

The purpose of the article is to glorify the importance of educating the young generation adapted to modern times. One of the most important tasks of modern education is environmental education and the formation of love for the environment in children of primary school age.

Methods and methodologies are presented on the need for environmental education, care for all types of flora and fauna, and the need to create a cooperative environment through the world studies lesson.

Key words: environmental education, junior school age child

Қазіргі кезеңдегі экологиялық тәрбие мәселесі қазіргі қоғамдағы жаһандық мәселелердің бірі болып табылады. Қоршаған ортаның, атмосфераның, газдың ластануымен, өсімдіктер әлемінің жойылуымен, өрттермен, құстардың, сирек кездесетін жануарлар тұқымдарының жойылуымен экологиялық жауапсыздықты түсіндіруге болады[1].

Педагогикада «экологиялық тәрбие» ұғымы жақында пайда болды, бірақ педагогикалық ойлаудың бүкіл тарихында адамның табиғатпен өзара әрекеттесу мәселесі әртүрлі көзқарастардан талқыланды. Данышпан мұғалім В.А.Сухомлинский табиғат бейнелі түрде балалардың ойлау, сезім, шығармашылық базасында деп есептеді. Ғалым бірнеше рет «табиғат тәрбиелемейді, ол тек өзара әрекеттесуге белсенді әсер етеді. Бала табиғатты түсінудің, оның сұлулығын сезінуі үшін бұл қасиетті бала кезінен бастап бойына сіңіру керек».

Қазіргі заманғы терминдердің педагогикалық сөздігінде экологиялық тәрбие бастауыш мектеп жасындағы баланың экологиялық жауапкершілік пен экологиялық жауапкершілік тәрбиесін сезінуін, табиғатқа ұқыпты қарауын қалыптастыру және дамыту ретінде қарастырылады. Авторлар табиғатты кең мағынада түсінеді: табиғат тек адамның өмір сүру жағдайларының жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен бірге адам өз қолымен жасайтын «екінші табиғат» деп қарастырады [2].

И.Д.Зверев экологиялық тәрбиені «білім мен дағдылар жүйесін, құндылық бағдарларын, моральдық, эстетикалық және этикалық қатынастарды қалыптастыруға бағытталған, адамның әлеуметтік-табиғи ортаның жай-күйімен жақсаруы үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың үздіксіз процесі» деп қарастыруды ұсынды [3]. Ғалым экологиялық тәрбиенің педагогикалық міндеттері оқытумен (табиғат, қоғам және адам арасындағы қатынастар туралы білімді) игерумен байланысты екендігіне назар аударады; экологиялық проблемаларды шешу үшін тәжірибелік дағдылармен оқытумен; тәрбиемен (құндылық бағдарларымен, мотивтерімен, қажеттіліктерімен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы белсенді қызмет дағдыларымен); дамумен (экологиялық жағдайларды талдау қабілетімен).

«Экологиялық тәрбие» ұғымының қазіргі түсіндірмесі табиғаттағы күрделі қатынастарды зерттеуге бағытталған; барлық тірі ағзалар мен олардың тіршілік ету ортасы. Ол табиғаттың негізгі заңдылықтарын білуді біріктіреді; туған табиғатты білу және сүю және оған ұқыпты қарау қажеттілігін түсіну; жеке және ұжымдық қызметтегі экологиялық құндылықтарды басшылыққа алу; жеке және өндірістік табиғатты пайдалану процесінде оңтайлыққа ұмтылу. Экологиялық тәрбие сонымен қатар, табиғатқа, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына жауапкершілікпен қарау сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Экологиялық тәрбие, ең алдымен, адамгершілік сезімдерін дамытуға бағытталған, баланың табиғатпен қарым-қатынаста эмоционалды жағымды тәжірибесін жинақтауы. Адамгершілік-құнды тәжірибелерді ұйымдастыру – тірі жандарға жанашырлық, оларға қамқорлық, жақсылық жасаудан ләззат алу – қарым-қатынас нормаларына ықпал етеді, табиғат тек танылып қана қоймай, бала үшін құндылығы артады, осылайша әлемге деген гуманистік көзқарастың мотивін қалыптастыруды қамтамасыз ету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік – бұл үлкен сезім. Бұл адамға әділ болуға көмектеседі.

В.А.Сухомлинский: «Бала кезінен табиғатқа саңырау болған, балалық шағында мақұрым қалған адамға ұядан құлаған балапанды, алғашқы көктемгі шөптің сұлулығын байқап, содан кейін әдемі сезімге, поэзия сезіміне, мүмкін қарапайым адамзатқа жету қиын»[4].

«Дүниетану» - бұл оқу процесінде экологиялық тәрбие жүзеге асырылатын негізгі пәндердің бірі. Дүниетану пәнінің ерекшелігі оның ерекше интегративті мүмкіндіктері ғана емес, сонымен қатар тарих пен ғылым саласындағы белгілі бір білімді байланыстыратынында. Сондай-ақ, бұл курс бастауыш мектеп жасындағы балаға қоршаған әлемді неғұрлым маңызды қатынастарда біртұтас және жүйелі түрде бейнелеу үшін қажет жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдардың белгілі бір көзін ұсынатындығын атап өткен жөн. Бастауыш сынып оқушыларына арналған «дүниетану» пәні бүкіл әлемнің элементтері ретінде табиғи және әлеуметтік құбылыстардың кең панорамасы ретінде әрекет етеді. Әрі қарай оқыту кезінде бұл материал әдебиет, география, физика, химия және т.б. сияқты пәндерде сараланған түрде зерттеледі. Осы шеңберде табиғи және гуманитарлық-әлеуметтік біліммен экологиялық тәрбие міндеттерін интеграциялау арқылы бастауыш мектеп жасындағы балада оң құндылықтар, патриотизм жүйесі қалыптасады. «Дүниетану» пәнінің маңызды ерекшелігі – бұл пәнде әдебиет, қазақ тілі, математика, музыка, бейнелеу өнері, технология және дене шынықтыру пәндерін де алғандағыдыларын қолданады, сонымен қатар білімін нығайтады, сонымен бірге бұл пән бастауыш сынып оқушыларын әлемді ғылыми және сезімтал түсінуге үйретеді.

Бастауыш сынып оқушыларының экологиялық тәрбиесі келесі құрылымды қамтиды: мотивациялық, когнитивті, эмоционалды және белсенді компоненттер. Мотивациялық компонент өзара әрекеттесудің проблемалық жағдайында ең жақсы әрекеттерге ықпал ететін ішкі мотивациялық күштердің құрылымын қамтиды. Когнитивті компонент құрамына білім, идеялар, табиғат пен экология туралы түсініктер кіреді. Эмоционалды компонент – бұл адамның өмірлік тәжірибесінің сезімтал жағы. Белсенділік компоненті – бастауыш сынып оқушысының өмірінің жалпы контекстіндегі мақсатты тәрбиелік іс-қимылшылықтарды, өмірлік жоспарларды, құндылық бағдарларын бағдарлау, тәрбиенің мәнін түсіну, бастауыш сынып оқушысының жеке тәжірибесі. 4-сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беруді ұйымдастыру процесі оқу мазмұнындағы жүйелілік, сабақтастық және пән аралық принциптерге негізделген.

Дүниетану пәні оқу пәні ретінде үлкен даму әлеуетіне ие: балаларда ғылыми дүниетанымның алғы шарттары, олардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттері қалыптасады: бала өзін-өзі таниды, өзін дамытуы үшін жағдайлар жасалады. Осы оқу пәні аясында қалыптасқан білім баланың өмірлік тәжірибесімен тығыз байланысты болады. Дүниетану пәні 4-сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын, адамзат қоғамымен табиғаттың арасындағы ажырамас байланысты, оның ішіндегі білім, білік, ойлауды қалыптастыруда үлкен мәнге ие. Бастауыш сынып оқушыларында экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді әдістерін іздеу оқушыларға білім беру әрекетінің маңыздылығын көрсетеді.

Кеңінен қолданылатын әдістердің бірі – бақылау әдісі. Бақылау – бұл табиғат объектілерімен құбылыстарын мақсатты қабылдау, оның барысында жалпы және айрықша белгілер ажыратылады, заңдылық белгіленеді және оның негізінде анықтамалар, қорытындылар жасалады. Бақылау оқытудың барлық әдістерімен тығыз байланысты: ауызша әдістерді қолдана отырып, материалды зерттеу кезінде мұғалім сүйенетін байқау; көрнекілік объектілерді қолдану: суреттер, кестелер, аспаптардың жұмысын көрсету; тәжірибе жасау барысында бақылау жасау. Бақылау процесінде оқушылардың байқағыштық қабілеттері қалыптасады (табиғат құбылыстарын бақылау, оларды түсіндіру қабілеттері). Бақылау бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой дамуына ықпал етеді, өйткені табиғатта немесе сыныпта көрген құбылыс балалардың есінде сақталып қана қоймай, оны түсіндіруге деген ұмтылысын тудырады. Кез-келген бақылау әрекетінде тақырып және белгілі бір мазмұн болады. Жүйеленген бақылауда оқушы бойында бір сәтте өсімдіктер және жануарлар

туралы көзқарастар қалыптасады. Бақылау кезінде ізденушілік қабілетті арттыратын сұрақтар қойылады. Мысалы: «Неге гүл бәйшешек деп аталған?», «балықтар қалай тыныс алады?» және т.б.

Этикалық әңгіме екі жақтында қатысуын көздейтін білімді жүйелі және дәйекті талқылау әдісі болып табылады: яғни мұғалім мен оқушы арасындағы. Әңгіме әңгімелеуден ерекшеленеді, өйткені мұғалім әңгімелесушілердің пікірін, көзқарастарын тыңдайды және ескереді, олармен қарым-қатынасты ынтымақтастық қағидасына негіздейді. Этикалық әңгіме деп аталу себебі, оның тақырыбы көп жағдайда моральдық, этикалық мәселелерді қамтиды.

Модельдеу әдісі – құрау жүйесіне, қайта құру, табиғаттың элементтерін түрлендіруге бағытталған әдіс.

Пікір талас әдісі – пікірлердің қақтығысы, оқушылардың жеке көзқарасын білдіруге және нақты жергілікті экологиялық жағдайлармен танысуға, сондай-ақ оларды шешу мүмкіндіктерін іздеуге ықпал етеді. Дүниетану сабақтарында оқу пікір таласы мақсатты, тақырыптық, танымдықдау сипатына ие. Оның ұйымдастырушылық негізі – оқушылардың өзін-өзі ұйымдастыруы.

Рефлексия – оқу қабілетін қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі. Ақпаратты шығармашылықпен түсіндіруге көмектесетін рефлексия сатысында әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыратын құралдарға мыналар жатады: эссе жазу, жедел хат, шеңбер бойынша жазу, бес жолды өлең жазу.

Мақсатты серуен – оқушыларға тірі ағзаларды бақылауға мүмкіндік беретін әдіс. Мақсатты серуен барысында өсімдіктердің ұзындығын өлшеп, мезгілге сай ерекшеліктерін көзбен көруге мүмкіндік бар.

Жоба әдісі – оқушы қоршаған дүниені ғылым негізінде меңгеруіне бағытталады, бұл сонымен қатар жалпы білім берудің маңызды мәселесі. Жоба дайындау барысында оқушы тәуелсіз әрекет етуге үйренеді, топтық, жұптық жоба қорғауда өзара қарым-қатынастары нығаяды. Жоба әдісін сыныптан тыс іс-шараларда қолдану тиімді.

Осылайша, экологиялық тәрбие беру әдістері дүниетану сабағында немесе сабақтан тыс қолданылаады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, қоршаған ортаға деген жанапшырлығын дамытуға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Система экологического образования РК (из концепции экологического образования РК)[Электронный ресурс], 2008. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U030001241/>
2. Ингебаева А. Концепция 12-летнего образования. Перспективы экологического образования. Білімкілті – ключ знаний, 2006. № 10. С. 51.
3. Дерябко С.Д., Ясвин В.А. Экологическая педагогика и психология. Ростов-на-Дону: Феникс, 1996. 145 с.
4. Рыжова Н.А. Экологическое воспитание с позиции новой парадигмы. // Дошкольное воспитание, 2001. № 7. С. 6.

ӘОЖ811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Өтегенова Ә.А магистрант

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қаласы.

E-mail: altaevna1996@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада ағылшын тілі сабағында оқу белсенділігін арттыратын педагогикалық технологиялар туралы айтылады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін арттыру, тіл үйренуге деген мотивациясын тұрақты ету кешенді жұмысты талап етеді. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқушыны жеке тұлға деп танып, соған бағытталған білім беру үрдісі жүру керек. Осы орайда саралап оқытудың тиімділігі білім беру процесінде дәлелденген болатын. Саралап оқытудың тарихы мен зерттелуіне де тоқталып өттік. Мақалада бастауыш сыныптағы ағылшын тілі сабағында саралап оқытуды қолданудың әдістемесі көрсетілді. Саралап оқытудың оқу белсенділігін арттыру үшін қолдану керектігі тұжырымдалды.

Тірек сөздер: саралап оқыту, ағылшын тілі әдістемесі, оқу белсенділігін арттыру, бастауыш білім

Аннотация. В статье рассказывается о педагогических технологиях, которые повышают учебную активность на уроках английского языка. Повышение учебной активности младших школьников, повышение мотивации к изучению языка требует комплексной работы. В соответствии с обновленным содержанием образования должен идти образовательный процесс, направленный на признание учащегося как личности. При этом эффективность дифференцированного обучения была точно продемонстрирована в образовательном процессе. Мы также остановились на истории и изучении дифференцированного обучения. В статье показана методика использования дифференцированного обучения на уроках английского языка в начальной школе. Было сформулировано, что дифференцированное обучение должно использоваться для повышения учебной активности.

Ключевые слова: дифференцированное обучение, методика английского языка, повышение учебной активности, начальное образование

Abstract. The article tells about pedagogical technologies that increase educational activity in English lessons. Increasing the educational activity of younger schoolchildren, increasing motivation to learn a language requires complex work. In accordance with the updated content of education, there should be an educational process aimed at recognizing the student as a person. At the same time, the effectiveness of differentiated learning was accurately demonstrated in the educational process. We also focused on the history and study of differentiated learning. The article shows the method of using differentiated teaching in English lessons in elementary school. It was formulated that differentiated learning should be used to increase learning activity.

Key words: differentiated learning, English language methodology, increased learning activity, primary education

Заманауи білім беру – оқыту процесіне түрлі технологиялар мен жаңалықтарды кіріктіру және үйлестіру. Төртінші индустриялық төңкеріс жаһандану процесін жеделдетті. Халықаралық тіл – ағылшын тілінің қажеттілігі артты. Ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап үйрету әлеуметтік сұранысқа ие болды. Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін үйретудің әдіс-тәсілдері өте көп. Соның ішінде саралап оқытудың оқу белсенділігін арттырудағы рөліне тоқталғым келіп отыр. Бастауыш білім берудегі педагогикалық технологиялардың ішінде саралап оқыту ұсынылады. Дифференциация латын тілінен аударғанда «дифференциация» бүтінді әртүрлі бөліктерге, пішіндерге, қадамдарға бөлуді, стратификациялауды білдіреді. Оның себебін Г.Бекмағанбетова былай түсіндіреді: «Бұл технологияның басты мақсаты сыныпта қабілетті, қабілетсіз оқушы деген жіктерді болдырмау» [1, бб.]. Яғни оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, осындай тәсіл қолданған ұтымды болар еді. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық дайындығы, сабаққа деген ынтасы, ағылшын тіліне деген қызығушылығы арту үшін саралап оқытудың тиімділігін көптеген педагог-ғалымдар мен әдіскер-мұғалімдер айтқан болатын.

Солардың ең басында қазақ ғылымының іргетасын қалаған алаш зиялыларының еңбектерінен бірер дәлел келтірейік. Алғашқы қазақ тіліндегі «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев: «Баланың әсерленуі, суреттеу, ойлау һәм сезінуі ержеткен адамнан әжептәуір басқа. Баланың бұл жан көріністерінің әрқайсысын жеке-жеке алғанда басқалығы болған сықылды, бұлардың бәрін тұтас алғанда да басқалық бар» деген еді. Әдістеменің негізін қалаушы А.Байтұрсыновтың да осы ойды жалғастырып: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі баланың өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруі мен баланы белгілеген мақсатқа түзеп отыру керек» [2, 7-8бб.], – дейді. Педагогикадағы озық ойды жалғастырып, дамытып келе жатқан орыс ғалымдарының да саралап оқытуға қатысты іргелі еңбектері бар. Мәселен, И.Ю.Ладохина кандидаттық диссертациясында саралап және жеке оқытудың аражігін сипаттай отырып [3, 8б.]: «олар оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес келетін және олардың субъект ретіндегі белсенділігін ынталандыратын жағдайлар жасауға бағытталған, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі ұйымдастыру, мұғалімнің оқушылармен, оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы» деген ерекшеліктерін байқайды. Сонымен қатар, саралап оқытудың ағылшын тіліндегі мәтінді түсінудегі тиімділігіне тоқталған малайзиялық терапевт-мұғалімдер И.Магобли мен А.Абдулла былай дейді [4]: Олардың қызығушылықтары, бастапқы нүктелері, көзқарастары, интеллект түйіршіктері және әртүрлі дағдылары бар. Осылайша, сараланған оқыту осы айырмашылықты азайтуға көмектеседі әртүрлілік мазмұнды, процесті және өнімді бөлу арқылы. Бұл зерттеу негізінен бастауыш сынып оқушыларына өзгертілген оқытуды енгізу олардың оқуды түсінуін жақсартуға әкелуі мүмкін екенін анықтады. Иордания мектептерінде ағылшын тілін оқыту әдістемесіне қосқан зор үлесі ретінде олардың саралап оқытудың мәтінді түсінудегі тиімділігін дәлелдеген болатын.

Педагогикалық технологиялардың тарихына көз салсақ, саралап оқыту АҚШ-тағы Конгресте 1975 жылы қабылданған заңнамадан бастау алады. Бұл заңнамада ерекше балаларды мектеп қабырғасында оқыту керектігі, оларды оқыту үшін саралап оқытуды қолдану қажеттігі сөз болады. Кейін 2000 жылы «Ешқандай бала назардан тыс қалмау керек» деген заң қабылданып, саралап оқыту стратегиясын негізге ала бастайды. Осы саралап оқыту технологиясының лидері ретінде танылған америкалық профессор К.Томлинсон былай дейді: «сараланған оқытуды сабақ жоспарын жасамас бұрын оқушылардың жеке оқу стильдері мен дайындық деңгейлерін есепке алу керек» [5]. Осы ойды жалғай отырып, зерттеуші И.М.Чередова «сабақта сараланған оқыту-бұл терең зерттеуді қажет ететін оқу процесі оқушылардың жеке ерекшеліктері, оларды типологиялық топтарға жіктеу және осы топтардың жұмысын ұйымдастыру олардың ақыл-ойына ықпал ететін нақты оқу тапсырмалары және адамгершілік даму» [6, 7б.] дейді. Сонымен саралап оқыту дегеніміз әр оқушының өзіндік психологиялық, физиологиялық, интеллектуалдық, эмоционалдық ерекшелігін ескере отырып, тақырыпты түсініп, тапсырмаларды өз деңгейіне сай орындау үшін таңдап алынатын әдіс-тәсілдер жиынтығы. Яғни бір тапсырманы түрлі жолдармен орындау арқылы оқушының оқу белсенділігін арттыруды көздейді. Саралап оқытудың негізі педагогиканың гумандық бағытымен тікелей байланысты. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқушы алған білімін, қабілетін, дағдыларын өмірде қолдана алуы шарт. Қолымнан келмейді деп тоқтап қалмай, өзінде бар нәрсемен әрекет етуді меңзейді. Саралап оқытудың ерекшелігі оқушының тапсырманы орындауына, сабаққа белсенді қатысуына жағдай жасайды. Саралап оқытуды таңдауға себеп болатын жағдайлар: 1) сабақта да, үй тапсырмасын орындау кезінде де әртүрлі қиындықтар мен көлемдегі тапсырмаларды таңдауда; 2) оқу материалын игеру қарқынының өзгергіштігінде; 3) мұғалім тарапынан көмек ұйымдастыруда және жұппен жұмыс істеуде; 4) оқушыларды жеке шығармашылық тапсырмаларды (жобаларды) орындауға тартуда көмегі зор [7]. Бастауыш сыныптағы ағылшын тілі сабақтарының мақсаты – шет тілін үйренуге деген қызығушылықты ояту, оқу дағдыларын қалыптастыру, сабақта өзін ұстай білу, сөйлеудің фонетикалық және грамматикалық жағын меңгеру, шет тілін есту арқылы түсіну, сөйлеу, қарым-қатынас,

диалогтық және монологиялық сөйлеу дағдыларын меңгеру. Шет тілін оқыту оқушылардың қабілеттерін (есте сақтау, сөйлеу есту, еліктеу қабілеті және т.б) ескеретін жеке тәсілді қажет етеді [8]. Саралап оқыту оқушылардың қабілеттеріне және сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейіне байланысты жеке тапсырмаларды таңдауға негізделген. Саралап оқыту үшін мұғалімге өте көп ресурс қажет болады. Өйткені, ол әр оқушының материалды игеру тереңдігі мен коммуникативтік дағдыларын бақылау керек. Ағылшын тілі оқулығының мазмұнын осы технологияға бейімдеп, қажет дидактикалық материалдарды таңдап алуы қажет. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.А.Комина сараланған оқытудың мынадай формаларын ұсынады [9]:

- бір типті тапсырмалардың әртүрлі нұсқаларын қолдану;
- әр түрлі дәрежедегі тапсырмаларды қолдану;
- бір тапсырманы орындау кезінде білім алушыларға түрлі көмек көрсету;
- тапсырманы орындау үшін әр түрлі үзіліс ұзақтығы;
- бір тапсырманы орындау үшін қайталаудың әртүрлі саны;
- әр түрлі қиындықтағы мәтіндерді, диалогтарды оқу;
- жеке карточкалар бойынша жаттығуларды орындау;
- әр түрлі фразалар-клишелер, тіректер;
- іскерлік хаттарды, монологтарды, диалогтарды және т.б. құрастыру.

Ағылшын тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін арттырып саралап оқыту технологиясын енгізу үшін мынадай жұмыс тізбегі жасалады. Алдымен қандай критерий, білім, дағды, қабілет бойынша саралап оқыту жүзеге асырылады деген сұрақ туындайды. Таңдаған критерий бойынша оқушыларға дайын материалдар, тапсырмалар мен тесттерді саралап оқытуға пайдалануға мүмкіндік беріледі. Оқушылардың алдын-ала диагностикалау нәтижелерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды, жаттығуларды пайдалану қажет. Егер сараланған тапсырмасы бар жеке оқушы орындағанына қарай күшті не әлсіз топқа ауысып отырады. Оқушылардың белгілі бір тапсырмаларды, жаттығуларды сәтті орындауы қиындық деңгейін төмендетіп, оны басқа топқа ауыстыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте оқушының жетістіктерін атап өткен жөн. Критерий, қабілет, дағды бойынша сараланған тапсырмалары бар «Қазыналы қор» құру ұсынылады. Ол үшін жұмыс карталарын, слайдтарды, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану, жүйелеу және үздіксіз жетілдіру керек [10].

Сөйлеу әрекетінің 4 түрі бар: writing, listening, reading, learning. Бұл тапсырмаларда берілген мәтін біреу, мәтінмен жұмыс, яғни тапсырмаларды орындау кезінде саралап оқыту қолданылады.

2-сыныпқа арналған Family and Friends оқулығы бойынша мысалдар келтіреміз [11].

1-мысал. Point and say.p.11

3 деңгей-суретке қарап, зат атауларына айту.

2 деңгей- суреттегі заттарды There are/there is құрылымын қолданып сипаттау (түсі, көлемі, саны)

1 деңгей- суретке қарап, мекен үстеулерін қолданып сипаттау.

1-деңгейдің тапсырмасында in front of, behind, next to, between, near үстеулерін қолданып, толық сипаттама беру керек. Алдымен оқушыға дәл осындай сипаттаманы тыңдатамыз немесе оқуға береміз. Оқушы үлгіні негізге алып, ауызша айтып береді. 2-деңгейде құрылымды дұрыс қолдана отырып, заттарды атап шығады. 1-деңгейде зат атауларын ғана атап шығу жүктелді.

2-мысал. Look and read. Then point, ask and answer. p.13

3-деңгей. Берілген заттың атауын табу. Түсін айту.

2-деңгей. This, that, these, those сөздерін дұрыс қолдану.

1-деңгей. Диалог құру.

1-деңгей тапсырмасының күрделілігі сілтеу есімдіктерін дұрыс қолданып, диалог құра білуінде жатыр. Кітапта берілген суретке қарап отырып, жауап үлгілерін көре алады. 2-деңгейде сілтеу есімдіктерін қолданып, заттарды атап шығады. Оқушы шатастырмай

олардың дұрыс нұсқасын айтуы керек. 1-деңгей зат атауларын ағылшын тілінде айтып шығады.

3-мысал. Spell the names and words. Play the game in groups. p.12

3-деңгей. Берілген сөздерді дәптерге жазып шығады. Кісі есімдерін тауып, астын сызады.

2-деңгей. Берілген сөздер мен есімдерді дыбыстап айтып жасырады. Екінші оқушы тұтас сөзді айту керек. D-A-N-A – Dana!

1-деңгей. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрайды. Мысалы, My name is Dana. I'm seven.

Берілген тапсырмалар өткен тақырыпты қайталауға, бекітуге арналғанын ескерте кетейік. Оқушылар оқыту процесіне белсене қатысу үшін тапсырмалар өте жеңіл етіп алынған.

А.К.Маркова «Формирование мотивации ученика» еңбегінде оқушының оқуға деген қызығушылығына қатысты мынадай пікір білдіреді [12]:«Бір оқу іс-әрекеті әртүрлі оқушылар үшін әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Бұл жалпы түрде және олардың оқу мотивациясын анықтайды. Оқушы үшін оның мағынасын оқытудың мотивациясын анықтау әр жағдайда мұғалімнің тәрбиелік ықпал ету шараларын анықтауда шешуші рөл атқарады». Әрине, біз А.К.Марковамен келісеміз. Сондықтан саралап оқытудың бір түрі ретінде ойынды ұсынамыз. Ағылшын тілі сабағында оқу белсенділігін арттыру үшін ойын элементері өте жиі қолданылады. Ойынға барлық оқушы емін-еркін қатыса алатын болса да, олардың ойын шартын дұрыс түсініп, процеске барынша ат салысуына жағдай жасаған жөн. Саралап оқытуда ойынды қалай қолдануға болады деген сұраққа әдіскер-мұғалімдер өте көп нұсқаны ұсынады. Соның ішінде 2-сынып оқушыларының есте сақтау қабілетін арттырып, жаңа сөзді сөздік қолданысқа енгізу жағына басымдық беріледі. Мысалға «Puzzle» ойыны алынды. Ойын тапсырмасының мақсаты – күніңізді сипаттау. Бірінші команда суреттерден басқатырғыштардан алынған суреттерді біріктіріп, әңгіме шығарады. Екінші команда ән жолдарынан әңгіме жинайды. Үшінші команда оқушыларға жұмбақтарды үш топқа бөлу қажет болатын тапсырмасы бар QR кодын табады. Әрі қарай, команданың бір мүшесі таңдалады және күн туралы монолог айтады. Мұғалім лексика мен грамматиканы дұрыс қолдануға негізделген ұпайларды қояды.

Жалпы алғанда мұғалім саралап оқытуды күнделікті сабақ барысында қолдана алмайды. Өйткені әр оқушыға жеке көңіл бөлу үшін, ешкім назардан тыс қалмау үшін жан-жақты ұйымдастырылу қажет. саралап оқытуды өткізудің бірнеше формалары бар. Деңгейлері шамалас оқушылардан топ құрап, топтық, жұптық, жеке жұмыс жүргізуге болады. Деңгейге қатысты И.Ю.Ладохина өз зерттеуінде «оқушының жеке модальділігі» деген терминді қолданады. Оқушының жеке модальділігі дегеніміз – бұл оқушының жеке қасиеті, оған оқу пәні ретінде мүмкіндік беретін сенсорлық ақпаратты қабылдау және өңдеу үшін белгілі бір сенсорлық жүйені қолдануы. Қорыта келе, саралап оқытудың оқу белсенділігін арттырудағы маңыздылығы орасан. Сонымен қатар оқу мазмұнын, сабақтың мақсаты мен міндеттерін шешу үшін де осы технологияның құрылымы өте тиянақты ойластырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бекмағанбетова Г.К.Саралап оқытудың тәсілін қолданудың ерекшеліктер//Педагогическая наука и практика.- 2019 .-№4
2. Нәтижеге бағытталған сабақ: жоспарлау мен саралау тәсілдерін қолдану: республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары - Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2022.- 452 б.
- 3.ЛадохинаИ.Ю. Дифференциальный и индивидуальный подходы к обучению в современной школе. Автореферат на соис.уч.степ.канд.пед. наук. -Рязань .- 2012. -23с.
4. Magableh A., Abdulla A., Effectiveness of Differentiated Instruction on Primary School Students' English Reading Comprehension Achievement// International Journal of Learning,

5. Weselby Cathy What is Differentiated Instruction? Examples of How to Differentiate Instruction in the Classroom//<https://resilienteducator.com/classroom-resources/examples-of-differentiated-instruction>
6. Жиркова К.А. Дифференциальный подход и его реализация в процессе изучения иностранного языка в школе// Педагогика и психология образования.-2013.-№2
7. Канцур А.Г., Муравьева А.С. Дифференциальный подход в обучении иностранным языкам начальной школе// Проблемы романо-германской филологии, педагогики и методика преподавания иностранных языков.- 2020.-№16. С.105-109
8. Каплина Г.А. Использование технологии дифференцированного обучения на уроках английского языка в начальной школе// <http://izvestia-ippo.ru/kaplina-g-a-ispolzovanie-tekhnologii/>
9. Комина А.А. Дифференциальный подход на уроках английского языка в начальной школе//
10. Бастауыш білім берудегі педагогикалық технологиялар: Оқу құралы/Г.С. Нұрашева, А.Б. Искалиева, Б.Ж. Койгельдина, Г.Ж. Карагойшина–Астана: «Кәсіпқор» Холдинг ішкі коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018 ж.
11. Naomi Simmons, Kamila Veibitbayeva, Julie Penn Family and Friends .- Oxford University Press -72 p
12. Маркова, А.К. Формирование мотивации учения./А. К. Маркова.- Новые государственные стандарты по иностранному языку: 2 – 11 классы /Образование в документах и комментариях. – Москва: изд-во Астрель, 2004 Просвещение, 2000 – 191 с.

РОЛЬ АУДАНБЕКА КУБЕСОВА В РАСКРЫТИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ ВЕЛИКОГО МЫСЛИТЕЛЯ АЛЬ-ФАРАБИ

**Бекмагамбетова Р.К., д.п.н., профессор КазНПУ имени Абая
Нургалиева Д.А., к.п.н., и.о.доцент КазНУ имени ал-Фараби**

Аннотация. В данной статье раскрыта роль известного казахстанского ученого Ауданбека Кубесова в раскрытии педагогических взглядов великого мыслителя Аль-Фараби.

По убеждению авторов статьи заслуга А.Кубесова заключается в том, что он смог проникнуться в богатейшее научное наследие великого мыслителя и донести до нас сущность педагогических и дидактических идей Аль-Фараби, убедительно доказать их значимость на современном этапе развития казахстанского общества.

Ключевые слова: ученый, великий мыслитель, педагогические идеи, дидактические взгляды, воспитание, обучение

В условиях модернизации национальной системы образования проблема совершенствования процесса воспитания и обучения подрастающего поколения весьма злободневна. В этой связи раскрываются широкие возможности применения богатого педагогического наследия величайшего мыслителя и энциклопедиста раннего средневековья, уроженца Казахстана, представителя тюркских племен аль-Фараби, которое созвучно с современными требованиями к воспитанию и обучению молодежи.

Эту идею проповедовал известный казахстанский ученый Ауданбек Кубесов, утверждавший, что богатейшее педагогическое наследие великого мыслителя окажет огромное влияние на развитие современной педагогической науки.

А.Кубесов отмечал, что заслуга аль-Фараби в развитии педагогической науки очень огромна, это позволяет считать его выдающимся корифеем педагогической культуры средневековья, многие его идеи и положения как непреходящая историческая,

общечеловеческая ценность не утратили своего значения до настоящего времени и могут найти применение в современной педагогике [1].

По его мнению, идеи мыслителя продолжают жить и сегодня, поэтому изучение и осмысление педагогических идей Аль – Фараби поможет глубже осознать современные проблемы воспитания и обучения подрастающего поколения.

Исходя из этого, он предпринял первую попытку раскрытия педагогического наследия великого мыслителя, так как до него педагогические идеи Аль-Фараби не были предметом специального изучения, хотя в трудах отдельных ученых, таких как С.Н.Григорян [2], М.М.Хайруллаев [3], Б.Г.Гафуров [4], А.Х.Касымжанов [4], рассматривавших философские взгляды великого мыслителя, частично затрагивалась данная проблема.

Аль ДжиндиНазих Ахмад отмечал, что именно первую попытку обобщить педагогические идеи Аль-Фараби предпринял А.Кубесов, автор в своем исследовании, посвященной анализу творчества мыслителя, уделяет большое внимание изложению его философских, социальных взглядов, а также он разработал дидактические положения педагогической концепции философа[5].

Это высказывание Аль ДжиндиНазих Ахмад наглядно свидетельствует о том, что именно А.Кубесов впервые сделал попытку раскрыть педагогические идеи Аль-Фараби.

Немецкий историк К.Шмидт [6] в своей монографии «История педагогики» раскрыл некоторые аспекты педагогических идей аль-Фараби, в докладе А.Саади «Педагогические мысли Востока» также рассмотрены отдельные его идеи о воспитании [7].

В работах И.Хусанходжаева [8], М.М.Хайруллаева [3] излагаются общие взгляды аль-Фараби о воспитании, обучении, формировании личности.

Х.Х.Тллашов [9] сравнивает педагогические идеи мыслителя с воззрениями мыслителей Ближнего и Среднего Востока средневековья.

Следует заметить, что несмотря на все это, целостного изучения педагогических и дидактических взглядов аль-Фараби не было, в связи с этим, с уверенностью можно сказать, что именно А.Кубесов является первым исследователем педагогических идей великого мыслителя.

Заслуга его заключается в том, что он систематизировал педагогические идеи аль-Фараби, изложенные в различных трактатах, так как специального труда о воспитании, обучении подрастающего поколения, дидактических взглядах у мыслителя нет, а также установил связь педагогических взглядов мыслителя с его философской системой и с дидактическими идеями. Он основательно изучил все трактаты аль-Фараби, сделал тщательный анализ его трудов, проделал колоссальную работу, на которую у него ушло 25 лет жизни.

Он внес весомый вклад в раскрытии педагогических взглядов аль-Фараби. Интерес к историческому наследию прошлого возник у него еще с молодости, в 1963 году он защитил кандидатскую диссертацию в Москве на тему: «Развитие идей Архимеда в работах Насир ад-Дина Туси», позднее в 1990 году в Ташкенте защитил докторскую диссертацию на тему: «Педагогическое наследие Аль-Фараби».

В 1989 году А.Кубесов опубликовал монографию: «Педагогическое наследие аль-Фараби».

А.Кубесов отмечает, что на формирование педагогических взглядов аль-Фараби оказала конкретная историческая обстановка, в которой жил великий мыслитель.

Книга состоит из четырех глав:

1. Философские и социально-этические предпосылки педагогики аль-Фараби
2. Общепедагогические идеи аль-Фараби
3. Проблемы дидактики у аль-Фараби
4. Применение и реализация общепедагогических идей аль-Фараби в его математических трудах

В своем научном исследовании А.Кубесов сделал тщательный анализ и комментарий отдельных трудов великого мыслителя, оценил положения, выдвинутые аль-Фараби по вопросам воспитания и обучения, отдельные положения сопоставил со взглядами выдающихся педагогов.

Мы можем сегодня с уверенностью сказать, что А.Кубесов создал облик мыслителя как выдающегося методолога педагогики и методиста, и он сам этого не отрицает.

Впервые подвергнуты анализу следующие педагогические труды аль-Фараби:

- Большая книга музыки,
- Комментарий к «Алмагесту»,
- Книга приложений к Алмагесту,
- Комментарий к «Физике» Аристотеля,
- Что правильно и что неправильно в приговорах звезд,
- О необходимости искусства алхимии,
- О возвращении Галену,
- О происхождении наук,
- О вакууме,
- Указания пути к счастью,
- О достижении счастья

В своем исследовании А.Кубесов глубоко раскрыл педагогические идеи великого мыслителя, содержащие в себе вопросы методологии педагогики, проблемы человека, его воспитания и обучения, формирования мировоззрения.

Одним из первых, он смог убедительно доказать значимость педагогики, педагогических знаний в формировании личности человека, в качестве доказательства он приводит слова Аль-Фараби: «Педагогика – это искусство управления волей и желанием воспитуемого человека в определенном направлении соответствующими средствами, методами, а правитель – педагог» [10].

По мнению А.Кубесова, до сих пор не утратили значения гуманистические идеи Аль-Фараби о целях, идеалах педагогики, о роли учителя в формировании личности, что стержнем воспитания является нравственность, отождествляемая с разумом.

А.Кубесов в произведениях великого мыслителя находит гениальную мысль и ее развивает: человек может достичь всего, что нужно для всестороннего развития и самосовершенствования, только в общении с людьми, т.е. отмечает, что человек – это социальное существо.

Исследователь указывает, что Аль-Фараби значительное место отводил вопросам воспитания и обучения человека, тема человека, его интеллектуального и нравственного совершенствования, стремления к достижению свободы, к личному и общественному счастью, поиск человеком лучшего будущего стоят на первом месте.

А.Кубесов указывает, что великий мыслитель предложил свою систему воспитания и обучения человека, в основе которой лежит самосовершенствование и человеческое достоинство, возвеличивал значимость роли воспитания в формировании личности, при этом отмечая, что воспитательный процесс необходимо начинать с раннего детства, важно научить ребенка побеждать в себе отрицательные черты характера и способствовать формированию положительных черт, крайне важно в основу теории познания окружающего мира ставить разум, только разумный человек может получить новые знания, становление личности человека происходит на основе разума, и лишь при правильном воспитании и обучении человек становится разумным.

Исследователь подчеркивает, что великий мыслитель в тесной связи рассматривал воспитание и обучение, при этом акцентировал внимание на то, что воспитание зависит от окружающей среды, воли и желания воспитанника.

Исследователь подчеркивает, что аль-Фараби акцентировал внимание на индивидуальном подходе в воспитании личности [11, С.12].

Как отмечает А.Кубесов, аль-Фараби в системе воспитания человека ведущее место отводил нравственному воспитанию, которое сопровождается другими видами воспитания, такими как интеллектуальное, трудовое, физическое, патриотическое, эстетическое [11, С.13].

По убеждению А.Кубесова, педагогические идеи великого Учителя отличаются гуманистической направленностью, его гуманизм основан на признании человека высшей ценностью общества, именно современная педагогическая наука опирается на его взгляды, ставя в центр воспитания и обучения обучающегося.

Человек должен всегда стремиться к совершенству, а для этого он должен учиться, развить разум, воспитать нравственные качества, быть счастливым.

Исследователь, анализируя труды Аль-Фараби «Указание пути к счастью», «О достижении счастья» отмечает, что истинное счастье по аль-Фараби достигается посредством овладения знаниями, истинное счастье наступает тогда, когда устранено зло, человеческая душа и разум в познании достигают наивысшего уровня своего совершенства».

Ключевыми моментами в учении великого мыслителя, по мнению А.Кубесова, являются то, что каждый человек благодаря воспитанию и обучению должен быть счастливым, счастье – это достижение совершенного знания и высоких нравственных норм, которые даже после смерти отдельного человека или исчезнувшего данного поколения могут служить человечеству.

Это благо духовной культуры, интеллектуальные и нравственные достижения, выработанные каждым поколением, развиваются и совершенствуются.

Исследователь, анализируя труды аль-Фараби: «Указание пути к счастью» и «О достижении счастья», приходит к выводу, что счастье каждый человек видит по своему: для кого-то счастье – богатство, другие видят счастье в чем-то другом, основным путем достижения счастья является обучение, сопровождаемое умственным воспитанием и тесно связанное с нравственным воспитанием личности [13, С. 28, 29, 34].

Делая выводы из вышесказанного, исследователь подводит к мысли, что все зависит от самого человека, каждый человек – кузнец своего счастья, каждый человек может достичь счастья только сам при помощи свершения добрых дел, лучшие его деяния будут бессмертными.

Исследователем высказывается убежденность в том, что каждый человек активен, свободен в своих действиях, каждый может стремиться к знанию, добродетели и счастью. Он, анализируя труды великого мыслителя, отмечает, что знание должно быть результатом упорного, последовательного, систематического труда ученика, учеба, обучение трудны, но они посильны [14, С. 33-34].

По мнению исследователя, великим мыслителем раскрыты глубоко вопросы дидактики, затронуты проблема содержания предмета, формы, методы и средства обучения, психологические основы обучения, при обучении необходимо развивать память, воображение [15].

А Кубесов отмечает, что к основным приемам развития логического мышления аль-Фараби относит абстрагирование, анализ и синтез, индукцию и дедукцию, аналогии, обобщение, конкретизацию, а к принципам обучения: научность, наглядность, последовательность, систематичность, сознательность, доступность.

На основе анализа трудов великого мыслителя, исследователь приходит к выводу, что в формировании личности велика роль учителя, воспитание разумного человека происходит только благодаря учителю, его усилиям в процессе воспитания ученика.

А.Кубесов указывает, что великий мыслитель к учителю предъявляет высокие требования: учитель должен хорошо знать основы педагогики и психологии, обладать педагогическим талантом, интеллектом, быть целеустремленным, трудолюбивым, владеть запасом знаний, уметь объяснять и растолковывать поэтические и музыкальные произведения, главная задача учителя воспитать подрастающее поколение, привить

ученикам уважение к моральным ценностям, учитель должен заботиться о детях как их родители, испытывать к детям добрые чувства.

А Кубесов не оставил без внимания идеи великого мыслителя о музыкальном и литературном образовании, о их влиянии на формирование личности ребенка.

А.Кубесов приложил немало усилий в раскрытии педагогических воззрений аль-Фараби. Он считал, что современное образование надо рассматривать под углом зрения размышлений великого мыслителя.

Заслуга А.Кубесова заключается в том, что смог доказать, что аль-Фараби заложил философские основы педагогики и научного образования на средневековом Ближнем и Среднем Востоке, разработал учение о воспитании и образовании, раскрыл общепедагогические и дидактические идеи.

АуданбекКубесов, обладая незаурядными способностями, смог проникнуться в богатейшее научное наследие великого мыслителя и донести до нас, важность применения всего этого богатства в воспитании и обучении подрастающего поколения.

Если раньше мы знали этого ученого как великого математика по его широко известной монографии «Математическое наследие аль-Фараби», которая получила высокую оценку зарубежных и отечественных ученых, где освещена математика в классификации аль-Фараби: геометрия, тригонометрия, арифметика, алгебра и их применение в астрономическом учении о вероятностях и математической теории музыки, то теперь он предстает перед нами не только гениальным математиком, но и знатоком педагогики.

А.Кубесов – это разносторонняя личность, целеустремленный, хорошо знающий научное наследие аль – Фараби, для него характерны чувство долга и ответственности, творческой активности, принципиальный и требовательный, порядочный, простой в общении, он снискал уважение среди своих коллег и учеников.

По его убеждению, несмотря на пройденные века, идеи просветителя созвучны со временем, они не потеряли свою актуальность и ценность, могут служить ориентиром в реформировании системы образования.

Список источников

1. Кубесова А. Педагогическое наследие аль-Фараби.- Алма-Ата, 1989. – С.151.
2. Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана. – М., 1960.
3. Хайруллаев М.М. Мировоззрение Фараби и его значение в истории философии. – Ташкент, 1997.
4. Гафуров Б.Г., Касымжанов А.Х. Аль-Фараби в истории культуры. – М., 1975.
5. Аль ДжиндиНазих Ахмад. Педагогические идеи Абу Насра Аль-Фараби: автореф. дис....на соиск. ученой степени к.п.н.. – М., 1991.
6. Шмидт К. История педагогики. Т.1. – М., 1890.
7. Саади А. Педагогические мысли Востока. Опыт исследования. – Казань, 1927.
8. Хусанходжаев И. Фараби (Абу Насыр)// В книге «Педагогическая энциклопедия. Т.4. – М., 1968.
9. Хайруллаев М.М. Мировоззрение Фараби и его значение в истории философии. – Ташкент, 1997.
10. Тллашов Х.Х. Общепедагогические идеи ученых-энциклопедистов Ближнего и Среднего Востока эпохи Средневековья. – Ташкент, 1985.
11. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата: Мектеп, 1989.- С.27
- 12.Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби: автореф. дис. ...на соискание ученой степени доктора педнаук в форме научного доклада. – Ташкент, 1990. – С.12
13. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби: автореф. дис. ...на соискание ученой степени доктора педнаук в форме научного доклада. – Ташкент, 1990. – С.13
14. Кубесова А. Педагогическое наследие аль-Фараби.- Алма-Ата, 1989. –С.28, 29, 34

15. Кубесова А. Педагогическое наследие аль-Фараби.- Алма-Ата, 1989. –С.33-34
16. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби: автореф. дис. ...на соискание ученой степени доктора педнаук в форме научного доклада. – Ташкент, 1990.- С.17.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МЕН БАСТАУЫШ СЫНЫП АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы

PhD, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Білім технологиялар кафедрасының доценті, Түркістан қ., Қазақстан

malik.sultanbek@ayu.edu.kz

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сынып арасындағы білім берудегі жүйесіндегі оқыту мен тәрбиелеу сабақтастығы қарастырылған. Зерттеу жұмысында балаларды оқыту мен тәрбиелеу жағдайында әдіснамалық тәсілдері көрсетілген. Зерттеу нәтижесі Бастауыш сынып мұғалімдерімен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын оқыту мен тәрбиелеу барсындағы сабақтастық жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: Мектепке дейінгі ұйым, бастауыш сынып, сабақтастық, әдістер, ұсынс, мақсат пен міндет.

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр. Сондықтан білім берудегі жаңа парадигмалар жағдайында үздіксіз оқытудың бірегей мүмкіндігін пайдалана отырып, оқыту бағдарламаларының «Балабақша-бастауыш мектеп» сабақтастығы бойынша жұмысты белсенді жүргіземіз. Басталған жұмыстың барлығы мектепте қисынды жалғасын табады. Ізденушілік қызметтің алғышарттарын қалыптастыруға, проблеманы шешудің мүмкін әдістерін ересектің көмегімен, ал одан кейін өздігінен анықтау шеберлігін дамытуға тырысамыз. Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отырмыз.

Ә.Бидосовтың пікіріне сүйенер болсақ сабақтастық дегеніміз – мектеп жасына дейінгілер мен бастауыш мектептегі пәндерді оқытудың әр түрлі сатысында балалардың білімдерінің арасында қажетті байланыстар мен қатынастар орната білу деп атап өткен ал К.Д.Ушинский оқытудағы сабақтастықты тек маңызды оқыту ұстанымы ретінде қарастырып қана қоймай, оны «оқытудың табысты болуының алғы шарты» яғни сабақтастық бұрын оқылған және оқылып жатқан материалдар арасындағы байланыстарда пайда болады деп көрсетеді. Осы келтірілген тұжырымдамаларды негізге ала отырып мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сыныптағы білім мен тәрбиенің сабақтастығын қамтамасыз етуді негізгі мақсат етіп алып отырмыз. Аталған мақсатқа жету үшін балдардың еркін шығармашылыққа және жеке тұлғасын дамытуымыз қажет, осыған орай мына төмендегі міндеттерді анықтадық.

Міндеттері:

- Балалардың психологиялық салауаттылығы мен денсаулығын қамтамасыз ету;
- Танымдық қабілеттерін дамыту;

- Шығармашылық ойлауын дамыту;
- Қатынас-байланыс дағдыларын дамыту.

Аталған міндетті шешуде кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Өйткені бастауыш білім берудің сабақтастық туралы мәселе өткір қойылып отыр. Бұл мәселені қазіргі таңда ғалымдар, білім беру мекемелерінің жетекшілері, мұғалімдер, ата-аналар да көтеріп отыр.

Мақсат, мазмұн бірлігі неғұрлым тиімді деген әдістерді, оқыту құралдарын, балалар мен оқушылардың жетістіктеріне қорытынды жасау және бағалауды таңдап алуға негізделген білім берудің мектепке дейінгі, бастауыш буын сатыларындағы көп түрлі, көп нұсқалы бағдарламалардың болмауы, осы сатылардың арасындағы байланыстың жоқтығын көрсетеді. Берілген бағдарламаларда білімді игеру көлемі, жеке тұлғалық, әлеуметтік даму деңгейлері ескерілмеген. Бастауыш сынып пен мектепке дейінгі білім беру бір-бірінен алшақ жатыр деуге болады. Сондықтан балабақша мен бастауыш буын сабақтастығын айқындауда

Біріншіден: аталған сатыдағы білім берудің өзіндік мақсаттарының айқындалуы, білім мазмұнының бірыңғай, жүйелі құрылуы, баланың белсенді дамуы арқылы білім берудің келесі сатысына көшудің тиімділігінің қамтамасыз етілуіне;

Екіншіден: білім беру жүйесінің әрбір әдістемелік компоненттерінің байланысы мен үйлесімділігінің болуына назар аудару керек (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістемесі, ұйымдастыру түрлері).

Сонымен қатар аталған сабақтастық сақталу үшін мектепке дейінгі кезеңде-жас ерекшелігіне сәйкес баланың өзін-өзі бағалауының сақталуы, танымдық және тұлғалық дамуы, қоршаған ортамен байланыс жасауға дайындығы қарастырылады.

Қазіргі заманда сабақтастықтың құрылымы табиғи жолмен емес, жасанды түрде жүзеге асады, себебі бастауыш мектептегі әдіс-тәсілдер, балалармен жұмыс түрлері мектепалды дайындық топтарында кең қолданылады. Сондықтан да бұл мәселені бірден 2 жақты қарастырған жөн.

Ұсынсыс: Ұйымдастыру жоспарын мәселені шешудің мынадай жолдары қарастыруға болады:

Біріншіден, балалардың мектепалды дайындық тобында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бағалау қажет емес, олардың даму деңгейін бағалау қажет деп ойлаймын.

Екіншіден, бастауыш мектеп мұғалімдері білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде мектепалды дайындық тобына сай ойын әдістерін тиімді қолдана білсе.

Сонымен қатар бұл шақта баланың көрнекі-әрекеттік және бейнелі-ойлау түрлерін де жетілдіруді қажет етеді.

Тәрбие-білім беру әрбір баланың мектепке келуге және жетістіктерге қол жеткізуге деген қызығушылығын арттыру үшін жағдай туғызуға, білім алуға үнемі алға басуына кепілдік беріп отыруы қажет.

Білім беру әр бала, әр оқушы үшін тұлғалық мазмұндығын қамтамасыз етуге және ол үшін өз ісіне де, өз өмірінде жеке тұлғалық ойын, құруға, өзіндік қорғану, өзіндік тәрбиелеу механизмін қалыптастыруға және адамдардың адаммен, табиғат, өркениет, мәдениет пен қауіпсіз қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етеді. Білім беру баланың жеке тұлғасында адамдық экологияны сақтап, тәрбиелеуге, өмір маңыздылығына, жеке бас бостандықтарына адамгершілікке тәрбиелеуде адамның қалыптасу функциясын қалыптастыру керек.

Қорытынды: Жарқын болашақтың тамырын терең, тұғырын биік жасаймыз деген игі мақсатымыз ізгі іспен көмкеріліп, үзіліссіз жүйемен өріліп жатса, еліміздің әрбір азаматының арманы орындалып жатыр деп ұғынуға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Б.А.Тұрғынбаева «Дамыта оқыту және шығармашылық қабілеттер» — Алматы, 1997 ж. -125-135 б.
2. С.Қалиева, К.Аюбай Қазақтың тәлімдік ойлар онтологиясы. Алматы, 2007 4 том. 465 б.

3. Бондаревская Е.В. Гуманистическая парадигма личностно – ориентированного образования.//Педагогика.-1997.-№ 4.
4. Сухомлинский В.А. Избр. пед. соч.В 3-х т., Т.І. /Сост.О.С. Богданова, В.З.Смаль. М,Д979. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. Педагогическое наследие. /Сост.О.В. Сухомлинская.- М. 1989.
5. Канцева М.Н. О проблемах и перспективах развития начального образования http://www.rusnauka.com/14_KPSN_2016/Pedagogica/2_211988.doc.htm

МРНТИ: 15.01.07

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ БОЛАШАҚ ДЕФЕКТОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ КҮЙЗЕЛІСІН БӘСЕНДЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.А. Магнурова

Абай атындағы ҚазҰПУ, (Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа

Мақалада педагогтар және болашақ дефектолог студенттердің кәсіби қалыптасу үрдісіндегі эмоционалды күйзелістің алдын алу және төмендету жолдарын анықтау өзектілігі қарастырылды.

Бірқатар ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, эмоционалды күйзелістің алдын алу және жеңудің жетекші әдіс тәсілдері талданды.

Эмоционалды күйзелісті бәсендетудің психолого-педагогикалық тәсілдері ұсынылды.

Түйін сөздер: педагог, дефектолог, студент, әдіс, тәсіл, эмоционалды күйзеліс, эмоция.

Аннотация

